


# Бала<sup>л</sup>арға базарлық



НЕ?  
ҚАЙДА?  
ҚАШАН?

КӨРКЕМСУРЕТТІ ЭНЦИКЛОПЕДИЯ



# БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

КӨРКЕМСҮРЕТТІ  
ЭНЦИКЛОПЕДИЯ



«Қазақ энциклопедиясы»  
Алматы, 2013



**«БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ»  
көркемсуретті әнциклопедиясының  
редакциялық кеңесі**

**Б. ЖАҚЫП – *Бас редактор, кеңес төрагасы***

**Х. ӘБЖАНОВ**

**Қ. БІТІБАЕВА**

**Ә. БЕЙСЕНОВА**

**Р. БЕРСІМБАЕВ**

**Б. ЖҮМАТАЕВ (*Жауапты хатышы*)**

**С. ҚАЛИЕВ**

**У. ҚАЛИЖАН**

**Т. ҚОЖАМҚҰЛОВ**


**М. ҚҰЛ-МҰХАММЕД**

**Н. МАУЫТОВ (*Бас редактордың орынбасары*)**

**К. НӘРІБАЕВ**

**С. САРТАЕВ**

**Қ. ТЕЛЖАНОВ**



Абай мемлекеттік  
мұражайы  
біліктілік  
жардамдаштыру  
оку залы





## Құрметті балалар!

Міне, сендермен тағы да қауышып отырмыз. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы өзі жұмыс атқарған 45 жылдан астам уақыттың ішінде туған халқымыз бен еліміздің игілігіне асатын өте күрделі де қажетті кітаптарды баспадан шығарды. Олардың бәрін санамай-ақ, тәуелсіздік жылдары жарық көрген «Қазақстан» тұңғыш ұлттық энциклопедиясының он томдығын, төрт кітаптан тұратын «Көркемсуретті Қазақстан тарихын», «Қазақстан табиғаты», «Қазақстан ғылымы», т.б. энциклопедиялар мен энциклопедиялық анықтамалықтарды айтсақ та жеткілікті. Бас редакция өткен жылдар ішінде мектеп оқушыларының күнделікті сабактары мен жеке құштарлықтары үшін аса қажетті танымдық кітаптарды да шығарып келеді. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап бүгінге дейін шәкірттер қолына тиген «Ол кім? Бұл не?», «Негеш», «Әлемде талай қызық бар», «Математика әлемі», «Жас шахматшы» анықтамалықтарын жас шәкірттер қуана қарсы алып, қызыға оқығаны белгілі.

Уақыт өте оның қажеттіліктері мен талаптары өзгереді. Қоғамдық өмірдегі, мемлекет тарихындағы жақалықтарға, экономика мен мәдениет салаларындағы табыстарға, білім мен техника жетістіктеріне, әлемдік қатынастардағы өзгерістерге, т.б. байланысты жаңа нысандар мен ұғымдар пайда болады, дербес мемлекеттер туып, бұрын аталмай келген батыр-білер мен қоғам қайраткерлерінің есімдері белгілі болады. Биыл мектеп табалдырығын тұңғыш аттаған шәкірт көзді ашып-жұмғанша азамат болып, білім алған алтын ұясынан ұшып, үлкен өмірге аттанады. Ал олардың орнын бұлдіршін шәкірттер басады. Міне, соларға өздерінің күнделікті оқулықтарымен қатар, жаңа көмекші, қосымша білім толықтыратын оқулықтар керек. Осы «Балаларға базарлық» энциклопедиясын біз, жас дос, сендерге арнап шығарып отырмыз. Бұл кітап жыл сайын жаңарып, жасарып отыратын орта сыныптардағы мектеп оқушыларының мәңгілік сенімді серігі болмақ.

Жас дос, біздің туған еліміз – Қазақстан Республикасы егемендік алып, әлемнің басқа елдерімен терезесі тең дербес мемлекет атанған жылдар ішінде қазақ халқының тарихы мен экономикасында, әдебиеті мен өнерінде ғаламат өзгерістер болды. Фалымдарымыз енді туған жер тарихын тереңдей зерттеуді қолға алды. Сондықтан да бұл кітапта қазақ елінің тіршілігіне қатысты атаулар мен ұғымдар басымырақ берілді. Сендер сонау Сақ, Ғұн заманынан бастап, Мауераннахр аймағының, Қыпшақ, Қазақ хандықтарының, Ұлы Жібек жолының тарихымен танысасындар. Өздеріңің бір жылға ғана есептелген шағын оқулықтарында көп дерек кездесе бермейтін Жәнібек, Керей, Абылай, Әблілқайыр, Кенесары хандардың өмірі мен күрес жолдарын оқисындар. Бұрын Шоқан Үәлиханов, Абай Құнанбаев пен Үбірай Алтынсаринде ғана білсендер, енді Жұсіп Баласагұни, Махмұт Қашқари, Қыдырғали Жалайыр сияқты т.б. қазақ топырағында өмір сүрген ұлы ғұламалардың еңбектерін білетін боласындар. Бір кезде ен жатқан елімізге қырғидай тиіп, тынымсыз талан-таражға салған жоңғар қалмақтарына, Ресей империясы мен Орта Азия хандықтарының отаршылдық шапқыншылықтарына қарсы шайқастарда қан төгіп, қаһармандықпен қайрат көрсетіп, қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалған Қабанбай, Бөгембай, Наурызбай, Жалаңтөс Баһадүр, Сырым, Исадай батырлардың ерліктерін ұлғі етесіндер. Жалынды құрестің жаршылары Бұқар жырау, Ақтамберді, Шәкерім жырларын жаттап өсесіндер. 20 ғасырдың ақырына дейін есімдерін атаудың өзі қылмыс саналған, қазағым-халқым деп жандарын пида еткен, егемен елдіктің, бостандық пен тәуелсіздіктің туын ұстаушы Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бекейханов, Мұстафа Шоқай, Жұсіпбек Аймауытов сынды Алаш ардагерлерінің өмір жолымен танысып, мақтан ететін боласындар.

Балалар, бұл кітаптан тәуелсіз еліміздің өзендері мен көлдері, таулары мен ормандары, бүгінде ірі өндіріс пен мәдениет орталықтарына айналған қалалары Алматы мен Астана туралы толық мағлұмат аласындар. Сонымен қатар өздеріңің күнделікті сабактарыңа байланысты пәндік ұғымдар жөнінде, әлемнің ұлы ғұламалары мен ақын-жазушылары туралы деректер де жеткілікті. Кітапқа кірген барлық атаулар әліпбилік ретпен беріліп, сонында пәндік-есімдік көрсеткіш келтірілген. Бұл іздеген терминдерді тез тауып алуға көмектеседі. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы бұл кітап сендердің сенімді серіктерің болып, күнделікті сабактарыңа, туған ел мен жер тарихымен танысуларыңа көмектеседі деп сенеді.



**АБАЙ (Ибраһим) Құнанбаев** – Ұлы ақын, ағартушы және композитор. Ол 1845 ж. 29 шілдеде, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Қасқабұлақ жайлауында дүниеге келген. Болашақ ақын сабырлы мінезіне кең пейілі сай, ел анасы атанған өжесі Зеренің мол қа-

зынадай аңыз ертегілерін естіп, абысын-ажынга жайлыш мінезді, әзіл-қалжынға шебер, жөнжобага жетік өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде өседі.

Әкесі Құнанбай қажы «Ескітам» деген қоныстан медресе салдырып, өзінің және туыстарының балаларын оқытуға жағдай жасаған. Абай сегіз жасында өуелі сол «Ескітам» медресесінде дәріс тыңдалап, ауыл молдасы Фабитханнан оқыған. Құнанбай баласының зеректігін байқағаннан кейін, он жасқа толған соң Семейдегі Ахмет Риза медресесіне береді. Онда Абай үш жыл оқып дәріс алады. Медресенің үшінші жылында ол осы қаладағы «Приходская школаға» да қосымша түсіп, онда үшай орысша оқиды.

Абай шығыс классиктері Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Науай, Физули, Жәми өлеңдерін оқумен қатар Александр Пушкин, Александр Герцен, Михаил Салтыков-Щедрин, Николай Некрасов, Михаил Лермонтов, Лев Толстой, Иван Крылов, Федор Достоевский, Иван Тургенев, Николай Чернышевский мұраларын да оқып, терең таныс болған. Батыс әдебиетінен Иоганн Гете, Джордж Байрон сияқты ақындарды оқып, Бенедикт Спиноза, Герберт Спенсер, Чарльз Дарвин, т. б. сын-

ды ғалымдардың да енбектерін зерттейді. Есейген шағында, осы өзі оқыған философ, ақын, ғалымдармен іштей пікір таластырып, олардың өзіне әсері болған кесек туындыларын қазақ тіліне аударған.

Абай өлең жазуды он жасында («Кім екен деп келіп ем түйе қуған...») бастаған. Одан басқа ертеректе жазылған өлеңдері – «Йузи-Рәүшән», «Физули, Шәмси». Өлеңдерін қағаз бетіне 1880-жылдардың ортасында түсіре бастайды. «Сап, сап, көнілім», «Шәрінке», «Абрагалыға», «Жақсылыққа», «Кең жайлау» өлеңдері 1870–80 жылдар аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы – «Қансонарда» 1882 ж. жазылған. Бұл өлең қазақ әдебиетінде қалыптасқан дәстүрлі үғымдардан өзгеше, ішкі ой иірімдері терең. Абай лирикасы көп салалы, көп қырлы болып келеді. Ол қазақ поэзиясында тіл кестесіне, сөз қолдануына да жаңа сипат дарытқан ақын. Абай поэзиясының тілінде адамның жан тәбіренің, көңіл толғанысын, жүрек лұпілін, сезімнің сан құбылып ойнақшуын көрсететін сипаттамалар, эпитет, метафора және басқа да бейнелі сөздердің жаңа, өзі шығарған соны үлгі-өрнектері мол.

Абай ақын халықтың тағдыры мен қасіреттің терең түсініп, оның жоғын жоқтаушы болуға тиіс деп санаған. Абайдың өлеңдерінің ішінде мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп түрған үздік туындылар мол. «Сегіз аяқ», «Сен мейі не етесің», «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртый», «Жаз», «Желсіз тұнде жарық ай», «Болыс болдым, мінеки», «Қызырып, сұрланып», «Келдік талай жерге енді», «Көк тұман – алдыңдағы келер заман» секілді өлеңдерінің қай қайсысы болса да, мулде тың дүние, шығармашылық жаңалық. Осыған қоса аударма өлеңдерден «Жалғыз жалау жалтылдап», «Жолға шықтым қараңғы тұнде жалғыз», «Қанжар», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» сияқты тағы сан алуан шығармаларды атауға болар еді.

Абайдың жылдың төрт мезгілін суреттейтін «Қыс» (Ақ киімді, денелі, ақ сақалды), «Қүз» (Сүр бұлт түсі сұық қаптайды аспан), «Жаз» (Жаздығын шілде болғанда), «Жазғытуры» (Жазғытуры қалмайды қыстың сызы) секілді топтама өлеңдерінің де әрқайсысы мазмұн-мағынасы, суреттеу тәсілі, құрылышы жағынан әр түрлі болып шыққан. Сондай-ақ өлең сөз, ән-күйдің мәнін, ақындық өнердің қа-



Абайдың жас кезі. Суретші Ә.Қастеев

ситетін бағалайтын, тақырыбы жағынан бір-біrine жалғас «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Көңіл құсы құйқылжыр шартаралқа», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Адамның кейбір кездері» деген шығармалары да ойды әр қырынан өрбітуі, пікір сонылығы, бейнелеу, айту ерекшелігі бойынша бір-бірінен өзгеше сипат алған.

«Фылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» атты өлеңдердің қазақ поэзиясында қалыптасқан насиҳат, өсiet үлгісіндегі нұсқалардан мазмұны да, ойды бейнелеп айту тәсілі де мүлдем өзгеше екені де көңіл аударады.

Абай қазақтың ақындық тілін, әдеби тілін үстартып жетілдірді, әдеби тілді биік жаңа сапаға көтеріп, жаңа үлгіде қалыптастыруды. Орыс, неміс, т.б. халық ақындарының шығармаларын шеберлікпен аударып, қазақ әдебиетін жаңа ой орамымен байытты.

Абайдың философиялық көркемдік, әлеуметтік, гуманистік және дінге көзқарастары

терең білінген еңбегі – қара сөздері. Оның қара сөздерінің бірнешеуі (барлығы 45) ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. «Қара сөздер» деген атау өлең сөзден бөлек дүниелер мағынасын білдіреді. Абай өзінің ақындығының оқырмандар үшін түсінуге қыындығын сезін, кейбір күрделі дүниетанымдық мәселелерді қарасөздерде түсіндірген. Абайдың біршама өлеңдерін қара сөздеріндегі кейбір ойларды түсініп барып қабылдауға мүмкіндік ашылады. Мысалы, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңін түсіну үшін алдымен отыз сегізінші сөзді оқыған жөн. Екеуінің айттар ойлары бір байытта, бірінде ой поэзия тілінде, бірінде проза тілінде жеткізілген.

Абай музика саласында да мол мұра қалдырып, қазақтың музикалық өнерін дамытты. Қазіргі уақытта ақынның жиырма жеті өнінің отыз алты нұсқасы нотага түсірілген. Абай қазақтың ән-күй өнерін ерекше бағалаған. Бірақ ән атаулының бәрін қабылдамай, оның да «естісі мен есепі барын» айтып, «Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күйді» ғана ұнатқан. Абай қазақтың халық ән-күйлерін жете білген. Абай тек тыңдаушы ғана болмай, өзі де ән шығарған. Абайдың ән шығармашылығы қазақтың халық музикасының тарихында ерекше орын алады. «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Ата-анаға көз қуаныш», «Сүргылт тұман», «Желсіз тұнде жарық ай», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Амал жоқ, қайттым білдірмей» («Татьяна хаты»), «Қараңғы тұнде тау қалғып», «Ішім өлген, сыртым сау», т.б. әндері арқылы ол халықтың ән шығармашылығын сан жағынан байытып қана қойған жоқ, сондай-ақ қазақ поэзиясында жаңа өлшем, жаңа түр тапқаны сияқты, қазақ



Алматыдағы Абай ескерткіші



Іле Алатауындағы Абай шыңы

өніне де жаңа өуен-ырғақ, жаңа үн, өлшем мен түр ала келген жаңашыл композитор болды.

Абай мұрасы қазақ мәдениеті мен әдеби тілінің дамуына үлкен ықпал жасады. Абай шығармалары басқа тілдерге аударылу арқылы дүние жүзіне тарады. Елімізде ұлы ақынға жасалған құрмет ерекше. Абай атында қала (Қарағанды облысы), аудан (Шығыс Қазақстан облысы) шын, асу бар. Семей, Қарқаралы қалаларында, Жидебайда әдеби-мемориалдық музей-муражайлар ашылған. Алматы, Астана, т.б. қалалардағы театрларға, көшелерге ақын аты берілген. Абай қоры жұмыс істейді. Фильмдер, көркем шығармалар, зерттеулер жазылған. Қазақтың класик жазушысы Мұхтар Әуезовтің бас кітабы – «Абай жолы» ұлы ақынға арналған.

Ұлы ақын Абай Құнанбаев 1904 ж. 23-маусымда дүниеден озған. Бейіті – қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданындағы Жидебай қонысында.



**АБЫЛАЙ ХАН, Әбілмансұр –** Ұлы мемлекет қайраткері, қолбасшы және дипломат. Ол 1713 ж. (кейірде 1711) өмірге келген. Арғы тегі – Жошы хан, бергі бағалары Қазақ орда-сының негізін салған Әз-Жәнібек, одан соң Еңсегей бойлы Ер Есім хан, Салқам Жәңгір

хан. Абылай – Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. Жәңгір ханның Уәлибақы, Тәуке деген екі ұлы болады. Жәңгір қайтыс болып, таққа Тәуке отырғанда, Уәлибақы хандыққа өкпелеп, Үргенішті билеген нағашы атасы Қайып ханның қолына барады. Уәлибақының баласы Абылай, жекпе-жекке шыққанда жауы шақ келмейтін батыр болып, «Қанішер Абылай» атаныпты. Осы Абылайдан Қөркем Уәли туады. Оның баласы Әбілмансұр (кейін қазаққа хан болып Абылай атанған) «актабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді. Аш-жалаңаштықтан жүдеген өңіне, өсіп кеткен шашына қарап Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Әбілмәбет төренің де жылқысын бағады.

Абылай 20 жасында қан майданда ерлігімен танылған. 1730–33 ж. аралығында болған бір үрыста бұрын белгісіз жас жігіт Әбілмансұр жекпе-жекке шығып, қалмақтың бас батыры, қоңтажы Қалдан Серениң жақын туысы (кейірде деректерде күйеу баласы) Шарышты өлтіреді.

Үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға «Абылай» деп шапқан Әбілмансұр жеңісті үрыстан соң Орта жүздің сұлтаны деп танылғып, қазақ даласындағы ең беделді өміршілердің біріне айналады. Бұдан соңғы жерде Әбілмансұр есімі ұмытылып, Абылай атанады.

Абылайдың әскери қайраткерлігі, қолбасшылық қабілеті 1730–40-жылдардағы сұрапыл соғыс шайқастарында ерекше көрінді. Ол соғысқа Абылайдың қанды көйлек жолдастары: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай, т.б. қазақтың белгілі батырлары тізе қоса қатысады. Бұл да Абылайдың жауға қарсы қазақ халқының басын біріктіре білгендігінің дәлелі болып табылады. Бірте-бірте ұлыстагы бар өкім Абылайдың қолына көшеді. 1738–41 ж. Абылай бастаған қазақ қолы жонғар басқыншыларына бірнеше мәрте соққы берді. 1741 ж. Абылай тұтқылдан шабуыл жасаған жонғарлардың қолына тұтқынға түседі. Абылайдың жау қолына түсіү қазақ қоғамында үлкен абыржушылық туғызып, оны босатып алу үлкен саяси мәселеге айналады. Қазақтың үш жүзінен Төле би бастап 90 адам елші барып, келіссөз жүргізіп, 1743 ж. 5-қыркүйекте Абылайды тұтқыннан шығарып алады.

Абылай көреген саяси қайраткер бола отырып, қалмақтармен аса ауыр соғыстардан қалжыраған елінің есін жиғызу үшін дипломатиялық жолдарды да тиімді пайдаланды. 1740 ж. тамызда ол Орта жүз ханы Әбілмәбетпен бірге Орынборға келіп, орыс өкіметінің «қамқорына» кіруге келісімін білдірді. Сонымен бір мезгілде қазақ халқының тұтастығын сақтау мақсатында Шын (Қытай) империясымен де қарым-қатынасын сұытпады. Петербург пен Пекинге елшіліктер (1757–77 ж. Пекинге 10 елшілік жіберген) аттандырыды. Ол Ресей мен Қытай империяларының өзара қайшылықтарын қазақ хандығы мұддесіне пайдаланып отырды. Абылай қазақ елінің тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін жағдайлармен аянбай күресіп, дербес сыртқы саясат үстанып өтті.



«Хан сап алдында».

Суретші А.Дүзелханов

Абылай қазақ жерінің бүтіндігіне қол сұқын жаулармен ымырасыз күрес жүргізді. 1754–55 және 1764 ж. қырғыздар Жетісуда біраз ауылдарды шауыш, Жауғаш, Қекжал Барақ пен Шынқожа батырлар бастаған өскерлерді Ақсу, Қексу және Шу бойында талқандайды. Осы себепті Абылай 1755, 1765 жылдары Қырғыз ұлысына қарсы жорық жасап, Ілеңің сол жағасын, Шу бойын тазартады, қазақ пен қырғыздың Нарынқолдан Қордайға тартылған, күні бүгінге дейін сақталып отырған шекарасын бекіtedі.

Өмірінің соңғы 15 жылында Орта Азия хандықтарына қарсы тынымсыз күрес жүр-



Алматы қаласындағы  
Абылай хан ескерткіші

гізді. 1765–67 ж. Абылай қолының Қоқан билеушісі Ерденбекпен соғысының нәтижесінде Түркістан, Сайрам, Шымкент қалалары қайтадан қазақтар иелігіне өтті. Та什кент алым төлеп тұратын болды.

Абылай соғыс жағдайына сай қол астындағы елде, өсіреле өскер ішінде қатаң тәртіп орнатты. Сондықтан да хан бастаған жауынгерлердің ел-жұртты мен ата-мекенін қорғау рухы жоғары, ұзақ жорықтарға шыдамды, шайқас даласында тегеуріні қатты болған. Абылай сан жағынан әлдекайда басым жаумен шайқасудан еш тайынбаған және көбіне үстем шығып отырған. Абылай қазақ хандығының күшін біріктіріп, өскери жағынан қуатты мемлекетке айналдырды.

1771 ж. Әбілмәмбет хан дүние салды. Қалыптасқан дәстүр бойынша Орта жүздің ханы болып не Әбілмәмбеттің інілерінің бірі, не үлкен ұлы Әбілнейіз сайлануға тиіс еді. Алайда басты сұлтандардың, старшинардың, Әбілпейіздің өз қалауымен үш жүздің басшы өкілдері Түркістанда Абылайды хан көтерді. Абылай іс жүзінде жалғыз Орта жүздің ғана емес, бүкіл Қазақ ордасының (хандығының) ұлы ханы болды.

Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани қасиетінен еркін сузындаған дарынды құйші ретінде де белгілі. Ол – бірқатар күйлердің («Ақ толқын», «Алабайрақ», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Жетім торы», «Қайран елім», «Садаққаққан», «Шаңды жорық», т.б.) авторы.

Абылай өмір жолын ат үстінде жорықтарда өткізіп, Арыс өзені жағасында 1781 ж. 23 мамырда қайтыс болды. Сүйегі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінде жерленген. Абылайдың артында 12 әйелінен 30 ұл, 40 қызы қалды. Қазақ халқының жадында Абылай қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып қалды. Оның есімі тәуелсіздік символына, жауынгерлік ұранға айналды.

**АБЫРАЛЫ** – Сарыарқаның шығыс бөлігінде, Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы мен Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы аумағында орналасқан таулы өңір. Солтүстіктен оңтүстікке қарай 20 км-ге қосарлана созылып жатқан Жақсы (Үлкен)(1300 м) және Жаман (Кіші) (1111 м) Абыралы тауларын Қарасу өзенінің аңғары бөледі. Оңтүстік-баты-



Абыралы өңірі

сын Ханшыңғыс (1152 м) және Шыңғыстау (1077 м), шығысын Дегелең, Ордатас, батысын Дос, Мыржық таулары алып жатыр. Жері суға тапшы. Аумағынан Шаган, Аңысу, Бекенші өзендері ағып өтеді. Суалып қалатын ұсақ өзендер мен жылғалар, аңы және сор көлдер көп. Өңірде Абай, Мұхтар Әуезов мұражайлары, Жидебай қорығы, Сарықөл, Қоңыр Әулие үңгірлері, Еңлік-Кебек зираты т.б. тарихи орындар мен туристік маңызы бар көрікті жерлер көп. 1949–89 ж. ядролық сынақ аландары орналасқан.

**АВИАЦИЯ** – Жер маңайындағы өве кеңістігінде ауадан ауыр аппараттармен (мысалы, ұшақ, тікұшақ, т.б.) ұшуды білдіретін үғым. Ол француздың aviation сөзінен шыққан, ал оның түп тамыры латынша avis – құс дегенді білдіреді. Осы аппараттардың ұшуын қамтамасыз ететін қызметтер жүйесі де авиация құрамына енеді. Авиация азаматтық және әскери болып екіге бөлінеді: Азаматтық авиация – көліктік, санитарлық, оқу-жаттығулық, арнайы мақсатқа арналған (мысалы, ауыл шаруашылығында, аэрофототүсірім, байланыс, гео-



Ан-2Т көп мақсатты үшагы

логиялық барлау, балық аулау көсібін барлау үшін, т.б.) үшу аппараттары, ал әскери авиацияға әскери өве құштері, теңіздік, армиялық, өве шабуылынан қорғануға арналған үшу аппараттары жатады.

**АВСТРАЛИЯ, А в с т р а л и я О д ағы –** Оңтүстік жарты шардағы Австралия құрлығында орналасқан мемлекет. Аумағы 7,7 млн. км<sup>2</sup>. Халқы 22,3 млн. Астанасы – Канберра қаласы. Әкімшілік тұрғысынан 6 штатқа және 2 территорияға бөлінеді. Тұрғындарының негізгі бөлігі – христиандар. Мемлекеттік тілі – ағылшын тілі.

Жерінің басым көпшілігі жазық дала. Австралияның барлық аудандарында температура тұрақты болып келеді. Ол жыл бойы жазда 20°C және қыста 12–20°C аралығында. Жауышашының жылдық мөлшері 250 мм-ден аспайды. Австралияда шөл, шөлейт аймақ басым болғандықтан ағыны тұрақты өзендер аз. Ең ірі сүй мол өзендері – Муррей, Дарлинг. Үлкен көлдері: Эйр, Торренс, Амадиес, Гэрднер.



Сидней қаласы



Орталық Австралиядагы Эйрс жотасы

Австралия индустримальы-агарлардың ел. Пайдалы қазбаларға бай. Көмір, қорғасын, темір, мырыш, мыс, боксит, алтын, күміс өндіріледі. Қара және тұсті металлургия өндірістері, мұнай айыру өнеркәсібі дамыған. Өндіруші өнеркәсіп салаларынан металлургия, тамақ және жеңіл өнеркәсін, химия өнеркәсібі, қағаз және полиграфиялық, ағаш кесу және жиһаз өнеркәсіптері, машина жасау, автомобиль өнеркәсібі, кеме жасау, электротехникалық приборлар құрастыру кәсіпорындары елдің әр түрлі аймақтарында орналасқан. Ауыл шаруашылығында ерекше сала – қой шаруашылығы. Ол ауыл шаруашылығының 60–70%-ын құрайды. Ауыл шаруашылығы дақылдарынан бидай, сұлы және арпа өсіріледі. Жер көлемінің 90%-ын жайылымдар, жемшөп алқаптары алып жатыр.

**АВСТРИЯ, Австрия Республикасы –** Орталық Еуропадағы мемлекет. Аумағы 83,9 мың км<sup>2</sup>. Халқы 8,4 млн. Астанасы – Вена қаласы Әкімшілік-аумақтық бөлінісі жағынан 9 федералдық жерден тұрады. Халқының 98%-ы австриялықтар, дінге сенушілердің 84%-ы католиктер. Мемлекеттік тіл – неміс тілі.

Жерінің көбін Шығыс Альпі таулары алып жатыр. Ең биік жері – Биік Тауэрн жотасында-



Венадағы Парламент үйі

ғы Грос-Глокнер шыңы (3997 м). Кеме жүзетін үлкен өзені – Дунай. Жерінің 38%-ы орман, ол негізінен тау беткейлерін қөмкерген.

Австрия – дамыған индустримальы-агарларды мемлекет. Өнеркәсіп салаларынан қара металлургия, алюминий өнеркәсібі, машина жасау (станоктар, транспорттық машиналар, электртехникалық бүйімдар), химия өнеркәсібі (азот тыңайтқышы, күкірт қышқылы, жасанды талшық, резина шығару), ағаш ондеу және целлюлоза-қағаз өнеркәсібі өркендеген.

Ауыл шаруашылығында мал шаруашылығының маңызы өте үлкен. Егіншілікпен қатар бау-бақша, жүзім шаруашылықтары дамыған.

**АВТОБУС** – жүргізушімен қоса есептегендегі 9 және одан да көп адамды алып журуге арналған, қорабы вағон түріндегі автомобиль. Автобус сөзі француздың autøs – өзі және латынша (omni)bus, яғни баршаға арналған деген сөзінен шыққан. Алғашқы автобус 20 ғасырдың басында пайда болды. Автобус қалалық, қала маңы, қалааралық, жергілікті, т.б. болып бөлінеді.

Автобус сыйымдылығы мен ауқымына (негізінен ұзындығына) қарап: ең кіші (5 м), кіші (7,5 м), орта (8,5 м және 9,5 м), үлкен (11 м), өте үлкен (12 м) және жалғастырылмалы (16,5 м) автобус болып ажыратылады. Ұзындығы 7,5 м қалалық автобусқа 35–40, ал ұзындығы 12 м автобусқа 110–120 адам, сондай-ақ жалғастырылмалы автобусқа 160 адам сияды.

Кейбір елдерде 1,5 және 2 қабатты автобустар пайдаланылады. Автобус – негізгі қала көлігі. Мысалы, ұзындығы 1500 км-ден асатын Алматы қаласы көшелерінде күн сайын 120 маршрут бойынша 800-ден аса автобус қатынайды.



«Мерседес-Бенц» тіркесті қалалық автобусы




1. Драгунов винтовкасы, 2. Калашников пулеметі, 3. Макаров пистолеті, 4. Калашников автоматы

**АВТОМАТ ҚАРУ** – шағын қашықтықтағы ұрыстарда жеке адамның оқ атуына арналған соғыс қаруы. Автомат деген грекше autumatos, яғни өздігінен іске қосылатын деген үғымды білдіреді. Ату кезінде дәрі газының күшімен қайта оқталып, үздіксіз атылады. Оның конструкциясы мен жұмыс істеу принципі дәрі газының күшін пайдалану тәсіліне негізделгендейтін автомат қарудан үздіксіз де, жекелеп те атуға болады. Автомат қару қолданылу мақсатына қарай автомат пистолет, автомат (пистолет-пулемет), автомат винтовка (карабин), өздігінен оқталатын винтовка, қол пулемет, станокты пулемет, ірі калибрлі пулемет, автоматты зенбірек түрлеріне бөлінеді. Автомат қару 19 ғасырдың 2-жартысында пайдаланылды.

**АВТОМОБИЛЬ** – өз қозғалтқышы арқылы қозғалып, жүк және жолаушылар тасуға арналған машина. Грекше autos – өзі және латынша mobilis – қозғалмалы, қозғалатын деген үғымды білдіреді.

Автомобильдер пайдалану қызметіне қарай көлік, арнаулы және жарыс автомобилдері болып бөлінеді. Соның ішіндегі негізгі – көлік автомобилдері. Олар адам және жүк тасуға арналған. Арнаулы автомобилдер тиесті жабдықтармен жабдықталып, көшө сызыру, өрт сөндіру, жүк тиеу, жүк түсіру сияқты кейбір өндірістік жұмыстарды (автокран, автокомпрессор, өрт сөндіру машинасы, көшпелі жөндеу шеберханасы, т.б.) атқаруға пайдаланылады. Жарыс автомобилі спорттық жарыстарға қатыстырылады. Көлік автомобилдерінің бір түрі – жолаушылар автомобилі. Оның жеңіл автомобиль, автобус сияқ-



Жеңіл автомобиль сұлбасы.

1-рөл доңгалагы; 2-аспаптар панелі; 3-берілісті ауыстыру інтірегі; 4-орталық басқару пульти; 5-рөл білігі; 6-бірдей бұрыштық жылдамдықтың әмбебап шарнири; 7-қозғалтқыш; 8-алдыңғы бампер; 9-Макферсон тіреуі; 10-дискілік тежегіш қапсырмасы; 11-алдыңғы дискілік тежегіштің дискісі; 12-алдыңғы жетектің тартқыш жартылай осі; 13-басқару темігі; 14-газ шыгаратын құбырлар жүйесі; 15-корап қаптамасы; 16-амортизатор; 17-доңгалақ қалпағы; 18-артқы тежегіш атанағы; 19-жанармай багі; 20-жанармай багінің мойыны; 21-қосалқы доңгалақ; 22-газ шыгаратын құбыр; 23-артқы бампер; 24-артқы габарит шамы; 25-жүксалғыш қақпағы; 26-люк есігі; 27-артқы әйнек жылдымтықшы.



«Майбах Классик» автомобилі



«Лексус RX 350» жеңіл автомобиль

ты түрлері бар. Көлік автомобиліне автопойыз құрамына кіретін арнаулы буксирлер мен тягачтар да жатады. Жеңіл автомобиль екіден сегізге дейін (жүргізушінің өзін қосқанда) жо-

лаушылар тасуға арналған. Қозғалтқышының литражы (қозғалтқыштың барлық цилиндрлерінің жұмыс көлемі) мен салмағына қарай: айрықша кіші – 1,2 л – 850 кг; кіші – 1,2–1,8 л – 850–1150 кг; орташа – 1,8–3,5 л – 1150–1500 кг; литражы мен массасы шектелмейтін жоғары сапалы болып 5 класқа бөлінеді. Жеңіл автомобиль қорабының типіне қарай лимузин (қорабы жабық), кабриолет (қорабы жоғарғы жағынан матамен жабылған), фаэтон (қорабы ашық) болып ажыратылады. Жүк автомобильдерінің өте жеңіл жүк көтеретін (0,75 т-ға дейін), жеңіл (0,75–2,5 т), орташа (2,5–5 т), ауыр (5–10 т) және өте ауыр жүк көтеретін (10 т-дан жоғары) түрлері бар.

**АГРОНОМИЯ** – диханшылық туралы ғылым. Диханшылықтың тарихы өте ертеден басталды. Агрономия agrys – танап, егіс және пұмөс – заң дегенді білдіреді. Шығыс елдерінде (Мысыр, Үндістан, Қытай, т.б.) дихандар егіншілік ережелерін, астрономиялық білімдерді, құнтізбені пайдаланған. Оны ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткізіп отырган. Қазақстан аумағында неөліт дәуірінен бастап егіншілік дами бастады. Мәселен, Усть-Нарым қонысында (Шығыс Қазақстан) табылған қыстырма орақтар мұнда егіншіліктің болғанын көрсетеді. Агрономия 19 ғасырдың 2-жартысынан бастап тез дами бастады. Осы кезеңде өсімдік физиологиясы, химиясы, кейіннен микробиологиясы өз алдына ғылым саласы болып бөлінді. 20 ғасырда Батыс Еуропа, Америка, Ресей елдерінде топырақ әрозиясымен күресу, тыңайтқыштар шашу, ауыл шаруашылық өсімдіктерінің жаңа тұқымдарын шығару ғылыми жолға қойылды. Агрономияның міндеті: өсімдіктің есуіне қолайлы жағдай туғызу, олардың өнімділігін арттыру, өсімдік

селекциясын жақсарту, топырақ құнарлылығын қалпына келтіру және арттыру екендігі айқындалды.

**Агротехника** – ауыл шаруашылық дақылдарын егіп өсіру тәсілдерінің жүйесі; егіншілік технологиясы. Агротехника өсімдіктің биологиялық ерекшеліктерін, қоршаган ортаның жағдайын, дақылды егіп өсіру тәсілдерін және агрономия жетістіктерін негізге алады. Агротехниканың мақсаты – топырақтың ылғалдылығын сақтау арқылы құнарлылығын арттыру, оны су мен жел әrozиясынан қорғау, сондай-ақ аз қаржы жұмсақ ауыл шаруашылық дақылдарынан мол өнім алу. Агротехника шараларына ауыспалы егісті пайдалану, топырақ өндіреу, тыңайтқыш шашу, тұқым әзірлеу, тұқым дайындау, егін егу, егісті күту, суару, ору, бастыру, арамшөптерден, ауыл шаруашылық зиянкестерінен қорғау, ауруларынан тазарту жатады.

**Агрохимия**, агрономиялық химия – топырақ пен өсімдікте өтетін химиялық процесстер, өсімдік қорегінің құрамы, сондай-ақ өсімдіктің қоректенуі үшін тыңайтқыш қолдану туралы ғылым; егіншілікті химияландырудың ғылыми негізі. Диханшылықтың өркендеуіне байланысты пайда болды.

Агрохимияның міндеті: өсімдіктің қоректенуін, өсімдік пен топырақта өтетін химиялық процесстерді, тыңайтқыштар мен химиялық заттардың тиімділігін зерттеу арқылы ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, олардың өнім сапасын жақсарту, топырақ құнарын сақтау және молайту екендігі анықталды. Агрохимия топырақтың, өсімдіктің, тыңайтқыштың, ауыл шаруашылық дақылдарының зиянкестері мен ауруларына қарсы қолданылатын у-химикаттардың химиялық құрамына талдау жасайды.



Картоң егістігі



Көктемелгі егіс



Агаш сүрегі


**АФАШ** – сабактары мен тамырлары сүректенін біткен, өте жақсы жетілген діңі бар, биіктігі 2 м-ден кем болмайтын көп жылдық өсімдіктер. Қазақстанда өсетін ағаштардың ең биігі 50 м-ден (қарағай, шырша, емен, жөке, т.б.) аспайды. Дүние жүзінде ең биік ағаш – Австралия әвкалиптісі (биіктігі 140–150 м), ең жуан ағаш – Баобаб (диаметрі 4–12 м.). Ағаш палеозой әрасының тас көмір, девон кезеңінен бастап (126 млн. жыл бұрын), мезозой әрасының бор, юра (96 млн. жыл бұрын) кезеңіне дейін ағашты өсімдіктер, кейін бірқатары көп жылдық, одан бір жылдық шөптесін өсімдіктерге айналған. Жер бетіндегі климаттың өзгеруіне байланысты ағашты өсімдіктердің даму циклі қысқаруда. Осыған байланысты олар шөптесін өсімдіктерге айналуда.


**АДАМ** – Жер бетіндегі ең жоғарғы даму сатысындағы тіршілік иесі, қоғамдық-тариҳи әрекет пен мәдениетті жасаушы. Адам – философия, әлеуметтану, психология, физиология, педагогика, медицина, т.б. ғылымдардың нысаны болып табылады.

Эволюциялық ілім бойынша адам Жерде шамамен осыдан 2–3 млн. жыл бұрын пайда болды. Ол бірнеше даму кезеңдерінен (питекантроп, гейдельберг адамы, неандертальдар) өтіп, осыдан 30–40 мың жыл бұрын, *Homo sapiens* (латынша – саналы адам) кейпіне енді де, бірте-бірте қазіргі адамдарға тән биологиялық қасиеттерге (кроманьондар) ие болды.

Абай, Шәкәрім және ислам теологы әл-Фазали тәрізді даналардың айтуынша, адам болмысы үш бөліктен құралады: тән, нәзік болмыс және жан. Тән – табиғаттың негізгі бес элементінен: топырақтан, судан, ауадан, оттан және эфирден тұрады. Тәннің құрылышын,

оның жұмысын, өзгеру зандылықтарын медицинаға байланысты ғылым салалары зерттейді. Адамның нәзік болмысына – сезім, ой-өріс, ақыл-ес, түйсік және «мен» деген түсінік жатады. Бұлардың табиғатын ұғыну өте қын. Нәзік болмыс табиғи және әлеуметтік ортаға байланысты қалыптасады. Оны психология, парapsихология, спиритуализм, магия, бақсылық, йога тәрізді адам психикасын зерттейтін ғылымдар мен окульттік ағымдар қарастырады. Нәзік болмыстың түрлі атаулары бар: арабша – хауас сәлим, қазақша – рух, санскритте – аура, орысша – дух, латынша – спирит, ғылымда – психоэнергетикалық жүйе, т.б. Жан – адам өмірін басқарушы, қуат көзі, мәңгілік болмысы болып табылады. Тән мен материалдық болмыс оның уақытша киген киімі тәрізді. Олар ауысып отырады. Жан білімге және рухани ләззатқа құштар болғандықтан, ол бұл қасиеттердің қайнар көзін қоршаған ортандың материалдық болмысынан іздейді. Материалдық болмыс болса, әрқашан ақиқатты қөмексілеп, бұрмалап көрсетеді және мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, ол





Адамның ішкі ағзалары

жанды толық қанағаттандыра алмайды. Бұл жан мен тән арасындағы қайшылықты және олардың өзіндік сипаттағы үздіксіз күресін туғызады.

**Адам анатомиясы** – адам денесінің құрылышын, пішінін, құмылдарын, мүшелердің өзара қарым-қатынасын зерттейтін жаратылыстануғының бір саласы. Адам анатомиясының (латынша anatome – кесу, бөлшектеу деген ұғымды білдіреді) негізін салушы – ежелгі рим дәрігері Гален, одан кейін шығыс ғалымдары: ар-Рази, ибн-Рушд, Әбу Әли ибн Сина адам анатомиясына елеулі жаңалықтар қосты. Бүкіл тірі организмдер сияқты адам денесі торшадан (клеткадан) тұрады. Торшалар торшааралық затпен қосылыш тін (ткань) құрайды. Тін: эпителиалдық, дәнекерлік, бұлшық еттік, жүйкелік болып 4 топқа бөлінеді. Тін қосылыш ағзаларды (орган) құрайды. Жалпы құрылышы мен дамуы біртекtes және ортақ қызмет атқаратын ағзалар – ағзалар жүйесіне біріктіріледі. Шығу тегі мен құрылыштары ұқсамайтын, бірақ ортақ қызмет атқаратын ағзалар – ағзалар аппараттары деген топқа бөлінеді. Ағзалар жүйесі мен ал-

параттары адам организмін құрайды. Ағзалар бірнеше жүйеге бөлінеді: 1) тірек-қимыл аппараты; 2) ас қорыту жүйесі; 3) тыныс алу жүйесі, 4) несеп-жыныс аппараты; 5) жүрек-тамыр жүйесі (бұл жүйе өз ішінде қан жасап шығаратын және иммундық жүйе ағзалары болып бөлінеді); 6) сезім ағзалары; 7) эндокриндік бездер; 8) жүйке жүйесі.

**АДАМ АТА** – (Тәурат, Інжіл, Забур секілді діни кітаптарда Адам) – Құран дерегі бойынша Алла тағала өз құдіретімен жаратқан ең алғашқы адамның аты.

Тәуратта адамзаттың түпкі бабасының неден жаралғанын таратып айтпай, «топырақтан жаралғансың, топыраққа қайта айналарсың» (Тәурат, 3:19) деп қысқа ғана қайырады. Құранда бұл тақырып өр тұста шашырай айтылғанмен, кеңейтіле баяндалған: «Сыңғырлап түрған кепкен балшықтан тиісті мұсінге келтіріп, адамды Біз топырақтан жараттық» (Құран Қәрім, «нижір» сүресі, 15:26), «Адамды Ол үйіған қаннан жаратты» («Алақ» сүресі, 96:12), «Біз сендерді (Адам атасы) әуелі топырақтан жараттық».

Адам Ата ұжымақта жаратылып, ұжымақта ғұмыр кешті. Алла өзінің сүйікті жаратқанын сыртынан бақылап жүріп, оның сұхбатасатын серігі болмағандықтан көңілі жүдеп жалғызырайтынын аңғарды. Алла тағала оны үйіктатып тастады да, қабырғасын шығарып алып, Хая Аナンы жаратты.

Аныз бойынша Адам Атадан әлемдегі барша адамзат үрпақтары тараған. Пейіштен қуылған соң Адам Ата Хая Аナンен Мекке атырабында кездескен. Адам Ата үшін көктен қара тас түсіріліп, ол сол жерге қаһба түрғызады. Олардың екі ұлы, екі қызы болған екен. Ер жеткен соң екі ұлы (Әбл мен Қабыл) қарындастарының біреуіне таласып, бірін-бірі (Әбл Қабылды) өлтіреді. Содан бері Адам баласы өлетін болыпты. Аныз бойынша Адам Ата бабамыз 930 жыл өмір сүріп, дүниеден өткен. Адам ата мен Хая Аナン Мекке төңірегіндегі Қазына өңіріне жерленген делінеді.

**АЗИЯ** – Жер шарының ең үлкен бөлігі. Еуропамен қосылыш Еуразия құрлығын құрайды. Ассириялықтар тілінде Азия – асу, шығыс деген мағынаны білдіреді. Еуропамен арадағы шартты шекарасы Орал тауының шығыс

егегі, Ембі өзені, Каспий теңізі, Кума-Маныч ойысы, Азов және Қара теңіздер, Босфор бұғазы, Мәрмәр теңізі, Дарданелл бұғазы арқылы өтеді. Ауданы 43,4 млн. км<sup>2</sup> (бүкіл құрлықтың 30%-ы). Оңтүстік-батыста Суең мойнағы Азияны Африкамен жалғастырады; Солтүстік Америкадан Беринг бұғазымен бөлінеді.



Гиндукуш жотасы



Тайга



Иордания шөлі

Оңтүстігінде құрлыққа Малай топаралы кіреді. Таяу аралдардың жалпы ауданы 2 млн. км<sup>2</sup>-ден асады. Жағалауы аз тілімденген. Құрлықтың орталық бөліктері мұхиттардан 2-2,5 мың км қашықтықта орналасқан. Ең ірі түбектері: Таймыр, Чукча, Камчатка, Корей, Үндікітай, Үндістан, Арабия, Кіші Азия. Құрлықтың шеткі нүктелері: солтүстігінде – Челюскин мұйісі, оңтүстігінде Пиай мұйісі, батысында Баба мұйісі, шығысында Дежнев мұйісі.

Азия Солтүстік жарты шардың барлық климаттық белдеулерін алып жатыр. Қөп жерінде, өсіреле ішкі аудандарда, континенттік климат басым. Оңтүстігі мен шығысында климат муссонды. Батыс, Орта, Орталық Азия жазықтарына шөл және шөлейт климат тән. Биік тау қыраттары мен тау бастарын суық шөл климаты алып жатыр. Малакка түбегі мен Үлкен Зонд аралдарының климаты экваторлық.

Кавказ, Памир, Тянь-Шань, Гималай, Қарашорым, Гиндукуш, т.б. тауларда мұздықтар таралған (жалпы ауданы 120 мың км<sup>2</sup>). Құрлықтың ішкі суларының 60%-ы сыртқы, 40%-ы ішкі түйік алапқа орналасқан. Ишкі түйік алаптағы өзендердің ең ірілері: Еділ, Кура, Әмудария, Жайық, Сырдария, Іле. Экваторлық белдеудегі өзендердің суы жыл бойы мол болады. Ишкі түйік алаптың биік тау басындағы қар мен мұздан бастау алатын өзендер жазда қатты тасиды. Құрлықтың ірі өзендері жол қатынасына және жер суаруға ежелгі заманнан бері пайдаланылып келеді. Азияда көл көп. Ең ірілері – Каспий мен Арап теңіздері. Тектоникалық ойыстарда Байкал, Зайсан, Ыстықкөл, Өлі теңіз, Хубсугул, Күкунор, Алтынкөл орналасқан. Биік таулы аймақтарда мұздық әрекетінен пайда болған ұсақ көлдер бар. Жанартау әрекетіне байланысты көлдер Камчаткада және Тынық мұхит жағалауындағы аралдарда, карст көлдері Загрос таулары мен Орталық Азия таулы қыраттарында, термо-карст көлдері Сібірде көп. Шөлді белдемдегі көлдер әдетте тұзды болып келеді.


**АЗОТ, N** – элементтердің периодты жүйесінің V тобындағы химиялық элемент, рет нөмірі 7, атом салмағы 14,0067. Азот грекше azoos – тіршіліксіз және латынша Nitrogenium – селитра түзуші деген ұғымды білдіреді. Табиғатта азот дербес және қосылыштар күйінде кездеседі, оның негізгі қоры екі атомнан тұра-



Азот өндірісі

тын молекула түрінде ауа құрамында болады. Азоттың ауадағы салмақ үлесі 75,6%, көлем үлесі 78,1%. Жер қыртысының 1 т массасына 1 кг азоттан келеді әрі ол бейорганикалық және органикалық қосылыстар күйінде кездеседі. Оның бейорганикалық қосылыстарының негізгілеріне натрий нитраты (чили селитрі), калий нитраты (ұнді селитрі) жатады. Органикалық қосылыстар күйіндегі азоттың негізгі қоры барлық тірі организмдер белоктарының құрамына кіреді. Кезінде жанбайтын қасиетіне байланысты «тіршіліксіз» деп аталып кеткенімен азот тіршілікке өте керек элемент. Қалыпты температурада азот түссіз, иіссіз газ. Қайнау температурасы – 196°C, қату температурасы – 210°C. Судың бір өлшем көлемінде (20°C-та) 0,0154 көлем азот ериді, яғни оның суда ерігіштігі оттектің ерігіштігінен төмен. Ауадан аздап жеңіл болады. Өнеркәсіпте азот ауаны сүйылту арқылы алынса, лабораториялық жағдайда аммоний нитритін немесе бихроматын қыздырып алады. Азот негізінен аммиак өндіруге, инертті болғандықтан әлектр шамдарын толтыруға қолданылады.

**АЙ** – Жердің табиғи серігі, өзінен жарық шығармайтын Жерге ең жақын аспан денесі. Ай латын тілінде luna деп аталады. Ол Жерді эллипстік орбита бойымен (1,02 км/сек жылдамдықпен) айналады. Айдың диаметрі 3476 км (Жер диаметрінен 4 еседей аз). Орбитасының эллипстік және аспан денелері үйітқуы ықпалында болуына байланысты Айдың Жерден орташа қашықтығы 384401 км. Жердің бір айналып шығатын уақыты 27,32 тәулік болады. Айдың өз осінен айналу периоды Жерді айналып шығу периодымен бірдей болғандықтан, 59%-ын қамтитын жарты сферасы ғана



Ай беті



Айға қонған «Аполло-11» ғарыш кемесі

көрінеді. Қалған 41%-ы көрініп ұлгермейді. Арғы беті осы себепті ғарыш кемелерімен арнайы суретке түсірілді, картасы жасалды. Ай бетіне түскен Құн сәулесінің 7%-ы ғана кейін шағылады. Айдың 354 сағатқа созылатын күндізгі уақытында оның беті 130°C-қа дейін қызса, соңша уақытқа созылатын түнінің ортасында –170°C, ал таң алдында –200°C-қа дейін суиды. Атмосферасының жоқтығынан Ай бетінің жылынуы мен суынуы Құн сәулесінің түсү бұрышына байланысты тез өзгеріп отырады. Ай жыныстары бұдан 3,6 – 4,6 млрд. жыл бұрын пайда болған. Бұл – Құн жүйесінің жаралуымен шамалас уақыт. Айдың планеталардан қалған заттардан өз алдына дербес жаралуы мүмкін. Кейін оны Жер өзіне тартып серік етсе керек. Бұл мәліметтер өткен заманда Ай Жерден бөлініпті-мыс, Тынық мұхиты соның орны екен деген көзқарастың теріс екендігіне дәлел болып отыр. Ай бетіне алғашқы адам 1969 ж. 21 шілдеде қадам басты (Нил Армстронг, АҚШ). Айда 1969–1972 ж. 12 астронавттың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Айға сапар – америкалық «Аполло» гарыш кемелерімен Айға үшуды жүзеге асырған адамдар тобының сапары. Әр сапарға үш астронавт қатысты, оның екеуі Айға арнаулы кабинамен қонып, біреуі орбитадағы негізгі бөлікте қалып, айналып үшіп жүрді. Ай бетіне тұңғыш рет адамды жеткізген «Аполло-11» гарыш кемесі Айға 1969 ж. 16 шілдеде аттанды. 1969 ж. 21 шілдеде 2 сағат 56 минут 20 секундта Нил Армстронг адамзат тарихында тұңғыш рет Ай үстіне аяқ басты. «Бұл – адамның қарапайым қадамы, бірақ адамзат үшін ғаламат секіріс» – деп бастады ол алғашқы толқулы сөзін. Астронавтар Ай үстінде жүруді меңгерді, бірқатар ғылыми приборлар орнатты, 22 кг Ай жынысының үлгісін жинап, суретке түсірді. 1969 ж. 24 шілдеде кеме Жерге қайтып оралды. Бұдан кейін Айға «Аполло-12», «Аполло-14», «Аполло-15», «Аполло-16» және «Аполло-17» гарыш кемелері сәтті сапарлар жасады. «Аполло-15», «Аполло-16» және «Аполло-17» гарыш кемелерінде Айды жасанды серігі орбитасынан зерттеуге арналған приборлар кешені, кемеден бөлек үшіп жүріп зерттейтін автономды Айдың жасанды серігі, ал Ай кабинасында астронавтар айдал жүретін «Ровер» Ай электромобилі болды. «Аполло-17» кемесінен кейін Айға сапар бағдарламасы тоқтатылды.

**АЙДАҢАР** – қабыршақтылар отрядына жаттын ең үлкен жылан. Айдаңардың (грекше – *drakon Boidae*) 3 туқымдас тармағы (айдаңарлар, питондар, болиеріндер) бар. Олардың ең ірі тұрлары: анаконда, торлы жылан, т.б. Айдаңарды кейде жалғанаяқтылар деп те атайды, себебі оларда жамбас сүйегі мен ортан жіліктің қалдығы аналь тесігінің екі шетінде сақталып қалған. Айдаңардың 25 туысының 85 тұрі субтропикалық, тропикалық аймақтарда кеңінен таралған. Денесінің ұзындығы 0,5–10 м, ірілері 11 м-ден асады. Көз қарашығы тік орналасқан. Үстіңгі жақ сүйегі қозғалмалы, жақ, таңдай, қанат тәрізді сүйектерінде тістері болады. Бұлшық еттері жақсы дамыған айдаңар өз қорегін денесімен орап, тұншықтырады да, өлтіріп барып жұтады. Қазақстанда айдаңардың 2 тұрі бар. Бірінші тұрі – құм айдаңаршасы (*Eryx milliaris*) Қазақстанның онтүстік-батыс өңіріндегі құрғақ далалы, шөлейтті жерлерде таралған. Бұларды жергілікті қалық құм жылан деп атайды. Екінші



Шығыс айдаңаршасы

тұрі – шығыс айдаңаршасы (*Eryx tataricus*) Арап маңынан Зайсан қазаншұңқырына дейінгі аралықтағы құрғақ далалы, шөлейтті, шөлді өңірде кездеседі. Олардың ұзындығы 80–90 см, түсі қоңыр, бауыры қара қоңыр не қара дақты болады. Жылына бір рет 10–20 ұрпақ береді. Кейбірі жұмыртқа салып, кейбірі тірі туып көбейеді. Айдаңар – улы жылан емес. Ол ұсақ кемірушілермен, жәндіктермен қоректенеді. Айдаңар кейде «ајдана» деп аталағы, халықтың қиял-ғажайып ертегілері мен азыздарында аузынан жалын атқан көп басты, қанатты, үлкен «жыртқыш жылан» түрінде суреттеледі.

## АЙМАНОВ Шәкен (Шанқерім)

актер, режиссер, КСРО халық артисі (1964). 1914 ж. 15 ақпандың қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Ауыл мектебін бітіріп, Семей мұғалімдер техникумында оқып жүргенде, 1932 ж. Алматыдағы Қазақ драма театрына шақырылады. 1947–51 ж. қазіргі Қазақтың академиялық драма театрының бас режиссері болды. «Абай әндері» (1945), «Жамбыл» (1947) көркем фильмдерінде күрделі экрандық бейнелерді сомдады. 1953–70 ж. «Қазақфильм» студиясының көркемдік жағын басқарып, қазақ кино өнерінің өркендеуіне үлкен үлес қосты. Оның қойған көркем фильмдері: «Махаббат туралы аңыз» (1953), «Алдар көсе» (1965), «Атамекен» (1966), «Найзатас баурайында» (1968). Көрермен қауымның ой-талғамынан



шыққан «Біздің сүйікті дәрігер» (1958) мен «Тақиялы періште» (1969) фильмдері ұлттық кино өнерінде комедиялық жанрды дамытудағы соны ізденістерімен ерекшеленді. Оның соңғы қойған «Атаманның ақыры» (1970) фильмі режиссер Айманов шығармашылығының биік шыңына айналды. 1970 ж. 24 желтоқсанда Мәскеу қаласында жол апартынан қайғылы қазага ұшырады; Алматы қаласында жерленді. Алматы қаласының көшесі (1972) және «Қазақфильм» студиясы (1984) Айманов есімімен аталады.

**«АЙМАН-ШОЛПАН»** – лиро-эпостық жыр. Алғаш жазып алғып, баспаға ұсынған – Жұсінбек Шайхысламұлы. Жырдың оқиғасы, негізінен, 19 ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ елінің өлеуметтік-қоғамдық тіршілігін, тұрмыс-салтын қамтиды. Кейінкерлердің ішінде тарихта болған адамдардың есімдері (Көтібар, Арыстан, Есет, т.б.) кездеседі. Жырда



М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» қойылымы


жеке бастандығы көтеріледі. Айман тек жеке басының азаттығын көксеген қыз емес, ел тыныштығын, қауым ынтымағын ойлаған ақылды да айлалы, өжет мінезді адам ретінде көрінеді. Жырда Көтібар бейнесі де шебер берілген. Бұрынғы батырлықтың азып, ел ішіндегі ұсақ-түйек тентектікке айналғаны осы бейне арқылы көрсетіледі. Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан жыры бойынша жазған музикалық драмасы (1934) Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының репертуарынан көп жылдар бойы түспей келді.

**АЙМАУЫТОВ ЖҰСІНБЕК** – жазушы, драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист. 1889 ж. қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданын-

дағы Қызылтау аудында туған. Жұсінбек жастайынан арабша хат тану, оқу үстіне, ағаш шеберлігі, темір ұсталығы өнерін қатар үйренген. 15–16 жасында Павлодарға қашып барып, орысша-қазақша екі класты мектепке түседі. Бір жағынан, бала оқытып, қаражат таба жүріп, оқуын 1914 ж. бітіреді де, Семейдегі оқытушылар семинариясына түседі. Оны 1918 ж. аяқтайды. Аймауытов 1911–14 ж. ауылда мұғалім болды; кейін газет редакцияларында («Қазақ тілі», «Ақ жол»), ал 1926–29 ж. Шымкент педагогикалық техникумының директоры қызметтерін атқарған. 1929 ж. басталған кеңестік құғын-сүргін кезінде қамалып, 1931 ж. атылған. Ж.Аймауытов, Уильям Шекспир, Виктор Гюго, Ги де Мопассан, Александр Дюма, Александр Пушкин, Рабиндрат Тагор, Николай Гоголь, Лев Толстой, Джек Лондон шығармаларын, «Интернационалды», бірқатар ғылыми еңбектерді қазақ тіліне аударды. Аймауытовтың «Қартқожа» мен «Ақбілек» романы, «Күнекейдің жазығы» повесі, «Шерніяз», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар» атты пьесалары, «Комплексті оқу жолдары», «Жан жүйесі», «Өнер таңдау», «Мағжанның ақындығы туралы» ғылыми еңбектері қазақ әдебиеті тарихындағы үлкен орны бар шығармалары. 1918–19 ж. Мұхтар Әуезовпен бірге Семейде «Абай» журналын шығарды. Жазушы 1931 ж. қайтыс болған.



**АЙША БИБІ КЕСЕНЕСІ** – сәулет өнері ескерткіші. 12 ғасырда салынған. Ескерткіш-кесене Жамбыл облысының Жамбыл ауданындағы Айша биби ауылында орналасқан. Айша биби тарихтан белгілі Қараханның әйелі. Күмбезді сол Қарахан (Әулие ата) салдырған. Бірақ кесенеі салған сәулетші туралы нақты дерек жоқ. Пішіні шаршыланып біткен, ауданы 7,6×7,6 м, бурыштар бағана-тіреулер арқылы көтерілген. Кесене ортасында құлпытас (3×1,4 м) орнатылған. Батыс жақ қабырға мен бағаналар оюлы ұсақ плиткалармен қапталған. Айша биби кесенесінің іргетасынан бастап есептегенде 3,4 м биіктікте бағаналарға



Айша бибі кесенесі

араб әрпінде жазуы бар белдеу жүргізілген. Солардың біріндегі «Кұз, бұлттар, дөңгеленген дүние...» деген сөздер жазылған. Айша бибі кесенесі республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынған.

**АКВАРИУМ** – су жануарлары мен өсімдіктерін өсіруге және зерттеуге арналған шыны ыдыс. Аквариум латынша *aquarium*, яғни суқойма деген ұғымды береді. Оның сыйымдылығы үлкен түрлерін дельфинией, океаниум деп те атайды. Олардың пішіні мен құрылышы әртүрлі болып келеді. Аквариумдер балықтардың табиғи жағдайына сәйкес жабдықталады. Онда өсімдіктер де өсіріледі. Әдет-



Аквариумдегі балықтар

те арнаулы құралмен аквариумге ауа да жіберіледі. Суы мезгіл-мезгіл ауыстырылып тұрады.

**Аквариум балықтары** – үйдегі, хайуанаттар паркі мен ғылыми мекемелердегі арнайы ыдыста – аквариумде өсірілетін балықтар тобы. Аквариум балықтары табиғи жағдайда тропикалық және субтропикалық (Африка, Америка, Австралия, Оңтүстік-Батыс Африка) тұщы су қоймаларында, ал кейбіреулері аңылау суда және теңізде мекендейді. Олар – таңғажайып түрімен, ашық түрлі-түсті бояуларымен және мөлшерінің (массасының) кішілігімен ерекшеленеді. Олардың дene тұрқы 1,5–30 см болады, кейде 1 м-ге жетеді. Шабақтарын тірі табатын (мысалы, гамбузия, гуппилер, семсерқүйрық, маллиnezia) түрлері бар. Аквариум балықтарының жүздеген түрі кездеседі. Олардың көбі сүйекті балықтар (мысалы, майшабақ, мормиро, тұқы, сарғоно, алабұға, кефаль, т.б.). Ең кең тараған түрлері – гуппилер, семсерқүйрық, сотқар балық, горамиллер, хромис, скалярия, жайыншалар, барбус, кардинал, алтын балық, комета, шілтекүйрық, құбылмалы балық, т.б.

**АККУМУЛЯТОР** – энергия жинауға арналған құрылғы. Латын тілінде *accumulator* жинақтауыш дегенді білдіреді. Ол жиналатын энергия түріне сәйкес электр аккумуляторы, гидравикалық аккумулятор, пневматикалық аккумулятор, жылу аккумуляторы, бу аккумуляторы және инерциялық аккумулятор болып бөлінеді.

**Электр аккумуляторы** – электр энергиясын жинап (химиялық энергияға айналдыру арқылы), қажет болғанда сыртқы тізбекке бере алатын химиялық ток көзі. Ол ішінде элект-




Автомобиль аккумуляторы



Үялт телефон аккумуляторы

тролит (қышқыл не сілті) және электродтары бар оқшаулағыш материалдан (эбонит, шыны, пластмасса) жасалған ыдыстан тұрады. Электр аккумуляторы тұрғылықты және тасымалды болып белінеді. Тұрғылықты аккумулятор электр, радио, телефон және телеграф стансаларында тұрақты ток көзі ретінде, тасымал аккумулятор көшпелі қондырыларда (көшпелі радиоаппаратураларда, автомобилдерде, үшақтарда, электркарларда, т.б.) қолданылады.

**Гидравликалық аккумулятор** гидравликалық қондырылардағы сұйық заттың шығыны мен қысымын реттеп отыруға арналады. Құрылымы цилиндр мен плунжерден тұрады. Ол сорғылардан (компрессорлардан) келетін артық сұйық затты (газды) өз қысымымен жинап, шығын көбейгенде оны жұмыс машиналарына беріп отырады. Мұндай аккумулятор гидравликалық және пневматикалық қондырылардағы сұйық заттың қысымы мен шығынын реттеп отыруға пайдаланылады.



Аккумулятордың ішкі құрылышы

Пневматикалық аккумулятор пневматикалық қондырылардағы ауа шығыны мен қысымын реттеу мақсатында сыйылған ауа энергиясын жинауға арналады. Ол ауа құбырына жалғанған резервуардан тұрады. Артық ауа резервуарда жиналады да, шығын көбейгенде ауа таратқыш жүйеге беріліп отырылады. Пневматикалық аккумулятор ірі пневматикалық желілерде, жел электр стансаларында, т.б. қолданылады.

Бу аккумуляторымен көбінесе пайдаланылған буды жинау үшін қуаты аз бу қозғалқыштары жабдықталады. Одан бу әр түрлі технологиялық мақсаттарға (мысалы, кептіру камералары), сондай-ақ сантехникалық қондырылар қажетіне жұмсалады.

Жылу аккумуляторы жылу қондырыларында жылу жинауға арналған. Олар айнымалы қысымды және тұрақты қысымды болып белінеді. Көбінесе бу-сулы аккумулятор деп аталағын айнымалы қысымды жылу аккумуляторы қолданылады. Онымен бу шығыны тұтынуға байланысты күрт өзгеріп отыратын кішігірім және орташа қуатты жылу электр стансалары жабдықталады. Тұтыну кеміген кезде бу қазанынан жылу аккумуляторына жіберілген артық бу ондағы суға өзінің жылуын береді. Бу шығыны көбейгенде, жылу жүйесіндегі бу қысымының төмендеуі салдарынан қызған су буға айналады. Соның негізінде тұтынушылар буды жалғыз бу қазанынан емес, жылу аккумуляторынан да алады.

**Инерциялық аккумулятор** қызметін айналып тұратын маховик атқарады. Маховик салмағы мен оның айналу жылдамдығы неғұрлым көп болса, онда жиналатын энергия мөлшері де соғұрлым мол келеді. Инерциялық аккумулятор жел электр стансаларында генератордың, сондай-ақ штамптау станогы, механикалық балға, поршеньді сорғы, т.б. жұмыс қалпын тұрақтандыру мақсатында қолданылады.

**АКРОБАТИКА** – 1) күш жұмсай орындалатын дene шынықтыру жаттығуларының бір түрі. Грекше akrobateo – аяқтың ұшымен жүремін, жоғары өрмелеймін дегенді білдіреді. 2) Цирк өнерінің жанры (күш жұмсау, секіру арқылы орындалады). 3) Спорт түрі. Акробатика біздің заманымыздан бұрынғы шамамен 2300 ж. Ежелгі Египетте, Грекияда, т.б. елдерде пайда болды. Акробатикалық жаттығулар



Акробаттар

алғаш қалалардың ашық алаңдарында, базарларда орындалды. Бертін келе цирк аренасына көшіп, жаттығулары күрделене бастады.

**АКРОПОЛЬ** – ежелгі гректердің биік төбе басына салған бекінісі. Бекіністі қоршай қала үйлері орналасқан. Акрополь (грекше akrostichic, akroc – биік, polis – қала) – өзге үйлерден шоқтығы биік, қабыргасы қалың, қа-



Афинадагы акрополь

ла халқының жаулардан қорғаныс табатын бекінісі, қасиетті орны болған. Дүние жүзіне әйгілі Афина, Парфенон, Эрехтейон, Ники-Аперос сияқты акропольдерінде сөүлет өнерінің тамаша үлгілері сақталған.

**АКТЕРЛІК ӨНЕР** – адам бойындағы қабілеттерінің көмегімен белгілі бір кезең мен уақытқа тән тірі образ жасау өнері. Актерлік өнер шабыт күшін, қиял қуатын, ыстық сезімді талап ететін ерекше қабілет. Негізінде салт-дәстүрлік рәсімдерден басталған актерлік өнер жан-жақты өнер түрі болып қалыптасты. Салт-дәстүрлік рәсімдерде ән, би, музика, сөз,



F.Мұсіреповтің «Қызы Жібек» спектаклінен көрініс

грим, киім, т.б. қолданылатын. Бертін келе актерлік өнердің балетте – бимен, опера – әнмен, ал драма театрында – сөзбен тығыз байланысты үш түрі айқындалды. Драмалық спектакльдерде де би мен ән болады, бірақ ол қосымша құрал ғана. Актерлік өнердің «таза түрі» де бар, ол – пантомима. Әсерлі сезімге толы қымыл пантомиманың негізін құрайды.



M.Әүезовтің «Абай» спектаклінен көрініс

Сондықтан пантомима актерлік өнердің негізі саналады.

Актерлік өнердің алғышарттарының бәрі қазақ түрмисында болған. Мысалы, айтystағы шүғыл, тапқыр әрі әсерлі сөз сайсысы әдемі қымыл, орынды мимикамен бірге көрінеді. Әзіл айтты болса, айттысушылар түр-әллpetін сайқымазақтарша өзгертін отыратын болған. Ал, қазақтың қызы ұзату, келін түсірудегі дәстүрлі ырымдар, ән мен бидің, күлдіргіштердің әрекеттері сол бойы сахнаға сұранып тұрган көріністер. Жәрменекедегі агашаяқтардың, жарапазан айтушылардың, көкпар мен қызы қуудағы әрекеттердің бәрінде актерлік өнердің элементтері молынан кездеседі.



Акула

**АКУЛА** – тақтажел безектілер класы тармағына жататын балықтар. Қазіргі акуланың (Selachioidei, көне норвег тіліндегі haccal балық дегенді білдіреді) 350-дей түрі бар: олар 6 отрядқа, 20 тұқымдастық бөлінеді. Акула барлық теңіздер мен мұхиттарда кең тараған, тұщы суларда да (Амазонка, Ганга) кездеседі. Денесінің ұзындығы 15 см-ден 20 м-ге дейін болады, салмағы 14 т-ға дейін тартады. Дене пішіні сүйірлеу, тұмсығы ұзын, аузы алқымға таяу орналасқан. Олардың көпшілігі ірі жаңуарларды аулайды. Ең ірілері – кит акуласы (15 м-ге дейін) мен алып акула (20 м-ге дейін) планктонмен қоректенетіндер тобына жатады. Акула іштей ұрықтанады, көпшілігі ірі мүйіз қабығы бар жұмыртқа салады, кейбіреуі ұрпағын тірі туады. Акуланың 50-дей түрі қатерлі жыртқыш болып саналады. Олар көп жағдайда күндіз адамдар көп шомылатын тропикалық суларда жағаға жақын жерлерге келіп, шабуыл жасайды. Кейбір түрлерінің кәсіптік маңызы бар. Акуланың көпшілігі тропикалық сулардан ауланады, бауырынан май алынады, етінен тағам, қаңқасынан желім жасалынады, терісі де пайдаланылады.



**АҚАН СЕРІ, А** жігіт Корамсаұлы – ақын, әнші, композитор. Ақан 1843 ж. бұрынғы Кекшетау (қазіргі Ақмола) облысындағы Үлкен Коскөлдің маңында туған. Әуелі ауылда, содан соң Қызылжарда молдадан оқыған. 16–17 жасынан өнер жолына түскен.

Бірінші өйелі Жұман қызы Бәтимадан туған жалғыз ұлы Ыбан (Ыбырайым) тілсіз, мылқау болған. Бәтима өлген соң, аз күн отасқан өйелі Үрқияға «Хат жаздым қағаз алып, қалам, сия» деген өлеңін арнаған. Тірідей айрылған сүйген қызы – Ақтоқты. Бұл – аты азызаға айналған оқиға. Ақтоқты есімі Ақан шығармаларынан кең орын алды. «Ақ көйлек», «Аужар», «Алтыбасар», «Фашық жарға», «Тарипың», «Ж-ға» – Ақтоқтыға арналған маҳабbat толғаулары. Құлагердің мерт болуы (1880-жылдардың ортасы) да егде тартқан сепринің өмірі мен шығармашылығында ұмытылmas оқиға болды. Өмір соққысын көрген ол жайлауға көшпей, баласы Ыбан екеудің қыстауда қалады. Дүшпандары оны әр саққа жүгіртіп өсек таратады. Бірақ Ақан өмірден де, өнерден де қол үзбейді. Осы тұстағы ән-өлеңдерінің елеулісі – «Балқадиша».

1890 жылдардағы шығармашылығында айтыс едөүір орын алды. Ақанның елдің жерсудан, қоныстан айырылуына наразылық білдірген азаматтық лирикалары мен сықақ өлеңдері де өткірлігімен ерекшеленеді. Қонысынан айрылған елдің мұң-мұқтажын ақын халық атынан айтады. 1913 ж. Ақан өзінің туған жерінде дүние салды.

Ақан сері – өмір шындығын үлкен суреткерлікпен жырлаған заманының асқақ ақынығана емес, мұншыл да сыршыл, әншілік-орындаушылық өнерімен танылған өзгеше дарын иесі. Оның композиторлығы ақындығынан кем түспейді. «Ақан сері» атанып, кезінде жүртшылыққа кең танылуы, атақ, даңқының шартарапқа жетуі – әншілік-композиторлық өнерінің жемісі. Ол жас кезінде айналасына әншікүйші жастарды жинап, өзгеше бір өнерлі топ болып ел аралады. Балуан шолақ, Жаяу Мұса,



F.Мұсіреповтің «Ақан Сері-Ақтоқты» спектаклінен көрініс

Естай, Иман Жұсіп, Құлтума сияқты атақты ақын-әншілер Ақанның ең жағын достары болған. Ол қазақтың үлттық өнерін көсіби биікке көтерін, дәстүрлі өнердің классикалық үлгісін жасады. Елуге жуық музыкалық мұрасы қазақ мәдениетінің алтын қорына енді.

**АҚ БӨКЕН**, киик – жұп тұяқтылар отрядының бекендер туысына жататын, тұлғасы ірі, қойға ұқсас, дөңес тұмсықты, күйіс қайыратын тұз жануары. Ақ бекеннің (*Saiga tatarica*) қазба қалдықтары плейстоцен қабатынан Батыс Англиядан Шығыс Аляскаға дейінгі аралықта табылған. Ақ бекендер Монголияда,



Ақ бекен

Қалмақ даласы мен Қазақстанда ғана сақталған. Текелерінің дене тұрқы 126–150 см, салмағы 37–49 кг, ал ешкілері кішірек, дене тұрқы 109–127 см, салмағы 22–37 кг-дай болады. Үстіңгі ерні салбырап, етті тұмсыққа айналған. Текесінің мүйізі қайқылау келеді, ешкісінде мүйіз болмайды. Жаз айларында арқа түсі сарғыш тартады, қыста түсі ақшылданады. Ақ бекендер шөл, шөлейтті және далалық аймақтарда тіршілік етуге бейімделген. Олардың қоныс өзгертуі ауа райына, жайылымға байланысты болады. Ақ бекеннің негізгі жауы – қасқыр, ал жас төлдеріне бүркіт, дала қыраны мен қарақұстар да шабуыл жасайды. Ол аусыл, пастереллез ауруларымен ауырады. Ақ бекен – дәмді еті, құнды мүйізі мен тұяғы, әдемі терісі үшін ауланатын кәсіптік маңызы бар жұп тұяқты жануар. Оның мүйізінен пантокрин дәрісі алынады. Ақ бекеннің тұяғын күйдірін, одан алынған күлді денедегі теміреткіге жағады, сусамыр ауруына шалдыққандарды емдеу үшін пайдаланады. Осы қасиеттерін дәрінеп, қазақ киікті «Киелі», «Қасиетті аң» деп бағалайды.

**АҚ ҚАЙЫН**, қотыр қайын, сүйелдің қайын – қайын тұқымдасына жататын ағаш. Қазақстанда Тобыл, Есіл, Ертіс ала-бында, Семей, Көкшетау, Ақтөбе облыстары өңірлерінде, Алтай, Тарбағатай, Жоңғар, Іле Алатауы бектерлерінде кездеседі. Ақ қайын (*Betula pendula*, *Betula alba*) 250 жылдай жасайды, биіктігі 25 м-ге, дінінің жуандығы 80 см-ге жетеді. Бұтағы төмен салбырап өседі, жас бұтағы көбіне шайырлы сүйелді болып келеді. Қабығы ақ түсті, тегіс, жылтыр болады. Жемісі жалпақтау, біртүқымды жаңғақ тәріздес. Тұқымы сопақтау, ұзындығы 2,5 мм. Ақ қайынның көктемгі шырыны құрамында 20%-ға жуық қант болады, одан сусын дайын-



Ақ қайындар

далады. Жас жапырақтары мен бүрінен дәрідәрмек, түрлі бояуыш заттар алынады. Сыртқы қабығы ыдыс, қорап, шатыр, жабын дайындауға пайдаланылады. Сурегінен үй жиназдары жасалынады. Ақ қайын елді мекендерді көгалдандыру үшін де осіріледі.

**АҚҚУ** – қаз тәрізділер отряды, үйрек тұқымдасының жеке туысына жататын өте сымбатты құс. Қазақстанда аққудың (*Cugnus*) үш түрі: сұңқылдақ аққу, сыбырлақ аққу, кіші аққу кездеседі. Мойны мен денесінің ұзындығы тең әрі иіліп келген. Денесі созылыңқы, басы онша ұлken емес, тұмсығы тік әрі жалпақтау келеді. Салмағы 5–10 кг, ең ірісі 13 кг-та жетеді. Қанатының ұзындығы 150–180 см. Тіршілігінің көп уақытын суда өткізеді, жақсы жүзеді, бірақ сұңғи алмайды, құрлыққа сирек шығады. Аққу – жұп құрып тіршілік етеді. Ұясына (су жағалауындағы өсім-



Аққұ

діктердің арасындағы) 3–7-ге дейін жұмыртқа салады, оны көбіне аналығы басады. 29–40 күнде ширак балапандар шығады, оларға жұптасып қамқорлық жасайды. Жылына бір рет түлейді. Ересектері су өсімдіктерімен, кейде судағы омыртқасыз жәндіктермен, ал балапандары су жәндіктерімен қоректенеді. Аққұ – жыл құсы. Қыс жылы кезде аққудың біраз тобы Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында – Ақтау қаласының маңында қыстап шығады.

Аққуды қазақ халқы ежелден қастерлеп, бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, пәктіктің, сұлұлықтың белгісі деп есептейді әрі киелі құс төресі санап, оған ешуақытта оқ атпайды.

**АҚМОЛА** – аққайрақ тастан әдемілеп жасалған ескерткіш белгілер. Осындағы бір ескерткіш (мола) Есіл өзенінің бойында, ескі ке-руен жолы өтетін Қараөткелде (қазіргі Астана қаласы тұрған жер) болған. «Мола» деген сөз ғұн тілінде биік қорған, қамал деген ұғымды береді. Ақмола – 13–14 ғасыр



Ортагасырлық қала

ларда тұрғызылған сөүлетті күмбез. Тастан, күйдірген кірпіштен тұрғызылған мұндан күмбездер Есіл мен Нұра өзендері бойында (Ботағай, Қектам, Сұлутам, Сырлытам, т.б.) көп. Ақмола, Қенгір бойындағы Домбауыл кешені солардың ескі түрінің бірі. Оның қабырғасы төрт бұрышты текше түрінде қаланып, устіне жартышарға ұқсаған не киіз үйдің төбесі төрізді күмбез орнатқан. Күмбез жолаушының көзіне алыстан жарқырап көрінеді. Кейіннен Ақмола Ақмола қаласы мен облысының ресми атауына айналды.

**АҚ ОРДА** – Шығыс Дешті Қыпшақта Жошының ұлken ұлы Орда Ежен, оның інілері Шайбан, Шингір, Тұқа-Темір ұлыстары негізінде құрылған мемлекет. 1226–1309 ж. Алтын Ордада Орда Ежен (1226–47/50), Құнқыран (1250/51–80), Қоныша (1289–1301), Баян (1301–09) билік құрды. Астанасы алғашында Ертіс өзенінің жоғарғы ағысы бойында, Алақөл маңында болды. Кейіннен ұлыс орталығы Сыр бойына көшірілді. 1309–15 ж. Ақ Ордада Сасы Бұқа хан билік құрған. Оның ұлы Ерзен (Ибисан) тұсында (1315–20) Сыр бойындағы қалаларда көптеген медресе, мешіт, ханака, гимараттар салынды. Бұл кезде Ақ Орда әлі де Алтын Орданың құрамында еді. Бірақ Ерзеннің ұлы Мұбәрәк Қожа хан тәуелсіздік алуға ұмтылды. Мұбәрәк Қожа ханның дербестікке ұмтылуы Озбек хан тарапынан қарсылықта ұшырап, нәтижесінде ол Ақ Ордадан кетуге мәжбүр болды. 1376 ж. Ақ Ордаға Әмір Темірдің қолдауымен Тоқтамыс хан келіп, 1380 жылдан бастап бүкіл Жошы Ұлысын уақытша болса да қайта біріктірді. Бірақ көп ұзамай Тоқтамыс хан мен Әмір Темір Астанада соғыс басталып, Орыс ханның ұлы Құйыршық Мауераннахр әмірінің жағына шықты. Ол Ақсақ Темірдің жеңісінен соң Шығыс Дешті Қыпшақта билік жүргізді. 1419–22 ж. Құйыршықтың ұлы Барак хан Ұлықбектің қолдауымен билікке келді. Ол 1422–26 ж. Алтын Орда тағына да отырды. 1428 ж. Барак хан Ноғай мырзаларымен болған ұрыста қаза тауып, Шығыс Дешті Қыпшақтағы саяси билік шайбанилар өuletіne (1428–69) көشتі. Ақ Орда – Қазақстанда жергілікті тайпалардың (қыпшақ, қоңырат, керей, үйсін, найман, қарлук, аргын, т.б.) негізінде құрылған алғашқы мемлекет болды.

**АҚПАРАТ** – 1) істің жағдайы, қандай да болмасын оқиға немесе біреудің қызметі тұралы хабарлау, мәлімет беру; ақпарат, яғни информация латынша *Informatio* – түсіндіру, баяндау, хабардар ету дегенді білдіреді; 2) 20 ғасырдың ортасынан бастап адам мен адам, адам мен автомат, автомат пен автомат арасындағы деректер алмасуды, жануарлар мен өсімдіктер арасындағы сигналдар алмасуды, түкым қуушылық белгісін бір клеткадан басқа бір клеткаға, бір ағзадан (организмнен) екінші бір ағзаға жеткізуді қамтитын жалпы ғылыми үғым. 3) Кибернетиканың негізгі үғымдарының бірі. Ақпарат үздіксіз (аналогты) не үзілісті (дискретті) болуы мүмкін. Ақпаратты жеткізу, қабылдау, түрлендіру және сақтаудың жалпы мәселелерімен ақпарат теориясы айналысады. Ақпаратты зерттеуде математикалық статистика әдістері де қолданылады.

**АҚСУ-ЖАБАҒЫЛЫ ҚОРЫФЫ** – Талас Алатауының (Батыс Тянь-Шань) солтүстік-батыс бөлігін және Өгем жотасын алып жатқан Қазақстандағы түңгыш қорық. 1926 ж. құрылған. Құрамына Қаратаудағы «Қарабастау» (126 гектар) және «Әулие» (100 гектар) телімдері кіреді. Жерінің ауданы 128,2 мың гектар. Қорық бірнеше биіктік белдеуде жатыр. Тау өнірінде бидайық, түрлі шөптер, боз жусан, жоғарысында селдір арша орманы, субальпі және альпі шалғыны өседі. Одан жоғарысын мұздықтар мен көп жылдық қар жапқан. Ақсу – Жабагылы қорығының жерін Ақсу өзенінің аңғары (тереңдігі 500 м-дей) жарып өтеді. Өсімдіктер дүниесі әралуан. Онда мұктің 61, қынаның 58, жоғары сатыдағы өсімдіктердің 1400 түрлері бар. Қорықтың жануарлар әлемі де өте бай: сүтқоректілердің



Ақсу-Жабагылы қорығы

42 (арқар, таутеке, елік, марал, барыс, Тянь-Шань қоңыр аюы, борсық, сусар, т.б.); құстардың 238 (гималай ұлары, кекілік, сақалттай, бүркіт, қара құтан, бозторғай, сарыторғай, ителгі, шымшық, т.б.); бауырымен жорғалаушылардың 9 қосмекенділердің 2 және балықтың 2 түрі тіршілік етеді.

**АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАҚӨЛ СҮЛАМА** – қазақ халқының тарихындағы азық қасірет, Отан басына күн туған аса қайғылы кезең (1723–25). Төуке хан қайтыс болғаннан кейін Үш жүздің дербестеніп, бір-бірінен алшақтануы Қазақ хандығының өскери-саяси қуатын өлсіретті. 18 ғасырдың басында жонғарлар өздерінің ішкі қайшылықтарын реттеп, өскерін жарактады. Орыс елімен қатынасын жақсартып, көрші мемлекеттерден қару, оқдәріні көптемеп сатып алды. 1715 ж. орыстарда тұтқында жүрген швед шебері Ренатты қолдарына түсіріп, зенбірек құю технологиясын меңгерді.

1723 жылдың көктемінде жайлауға көшуге қамданған бейқам қазақ еліне жонғарлардың қалың қолы тұтқылдан шабуыл жасады. Тарихшы Алексей Левшиннің жазуынша және қазақ жырауларының куәлігіне қарағанда Жонғария қалмақтары әрқайсысы 10 мың жауынгері бар 7 қолмен қазақтарды шапқан. Олар Балқаш, Қаратау бағытымен жылжып (қолбасшысы Қалдан Серен), Алтай асып, Көктал өзені бойымен өрледі (қонтайши Құлан Баттур), Нұра өнірін қанға батырып (Әмірсан), Шелек өзені (Доржы), Есік көлі (Лама Доржы), Шу өнірін таптап (Дода Доржы), тоқтаусыз Ілден өтіп (Севан Рабдан) қарудың күшімен, найзаның ұшымен қазақ жерлерін иемденді. Екпіні қатты шапқыншылар Қазақстанның



«Ақтабан шұбырынды». Суретші М.Қаспақ

оңтүстік аудандарындағы бейбіт елді аяусыз қырғынға ұшыратып, Түркістан, Сайрам, Та什кент қалаларын басып алды. Жоңғарлардың жойқын шабуылының нәтижесінде қазақтар шайқас даласында 100 мыңға жуық жауынгерлерінен айырылды, ал қорғансыз халықтың шығыны одан өлде қайда көп болды. Қорғануға мұршасы келмеген ел өсіреле Талас, Боралдай, Арыс, Шыршық, Сырдария өзендері бойында көп қырылды. Тірі қалғандар ата мекенін тастап шықты. Тарихта бұрын болып көрмеген алапат құбылыш – қазақ халқының удере қашқан босқыншылығы туды. Тоз-тоз болған Ұлы жұз, Орта жүздің шағын бөлігі Сырға Шыршық құятын тұстан сөл жоғары еткелден өтіп Ходжент, Самарқан иеліктеріне көшті. Кіші жұз Сауран қаласын айналып («Сайран айналған»), Бұқараға ауды. Шұбырған халықтың басым көпшілігі Сырдан өтіп, Алқакөлге жетін құлады. Кейір тайпа-рулар Қызылқұм, Қарақұм ішіне сінді. Осы тұста халықтың жүргегінде мәңгі сақталған аңы зар мен ауыр мұңға толы «Елім-ай» өні дүниеге келді. Жоңғар шапқыншылығынан қүйзелген қазақ жеріне Еділ бойы қалмақтары (торғауыттар), Жайықтың казак-орысы, Орал башқұрттары, Қоқан бектері, Бұқар мен Хиуа хандары тұстұстан шабуыл жасады. Қазақ елі өз тарихында алғаш рет қасіретті зардабы өте зор зұлматқа тап болып, жер бетінен ұлт ретінде жоқ болу қаупіне ұшырады. Қазақтар бұл апаттың сырын тұсінді, жасанған жауларына қарсылық жасап бақты, үрпағын қырғыннан аман алып қалудың амалын ізден қарманды.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» шырғалаңы мен аласапыраны қазақтардың еркіндік пен ерлік рухын шындалды. Ұлт перзенттері бардың басын қосып, халық бірікпей тірлік болмайтынын тұсінді. Бөгенбай, Қабанбай, Саурық, Жәнібек, Малайсары, Абылай, Әбілқайыр бастаған қалың ел жоңғарларға қарсы майдан ашып, Бұланты мен Бөленті өзендерінің жағасында, Аңырақай даласында ұлы жеңіске жетті. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қазақ халқының есінде ұлы қасірет болып мәңгі тарихқа хатталды.

**АҚТАМБЕРДІ САРЫҰЛЫ** – жырау, қолбасы, қазақтың көне жыраулық мектебінің белді өкілі. Ақтамберді 1675 ж. қазіргі Оңтүстік Қазақстандағы Қаратай жерінде туған. «Он екіде аттанып, қылыш ілдім білекке» дегеніне

қарағанда қүреске ерте араласқан жауынгер жырау санатына жатады. Қысқа нақыл, шешен сөздердің шебері. 1738–52 ж. қазақ-қалмақтың қанды қақтығыстарының барлығына дерлік қатысқан. «Ақтабан шұбырынды» оқиғасының зұлмат қан кешпін бастаң өткөрген. Ес білгеннен бастап 70 жыл бойы ат үстінен түспей, елі мен жерін қорғаған қас батыр, айтулы шешен, қабыргалы би, атақты жырау. Қазақ жауынгерлерінің азаттық, құлдық жөніндегі түсініктері, көшпелі халықтың тыныс-тіршілігі, болашаққа деген сенімі, адалдық-жауыздық, қиянат, әділетсіздік хақындағы таным-түсініктері Ақтамберді талғамынан өтіп жыр-толғауға айналған.

Ақтамберді өз ғұмырнамасын толғауларына көркемдік қуаты зор, келісті нақыштармен түсірген. Дегенмен қазіргі қолда бар шыгармалары 300 жолдан аспайды. Азғантай қазынасының өзі афоризмдерге толы. «Құмбір-күмбір кісінетіп», «Уа, қарт Бөгембай», «Менімен ханым ойнаспа», «Жауға шаптым ту байлап», «Заманым менің тар болды» т.б. өлең-толғаулары батылдыққа, ізгілікке, патриоттық қүйсезімдерге толы. Ол 1768 ж. қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Жүрекжота мекенінде дүние салған.



**АҚТАУ** – тау. Маңғыстау тауларында, Маңғыстау ауданында орналасқан. Абсолюттік биіктігі 325 м. Ақтау тау жыныстарының ағарған түр-түсіне қарай аталған.

**Ақтау** – Маңғыстау облысының орталығы (1973–88 жылдары және 1990 жылдан), қала, теңіз және өуе порты. Каспий теңізінің шығыс жағасында орналасқан. Қаланың шығысында 40 км жерде әйгілі Қарақия ойысы жатыр. Маңғыстау түбегінде мұнай, газ, уран, т.б. қазба байлықтарының ашылуына байланысты іргетасы 1959 ж. қаланған. 1963 ж. оған қала мәртебесі берілді. Ақтау біраз уақыт Шевченко аталып (1964–91), кейіннен тарихи жер атауы қалпына келтірілді. Тұрғыны 178 мың. Қалада қазақтардан да басқа көптеген ұлт өкілдері тұрады. Ақтауда облыстың басты кө-



*Абай атындағы мәдениет үйі*

сінорындары шоғырланған. Химия өндірісі дамыған, газ өндеу, пластмасса зауыттары, металлургия комбинаты бар. Ақтауда 1972 ж. дүние жүзінде тұнғыш рет нейтрондарға неғізделген БН-350 реакторы бар энергия комбинаты іске қосылды. Атом әлектр стансасының қуатымен теңіз суын тұщылайтын қондырғы жұмыс істейді.

**АҚТӨБЕ** – қала, Ақтөбе облысының әкімшілік орталығы (1932). Қазақстанның ірі өнеркәсін және мәдени орталықтарының бірі. Темір жол, өве және автомобиль қатынастарының маңызды торабы. Мұғалжар тауының оңтүстік-батысында Елек өзенінің сол жағалауына, Ақтөбені айналған орналасқан. Тұрғыны 371 мың Патша әскерінің Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алуды үшін соғыс бекінісі ретінде алғашқы қазығы 1869 жылдың мамырында қағылған. 1891 жылдың 25 мамырынан уездік қала, Торғай облысы Ақтобе уезінің орталығы. Тұрғыны 371 мың. 1920–30 жылдары қалада паровоз және вагон депосы, ме-



*Ақтөбе облыстық филармониясы*

ханикалық зауыт, диәрмен, элеватор, нан комбинаты, «Металлист» артелі салынды. 2-дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары ферроқорытпа және хром, рентген аппаратуралары, ауыл шаруашылық машиналары, тамақ және жеңіл онеркәсін кәсіпорындары пайдалануға берілді. Қ.Жұбанов атындағы Мемлекеттік университет, медицина академиясы, Талғат Бигелдинов атындағы жоғары өскери авиациялық училище, колледждер, қазақ және орыс драма театры, тарихи-өлкетану мұражайы, т.б. бар.

**АҚША** – жалпыға бірдей балама ретінде барлық басқа тауарлардың құнын көрсететін ерекше тауар. Ол барлық тауар өндірушілер, сатушылар, тұтынушылар арасындағы экономикалық байланысты қаматамасыз етеді. Ақша тауар өндірісі мен тауар айырбасының тарихи дамуы нәтижесінде пайда болды. Алғашқы кезде бір енбек өнімі екінші енбек өніміне тікелей айырбасталды. Құнның ең жоғарғы ақша формасындағы жалпыға бірдей балама рөлі бір тауардың еншісіне тиді, яғни ерекше тауар түрі – ақша пайда болды. Осы кезде әр түрлі тайпалар мен халықтар арасында ақша ретінде ішкі және сыртқы саудасаттықтың басты заттары болып табылатын тауарлар бөлініп шықты. Ақша рөлін кейір халықтарда (гректер, римдіктер, славяндар, монголдар, т.б.) мал, ертедегі Русьте, Скандинавияда – аң терісі, Қытайда – шай, Абиссинияда – тұз атқарды. Қазақстанда ішкі сауда-саттық жүргізу үшін жалпыға бірдей балама ретінде тоқты немесе саулық қой пайдаланылды. Бертін келе тауар өндірісі мен тауар айырбасының дамуы және халықтар арасындағы қарым-қатынастың ұлғаюы нәтижесінде ақша рөлі түрлі металдарға ауыса



*Қазақстанның ақшасы*

бастады. Өйткени, металл (әсіресе алтын, құміс) өзінің табиғи қасиетінің арқасында ақша рөлін атқаруға өте қолайлыш болды. Алтын мен құмістің жалпыға бірдей балама рөлін атқаруына байланысты құнның жалпылық формасы ақша формасымен айырбасталды. Ол кез келген тауарға айырбасталды.

Ақша белгісіне алтын, құміс ақшалар орнына айналымда пайдаланылатын, бірақ құны жоқ банкноттар, қағаз ақшалар, құны толық-паған металл теңгелер, т.б. жатады. Ақша – қағаз ақша және құнды қағаз түрінде шығарылады. Ақша шығару ісін орталық банктер жүргізеді. Әр елде ақша шығару жүйесі сол елдің заңына сәйкес қалыптасады, ол банкнот шығару тәртібін, эмиссия мөлшерін, оны қамтамасыз етудің нормасы мен әдістерін анықтайады. Еліміз егемендік алғаннан кейін 1993 ж. Қазақстан Республикасының жаңа ақшасы шығарылды.

**АЛАҚӨЛ** – Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының аумағында орналасқан түйік көл. Ол 12–19 ғасырларда Гурге-нор (монголша – көпір-көл), кейін Алактағол, Алатеңіз, Алакта деп те аталған. Батыстан шығысқа қарай созылып жатыр. Көл аумағы (аралда-рымен қоса есептегенде) 2696 км<sup>2</sup>. Ұзындығы 104 км, ең кең ені 52 км. Ең терең жері 54 м. Көлдің су көлемі 58,56 км<sup>3</sup>. Су жиналатын ала-бы 47859 км<sup>2</sup>. Суы өте кермек. Алакөлге 15-тен астам үлкенді-кішілі өзендер құяды. Олардың бастылары: Үрыжар, Қатынсу, Емелқүйса, Жаманөткел, Ырғайты және Жаманты. Мұзқұрсау екі айға дейін созылады. Алакөл суында фтор мен бром көп. Су өсімдіктерінен қамыс, қияқ, қога, шалан, су қарақұмығы, жебежапырақ, мүйізжапырақ, т.б. өседі. Көлден сазан, көксерке, алабұға және шармай ауланады.



Алакөл жагалауы

Көл маңы құсқа (жылқышы, аққу, шағала, кек-құтан, т.б.) бай. Жағалауда демалыс және емдеу мекемелері орналасқан.

**АЛАТАУ** – 1) Орталық Азия мемлекеттері мен Ресей Федерациясының Сібірдегі тау жоталарының жалпы атауы. Оларға Жетісу Алатауы, Құнгей Алатауы, Қырғыз Алатауы, Талас Алатауы, Іле Алатауы, т.б. жатады. Алыстан қарағанда мұндай таулардың төбесінен етегіне қарай мұздықтар мен көп жылдық қар жапқан ақтаңдақтары тау жоталарына ала түс береді; атауы да соған байланысты. Әдетте, мұндай таулар заңғар биік болып келеді. Тау етектерінде орман, аңгарында таулық шалғын және дала белдемдері алма кезек орналасқан.

Жетісу Алатауы, Жонғар Алатауы – Қазақстандағы ірі өрі құрылымы жағынан құрделі тау жүйелерінің бірі. Ол солтүстігінде Балқаш-Алакөл ойысы, оңтүстігінде Іле аңғары аралығында батыстан шығысқа қарай 450 км-ге созылып жатыр. Жетісу Алатауы Сарқанттау мен Бежінтаудың басталар жерінен шығысқа қарай Солтүстік және Оңтүстік Жетісу Алатауы болып екі жотаға белінеді. Ең биік шыны – Бесбақан (4464 м). Жетісу Биік тау ба-



Алатау жоталары



Жетісу Алатауы



Күнгей Алатаяу



Кыргыз Алатаяуның бөктері



Талас Алатаяу



Іле Алатаяу

сында және беткейлерінде көп жылдық омыб қар мен мұздықтар жатыр.

**Күнгей Алатаяу** – Тянь-Шаньдағы тау жотасы. Қазақстан мен Қыргызстан шекарасы аралығында. Оңтүстігінде Ыстықкөл қазаншұңқырымен шектеседі, солтүстігіндегі Іле Алатаяунан оны Шоңкемін және Шілік өзендері бөледі. Орташа биіктігі 3800–4200 м. Ең биік жері Шоқтал шыңы (4771 м). Ұзындығы 280 км. Шатқалдарында Тянь-Шань шыршасы өседі. Жалпы ауданы 237 км<sup>2</sup> болатын мұздықтары бар.

**Қыргыз Алатаяу** – Тянь-Шаньның солтүстігіндегі таулы жота. Батыс бөлігінің солтүстік беткейі Қазақстан жерінде (Жамбыл облысы). Жалпы ұзындығы 375 км. Жотаның ең биік жері шығысындағы Батыс Аламедиан шыңы (4875 м). 2500–3000 м-ге дейін биік таулы шалғынды дала белдемі орналасқан. 3700 м-ден жоғарыда көп жылдық қар және мәңгі мұздықтар кездеседі. Мұздықтардың аумағы 223 км<sup>2</sup>.

**Талас Алатаяу** – Тянь-Шаньның батыс сілеміндегі жота. Қазақстан мен Қыргызстан жерінде. Орташа биіктігі 4000 м, ең биік жері Манас шыңы (4484 м). Қазақстандық бөлігінде Талас Алатаяу Ешкіөлмес, Алатай, т.б. бірнеше аласа тау сілемдеріне тармақтаналады, ең биік жері Ақсуат тауы (4027 м). Көп жылдық қар жамылған мұздықтары бар. Етегінде дала өсімдіктері, шырша, т.б. өседі. Жотаның батыс бөлігінде – Ақсу-Жабағылы қорығы орналасқан.

**Іле Алатаяу** – Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстігіндегі жота. Қазақстан мен Қыргызстан шекарасында. Ұзындығы 35 км. Бірқатар шыңдары 4500 м-ден астам (Талғар шыңы, 4973 м). Қазіргі мұздықтар да сонда шоғырланған. Іле Алатаяунда жалпы ауданы 478 км<sup>2</sup> болатын 381 мұздық бар. Тау бастарын мәңгі қар мен мұз басқан. Жотаның солтүстік бөктерінде Алматы қаласы орналасқан. Көшіллік аумағы Іле Алатаяу үлттық табиғи саябағына кіреді.

**АЛАШ** – ежелгі заманда, түркі халықтары боліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген үғым, қазақтың өз алдына ел болып хандық құрғанға дейінгі ортақ атауы. Алаш аты тарихта кездесетін ең көне атаулардың қатарына жатады. Алаш атауы бүгінгі күнге дейін түрікмен, қыргыз, қазак, ногай, т.б. халықтардың есінде сақталған. Кеген тас жазуында «алты бе-

ріг» («алты қасқыр») деген сөздің «алты алаш» мағынасын беретіні жөнінде ғылыми болжамдар бар.

Алаш деген атау Алтын Орда ыдырағаннан кейін бауырлас түрік халықтарының басын біріктіру ұраны, ортақ атауы да болған сияқты. Ескі шежіре деректерінде Алаш атауы қазақ халқының синонимі ретінде келтіріледі. Мысалы, Қадыргали Жалаири өз еңбегінде қазақтың орнына Алаш атауын қолданады. Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқанында («Он сан Алаш баласын, жұмсап бір тұрсың қолыңмен»), Махамбеттің («Алты сан Алаш ат боліп, тізгінің берсе қолыма») өлеңдерінде де Алаш сөзі қазақ атауының баламасы ретінде берілген. Қазақ халқы 20 ғасырдың бас кезіндегі ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресінде ежелгі Алаш ұғымына қайта оралып, оны бостандық пен бірліктің ұраны етіп алды. Соның дәлелі ретінде «Алаш қозғалысы», «Алашорда», «Алаш азаматы» деген ұғымдарды атауға болады.

**АЛАШОРДА** – Алаш автономиясының үкіметі (1917 жылдың желтоқсан айы – 1920). Алашорда (немесе Үлт Кеңесі) 1917 ж. желтоқсан айының 5–13 күндері Орынборда откен 2-жалпықазақ съезінде сайланды. Съезде құрылған Алаш автономиясының үкіметі – Уақытша ұлттық Кеңес – Алашорда деп аталынды, ал оның негізгі мақсаттарының бірі Қазақстанның Ресей орталығындағы жеңіске жеткен «социалистік» революциядан («бұлік-шіліктен») қорғау болды. Алашорданың құрамына Қазақстанның барлық аймақтарынан 15 адам сайланды. Көп дауыс алған Әлихан Бекейханов тәраға болып сайланды.

Алашорданың атаман Дутовпен жақындастырылған қызылдар жасағы қы-

зылгвардия отрядымен бірлесе отырып 1918 жылғы 18 қаңтарда Орынборды басып алды. Қызылдардан ыққан Дутовпен бірге алашордашылар да Орынборды тастап кетуге мәжбүр болды. Осыған байланысты Алашорда біртұтас қазақ автономиясын құрып ұлгермей, барлық қазақ жерлеріндегі үкімет бірлігінен айырылып қалды. Елде азамат соғысы басталған 1918 жылдың жазында Алашорда бастаған күштер және Кеңес өкіметінің соынан ерген күштер қарама-қарсы жақта қалып, билік үшін бірбірімен ашық құреске шықты. Нәтижесінде азамат соғысында жеңіске жеткен Кеңес өкіметі Алаш партиясы мен Алашорда үкіметін таратты. Кезінде (1919, 1920) Кеңес өкіметі Алаш қозғалысына белсene қатысқандардың барлығына кешірім жасағанына қарамастан, олар түгелге дерлік сталиншіл әкімшіл-әміршіл жүйенің құрбандарына айналды.

**АЛБАНИЯ** – Балкан түбегінің оңтүстік-батыс бөлігінде, Адрия, Ион теңіздері жағалауында орналасқан мемлекет. Үкімет басшысы – президент. Жер аумағы 28,7 мың км<sup>2</sup>. Халқы 3,1 млн. астанасы – Тирана қаласы. Әкімшілік-аумақтық тұрғысынан 35 округке бөлінеді. Албанияның негізгі халқы – албандар (96%-та жуық). Халықтың 75%-ы мұсылмандар.

Елдің Адрия теңізі жағалауы ойпатты (ені 40–45 км) және едәуір бөлігі орманды келеді.

Албания – аграрлы-индустриялы ел. Пайдалы кен қазбалары: мұнай, табиғи газ, лигнит, хром, мыс және темір-никель рудалары. Ауыл шаруашылығынан негізгі саласы – егін шаруашылығы (барлық егістік жерінің 60%-ында дәнді дақылдар өсіріледі). Сыртқа таумендері шығарылады.



Тирана қаласы



Алашорда қайраткерлері А.Байтұрсынов, Э.Бекейханов, М.Дулатов

ҚАЗАҚСТАН

KAZAKHSTAN

35+



Қазақ халық ертегілері · Алдаркөсө · 2005

Алдаркөсеге арналып шығарылған пошта маркасы

**АЛДАРКӨСЕ** – қазақ ауыз әдебиетінің кейінкери, ақылды айлакердің, зерделі қудың жиынтық бейнесі. Алдаркөсө өзінің асқан айлакерлігі арқылы мұратына жетіп отырады. Оның мақсаты – сараң байды, пайдакүнем саудагерді, озбыр ханды, т.б. әжуа ету. Мысалы, ол асқан сараңдығы үшін халық Шықбермес Шығайбай атаған байдың асын ішіп, атын мініп, қызын алады; алypsатар саудагердің алдынан өгіздерін айдал кетеді; оның бұл әрекетін халық айыптамайды, қайта құптаап, қошеметтеп отырады. Өйткені, Алдаркөсө әділесіз билік иелерінен қиянат, қорлық көрген қарапайым халықтың өкілі. Алдаркөсө түркі тілдес халықтар (қырғыз, өзбек, қарақалпак, түркмен, т.б.) әдебиетінің көбіне ортақ тұлға. Бұл Алдаркөсө жайындағы аңыз әңгімелердің ежелден келе жатқан көнелігін, әлеуметтік мәнділігін көрсетеді.

**АЛЖИР** – Алжир Халық Демократиялық Республикасы (арабша әл-Жумхурия әл-Жазаирия Демократия аш-Шаабия) – Солтүстік Африкадағы мемлекет. Жерорта теңізінің батысында орналасқан. Батысында Мароккомен,



Алжир қаласының көрінісі



Жерорта теңізінің жағалауы

Батыс Сахарамен, оңтүстігінде Нигермен, шығысында Ливия және Туниспен шектеседі. Жері 2,42 млн. км<sup>2</sup>. Халқы 38,1 млн. Негізгі халқы – алжирліктер. Халықтың 99%-ын мұсылман сунниттер құрайды. Мемлекеттік тілі – араб тілі.

Алжирдің солтүстік жағалауын Жерорта теңізі, ал орталық бөлігін Алжир Сахарасы, оңтүстігін Тамезрудт шөлі алып жатыр.

Алжир аграрлы ел болып табылады. Астық, жүзім шаруашылығымен қатар теңіз жағалауында цитрус жемістері мен көкөніс өнімдерін егу кең өріс алған. Елдің таулы және шөлейт аудандарында мал шаруашылығы өркендеген. Қалаларда ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу (шарап жасау, консерві, темекі, ұн тарту) дамыған. Ел экономикасында өнеркәсіптің үлесі артып келеді. Оның жетекші саласы – мұнай және табиғи газ өндіру. Металлургиялық комбинат, трактор және дизель моторларын жасау зауыты бар.

**АЛЛА** – бұкіл дүниені, адамзатты, жанжануарды жаратушы ие – Құдай. Қасиетті Құран – Алланың сөзі. Оны Алла Жәбірейіл періште арқылы соңғы пайғамбар Мухаммедке 23 жыл бойы аян-аяттар түрінде жолдап отырған. Абай Алланы бұкіләлемдік дәрежедегі болмыс, шындық, ақиқаттың жиынтық атына балайды. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз еш уақытта жалған болмас» дегенде, «рас» сөзі сол болмыстың, шындықтың, ақиқаттың синонимі ретінде алынып тұр. Абай Алла туралы ойларын тек ислам діні шеңберінде қарастырмай кең мағынада алған. «Алла деген сөз жеңіл» деп басталатын төрт шумақ өлеңінде Абай алдымен «Алла» дегенге үстірт, жеңіл қараудан сақтандырған. Алла тек ауызben айтылған ақиқат емес, ол жүрекпен қабыл-

данатын шындық. Ислам философиясында Алланы ақылмен танудың мүмкін еместігі өлдеше рет айтылған.

Ислам дінінде Алла жайлы ілім (ат-таухид) негізгі доктриналық санаударды әрі бірінші орынға қойылады. Алланың сипаттары, табиғаты хадистерде, тәфсірлерде, жаратушы жайлы арнайы әдебиеттерде (кәләм) кең сөз болады. Алла ақыл-ойдың ең жетілген құдіретті күші әрі шексіз махаббат иесі ретінде ұғылады. Құранда бір Аллаға, оның елшісіне мойынсұнып, құлшылық ету өте жиі айтылады.

**АЛМА** – раушанғул тұқымдастына жататын, өте кең тараған жеміс ағашы. Табиғи алманың жер шарында 36 түрі белгілі, олардың 10–12-сінің шаруашылықтық маңызы бар. Алманың жаздық, күздік, қыстық сорттары бар. Алма ағашының өмір сүру ұзақтығы 20–100 жыл, биіктігі 3–10 м болады. 3–12 жылда жеміс береді, әр гектардан шамамен 100–300 ц өнім алынады. Тұқымынан және өсімді (вегетативті) жолмен көбейеді. Тұқымынан көбейту бұлама алуда және селекцияда қолданылады. Алманы көбейту кейде ұластыру арқылы да жүргізіледі. Қазақстанда алманың 40-тан астам сорттары аудандастырылған, оның 20-сын қазақстандық селекционерлер (Салтанат, Іле, Алатау шапағы, Алматы, т.б.) өсіріп шығарған. Алма жемісі тасымалдауга, сактауга жарамды, тағамдық заттарға бай, дәмді келеді өрі жақсы өндөледі. Шырынынан шарап, су-



Алма ағашы

сын дайындалады, жемісін емдік дөрі реті де, адам ағзасын ауыр металл заттарынан залауға, қан бұзылу, және жүрек аурулаң емдеуге қолданады.

**АЛМАС** – минерал, көміртектің (С) кристалл түрі, табиғаттағы ең қатты зат. Грекадамас деп аталады; ол бұзылмас, жеңіл деген үғымды білдіреді. Табиғатта кездесе алмас түйіршіктерінің салмағы әдетте 0,1–караттан аспайды. Салмағы 100 караттан (2 астам ірі кристалдары өте сирек кездеседі) не оларға жеке ат беріледі. Мысалы, 1905 Оңтүстік Африкада табылған дүние жүзіндегі ең ірі «Куллинан» алмасы кристалының массасы 3106 карат (621,2 г) болған. Кейін оған әр түрлі пішінді 105 бриллиант алынды. Мастың меншікті салмағы 3,5–4,0 г/см<sup>3</sup>, күштылығы 10. Алмас үлкен терендікте, жоғары мантия аумағындағы зор температура мен сым өсерінен пайда болады. Өл қопарылған тұтіктерін толтыратын кимберлит құрамы – кездеседі. Сапасына және нарықтық сұранықа байланысты алмас кристалдары зергер алмас және техникалық алмас болып ажырылады. Зергерлік алмас мөлдір, ақаусыз (құсыз, жарықшасыз, сыватсыз), қоспасыз, берік болуы шарт. Әйткеі ол – өсемдік бүйім болумен бірге капитал сақтаудың сенімі тәсілі. Техникалық алмас үнтақ немесе тиімді пішінге келтірілген кристалдар түрінде қолданылады. Жылына дүние жүзінде шамамен 100 млн. карат (20 т) табиғи алмас өндіріледі. Оның ішіндегі жоғары сапалы зергерлік мастың үлесі 15%, жартылай асыл түрі 40 абрразив материал ретінде қолданылатын т



Табиғи алмас кристалдары

никалық алмас 45%. Жылдық тұтынудың үнемі 10%-га есіп отыруына байланысты 20 гасырдың 50-жылдарынан бастап жасанды (синтетикалық) алмас өндірісі (жылына 250 млн. карат) жолға қойылған. Алмастың ірі көндөрі Оңтүстік Африкада, Австралияда, Бразилияда, Үндістанда, Канадада, Ресейде (Саха-Якутия) орналасқан.

**АЛМАТЫ** – респубикалық мәртебесі бар қала. Қазақстанның оңтүстік-шығысында, Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан. Аумағы 190 км<sup>2</sup>, тұрғыны 1,577 млн. адам. 1929 жылдан 1997 ж. қазан айына дейін Қазақстанның астанасы болды. 6 қалалық әкімшілік ауданға бөлінген.

Алматы Іле Алатауынан бастау алатын Қарғалы, Үлкен және Кіші Алматы, Есентай, т.б. өзендер атырабында орналасқан. Қаланың айналасы негізінен таулы, сайлы-жыралы келеді. Таудан бастау алатын өзендерге сел тасқындарынан қорғайтын бөгеттер салынған (Медеу бөгеті, т.б.).

Археологиялық зерттеулер қазіргі Алматының орнында ертеректе сақтар, кейінірек үйсін, орта ғасырда дулат тайпалары өмір кешкен елді мекендер мен қалашықтар, Алмалық пен Алмату қалалары (екеуін екі басқа қала) болғандығын дәлелдей отыр. Өңірдің Ресейге қосылуына байланысты қаланың ежелгі орнына 1854 ж. Заилийск (кейін Верный қаласы) бекінісі салынғанға дейін бұл жерде отырықшы және жартылай отырықшы қазақтар тұрған. Оған өзінің ежелгі Алматы атауы 1921 ж. қайтарылды. Республика астанасының Алматыға көшуі (1929) қаланы аса ірі саяси-әкімшілік, ғылыми-мәдени және экономикалық орталыққа айналдырды. Қаланың жедел қарқынмен да-



«Самал» ықшамауданы



М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры



Орталық цирк



Медеу мұз айдыны



Алматы қалалық әкімдігі

мына Түрксіб темір жолының салынуы үлкен әсер етті. 1991 ж. 16 желтоқсанда Алматыда Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланды. Сол жылғы 21 желтоқсанда Алматыда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) дүниеге келді.

Алматы – ірі ғылым, мәдениет және білім орталығы. Қалада әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Қазақ ұлттық аграрлық университеті, т.б. мемлекеттік бюджеттегі және жекеменшік жоғары оқу орындары орналасқан.

Алматыда Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театры, т.б. мәдениет орталықтары бар.

**«АЛПАМЫС БАТЫР»** – қазақ халқының қаһармандық эпосы. Терең мазмұны, көркемдігі мен тарихи шындықты қамтуы жағынан «Одиссея», «Манас», «Қобыланды батыр», т.б. жырлар секілді әлемге танымал эпостық жыр. «Алпамыс батырда» халықтың басынан өткен қаһармандық оқиғалар эпикалық әсірелеу заң-

хармандық ұрыстардың нақтылы елестері де сезіліп отырады. Зерттеуші-ғалымдар «Алпамыс батыр» жырында көне дәуірдің салт-сасы, ғұрпы, негұрлым айқын бейнеленгенін атап өткен.

«Алпамыс батыр» жыры алғаш рет 1899 ж. Қазан қаласында жарық көрді. Жырдың тарихи, көркемдік мәні мен орны туралы Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Қажым Жұмалиев, Әлкей Марғұлан, Мәлік Габдуллин сынды зерттеушілер арнаулы еңбектер жазды. «Алпамыс батыр» күтабақ да жазылған.

**АЛТАЙ, А л т а й т а у ж ү й е с і –** Азия құрлығының орта тұсындағы таулы өлкө. Ұзындығы батыстан шығысқа қарай 2000 км-ге созылып жатыр. Алтай солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай Батыс Сібір ойпатынан Гоби жазығына дейін жан-жаққа таралған. Оңтүстіктегі табиғи шекарасы Қара Ертіс өзені мен Зайсан көлі, ал батыс бөлігі Сарыарқадан Қалба жотасы арқылы бөлінеді. Солтүстік-шығыста Шығыс Алтайдың Шапшалы жотасы Батыс Саянмен жалғасады.



«Алпамыс батыр».  
Суретші Е.Сидоркин



Алтай таулары



Алтайдагы Рахман көлі

дылығымен берілген. Жырда талай заманың түсінігі, дүниетанымы, шындығы қат-қабат қорытылып жинақталған. Мұнда түрік қағандығы дәуіріндегі (5–7 ғасырлар) азаттық үшін қурестің сарындарынан бастап, 17–18 ғасырлардағы қалмақ шапқыншылығына қарсы қа-

Алтайдың ең биік және қатты тілімденген жоталары – Қатын, Оңтүстік және Солтүстік Шуй, Оңтүстік Алтай, Сарымсақты, Сайлұғім, Чихачев, т.б. Олардың орташа биіктігі 3000 м-ден асады. Мұнда альпі типтес жер бедере басым. Тау беткейлері өте тік, құзды, шыңды, шатқалды, жартасты келеді. Тау жүйесінің ең биік шыны – Ақтау (Мұзтау) (4056 м).

Алтай тауларының қазақстандық бөлігі геологиялық түрғыдан төрт ауданга бөлінеді: Қендері Алтай, Таулы Алтай, Оңтүстік Алтай және Қалба жотасы. Онда қорғасын, мырыш, мыс, темір, алтын, күміс, вольфрам, молибден, қалайы, тантал, ниобий, сынап, т.б. металдық кентастар, тас көмір, қоңыр көмір, жанғыш тақтатастар, асыл және әшекей тастар, құрлыс материалдары мол. Бұлардың ішінде аса маңыздысы – Шығыс Қазақстанның түсті металлургия базасын құрайтын полиметалл кентастары.

Алтай тауларының өзендері тығыз орналасқан. Таулардың өте қатты тілімденген жоталары Обь, Енисей, Ертіс озендерінің су айрығы болып табылады. Басты өзендері – Ертіс салалары: Қаба, Қалжыр, Құрпім, Нарын, Бұқтырма, Үлбі, Оба; Обь салалары: Ануй, Песчанка, Қатын, Бия; Енисей салалары: Абакан мен Монголиядағы Қобда өзендері де Алтай тауларынан басталады. Алтай өзендері суы мол, ағыны қатты және түгелдей дерлік су энергиясы қорына бай болып келеді. Алтай тауларында 1000-нан астам мұздықтар бар. Олардың жалпы ауданы 89,3 км<sup>2</sup>-ге жуық.

**АЛТЫБАҚАН** – қазақтың ежелгі ұлттық ойыны. Тымық кеште, айлы түнде, ауыл сыртында ойналады. Алтыбақан құру үшін 6 бақан немесе 6 сырый, үш арқан керек. Бақандарды



Алтыбақан

үш-үштен бір басын буып, аралығын үш-терт метр етіп орнатады да жоғары жағы сырықпен жалғастырылады. Бақандардың жоғарғы ашаларына екеуі жоғарырақ, бірі төмен етіліп үш арқан тартылады. Жоғарғы екеуі отыруға немесе бел сүйеуге арналады, төменгі арқанға табан тіреледі. Қызы мен жігіт қарама-қарсы орналасып, бел арқанның екі жақтауынан бекем үстап, үпінші адамның демеуімен тербелтіледі. Тербелушілер қосылып ән бастайды да оған тамашалаушылар қосылып, думандатып өкетеді. Алтыбақан ойыны ежелгі көшпелі елдің бәріне кең таралған. Отрықшы халықтарда ол әткеншек деп те аталады. Алтыбақаннан айырмасы ол тұрақты орнатылады және жалғыз адамға арналады. Алтыбақаның қажетті заттары – тез құрастырылып, жиналатын үй мұліктері. Ойын көпшілікке арналған. Жастарды әріптес таңдауға, ептілікке, тапқырлыққа, өнерлілікке бейімдейді.

**АЛТЫН** – элементтердің периодты жүйесінің 1-тобындағы химиялық элемент, асыл металдардың бірі. Рет нөмірі 79, атом масасы 196,967, балқу температурасы 1063 С. Таза алтын сары түсті болады, соғылғыш және созылғыш металл, химиялық инертті элемент. Сыртқы ортаның химиялық әсеріне аса төзімді. Оттек, сутек, азот және көміртекпен тікелей қосылмайды. Алтынға сілтілер және жеке қышқылдар әсер етпейді. Табигатта саф алтын түрінде, тау жыныстарында, теңіз және мұхит суында кездеседі. Кентастардан алтынды ұсақтау, байыту және цианды натрий еритіндісімен өңдеу арқылы алады. Алтынмен басқа металдардың бетін жалатады, әшекей бүйімдар жасайды.



Табиги саф алтын

Алтын, экономикада – тауарлардың жалпы жиынынан бөлініп шығып, жалпыға бірдей баламаға айналған асыл металл. Ол ұзақ тарихи кезең бойы басқа металдармен қатар, ал кейін жеке дара ақша және валюта жүйесін құрай отырып, ақша тауары рөлін атқарып келеді. Алтын біздің заманымыздан бұрынғы 1500 ж. Қытай, Үндістан, Мысыр және Месопотамияда, ал біздің заманымыздан бұрынғы 8–7 ғасырларда Ежелгі Грекияда ақша қызметін атқарды.

Алтын теңге стандарты 19 ғасырдың 1-жартысына таман Англияда, содан соң Батыс Еуропаның көптеген елдерінде қолданыла бастады. АҚШ пен Францияда Алтын стандартына қоса күміс стандарты қолданыла бастаған. 20 ғасырдың басында 1-дүниежүзілік соғыс алтын стандарты дағдарысқа ұшырап, оның орнына қағаз ақша шықты.

**АЛТЫН АДАМ** – Алматы облысындағы Есік қаласының солтүстігіндегі Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы темір дәуірінен сақталған сақ обасынан табылған алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесі. 1969–70 ж. археолог Кемел Ақышев тапқан. Алтын адам киімі 4 мыңға жуық алтын өшекейлермен безендірілген. Өшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін беретін «хайуанат нақышында» жасалған. Бас сүйектің сол жағынан жаһұт тастармен өшекейленген алтын сырға табылды. Бас киімі кейінгі қазақ киімі үлгілеріне ұқсас, биік, шошақ төбелі, ұзындығы 70 см шамасында. Мойнында дөңгелек жұзік сияқты алтын алқа, іш көйлегі, көкірегінің тұсы, жені алтын тоғалармен өрнектелген, саусағында екі алтын жұзік, камзолы құрастырылмалы ауыр белбеумен буылған. Белбеуге аңға ұқсас бейнелер, 16 тоға жапсырылған, оң жағында қызыл қынапты ұзын семсер, сол жағында алтын пластиналар жапсырылған қынга салынған темір қанжар – ақинақ, шалбар балағы да алтын тоғалармен өшекейленген. Есік обасынан алтынған археологиялық мәліметтерге қарап, бұл адамның біздің заманымыздан бұрынғы 5–4 ғасырларда өмір сүргені анықталды. Киім үлгісі, жерлеу рәсімі, Алтын адамның Жетісу жерін мекендерген сақтардың көрнекті елбасының ұлы немесе жас кесем, өскербасы екенін айқын көрсетеді. Қоңырау дәуірдегі материалдық мәдениет, өнер, мифология, т.б. салалардан мол дерек беретін



«Алтын адам»

Алтын адам сол кездегі сақтарда мемлекеттік өркениет ертеден қалыптасқанын дәлелдейді. Алтын адам – Қазақстанның азаттық символына айналды. Оның тұлғасы Алматының бас алаңына орнатылды, тәбе бөркіндегі қанатты тұлпарлар бейнесі елтаңбамызға енді.

**АЛТЫНЕМЕЛ** – Жетісу Алатауының оңтүстік-батыс сілемдерінің бірі, Іле мен Қаратал өзендері аралығындағы суайрық жота. Ол шығыстағы Қояндытау жотасын бөліп тұратын Үйгентас асуынан Іле аңғарындағы Шолақ тауына дейін (Алтынемел асуы) додаша иіліп жатыр. Ұзындығы 65 км, ені 6–15 км, ең биік жері 2931 м. Жота палеозойдың қатпарлы шөгінділерінен түзілген.

**Алтынемел асуы** – Жоңғар Алатауының оңтүстік-батыс сілемдері – Алтынемел жотасы (2928 м) мен Матай тауының (2880 м) арасында, төңізі деңгейінен 1711 м биіктікте орналасқан. Шоқан Уәлиханов 1858 ж. Қашқарияға сапарында осы асу арқылы құрамында 43 адам, 101



«Алтынемел» үлттық табиги саябагындағы «Әнші құм» төбесі

түйе, 65 салт және жүк тиеген аты бар керуенмен өткен.

**«Алтынемел» үлттық табиги саябагы** – Алматы облысының Қербулақ ауданының аумағында 1996 ж. үйымдастырылған үлттық саябақ. Іле өзенінің солтүстігінде орналасқан. Ауданы 460 мың гектар. Оның құрамына Жонғар Алатаяның сілемдері: Шолақ, Дегерес, Матай, Алтынемел, Қояндытау таулары, Үлкен Қалқан, Кіші Қалқан, Ақтау жоталары және өте сирек кездесетін табигат ескерткішінің бірі – «Әнші құм» енеді. Саябақ археологиялық ескерткіштер мен ежелгі таңбалар және суреттер салынған үңгірлер мен тастарға бай. Сақ дәүірінде салынған «Бесшатыр» обасының маңызы үлкен.

**АЛТЫН ОРДА** – орта ғасырларда (1243–1503) Шыңғыс хан империясының құрамында Дешті-Қыпшақта құрылған түрк мемлекеті. Күш-қуаты толысып, өркендеген кезеңде (13–14 ғасырлар) мемлекет жерінің аумағы 10 млн. км<sup>2</sup>-ден асты. Оның құрамына Ресей-

дің еуропалық өндірі, Балтық теңізінің шығысындағы өлкелер, Польша, Мажарстан, Балқан елдері, Солтүстік Кавказ, Хорезм, Шығыс және Батыс Дешті Қыпшақ енді (1236–42). Бату хан тұсында мемлекет астанасы Еділ бойындағы Сарай қаласы болып (1243), кейін Берке сарайына (Сарай әл-Жадид) көшірілді. Берке хан билік еткен кезеңде (1257–66) Шыңғыс хан үрпақтары, оларға ере келген әскерлер мұсылман дінін қабылдап, біртіндеп жергілікті түркі халықтарына араласып кетті. Алтын Орда Бату, Берке хандар тұсында Шыңғыс хан империясына шартты түрде тәуелді болғанымен, Мөңке-Темір (1266–80) тұсында дербестікке қол жеткізді. Туда-Мөңке (1280–87), Төле-Бұқа (1287–91), Тоқты (1292–1312), Өзбек (1312–42), Жәнібек (1342–57) хандар тұсында күшіне түсті. Орда халқы кейіннен қазақ халқы құрамына енген қыпшақ, қоңырат, керей, алшын, арғын, уақ, найман, қаңлы тайпаларынан, сонымен қатар Еділ бұлғарларынан, ежелгі хазар үрпақтарынан, армяндардан, славяндардан, гректерден құралды. Алтын Өрданның құрылуы сауда, халықаралық қатынастардың дамуын, орталықтанған билік идеясының өріс алуын қамтамасыз ететін біртұтас саяси жүйенің қалыптасуына себепші болды. Ол Анадолымен, Сириямен, Египетпен, басқа да Шыңғыс елдерімен сауда қатынасын орнатып, елшіліктер алмасып отырғандықтан Ұлы Жібек жолының маңызды бір тармагына айналды. 1312 ж. Өзбек хан Алтын Ордада исламды мемлекеттік дін етін жариялады. Еділ бойы мен Орта Азиядағы мұсылмандық дәстүрдің әсерімен далалық мәдениет исламданды. Бірақ 14 ғасырдың 2-жартысынан бастап орданың батыс жағындағы Еділ бойында, Астраханда, Қырымда, Сарайшықта жергілікті билеушілер күшейіп, Қара теңіз өңірінде Мамай ордасы



Алтын Орда әскерлері Мәскеу іргесінде. 1382 ж.



Алтын Орданың негізін қалаушы Жошы ханның мазары

қалыптасты. Қазақстанның далалық аймақтары мен Түркістан олкесінде де жерғілікті билік күшейді. Ол өзгерістер оның құрамындағы Ақ Орда, Шайбани ұлыстарының дербес бой көтеруіне мүмкіндік туғызды. Ақ Орда билеушісі Орыс хан 1374–75 ж. Сарай қаласын, Астраханды, Кама бұлғарларын бағындырыды. 1377 ж. Орыс хан өлген сөң Тоқтамыс хан Әмір Темірдің көмегімен билікке келді. Ол 1380 ж. Сарайды, Астраханды, Қырымды, Мамай ордасын бағындырыды. Тоқтамыстың күшеюіне және дербес саясат жүргізуіне жол бермеу үшін Әмір Темір 1391 ж. 200 мың әскерімен Құндышар деген жерде Тоқтамыс хан әскерін талқандады. Кейін Тоқтамыс Алтын Орданың бірқатар аймақтарында уақытша болса да билігін қалпына келтірді. 1395 ж. Солтүстік Кавказдағы Терек өзені аңғарында Тоқтамыс пен Әмір Темір арасындағы шайқаста Алтын Орда әскері тағы да ойсырай жеңілді. Әмір Темір Алтын Орда астанасы Сарай Берке, Астрахан, Каффа, Азақ қалаларын қиаратып, орыс иелігіндегі Ельц қаласына дейін жетті. Бұл жағдай бүкіл Еуразия кеңістігіндегі этносаяси ахуалдың, саяси-әскери құштердің ара салмалының өзгеруіне, соның нәтижесінде орыс княздіктерінің тәуелсіздік алудына әкелді. 1502 ж. соңғы билеуші Шейх Ахмед ханның өлімінен соң Алтын Орда жойылды. Алтын Орда жерінде Қырым (1428–1792), Қазан (1437–1556), Қасым (1445–1681), Астрахан (1466–1557), Сибір (1563–1656), Башқұрт (1656–1738) хандықтары сияқты мемлекеттік құрылымдар пайда болды. Қазақ хандығы да осы кезеңде (1456–59) қалыптасты.

**АЛЬПІ, Альпі тау жүйесі –** Еуропадағы ең биік таулар. Ол – Жерорта теңізінің солтүстігінде Легури тенізі жағалауынан Орта Дунай жазығына дейін оңтүстік-шығысқа қарай доғаша иіліп жатыр; доғасының сыртымен есептегенде ұзындығы 1200 км-ге жуық, іш жағы 750 км, ені 50–60 км-ден 240–260 км-ге жетеді. Ең биік нүктесі – Монблан шыңы (4807 м). Альпі (кельтше – alp биік тау, ежелгі түркі тілінде – алып-заңғар, биік дегенді білдіреді) ірі жоталар мен тау сілемдерінен тұрады. Сілемдер аралығын Рона, Рейн, Бодо – Комо тау аңғарлары бөліп жатыр. Тас және темір жолдар өтетін туннельдер аймақтағы бірнеше мемлекетті байланыстырады. Тау жүйесі орографиялық жағынан Батыс Альпі және



Альпі тауы (Италия)



Альпі тау жүйесіндегі Монблан шыңы

Шығыс Альпі болып бөлінеді. Тау жүйесінің ең биік шыңдары (Монблан, Монте-Роза, Пельвү) осы бөлігінде орналасқан. Тау жүйесінің орталық торабына альпілік жер бедері тән. Ландшафттысында биіктік белдеулер айқын байқалады. Альпі – Батыс Еуропаның аса үлкен су торабы. Ирі өзендері: Рона, Рейн, По. Көлдері: Боден, Цюрих, Комо, т.б.

**АЛЮМИНИЙ** – ашудас, Al – әлементтердің периодтық жүйесінің III тобындағы химиялық элемент, рет нөмірі 13, атомдық масасы 26,9815. Бір түрақты изотопы бар. Жер қыртысында таралуы бойынша элементтер арасында 4, металдар арасында 1-ші орында. Табиғатта жүзделген минералдары кездеседі, оның көпшілігі – алюмосиликаттар болып келеді. Алюминий алу үшін пайдаланылатын негізгі шикізат – боксит. Алюминийді бос күйінде алғаш рет 1825 ж. даниялық физик Ханс Кристиан Эрстед алған. Алюминий – күміс түсті ақ металл, жылуды және электр тогын



Алюминий құймасы



Алюминийдің негізгі минералдары боксит және корунд

жақсы өткізеді, созуға, соғуға икемді, менишікті салмағы  $2,7 \text{ г}/\text{см}^3$ ; балқу температуrasesы  $660^\circ\text{C}$ ; коррозияға берік, қалыпты температурада тұрақты. Алюминий – практикалық маңызы зор металл. Ол негізінен жеңіл құймалар өндіру үшін пайдаланылады. Алюминий құймалары авиа, авто, кеме, ядролық реактор, химиялық аппараттар жасауда, құрылыста, т.б. салаларда, таза металл түрінде электртехникасында ток өткізгіш сымдар, түрмисқа қажетті бұйымдар дайындау үшін қолданылады. Техникалық қасиеттері жағынан өте бағалы құймасы – дюраалюминий. Оның құрамында  $94\%$  алюминий,  $4\%$  мыс және аздаған магний, марганец, темір, кремний болады.

**АМАЗОНА** – Оңтүстік Америка құрлығында орналасқан, дүние жүзіндегі ең ірі өзен. Жергілікті тұрғындар оны Парана-Тинга (Ақ өзен) және Парана-Туасу (Ұлы өзен) деп атайды. Алабының ауданы  $7,2 \text{ млн. м}^2$ , ұзындығы Укаяли бастауынан есептегендеге  $7000 \text{ км}$ -ден асады. Амазонаның (ағылшынша Amazonas) негізгі ағысы экватор мен  $50$  оңтүстік ендік аралығында, яғни біркелкі әрі аса ылғалданған аймақта (жауын-шашынның жылдық мөлшері  $1500-3000 \text{ мм}$ ) жатыр. Анд тауынан өткен соң өзен Амазона ойпатына шығып, оң жақтан кел-



Амазона жағалауы



ген Укаяли өзенімен қосылып, Ұлы Амазона өзені басталады. Ол батпақтанған жазықпен, ылғалды экваторлы ормандардың арасымен ағады. Мұхиттан  $350 \text{ км}$  қашықтықта әлемдегі ең үлкен атырау тұзеді (аумағы шамамен  $100\,000 \text{ км}^2$ ). Өзенге көптеген салалар құяды, олардың  $20$ -ға жуығының ұзындығы  $1500-3500 \text{ км}$  болады. Укаяли мен Мараньон өзендері қосылғаннан соң оның арнасының ені  $2 \text{ км}$ , орта ағысында  $5 \text{ км}$ , сағасында  $80-150 \text{ км}-ге$  жетеді; сұнының терендігі орта ағысында  $70 \text{ м}$ , Обидус қаласы тұсында  $135 \text{ м}-ге$ , ал сағасында  $15-45 \text{ м}-ге$  дейін барады. Амазонаның салалары бір-бірінен тек мөлшері мен сулылығы жөнінен ғана емес, супарының түсімен де ерекшеленеді. Орташа су ағыны  $175\,000 \text{ м}^3/\text{s}$  ал орташа жылдық ағындысының көлемі  $5520 \text{ км}^3$  шамасында. Әлемдегі өзендердің жалпы жылдық ағындысының  $15-17\%-ы$  осы өзеннің үлесіне тиеді. Сағасынан  $1690 \text{ км}$  қашықтықта (Манаус қаласына) дейін үлкен мұхит кемелері жүзе алады.

**АМАНГЕЛДІ Ұдербайұлы Иманов** – халық батыры, қазақ халқының 1916 жылғы үлт-азаттық көтерілісін үйімдастырушылардың бірі. Ол 1873 жылы З сөүірде бұрынғы Торғай уезінің Қайдауыл болысында туған. Кенесары ханың үзенгілес серігі Иман батыр Дулатұлының немересі. Амангелді әуелі ауыл молдасынан, кейіннен Тасыбай, Тәшмағамбет ишандардың медресесінде оқыған.





Амангелді сарбаздары. Суретші Ә.Қастеев

Ел ішіндегі дау-шарға ерте араласқандықтан жергілікті билеушілерінің қудалауына ұшырап, 1896–1911 ж. арасында бірнеше рет түрмеге отырғызылды. Амангелді батырдың үйимдастырушылық және қолбасшылық таланты 1916 жылғы Торғай қаласында бүрк еткен ұлтазаттық көтерілісі барысында айқын көрінді. Көтеріліске қатысушы сарбаздар қатары 50 мың адамға жетті. Амангелді Торғай қаласын 27 күн бойы қоршауға алды. Ол көтерілісшілердің Шошқалы, Қүйік қопаларындағы шайқастарына, 1917 жылғы 21–23 ақпандағы Құмкешу – Дағал – Үрпектегі соңғы айқасына тікелей башшылық жасаған. Көтеріліс Ресейдегі Ақпан төңкерісіне дейін жалғасты.

Амангелді 1918 ж. 21 наурыз – 2 сәуір аралығында Орынборда өткен Кеңестер съезінде Торғай уезінің әскери комиссары болып тағайындалды. Бірақ 1919 ж. 20 сәуірде Торғайды Кеңес өкіметі құлатылды да, Амангелді тұтқынға алынды; көп ұзамай Торғай қаласында сол жылы 18 мамырда қаза тапты. Амангелді батыр қазақ азаматтарын бір-біріне қарсы қойған аласапыран саясаттың құрбаны болды. Амангелдінің ерлікке толы ғұмыры коптеген ақын-жазушыларды, суретшілер мен композиторлардың шығармаларына арқау болған.

**АМАНЖОЛОВ Қасым Рақымжанұлы** (1911, қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы – 17.1.1955, Алматы) – ақын. Ауыл молдасынан хат таныған. 1931–41 ж. «Лениншіл жас», Орал облыстық «Екпінді құрылыш» газеттері редакцияларында, Орал облыстық театрында жұмыс істеген. 1941 ж. әскер қатарына шақырылып, майданнан 1946 ж. оралады. Әскерден қайтқан соң біраз жылдар «Әдебиет және өнер» журналының поэзия бөлімінің меңгерушісі болған.

Ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы «Өмір сыры» 1938 ж. жарық көрді. Осыдан былай қарай ақын қаламынан халық өмірі – өзі өмір кешкен заманы түйдек-түйдек жыр жолдарына өріліп отырды. Ақынның соғысқа дейінгі кезеңдегі көркемдік сапасы аса биік туындылары қатарына «Ақын», «Бірінші май», «Жолдас маршал», «Жалғыз жалау», «Дүниеге жар», «Орамал», «Мен табиғат бебегі» төрізді өлеңдері жатады.

Екінші дүниежүзілік соғысы кезеңі – Қасым ақындығының өбден қалыптасқан, ең шоктықты да өнімді тұсы. «Құя алман үгітілген балшық өлең, Қоңілімде көл жасаман тамшыменен, Серінің сертке соққан семсеріндей, Өлеңнің өткірін бір алшы менен», – деп ақын бұл кезеңде қазақ өлең өнеріне мазмұн жағынан да, түр жағынан да мол жаңалық әкелген. Қазақ поэзиясына он буынды өлең түрін енгізін, оны өбден тұрақтандырды. Бұл тұста ақынның «Байқал», «Оралым», «Подполковник Альпин», «Дариға сол қызы» өлеңдері, «Мартбек», «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмалары жазылды. Қасым Аманжолов соғыстан халықтық жыр дәстүрін ілгері дамытып, батырлық, ерлік жырларының жаңа үлгісін жасаған, қазақ поэзиясын жаңа өреге көтерін жырлаған танымал ақын болып оралды. Соғыстан кейін ол не бары он жыл өмір сүрді. Көркемдік сапасы жоғары лирикалық өлеңдермен қатар «Боран», «Біздің дастан», «Бикеш», «Жамбыл тойында», «Құпия қызы» тәрізді үлкен эпикалық поэмалар жазды. Аманжолов ақындығымен қатар үлкен сазгер де болған. Оның әнін де өзі шығарған «Дариға сол қызы», «Туған жер» т.б. шығармалары халықтың сүйікті әндеріне айналған.

**АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ (АҚШ),** Америка – Солтүстік Америкадағы мемлекет, федеративтік республика. Аумағы 9363,2 мың км<sup>2</sup>. Халқы 313,9 млн. Астанасы – Вашингтон қаласы. Тұрғын халқының саны жағынан ірі қалалары: Нью-Йорк, Чикаго, Лос-Анджелес, Сан-Франциско, Филадельфия, Детройт, Бос-





Вашингтондагы Ақ үй



Сан-Диегодагы Сафари паркі

тон, Хьюстон, Вашингтон, Даллас, Питсбург, Балтимор, Сиэтл, т.б. 50 штат пен 1 федералдық (астаналық) округке бөлінеді. Мемлекеттік тілі – ағылшын тілі. Халықтың 66%-ы – протестанттар, 26%-ға жуығы католиктер.

АҚШ аумағының басым көпшілігі Атлант мұхитынан Тынық мұхитқа дейінгі ендік байтта созылып жатқан қоңыржай және субтропиктік белдеуде орналасқан. Аляска штаты субарктика және арктикалық, ал Гавай штаты – Тынық мұхиттың тропиктік белдеуінде. АҚШ-тағы ең биік тау – Аляска түбегіндегі

Мак-Кинли (6193 м). Ең ірі өзендері: Миссисипи (ұзындығы Миссури саласымен бірге 6420 км), Огайо, Колорадо, Колумбия, Рио-Гранде, Юкон. Көпшілігі Атлант және Тынық мұхит алабына жатады. Дүние жүзіне әйгілі колдер жүйесін елдің солтүстік-шығысындағы Ұлы көлдер құрайды (Жоғарғы көл, Гурон, Мичиган, Эри, Онтарио). Олардың барлығы бір-бірімен жалғасып, 245 мың км<sup>2</sup> аумақты алып жатыр.

АҚШ – экономикасы дамыған мемлекет. Жер қойнауы отын-энергетикалық шикізаттарға, темір, тұсті металл қазбаларына, табиғи құқыртке, уран шикізаттарына, фосфориттерге, калий тұздарына, т.б. пайдалы кендерге бай. АҚШ мемлекеті өз жерінің табиғи байлықтарын бей-берекет пайдаланбай, ұқыптылықпен қарап, көп минералдық ресурстарды сырттан тасиды.

АҚШ өнеркәсібі – бүкіл экономиканың жетекші саласы. Оның энергиялық балансында мұнай мен газ маңызды орын алады, ауыр және женіл өнеркәсібі өркендеген. Машина жасау өнеркәсібі автомобиль, авиация электр техникасы салаларына түрлі жабдықтар өндіреді. Атом өнеркәсібі, тоқыма және тігін өнеркәсібі айрықша дамыған.

АҚШ-тың ауыл шаруашылығында механикаландырылған фермерлік шаруашылықтар жетекші рөл атқарады. Оnda өндірілетін негізгі дақылдарға бидай, арпа, сұлы, қара бидай, жүгері, соя бүршақтар, картоп, қант қызылшасы, мақта жатады. Мал шаруашылығында сиыр, шошқа, қой өсіріледі, тауық пен күркे тауық өсіру жаппай дамыған.

**АНГОЛА, А н г о л а Р е сп у б ли к а с ы** – Африканың оңтүстік-батысындағы мемлекет, президенттік республика. Жер көлемі 1246,7



Нью-Йорк қаласы



Ангола ұлттық банкі



Форталеза тарихи қорығы

мың км<sup>2</sup>, халқы 19,6 млн. адам. Астанасы – Луанда. Мемлекеттік тілі – португал тілі. Халықтың 80%-дан астамы христиан дініне сыйнады.

Ангола – аграрлы ел. Өнеркәсібі нашар дамыған. Кофе, жүгері, қант, арахис, копра, мақта сияқты ауыл шаруашылық өнімдері өсіріледі. Оңтүстік аудандарда мал шаруашылығы дамыған. Сыртқы саудада кофе мен алмас ерекше орын алады. Анголаның жер қойнауы кенге бай (мұнай, алмас, кварц, мәрмәр, мыс, темір). Мұнай айыру, цемент зауыттары, балық-консерві және мата току кәсіп-орындары бар.

**АНД, А н д т а у л а р ы, А н д К о р д и л ь е р а с ы – Жер шарындағы ең ұзын (9000 км) тау сілемі, ең алып Кордильера тау жүйесінің оңтүстік Америкадағы бөлігі. Ол Оңтүстік Американың Тынық мұхит жағалауын бойлай, солтүстіктен оңтүстікке қарай созыла жатқан тау тізбектен тұрады. Мұнда бірнеше сөнбекен жанартаулар бар. Олардың ішінде Жер шарындағы ең биік сөнбекен жанартау**



Титикака көлі

ошағы – Льюльяйльяко (6723 м) осында орналасқан. Жер бедерін меридиан бойымен созылып жатқан, ішкі тау аңғарлары мен үстіртерден тұратын жоталар тізбегі құрайды. Олар табиғи ерекшеліктері мен геоморфологиялық құрылышына қарай: Кариб Анд таулары, Солтүстік-Батыс Анд таулары, Эквадор Анд таулары, Перу Анд таулары Чили-Аргентина және Патагония Анд таулары болып бөлінеді. Бұл таулардың қатпарлы-жақпарлы тік құламалы шатқал беткейлерін көптеген өзен аңғарларымен тілімденген. Жер шарындағы теңіз деңгейінен ең биік орналасқан Титикака көлі (3812 м) осында орналасқан. Анд таулары 6 климаттық белдеуде (экваторлық, солтүстік және оңтүстік субэкваторлық, тропикалық, субтропикалық және қоңыржай) жатыр. Тау жүйесі арқылы Амазона, Парана, Ориноко, т.б. өзендер бастау алатын мұхитаралық суайрық өтеді. Экваторға жақындау орналасқан климат белдеуі аймағында жауын-шашын өте көп жауады (3000–6000 мм). Анд таулары – хин ағашының, кок, картоп, т.б. құнды да дәрілік өсімдіктердің отаны.



Анд таулары

**АНТАРКТИДА – Жер шарының оңтүстік полюсі саналатын құрлыш. Жерінің аумағы 12,3 млн. км<sup>2</sup>, ал қайраңдық мұздықтар мен аралдарды қосқанда 14,0 млн. км<sup>2</sup>-ге жетеді. Жерінің 99%-ын қалың мұз басып жатыр. Оның жалпы көлемі 26 млн. км<sup>3</sup>. Антарктида – дүние жүзіндегі ең биік құрлыш. Оның мұз жамылғысымен қоса есептегендегі орташа биіктігі 2040 м, яғни барлық құрлыштардың орташа биіктігінен (870 м) 3 есе артық. Құрлыштың жағалық сзығы онша тілімденбеген, оның құрамына бір ғана үлкен түбек – Антарктида түбекі мен бірнеше іргелес аралдар –**



Антарктида құрлығы



Ross мұздығы



Антарктида жагалауы



Антарктикадағы папуа пингвиндері

Александр I жері, Оңтүстік Шетланд, Георгия және Оркней, Беллени кіреді. Құрлықтың жағалауын Оңтүстік мұхит сулары мен Уәдделл, Беллинсгаузен, Амундсен, Росс, Фарышкерлер, т.б. теңіздері шайып жатыр. Құрлықтың ең биік нүктесі Элсуорт тауындағы Винсон тау сілемі (5140 м), теңіз деңгейінен ең төмен жатқан жер – Бентли ойысы. Алқапты кең жазықтардағы құрлықтың қайрандық мұздықтары Антарктида жерінің 12%-дай жерін алғып жатыр. Жер шарының басқа құрлықтарындағы тұщы су қоры 2 млн. км<sup>3</sup> болса, Антарктидадағы тұщы су қоры 26 млн. км<sup>3</sup>. Құрлықтың мұз баспаған жерлерінің, яғни шұраттың (оазис) жалпы ауданы 2500 км<sup>2</sup>. Олар көбіне жағалаулық бөліктерде теңіз деңгейінен 100 м биіктікте орналасқан, ең ірілері – Бангер, Вестфолль, Грирсон, Ширмахер. Сонымен қатар Виктория жері (4000 км<sup>2</sup>) мен Александр I жері (400 км<sup>2</sup>) сияқты биік таулық шұраттар да кездеседі. Антарктидадағы тіршілік дүниесі өте жұтац. Өсімдіктері негізінен мүктөр, қыналар және балдырлардан құралған. Антарктидада 16 мемлекеттің жүзден астам ғылыми-зерттеу стансалары бүкіл жыл бойы және маусымдық жұмыс жүргізеді.

**Антарктика** – Жер шарының оңтүстік полляр аймағы. Антарктиканың (грекше anti – қарсы, arktios – солтүстік) табиги шекарасы өте айқын байқалады. Ол дүниежүзілік мұхиттың беткі суларының біршама жылы және керісінше мейлінше салқын бөліктерінің арасын аймағы – антарктикалық конвергендену белдемі арқылы өтеді. Бұл шекара негізінен 48–60° оңтүстік ендік аралығында орналасқан. Поляр аймағын алғып жатқан Антарктиканың аумағы шамамен 52 млн. км<sup>2</sup>. Антарктика Арктикамен салыстырғанда табигатының қаталдығымен ерекшеленеді. Оnda жер шарының ең суық полюсі орналасқан (89,2°C).

**АНТЕННА** – радио, телехабар толқындарын тарататын және қабылдайтын құрылғы. Антеннаны (латынша antenna – діңгек, сырый) жасау теориясы мен әдістері 1889 ж. неміс физигі Генрих Герц жариялаған қарапайым электрлік вибратордың толқын таратуы теориясына негізделеді. Кез келген антenna бірнеше қарапайым вибраторлардың жиынтығы. Симметриялы емес вибратор түріндегі алғашқы антеннаны тәжірибе жүзінде 1895 ж. орыс



Үялүү байланыс антеннасы

өнертапқышы Александр Попов ұсынды. Таратқыш антenna радиотаратқыштың шығардағы тербеліс тізбектеріне жинақталатын жоғары жиілікті электр магниттік тербеліс энергиясын тараган радиотолқын энергиясына айналдырады. Ал қабылдағыш антenna радиотолқын энергиясын қабылдағыштың кіреберістегі тербеліс тізбегіне жинақталатын энергияға түрлендіреді. Антенналар: таратылатын (қабылданатын) радиотолқындардың диапазонына, жиілік қамтуына (жиілікке тәуелсіз, ауқымды және тар ауқымды), тарату немесе қабылдау бағыттылығына (бағытталмаған, сөл бағытталған, дәл бағытталған), әсерлік принципі мен құрылымына (кесінді сым, металл айналар, рупорлар, спиральдар, саңылаулар, рамалар, дипольдар, диэлектрлік стержень комбинациялары түрінде) қарай ажыратылады. Тарату аясы кең болу үшін антенналар жерден 100–300 м және онан да биік діңгек немесе мұнараға орнатылады.

**АНТРОПОЛОГИЯ** – адамның шығу тегін, дамуын, дene құрылышын, нәсілдік ерекшеліктерін зерттейтін жалпы биология ғылымының қоғамдық ғылымдармен тығыз байланысы бар саласы. Антропология (грекше *arthropos* – адам, *logos* – ілім) терминін алғаш рет Аристотель енгізді. Қазіргі кезде антропология 3 түрлі өзекті мәселеге – адамның дene құрылышы ерекшеліктеріне, шығу тегі мен оның дамуына, этникалық құрамының қалыптасуына ерекше көңіл бөледі. Осыған байланысты эволю-



Ежелгі сақтар. Антропологиялық реконструкция

циялық антропология, физикалық антропология, этникалық антропология болып бөлінеді. Антропология ғылымында кеңінен қолданылатын әдістің бірі – антропометрия, яғни тірі адам денесінің түрлі мүшелерінің өзгерісін елшеу.

Орыс ғалымы Николай Харузиннің «Бекей ордасының қырғыздары» (1889) деген антропологиялық очеркінде 400-ден астам қазақтың (ерлер ғана) морфологиялық бейнесіне алғаш рет ғылыми сипаттамалар берді. Қазақ халқының жалпы антропология типі европеоид және монголоид тектес расалардың қосындысынан пайда болған деп тұжырымдалған. 20 ғасырдағы Қазақстан жерінен табылған палеоантропологиялық материалдар қазақтардың ежелден автохтон халық екендігін толық дәлелдеді. Ғылымда қазақтың антропология типі метистік топқа жатқызылып, оған тұрандық түр (тураноид) деген нәсілдік атау берілді.

**АҢ** – еті мен терісі үшін ауланатын тұз жануарлары. Қазақ халқы терісі үшін ауланатын орташа сүтқоректілер (құндыз, суыр,



Аңшылық



### Тазы итпен түлкі аулау

күзен, бұлғын, көмшат, сусар түлкі, қарсақ, т.б.) мен терісі, еті, мүйізі үшін ауланатын жануарларды (қара құйрық, ақбекен, елік, арқар, таутеке, құндыш көмшат, марал, бұлан, т.б.) да аң деп атаған.

**Аңшылық** – тұз жануарларын аулау кәсіби. Қазіргі Қазақстан жерінде адамдар аңшылықпен ежелгі палеолит дәуірінен айналысқан. Мысалы, Үшбұлак қойнауында (Қаратай қаласының солтүстік-батыс жағында 36 км жерде) мустең дәуірінде өмір сүрген аңшылардың шағын топтарының қысқа мерзімді тұрақтарының ізі сақталған. Ондай тұрақтар суатқа келетін аңдарды (бизон, бұғы, киік, жылқы) аңдуға қолайлы бұлақ түбіне салынған. Соңғы палеолит дәуірінде ірі жануарларды аулау адам қорегінің басты негізі болды. Аң аулау дәстүрлері мен тәжірибелері үрпақтан-үрпаққа жалғасып, аң аулау шаруашылығы дамыған. Соған байланысты қазақтар арасында аңшылықты жақсы меңгерген мамандар – аңшы, аңкес (аң аулаудың сырларын жетік меңгерген аңшы), құсбегі (қырандарды түрге, топқа жақсы ажырататын), бүркітші (бүркітті баптай алатын) және қағушы (бүркітшілерге қолғанат болатын) пайда болды. Олар аң аулаудың айла-шарғыларын (ор қазып, ұшпалардан ұшырып, қарға омбылатып аулау, тасқақпанға, құмқақпанға түсіру, тормен, тұзақпен ұстау, құспен, итпен қуу, тұтін, жемтік салу, мұзға отырғызу, т.б.) жетік меңгерген.

**АҢЫРАҚАЙ ШАЙҚАСЫ** – біріккен қазақ қолының жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық соғысында бетбұрыс жасаған ең ірі жеңісі (1729 жылдың мамыр-маусымы, кейбір деңгектерде 1730). Болат ханның бастауымен үш жүз хандары (Жолбарыс, Сөмеке, Өбілқайыр),



«Аңырақай шайқасы». Суретші Д.Үстеміров

билері (Төле, Қазыбек, Ақсуат), сұлтандар, батырлар қатысқан Ордабасы жиынында (1726) бүкіл қазақ қолының бірігүі (бас қолбасшылыққа Өбілқайыр хан сайланған) жауға қарсы шабуылға шығуға мүмкіндік туғызды. Саяси және әскери бірлікке қол жеткізген үш жүз жасақтары 1728 жылдан бастап, Балқаш пен Шу бойына қарай жылжып, ұрысқа өзірлене бастады. Бұл кезде қалмақ қонтайшысы Қалдан Серен (Цэрэн) билікке келді (1727). Үш жүз жасақтары шешуші шайқас алдында Хантайында, Сұңқар тауында (кейін бұл жер Өбілқайыр тауы аталды) жиналды. Шайқас Балқаш көлі, Отар даласы, Шу өзені аралығындағы бедерлі жерлерде өткендігін бұл өңірде жиі кездесетін қазақ, қалмақ қорымдары дәлелдейді. Шамамен көктемде басталып, жаз айларына ұласқан (40–45 күн) майданда біртіндеп басым түсе бастаған қазақтар Итішпестің Алакөлі (Балқаштың шығысындағы Алакөл емес) маңында ірі жеңіске жеткен. Балқаштан онтүстікке қарай 120 км жердегі бұл көл қазір Сорқұдық деп аталады. Аңырақай шайқасына 30–35 мың қазақ, 35–40 мың жоңғар әскери қатысты деген болжам бар.

**АРА БАЛЫ**, б а л – жұмысшы бал арасының гүлді өсімдіктердің шырынынан өндеп шығарған өнімі, қоймалжың, тәтті сүйық. Балдың химиялық құрамы шырын жинаған өсімдіктердің түріне, топырағына, ауа райының жағдайына және балдың түрлеріне байланысты болып келеді. Ара балының сапасын негізінен хош иісі, дәмі, түсі, тығыздығы, ылғалдылығы, қоректік және жабысқақтық қасиеттері арқылы ажыратылады. Бал – қуаты жоғары тамақтық азық. Оның 1 кг-ы 3250 кал.



Бал жинау

куат береді. Бал адам организмін витаминдермен, белокпен, ферменттермен, т.б. тіршілікке қажетті заттармен байытады. Сондай-ақ балды асқазан, бауыр, бүйрек, жүрек, өкпе, жүйке ауруларын емдеуге және сұық тигенде қолданады. Ара балын косметикада, дәрі жасау өндірісінде пайдаланады.


**АРАБ ӨРКЕНИЕТИ** – ислам дінін үстанып, араб тілін ғылыми және әдеби тілге айналдырыған араб және басқа да халықтар өркениеті. Ғылымда «араб мәдениеті» деген атпен белгілі. Орта ғасырларда Таяу және Орта Шығыста, Солтүстік Африка мен Оңтүстік-Батыс Еуропада өркен жайған. Арабтардың астрономия саласындағы еңбектері Еуропа астрономиясының негізін қалады. Осы күнге дейін көптеген жұлдыздардың аттары, ғылыми, мәдени терминдер араб тіліндегі атауын сақтап қалған.

Араб өркениетінің дәуірлеген шағы 8–11 ғасырлар болды. Оның көрнекті үлгілері сөулет және бейнелеу өнерінде көрінді. Мешіт, мед-



Иерусалимдегі Құббат ас-Сахара мешіті

ресе, тұрғын үйлердің жаңа үлгілері жобалық шешімімен, айшықты өрнектерімен, эстетикалық әсемдігімен ерекшеленді. Ислам діні адамдар мен жануарларды бейнелеуге тыбым салды. Меккедегі Қағба ғибадатханасы, Иерусалимдегі 692 ж. салынған әл-Ақса мешіті (1969 ж. Израиль фанатиктері өртеп жіберген), Дамаскідегі Бани-Омейя мешіті (8 ғасыр), тұрмыс-салт тақырыбында әшекейленген Күсейр-Әмре қамалы мен Әмре мешіті (641 ж.). Араб өркениетінің сөулет өнеріндегі озық үлгілеріне жатады. Батыста (Алжир, Испания, Марокко, Тунис) Мавритания өнері аталған сөулет өнерінде тамаша үлгілер туғызды. Оның осы кезге дейін сақталған озық туындысы Гранададағы Альгамбра қамалы. Азиядан тыс жерде араб өркениеті Египет пен Сирияда өте жоғары дамыды. Орта ғасырдағы араб музикасы Испанияның, Португалияның музика өнеріне, кейір Еуропа елдерінің музика аспаптарының қалыптасуына әсер етті. Бұл кезде арабтардың музика ғылымы да жақсы дамыды. 11 ғасырдың ақырына таман халифаттың ыдырауы, салжүқтардың жаугершілігі мен крест жорықтарына қарсы құрес, 13 ғасырдағы моңғол шапқыншылығы, 16 ғасырдың басындағы түрік жаугершілігі, 19–20 ғасырдағы Еуропа отаршылдығы араб өркениетінің дамын күрт бөгеді. Бірақ кезінде қатты дамып, жан-жақты қалыптасқан араб өркениетінің Батыс пен Шығысқа еткен әсері өзіндік өшпес ізін қалдырыды.

Каирдегі ибн Тулун мешітінің ішкі көрінісі.  
876–879 ж.

**АРАЛ ТЕҢІЗІ** – Өзбекстан мен Қазақстан жерінде, Устірттің шығыс шетінде орналасқан түйік көл. Алабындағы қарқынды антропогендік әрекеттерге дейін (1960–70) дүниежүзілік теңіз деңгейінен 53,0 м биіктікте



Арал теңізі

жатқан. Осы деңгейдегі айдынының ауданы 66,1 мың км<sup>2</sup> (аралдарымен қоса), сұнының көлемі 1064 км<sup>3</sup>, орташа тереңдігі 16,1 м (ең терең жері 67 м), ұзындығы 428 км, ені 235 км, су жиналатын алабының ауданы 69000 км<sup>2</sup> болған. Алабындағы шаруашылық мақсаттарға үздіксіз су алу барысында 1998 ж. теңіз деңгейі 18 м-ге төмөндеді. Нәтижесінде теңіз 2 суқоймаға – Үлкен Арал және Кіші Аралға бөлінін қалды.

Арал теңізі көне замандардан белгілі. Ежелгі гректер мен римдіктер теңізді Каспийдің «сақ шығанағы» деп есептесе, Александр Македонский кезінде Окс теңізі (Окс – Сырдарияның грекше аты) деп атаған. Теңіз табиғатын жанжақты зерттеу Ресей империясының шығысты отарлау саясатын жүргізу кезінде іске асырыла бастады. 1848–49 ж. әскери теңізші әрі зерттеуші Алексей Бутаковтың экспедициясы Арал теңізінің су айдынын алғаш рет толық зерттеді, нәтижесінде 1850 ж. Аралдың алғашқы толық картасы жасалды. Арал теңізіне Орталық Азияның 2 аса ірі өзені (Әмудария мен Сырдария) құяды. 1970 жылдан бастап көлге құятын өзен ағындысы жоққа тән болғандықтан, булануға кеткен шығынды толтыруға шамасы жетпейді, сондықтан теңіз сұызылдан жылға тартылып келеді.



Күргаган теңіз табаны



Арасан бұлақтары

**АРАСАН**, ши палы су – емдеуге қолданылатын жылы жер асты су көздері. Су жер қыртысының тереңіндегі жоғары температуралы тау жыныстарының арасынан өткен кезде ысып, тектоникалық жарықтар арқылы жер бетіне шығады. Арасан сулары негізінен жанартаулы жерлерде, артезиан алаптарында және тектоникалық қозғалмалы аймақтарда пайда болады. Құрамында тұздар ерітіндісі аздау болатын арасан сулары асқазан ауруларын емдеуге, ішуге (Сарыағаш, Аяққалқан, Құрам, т.б. минералды сулар), ал тұз ерітіндісі көп сулар сүйек, буын, жүйке жүйесі мен қан тамырлары сырқаттарын (Алмаарасан, Арасанқапал, Жаркентарасан, т.б. минералды сулары) емдеуге пайдаланылады. Қазақстанның арасан сулары емдік қасиеттері бойынша дүние жүзіндегі атақты шипалы сулардан (Нарзан, Боржоми, Ессентуки, т.б.) кем түспейді. «Арасан» (монголша аршан – бұлақ) термині Кавказдан Қыыр Шығысқа, Сібірден Тибетке деңгінгі халықтар тілінде жиі кездеседі. Шипалы суға байланысты жер-су, елді мекен, емдеу орындарының атауларын білдіретін бұл термин түрлі өзгерістерге ұшыраған: аршан, арасан, нарзан, назрань, арзни, т.б.

**АРБА** – ертеде әскери көлік ретінде қолданылған, кейін жол жүргуге, жүк тасуға, сондай-ақ уақытша жылжымалы тұрғынжай ретінде пайдалануға арналған көлік түрі. Әскери арбалар Шығыстағы ежелгі мемлекеттерде (Мисыр, Ассирия, Персия, Қытай, Үндістан, т.б.) ұрыс кезінде кеңінен пайдаланылды. Әскери арбаның бірнеше түрі болған. Жалғыз не екі ат жегілген қос доңғалақты арбада екі жауынгер – ат айдаушы және найза, қылыш, садақпен қаруланған сарбаз отырған. Төрт ат



Көшпелілер арбасы

жегілетін төрт доңғалақты әскери арбалардың тертесіне найза, дөңгелек оқтықтарына шалғы бекітілген. Аттарға сауыт-жабу жабылған. Арбалы әскер алдыңғы шепте әрекет етті. Жаяу әскер олардың сонынан жүрін отырды.

Көшпелі халықтар арбаны қорғаныс құралы ретінде де пайдаланды. Арбалы көш жау шабуылы кезінде дөңгелек шеңбер жасап, қорғаныс шебін құрған. Ат жалын тартып міне алатындар «қорған» сыртында тұрып айқасқа кіріседі. Бұл сонау сақ, ғұн дәуірлерінен бері келе жатқан үрдіс.

Ертедегі сақ-скифтер жазда жайлайға, күзде күзеуге, қыста қыстауға арбамен көшпіл-қонды. Женіл арбаларға (күймелердің өуелгі түрі) парлап ат жекті, ал жүк арбаларына мойын-тұрықты қос өгіз жегілді.

Орта Азия мен Таяу Шығыс елдерінде арық-атызды жерлермен жүк тасу үшін доңғалақтарының диаметрі 2 м-ге дейін жететін қос доңғалақты арбалар пайдаланылған. Оларды қазақтар «қоқан арба» деп атаған. Сол «қоқан арбалардың» бірі Қожа Ахмет Иасауи кесенесі жанындағы мұражай-үйде тұр. Женіл арбалар негізінен жол журуге арналады. Арба тұрларі шаруашылық, тұрмыс қажеттіліктеріне байланысты үнемі жетілдіріліп отырған. Қазіргі кезде де жер-жерде жеміс, көкөніс, сүт, жұмыртқа, т.б. азық-тұлік өнімдерін тасу үшін пневматикалық шиналармен, шарикті подшипниктермен жабдықталған қос доңғалақты, төрт доңғалақты жүк арбалары қолданылады.

**АРГЕНТИНА** – Оңтүстік Американың (Латын Америкасының) оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан мемлекет, федеративтік республика. Аумағы 2,77 млн. км<sup>2</sup>. Халқы – 42,6




Буэнос-Айрес орталығы

млн. адам, мемлекеттік тілі – испан тілі. Астанасы – Буэнос-Айрес.

Аргентинаның солтүстік-шығысында Гран-Чако, Ла-Плата жазықтары, батысында Анд тауына (ең биік түсі Аконкагуа шыны, 6960 м) жалғасып жатқан Атакама шөлі бар. Оңтүстік-батысын Патагония үстірті (2000 м) алып жатыр.

Аргентина – аграрлы-индустриялы ел. Негізгі пайда экспортқа шығаратын өнімдерінен түседі. Экономикасының дамыған саласы – ауыл шаруашылығы. Басты бағыты – астық және мақта егу, етті мал өсіру. Сонымен қатар темекі, жеміс және цитрус плантациялары бар. Жері орманды, ағаш қоры жөнінен Латын Америкасында З-орын алады. Теңіз жағалаулары мен өзендерден балық ауланады. Пайдалы қазбалар бай. Мұнай, газ, тас көмір, темір, қорғасын, мырыш, уран кендері өндіріледі. Өнеркәсібінің басты салалары – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндейтін тамақ және женіл өнеркәсіп, кен өндірісі. Бидайұны, қант, күнбағыс майы, мақта жібі, жасан-



Игуасу сарқырамасы



Колон театры

ды талшық өндіріледі. Металлургия өнеркәсібін дамытуда едөуір табысқа жеткен. Машина жасау өнеркәсібі автомашиналар мен тракторлар, станоктар мен кіржуғыш машиналар шығарады.

**АРИЙЛЕР** – ежелгі тайпа. Біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың басындағы Қазақстанды мекендерген тайпалар тарихы арий (ежелгі иран) және үнді карий (ежелгі үнді) тайпаларымен байланысты айтылады. Арийлер көшпелі тіршілік етіп, мал шаруашылығымен айналысқан, үрystарда өскери арбаларды пайдаланды. Арбаға жегу үшін жабайы жылқыларды ұстап, қолға ұйреткен, металл өндіріш, әр түрлі түрмис құралдарын, қару-жарақтар соққан. Мұздай қаруланған дала-лық жасақтар табыс табу өрі даңқын асыру үшін көршілес елдерге жорықтар үйімдастырыды.

Ұлы қоныс аудару кезеңінде арийлердің бәрі ауып кеткен жоқ. Қазақстан жерінде қалғандары біздің заманымыздан бұрынғы 1-мың-

жылдықтың ортасында Ұлы Даңдағы көшпелі – сақ, сармат, скифтерге араласып, сіңісп кетті. Арийлер өзін қоршаған орта, әлемнің тылсым сырларын түсінуге ұмтылды: тылсым күштердің иесі құдай деп танып, әрбіріне ат таңды, құдаймен тілдесуге ұмтылып, табыну мінәжаттарын тудырды. Әлемдегі жалғыз Жаратушыға ғана табынуды қолдаған дін Ұлы Даңдағы көшпелілер ортасында туып, өзге халықтар арасына тарап, насиҳатталды. Бұл діни ілімнің негізін салушы – Заратуштра пайғамбар, ал оның діни ілімі қазіргі ғылымда заратуштрашылдық (зороастризм) деп аталады.

### АРИСТОТЕЛЬ

көне грек философы, энциклопедиялық еңбектердің авторы. Ол біздің заманымыздан бұрынғы 384–322 ж. өмір сурген. Аристотель 367–347 ж. Платон Академиясында білім алып, кейін осында оқытушылық қызмет атқарған. 347–334 жылдары ел аралап, Кіші Азияда, т.б. елдерде болады. 343–340 ж. 13 жасар Александр Македонскийді тәрбиелейді. Афинаға қайта оралған соң, 334–323 ж. философиялық мектептің (лижей) негізін салады. Бізге жеткен азыздарға қарағанда Аристотель шекіртерін серуендеп жүріп, дәріс беретін болған. Соған байланысты бұл мектеп гректің *peripatetikos*, яғни серуендей жүріп орындау мәніндегі сөзіне сәйкес «перипатетикалық мектеп» деп аталады. Аристотель еңбектері көзі тірісінде реттеліп жинақталмаған. Сондықтан оның шығармалары туралы ғылымда талас өлі тоқтаған жоқ. Аристотель Платон дүниеден қайтқанға дейін оның шекірті, ізін қуушы бола түрып ұстазының идеялар туралы іліміне сын айтады. Аристотель ілімін жүйелеп, түсіндіру ісінде араб философтары әл-Кинди мен ибн-Рушд, түрік ойшылы Әбу Наср әл-Фараби, парсылық ибн-Сина еңбектері ерекше рөл атқарды. «Шығыс перипатетиктері» аталған бұл ойшылдар Аристотельдің барлық шығармаларына терең талдаулар жасады. Осы қызметі үшін әл-Фараби кезінде «Екінші ұстаз» атанған. Қазақ-



Тасмагы рәсімдік би көрінісі

тың тарихи қиссаларында, дастандарында, ақындар шығармаларында Аристотель есімі жиі кездеседі. Абай қара сөзінде Аристотельге – «хаким» деп аса құрмет білдірген.

**АРИФМЕТИКА** – сандар (бүтін және бөлшек) және оларға қолданылатын амалдар туралы ғылым (грекше *arithmetike, arithmos* – сан). Алғашқыда санау мен өлшеудің (мысалы, қашықтықты, уақытты, ауданды, т.б. өлшеу) қажеттілігінен туған. Ежелгі мәдениет белгісі болған Мысыр мен Вавилонда дербес ғылым болып қалыптасқан. Қазіргі араб цифrlары деп аталып жүрген цифrlар мен ондық санау жүйесі Үндістанда шыққан. Біздің заманымыздан бұрынғы 7–4 ғасырларда грек ғалымдары Пифагор, Евдокс (біздің заманымыздан бұрынғы 408–355), Евклид, Эратосфен (біздің заманымыздан бұрынғы 276–194), Архимед, т.б. арифметика мәселелерін терең зерттеген. 7–15 ғасырларда арифметика амалдарын жетілдіруде Шығыс ғалымдары да қомақты үлес қосты. Әл-Хорезмидің «Үнді есебі» атты еңбегі қазіргі бастауыш кластиғы математикаға үқсас. 15–17 ғасырларда Еуропа ғалымдары қазіргі қолданылып жүрген арифметикалық белгілеулер мен таңбаларды қалыптастырыды, теориялық арифметиканы одан әрі дамытты.

**Алгебра** – математиканың алгебралық шешушү жөніндегі есептерге байланысты дамыған негізгі бөлімдерінің бірі. Алгебра (арабша әл-джәбр) атау және жеке ғылым саласы ретінде Мұхаммед әл-Хорезмидің (9 ғасыр) 1-, 2-дәрежелі теңдеулерге келтірілетін есептердің жалпы шешімі көрсетілген «Әл-джәбр үәл-муқабәлә» атты еңбегінен бастау алады. Ал Омар Һайям З-дәрежелі теңдеулерді зерттеуді жүйелеп, өзінің «Алгебрасын» жазған. Орта ғасырлық Шығыс ғұламалары гректер мен үнділіктер математикасын түрлендіріп, қайта әңдеп Еуропаға табыс еткен. Амалдарды белгілейтін таңбалар енгізу нәтижесінде алгебра одан әрі дамыды. 17 ғасыр ортасында қазіргі алгебрада қолданылатын таңбалар, әріптер толық орнықты, ал 18 ғасырдың басында алгебра математиканың жеке бөлімі ретінде қалыптасты. 17–18 ғасырларда теңдеулердің жалпы теориясы (көпмүшелер алгебрасы) шапшаң қарқынмен дамыды. Оған сол кездегі аса ірі ғалымдар – француз ғалымы Рене Декарт, ағылшын ғалымы Исаак Ньютон, француз

ғалымдары Жан Даламбер мен Жозеф Лагранж үлкен үлес қосты. 20 ғасырда алгебраның өрістер теориясы, сақиналар теориясы мен топтардың жалпы теориясы, топологиялық алгебра мен құрылымдар теориясы сияқты жаңа бөлімдер пайда болды.

**АРКТИКА** – Еуразия және Солтүстік Америка құрлықтарының солтүстік шетін, Солтүстік мұзды мұхитты аралдарымен қоса түгел қамтитын жер шарының солтүстік полюс аймағы. Грек тілінде *arktikos* солтүстік деген мағынаны білдіреді. Ол сондай-ақ Атлант мұхиты мен Тынық мұхиттың іргелес бөліктерін де қамтиды. Ауданы 27 млн. км<sup>2</sup>, оның



Арктикадағы ақ аюлар

15 млн. км<sup>2</sup>-і мұхит сүы. Арктиканың құрамына Ресей Федерациясының Мурманск, Архангельск, Түмен облыстары, Красноярск өлкесі, Саха (Якутия) Республикасы, Магадан облысының солтүстік аудандары, Канаданың Юкон, Солтүстік-батыс Квебек, Ньюфауленд аймақтары, АҚШ-тың Аляска түбегінің солтүстігі, Данияның Гренландия аралы, Норвегияның Шпицберген аралдары енеді. Аралдардың солтүстігін арктикалық шөлдер, оңтүстігі мен құрлық жағалауарын тундра белдемі алып жатыр. Арктикада түрғын халық сирек орналасқан.

**АРҚАР** – жұптықтылар отрядының қуысмүйізділер тұқымдасына жататын ірі аң. Қазақстанның таулы жерлерін (Жоңғар Алатауын, Тарбағатайды, Алтайды, Сарыарқаны, Қаратаяуды, Қызылқұм шөлін) мекендейді. Республикада арқардың 5 түрі: Алтай арқары, Қызылқұм арқары, Қазақстан арқары, Тянь-Шань арқары, Қаратай арқары кездеседі. Дене түркі 160–168 см, шоқтығының биіктігі 105–



Үстірт арқарлары

112 см, салмағы 200 кг-ға жетеді. Құлжасының мүйізі ірі, бұралыш иілген, айшықты, аналығынің нәзік, өте қысқа, бозғылт қоңыр түсті болады. Мүйізіндегі сақинаға қарап жасын анықтайды. Көбіне көгалды шоқылардың арасындағы далалы өңірде жайылады. Табиғи жағдайда 12–14 жыл жасайды. Арқар – биік тауларда тіршілік етуге бейім, аязға өте тәзімді жануар. Осы ерекшелігі ескеріліп, Қазақстанда арқар мен меринос қойды будандастыру арқылы қойдың ет пен жұнді мол беретін жана тұқымы – қазақы арқар-меринос қойы өсіріліп шығарылды.



Әулие Григорий шіркеуі



Армения үлттық тарихи музейі

**АРМЕНИЯ, А р м е н и я р е с п у б л и к а с ы –** Кавказ тауларының оңтүстігінде орналасқан мемлекет. Жерінің аумағы 29,8 мың км<sup>2</sup>, халқы 3,1 млн. (2007), астанасы – Ереван. Халқының 93%-дан астамы армяндар.

Армения Армян таулы қыратының солтүстік-шығысындағы жанартаулық үстіртті алып жатыр. Негізгі өзендері – Аракс пен Кура және олардың салалары Ахурен, Касах, Раздан, Дебед. Қөлдердің ең ірісі – Севан.

Армения – индустримальы-аграрлы мемлекет. Жерінде химиялық құрамы жағынан әр түрлі

минералды сулардың («Джермук», «Арзни», «Севан») үлкен қоры бар. Отын-энергетика ресурстарына кедей болғандықтан су энергиясы кең пайдаланылады. Ауыл шаруашылығында дәнді және техникалық дақылдар өндіріледі, жеміс-жидек, жүзім шаруашылықтары дамыған. Алғашқы жайылымдарында етті-сүтті ірі қара мен қой өсіріледі. Таулы Карабахтағы Ресейге сүйеніп жүргізген соғыс Армения экономикасына үлкен зиян келтірді.



Ереванның орталық алаңы

**АРТЕЗИАН СУЫ** – су откізбейтін қабаттар арасында кездесетін арыны құشتі жер асты суы. Латынша Artesium; Францияның Артуа провинциясында мұндан су 12 ғасырдан бастап шыңырау құдық арқылы алынуына байланысты осылай аталған. Артезиан суы шөгінді таужыныстарда жиналып, платформалар мен ойпаттардың, таулы өлкелердің синклинальді құрылымдарында артезиан алабын немесе беткейін құрайды. Мындаған метр тереңдікте жатуы мүмкін. Ұңғыма бұрғыланғанда, артезиан суы сулы қабаттың деңгейінен едөүір жоғары көтеріліп, жер бетіне төгіледі, кейде фонтан-

ша атқылайды. Тау бөктерінде артезиан алаптарының шет жақтарында артезиан сұзы тұщы келеді, су минералдылығы 1 г/л-ден аспайды, ал оның орталық бөлігінде, әсіресе тұзды шегінділер арасында судың минералдылығы 260–320 г/л-ге жетеді. Ал температурасы 20°C-тан 100°C-қа дейін болады. Қазақстанның көптеген аудандарында артезиан сұзының мол қоры бар.

**АРТИЛЛЕРИЯ** – жаудың атыс құралдарын, соғыс тех-сын, қорғаныс құрылыштарын, адам қүшін, т.б. нысандарын жоюға, ұрыста барлық өскери бөлімдер мен құрамаларды қолдауға арналған өскер түрі. Ол француздың atillier, яғни дайындау, оқтау деген сезінен шыққан. Барлау, байланыс, көлік құрал-жабдықтарымен, атысты басқару аспаптарымен жабдықталады. Осы заманғы артиллерия бағыттарында, полктік, дивизиялық, корпустық, армиялық түрлерге бөлінеді. Қолданылу мақсатына қарай артиллерияның гаубицалық, зенбіректік, реактивті, өздігінен жүретін зенитті және минометті түрлері болады. Оның арнаулы түрлеріне атомдық, танктік, таулық, казематтық артиллерия жатады. Өскери-тензіз артиллеријасы корабльдік және жағалық артиллерија түріне бөлінеді. Ал қару түріне зенбіректер, гаубицалар, мортирлер, өздігінен жүретін артиллерија және реактивті қондырғылар, минометтер; олардың оқ-дәрілери – патрон, снаряд, миналар; қозғалысқа келтіретін құралдары – өздігінен жүретін моторлы лафеттер, доңғалақты және жылан бауырлы тягачтар (сүйретпелер), темір жол платформалар, атысты басқарудың түрлі аспаптары мен көздеуіш тетіктері, т.б. жатады.



«Шилка» артиллеријалық қондырғысы



Сүйектен жасалған бұйымдар (Талгар қаласы)


**АРХЕОЛОГИЯ** – тарих ғылымының ежелгі дәуір мен орта ғасырдағы адамзат қоғамы дамуының заңдылықтары мен негізгі кезеңдерін зерттейтін саласы. Басты зерттеу нысаны алғашқы қауымнан, ерте заман мен орта ғасырлардан қалған материалдық ескерткіштер: еңбек құралдары, қару-жарап түрлері, мекен-жай, қоныстардың, керуен сарайлар мен өскери бекіністердің жұрты, үй-іші заттары, зираттар, обалар, т.б. Бұл заттар ғылымда археологиялық ескерткіштер деп аталады. Олар топыраққа көміліп, жер астында қалып, қалалар мен бекіністердің қираган орындарында бірнеше қабаттардан тұратын төбелер пайда болады. Мұндай қатпарлар археологияда мәдени қабаттар деп аталады. Қазақстан жеріндегі ең үлкен қала болып есептелетін Отырадың мәдени қабатының биіктігі 18 м. Кейбір өбалардың биіктігі 20 м-ге, аумағы 100 м<sup>2</sup>-ге дейін жетеді.

Археология (ол гректің archaios – ескі, logos – ғылым деген сөздерінің қосылуынан шыққан) термині біздің заманымыздан бұрынғы 4 ғасырда көне заманды зерттейтін ғылым ретінде (Платон) қолданыла бастағанымен, ғылыми археологиялық зерттеулер Еуропада қайта өркендеу дәуірінде ғана жүргізілді. 15–16 ғасырларда Италияда ежелгі сәулет өнерінің мұраларын іздеуге, 18–19 ғасырларда Қосөзен бойында көне мәдени мұраларды зерттеуге ба-




Отырадар орнындағы қазбалар

ғытталған қазба жұмыстары жүзеге асырылды. 19 ғасырдың 1-жартысында Ресейде Қара теңіз жағалауындағы көне грек қалаларының қалдықтары мен скиф обаларын жүйелі түрде зерттеу басталды. Қазақстан мен Орта Азияда археологиялық зерттеулер 19 ғасырдың 70-жылдарында бастау алды.



**АРХИМЕД** – Ежелгі Грекияның ұлы ғалымы, математигі, механигі. Ол Сицилия аралындағы Сиракуз қаласында туып, сонда біздің заманымыздан бұрынғы 287–212 жылдары өмір сүрген. Архимед (Archimedes) сол замандағы ірі мәдениет орталығы – Мысырды арапап, александриялық ғалымдардан, солардың ішінде Конон мен Эратосфеннен білім алған. Оның еңбектері дифференциалдық және интегралдық есептеу ашылғанда (17 ғасыр) ғана дұрыс бағаланған. Архимед рычаг заңын, суда өлшеу арқылы қорытпаның құрамын анықтау тәсілін оз атымен аталған гидростатика заңын ашқан. Жер суаратын механизмдерді, жүк көтеретін рычаг жүйелері мен блоктарды, тас ататын және қамал бұзатын соғыс қондырғыларын, т.б. ойлап шығарды. Рычагтың математикалық заңын тапқанда, Архимед «Тіреу нүктесін берсендер, Жерді де төңкеріп тастаймын» деп айтқан екен. Фалым шығармаларының көпшілігі сақталмаған, ал оның «Эратосфенге жолданған» хаты 1906 ж. ғана табылды. 9–11 ғасырларда Архимедтің еңбектері араб тіліне, ал 13 ғасырда араб тілінен латын тіліне аударылып, Батыс Еуропа елдеріне таралды.

**АРХИТЕКТУРА**, сөулет өнері – құрылышты жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері. Архитектура латынша *architectura*, ал грекше *architekton*, яғни құрылышты деген мағынаны білдіреді. Архитектура туындылары адамның күнбе-күнгі тіршілік ортасын қалыптастырады. Олар: әр түрлі қажеттіліктерді атқаруға арналған және адамның эстетикалық талғамына жауап бере алатында болып салынған түрғын үйлер, қоғам-



Ежелгі Бухара архитектурасы

дық ғимараттар, өнеркәсіптік кешендер. Сөүлет өнері – техниканың, ғылымның және өнердің тоғысқан жері.

**АРЫСТАН** – мысық тұқымдасына жататын ең ірі жартқыш жануар. Орталық Африка мен оңтүстік-батыс Азияның саванна, шөлейт аймақтарында, шөлді жерлерінде де кездеседі. Арыстанның дене түркі 2 м-дей, салмалы 250 кг-ға жетеді. Құйрығының ұзындығы 1 м, оның ұшы қара түсті болады. Арланының мойны мен кеуде жағында қара қоңыр, кейде ұзын қара жалы болады. Үргашы мен жас-



Арыстандар

арыстанның жалы болмайды. Арыстан жеке-жеке де, 5–10-нан топтанып та жүреді. Олар З жасында жыныстық жағынан жетіліп, 2 жылда бір, 1–6 күшік табады. 30–35 жыл өмір сүреді. Арыстандар ірі сүтқоректілерді – бөкен, зебр, мүйізтұмысқ, т.б. аулап, солардың етімен қоректенеді, кейде жануарлардың өлімтігін, тышқандарды да жейді. Негізінен қорегін аулауға түнде шығады. Арыстанның саны өте азайып кеткендіктен, оны аулауга тиым салынған.



Асан қайы кесенесі

**АРЫСТАН БАБ** – өулие. Діни ақыздар бойынша Қожа Ахмет Иасауиге алғашқы үстаз (пір) болған. Арыстан баб есімі Отыrap, Сайрам, Иасы өңіріндегі сопылардың рухани үстазы ретінде кеңінен жайылған. Оның үрпақтары да кейін Иасауи құрған сопылық үйімдар жетекшілері болды. Арыстан бабтың өулиелігін халық мойындаған. Сондықтан зиярат етушілер бейсенбі сайын өулие басына түнеп, ғибадат етеді. Ел арасында «Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген ұлағатты сөз бар. Арыстан баб есімі Қожа Ахметтің «Диуани Хикметінде» жіі аталады. Өлең жолдарынан Арыстан бабтың үстаздық қызметі айқын байқалады. «Диуани Хикмет» бізге Арыстан бабтың тәлім-тәрбиесінің мазмұны сопылық, ал ол адамның рухани жағынан жетілу жолы екенін уағыздайды. Арыстан бабтың қабірі ежелгі Отыrap қаласы маңында.

Арыстан баб кесенесі – көне Отыrap же-ріндегі сөүлет өнері ескерткіші. Қожа Ахмет Иасаудің үстазы болған Арыстан баб ата қабірінің басына салынған.

Мазар 14 ғасырда қайта жөнделген. Кесене қазір мемлекет қоргауына алынған.




Арыстан баб кесенесі

### АСАН ҚАЙФЫ, Асан қайғы Сәб итұлы – 14 ғасырдың ақыры – 15 ғасырдың басында өмір сүрген мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Қерей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған. Асан қайғы заманы Алтын Орда ыдырап, Ноғай ордасы тараған қым-қигаш талас-тартысты аласапыран кезеңмен түспа-түс келді. Қазақ ордасы құрылған кезде Асан қайғы жаңа мемлекеттің ұраншысына айналады. Ол ізденген «Жерүйіқ» шүрайлы қоныс қана емес, елін, жұртын сыртқы жаулардан қорғайтын жол, жаңа қоғамның үлгісі, қазақ халқын тарих саңнасында сақтап қалу бағдарламасы. Асан қайғы елінің сулы-нулы, шөбі шүйгін, құтты қоныс тауып, «адамы жүзге келмей әлмейтін, қойы екі төлдейтін» мамыражай, еркін өмір сүруін аңсады. Бұл мұратын жырау «Жерүйіқ» деп атады. Алты атанға жүк артып, алты жыл жайлы қоныс қарап, қазақ жерін түгел шолып шығады, әр қоныс, мекенге байыпты сын, баға беріп отырады. Бұл бағалары әлі күнге дейін ел аузында ұмытылмай айттылып келеді.

Асан қайғы есімі тек қазақ халқына ғана емес, басқа да ағайын халықтарға (қырғыз, қарақалпақ, ноғай, т.б.) кеңінен тараған.

**АССИРИЯ** – біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың бас кезінде Тигр өзенінің орта ағысы тұсында (қазіргі Ирак аумағы) құрылған ірі мемлекет. Ассирияның болашақ астанасы Ашшур қаласы маңызды сауда жолдарының бойында орналасты. Біздің заманымыздан бұрынғы 16 ғасырда осы қала басшылары көрші территорияларды жаулап алып, Ассирия мемлекеттінің негізін қалады. Көп ұзамай Вавилон ықпалына түскенімен, ол әлсі-



Ассирия жауынгерлерінің өзеннен өтуі



Ассирия билеушісі  
Ашишурназирпал

дияга, Жерорта теңізінен Парсы шығанағына дейін созылып жатты. Ашшурбанипалдан кейін басталған елдегі дағдарыс, оны пайдаланған Мидия мен Вавилонның біріккен күштерінің соққысы нәтижесінде біздің заманымыздан бұрынғы 607–605 ж. Ассирия құлады.

**АСТАНА** – мемлекеттің саяси, өкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы; елдікті, ұлттық бірлікті білдіретін бас қаласы. Астана үғымы ұлыстар, тайпалар одағы, мемлекеттік бірлестіктер пайда болған кезеңде, перғауын, қаған, халифа, шаһ, әмір, король, патша, хан, сұltан, т.б. елбасылар лауазымдарымен қатар өмірге келді. Түркі халықтары, оның ішінде



Ақорда – Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы

қазақтар ел билеушілер тұрағын орда деп атаған. Астана орнын осы хан ордасы атқарды. Қошпелі тайпалардан құрылған мемлекеттерде хан ордасы да бір орында көп тұрақтамай, көшіп-қонып жүрді. Мысалы, Ақтабан шұбырындыдан кейін Түркістан қаласынан шегінген Әбілқайыр хан өз ордасын Ырғыз, Тамды, Сырдария өзендері бойына ауыстырып отырған. Абылай ханның астанасы Түркістан шахары болғанымен, ұзаққа созылған жорықтарында ордасын қалмақтардан азат етілген жерлерге тігіп (Көкшетау, т.б.) біраз уақыт бойы елін сол жерден басқарып отырған. Әбліппейіз Сарыарқада, Уәли хан Көкшетаудағы Сырымбетке, Бекей мен Жәңгір Жайық пен Еділ аралығындағы Ордаға, қазақтың соңғы ханы Кенесары Ұлытауға ордасын тіккен. Халық түсінігінде Ұлытау, Хантау, Ордабасы, Туркібасы, Құлтөбе, Мәртөбе сияқты хан ордасы қонған, ту тігілген, Үш жұз басын қосқан, құрылтай жиналған, мемлекеттің, ұлт тағдырының ең түйінді мәселелері шешілген жерлер аса қастерленіп, қасиеті астана үғымына жақындастырылған. Алғашқы кезде астананың басты қызыметі елді өкімшілік жағынан басқару болды. Кейін астаналық қалалар пай-



Астана



Бейбітшілік және Келісім сарайы

да болған соң олар сауда, қолөнер, мәдениет орталықтарына да айналды. Хан ордасы орналасқан, қазына сақталған, қамал салынған елді мекен ірі шаһарға айналып, оған керуен жолдары тартылды.

Кеңес дәүіріндегі Қазақстан астаналары Орынбор (1920–25), Қызылорда (1925–29), Алматы (1929–97) болды.

**Астана** – қала, Қазақстан Республикасының астанасы, Ақмола облысының орталығы. Тұрғыны 781 мың адам. Қала Есіл өзенінің оң жағасында жазық жерде орналасқан. Сарыарқа қазақтары Есіл өзенінің қазіргі Астана қаласы орналасқан, көшкен ел аттылы-жаяу өте беретін тайыздау тұсын ежелден Қараөткел деп атаған. Ақмола атауы 13–14 ғасырларда тұрғызылған ақ күмбезді бейітке байланысты туған. Астана қаласының негізі 1830 ж. қаланды. Алғашында Ақмола әскери бекінісі атанған елді мекенге 1862 ж. қала мәртебесі берілді. 1863 ж. Ақмола округ, 1868 ж. уезд орталығына айналды. Орта Азия, Сібір, Орал өңірлерін жалғастыратын керуен жолында орналасқан Ақмола жедел дамып, қазақ дала-



Астана

сындағы ірі өкімшілік, сауда, шаруашылық, мәдени орталыққа айналды.

Кеңес дәүірінде Ақмоланың халқы тез қарқынмен өсті, оның Орталық Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріндегі алатын орны артты. 1939 ж. 14 қазанда Ақмола облысының өкімшілік орталығы болды. 1929 жылдың қарашасында қалаға алғашқы пойыз келді.

1960 ж. 26 желтоқсанда Тың өлкесі құрылып, Астана оның орталығы болды. Қала Целиноград болып өзгерілді (1961 ж. 20 наурыз). 1965 ж. Тың өлкесі таратылып, қала қайта құрылған Целиноград облысының орталығы болды. 1960–90 ж. қалада машина жасау, металл өңдеу, энергетика, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, сауда, құрылыс салалары өркен жайды. 1994 ж. 6 маусымда қалаға ежелгі Ақмола аты қайтарылды.

1997 ж. 20 қазанда Нұрсұлтан Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» жарлыққа қол қойды. 1998 ж. 6 мамырда Елбасының жарлығымен Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы болып аталды, ал 20 мамырда «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заны қабылданды. Осы жылғы 10 маусымда тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының салтанатты ашылу рәсімі болып өтті. Астана қалалық 2 ауданға (Алматы, Сарыарқа) бөлінеді.


**АСТРАХАН ХАНДЫФЫ** – Алтын Орда ыдырағаннан кейін құрылған дербес мемлекеттердің (1465–1556) бірі. Тақ үшін куресте туысы Ахмет ханнан жеңілген Үлкен Орда ханы Махмуд (1459–65) ата-бабасының иелігі



Астрахан ногайлары. Суретші А.Олеарин. 17 ғ.

Қажы Тарханға (Астрахан) қашып келіп, дербес хандық құрды. Оның аумағына Қаспийдің солтүстік-батыс жағалауы, төменгі Еділ бойы, Солтүстік Кавказ енді. Халқы 100 мың адам шамасында болды, түркі тілдес тайпалардан тұрды. Қошпелі мал шаруашылығымен, аң, балық аулау, тұз өндіру, қолөнер, Бұзан бойындағылар аздап егіншілікпен айналысты. Батыс пен шығысты жалғастырган Астрахан хандығы Руслан, Қазанмен, Қырыммен, Хорезммен, Армениямен, Иранмен, Әзербайжанмен, Сібірмен, Ноғай Ордасымен, Қазақ хандығымен, Түркиямен саяси және сауда байланыстарын орнатты. Билемшілер Жошының кіші ұлы Тоқа-Темір үрпақтары болды. Астрахандық ханзадалар Қазан мен Руслан маңызды қызметтерге ие болып, олардың тарихына елеулі ықпал етті. Бай сауда орталығы болғандықтан Қажы Тархан көршілерінің шапқышылығына жи ұшырап отырды. 1492 ж. қаланы Сібір билеушісі Айбек хан басып алды. Ұлken Орда, Ноғай Ордасы мен Қырым хандығы да Астрахан хандығының ішкі істеріне араласып отырды. 16 ғасырдың ортасында Астрахан хандығын Ресей жауап алды.

**АСТРОНОМИЯ** – ғарыштық денелердің құрылсысы, дамуы, олар құрайтын ғарыштық жүйелер және тұтас Фалам туралы ғылым. Ол гректің *astron* – жұлдыз және *pumpos* – заң деген сөзінен шыққан. Адам баласының өмірлік қажеттілігінің негізінде пайда болған ежелгі ғылымдардың бірі. Біздің заманымыздан бұрынғы 4 ғасырда Қытайда тұңғыш жұлдыз каталогы (тізімі) жасалды. Сол ғасырда Ежелгі Грекияда Аристотель дүние құрылсының жалпы жүйесін жасаған, оның орталығы Жер деп есептеген. Біздің заманымыздан бұрынғы



«Хаббл» телескопы

3 ғасырда Александрия ғалымы Эратосфен Жердің мөлшерін анықтаған. Біздің заманымыздан бұрынғы 2 ғасырда Гиппарх Жер дүниенің ортасында қозғалмай тұрады деп есептеп, планеталардың қозғалу теориясын жасаған. Ол 1022 жүлдыздың каталогын ұсынды. Ежелгі қазақ даласын мекендерген халық жүлдіздар мен шоқжұлдыздардың орны бойынша жыл мезгілдері мен жер тараптарын айыра білген. 13 ғасырда ат-Туси Онтүстік Әзербайжанда обсерватория салдырып, планеталар қозғалысының жаңа кестесін жасады. 1428–29 ж. Ұлықбек Самарқанда салдырыған обсерваториясын ұлken мәрмәр секстантпен жабдықтатып, 1019 жүлдыздың каталогын және планеталар қозғалысының кестесін тұзді. 1543 ж. поляк ғалымы Николай Коперник «Аспан сфераларының айналысы туралы» деген еңбегінде Жер қозғалмайды және бүкіл Фаламның ортасында тұрады деген ілімді жоққа шығарып, Құн жүйесінің құрылсысын – дүниенің гелиоцентрлік жүйесін түсіндірін берген. Осы еңбектің негізінде италия ғалымы Джордано Бруно Фаламның шексіздігі, ал оны мекендеуші дүниелердің сансызы көптігі туралы тұжырымдама жасады. Галилео Галилей өзі құрасырыған телескоптың көмегімен 1609–10 ж.



Ғарыштық денелердің салыстырмалы бейнелері

алғаш рет астрономиялық бақылаулар жүргізінді. 17 ғасырдың басында Иоганн Кеплер планеталар қозғалысындағы үш заңдылықты, ал сол ғасырдың аяғында Исаак Ньютон бүкіл-әлемдік тартылымын заңын ашқан. 17 ғасырдың соны – 18 ғасырдың басында Франция, Англия, т.б. елдерде обсерваториялар салына бастады. 1718 ж. ағылшын астрономы Эдмунд Галлей жүлдемдік меншікті қозғалысын тапқан. 1755 ж. Иммануил Кант және 1776 ж. Пьер Лаплас Құн жүйесінің пайда болуы туралы алғашқы гипотезаны ұсынды. 19 ғасырдың ортасынан аспан денелерінің физикалық табиғаты жүйелі түрде зерттеле бастады.

**АСЫҚ ОЙЫНЫ** – қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылышп жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқай аталады. Асық ойынының мынадай түрлөрі бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), қақпақыл, т.б. Мысалы, құмар ойынға 2–4 адам қатысады. Олардың жақсы жонылышп, табаны қайралған тәрт асығы болуы керек. Ойыншылар өзара келісіп жеңімпазға жүлде тағайындалап алады да кезек-кезек тәрт асықты іреді. Егер иіруші: тәрт бүк, не тәрт шік, не тәрт алшы, не тәрт тәйке түсірсе, жүлденің жартысын алады, тәрт асық тәрт түрлі түссе, онда тігілген жүлдені түгелдей алады. Осылайша ойын жалғаса береді. Асықты мұртынан не жамбасынан тұрғызууды омпы дейді. Омпы ойыны тегіс алаңда, жазық жерде, тіпті ұлкен бөлме ішінде де ойнала береді. Ойыншы саны негұрлым көп болса, ойын соғұрлым қызықты өтеді. Максат – көп асық ұтып алу. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көмбे сызады да көмбенің тен ор-

тасына сыйық бойына өркәйсісі өкі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар кезек-кезек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атуши омпыға бірден тигізсе, онда тігілген бар асықты сол алады, ал омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың біреуіне тигізсе, сол асықты ғана алады. Асық жаңартыла тігіліп, ойын жалғаса береді. Асық ойынының халық арасына кең тараған, басқа да тұрлери бар.

**АСЫЛ МЕТАЛДАР** – алтын, күміс, платина және осы платина тобының металдары (иридий, осмий, палладий, рутений, родий). Асыл металдар химиялық әсерге тұрақтылығымен, оңай иілгіштігімен (алтын, күміс), баяу балқытындығымен (платина, т.б.) және әсемдігімен ерекшеленеді. Асыл металдардың құрамында аз да болса қоспалар кездеседі. Ондай қоспалардан асыл металдарды сумен жуу, амальгамалау, цианды тұздар ерітінділерінде сұзу, тұндыру және аффинаждау сияқты әр түрлі әдістер арқылы тазартып алады. Асыл металдардың беріктігін арттыру үшін құрамына мыс, мырыш, никель, т.б. металдар қосады. Олардың құймаларынан құнды бұйымдар, металл ақша, медальдар, тіс протезін жасайды. Коррозияға тәзімді болғандықтан платина мен оның құймаларын электрод және терможұп жасауға, сондай-ақ химиялық өндірісінде әр түрлі құрал-жабдықтар жасауға пайдаланады. Ал платина және платиндік металдар катализатор ретінде әр түрлі катализдік процестерде, техникада қолданылады. Қазақстанда алтын және күміс өндіріледі.



Асық ойыны



Алтын кубок

**АСЫЛ ТАСТАР** – минералдар мен тау жыныстарының көркем бүйімдар және зергерлік өшекей заттар жасауға пайдаланылатын ерекше тобы. Оларға өрнекті, түс бояулары қанық, мөлдір әрі жарық сөүлесін сындырып, шашырата алатында оптикалық қасиеті бар көптеген минералдар мен тау жыныстары жатады. Мұндай тастардан жасалынған бүйімдар механикалық және химиялық әсерлерге төзімді болуы керек. Асыл тастар ретінде құрамы мен тегі әр түрлі 100-ге жуық минералдар мен тау жыныстары пайдаланылады.

Асыл тастардың құндылығына байланысты зергерлік, зергерлік-өшекейлік және өшекейлік болып, 3 топқа бөлінеді. Зергерлік тастарға: қызыл лағыл (рубин), зұмірет (изумруд), алмас, жақұт (сапфир); александрит, опал, жадеит т.б. жатады. Зергерлік-өшекейлік тастарға: лазурит, нефрит, малахит, янтарь, тау



Түрлі-түсті сапфирлер



Янтарьдан жасалған моншак

хрусталі, агат, амазонит, т.б. жатады. Әшекейлік тастарға яшма, мәрмәрлі оникс, обсидиан, гагат, тасқа айналған ағаш, лиственит, түсті мәрмәр, т.б. жатады. Қазақстанда асыл тастардың көшілігі кездеседі. Қазіргі кезде жоғарғы температура мен қысымда жасанды жолмен алмас, лағыл, сапфир, шпинель, кок шпинель, мөлдір александрит, зұмірет, т.б. алынады.

**АТАСУ** – Сарысу өзенінің сол жақ саласы. Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданы аумағымен агады. Ұзындығы 177 км, су жиналатын алабы 5920 км<sup>2</sup>. Қызылту, Ұзынжал (Өзенжал) тауларындағы бұлақтардан бастау алып, Сарысуға құяды. Негізгі салалары: Былқылдақ, Қарақоға, Қарқымбай, Исабек Қарасуы, Боранбай. Қар суымен толысады. Жазда ағыны тоқтап, жекелеген қарасуларға бөлініп қалады. Орташа жылдық су ағыны мөлшері 0,66 м<sup>3</sup>/с Қаражал қаласының тұсында Атасуға Қылыш бөгені салынған.

Атасу қонысы – қола дәуірінен сақталған біздің заманымыздан бұрын 14–12 ғасырлардағы ірі елді мекен орны. Қарағанды облысы Шет ауданы Қызылтау ауылының оңтүстік-шығысында 35 км жерде, Атасу өзеніне құятын Мыңбай сайнының бойында орналасқан. Атасу қонысында 27 үй мен қораның орны бар. Өл жерден 3 төртбұрышты, дөңгелек пішінді 12 ғимарат және мыс балқытуға арналған 7 шеберхана орны табылды. Атасу қонысы тұрғындары негізінен мыс балқытыш, қоладан бүйім қую, мал бағу, егін егу, аң аулаумен айналысқан. Қола дәуірінің соғы кезеңінде өмір сүрген тұрғындарының үйлері шошала сияқты дөңгелек, құрастыруға оңай болған.



Сарысу өзені

Атасу – кент, Қарағанды облысындағы Жаңаарқа ауданының орталығы, темір жол стансасы. Облыс орталығы – Қарағанды қаласының оңтүстік-батысында 200 км жерде, Сарысу өзенінің салалары – Жақсы Сарысу мен Жаман Сарысу өзендерінің қосылған жерінде орналасқан. 1929 жылдан аудан орталығы, 1941 жылдан кент.



демиясын (1905) бітірген. 1908 ж. Жас түріктітер төңкерісіне қатысты. 1911–12 ж. Италия мен Түркия арасында болған соғысқа, 1912–13 ж. Балқан соғысына қатысып, өзінің әскери шеберлігін танытты. 1-дүниежүзілік соғыс кезінде Дарданелл, Кавказ, Сирия-Палестина майдандарындағы қолбасшылық қызметі үшін Ататүрікке түменбасы (генерал) және «Мұстафа Кемал паша» лауазымы берілді.

Мұдрос келісім-шартынан (1918 ж. 30 қазан) кейін Түркияға батыс елдері тарапынан қауіп төне бастады. Осыған байланысты Ататүрік басшылығымен «Ұлт бірлігі және азаттығы» партиясы басқыншыларға қарсы күресті өрістете отырып, 1919 ж. 22 маусымда халыққа «Отан тұтастығы және ұлт азаттығы қауіпте!» деген ұндеу таstadtы. 1920 ж. сәуір айында Түркияның Ұлы Ұлттық Мәжілісі төрағасы болып сайланды. Мәжіліс Түркия тәуелсіз республика болуы керек деген шешім қабылдады. Бас қолбасшы ретінде Сақария қаласы үшін гректермен болған 22 тәулікке созылған ұрыста жеңіске жетуіне орай 1921 ж. қыркүйек айында Ататүрікке маршал дәрежесі мен «Фази» (Gasi – жеңімпаз) атағы берілді. 1923 ж. 10 қазанда Ататүрік Түркия президенті болып тағайындалды. Мұстафа Кемалға «Ататүрік» («Түріктердің атасы») лауазымы 1934 ж. 24 қарашада Түркия парламентінің арнайы

қаулысымен оның түрік халқының алдында сіңірген зор еңбегі үшін берілді.

Ататүрік тұсында ел тарихында тұңғыш рет банк жүйесі жасалды, еркін көсіпкерлікten өрістеуіне кең жол ашылды, өркениетті сыртқы экономикалық байланыстар қалыптасты. Ататүріктің тікелей басқаруымен Түркияда саясат, құқық, оқу-ағарту, ғылым, әскери іс, т.б. салаларда көптеген реформалар жасалды. Сұлтандық, халифат, шаригат соттары таратылды, еркектер мен әйелдердің құқықтары теңестірілді, араб жазуының орнына латын әлінбі (1928) қабылданды, дін мемлекеттен бөлінді. 1926 ж. 1 қаңтардан бастап Түркия еуропалық жыл санау жүйесіне көшті. 1938 ж. 10 қарашада Стамбул қаласында қайтыс болды.

**АТБАСАР МӘДЕНИЕТІ** – төменгі палеолит дәүірін сақталған ескерткіштердің жиынтық атауы. Осы мәдениетке жататын тұрақтар мол шоғырланған Атбасар ауылының (Ақмола облысы) атымен аталған. Атбасар мәдениетіне жататын 20-ға жуық тұрақ зерттеліп, қазылған. Көптеген тұрақтар Солтүстік Қазақстанның Есіл мен Шағалы өзенінің ескі арналары жағалауларында орналасқан. Табылған еңбек құралдарының арасында жебенің үштары көп. Бұл мәдениет тұсында үлкен қырғыштар мен пышақтар, шомбал балталар пайда болған. Ыдыстардың сырты өрнектермен безендірілген. Табылған заттардың жиынтығы Солтүстік Қазақстанда біздің заманымыздан бұрынғы 3-мыңжылдықтың басында өндіруші шаруашылықтың қалыптаса бастағанын көрсетеді.

Атбасар жәрмеңкесі – 19 ғасырдың ақыры мен 20 ғасырдың басында Атбасар қаласының маңында жыл сайын өткізілген дәстүрлі жазғы жәрменке. Ежелгі керуен жолында ор-



Атбасар жазығы



Атбасардың орталық алаңы

наласқан, қазақтар мен Ташкент, Бұхара көпестерінің сауда орталығына айналған бұл жәрменкеде фабрика-зауыт онімдері мал шаруашылығы өнімдеріне айырбасталған.

**Атбасар** – қала, Ақмола облысындағы Атбасар ауданының орталығы (1928). Іргетасы 1846 ж. қаланған. Астана қаласынан солтүстік-батысқа қарай 232 км жерде, Жабай өзенінің (Есілдің бір саласы) оң жағалауына орналасқан. 1859–68 ж. Атбасар сыртқы округінің 1869 жылдан Ақмола облысы Сарысу уезінің орталығы. Қала халқының саны 29,9 мың адам. Қазан төңкерісіне дейін мұнда жыл сайын Атбасар (Петров) жәрменкесі откізіліп тұрды. 1928 ж. аудан орталығына айналды. Ақмола – Қарталы темір жолының салынуы (1940) қаланың одан әрі дамуына қолайлы жағдай жасады. Тың жерлердің игерілуі қаланы ауыл шаруашылығы шикізатын ондейтін ірі көсіпорын орталығына айналдырыды. Атбасарда Қазақстандағы ең ірі әлеваторлардың бірі жұмыс істейді.

**АТЖАЛМАН** – кеміргіштер отрядының алан тәрізділер тұқымдасына жататын сұтқоректі мақұлықтар. Атжалман республикамыз-



Атжалман

дың барлық аймақтарында кездеседі. Дене тұрқы 7–28 см-дей, салмағы 17–540 г-дай болады. Құйрықтары қысқа келеді, үрт қалталары жақсы жетілген. Шөптесін өсімдіктер мен бұта арасында, бау-бақша маңайларында тіршілік етеді. Өсімдіктердің тұқымдарымен, жапырақтарымен және ұсақ жәндіктермен қоректенеді. Ініне азықтық қөр жинайды. Қысқы үйқыға жатады. Жылына 3–4 рет, 3–13-тен балалайды. Ауыл шаруашылығына коп зиян келтіреді. Оба және туляремия ауруларын таратады. Кейбір тұрларі лабораториялық жануарлар ретінде қолда өсіріледі.

**АТЛАНТИДА** – ежелгі грек аңызы бойынша Атлант мұхитында болған құрлық немесе арал. Алғашқы деректер біздің заманымыздан бұрынғы 4 ғасырда жазылған Платонның «Тимей» және «Критий» диалогінде Геркулес бағанасының (қазіргі Гибралтар бұғазы) артында, теңіз суының ортасында орналасқан құрлық ретінде айтылады. Құдайлар жерді бөліскенде, Атлантида теңіз құдайы және жер сілкінің тудыратын құдай Посейдонның иелігіне берілген. Ондағы тұрғын халық – атланттар Посейдонның жұбайы Клеридан тұғандар деп есептелген. Құндердің күнінде, табиғаттың миуалы сыйына тойынған Атлантида тұрғындары алып жатқан аумағы таршылық жасап, билігін бүкіл әлемге жүргізбек болған. Олардың бұл іс-әрекетіне қарсы шыққан көршілері – афиналықтар ұрыста Атлантиданы жеңіп шыққан. Бұған ашууланған Посейдон Атлантиданы су астына жібереді. Бұл қайғылы оқиға біздің заманымыздан бұрынғы 9500 ж. болған делінеді. Құрлықтың гүлденіп, одан апат болып жер бетінен жойылып кетуі жайлышады.




«Бақытты аралдагы өмір (Атлантида)».  
Д.Харгривздің «Атланта» кітабынан

## АТМОСФЕРА

аңыз-әңгімелер талай зерттеушілер мен жазушылардың ой-жорамалы мен қиялын сарп етті. Қазірге дейін жұмбак болып келген Атлантиданың қай уақытта және қай жерде орналасқаны анықталмаған.


**АТМОСФЕРА** – Жер шарының өзімен бірге айналатын және оның тәуліктік, жылдық айналымына қатысы бар газ қоспаларынан тұратын аяда қабатты. Ол гректің *atmos* – бу және *sphaira* – шар деген екі сөзінің қосылуынан шыққан. Атмосфера газдан, су тамшыларынан,

шаңнан, мұз кристалдарынан тұрады. Жер бетінен жоғарылаған сайын атмосфераның қысымы мен тығыздығы төмендей түседі де, біртіндеп планетааралық қеңістікке ұласып кетеді. Температураның өзгеруіне қарай атмосфера тропосфера, стратосфера, мезосфера, термосфера және экзосфера қабаттарына ажырайды. Атмосфера шашыранды Күн радиациясын жартылай өзіне сіңіріп, өзінен ұзын толқынды инфрақызыл сөule бөлін шығарады, сонымен қатар жер бетінің ұзын толқынды сөuleсінің  $\frac{3}{4}$ -ін қайта сіңіреді. Жер беті мен атмосфера арасында жылу және ылғал айналымы тұрақты түрде болып тұрады.



Атмосфера қабаттары

**АТОМ** – материяны құрайтын химиялық элементтердің өзіне тән химиялық қасиеттерін сактайтын ең кіші бөлшегі. Грекше *atomos* – бөлінбейтін деген ұғымды білдіреді. Атом – бүтіндей алғанда зарядсыз, бейтарап бөлшек. Ол ортасында өзінен радиусы  $10^4\text{--}10^5$  есе кіші көлемді алып жатқан он зарядты ядродан және оны айнала қозгалып жүрген теріс зарядты электрондардан тұрады. Атом өзінің сыртқы бір немесе бірнеше электрондарын жоғалтқанда он, ал сырттан электрон қосып алғанда теріс ионға айналады. Атом массасы ядро массасымен ондағы электрондар массаларының дәл қосындысына тең емес. Олардың арасындағы айырым атомның байланыс энергиясын анықтайды. Атомның ішкі энергиясының тек дискретті (үздікті) мәндері ғана болады.



Уран элементтінің атомы



**АТТИЛА, Еділ** – ғұн көсемі, император әрі ұлы қолбасшы. Шамамен 400–453 жылдары өмір сүрген. Алмания (Германия) мен Скандинавия тарихында Этцель, славяндарда Атыл есімімен белгілі. Венгрлер оны бағымыз деп есептейді. Қазақтардың жадында Еділ патша деген

атпен сақталған Аттила Ғұн империясының тағына 434 ж. отырды. Еділ патшаның тарихы оның аса дарынды қолбасшы болғандығын танытады. 443 және 447–448 ж. Аттила әскери Шығыс Рим империясына жорық жасап, оны тізе бүктірді. 452 ж. мүмкіндігі бола тұрса да Римді қиратуға бармады. Франк, бургунд, аквитан билеушілері Аттилаға балалярын тәрбиелеп, оқытуға жіберіп отырған. Еділ патшаның кезінде Ғұн империясы өз дамуының жоғарғы сатысына жетті. Бұл империя Еуропаны Рим үстемдігінен азат етті, құл иеленушіліктің жойылуына әсерін тигізді. Дегенмен Аттила жауынгерлері 451 ж. Галлиядағы Катауаун даласындағы шайқаста римдіктер, вестготтар мен франктердің біріккен күштерін жеңе алмады. 2 жылдан кейін Аттила қайтыс болып, ғұн тайпалық одағы тарап кетті. Аттиланың денесі Тисса өзенінің арнасына жерленген. Айбынды ғұн көсемі Еуразияның көптеген халықтарының фольклоры мен жазба өдебиетінің кейіпкеріне айналды.

**АТЫРАУ** – ірі өзендердің көлге немесе теңізге құяр жерінде өзен шөгінділерінен пайда болатын, тарамдар мен тармақтарға тілімден-



Бейбарыс алаңы



Атыраудагы Мәдениет орталығы

ген ойпат. Ол өзен ағыны, теңіз толқуы, желқұма-желбөгет ағысы, судың толығуы мен қайтуы, т.б. құбылыстардың өзара құрделі әрекеттесуінің нәтижесінде қалыптасады. Атыраудың беті негізінен тегіс, ортасы дөңестеу болып келеді. Оның есу жылдамдығы өр өзенде өр түрлі болады және жылына бірнеше метрден жүздейген метрге жетеді. Атырау пішіні үш бұрышты (Ніл, Іле өзендері), қалақ (Миссисипи өзені), доға (Лена өзені), құстұмық (Тибра өзені) болады, кейде бөлініп (Камчатка өзені) не ілгері (Еділ, Жайық өзендері) шығып тұрады. Амазона, Ганга өзендерінің атырауы 100000 км<sup>2</sup>, Еділ өзеніндегі 13000 км<sup>2</sup>, Іленің Атырауы 5,0 мың км<sup>2</sup>-ге жетеді.

**Атырау** – Қазақстандағы қала (1662), облыс орталығы (15.1.1938). Каспий теңізінің солтүстігіне қарай 30 км жерде, Жайықтың екі жағасын бойлай орналасқан. Тұрғыны 263,8 мың адам. 1640 ж. патша үкіметі ағайынды Гурьевтерге мұнда қалашық салуға рұқсат берген. Қала үлкен қызындықтармен 1662 ж. салынып біtedі де, патша жарлығымен Гурьев аталады. 1865 ж. уездік қала болды. 1917 жылға дейін және одан кейінгі 15 жыл бойы Орал әскери облысының, 1925 жылдан Бөкей губерниясындағы Гурьев уезінің, 1929 ж. Гурьев округінің, 1930 ж. аудан, 1938 жылғы қаңтар айының 15-інен облыс орталығы. 1992 ж. ақпан айының 21-і күні ҚР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы Гурьев облысын Атырау облысы, Гурьев қаласын Атырау қаласы деп атау жөнінде қаулы қабылдады.

Қала өнеркәсібінің басты саласы – мұнай мен химия өндірісі. Мұнай айыру, полиэтилен, машина жасау, металл өндеу, кеме жөндеу, балық құтылау, басқа да тамақ, жеңіл өнеркәсіп орындары бар. Жайық өзеніне салынған көпір (1965) Еуропа мен Азия құрлықтарында жатқан қаланың екі бөлігін байланыстырады.



Ауганстан таулары

**АУГАНСТАН**, А уғанстан ислам мемлекеті – Оңтүстік Батыс Азиядағы мемлекет. Аумағы 652,2 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 35,3 млн. адам. Астанасы – Кабул. Мемлекеттік тілі – пушту және дари тілдері. Ислам дінін ұстанады (негізінен сунниттер).

Жерінің 3/4 бөлігінен астамы таулы. Елдің солтүстік-шығысынан оңтүстік-батысына қарай Гиндукуш тау жоталары (ең биік жері 6729 м) созылып жатыр. Оңтүстігінде Газни-Кандагар таулы ұстірті, ал оңтүстік-батысында Бактрия, Регистан, Даңти-Марго шөлдері орналасқан.

Ауганстан – аграрлы ел. Экономикасының негізі – суармалы егіншілік пен мал шаруашылығы, адамдардың 90-тен астамы осы салауда жұмыс істейді.. Өңделетін жерінің 70%-ға жуығы суармалы. Бау-бақша өнімдері, бидай, жүгері, күріш, мақта, қант қызылшасы сияқты дақылдар өндіріледі. Өнеркәсібін су әлектр стансалары мен өскери-механикалық зауыт сияқты бірді-екілі көсіпорындар құрайды. 1979 ж. және 2002 ж. басталған соғыстар ел экономикасына көп зиян келтірді.



Пяндж өзені

**АУКЦИОН** – көпшілік алдында кім артық төлем ұсынса, бұйым және т.б. зат соған сатылатын бәсекелес, жария сауда. Бұл латынның auctio, яғни бәсеке сауда деген сөзінен шыққан. Аукцион тұрақты не уақытша белгіленген орында, алдын ала хабарланған уақытта аукциондық сауда кезінде бұйым көрмеге қойылады. Аукцион тауарлардың, бұйымдардың белгілі бір түрлері бойынша өткізіледі.

Аукционның бағаны көтеріп немесе бағаны төмендетіп жүргізетін түрлері бар. Бағаны көтеріп саудаласу ашық және құпия түрде жүргізілуі мүмкін. Ашық түрінде аукционшы лот (сапасы біркелкі тауар тобы) нөмірін, бағасын алушылар алдында жариялады, «кім көбірек», «кім артығырақ» деп сұрақ қояды, ал алушылар тауардың алғашқы бағасынан сату ережесінде белгіленген мөлшерден әрдайым арттырып, өз бағаларын атайды. Егер кезекті баға арттыру ұсынылмаса, сұрақ үш рет қайталанғаннан кейін, аукционшы балға соғып тауардың ең жоғарғы баға ұсынған кісіге (мекемеге) сатылғанын хабарлайды.

**АУЫЗ СУ** – органолептикалық қасиеттері (иісі, дәмі, мәлдірлігі, т.б.) және химиялық құрамы адам организмі үшін қауіпсіз болып табылатын табиғи су. Адам денсаулығы ауыз судың сапасына тікелей тәуелді. Осыған байланысты ауыз суға мемлекеттік санитарлық талаптар қойылады. Олардың негізгілері: иісі мен дәм көрсеткіші 2 балдан аспауы керек; түсі 20°-тан төмен, мәлдірлігі 30 см-ден артық; лайлығы 2 мг/л-ден аз. Фтордың ауыз судағы мөлшері 0,7–1,5 мг/л-ден төмен болуы – флюороз және кариес, темірдің, кобальт, мыстың жетіспеуі – анемия, бордың аз болуы асқазан, никельдің кем болуы – көз ауруларына шалдықтырады. Ауыз судың температурасы 8–15°C аралығында, минералдығы 1 г/л-ге дейін болуы тиіс.

**АУЫР АТЛЕТИКА** – әр түрлі салмақ дәрежелерінде ауыр зат (штанга, кір) көтеріп, күш сынасатын спорт түрі. Ауыр атлетикадан ең алғашқы жарыс 1860 ж. АҚШ-та өтті. Олимпиада ойындар бағдарламасына 1896 ж. енгізілді. Ауыр атлетикадан дүниежүзілік (1898 жылдан), Еуропа (1896 жылдан) чемпионаттары өткізіледі. Халықаралық Ауыр атлетика федерациясына (1920) Қазақстан 1993 жылдан



Олимпиада чемпионы И.Ильин

мүше. Ауыр атлетика бойынша халықаралық жарыстар штанга көтерудің екі тәсілі (жұлқа және сілке көтеру) бойынша, 52 кг-нан басталып 10 салмақ дәрежесіндегі спортшылар арасында өтеді. Жұлқа көтеру кезінде штанга кідіріссіз бірден жоғары көтеріледі. Сілке көтеруде штанга алдымен кеудеге алынып, сөдан кейін жоғары көтеріледі. Қазақстанда ауыр атлетика бойынша алғашқы чемпионат 1937 ж. өткізілді. Қазақстан спортшылары ірі жарыстарға 1954 жылдан қатысады. Теміртаулық Юрий Зайцев (1976, Монреаль), шахтинскілік Виктор Мазин (1980, Мәскеу), ақмолалық Анатолий Храпатый (1988, Сеул), қызылордалық Илья Ильин (2008, Пекин; 2012, Лондон) ауыр атлетикадан Олимпия чемпиондары атанған.

**АФРАСИАБ** – Тұран патшасы, қолбасшы, түркі жұртының ұлы тарихи тұлғасы. Ол 4–6 гасырлар аралығы шамасында өмір сүрген. Бұхара қаласында жерленген. Афрасиабтың есімі Өбу Райхан әл-Бируни, Мұхаммед Хайдар Дулати, Махмұд Қашқари, Өбу Бәкр Мұ-




Афрасиаб (ортагасырылық миниатюра)

хаммед Наршаны, Хамза Исфаһани, Рашид ад-Дин, т.б. ғұламалардың еңбектерінде кездеседі. Тарихи шығармаларда Афрасиабты түркілердің Тоң Алып деп атағандығы айтылып, оның тендессіз өскери қайраткерлігі, жеке басының батырлығы мадақталады. Араб, парсы тарихшылары Афрасиабты Пайкент, Бұхара, Самарқан (алғашқы атауы Афрасиаб), т.б. қалаларды салған делінеді. Иран деректерінде Афрасиабтың Тұран аталған аса қуатты мемлекеті Әмудариядан Енисейге дейінгі жерді алып жатқан.

Афрасиабтың есімі Фирдаусидің «Шаһнамасы» арқылы жүртшылыққа кеңінен танылды.

**АФРИКА** – аумағы жағынан Еуразиядан кейінгі орынды алатын құрлық, дүние бөлігі. Жерінің аумағы 29,2 млн. км<sup>2</sup> (аралдарымен бірге 30,3 млн. км<sup>2</sup>). Тұрғыны 1,033 млрд. адам. Солтүстіктен оңтүстікке қарай 8000 км-ге, батыстан шығысқа қарай 7500 км-ге (Сахарада) созылған, оңтүстігіндегі ені 810 км. Жағалауының жалпы ұзындығы 30500 км. Африканы экватор сызығы ортасынан кесіп өтеді. Құрлықты солтүстігінде Жерорта теңізі,



Виктория сарқырамасы



Эль-Джим қаласындағы Коллизей

батысында Атлант мұхиты, шығысында Үнді мұхиты мен Қызыл теңізі сулары шайып жатыр. Солтүстік-шығысында жіңішке Суәц мойнағы (112 км) арқылы Азиямен жалғасады. Гибралтар бұғазы арқылы Еуропаның Пиреней түбегінен бөлінген. Ірі шығанақтары Гвинея, Сидра. Ең үлкен түбегі – Сомали, құрлықтың шығысында – Мадагаскар, Занзибар, Сокотра, Мафия, Пемба, Комор, Маскарен, Амирант және Сейшель аралдары, батысында – Мадейра, Канар, Жасыл мұйіс, Гвинея шығанағында Аннабон, Сан-Томе, Принсиби, Фернандо-По аралдары орналасқан.

Ірі өзендері – Ніл (6671 км, дүние жүзіндегі ең ұзын өзен), Конго, Замбези, Нигер, Оранж. Озен арналарында шоңғалдар мен сарқырамалар көп кездеседі. Замбези өзенінің бойында атақты Виктория сарқырамасы бар (биіктігі 120 м, ені 1800 м). Құрлықтағы өзендердің гидроэнергетикалық мүмкіндігі өте жоғары. Ірі артезиан алаптары Сахара мен Калахари жерінде жатыр. Африка колдерінің ірілері: Виктория, Танганьика, Нъяса, Рудольф, Чад.

Африканың қазіргі саяси картасында 55 мемлекет бар. Олардың көпшілігінде шаруашылықтың бір жақты мамандануы, яғни экспортқа бағытталған шикізат немесе азықтұлік өндіру сақталған.

**АЭРОПОРТ**, ә у е ж а й – өлең көлігі құралдарымен тұрақты тұрғында жолауныларды, жүк пен пошта тасымалдауды қамтамасыз етуге арналған көсінорын. Бұл ұғым гректің aer – ауа, француздың port және латынша portus, яғни айлақ деген екі сөзінің бірігүінен шыққан. Құрамына аэрором, аэропорт, т.б. ғимараттар, техникалық қызметтер, құрал-жабдықтар енеді. Жабдықталу және тасымалдау

дәрежесінде қарай халықаралық және жергілікті аэропорттар болып ажыратылады. Аэропорт радиолокатормен, автоматты радиотехникалық құралдармен, жарық сигналы жүйесімен, навигациялық құрылғылармен, т.б. жабдықталады. Аэропорттың негізгі бөлігі – аэродром. Онда үшақ үшатын және қонатын жолақты жолдар, бағдарлану жолы, үшақ тұратын орындар, т.б. болады. Ірі аэропорттардың аумағы мындаған гектарға жетеді және оларда бір мезетте бірнеше үшақ қонып және үшып жатады.

**АЮ** – жыртқыштар отрядына жататын аң. Олардың денесі шомбал, басы үлкен, құлағы кішкентай, құйрығы қысқа (қалың жүнінен көрінбейді). Жұні бір түсті, қоңыр, қара не ақ, аяғы бес саусақты, тырнақты болады. Иіс сезу қабілеті жақсы жетілген. Қазір олардың ақ аю, актөсті аю, қоңыр аю, барibal, ерінді аю, малайзия аюы және көзілдірікті аю деген 7 түрі кездеседі. Ақ аю Солтүстік-Мұзды мұхит жағалауында тіршілік етеді. Оның дene тұрқы 3 м-дей, салмағы 400–700 кг-дай. Суда өте жақсы жүзеді, сұңғиді, табаны жұнді болғандықтан мұз үстінде таймайды. Ит балықпен, әсіресе каспий итбалығымен (нерпа) қоректенеді. Ақ аю екі жылда бір балалайды, қонжықтары енесімен 1,5 жылға дейін жүреді. Ақ аю Халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабына» енгізілген (1976 ж.). Ал Қазақстанда Тянь-Шань, Жоңғар Алатауы, Тарбағатай, Сауыр және Алтай тауларында аюдың 2 түр тармағы (қоңыр аю, Тянь-Шань аюы) мекендейді. Қоңыр аюдың дene тұрқы 2 м-дей, салмағы 150–200 кг-дай, түсі қоңыр, қара қоңыр болады. Аюлар 30–40 жылдай тіршілік етеді.



Алматы қаласының ауежайы



Қоңыр аю



**ӘБУ ӘЛИ ИБН СИНА,** Авиценна – ортағасырлық ғалым, философ, дәрігер. 980 ж. қазіргі Бұхара қаласының маңында дүниеге келген. Оның есімі ғылым тарихында латынша транскрипциясы бойынша Авиценна деген атпен белгілі. Орта Азияда және Иранда түрлі әмірлер тұсында дәрігерлік және үзірлік қызметтер атқарған. Жергілікті тәбиб әдістерін үйренген ғалым-дәрігер кітаптардан ескі грек, руми, ұнді, парсы, қытай медицинасын зерттеді. Әсіресе, Гиппократ пен Галеннің еңбектерімен толық танысумен қатар олардың айтып қалдырган қағидаларының ескірғен ұғымдарын алып таstadtы. Соның нәтижесінде Гиппократ пен Галеннің даңқы қайта жаңғырды. Оның күрделі туындысы – «Дәрігерлік ғылымның каноны» («Китаб әл-қанун фи-т-тибб») араб тілінде жазылған 5 кітаптан тұратын медициналық энциклопедия. Латынша аудармасы 12 ғасырда жарық көріп, аз уақытта бүкіл дүние жүзіне таралды. Осы кітап арқылы Әбу Әли ибн Сина «Медициналық ханзада», «Шейхур-райс» деген ұлы есімге ие болды. Ол келте кесу (ампутация), шеке бүрғылау (трепанация), қуықтан тас алу, онымен қатар жара таңу, білтелеу, сынық салу амалдарын және дәріні кең қолданды. Оның араб және парсы тілдерінде азын-аулақ өлеңдері де сақталған. Парсы тіліндегі өлеңдерінің басым бөлігі рубаяттар түрінде жазылып, ортағасырлық парсы, араб, өзбек және еврей әдебиетіне елеулі ықпал жасаған. Әбу Әли ибн Сина 1037 ж. 18 маусымда Хамаданда дүние салды.

**ӘБУ НАСР ӘЛ-ФАРАБИ**, Әбу Наср Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлаг әл-Фараби – қазақ даласынан шыққан ұлы ғалым, ойшыл философ, математик, астролог, музыка теоретигі. Ол 870 ж. Отыра尔да әскербасының отбасында дүниеге келген.

Отырар, Самарқан, Бұхара, кейіннен Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдад шаһарларында білім алған. Әбу Наср әл-Фараби – түркі ойшылдарының ең атақтысы, «Әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Әздігінен көп оқып, 150-те тарта трактат жазып қалдырды. Шығармаларында көне грек оқымыстыларының, әсіресе, Аристотельдің еңбектеріне талдау жасады. Алғашқы кезде Әбу Наср әл-Фараби өзін ақын, әнші, күйші ретінде танытып, одан соң ежелгі грек ғалымдарының қолжазбаларын оқу арқылы күрделі ғылыми зерттеулермен шұғылдануға кіріскең.



Түркістан қаласындағы  
Әбу Наср әл-Фараби ескерткіші

Әбу Наср әл-Фараби өз заманындағы ғылымның барлық салаларынан, әсіресе, математика, астрономия, физика, жаратылыштану ғылымдарынан көп мұралар қалдырды.

«Фылымдар тізбегі» деген еңбегінде сол кездегі ғылымды үлкен-үлкен бес салаға бөледі: 1) тіл білімі және оның тараулары; 2) логика және оның тараулары; 3) математика және оның тараулары; 4) физика және оның тараулары, метафизика және оның тараулары; 5) азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және дін ғылымы. Фалым бұл ғылымдардың бәрінің пәнін анықтап, қысқаша мазмұнына тоқталады.



Алматы қаласындағы  
Әбу Наср әл-Фараби ескерткіші

Әбу Наср әл-Фараби өмбебап музықант та болған. Саз аспаптарында ойнап, ән салған, өз жанынан ән, күй шығарған. «Музыканың ұлы кітабы» – ғұламаның әрі музыка жайында, әрі физика-математика жайында жазған тарихи үлкен туындысы. Мұнда музыкалық акустика мәселелері барынша кең қамтылып, дыбыстың табиғаты, тегі, таралуы, т.б. жайында көптеген дұрыс, соны пікірлер айттылған. Ол 950 ж. Сирияның Шам шаһарында қайтыс болды.

**ӘБУ РАЙХАН ӘЛ-БИРУНИ, Ә б у Р а и х а н** Мұхаммед ибн Ахмед әл-Бириуни – ортаазиялық әнциклопедист-ғалым. Әбу Райхан әл-Бириуни 973 ж. қазан айының төртінде Қият қаласының маңында өмірге келген. Негізгі еңбектері тарих, математика, астрономия, география, топография, физика, медицина, геология, минералология, т.б. ғылым салаларын қамтиды. Ол Орта Азия мен Иран қалаларында болып, атақты астро-

ном, математик Әбу Наср Мансур ибн Ирактан дәріс алды. Әбу Райхан әл-Бириуни – парсы, араб, грек, үнді (санскрит) тілдерін меңгерген оқымысты. 995–1010 жылдары Иранда тұрды. Астрономиялық шығармаларында Әбу Райхан әл-Бириуни дүниенің гелиоцентрлік жүйесін (Коперниктен 500 жыл бұрын), денелердің Жерге қарай тартылуын (Галилей мен Ньютоннан 600 жыл бұрын) болжаған. Арал теңізінің жағасында, Үндістанда, Ауғанстанда астро-



Әбу Райхан әл-Бириуни

номиялық бақылау жұмыстарын жүргізіп, жер мәлшерін дәл анықтаған. Әбу Райхан әл-Бириунидің географиясында сол кездегі белгілі жерлердің бәрі айттылған, сонымен қатар мұхит, теңіз, тау, өзен, шөл, мемлекеттер мен халықтардың аттары толық көлтірілген. Әбу Райхан әл-Бириунидің еңбектерінде Орта Азия мен Шығыс Сібірдің тарихи этнографиясы, сондай-ақ Орта Азия көшпелі тайпаларының батысқа, Шығыс Еуропаға дейін қоныс аударулары, Қазақстан жері, оны мекендеген түркі тайпалары, олардың әдет-ғұрпы, салт-жоралғылары жөнінде құнды деректер беріледі. «Үндістан»(1031), «Бұрынғы үрпақтар ескерткіші» (1048), «Масғуд каноны», т.б. еңбектері көптеген шетел тілдеріне аударылған. Ол 1048/50 ж. Фазни қаласында қайтыс болған.

**ӘБІЛҚАЙЫР, Ә б і л қ а й ы р** Мұқамбет Фази Банадур хан – хан, қолбасшы. 1693 ж. өмірге келіп, 1748 жылдың он екін-

ші тамызында елу бес жасында қаза тапты. Әбілқайыр соғыстарда батырлығымен, айла-керлігімен, шабуылдарды үйымдастыра білуімен аты шығып, мұрагерлік жолмен емес, өз беделімен Кіші жұздің ханы (1710–1748) болды. 1715 ж. Тәуеке хан өлгеннен кейін үш жұздің бас хандығына таласты. Бірақ мұрагерлік жолмен Тәуkenің ұлы Болат бас хан сайланды. 1726 ж. Ордабасыдағы халық жиналышында Әбілқайыр қазақ жасақтарының



Әбілқайыр хан.  
Суретші Н.Қарымсақов

қолбасшысы болып сайланды. Бұланты өзенінің жағасындағы (1728), Аңырақайдағы [1729(30)] ойраттарды талқандаған соғыстарда қолбасшылық қабілетімен ерекше көзге түсіп танылды. Қазақ хандары мен сұлтандарының алауыздығы артып, сыртқы қауіп күшеген шақта Ресей империясына арқа сүйеуді ойлады. 1731 ж. қазанда Ресей империясының қарамағына кіргендігі жөнінде ант (бұл антты 1738, 1740 және 1742 ж. қайталады) берді. Ант беру арқылы ол жеке мұддесімен бірге халықты апаптан сақтауды да ойлады. Алайда Ресей қазақ жерін бүтіндей отарлауды көздеді. Әбілқайыр оның саясатын дер кезінде түсінді. Хан жоңғар шапқыншылығы әлсіреген сайын Ресейден бойын аулақ салуға тырысты. Кіші жұз ханы ретінде оның саясатында қайшылықтар да бар. Қазақ дала-сын отарлаудың тірегі болған Ор бекінісін салуды (1735) өзі ұсынды. 1737–38 жылғы башқұрт халқының отаршылдық езгіге қарсы көтерілісін басуға қатысуы туысқан екі ел-

дің қарым-қатынасын шиеленістіріп жіберді. Ханның дербестігі мен «орысшылдығы», қазақ даласына жайылып кеткен атағы кейбір сұлтандарға ұнамады. Сөлардың бірі – Орта жұздің сұлтаны Барак Ор бекінісінен қайтып келе жатқан Әбілқайырмен ен далада кездесіп қалып, оны өлтіреді. Бейіті Қабырға өзенінің Үлкүяққа құятын тұсында, Торғай қаласынан 80 шакырым жерде.


**ӘЗЕРБАЙЖАН, Әз е р б а й ж а н Р е с**  
п у б л и к а с ы – Кавказдың оңтүстік-шығысында орналасқан мемлекет. Солтүстігінде Ресеймен, солтүстік-батысында Грузиямен, оңтүстік-батысында Армения және Туркиямен, оңтүстігінде Иранмен, шығысында Қаспий теңізі арқылы Қазақстанмен шектеседі. Аумағы 86,6 мың км<sup>2</sup>, халқы 9,2 млн. адам. Астанасы – Баку (Бақы) қаласы. Халқының 83%-ы әзербайжандар. Мемлекеттік тілі – әзербайжан тілі. Халқы негізінен ислам дінін ұстанады.



Баку қаласы



Әзербайжан таулары



Шекин ауданындағы ежелгі храм (3-4 гасырлар)

Әзербайжанның жер бедерінің үштен екісін Үлкен және Кіші Кавказ таулары, Қарабақ жанартаулық таулы үстірті және Талыш таулары алып жатыр. Ең биік жері – Базардюзю (4466 м). Ирі өзендері Кура және Аракс. Ең үлкен көлдері – Гаджикабул және Беюкшор.

Әзербайжан индустримальды және ауыл шаруашылығы көп салалы ел. Жері мұнай мен табиғи газга бай. Мұнай-газ, машина жасау және металл өндіреу, химия және мұнай химиясы өнеркәсіппері елеулі маңыз атқарады. Ауыл шаруашылығында мақта, темекі, бау-бақша өнімдері және мал шаруашылықтарының маңызы зор. Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары түрлі шарап пен коньяқ, консерві, ұн, темекі, балық өнімдерін шығарады.



**ӘЙТЕКЕ БИ, Әйтеке Баýбекұлы** – қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үшбидің бірі, мемлекет қайраткері. Әлім тайпасының төртқара руынан шыққан ол 1644 ж. Өзбекстандағы Қазбиі тауы-

ның етегінде туған. Әмір Темірдің бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші, Сейітқұл әулиенің – үшінші үрпағы. Самарқан өмірі (1622–56) Жалаңтөс баһадүрдің немерелес туысы. Әйтеке бес жасында ауыл молдасынан сауатын ашып, Самарқандагы Ұлықбек медресесінде, кейіннен әйгілі «Шер-дор» (Арыстанды) медресесінде оқиды. Медресені бітірісімен туған ауылына оралып, ел басқару істеріне араласады. Жиырма бес жасында оны барша Кіші жүз халқы бас би етіп сайлады. Тәуке таққа отырғаннан кейін алғаш рет реңми түрде айрықша құқты «Хан кеңесі» сайланды. Әйтеке Кіші жүз жұрттының атынан осы «Хан кеңесінің» мүшесі болды. Осы кезде заман өзгерісіне қарай жаңа заң үлгілерін жасау қажеттігі туды. Сөйтіп 1684 ж. «Жеті жарғы» қабылданды. «Жеті жарғыға» Әйтекенің ұсынған баптарының ішінде екеуі ғана белгілі. Ол – «Сүйек құны» мен «Өнер құны».

Әйтеке шешендігімен, «қара қылды қақ жарған» әділдігімен бірге, жонғарлармен болған ұрыстарда қол бастаған батыр да болған. 1685 ж. Нұрата маңына шабуыл жасаған Қалдан-Бошактының он мың жасағымен соғысады. Бошакты Сайрамға шегініп кетеді. Әйтеке 1700 ж. қайтыс болып, Өзбекстанның Нұрата ауданындағы Сейітқұл қорымында жерленген.

Ел аузында Әйтеке айтқан билік, шешендік сездер, толғаулар, баталар көп сақталған. Ол туралы ақыз әңгімелер мен жырлар да жеткілікті. Соның бірі авторы беймәлім, «Әйтеке би» деген ұзақ дастан. Биді халық «айыр тілді Әйтеке» деп атаған. Ақтөбе облысының бұрынғы Қарабұтақ және Комсомол аудандары біріктіріліп, қазір Әйтеке ауданы деп аталады.

**«ӘЛЕМНІҢ ЖЕТІ КЕРЕМЕТІ»** – біздің заманымыздан бұрынғы 3 ғасырда Ескендір Зұлқарнайн (Александр Македонский) Кіші Азия, Орта Азия, Мысыр, Оңтүстік Үндістан территорияларын жаулап алып, ұлы империя құрғаннан кейін, саяхатшыларды қызықтыру үшін осы өңірлердегі 7 орыннан таңдаған сәулет өнері ескерткіштері. Олар: 1) Мысыр пирамidalары – ежелгі Мысыр перғауындарының өзіндік үлгідегі мазарлары. Біздің заманымыздан бұрынғы 28 ғасырда салынған; 2) Вавилонның (Бабылдың) аспалы бағы – біздің заманымыздан бұрынғы 6 ғасырда Вавилония өмірі кіші әйеліне арнап жасатқан. Бақ ерекше тәсілмен аспалы текпішекті сөкі-

алаңшалар үстіне салынған; 3) Эфестегі Артемида ғимараты – кезінде әлемдегі ең үлкен гибадатхана болған. Біздің заманымыздан бұрынғы 4 ғасырда соғыс алапатынан қираған; 4) Олимпиядағы Зевстің мүсіні – біздің заманымыздан бұрынғы 5 ғасырда көне грек мүсіншісі Фидий алтын мен піл сүйегінен жасаған; 5) Галикарнастағы Мавсол патшаның табытханасы – біздің заманымыздан бұрынғы 4 ғасырда салынған; 6) Жерорта теңізінің Родос аралындағы құн құдайы Гелиостың мүсіні – биіктігі 45 м. Біздің заманымыздан бұрынғы 285 ж. жасалған, біздің заманымыздан бұрынғы 224 ж. жерсілкіну кезінде қираған; 7) Александрия шамшырағы – біздің заманымыздан бұрынғы 3 ғасырда жасалған, мұнарасының биіктігі 160 м.

**ӘЛІПБИ**, алғавит – жазуда қолданылатын әріптердің белгіленген тәртіп бойынша орналасқан жиынтығы. Әріптердің рет тәртібінде білдіреді. Ұғымды белгілейтін идеограмма жазудан, сөзді бейнелейтін логограмма жазудан әліпбилік жазудың жүйесі мүлде бәлек. Жазудың әліпбилік үлгісін, яғни таңбаның бір ғана дыбысқа (фонемаға) сәйкес келуін біздің заманымыздан бұрынғы 3-мыңыншы жылдардың ортасында семит халықтары ой-

лап тапқан. Семит тілдерімен туыстас көлбеу сзықты (курсив) арамей (көне семит тілі) әліпбі Таяу және Орта Шығыс елдерінде бәріне дерлік тарады. Тұзу сзықты финикий әліпбі бастапқы түрінде Кіші Азия, Грекия, Италия, т.б. елдерде қолданылды. Ал көне грек әліпбі бірнеше тілдердің жазу-сызуына негіз болды. Византия жазуы, копт (христиан мысырлықтар), гот, славян жазулары көне грек әліпбінің Шығыс тармақтарына жатады. Ал италий, этрус, көне герман сына жазуы, т.б. батыс грек әліпбінің тармақтары болып саналады. Бұлардың ішінде этрус әліпбі латын әліпбіне негіз болған. 8–13 ғасырларда Орталық Азиядағы түркілердің арамей-сирия тармағынан тараған несториан, манихей жазуларымен жазған жазба ескерткіштері болды. Сондай-ақ парсы-арамей тармағына жататын соғды әліпбі Шығыс Түркістанда кеңінен қолданылған көне үйғыр әліпбіне негіз болған. Ал көне үйғыр әліпбі негізінде 13 ғасырдан кейін тұңғыс-манжұр жазулары қалыптасты. Түркі халықтарының әлемге әйгілі Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің әлінбіне соғды жазуы негіз болған деген де пікір бар. Ал орыс шығыстанушысы Николай Аристов түркі әліпбін ешбір бәгде әліпбидің ықпалыныз, түркі таңбалары негізінде туған төл жазу деп санайды. Қазақ жазба мұраларының көпшілігі араб әліпбі арқылы біздің заманымызға жетті. 1912 ж. Ахмет Байтұрсынов араб әліпбіне негізделген қазақ жазуына алғаш реформа жасады. Ол қазақ жазуы тарихында «жаңа емле» (тәте жазу) деп аталып, халықты сауаттандыруда ірі бет-бұрыс жасады. Әліпбі 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерінде, 1929 жылға дейін кеңестік мектептерде қолданылды. 20 ғасырдың 20-жылдары аяғында әліпбиді ауыстыру жайлыш түркі, қазақ зиялыштары арасында айтыс жүріп, Байтұрсынов реформалаған әліпбі қолданыстан шығарылды. Шығыс Түркістандағы (ҚХР) – Шыңжаң автономиялық ауданындағы қазақтар Байтұрсынов әліпбін қазіргі кезге дейін қолданып келеді. 1929 ж. КСРО құрамындағы түркі халықтары латын әліпбіне көшірілді. 1940 ж. Кеңес Одағы халықтары біртекті әліпбиді қолдануы қажет деген саясатпен орыс әліпбі қолданысқа енгізілді. Орыс тілінде жоқ қазақ тілі дыбыстарының таңбалары кирилл таңбаларына ұқсас-тырылып (қ-қ, ф-ғ, ө-օ, ң-н,) қабылданды. Бұл әліпбидің қазақ тіліне тән ерекшеліктердің

Қазіргі қазақ әліпбі

бәрін толық таңбалай алмауына байланысты және әлемдік ақпарат жүйесімен еркін үйлестіру мақсатымен кейінгі жылдары қазақ жазуын латын өліпбіне көшіру мәселесі көтерілуде.

**ӘЛІШЕР НАУАИ, Әлішер Низамаддин Мир Науай** – түркі халқының ұлы ақыны, ойшылы, мемлекет қайраткері. 1441 ж. ақпан айының тоғызында Герат қаласында туған. Әкесі өлгеннен кейін 12 жасар Әлішер Науайды Әблілқасым Бабыр өз тәрбиесіне алған. Оның есімі 15 жасынан түркі және парсы тілдерінде бірдей жазатын ақын ретінде таңылды. Гератта, Мешхедте, Самарқандада оқып,



Ә.Науай. Суретші А.Абдуллаев. 1940 ж.

Фирдауси, Низами, Хөрөзми, Сайф Сараи, Жәми шығармашылығымен танысты. Мектептес досы Хұсайын Байқара Хорасанның әмірі болған кезде, оның мөр сақтаушысы (мұхрад) қызметін атқарды. 1472 ж. уәзір болып тағайындалды. 1476 ж. уәзірліктен босатылып, шығармашылық жұмыспен айналысты: түркі-шағатай тілінде «хәмсә» жырлар тобына енетін «Жақсылардың таңдануы» (1483), «Фарҳад пен Шырын», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Жеті әлем» (1484), «Ескендір дуалы» (1485) атты шығармаларын жазды.

Ақын 1501 жылдың үшінші қаңтарында туған қаласында қайтыс болған.

Әлішер Науай шығармалары 15 ғасырдың өзінде Мауераннахр мен Хорасанда ғана емес, Иран, Өзбекистан, Шығыс Түркістан, Үнді-

стан, Мысыр, түркі елдеріне, кейіннен Еуропа мен Америка кітапханаларына тарады. Ақын шығармашылығы 19 ғасырдың орта шенінен шығыстанушы ғалымдардың назарын аудара бастады. Әлішер Науайдың ақындық дарынына ұлы Абай да тәнті болып, оның шығармашылық дәстүрін жалғастырған.

**ӘМУДАРИЯ** – Орталық Азиядағы ең ірі және суы мол өзен. Пяндж және Вахш өзендерінің қосылған жерінен Әмудария (ежелгі атаулары Әму, Оксус, Балх, Жәйхун) деп аталағы. Ұзындығы 1415 км (Пяндж өзенінің бастауынан есептегендеге 2540 км), алабының ауданы 309 мың км<sup>2</sup>. Әмудария Гиндукуштың солтүстік беткейінен бастау алады. Негізгі салалары: Гунт, Бартанг, Язгулем, Ванч, Қызылсу, Кафирниган, Сурхандария, Құндыз, Шерабад. Жазыққа шыққаннан кейін 1100 км бойы Тұран ойпатының шөлді аймағын басып агады. Бұл бөлігінде өзенге бір де бір сала қосылмайды. Арап теңізіне құяр жерінде тарамданып (Талдық, Қазақдария, т.б.) кетеді де зор ауқымды атырау (7000 км<sup>2</sup>) құрайды.



Әмудария өзенінің бастауы



Өзен жағалауы

Ағыны таудағы мұз бен қар сүйнан түзіледі. Өзен көктем мен жазда тасиды және өте лайлы болып келеді. Ең төмен деңгейі қаңтар мен ақпан айларына келеді. Булануға, сіңуге және жер суаруға пайдалануына байланысты Некістің тұсына барғанда ағын 40%-та азаяды. Төменгі ағысында 2–2,5 ай қатады. Арнасы жұмсақ тау жыныстарынан құралған. Өмудариядан Қарақұм, Әму – Бұхара, Қаршы каналдары бастау алады.



**ӘМІРЕ ҚАШАУБАЕВ** – атақты әнші, актер әрі музықант. 1888 ж. туған. 12 жасқа толғанда Исабек деген байдың ат айдаушысы болып, ол жас әншіні тойжындарда ән салғызыда. Әміре 1921–24 ж. Семейде құрылған қазақ жастарының ағарту үйімі «Ес-аймаққа» мүше болып, әншілік өнерін шындағы түсті. 1924 ж. осы қалада үйімдастырылған халық өнерпаздарының байқауына қатысып, бас бөйгеге ие болды. 1925 ж. Парижде өткен Бүкіл дүние жүзі сән өнері көрмесінде «Ағаш аяқ», «Қанапия», «Үш дос», «Жалғыз арша», «Қосбалапан», т.б. әндерді орындаған, 2-бәйгемен қоса күміс медаль алды. «Париж апталығы» газеті мен «Ле мюзикаль» журналы оның сирек кездесетін талант екенін жазса, Сорбонна университетінің профессоры Перно фонографқа Әміренің орындауында бірнеше ән жазып алған. 1927 ж. сөүір айында арнайы шақыртумен Мәскеу консерваториясының заңында қазақ әндерін тамылжыта шырқады. Сол жылы Германияның Майндағы Франкфурт қаласында өткен Халықаралық музыкалық көрмеде концертке қатысып, қазақтың халық әндерін өлемге паш етті. Александр Затаевич Әміренің әншілік өнеріне тәнті болып, одан «Балқадиша», «Дударай», Бес қарагер», «Көк кобелек», т.б. әндерді жазып алыш, «Қазақтың 500 ән мен күйі» (1931) жинағында жариялады. 1926 ж. Қызылордада ашылған Қазақ драма театрының (қазіргі Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театры) алғашқы актерлерінің бірі болды. 1934 ж. 6 желтоқсанда ауыр сырқатқа шалдықкан әнші оқыстан қайғылы қазаға ұшырады.

**ӘМІР ТЕМІР**, Құтбұддин Темір Гүркап, Саһиб Қыран Ағзам Жанат Макан – қолбасшы, мемлекет қайраткері. Барлас тайпасының би Тарағай бектің баласы. Ол 1336 ж. Түркістанның маңындағы Қожа-Илгар Кеште өмірге келген. Жас кезінде сол Туркістан маңындағы бір шайқаста аяғынан жарақттанған. Әмір Темір алғашында Қашқадария уәлаятының билеушісі (1361) болды. Осы кезден бастап Әмір Темір Моголстан ханы Тоғлук-Темірмен, оның ұлы



Әмір Темір. Суретші М.Нәтиев

Илияс Қожа және Балх пен Самарқан әмірі Хүсейнмен билік үшін құрес жүргізіп, 1370 ж. Мауераннахрды өзінің қолына алды; ал 1370–80 ж. Хорезм, Шығыс Түркістан, Хорасан, Қандагар, Сүлтания (Оңтүстік Әзербайжан), Иран және Ауғанстанды бағындырды. Әмір Темір 1380–90 ж. Тоқтамыс хан мен Едіге әмірдің арасындағы алауыздықты шебер пайдалана отырып, Дешті Қыпшақ, Ақ Орда мен Моголстанға оннан астам жойқын соғыс жорығын жасады. Әмір Темірдің Алтын Орданы талқандауы Ресейдің төуелсіздік алуына оң жағдай жасады. 1390-жылдары Қавказ бен Ирак Әмір Темір мемлекетінің құрамына енді. 1398 ж. Үндістан басып алынды. Сирия мен Лубнан (Палестина) мәмлүктегі бағындырылды. 1402 ж. жазда Әмір Темір Анкара шайқасында түрік сұлтаны Илдырым Баязидті (Баязид I) түткіндады. Әмір Темірдің үздіксіз соғыстарының нәтижесінде алып империя – Темір мемлекеті құрылды. Оның жалпы аумағы 14 млн. км<sup>2</sup>-ге жетті. Әмір Темір 1405 ж. Қытайға жорыққа шыққанда жолай ақпанның

18 күні Отырарда қайтыс болды. Сүйегі Са-марқандагы Гүр-Әмір кесенесіне жерленген. Темір әuletінен ұлы ғалым Ұлықбек, Могол империясын құрушы Бабыр сынды атақты адамдар шықты. Орталық Азиядағы бірқатар сәулетті гимараттардың пайда болуы, қала-лардың өркендеуі, шөл даладағы жер сулан-дыру құрылыштарының салынуы, қолөнер мен сауданың дамуы Әмір Темір есімімен тығыз байланысты. Әмір Темір қазақ жерінде қасиетті Қожа Ахмет Иасауи кесенесін салып қалдырыды.

**ӘНҮРАН**, гимн – салтанатты ән, мемлекеттік негізгі рөміздердің бірі. Бұл гректің *hymnos* сөзінен шыққан, яғни мадақтау ән деген ұғымды білдіреді. Оның сөзі де, музыкасы да рух көтеретін салтанатты, ұлken мұраттарға бастайтындай болуы керек. Әнүраның әскери, діни, т.б. түрлері болады. Кейбір күрделі опера, балет, симфония, хорлар соңы әнүран сипатында аяқталады. Мысалы, Людвиг ван Бетховен өзінің 9-симфониясын Иоганн Шиллердің «Шаттық» одасына арнап жазған әнүранымен аяқтаса, орыс композиторы Михаил Глинка «Иван Сусанин» операсын атақты «Даңқ» хорымен бітіреді. 1945 ж. бекітілген Қазақстан әнүранының сөзі коммунистік идеология талабына сай жазылды. Дербес мемлекет болғаннан кейін Қазақстан Республикасының әнүраны 1992 жылдың 4 маусымында бекітілді. Кейіннен ол Шемші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнімен ауыстырылды.



**ӘУБӘКІРОВ Тоқтар Онғарбайұлы** – қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры (1988), Қазақстан Республикасының Халық Қарнаманы (1995). Ол 1946 ж. Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында өмірге келген. Ресей Федерациясындағы Армавир

жоғары әскери ұшқыштар училищесін (1969), авиация институтын бітірген (1979). 1969–75 ж. Өскери-әуе күштерінде ұшқыш, звено командирі, эскадрилья командирінің орынба-

сары. 1976–1992 ж. Мәскеудегі Тәжірибелік конструкторлық бураоның ұшқыш-сынақшысы міндеттерін атқарды. Ол реактивті ұшақтың елуден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1990 ж. ғарышкерлер құрамына алынды. 1991 ж. 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Онда ол озге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арап аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде Арап үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болу процесі, сол зиянды аэрозолдардың Қазақстан мен Ресей аймақтарына таралуының ғарыштық суреттері алынды. Ғарыштан оралған соң Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Қүштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты.

### ӘУЕЗОВ Мұхтар

**Омарханұлы** – Ұлы жазушы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан Ғылым академиясының академигі (1946), филология ғылымдарының докторы, профессор (1946), Қазақ КСР-нің еңбек сінірген ғылым қайраткері (1957). Ол қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданы жерінде 1897 ж. 28 қыркүйекте туған. 1910 ж. Семей қалалық бес кластиқ орыс қазына училищесіне оқуға түсіп, соңғы класында оқып жүргендеге «Дауыл» атты алғашқы шығармасын жазады. Училищені 1915 ж. аяқтап, Семей қалалық мұғалімдер семинариясына түседі. Семинарияда оқып жүріп «Еңлік – Кебек» пьесасын жазып, оны 1917 ж. маусым айында Ойқұдық деген жерде сахнаға шығарады.

Ресейдегі саяси тәңкерістер Әуезов өміріне үлкен өзгерістер әкеледі. Ол Семейде «Алаш жастары» одағын құрып, түрлі үйірмелердің ашылуына үйіткі болады. Жүсілбек Аймаутовпен біргіп жазған «Қазақтың өзгеше мінездері» аталатын алғашқы мақаласы 1917 ж. 10 наурызда «Алаш» газетінде басылды. 1919 ж. желтоқсанның төртінде Семейде большевиктер билігі орнап, Әуезов Семей губревкомының



жанынан ашылған қазақ бөлімінің меңгерушісі және «Қазақ тілі» газетінің ресми шығарушысы болып тағайындалады. 1922 ж. күзде Ташкенттегі Орта Азия университетіне тыңдаушы болып оқуға түседі әрі «Шолпан» және «Сана» журналдарына жұмысқа орналасады. Осы басылымдарда «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Оқыған азамат», «Кім кінәлі», «Заман еркесі» («Сөніп-жану») әңгімелері жарияланады. 1923 ж. маусым айында Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) мемлекеттік университетінің тіл-әдебиет бөліміне оқуға ауысады. 1924–25 ж. Семейдегі мұғалімдер техникумына оқытушылыққа қабылданды. Сонда жүріп «Таң» журналын шыгарады. 1925 ж. Ленинградқа қайтып барып, оқуын жалғастырады. 1928 ж. Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасына қабылданды әрі Қазақ ағарту институтында сабак берді.

1932 жылдың маусым айынан Қазақ педагогика институтының (ҚазПИ-дің) ага оқытушысы болып қызмет істейді. Осы жылдары театр, драматургия, мәдениет пен өнер, әдебиет, фольклор тарихы, орыс әдебиетінің классиктері туралы мақалалары ұзбей жарияланып тұрады. 1936 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен онерінің онқундігіне қатысады. Осы жылдары «Абай» романын жазуға кірісіп, оны 1941 ж. бітіреді. «Абай» романының жарық көруі (1942) Қазақстанның мәдени өміріндегі ерекше оқиға болды. 1943 ж. «Абай» романын талқылау үлкен науқанға айналады. 1946 ж. романың екінші кітабын жазып бітіріп, ол 1947 ж. жарық көреді. 1950 ж. роман-эпопеяның «Ақын аға» атаплатын үшінші кітабы жарық көреді. 1943 жылдың қыркүйегінен бастап Қазақтың мемлекеттік университетінің (ҚазМУ-дің) қазақ әдебиетінің кафедрасына профессор болып орналасып, өмірінің соңына дейін сонда дәріс оқыды.

Мәскеу мемлекеттік университетінде профессор «КСРО халықтары әдебиетінің тарихы» деген арнайы курс бойынша дәріс берді. 1954 ж. Алматыға қайтып оралып, «Абай жолы» роман-эпопеясын түпкілікті аяқтады.

М.Әуезов 1961 жылдың 27 маусымында Мәскеу қаласындағы ауруханада қайтыс болды; Алматы қаласында жерленген. Сол жылы Қазақстан Фылым академиясының Әдебиет және өнер институтына оның есімі берілді, одан кейін жазушы тұрған үйде мұражай-үйі (1963)

ашылып, ескерткіштер орнатылды. Қазақ академиялық драма театры, Алматы, Астана, Семей және басқа қалалар мен облыстардағы аудан, ауыл, көше, мектептер Әуезов есімімен аталады.

«Абай жолы» – Мұхтар Әуезовтың әлемге әйгілі роман-эпопеясы. «Абай жолы» – қазақтың көркем прозасын классикалық деңгейнен көтеріп, әлем әдебиетіне көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Әуезов өзінің роман-эпопеясында қазақ халқын, оның үлттық дәстүрін барлық қырынан әнциклопедиялық деңгейде жан-жақты ашып көрсетті.

**ӘУЛИЕ** – дін жолына кіршікіз берілген ерекше діндарлығымен халық сеніміне ие болған қасиетті тұлға. Әулиелер туралы түсінік барлық діндерде кездеседі. Мысалы, христиан дінінде «великомученик» (ұлы қасірет шегуші), «апостол» (пайғамбар), «мученик» (қасірет шегуші), «монах», «блаженный» (дәруіш), т.б. ретінде кездеседі. Ислам дінінде де әулие ұғымы бірден орнықкан. Мұхаммед пайғамбардың серіктерін, туыстарын, үрім-бұтақтарын, кейінгі діни қайраткерлерді әулие тұту, оларға құлшылық ету дәстүрі барлық мұсылман елдерінде бар. Кейде оларды жинақы түрде «әулие-әнбиeler» деп те атайды. Қазақ халқының дүниетанымында әулиеге табыну дәстүрі ежелден бар. Төңірге сенген ежелгі түркілер Ұмай аنانы, Қызыр атаны, ата-баба аруақтарын желеп-жебеуші санап, оларға үнемі сыйынып отырған. Құнғе, Айға, Отқа табыну, ел иесі Қекберіні қасиет тұту, су песі Сүлейменге жалбарыну, тіршілігінің негізі төрт тұлік малдың иелері – Қамбар атадан, Шопан атадан, Ойсыл қарадан, Зенгі бабадан, Шекшек атадан жәрдем күту, т.б. ислам дініне дейінгі ежелгі нанымдар қазақ халқының дүниетанымында күні бүгінге дейін сақталған. Бұл бағытта, әсіресе, қазақ даласына ислам дінінің сопылық ілім түрінде енуі үлкен өсер етті. Баба тұкті Шашты Әзіз, Арыстан баб, Баб ата, Қожа Ахмет Иасауи, Бекет ата, Сопы Әзіз, Оқшы ата, т.б. әулиелер білімпаз діндарлығымен де, қарапайым ізгілігімен де халық жадында мәңгілік сақталған. Қазақ халқы, сондай-ақ ел қорғаған батырларды, үлт бірлігін сақтаған билерді, ақыл-парасатымен тұтас аймаққа үлгі болған аналарды әулиелер қатарына қосып, олардың аруақтарына табынып келеді.

# Б

**БАБЫР**, Захир әд-Дин Мұхаммед Бабыр – Үндістанда Могол империясының негізін қалаушы, қолбасшы, тарихшы, ақын. Бабыр 1483 ж. Ферғана аңғарында дүниеге келген. Ата тегі: Әмір Темір – Миран шаһ, Сұлтан Мұхаммед мырза – Сұлтан Әбу Сайд мырза – Омар Шейх мырза – Бабыр. Шешесі Құтлық Нигар ханым – Шагатай өулетінен шыққан Жұніс ханның қызы. Әкесі Омар Шейх қайтыс болған соң, он екі жасар Бабыр Ферғананың әмірі болып тағайындалған.



Бабыр (ортагасылық миниатюра)

1501 ж. Бабыр әскери Самарқанды басып алды. Бірақ Мұхаммед Шайбани әскерлеріне төтеп бере алмай, 1501 жылдың екінші жартысында Самарқанды тастап шықты. 1504 ж. көктемде Мұхаммед Шайбани Ферғанага басып кірді. Одан жеңілген Бабыр сол жылы Ка-бул шаһарын жаулап алып, Бадахшанға орнақты. 1506 ж. падишаһ атанды. Бабыр ата

мекенін өз билігіне алуға талай рет әрекет жасады, бірақ Шайбани өuletіne төтеп бере алмай кері қайтты. Бабыр 1518–19, 1524–25 ж. Үндістан жеріне бес рет жорық жасады. Бара-бара Үндістанның солтүстік бөлігін бағындырыды да, Могол империясының негізін қалады. Дели шаһарын мемлекет астанасына айналдырып, сауданы орістетуге көніл бөлді. Бабыр – өміrbаяндық атақты «Бабырнама» кітабының, өлеңмен жазылған «Мубайн» атты шығарманың, «Бабыр жазуының» («Хатт-и Бабури») авторы. Оның басқа еңбектері бізге толық жетпеген. Бабырдың қызы Гүлбадан-ның «Құмайыннама» кітабында Бабыр, оның ұлы Құмайынның әмірі, елдің тарихы жайында деректер берілген. Бабыр 1530 ж. Үндістандағы Аgra шаһарында дүние салды, сүйегі Ка-бул шаһарына әкелініп, Шердарбаза тауының етегіне жерленді. Бұл жер «Бабыр бағы» («Баги Бабур») деп аталады.

### БАГЛНОВА Роза

Тәжібайқызы – әнші, Қазақстанның (1955) және бұрынғы КСРО халық артисі (1967), Халық қаһарманы (1996). Қызылорда облысының Қазалы қаласында 1922 ж. туған. Өнер жолын Ташкент филармониясының ән-би ансамблінде әнші болып бастаған. Сол ансамбльмен 2-дүниежүзілік соғыс жылдары майдан даласында өнер көрсетіп, 1945 ж. тоғызыншы мамырда Берлиндегі жеңіс концертіне қатысады. 1947–49 ж. Қазақ опера және балет театрының, 1949–60 ж. Қазақ филармониясының, 1960 жылдан Қазақконцерттің әншісі болып, ұлттық ән өнерін дамытуға үлкен үлес қосты, ерекше сазды әншілік мектептің қалыптасуына ықпал жасады. Роза Бағланова қазақтың халық әндерін, замандас композиторлар әндерін, шет ел халықтарының (венгр, өзбек, қыргыз, тәжік, украин, грузин, әзербайжан, корей, қытай, монгол, орыс, ұнды, чех, швед, т.б.) әндерін нақышына келтіре орындағы. 1946 ж. Мәскеуде өткен бүкілодактық эстрада әншілері 2-конкурсының дипломаты, 1949 ж. Бухаресте өткен бүкіл дүниежүзілік Жастар



мен студенттердің 2-фестивалінің лауреаты. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Халықтар достығы» ордендерімен, Шапағат медалімен марапатталған. Роза Бағланова 2011 ж. 8 ақпанды Алматы қаласында қайтыс болды.

**БАЙҚОҢЫР** – ғарыш алаңы. Қызылорда облысы Қармақшы ауданы аумағында орналасқан. Іргесі 1955 ж. қаланған. Ғарыш алаңын салу үшін Байқоңырды таңдал алу кезінде бұл жердің елді мекендерден қашық болуы, экватор жазықтығына жақындығы, ракета ұшырудың қауіпсіздігі, қайтып оралатын ғарыштық нысандар үшін қолайлыш қону аймақтарының болуы, т.б. факторлар ескерілді. Байқоңырдың басты және қомекші нысандары мен қызмет ету орындары кең аймақта орналасқан, олар бір-бірімен автомобиль жолдары және темір жолы арқылы байланысқан. 1957 ж. төртінші қазанда Байқоңыр ғарыш алаңынан тұңғыш ғарыш ракетасы ұшырылды. Ол дүние жүзіндегі ең бірінші Жердің жасанды се-рігін (ЖЖС) орбитада шыгарды. Байқоңырдан 1961 ж. он екінші сөуірде адамзат тарихында тұңғыш рет Юрий Гагарин «Восток» ғарыш кемесімен ғарышқа аттанды. Байқоңырдан Күннің, Айдың, Шолпанның алғашқы жасанды серіктері, «Восток», «Восход», «Союз», «Прогресс» ғарыш кемелері, «Салют», «Мир» орбиталық стансалары, сондай-ақ, зерттеубарлау жұмысын жүргізуге арналған «Космос», ғылыми-тәжірибелік жұмыстар жүргізуге арналған «Протон», «Зонд», «Прогноз», байланыс мақсаты үшін пайдаланылатын және метеорологиялық бақылаулар жүргізуге арналған «Молния», «Экран», «Горизонт», «Радуга», «Метеор», т.б. секілді Жердің жасанды се-ріктері ұшырылды. 1991 ж. екінші қазанда



Ракетаның ғарыш айлагына орналастырылуы

тұңғыш қазақ ғарышкери Тоқтар Әубәкіров «Союз Т-13» ғарыш кемесімен Байқоңырдан ғарышқа көтерілді. Ресеймен бірлескен бағдарлама бойынша қазақ ғарышкери Талғат Мұсабаев ғарышта екі рет (1994, 1998) болды. Байқоңыр ғарыш алаңы 1991 ж. Қазақстан Республикасының иелігіне өтіп, 1993 ж. Ресей Федерациясына жиырма жылға жалға берілді (кейіннен бұл шарт 50 жылға ұзартылды). Байқоңыр кешенін пайдаланудың экологиялық зардаптары байқалады. Ракеталардан түсken қалдықтар Қарағанды, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарына зиян келтіруде.

### БАЙСЕЙІТӨВА

Құләш (шын есімі Гүлбаһрам) **Жасын-қызы** – аса көрнекті қазақ әншісі, қазақ опера өнерінің негізін салушылардың бірі, КСРО халық артисі (1936). 1912 ж. екінші мамырда қазіргі Алматы қаласында туып өсken. 1925–28 ж. мектепте оқып жүрген



кезінде көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, қала жастары көркемөнерпаздарының байқауында әншілік дарынымен көзге түседі. 1930 ж. Қазақ драма театрының труппасына, 1933 ж. Қазақ музыка студиясына (қазіргі Қазақ опера және балет театры) қабылданады. Құләш қайталанбас даусымен, асқан артистік дарынымен үлттық опера өнері тарихының төрінен орын алды, халық сүйіспеншілігіне бөленіп, «қазақтың бұлбұлы» атанды. Жиырма төрт жасында КСРО халық артисі атағына ие болды. Құләш Байсейітова 1957 ж. 6 маусымда қайтыс болды. Әнші есімі Республикалық музыка колледжіне, Астана қаласындағы Үлттық опера және балет театрына, т.б. өнер ордаларына, көшелерге, мектептерге берілген.

**БАЙТҰРСЫНОВ Ахмет, Ахмет Байтұрсынұлы** – мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, үлттық жазудың реформаторы, ағартушы. Ол 1873 ж. қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданында дүниеге келген. 1895 ж. Орынбордағы



төрт жылдық мұғалімдер мектебін бітірген. 1895 жылдан 1909 жылға дейін Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меншеруші қызметін атқарады. Орынборға жер аударылған Ахмет Байтұрсынов 1910 ж. наурыздың тоғызында келіп, 1917 жылдың соңына дейін осында тұрды. Осы қалада 1913–18 ж. өзінің ең жақын сенімді достары Әлихан Бекейханов, Міржақып Дулатовпен бірігіп және қалың қазақ зиялыштарының қолдауына суйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарды. 1920 ж. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасын межелеу ісіне белсенді тұрде араласты. 1920–21 ж. Қазақ АКСР халық ағарту комиссары қызметінде болды. 1922 ж. Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922–25 ж. Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрагасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынов тұрлі қызметке ат салыса жүріп, 1921–25 ж. Орынбордағы, 1926–28 ж. Та什кенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен өдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабак берді. 1928 ж. Алматыда Қазақ мемлекеттік университетінің ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929 ж. екінші маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге тұтқынға алынып, Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. 1930 ж. төртінші сә

уірде ату жазасына кесілді. Бул шешім 1931 ж. қантарда он жылға концлагерге ауыстырылды. 1934 ж. Максим Горькийдің жұбайы Елена Пешкованың көмегімен Байтұрсынов мерзімінен бұрын босатылып, отбасымен Алматыға оралады. Бул жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, тұрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарды. 1937 ж. сегізінші қазанда тағы да қамауға алынып, саяси құғын-сүргін құрбаны болды; Ахмет Байтұрсынов Алматы қаласында 1938 ж. 8 желтоқсанда қаза тапты.

Ахмет Байтұрсынов ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Байтұрсынов әліпбі қазақ тілінің табигатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Байтұрсынов қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтөу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын қазақ тілінің тұңғыш «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға (1915), морфологияға (1914) жөне синтаксиске (1916) арналған бөлімдері жарық көрді.

**БАЙЫРФЫ ҚАЗАҚ ӨЛШЕМДЕРИ** – қазақ халқының тұрмыс-салт ерекшеліктеріне, көсіптік қажеттілігіне байланысты қалыптасқан өлшем бірліктері. Мысалы, «бір қыдыру жер», «түстік жер», «айшылық жол» деген сөз тіркестері қашықтықты білдіреді. Шығыс халықтарының көбісінде ең кіші салмақ өлшеміне арпа дәні алынған. Кейір жазба өдебиеттерде сақталған мәліметтер бойынша арпа дәні алтын мен асыл тастардың салмағын теңеуге арналған қазыналық өлшем ретінде қолданылған. Оған қарағанда бір арпа дәні шамамен 45 мг болған. Сондай-ақ уақыт мөлшерін бол-



A.Байтұрсынұлы мұражай-үйінің ішкі көрінісі



Мес


жауга Күннің, Айдың немесе басқа да аспан шырақтарының көкжиекпен салыстыргандағы орны алынған. Егін шаруашылығымен айналысатын аймақтарда уақыт мөлшерін сүздің белгілі бір ыдыстар ығысып шығу мерзімі бойынша анықтаған. Жетілдіріле келе бұл ыдыстар су сағатына айналған. Халық арасында жылқыға байланысты «ат шаптырым жер», «бие сауым уақыт», «екі елі қазы» тәрізді қашықтықты, уақытты, қалындықты білдіретін өлшемдік мәні бар сөздер жиі айтылады. Халық арасында сүйиқтықты (қымыз, шубат, т.б.) сақтайтын көнек, жанторсық, торсық, мес, саба тәрізді мал терісінен жасалған ыдыстар сол сүйиқтықтың мөлшерін шамалауға жиі қолданылған. Мысалы, торсыққа жеті – сегіз аяқ (литр) қымыз сыйса, mestің сыйымдылығы екі жарым – үш торсыққа тең. Орта Азия мен Қазақстанда ұзындықтың ең көп тараған байырғы өлшемдері қолдың қары немесе қары – кеуденің орта тұсынан кере созылған қолдың ортаңғы саусағының ұшына дейінгі аралыққа (80–85 см шамасы) тең ұзындық бірлігі. Кейде он иықтан бүкіл кеудені бойлай өтіп, кере созылған сол қолдың ортаңғы саусағының ұшына дейінгі аралық та (шамамен 1 м) қары ретінде алынады. Қарыс – толық жазғандағы бас бармақ пен шынанақ ұштарының арасына тең ұзындық (шамамен 19–20 см) бірлігі. Ол тұрмыста, құрылышы жұмыстарында пайдаланылған. Мысалы, киіз үйдің уығы он екі – он алты қарыс мөлшерінде жасалады. Қарыстың туынды бірлігі – сүйем, ол кере созылған бас бармақ пен сүқ саусақ ұштарының арасына тең (шамамен 17–18 см). Ал бармақ пен бүтілген сүқ саусақтың арасына тең өлшемді сиңиқ сүйем дейді. Сүйем – шамамен аршынның ширегіне (төрттен бір бөлі-




Торсық

гіне) тең. Елі – сүқ саусақтың еніне тең ұзындық бірлігі (шамамен 2 см). Қазы майының қалындығы, ою-өрнектің мөлшері, т.б. елімен өлшенген. Буын – ортаңғы саусақтың ұшынан оның ортаңғы буынына дейінгі аралыққа тең ұзындық (шамамен 5 – 6 см) бірлігі. Сөүлетті сарайлар мен түрлі ғимараттардағы ою-өрнектің мөлшері осы буынмен өлшенген. Ол тігін, киім пішу жұмыстарында да қолданылған. Қадам – адамның бір адымына тең ұзындық (шамамен 60–70 см) бірлігі. Құлаш – иық деңгейіне сәйкес кере созылған екі қол ұшының арасына тең ұзындық бірлігі.

**БАКТЕРИЯ** – табигатта ең көп тараған, негізінен бір клеткадан тұратын, оқшауланған ядросы жоқ, ең қарапайым организмдер тобы. Алғаш рет бактерияларды (грекше *bakterion* – таяқша) 17 ғасырда голланд ғалымы, микроскопты жасаушы – Антони ван Левенгук байқаған. 19 ғасырда бактериялардың құрылышы мен табигаттағы рөлін француз ғалымы Луи Пастер, неміс ғалымы Роберт Кох және



Бактерия клеткасы: 1-сақина тәрізді ДНҚ молекуласы, 2-клеткалық мемброна, 3-клетка қабаты, 4-шырышты қабық, 5-аяқтары, 6-цитоплазма, 7-рибосома



Бактериялар

ағылшын ғалымы Джозеф Листер зерттеді. Бактериялардың клетка құрамында тұрақты клетка қабаты, цитоплазмалық мембрана, цитоплазма, нуклеоид, рибосома болады. Ядроның қызметін дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНҚ) атқарады. Бактериялар қарапайым бөліну арқылы кәбейеді. Мысалы, 1 г қара тонырақта 2–3 млрд. бактериялар, 1 г құмды тонырақта 150 мың бактериялар, адам көп жиналған бөлме ауасының 1 м<sup>3</sup>-інде он мыңдай бактериялар тіршілік етеді. Олардың пішіндері әр түрлі: шар тәрізділерін – кок, қосарланғандарын – диплокок, таяқша тәрізділерін – бациллалар, үтір тәрізділерін – вибриондар, таға тәрізділерін терроидтар, жүзім тәрізді шоғырланғандарын – стафилококтар деп атайды. Бактериялар өте төменгі температурада ( $-190^{\circ}\text{C}$ -та, ал споралары  $-253^{\circ}\text{C}$ -та) тіршілік өте береді. Бактерияларды ультракүлгін сәулелері ерітіп жібереді. Қышқылды, қантты, тұзды ортада тіршілік өте алмайды. Бактериялардың көшілігі зиянсыз, ал зиянды түрлері көптеген жүқпалы аурулар (туберкулез, тырысқақ, көкжөтел, т.б.) тудырады. Бактериялар тонырақ құнарлылығын қалыптастыруға, химиялық элементтердің геохимиялық жолмен алмасуына қатысады, антибиотиктерді, амин қышқылдарын, витаминдер мен ферменттерді, т.б. қосылыстарды түзеді. Бактериялар тамақ және жеңіл өнеркәсіптерінде (сүт тағамдарын өзірлеу, зығырды жібіту, т.б.) кеңінен пайдаланылады.

**БАКТРИЯ**, Бактриана, Бактра – біздің заманымыздан бұрынғы 1-мыңжылдықта Орталық Азияда орналасқан мемлекет. Бактрия атауы парсы тілінде «Шығысқа қарайғы



Бактрия медальоны

өлке» мағынасын береді. Аумағы қазіргі Тәжікстанның батысын, Өзбекстанның Сурхандария облысы мен Түркменстанның шығыс өнірін, Ауганстанның солтүстігін қамтыған. Бактрия туралы жазба мәліметтер «Авеста» кітабында, парсы патшасы Дари жаздырған «Бехистун» және «Нақш-и Рустем» жазуында, т.б. кездеседі. Халқы негізінен егіншілікпен айналысқан. Бактрияны біздің заманымыздан бұрынғы 329–21 ж. Ескендір Зұлқарнайн жаулап алды. Кейіннен оның мемлекеті ыдырап, біздің заманымыздан бұрынғы 250 ж. шамасында жаңа Тохарстан мемлекеті құрылды. Батыс Еуропа тарихшылары оны Грек-Бактрия патшалығы деп атады. Ол Орталық Азиядагы ежелгі ұлы мемлекеттердің бірі (біздің заманымыздан бұрынғы 250 ж. шамасы – біздің заманымыздан бұрынғы 140/30 ж. шамасы) болды. Біздің заманымыздан бұрынғы 2 ғасырдың ортасында Шығыс Түркістаннан келген Юечжи тайпалары Грек-Бактрия мемлекетін жойып, Кушан патшалығын орнатты. Бактрияда ірі қалалар, дәрісханалар, ғибадатханалар көп болған. Сол үшін ол «мың бір қала» мемлекеті деп аталған. Археологтардың жүргізген қазба жұмыстары нәтижесінде Бактрияның Бактрия (Балх), Деметриас (Термез), Мараканда (Самарқанд), Антиохия-Эхата (Тәжікстан), т.б. үлкен қалалары білім және мәдениет орталықтары ретінде танылған. Онда Орталық Азия мен Грекия мәдениеттері тоғысып, жаңа (эллиндік) өркениет туындағы. Бактрияда теңгелер құйылды, олардың бір жағына патша портреті, екінші жағына Рим құдайларының бейнесі бедерленіп, аты жазылды.

**БАЛДЫРЛАР** – төменгі сатыдағы су өсімдіктері. Теніз, көл, өзендерде, ағынсыз суда өседі. Олардың клеткалық құрылымы болмайды, бір клеткалы, колониялы, көп клеткалы түрлері бар. Клеткасы негізінен бір ядролы. Цитоплазмасында митохондрия, диктиосома, рибосома, хромотофора сияқты органоидтары және вакуолясы (бос қуысы) болады. Балдырлар (*Algae*) биохимиялық қасиеттеріне және клеткалық құрылымына қарай 12 типке бөлінеді. Дарвин ілімі бойынша, тіршілік бір клеткалы организмдерден пайда болған, ал құрлықтағы барлық өсімдіктер балдырлардан шыққан деп есептеледі. Олардың көптеген түрі ақаба суларды биологиялық жолмен тазартуда және бөгендердің ластануының биоиндикаторы ретінде қолданылады. Теңіз, мұхит жағалауындағы балдырлар – жан-жануарлардың мекені, тіршіліктерінің көзі. Ағынсыз суларда өсетін балдырлар шіріп, сапропельге айналады. Сапропельден смола, бензин, керосин, техникалық майлар, лактар алынады. Балдырлардың қалдығы балшыққа емдік қасиет береді. Қызыл балдырлардан өндірлетін агар тамақ өнеркәсібінде пайдаланылады, оларды мата бүйімдарының және қағаздың құрамына беріктік беру үшін қосады. Қоңыр балдырлардан алынатын альгин мата тоқуда желім есебінде жасанды талшықтар, пласт-



Балдыр түрлері: қоңыр балдыр (1–4); қызыл балдыр (5–7); жасыл балдыр (8–10); 11-хара балдыры

масса өндіруде және табиги тыңайтқыш, малға жем ретінде пайдаланылады, сондай-ақ құлінен калий, натрий түздары, йод өндіріледі. Шығыс Азия елдерінде ламинария қоңыр балдырлары «теңіз капустасы» деген атпен, ал жасыл балдырлар (ульва) «теңіз салаты» деген атпен тамаққа пайдаланылады. Балдырларды зоб, атеросклероз ауруларын емдеу үшін медицинада қолданады.

**БАЛЕТ** – сахналық өнердің бір түрі, мазмұны музыкалық-хореографиялық образдар арқылы ашылатын спектакль. Балет – ой мен жан құбылысын қозғалыс, дene қимылымен көрсетеді. Мұнда либретто жазушы сценарист, музыка шығарушы композитор, билерді қоюшы балетмейстер және суретші еңбегі тоғысып, ортақ арнаға саяды. Балеттің арқауы би мен пантомима. Балеттің дәстүрлі музыкалық-хореографиялық формалары қалыптасқан: екі кіслік би (па-де-де) және көпшілік би (па-де-тра, па-де-катр, гран па). Соңғысын кордебалеттер орындаиды.

Балеттің негізгі элементтері халықтың музыка-би шығармаларымен тікелей байланыста туған. Еуропада (Италия, Франция, Англия, Испания, т.б.) балет Қайта өрлеу дәуірінде дүниеге келді. 17 ғасырдың 2-жартысында өмірге опера-балет және комедия-балет келді. 18 ғасырда Англия, Австралияда, кейінірек Францияда балет өнердің жеке бір саласы болып қалыптасады.

Содан соң үлттық балет мектептері (француз, италиялық, т.б.) шыға бастады. Келекеле балет техникасы жетіліп, айналма, секірме қимылдардың ой емеурінің берудегі мәні терендей түсті. 20 ғасырда балет Шығыс ел-



Алматы балет артисттері

дерінде (Египет, Түркия, Жапония, т.б.) дами бастады.

1938 ж. қазақ музыка театрында қазақтың тұнғыш балеті «Қалқаман–Мамыр» қойылды. Жер-жерде балет спектакльдерін қоятын халық театрлары («Алматының жас балеті», Қарағандының мәдениет сарайы, т.б.) құрылды.

**БАЛҚАШ** – Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы түйік көл. Алматы, Жамбыл, Қарағанды облыстарының шегінде, Балқаш-Алақөл ойысында, теңіз деңгейінен 340 м биіктікте жатыр. Ауданы құбылмалы: 17–22 мың км<sup>2</sup>, ұзындығы 600 км-ден астам, ені шығыс бөлігінде 9–19 км, батыс бөлігінде 74 км-ге жетеді. Су жиналатын алабы 500 мың км<sup>2</sup>-ге жуық. Орташа тереңдігі 6 м, ең терең жері 26 м. Балқаштың батыс бөлігіне Іле (жер бетімен келетін судың 78,2%-ын береді), шығыс бөлігіне Қаратал (15,1%), Лепсі (5,4%), Ақсу (0,43%) өзендері құяды. Солтүстікten ағатын Аяғөз, Бақанас, Тоқырауын, Жәмші, Мойынты, т.б. өзендер әдетте көлге жетпей сарқылады. Көлдің көптеген шығанак, қойнаулары бар, аралдары аз, үлкендері: Басарал, Тасарал. Көл беті көбіне қарашаның аяғында қатып, сөуірдің ортасында мұзы ериді. Мұздың қалындығы кей жылдары 150 см-ге жетеді. Таудағы мұздықтар еріген кезде (маусым-шілде) су деңгейі біраз көтеріледі. Көп жылдық су деңгейі тербелісінің мөлшері үш метрден асады. 1970 жылдан бері Іле өзені бойында Қапшағай бөгеннің салынуына байланысты көлдің табиғи гидрологиялық режимі көп өзгеріске ұшырады. Балқаш – жартылай тұщы көл. Суының химиялық құрамы көл алабының гидрографиялық ерекшеліктеріне байланысты. Колге сұғына еніп жатқан Сарыесік түбегі Балқаш-

ты екіге бөледі, гидрологиялық және гидрохимиялық жағынан бір-бірінен өзгеше батыс және шығыс бөліктері ені 3,5 км Ұзынарал бұғазымен жалғасады. Судың минералдылығы мен тұздылығы бұл екі бөлінде екі түрлі. Көлге ағып келетін судың негізін Іле өзені құрайтындықтан, батыс бөлігінің суы тұщы (0,5–1 г/л), түсі сарғылт-сары, лайлы. Шығыс бөлігінің суы тұздылау (5–6 г/л), түсі көгілдір, ашық көк.



Қалалық әкімшілік гимараты

Балқаш – Қарағанды облысындағы қала, Мойынты – Ақтогай темір жол бойындағы станса, Балқаш көліндегі айлақ. Сарыарқаның оңтүстігінде, Балқаш көлінің солтүстігіндегі Бертіс шығанағының жағасында орналасқан. Тұрғын саны 77,6 мың адам. Қала 1932 ж. Қоңырат мыс кені мен Қарағанды көмірінің негізінде жұмыс істейтін ірі мыс қорыту зауытының құрылышына байланысты салына бастады. Байыту комбинаты, ірі жылу электр орталығы, жөндеу-механика, мыс қорыту зауыты, т.б. өндіріс ошактары дүниеге келді. Қысқа мерзім ішінде салынған оннан аса жұмысшы қалашықтарының бірігуінің нәтижесінде 1937 ж. Балқаш қаласы пайдада болды. Балқаш еліміздегі түсті металургияның ең маңызды орталықтарының бірі, ірі жол торабы.



Балқаш көлі

**БАЛҚЫТЫП БІРІКТІРУ**, пісіру – металл бүйімдарды балқу температурасына дейін қыздыру немесе пластикалық күйге дейін келтіру арқылы бір-бірімен біріктірілетін денелердің аралығында атомаралық (молекулааралық) байланыстардың түзілуі нәтижесінде оларды ажырамайтындей етіп біріктіретін технологиялық процесс. Металдар мен қорытпалар, сондай-ақ пластмасса, шины, керамика және әр текті металдар балқытып біріктіріледі.




Балқытып біріктіру процесі

Балқытып біріктірудің қарапайым тәсілдері біздің заманымыздан бұрынғы 8–7 мыңыншы жылдары белгілі болған. Мысалы, Мысыр пирамидаларынан қалайымен біріктірілген алтын бүйімдар, ал Помпей қаласын қазу кезінде жапсарлары біріктірілген қорғасын су құбырлары табылды. Оларда қосылатын бөлшектер алдын ала қыздырылып, одан әрі бірбіrine жанши отырып біріктірілген не қыздырылған бөлшектердің арасына балқыған металл құйылған. Ал темір мен оның қорытпаларынан жасалған бүйімдар ұсталық көрікте «шоқтануға» дейін қыздырылып, одан әрі олар бір-біріне соғу арқылы біріктірілген. 19ғасырдың соңына дейін тек осы екі тәсіл ғана іс жүзінде кеңінен таралды. Балқытып біріктірудің жылдам дамуына 1802 ж. ашылған электр дөгасы (догалық разряд) себепші болды. 1882 ж. балқымайтын электродпен (көмір немесе графит) балқытып біріктіру тәсілі, ал 1888 ж. балқытын электродпен балқытып біріктіру тәсілі ұсынылды. 1949 ж. электр шлагымен балқытып біріктіру тәсілі жасалды. 20ғасырдың 50-жылдарының аяғында Францияда металдарды тығыз электрондар шоғының көмегімен балқытып біріктіру тәсілі, ал соңғы жылдары балқытып біріктіру процесінде оптикалық кванттық генератор-лазер пайдаланыла бастады. Қазіргі уақытта балқытып біріктірудің алпыстан астам тәсілдері бар. Олардың ішінде пісрілген жапсар сапасының жоғарылығына, қарапайымдылығына, т.б. қарай электр дөгасымен балқытып біріктіру ең көп тараған.

**БАЛУАН ШОЛАҚ,** Нұрмамбет Баимұрағұлы – атақты палуан, әнші, композитор, ақын. Ол 1864 ж. қазіргі Ақмола облысы жерінде туған. Он төрт жасынан бастап құреске туспіп, ат құлағында ойнаған спортшы болған, шауып келе жатқан ат үстінде әр түрлі құрделі жаттығуларды шебер орындаған. Қекшетаудағы үлкен жиындарда елу бір пүт (830 килограмдай) кірдің тасын көтерін, дүйім жүртты таң қалдырған. Мұның үстінен әнкүйге жасынан құмар Балуан Шолақ осы екі өнерді қатар дамытады. Әке-шешесі қайтыс болған соң, Фаникей деген қызға үйленіп, салдық құрады және жалғыз-жарым жүрмей, маңына әнші-күйші, палуан, өнерлі жастарды жинайды. Оның халық арасына кеңінен тараған әндері – «Фалия» мен «Сентябрь». 1919 ж. Ақмола облысындағы Тасты өзені бойында елу бес жасында қайтыс болған.



**БАЛЫҚ** – хордалылар типінің жақтылар тобына жататын омыртқалы су жануарлары. 20 мыңнан астам түрі белгілі, олардың 97–98%-ы сүйекті балықтарға жатады, қалғандары шеміршекті балықтар. Қазақстанда жүз сексендей түрі мен түр тармақтары кездеседі. Балықтың мекен ету аумағы биік тау су қоймаларынан мұхиттың терең су түбіне дейінгі ауқымды қамтиды. Олар –2°C-тан (арктикалық суда) 50°C (ыстық бұлақтарда) температура аралығында тіршілік ете алады. Тұздылығы 70% болатын суға төзетін балықтар



Балықтың ішкі құрылышы



**Балық түрлері:** 1-минога; 2-миксин; 3-химера; 4-акула; 5-скат (төнгіл түлкісі); 6-манты; 7-мүйізтіс (баррамунда); 8-лепидосирен; 9-латимерия; 10-ніл көпқанаты; 11-орыс бекіресі; 12-батпақ балық; 13-цзынтымсық; 14-майшабақ; 15-жапон анчоусы; 16-ұлкен ауыз; 17-хариус; 18-семга; 19-жарқырауық анчоус; 20-көбелек балық; 21-шортан; 22-цзын тұмсықты гнатонем; 23-дөңмаңдай; 24-жайын; 25-кәдімгі пиранья; 26-гуппи; 27-төрткөз балық; 28-кәдімгі сарган; 29-кәдімгі цзынқанат; 30-мурена; 31-солтүстік цзынқанаты; 32-треска

да бар. Олардың дene түркы 1 см-ден 20 м-ге дейін болады, ал салмағы 1,5 г-нан 12–14 т-та дейін жетеді. Олардың пішіндері де өр түрлі: ұршық, жебе төрізді, екі бүйірінен немесе арқасынан бауырына қарай қысынқы, жылан, таспа, шар төрізді, дөңгелек, т.б. болады. Денесін қабыршақ жапқан, бірақ қабыршақсыз немесе сүйекті қылтан жапқан түрлері де бар. Желбезекпен тыныс алады, ауамен тыныс алуға бейім органы бар балықтар да кездеседі. Көптеген балықтардың иіс сезу, сезім, есту, көру мүшелері жақсы жетілген. Олардың бүйір сыйығы судың қозғалысын қабылдайды. Сүйекті балықтардың көпшілігінде торсылдақ болады, ол дene тепе-тендігін сақтау қызметін атқарады, ал кейбір балықта торсылдақ – тыныс алу органы; балық торсылдақ арқылы өзі шығаратын дыбысты күштейтеді. Қорегінің түріне қарай балық: фитофаг, планктофаг, бентофаг, детритофаг, жыртқыштар

болып бөлінеді. Балық әдетте дара жынысты, сондай-ақ қос жынысты түрлері де кездеседі. Балықтардың көпшілігі сырттай ұрықтанып, уылдырық шашу арқылы көбейеді. Сондай-ақ іштей ұрықтанып, тірі шабақ немесе ұрықтанған уылдырық туатын түрлері де (мысалы, акула, гамбузия, т.б.) болады. Балық жыл маусымына сәйкес қорегін, қыстаудың немесе уылдырық шашатын жерін іздей, кейде мыңдаған киллометрге дейін өрістейді. Балық – адам үшін қажетті белокқа бай тағам көзі. Оның еті, уылдырығы, ал кейбір түрлің төрісі де пайдаланылады, олардан балық майы алынады. Ішінде улы түрлері де кездеседі.

**БАНГЛАДЕШ**, Бангладеш Халық Республикасы – Азияның оңтүстігіндегі мемлекет. Батысында, солтүстігінде, шығысында Ундістанмен, оңтүстік-шығысында Мьянма Одағымен шектеседі. Жері 147 мың км<sup>2</sup>. Халқы 150,5 млн. адам. Астанасы – Дакка қаласы. Мемлекеттік тілі – бенгал тілі, ресми діні – ислам (85%). Бангладеш дүние жүзіндегі халқы ете тығыз орналасқан аймақтардың



Бrahmaputra өзені



Даккадагы Ахсан Манзил сараясы

бірі. Халқының басым көшпілігі – бенгалдар (барлық халықтың 95%-ы). Бангладеш Ганг, Брахмапутра, Мегхна өзендерінің бастауында орналасқан. Климаты субэкваторлық, муссонды. Жазы жауын-шашынды, қысы құрғақ.

Бангладеш – аграрлы ел, шаруашылық жүйесінде ұсақ тауарлы өндіріс басым. Табиғи жағдайының аса қолайлылығы мұнда егіннен жылына екі-үш рет өнім жинауға мүмкіндік береді. Негізінен, құріш пен шай, қант қамысы, темекі өсіріледі. Басты жеміс дақылдары – банан, манго, кокос пальмасы, ананас, цитрус. Бұған қоса металлургия, мұнай өндеу, цемент және тыңайтқыш шығару, кеме жөндеу өндірістері жақсы жолға қойылған. Қөліктің басты түрі – өзен жолы.

**БАНК** – ақша қаржылары мен қорларын жинақтау, кредит беру, мемлекеттер, кәсіпорындар (фирмалар), мекемелер және жеке адамдар арасындағы өзара төлемдер мен ақшалай есеп айырысуда делдалдықты жүзеге асыру, ақшаның белгілі бір түрін айналымға қосу, ақша мен құнды қағаздар шығару, алтынмен, шетелдік валютамен түрлі операциялар жасау және басқа да қызметтер атқаратын қаржы мекемесі. Банктің пайда болуы мен дамуы тауар-ақша қатынастарының дамуымен тығыз байланысты. Банктер көсіпорындардың, фирмалардың, компаниялардың, сонымен қатар тұрғындардың уақытша пайдаланылмай бос тұрған қарожаттарын жинақтап, қажет етушілерге есіммен уақытша несие беру арқылы қаржы мұқтаждығын өтейді. Атқаратын қызметі мен сипатына қарай – орталық әмиссиялық (Ұлттық банк, оның жергілікті бөлімшелері), коммерциялық, инвести-



Қазақстан Ұлттық банкі гимарраты

циялық, салалық, ал меншік түріне қарай мемлекеттік, акционерлік, корпоративтік, аралас, мемлекетаралық банктер болып бөлінеді. Алғашқы банктер ортағасырда Солтүстік Италияда, кейінірек Германия мен Нидерландтың сауда орталықтарында пайда болды. Банк ісінің ілгері дамуына, өсіресе, 1716–20 ж. Франциядағы Джона Ло банкінің ықпалы зор болды. Ол алғаш рет ақша әмиссиясын жүзеге асырды. 20 ғасырдың басында банк ісі мен өнеркәсіптің шоғырлануы және монополиялануы банктердің рөлін едөуір өзгертіп, банк белгілі бір салаға не кәсіпорынға жүйелі түрде несие беруге көше бастады.

**БАРСАКЕЛМЕС** – Арап теңізінің солтүстік бөлігіндегі тұбек. Қызылорда облысының Арап ауданында орналасқан. Теңіз суы тартылғанға дейінгі ұзындығы 28 км, енді жері 8 км, ауданы 133 км<sup>2</sup> (1987) арап болған. Тұ-



Барсакелмес тұбегі

бек ендік бағытта созылып жатыр. Жер бедері дөңесті-белесті болып келеді. Абсолюттік биіктігі (Шағалалы төбесі) 113 м. Құмды жерлерінде шағылдар мен құм төбешіктер бар. Барсакелмestің батыс бөлігінің жағалауы жартасты, жарқабақты, шығысы жазық, жайпак келген.

**БАРЫС**, ірбіс – мысық тұқымдасына жаттын жыртқыш ақ. Дене тұрқы 125–135 см, биіктігі 60 см (шоқтығынан алғанда), құйрығы 90–100 см, салмағы отыз – қырық килограмдай. Түсі көк сұр, теңблі шұбар, сакина тәрізді дөңгелек қара дақтары бар, жұні ұзын әрі қалың. Қазақстан мен Орталық Азияның биік тауларында (2000 м-ден астам) кездеседі. Қыста қар қалың түскенде, барыс таудың орманды



Барыс аландары

белдеуіне дейін төменге түседі. Барыс тұяқты жануарларды, өсіреке, арқарды, тау текені, тау ешкілерін, еліктерді, ал құстардан ұлар мен кекіліктерді ұстап жейді. Қорегін негізінен іңірде немесе түнде аулайды. Қазақстандағы барыстың қазіргі саны жүз сексен – екі жүздей. Олар негізінен Ақсу-Жабағылы, Алматы, Марқакөл қорықтары мен Алматы, Лепсі, Тоқты қорықшаларында мекендейді. Аулауга тыйым салынған, санының азайып кетуіне байланысты халықаралық және үлттық «Қызыл кітапқа» (1996) енгізілген. Барыс Алматы, Астана қалаларының төлтаңбаларында бейнеленген.

**БАСКЕТБОЛ** – биіктікте (3,05 м) орналасқан шеңберлі үяға қолмен доп түсіретін командалық спорт ойыны. Ойын ережесін 1891 ж. америкалық Джеймс Нейсмит жасаған, кейіннен басқа елдерге кең тараған. Баскетбол (ағылшынша basket – тор және ball – доп) ауданы  $26 \times 14$  м, арнайы жабдықталған, секторларға бөлінген алаңда өтеді. Ойын добының шеңбері 75–80 см, салмағы 600–650 г.



Баскетбол

Қарсылас екі команданың өркайсысының құрамындағы он екі ойыншының бір мезгілде бесеуі ғана алаңдағы ойынға қатысып, қалғандары матч барысында белгілі ереже бойынша алмастырылып отырылады. Баскетболмен айналысу адам бойындағы күшті, шашаңдылықты, төзімділікті дамытады. 1932 ж. Халықаралық баскетболшылар одағы (FIBA) құрылды. Ол 177 үлттық федерацияларды біріктіреді. Қазақстан Баскетбол федерациясы да FIBA-ға (1995) мүше. Баскетбол Олимпия ойындарының бағдарламасына (Мюнхен, 1936) енген. 1950 жылдан ерлер, 1953 жылдан әйелдер командалары арасында дүние жүзі чемпионаттары өткізіліп келеді.

**БАТЫРЛЫҚ**, қармандақ – дәстүрлі қазақ қоғамында болған ерекше әлеуметтік топ – батырларға тән қасиеттер мен өмір салты. Қазақ батырларының өзіндік қоғамдық қызметі, басқа қоғамдық топтармен ара-қатынасын реттейтін этикасы, т.б. ерекшеліктері болған. Олар тек өскери көсінпен айналысқан. Батырлар елді басқыншылардан құтқаруды, жау қолынан қаза тапқан ата-баба кегін қайтаруды өмірлік мақсат тұтынған. Батырлар өулетінде туған бала жастайынан өскери көсіппен айналысуга міндettі болды. Тұқым қуалаған батырлар «шынжырлы тұқым» деп аталған. Батырлардың өздеріне тән жауынгерлік этикасы, адамгершілік ережесі, діни ырымда-



Қазақ батыры. Суретші А.Смагұлов

ры мен салттары болған. Жауынгерлер қару-жарағын, киімдерін өз руларының, өз өulet-terінің тотемдік бейнелерімен әшекейледі. Батырлардың, жалпы аруақты адамдардың кие-сіне сену халық жадында әлі күнге сақталып келеді. Батырлардың қаруы өзіне арналып соғылып, түрлі магиялық ырымдар жасалып, кететін уақытты анықтауға киелі сандарды қолданған. Мысалы, қырық ұстаға соқтыру, қырық күн кептіру, қырық түрлі сүйиққа суару, т.б. Ата кесіп үрпаққа жалғасатындықтан, батырлар өuletінің қару-жарағы атадан балаға мұра болып, егер мұрагері қалмаса, батыр өлгенде қаруын бірге жерлеген. Үлкен айқастар әрқашан жекпе-жекпен басталатын-дықтан, жекпе-жекке шығу батырлардың бас-ты міндettерінің бірі саналған.

**БАЯНАУЫЛ, Баянаула** – өнір. Павлодар облысында орналасқан. Мұнда 1833–1868 ж. Баянауыл сыртқы округі құрылды. Үлкен жәрмеңкелер өткізіліп тұрды. Табиғаты аса сұлу жер, тауындағы қарагайлы орманында қайың, қандығаш, мойыл, т.б. аралас келеді. Жасыбай көлінің жағасында демалыс орындары, «Баянауыл» туристік базасы, Қаныш Сәтбаев мұражайы бар. 1988 ж. Баянауылдың табиғатын қорғау мақсатында Баянауыл ұлттық табиғи саябағы үйымдастырылды. Баянауыл тауларының етегінде көптеген бұлақтар, сұы мөлдір көлдер (Жасыбай, Са-бындықөл, Торайғыр) бар. Саябақта 20-дан аса археологиялық ескерткіштер, қола дөүірінен қалған қорғандар, тастағы жазулар мен таңбалар, үнгірлер («Әулиетас», «Драверт», «Құмыра», т.б.) бар. Ұзақ жылдар бойы жел мен судың әрекетінен түрлі мүсіндерге айналған жартастар («Найзатас», «Жұмбақтас», «Көгершін», «Атбасы», т.б.) саябақ табиғатына ерекше көрік береді.



Жасыбай көлі

**БӘЙДІБЕК БИ, Бәйдібек Қараша-улы** – қазақ халқын құраған тайпалардың аумақтық жөне этникалық тұтастығын қалыптастыру жолында көп еңбек сіңірген тарихи тұлға. Оның нақты туған-өлген жылдары белгісіз. Шежіре бойынша, Ұлы жүздің үйін бірлестігіне кіретін албан, суан, дулат, сары-үйін, шапырашты, ысты, ошақты тайпаларының түп атасы. Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди» атты тарихнамасында осы



Тараз қаласындағы Бәйдібек би ескерткіші

елге бірінші болып билік жүргізген арғы ба-басы Бәйдібек екен, одан бері қарай елдің билігі өзінің аталарына өткенін атап көрсетті. Бәйдібек бидің әкесі Қараша Қытай жылна-масында жазылып, билік жүргізген жылдары нақты көрсетілген. Осы деректер Бәйдібектің 6–7 ғасырларда әмір сүргенін дәлелдейді. Ше-жіре бойынша оның үш әйелі болған. Бірінші әйелі Сары бәйбіше Байтоқты атты үл туып, одан Тұргеш (Сарыгүйсін) дүниеге келеді. Екін-ші әйелі Зеріштен туған Жалмамбеттөн Шапы-рашты, Ошақты, Ысты өрбиді. Үшінші әйелі Домалақ ана деген атпен белгілі Нұриладан Тілеуберді (ел арасында Жарықшақ немесе Жарықбас), одан Албан, Суан, Дулат тараған. Басқыншылармен бір шайқаста Бәйдібектің Сары бәйбішесінен туған алты ұлы қаза тап-қан Шығыс Қаратаудағы Қошқаратада өзенінің бойында «Алты Сары бейіті» деген киелі жер қалды. Бәйдібек сүйегі Балабөген өзені жағасында жерленген. 1998 ж. Бәйдібектің Қара-хан дәуірі үлгісіндегі бұрынғы кесенесінің ор-

нына жаңа Бәйдібек және Қасиетті бес ана тарихи ескерткіш кешені салынды. Оңтүстік Қазақстан облысындағы Алғабас ауданына Бәйдібек есімі берілді. Тараз қаласының орталық алаңына Бәйдібек ескерткіші орнатылды.

«БӘЙТЕРЕК», «Астана – Бәйтerek» – Астанадағы архитектуралық құрылыш кешені, сөүлет өнерінің бірегей туындысы. Оның негізгі идеясы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың эскиз-нобайы негізінде өмірге келді. Ол бейбіт өмір мен келісімге ұмтылған барлық қазақстандықтардың ғұмырлық мұратын білдіреді. Есіл өзенінің сол жағалауында бой көтерген зөулім «Бәйтerekтің» биіктігі 97 м, диаметрі 27 м. «Бәйтerek» нысаны үш бөліктен тұрады – жер асты бөлігі ұлттың тамыр жаюы, ал одан кейінгілері өркендеу кезеңдерінің нышандарын білдіреді. Ең жоғарғы жағында «Аялы алақан» композициясы орын тепкен. Үшар басында алтын шар орналасқан. Осынау ғаламат шардың панорамалық залынан Астананың кешегі және бүгінгі сөүлеті – «ескі» және «жаңа» көрінісін тамашалауға болады. Астананың орталығында көкке бой созып тұрған «Бәйтerek» – қазіргі Қазақстанның нышан-символы, қазақ халқының қайта өрлеуі мен тұлеуінің, мемлекеттілігінің, биіктік пен тереңдіктің, кеңдіктің белгісі, дархандықтың көрінісі іспетті. Ол елорданың халық көп баратын жерінің бірі.



«Бәйтerek» кешені



Бегемот

**БЕГЕМОТ**, сүсиры – жұптыяқтылар отрядының құйіс қайырмайтындар тұқымдасына жататын жануар. Бегемот тек тропиктік Африкада кездеседі. Әрқайсысында бір гана тұр бар екі туысқа бөлінеді. Оның ересегінің дене тұрқы 4–4,5 м-дей, құйрығының ұзындығы 35–50 см, салмағы 2,6–3,2 т (кейде 4,5 т). Тіршілігінің көбін суда өткізеді, кейде судың таяз жеріне, жағасына шығады. Тері бездері қызығылт түсті шырыш бөліп шығарады, сондықтан денесі жez түсті болып келеді. 40–50 жылдай өмір сүреді, топтанып жүреді. Ережейлі бегемоттың дене тұрқы 1,70–1,85 м, құйрығының ұзындығы 70–80 см, салмағы 250–275 кг. Ол жеке де, топтанып та жүреді, 35 жылдай өмір сүреді. Бегемот жағасы батпақ, қалың шөп өскен түйік көлдерді мекендейді. Жақсы жүзеді, сұңғиді. Өсімдік тамыры мен түйнегін қорек етеді.

**БЕЛАРУСЬ**, Беларусь Республикасы – Шығыс Еуропадағы мемлекет. Жері – 207,6 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 9,5 млн. адам (2007).



Минск қаласы




Логойск демалыс орны

Негізгі халқы – белорустар (80%), бұған қоса орыстар (13,6%) мен поляктар (4,1%) тұрады. Астанасы – Минск. Ирі қалалары Брест, Витебск, Гомель. Әкімшілік-аумақтық жағынан алты облысқа бөлінеді. Мемлекеттік тілі – беларусь тілі. Орыс тілі мемлекеттік тілмен қатар жүреді. Діні – православие (70%).

Беларусь Шығыс Еуропа жазығында Днепр, Батыс Двина мен Неман өзендерінің аңғарларын алып жатыр. Батпақ жиі кездеседі. Басты өзендері: Днепр (салалары Припять, Сож, Березина), Батыс Двина, Неман (саласы – Вилия). Жерінің 33%-ы орман болып келеді. Ормансыз жерлері – шалғын, жайылым.

Беларусъта химия өнеркәсібі, автомобиль және трактор жасау, қорғаныс өнеркәсіп кешендері, электр бүйімдарын шығару, ет-сүт, ауыл шаруашылығы, т.б. өндіріс салалары дамыған. Жүк тасушы автомобилльдер, тракторлар, тоңазытқыштар, кір жуатын машиналар, т.б. электр бүйімдары, химия және ет-сүт өнімдерін экспортқа шығарады.

**БЕЛОК**, протеиндер – күрделі молекулалы табиғи органикалық қосылыстар. Белок тек тірі организмдер құрамында ғана болады. Белок құрамында 50,6–54,5% көміртек, 21,5–23,5% оттек, 6,5–7,3% сутек, 15–17,6% азот, 0,3–2,5% күкірт бар, кейде фосфор кездеседі. Осы элементтерден түзілетін амин қышқылдарының бір-бірімен байланысып қосылуы нәтижесінде белок молекуласы түзіледі. Белок молекуласының массасы өте үлкен, ол бірнеше мыңдан бірнеше миллионға дейін барады. Белоктар туралы алғашқы мәліметтер 18 ғасырдан белгілі. 1745 ж. италиялық ғалым Беккори бидай ұнынан лейковина деген белокты бөліп шығарған. 19 ғасырдың 30-жыл-



Белок молекуласының түзілуі

дарында ет, жұмыртқа, сүт, өсімдік тұқымдарында белоктық заттар бар екені анықталды. Фалымдардың содан бергі зерттеулері нәтижесінде барлық тірі организмдер клеткасында болатын тірі материя – протоплазма, негізінен, белоктан құралатыны анықталды. Белоктардың барлығы екі топқа бөлінеді: 1) қарапайым белоктар – протеиндер (альбуминдер, глобулиндер, гистондар, глутелиндер, проламиндер, протаминдер, протеноидтар); 2) күрделі белоктар – протеидтер (гликопротеидтер, нуклеопротеидтер, липопротеидтер, фосфопротеидтер). Бұлардың құрамында амин қышқылдарынан басқа заттар да болады. Белок клетка құрамына кіретін тірі құрылымдар – ядро, митохондрия, рибосома, цитоплазма негіздерін құрайды. Соңдықтан ол организм құрамында үлкен орын алады. Белок – бүкіл тірі



Амин қышқылдары

организмнің негізгі қорегі. Ол клетка протоплазмасын құрумен қатар, организмдегі көптеген тіршілік құбылыстарына – тамақтану, өсу, көбею, тітіркену, қозғалу, тыныс алу процестеріне тікелей қатысады. Қан құрамындағы ерекше белок – гемоглобин бүкіл денеге оттек таратады. Клеткалардағы тотығу ферменттері – цитохромдар тыныс алу процесін реттеп отырады. Сондай-ақ организм тіршілігіне аса қажетті заттар гормондар да белоктан құралған. Белок – адам тағамы мен жануарлар қорегінің, сондай-ақ тері, жұн, жібек сияқты табиғи талшық заттардың негізгі құраушысы болғандықтан, 20 ғасырдың екінші жартысынан бастап оны қолдан өндірудің (микробиологиялық синтез) маңызы артып отыр.

**БЕЛЬГИЯ, Б е л ь г и я** Корольдігі – Батыс Еуропадағы мемлекет. Жері – 30,5 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 11,0 млн. адам (2007). Астанасы – Брюссель (1 млн.) Ирі қалалары: Антверпен, Гент, Шерлеруа, Льеж. Өкімшілік жағынан он провинцияға бөлінеді. Ресми тілдері – француз, нидерланд (фламанд) және неміс. Негізгі діні – католик (70%). Ислам дінін 200 мыңдай адам үстанады.

Бельгия жері жазықтығымен, жылы климатымен ерекшеленеді. Арденн тауы Бельгияның оңтүстік-шығыс бөлігін алыш жатыр. Ең биік жері – Ботранж шоқысы (649 м). Басты өзендері: Маас және Шельда. Өзендер бір-бірімен каналдар арқылы жалғасқан.


Бельгия – әлемде индустріясы жоғары да-мыған елдердің бірі. Қара металлургия – Бельгия өнеркәсібінің ежелгі салаларының бірі. Химия және электротехника өнімдерін шығару, машина жинау, құрылым материалдарын



Гент қаласының түнгі көрінісі

дайындау, ағаш өңдеу (жиһаз, қағаз), т.б. дамыған. Орта және ұсақ фермерлі шаруашылықтар негізінен мал шаруашылық өнімдерін береді. Экспортқа автомобиль керек-жараптарын, химия мен металлургия өнімдерін, тағамдар мен киім-кешек шығарады.

**БЕС ҚАРУ** – қазақ батырлары қолданған жауынгерлік қарулардың жалпы атауы. Оған соғыста кесу, шабу, түйреу, соғу, ату арқылы жауына жарақат салатын, өзіндік қолдану әдісі бар қылыш, айбалта, найза, шоқпар, жақ (садақ) сияқты қарулар жатады. Әр қарудың өзінің бірнеше түрлері, үлгілері бар. Мысалы, кесу қаруына қылыш, семсер, сапы, т.б. үлгілері; шабу қаруына – айбалта, жауынгерлік балта, оның өзге де түрлері; түйреу қаруына – найза, сұңғы; соғу қаруына – шоқпар, күрзі, босмойын шоқпар, т.б.; ату қаруына – жақ,



Бес қару: 1-қылыш, 2-айбалта, 3-найза, 4-шоқпар, 5-садақ



Арденн таулары

кейін шыққан мылтық түрлері жатқызылады. Бес қару қасиетті, киелі саналып, оларды қастерлеу нәтижесінде көптеген өскери салт-дәстүрлер қалыптасты.

**БЕТОН, құйматас** – жасанды тас материал; байластырғыш заттар (цемент, гипс, алебастр, әктас, т.б.), су (кейде сусыз) және толтырғыш материалдар (құм, малтатас, қырышқатас, т.б.) кейде арнайы үстеме заттар қоспасының қатаюы нәтижесінде алынады; манызды құрылым материалы. Қоспа қалыпқа құйылғанға дейін бетон қоспасы деп аталады. Бетон (французша beton, латынша bitumen – тау шайыры) құрамындағы байластырғыш түріне қарай: органикалық емес байластырғынтармен алынған бетон (цементті бетон, гипсбетон, силикатты бетон, т.б. арнайы бетондар) және органикалық байластырғыш заттармен алынған бетон (асфальтбетон, полимербетон) болып жіктеледі. Орташа тығыздығына (көлемі бойынша) байланысты аса ауыр ( $2500 \text{ кг}/\text{м}^3$ -ден жоғары), ауыр ( $1800-2500 \text{ кг}/\text{м}^3$ ), жеңіл ( $1800-500 \text{ кг}/\text{м}^3$ ), өте жеңіл ( $500 \text{ кг}/\text{м}^3$ -ден төмен) болып белінеді. Бетонды алғаш рет ертедегі римдіктер күмбез, арка сияқты әсемдік-сәндік құрылымдарда пайдаланған. Рим империясының күйреуімен бетонды пайдалану тоқтап, тек 18 ғасырда Батыс Еуропа елдерінде қайта қолданылды.

**Бетон құралымдар мен бүйімдар** – үйлердің, ғимараттардың және құрылымдардың бетоннан жасалған арматурасыз не жеңіл арматураланған құралымдық элементтері. Бетонның созылу беріктігі аз болғандықтан, бетон құралымдар мен бүйімдар, көбінесе, сыйушы күштер түсетін жерлерде қолданылады. Бетон құралымдар мен бүйімдардың кең тараған түрлеріне: іргетастар, тастан мен қабыргалық



Бетон құралымдары

блоктар, гидротехникалық құрылымдар, бағандар, күмбездер, көпірлік тіректер, жол және тротуар төсөніштері, т.б. жатады. Ал құралымға созу күші түсетін жағдайда бетон құралымдар мен бүйімдарға болат арматура қосылады. Бетон мен арматура қосылып жасалған құралымды темір-бетон құралымдар дейді.

**БЕТПАҚДАЛА** – Қазақстанның орталық бөлігіндегі кең байтақ аймақты алып жатқан шөлді өнір. Қарағанды, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары аумағында орналасқан. Батысында Сарысу өзенінің төменгі ағысымен, шығысында Балқаш көлімен, оңтүстігінде Шу өзені аңғарымен, солтүстігінде Сарыарқамен шектеседі. Батыстан шығысқа қарай 500 км,



Бетпақдала тақыры

солтүстіктен оңтүстікке қарай 300 км аумаққа созылған. Ауданы 75 мың  $\text{км}^2$  шамасында. Ең биік жері – Жамбыл тауы (974 м). Сайжыралармен тілімденген Бетпақдала жазығында сор, тақыр және жазда құрғап қалатын тұзды көлдер кездеседі. Көктемде жауын сұмын толығып, жазда құргақ арнаға айналатын Қарқаралы, Қарасу, Талдыеспе сияқты кішігірім өзендер бар. Тұрақты су көздері болмағанымен, жер асты (артезиан) сұнының қоры мол. Жайылымдар терендігі 10–30 м артезиан құдықтарымен суландырылады.

**БИГЕЛЬДИНОВ Талғат Жақыпбекұлы** – өскери ұшқыш, авиация генерал-майоры, екі мэрте Қенес Одағының Батыры (26.10.1944, 27.6.1945). 1922 ж. 5 тамызда Ақмола облысы Ақкөл ауданы Майбалық ауылында дүниеге келген. 1940–42 ж. Саратов барлау авиациясы мектебін, №3 Чкалов бомбауышы авиа-



ция үшқыштары мектебін, №1 Чкалов жойғыш ұшақ үшқыштары мектебін бітірген. 1943 жылдың ақпанынан майданға жіберілді. 144-авиаполк құрамында «Ил-2» ұшағымен Калинин, Далалық, Воронеж, 1-, 2- Украина майдандарындағы, Курск доғасындағы кескілескен ұрыстарда

ерлік көрсетті. Соғыстың соңғы айларында оның басқаруындағы шабуылшы ұшақтар Одердегі және Берлинде шайқастарға қатысты. Соғыс кезінде Талғат Бигелдинов 305 рет жауынгерлік тапсырмамен ұшып шығып, жаудың жүздеген танктерін, зенбіректері мен солдаттарын жойды. Әуе шайқастарында фашисттердің 7 самолетін атып түсірді. Ұлы Отан соғысын барлаушы авиаэскадрилья командири, капитан дәрежесінде аяқтады. Соғыстан кейін авиация полкі командирінің орынбасары, шабуылшы авиация оқыту-үйрету полкінің және Фрунзедегі (қазіргі Бішкек қаласы) авиаполтің штаб бастығы болды. 1959 ж. әскери қызметтен босап, Алматыға қоныстанды. Қазақстан азаматтық авиациясы басқармасында басшы қызметтер атқарды (1957–73), «Қазақблатмонтаж» тресі бастығының орынбасары болды (1973–78). Б. – «305 рейдов» (Фрунзе, 1966); «Илы атакуют» (А.-А., 1966); «Аспандағы айқас» (А., 1967) атты естелік кітаптардың авторы. Жас үрпаққа патриоттық, жауынгерлік тәрбие беруге көп еңбек сінірді. Ақтөбе жоғарғы әскери үшқыштар мектебі, Қарағанды арнаулы-әскери мектебі, бірнеше орта мектептер, қалалар мен елді мекендер көшелері Т.Бигелдинов есімімен аталған.

**БИДАЙ** – астық тұқымдасына жататын аса маңызды дәнді дақыл. Қазақстанда алты түрі (Еділ бидайы, Польша бидайы, көже бидай, жұмсақ бидай, қатты бидай, көбен бидай) өседі, жабайы түрлері сирек кездеседі. Биіктігі 40–130 см, тамыр жүйесі – шашақты, тарамданған. Сабағы қуыс, жұмыр, жапырағы таспа тәрізді, сағағы сабағын орай орналасқан. Гүл шоғыры – күрделі масақ, оның қынабында екі масақша қабыршағынан тұратын масақтар орналасқан, ал олардың аралығында үш – бес гүлдері болады. Масақтың



Бидай алқабы

пішіні үршық тәрізді, түсі ақ, қызығылт кейде қара, ішінде қылтанагы болады. Тұқымы – үзына бойына тартылған сываты бар, беті жылтыр дән. Масақ қылтығына, түсі мен масақша қабыршағының тұқ басуына, қылтықтары мен дәндерінің түсіне, т.б. байланысты бидайдың түрлері түршелерге бөлінеді, ал әрбір түрше сорттардан тұрады. Қазақстанда негізінен жұмсақ және қатты бидай өсіріледі. Жұмсақ бидайдың масағы да жұмсақ, дәні жұмыр әрі жылтыр, сабағы қуыс. Оның ұнынан көбіне наң пісіріледі, ол нөрлі және жоғары сапалы болып саналады, құрамында 16%-дай белок болады, жылтырлығы 70%, дән ұзыны серпімді әрі созылмалы келеді. Қатты бидайдың дәні ірі, сопақша, жылтыр. Оның дәнінде 24% белок бар, ұнының сапасы жақсы, одан кеспе және макарон жасайды.

**БОКС** – арнайы жұмсақ қолғаппен белгілі бір ереже бойынша жекпе-жек күш сыйнастын спорт түрі. Жекпе-жекке шыққан екі ойыншы қарсыласының денесінің белгілі бір жеріне дәл соққы беруді көздейді. Жекпе-жек аумағы  $4,9 \times 4,9$  м немесе  $6,1 \times 6,1$  м, жан-жағы 1,3 м биіктікте арқанмен керілген рингте өтеді. Бокс (ағылшынша box – соққы) ойынының әуес-қойлық (3 раунд) және кәсінқойлық (12–15 раунд) ережелері бар. Бокстің алғашқы түрі ежелгі Грекияда үйімдастырылып (біздің заманымыздан бұрынғы 688 ж.), Олимпиялық ойындар қатарына енген. Ол кезде жекпе-жекке шыққан жігіттер қолдарын жұмсақ терімен немесе дәкемен орап айқасқан. Төбелес екі жігіттің бірі естен танып жығылғанша жалғаса берген. Қазіргі бокс 17 ғасырда Англияда бастау алған. Алғашқы ережесін Джеймс Фигт жазды. 1865 ж. «Маркиз Куинсберри ере-



Кәсіпқой бокс

жесі» дүниеге келді. Осы ереже бойынша рингтің (алаңдың) ауданы, раундтардың ұзақтығы, қолғаптың салмағы, т.б. жекпе-жекке қатысты келісімдер қазіргі жүйеге келтірілді. 1904 ж. бокс жаңа Олимпия ойындарының бағдарламасына енді. 1920 ж. Бокс өуесқойлары дүние жүзілік ассоциациясы (AIBA) құрылды. Дүниежүзілік чемпионат 1974 жылдан өткізіледі. Қазақстанда бокстың алғашқы мектебін 20 ғасырдың 30-жылдары Алматыда Шоқыр Бөлтекұлы ашты. Қазақстаннан Олимпия ойындарының, Дүние жүзі, Азия, Еуропа чемпионаттарының, Азия ойындарының 30-ға жуық чемпиондары мен жүлдегерлері шықты. Қазақстаннан шыққан тұңғыш Олимпия чемпионы – Василий Жиров (Атланта, АҚШ, 1996), қазақ жігіттері арасынан шыққан дүние жүзінің алғашқы чемпионы – Болат Жұмаділов (Хьюстон, АҚШ, 1999), Олимпия чемпиондары – Бекзат Саттархан, Ермакан Ибраіымов (Сидней, Австралия, 2000), Бақтияр Артаев (Афина, 2004), Бақыт Сәрсекбаев (Пекин, 2008), Серік Сапиев (Лондон, 2013).

**БОЛГАРИЯ, Б о л г а р и я Р е сп у б лика с ы** – Балкан түбегінің шығыс бөлігіндегі мемлекет. Жері 110 мың км<sup>2</sup>. Халқы 7,3 млн. адам (2007). Негізгі халқы болгарлар (85%), бұған қоса түрік, сыған, армян, грек, т.б. ұлттар өкілдері тұрады. Астанасы – София қаласы. Мемлекеттік тілі – болгар тілі. Халқының көпшілігі православие дінін ұстанады, 13%-ы мұсылмандар.

Жерінің солтүстігін Дунай жазығы, шығысын Добруджа үстірті және оңтүстігін Стара-Планина тауы (Балкан) алып жатыр. Басты өзендері: Дунай, Искыр, Марица, Струма, т.б.



Пирин таулары



София қаласы

Көлдердің басым көпшілігі Рила, Пирин тауларында. Жерінің 30%-ы орманды.

Экономикасының негізі машина жасау, та- мақ өнеркәсібі, қара және түсті металлургия, химия және мұнай-химия өнімдерін шыгару, ағаш өндеу салаларынан тұрады. Ауыл шаруашылығында дәнді дақылдар (бидай, жүгері), темекі, көкөніс, жеміс өсіріледі. Райхан майын экспортқа шығаруда дүние жүзінде бірінші орын алады. Экспортқа машина, пластмасса өнімдерін, темекі, шарап шыгарылады. Қара теңіз жағалауында туризм дамыған.

**БОР Нильс Хенrik Давид** – даниялық ғалым, қазіргі заманғы физиканың негізін салушылардың бірі, Дания корольдік қоғамының мүшесі (1917) және 1919 жылдан оның президенті. Нильс Бор (Bohr) 1885 ж. Данияның Копенгаген қаласында туған. Копенга-



ген университетін (1908) бітірген соң 1911–12 ж. Кембриджде физик Джозеф Томсонмен, 1912–13 ж. Манчестерде Эрнест Резерфордпен бірге ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1916 жылдан Копенгаген университетінің профессоры. 1920 жылдан өмірінің соңына дейін Копенгагендегі Теориялық физика институтын (қазіргі Нильс Бор институты) басқарды. 1943 ж. Данияға фашистердің жаулап алу қатері төнгендеге, ол АҚШ-қа кетуге мәжбүр болды. АҚШ-та алғашқы атом бомбасын жасауға қатысты, кейін оны шығаруға қарсы шықты. Соғыс аяқталған соң Данияға қайта оралды.

Бор – атомның алғашқы кванттық теориясын жасаушы, кванттық механиканың негізін қалаушылардың бірі. Ол Бор қағидалары (постулаттары) деп аталған тұжырымдар негізінде атомның орнықтылығын және сутек тәрізді атомдардың спектрлік заңдылықтарын түсіндірді. Бор 1923 ж. классикалық және кванттық ұғымдар арасындағы сәйкестік принципін ашты. Сол жылы өзі жасаған атом моделі негізінде, алғаш рет Дмитрий Менделеевтің элементтердің периодтық жүйесіне ғылыми түсініктеме берді. Бор – Нобель сыйлығының лауреаты (1922), дүниежүзіндегі жиырмадан астам Фылым академияларының, оның ішінде бұрынғы КСРО Фылым академиясының да (1929) құрметті мүшесі. Нильс Бор 1962 ж. Копенгаген қаласында дүние салды.

**Бор қағидалары**, Бор постулаттары – даниялық физик Нильс Бордың атомның орнықты (стационар) күйін және спектрлік заңдылықтарын түсіндіруге арналған негізгі болжамдары (1913). 1-қағида немесе орнықты күйлер қағида: атомдағы электрондар кез келген энергиясы бар орбиталармен емес, тек белгілі бір энергиясы бар орбиталар бойымен қозғалады. Оларды орнықты орбиталар деп атайды. Орнықты орбиталардың энергиясы тек белгілі бір дискретті (ұзікті) мәндерді ғана иеленеді. Электрондар мұндай орнықты орбита бойымен қозғалып жүргенде сөule шығармайды. 2-қағида немесе сөule шығарудың жиіліктік шарты: атом бір орнықты күйден екінші бір сондай күйге ауысқанда ғана жарайқтың бір фотонын жұтады не шығарады. Осы қағидалар негізінде құрылған Бор теориясы тек сутек және сутек тәріздес атомдардың құрылышын түсіндіруге қолданылды. Бор қағидалары классикалық физика заңдылықтарына толығымен қайшы келді. Бұл қағидалар – микродүние қасиеттерін түсіндіру үшін табылған алғашқы тұжырымдар еді.

Атом құрылышы кванттық механика арқылы ғана толық түсіндірліді.

**БӨГЕМБАЙ БАТЫР**, Бөгембай Ақшашаұлы, Қанжығалы Бөгембай – жоңғар шапқыншылығына қарсы құресте ерекше көзге түскен халық батыры. Шамамен 1680 ж. дүниеге келген. Басқа батырларға қарағанда жасы үлкенде болғандықтан халық азыздарында «Қанжығалы қарт Бөгембай» аталған. Жас кезінен бастап жоңғарлармен шайқаста көзге түскен ол Аңырақай шайқа-



Қанжығалы Бөгембай.  
Суретші Н.Қарымсақов

сында Орта Жұз қолын басқарды. Кейіннен Қабанбай, Жәнібек, т.б. батырлармен бірлесіп қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан азат етуге басшылық етті. Абылай ханның бас батыры болды. 1757–1758 ж. шығыстан келген қытайлармен болған соғысқа қатысты. Жасы 80-нен асқанда ауырып, қайтыс болды. Сүйегі Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне жерленген. Бұқар жырау, Қожаберген, Үмбетей, т.б. ақындар ол жөнінде көптеген дастандар шығарды. Астана–Павлодар жол торабында батырга арналып ескерткіш орнатылған.

**БӨДЕНЕ** – тауықтөрізділер отряды, қырғауыл тұқымдастарына жататын құс. Қазақстанда шөл дала мен биіктігі үш мың метрден жоғары таулардан басқа жерлердің бәрінде үялайды, бірқатары республикамыздың қырыр



Бөдене

оңтүстігінде қысталап та қалады. Дене түркі 20 см-дей, салмағы 80–150 г шамасында. Ақшыл жолақты кішкене сұр құс. Мекиенің тамағы ақ, жемсауы мен көкірегі теңбіл болады. Бөдене – жыл құсы, соның ішінде түнде қоныс аударатын жалғыз бір түрі. Бөдене үялайтын жеріне көктемде үшіп келеді де, қыстау үшін Оңтүстік Азия мен Африкаға үшіп кетеді. Далада, шабындықта, егістікте жерді шұңқырлап, құрғақ шәп төсейді де, жетіден жиырмада дейін шұбар жұмыртқа салады, оны мекиені он бестен он жеті күнге дейін басады. Бөдене өсімдік тұқымымен жөне өркенімен кейде жәндіктермен қоректенеді. Әусекөй аңшылық мақсатта көп ауланады, сондай-ақ үйде де үсталады.



Бөкей хан ордасы. 19 ғасыр

шекаралық комиссиясына бағындырылды. Өуелде ордадағы үй саны бес мыңдай болса, 1825 ж. он төрт мың төрт жұз тоқсан үйге жетіп, халық саны елу мыңдан асты. 1815 ж. Бөкей хан қайтыс болып, хандық уақытша Бөкейдің туысы Шығай сұлтанға көшті. 1823 ж. таққа Жәңгір отырды. Ол билікті нығайтып, орталықтан басқарылатын әкімшілік құрды. Әрбір ірі рудың басына Жәңгір өзіне шын берілген сұлтандар мен билерді қойды. Ру ішіндегі аталарды старшындар басқарды. Тағайындалған ру басшылары мен старшындарды Орынбор шекаралық комиссиясы бекітті. Бөкей ордасының әкімшілік орталығы – Орда 1826 ж. салынды. Бөкей ордасын жан-жағынан орыс әскерлерінің бекініс шептері қоршап жатты. Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда, мұнда тауарлы-ақша қатынасы басымырақ өркендеді. 1840 ж. хан ордасында бастауыш орыс-қазақ мектебі ашылды. Бөкей ордасы жерінде 1836–37 ж. Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс болды. Көтеріліс хан ордасын шайқалтып таstadtы. 1845 ж. Жәңгір өлгеннен кейін хандық өкімет жойылды. Хандықтың орнына Ішкі орданы басқару жөніндегі уақытша кеңес құрылып, оған патша шеңеуніктері басшылық етті.

**БӨКЕЙ ОРДАСЫ**, I шк i Орда – Ресей императорының рұқсатымен құрылды, 1801–45 ж. Еділ мен Жайық өзендері аралығында болған қазақ хандығы. Ішкі орда немесе Бөкей хандығы деп те аталады. 18 ғасырдың сонына қарай Кіші жұзде отарлық езгінің күшіне тұсуі халықтың тұрмыс-тіршілігін күйзелтті. Кіші жұз қазақтары тіршілік етуге «женилдеу» басқа жерлерге көшуді қөкседі. Сондай қолайлы жердің бірі – Жайық пен Еділ аралығындағы Нарын құмы болды. Бұл өңірді қалмақтар тастанап кеткеннен кейін (1771) ешкім қоныстанбаған болатын. Мұны Бөкей сұлтан пайдаланып қалды. Ол Нарынды тұрақты қоныс етіп бекітіп беру жөнінде Павел I-ден рұқсат сұрады. Павел I өзінің 1801 жылғы он бірінші наурыздағы жарлығымен Бөкей сұлтанның тілегін орындаған. 1806 ж. патша жарлығы негізінде Бөкей ордасының нақты шекарасы, сонымен қатар жәрмеңке орындары белгіленді. 1808 ж. Бөкей ордасы Астрахан әскери губернаторы мен Орынбор

**БӨКЕЙХАНОВ Әлихан Нұрмұхамедұлы** – Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрагасы, публицист, ғалым, аудармашы. Орта жұз ханы Бөкейдің ұрпағы. Ол 1866 ж. жиырма бесінші наурызда бұрынғы Семей облысының Қар-



қаралы уезіне қарасты Тоқырауын болыссының жетінші ауылында туған. 1894 ж. Санкт-Петербургтегі Орман институтын бітіргеннен кейін, Омбыдағы орман шаруашылығы училищесіне математика пәнінен оқытушы болып орналасты. 1896–1903 ж. Щербина экспедициясы жұмысына қатысты. 1906 ж. Бекейханов Бірінші Мемлекеттік думаға Семей облысы қазақтары атынан депутат болып сайланды. 1906 ж. Омбыда шығатын кадеттік «Голос степи», «Омиш» және «Иртыш» газеттерінде, 1908 ж. Петербургте жарық көрген меншевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редакторлық қызмет атқарды. Сол жылы Самараға жер аударылып, 1909–17 ж. Дон егіншілік банкі бөлімшесінде жұмыс істеді. 1912–17 ж. «Қазақ» газетін ұйымдастырып, оның жалпы үлттық деңгейге көтерілуіне Бекейханов зор еңбек сінірді. Оның жетекшілігімен 1917 ж. шілдеде Бірінші жалпы қазақ съезі өткізіліп, «Алаш» партиясы құрылды. 1917 ж. 5–13 желтоқсан күндері Орынборда жалпы қазақ съезі болып, қазақ облыстарын бүліншіліктен сақтау мақсатында уақытша «Ұлт Қеңесін» құрып, оның аты «Алашорда» болсын деген шешім қабылданды. 25 орыннан тұрған бұл үкіметтің төрағасы болып көпшілік дауыспен Бекейханов сайланды. Азамат соғысы басталып кеткеннен кейінгі кезеңде Бекейханов бастаған Алашорда өкіметі кеңес билігіне қарсы құресіп, ақ казактар мен патша генералдарының жағында болды. Қеңес өкіметі Алаш қозғалысына қатысқандарға жариялаған кешірімнен кейін ол 1920–27 ж. Қазақ АКСР Егіншілік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, үлттар істері жөніндегі Халық комиссариаты жанындағы Орталық баспаның (Мәскеу) ғылыми қызметкері, Ресей ғылым академиясының ғылыми қызметкері болды. 1927 жылдың бірінші қазанынан бастап Мәскеуде, ОГПУ (Біріккен мемлекеттік саяси басқарма) органдарының бақылауында болған. 1937 ж. КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының негізсіз үкімі бойынша ату жазасына кесілін, сол жылы 27 қыркүйекте Мәскеу қаласында қаза тапты.

Бекейханов қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт тұлік малын, жер-суын жан-жақты зерттеген санаулы ғалымдардың бірі. Ол қазақ мемлекетінің пайда болуының тарихи кезеңдерін, даму заңдылықтарын терең зерттеген және халықтың ауыз әдебиеті мұраларынан үлгі

алмай үлттық әдебиеттің өркендеуі мүмкін емес деп түсінген. Ол ауыз әдебиеті туындыларын жинауга көп күш салды. Сондай-ақ Бекейханов тұңғыш абайтанушы ретінде Абайдың өлеңдері мен нақыл сөздерін жинақтауға ат салысты. Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінің тұңғыш жинағын редакциялап, жинақтың 1909 ж. Санкт-Петербургте басылып шығуына ат салысты.

**БРАЗИЛИЯ, Бразилия** Федеративтік Республикасы – Оңтүстік Америка құрлышының шығыс және орталық бөліктерін алғып жатқан мемлекет. Жері – 8,5 млн. км<sup>2</sup>. Халқы 196,7 млн. адам. Халқының этническілік құрамы: ақ нәсілдер – 54,7%, зәңгілер – 5,89%, мулаттар – 38,45%. Бұған қоса 3 млн-нан астам иммигранттар (жапон, италиялық, неміс, араб, француз, т.б.) тұрады. Астанасы – Бразилия. Мемлекеттік тілі – португал тілі. Халқының көпшілігі христиан дінін ұстанады.

Бразилия жері экваторлық (солтүстік бөлігі), субэкваторлық, тропиктік (орталық және оңтүстік бөлігі), субтропиктік (қызыр оңтүс-



Фото до Игуасу сарқырамасы



Рио-де-Жанейро. Атлантический океан жагалауы

тік-шығыс) ендіктерде орналасқан. Жерінің көбін Бразилия таулы ұстірті алып жатыр. Суы мол, энергия көзіне бай өзендер көп, ішіндеңі ірілері: Амазона, Сан-Франиску, Парнамба, Парана.

Бразилия экономикалық күш қуаты жағынан дүние жүзінде 6-орын алады. Елде автомобиль, авиация, мунай өнімдері өндірісі жақсы дамыған. Сыртқа ұшақ техникасы, кофе, соя, қант т.б. өнімдер шығарылады. Бразилия Латин Америкасы елдері ішінде шешуші рөл атқарады.



**БРУНО Джордано Филиппо** – италиялық философ, ақын, астроном. Ол 1548 ж. Италияның Нола қаласында туған. Есейіп өскен шағында дінге қарсы көзқарасы үшін Италиядан кетіп, Францияда, Англияда, Германияда тұрды. Италияға қайтып оралғаннан кейін (1592),

инквизиция Бруноны сегіз жыл түрмеде үстады, кейін оны тірідей (1600 жылы он жетінші ақпан күні Рим қаласында) отқа жағып өлтірді. Бруно философияның мақсаты құдай бар деп білу емес, «заттардың өз құдіреті» болып табылатын табиғатты тану деп тұжырымдады. Ол ғаламның шексіз екендігі жағында идея ұсынды. Бруно өз дәуірі үшін озат, кейін дәлелденген болжамдар айтты. Олар: Күн жүйесіндегі белгісіз планеталардың бар екені, Күн мен жұлдыздардың өз осімен айналатындығы туралы, ғаламда Күн тәріздес сансыз көп денелер бар екені жайлы, т.б. поэзиялық шығармаларында классицизмге қарсы бағыт ұстанды.

**БУДДА** – будда дінінің негізін қалаған әулиенің лақап аты. Шын есімі – Гаутама Сиддхартха. Солтустік Үндістанда (бүгінгі Непал жерінде), шак (сак) халқы патшасының отбасында дүниеге келген. Будда (біздің заманымыздан бұрынғы 623–544 ж.; санскритше Буддha көкірегі ояу, көзі ашық деген ұғымды білдіреді) сол кездері Үндістанда үстемдік құрган Веда ілімін мойындалмай, анимсаны



Будда мүсіні. Жапония, Хансю аралы

(тіршілік иелеріне жамандық жасамауды) уағызыдаған.

**БУЛЬДОЗЕР** – 1) аспалы жұмыстық тетігі – қалқаны бар өздігінен жүретін жер қазғыш трактор не сүйреткіш. Ол кен байлықтарын аршу, арна қазу, жол салу, сондай-ақ гидротехникалық құрылыштарды, т.б. жүргізу үшін топырақты қабат-қабатымен ығыстыру және оны тегістеу, үю сияқты жұмыстар кезінде қолданылады. Бульдозер (ағылшынша bulldozer, bulldoze – ірі кесектерді жару, ұсақтау) қалқаны бұрылмайтын бульдозер, қалқаны бұрылмалы бульдозер және қалқаны әмбебап бульдозер болып ажыратылады. Олардың барлығы да гидравликалық, канатты (болат арқанды) не электромеханикалық жетектермен жабдықталады.

2) Әр түрлі құмалы дайындаудан жасалған бөлшектерді (қапсырма, кронштейн, бұрыштық, т.б.) штампен иуге арналған пресс. Оның кривошипті және гидравликалық түрлері бар. Үсталық-штампты өндірісте горизонталь кривошипті бульдозер кеңінен қолданылады.



Бульдозер

**БУРАБАЙ** – Көкшетау қыратындағы түйік көл. Ақмола облысының Шучье ауданында, Көкше тауының шығыс баурайында орналасқан. Ұзындығы 4,5 км, ені 3,9 км, орташа терендігі 4,5 м, ең терең жері 7 м, су жиналатын алабы 164 км<sup>2</sup>. Тектоникалық ойыста жатқан көл дөңгелек пішінді, табаны тегіс, солтүстікке қарай еңістеу келген. Солтүстік, батыс және оңтүстік жағалаулары граниттен түзілген, шығысы – құмдауытты. Бурабайдың суы жұмсақ және мөлдір, түбіне дейін айқын көрінеді. Жақын жатқан көлдерден (Ұлкен және Кіші Шабақты, Шортанды, Қотыркөл, Жөкей, т.б.) аласа жоталармен бөлінген. Төңірегінде Бурабай курорты, «Оқжетпес» және «Голубой залив» демалыс үйлері орналасқан. Бурабай табиғатының ерекше сұлулығы көптеген өдебиет және көркемсүрет шығармаларына арқау болған.

«Бурабай» – Ақмола облысының Щучье ауданындағы қымызбен емдейтін республикалық маңызы бар курорт. Щучинск қаласынан 20 км жерде, Бурабай көлінің жағасында орналасқан. Көкше тауы (абсолюттік биіктігі 947 м) солтүстіктен соғатын өкпек желге тосқауыл болады, оның баурайында қарағайлы, қайың аралас ормандар өсken. Бурабайда қымызбен емдейтін түңғыш емхана 1910 ж. ашылған. Курорт 1920 жылдан жұмыс істей бастады. Қарағайлы орман ішінде екі санаторий (екеуі де «Бурабай» деп аталады) орналасқан: біреуінде ересек адамдар, екіншісінде балалар емделеді. Екеуі де жыл бойы жұмыс істейді. «Бурабайдағы» негізгі ем – қымыз, сондай-ақ климаттық факторлар (қарағайлы орман, шипалы таза ауа, сұлу табиғат) кеңінен пайдаланылады, физиотерапия тәсілдері, Бал-пашсордың тұзды балшығы, Майбалық көлінен тасылатын хлорлы-натрийлі-магнийлі минералдық су, т.б. қолданылады.



Бурабай курорты



Солтүстік бұғысы

**БҰҒЫ**, бітегумүзділек – жұп түяқтылар отрядына жататын жануарлар түқымдасы. Бұғының отыз түрі бес түқымдас тармағына бөлінеді: құдырлар; мунтжактар; су бұғылары; нағыз бұғылар; Америка бұғылары. Бұғы Азия, Еуропа, Америка және Солтүстік Африкада тараған. Қазақстанда бұғы екі түқымдас тармағына жататын төрт түрі (құдыр, елік, марал, бұлан) Алматы, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстарының орманды алқаптарын мекендейді. Бұғылардың көпшілігі орташа немесе ірі денелі, сымбатты келеді. Барлық түрінің дерлік (су бұғысын қоспағанда) еркегінің тармақтанған сүйекті, қуыс мүйізі болады. Үргашысында мүйіз тек солтүстік бұғысындаған болады. Бұғының мүйіздері жыл сайын қыста немесе көктемде түсіп, қайта өсіп шығады. Бұғылар орманда, орманды далада, тундрада, тауда кездеседі. Ағаш, бұта жапырағын, қабығын, шөптесін өсімдіктерді, қынаны, мұкті, т.б. қорек етеді. Үргашылары мамыр-шілде айларында бұзаулайды. Бұғының барлығы дерлік кәсіптік маңызы бар ан. Олардың төрісі және етін пайдаланады. Теңбіл бұғы мен маралдың еркегінің мүйізінен дәрі жасалады.

**БҮҚАР ЖЫРАУ,**  
Бұқар жырау  
Қалқаманұлы –  
әйгілі жырау. Абылай ханының ақылшы-биі,  
абыз. Бұқар жырау  
Баянауылдағы Далба тауы бойында 1693 ж.  
өміргі келіп, кіндік қаны тамған жерінде  
1787 ж. 94 жасында  
дүниесалған. Жұрт



оны «Көмекей әулие» деп атаған. Бұқар жырау қазақ халқының Жонғар басқыншылығы түсінда, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жүртты басқыншы жауға қарсы қуресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салды. Жырау азаттық жолында ерліктің небір ғажайып ү лігерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасады. Жыраудың «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасында», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі үстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталады.

Бұқар жыраудың толғаулары, шын мәнінде, Абылай дәүірінің айнасы. Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз кеменгерді Абылай хан да қасынан бір елі қалдырмаған. Ақыл-ойға кемел «Көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі екі алып мемлекеттің арасында онтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасайды. Бұқар жырау толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленеді.

**БУЛАҚ**, бастау – жер бетіне шығып жатқан табиғи жер асты су көзі. Ол таулы, қыратты аймақтарда, өзен, көл жағаларында жиі кездеседі. Бұлақтың арынсыз және арынды түрлөрі бар. Арынсыз бұлақ ылғалды жылдарда, көктемде қар ерігеннен кейінгі және жауын-шашынды кезеңдерде жер бетіне таяу жатқан грунт суы деңгейінің көтерілуінен пайда болады. Оны әдетте тұма деп атайды. Құрғақшылық жылдары, ылғалсыз жаз айларында мұндай бұлақтың суы тартылып қалады. Арынды су көзі – артезиан (арынды) суынан бастау алып, сай-жылғаларда, өзен мен көл бойында немесе тау-тастардың терең жарықтарынан шығатын бұлақтың қайнар деп атайды. Мұндай су көзінің өнімі, температурасы, минералдық тұмаға қарағанда тұрақты келеді. Сонымен қатар әктасты, гипсті, карсты



Алтайдағы Аржансу бұлагы

таулы аймақтарда, қыраттарда жер астындағы кең көлемді жарықтарды бойлай өзен секілді ағып, жер бетіне шығып жататын бұлақтың ерекше түрі воклюз деп аталағы. Суы мол, өнімі тұрақты воклюздер Қазақстан жерінде Қаратуда, Шыңғыс тауында, Жайық бойындағы Индер тауында, Устіртте, т.б. аудандарда кездеседі. Кейде олардан жер астында кішігірім көлдер пайда болады. Суы тұщы бұлақ елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етуге, мал жайылымдарын суландыруға, жер суаруға пайдаланылады.

**БҮЛБҮЛ** – торғайтәрізділер отрядының сайрауықтар тұқымдасына жататын әнші құс. Қазақстанда екі түрі – кәдімгі немесе шығыс бұлбұлы және онтүстік не зортұмсықты бұлбұл кездеседі. Онтүстік бұлбұлы Сырдария, Шу, Іле, Қаратал өзендерінің бойындағы тогайларды, үлкен бау-бақшаларды, қалың бұталы есімдіктерге бай саябақтарды мекендейді. Кәдімгі



Шығыс бұлбұлы

бұлбұл Жайық пен Ертіс өзендерінің бойында, Көкшетау өңіріндегі қыраттарда үялайды. Дене түркы 160–190 мм, қанатының ұзындығы 90 мм-дей, салмағы 17–26 г. Арқасы қара-сұр, қоңыр-сұр, бауыры ақшыл болады. Бұлбұл – жыл құсы. Сөуірдің аяғы мен мамырдың басында үялауға ұшып келеді. Тамыздың аяғы, қыркүйектің басында Африканың тропиктік аудандарына қыстауға ұшып кетеді. Бұлбұл өр түрлі жәндіктермен қоректеніп, орман шаруашылығына көп пайда келтіреді. Әнші құстар ретінде эстетикалық маңызы да бар.

**БҮРКІТ** – сұңқартәрізділер отряды, қаршыға тұқымдасының қырандар туысына жататын ірі жыртқыш құс. Латынша аты (*Aquila chrysaetos*) «алтын қыран» деген ұғымды білдіреді. Түркі халықтарының көпшілігі «бүркіт» (жемтігін бүріп ұстау тәсіліне сәйкес) деп атайды. Қазақстанда оның алты түр тармағы Маңғыстау, Үстірт, Мұғалжар, Сыр бойы, Қызылқұм, Бетпақдала, Сарыарқа, Тянь-Шань, Тарбағатай, Алтай өңірлеріндегі жазық жерлерде, тау бектерінде кездеседі. Бүркіт – қырандар ішіндегі ең ірі өрі күшті, дене бітімі мығым, жылдам ұшатын құс. Ұябасарының бір қанатының ұзындығы 65–74 см, шәулісінікі – 59–66 см. Ұябасарының салмағы 3,8–6,3 кг, шәулісінікі 2,8–4,1 кг. Бүркіттің құйрық қанатының ұзындығы 33–36 см. Тұмсығының үстіңгі жағы төмен қарай иіліп келген, ұшы ұшқір болады. Жұптастып тіршілік етеді. Ұлken ұясын (диаметрі 1,5–2 м) қурап қалған ағаш бұтақтарынан құздың, жартастың басына бірнеше жыл қатарынан салады. Табиғи жағдайда бүркіт жұз жылдай тіршілік етеді. Халық ұғымында бүркіт – тексті өрі киелі құс. Қазақстан Республикасының Тұындағы бүркіт



Бүркіт

бейнесі азаттық айбыны ретінде бейнеленген. Бүркітті қолға үйретіп, баптап, саятшылықта пайдалану – қазақ халқының өртеден келе жатқан өнері.

**БІЛГЕ ҚАҒАН**, М о г и л я н – Шығыс Түрік қағанатының қағаны. Білге (қытайша Пицзя кэ-хань) Құтылықтың баласы, Құлтегіннің ағасы. Шамамен 685–734 жылдары өмір сүрген. Он төрт жасында «Тардұш елінің шады» лауазымын алған. Қытай жазбаларында ол 700 ж. Танғұтқа, 702 және 706 жылдары Қытайға, 709–713 ж. батысқа жорық жасағаны айттылады. 712–713 ж. Тонықөк, Білге қаған, Құлтегін басқарған түрік өскери Кутейба ибн Мұслим бастаған арабтармен болған



«Білге қаған» руникалық жазуының бір бөлігі

шайқаста жеңіліс тауып, кейін шегінеді. 714 ж. Алтайды қоныстанған қарлұқтардың тоғыз оғыз, басмылдармен одактасып Шығыс Түрік қағанатына жасаған шабуылдарына Білге қаған мен Құлтегін бірлесін тойтарыс береді. 716 ж. Қапаған бүлікшілер қолынан қаза тауып, Білге қаған «қаған» лауазымын алды. Білге қаған өз туыстарының қолынан уланып өлген. Оның мұрагері болып баласы Ижань тағайындалды. Монғолиядағы Орхон өзені бойында Білге қағанға арналған ескерткіш күні бүгінге дейін сақталған.

**БІРЖАН САЛ**, Б і р ж а н Қ о ж ағ ұл-ұлы – әнші, композитор, ақын. Ол 1834 ж. Ақмола облысында дүниеге келген. 1897 ж. алпыс үш жасында туган жерінде қайтыс болды. Бозбала кезінен әнші-ақындардың қасына еріп той-думанның сөніне айналады. Шәже, Салғара, Толыбай, Орынбай, Нұркей, Сегізсері, Арыстан төрізді өнер иелері – Біржан салдың



Біржан сал. Суретші Ә.Қастеев

ұстаздары. Біржан сал қазақтың дәстүрлі өншілік өнерін, халық музыкасын жаңа белеске көтеріп, өз ән-өлеңдерімен толықтырган ірі тұлға. Біздің заманга Біржан салдың алпысқа жуық өндөрі жеткен. Оның өндөрі нәзік сезімді, сұлулықты жырлаган сыршылдығымен қоса («Фашығым», «Қаламқас», «Ләйлім шырақ», «Айтбай», «Ақтентек», т.б.), әлеуметтік мәнмазмұнымен де («Жанбота», «Адасқақ», «Көлбай – Жанбай», «Шідер», т.б.) құнды. Сара ақынмен айтысры оны дарынды, сурыпсалма ақын ретінде дүйім елге танытты. Біржан салдың «Айтбай», «Адасқақ», «Жамбас сипар», «Жонып алды», «Алтын балдақ», «Көкек», «Жанбота», «Теміртас» сияқты өндөрі дәстүрлі қазақ өндөрінің классикалық үлгілері ретінде қазақ мәдениетінің алтын қорынан орын алды. Біржан салдың музыкалық мұрасы бірнеше рет жинақ болып басылып шықты. Мұқан Төлебаев «Біржан – Сара» операсын жазды.

**БІРҚАЗАН** – ескекаяқтылар отрядына жаттын құстар. Қазақстанда екі түрі: бүйра бірқазан және қызылт бірқазан тараған. Олар Қаспий және Аral теңіздерін, Балқаш, Сасыққөл көлдерінің алабын мекендейді. Дене түркы 1,8 м-дей, салмағы 13 килограмға дейін жетеді. Тұмсығы өте ұзын, төменгі жақ сүйегінің астында созылмалы тері қапшығы болады. Бірқазан – топтанып жүретін құстар. Олар көреңтерін (балықтарды) көбіне су құзғында-



Бірқазан

рымен бірлесіп аулайды. Суда жақсы жүзгенмен, сұнғи алмайды, жемін суга басы мен мойнын батырып жіберіп үстайды. Бірқазан – жыл құстары, наурыз айында ұшып келіп, өніп-өсіп, қараша айында жылы жаққа ұшып кетеді. Жерорта, Қаспий теңіздерінің оңтүстік жағалауында, Оңтүстік Азияда қытайды. Олар саны аз құс болғандықтан, Қорғалжын, Наурызым қорықтарында қорғауға алынып, халықаралық табиғат қорғау одағының және ұлттық «Қызыл кітапқа» енгізілген.

**БІРЛІКТЕР ЖҮЙЕСІ** – физикалық шамалардың негізгі бірліктерінің кейбірін ғана (ұзындық, масса және уақыт) қамтитын, ал қалған өлшеу бірліктері сол негізгі бірліктердің туындысы ретінде анықталатын жүйе. Бірліктердің абсолюттік жүйесіне енетін кез келген физикалық шамандың туынды бірліктерін анықтағанда, сол шаманды негізгі бірліктер арқылы өрнектелетін шамалармен байланыстыратын формула қолданылады. Бұл формуладағы пропорционалдық коэффициент бірге тең деп үйғарылады. Бірліктердің абсолюттік жүйесін ғылымға түңғыш рет 19 ғасырдың 30-жылдары неміс ғалымы Карл Гаусс енгізген. Ол негізгі бірліктер ретінде: ұзындық бірлігіне миллиметрді, масса бірлігіне миллиграммды және уақыт бірлігіне секундты алған. Бірліктердің абсолюттік жүйесі қазіргі уақытта ескірген жүйе болып саналады.

Бірліктердің СГС жүйесі – үш негізгі өлшем бірлігінен (сантиметр, грамм, секунд: СГС) тұратын физикалық шамалардың бірліктер жүйесі. Ол 1881 ж. электриктердің Париждегі 1-халықаралық конгресінде қабылданған. Бірліктердің СГС жүйесі механиканың және электр динамикасының өлшем бірліктерін қамтиды. Бұл жүйенің өлшеу бірліктері физикамен астрономияның теориялық жұмыстарында ғана қолданылады.

Бірліктердің халықаралық жүйесінің (SI; СИ) негізгі, косымша және туынды бірліктері

Шамалар	Бірліктердің атауы	Белгіленуи халықар. казақша
<b>Негізгі бірліктер</b>		
Ұзындық	метр	m
Масса	килограмм	kg
Уақыт	секунд	s
Электр тогының күші	ампер	A
Термодинамикалық температура	kelvin	K
Жарық күші	кандела	cd
Зат мөлшері	моль	mol
<b>Косымша бірліктер</b>		
Жазық бұрыш	радиан	rad
Денелік бұрыш	стераидиан	sr
<b>Туынды бірліктер</b>		
Аудан	метрдін квадраты	m <sup>2</sup>
Көлем	метрдін кубы	m <sup>3</sup>
Жиыл	гері	Hz
Жылдамдық	метр секундка белінген	m/s
Үдеу	метр секундтың квадратына белінген	m/s <sup>2</sup>
Бұрыштық жылдамдық	радиан секундка белінген	rad/s
Бұрыштық үдеу	радиан секундтың квадратына белінген	rad/s <sup>2</sup>
Тығыздық	килограмм метрдін кубына белінген ньютон	kg/m <sup>3</sup> N
Күш	паскаль	Pa
Қысым, механикалық кернеу	метрдін квадраты секундка белінген	m <sup>2</sup> /s
Кинематикалық тұтқырлық	паскаль мен секундтың көбейтіндісі	Pa s
Динамикалық тұтқырлық	дюйоль	J
Жұмыс, энергия, жылу мөлшері	ватт	W
Куат	кулон	C
Электр мөлшері	вольт	V
Электр кернеу, электр қозғауышы күш	вольт метрге белінген	V/m
Электр өрісінің кернесулігі	ом	$\Omega$
Электр кедергісі	сименс	S
Электр өткізгіштік	фарад	F
Электр сыйымдылық	вебер	Wb
Магнит ағыны	генри	H
Индуктивтілік	тесла	T
Магнит индукциясы	ампер метрге белінген	A/m
Магнит өрісінің кернесулігі	ампер	A
Магнит қозғауышы күш	дюйоль кельвинге белінген	J/K
Әнтропия	дюйоль килограмм мен кельвиннің көбейтіндісіне белінген	J/(kg K)
Меншікті жылу сыйымдылығы	ватт метр мен келиниң көбейтіндісіне белінген	W/(m K)
Жылу өткізгіштік	ватт стердианға белінген	W/sr
Сәуле шыгару карындылығы (интенсивтілігі)	бір саны метрге белінген немесе метрдін минус бір дәрежесі	m <sup>-1</sup>
Толқындық сан	люмен	lm
Жарық ағыны	кандела метрдін квадратына белінген	cd/m <sup>2</sup>
Жарыктылық	люкс	lx
Жарыкталыну		

бірліктерінің шамасы табиғат құбылыстарына байланысты анықталады. Алғашқы нұсқасын 1906 ж. неміс физигі Макс Планк ұсынған. Бұл жүйенің дөлдігі біршама төмен. Сондықтан кең қолданыс тапқан жоқ. Дегенмен, бұл жүйені теориялық физикада пайдалану кейір физикалық тендеулерді қарапайым түрге келтіруге мүмкіндік береді.

**Бірліктердің халықаралық жүйесі (SI; СИ)** Өлшем мен салмақ жөніндегі 11-Бас конференцияда (1960) қабылданған физикалық шамалар бірліктерінің жүйесі. Кейін ол Өлшем мен салмақ жөніндегі 12–18-Бас конференцияларда дәлдене түсті. Оны КСРО-да қолдану 1963 жылдан (ГОСТ 9867–61) басталды, ал 1982 жылдан ол міндетті түрде қолданыла бастады. Бірліктердің халықаралық жүйесінің артықшылығы – оның ғылым мен техниканың барлық саласын қамтитын өмбебаптығы және пропорционалдық коэффициенттері болмайтын тендеулер негізінде құрылатын туынды бірліктерінің бір-бірімен үйлесімділігі.

**БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІГІ (БАӘ),** ә л-Өмирәт әл-Араби әл-Муттахид а – Азиядағы Парсы шығанағының оңтүстік жағалауын алғып жатқан, Арабия түбегінің шығыс жағындағы мемлекет. Құрамына Әбу-Даби, Дубай, Шараджа, Фуджайра, Умм өл-Кайвайн, Әджман, Рас әл-Хайма әмірліктері кіреді. Жері – 83,6 мың км<sup>2</sup>. Астанасы – Әбу-Даби. Халқы – 7,9 млн. адам (2007). Арабтардан басқа үндіс, парсы, т.б. ұлттар тұрады. Мемлекеттік тілі – араб тілі. Діні – ислам.

Біріккен Араб Әмірлігінің жері Парсы шығанағының оңтүстік жағалауымен 600 шақырымға созылып жатыр. Жағалауы ойпат, көптеген ұсақ аралдарды қамтиды. Жері шөлді, ойпатты жазық болып келеді. Экономикасының негізі – мұнай мен газ қорлары. Мұнай өндеу, мұнай-химия, металлургия (алюминий



Әбу-Даби қаласы

Бірліктердің табиғи жүйесі – негізгі бірліктер ретінде іргелі физикалық тұрақтылар қабылданған (мысалы, гравитациялық тұрақты –  $G$ , вакуумдағы жарық жылдамдығы –  $c$ , Планк тұрақтысы –  $h$ , Больцман тұрақтысы –  $k$ , Авогадро саны –  $N_A$ , электрон заряды –  $e$ , электронның тыныштық массасы –  $me$ , т.б.) жүйе. Бірліктердің табиғи жүйесінің негізгі

балқыту), цемент өндірістері дамыған. Қол-өнер, балық аулау және маржан тери көсіп-шіліктері де ұлғаюда. Ауыл шаруашылығы на-шар дамыған. Шұраттарда құрма, жүзім, көкөніс, мақта, т.б. өсірілгенімен, тамақ өнімдері шет елдерден өкелінеді.

**БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ (БҮҮ)** – дүние жүзіндегі мемлекеттердің басым көпшілігін біріктіретін, ең ықпалды, әмбебап халықаралық ұйым. Басты мақсаты – халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтып, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту, адам құқылары мен бостандықтарын қорғау. БҮҮ қызметінің негізгі принциптерін 2-дүниежүзілік соғыс кезінде антигитлерлік коалицияға ұйытқы болған мемлекеттер белгіледі. БҮҮ Жарғысының күшіне енген сөті – 1945 жылғы 26 қазан жыл сайын «Біріккен Ұлттар Ұйымының күні» деп аталып өтеді.

БҮҮ-ның басты органдары – Бас Ассамблея, Қауіпсіздік Кеңесі, Экономикалық және әлеуметтік кеңес, Халықаралық сот, Қамқорлық жөніндегі кеңес пен Хатшылық. Штаб-пәтері Нью-Йорк қаласында (АҚШ) орналасқан. Женевада (Швейцария), Венада (Австрия) бөлімшелері жұмыс істейді. Хатшылық БҮҮ-ның атқарушы органы міндеттін орындаиды. Оған Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысы бойынша, Бас Ассамблея бес жыл мерзімге тағайындаитын БҮҮ-ның Бас Хатшысы басшылық жасайды. БҮҮ құрамында әлеуметтік, экономикалық және гуманитарлық сала бойынша мамандандырылған он алты арнаулы мекеме (ЮНЕСКО, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, Халықаралық еңбек ұйымы, Өнеркәсіпті дамыту жөніндегі мекемесі, т.б.), сондай-ақ, арнаулы комиссиялар бар.



Біріккен Ұлттар Ұйымының Нью-Йорктегі штаб-пәтері



**ВАВИЛОН**, Вавилония – ежелгі мемлекет. Даму тарихы төрт кезеңге бөлінеді: 1) ерте Вавилон патшалығы (біздің заманымыздан бұрынғы 1894–1518); 2) касситтер дәуірі (біздің заманымыздан бұрынғы 1518–1204); 3) саяси құлдырау дәуірі (біздің заманымыздан бұрынғы 1204–626); 4) жаңа Вавилон патшалығы (біздің заманымыздан бұрынғы 626–538). Месопотамияның оңтүстік бөлігінде (қазіргі Ирак жері) біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың басында пайда болған бұл мемлекет өзінің басты қаласының атауымен аталды. Біздің заманымыздан бұрынғы 626 ж. халдей тайпасынан шыққан Набопаласар Ассириядан бөлініп, өзін Вавилонның патшасымын деп жариялады. Ол мидиялықтармен одақтасып, Ассирия патшалығын талқандады да, территориясын бөліп алды. Сөйтіп, Жаңа Вавилон кезеңі басталды. Навуходоносор II (біздің заманымыздан бұрынғы 604–562) патша тұсында қөптеген аймақтар жаулап алынды. Осы кезде Вавилонның экономикасы да күшейіп, Алдыңғы Азиядағы негізгі сауда орталығына айналды. Навуходоносор II өлгеннен кейін сарай төңкерістері болып, мидиялықтармен үздіксіз соғыс жүргі-



Вавилон мұнарасы. Суретші П.Брейгель

зілді. Біздің заманымыздан бұрынғы 538 ж. парсылардың патшасы Кир II Вавилонды басып алды. Осыдан кейін Вавилон патшалығы өзінің әмір сұруін мүлдем тоқтатты.

**ВАТИКАН**, Ватикан қала - мемлекеті – католик шіркеуінің орталығы, Рим папасы орналасқан мекен. Рим қаласының батыс жағында. Жер аумағы 0,44 км<sup>2</sup>. Бұл жерден тыс Римнің іші мен сыртында Ватиканға қарайтын үш собор бар (жалпы ауданы 0,7 км<sup>2</sup>). Тұрғыны 1 мың адам шамасында. Қөшілігі діни мекемелердің қызметкерлері. Ватикан азаматтығын тек жеті жүздей адам ғана алған.



Ватикандагы Әулие Петр алаңы

Ресми тілдері: латын және италия тілдері. Ватикан – абсолютті теократиялық монархия. Мемлекет басшысы – Рим папасы. Оның қолында барлық билік (заң шығару, атқару, сот төрелігі) шоғырланған. Бұған қоса Рим папасы сыртқы елдермен қарым-қатынасты да жеке өзі шешеді. Қазір әлемде 1,2 миллиард христиан-католик тұрады. Олардың ішінде Рим папасының саясатын жүргізетін 1,7 млн. дін қызметкери, 0,4 млн. священик, екі мыңдан аса монастырьлар бар. Ватикан дүние жүзіндегі аса бай мемлекеттердің бірі (алтын қоры – 13 миллиард доллар).

**ВЕЛОСИПЕД** – жедел жүруге арналған қарапайым көлік. Ол 16 ғасырдан бастап көптеген елдердің өнертапқыштары жасаған төрт доңғалақты арба негізінде шыққан. Алғашкы екі доңғалақты велосипед Ресейде жасалды. Ефим Артамонов жасаған велосипед 1801 ж. Мәскеуде қөшілікке көрсетілді. Оның алдыңғы үлкен доңғалагы педаль арқылы қозғалыс-



Тау велосипеді

қа келетін де, артқы кішкене доңғалағы сүйемелдеуіш қызметін атқаратын. Сонынан Батыс Еуропа елдерінде әр түрлі велосипедтер (Карл Драйс, Германия, 1815) пайда болды. 19 ғасырдың аяқ кезінен бастап велосипед көтеп шығарыла бастады. Бұл кезде оның құрылышына пневматикалық шина, шарикті ішпек (подшипник), болат түтіктен жасалған рама, шынжырлы беріліс, еркін жүріс механизмі, т.б. енгізілді.

Қазіргі велосипед үстіне ершік орнатылған рамадан, екі (кейде үш) доңғалақтан тұрады. Ол аяқ құшімен педальді беріліс арқылы қозғалысқа келтіріледі. Оның рульмен байланысқан алдыңғы доңғалағы бағыттаушы қызметін атқарады. Велосипед пайдалану мақсатына және құрылымдық ерекшеліктеріне қарай: көліктік велосипед, көліктік жеңіл велосипед, жасөспірімдер велосипеді, спорттық велосипед, балалар велосипеді және арнаулы велосипед болып ажыратылады. Спорттық велосипедтің бір түрі – тандем. Ол екі кісіге лайықталаып, қос доңғалақты және қос берілісті болып жасалады. Мұндай велосипедтің жылдамдығы сағатына 70 км-ге дейін жетеді.

**ВЕНГРИЯ, Х ү н г а р и я, М а ж а р Р е с п у б л и к а с ы** – Еуропаның орталығында орналасқан мемлекет. Жер аумағы 93 мың км<sup>2</sup>. Халқы 10,0 млн. адам. Астанасы – Будапешт. Халқының 90%-дан астамы венгрлер. Қалғандары неміс, серб, хорват, румын, еврей, т.б. халық өкілдері. Мемлекеттік тілі – венгр (мадьяр) тілі. Тұрғындарының басым қөшілігі католиктер (70%) және протестанттар (25%).

Венгрия, негізінен, Орта Дунай жазығында орналасқан ел. Жерінің 60%-дан астам бөлігі – жазық, қалған бөлігі таулы қырат. Жазық



Будапешт қаласы



Балатон көлі

жерлері ауыл шаруашылығына қолайлы, таулы аймақтары қалың орман.

Экономикасының жетекші салалары: машина жасау, станок шығару, химия, дәрі-дәрмек, металлургия, жиһаз жасау, т.б. Ауыл шаруашылығы жақсы дамыған. Бидай, жүгері, қант қызылшасы, күнбағыс өсіріледі. Құс шаруашылығы мен шарап өндірісі жақсы өркендеген.

**ВЕНЕСУЭЛА**, Венесуэла Республикасы – Оңтүстік Америкада орналасқан мемлекет. Жер аумағы – 912,0 мың км<sup>2</sup>.




Рорайма үстірті



Каракастагы Симон Боливар ескерткіші


Халқы – 29,3 млн. адам (2007). Астанасы – Каракас. Халқының ұлттық құрамы: 69%-ы метистер, 20%-ы ақ нәсілділер, 9%-ы зәңгілер, 2%-ы үндістер. Ресми тілі – испан тілі. Тұрғындарының басым көпнілігі – католиктер. Елді президент басқарады. Заң шығарушы органдары – екі палатадан (сенат және депутаттар жиыны) тұратын Ұлттық конгресс. Венесуэла Кариб теңізі жағалауында орналасқан. Елдің орта бөлігінен Ориноко өзені ағады. Оңтүстік-шығысында Гвиана таулы үстірті бар. Өнеркәсіптегі жетекші салалар: мұнай шығаратын және өндіртін өндіріс орындары, көлік және байланыс салаларының басым бөлігі – мемлекет меншігінде. Елде мұнайдан басқа табиғи газ, темір, боксит, көмір, алтын, алмас, т.б. пайдалы қазбалар өндіріледі және экспортқа шығарылады.

**ВЕСПУЧЧИ** Америго – теңіз саяхатшысы. Ол 1454 ж. Флоренцияда туған Веспуччи алғашқы теңіз саяхатын 1497–98 ж. Канар аралдарына жасады. 1499–1500 ж. Испанияда, 1501–04 ж. Португалияда теңізші болды, 1499–1504 ж. Жаңа Дүние жағала-



уын зерттеген экспедицияларға қатысты. Бұл саяхаттары туралы жазылған оның еңбектері кезінде әйгілі болды, бірнеше рет (1505–10) қайта басылды. Лотарингия картографы Мартин Вальдземюллер Колумбың ашқан «дүниенің төртінші бөлігін» Веспуччиң табысы деп жариялады; оның құрметіне жаңа құрлықты – Америка деп атауды ұсынды. Оңтүстік Америкаға бұл ат тез сінді, ал Солтүстік Америка үшін алғашқы рет 1538 ж. Меркатордың картасында қолданылды. Веспуччи 1512 ж. Севильяда дүние салды.

**ВИЗАНТИЯ, Византия империясы – 395–1453 жылдар аралығында өмір сүрген мемлекет.** Алғашында «Ромейлер империясы» деп аталған. «Византий» (грекше *Byzantium*) деген Босфор бұғазы жанындағы біздің заманымыздан бұрынғы 680 ж. іргесі қаланған ежелгі грек қаласы. 324 ж. Рим империясының астанасы осы қалаға көшті де, 330 жылдан бастап Константинополь, ал 1453 жылдан бері Стамбул деп аталды. Астана Константинопольге көшкеннен кейін Рим империясы біртіндеп Батыс және Шығыс бөлікке бөліне




«Түріктердің Константинопольді алуы».  
Миниатюра, 15 ғасыр

бастады. Толық бөліну 395 ж. жүзеге асты. Византия құрамына Балқан түбегі, Кіші Азия, Сирия, Палестина, Египет, Киренаика, Месопотамия, Армения, Эгей теңізіндегі аралдар (Кипр, Крит, Родос, т.б.), Қырым түбегі кірді. Халқының этникалық құрамы өр түрлі (гректер, дактар, копттар, фракийліктер, сириялықтар, еврейлер, армяндар, грузиндер, т.б.) болды. 4–6 ғасырлар аралығында халқының саны елу миллионнан алпыс бес миллионға дейін жетті. Экономикада, саяси өмір мен мәдениетте гректер үстемдік құрды. Византия тарихы шамамен үш кезеңге бөлінеді. Бірінші кезеңде (4–7 ғасырлардың ортасы) өкімет билігі императордың қолында болды. Ол құшті армия мен флот үстап, өз шекараларын қорғап, тіпті басқыншылық соғыстар жүргізді. Византия Еуропадағы ең дамыған мемлекетке айналды. Әсіресе, император Юстинианың тұсында (527–65) мемлекеттің әскери қуаты артып, тәңірегіндегі ұсақ мемлекеттерді өзіне қосып алды. Бірақ Юстинианың мұрагерлері билікті үстап тұра алмады. Екінші кезеңде (7 ғасырдың ортасы – 13 ғасырдың басы) Византия бірте-бірте грек-славян мемлекетіне айналды. Жерінің кішірейгеніне қарамастан, ол Жерорта теңізіндегі ең қуатты державалардың бірі болды. Бірақ 1204 ж. крестшілер Константинопольді басып алғаннан кейін, Византия біртұтас мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатты.

Ушінші кезеңде (1204–1453) Византияның крестшілер жаулап алған бөлігінде Латын империясы (1204–61) құрылды. Қалған бөліктерінде Никей империясы (1204–61), Трапезунд империясы (1204–1461), Эпир мемлекеті деген тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Олар Латын империясына қарсы ұздіксіз соғыс жүргізді. Онда Никей империясы шешуші рөл атқарып, 1261 ж. Михаил VIII Палеолог Константинопольді басып алғып, Византияны қалпына келтірді. Бірақ Трапезунд пен Эпир мемлекеттері оған қосылмай, дербестіктерін сақтап қалды. 14 ғасырдың басында түріктер Византияның Кіші Азиядағы иеліктерін толығымен басып алғып, Балқан түбегіне шабуылдаумен болды. Олар 1453 ж. 29 мамырда Константинополь қаласын басып алды. 1461 ж. түріктер Трапезунд империясын да басып алғаннан кейін, Византия империясы өзінің өмір сүруін тоқтатады. Оның территориясы толығымен Осман сұлтандығының құрамына енді.

Византияның архитектурасы мен бейнелеу өнері адамзат мәдениетінің дамуына зор әсерін тигізді. Мұнда құрылымы жағынан күрделі, еңсөлі ғимараттар бой көтерді. 9 ғасырдан бастап крест күмбезді ғибадатханалар пайда болды. Икона салу өнері (иконопись) және кітап көркемдеу ісі өркендеді. Мұсін өнері, тас, ніл сүйектерін әрлеу де кең қанат жайды. Ақсүйектер арасында орган музыкасын тыңдау дәстүрге айналды. Кейіннен Византия мәдениетінің кейбір элементтері христиан дінімен бірге Шығыс Еуропа елдеріне ауысты.

**ВИРУС**, биология – нуклеин қышқылдары (ДНҚ немесе РНҚ) мен белоктық қабықтан тұратын, клеткалық құрылымы болмайтын, өте ұсақ тірі бөлшектер. Вирус (латынша virus – у деген үғымды білдіреді) терминін 1899 ж. ғылымға алғаш рет голландиялық ғалым Мартин Бейеринк енгізді. Қазіргі кезде жылы қанды жануарларда ауру тудыратын вирустардың бес жүздей, ал өсімдіктерде үш жүздей түрі белгілі. Кейбір қатерлі ісік ауруын тудыратын вирустарды адам мен жануарларда вирустық микрофлорасы қалыптасады. Вирустардың пішіні әр түрлі (мысалы, таяқша, илгіш жіпше тәрізді, сфералық, көп қырлы, т.б.). Вирустың клеткадан тыс (вироидар) және клетка ішінде тіршілік ететін топтары бар. Барлық вирустар шартты түрде жай және күрделі болып бөлінеді. Жай вирустар – нуклеин қышқылдары мен белокты қабықтан (капсид) тұрады; бұларға таяқша, жіп және сфералық формалары жатады. Күрделі вирустар – нуклеин қышқылы мен капсидтен басқа, липопротеидті мембрана, көмірсу және фермент-



Адамда ауру тудыратын кейбір вирус түрлері: 1-шешек ауруының вирусы; 2-ұшық вирусы; 3-тұмау вирусы; 4-қызылша вирусы; 5-құттыру ауруының вирусы

терден тұрады. Вириондардың мөлшері 15–350 нм (кейбір жіптөрізді вирустардың ұзындығы 2000 нм-ге жетеді); негізінен вирустарды тек электрондық микроскоп арқылы көруге болады. Вирус тек бір типті нуклеин қышқылынан (ДНҚ немесе РНҚ) тұрады. Вирустардың көптеген жылдар бойы тіршілік ортасында әрекетсіз жата беру қабілеті бар. Олар дамуына қолайлы жағдай тұганда бірнеше минуттың ішінде көбейіп, өзіне тән қасиеттерін көрсете алады. Бір клетканы «іштей жеген» вирустар көршілес клеткаларға ауысып, барлық организмді зақымдаپ, ауруға шалдықтырады.

**Компьютерлік вирус** – компьютердегі мәліметтерді қасақана бұлдыру мақсатында жазылған арнаулы шағын бағдарлама. Ол өзінен-өзі (автоматты түрде) басқа бағдарламалардың сонына немесе алдына қосымша жасырын жазылып, оларды бұлдыруға кіріседі. Кейіннен дискідегі немесе желідегі мәліметтерді тасымалдау, көшіру кезінде, мәліметтерге ілесе отырып, басқа компьютерлерге «ауру жұқтырады». Мұндай зақымданған бағдарламаны пайдаланғанда зиянды іс-әрекеттер байқалады (мысалы, дискідегі файлдардың орналасу тәртібі бұзылады; кейбір бағдарламалар жұмыс істемей қалады; экранға әдеттегіден тыс бөтен символдар шығады; компьютердің жұмыс істеу жылдамдығы баяулайды; көптеген файлдардың бүлінгені не жоғалып кеткені байқалады, тіпті компьютердің қатты дискісін қайта форматтап шығады). Қазіргі кезде компьютерлік вирустардың жұз мындаған түрлері белгілі. Компьютердегі вирустарды анықтап, оларды жою үшін арнайы антивирустық (вирустарға қарсы) бағдарламалар қолданылады.



Вирустың ұлғайтылған бейнесі

**ВИТАМИН** – адам мен жануарлардың тіршілігіне, олардың организміндегі зат алмасудың бірқалыпты болуы үшін аз мөлшерде өте қажетті биологиялық активті органикалық қоспалар. Витамин (латынша *vita* – тіршілік) туралы ілімнің негізін 1880 ж. орыс дәрігері Николай Лунин салды. 1912 ж. поляк дәрігері Казимеж Функ сол кезге дейін жасалған тәжірибелер нәтижесін қорытындылап, ғылымта витамин terminін енгізді. Витаминдердің көпшілігі ферменттердің негізгі құрамадас бөлігі болып табылады. Организмде үздіксіз жүріп жататын химиялық реакциялар, мысалы, ішкен тағамның, мал азығының ыдырап, қорытылуы, ферменттердің қызметіне байланысты. Тағамның құрамында витамин жеткіліксіз болса, адам әр түрлі ауруға шалдығады. Ал витаминді (әсіресе, А және D витаминдерін) шамадан тыс көп қабылдау организмнің уалнуына (гипервитаминоз) соқтырады. Ол көбінесе, жас балаларда жиі кездеседі. Қазір барлық витаминдерді суда еритін витамин, майдада еритін витамин және витамин тектес заттар деп бөледі.

Витаминнің мал үшін де маңызы зор. Мал азығында витамин жеткіліксіз болса, малдың өнімі төмендейді, олар жүдеп, әр түрлі ауруларға шалдығады.

**ВОЛЕЙБОЛ** – командалық спорт ойыны. Ауданы  $18 \times 9$  м алаңда өрқайсысы алты адамнан екі команда болып ойналады. Волейбол добы шеңберінің ұзындығы 65–68 см, салмағы 250–300 грамм. Алаң  $9 \times 9$  м болып екі шаршыға бөлінеді, ортасынан ені 1 м болатын тор 2,10–2,45 м биіктікте керіледі. Волейбол алғаш рет 1885 ж. АҚШ-тың Хомсоқе қаласында (Массачусетс штаты) ойналды. 20 ғасырдың басында көптеген елдерде белгілі бол-



Волейбол ойыны

ды. Волейболшылардың халықаралық одағы 1924 ж. құрылған.

**ВОЛЬФРАМ, W** – элементтердің периодтық жүйесінің VI тобындағы химиялық элемент; атомдық нөмірі 74, атомдық массасы 183,85. Вольфрам (латынша Wolframium) табиғатта аз тараған. Бос қүйінде кездеспейді, оның минералдары – вольфраматтар, аздақ оксидтер және сульфидтер қүйінде кездеседі. Вольфрамды 1781 ж. швед химигі Карл Шееле тапқан, 1783 ж. ағайынды д'Элуяр вольфрам ангидридін көміртекпен тотықсыздандыру арқылы алғаш рет металл вольфрам алған. Вольфрам – ашық сүр түсті, бағыттың металл балқу температурасы  $3410 \pm 20^{\circ}\text{C}$ . Қалыпты жағдайда химиялық тұрақты, ауада қыздырғанда



Вольфрамит

totyбып, вольфрам ангидридіне айналады. Вольфрам және оның қосылыстарын алу үшін вольфрамиттер мен шеелиттерді (олардағы  $\text{WO}_3$  2%-дан аспайды) байытып, концентраттарынан химиялық жолмен таза вольфрам қышқылдары мен оның түздары алынады. Оларды тотықсыздандырғанда ұнтақ металл бөлінеді. Вольфрам электр шамының қылы, электр пештерінде қыздырғыштар, рентген түтіктерде, катодтар, т.б. электрлік құралдарда электродтар ретінде қолданылады.

Қазақстанда вольфрамның ірі кен орындары Сарыарқада, Таулы Алтайда, (Қалба, Нарын), Бұғытыда ашылған.

**ВЬЕТНАМ, Вьетнам Демократиялық Республикасы – Оңтүстік-Шығыс Азияда орналасқан мемлекет. Жерінің аумағы 330 мың  $\text{km}^2$ . Халқы 87,8 млн. адам (2007). Астанасы – Ханой қаласы. Халқының 88%-ы –**



Вьетнамдықтар

вьеттер (жергілікті тұрғындар). Қалғандары мъонг, кхмер, тай, тхай, т.б. ұсақ халықтар. Ресми тілі – вьетнам тілі. Тұрғындары негізінен буддизмді, сонымен қатар христиан, ислам діндерін ұстанады. Жерінің көпшілік бөлігі таулы қыраттар. Климаты тропиктік, муссондық. Тропикалық ормандарда піл, жолбарыс, антилопа, буйвол, т.б. жануарлар кездеседі.

Экономикасының негізгі салалары: мұнай, көмір, электр энергиясын өндіру және ауыл шаруашылығы (күріш, тропиктік жеміс-жидектер өсіру). Соңғы жылдары шетелдік инвесторлар көптеп тартылып, ел экономикасы жедел дамып келеді.



Ханойдагы Хошимин мавзолейі



**ГАЗ** – заттың атомдары мен молекулалары бір-бірімен әлсіз байланысқандықтан, кез келген бағытта еркін қозғалатын және өзіне берілген көлемге толық жайылып орналасатын агрегаттық күйі. «Газ» (французша gas, грекше chaos – бей-берекет) атауын ғылыми қолданысқа 17 ғасырдың басында голланд ғалымы Ян Баптист ван Гельмонт енгізген. Газ молекулаларының соқтығысы уақыты олардың еркін жолға кететін уақытынан әлдеқайда аз болады. Газ қатты дене мен сұйықтық тәрізді еркін бет түзбейді және ол берілген көлемді толық толтырып тұрады. Газ тәрізді күй – заттардың (жұлдызараптық заттар, тұмандықтар, жұлдыздар, планеталардың атмосферасы, т.б.) ғаламдағы ең көп таралған күйі. Химиялық қасиеттері бойынша газдар және олардың қоспалары (активтілігі аз инертті газдар мен қопарылғыш газдар қоспасына дейін) сан алған болып келеді. Газға атомдар мен молекулалардан тұратын жүйе ғана емес, кейде басқа бөлшектерден – фотондардан, электрондардан, броундық бөлшектерден, сондай-ақ плазмадан тұратын жүйелер де жатқызылады.



Газ айдаушы қондырығы

ГАЗЕТ – мерзімді, уақытша не бір рет қана шығатын басылым. Ежелгі Шығыс қалаларында көпшілік орындарға ілінетін хан жарлықтарынан бастау алады. 16 ғасырда Венецияда «жаңалық жазушылар орталығы» құрылып, арнаулы ақпараттарын «газета» (италияша *gazzetta* – базар нарқы туралы ақпарат сатып алуға арналған ұсақ ақша) деп аталағын тиынға сатты. 1631 ж. француздық «*La gazzette*» мерзімді басылымының шығуына байланысты «газета» термині осы заманғы мағынасына ие болды. Қазақ тіліндегі түнғыш басылымдар «Түркістан уәлаятының газеті» (1870–82) мен «Дала уәлаятының газеті» (1888–1902). 20-ғасырдың басында қазақ зиялышары Үлттық мұддені көздең, бұқаралық сананы оятуға ұмтылған «Қазақ» газеті, «Серке» басылымдарын шығаруды қолға алды. Қазіргі кезде қазақ тілінде 100-ге тарта газеттер шыгарылады. Олар шартты түрде: ресми, тәуелсіз, партиялық, т.б., сондай-ақ орталық (респуб-

ликалық), облыстық, қалалық, аудандық газеттерге бәлінеді.

**ГАЛАКТИКА, Құс жолы** (кейінгі грек тілінде *galaktiks* – сұт тәрізді, грекше *gala* – сұт) – құрамына Күн жүйесі енетін алғы аумақты жүлдіздық жүйе. Ол шамамен екі жұз миллиард жүлдіздан, сондай-ақ жүлдіз шоғыры мен тобынан, газ бен тозаң түмандықтарынан және жүлдізаралық кеңістікке таралған жеке атомдар мен түйіршіктерден құралған. Бұлардың үлкен бөлігінің пішіні линза тәріздес, оның көлденені шамамен 30 кпк, ал қалыңдығы 4 кпк. Жердегі бақылаушыға аспандағы мыңдаган жеке жүлдіздар Құс жолы тәрізді көрінеді. Осыған байланысты галактика құс жолы жүйесі деп те аталағы. Құрамына Күн енетін галактиканы басқа галактикалардан ажырату үшін, оны кейде «біздің галактика» деп те атайды. Құс жолы – кең, ақшыл жолақ болып тұтасқан орасан көп жүлдіз шоғыры. Алайда аспан сферасына қатарласа проекцияланатын жүлдіздар кеңістікте бір-бірінен алшақ орналасқан. Сондықтан өр түрлі бағытта секундына ондаған, жүзделген километр жылдамдықпен қозгалатындығына қарамастан, олар бір-бірімен ешқашан соқтығыспайды.

Құс жолының жүлдіздық табиғатын түнғыш рет 1610 ж. Галилео Галилей байқаған. Бірақ Галактика құрылышын жүйелі түрде зерттеуді 18 ғасырдың аяғында Уильям Гершель бастады. Галактиканың орталығынан Күнге дейінгі қашықтық 10 кпк. Күн 250 км/с жылдамдықпен галактика орталығын екі жұз елу миллион жылда (айналу периоды) толық бір рет айналып шығады.



Спираль тәрізді галактика



«Қазақ» газетінің бірінші саны



**ГАЛИЛЕЙ Галилео** – италиялық физик, табигаттану ғылымдарының негізін салушы. Ол Италияның Пиза қаласында 1564 жылдың 15 ақпанында туған. 1581 ж. Пиза университетіне түсіп, медицинаны оқып үйренеді. Мұнда ол Аристотель, Евклид, Архимед еңбектерімен

тансады. Сөйтіп, геометрия мен механикаға әуестенген Галилей медицинаны тастайды. 1592 ж. Падуяда математика кафедрасын басқарады. Галилей өзінің алғашқы телескопын (1609) құрастырады да, осы телескоптың көмегімен Шолпан планетасының фазасын, Құндеғі дақты, Юпитердің төрт серігін, Сатурның сақинасын ашты. Дін басылары тыйым салған соң (1616), ұзақ уақыт үй тұтқынында үсталды. Галилей ашқан жаңалықтар дүниенің гелиоцентрлік жүйесі туралы ілімнің жеңіп шығуна ықпал етті. Ол ұлы ғалым болумен бірге, музықант, суретші, ақын, әдебиетші де болған. Галилей 1642 жылдың 8 қаңтарында Флоренция маңындағы Арчетри қаласында дүние салды.

**ГЕЙЗЕР** – оқтын-оқтын ыстық су мен буатқылап тұратын су көзі (қайнар бұлақ). Магма ошағынан үздіксіз жылу келіп тұратын жанартаулық өрекеті тоқтамаған немесе таяуда тоқтаған аймақтарда кездеседі. Гейзердің (исландша geysa – саулау, шашшу) сырт пішіні кішігірім қылған конус, алса, жайпақ шұңқыр, кейде ор түрінде болуы мүмкін. Атқылау циклі бірнеше минуттан ондаған минуттарға дейін жетеді, тыныштық кезеңі бірнеше минуттан бірнеше сағатқа немесе күндерге дейін созылады. Гейзерден лықсып шығатын, кәбінесе, жауын-шашынның жерге сіңуінен пайда болатын су біршама таза, аз минералданған (1–2 г/л), температурасы 100–130°C. Гейзерлер Камчаткада (Ресей), Исландияда, Канадада, АҚШ-та, Жаңа Зеландияда, Жапонияда, Қытайда бар. Камчаткадағы ең үлкен «Великан» гейзері ыстық суды 40 м, буды бірнеше жұз метр биіктікке дейін атқылатады. Исландияда отызға жуық гейзер бар. АҚШ-тағы Йеллоустон үлттық саябағында екі жұзге жуық гей-



«Құлып» гейзері. Йеллоустон үлттық паркі, АҚШ

зер бар. Олардың ең ірі екеуі бу мен су әрбір 53–70 минут және үш күндік ырғақпен 40–42 м биіктікке атқылайды. Жаңа Зеландияда 1904 жылға дейін бүкіл жер жүзі бойынша ең үлкен Ваймангу гейзері өрекет етті. Құшті атқылау кезінде оның суы 450 м биіктікке дейін көтеріліп, әр дүркін сайын сегіз жұз тоннаға жуық ыстық су шығып тұрды.

**ГЕН, Г е н д і к қ о д** – тұқым қуалаудың қандай да бір элементар белгісін қалыптастыруға жауапты материалдық бірлік. Генде клетканың құрылымы мен қызметін анықтайтын генетикалық ақпарат болады. Бір организмнің гендер жиынтығы оның генотипін құрайды. Ген (грекше genos – тұқым, тек) терминін алғаш рет 1909 ж. дат ғалымы Вильгельм Иогансен енгізді. Барлық гендер ДНК-дан (дезоксирибонуклеин қышқылы) тұрады және әрбір жеке



А-формалы ДНК молекуласы



Z-формалы ДНҚ молекуласы

клеткадағы мындаған осындай гендер жеке ДНҚ молекуларының үзіндісі түрінде емес, хромосома деп аталатын, ірі құрылымдық бірлік құрамында болады. Клетканың бөлінуі кезінде бұл хромосомалар екі еселенеді және жаңа түзілген жас клеткалар осындай ата-аналық гендер жиынтығының көшірмесін алады. Соның нәтижесінде клетканың барлық белгілері (қасиеттері) үрпақтан үрпаққа беріледі, яғни тұқым қуалайды. 1865 ж. австрия ғалымы Грегор Мендель организм белгілерінің жеке тұқым қуалайтынын және шағылышу (будандастыру) кезінде үрпақтарында жоғалмай сақталатынын анықтады. Будандардың бірінші үрпағында ата-ананың біреуінің ғана белгісінің басым болуы доминанттық деп аталады.

**Гендік код** – тірі организмдерге тән нуклеин қышқылдары молекуласындағы тұқым қуалашы (генетикалық) ақпараттың нуклеотидтер тізбегі түріндегі біртұтас «жазылу» жүйесі. Бұл – барлық тірі организмдерге ортақ заңдылық. Гендік код бірлігі – ДНҚ мен РНҚ молекуласындағы үш нуклеотид (триплет) тізбектерінен тұратын кодон (РНҚ нуклеотидтерінің триплеттері) болып табылады. Гендегі кодондар тізбегі осы генді «жазатын» (кодтайтын) белоктағы амин қышқылдары тізбегін анық-



Х және Y хромосомалар

тайды. Гендік кодтың бір ерекшелігі, әмбебап екендігі, яғни барлық организмдерде белгілі бір үш нуклеотид (триплет) белгілі бір амин қышқылдарын «жазады» (кодтайды). Бір амин қышқылы бірнеше триплетпен «жазылуы» (кодталуы) мүмкін.

**Генотип** – тірі организмдердің көбеюі кезінде ата-анадан берілетін клеткадағы барлық гендердің жиынтығы. Оған барлық геном (ядролық гендер) мен плазмогендер (цитоплазмалық гендер) жатады. Генотип организмдегі тұқым қуалаушылық қасиеттің негізі болып есептеледі. Генотип (ген және грекше tyros – пішін, үлгі) болашақ организмнің дамуында, құрылышында, тіршілігінде, яғни барлық белгілерінде, қасиеттерінде, фенотипінде көрінеді. Организмнің тұқым қуалау белгісі немесе қасиеттері, оның дамып қалыптасуы генотиптің құрамындағы белгілі бір геннің қызметіне байланысты болады, сондықтан бір геннің қызметі өзін қоршаған генетикалық ортаға байланысты.

**Генофонд** – бір популяциядағы не бір түрге жататын организмдегі әр түрлі гендердің саны мен құрамы. Генофонд (ген және французша fond – жиынтығы) термині бөлек бір популяцияның немесе бір түрге жататын барлық организмдердің аллель (сәйкес) құрамын көрсетеді.

**ГЕРБ** – мемлекеттің, әулеттің, т.б. дәстүрлі ерекшеліктерін бейнелейтін, оларды әлеуметтік-тариhi тұрғыдан даралау мақсатында жасалатын айырымдық белгі, рәміз, таңба. Қолданылу аясына орай әулеттік герб (немішше erbe – таңба), топтық герб, жергілікті (қа-



Қазақстан Республикасының герби

лалық, облыстық, аймақтық) герб және мемлекеттік герб болып болінеді. Қазақ тілінде мемлекеттік гербті «Елтаңба» деп те атайды. Қазақстан Республикасының дербес ел ретінде айбының бейнелейтін Мемлекеттік Гербі 1992 ж. 4 маусымда ресми түрде бекітілді. Оның жобасын – архитектор Шота Уәлиханов пен Жандарбек Мәлібеков жасаған. Елімізде аймақтық (қалалық, облыстық) гербтер жасау үрдісі де берік орныққан. Әсіресе, Астана, Алматы қалаларының гербтері бірегей нышандық сипаттарымен ерекшеленеді.

**ГЕРБАРИЙ** – зерттеу және жүйелеу мақсатында арнайы жиналышп, кептірілген өсімдіктер коллекциясы; олар сақталатын мекеменің аты. Алғашқы гербариілер (латынша herbarium, herba – шөп, өсімдік) Қайта өркендеу дәүірі кезінде пайда болған. Бұл атауды 18 ғасырдың басында француз ботанигі Жозеф Питтон де Турнфор алғаш рет қолданды. Ал гербарий үғымының кең таралуына әсер еткен Швеция Фылым академиясының тұңғыш президенті Карл Линней еңбектері болды. Гербарий үшін жиналатын өсімдіктер пышақпен, қайшымен кесіліп немесе кішкене күрекшемен қазылышп алышып, гербарийлік папкаға қаттылып, престерде кептіріледі, содан соң қатты қағаз бетіне тігіліп немесе желімделіп, астына өсімдіктің атауы, қай жерден, қашан, кім



Гербарий

жинағаны жазылады. Алғашқы гербариілердің басым көпшілігі коп томдық кітап сияқты қатталынып сақталған. Гербариі – ботаникалық зерттеулердің негізі болып табылады.

**ГЕРМАНИЙ**, Ge – элементтердің периодтық жүйесінің IV тобындағы химиялық элемент, атомдық нөмірі 32, атомдық массасы 72,59. 1886 ж. немістің химик-ғалымы Клеменс Винклер аргиродит минералы құрамын химиялық талдау арқылы бұл элементті тауып, атын тұған елі Германия құрметіне қойған. Германий – морт сынғыш, күміс түсті кристалл.



Германий кристалы

талл зат, тығыздығы  $5,35 \text{ г}/\text{см}^3$ , балқу температурасы  $958,5^\circ\text{C}$ . 5 изотопы бар. Табигатта же кең күйде кездеспейді. Оның негізгі минералдары: германит, аргиродит, рениерит, плюмбогерманит. Германий – өте тұрақты элемент, қызырса ауада қос totық қабыршағымен қапталады, галогендермен, күкіртпен әрекеттеседі. Су, сілті, қышқылмен әрекеттеспейді, тек азот қышқылды оны totықтырып германий оксидіне ( $\text{GeO}_2$ ) айналдырады. Германий шалаёт кізгіш болғандықтан радио, электр техникасында кең қолданылады, сондай-ақ арнаулы құймалар жасауда пайдаланылады. Таза германий монокристалл түрінде вакуумда алынады.

**ГЕРМАНИЯ**, Германия Федеративтік Республикасы – Орталық Еуропада орналасқан мемлекет. Жер аумағы  $356,96 \text{ мың км}^2$ . Халқы 81,1 млн. Астанасы – Берлин қаласы. Халқының 94%-ы немістер (1998). Ресми тілі – неміс тілі. Халқының көп-

## ГЕРОДОТ

шілігі христиан дінінің протестант және католик тармағын ұстанады. Германия 16 аймақтан (жерден) құралған федеративті республика.

Германияның солтүстігін Орта Еуропа жазығы алып жатыр. Оңтүстігінде Шығыс Альпі тау жоталары орналасқан. Өзендерінің көпшілігі (Рейн, Везер, Эльба) Солтүстік теңізге, оңтүстігіндегі өзендер Дунайға құяды.

Германия аса жоғары дамыған индустриялы-аграрлы ел. Экономикасының негізгі салалары: қоңыр көмір (дүние жүзінде 1-орын) мен



Рейхстаг үйі. Берлин




Рейн өзенінің жағалауы



Дрезден қаласы

тас көмір шығару, қара және түсті metallurgy, химия, электртехникасы мен радиоэлектроника, машина жасау, кеме жасау, станок шығару, құрылымдары, жеңіл және тاماқ өнеркәсітері. Бұған қоса фарфор өнімдері мен музыкалық аспаптар, баспа машиналары мен оған қажетті өнімдер шығару да жақсы жолға қойылған. Аудыл шаруашылығында еңбек өнімділігі өте жоғары. Ол екі үлкен салаға: мал шаруашылығы (сиыр, шошқа, т.б.) мен егін шаруашылығына (астық өнімдері, қант қызылшасы, картоп) бөлінеді. Шарал шығару мен балық аулау жақсы дамыған. Басты теңіз порттары: Гамбург, Бремен, Бремерхафен, Вильгельмсхафен, Росток-Варнемюнде. Туризм жақсы дамыған. Ел экспортқа машина, құрал-саймандар, химия өнімдерін, жеңіл өнеркәсіп өнімдерін шығарады.



ГЕРОДОТ – ежелгі дәуірдегі грек тарихшысы, «тарихтың атасы» деп танылған жиһанкез. Ол шамамен біздің заманымыздан бұрынғы 484–425 жылдары өмір сүрген. Геродот Кіші Азиядағы Каликарнас қаласында дүниеге келін, жас кезінде өміршілерге қарсы топта болғаны үшін елінен қуылған. Біраз уақыт Самос аралында тұрып, кеп жерлерді арағаған, Қара теңізге дейін жеткен деген мәлімет бар. Геродот көрген, естіген, оқыған материалдарын жинақтап, артына «Тарих» атты үлкен еңбек қалдырды. Кейіннен Александриялық ғалымдар оның енбегін тоғыз музага сәйкестендіріп, тоғыз кітапқа бөлген. Геродот алғашқы төрт кітабында Лидия, Мидия мемлекеттері, Ахемен әулеті жәнінде жазып, олардың Мысырға, Вавилонға, сақтарға қарсы жорықтарына тоқталады. Қалған бес кітабы грек-парсы соғысына (біздің заманымыздан бұрынғы 500–449) арналған. Онда халықтардың тарихымен қатар этнографиясы, діні, әдебиеті, мемлекеттердің ішкі-сыйртқы саясаты, экономикасы берілген. Шығарманың төртінші кітабында парсы патшасы Дарий Гистасптың сақтарға қарсы жорығы баяндалған. Онда сақтар елі жөнінде аса құнды мәліметтер ұшы-

расады. Қолжазбаларының ішінде бізге жеткен Флоренция нұсқасы ағылшын, орыс, т.б. тілдерге аударылған.

**ГИМНАСТИКА** – арнайы жаттығулар жүйесінен тұратын, адам денсаулығын нығайту және оның денесінің үйлесімді дамуы үшін қолданылатын дene шынықтыру мен әдістемелік тәсілдер. Қазақстанда гимнастиканың (грекше *gymnastike*, *gymnazio* – жаттығу жасаймын, жаттықтырамын) акробатика, көркем



Көркем гимнастика шебері Ә.Жүсіпова

гимнастика және спорттық гимнастика сынды тұрлери жақсы дамыған. Гимнастылардың халықаралық одағы (FIG) 1897 ж. үйымдастырылған. Қазақстан оған 1994 жылдан мүше.



Қара теңіз жағалауындағы сақтар арасында болып, Азия және Мысыр халық медицинасымен танысқан: ол науқасты емдегендеге, ауру-

**ГИППОКРАТ** – ежелгі грек дәрігері, көне медицина реформаторы. Ол Ежелгі Грецияның Кос аралында біздің заманымыздан бұрынғы 460 ж. туыш, 377 ж. (басқа мәліметтер бойынша 356) Фессалияда дүние салған. Гиппократ Грецияда, Кіші Азияда, Ливияда, сондай-ақ

дың пайда болу жолдары мен негізгі даму кезеңдерін анықтау керек екенін айттып, «Адамзатты табигат емдейді. Дәрігер – табиғаттың көмекшісі ғана» деген тұжырым жасады. Гиппократ жараны таңу, буын шығуын және суйек сынуын, геморройды, т.б. жараны емдеу әдістерін тапқан. «Гиппократ анты» деп атапталатын дәрігерлік моральдік-этикалық ант мәтінін жазған. Осы еңбектеріне орай, Гиппократты «медицинаның атасы» деп атайды.


**ГИПС**, г а н ы ш – сульфаттар класының минералы. Химиялық формуласы  $\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$ . Гипстің (грекше *gypsos* – бор) жеке кристалдары қалақша, баған, призма пішінді, ал ми-



Гипс кристалдары

нерал агрегаттары ұсақ түйіршік (алебастр) немесе талшық (селенит) масса түрінде кездеседі. Гипс ақ, мөлдір кейде қоспаларына байланысты түрлі түсті, шыныша жылтыр; қаттылығы 1,5, меншікті салмағы  $2,3 \text{ g/cm}^3$ , балқу температурасы  $32-41^\circ\text{C}$ . Құрғап келе жатқан тұзды көл мен теңіздерде шөгеді, басқа сульфаттармен бірге мұнай және күкірт кендерінде түзіледі. Гипс құрылышта, хирургияда, металургияда, қағаз, бояу, цемент өнеркәсібінде, мұсін өнерінде, оптикада және ауыл шаруашылығында (тыңайтқыш) қолданылады. Гипстің ірі кен орындары Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарында бар.

**ГИРОСКОП** – шапшаң айналатын және айналу осі (симметрия осі) өзінің кеңістіктең бағытын өзгерте алатын симметриялы қатты дene. Оның қарапайым мысалына балалар ойнайтын зырылдауық жатады. Гирокоптық



Гироскоп сұлбасы

әсер аспан денелерінде, кемеге орнатылған турбина роторында, ұшақ винтінде, т.б. байқалады.

Сыртқы күштер әсер етпесе, гироскоп (грекше *gyros* – дөңгелек, *gyro* – айналамын және *skop* – көремін, бақылаймын) еркін гироскоп деп аталады. Мысалы, ұшақпен, кемемен, ракетамен, т.б. қатынас көліктерімен тек кардан ілмесінің сақиналары арқылы байланысатын гироскоп еркін гироскоп болып саналады. Гироскопты әр түрлі қозғалыстарды басқару үшін қолдануға болады.

Косымша жүк арқылы гироскоптың горизонталь осінің дүние тараптарына қарағандағы бағытын өзгертуге болады. Гироазимут деп аталатын мұндай гироскоп компас қызметін атқара алады. Гироазимут ұшақтарда, дәлірек айтқанда, магниттік компастың көрсетуі сенімсіз болатын полярлық аймақтарда ұшатын ұшақтарда (полярлық авиацияда) кеңінен қолданылады.

**ГОБИ** – Монголияның оңтүстік-шығысында және оған іргелес Қытай жерінде жатқан шөлейтті және шөлді аймақ, Азиядағы ең ірі шөл, аумағы 2 млн. км<sup>2</sup>-ге жуық. Шөл 900–1200 м-лік таулы үстірттер мен көтерінкі жазықтардан тұрады. Климаты тым континенттік, қысы суық, құрғақ, жазы ыстық, қуан. Үлгілік басым көпшілігі жазда түседі. Аймақта тұракты өзен арналары жок, сондықтан жер асты суларының маңызы зор. Тау етегінен ағып шығатын бастаулардан шағын шұраттар (оазистер) түзіледі. Олардың ең жиі шоғырланған жері Хангай тауы мен Гоби Алтайы аралығындағы «Өзендер аңғары». Құмды жерлерде сексеуіл, қараған, жұзғін, ал құрғақ



Гоби шөлі

өзен арналары бойында шағын тоғайлар өседі. Жануарлар дүниесінде түяқтылар мен кемірушілер басым. Бөкеннің бірнеше түрі, Пржевальский жылқысы, жабайы түйе мен есек кездеседі. Гоби түрғындары әр түрлі монгол тайпаларынан құралған, негізінен мал өсірумен айналысады.

**ГОЛЬФ** – ең ежелгі спорттық ойындардың бірі. Ол арнайы таяқпен допты соғу арқылы ойналады. Гольфтің отаны – ежелгі Грекия елі. Орта фасырларда Данияда гольф ойны қайта жанданып, арнаулы ережесі (1440) жасалды. Ойын құралдары салмағы, көлемі жағынан бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Қазіргі кездегі гольф добының салмағы 50, 22 г (1,62 унция), диаметрі 4,68 см (1,68 дюйм). Ойын АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Австралия, Жанна Зеландия, Уэльс елдерінде жақсы дамыған. Гольф ойны арнайы жасалған жасыл алаңда өтеді. Алаңның аумағы 91 м-ден 546 м-ге дейін жетеді. Ойыншылардың мақсаты – допты таяқпен соғып, шұңқырға түсіру.



Гольф ойыншысы



Горилла

**ГОРИЛЛА** – понғидтер тұқымдастына жататын ең ірі маймыл. Еркектерінің дене түркі 180–200 см, салмағы 200–250 кг. Үрғашылары еркектерінен екі есе кіші. Теріси, шашы қара түсті, еркектерінің арқасындағы түгі жасы өсken сайын күміс түске өзгереді. Артқы аяғы алдыңғы аяғынан едәуір қысқа. Бас сүйегі ірі, маңдайы кіші, көзінің үстінде үлкен доғасы бар. Бір ғана түрі – көдімгі горилла Батыс, Орталық Африканың қалың тропикалық орманында (Конго өзені мен Танганьика көлінің маңы, Вирунга тауында) кездеседі. Гориллалар шағын топ құрып тіршілік етеді. Қауіп төнгенде еркегі қатты дыбыс шығарып, айбат көрсетеді. Жеміс, жиек, жаңғақтарды жейді. Әрбір үш – бес жылда бір рет балалайды. Салыны өте аз, горилланы қорғау мақсатында жеті үлттық саябақ үйімдастырылған, ішіндегі ең ірісі – Конгодағы Вирунга үлттық саябағы. Горилла жойылып бара жатқан аң түрі болғандықтан, Халықаралық табигат қорғау одағының «Қызыл кітабына» енгізілген.

**ГРАФИКА** – бейнелеу өнерінің бір жанры. Кескіндеме жанрында тұс пен бояу негізгі рөл атқарса, графикада (грекше graphike, grapho – жазамын) сызықтар, штрихтар, ашық және қара (қоңыр) дақтардың арақатынасы шешуші рөл атқарады, сондай-ақ заттардың ең негізгі белгілері таңдал алынады. Графикаға гравюраның барлық түрлері (литография, линогравюра, ксилография), плакаттық, сатириалық сурет түрлері жатады. Бейне қарындашпен, көмірмен, бормен, қаламұшпен тікелей қағазға түсіріледі немесе арнайы өнделген тақталарға (гравюра) немесе тасқа (литография) бедерле-



Графика өнері

ніп, қағазға содан басылады, кейде баспалық-механикалық әдіс арқылы көбейтіледі.

**ГРАФИТ** – минерал, көміртектің (С) Жер қыртысында ең жиі кездесетін әрі тұрақты түрі. Табиғатта кристалы жетілген графит (грекше grapho – жазамын) сирек ұшырайды, көбінесе, қабыршақ, түйіршік, кейде домалақ агрегаттар күйінде кездеседі. Түсі қара, сұр, қара сұр, ұстағанда май сияқты, қолға жұғады, металдай жылтыр. Қаттылығы 1, ал қабат ішінде 5,5 және одан артық, меншікті салмағы  $2,2 \text{ г}/\text{см}^3$ . Балқу температурасы  $3850 \pm 50^\circ\text{C}$ . Электр тогын, жылуды жақсы өткізеді. Қышқылға төзімді, жоғары температурада ғана тоғығады. Женіл өнделеді, жұмсақ, майысқыш.



Графит

## ГРЕКИЯ

Графиттің физикалық-химиялық қасиеттерінің ерекшелігі оны өнеркәсіптің алуан саласында қолдануға мүмкіндік береді. Графиттен отқа төзімді материалдар мен бөлшектер (құйма қалыптары, балқыту тигельдері, ракетта қозғалтқыштарының кейбір бөлшектері, т.б.) жасалады; электртехникада (гальваникалық элементтер, сілті аккумуляторлары, электродтар, т.б.), химия өнеркәсібі машиналарын жасауда қолданылады. Графиттен карандаш пен бояу жасалады.

**ГРЕКИЯ, Грек Республикасы** – Еуропаның оңтүстік-шығысында, Балқан түбенің оңтүстігі мен соған шектесіп жатқан Ион, Жерорта және Эгей теңіздеріндегі ұсақ аралдарда орналасқан мемлекет. Жер аумағы – 132,0 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 11,3 млн. Астанасы – Афина қаласы. Тұрғындарының 95%-дан астамы гректер, қалғандары: түрік, албан, т.б. Ресми тілі – грек тілі. Халқының көпшілігі христиан дінінің православие тармағын үстанады.

Грекия жерінің басым бөлігі таулы-қыратты. Климаты жерортатеңіздік субэкваторлық. Жерінің 15%-ын орман алып жатыр.

Грекия – орташа дамыған индустримальды-аграрлы мемлекет. Экономикасының жетекші салалары: тамақ, химия, тау-кен, металлургия өнеркәсіптері және цемент шығару. Кейінгі жылдары электроника мен кейбір машина түрін жасау тез дамып келеді. Ауыл шаруашылығында, негізінен, жүзім, жеміс-жидек, зығыр, дәнді дақылдар өсіріледі. Бұған қоса сауда флоты мен туризм жақсы дамыған. Грекия – сауда флоты жағынан дүние жүзіндегі жетекші елдердің бірі. Елге жыл сайын 10



Жерорта теңізі жағалауы

млн-нан аса туристер келіп, қазынаға 4 млрд. доллардан аса кіріс кіргізеді.

**ГРУЗИЯ, Грузия Республикасы** (Сакартвело) – Еуропа құрлығының оңтүстік-шығысында, Кавказ тауының оңтүстік бөлігінде орналасқан мемлекет. Алпыс алты өкімшілік ауданға бөлінеді. Шекарасы Ресей, Әзербайжан, Армения, Турция мемлекеттерімен шектесіп жатыр. Жер көлемі – 69,7 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 4,5 млн. адам (2007). Астанасы – Тбилиси қаласы. Тұрғындарының 70,1%-ы грузиндер. Бұдан басқа армяндар, әзербайжандар, осетиндер, абхаздар, гректер, украиндар, т.б. тұрады. Халқының көпшілік бөлігі – христиан дінінің православие тармағын үстанады. Ресми тілі – грузин тілі.

Жерінің 87%-ын таулы қыраттар алып жатыр, 36,7%-ы орман. Солтүстігінде Улкен Кавказ қатпарлы тау жүйесі бар. Қара теңіз жағалауын Колхida ойпаты алып жатыр.

Грузия – аграрлы-индустриялы ел. Экономикасының негізгі салалары: тамақ өнеркәсібі (шай, темекі, минералды сусындар, шарап, ко-




Казбек шыны



Тбилиси қаласы

нъяк шығару), женіл өнеркәсіп, машина жасау, қара және тұсті metallurgия, химия өнеркәсібі. Ауыл шаруашылығында шай, темекі, жеміс-жидек өсіру, мал шаруашылығы дамыған. Қара теңіз жағалаудыңдағы курортты қалаларда туризм жақсы жолға қойылған.

**ГҮЛ** – гүлді өсімдіктердің көбею мүшесі. Ол сабак не жанама бұтак ұшында өседі. Гүл бірнеше бөлімнен тұрады. Гүл жапырақшалары гүл шығатын буыннан өсіп, гүлге қорғаныш болып тұрады. Гүл орналасатын сағақтың ұшы гүл табаны (кіндігі), сабақтың гүл орналасқан бөлігі – гүл сағағы (егер ол болмаса, отырықшы гүл), барлық гүлдер орналасатын өсімдік сабағы – гүлсидам, жабық тұқымды өсімдіктердің тостағаншасы мен күлте жапырақшаларынан құралған гүл орамы – гүл серігі деп аталады. Гүлге тұс беретін – күлте жапырақшалар. Оның түсі алуан болады. Гүлдің негізгі мүшелері: аналық (ол аналық аузынан, мойнынан және түйініпен тұрады) және аталық [өсімдіктер гүлінің аталық жыныс клеткалары (тозандар) өсіп жетілестін бөлігі, ол тозаңқаптан, аталық жіпшеден тұрады]. Егер гүлде аталық та, аналық та болса – қос жынысты гүл, ал олардың тек біреуі ғана болса – дара жынысты гүл деп аталады. Өсімдіктің гүлдеу мерзімі жарыққа, температураға, ауаға, топырақ ылғалдығына байланысты.



Гүлдің құрылышы: 1-гүл сабагы; 2-гүл табаны; 3-гүл серігі; 4-тостағанша жапырақ; 5-күлте жапырақ; 6-аталық (a-тозаңқап, ə-аталық жіпшесі); 7-аналық (б-аналық аузы, в-мойны, г-түйін)



**ФАЛАМ** – алуан түрлі формада болатын әрі ұдайы өзгерін отыратын, кеңістік пен уақыт бойынша шеті де, шегі де жоқ бүкіл дүние. Біз мекендерген Жер де, басқа планеталар, құйрықты жұлдыздар мен метеорлық денелер тәрізді, Құн жүйесінің құрамына енеді. Құн жүйесінің диаметрі он миллиард километрдей. Галактиканың диаметрі шамамен 30 мың пк-ке (шамамен 100 мың жарық жылы) жуық. Кейінірек ғалам кеңістігінде біздің Галактика тәріздес миллиондаған басқа да галактикалардың бар екендігі анықталды. Зерттелген галактикалар жиыны Метагалактика деп аталады.

Метагалактиканың мынадай маңызды қасиеттері бар: 1) галактикалар Метагалактикада бірқалыпты таралмаған; олардың көпшілігі галактикалар шоғырлары мен топтарына жинақталған; 2) галактикалар бір-бірінен, жуық шамамен, орналасу қашықтығына пропорционал болып қашықтайды (мысалы, бір-бірінен он млн. пк қашықтықтағы галактикалар 600 км/с жылдамдықпен қашықтайды). Жұлдыздар мен жұлдызаралық зат иондалған газдан құралған. Бұл ғаламдағы заттың негізгі физикалық пішіні иондар мен электрондардан тұратын плазма деген қорытынды жасауга



Орион шоқжұлдызындағы тұмандық

мүмкіндік береді. Біздің Галактиканың өз осі төңірегіндегі бір айналымына кететін уақыт, шамамен, екі жұз миллион жылға жуық. Басқа галактикалардың да бір айналымына кете-тін уақыт осымен шамалас. Галактикалардың орташа жасы он миллиард жыл деп есептеледі.

**ФАРЫШ КЕМЕСІ** – адамның ғарышта үшүйнә арналған ғарыштық аппарат. Оның негізгі ерекшелігі – ғарышкердің өмірін сақтауға арналған түмшаланған кабинасының болуы. Геоцентрлік орбитамен үшүға арналған ғарыш кемесі Жер төңірегіндегі ғарыш кемесі деп, ал басқа аспан денесіне үшүға арналған ғарыш кемесі планетааралық (экспедициялық) ғарыш кемесі деп аталады. Бұрынғы КСРО-да



Қазақ ғарышкерлері Т.Әубекіров және Т.Мұсабаев

Әйткені ғарышқа үшүға қажетті қасиеттер (үшү шеберлігінің жоғары деңгейде болуы, апатқа үшырау жағдайында жылдам шешім қабылдауы, шу, діріл, үдеу, т.б. әр түрлі факторларға төзімді болуы, бақылау жұмыстарын жүргізіп, оны қорытындылай білуі, т.б.) осын-дай мамандықта лайықты еді. Кейінірек КСРО-да да, АҚШ-та да ғарыштық кеме әкипажына қажетті арнайы білімі бар инженерлер мен ғалымдарды қоса бастады.

Тұңғыш ғарышкер Юрий Гагариннен (1961) бастап ғарышқа үш жүзден астам адам үшты. Олардың ішінде қазақ ғарышкерлері Тоқтар Әубекіров (1991), Талғат Мұсабаев (1994, 1998, 2001) бар.




«Дискавери» ғарыш кемесі

бір рет пайдаланылатын (үшүрылатын) «Восток», «Восход», «Союз», т.б. ғарыш кемелері, ал АҚШ-та бір рет пайдаланылатын «Меркурий», «Джемини», сондай-ақ экспедициялық «Аполло» сияқты ғарыш кемелері және көп рет пайдаланылатын «Спейс шаттл» ғарыш кемесі жасалып, үшүрылды. Үшқышпен басқарылатын ғарыш кемесі бірнеше бөліктен тұрады және ол қозғалтқыш қондырғылармен, сондай-ақ ғарышкер өмірін сақтайтын, қозғалысты басқару, энергиямен қоректендіру, байланыс жүйелерімен, т.б. жабдықталады.

**ФАРЫШКЕР**, астронавт, космонавт – ғарышқа үшү кезінде ғарыштық техниканы сынақтан өткізетін әрі оны пайдаланытын адам; адамның ғарышқа үшүйнан кейін (1961) пайда болған мамандық. Алғашқы ғарышкерлер әскери үшқыштар мен үшқыш-сынақшылар қатарынан таңдалып алынды.

**ФҮНДАР**, хұндар – ежелгі дәуірдегі тайпалар одағы, түркі халықтарының арғы тегі. Біздің заманымыздан бұрынғы 1-мыңжылдықта қалыптасқан. Бастапқы кезде Солтүстік Қытайда, Моңголияда, Байкал өңірінде қоныстанып, Қытай жылнамаларында «гүй фан», «гүн рун», «хун ю», «шиан ю», «шиүн ну» секілді атаулармен берілген. Біздің заманымыздан бұрынғы З ғасырдың сонына қарай ғұндар өздерінің мемлекетін құрды. 24 руға бөлінді. Жоғары билеушісі «тәңірқұт» қытай деректерінде «шаньюй» деп аталды. Жылқының асыл тұқымдарын өсіріп, ат баптауды жетік менгерген ғұндардың ішінде отырықшы тұрмыс кешін, егіншілікпен шұғылданғандары да болған. Кен қазып, металл қорытқан. Қолөнері мен бейнелеу өнері жоғары деңгейде болған. Көк тәңіріне табынып, дәстүрлі құқық жүйесін қалыптастыруды. Ғұндар өскерінің негізі атты өскерден тұрды. Ғұндардың жауынгерлік құдыретінен сескен-



Мәде қаган

ген қытайлықтар Ұлы Қытай қорғанын салдырды. Біздің заманымыздан бұрынғы 209 жылдан ғұндарды Модә (Мәде) басқарды. Модә билік еткен алғашқы жылдардың өзінде-ақ Қытайдың шекаралық аудандарына жорықтар жасап, оған күйрете соққы берді. Қазіргі Кореядан Тибетке және Шығыс Түркістаннан Хуанхэнің орта ағысына дейін созылып жатқан аумак ғұндардың қол астына көшті. Біздің заманымыздан бұрынғы 56 ж. ғұндар Хуанхэ бастаған оңтүстік және Чжичжи (Шөже) басшылық еткен солтүстік топтарға бөлінді. Солтүстік ғұндардың бір бөлігі 5 ғасырда Оңтүстік Қазақстан мен Орталық Азияда өз мемлекетін құрып, Ауганстан мен Иранды, Үндістанның біраз бөлігін жаулап алды. Солтүстік ғұндардың Еділ-Жайықтағы үлкен бөлігі 4 ғасырдың 2-жартысында Қара теңіз жағалауын, Днестрге дейінгі өлкені бағындырды. Сарматтарды тізе бүктірген соң, аландармен күрес жүргізді. 375 ж. остгот, герул, генид тайпаларын бағындырып, Еуропада өз империясын құрды. Ғұндардың Батысқа жорығы «Халықтардың ұлы қоныс аударуына» түрткі болды.

**ҒЫЛЫМ** – адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымының ең жоғарғы пішімі, оның практикалық қызметінің бір саласы. Адамзат қоғамының дамуы барысында ғылым сол қоғамның маңызды әлеуметтік институтына және тікелей өндірістік күшіне айналды. Ғылымның басты мақсаты – ғылым зандарының негізінде ашылдып отырған болмыс құбылысы мен процесін болжау, түсіндіру және жүйелеп мазмұндал беру.

Ғылым адамзат қоғамының ерте дәуірінен, адам баласының танымдық және өндірістік қажеттілігінде арасы ажырамай тұрған кезеңден бастау алады. Ежелгі Шығыста (Бабыл, Мысыр, Үндістан, Қытай) болашақ ғылымға негіз болған білімнің алғашқы нышандары қалыптасты. Ежелгі грек ғылымының эллинистік кезеңінде геометрия (Эвклид), механика (Архимед), астрономия (Птолемей) жеке ғылым салалары түріне бөлініп шықты.

Орта ғасырларда ғылымның дамуына Шығыс, араб елдері Өрта Азия ғалымдары (әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Ибн Рушд, Бируни, Махмұт Қашқари, Жүйнеки, т.б.) елеулі үлес қосты. Олар Ежелгі Грекияда қалыптасқан ғылыми таным жетістіктерін сақтап қана қойған жоқ, оны көптеген салаларда толықтырып, дамытты. Қайта өрлеу дәуірінде діннің басымдылығы әлсіреді, ғылым рухани өмірдің дербес факторы болып, дүниетанымның (Леонардо да Винчи, Николай Коперник) негізгі тірепіне айналды. Сондай-ақ ғылым табиғат құбылыстарын жан-жақты зерттеп, адамзат танымының көкжиеғін кеңейте түсті. 16–17 ғасырларда ғылымда болған терең өзгерістер алғашқы ғылыми революцияға (Галилео Гали-



Қазақстан Ғылым академиясының гимараты

лей, Иоганн Кеплер, Уильям Гарвей, Рене Декарт, Христиан Гюйгенс, Исаак Ньютон және т.б.) алып келді. Биологиядағы эволюциялық ілім (Чарльз Дарвин) жаратылыстануға даму идеясын енгізді. Элементтердің периодтық жүйесі (Дмитрий Менделеев) заттың барлық белгілі түрлерінің ішкі бірлігінің барлығын көрсетті. Ғылымдағы дағдарыс физикада басталған жаңа ғылыми революциямен (Макс Планк, Альберт Эйнштейн, Нильс Бор) шешілді және қазіргі заманғы ғылымның барлық негізгі салаларын қамтыды. 20 ғасырдың басында жаратылыстану ғылымында алдыңғы қатарға биология шықты, онда ДНҚ-ның молекулалық құрылымы белгіленіп, генетикалық кодтары айқындалды. 20 ғасырда ғылымның даму қарқыны оның түрлі салаларының үштасып, қазіргі кезеңнің кешенді, ірі мәселелерін жаңа бағдарда шешуге бағытталған мәселелерде (материалдар мен энергияның жаңа көздерін қалыптастыру, адам мен табиғат қатынастарын тиімділендіру, үлкен жүйелерді басқару, ғарыштық зерттеулер, т.б.) ерекше байқалды. З-мыңжылдықтағы ғылым дамуының басым бағыты біздің бүкіл әлемді, оның ішінде, адамның ішкі әлемін жан-жакты, тұтас қарастыру болмақ.


Қазақстанда ғылымды үйімдастыру алғашқыда әр түрлі ғылыми-зерттеу мекемелерінде және бірқатар жоғары оқу орындарында шашыраңқы қүйде жүргізілді. 1945 ж. Қазақстан Фылым академиясы құрылғаннан кейін, ғылыми-зерттеу институттарының бірыңғай тұтас жүйесі қалыптасты. Фылым академиясы құрылғаннан бергі уақытта онда үлкен зерттеу жұмыстары жүргізілді; өндіріске құнды жаңалықтар енгізілді.



Топырақ химиясы лабораториясында



**ДАНИЯ**, Данія корольдігі – Еуропаның солтүстік-батыс болігінде орналасқан мемлекет. Ютландия түбегінің негізгі бөлігі мен оған шектесіп жатқан аралдарда (Зеландия, Фюн, Лоллан, Фальстер, Борнхольм, т.б.) орналасқан. Бұған қоса елдің құрамына кіретін Гренландия мен Фарер аралдарының дербес автономиялық құқықтары бар. Соңғы екеуін қоспағанда жерінің жалпы аумағы 43 мың км<sup>2</sup>. Халқы 5,6 млн. адам (2007). Негізгі тұрғындары – даниялықтар (данскере; 98%). Ресми тілі – данскере тілі. Халқының көпшілігі христиан дінінің протестант (лютерлік) тармағын ұстанады. Астанасы – Копенгаген.



Дания символы – Сү перисі



Копенгагендегі Фредериксбург замогы

Мемлекет құрылымы – король билейтін конституциялық монархия.

Дания Солтустік және Балтық теңіздерінің жағалауында жатыр. Жері, негізінен, жазық. Ұсақ өзен-көлдері көп. Климаты қоныржай теңіздік.

Дания жоғары дамыған аграрлы-индустриялы ел. Экономикасының негізгі салалары: та мақ өнеркәсібі, машина жасау, химия және женіл өнеркәсіп. Әсіресе ауыл шаруашылығы жақсы дамыған.

**ДАСТАН** – әдеби-эпикалық жанр. Шығыс халықтары, әсіресе, парсы және түркі әдебиеттерінде кең тараған. Дастан белгілі бір сюжетке құрылады. Құрылымында кейде өлең мен қара сөз араласып келе береді. Дастанның классикалық үлгілері: «Ләйлі-Мәжнүн», «Хұсырау-Шырын», «Мұңлық-Зарлық», т.б. Дастан өлең өрнегі жағынан он бір буынды болады, кейде жеті-сегіз буынды болып келеді.

**ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕР**, шипалы өсімдіктер – медицинада және мал дәрігерлігінде емдеу және аурудың алдын алу мақсатында қолданылатын өсімдіктер. Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеті олардың құрамында стероид, тритерпен, алкалоид пен гликозидтердің, витаминдердің, эфир майлары мен тұтқыр заттар сияқты түрлі химиялық қосылыстардың болуына байланысты. Қазақстанда өсетін алты мыңдан астам өсімдік түрінің бес жүздей түрі дәрілік өсімдіктерге жатады. Мысалы, айыр, алоә, бәрпі, дәрмене, долана, лапызы, жуа, итмұрын, рауғаш, сүйелшөп, шәңкіш, қасқыржидек, қарғакөз, шәйшөп,



Дәрілік өсімдіктер: 1-шайшөп, 2-шәңкіш, 3-ш жаңырақты сана, 4-раугаш, 5-сүйелшөп, 6-мендуана, 7-үқоргасын, 8-лапызы

шықшөп, т.б. Дәрілік өсімдіктер кептірілген шөп, тұнба, қайнатынды, шай, ұнтақ, т.б. түрінде қолданылады. Дәрілерді дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Дәріні, көбінесе, жабайы өсімдіктерден алады.

**ДЕГЕЛЕК** – дегелек тәрізділер отрядына жататын құстардың бір тұқымдасы. Дегелекті кейбір зерттеушілер «ләйлік» деп жазады, қазақ халқы оны «дегелек» деп атайды. Қазақ-



Марабу дегелегі

станда дегелектің екі түрі: ақ дегелек, қара дегелек бар. Олардың санының жылдан-жылға азаюына байланысты, қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

**ДЕЛЬФИН** – сүтқоректілер класының кит тәрізділер отрядына жататын тісті киттер тобының бір тұқымдасы. Дельфиндер тропиктік және қоныржай белдеулердің теңіздерінде таралған. Кейбір түрі полюстік белдеу теңізде-



Дельфиндер



Сочидегі дендрарий паркі



Дюгоний дельфині

рінде де кездеседі. Көбіне топ құрып тіршілік етеді. Дельфиндердің жиырма туысының елу-дей түрі бар. Бұлардың дene пішіні жұмыр, ұзындығы 1–10 метр. Жалпақ құйрық қанаты денесімен горизонталь бағытта орналасқан. Алдыңғы аяғының сүйектері қысқарып, саусақ сүйектері тұтасып ескекке айналған. Артқы аяғы мұлдем жойылған. Дельфиндер ескеқ аяқтарымен суда өте жеңіл өрі жылдам (сатына 50 километрге дейін) жүзеді. Дельфиндерде әр түрлі дыбыс толқындарын шығаратын және қабылдайтын өте күрделі есту жүйесі (эхолокация) жақсы дамыған. Олар өздерінен өте нәзік ультрадыбыс толқындарын шығарып, оның кері қайтқан жаңғырығын қабылдай алады. Сол арқылы қорегін ұстайды, өз үйрін табады, судағы әр түрлі кедергілерді алдын ала сезеді. Дельфиндер екі жылда бірақ рет үрпақ береді. Ирі түрлери елу, ұсақтары отыз жылға жуық тіршілік етеді. Қолға тез үйренеді, адам үйреткен жаттығуларды шебер қайталайды.

**ДЕНДРАРИЙ**, дендрологиялық бақ – өсімдіктерді жүйеленімдік, географиялық, экологиялық, өсемдік, т.б. белгілеріне байланысты өсіретін жер телімі, арнағы бақ.

Дендрарийдің (грекше *dendron* – ағаш) ғылыми, ғылыми-тәжірибелік және агартушылық мәні зор. Ауданы көбіне жұз гектарға дейін болады. Дендрарий шет жерлерден әкелінген және жергілікті өсімдіктерден құралады. Дендрарий өсірудегі негізгі мақсат – ағаш өсімдіктерін жерсіндіру, елді мекендерді көгалдандыру, қорғаушы екпе орман алқаптары мен орман шаруашылығы үшін өрі төзімді, өрі өсем түрлерді сұрыптау, тарату. Жақсы жоспарлап салынған дендрарийдің эстетикалық маңызы зор. Қазіргі үақытта Қазақстанда Есік және Шымкент дендрарийлері жұмыс істейді.

**ДЕШТІ ҚЫПШАҚ**, қыпшақ даласы – 11–16 ғасырларда қолданылған тарихи-географиялық ұғым. Сол кездегі араб және парсы жазбаларында Сырдарияның төменгі саясы мен Балқаш көлінен Дунай жағалауына дейінгі ұлан-байтақ дала «Дешт-и-Кипчак» деп аталған. 11 ғасырдың бірінші ширегінде қыпшақтар Сырдария бойындағы жабғулар мемлекетіне құйрете соққы берді. Сонымен қатар Ертіс бойын қоныстанған Қимақ мемлекетінің жері де қыпшақтардың билігіне көшті. 11 ға-



Көш

сырдың ортасында қыпшақтар Еділдің оң жақ бетіне өтіп, орыс жылнамаларында (1054) половцы деген атпен белгілі бола бастады. Ал Батыс Еуропа мен Византия шежірелерінде куман немесе коман деп аталды. 12 ғасырдың орта шенінде қыпшақтар Дунайдан өрі өтті. Қыпшақтардың Ертіс пен Дунай арасындағы ұлан-ғайыр жерді мекендергеніне қарамастан, сол кездегі тарихи шығармаларда осы жердің жалпы «Қыпшақ даласы» екенін білдіретін бірыңғай анықтама берілмеген. Мәселен, орыс жылнамалары бұл үғымды шығыста Еділге дейінгі жерлер үшін қолданса, ал мұсылман авторлары Еділден Ертіске дейінгі жерді Дешті Қыпшақ деп атаған. «Қыпшақ даласы» деген кең үғым тек Шығыс хан шапқыншылығынан кейін жиі қолданыла бастады.

11–12 ғасырларда Дешті Қыпшақтың бір бөлігі саналған Қазақстан жерінде қыпшақтардың бірнеше тәуелсіз иеліктері болды. Батудың 1236–42 жылдардағы әскери жорықтарының нәтижесінде ұлан-байтақ Дешті Қыпшақ пен оның маңындағы жерлерде үлкен мемлекет пайда болды. Ол Шығыс мәліметтерінде Жошы ұлысы, ал орыс жылнамаларында Алтын Орда деген атпен белгілі.


**ДИЗАЙН** – коркемсүрет және сәулет өнерінің өнеркәсіп бүйімдарының ең үздік үлгілерін жасау және заттық органды үйлестіру шараларын қамтитын бағытының атавы. Дизайн қызметінің ерекшелігі – өсем өрі көркем жасалған тұтыну заттары мен бүйімдардың қоршаған ортага лайық үйлесімін жүзеге асырып, үдайы олардың жаңа үлгілерін ойладап табу.



Түргын қайдің ішкі дизайны: қонақ бөлме

1928 ж. АҚШ-та пайда болды. Терминдік атапуы жаңа болғанымен, оның негізі ерте замандарда ақ қалыптасқан. Мысалы, қазақ халқының қолөнер бүйімдарының (қобыз, домбыра, сандық, ожау, торсық, қару-жарақтар, сөндік әшекейлі бүйімдар, т.б.) қайталанбас түрлөрі этнодизайндық үлгіде жасалған. Безендіру өнерінде де дизайнның әдіс-тәсілдері мен тәжірибелі кең қолданылады. Дизайн өнері заман талабына орай үнемі өзгеріп, дамып отырады.

**ДИЗЕЛЬ** – іштегі ауаны сығу нәтижесінде тұтанатын іштен жанатын қозғалтқыш. Дизель цилиндріндегі тұтану процесі поршеннің сығуы нәтижесінде жоғарғы температурага дейін қызған ауага жанар май (керосин, т.б. мұнай өнімдері) бұрку кезінде жүреді. Дизель іштегі ауаны сығу нәтижесінде тұтанатын алғашқы қозғалтқышты жасаған (1893) неміс инженері Рудольф Дизельдің есімімен аталған. Дизель бензиннен біршама арзан отынмен жұмыс істейді. Сондай-ақ, дизель циклімен жұмыс істейтін газдық қозғалтқыштар да бар. Дизель ең үнемді жылулық қозғалтқыштардың қатарына жатады. Ең жақсы деген дизельдің меншікті отын шығыны оның ең үлкен қуаты



Дизель моторы

кезінде 155 г/кВт·сағ шамасында, ал көптеңген басқа түрлерінде 270 г/кВт·сағ-тан аспайды. Дизель су кемелерінде (негізгі және қосымша қозғалтқыштар ретінде), орнықты қондырығыларда, тепловоздарда, танктерде, тракторларда, автомобилдерде қолданылады.

Дизель отыны – сұйық мұнай отыны. Оған, негізінен, мұнайды бірден айдау арқылы альнатын керосин-газойль фракциялары (шапшаң жүрісті дизельдер үшін) және одан ғері ауыр фракциялар немесе мұнай өнімдерінің қалдықтары (баяу жүрісті дизельдер үшін) жатады. Дизель отыны – қайнау температурасы 180–360°C, тығыздығы 0,790–0,860 г/см<sup>3</sup>, тұтқырлығы 1,5–8,0 мм<sup>2</sup>/с, қоспа мөлшері (көмірсутектің күкіртті, азотты және оттекті туындылары) 4%-ға дейін болатын сұйықтық. Әр түрлі климаттық аймақта арналып және жұмыс істеу жағдайына қарай дизель отынының артикалық, қыстық және жаздық үш түрі шығарылады. Олар бір-бірінен қату температурасымен, фракциялық құрылымымен, т.б. көрсеткіштерімен ажыратылады. Моторлық дизель отыны: отынды қолдануға дайындау жүйесімен (қыздыру, тұндыру, айыру) жабдықталған дизельдерге және мұндай жүйемен жабдықталмаған дизельдерге арналып жасалған екі сортпен шығарылады.

**ДИНОЗАВР** – мезозой эрасында тіршілік еткен бауырымен жорғалаушы жануарлар, архозаврлар класының бір тармағына жатады. Дене түркі 20 см-ден 35 метрге дейін. Динозаврлардың қаңқа сүйектері алғаш рет 19 ғасырда Англия, одан соң Канададан, ал Қазақстанда Арал маңынан, Оңтүстік Қазақстанда (Өлімтау, Қазығұрт, т.б.) табылған. Қазір осындағы қаңқалар бойынша анықталған динозаврлардың екі отрядқа (кесіртке жамбасты, құс-



Динозаврлар: 1-теропод, 2-стегозавр, 3-анкилозавр, 4-орнитопод

жамбасты) жататын алты жүздей түрі белгілі. Динозаврлар (Dinosauria) триас кезеңіндегі қарапайым құрылышты тераподтардан дамыған. Алғашқы динозаврлар артқы екі аяғымен, кейінгілері төрт аяғымен жүруге бейімделген. Жыртқыш динозаврлардың артқы аяқтары құстардың аяқтарына ұқсас болған. Көптеген құс жамбасты динозаврлардың үстінде (орнитоподтардың қоспағанда) жыртқыштардан қорғануға бейімделген түрлі бұдырышақтар, сүйек сауыт (стегозаврларда, анкилозаврларда), мүйіз пайда болған (мүйізді динозаврлар). Динозаврлар жұмыртқа салып көбейген. Көптеген ғалымдар динозаврларды жылықанды жануарларға жатқызады, бірақ олардың жылу реттеуші жабынды қабаты болмаған. Динозаврлар тіршілік ортасының өзгеруіне (мысалы, табиғи апаттар, т.б.) байланысты жойылып кеткен.

**ДИПЛОМАТИЯ** – мемлекет пен үкімет басшыларының, мемлекеттің сыртқы істер органдары қызметкерлерінің сыртқы саясат саласындағы саяси іс-әрекеттері. Бұған қоса дипломатияға халықаралық ынтымақтастықты орнату, кеңейту, сақтау, ұлтаралық жанжалдарды болдырмау және оны реттеу мақсатында жүргізілетін келіссөздер, халықаралық конференциялар жұмысына қатысушы делегациялардың қызметі, сондай-ақ мемлекеттің шет ел азаматтары мен мекемелерінің құқықтарын, мұдделерін қорғауы да жатады. Президент не үкімет өз мемлекеттің дипломатиялық бағыт-бағдарын белгілейді, ал сыртқы істер мекемелері осы бағдарды жүзеге асырып отырады. Көптеген өдебиеттерде дипломатияны «сыртқы қатынастар ғылымы» немесе «келіссөздер



«Бітімгерлер». Суретші Д.Қастеев

жүргізу өнері» деп те атайды. Дипломатия алғаш рет шығыс елдері (Мысыр, Вавилон, Қытай, т.б.) мен Ежелгі Грекияда пайда болды. Түркі елдері, оның ішінде Қазақстан туралы жазбалардың авторларының көпшілігі (Карпини, Рубрук, Ибн Фадлан, т.б.) – осы өлкеге дипломатиялық қызметпен келгендер. Қазақ хандығы тарихында да дипломатиялық келісем жүргізу шеберлігінің сан түрлі үлгілері туралы деректер мол. Ежелгі заманда дипломатиялық елшіліктер белгілі бір жағдайларға байланысты (бітімге келу, одақ құру, даудамайды шешу, т.б.) бір елден екінші елге барып, келісім жасалынғаннан кейін көп үзамай елдеріне қайтып отырған. 15 ғасырдың орта түсінан бастап кейбір мемлекеттер шет елдерде тұрақты елшіліктер ұстай бастады. Халықаралық құқық дипломатиялық қызметкерлердің өздері жүрген елдің ішкі істеріне араласуларына тыйым салады. Бұл заңдылық бұзылған жағдайда ол қызметкерлер жылдам елден қуылады.

**ДИРМЕН – 1)** әр түрлі дақылдар дәндерін майдалауға арналған машина. Алғашқыда қолмен не жануарлар күшімен айналдырылды. Кейіннен су жөне жел күші пайдаланылды. 19 ғасырдың басында ұн тарту үшін бу қозғалтқышы пайдаланыла бастады. Қазіргі диірменде жеке процестер мен машиналар, сондай-ақ тұтас көсіпорын түгелдей автоматтандырылған; 2) қатты материалдарды ұнтақтайтын машина. Өнімді ірі бөлшектерге бөлетін ұсақтағышпен салыстырғанда диірмен материалды ұлпалап майдалайды. Кейбір диірмендер материалды 0,001–0,5 мм-ге дейін ұнтақтай алады. Олар химия, құрылым материалда-



Су диірмені

ры, тау-кен, тамақ, дәрі-дәрмек, т.б. өнеркөсіптерде қолданылады.

**ДОЙБЫ** – спорт түрі. Дойбыны алпыс төрт (орыс дойбысы) не жүз (халықаралық дойбы) шаршыға бөлінген тақтада он екі (орыс дойбысы) не жиырма (халықаралық дойбы) таспен екі адам ойнайды. Ойынның мақсаты – қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. Дүниежүзілік дойбы федерациясы (FMID) 1947 ж. құрылған. Оған отыздан астам ел мүше. Дойбы біздің заманымыздан 2500 жыл шамасы бұрын Мы-



Дойбы ойыны

сыр елінде пайда болған. Қазіргі таңда дүние жүзінің он үш елінде әр түрлі атаумен, өзіндік ережемен ойналады. 1894 ж. дойбыдан (орыс дойбысынан) алғашқы дүниежүзілік чемпионат өтті. Дүниежүзілік олимпиада 1986 жылдан (халықаралық дойбыдан), дүниежүзілік чемпионат 1984 жылдан (халықаралық дойбыдан, ал орыс дойбысынан 1985 жылдан) өткізіліп келеді. Қазақстанда дойбыдан ресми жарыстар 1935 жылдан бері өтіп келеді. Кейбір деректерге қарағанда дойбы қазақ жеріне 1740 жылдар шамасында келген. Абайдың атасы Өскенбай, өз әкесі Құнанбай, атақты Қемпіrbай ақын жөне олардың көптеген замандастары дойбыны құмартса ойнаған. Абайдың Жидебайдағы мұражайында ұлы ақынның дойбысы өлі күнге дейін сақтаулы тұр.

**ДОМАЛАҚ АНА, Нұрила** – есімі ел ұранына айналған абыз аналардың бірі. Түркістандық Мақтыйым Ағзам қожаның немересі. Ол



*Балабөген өзені бойындағы Домалақ ана кесенесі*

1378 ж. Түркістан қаласында өмірге келген. Атасы Мақтым Ағзамның өситетімен Домалақ ана он тоғыз жасында (1397) Бәйдібек биге тұрмысқа шығады. Ел ішіндегі деректерге қарағанда, оған «Дихнат мама» деген атауды тұп тегі түрікпен Қара Хайдар деген кісі қойған. «Дихнат мама» – парсы сөзі. Қазақ тілінде «Әулие ана» деген мағына береді. «Дихнат мама» сөзі уақыт өте келе дыбыстық өзгерістерге ұшырап, «Домалақ анаға» айналған. Одан тараған үрпактарының бәрі де білімімен, ақылымен ерекшеленіп, ел билеген.

Домалақ ана өмірінің соңғы жылдары Та什кент қаласында өтеді. Алайда ері Бәйдібектің тұсінде берген аяны бойынша, өздерінің ескі қонысы Қаратаяға барып тұруға қамданып, жол шегеді. Көш Балабөген өзенінің жағасына жеткен кезде Домалақ ана сол жерде намаз өқып тұрып көз жұмады. Өзінің тілегі бойынша Домалақ ана сол жазыққа жерленеді. Немересі Дулат Бұхарадан Абдулла Шери ұстанны алдырып, Домалақ ананың басына төрт қанатты, тәбесі күмбезben көмкерілген кесене там (1456) тұрғызады. Домалақ ана кесенесі бірнеше рет бұзылып, қайта өндөлген. 1957 ж. қайта жаңартылған кесене де көп уақыт сақталмаған. 1996 ж. Маңғыстаудан арнайы әке-лінген ақ таспен жаңадан 12 м биіктікте сегіз жапырақты етіп өріліп, негізгі бөлігінің үстіне күмбез орнатылған. Бұл күмбез-зират елдің арнайы келіп зиярат ететін орнына айналған.

**ДОМБЫРА** – қазақ халқының ең кең тараған ішекті, пернелі музикалық аспабы. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазақ дала-




*Домбыра түрлері*

сының әр өңірінде кездесетін домбыралар жергілікті жер жағдайына, тұрмыс-салты мен дәстүріне, ән, жыр, күй мектебі мен әр өнерпаздың орындаушылық мәнеріне, аспапшы шеберлердің ісмерлігіне байланысты әр түрлі пішімде дамытылып, өзгеріп отырған. Өн, жыр айтуға арналған домбыраның пернелері сегіз – тоғыз, әрі кеткенде он төрт – он беске жетсе, күй домбырасына жиырмадан астам перне тағылады. Олардың құлақ бұрауы да қажетіне қарай (квартта, квинта) өзгертіледі. Екі ішекті және кейде үш ішекті болып келеді. Құрылсы бірнеше бөліктен тұрады: басы, құлақтары, пернелер, мойын, шанақ, бетқақпақ, ілгек және ішектер. Домбыра дыбыс өткізгіштігі жоғары қарағай, дыбыс жаңғырту қасиеті бар тұт, үйенқі, емен секілді ағаштардан, негізінен, екі түрлі әдіспен – құралып немесе ойылып (шауып) жасалады. Байжігіт, Құрманғазы, Дәүлеткерей, Тәттімбет, Сейтек, Қазанғап, Сүгір, Тоқа, т.б. даңқты қүйшілердің төкпе, шерпте күй дәстүрлерінің тууы, дамуы осы домбыра аспабымен тікелей байланысты. Домбыра – тек күй тартуға ғана емес, ән айтқанда сүйемел үшін де қолданылатын аспап. Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхит, Мәди, Қенен, Әміре Қашаубаев, Манарабек Ержанов, Жұсінбек Елебеков, т.б. белгілі әншілер домбыраның әнге әр беріп, әншіге демеу болатынын дәлелдеді. 1934 ж. Халық аспаптар оркестрінің (қазіргі Қазақ мемлекеттік халық аспаптар оркестрі) құрылымен байланысты домбыраның прима, альт, тенор, бас, контрабас сияқты түрлері дүниеге келді. Домбыра текстес аспаптар Орта Азиядағы түркі халықтарының барлығында дерлік бар.

**ДОМНА ПЕШІ**, домна – темір кентасынан шойын қорытуға арналған шахталық пеш. Ол темір-бетонды іргетасқа орнатылған көлденең қимасы дөңгелек биік шахта түрінде жасалады. Домна пешінің сыртқы беті қалыңдығы 30–35 мм темірмен тысталған, ішкі беті отқа төзімді материалдармен астарланған. Пештің ішкі бетінің балқымауы үшін және пеш қорабын (қаптамасын) жоғары температурадан қорғау мақсатында домна пешінде сұы



Домна пеші кешені



Домна пеші: 1-колошниктің қорғағыш сегменттері, 2-цлен конус, 3-қабылдағыш воронка, 4-кіші конус, 5-шихта бөлгіш, 6-цлен конустың воронкасы, 7-көлбеу көпір, 8-скип, 9-аяу үрлейтін фирмә, 10-балқыма агатын шойын науа, 11-шлак агатын науа

айналып тұратын салқындақтыштар пайдаланылады. Пеш іргетасқа орнатылған бағаналарға бекітіледі.

Шойын афатын науаның осі мен кентас тиегіш үлкен конус жиегінің аралығы домна пеппінің пайдалы биіктігі, ал оған сәйкес келетін көлем оның пайдалы көлемі деп аталады. Домна пеші үздіксіз жеті – он жыл бойы жұмыс істей алады. Қазіргі кездегі домна пештерінің биіктігі жүз метрге дейін жетіп, ал пайдалы көлемі 5000 м<sup>3</sup>-ден асып, тәулігіне 6000 т шойын қорыта алады. Қосалқы бөліктерін қоса есептегендегі домна пеші күрделі инженерлік құрылым болып табылады. Домна пештеріне қажетті шикізат – кентастарды ұсақтау, агломерат жасау, шихтаны тиесу, ауаны қыздыру және оны ұрлеу, қорыту процесінің өнімдерін жинау, сактау, тасымалдау процестері күрделі механизмдермен, автоматты құралдармен жабдықталған. Қазақстанда Теміртау қаласындағы «Испат – Кармет» акционерлік қоғамы құрамында төрт домна пеші бар.

**ДОНЫЗ**, қабан – сүтқоректілер класының жүптүяқтылар отрядына жататын жабайы шошқа. Доңыздың үш түрі, ал Қазақстанда бір ғана түр тармағы бар. Қазақстанның барлық жерінде таралған. Негізінен, Еділ-Жайық атырабында, Каспий теңізінің жағалауында, Сыр бойында кездеседі. Қамыс-құрақты қопалар мен батпақты жерлерді мекендейді. Қабандарының дene түркы 125–175 см, шоқтығының биіктігі 80–100 см, салмағы 95–200 кг. Мегежіндері кішілеу келеді. Имек келген азу тістері сыртқа шығып тұрады. Доңыз қорек талғамайды. Өр түрлі өсімдіктермен, жәндіктермен қоректене береді, өлексені де жейді. Мегежіндері наурыз айы мен маусым аралығында торайлайды. Олар төрт – он торай туады. Доңыз – кәсіптік аң, еті, терісі, қылы пай-



Іле доңыздары

даланылады. Орта есеппен әр доңыз 50 кг ет, 10 кг май, 250 дм<sup>2</sup> тері және 0,5 кг қыл береді.



**ДОСТОЕВСКИЙ Федор Михайлович** – орыс жазушысы, Санкт-Петербург Фылым академиясының корреспондент мүшесі (1877). Ол 1821 ж. он бірінші қарашада Мәскеу қаласында туған. 1843 ж. Санкт-Петербург өскери-инженерлік училищесін бітіреді. 1847 жылдан Михаил Пет-

рашевскийдің қоғамына қатысқаны үшін 1849 ж. қамауға алынып, өлім жазасына кесіледі. Бұл жаза каторгамен ауыстырылып, 1850–54 ж. Омбыда айдауда, кейін қатардағы солдат болды. 1854 ж. Омбыда Шокан Уәлихановпен танысады, бұл таныстың Семейдегі кездесулерден соң үлкен достыққа айналды. 1859 ж. Достоевский Тверь, кейіннен Санкт-Петербург қаласында тұруға рұқсат алады. Өз ағасы Михаил Достоевскиймен бірге 1864 жылға дейін «Время» (1861–63) және «Эпоха» (1864–65) журналдарын шығарып тұрды. 1862–63 және 1867–71 ж. шет елде болды. 1873–74 ж. князь Владимир Мещерский шығарып тұрган «Гражданин» журналының редакторы болды. Достоевский «Ойыншы» (1866), «Қылмыс пен жаза» (1866, қазақшаға 1972 ж. Мұхтар Жанғалин аударды), «Накұрыс» (1868, қазақшаға 1984 ж. Нияз Сыздықов аударған), «Албастылар» (1871–72), «Жасөспірім» (1875). «Ағайынды Карамазовтар» (1879–80) романдарын жазды. Жазушы шығармалары адамның ішкі дүниесіндегі қайшылықты ашып, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерге психологиялық талдау жасайды. Уәлихановпен достығы туралы Достоевский «Жазушының күнделігінде» жазған, екеуінің жазысқан хаттары сакталған. Жазушы 1881 жылдың 9 ақпанда Санкт-Петербург қаласында қайтыс болған. Семейдегі 1857–59 ж. тұрган үйінде Достоевскийдің әдеби-мемориалдық мұражайы (1971) бар.

**ДУЛАТӨВ Міржақып** – Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын, драматург, журналист. 1885 ж. туған. Екі жасында шешеден,


он жасында әкеден айырылып, ағасы Асқар Дулатовтың қолында өсken. Алғашында ауыл молдасынан хат танып, кейін Торғайдағы орыс-қазақ мектебінде білім алып, ауылда бала оқытады. 1904 ж. Омбыға қоныс аударған. Осы қалада Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бекейхановпен танысады. Оның тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 ж. «Оян, қазақ!» деген атпен шықты. Бұл кітап қолдан-қолға тараپ, аз уақыттың ішінде ақынның есімі танымал болды. Ресей әкімдері кітапты оқуға тыйым салып, қолға түскен даналарын төркіледі. 1910 ж. Қазандағы Каримовтар баспасынан «Бақытсыз Жамал» романы жарық көрді. Қазақ басылымдарына, әсіресе, «Айқап» журналына үзбей мақала жазып тұрады. 1911 ж. 7 маусым күні Семейге келгенде тұтқындалады да, 19 ай қамауда отырады. 1912 ж. Орынборға келеді. 1913–18 ж. «Қазақ» газетінің бас редакторы Байтұрсыновтың орынбасары, жауапты хатшы қызметінде болады. Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі ретінде ол 1917 ж. Орынборда өткен Бірінші және Екінші жалпықазақ съезіне белсене қатысып, «Алаш» партиясының бағдарламасын жазды. 1920–22 ж. Ташикентте «Ақ жол» газетінде қызмет атқарды. 1922–26 ж. Орынбордағы Қазақ халық ағарту институтында оқытушы, Қызылжарда, Семейде сот мекемелерінде, Қызылордада мерзімді баспасөз орындарында қызмет істеген. 1928 жылдың желтоқсанында қамауға алынады. 1930 ж. ату жазасына кесіліп, кейін оны он жыл абақтыға ауыстырады. Беломор-Балтық каналының құрылышы бойында Сосновск стансындағы лагерьде «жазасын» өтейді. 1935 ж. 5 қазан күні осы лагерьдің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болады. Сүйегі 1992 ж. қыркүйек айында Торғай өніріндегі өз есімімен аталатын ауылға әкелініп, қайта жерленді.



**ДҮНИЕ БОЛІКТЕРІ** – Жер бетіндегі құрлықтардың (төңірегіндегі аралдарымен, ішкі теніздерімен қоса) тарихи қалыптасқан бөлікттері. Олар алтау: Азия, Австралия, Америка, Африка, Антарктида, Еуропа. Жер бетін үлай

бөлу құрлықтарға сәйкес келе бермейді. Солтүстік жөне Оңтүстік Америка бір дүние бөлігі, бірақ екі құрлық болып есептеледі. Ал Азия мен Еуропа Еуразия құрлығын құрайды.

**ДЫБЫС**, кең мағынасында – газ, сүйықтық немесе қатты күйдегі серпімді орта бөлшектерінің толқын түрінде таралатын тербелмелі қозғалысы; тар мағынасында – адамдар мен жануарлардың арнаулы сезу органымен субъективті түрде қабылданатын құбылыш. Адам 16 Гц-тен 20 кГц-ке дейінгі жиіліктегі дыбысты ести алады. Дыбыс жөніндегі физикалық үғым адам құлағына естілетін, естілмейтін дыбыстардың барлығын қамтиды. Жиілігі 16 Гц-тен төмен болатын дыбыс инфрадыбыс деп, 20 кГц-тен жоғары болатын дыбыс ультрадыбыс деп аталады. Ал  $10^9$  Гц-тен  $10^{12}$ – $10^{13}$  Гц-ке дейінгі ең жоғары жиіліктегі серпімді толқындар гипердұбысқа жатады. Дыбысты қарапайым гармониялық тербелістерге жіктеу (жиіліктік дыбыс талдау) нәтижесінде алынатын спектр – дыбыстың маңызды сипаттамасы болып табылады. Егер дыбыс тербелісінің энергиясы жиіліктің кең аймағында таралып жатса, онда ол тұтас спектр деп, ал дискретті (үзілісті) жиілік құраушыларының жиынтығы болса, онда ол сзызық спектр деп аталады. Тұтас спектрі бар дыбыс шу (мысалы, ағаштардың желдің әсерінен болатын сыйдыры, механизмдер дыбысы) ретінде қабылданады. Музыкалық дыбыс еселі жиіліктері бар сзызықты спектрге жатады; мұнда естілетін дыбыстың негізгі жиілігі – дыбыс биіктігін, ал оның гармониялық құраушыларының жиыны – дыбыс тембрін анықтайды.




Дыбыс тербелісі графигі



**ЕГИПЕТ**, Е г и п е т А р а б Р е с п у б л и к а с ы – Африканың солтүстік-шығыс бөлігі мен Азияның Синай түбегінде орналасқан мемлекет. Жер аумағы 1001,4 мың км<sup>2</sup>. Халқы 82,5 млн. адам. Халқының 98%-ы – арабтар. Ресми тілі – араб тілі. Халқы ислам дінін (көпшілігі мұсылман-сунниттер) ұстанады. Астанасы – Каир қаласы (13 млн. шамасында). Бұдан басқа ірі қалалары: Александрия, Порт-Саид, Мансур, т.б. Ел аумағы жиырма жеті мухафазға, олар марказаларға (округ), марказалар нахияларға бөлінеді.

Египет, негізінен, тропиктік шөлді аймақта, Сахараның шығыс бөлігін ала орналасқан. Ливия, Арабия, Нубия шөлдері теңіз деңгейінен 300–1000 м биіктікте жатыр. Қызыл теңіз бен Суэц каналының маңайындағы тау қыраттары 2187 м-ге дейін жетеді. Ең биік жері Синай



Каирдегі Мұхаммед Әли мешіті



Мысырдагы Мұса пайғамбар тауы



Шарм-әл-Шейх демалыс аймагы

түбөгіндегі Катерин тауы (2637 м), Ливия және Арабия шөлдерінің арасында Ніл өзені (Египет жеріндегі ұзындығы 1200 км, ені солтустікте – 25 км, оңтүстікте 1–3 км) ағып жатыр.

Жерінің 5%-ға жуығы ауыл шаруашылығына жарамды жерлер. Жоғары сапалы мақта шығарудан Египет дүние жүзінде бірінші орын алады. Ауыл шаруашылығында бұдан басқа бидай, жұгері, күріш, ет өндіріледі. 1997 жылдан шөл даланы игеру жүзеге асырылуда. Өнеркәсібінің негізгі салалары: мұнай шығару, мұнай өндеу, тамак, тоқыма өнеркәсібі, металлургия. Туризм жақсы дамыған.

**ЕГУ, вакцинация** – адам организмінен вакцина немесе арнайы тәсілмен дайындалған антигендік қасиеті бар заттарды енгізу арқылы белгілі бір жұқпалы аурудан алдын ала сақтандыру үшін қолданылатын өдіс. 1796 ж. ағылшын дәрігері Эдуард Дженнер шешекке қарсы вакцина тапқанын жариялады. Жұқпалы ауруларға қарсы егудің бірнеше түрі бар:



Вакцина егу

1) міндетті егу – балаларға (туберкулез, қызылша, құл, сіреспе, көкжөтел, гепатит, т.б. ауруларға қарсы), нәрестелі бола алатын әйелдер және қыздарға қызамыққа қарсы; 2) жоспарлы-кәсіби егу – мал шаруашылығымен айналысатын немесе олардың өнімін өндайтін адамдарға күйдіргіге қарсы; 3) эпидемиялық көрсеткіш бойынша егу – нақты аймақтағы тұргындар арасында індеп қаупі төнген кезде жүргізіледі. Егу көбінесе инфекциялық тәсілмен (тері астына, бұлшық етке) атқарылады. Қазіргі кезде алдын ала егудің нәтижесінде көптеген жұқпалы аурулар (мысалы, шешек) жойылды.

**ЕДІЛ, Волга** (ежелгі атауы Ра, орта ғасырларда Итил) – Еуропадагы ең үлкен өзен. Ұзындығы 3530 км, су жиналатын алабы 1360 мың км<sup>2</sup>. Бастауын Валдай қыратынан (абсолюттік биіктігі 343 м) алғып, Каспий теңізіне құяды. Сағасы теңіз деңгейінен 28 м төмен жатыр. Еділге екі жүзден астам салалар құяды. Өрта ағысында Ока, Кама, Сура, Ветлуга және Свияга салалары құйғаннан кейін, Еділ суы мол ірі өзенге айналады. Өзен қар суымен (60%-ы), жер асты суымен (30%) және жаңбыр суымен



Еділ өзені бойында

толығады. Көктемде (сөүір-маусым) тасиды, жазда және қыста сұзы кемиді. Құзде жаңбыр суымен қайта молаяды.

Өзенде электр энергиясын өндіруге, көлік қатынасына, жер суаруға және суландыруға пайдаланады. Өзен сұзы Еділ-Жайық аралығындағы бір миллион гектар жерді суғаруға және тоғыз миллион гектар жерді суландыруға мүмкіндік береді. Өзенде кеме қатынайды. Волга-Балтық су жолы арқылы Балтық теңізімен, Волга-Дон каналы арқылы Азов (Азау) және Қара теңіздермен байланысады.

**ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ** – тарих ғылымында адамзат қоғамы дамуының Рим империясы құлағанға дейінгі (біздің заманымыздың 5 ғасыры) кезеңін сипаттау үшін қолданылатын термин. Алғашқы адамдар туыстық байланыстар боғынша (ру мен тайпа) бірлесіп өмір сүрген. Бірте-бірте руладар мен тайпалар арасындағы өзара соғыстар нәтижесінде қоғам мүшелері арасынан ақсүйектер мен құлдар келіп шықты.

Біздің заманымыздан бұрынғы 4–3-мыңжылдықта Тигр мен Евфрат өзендері аралығында шумер мәдениеті пайда болды. Шумерлердің Орталық Азиядан бұл өлкеге қалай, қашан көшіп келгені ғылымда әлі анықталған жоқ. Кейіннен Месопотамияда шумерлердің орнына Вавилон мемлекеті (онтүстікте) мен Ассирія мемлекеті (солтүстікте) құрылды. Шумерлермен қатар Ніл өзені жағалауында ежелгі Мысыр мемлекеті (шамамен біздің заманымыздан бұрынғы 3000 жыл) дүниеге келді. Б.з.б. 2000 ж. Қытайда да алғашқы мемлекет құрылды, Ся өулеті билік құрды. Шамамен осы мезгілде Крит мәдениеті мен Хетт патшалығы өмір сурді. Тайпалардың шығыстан батыс пен



Зевс құдайына арналған гибадатхананың қалпына келтірілген жобасы

онтүстікке жаппай қоныс аударуы нәтижесінде Кіші Азия, Сирия, Палестина, Мысыр халықтары толығымен жаңарап, адамзат тарихында темір дәуірі басталды. Таяу Шығыста шығу тегі белгісіз «теңіз халықтары» пайда болып, Жерорта теңізі жағалауларына өз бақылауын орнатты. Біздің заманымыздан бұрынғы 2500 ж. шамасында Инд өзені бойында үнді мәдениетінің негізі қаланды. Қөп ұзамай Үндістанға Орталық Азиядан арий тайпалары басып кіріп, шамамен біздің заманымыздан бұрынғы 1500 ж. бұкіл Солтүстік Үндістанды басып алды. Біздің заманымыздан бұрынғы 6 ғасырда Инд өзенінен Қара және Каспий теңіздеріне, сондай-ақ, Мысыр мен Грекияға дейін созылып жатқан парсы патшалығы (Ахемен өулеті мемлекеті) құрылды. Біздің заманымыздан бұрынғы 336–321 ж. оナン да алып Александр Македонский империясы құрылды, грек-македон және шығыс мәдениеттері арасаса бастады. Шамамен осы кезеңде Орталық Азияны мекендеген ғұн тайпалары бірлесіп алды мемлекет құрды. Олар шығыста Қытайды Ұлы қытай қорғанын тұрғызуға мәжбүр етті. Біздің заманымыздан бұрынғы 6 ғасырда Рим күшейіп, Италиядығы латын мемлекеттерін өзіне бағындыра бастады. Императорлар Цезарь мен Августин түсында Рим Жерорта теңізі жағалауларына толық өз үстемдігін орнатқан әлемдік державаға айналды. Біздің заманымыздың 3 ғасырынан бастап империя әлсіреп, 395 ж. Батыс және Шығыс Рим империяларына бөлінді. 3 ғасырдан бастап Орталық Азияны мекендеген көшпелі ғұн тайпалары жаппай батысқа жылжып, Балтық және Қара теңіздердің аралығын мекендеген герман тайпаларын әрі қарай ығыстырды. Ғұндардан ығысқан германдықтар Батыс және Шығыс Рим империяларына басып кірді. Кейбір герман тайпаларымен одақтасқан ғұн тайпалары да Аттиланың (Еділдің) басшылығымен Батыс Рим империясына басып кіріп, 452 ж. Рим қаласын қоршауға алды, бірақ төлем алғаннан кейін қаланы қиратпай, кері шегініп кетті. Қөп ұзамай Батыс Рим империясы біржолата (476) жойылды. Осы империяның жойылуымен ежелгі дәуір тарихы да аяқталды.

**ЕМЕН** – шамшат тұқымдасына жататын, жапырақ тастайтын не мәңгі жасыл ағаштар. Емен баяу (жиырма – сексен жылдай) өседі. Жарық сүйтіш ағаш. Он бес – алпыс жылда



Емен агаши

жеміс бере бастайды. Әрбір төрт – сегіз жыл са-  
йын жаңғагы көбейе береді. Бес жұз – мың жыл  
және одан да көп уақыт (мысалы, Литвадағы  
Стелмужи табиғи саябағындағы еменнің жасы –  
екі мың жылға жуық) өсіп тұрады. Қазақстан-  
да сирек кездесетін бір түрі – кәдімгі емен бар.  
Оның биіктігі 40–50 м. Діңі бірнеше жуан  
бұтақтан тұрады, тілім-тілім болып жарылған,  
қоңыр сүр түсті қалың қабықпен қапталған.  
Жапырағы ірі (ұзындығы 7–20 см-дей), дөң-  
гелек, қою жасыл түсті. Сөуір–мамырда гүл-  
деп, қыркүйек–қазан айларында жеміс береді.  
Тұқымы – жаңғақ. Жаңғағынан мал азығы  
және кофе қоспасы дайындалады. Емен қабы-  
ғының құрамы илік зат – танинге бай, олар ме-  
дицинада, тері өнеркәсібінде қолданылады.  
Сүргі қатты әрі берік, аса бағалы құрылымы  
материалы ретінде өнеркәсіпте (мысалы, кеме,  
вагон, жиһаз жасау, т.б.) пайдаланылады.

**«ЕҢЛІК-КЕБЕК»** – екі жастың махаббатын  
жыр ететін шығарма. Еңлік пен Кебек тура-  
лы хикаялар оқиға болған 18 ғасырдан бастап  
ел арасына кен тараған. Алғашқы жазба де-  
рек 1892 ж. «Дала уалаяты» газетінде жария-



«Еңлік-Кебек» спектаклінен көрініс

ланған «Қазақтардың естерінен кетпей жүр-  
ген бір сөз» деген мақалада келтірледі. Бүгін-  
гі күнде жыр түрінде жеткен «Еңлік-Кебек»  
дастанының екі нұсқасы белгілі. Оның бірін-  
шісі – 1912 ж. Семейдегі «Жәрдем» баспасын-  
ан жеке кітап болып жарық көрген, Абай ұсынған  
тақырып бойынша Шәкерім жазған  
«Жолсыз жаза яки кез болған іс» деген шы-  
гарма да, екіншісі – Мағауия Абайұлы жазған  
«Еңлік-Кебек» дастаны. Жазушы Әуезов осы  
дастанның арқауымен осы аттас трагедия жаз-  
ды. Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданын-  
да дастан кейіпкерлері Еңлік пен Кебекке ес-  
керткіш орнатылған.

**«ЕР ТӨСТИК»** – қазақ батырлық ертегілерінің ең көне үлгісі. «Ер Төстікте» ерте дәуірде-  
гі халықтың мифтік танымы, ырымдары мен  
әдет-ғұрыптарының бәрі бар: Төстік қиял-ға-  
жайып жағдайда дүниеге келіп өседі. Жылан  
Бапы ханының жұмсауымен Төстіктің Темір  
хан еліне барып, онда қалындықты алу үшін  
сайысқа түсуі, осы сайыста кейіпкердің өз  
қүшімен емес, керемет достарының арқасында  
женеуі – қиял-ғажайып ертегінің заңдылығы.  
Мысалы, Шалқұйрық – тек жүйрік ат қана  
емес, алдағыны болжай алатын қабілеті бар,  
неше түрлі сиқырды білетін, адамша сөйлеп,  
адамша іс-әрекет қылатын қасиетті жануар.  
Ал жер астында Төстікке дос болатын Желаяқ,  
Таусоғар, Қөлтауысар сияқты кейіпкерлер –  
ертедегі адамдардың мифтік түсінігі бойынша,  
желдің, таудың, судың «иелері».

**ЕР-ТҮРМАН** – атқа салт мінін жүруге қа-  
жетті жабдықтардың жиынтық аты. Ер-түр-



Ер-түрман

манға ерден басқа тоқым, желдік, тебінгі, үзенгі, үзенгі бау, таралғы, тартпа, айыл (төс айыл, шап айыл), өмілдірік, құйысқан, жүген, шылбыр, тізгін, ат көрпе, көпшік, пыстан, кежім, қамшы, шідер, тұсамыс, кісен, қанжыға жатады. Әйелдерге арналған ер-тұрман (тоқым, үзенгі, үзенгі бау, таралғы, ноқта, жүген, сулық, айыл, өмілдірік, құйысқан, пыстан, шеттік, сауырлық, салпыншақ) әшекейленеді. Ерлерге арналған ер-тұрман жеңіл, ықшам, көбінесе мүйіз, сүйекпен, әшекейленеді. Ер-тұрман «ер-тоқым» деп те аталады.



Павлодар қаласы тұсындағы Ертіс өзені

**EPTIC** – Солтүстік Мұзды мұхит алабында жатқан өзен, Обь өзенінің сол жақ саласы. Қазақстан жерінде Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары арқылы ағады. Жалпы ұзындығы 4248 км, оның 1698 км-і Қазақстан жерінде. Су жиналатын алабы 1643 мың км<sup>2</sup>. Бастауын Алтай (Қытай) сілемдерінен (Найрамдалы тауынан) алады. Зайсан көліне дейінгі бөлігі – Қара Ертіс, келден төмен қарай Ақ Ертіс немесе Ертіс деп аталады. Алабы Алтай тауларының оңтүстік-батысын, Тарбағатайдың солтүстік-батыс баурайын, Сарыарқаның солтүстік-шығысын, Ресей жерінде Батыс Сібір жазығы мен Шығыс Өрал етегін қамтиды. Қазақ жерінде Ертіс ағынын Қатын, Қалба, Нарын, Тарбағатай және Сауыр жоталарынан, Құлынды даласынан жинайды. Қазақстандың бөлігіндегі басты салалары – Есіл, Тобыл, Бұқтырма, Шаған, Үлбі, Шар, Құршім, Үлкен Бекен, Қалжыр, Нарын, Алқабек, Ұлан, Қайынды; Ресей аумағындағы салалары – Вагай, Конда, Омь, Тара, Демьянка. Жылдық ағынын реттеу және электр энергиясын алу үшін өзен бойында Бұқтырма, Өскемен, Шұлбі бөгендері



Ертіс өзені

**ЕСЕК** – жылқы туысына жататын сұтқоректі так түяқты жануар. Жабайы африкалық есектен шыққан. Қолға бұдан бес-алты мың жыл бұрын үйретілген. Дене бітімі шымыр, шоқтығына дейінгі биіктігі 1–1,2 м, түсі қоңыр, күңгірт, азық талғамайтын, құрғакшылыққа төзімді көлік малы. Есектің айғырын әңгі, биесін мәші, құлынын қодық деп атайды. Жабайы есек үйірлері Африкада (Сомали, Эфиопия) тіршілік етеді. Оның әр үйірінде бір әңгі, бір-екі жасар қодығын ертіп жүретін бес-алты мәші болады. Жабайы есекті Сомали есегі және Нузи есегі деп аталатын екі түр тармаққа бөледі. Әр түрлі жабайы есектердің қолға үйреткеннен кейін үзақ уақыт сұрыптау және оларды бір-бірімен будандастыру арқылы



Үй есегі

күш көлігі ретінде тиімді тұқымдары (Иранда хомад, Испанияда каталон, Орта Азияда бұқар) шығарылды. Есек үш жасында жетілеңді. Көктем, жаз айларында үйірге түсіп, 12,5 ай көтеріп, бір қодық туады. Қодығын алты ай сүтімен қоректенедіреп. Есек он сегіз-жиырма жыл тіршілік етеді.

**ЕСІЛ** – Ертіс өзенінің сол жақ саласы. Қазақстанның Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары және Ресейдің Түмен, Омбы облыстары жерінен өтеді. Жалпы ұзындығы 2450 км, су жиналатын алабы 177 мың км<sup>2</sup>. Қазақстан жеріндегі ұзындығы 1607 км. Сарыарқаның солтүстік бөлігіндегі Нияз тауының батыс беткейінен басталып, Омбы облысында Усть-Ишим селосы тұсында Ертіс өзеніне құяды. Көкшетау қыратын батыс жағынан айнала ағып, үлкен иін жасайды, осы тұста өзеннің арнасында шоңғалдар кездеседі. Одан әрі өзен Батыс Сібір жазығына шығып, Есіл жазығындағы кең жайылмамен (ені 5-8 км), төменгі ағысында батпақты (Имгыт батпағы) жерлермен агады. Басты салалары: оң жағынан – Қалқутан, Жабай, Аққанбұрлық, Иманбұрлық, сол жағынан – Терісаққан. Есіл елді мекендерді сумен қамтамасыз етуге, жер суғаруға кеңінен пайдаланылады. Петропавл қаласынан жоғары 270 км-ге дейін және Викторово селосынан сағасына дейін кеме жүзеді. Есілде Сергеев бөгені және Вячеслав бөгені салынған. Өзен бойында Астана, Есіл, Державинск, Петропавл (Қазақстанда), Ишим (Ресейде) қалалары орналасқан.



Есілдің сол жағалауы

**ЕУРАЗИЯ** – Жер шарындағы ең үлкен құрлық. Ауданы 53,4 млн. км<sup>2</sup> (бұкіл құрлықтардың 37%-ы), оның 2,75 млн. км<sup>2</sup>-ге жуығы аралдар. Еуропа мен Азиядан тұрады, арасындағы шартты шекара – Орал тауының шығыс етегі, Жем өзені, Каспий теңізінің солтүстік-жагалауы, Кума және Маныч өзендерінің аңғарын бойлап Донның сағасына өтеді. Біртұтас құрлықты Еуропа және Азияға бөлу ежелгі дәүірде қалыптасқан тарихи-дәстүрлі түсінік.

Жерінің үштен екісі таулар мен таулы үстірттер. Дүние жүзіндегі ең биік шың – Джомолунгма (8848 м) осы Еуразия құрлығында орналасқан. Негізгі тау жүйелері: Гималай, Альпі, Карпат, Кавказ, Гиндукуш, Қарақорым, Памир, Тянь-Шань, Куңьлунь, Алтай, Саян, Орал, Солтүстік-шығыс Сібір таулары, Алдыңғы Азия және Тибет тау қыраттары, Декан және Орта Сібір таулы үстірттері. Жазықтары мен ойпаттары мындаған километрге созылған. Ең ірі жазықтары: Шығыс Еуропа, Батыс Сібір, Тұран, Ұлы Қытай, Үнді-Ганг.

Еуразия өзендері төрт мұхит алабына жатады. Ең ірілері: Янцзы, Обь, Енисей, Лена, Амур, Хуанхэ, Меконг, Брахмапутра, Ганг,



Тянь Шань жотасы



Енисей өзені

Инд, Тигр, Евфрат, Еділ, Дунай. Құрлықтың орталық болігінде дүние жүзіндегі ең аумақты ішкі ағын аймағы (Каспий мен Арал теңіздерінің, Балқаш пен Лөбнор көлдерінің алабы) орналасқан. Ең терең Байкал көлінде жер бетіндегі тұщы судың бестен бірі шоғырланған.

Еуразия – Жер шарындағы халық ең көп әрі тығыз қоныстанған құрлық (бүкіл халықтың төрттен үші). Өсіресе, Батыс Еуропа, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияда халық тығыз орналасқан. Азияның кейбір аудандарында (Шығыс Бенгалияда және Ява аралында) 1 км<sup>2</sup> жерге 1000–1500 адамнан келеді. Солтүстік Азияда, тропиктік ормандар алып жатқан батпақты ойпаттарда, Орталық және Батыс Азияның шөлді аудандарында халық өте сирек.

Еуразия әлемдегі ежелгі мәдениет орталығы болып табылады. Қазіргі кезде де әлемдегі жетекші мемлекеттердің барлығы (АҚШ пен Канададан басқасы) осы құрлықта орналасқан.

**ЕУРОПА** – Еуразия құрлығының батысын алып жатқан дүние бөлігі. Аумағы 10 млн. км<sup>2</sup>-ге жуық, халқы 739,2 млн. адам (Ресейді қоспағанда). Азиямен арадағы шекарасы шартты түрде алынған. Еуропаға (грекше Europa, семит тілінің «әреб» – «батыс» сөзінен шыққан, Ежелгі Грекияда Эгей теңізінің батысындағы жерлер осылай аталған) кіретін аралдар мен топаралдардың жалпы аумағы 730 мың км<sup>2</sup>. Ирілері: Жаңа Жер аралы, Франц-Иосиф жері, Шпицберген, Исландия, Британия, Ирландия, Корсика, Сардиния, Сицилия, Крит, т.б. Еуропаның жағалаулары (жалпы ұзын-



Оңтүстік Карпат таулары

дығы 38 мың км) қатты тілімденген. Тұбектер Еуропа аумағының төрттен бірін құрайды. Олар: Пиреней, Апеннин, Балқан, Скандинавия, Кола, Ютландия және Қырым тұбектері.

Еуропаны кемінде төрт рет мұз басты. Ең үлкен Днепр мұз басуы кезінде Скандинавиядан тараған қалың мұз қабаты Киев, Харьков, Волгоград қалалары тұрған жерге дейін жетті. Соңғы Валдай мұз басуы шамамен бұдан он мың жыл бұрын аяқталды.

Ірі өзендері: Дунай (Еуропадағы ең ұзын өзен), Днепр, Дон, Печора, Солтүстік Двина, Рейн, Висла, Эльба, Одра (Одер), т.б. Олардың барлығында дерлік кеме жүзеді.

20 ғасырдың соңғы онжылдығында Еуропаның саяси-әкімшілік бөлінісінде үлкен озгерістер болып өтті. КСРО, ЮСФР-дің ыдырауына байланысты бір топ жаңа мемлекеттер пайда болды.

**ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ (ЕО)** – халықаралық саяси және экономикалық бірлестік. Еуропа территориясында орналасқан Германия, Франция, Италия, Бельгия, Нидерланд, Люксембург, Ұлыбритания, Данія, Ирландия, Грекия, Испания, Португалия, Австрия, Финляндия, Швеция сияқты елдердің (1993) қатысуымен құрылған. Кейіннен бұл Одаққа – Польша, Венгрия, Чехия, Словакия, Словения, Хорватия, Эстония, Латвия, Литва елдері мүші болды. Еуропалық одақ аясындағы интеграциялық ынтымақтастықтың басты мақсаттары Бірегей еуропалық актіде (1987), Маастрихт келісімшартында (1992) және Амстердам келісімінде (1997) көрсетіліп айқындалған. 1999 жылдың бірінші қантарынан бастап (алғашқы кезекте он бір мемлекет: Австрия, Бельгия, Германия, Ирландия, Испания, Италия, Люксембург, Ни-



Орталық Еуропа (Босния) таулары


дерланд, Португалия, Финляндия, Франция) есеп айырысу операциялары үшін тепе-тендік қасиеті бекіндірлген бірегей еуро (1996 жылға дейін ЭКЮ) валютасын енгізді. Еуропалық одақтың жалпы органдары қатарына Еуропалық комиссия, Еуропалық парламент, Еуропалық Одақтың Кенесі, Еуропалық сот, Аудиторлар палатасы, т.б. жатады.

Еуропалық Одақ әлемдегі ең ірі сауда қауымдастыры болып табылады.

**ЕШКІ** – мүйіз құыстылар тұқымдасына жаттын жұп тұяқты, күйіс қайыратын жануар. Үй ешкілерінің бастапқы тегіне ешкілердің жабайы екі түрі (безоар ешкісі, иір мүйізді ешкі), сондай-ақ жойылып кеткен *C. prisca* түрі жатады. Ешкі – қолға алғаш үйретілген жануарлардың бірі. Ешкінің мүйізі қырлы, дene бітімі жеңіл, құйрығы қысқа келеді. Оның түбіті, жұні, терісі, еті мен сүті пайдаланылады. Ешкінің сүтті жұндес (ангор ешкі), тубітті (придон, орынбор, башқұрт ешкілері), сүтті-етті жұндес (өзбек, қазақ-қыргыз, кавказ, бурят-монгол ешкілері) тұқымдары бар. Ешкі тоғыз – он жыл тіршілік етеді, екі, кейде бесеуден лақтайды. Жақсылап күтсе жылыға екі рет төлдейді. Текесі 60–65 кг-ға дейін, ешкісі 40–60 килограма дейін тартады. Жемденген ешкіден 20–28 кг ет, 4–6 кг май алынады. Сүтті ешкілер жылыға 450–550 кг, кейбір шаруашылықтарда 1 т-ға дейін сүт береді. Сүтінің майлылығы 3,8–4,5%. Жұндес тұқымды ешкі қылышығының ұзындығы 15–18 см болады. Ешкі терісінен сафиян, шевро сияқты бағалы былгары жасалады.



Ешкі




**ЖАЗУ** – адамның ой-пікірін, басқа адамға хабарлап айтқысы келген сөзін, мағлұматын таңбалар арқылы жеткізуі қамтамасыз ететін белгілер жүйесі. Оның алғашқы нұсқалары өте ерте заманда жасалды. Адамдар алғашқы жазу құралы ретінде саз балшақтан жасалған тақтаны, ағаштың қабығын, т.б. пайдаланған. Адамзат тарихындағы жазу төрт түрге белінеді: 1) пиктографиялық жазу – жазудың ең ежелгі түрі. Зерттеушілер жазудың бұл түрі неолит дәуірінде пайда болған деп есептейді. Мұнда хабарлануға тиісті оқиғаға қатысты заттардың суреті салынады; 2) идеографиялық жазу – жекелеген сөздерді, морфемаларды сурет немесе шартты таңбалар арқылы белгілейді. Онда әр сөздің тұрақты графикалық таңбасы, әр таңбаның меншікті мағынасы болады.

Фонетикалық әрпілдік	Әрпілдік аталуы	Аталудың мағынасы	Әрпілдік негізгі негізгі	Әрпілдік әрпілдік	Әрпілдік формасы	Әрпілдік аталуы	Аталудың мағынасы	Әрпілдік негізгі
Қ	әлеф	әліз	.	б	б	ламед	бізгек	л
Ә	бет	(ұй)	б	ң	мем	су	м	
Ғ	ғемель	түйе	ғ	ұ	нү	(балик)	к	
Ҕ	далет	(есік)	д	ә	самех	тіреу	с	
Ә	хе	мәғінасын белгісіз	ә	ә	'айн	көз	,	
Ұ	ваз	шеге	в	ә	пә	аұыз	п	
Ҕ	зайн	(қару)	з	ә	чәдә	мәғінасын белгісіз	ц	
Ң	хәт	хоршай	ң	ә	коф	майым	к	
Ҕ	тәт	жүк	т	ә	реш	бас	р	
Ҕ	йод	қол	й	ә	шии	тіс	ш	
Ҕ	каф	(алакам)	қ	ә	тав	белгі	т	

Бабыр (ортагасылық миниатюра)

Идеографиялық жазудың бір түрі – иероглиф жазу; 3) буын жазуында – сөз құрамындағы әрбір буын жеке таңбамен белгіленеді; 4) дыбыстық жазу (әріп жазуы) – жазудың дамып жетілген түрі, тіл дыбыстарын, фонемаларды өріппен таңбалайтын жазу жүйесі. Дыбыстық жазулардың ең көне түрлері – финикий, арамей және грек жазулары. Ежелгі түркі жазуды да дыбыстық жазудың ең ежелгі түріне жатады. Қазақ халқының жазу тарихы көне түркі жазуынан басталған. Түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқы кейін мұсылман дінінің таралуымен бірге келген араб әліпбійн үзак уақыт қолданды. 1926 ж. Ахмет Байтұрсынов араб әліпбійн қазақ тілінің ерекшеліктеріне сәйкес женілдетіп, «төте жазу» әліпбійн жасады. 1929 жылдан бастап 1940 жылға дейін қазақ халқы латын әліпбійнде жазып келіп, кейін кириллицаға көшті. Қазіргі түркі мемлекеттерінің көпшілігінде латын әліпбійне негізделген жазуга көшу үрдісі қайтадан бел алып келеді.

**ЖАЙЛАУ** – жазғы қоныс. Жайлауды суымол, шөбі шүйгін, маса-сона, шыбын-шіркейін аз, таулы жерлерден таңдайды. Қазақ елінің дәстүрлі жайлауы Сарыарқа атырабы, Мұғалжар, Алтай, Саяыр, Тарбағатай өнірлері, Жетісу Алатауы, Іле Алатауы, Қаратау алқабында болды. Жайлау мен қыстау малға жайлыш, тіршілікке қолайлыш, көшіп-қонуға ыңғайлы жерлерден таңдалап алынды. Мысалы, Жетісу өлкесінде қыстау Балқаш колінің оңтүстігіндегі құмды, қамысты аймақта орналасса, жайлаулардың көбісі өның солтүстігіндегі таулы атырапта жатты. Жайлау мен қыстау арасы-



Жайлау

ның қашықтығы да әр түрлі болды. Мысалы, адай-табын, шөмекей-шекті, бағаналы-балталы руладының көш жолдарының ара қашықтығы бір мың шақырымға дейін жететін. Ал Қазақстанның солтүстігіндегі көш жолдары он-жиырма шақырымнан қырық-сексен шақырымға дейін болды. Бұл төңіректегі жайлаулар құдықтар мен көлдердің айналасына орналасты. Жетісу дағы жайлаулар мен қыстаулардың арасы жүз-екі жүз шақырымға жететін. Қазір де малшылар жазғы жайылымды жайлау ретінде пайдаланады, жайлауға қой, түйе, сиыр, жылқы шығарылады.

**ЖАЙЫҚ** – Каспий алабындағы өзен. Оңтүстік Орал тауы және Каспий ойпаты, Ресей Федерациясының Башқортостан Республикасы, Челябі, Орынбор және Қазақстанның Батыс Қазақстан, Атырау облыстары жерінен ағып, Атырау қаласы тұсында Каспий теңізіне құяды. Жалпы ұзындығы 2428 км, су жиналатын алабының ауданы 237 мың км<sup>2</sup>, Қазақстан жеріндегі ұзындығы 1084 км. Орал тау жотасынан басталып, жоғарғы бөлігінде Оңтүстік Оралдың шығыс беткейін бойлай тар аңғармен ағып, Верхнеуральск қаласынан төмен қарай жазықпен агады. Магнитогорск металлургия комбинатын сумен қамтамасыз ету үшін қала маңында бөген салынған. Бөгеннен төмен қарай өзеннің жағасы жарқабақ, арнасында қайрандар бар. Ресей жеріндегі Орск қаласына дейінгі бөлігінде Жайыққа оң жағынан Таналық, сол жағынан Ор салалары құяды. Орск қаласынан төменде өзен батысқа бұрылып, Губерли шатқалымен (ұзындығы 45 км) өтеді. Жазық даламен ағатын тұсында сол жағынан Елек өзені құяды. Жайыққа оң жағынан Кіші Қызыл, Улкен Қызыл, Сакмар,



Жайық өзені

Таналық, Шаған; сол жағынан Шыңғырлау (Утва), Гумбейка, Үлкен Қараған, Сүйіндік, Қомақ, Ор, Елек, Барбастау салалары құяды. Орал қаласынан төменгі бөлігінде Жайықтың аңғары тағы да кеңейіп, жайылмасы тармақталады. Қаладан өткеннен кейін өзенге Қөшім бөгені салынып, Жайық-Қөшім суғару-суландыру жүйесі тартылған. Жайықтың бойында орналасқан Ресей қалалары: Верхнеуральск, Магнитогорск, Орск, Новотроицк, Орынбор, Қазақстан қалалары: Орал (кеме қатынасы басталатын жер), Атырау. Еуропа мен Азияның шартты шекарасы Жайық өзені бойымен өтеді.



**ЖАЛАҢТӨС Баһадүр Сейітқұлұлы** – мемлекет қайраткері, батыр, қолбасшы, би. Әйтке бидің үлкен атасы. Ол 1576 жылдың 15 қыркүйегінде Сырдария өзенінің бойындағы Нұрата аймағында туған. 1590 ж. Бұхар ханы Абдулланың жоғары дәрежелі қолбасшылар даярлайтын өскери мектебіне оқуға түседі. Бұл мектепте қолбасшылық өнерінен дәріс беретін Бақимұхаммедтің баласы Имамқұл Жалаңтөс баһадүрдің ерекше қабілетін байқап, оны өзімен бірге хан ордасында өтетін әр түрлі кеңестеррге, салтанатты рәсімдерге қатыстырып отырады. Бұхараның өскери мектебінде үш жыл оқыған Жалаңтөс баһадүр 1593 ж. Бұланғар, Лайыш, Қаттықорған жерлеріндегі әлімұлы тайпасының бір бөліміне би болып сайланана-



Самарқандагы «Тіллә Қари» медресесі

ды. 1611 ж. таққа Имамқұл отырғызылады. Осы кезеңде Бұхар хандығының нығаюына Жалаңтөс баһадүр көп еңбек сініреді. 1618 ж. Имамқұл хан Жалаңтөс баһадүрді хандығының бас қолбасшысы етіп тағайындаиды. Бұл кезеңде Бұхар хандығында белгілі дәрежеде төртіп орнап, тұрақтылық сақталады. Жалаңтөс баһадүрдің беделінен сескенген Имамқұл 1626 ж. Бұхар хандығына төуелді емес Самарқан аймағын құрып, оған Жалаңтөс баһадүрді әмір етіп тағайындаиды. Ол Самарқандағы Ұлықбек медресесінің қарсысынан 1620–36 ж. «Ширдор» («Арыстан қақпа») медресесін салдырады. 1646 ж. екі медресенің ортасынан «Тіллә Қари» («Алтынмен апталған») медресесінің құрылышын бастайды. 1643 ж. Жалаңтөс баһадүр Жетісіне басып кірген жонғарларға қарсы шайқасып жатқан Салқам Жәңгір ханға 20 мың қол бастап көмекке келіп, қалмақтарды ойсырата жеңеді. 1644 ж. Ауғанстан, Үндістан аумағын билейтін Могол империясы мен Бұхар хандығы соғысады. Салқам Жәңгір 100 мың қолмен Жалаңтөс баһадүрге көмекке келеді де, Бұхар хандығы аман қалады. Жалаңтөс баһадүр жонғарлардың қазақ сахарасына қарсы жасаған соғыстары кезінде Қазақ хандығына қалып қолмен келін қосылып, оның күшін еселеуді. Жалаңтөс баһадүр 1656 ж. Самарқанда дүние салды, денесі Дағбид қыстағындағы өзі пір тұтатын Мақтым ағзам өулие бейітінің жанына жерленген.



Самарқандагы Жалаңтөс баһадүр салдырган «Ширдор» медресесі

**ЖАМБЫЛ Жабаев** – ұлы ақын, жырау, жыршы. Ұлы жұз құрамы ндағы шапырашты тайпасының екей руынан шыққан. Қазіргі Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегінде 1846 ж. 28 ақпанда Жапа деген елге қадірлі адамның отбасында дүниеге келген.



Жасынан өлең-жырга қанып өсіп, Сүйінбай Аронұлы сияқты жырданғылынан төлім-тәрбие алды. Сонымен бірге Жамбыл туысқан қырғыз елінің де сөз өнерін жетік біліп, Тоқтогұл, Мұраталы, Әлімқұл, Балық, Тыныбек, Қатаган сияқты дүлдүлдермен өнер сайысынан түскен. Жұз жыл өмірінің сексен бесін өлең-жырмен өткізген. Жамбылдың шығармашылық өмірі 19-ғасырдың 70-жылдарынан басталған. Жамбылды нағыз ақын ретінде байтақ елге танытқан өнері – оның айтыстары. Бұл айтыстарында қыз бен жігіттің қайым айтысы да, түре айтыс та, сүре айтыс та бар. Осының қай-қайсысында да Жамбыл өзінің нағыз майталман, кестелі сөздің шебері, әрі үшқыр ойлы, тапқыр шешен екенін көрсетеді.

Кеңес дәуірі жылдарында Жамбыл қоғам өмірі мен ел мүддесін жырлады. Ол байырғы ұлы жыраулардың дәстүрін қайта түлетіп, біздің дәуірімізге жаңа сапада, соны мазмұнмен байытып жеткізді. Мемлекет басшылары мен партия көсемдеріне қарата айтқан жырларында жалпы мемлекеттік мәселелерді көтерді. 2-дүниежүзілік соғыс түсінде бүкіл Кеңес Одағында Жамбылдан дәрежесі, мәртебесі биік ақын болған жоқ. Жамбыл есімінің өлемнің шартарабына танылған тұсы да осы кезең еді. Ақын жырлары майдандағы әр үлттан құралған жауынгерлердің бәрінің де жүргегіне жетіп, жігерін қайрады. 1945 жылдың 22 маусымында Жамбыл жүзге қараған шағында Алматы қаласында қайтыс болды. Жамбыл – жыршы-

лық өнердің де асқан шебері. Оның үздік шығармалары қырықтан астам шет елдер тілдеріне аударылды. Жамбыл туралы жүзденген өлең-жырлар жазылды. 20-ғасырдағы халық ақындарына Жамбылдың әсері өте зор болды. Бұл қатарда Кенен Әзірбаев, Үмбетәлі Қәрібаев, Нартай Бекежанов, Доскей Өлімбаев, т.б. белгілі сұрып-салма ақындар бар. Жамбылдың есімі Қазақстанның бір облысына, бірнеше ауданға, бірқатар елді мекендерге, мекемелер мен оқу орындарына, өнер орталарына берілді. Қазақ халқы Жамбылдың 100 жылдық, 125 жылдық, 150 жылдық тойларын халықаралық деңгейде салтанатты түрде атап өтті.

**ЖАНАРТАУ**, в у л к а н – Жер қабатының тереңдегі жарылымдары мен жарықтарынан оның бетіне шығатын балқыған тау жыныстары мен ыстық газдардың геологиялық құрамалары. Латынша *vulcanus* – от, жалын деген мағынаны білдіреді, ежелгі римдіктердің мифологиясындағы от құдайы үғымынан шыққан. Жанартау жылына жер бетіне 5–6 км<sup>3</sup> жанартаулық материалдар шығарады, оның 80%-ы су асты жанартауларына, 20%-ы құрлықтарға жанартауларға тиесілі. Су асты жанартауы 3–4 км тереңдіктегі лавалық жарықтардан тыныш қүйде шығып жатады, бірақ оларды тікелей бақылау мүмкін емес. Жер үсті жанартаулары атпа онімдерінен құралады, ол орталық кратері бар конус пішінді тау түрінде болады. Жанартаулар сөнбекен, потенциалды сөнбекен, шартты түрде сөнген және сөнген болып жіктеледі. Магманың шығу тереңдігіне



Алматыдағы Жамбыл Жабаев ескерткіши. 1996 ж.



Кракатау жанартауы. Индонезия

қарай жанартау мантиялық (30–70 км және одан да терең), қыртыстық (5–45 км) және арас болып бөлінеді. Бірінші жағдайда базальт жынысы, екінші жағдайда басым көпшілігі андезит, дашит, липарит тау жыныстары, үшіншінде барлық жанартаулық тау жыныстары шығады. Жанартаулардың атқылауы ұзақ (бірнеше ондаған, жүздеген жыл) және қысқа (бірнеше сағат) мерзімді болады. Жанартау атқылауынан шығатын жанартаулық өнімдер газ тәрізді (жанартаулық газдар), сұйық (лава) және қатты (жанартаулық тау жыныстары) болады. Атқылау сипатына және магманың құрамына қарай жанартау бетінде биіктігі мен пішіні әр түрлі геологиялық құрылымдар пайдада болады. Жанартаулардың 2/3-сі Тынық мұхиттың жағалары мен аралдарында (Тынық мұхиттың жанартаулық белдеуінде), Жерорта теңізі маңы мен Атлант мұхиты аймағында кездеседі. Жанартау өте қатерлі табиғи құбылыс болғандықтан, оларды алдын-ала болжака үшін зерттеу және бақылау жұмыстары үздіксіз жүргізіледі.

Жанартаулық тау жыныстары, вулканиттер – жанартау атқылауынан пайда болған тау жыныстары. Атқылау сипатына байланысты жыныстардың 2 типі түзіледі: эфузивті тау жыныстары және пирокласты жыныстар (жанартау күлі, құм, туфтар, туфты брекчий). Жанартаулық тау жыныстары қалыптасу жағдайна қарай эфузивті, экструзивті, жанартаулық-кесекті, жанартаутекті-шөгінді болып ажыратылады. Жанартаулық тау жыныстары Қазақстанның барлық аймақтарында кеңінен тараған: оларда темірдің, полиметалдың, мыстың, марганецтің, күкірттің, алтынның және басқа да элементтердің кендері кездеседі. Құбылыс материалы ретінде кеңінен қолданылады.



Вулканиттер

## ЖАНСҮГІРОВ

Ілияс – ақын. 1894 ж. 14-мамырда Алматы облысы Ақсу ауданында дүниеге келген. Алғашында өз өкесішпен, ауыл молдаларынан сауат ашқан. 1919 ж. Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсқа түседі. Оны бітірген соң өз ауылында мұғалім болып, кейін «Тілші» газетінде қызмет атқарады. 1922 ж. Верныйдағы (Алматы) Қазақ ағарту институтының менгерушілігіне тағайындалады. 1925 ж. Мәскеудегі Журналистика институтына оқуға түсіп, оны 1928 ж. бітіріп шыққан соң, «Енбекші қазақ» газетіне қызметке жіберіледі. 1932 ж. Жазушылар одағын үйымдастыру комиссиясының төрағасы болып сайланып, 1934 ж. өткен 1-съезде Қазақстан Жазушылар одағының алғашқы төрағасы болып сайланды. 1934–37 ж. Қазақ саяси баспасының редакторы, сонымен бір мезгілде, 1933–36 ж. Қазақ АКСР ОАК-нің мүшесі болды. 1937 ж. жалған саяси айыппен тұтқындалып, 1938 ж. ату жазасына кесілген. 1958 ж. ақталды. Ол елең жазуды 1912 ж. бастаған. Алғашқы туындылары – «Сарыарқаға», «Тілек» деген өлеңдері. Бұлар 1917 ж. Семейде шығып тұрған «Сарыарқа» газетінде жарияланған. 1923 ж. «Сана» журналында «Мерген Бекен» әңгімесі басылып шықты. Осыдан соң өлеңдері «Тілші», «Ақжол», «Кедей еркі» газеттерінде жиі жарияланды. Прозасының елеулісі – оның «Жолдастар» романы (1935). Драматургия жанрында да жемісті еңбек етіп, «Кек» (1931), «Түрксіб», «Исатай–Махамбет» (1936), т.б.



Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров ескерткіші



пъесалар жазды. Ақын ретінде әйгілі «Дала» (1930) поэмасының алдында «Бұғінгі дала» (1928), «Гималай» (1929), т.б. туындылары дүниеге келді. Барлығы 15 поэма жазған. Ақын мектеп оқушыларының халық тарихынан, еткен өмірінен хабардар болуына зер салған. Осы мақсатта «Балаларға тарту» (1926), «Байшұбар» (1923), «Малта», «Шәркей» (1929), «Жұмбақ» (1930), «Өтірік» (1930) өлеңдер жинағын жазды. Пушкиннің көптеген өлеңдерін, «Евгений Онегин» романын (1937), Лермонтовтың «Ақынның өлімі», «Тұтқын», «Қанжар», т.б. классикалық шығармаларды қазак тіліне аударды. И. Жансүгіров – қазак әдеби тілін жаңа сатыға көтерген қаламғер. Елімізде бірнеше мектеп, көше, аудан, шаруашылық, Талдықорған қаласындағы Жетісу мемлекеттік университетіне оның есімі берілген. Сол қалада ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған әдеби-мемориалдық мұражай жұмыс істейді.


**ЖАНАУАРЛАР** – тірі организмдер дүниесіндегі негізгі екі топтың бірі (екіншісі – өсімдіктер); жүрге және сезінуге бейім тіршілік иесі; негізінен, дайын органикалық қосылыстармен



Жануарлардың қоныс аударуы

коректенетін гетеротрофты организмдер. Жануарлар құрылышына қарай бір клеткалы организмдер және көп клеткалылар болып екі топқа бөлінеді. Жер бетінде жануарлар про-кариоттар (ядросыз организмдер), балдырлар, саңырауқұлақтардан кейін пайда болған. Палеонтологиялық зерттеулерге қарағанда олардың жасы 0,8 млрд. жылдан аспайды (1998). Жануарлардың дамуы да қоршаган ортаның эволюциялық дамуына сәйкес қалыптасты.

Эволюциялық өзгерістер сыртқы ортаның өзгерісіне организмдердің бейімделуімен үштасады. Мысалы, құрлық жануарларының арғы тегі су жануарлары болып саналады. Ал қоршаган ортаға бейімделе алмаған құрлық жануарлары бұрынғы тіршілік ортасында қалып қойған. Жануарлардың қазба қалдықтарын зерттеу нәтижесі қарапайым организмдердің архей әрасында мұхиттарда бұдан 1–1,5 млрд. жыл бұрын клетка формасында хлорофилсіз амеба тәрізді талшықтылар түрінде пайда болған деп жорамалдауға мүмкіндік береді. Протерозой әрасында тіршілік еткен жануарлар қалдықтарынан радиоляриялар, фораминифералардың іздері, губкалардың қаңқалары, бұылтық құрттардың тұтікшелері, моллюскілердің бақалашқтары, тіпті буынақтылардың да қалдықтары табылған. Жануарларда ас қорыту, қан айналу, жүйке жүйесі, сезім және жыныс органдары, тыныс алу, зэр



Жануарлардың даму эволюциясы

шығару жүйесі жақсы жетілген. Дүние жүзінде жануарлардың 1,6 млн-дай түрі, 17 типі бар. Жануарлардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы өте зор: көпшілігі пайдалы болып табылады. Азық-тұлік, әр түрлі өнеркәсіп шикізатын: ет, май, сүт, тері, жұн, бал, жібек, мүйіз, бақалшақ, т.б. береді. Сондай-ақ, олар – ауыл шаруашылық дақылдарының тозандатушылары, топырақ түзушілері, басқа жануарларға азық қорлары, органикалық заттардың ыдыратушылары болып табылады.

**ЖАҢА ЗЕЛАНДИЯ** – Тынық мұхиттың оңтүстік-батыс бөлігіндегі екі үлкен (Оңтүстік арал және Солтүстік арал), бірнеше шағын (Стьюарт, Чатем, Кермадек, Кэмпбелл, т.б.) аралдарда орналасқан мемлекет. Жер аумағы – 270,5 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 4,4 млн. адам. Тұрғындардың 79,5%-ы – жаңазеландықтар (негізінен, Ұлыбританиядан шыққан европалықтар), 14,5%-ы – маорилер (жергілікті тұрғындар), 6%-ы – азиялықтар, полинезиялықтар, т.б. этникалық топтар. Ресми тілі – ағылшын тілі. Халқының көпшілігі христиан дінінің протестант тармағын ұстанады. Жаңа Зеландия – Британ Достастығына кіретіндіктен, мемлекет басшысы Ұлыбритания королевасы болып есептеледі. Әкімшілік жағынан 10 провинцияға бөлінеді.

Жаңа Зеландия аралдары таулы келеді, жерінің төрттен үш бөлігі – тау, үстірт, қырат. Ең биік жері – Оңтүстік Альпідегі (Оңтүстік арал) Кук тауы (3756 м). Жер сілкіну, жанартау атқылау жиі болады. Солтүстік аралдың орталық бөлігінде Руапеху (2796 м), Нгаурухоэ (2291 м), Тонгариро (2048 м) атты сөнбекен жанартаулар бар.

Жаңа Зеландия – өндірісі мен ауыл шаруашылығы дамыған ел. Өнеркөсібінің негізгі са-



Окленд қаласы



Ванака көлі

лалары: тамақ, қағаз шығару, машина жасау, химия, тігін, т.б. Соңғы жылдары экспортқа балық шығару жедел дамып келеді. Жаңа Зеландия ет-сүт өнімдерін өндіруден, қой өсіруден дүние жүзінде жетекші орында. Өлемдегі сүт өнімдерінің 25%-ын шығарады. Жыл сайын миллион тоннадан аса ет, 200 мың тонна жұн (Австралиядан кейін 2-орын) өндіреді.

**ЖАПОНІЯ** – Шығыс Азия жағалауларына жақын маңдағы Тынық мұхит аралдарында орналасқан мемлекет. Жапония («Таң шапағы елі») төрт мыңға жуық аралдардан тұрады. Ең үлкендері: Хоккайдо, Хонсю, Сикоку, Кюсю, т.б. Жер аумағы 372,2 мың км<sup>2</sup>. Халқы 128 млн. адам. Астанасы – Токио қаласы. Әкімшілік жағынан 47 префектураға бөлінеді. Жапония – бір ұлтты ел. Халқының 99,4%-ы – жапондар. Бұдан басқа қытайлар, корейлер, американцықтар тұрады. Ресми тілі – жапон тілі. Негізгі діндері – синто және будда діндері.

Жапония аралдарының жан-жағын Тынық мұхит пей оған кіретін Жапон, Охот, Шығыс



Токио қаласы



Киннакудзи храмы

Қытай теңіздері қоршаган. Жерінің көп бөлігі таулы-қыратты болып келеді. Негұрлым ірі таулары: Хидака мен Китами (Хоккайдо аралында), Оу, Этиго, Хида, Кисо, Аканси (Хонсю аралында). Бұл тауларда сөнбекен жанартaulар әлі де көп. Ең белгілісі – Хонсю аралындағы 3776 м биіктікте орналасқан Фудзияма жанартауы.

Жапония – өнеркәсібі жоғары дамыған мемлекет. Кеме шығарудан, автомобиль, трактор, металл өндейтін құрал-жабдықтар, түрмисқа қажетті электроника, робот жасаудан дүние жүзінде 1-орын алады. Жапония энергия ресурстарына өте кедей. Сондықтан жапон энергетикасы энергия көздерінің (мұнай, газ, көмір, уран, т.б.) 80%-ын шеттен өкеледі. Балық аулаудан Жапония дүние жүзінде 1-орын алады. Теңіз сауда флоты жақсы дамыған. Сыртқы сауда айналымы жағынан АҚШ пен Германиядан кейін 3-орында. Экспортқа машиналар, электртехника, металл және химия онімдері шығарылса, сырттан шикізат, мұнай онімдері және азық-түлік өкелінеді. Алтын, валюта қоры жағынан дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы ел.

**ЖАПЫРАҚ** – жоғары сатыдағы өсімдіктердің фотосинтез, газ алмасу, буландыру, қор жинау, көбею қызметтерін атқаратын өсу мүшесі. Ол негізгі өркеннің жанама бұтақтарының қысқаруынан пайда болады. Жапырақтың пішіні әр түрлі келеді; сыртқы құрылышы – жапырақ тақтасынан (алақанынан) және сағақтан тұрады. Жапырақтың кеңейген жері – тақтасы, ал сабаққа бекінетін жіңішке бөлігі – сағағы деп аталады. Сағақсыз жапырақтар да болады. Сабақ буынынан тармақталған сағақты бір жапырақ өсіп шықса – жай жа-



Жапырақтың түрлері: 1-дөңгелек; 2-әллипс тәрізді; 3-қауырсын тәрізді; 4-ромб тәрізді; 5-жұмыртқа тәрізді; 6-шашырышты; 7-ине тәрізді; 8-қылыш тәрізді; 9-саусақ тәрізді; 10-шеті тілімденген жалпақ; 11-қауырсын тәрізді; 12-орақ тәрізді; 13-төртқалақты; 14-ши рет тілімденген қауырсын тәрізді; 15-желтуіш тәрізді; 16-шеті тілімденген саусақ салалы; 17-құрделі қауырсын тәрізді; 18-тақ қауырсынды

пырақ деп аталады. Бір сағаққа бірнеше жапырақ орналасса – құрделі жапырақ деп аталады.

Жапырақ алдымен ұшынан өсіп жетіледі, 30–40 күннен кейін өсуі тоқталады. Жапырақтың тіршілік ету ұзақтығы бірнеше айдан 15 жылға дейін созылады. Жапырақтың түсі – өсімдіктің эволюциялық дамуында әр түрлі қолайсыз жағдайға бейімделуі, яғни күзде күн сұтынып, топырақ құрғаған кезде тамырдан өсімдіктің бойына келетін ылғалдың жетіспеушілігін азайтады және қыста қалың қар жауғанда өсімдік бұтағының сыннып кетуінен сақтайды. Күзде күн сұтынып, топырақ құрғаған кезде жапырақтағы фотосинтез процесі бірте-бірте азаяды. Жапырақ пен сабақ арасындағы зат алмасу тоқтайды. Жапырақ сабақты тұбіндегі клеткалар ыдырап, ажырау қабабы пайда болады. Бұл кезде жапырақ сабаққа әрең ілініп, өзінің салмағынан, жел, жауын өсерінен үзіліп түседі. Көптеген өсімдіктердің

(салат, капуста, пияз, аскөк, қымыздық, т.б.) жапырақтары тағам, ал кейбір өсімдіктердің жапырағы – мал азығы ретінде пайдаланылады. Жапырақтан эфир майы алынып, медицинада пайдаланылады.


**ЖАРҚАНАТ** – қолқанаттылар отрядының бір тармағы. Арктика, Антарктида және Мұхит аралдарынан басқа құрлықтарда кең тараған. Дүние жүзінде 20 тұқымдасқа бірігетін 700-дей түрі, ал Қазақстанда 3 тұқымдасы: тағатұмсықтылар, оның бір туысы, үш түрі (кіші тағатұмсықты жарқанат, үлкен тағатұмсықты жарқанат, Бұхар тағатұмсықты жарқанаты); жалтыртұмсықтылар, оның 8 туысы 23 түрі (Азия жалпаққұлақты жарқанаты, ақбауыр жарқанат, Бобринский жарқанаты, Иконников жарқанаты – Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген); иттұмсықтылар, оның бір туысы, бір түрі (кеңқұлақты жарқанат – Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген) бар. Бұлардың дene тұрқы 3 см-ден (кіші тағатұмсықты жарқанат) 9,2 см-ге дейін (кеңқұлақты жарқанат). Салмағы 3,5 г-дан (ергежайлі жарқанат) 47 г-ға (қызыл жарқанат) дейін жетеді. Тері жамылғысында қоңыр және сұр түстері басым. Көздері нашар көреді. Тырнақтары болмайды. 18–20 тісі бар, азу тістері бұдырлы. Жарқанаттардың есту мүшесі жақсы жетілген. Кеңістікте өзі шыгаратын жоғарғы жиіліктегі ультрадыбыстарды (40–80 кГц), сондай-ақ, адам естімейтін, тәменгі жиіліктегі инфрадыбыстарды (12 кГц) қайта қабылдау арқылы бағдар алады. Жарқанат үя салмайды, үңгірлерді, ағаш құыстарын, үй, құрылыш шатырларын, жарқабақтардағы құс індерін мекендейді.



Жарқанат

**ЖАРЫҚ** – 1) тар мағынада – көрінетін сөүле, яғни жиілігі  $7,5 \cdot 10^{14}$ – $4,0 \cdot 10^{14}$  Гц аралығындағы адам көзі қабылдайтын электромагниттік толқын; 2) кең мағынасында – қабылданатын сөулемен бірге спектрдің ультракүлгін және инфрақызыл аймағындағы сөулелерді де қамтитын оптикалық сөуленің синонимі.

Жарық жылдамдығы,  $c$  – кез келген электромагниттік толқындардың (оның ішінде жарықтың да) бос кеңістіктері (вакуумдағы) таралу жылдамдығы; іргелі физикалық тұрақтылардың бірі. Жарық жылдамдығының шамасы материалдық дененің массасы мен толық энергиясын байланыстырып тұрады. Санақ жүйесі өзгерген кезде координатты, жылдамдықты және уақытты түрлендіру жарық жылдамдығы арқылы өрнектеледі. Жарық жылдамдығын



Юнгтың интерференциялық тәжірибесінің сұлбасы:  $S$  – жарық көзі;  $S_1, S_2$  – саңылаулар;  $P$  – бақылау нүктесі;  $r_1, r_2$  – толқындардың саңылаудан бақылау нүктесіне дейінгі қашықтығы;  $\mathcal{E}$  – экран



Жарықтың сынуы

алғаш рет 1676 ж. Юпітер серіктерінің тұтылулары арасындағы уақыт аралығының өзгериуі бойынша дат астрономы Оле Ремер өлшеді (бақылау нәтижесінде  $c=215000$  км/с болды). Жарық көзі ретінде лазерлерді пайдаланып жүргізген өлшеулер нәтижесінде жарық жылдамдығын өлшеу дәлдігі жоғары көтерілді:  $c=299792,5 \pm 0,15$  км/с. Қазіргі кезде жарық жылдамдығының вакуумдағы мәні үшін ресми түрде  $c=299792,458 \pm 1,2$  м/с қабылданған.

**Жарық интерференциясы** – жарық толқындарының қабаттарасы нәтижесінде бірін-бірі күшетуі немесе әлсіретуі. Егер екі толқынның өркештері мен өркештері, сайлары мен сайлары дәл келсе, онда олар бірін-бірі күшетеді; ал біреуінің өркештері екіншісінің сайларына дәл келсе бірін-бірі әлсіретеді. Жарық интерференциясы кезінде қабаттарасынан жарық шоғының қарқындылығы бастапқы шоқтың қарқындылығына тең болмайды. Механикалық толқындар да интерференцияланады.

**Жарық қысымы** – жарықтың шағылдыратын немесе жұтатын денеге түсіретін қысымы. Құн маңынан ұшып өткен кезде құйрықтың жүлдіздың (кометаның) құйрығының қисаюына жарық қысымының әсері болатындығын 1619 ж. алғаш рет неміс фалымы Иоганн Кеплер болжаған. 1873 ж. ағылшын физигі Джеймс Максвелл электромагниттік теорияға сүйене отырып, жарық қысымының шамасын анықтады. 1899 ж. орыс физигі Петр Лебедев жарықтың қатты денелерге, кейінірек газдарға (1907–10) түсіретін қысымын өлшеді. Жарық қысымын жарықтың электромагниттік теориясы мен кванттық теориясы негізінде түсіндіруге болады. Жарық қысымы әсерінен Жердің жасанды серіктерінің орбиталары аз да болса толықсиди.


**Жарықтың шағылуы** – жарықтың екі түрлі орта шекарасына (кем дегенде біреуі мөлдір




Жарықтың шағылу құбылысы

болатын) түсі қезінде байқалатын құбылыс. Мөлдір ортадағы жарық сәулесі сыну көрсеткіші сол ортаға қарағанда өзгеше болатын екінші ортаға жеткен соң, оның біршама боллігі сыннып, басқа бағытпен таралады да, енді бір бөлігі бірінші ортаға қарай кері шағылады. Шағылған және сынған сәулелер қарқындылығының салыстырмалы шамасы жарық түскен дene бетінің тегістігіне, жарықтың құрамы мен түсу бұрышына, т.б. байланысты болады. Кейде жарық сәулесі толығымен кері шағылады.

**ЖАУЫН-ШАШЫН** – жер бетінен сұйық немесе қырышық түрінде бұлттан және ауадан суынып түсітін ылғал. Ол бұлттағы ірі кристалды бөлшектердің еруі не кішкентай тамшылардың қосылуы (коагуляттануы) нәтижесінде пайда болады. Жауын-шашын бұлттардан жаңбыр, қар, мұз қырышықтары, бұршақ, т.б. түрінде түседі. Ауадан тікелей шық, қырау, т.б. бөлініп шығады. Қатты суынған су тамшылары мен тұманнан жер бетінде көктайғақ пайда болады. Жауын-шашынның мөлшері Жер шары бойынша орта есеппен 1000 мм-ге жуық, экватордың кейбір аймағында (Черапунджи, Гималайда) 12000 мм, субтропиктік (пассат бел-



Табигаттагы су айналымы



Қар кристалы

демінде, шөлдерде) және қоңыржай белдеудің көпшілік бөлігінде 250–1000 мм-ге дейін, кей жерлерде бұдан да көп, жоғары ендіктерде 250 мм-ден де аз болады. Қазақстанда жауыншашын ең көп түсетін өңір – Алтай тауының батыс беткейлерінде (1500 мм), ал ең аз жауыншашын Арал маңы Қарақұмы мен Балқаш көлінің батыс жағалауында (70–110 мм) байқалады.

**ЖӘНДІКТЕР**, насекомдар – буынаяқтылар типіне жататын омыртқасыз жануарлар класы. Қазба қалдықтары девон кезеңінен белгілі. Филогенетикалық шығу тегі көп аяқтыларға жақын, арғы тегі сақиналы құрттар деп есептелінеді. Жер шарында кең тараған, бір миллиондай түрі анықталған (барлығы бір жарым – екі миллион түрі болуы мүмкін). Жәндіктер екі класс тармағына бөлінеді: алғашқы қанатсыз жәндіктер және қанатты жәндіктер. Қазақстанда екі класс тармағына жататын 28 отряды, 550-ден астам тұқымдасы бар. Бұлардың дene түркі бірнеше мм-ден (ең майдасы трихограмма – 0,2 мм) 33 см-ге дейін жетеді. Жәндіктердің ең басты ерекшелігі: денесі 3 бөлімнен (бас, кеуде және құрсақ) ту-



Жәндіктер тобы

рады. Денесін тығыз кутикула (эпителий клеткаларынан бөлінетін тығыз қабықша) жапқан. Басында екі құрделі фасеттік көздері, қаралайым майда көзшелері, екі мұртшасы болады. Ауыз құрылышы қоректену өдісіне қарай бірнеше топқа бөлінеді. Инеліктер, тарақандар, дәүіттер, қоңыздардың аузы – кеміруге; көбелектер, шыбындардың аузы сұйық қоректі соруға; өсімдіктердің шырынымен және адамның, жануарлардың қанымен қоректенетін маса, бит, қандала, цикада, т.б. аузы шаншып соруға бейімделген; кейбір түрінде аузы (бөгелек, біркүндіктер) болмайды. Жәндіктердің жұруғе, жұғіруге (тарақан, қоңыздар, т.б.), секіруге (шегіртке, шекшек, бүргелер), жұзуғе (жұзғаш қоңыздар, т.б.), қазуға (бұзаубас, т.б.), жемін ұстауға (дәуіт, т.б.), ғұл тозаңын жинауға (бал арасы) бейімделген аяқтары, ортаңғы және артқы буынында бір-бір жұп қанаттары бар. Тек қосқанаттыларда артқы кеуде буынындағы қанаттары – ызылдауыққа айналған. Жәндіктердің басым көпшілігінде ұшуға екі жұп қанаттарын (көбелектер, инеліктер, торқанаттылар, т.б.), кейбір түрі тек артқы жұбын (қоңыздар, т.б.) ғана қағады. Құрсағы көп бунақты, кейбір түрінде 11 бунақты. Жәндіктерде сезім мүшелері жақсы дамыған. Олар әр түрлі механикалық, химиялық, дыбыстық, көру, есту, терінің сезу қабілеті, т.б. көптеген тітіркенулерді қабылдай алады. Жәндіктердің биоценоз тұрақтылығын сақтауда айрықша маңызы бар. Олардың ішінде көптеген ауыл шаруашылығы мен орман зиянкестері де жеткілікті.

**ЖӘНІБЕК ХАН**, ӨбүСайд – Қазақ хандығының негізін қалаған хандардың бірі, Орыс ханның ұрпағы, Барақ ханның кіші ұлы. 15-ғасырдың басында өмірге келген. 1457–58 ж. туысы Керей ханмен бірге Қазақ хандығының негізін қалаған. Керей ханнан соң 1465/66 жылдан 1470 жылдардың басына дейін Қазақ хандығының екінші ханы болды. Қазақ тарихында ол – Қазақхандығының құрылу үрдісіне толық қатынасып, басшылық еткен



тарихи тұлға. Жәнібек хан тұсында Қазақ хандығы жеке ел болды. Жәнібек ханның артында тоғыз ұлы қалды. Бұлардың ішінде Қасым мен Әдіктің қазақ қоғамындағы рөлі өте зор болды. Жәнібек хан 15-ғасырдың 70-жылдары ішінде қайтыс болған. 16-ғасырдың соңынан 19-ғасырға дейінгі барлық қазақ хандары Жәнібек ханның кіші ұлы Жадық сұltаннан тарайды.

**ЖЕЗҚАЗГАН** – ежелгі кеніш орны. Қарағанды облысындағы Жезқазған қаласынан батысқа қарай 30 км жерде орналасқан. 1946–47, 1949 жылдары археолог Әлкей Марғұлан, т.б. ғалымдар зерттеген; кейбір дерек-көздері бойынша көне дөуірдің өзінде Жезқазған кеніш орындарынан миллион тоннадан астам мыс өндірілген. Бұл жерден түрғылықты және шаруашылық құрылыштардың қалдықтары, үйме, шұңқыр тәрізді шеберханалар мен қоймалар ашылды.

**Жезқазған** – Қарағанды облысындағы қала, темір жол станасы. Қазақстандағы түсті металургия орталығы. Тұрғыны 89,0 мың адам. 1939 ж. 3 мың халқы бар Кеңгір ауылының орнында іргесі қаланған. 1941–54 ж. Үлкен Жезқазған кенті аталды. 1954 жылдан қала. 1973–97 ж. Жезқазған облысының орталығы болды. Жезқазған арқылы Қарағанды–Сейфуллин–Жезқазған–Қарсақбай темір жолы, Қарағанды–Жезқазған, Жезқазған–Арқалық автомобиль жолдары өтеді. Өлең көлігі оны Астана, Алматы, т.б. қалалармен байланыстырады. Жезқазғанның тарихы қазақтың ұлы ғалымы, академик Қаныш Сәтбаев есімімен тығыз байланысты.



Жезқазған театры



Жел электр станасы

**ЖЕЛ** – атмосферадағы ауаның көлденең бағытта қозғалуы. Жел атмосфера қабаттарында қысымның біркелкі таралмауынан пайда болады әрі жоғары қысымнан төменгі қысымға қарай бағытталады. Ауа қысымы уақыт пен кеңістікте тұрақты болмайдындықтан желдің жылдамдығы мен бағыты үнемі өзгеріп отырады. Желдің бағытын көкжиектің қай тұсынан соғуына байланысты анықтайды және оны градуспен немесе румбымен (16 румбылық жүйемен), ал жылдамдығын – м/с, км/сағ, узелмен немесе балмен (Бофорт шкаласы бойынша) өрнектейді. Биіктікке көтерілген сайдын үйкеліс күшінің азаюына байланысты жел қуаты өзгереді, сонымен қатар ол градиенттердің өзгеруіне де тәуелді болады. Жел үлкен аумақты қамти отырып, көлемді ауа ағындарын (муссондар, пассаттар, т.б.) тузызады, осыдан жергілікті және жалпы атмосфералық айналым пайда болады.

**ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА** – спорттың ең көп тараған түрі. Оған әр түрлі қашықтықта жүгіру мен жүзу, ұзындық пен биіктікке секіру, спорттық снарядтарды лақтыру, жеңіл атлетикалық көпсайыстар енеді. Жеңіл атлетикалық жарыстар ашық және жабық (манеж) алаңдарда өтетін жеке, командалық, сондай-ақ эстафеталық жарыстар болып бөлінеді. Халықаралық әуесқойлық жеңіл атлетика федерациясы (ИААФ) 1912 ж. құрылған. Оған қазір 200-ге жуық ұлттық қауымдастықтар (ассоциациялар) біріккен. Олимпиялық ойындар 1896 жылдан (1-Олимпиялық ойын), дүниежүзілік чемпионат 1983 жылдан өткізіліп келеді. Жеңіл атлетика ойындары өте көнеден белгілі. Ол ежелгі Олимпия ойындарының бағ-




Кедергілер арқылы жүгіру


дарламасына енген. Қазақстанда алғашқы ресми жеңіл атлетикалық жарыс – Бұкілқазақстандық 1-спартакиада 1928 ж. Петропавл қаласында өтті. Тәуелсіз елімізге түңғыш алтын медальді 2000 ж. Сиднейде (Австралия) өткен 27-Олимпиялық ойындарда кедергілер арқылы жүгіруші Ольга Шишигина әкелді. 2012 ж. Лондонда өткен жазғы Олимпиялық ойындарда Ольга Рыпакова алтын медаль үтүп алды.

**ЖЕР, Ж е р ш а р ы** – Күн жүйесінің Күннен бастап санағандағы үшінші ғаламшары; адамзаттың тіршілік ететін бесігі. Жер эллипстік (дөңгелекке жуық) орбита бойымен 29,765 км/с жылдамдықпен 149,6 млн. км орташа қашықтықта 365,24 орташа күн тәулігі ішінде Күнді бір рет айналып шығады. Оның табиги серігі – Ай. Ай Жерді 384000 км орташа қашықтықта айналады. Жер осінің эклиптика жазықтығына көлбеулігі  $66^{\circ}33'22''$ , оның оз осінен айналу периоды 23 сағ 56 мин

4,1 с. Өз осінен айналуы себебінен Жерде күн мен түн ауысса, ал оның осінің орбита жазықтығына көлбеулігі мен Күнді айналуы салдарынан Жерде жыл мезгілдері өзгеріп отырады. Жер Күнді айналып жүрген 9 планетаның ішінде мөлшері мен массасы бойынша 5-орында. Жердің массасы  $5,975 \cdot 10^{21}$  тонна, орташа тығыздығы  $5,517 \text{ г}/\text{см}^3$ , көлемі  $1,083 \text{ млрд. км}^3$ , ауд.  $510,2 \text{ млн. км}^2$ , сыртқы пішіні үш осьті эллипсоидқа жақын. Осы күнгі космогониялық түсінік бойынша, Жер осыдан төрт жарым миллиард жыл бұрын Күн айналасындағы кеңістіктегі шашыраған газ-тозаң заттан, планеталардың тартылышы күшінің әсерінен пайда болған. Қатты материя кесектерінің соқтығысып, жабысуынан планеталар үлғая берген. Жер құрамына Күн жүйесінде кездесетін барлық химиялық элементтер енеді. Заттың планета центріне тартылуы және оның ось бойымен айналуы салдарынан Жер эллипсоидтық пішінге келген. Жердің құрамы, құрылышы, қасиеттері жөніндегі мәліметтер – жер қыртысының үстіңгі қабаттарын тікелей бақылау, серпінді толқындардың таралу жылдамдығына негізделген сейсмикалық әдістер арқылы алынған жанама деректер. Осы деректерге байланысты Жер негізгі 3 геосфера-дан тұрады: жер қыртысы, мантия және ядро. Жер бетінің басым көшілігін ( $70,8\%-ын$ ) дүниежүзілік мұхит құрайды. Құрлықтар теңіз деңгейінен орта есеппен 875 м биіктікте орналасқан. Ең биік жері Гималайдары Джомолунгма шыңы (8848 м), ең төмен жері Батыс Азияда – Өлі теңіз жағалауында орналасқан Гхор ойысы (-395 м). Жер беті 6 ірі құрлықтан (Австралия, Антарктида, Африка, Еура-




Жердің ішкі құрылышы



Жердің құрылымы

Күдік



Жер асты суының қимасы

зия, Оңтүстік Америка және Солтүстік Америка) және көптеген аралдар тобынан тұрады. Құрлықтардың басым көшілігі Солтүстік жарты шарда (61%) орналасқан. Жердің «қатты» қабатын (гидросфераны қоса) атмосфера қабаты қоршап жатыр. Ол Жермен бірге айналады және оның құрамы, негізінен, азот (78,08%-ы) пен оттектен (20,95%-ы) тұрады. Жердің Күн жүйесіндегі басқа планеталардан ерекшелігі – мұнда тіршілік бар. Тіршілік Жерде бұдан 3–3,5 млрд жыл бұрын материяның құрделі эволюциялық өзгеруі нәтижесінде пайда болған. Оған Жер бетіндегі физикалық және химиялық жағдайлардың қолайлылығы септігін тигізді. Жердің тірі организмдер мекендейтін қабатын биосфера деп атайды. Биосферада Жердегі биологиялық зат айналымы үздіксіз жүріп тұрады. Жерде екі миллионға жуық өсімдіктер мен жануарлар тұрі бар. Тұр жағынан жануарлар басым болса, биомассасының көлемі бойынша өсімдіктер басым. Жануарлар мен өсімдіктердің ең көп тараған аймағы – жылы әрі ылғалды тропиктік ормандар, ең сирек жері – құрғақ және ыстық тропиктік шөлдер, Арктиканың және Антарктиданың мұз қапсырып жатқан өңірлері.

Жер бетінің 30%-ын ормандар, 20%-та жуығын саванналар мен сирек ормандар, 20%-та жуығын шөлдер мен шөлейттер, 10%-дан астамын мұздықтар және 10%-та жуығын әр түрлі табиғи ландшафттар, қалған 10%-ын жыртылған жерлер мен урбандалған аумақтар алып жатыр. Адамның пайда болуымен байланысты Жерде тіршіліктің саналық формасы (ноосфера) қалыптасты. Нәтижесінде, адамзат табиғаттың барлық құраушылары мен ландшафттарына антропогендік қысым түсіре бастады. Адамның қоршаған ортаға экологиялық, экономикалық, т.б. әсерлері жылдан-жылға үлғайып, жаһандық сипат алуда.

**ЖЕР АСТЫ СУЫ** – жер қыртысын құрайтын тау жыныстарының аралығындағы су. Ол шөгінді және борпылдақ тау жыныстары бөлшектерінің арасын, ұсақ кеуектерін, магмалық және метаморфтық жыныстардың жарықтары мен жіктерін, гипс, доломит, өктас жыныстарындағы карст құыстарын толтырып жатады. Жер асты суы қалыптасу жағдайына, тереңдігіне, арын күшінің мөлшеріне қарай қалқыма су, گрунт суы, қалқыма су – кішігірім болып 3 топқа бөлінеді. Қалқыма су – кішігірім

ойпаттарда, құм-шағылдар арасында жауыншашын немесе тасыған өзен, көл суларының топыраққа сіңуінен уақытша пайда болған, Жер бетіне ең жақын жатқан арынсыз жер асты суы. Грунт суы – Жер бетіне жақын кеуекті, жарықты, карсты сұлы қабаттардағы арынсыз жер асты суы. Мұндай суды ерте заманнан бері құдық қазып, кеңінен пайдаланғандықтан «құдық суы» деп те атайды. Ол Жер бетінен 1–5 м-ден 50–70 м-ге дейінгі тереңдікте кездеседі; өзен, көл, теңіз маңында, сайларда, тау-төбе, қырат бөктерлерінде тұма-бұлақ болып, Жер бетіне еркін шығып та жатады. Жер бетіне біршама таяу жатқан грунт суының деңгейі аяу райының өзгешеліктері мен табиғи өзгерістерге тәуелді болып отырады. Жауыншашын мол жылдары, коктемде қар ерігенде, күзгі көп жауын кезінде бұл судың деңгейі едәуір жоғары көтеріледі, ал құрғақшылық жылдары, қыс пен жаз айларында оның деңгейі төмендеп, тереңдеп кетеді. Су деңгейінің өзгерісіне, жыл маусымдарының ауысуына байланысты бұл сулардың минералдылығы, химиялық құрамы мен температурасы да өзгеріп отырады. Артезиан суы – тереңде (75–100 м-ден астам) жатқан шөгінді (құм, құмтас, өктас) тау жыныстарында шоғырланған арынды жер асты суы. Ол өткізбейтін жыныс қабаттарының арасында жатқандықтан, арын күші едәуір болады, бұргыланған үңғылар арқылы жоғары көтеріліп (кейде шапшып), Жер бетіне шығады. Артезиан суының қоры, минералдылығы, химиялық құрамы, температурасы ұзақ жылдар бойы пайдалану нәтижесінде ғана өзгерістерге үшірайды. Жер асты суының неғізгі қоры өзен, көл, теңіз суларының және



Жер асты суының атқылап шыгуы

қар мен жауын суларының Жерге сіңді нәтижесінде қалыптасады. Құрамындағы түздардың, минералдың мөлшеріне сәйкес жер асты суы түщі (минералдығы 1 г/л-ге дейін), ашқылтым (1–10 г/л), аңы (10–50 г/л) және түзді (50 г/л-ден астам) сулар болып бөлінеді. Қазақстан бойынша жер асты суының (артезиан және грунт суларының) жалпы қоры 7500 млрд. м<sup>3</sup>, ол жылма-жыл 35–40 млрд. м<sup>3</sup> сіңбе сумен толығып отырады. Қазіргі кезде қалалар мен елді мекендерді сумен қамтамасыз ету, мал жайылымдарын суландыру, Жер сугару бағыттарында пайдаланып жүрген жер асты суының мөлшері 3,5–4 млрд. м<sup>3</sup>.

**ЖЕРСІЛКІНУ** – жер асты дүмпөі күштерінің өсерінен Жердің беткі қыртысының тербелуі. Жерсілкінуді сейсмология ғылымы зерттейді. Оның туындауына және дамуына байланысты құбылыстарды сейсмикалық құбылыстар деп атайды. Жерсілкіну жанартаулық, дenuдациялық және тектоникалық болып бөлінеді. Жанартаулық жерсілкіну қазіргі жанартаулар әрекет ететін аудандарда дамыған. Denudациялық жерсілкіну таулы аудандардағы тау жынысы массаларының шатқалдарға құлауынан, жер асты құыстары мен карст үңгірлерінің опырылуынан және ірі жылжымалардың ықпалынан туындайды. Тектоникалық жерсілкіну литосфераның жекелеген блоктары



Жерсілкіну кезіндегі жер қыртысының жарылуы

өзара қозғалысқа келгенде, Жер қойнауында үзақ уақыт бойы жинақталған механикалық энергияның қысқа мерзімде шұғыл босанып шыгуына байланысты болады. Мұндай жерсілкіну – Жер қыртысында ұзынынан созылған жарылымдар жасайды. Жер қыртысында немесе мантияның жоғары бөлігіндегі тау жыныстарының лездік қозғалысқа келуінен жер асты соққысы туындаған орынды жерсілкіну ошағы, ошақтың тереңдіктегі орнын гипоцентр, Жер бетіндегі проекциясында орналасқан ауданды эпицентр деп атайды. Жерсілкіну Жер қойнауындағы орналасу тереңдігіне қарай: Жер бетіне жақын (тереңдігі 10 км-ге дейін), орташа немесе қалыпты тереңдіктегі (10–60 км), аралық (60–300 км) және терең фокусты (300 км-ден терең) болып жіктеледі. Жерсілкіну гипоцентрі теңіз бен мұхиттардың астында да орналасады. Оларды теңіз сілкінуі деп атайды. Бұл құбылыстардың нәтижесінде цунами пайда болады. Жерсілкіну ұзақтығы бірнеше секундтан бірнеше айға (кейде жылға) дейін созылады. Механикалық кернеу күшінің біртінде шыгуына байланысты, жер асты дұмпулері қайталанып отырады. Әдетте, алғашқы



Қытайдағы жерсілкіну кезінде қираган үйлер. 2008 ж.

күшті дүмпуден кейін, әлсіз дүмпулер тізбегі жалғасады. Оларды афтершоктар деп, ал дүмпу білінген уақыттың барлығын жерсілкінде кезеңі деп атайды. Афтершоктар негізгі дүмпуден соң 3–4 жыл бойы жалғасуы мүмкін. Мысалы, 1887 ж. Алматыдағы (Верный) жерсілкінде 600 дүмпу болғаны тіркелген. Жерсілкінде орташа есеппен  $1 \cdot 10^{24}$  –  $1 \cdot 10^{25}$  эрг энергия бөлінеді. Мысалы, Ашгабадта болған жерсілкінудің энергиясы –  $10^{23}$  эрг. Жерсілкінде үлкен апаттарға әкелетіндіктен оның қай жерде, қашан және күші қандай болатынын болжау өте маңызды мәселе. Жерсілкінде, өте сезгіш аспаптар – сейсмографтармен жабдықталған сейсминалық стансаларда зерттеледі.

**ЖЕТИ ЖАРҒЫ** – Тәуке хан (1678–1718) тұсында қабылданған қазақ халқының дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдарының жинағы. 17-ғасырда қазақ хандығының ыдырау қаупінің тууына байланысты Тәуке хан елдің ауызбірлігін артыратын шаралар қарастырып, хандық билікті нығайтуға күш салады. Қазақ қоғамының дамуы мықты билік пен бірлікті қамтамасыз ете алатын жаңа заңдар жүйесін қажет етті. Осы ретте Тәуке хан бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдары мен өзінен бұрынғы хандардың тұсында қабылданған «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» одан әрі жетілдіру арқылы жаңа заң жүйесін жасауға тырысты. Үш жүздің игі жақсылары мен билерін жинап, «Тәуке ханның Жеті жарғысы» деген атауга ие болған заңдар жиынтығын қабылдады. Жаңа заң жүйесі қазақ халқының өмірлік мәселелерін барлық жағынан қамтыды, соның нәтижесінде оның көптеген жол-жобалары мен қағидалары 20-ға-

сырдың басына дейін қолданылып келді. Жеті жарғы, қазақтың ұлттық шешендік өнеріне сай, негізінен, афоризмдерден, мақал-мәтелдерден, қанатты сөздерден құралған. Онда жер дауы, отбасы және неке заңы, қылмыс пен құн дауына, ұрлық-қарлық, тонаушылыққа және күәлік ету мен ант беру рәсімдеріне орай қалыптасып, тұжырымдалған қазақтың ұлттық әдеп-ғұрып заңдары көрініс тапқан.

**ЖЕТИСУ** – тарихи-географиялық аймақ. Балқаш пен Алакөл, Жетису (Жонғар) Алатауы және Солтүстік Тянь-Шань жоталарымен шектеседі. Жетису атын құрайтын жеті өзен туралы түрліше пікірлер бар. Археологтар, тарихшылар мен географтар Жетисуды Солтүстік-шығыс Жетису (Балқаш пен Алакөлден Шу-Іле су айрығына дейінгі жерлер) және Оңтүстік-батыс Жетису (Шу және Талас алқабы) деп екіге бөледі. Жетисудың оңтүстік-шығыс бөлігінің тау бектерлерінде (600–1200 м биіктікте) ауа райы ылғалды, қоңыр салқын және ауыспалы, топырағы құнарлы. Онда суармалы егіншілікке пайдаланылатын көп-



Шыршалы орман




«Киіз үй ішінде». Суретші С.И.Борисов



Іле өзенінің орта ағысындағы құмды алқап

теген тау өзендері бар. Жемісті ағаштар мен жапырақты ағаштар, ал одан жоғарыда шырша ормандары өседі. Бұл өңір мал жайылымына қажетті көкорай жемісті ағаштар мен шалғындарға бай.

**ЖИРАФ**, к е р і к – жұп түяқты, күйіс қайыратын жануардың бір түкімдасы. Орталық, Шығыс Африканың оңтүстік аймағындағы бұталы, сирек орманды, жазық далалы жерлерін мекендейді. Жирафтың екі туысы (жираф және окапи), ал олардың бір-бірден түрі бар. Қәдімгі жирафтың – денесінің ұзындығы 2 м-ден асады, шоқтығына дейінгі биіктігі 3 м-дей, жерден басының төбесіне дейін 5–6 м-дей. Салмағы 500–1000 кг-дай болады. Басы аса үлкен емес, мойны өте ұзын, бірақ мойын омыртқасының саны – жетеу. Жалпы түсі ашық сары, қара қошқыл дақтары болады. 10–12-ден (кейде 50–60-тан) топтанып жүріп, күндіз жайылады. Негізінен, акацияның бұтақтарымен, жапырақтарымен қоректенеді. Жираф жалқы төл туады, оны 6 айдай еміздеді. Еті тағам, терісі түрлі бүйім жасауга пайдаланылады. Қазіргі кезде жирафттар, негізінен, ұлттық саябақтарда кездеседі, қолда көбейе береді. Жирафтың жаулары жыртқыш андар, есіреле арыстан.



Жираф

**ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН** – Қазақ хандығын құрған Жәнібек хан (15–16-ғасырлар) тұсында өмір сүрген атақты шешен. Жиренше шешен есімі ақыл, парасаттың ұлгісі ретінде қазақ ауыз әдебиетінен берік орын алған. Халық ақыздары бойынша, ол кедей адам болған. Дербес Қазақ хандығын құруда ханға көмектескен, оған пайдалы кеңестер айтып, халық бұқарасының атынан сөйлеген. Оның атынан айтылып, халық жадында сақталған ақыз-әңгімелер мен шешендік сөздер көп. Олардың көпшілігі 15–16-ғасырлардан басталатын халық шығармасына немесе әлденеше адамның бірнеше буынды ондеп, өзгертуінен өткен ортақ мұраға айналып кеткен. Жиренше шешен туралы ақыздарда оның өйелі Қарашаш та ақылды өрі тапқыр жан ретінде суреттеледі. Басқа түркі тілдес халықтар фольклорында да Жиренше шешен туралы ертегі, ақыз, әңгімелер кездеседі.

**ЖОЛБАРЫС** – сүтқоректілер класының мысықтар түкімдасына жататын ірі жыртқыш аң. Қазіргі кезде Ресейдің Қызыр шығысында, Үндістан түбекінде, Қытайда, Ява, Суматра аралдарындаған кездеседі. 20-ғасырдың 50-жылдарына дейін Тұран жолбарысы Қазақстанда Сырдарияның төменгі ағысындағы қалың қамысты, тогайларды мекендеген; осы өңірде соңғы жолбарыс 1933 ж., ал Балқаш жағалауында 1948 ж. атылған. Тұрқы 160–290 см (ен ірілері 3 м-ден асады), құйрығының ұзындығы 110–120 см-дей, салмағы 200–220 кг (кейде 300 кг-нан артық). Жолбарыс 2–3 күшік туады, оларды 5–6 ай еміздеді. Табиғи жағдайда 40–50 жылдай тіршілік етеді. Дүние



Жолбарыс

жүзінде жолбарыстың саны жылдан жылға азауда. Мысалы, қазір олардың жалпы саны 5 мыңнан аспайды. Сондықтан жолбарыстың барлық түрі қорғауға алынып, Халықаралық табигат қорғау одағының «Қызыл кітабына» енгізілген. Жолбарысты қазақ халқы ежелден күштіліктің символы санаған.

**ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ** – көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуі мен жаяу жүрушіге маңайдағы жол жағдайы жөнінде ақпарат беру мақсатында көше мен жол бойына қойылатын арнайы белгілер. Жол белгілерінің бекітілген суреті мен техникалық сипаттамалары «Жол белгілері мен сигналдары туралы» Конвенция (Вена, 1968) мен осы Конвенцияны толықтыратын Еуропа елдері келісімі (Женева, 1971) талаптарына сәйкес жасалады. 1998 жылға дейін Қазақстанда 1987 ж. КСРО-да қабылданған жолда жұру ережелері қолданылды. 1998 жылдан республикада жолда жүрудің жаңа Ережелері қабылданған. Осы ережелерге сай жол белгілері мемлекеттік стандарттар негізінде анықталады. Бұл стандарттар бойынша, жол белгілері 7 топқа бөлінеді: ескерту белгілері, басымдылық белгілері, тыйым салу белгілері, міндеттеу белгілері, ақпараттық-көрсет-

#### Ақпараттық-көрсеткіш белгілері



#### Қызмет көрсету белгілері



#### Ескерту белгілері



#### Басымдылық белгілері



#### Міндеттеу белгілері



кіш белгілері, қызмет көрсету белгілері, қосымша ақпараттық белгілер (тақташалар).

**ЖОНГАР ШАПҚЫНШЫЛЫФЫ**, ж о н г а р - қ а з а қ с оғы с т а р ы – Қазақ хандығы құрылған кезден бастап, 18-ғасырдың 50-жылдарына дейін созылған шапқыншылықтар. 15-ғасырдың 50-жылдары ойраттардың қалмақ тайпасының билеушісі Үз-Темір тайшы Түркістанды, Ташкентті басып алды. 16-ғасырда ойраттардың шабуылдары жиілей түсті. 16-ғасырдың екінші жартысында Ақназар хан түсында қазақ әскери ойраттарға тойтарыс беріп, үлкен жеңістерге қол жеткізді. Тәуекел хан билік еткен тұста да қазақ жасақтары жау әскеріне қарсы құйрете соққы берген. 1594 жылдың басында Мәскеуде болған Тәуекел ханның елшісі Құлмұхаммед ханның інісі Шах-Мұхамедтің қалмақтарды билейтінін айтқан. Жоңгар хандығын құрған Батыр қонтайшы 1635, 1643–44 және 1651–52 жылдары қазақ жеріне басып кірді. 1643 ж. Батыр қонтайшының туы астында елу мың жоңгар әскери Жәңгір хан (Салқам Жәңгір) бастаған қазақ жасағына қарсы ірі жорық үйимдастырды. Жәңгір хан бастаған 600 ғана қазақ әскери (кейбір зерттеушілер, бұл мылтықпен қаруланған сарбаздар саны, ал қазақ әскерлері бұ-

дан өлдекайда көп болған деп есептейді) қорғаныс үйымдастырып, жедел көмекке келген Жалаңтөс баһадүр сарбаздарымен тізе қосып, жау шабуылын тойтарды. 1681–84 ж. қалмақ қонтайшысы Севан Рабдан қазақ жеріне басып кірді. Қазақ ханы Тәуке женеліске ұшырап, ойраттар Сайран қаласын талан-таражга салды.

1690–97 ж. болған ойрат-қытай соғыстары Жоңғар хандығы өскерлерінің бір бөлігін оңтүстік майданға кетуге мәжбүр етіп, олардың қазақ жеріне шабуылдарының қарқынын біршама бәсендettі. Осыны пайдаланып Тәуке хан 1698 ж. ойраттарға да, Еділ қалмақтарына да күйрете соққы берді. 1708 ж. жоңғарлардың жаңа шабуылы басталды. 1710 ж. Үш жүздің басын қосқан Қарақұм жиыны өтіп, 1711–12 ж. Қазақ хандығының елу мың өскери Жоңғар хандығына басып кірді. 1722 ж. Цин императоры Кансидің өлімінен соң Севан Рабдан енді басты күшті Қазақ хандығына багыттады. 1723 ж. Севан Рабданның жүз мың адамдық жасағын бастаған оның балалары Қалдан Серен мен Шоно қазақ ауылдарына басып кіріп, ойран салды. Мұндай қанды жорықтар 1723–27 ж. аралығында тағы да бірнеше рет қайталанды. Бұл тарихта «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен қалған ел басына күн туған ауыр кезең еді. Жоңғар шапқыншылығы қазақтар мен оған

көршілес жатқан Орта Азия халықтарының шаруашылығына ауыр зардаптарын тигізді. 1726 ж. Ордабасыда өткен жиында Әбілқайыр хан бас қолбасшылықта тағайындалып, үш жүз жасақтары 1728 жылдан бастап жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық құресін бастады. 1738–41 ж. қолбасшы Сары Манжаның отызы мыңдық өскерінің шабуылы – ойраттардың қазақ жеріне жасаған соңғы ірі шапқыншылықтарының бірі. 1745 ж. Қалдан Серен қайтыс болғаннан кейін Жоңғариядағы билік үшін өзара тартыс олардың саяси жағдайын әлсіретіп жіберді. Осыны пайдаланған Абылай хан басқарған қазақ өскерлері жоңғарларға шешуші соққылар беріп, Жетісу мен Шығыс Қазақстанды қайтарып алды. 1755–58 ж. жоңғарлар Цин өскерлөрінің шабуылынан кейін тас-талқан етіліп, дербес ел ретінде өмір сүруін тоқтатты. Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін 1757–58 ж. Қазақ хандығы өзінің жаңа көршісі Цин империясымен соғыс жағдайында болып, кейіннен бітімге келді. Қытайлар Жоңғарияны толық жаулап алды, ал қазақтар өздерінің ежелгі ата мекені Жетісу, Тарбағатай, Алтай өңірлерін иеленіп, шығыстағы шекарасын бекітті. 1771 ж. батыста бөлініп қалған қалмақтар да Еділ-Жайық арасындағы қоныстарын тастав, қазақ жері арқылы Жоңғарияға ауды. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте Сәмеке, Әбілмәмбет, Әбілқайыр сынды хандар, Абылай хан бастаған Қабанбай, Бөгембай, Баян, Наурызбай, Саурық, Бөлек, Малайсары, Шақантай, Жауғаш, Сәмен, Өтеген, Райымбек, т.б. батырлар біліктілігімен танылған тарихи тұлғалар ретінде ел жадында қалды.



Жоңғар шапқыншылығына қарсы құрескен қазақ батырларына қойылған ескерткіш. Алматы облысы

**ЖУРНАЛ** – мерзімді басылым, бұқаралық ақпарат құралдарының бір түрі. Журнал (французша *journal*) газетпен салыстырганда оқиғаларды кең көлемде баяндаپ, деректерге тереңірек талдау жасайды, өзінің ұстанған көркемдік бағытына орай қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал етеді. Мазмұны жағынан қоғамдық-саяси журнал, әдеби-көркем журнал, спорттық журнал, сатирик журнал, өндірістік-техникалық журнал, ғылыми-көпшілік журнал, т.б. болып бөлінеді.

Дүние жүзіндегі тұңғыш журнал Францияда 1665 ж. бесінші қаңтарда «Журнал де Саван» деген атпен жарық көрді. Қазақ тіліндегі алғашқы журнал – «Айқап» 1911–15 ж. аралығында жарық көрді. Кейіннен «Садақ» (1917,

татарша-қазақша), «Айна» (1918), «Мұғалім» (1919), «Қызыл Қазақстан» (1921–29, қазіргі «Ақиқат»), «Шолпан» (1921–24), «Әйел тен-дігі» (1925 – 34, кейіннен «Қазақстан әйелдері»), «Жаңа мектеп» (1925–33, қазіргі «Қазақстан мектебі»), «Жаңа өдебиет» (1928–32, қазіргі «Жұлдыз»), т.б. журналдар жарық көрді.

**ЖУСАН** – күрделігүлділер тұқымдастына жататын көп жылдық, кейде бір не екі жылдық шөптесін өсімдіктер, шала бұта. Қазақстанның барлық жерінде – шөл-шөлейтті дала, таулы жерлерде өсетін 81 түрі бар. Жусанның биіктігі 10–60 см, кейде 1,5–2 м-дей болады. Сабагы тік немесе жерге жайылып өседі. Жапырағы кезектесіп орналасқан, қауырсын төрізді, шеті тілімденген, кейде бүтін жиекті. Ұсақ гүлі қос жынысты, сары түсті, себеттері көп, әбден піскен кезде шашыраңқы



Жусан түрлері: 1-Дәрмене жусаны, 2-Аңы жусан


иіліп келген сыпыртқы гүлшоғырын құрайды. Шілдеден қыркүйекке дейін гүлдейді. Жемісі – тұқымша. Жусанның 17 түрі – сирек кездесетін эндемик түрге жатады, ал Қазақстанда ғана өсетін бір түрі – дәрмененің дәрілік шөп ретінде ерекше мәні бар. Шырғалжын жусанның жапырағы мен сабагын жеуге болады, құм жусаны құм тоқтату үшін пайдаланылады. Арасында улы түрі (таврий жусаны) де кездеседі, оны мал жемейді. Жусан – құнарлы мал азығы, дәрілік, бояуыш, тағамдық, витаминді, эфир майлы өсімдік. Жусанды қолдан (мысалы, тамыржусан) да өсіреді.

**ЖҰЛДЫЗ** – өте күшті қызған газдан тұратын, өзінен жарық шығаратын және табиғаты



Шоқжұлдыздар

жағынан Күнге үқсас аспан денелері. Күн Жерге жақын болғандықтан ғана үлкен болып қорінеді. Күннен Жерге дейінгі аралықты жарық  $8\frac{1}{3}$  мин, ал ең жақын Центаврдағы жұлдызына дейінгі аралықты 4 жыл 3 айда жүріп өтеді. Жұлдыздар Жерден өте қашық орналасқандықтан, телес-коппен қарағаннан өзінде де нүктедей ғана болып қорінеді. Айсыз түнде жай көзben қарағанда 5 мыңға жуық жұлдызды, ал күшті телескоп арқылы миллиардтаған жұлдызды көруге болады. Ерте заманың өзінде-ақ адамдар жұлдызды аспанды шоқжұлдыздарға бөлген. Қазіргі кезде 88 шоқжұлдыз бар. Көп уақытқа дейін жұлдыздар орнынан қозғалмайды деп есептелген. Аристотель заманынан (біздің заманымыздан бұрынғы 4-ғасыр) бастап, көптеген ғасырлар бойы жұлдызды аспан мәңгілік және өзгермейтін хрусталь сфера төрізді, оның сыртында құдайлар өмір сүреді деп жорамалданды. 16-ғасырдың соңында Джордано Бруно жұл-



«Күс жолы»

дыздар да Күн сияқты аспан денелері деген пікір айтты. 1596 ж. алғаш рет айнымалы жұлдыз (неміс астрономы Йоханнес Фабрициус), ал 1650 ж. алғаш рет қос айнымалы жұлдыз (италиялық ғалым Джованни Риччоли) ашылды. 1835–39 ж. орыс астрономы Василий Струве, неміс астрономы Фридрих Бессель және ағылшын астрономы Т.Гендерсон алғаш рет ең жақын үш жұлдызға дейінгі қашықтықты анықтады. 19-ғасырдың 60-жылдары жұлдыздарды зерттеу үшін спектроскоп, ал 1880 жылдан фотография пайдаланыла бастады. 20-ғасырдың басында, әсіресе 1920 жылдан кейін, жұлдыз жөніндегі ғылыми қозқараста төңкеріс болды. Жұлдыз физикалық деңе ретінде қарастырылып, оның құрылышы мен құрамындағы заттардың тепе-тендік шарттары, энергия көздері зерттеле бастады. Бұл төңкөріс, әрине атомдық физиканың жетістіктерімен тығыз байланысты еді. 20-ғасырдың орта шеңінде ЭЕМ-ді қолдануға байланысты жұлдыздарды зерттеу мәселесі одан әрі тереңдей түсті.

Жұлдыздардың негізгі сипаттамалары – олардың массасы, радиусы және жарқырауы. Бұл шамалар, көбінесе Күннің массасы, радиусы және жарқырауының үлестерімен өрнектеледі. Жұлдыздар әлемі өте әр алуан. Кейір жұлдыздар Күннен мың есе үлкен (көлемі бойынша) әрі жарығырақ болып келсе (алып жұлдыздар), ал кейбіреуінің мөлшері мен шығаратын сөүлесінің энергиясы Күннен әлдеқайда аз болып (ергежайлі жұлдыздар) келеді. Жұлдыздардың жарқырауы да түрліше болады. Алтын Балықтың S жұлдызы Күннен 400 мың есе артық жарқырайды. Жұлдыздардың сиретілген газдардан, сондай-ақ өте тығыз газдардан (ақ ергежайлілер) құралған түрлөрі де болады. Жалтырауы периодты түрде өзгеріп отыратын жұлдыздар айнымалы жұлдыздар деп аталады. Жаңа жұлдыздардың жалтырауы кепнеттен өзгеретіндіктен, оларда әр түрлі құбылыстар жүретіндігі байқалады. Галактикаларды зерттеу нәтижесінде жұлдыздардың жұлдыздар шоғырларына, жұлдыздар қауымдастықтарына, т.б. түзілімдерге топталатындығы анықталды. Әдеттегі жұлдыздың температурасы оның беткі қабатында бірнеше мың градусқа, ал центрінде ондаған миллион градусқа жетеді. Жұлдыз энергиясының негізгі көзі – термоядролық реакциялар. Мұнда женіл ядролардан негұрлым ауыр ядролар пайда болады. Көп жағдайда сутек гелийге айналады.

**ЖҰМАБАЕВ Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы** – Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Жұмабаев 1893 ж. дүниеге келген. Әкесі Бекен саудамен айналысқан дәулетті адам болған. Мағжан ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905–10 ж. Қызылжардағы (Петропавл) №1 мешіт жанынан ашылған медреседе оқыды. 1910–13 ж. Уфадағы «Фалия» медресесінде білім алды. Онда татар жазушысы Фалымжан Ибрағимовтөн дәріс алып, белгілі қайраткер Сәлімгерей Жантөрінмен тығыз қарым-қатынас орнатады, болашақ көрнекті жазушы Бейімбет Майлинмен танысады. Ибрағимовтың көмегімен 1912 ж. Қазандагы Қарімовтер баспасында «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы базылып шығады. «Садақ» журналын шығаруға қатысады, оған өзінің өлеңдерін жариялайды. 1913–16 ж. Омбы мұғалімдер семинариясын-



Солтустік Қазақстан облысы Сарытомар ауылындағы М.Жұмабаев ескерткіші

да оқыды. «Бірлік» үйімі жұмысына белсene араласып, «Балапан» қолжазба журналын шығаруға қатысады. Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов секілді алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып, «Қазақ» газетіне өз өлеңдерін жариялады. 1923–27 ж. Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркем-өнер институтында оқиды. Онда орыс әдебиетін, Батыс Еуропа әдебиетін терең оқып, орыс мәдениет қайраткерлерімен жете танысады, көшшілігімен достық қарым-қатынаста болады. Мәскеуде оқып жүргенде оның шығармалары орынсыз сынға ұшырады. Осыдан көнілі жабырқаған ақын «Сәлем хат» деген өлең жазады. Ол 1927–29 ж. Бурабайда, одан соң Қызылжарда оқытушылық қызметтер атқарады. 1929 ж. жасырын үйім құрған деген айыппаулармен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалып, он жыл айдауға кесіледі. 1936 ж. Максим Горький мен Екатерина Пешкованың араласуымен бостандық алғып, Қазақстанға қайтады. Петропавлда мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабак беретін мұғалім болып жұмыс істейді. Көп ұзамай қалалық оқу ісінің менгерушісі оны саяси себептерге байланысты деген айыппен мұғалімдік қызметтен босатады. 1937 ж. наурызда ақын Мағжан Жұмабаев Алматыға келіп, аударма ісімен айналысады. 1938 ж. қайтадан қамауға алғынып, ату жазасына кесілді. Ақын тұңғыш өлеңінен бастап әлеуметтік тақырыпқа ден қойып, ағартушылық, ұлт-азаттық, демократияшыл бағытты ұстанды. Абай поэзиясының өшпес маңыздылығын бірден танып, оны «хакім» деп атады. Батыс пен Шығыстың рухани қазынасын сабактастыру негізінде қазақ поэзиясын тақырып, түр мен мазмұн жағынан байытты.

Алматы және Петропавл қалаларында бір-бір көшеге Жұмабаев есімі берілді. Петропавлда және ақынның туған ауылы Сарытомарда ескерткіш қойылған. Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Булаев ауданы қазір Мағжан Жұмабаев ауданы (2000) болып аталады.


**ЖҰТ** – ауа райының аса қолайсыз құбылыстары (қуаңшылық, жерді көк мұз басуы, т.б.) салдарынан белгілі бір аймақ түрғындағының экономикалық құйзеліске ұшырауы. 19-ғасырда қазақ даласында 20 ірі жұт тіркелген. Олардың ішінде ең ірі – 1879/80 ж. өткен «ұлы қоян жұты» (қоян жылы болған жұт) кесірінен қазақ даласындағы малдың



«Жұт». Суретші Л.Ильин

жартысына жуығы шығынға ұшыраған. Жұт жылдары халық көптеген ауруларға шалдыққан. Бұл жағдайды ескерген ел ақсақалдары қыс кезінде малға беретін шөп, пішен қорын жазда жинақтау ісін үйімдастырыған. Дөнбек сүйреткімен қар мен мұзды аршып, малды тебінге шығарған. Дәстүрлі қазақ қогамында табиғаттың тосын құбылыстарынан, қуаңшылықтан құтқару үшін тасаттық берілғен, жауын шақырған, су іздел жаңа қонысқа көшкен.

**ЖҮГЕРІ**, м а и с – астық тұқымдастына жаттын бір жылдық шөптесін өсімдік. Алғаш Орталық және Оңтүстік Америкада таралған. Мексикада біздің заманыздан бұрынғы 5200 ж. шамасында ертедегі майя мен ацтектер өсірген. Дәнінің құрылышына қарай үлпекті, кремнийлі, тіс тәрізді (сүйір дәнді), крахмалды, қантты, крахмалды-қантты, бадынақ (жарылғыш), балауыз түстес, жұқа қабықты жүгери



Жүгери: 1-аталық гүл шогыры, 2-собығы

түрлеріне бөлінеді. Қазақстанда 15 сорты аудандастырылған. Сабағы тік, биіктігі 0,5–6 м, кейде бұдан да биік, жуандығы 2–7 см. Жапырағы жалпақ, таспа тәрізді, сабақтың өрбір буыннын бір-бірден екі жағына жайыла өседі. Дара жынысты, бір үйлі, айқас тозаңданады. Аталық гүл шоғыры (шашақ) сабағының үшінда, аналық гүл шоғыры (собық) жапырақ қолтығында орналасқан. Жемісі – дәнек. Собығында 500–1000 дән болады. Дәнінің құрамында 1,3 азық өлшемі, 65–70% крахмал, 7–12% белок, 3–6% май бар. Жүгері сүрлемі – мал үшін құнтарлы азық. Жүгері – жылу және жарық сүйгіш, құргақшылыққа тәзімді жаздық дақыл. Өсіп-өну кезеңі 100–180 күн. Жүгері дәнінен жарма, үн, крахмал даярланады, спирт, сыра, қант, глюкоза, т.б. дайындау үшін пайдаланады.

**ЖҰЗ** – Қазақ хандығының аймақтық-әкімшілік бөлігі ретінде қалыптасқан тайпалық-рулық бірлестіктер (Ұлы жұз, Орта жұз, Кіші жұз). Алтын орда, Қек орда, Моголстан сынды мемлекеттердің ұйытқысы болған туысқан тайпалардың көпшілігі Қазақ хандығы құрылған соң оның туы астына топтасты. Кейбір зерттеушілер (Мұхтар Мағауин, т.б.) Жұз ұғымы Ақназар хан түсында қалыптасқан деп есептейді. Ал енді бір зерттеушілер, Жұз ұғымы қазақ халқының қалыптасуынан бұрын пайда болған, кейін Қазақ хандығы да сол бөліністі сақтап, оны мемлекеттің оңтайлы аймақтық-әкімшілік құрылымы ретінде пайдаланған деген пікірде. Қалай болғанда да, жұздік құрылым ұзақ уақыт бойы кең-байтақ аймақты басқарудың, сырттан қатер төнгенде шұғыл жасақ жинап, қорғаныс үйимдастырудың тиімді тетігі болып келді. Тәуке ханның өзі билік




Астанадағы үш жұздің билеріне қойылған ескерткіш

құрған кезеңде Жұздік құрылымды қүшейтіп, жергілікті билік пен орталық биліктің арақатынасын нақтылы айқындауы осында жағдайға байланысты еді. Жұздік бөлініс ежелден қонысы, шаруашылығы, тіпті, тектік-туыстық қарым-қатынастары бір-біріне жақын тайпалар мен рулардың топтастырылуы негізінде құрылды.

Қазақ хандығы кезеңде Жұздік құрылым қазақ халқының біртұастығына сыват түсіре алған жоқ. Қерісінше, халықтың топтасуына, бірігуіне, бірлігінің нығаюына ықпал етті. Қазақ тілінде ешқандай диалектінің болмауы, барлық аймақтағы адамдардың қан құрамының бірегейлігі, дұниетанымның, ділдің, діни және әдет-ғұрыптық сенімдердің, адамгершілік құндылықтардың бірдейлігі, т.б. осының айғағы.

**ЖҮЙКЕ** – жүйке талшықтарынан құралған тіндер шоғырлары. Жүйке, нерв (латынша nervus, ал грекше neuron – сіңір, желі) – мимен жүйке түйіндерін дененің басқа органдарымен және тіндерімен байланыстырады. Жүйке талшықтары дендрит (жүйке клеткасының қысқа тармақты өсіндісі) және аксоннан немесе нейриттен (жүйке импульстерін жүйке барының басқа мүшелер мен жүйке клеткаларына жеткізетін өсінді) тұрады. Әр жүйкенің өзіне




Жүйке клеткасының құрылымы

тән сезімталдық, қозғалтқыш, соматикалық, симпатикалық қасиеттері болады. Жүйке дәнекер тінді қабықпен қапталған. Әр жүйке талшығының қабығы – эндоневрий, желі қабығы – периневрий, ал жүйкенің бүтіндегі қабығы – эпиневрий деп аталады. Бір-біріне жақын орналасқан жүйкелердің талшықтары ұштасып, араласып, тор тәрізді түтік түзеді. Талшықтарының санына қарағанда ең көп талшықтысы – көру жүйкесі. Адамда оның саны – бір миллионнан асады.

**Жүйке жүйесі** – адам мен жануарлар организміндегі органдар мен жүйелер әрекетін біріктіретін және олардың сыртқы ортамен үздіксіз қарым-қатынасын қамтамасыз ететін жүйке тіні мен глияның жиынтығы. Глия, не нейроглия – жүйке клеткаларының, олардың өсінділерінің тіні. Глия жүйке жүйесіне қорғаныш қызметін атқарады әрі жүйке импульстерін өткізеді. Жүйке жүйесі ішкі және сыртқы тітіркендіргіштер өсерін қабылдаپ, талдайды. Жүйке жүйесі сырттан келген ақпаратты өндеп қана қоймай, өзіндік белсенділігін де (ақылес механизмі) сақтайды. Организм қызметін реттеп үйлестіріп отыратын аса қозғыш және қозуды тез өткізетін өсінділері бар жүйке клеткасы нейрон деп аталады. Жүйке жүйесінің ең жоғары сатыдағы дамыған түрі адамдарда болады.

**ЖҮРЕК** – адам мен жануарлардың қан айналу жүйесінің орталық органы. Ол қанды артерия жүйесіне айдайды және оның веналарға қайтып оралуын қамтамасыз етеді. Омыртқасыз жануарлардың кейбір түрлерінде (буылтық құрттарда, моллюскілерде, буынаяқтыларда) жүрек арқа жағында орналасқан, бір қарынша және бірнеше жүрекшелерден тұрады. Барлық омыртқалы жануарларда және адамда жүрек дененің кеуде қуысында орналасқан. Адамның жүрегі, негізінен, кеуде қуысының сол жағын ала орналасады, оның  $\frac{2}{3}$  бөлігі кеуде қуысының сол жағында, ал  $\frac{1}{2}$  бөлігі кеуде қуысының он жағында орналасады. Өте сирек жағдайда жүректің ауытқып орналасуы да кездеседі. Адам жүрегінің пішіні конусқа ұқсас, оның он жақ жалпақтау келген бөлігі – негізі, ал сол жақтағы сүйір бөлігі ұшы деп аталады. Жүректің ұшы сол жақтағы 5-жұп қабырғаның шеміршекті шетіне сәйкес келеді. Жүректің сыртындағы дәнекер үлпадан тұратын қабын – үлпершек (перикард) деп атайды. Жү-



Адам жүрегінің ішкі құрылышы: 1-қолқа дөгасы; 2-окпе артериясы; 3-окпе венасы; 4-сол жақ жүрекше; 5-кос жақтаулы (митральді) қақпақша; 6-сол жақ қарыншаның емізік тәрізді бүлшық еті; 7-ортанғы қалың бүлшық ет қабаты (миокард); 8-жүрек ұшы; 9-сиртқы жүқа қабаты (эндокард); 10-он жақ қарыншаның емізік тәрізді бүлшық ет қабаты; 11-ішкі жүқа қабаты (эндокард); 12-шілжақтаулы қақпақша; 13-он жақ жүрекше; 14-он жақ жүрекшениң бүлшық ет қабаты; 15-жогарғы құыс венасы; 16-қолқа; 17-сол жақ үйқы артериясы; 18-сол жақ бұгана асты артериясы

рек үлпершектің ішінде бос жатқандықтан, еркін жиырылып босаңсиды.

Ересек адамдарда жүректің салмағы 250–330 граммдай, ұзындығы 10–15 см, көлдененең 8–11 см, қалындығы 6–8,5 см. Шамамен жүректің үлкендігі әр адамның өзінің жұмған жұддырығында болады. Жүректің қызметі жүрекше бүлшық еті мен қарынша бүлшық етінің белгілі бір ыргақпен кезектесе жиырылуы (система) және босаңсуы (диастола) арқылы атқарылады. Ересек адамның жүрегі минутына 72–75 рет соғады. Жүректің жұмысы қанмен бірге келетін гормондар арқылы, сондай-ақ өзіндегі шеткі жүйке жүйесі арқылы реттелін отырады.

**ЖУСІП БАЛАСАҒҮН, Жүсіп Хас Хажиб Баласагұни** – ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері. Өмірі туралы мәліметтер аз сақталған: шамамен 1020 ж. Жетису өңірі, Баласагұн қаласында дүниеге



Кыргыз Республикасының үлттык ақшасындагы Жүсіп Баласағұн бейнесі

келген, қайтыс болған жылы белгісіз. Жүсіп Баласағұнның есімі өлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында «Құтты білік» («Құтты білік») дастаны арқылы қалды. Жүсін Баласағұн бұл дастанын хижра есебімен 462 ж., қазіргі жыл санау бойынша 1070 ж. жазып бітірген. Дастаның бізге жеткен үш көшірме нұсқасы бар. Бірінші, Герат қаласында 1439 ж. көне үйғыр жазуымен (қазір ол Венадағы Корольдік кітапханада), екінші, 14-ғасырдың алғашқы жартысында Египетте араб әрпімен (Каирдың Кедивен кітапханасы қорында) көшірілген. Ал Наманғаннан табылған үшінші нұсқасы 12-ғасырда араб әрпімен қағазға түсірілген. Бұл қолжазба Ташкенттегі Шығыстану институтының қорында сақтаулы тұр.

«Құтты білік» дастаны 6520 бейітten (екі жолдық өлең) тұрады. Дастанда 13040 өлең жолы бар. Соның бәрі 85 тарауға бөлініп берілген. Дастаның кіріспесі қара сөзбен, ал негізгі бөлімдері аruz өлең өлшемінің ықшамдалған мутакаріб деп аталатын түрімен жазылған. «Құтты білік» дастанының сюжеттік желісі негізінен шығарманың бас қаһармандарының өзара әңгімесінен, сұрақ-жауаптарынан, бір-біріне жазған хаттарынан тұрады. Дастаның әдеби, тілдік, тарихи тұрғыдан ғылыми мәні ерекше. Бұл дастан бертін келе қазақ халқының этникалық құрамын қалыптастырған ру-тайпалардың ортағасырлардағы тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін, әдет-ғұрпын, сөз өнерін, тілін, т.б. зерттеп білу үшін аса қажетті, құнды мұра болып табылады.

**ЖЫЛАН** – бауырымен жорғалаушылар класы қабыршақтылар отрядының бір тармағы. Денесі жұмыр, ұзын (ұзындығы 8 см-ден 12 м-ге дейін жетеді). Денесін мүйізді қалқан-



Кобра

шалар мен қабыршақтар, арқасы мен бүйірлерін ұзына бойы қатарласа орналасқан, ромбы тәрізді қабыршақтар жапқан. Бауыры көлденең жатқан ірі қалқаншалармен жабылған, олар бір-бірімен жұмсақ тері қатпарлармен жалғасқан. Ирі денелі жемтіктерді жұтқанда тери қатпарлары жазылып, құрсақ қалқаншаларының ұзына бойы созылуына мүмкіндік береді. Жыландар Жер шарына кең тараған (тек Антарктидада ғана кездеспейді), 3 мыңға жуық түрі белгілі. Жыландардың көшілігі құрлықта, әдетте, қалың шөп өскен жерлерде, ағаш басында, шөлді аймақтарда, кейбір түрлері тұщы сулар мен теңіз-мұхиттарда тіршілік етеді. Жыртқыш түрлері тышқантөрізділермен, бақалармен, омыртқасыздармен қоректенеді. Жылына бір рет көбейеді. Көшілік жыландар жұмыртқа (қарашұбар жыландар, гюрзалар, т.б.) салады, ал кейбіреулері (сүржыландар, бозша жыландар, т.б.) тірі туып көбейеді. Жеке дара немесе топтанып (мысалы, сүржыландар) қыстайды. Топтанып қыстайтын түрлерін халық «ордалы жыландар» деп атайды. Жылан зиянды кеміргіштер, моллюскілер және жәндіктермен қоректеніп пайда да келтіреді. Кейбір түрлерінің терісі әсемдік бұйымдар, еті тамақ жасау үшін, ал уы медицинада қолданылады. Жыландардың уы (өсіреле, тропикалық елдерде) тек жануарларға ғана емес, адам өмірі үшін де аса қауінті. Орта Азия елдерінде улы жыландардан кобра, гюрза, эфа, Қазақстанда дала (тамғалы) сүржыланы, кәдімгі сүржылан, бозша жылан немесе қалқантұмсық жылан, оқ жылан кездеседі. Улы жыландардың көшілігі адамға қарсы шабуыл жасамайды. Жыландардың терісі, еті, уы үшін көп аулау, сондай-ақ бейберекет өлтіру, олардың көптеген түрлерінің азаюына, таралған аймағының тарылуына соқтыруды.

**ЖЫЛҚЫ** – тақ түқұтылар отрядының бір түқымдасы. Қазба қалдықтары біздің заманымыздан бұрынғы жеті мың жылдан бұрын-ақ Азия мен Еуропада қолға үйретілгендерін дәлелдейді. Жылқы түқымдасы есек, құлан, зебр, қазіргі жылқы болып 4 туысқа бөлінеді. Америкада жабайы жылқы болмаған, қолға үйретілген жылқылар кейін тағыланып (мустанг деп аталады) кеткен. Қазір Монголиядаған жабайы жылқы үйірлері кездеседі. Оны Пржевальский жылқысы деп атайды. Қолға үйретілген көдімгі жылқының шаруашылықта маңызы зор. Ол – ет және қымыз өндіру, салт міну, арбаға не шанаға жегу үшін және спорттық бағыттарда осіріледі. Шоқтығына дейінгі биіктігі 50–185 см, салмағы 60–1500 кг болады. Жылқы орта есеппен 18–20 жыл, кейде 40 жылға дейін жасайды. Түсі қылаң, баран, ала боп бөлінеді. Қылаңға ақбоз, боз, бурыл, теңбліл, құбақан, сары, құла, құла жирен, шабдар, көк, сұр, құлагер, қызыл, нарқызыл, т.б. жылқылар; баранға торы, қара, қаракөк, қарасұр, қоңыр, жирен, күрен, т.б. жылқылар; алаға сарыала, сұрала, көкала, керала, қарала, қоңырала, күреңала, т.б. жылқылар жатады. Жылқы будандары қашыр, қарта қашыр (лошак), құланоид (құлан мен жылқы буданы), зеброид (зебр мен жылқы буданы) деп аталады. Жылқы жүк жылқысы (Владимир жылқысы, Першерон жылқысы, т.б.), мініс жылқысы (Араб жылқысы, Ахалтеке, т.б.), жазық дала жылқысы (Дон жылқысы, Буденний жылқысы, Қостанай жылқысы, монгол жылқысы, қазақ жылқысы, т.б.), тау жылқысы (кабардин, қарабақ, қырғыз, алтай жылқылары, т.б.), солтүстік дала жылқысы (витский, эс-



Ахалтеке жылқысы

тон, якут жылқылары, т.б.) болып ажыратылады. Дүние жүзінде жылқының 250-дей, Қазақстанда 16 түрі өсіріледі.

Жылқы адамзат өркениетіндегі, өсіреле, да-ла өркениетіндегі дамудың жарқын да елеулі көрсеткіштерінің бірі болды. Жылқыны қолға үйрете бастау кошпелі шаруашылық пен өркениет дамуының негізін қалады. Қазақтар бей-геге қосатын жүйрік жылқыларды тұлпар, арғымақ, сәйгүлік деп әлпештеп, ерекше күтімге алған. Ал ауыр жүк артуға, алыс жолға төзімді жылқыны қазанат деп атап, оны да ерекше бағалаған. Еті мен сүті үшін өсірілетін қалған жылқылар жабы деп аталған. Қазақтың жабы жылқысы жайылымда жақсы семіреді. Семіртіп сойған жабы жылқыдан 53–57%, кейде 60% ет алынған (230–250 кг). Қазақ халқы жылқы етінен қазы, қарта, жал, жая, т.б. дәмді тағамдар әзірлеп, терісі мен қылын да шаруашылыққа пайдаланған. Ал жабы жыл-



Жүк жылқысы



Араб жылқысы

қының биелерінен төулігіне 18–20 литр сут сауылған. Сүті мол бие мама бие деп аталған. Бие желінің сүтке толып, сауылатын мезгілін сауым дейді. Ал құлышындамай қалған биелерді қысырақ деп атайды. Жылқы төлдерін: құлыш (биенің жас төлі), жабағы (6 айдан асқан құлыш), тай (1 жастан асқаны) деп атайды. Ал бұдан әрі үрғашы жылқыны яғни байталды: құнажын байтал (2 жастан асқаны), дөнежін шығар (3 жастағы байтал), дөнежін байтал (3 жастан асқаны), бесті бие (4 жастан асқаны), қасабалы бие (7–8 жастағы бие), көртамыс бие (11–14 жастағы бие), жасаған бие (20 жастан асқан бие), т.б. деп атайды. Айғырдың атаулары: құнан айғыр (2 жастан асқаны), дөнен айғыр (3 жастағысы), сәурік айғыр (3–4 жастағы үйірге салынбағаны), бессті айғыр (5 жастағысы), сақа айғыр (11–12 жастағысы), т.б. Жылқы жүрісі табиғи және жасанды болып екіге бөлінеді. Табиғи жүріс – жылқыға адамның үйретуінсіз біткен жүріс (аяң, желіс, шабыс, жорға). Қарғуға жылқыны жаттықтырады. Жаттыққан жылқы 2,47 м биіктікten, ұзындығы 8,3 м ордан қарғи алады.

**ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ** – аспан сферасы (эклиптика) бойымен қозғалатын Құннің көрінерлік қозғалысына және табиғаттағы маусым өзгерістеріне байланысты жылдың кезеңдерге бөлінуі. Ежелгі дәуірде адамдар жылды өр түрлі бөліктерге бөлген. Үнді мұхитының аралдарындағы тайпалар муссон желінің соғуына қарай, жылды екі мезгілге; Орталық Африка тайпалары өз жерлерінде ауа райының ноңсер жауынды, қапырық ыстық және жайдары құрғақ бөлүнина қарай үш мезгілге бөлген. Осы күнгі халықтардың көпшілігі жылды жазғытуры (көктем), жаз, күз, қыс деп төрт мезгілге бөледі. Бұлай бөлуге тиянақты астрономиялық негізі бар.

**ЖЫЛ САНАУ** – үлкен уақыт аралықтарын есептеу жүйесі. Көптеген жыл санау жүйесін есептеу белгілі бір тарихи не азыздық оқиғаларға байланысты жүргізілді. Мысалы, христиан шіркеуі жыл санаудың басын Иса пайғамбардың туған күннен бастап жүргізеді. Бұл жүйені (жана заман) қазіргі мемлекеттердің басым көпшілігі (оның ішінде Қазақстан да) қабылдаған. Ислам елдерінде (негізінен, араб мемлекеттері) жыл санау жаңа заманның 622 жылынан (Мұхаммед пайғамбардың Мек-



Көктем



Жаз



Күз



Қыс

кеден Мединеге көшіп барған күнінен) бастап жүргізіледі.

**ЖЫРАУ** – өз жаңынан жыр шығарып айттын және эпикалық дастандар мен толғауларды өрындайтын халық поэзиясының өкілі. Жырау атауы «жыр» сөзінен туындағы. Дәстүрлі қазақ қоғамында жыраулар халықтың рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастыратын қайраткер рөлін атқарды. Хандар мен басқа да ел билеушілері жыраулар пікірімен санасып отырған. Жыраулар жаугершілік заманда жорықтарға қатысып, ел қорғау, азаттық тақырыптарға арналған өлең-жырлар туғызған. Жыраулық қызмет көшпелілер арасында ежелгі арий (абыздар), сақ, ғұн дәуірлерінен бастап жоғары бағаланған. Түркі қағанатының тарихын тасқа қашап жазған Иолық тегін, оғыздардың ұлы озаны Корқыт Ата көшпелілер қоғамында үлкен рөл атқарған. Ал кейінгі қазақ әдебиеті тарихында жыраулар шығармашылығы үлкен бір кезеңді қамтиды.

**ЖЫРТҚЫШТАР** – сүтқоректілердің бір отряды. Австралия (тек жерсіндірілген түр-



Жыртқыш аңдар: 1-ак аю, 2-қоңыр аю, 3-қабылан, 4-арыстан, 5-қасқыр

лері ғана бар) мен Антарктидадан басқа құрлықтардың барлығында кең тараған. Қазақстанда 5 түқымдасы (ит, аю, жанат, сусар, мысық), 14 түрі бар. Салмағы 250 г-нан (ақ-құлақ) 250 кг-ға (аю) дейін барады. Әр аяғында 4–5 башайы болады. Құйрығының ұзындығы дene түркінің жартысында, кейде одан қысқарап. Жүіі ұзын, әрі қалың, түрлі түсті келеді. Жыртқыштардың азу тістері жақсы жетілген. Аталығы мен аналығының жыныстық диморфизм айырмашылығы аз, немесе мұлдем байқалмайды. Иіс және есту мүшелеп-рі жақсы дамыған. Қорегін таңертең, көбінесе, іңірде немесе түнде аулайды. Жылына 1, кейбір түрлері 2–3 рет, кейде 2 жылда 1 рет үрпақ әкеледі. Үрпағы нәзік, қызылшақа болып туылады. Жыртқыштардың арасында көсіптік түрғыдан маңызды, терісі құнды (булғын, кәмшат, ақ кіс, қара күзен, т.б.) немесе зиянды кемірушілерді жеп пайдалын тигізетін, сондай-ақ ауыл шаруашылығына, аңшылыққа залал келтіретін, ауру тарататын түрлері де бар.

**ЖІБЕК** – жібек құртының піллөсінан өндіріліп, тоқыма-мата өнеркәсібінде пайдаланылатын табиғи талшық. Кейде сондай талшықтан тоқылған матаны да жібек деп атайды. Жібек құрты қуыршакқа айналар алдында арнаулы бездері бөлөтін жібек жіпше – піллә түзеді. Өндірістік жібек, негізінен, тұт ағашының қолдан өсірілетін (асыранды) құртынан және жабайы емен құртынан алынады. Асыранды жібек құрты барлық жібектің



Жібек құртын өсіру

90%-ын береді. Көп еңбек қажет ететіндіктен, жібек ең қымбат саналады. Соңдықтан қазір жа-санды жібек өндірісі жолға қойылған. Жал-ғыз піллөдан алынған талшық тым жіңішке болатындықтан, тікелей өндірісте қолданыл-май, тек жібек қасиетін зерттеу үшін пайда-ланылады. Жібектің механикалық қасиеттері жоғары, әрі жақсы диэлектрик, 120–130°C ыс-тыққа төтеп береді, тек 160–170°C-та гана ыды-рай бастайды. Табиғи жібек талшықтарынан тоқылған маталарды адамдар ерте замандарда-ақ жоғары бағалаған. Қытайдан шығарылатын жібек маталар Ұлы Жібек жолы арқылы дүние жүзінің басқа аймақтарына таралып, саудагер-лерге мол табыс әкелген. Жібек құрты қазір тек Өңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарының кейбір аудандарында, Қытай, Жапония, Ун-дістан және т.б. елдерде өсіріледі.



терін атқарған. Әдеби қызыметін шағын пьесалар (1849) жазудан бастаған. 1863 ж. «Өве ша-рында өткен бес апта» атты тұнғыш романы жарық көрді. Верн 65 роман, повесть, әңгіме және география тарихы туралы зерттеулер жазды. Жазушының «Капитан Гранттың ба-лалары» (1867), «Сырлы арал» (1875), «Он бес жасар капитан» (1878), т.б. шыгармаларында суреттелетін табиғат пен теңіз асты өлемін-де кездесетін әр түрлі жағдайларды дәл бей-нелеуі гылым жетістіктерімен үндесіп жа-тыр. 1905 ж. 24 наурызда жазушы Жюль Верн Амьенде дүние салды. Оның шыгармалары көптеген әлем халықтары тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне де аударылды, фильмдер түсірілді. Айдың арғы бетіндегі кратер Верн есімімен аталады.

**ЖЮЛЬ ВЕРН** – фран-цуз жазушысы, ғылыми-фантастикалық ро-ман жанрының негізін қалаушылардың бірі. Ол Францияның Нант қаласында 1828 ж. 8 ақпанды тұған. Маман-дығы заң қызметкери. Театр директорының хатшысы (1851–54), қаржы-қаражат аген-ти (1856–64) қызмет-

Зайсан көлі



**ЗАЙСАН, ЖАЙСАН** – Оңтүстік Алтайда-ғы көл. Шығыс Қазақстан облысы аумағында орналасқан. Солтүстігінен Нарын мен Қүршім, оңтүстігінен Сауыр-Тарбағатай жоталарының сілемдерімен қоршалған тектоникалық қазан-шұңқырда жатыр. Абсолюттік биіктігі 386 м. Жағалауы жайдак. Тектоникалық бөген көлдер типіне жатады. Зайсанға Қара Ертіс өзені құяды да, Ертіс (Ақ Ертіс) ағып шығады. Өзеннің жалғасы көл табанындағы ені 2 км, теренждігі 10 м-ге дейін баратын ұзынша ор түрінде байқалады. Су режимі Қара Ертіспен байланысты. Жазда таудағы қар ерігенде көл деңгейі көтеріледі. Қыста төмендейді. Су деңгейінің маусымдық ауытқуы 1–2,5 м. Ең төмен деңгейі сәуірдің басына тура келеді. Қарашада мұзы қатып, сәуірде мұздан ары-лады. Ертістегі Бұқтырма су-электр станасы (СЭС) салынғанға дейін көл айдынының аумағы 1788 км<sup>2</sup>, ұзындығы 111 км, ені 30 км, орташа тереңдігі 4–6 м (ең терең жері 10 м) бола-тын. Бөгет салынғаннан кейін көл Бұқтырма бөгеніне қосылып кетті. Қөлемі артып, жаға сзызығының пішіні өзгерді.



ми, Ахмед Иүгінеки, Асан Қайғы, Бұқар, Базар жырауларға келіп ұласатындығын дәлелдеді.

**ЗӘМЗӘМ** – Меккедегі қасиетті құдық. Қабадан оңтүстік-шығысқа қарай 20 м жерде, Бани Шайба есігінің қара тасына (Хажар ул-Асуад) қарама-қарсы орналасқан. Үсті күмбезбен қөмкерілген бұл қасиетті құдықтың тереңдігі 42 м. Зәмзәм деген сөз арабша мол су дегенді білдіреді. Хадистерде зәмзәм құдығының қасиеті туралы бывайша баяндалады: Ибраһим пайғамбардың (ғ.с.) жұбайы Сара ұзак уақыт бала көтермеген соң, Хажар есімді мысырылық әдемі бір күнді (жарис) күйеуіне некелеп қосады. Хажардан Исмаил пайғамбар (ғ.с.) дүниеге келеді. Алайда, Сара күндесінің мұндей бақытын қызғана бастайды. Сондықтан Ибраһим пайғамбар (ғ.с.) Хажар мен Исмаилды (ғ.с.) Меккеге өкеліп орналастырады. Ашығып қалмасын деп азын-аулақ құрма мен су қалдырады. Ибраһим пайғамбар (ғ.с.) кеткеннен кейін су таусылып, шөлдеген сәби шырылдап жылай бастаған соң, Хажар су іздел Сафа мен Мәруә төбелері арасында жан ұшырып жүгіре береді. Сол уақытта Жәбірейіл періште аяғының (немесе қанатының) ұшымен Мәруә тобесінен жерді қазып, су шығарады. Кейін жүрһүм жұрты бұл қасиетті құдықты бітеп тастайды. Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) атасы Абд ал-Мутталиб тұс көріп, зәмзәм құдығының орнын тауып алады. Аббас әулетінен шыққан халиф Өбу Жафар Мансүр зәмзәм құдығының айналасына мәрмәр тасын орнатқан. Осман әулетінен шыққан сұлтан Сүлеймен Кануни зәмзәм құдығы айналасын 1,5 м биік мәрмәрмен қоршап, хауыз салдырды. Зәмзәм сұы —



Заратуштра заманындағы отқа табыну. Парсы суреті



Зәмзәм су көзі

қасиетті су. Қағбаға тәуап етіп барған қажылар бұл суды ішіп қана қоймай, өздерімен бірге елдеріне алып кетіп жатады.

**ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕР** – сөн өнерінің және қолөнердің ежелгі түрлерінің бірі. Металды асыл немесе жартылай асыл тастармен әшекейлеуге негізделген. Зергерлік өнерге әсемдік бүйымдар мен ыдыс-аяқ жасау, қару-жарапқ пен ат әбзелдерін әшекейлеу де жатады. Қазақстан аумағында зергерлік өнер алғашқы темір дәуірінде пайда болған. Ежелгі зергерлер қолынан шыққан шебер мұсіндер – арқардың (не қошқардың) басы, мүйізі. Ол жүзіктерде, білезіктерде, алқаларда, шолпыларда көбірек кездеседі. Сондай-ақ таутеке мен арыстанды бейнелеуге көп көңіл болған. Арыстаның бас бейнесі алқага, білезікке әсем түсі-



Кобдиша



Күміспен қапталған агаши ер

рілген, кейде қанатты арыстан түрінде келтірілген. Сақ, ғұн, үйсін дәуіріндегі шеберлер зергерлік ісін өте биік сатыға көтерген. Алтыннан, күмістен, қоладан пішін жасаумен бірге, оның бетіне асыл тас орнату әдісін де менгерген.

Қазіргі заманғы зергерлік өнер жұмыстарының көшілігі әр түрлі техникалар көмегімен жүзеге асырылады. Соның нәтижесінде жаппай тұтынылатын көшілік қолды зергерлік бүйымдар топтап шығарылатын болды. Алайда, зергерлердің қолдан жасаған дара бүйимдары әлі күнге дейін зергерлік өнердің құнды ескерткіштері ретінде бағаланады.

**ЗУБР** – сүтқоректілер класы құыс мүйізділер тұқымдасына жататын жануар. Негізгі мекеі Батыс және Орталық Еуропаның орманды аймақтары болып саналады. Зубр – ірі жануар. Дене түркы 3,5 м, биіктігі 2 м-дей (шоқтығынан алғанда), салмағы 1 тоннадай. Жүні қалың, қоныр тұсті. Бұқасының да, сирының да мүйізі болады. 2–3 жасында жыныстық жағынан жетіледі. Шілде-қыркүйекте күйлеп, 9 айдан соң аналығы жалқы бұзау туады. Бұзауын 5 айдай, кейде 1 жылға дейін емізеді. 20-ғасырдың басында таза тұқымды зурлар тек қорықтарда сақталып қалды. Аң шаруашылығы үшін маңызы зор. Зурлар жойылып кету қаупі бар жануарлар тобына жататындықтан, Халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабына» енгізілген.



Зубр



Өлі теңіз жағалауы

**ИЗРАИЛЬ, Израиль мемлекеті –** Батыс Азияда, Жерорта теңізінің шығыс жағалауында орналасқан мемлекет. БҮҮ Bas Ассамблеясының 1947 ж. 29 қарашадағы Палестинаны бөлу жөніндегі шешімі бойынша берілген жер көлемі 14 мың км<sup>2</sup>, ал 1948–49 ж. араб-израиль соғыстары барысында басып алған жерлерін қосқанда 20,7 мың км<sup>2</sup>. Халқы 7,8 млн. Халқының 81%-ы еврейлер, қалғандары, негізінен, арабтар. Елдің басты экономикалық және мәдени орталығы – Тель-Авив қаласы. Ресми тілдері – иврит (ежелгі еврей тілі) және араб тілдері. Негізгі діні – иуда, сондай-ақ мұсылмандар мен христиандар да көп.

Израиль теңіз жағалауында, 500–1000 м биіктікте таулы қыратта орналасқан. Климаты субтропиктік. Солтүстігі жауын-шашынды, оңтүстікке қарай – жартылай шөл және шолейтті. Солтүстік-шығысында Иордан өзені ағып жатыр.

Израиль дамыған аграрлы-индустриалды ел. Дегенмен Израиль экономикасы, негізінен, сырттан – АҚШ пен Еуропа Одағы елдері тарапынан қаржыландырылып отырады. Қорғанысқа үлттық табыстың 15%-ынан астамы жұмсалады. Экономикадағы өнеркәсіптің үлесі –

21%, ауыл шаруашылығы – 3%. Елде медициналық, электроника, байланыс құралдары, компьютерлер шығару жақсы дамыған. Оған қоса металл өндеу, машина жасау (кеме мен авиаация, әскери техникалар шығару), электротехника, химия, алмас өндеу, т.б. өндіріс орындары шөғырланған. Ауыл шаруашылығында, негізінен, цитрусті жемістер өсіріледі.

**ИНДОНЕЗИЯ, Индонезия Республикасы –** Оңтүстік-Шығыс Азияда орналасқан мемлекет. Ел аумағы 17508 аралдан (Малайя архипелагындағы аралдар мен Жаңа Гвинея аралы, яғни Батыс Ириан) тұрады. Жалпы жер көлемі – 1,9 млн. км<sup>2</sup>. Ішкі сулары, теңіздегі және экономикалық аймақтағы шекараларын қосқанда – 7,9 млн. км<sup>2</sup>. Халқының саны – 251,1 млн. (дүние жүзінде 4-орында). 150-ден аса үлттар мен ұлыстар тұрады. Ең ірілері – явалықтар, сундтар, мадурлар және 3 млн-нан астам қытайлықтар. Индонезия – әлемдегі ең үлкен мұсылман мемлекеті. Халқының 90%-ы ислам дінін, оның суннит бағытын ұстанады. Қалғандары – католик, протестант, буддизм, т.б. діндерді ұстанады. Мемлекеттік тілі – индонезия тілі. Ел 27 провинцияға бөлінеді. Ас-



Иерусалим. Қоғаң қала



Индонезия храмдары

танасы – Джакарта. 2002 ж. мамыр айында елден Шығыс Тимор (жер көлемі 14,9 мың км<sup>2</sup>, халқы 806 мың) бөлініп шықты.

Индонезия экваторлық ендік бойында орналасқан. Жерінің жартысы – биіктігі орташа және алса таулар, биік таулар Батыс Ириандаған кездеседі. Суматрадан Хальмахера ара-лына дейінгі аралықта (5000 км) 400-ге жуық жанартау бар. Оның 80-і сөнбекен.

Өнеркәсіп ел экономикасының 25%-ын құрайды. Индонезия күн сайын 1,5 млн. баррель мұнай өндіреді. Индонезия экспортқа газ шығаруда дүние жүзінде 1-орында (39%). Оған қоса тұсті металдар (никель, мыс), алтын, алмаз, күміс, көмір, уран өндіреді. Жеңіл және тамақ өнеркәсіптері жақсы дамыған. Соңғы жылдары кеме жасау, мұнай, химия, автомо-биль құрастыру, электроника өндірістері же-дел дамып келеді. Мал шаруашылығы, өсімдік майы, тропиктік ағаш түрлері, темекі, кофе, шай, т.б. өсіріледі, балық аулау мен теңіз тағамдарын жасау жақсы дамыған. Табиги кау-чук шығарудан дүние жүзінде 2-орында.

**ИНЕЛІК** – жәндіктер класының бір отряды. Ұзындығы 14–120 мм. Құрсақ бөлімі жі-ңішке әрі ұзын. Аузы кеміруге бейімделген. Өте үлкен фасетті көздері басының жоғарғы бөлігін алып орналасқан. Мұртшалары қысқа, көзге әрең көрінеді. Қанаттары торланып жүй-келенген. Басқа жәндіктерден ерекшелігі: арқа-құрсақ қанатының бүлшық еттері жақсы да-мыған, тыныштық күйде қанаттарын денесіне жинамай, жайып жібереді. Қанаттарының құ-рылысына қарай инеліктер: теңқанаттылар, әр түрлі қанаттылар және Anisozygoptera (тек Жапония және Үндістандаған кездеседі) от-ряд тармақтарына бөлінеді. Инеліктердің 4500-ден астам түрі белгілі. Қазақстанда 7 түрі қор-ғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабы-на» енгізілген. Инеліктер – дара жынысты-




Инелік

лар, шала түрленіп дамиды. Жұмыртқаларын суға немесе су өсімдіктерінің сабағына сала-ды. Дернәсілдері су астындағы заттарға жа-бысып тіршілік етеді. Шыбын, маса, шіркей, ұсақ жәндіктерді ауада ұшып жүріп үстай-ды. Инеліктер – пайда келтіретін энтомофагтар. Дернәсілдері – балықтың, су құстарының қорегі.

**ИНЕРЦИЯ** – материалың денелердің ме-ханикағы Ньютоның 1-және 2-зандарында көрініс табатын қасиеті. Денеге сыртқы әсер-лер (құштер) болмаған кезде немесе олар тең-герілген кезде, инерция дененің инерциялық санақ жүйесі деп аталатын жүйеге қатысты өзінің қозғалыс күйін немесе тыныштығын сақтайтындығынан білінеді. Егер денеге күш-тердің теңгерілмеген жүйесі әсер етсе, онда инерция дененің тыныштық күйі немесе қозғалыс күйі, яғни дene нұқтелерінің жылдам-дықтары лезде өзгермей, біртіндеп өзгеретін-дігін көрсетеді. Бұл жағдайда дene инерция-сы неғұрлым көп болса, дene қозғалысы сол-ғұрлым баюу өзгереді. Дене инерциясының өл-шемі – масса. Сондай-ақ «инерция» терминін әр түрлі аспаптарға да қолданады. Бұл ретте инерция деп аспаптың белгілі бір тіркелетін шаманы кешіктіріп көрсететіні түсініледі.

Инерция заңы – сыртқы күштер (өзара әсерлер) әсер етпеген немесе әсер етуші күш-тер өзара теңескен жағдайда, инерциялық санақ жүйесімен салыстырғанда, дene өзінің қозғалыс не тыныштық күйін өзгертпей сақтай-тындығын тұжырымдайтын механиканың не-гізгі зандарының бірі. Жекелей алғанда, бұл жағдайда материалың нұкте тыныштық күйде болады не тұзу сызық бойымен бірқалыпты



Инерция күштерінің әсер ету сұлбасы

қозгалады.


**Инерция күші** – сан шамасы материалың нүктенің массасы ( $m$ ) мен үдеуінің ( $w$ ) көбейтіндісіне тең және үдеуге кері бағытталған векторлық шама. Қозғалысты инерциялық санақ жүйесіне қатысты зерттеу кезінде, статиканың қарапайым тендеулері түрінде динамиканың тендеулерін құру үшін инерция күші ендіріледі. Инерция күші үғымы, сондай-ақ салыстырмалы қозғалысты зерттеуде де қолданылады.

**ИНСТИНКТ** – организмнің сыртқы және ішкі тітіркендіргіштерге жауап ретінде пайда болатын тағамдағы біткен реакцияларының (мінез-құлыштық актілерінің) жиынтығы; құрделі шартсыз рефлекстер. Инстинкт жануарлардың тіршілік жағдайларына бейімделу формасы болып саналады; мысалы, үйрек балапанының жұмыртқадан шыға салысымен суда жүзуі. Инстинкт (латынша *instinctus* – түйсік деген үғымды білдіреді) туралы түсініктер ежелден белгілі. Ежелгі грек философи Хрисипп (біздің заманымыздан бұрынғы 250–208 ж.) инстинкт деген үғымды құстар мен кейбір сұтқоректілердің мінез-құлыштық әрекетін сипаттауда қолданды. Француз ойшылы әрі дәрігері Жюльен Ламетри инстинкт жан-жануарлардың бүкіл дене құрылымымен, жүйке жүйесімен байланыста болатынын атап көрсетті. Чарлз Дарвин инстинкт – жануарлардың бір түріне ғана тән, кездейсоқ пайда болатын, өте қажетті және туқым қуалайтын қабілетінің қалыптасуы екенін дәлелдеді. Ал Иван Сеченов пен Иван Павлов инстинкттің рефлекторлық сипатын анықтады. Биологиялық маңызына қарай инстинкт: қоректік (олжасының ізіне түсу, азық жинау, т.б.), қорғаныстық немесе


се сақтық (қатер төнгенде айбат шегу, тырнау, қозғалмай қатып қалу, т.б.), жыныстық (уылдырығын шашу үшін балықтардың ағынга қарсы немесе ағын ығымен ауа жүзуі), т.б. түрлерге бөлінеді.

**ИНТЕГРАЛ – 1)** математиканың маңызды үғымдарының бірі. Интеграл (латынша *integer* – бүтін дегенді білдіреді) үғымы бір жағынан – туындысы бойынша функцияны іздеу (мысалы, қозғалған нүктенің жүріп откен жолын өрнектейтін функцияны сол нүктенің жылдамдығы бойынша табу), екінші жағынан – аудан, көлем және доға үзындығын өлшеу, күнтің белгілі бір уақыт ішінде атқарған жұмысын табу, т.б. қажеттіліктерден пайда болды. Осыған қатысты интеграл анықталмаған интеграл және анықталған интеграл болып ажыратылады. Міне, осыларды есептеу интегралдық есептеудің міндеті болып саналады. «Интеграл» сөзін алғаш рет (1690) швейцариялық ғалым Якоб Бернулли қолданған; 2) өзінің шексіз аз бөліктерінің қосындысы түрінде қарастырылатын бүтін шама.

Интегралдық есептеу – математиканың интегралдың қасиеттері мен есептеу тәсілдерін және олардың әр түрлі қолданылуын зерттейтін саласы. Ол дифференциалдық есептеумен тығыз байланысты. Интегралдық есептеу дифференциалдық есептеумен бірге математикалық анализдің негізгі тарауарының бірін құрайды. Интегралдық есептеудің негізгі үғымдары – анықталмаған интеграл және анықталған интеграл. Анықталмаған интеграл (немесе интегралдау) – дифференциалдауға кері амал.



И.Павлов тәжірибесі



Интегралдық есептеу

Берілген функцияны дифференциалдау кезінде сол функцияның туындысы, ал интегралдау кезінде, керісінше, алғашқы функция ізделеді және мұндай алғашқы функцияның туындысы берілген функцияға тең болуы тиіс. Сонымен, егер  $F(x) = f(x)$  орындалса (немесе  $dF(x) = f(x)dx$  болса), онда  $F(x)$  функциясы, берілген  $f(x)$  үшін алғашқы функция болады. Берілген  $f(x)$  функциясының әр түрлі алғашқы функциялары болуы мүмкін, бірақ олар бірбірінен тұрақты қосылғыштармен ғана ажыратылады. Демек,  $F(x) + C$  өрнегі берілген  $f(x)$  функциясы үшін алғашқы функциялар жиынтын түгел қамтиды. Осы жиын  $f(x)$  функциясының анықталмаған интегралы деп аталып, байлайша жазылады:  $\int f(x)dx = F(x) + C$ .


Интегралдау мен дифференциалдаудың өзарабайланысы мына тәндіктермен өрнектеледі:

$$d \int f(x)dx = f(x)dx, \quad dF(x) = F(x) + C.$$

Осыған сай дифференциалдау фәрмуалалары мен ережелеріне сүйене отырып, интегралдаудың формулалары мен ережелерін алуға болады.

Интегралдық есептеудің аудан мен көлемді табуға байланысты бірқатар есептерін ежелгі грек математиктері шешкен. 9–15-ғасырларда Орта және Таяу Шығыс ғалымдары Архимед еңбектерін араб тіліне аударып, ежелгі математиканың табыстарын кейінгі үрпақтарға жеткізді. Бірақ оларды одан әрі дамыта алмады. Тек 16–17-ғасырларда ғана табиғаттану ғылымдарының жетістіктері интегралдық есептеудің одан әрі дамуын қажет етті. Интегралдық есептеудің негізгі үғымдары мен идеялық жүйесін бір-біріне тәуелсіз түрде Исаак Ньютон мен Готфрид Лейбниц жасады. «Интегралдық есептеу» термині мен интеграл таңбасы Лейбництен бастап қолданылып келеді. Интегралдық есептеудің әрі қарай дамуы швейцариялық математик Иоганн Бернуллидің, әсіресе, Леонард Эйлердің есімдерімен тығыз байланысты. 19-ғасырдың басында француз математигі Огюстен Луи Коши шектер теориясы негізінде интегралдық есептеу мен дифференциалдық есептеуді қайта құрды.


**ИНТЕГРАЛДЫҚ СҮЛБА**, интегралдық микросүлба, микросхема – элементтері (транзисторлар, диодтар, конденсаторлар және резисторлар) бір технологиялық циклда дайындалған, бір-бірімен бірыншай өткізгіштер арқылы байланысқан, өте шағын етін жасалған электрондық құрылғы; бір ғана



Интегралдық сүлба

шалаөткізгішті кристалл ішінде немесе бетінде орналасқан электрондық сүлба. Құрамы мен құрылымына қарай ол микропроцессор, адаптер (контроллер), т.б. қызметін атқара алады. Алғашқы интегралдық сүлба 20-ғасырдың 50-жылдары күрделене бастаған электрондық сүлбалардың сенімділігін, жылдамдығын арттыру, құнын төмендету, көлемін кішірейту мақсатында жасалды. Интегралдық сүлба ақпаратты түрлендіруге, сақтауға, өндөуге және таратуға арналған. Элементтерді біріктіру (интеграциялау) төсіліне қарай интегралдық сүлба – шалаөткізгішті (немесе монолитті), плэнкалы және гибридті (сондай-ақ, көп кристалды); өндөлетін сигналдар түрлеріне қарай – цифрлық және аналогтық интегралдық сүлба; құрамындағы элементтер (құраушылар) санына (яғни элементтердің интеграция дәрежесіне) қарай кіші, орта және үлкен интегралдық сүлба болып ажыратылады. Шалаөткізгішті интегралдық сүлба аса таза материалдардан (кремнийден, германийден) жасалады.

**ИНТЕРНЕТ** – компьютерлік желілердің ақпарат алмасуға арналған бүкілөлемдік қауымдастығы; бір-бірімен телекоммуникация арналары (телефон, радио және жасанды жер серігі көмегімен байланыс орнату) арқылы мәлімет алмасатын әр түрлі аймақтағы компьютерлік желілердің біріктірілген торабы. Интернет (ағылшынша inter – өзара әрекет және net – желі дегенді білдіреді) 20-ғасырдың 70-жылдары АҚШ Қорғаныс министрлігінің, АҚШ ұлттық ғылыми қорының және аймақтық компьютер желілерінің телекоммуникация құралдары арқылы бірте-бірте бірігуі нәтижесінде пайда болды. 1990 жылдан бері интернет өз колемін жыл сайын екі есе арттырып отыр. Қазіргі кезде желілер коммерциялық негізде жұмыс істейді, бірақ оны халықаралық



Интернет желісі

ISOC (Internet Society) қоғамдық үйімі бақылайды. Интернет құрамына кіретін әр түрлі компьютерлердің бір-бірімен үйлесімді түрде байланысып, өзара мәлімет алmasуы TCP/IP хаттамалары көмегімен жүргізіледі. Интернет сөзі, өдетте, желінің физикалық деңгейін білдіреді, яғни бұл сөзben компьютерлерден, кабельдерден және де мәліметтерді тасымалдайтын басқа құрылғылардан тұратын аппараттық жабдықтамалар жиынын атайды. Интернет жұмысы негізгі бағдарламалық құралдар арқылы жүзеге асырылады. Олар интернет архивтері ішінен керекті ақпаратты іздең тауып, сол мәліметті сұратқан компьютерге жеткізіп, жалпы серверлер (қуатты компьютерлер) тоғында реттеле орналасқан мәліметтер базасындағы ақпараттарды тұтынушылардың қажетіне жаратуды қамтамасыз етеді. Интернет жүйесі ақпараттық және бағдарламалық жабдықтамалардың көмегімен электрондық пошта жұмысын үйімдастырып, электрондық хабарландырулар, жарнамалар беру, телеконференциялар өткізу тәрізді әр түрлі ақпараттық қызмет түрлерін көрсетеді. 1990 жылдардан бастап интернетте бүкілөлемдік өрмекtor WWW (World Wide Web) деп аталатын қызмет түрі кең тарала бастады. WWW технологиясы гипермәтін мен гипермедиа (мәтін, сурет, дыбыс түрінде) негізінде жасалған Web-құжаттар түріндегі ақпараттар жиынын өзірлең, жаһандық желі серверлеріне жазып сақтап қоюға мүмкіндік береді. Желіге қосылған әрбір компьютердің өзіндік қайталанбас адресі болады.



Бағдад қаласы

Оңтүстік-Батыс Азияда, Тигр және Евфрат (кейбір тарихи жазбаларда Қос өзен деп те аталады) өзендері бойында орналасқан мемлекет. Жер көлемі 437 мың км<sup>2</sup>. Халқы 31,8 млн. адам. Тұрғындарының 75%-ы арабтар, 20%-ы – күрдтер, қалғандары түркмендер, ассириялықтар, парсылар, армяндар, т.б. Мемлекеттік тілі – араб тілі. Астанасы – Бағдад қаласы.

Жерінің көбін Жоғарғы Месопотамия және Төменгі Месопотамия жазықтары, сөлтүстік және солтүстік-шығыс жақтарын Армян және Иран таулы қыраттары алып жатыр. Ең биік жері – Боздаг тауы (3612 м).

Ирак – экономикалық өлуеті үлкен ел. Елде аса ірі көлемде мұнай (65 млрд. т-дан астам), табиғи газ, фосфат қорлары бар. Мұнай шығару, мұнай өндеу, газ өндіру, цемент, электр-энергетика, машина жасау, т.б. өндіріс салалары жақсы дамыған. Ауыл шаруашылығы үлттық табыстың 20%-ын құрайды. Астық (бидай, арпа, күріш) өнімдері, өсімдік майлары, көкөніс, құрма, т.б. өсіру жақсы жолға қойылған. Мал шаруашылығы жақсы дамыған (15 млн-нан астам қой мен ешкі, 2,5 млн. мүйізді ірі қара бар).



Евфрат өзені



Тегерандагы Азади мұнарасы

**ИРАН** (1935 жылға дейін Парсы елі), Иран Ислам Республикасы – Азияның оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан мемлекет. Жер көлемі 1,648 млн. км<sup>2</sup>. Халқы 75 млн. адам. Халқының ұлттық құрамы: парсылар (51%), әзербайжандар (27%), курдтер (5%), арабтар, түрікмендер, белуджилер, армяндар, еврейлер, т.б. Астанасы – Тегеран қаласы (айналасын қосқанда 12 млн-нан астам). Одан басқа Мешхед, Исфахан, Тебриз, Шираз сияқты ірі қалалары бар. Ресми тілі – парсы тілі. Мемлекеттік діні – ислам дінінің шиит тармағы.

Иран Армян таулы қыратының оңтүстік-шығысы мен Иран таулы қыратының батыс бөлігінде орналасқан. Шет жақтарында Солтүстік Иран (Эльбрус, Түрікмен – Хорасан), Оңтүстік Иран (Загрос, Мекран), Шығыс Иран (Серхед, Пеленган, Боран, Келат) таулары, орталығында Кухруд жотасы, Деште-Кевир, Деште-Лух шөлдері орналасқан. Солтүстік-батысын Оңтүстік Каспий және Кура-Аракс ойпаттары, солтүстік-шығысын Гөрган жазығы, оңтүстігін – Гермезир шөлі алыш жатыр. Жер беті суы аз. Ирі өзендері – Карун, Сефидруд, Гильменд, қыыр солтүстігінде Атрек, Аракс өзендері бар.



Исфахан қаласындагы мешіт

Ел экономикасының негізі – мұнай және мұнай мен газ өндеу өнеркәсіптері. Мемлекеттік кірістің үштен бірі және экспорттың 90%-ына жуығы осы салалардан алынады. Елде жыл сайын 180 млн. т-та жуық мұнай, 58 млрд. м<sup>3</sup> газ өндіріледі.

### ИСАТАЙ ТАЙМАН-

**ҰЛЫ** – Бекей ордасы мен Кіші жұздің батыс бөлігінде болған ұлтазаттық көтерілістің (1836–37) басшысы. Кіші жұз құрамындағы байұлы тайпасының беріш руынан шыққан Исатай 1791 ж. өмірге келген. Ағатай батырдың үрпағы. Бекей хан оны 21 жасында беріш руына старшын етіп тағайындаиды. Бекей қайтыс болып, ел билігі оның інісі Сығай Нұралығұлына тигенде Исатай Тайманұлымен жеке бас араздығы туып, екі арада барымта, ауылды шауып кету оқиғалары орын алады. Жәңгір хан таққа отырған соң Исатай Тайманұлының жағдайы жақсарды. 1827–29 жылдар аралығында ол Жәңгір ханың беделін асырып, билігі нығайтуға көп күш салды. Жәңгір ханға қарсы Қайыпқали Есімов сұлтан көтеріліс бастап, Бекей ордасын дүрліктіргенде, Исатай Тайманұлы хан жасағында жүреді.

1833 ж. Жәңгір хан Каспий жағалауындағы рулады екіге бөліп, бір жағын қайын атасы, ірі жер иеленуші әрі саудагер Қарауылқожа Бабажановқа басқартты. Исатай Тайманұлы бастаған 8 старшын басқарушының жолсыздықтарын жіпке тізіп, ханға арыз жолдайды. Бірақ оған еш тыйым салынбайды. 1834 жылдың маусымында Жәңгірдің хандық құрғанына 10 жыл толып, той жасалады. Осы жыында қатты-қатты сез айтқан батырға Жәңгір хан 60 атан айып тарттырып, әрі біржола ықтывру үшін оны ата қонысынан айырады. Бұған наразы болған Исатай Тайманұлы және оны қолдаған кейбір ру старшындары Қарауылқожаға бағынудан бас тартады. Ақыры Исатай Тайманұлы басшылығымен бұқара халық қолына қару алышп, ханға қарсы көтеріліске шығады. Осы көтеріліс кезінде ол 1838 ж. 12 шілдеде Ақбулақ өзенінің бойында болған шайқаста қаза табады.



**ИСЛАМ**, ислам діні – дүние жүзіне кең таралған төрт ірі әлемдік діндердің бірі. Мұсылмандар (Ислам дінін ұстанушылар) үғымында бұл дін Құдай тарапынан ең алғашқы адамнан ең соңғы адамға дейінгі барлық адамзат баласына және барлық заманға жіберілген ең соңғы өсiet болып саналады. Сонымен бірге Ислам – Құран Қәрімде есімдері аталған барлық пайғамбарларға бұрын жіберілген өсietтерді түтел қамтиды. Себебі, бүкіл әлемнің жаратушысы бір Алла (Аллан) ғана. Алла тағала өсietтері әр түрлі пайғамбарлар арқылы әр түрлі ғасырларда әр түрлі қауымдарға баян етілген. Ең соңғы өсietтер Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) жіberілген. Құран Қәрім бойынша, Алла тағаланың жіберген бірегей хақ діні Ислам ғана (3/19) және бұл дінге сенушілерге мұсылман есімін Жаратушының өзі берген (22/78). Аяттарда бұрынғы пайғамбарлар мен оларға сенгендердің (иман еткендердің) барлығы да мұсылмандар еді делінеді (2/128, 2/131–133, 2/135–136, 3/20 және 3/67). Ислам дінінегізгі қағидасы – Жаратушының жалғыздығына қалтқысыз сену. Құран Қәрімде бұл қағида көптеген аяттарда «лө илаһа илла Алла», яғни «Алладан басқа Құдай жоқ, құлшылық етуге лайықты тек Алла ғана» деп түсіндірілген. Мұсылмандар Алла тағаланың періштelerіне, барлық хақ кітаптарға (Таурат, Забур, Інжіл, Құран Қәрім), Құранда есімдері аталған пайғамбарлардың барлығына (Нұх, Ибраһим, Мұса, Дөүіт, Иса, Мұхаммед, т.б.), ахирет күнінің болатынына сенеді. Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) түсірілген Құран Қәрімді өзінен бұрынғы кітаптардың растаушысы және Жаратушының ең соңғы өсietі деп санайды. Құран Қәрімді әлемдегі барлық мұсылмандар өзгеріссіз күйінде



Меккедегі қағба

оқиды. Сол сияқты, Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) да – өзінен бұрынғы пайғамбарлардың болғанын растаушы ең соңғы пайғамбар. Намаз, қажылық, зекет сияқты көптеген ғибадаттар адамдардың қауымдастыруна, жамағат болып бірігуіне ықпал жасайды. Алладан келген хақ дінді шын көңілімен ұстанып, фәнилік өмірінде көп ізгілік, жақсылық жасаған адамдар ахиретте (о дүниеде немесе бақи дүниеде) жәннатта болады. Алла тағала адам баласын өзіне құлшылық ету және ізгілік жасау үшін жаратқан. Әлемдегі нәрселердің барлығын да Алла адамдардың игілігі үшін жаратқан. Өзіне берілген сансыз көп игіліктер үшін Жаратушыға мойынсұну адамның парызы болып табылады. Ислам діні адамның барлық іс-әрекеттерінде шектен шықпаушылықты уағыздайды. Асыра сілтеушілікті, ысырапшылдықты, азғындықты жазғырады. Құран Қәрімдегі аяттарда мұсылмандардың тек ахиретте ғана емес, сонымен қатар осы фәни дүниеде де игіліктерге кенелетіні айтылған (2/201, 7/156, 16/122, 10/64). Ахиреттегі жәннатта болу үшін фәни дүниедегі бақытты төрк ету талап етілмейді. Алла тағала адамдар үшін жаратқан игіліктерді шектеуге немесе һарам етуге ешкімнің хақысы жоқ. Ислам құқығы «фик» немесе «шариат» (қазақ тілінде шаригат) деп аталады. Исламда өркім өзінің күнәсі мен қылмысына ғана жауап береді. Біреудің күнәсін басқа біреу көтермейді. Күнә істеу адамның жаратылысына тән нәрсе. Жалғыз Алла ғана мінсіз. Алайда, адам жасаған қателігіне өкінін, Алладан кешірім сұрауға тиіс.

Бұгінгі күндері Ислам діні жер шарының барлық құрлықтарына таралған. Әлемнің әр қызырындағы мұсылмандар қауымдастырының



Алматыдағы орталық мешіт

## ИСЛАНДИЯ

өзары байланысы Ислам лигасы, Ислам конференциясы үйымы, т.б. халықаралық үйымдар арқылы жүзеге асырылады.

**ИСЛАНДИЯ, Исландия Республикасы – Солтүстік Еуропада, Атлант мұхитындағы Исланд аралында орналасқан мемлекет. Жер көлемі – 103 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 322 мың адам. Тұрғындарының 99%-ты – исландиялықтар. Ресми тілі – исланд тілі. Тұрғындарының көпшілігі христиан дінінің протестант-лютерандық тармағын ұстанады. Астанасы – Рейкъявик қаласы.**

Исланд аралы жанартаулық процестер салдарынан пайда болған, биіктігі 400–800 м қыраттардан тұрады. Кей жерлерінде биіктігі 1000–1500 м-ге жететін тау массивтері кездеседі.

Исландияда балық шаруашылығы жақсы дамыған. Жылдық ұлттық табыстың 20%-ын, импорттың 80%-ын осы сала өнімдері құрайды. Жылына 1,5 млн. т балық ауланады. Соңғы жылдары туризм мен тұсті металл (алюминий) шығару тез дамып келеді. Аумағының 20%-ы ауыл шаруашылығына қолайлыш, 1%-ы өнделген. Ауыл шаруашылығында халықтың 5%-ы жұмыс істейді, қой, сиыр өсіреді, картофен мал азықтық шөптер егіледі.



Рейкъявик қаласы



Исланд аралындағы гейзер

**ИСПАНИЯ, Испания Корольдығы – Еуропаның өңтүстік-батысында орналасқан мемлекет. Пиреней түбегінің көп бөлігін және Жерорта теңізіндегі Балеар, Питиус аралдары мен Атлант мұхитындағы Канар аралдарын иеленеді. Жер көлемі 505,9 мың км<sup>2</sup>. Испанияға, сондай-ақ Солтүстік Африка жағалаулырындағы Сеут және Мелилья қалалары мен оларға жақын жатқан Велесдела-Гомера, Алусемас, Чифаринас аралдары да қарайды. Халқы 47,3 млн. Негізінен, испандар, каталондар (15 млн-нан астам), галисилер (3 млн.), баскилер (2 млн.), т.б. Ресми тілі – испан тілі. Халқы, негізінен, католик дінін ұстанады. Астанасы – Мадрид қаласы.**

Испания субтропиктік белдеуде орналасқан. Жері таулы, үстіртті болып келеді.

Онеркәсіптің көлемі жағынан Испания Батыс Еуропада 5-орын, дүние жүзі бойынша 8-орын алады. Елде машина, кеме жасау, ұшақ шығару, электртехника, химия, тоқыма өндірістері жақсы дамыған. Соңғы жылдары тау-кен өндірісі жыл сайын кеміп, оның онына электронды жабдықтар өндірісі дамуда. Ел пайдалы қазбаларға бай, бірақ жүзден аса қазбалардың тек 16-сы ғана өндіріледі. Ауыл шаруашылығы жақсы дамыған. Шарап (дүние жүзінде 3-орында), цитрустық жеміс-



Мадридтегі Король сараясы



Барселона қаласы



тер, бидай, күріш, темекі, көкеніс, т.б. есірледі. Зәйтүн майын шыгарудан Испания дүние жүзінде 1-орында. Мал шаруашылығы да жақсы дамыған. Тәңізден балық аулау мен теніз азық-тұліктіктерін пайдаланудан дүние жүзіндегі алғашқы ондықта кіреді. Елге туризм үлкен табыс әкеледі. Жыл сайын Испанияға 62 млн. шет ел туристері келеді.

**ИТАЛИЯ, Италия Республикасы – Еуропаның оңтүстік бөлгінде, Жерорта теңізі жағалауындағы Апеннин түбегінде, Сицилия, Сардиния жөне бірнеше ұсақ аралдарда орналасқан мемлекет. Жер қолемі – 301,2 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 61,5 млн. адам. Халқының 94%-ы италиялықтар. Мемлекеттік тілі – италия тілі. Халқы христиан дінінің католик тармағын ұстанады. Астанасы – Рим қаласы. Италия аумағында төуелсіз 2 мемлекет (Ватикан, Сан-Марино) орналасқан.**

Италия қоңыржай белдеудің орманды аймағы (солтүстігі) мен субтропиктік белдеуде (онтүстігі) орналасқан. Жерінің 80%-ы – тау мен қырат. Ең білік жері – Монблан шыны (4807 м), Альпі тауында ондаған ірі мұздықтар бар.

Экономикасындағы негізгі салалары: машина жасау, автомобиль жасау, тамақ, химия, тігін, металлургия, т.б. Соңғы жылдары роботтар мен электронды жабдықтар өндірісі тез дамып келеді. Ауыл шаруашылығы жоғары деңгейде. Астық өнімдерінен бидай, жүгері, күріш (Еуропада 1-орында), оған қоса жемісжидек, жаңғақ, жұзім (90%-ы – шарап жасауға жұмысалады), қызанақ өсірледі. Қебінесе, сүтті және етті мүйізді ірі қара өсірледі. Теңіз саудасы жақсы дамыған: экспорттың 60–65%-ы, импорттың 80–90%-ы сауда флотының үлесінде. Италия – аса ірі туризм орталығы (жылына 50 млн-нан аса туристер келеді).



Флоренция қаласы

**КАКТУС** – қос жарнақты көп жылдық, шырын сабақты шөптесін өсімдік. Әдетте, жуан, етженді, шырынды сабақтары тікенекті, түкті, қылтанақты болып келеді. Кактустың бұта, ағаш, лиана тәріздес түрлері де кездеседі. Кактустердің Американың шөлді аймақтарында, Оңтүстік Американың ылғалды жерлерінде, тропиктік Африкада және Мадагаскар аралы мен Шри-Ланкада өсетін 220 туысы, 3000-дай түрі бар. Сондай-ақ Австралияда, Үндістанда, Жерорта теңізі жағалауындағы елдерде жерсіндірілген. Қазақстанда сәндік өсімдік ретінде үйде, не оранжереяда өсірледі. Сабағының биіктігі 2–5 см-ден 10–15 м-ге дейін жетеді. Сабағының қабығы мен өзегінде су жиналады, мысалы, кейбір ірі кактустердің сабағында 2000 л-ге дейін су болады. Жемісі – етті, жидек тәрізді. Кактус – тағам (жемісі мен шырынды сабағы), діңі – отын және құрылым материалы ретінде пайдаланылады. Кейбір түрлерінен (лофофора, селеницерус) дәрілік препараттар жасалады.



Мексика кактусы

**КАНАДА** – Солтүстік Америкада орналасқан мемлекет. Жер аумағы – 9,97 млн. км<sup>2</sup>. Халқы 34,6 млн. адам. Тұрғындарының 48%-ы ағылшын канадалықтар, 29%-ы француз канадалықтар, 23%-ы басқа да европалық халықтар, 3%-ы америкалық ұндістер мен эскимостар. Ресми тілдері – ағылшын және француз тілдері. Тұрғындары христиан дінінің католик және протестант тармағын ұстанады. Ел әкімшілік жағынан 10 провинция мен 3 ауماқтан тұрады. Астанасы – Оттава қаласы.

Канада арктикалық, субарктикалық, қоңыржай белдеулерде орналасқан. Оның батысына (таулы) жылды Тынық мұхит, шығысина (жазық) суық Арктика ауда ағыны өсер етеді. Негізінен, жазық және үстіртті келетін Шығыс және Орталық Канадада Гудзон ойпаты, Лаврентий қыраты (биіктігі 100 м), Орталық және Үлы жазықтар орналасқан. Елдің батыс шетінде Кордильер таулы жүйесі (ең биік жері Логан тауы, 6050 м), ал оңтүстік-шығыс шетінде Аппалач таулы қыраттары орналасқан.

Канада – нарықтық қатынастар жоғары дәрежеде дамыған, индустримальды-аграрлы ел. Ел-



Оттавадағы Парламент үйі



Ниагара сарқырамасы

дің табиғи байлықтары мол: мұнай, табиғи газ, көмір, мыс, никель, қорғасын, цинк, темір, алтын, уран, т.б. Экспорттының 81%-ы АҚШ-қа шығарылады және негізінен, автомобилдер, құрал-саймандар, ағаш өнімдері, қағаз, шикі мұнай, табиғи газ, алюминий, мұнай мен тас көмір өнімдері, бидай өнімдерін тұрады. Жерінің 4,9%-ы ауыл шаруашылығына пайдаланылады, астық өнімдері өсіріледі және мал шаруашылығы жақсы дамыған.

**КАРТА** – 1) Жер бетінің, жүлдзызды аспанның немесе оның бөліктерінің картографиялық проекцияларды пайдалана отырып, шартты белгілер арқылы жасалған кішірейтілген бейне-ұлгісі. Кarta немісше Karte – түпнұсқа; ал грек тіліндегі chartes – жазуға пайдаланылатын папирус парагы деген үғымды білдіреді. Картадан өзен арнасының, топырақ жамылғысының, жыралардың өзгеруін, батпақтанудың, елді мекендер мен жолдардың сипаттын, т.б. анықтауға болады. Масштаб бойынша нысандардың өзара орналасуы мен байланысын, сапалық және сандық сипаттарын анықтайды. Картаның өндіріс пен шаруашылықта, ғылым мен елдің қорғаныс саласында маңызы зор. Сонымен бірге іздестіру жүргізуде, жоспарлауда, әр түрлі құрылыш тұмарларын жобалауда кеңінен қолданылады; 2) белгілі бір мәліметтер тізбегі жазылған бланкілер (санаториялық-курорттық карта, т.б.); 3) Шығыс халықтарынан таралған ойын түрі. Әрбір топтамасы белгілі бір ретпен бейнеленген 36 немесе 54 парақшадан тұрады.

**КАРТОП**, картофель – алқа тұқымдастарына жататын көп жылдық дақыл. Картоптың 150-ге жуық түрі белгілі. Отаны – Онтүстік және Орталық Американың таулы аудандары. Бір жылдық дақылдық картоп, негізінен, 2 түрге бөлінеді. Анд картобы Колумбия, Эквадор, Перу, Боливия және Аргентинада өседі. Чили (Еуропа) картобы климаты қолайлы елдерде өседі. Картоп Қазақстанға Еуропадан әкелінген, республиканың барлық аймақтарында өсіріледі. Картоп жарықсүйгіш, ылғалсүйгіш (өсіреле, гүлдеу және түйнектүзілу кезінде), суыққа төзімді дақыл. Картоптың биіктігі 40–80 см, кейде 150 см-ге деңін жетеді. 1 гектардан орта есеппен 100–200 ц өнім тусаді. Картоп тағам, мал азығы және өнеркә-



Картоп

сілте техникалық шикізат ретінде пайдаланылады. Зиянкестері: картоп тұн көбелегі, колорадо қоңызы, т.б.

**ҚАСПИЙ ТЕҢІЗІ** (ескі тарихи атаулары: Қаспи, Гиркан, Хвалын, Хазар, т.б.) – Еуразия құрлығының орталығында, мұхиттардан алыста, оқшау жатқан түйік су алабы. Дүние жүзіндегі ең ірі түйік су айдыны,



Каспий теңізінің ғарыштан түсірілген суреті

үлкендігіне қарап теңіз деп атайды. Ауданы 376 000 км<sup>2</sup>. Меридиан бағытында 1200 км-ге созылған, орташа ені 300 км. Жағалау сызығының ұзындығы 7000 км, оның Қазақстанға тиесілі ұзындығы 2340 км (солтүстік жағалауының басым бөлігі және шығыс жағалауың солтүстік жартысы), қалғаны Ресей, Әзербайжан, Туркменстан және Иран жерімен шектеседі. Беті мұхит деңгейінен 28 м төменде жатыр. Ең терең жері 1025 м, орташа тереңдігі 180 м. Ірі шығанақтары: Маңғыстау, Қазақ, Қарабұғазкөл, т.б. 50-ге тарта аралдар бар (ірілері: Құлалы, Шешен, Артем, т.б.). Ірі тұбектері Маңғыстау, Аппшерон, Аграхан, Красноводск, Шелекен. Жағалауында теңіз сүйнің бұрынғы жоғары тұрған кезеңін дәлелдейтін теңіз террасалары көп. Қаспий теңізінің қалыптасуы ұзақ геологиялық мерзімде өтті. Осы уақыт ішінде теңіз сүй бірде жағалауды басты (трансгрессия), бірде сүй кейін қайтып отырды (регрессия). Қаспийдің шаrasы тереңдігі және түпкі бедері жөнінен 3 болікке бөлінеді. Құрлықтық қайранда орналасқан солтүстік бөлігі тайыз (10–20 м). Орта түсындағы ойпаңда тереңдігі 788 м. Оңтүстік бөлігі терең ойпаң (1025 м). Теңізге 130-дай өзен құяды. Ағын су көлемінің 80%-ын Еділ, 5%-та жуығын Жайық өзендері берсе, Терек, Сулак, Самур өзендері 5%-дан астамын, Кура өзені 6%-ын береді. Иран жағалауындағы өзен мен Кавказдың кіші өзендері 4%-та жуығын береді. Қаспий теңізіндегі Қарабұғазкөл шығанағының маңызы зор. Әсіресе, оның сүйнің деңгейі мен тұздылығын сақтауға ықпал етеді. Теңіздің 1 км<sup>3</sup> сүй шығанаққа 13–15 млн. тонна әр түрлі минералды тұздар алғып келеді. Теңіз деңгейінің көтеріліп немесе төмен түсіп отыруының себептері туралы көптеген болжамдар бар. Олардың негізгілері: фаламдық



Теңіз жағалауы



Каспий теңізіндегі мұнай мұнарасы

геологиялық құбылыштар және теңіздің аймақтық ерекшеліктері. Теңіз айдыны кей жерлерде 100 км-ге дейін жайылып, көптеген мұнай өндірісі нысандарын, шабындықтарды, жайылымдарды, жолдарды су басты. Каспий теңізінде балық аулау кәсібі жақсы дамыған.

**КАУЧУК** – эластикалық полимер. Каучук табиғи және синтет. болып екіге бөлінеді. Табиғи каучук – тропикалық өсімдіктердің, олардың ішінде гевея ағашының сүт тәрізді сөлінен алынатын жабысқақ, жұмсақ, серпімді зат. Синтетикалық каучукті алғаш рет 1932 ж. академик С.В.Лебедев алды. Бұл әдіс бойынша алдымен катализаторлар (мырыш оксиді мен алюминий оксиді) қатысында спирттен бутадиен алынды, оны натрий катализаторы қатысуымен полимерлеу арқылы синтет. каучук алды. Қазіргі кезде бутадиенде алу үшін мұнайдан алынатын көмірсутектер қолданылады.

**КЕКІЛІК** – тауықтөрізділер отряды қырғауыл тұқымдасына жататын әдемі құс. Негізгі мекені – тау-тасты жерлер. Қазақстанда Же-



Кекіліктер

тісу (Жоңғар) Алатауында, Тянь-Шаньнің солтүстігінде, Іле және Солтүстік Алатауда, Қаратаяда, Сауыр мен Тарбағатайда, Үстіртте және Маңғыстау түбегінде кездеседі. Дене тұрқы 35 см, салмағы 370–770 г. Жабын қауырсыны біркелкі реңді, ақшыл түсті алқымы қара жолақпен көмкөрілген, екі қапталында ақ және қоңырқай реңді көлденең жолақтары бар. Тұмсығы, көзінің айналасы қызыл, аяқтары қызылт түсті болады. Аяғының бұлшық еті жақсы дамыған, сондықтан ширақ қозғалып, тіршілігінің көпшілігін жерде өткізеді. Бұта мен ағаштарға қонақтауы сирек байқалады. Кекілік – отырықшы құс. Орман өспеген тау тастардың арасына қарапайым үя жасайды, онда көбінесе 7–22 жұмыртқа болады. Қазақстан орнитологтары кекілік аналығының екі жерге үя жасап, жұмыртқалайтынын дәлледеді. Мұндай жағдайда бір үядыры ұядағы жұмыртқаны аналығы, екінші үядыры жұмыртқаны аталағы басатыны анықталды. Осылайша кекіліктер қатал қыста шығынға ұшыраған балапандарының орнын толтырады. Кекіліктер өсімдік өскіндері және тұқымдарымен, жәндіктермен қоректенеді. Кекіліктің еті дәмді, арнайы рұқсатпен ауланады.

**КЕМЕ** – суда не су астында жүзе алатын, жүк немесе жолаушылар тасуға және басқа да жұмыстарға арналған су көлігі. Алғашқы кезде суда жүзу үшін адамдар ағаш діңін, салды, кейіннен ағаш діңінен ойылып жасалған қайықтарды пайдаланды. Бұлар ескеқ арқылы қозғалысқа келтірілді. 15-ғасырдан бастап ескеқ орнына желкен пайдаланыла бастады. Донғалағы бу күшімен айналатын алғашқы кеме: Англияда 1802 ж., АҚШ-та 1807 ж., Ресейде 1810 ж. жасалды. 19-ғасырдың 2-жартысынан бастап кеме жасауға темір қуралымдары



Жолаушылар кемесі



Әскери кеме

кеңінен пайдаланылды. Пайдалану мақсатына ақрай кеме азаматтық және әскери кеме болып ажыратылады: 1) азаматтық кемелер – коліктік, көсіптік, арнайы мақсатқа арналған, спорттық кемелер болып бөлінеді. Қоліктік кемелер жолаушылар немесе жүк тасуға арналады. Сүйиқ заттар (мұнай, бензин, спирт, шарап, сүйибылған газдар, т.б.) тасымалдайтын кемелерге (танкерлер) сүйиқ заттар құбырлар арқылы құйылады. Қос корпусты (өзара ортақ палубамен біріктірілген параллель корпусты) не қалтқы балансирлі жалғыз корпусты кеме – катамаран деп аталады. Катамаранның жүзгіштігі жоғары және өрнікты болып келеді. Оның балық аулауга, жолаушылар және жүк тасуға, спорттық-туристік, т.б. түрлері бар. Шапшаң жүретін, кішігірім кеме – катер деп аталады. Шапшаң жүретін шағын кеменің бірі – глиссер. Глиссердің тұмсық жағы қозғалыс кезінде су үстінде көтеріліп тұрады да, сырғанап келе жатқан тәрізді көрінеді. Рекордтық глиссерге реактивтік қозғалтқыштар да пайдаланылады. Траулер – балық аулауга әрі оны бастапқы өңдеуден өткізуге арналған бір палубалы теңіз кемесі; 2) Әскери кемелер – кластарына қарай: ракеталы, торпедалы және



Жүк кемесі

ракета-торпедалы сұңгуір қайықтар, ұшақтар мен тік ұшақтарды өзінде алып жүретін, десанттық, мина-тральдік, арнайы тапсырма кемелеріне бөлінеді. Қару құрамына және су ығыстырыштығына байланысты әскери кемелер рангілерге жіктеледі.

**КЕМПІРҚОСАҚ** – аспан күмбезінде түрлітүсті доға түрінде көрінетін атмосфера дағы оптикалық құбылыс. Ол аспанның бір жағында торлаған бұлттан жаңбыр жауып, қарсы жағында жарқырап Құн шығып тұрған кезде көрінеді. Кемпірқосақ тікелей түскен Құн сәулесі жаңбыр тамшыларынан өткенде сынып, құрамдас бөліктерге (қызыл, сары, жасыл, көгілдір, т.б.) бөлінуінің және тамшы бетінен



Кемпірқосақ

шагылған, толқын ұзындығы әр түрлі сәулердің дифракциялануы мен интерференциялануы нәтижесінде пайда болады. Кемпірқосақтың айқындығы жаңбыр тамшыларының үлкен-кішілігіне байланысты өзгеріп отырады. Тамшы үлкен болса кемпірқосақ айқын, жарық болып көрінеді. Сонымен бірге, Ай сәулесінен пайда болатын кемпірқосақты Ай кемпірқосағы деп атайды.

**КЕМІРГІШТЕР**, кемірушілер – сұтқоректілер класының ең көп тараған отряды. Қазір олардың дүние жүзінде 32 тұқымдастық (ұшарлар, тиінтәрізділер, құндыздар, жайралар, саз құндыздары, қарақастар, жалмандар, тышқандар, жалғанқосаяқтар, қосаяқтар, алып көртышқандар, атжалмантөрізділер, бұзаубастар, құмтышқандар, қапте-



Кеміргіштер: 1-мара; 2-қоянам; 3-төңбіл тышқан; 4-құз егегүйрығы; 5-пака; 6-шикшима; 7-шиншилла

серлер) 82 түрі кездеседі. Кеміргіштер республиканың барлық аймақтарында кең тараған, тек таудағы мөңгі мұз басқан жерлердеғана кездеспейді. Осыған орай кеміргіштерде маусымдық түлеу қабілеті жақсы жетілген. Дене пішіні, тіршілігі алуан түрлі – 5 см-ден (кішкене қаптесер) 130 см-ге (теңіз доңзызы) дейін, ал салмағы 6 г-нан (ергежайлі тышқан) 80 кг-ға (су шошқасы) жетеді.

Қазақстанда кеміргіштердің 10 түрі (кек суыр, ұнді жайрасы, жалман, бесбармақты ергежайлі қосаяқ, Гептнер ергежайлі қосаяғы, үшбармақты ергежайлі қосаяқ, бозтұсті ергежайлі қосаяқ, алып көртышқан, Роборовский атжалманы, сары алақоржыны) Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

**КЕНГУРУ** – қалталы сүт қоректілер түқымдасына жататын жануар. 15–17 туысқа біріншін 55 түрі бар. Кенгурудың дене түркы 25–160 см, құйрығының ұзындығы 15–105 см (кейбір түрінде өте мықты болады), салмағы 1,4–90 кг. Көпшілік түрі секіріп қозғалады, жүгіргенде жылдамдығы 50 км/сағатқа дейін жетеді. Австралияда, Жаңа Гвинеяда, Тасманияда, Бисмарк архипелагында таралған. Көптеген түрі шөбі қалың, бұта өскен жазық аймақтарда жүреді, кейбір түрі ағашқа жақсы өрмелейді, таулы жерде де кездеседі. Топта-



Кенгуру

нып жүреді, өте сақ жануарлар. Өсімдікпен қоректенеді, бірақ кейбір түрі құрт, жәндікті де жейді. Жылына 1 рет 1–2 күшік туады да, оны бауырындағы қалтасына салып, 6–8 ай асырайды. Көп тараған жерде мал жайылымына, егінге зиян келтіруі мүмкін. Терісі мен еті және хайуанханалар үшін ауланады. Кенгурудың 9 түрі қорғауға алынып, Халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабына» енгізілген.

**КЕНЕСАРЫ Қасымұлы** – қазақ халқының 1837–47 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, Қазақ хандығының соңғы ханы (1841–47). Абылай ханның кіші ұлы Қасым сұлтанының баласы Кенесары 1802 ж. Көкшетау өнірінде дүниеге келген. Жеке басының ержүректік қасиеттері, алға қойған мақсатына жету жолындағы қайсарлығы мен мықты күшжігері оның жетекшілік қабілетін айналасына ерте мойындағы.

Абылай хан үрпақтары Кенесарыға дейінде ұлт-азаттық котерілісіне шыққан болатын. Олар Ресейге қарсы Қоқан ханымен одақтаса отырып күреспек болған еді, бірақ үміттері акталмады. Қерісінше, 1836 ж. Қоқан билеушісінің нұсқауымен Кенесарының бауыры Саржан өлтіріледі. 1840 ж. әкесі Қасым төре қазатапты. Ақылды саясаткер және әскери қолбашы ретінде Кенесары соғысқа мүқият даярланды. Бұл оның қазақтың үш жүзін бір мақсат



жолына біріктіру саясатынан, қару-жарақ соғуды, соның ішінде зеңбірек құюды жүзеге асыру үшін орыс жөне өзге елдің шеберлерін тартуынан көрінеді. Қазақ ақсүйектері екі жарылып, бір тобын көтерілісті қолдаушылар құраса, екінші жағы оған қарсылар болды. Соған қарамастан, Кенесарының қол астына жиырма мыңға жуық сарбаз жиналды. Оның ішінде Орта жұз руларынан басқа, Кіші жұздің шекті, тама, табын, алшын, шемекей, жаппас, жағалбайлы, т.б. руларының, Ұлы жұздің үйсін, дулат, т.б. руларының сарбаздары болды. Әскери қимылдар 1838 ж. Ақмола, Ақтау қамалдарына шабуыл жасаудан басталды. Көтерілісшілер қамалдарды өртеп жіберді. Кенесары соғыс ауқымын Торғай арқылы Кіші жұз жеріне қарай кеңейтті. 1841 ж. қыркүйекте Кенесары үш жұздің өкілдері жиынында қазақ халқының ханы болып сайланды. Осы жылы Кенесарының әскери Қоқан хандығының иелігіндегі Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт қамалдарын алды. 1843 ж. Ресей үкіметі Кенесарыға қарсы кең көлемді әскери жорық ұйымдастырыды. Кенесарының әскери Ресей армиясы мен Ресей жағында құресуші қазақ сұltандарын бірнеше рет ойсырата женді. Алайда, әскери қуаты әлдеқайда басым жау Кенесары сарбаздарын Жетісуға шегінуге мәжбүр етті. Азаттық үшін шайқаста Кенесары қырғыз манаптарының өзіне бағынуын талап етті. Алайда, патша әкімдерімен құпия байланыста тұрган манаптар оған мойынсұнбады. Кенесары бағынудан бас тартқан қырғыздарға шабуыл жасады. Өз жақтастары ішіндегі опа-



Астанадагы Кенесары ескерткіші

сызыдық салдарынан Кенесары мен інісі Наурызбай дүшпандарының қолына түсіп, 1847 ж. Қырғызстандағы Жетіжал жотасының оңтүстік алабындағы Кекілік-Сенгір аңғарында айуандықпен өлтіріледі. Жаулары оның басын кесіп алды, орыс өкімшілігіне жібереді. Князь Горчаков Кенесарының басын Батыс Сібір бас басқармасындағы «Кенесары бүлігі туралы» іске қосып сақтауға бұйрық береді.

Кенесары тұлғасына жаңаша қарап, оның шынайы бағасын беру ісі Қазақстан тәуелсіз мемлекетке айналғаннан кейін гана қолға алынды. Астана қаласында Кенесарыға ескерткіш қойылған жөне онда оның есімімен аталатын көше бар.

**КЕНИЯ, К е н и я Р е спубликасы –** Шығыс Африкада орналасқан мемлекет. Жер көлемі – 582,6 мың км<sup>2</sup>. Халқы 44 млн. адам. Халқының этникалық құрамы банту, нилот, күшит топтарына жататын кикуйю (21% шамасында), луйя (14%), луо (13%), календжин (11%), камба (11%), т.б. тайпалардан тұрады. Ресми тілдері ағылшын тілі мен суахили тілі. Тұрғындарының кейбіреулері дәстүрлі наным-



Найроби қаласы



Кения таулы үстірті

сенімдерін, кейбіреулері христиан дінінің католик және протестант тармақтарын, енді біреулері ислам дінін ұстанады. Астанасы – Найроби қаласы.

Кения Шығыс Африка таулы үстіртінің солтүстік-шығыс шетін алып жатыр. Жерінің орталық бөлігінен экваторсызығы өтеді.

Кения экономикасы нашар дамыған ел. Халқының 80%-ы ауыл шаруашылығында, 7%-ы – өнеркәсіпте, 13%-ы қызмет көрсету салаларында жұмыс істейді. Шетке: шай, кофе, мұнай өнімдері, жеміс-жидектер шығарады.

**КЕНТАУ** – Оңтүстік Қазақстан облысындағы қала. Қаратаудың оңтүстік беткейінде орналасқан. Тұрғыны 80 мың адам. Иргесі Мырғалымсай кентінің негізінде 1955 ж. қаланған. Қалалық әкімшілік округі құрамына Қарнак,



Кентау қаласындағы саябақ

Бұргем, Құшата, Шаштөбе ауылдары кіреді. Қала экономикасындағы ірі кәсіпорындар: «Трансформатор зауыты», «Экскаватор», «Оңтүстікполиметалл» акционерлік қоғамдары т.б.

**КЕҢІСТІК ПЕН ҰАҚЫТ**, мәтематика да – әр түрлі негіздегі құралымдарға орта ретінде қызмет атқаратын логикалық ойлау формасы (немесе құрылымы). Мысалы, элементар геометрияда жазықтық не кеңістік – әр түрлі фигуralар құралатын орта қызметін атқарады. Тарихи жағынан ең алғашқы әр маңызды математикалық кеңістік – уш өлшемді евклидтік кеңістік. Ол нақты кеңістіктің жуық түрдегі абстрактілі бейнесі болып есептеледі. Математикада кеңістіктің жалпы ұғымы Евклид геометриясындағы кеңістік ұғымдарын бірте-бірте кеңірек жалпылау және түрін өзгерту арқылы жасалды. Уш өлшемді евклидтік кеңістіктен өзгеше кеңістік үлгісі түнғыш рет 19-ғасырдың 1-жартысында жасалды. Бұл Лобачевский кеңістігі мен Евклидтік кеңістік болды. Математикалық кеңістік туралы жалпы ұғымды Бернхард Риман ұсынды. Қазіргі математикада кеңістік қандай да бір объектілердің (мысалы, нүктелердің, геометриялық фигурулардың, функциялардың, физикалық жүйе күйлерінің, т.б.) жиынтығы ретінде анықталады. Мұндай объектілердің жиынтығын кеңістік ретінде қарастырған кезде, олардың ешбір қасиеті мен табиғатына назар аударылмайды, тек олардың өзара кеңістіктік – ұқсас формалары мен қатынастары ескеріледі.



Қараганды қемір алабындағы Тентек кеніши

жатады. Кеңіштегі жұмыстардың қосалқы түрлеріне қазбаларды жөндеу, желдету; шахта (карьер) ішіндегі суды сыртқа шығару, электр қуатымен, ауамен және сумен қамтамасыз ету; адамдарды шахтаға түсіріп-шығару, кен сапасын, кен қазу процесін геологиялық және маркшейдерлік өдістермен бақылатп отыру, т.б. жатады. Қазіргі кеңіштер автоматтты басқару, бақылау және байланыс техникасымен жабдықталған, өндіріс процестері толығымен механикаландырылған.

**КЕҢІСТІК ПЕН ҰАҚЫТ**, мәтематика да – әр түрлі негіздегі құралымдарға орта ретінде қызмет атқаратын логикалық ойлау формасы (немесе құрылымы). Мысалы, элементар геометрияда жазықтық не кеңістік – әр түрлі фигуralар құралатын орта қызметін атқарады. Тарихи жағынан ең алғашқы әр маңызды математикалық кеңістік – уш өлшемді евклидтік кеңістік. Ол нақты кеңістіктің жуық түрдегі абстрактілі бейнесі болып есептеледі. Математикада кеңістіктің жалпы ұғымы Евклид геометриясындағы кеңістік ұғымдарын бірте-бірте кеңірек жалпылау және түрін өзгерту арқылы жасалды. Уш өлшемді евклидтік кеңістіктен өзгеше кеңістік үлгісі түнғыш рет 19-ғасырдың 1-жартысында жасалды. Бұл Лобачевский кеңістігі мен Евклидтік кеңістік болды. Математикалық кеңістік туралы жалпы ұғымды Бернхард Риман ұсынды. Қазіргі математикада кеңістік қандай да бір объектілердің (мысалы, нүктелердің, геометриялық фигурулардың, функциялардың, физикалық жүйе күйлерінің, т.б.) жиынтығы ретінде анықталады. Мұндай объектілердің жиынтығын кеңістік ретінде қарастырған кезде, олардың ешбір қасиеті мен табиғатына назар аударылмайды, тек олардың өзара кеңістіктік – ұқсас формалары мен қатынастары ескеріледі.

Уақыт – материяның өмір сүруінің екі формасының бірі. Ол қозғалыстағы материямен үнемі байланыста болып отырады. Әрбір құбылыс белгілі бір орында және белгілі бір уақытта өтеді. Бірақ кеңістікте уақыттан тыс немесе белгілі бір уақытта кеңістіктен тыс құбылыс бола алмайды, уақыттың өтуінің қайтымсыз сипаты бар. Ол өткен шақтан келер шаққа қарай бір гана бағытта өтеді. Олай болса оның өлшемі біреу және оның бұрын өткен бөлігі қайта оралып келмейді. Уақыттың әрбір кезеңін бейнелеп, тұзу сызықтың бір нүктесі ретінде, ал екі кезеңнің аралығында өткен мезгілін тұздудың кесіндісі ретінде қарастыруға болады. Бұл «кесінді» уақыт кесіндісі деп аталағы. Уақыттың әр түрлі кесінділерін өзара салыстыру үшін өлшем бірлік қажет. Ерте замандарда тайпалардың, халықтардың тұрмысына сәйкес «таң атқаннан күн батқанша», «мұз ерігеннен өзен тасығанша», т.б. тиянақсыз, жергілікті өлшем бірліктері болған. Бертін келе адамзат аспан құбылыстарына негізделген уақыт бірліктерін пайдаланатын болды. Олар: тәулік, ай, жыл. Бұлар арқылы сағат, минут, секунд, апта, ғасыр, т.б. уақыт бірліктері анықталады, өлшеу құралдары – қол, қалта, қабырға, мұнара сағаттары, т.б. уақыттың кезеңдері мен кесінділерін орташа құндық сағат, минут, секунд есебінде келтіріп көрсетеді. Уақыттың кезеңдері мен кесінділерін сипаттайтын сандарды да уақыт дейді. Қолданылуына қарай уақыт бірнеше түрде (мысалы, Белдеулік уақыт, Жергілікті уақыт, Декреттік уақыт, Дүниежүзілік уақыт) айтылады.



КЕПЛЕР Иоганн – Коперниктің ілімі негізінде планеталар қозғалысының заңдылықтарын ашқан неміс астрономы. Ол 1571 ж. желтоқсан айының 27-күні Германияның Вюртембергіндегі Вейль-дер-Штадт қаласында дүниеге келген. 1593 ж. Тюбинген академиясын магистр дәрежесінде аяқтаган Кеплерді гимназияга математика пәнінің оқытушысы етіп жібереді. Католиктердің қудалауы салдарынан 1600 ж. Прагаға көшті. Прагада оның оптиканы астро-

номияға қолдану туралы «Виттелоға толықтыру» (1604), «Диоптрика» (1611) атты трактаттары және «Жаңа астрономия» (1609) атты құнды еңбегі жарық көрген. 1619 ж. «Әлем гармониясы» атты еңбек жазып, онда барлық планеталар қозғалысының теориясын бірліктердің III-заңын тұжырымдамасын жасады. 1619 ж. «Кометалар туралы» трактатын, 1627 ж. «Рудольф кестелері» атты үлкен еңбегін жазды, жаңалықтары астрономияның ілгері дамуында елеулі рөл атқарды. Кеплер 1630 ж. 15 қарашада Баварияның Регенсбург қаласында дүниеден өтті.

**КЕПТЕР** – кептертәрізділер отрядының бір тұқымдасы. Жер шарында кең таралған (тек полюстік облыстарда кездеспейді). Қазақстанда 2 туысы: кептер (6 түрі) және түркептер (4 түрі) бар. Кептерлердің қолға үйретілген түрін халық арасында – көгершін деп атайды. Республиканың оңтүстік жартысын-



Кептер

да көк кептер; Алтай, Тарбағатай, Сауыр, Жетісу (Жонғар) Алатауы, Солтүстік және Батыс Тянь-Шаньда құз кептер; Жайық өзенінің аңғарында дыркептер, Арай таңізінен Алакөл қазаншұңқырына дейінгі шөл далада қоңыр кептер таралған. Сондай-ақ, республиканың таулы аймақтарындағы жалпақ жапырақты орман белдеуінің етегінде түркептер; шығыста, оңтүстік аймақтағы тауларда, орманды дала, далалық жерлерде үлкен түркептер кездеседі. Кептерлердің қанатының ұзындығы 180–250 мм, салмағы 240–350 г (дыркептер – 600 г-дай). Екі ақ жұмыртқасын мекиені мен қоразы 14–30 күн бойы кезектесіп басады, балапандарын екеулемп қоректендіреді. Ағаш басына, жартасқа, жардағы інге, қора-жайға, кейбір түрлері жерге үялайды.



**КЕРЕЙ ХАН, К**ирай, Гирей – Қазақ хандығының негізін қалаушы тарихи ұлы екі тұлғаның бірі, алғашқы қазақ ханы. Туған жылы белгісіз. Ақ Орда ханы Орыстың (Өріс) үрпағы. Орыс ханнан Тоқтақия, оның баласы Болат, ал одан Керей тараған. Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінде Керей туысы Жәнібек ханмен бірге 15-ғасырдың 50-жылдарының аяғында Қазақ хандығының құрылуына қатысты оқиғаларда алғаш рет атала бастайды. Керей мен Жәнібек қол астындағы ру-тайпалармен 1457 жылдың күздінде Шу өніріне көшіп келген. Ал 1458 жылдың көктемінде Керейді хан етін көтерді. Көп ұзамай Әбліхайыр ханға наразы сұлтандар, әмірлер, ру-тайпа басылары Керей мен Жәнібекке келіп қосылады. Аз уақыт ішінде Қазақ хандығындағы халықтың саны екі жүз мыңдан асып кетеді. Әбліхайыр хан Керей мен Жәнібекті талқандау мақсатымен 1468/69 ж. жорық үйімдастырады. Жорық кезінде Әбліхайыр хан ауырып, қайтыс болады да, әскері кейін оралады. Көп ұзамай Қөшпелі өзбектер мемлекетінде билік үшін талас-тартыс басталып кетеді. Керей есімі тарихи деректерде соңғы рет 1472–73 ж., Жұніс хан ордасына Бұрыш оғлан деген сұлтанның шабуыл жасауына байланысты аталады. Соған қарағанда Керей 1470 жылдың бас кезінде қайтыс болған.

**КЕСІРТКЕ** – қабыршақтылардың бір отряд тармағы. Олар жер шарының сүйк аймақтарынан басқа жерінің бәріне дерлік таралған. Бұлардың Қазақстанда 11 түрі кездеседі. Мысалы: секіргіш кесіртке (түркі 12 см-дей) республиканың солтүстік бөлігінде, Алтай, Саяуыр, Жетісу (Жонғар) Алатауы, Тарбағатай, Құнгей Алатауында; тірі туатын кесіртке (түркі 7,5 см-дей) Батыс Қазақстан, Ақмола облыстырында, Алтайда; жүгіргіш кесіртке (түркі 8,5 см-дей) мен орташа кесіртке (түркі 7 см-дей) республиканың оңтүстік аймақтарында; жолақты кесіртке (6 см-дей) Каспий маңындағы құмнан бастап, Алакөлге дейін; торлы кесіртке (түркі 10 см-дей) Арас тенізінен Ала-



Кесіртке түрлері: 1-тас ешкіемері; 2-құлақты жұмырбас кесіртке; 3-жасыл игуана; 4-галапагос игуанасы; 5-тенбіл жұмырбас кесіртке; 6-чікыш айдаһар

көлге дейін таралған. Көздерінің қабағы қозғалмалы, ойнақшып тұрады. Қауіп төнгенде көбі құйрығын үзіп тастап қашады, бірақ көп кешікпей жаңадан құйрық пайда болып бұрынғы қалпына келеді. Кесірткелердің көшілігі жұмыртқалайды. Ұсақ түрлері 1–2, орташалары 8–10, ірілері 10-нан астам жұмыртқа салады. Кесірткелердің арасында жемін күндіз де, түнде де аулайтын түрлері бар. Кесірткелер көп ауланған, олардың санының жылдан-жылға азауына байланысты қорғауға алынып, 36 түрі мен түр тармағы Халықаралық табиғат қөргау одағының «Қызыл кітабына», ал республикадағы 3 түрі (жұмырбас шұбар кесірткелер, Зайсан жұмырбас кесірткесі және кесел) Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

**КИНО, кинөнері** – өнердің бір саласы, кинематографияның техникалық негізде қалыптасқан көркем шығармашылық түрі. Фильмді жасауға әр алуан мамандықтағы шығармашылық қызметкерлер: кинодраматург, режиссер, актер, оператор, суретші, компози-



«Кыз Жібек» кинофильмінен көріністер

тор, продюсер, каскадер, экономист, менеджер, т.б. қатысады. Фильм жасауда кинорежиссер жетекші рөл атқарады. Сондай-ақ фильм жасау ісіне техника саласындағы мамандар да (инженерлер, техниктер, лаборанттар мен өзге қызыметкерлер) үлес қосады, алуан түрлі курделі аппаратуралар мен аспаптар қолданылады.

Кино, негізінен, 4 салаға бөлінеді: көркем фильм, деректі, мультипликациялық және ғылыми-көпшілік кино. Көркем фильм кино өнерінің негізгі және кең таралған түрі. Ол әдеби шығарма желісі немесе арнайы жазылған сценарий бойынша актерлердің қатысуымен жасалады. Деректі киноға тарихта, өмірде болған мәні зор оқиғаларды баяндайтын фильмдер мен киножурналдар жатады. Мультипликациялық кино суреттер мен құыршақтарға қымыл бере отырып жасалады. Ғылыми-көпшілік кино – жүртішілікка жаратылыс пен әлеуметтік құбылыстарды ұғындыратын, өнер сырларымен таныстыратын фильмдер жиынтығы. Қазіргі заманда жарнамалық кино өндірісі кең тарағ отыр. Сондай-ақ кино тарихында жалпы халыққа арналған фильмдермен қатар эксперименттік фильмдер де түсіріледі.

Кино өнерінің даму жолы шартты түрде 4 кезеңге бөлінеді. Алғашқы кезеңі – тұнғыш киноның шыққан жылы (1895, ағайынды Луи



«Атаманың ақыры» кинофильмінен көріністер

және Огюст Люмьерлер ойларап тапқан). Ол «жанды фотография» түрінде пайда болып, көп кешікпей көркем фильм, деректі кино және ғылыми-көпшілік кино деп аталатын үш салаға болінді. Тұнғыш фильмдерде баяндалатын оқиға таспаға ірі бөлшектермен түсіріліп, бір-бірімен астына жазылған мәтіндер арқылы ғана жалғасты. Кинода дыбыс болмағандықтан, актерлер сөйлейтін сөздің орнын театрлық шебер ойынымен, бейнелі ыммен толықтырды. Кино өнері дамуының екінші кезеңі – 20-ғасырдың басынан басталды. Бұл дыбыссыз («мылқау») киноның өз алдына өнер болып қалыптасқан кезі. Кино өнері дамуының үшінші кезеңі 20-ғасырдың 30–40-жылдарын қамтиды. Бұл кезеңде кинотаспаға дыбыс жазу техникасы игерілді. Кинодраматургия жылдам өркендеді. Дыбысты киноның пайда болуы актерлер шығармашылығына кең жол ашты.

2-дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін, кино өнері дамуының жаңа кезеңі басталды. Бұл жылдары кинотехникинаң жетіле түсіуімен бірге кино өнеріндегі көркемдік тәсілдер де молайды. Түрлі түсті кино түсіру тәсілі жүзеге асты. АҚШ-та, кейін басқа елдерде кең экранды және панорамалы фильмдер пайда болды. Дыбыс жазу сапасы артып, кең экранды фильмдерде стереодыбыс қолданылды. Балаларға ар-



«Менің атым Қожа» фильмінен көрініс



Киттің су бетіне шығуы

налған мультипликациялық фильмдер шығарудың кеңестік мектебі қалыптасты.

Қазақ киносы Қазан төңкерісінен кейін пайда болды. Алғашқы кинохроника 1925 ж. түсіріле бастады. 1934 ж. Алматыда «Советтік Қазақстан» киножурналын ұзбей шығарып тұратын Республикалық кинохроника студиясы құрылды. «Ленфильм» студиясының ұжымы қазақтың алғашқы кино қайраткерлерінің қатысуымен «Амангелді» (1938, режиссері Марк Левин) көркем фильмін жасады. Ұлт батыры Амангелді Имановты сақна шебері Елубай Өмірзақов сомдады. Қазақ көркем фильмдерінің тарихы өсі туындыдан басталды. 2-дүниежүзілік соғыс жылдарында «Мосфильм» мен «Ленфильм» киностудиялары бөлімшесінің Алматыда болуы қазақ киносының одан әрі өркендер, дамуына игі әсерін тигізді. Бұл студиялар Алматыда өзара бірлесіп, ЦОКС (Біріккен орталық киностудия) деген атпен өзінің қызметін бастады. 1941 ж. Алматыда көркем фильмдер шығаратын киностудия (1960 жылдан «Қазақфильм») үйімдасты. Қазақ киностудиясы алғашқы үйімдасқан кезінен бастап 100-ден астам көркем фильм және 500-дей деректі фильм шығарды. 2003 жылдан бастап Алматы қаласында «Шәкен жұлдыздары» атты халықаралық кинофестиваль өткізіліп келеді.



«Көшпелілер» фильмінен көрініс

**КИТ**, к и т т ә р і з д і л е р – суда тіршілік ететін сүтқоректілер отряды. Фалымдар киттердің арғы тегі құрлықта тіршілік еткен ежелгі түяқтылар не қарапайым жыртқыштар (креодонттар), тіпті, бор кезеңінің жәндіккоректілері де болуы мүмкін деген болжам айтады. Қазіргі кезде киттердің 2 отряд тармағына (тісті кит және мұртты кит) жататын 80-нен астам түрі мұхиттарда, теңіздерде, кейбір түрлери (дельфиндер) өзендерде таралған. Денесінің ұзындығы 1,1–33 м-ге дейін, салмағы 30 кг-нан 150 тоннаға дейін жетеді. Қөшшілік түрінің басы жалпақ, мойны айқын байқалмайды. Алдыңғы аяқтары ескекке айналған. Артқы аяқтары жойылған, тек жамбас сүйектерінің (кей түрінде ортан жіліктің) қалдықтары сақталған. Тыныс алу мүшесі – танау тесігі (1 не 2) төбесіне қарай орналасқан. Ол тек тыныс алу-шығару кезінде ғана ашылады. Барлық киттердің ауыз қуысы өте ұлken. Бұлар ең тісі қөп жануарларға жатады (тісті киттің тісінің саны – 272). Қорегін тұтастай жутады. Қарны күрделі құрылымды (3–14 бөлімнен тұрады). Екі жылда бір рет балалайды. Баласын 4 айдан (майда дельфиндер) 1 жылға дейін (кашалоттар) емізеді. 30–50 жылдай тіршілік етеді. Қөшшілік түрі топтанып, үйрленін жүреді, теңіз жануарларымен қоректенеді. Киттердің саны жылдан-жылға азаюда, әсіресе, ірі киттердің жойылыш кету қаупі бар.


**КИІЗ ҮЙ** – ерте заманнан келе жатқан көшпелілер баспанасы. Еуразия далаларындағы жартылай көшпелі және отырықшы халықтардың арасында да кеңінен таралған. Көшпелінұға лайықталып жасалады, түйе мен атқа арту арқылы жеңіл көшіріледі. Ыстық күнде

киіз үй салқын болса, қысты күні керегесін екіқабат киізбен қаптап, ошақ жағып, жазға дейін отыра беруге болады. Киіз үй – қазақ халқы үшін өмір салты мен әдет-ғұрпының, дүниетанымының рөмізі іспеттес, сан ғасырлық мәдениетінің жарқын айғағы. Киіз үйдің пайда болуы қола дәуіріне саяды (біздің заманымыздан бұрынғы 3-мыңжылдық). Біздің заманымыздан бұрынғы 7-ғасырда киіз басу белгілі бір кәсіпке айналды. Көшпелі сақ тайпаларының киіз үйде тұратынын алғаш рет ежелгі грек тарихшылары (Геродот, т.б.) жазды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын (кереге, сықырлауық, уық, шаңырақ) сүйегі деп атайды. Киіз үйді тіккенде үй сүйегі бір-бірімен бау-басқұрлар (басқұр, құр, таңғыш, шалма, белдеу, бау) арқылы біріктіріліп таңылады. Оның сыртынан ши (шым ши немесе ақ ши) тұтылып, киіз әбзелдер (туырлық, үзік, тұндік, киіз есік) жабылады.

Киіз үйдің сыртқы әбзелдері (туырлық, үзік, тұндік) күн сәулесі мен тамшы өткізбеу, жылу сақтау қызыметін атқарады. Оларды пісірілген шаңқан ақ киізден (кей жағдайларда киіз түсін



Киіз үй



Киіз үйдің ішкі көрінісі

ағарта түсі үшін бор қосатын болған) пішіп, ою-өрнектермен безендіреді. Пішілген киізді тандай өрнекті жіппен жиектеу, мақпал немесе шұғадан дәдегеге ою бастыру киіз үйге салтанатты сән береді. Киіз үйдің басқұрлары мен желбаулары да әшекейлі өрнекпен көмкеріліп, түрлі түсті жіппен тоқылады. Жалпы, киіз үйдің үлкен-кішілігін керегелер санына қарай белгілейді. Киіз үйдің екі, үш қанаттан (көрекеден) бастап он екі, он сегіз, отыз қанатқа дейін жететін түрлері болған. Керегесінің басы 70–80-нен 360-қа дейін барады.

Киіз үй – қазақ халқының өзімен бірге жасасып, тарих белестерінен бірге асқан заттық, тұрмыстық мәдениетінің көрінісі. Ол сонымен қатар қазақ халқының материалдық мұрасының бірегейі ретінде бағаланады. Киіз үй ауылдық жерлерде қолайлы жазғы баспана ретінде өлі де пайдаланылып келеді.

**КИІК**, антилопа – жұптықты қуыс мүйізділер тұқымдасына жататын жануарлардың жиынтық атауы. Киік туысына гарна; қортық киіктер туысына қортық киік; бұранда мүйізді киіктерге үлкен куду, канна, нильгау, төрт мүйізді киік; сиыр киіктер тұқымдасына – бубал (каама), гну; қанжар мүйізді киіктерге ақ орикс, орикс-бейза, аддакс, т.б. жатады. Қазақ халық ауыз әдебиетінде киікке байланысты азыз-әңгімелер, теңеулер жиі кездеседі. «Киіктің киесі бар», «Киіктің матауы», т.б. ұғымдар халық арасында кеңінен таралған. Бұл нағым-ұғымдардың көшілігі тікелей ақбөкенге байланысты айтылған, өйткені киік деп халық көбінесе, ақ бөкен мен қарақүйректы айтады.



Киік

# КЛЕТКА

**КЛЕТКА** – барлық тірі организмдердің құрылышы мен тіршілігінің негізі; жеке тіршілік ете алатын қарапайым тірі жүйе. Клетка өз алдына жеке организм ретінде (бактерияда, қарапайымдарда, кейбір балдырлар мен саңырауқұлақтарда) немесе көп клеткалы жануарлар, өсімдіктер және саңырауқұлақтардың тіндері мен үлпаларының құрамында кездеседі. Тек вирустардың тіршілігі клеткасыз формада өтеді. Клетка терминін ғылымға 1665 ж. ағылшын жаратылыстанушысы Роберт Гук енгізген. Клетканы зерттеу 19-ғасырда басталды. Ол кездеңі ірі ғылыми қорытынды еңбек – клетка теориясы болды. Тіршілікті клетка түрлерінан зерттеу – қазіргі заманғы биологиялық зерттеудердің негізі. Клетканың диаметрі 0,1–0,25 мкм-ден (кейбір бактерияларда) 155 мм-ге (түйекүстың жұмыртқасы) дейін жетеді. Көпшілік эукариотты организмдер клеткасының диаметрі 10–100 мкм шамасында. Клетканың жалпы құрылышы жануарларға да, өсімдіктеге де тән. Көп осімдіктер беріктік қасиет беретін – екіншілік клетка қабықшасын (целлюлозадан) түзеді. Организмде маңызды қызмет атқаратын клеткалар кейде оліп отырады. Мысалы, адам организмінде жыл сайын 70 млрд.



Клетка түрлері: 1-ішек эпителий клеткалары; 2-бактериялар (кокка және ішек таяқшалары, спирілдер); 3-диатом балдыры; 4-бір клеткалы ацетабулария балдыры; 5-жүйке клеткасы; 6-бульшық ет клеткасы; 7-бауыр клеткасы; 8-инфузория туфелька; 9-адам эритроциті; 10-пияз эпидермисінің клеткасы; 11-талашықты клетка



Клетканың құрылышы: 1-ядро; 2-ядрошық; 3-лизосома; 4-тегіс эндоплазмалық тор; 5-түйіршікті эндоплазмалық тор; 6-Гольджи кешені; 7-центролльдер; 8-митохондрия; 9-микротүтікше; 10-рибосома; 11-плазмалық мембрана; 12-секреторлық вакуоль; 13-вакуоль

клетка тіршілігін жояды. Әрбір тін клеткаларының метаболизмі мен реттелу процестерінің бірігуі, олардың үнемі іштей жаңарып тұруы – көп клеткалы организмдер органының қызметінің дүрыс жүруін қамтамасыз етеді.

**КЛИМАТ** – Жер бетіндегі белгілі бір аймақта тән аya райының көпжылдық режимі. Климат (грекше *klima*, *klimatos* – еңкіштік, Құн сөулелерінің Жер бетіне тұсу еңкіштігі) сол өңірдің негізгі географиялық сипаттамаларының бірі болып саналады. Көп жылдық режимге осы өңірдегі аya райының ондаған жыл бойындағы барлық жағдайлары, олардың ішінде: осы жағдайлардың типтік жылдық алмасуы, кей жылдары байқалған аya райының



Климаттың өзгеруіне әсер ететін факторлар



А.Байтұрсынұлы мұражай-үйінің ішкі көрінісі

аномальдік ауытқулары (құрғақшылық, жауышашынды, сұық кезеңдер, т.б.) жатады. Бұрын тек Жер бетіндегі құбылыстарға ғана қатысты айтылатын климат ұғымы 20-ғасырдың ортасынан бастап атмосфераның жоғарғы қабаттарын да қамтиды. Климаттың типтік және сирек байқалатын ерекшеліктерін анықтау үшін метеорологиялық бақылаулардың көп жылдық қатары болуы шарт. Негізгі климаттық сипаттамаларға мынадай метеорологиялық құбылыстарды бақылаудың көп жылдық қатарларының статистикалық өндөу қорытындылары жатады: атмосфералық қысым, желдің бағыты мен жылдамдығы, ауаның ылғалдылығы мен температурасы, бұлттылық пен атмосфералық жауын-шашиң. Сонымен бірге Құн радиациясының ұзақтығын, көріну алыстығын, топырақ пен су қоймаларының беткі қабаттарының температурасын, ылғалдың жер бетінен атмосфераға булануын, қар қабатының қалындығы мен жағдайын, түрлі атмосфералық құбылыстарды және Жер беті гидрометеорологиялық факторларын да (шық, көктайғақ, тұман, Құннің күркіреуі, бұрқасындар, т.б.) есепке алуға тұра келеді.

**КОЛИЗЕЙ, Колоссе́й** – амфитеатр, Ежелгі Римдегі архитектуралық ескерткіш (біздің заманымыздың 75–80 ж.). Құрылыш тас кесек, кірпіш және түрлі бетон қоспаларынан салынған. Колизей амфитеатры гладиаторлар шайқасы мен цирк ойындарын тамашалау мақсатында тұрғызылған. Ортада ойын көрсететін алаңы, айнала сатылап жоғарылай беретін 4 қабатты орындықтары болған (50 мындаі адам сыйған). Отыратын орындар мөрмәр тастармен көмкеріліп, қасбеттері түрлі мұсіндермен



Римдегі Колизей

толтырылған. Колизей – Ежелгі Рим амфитеатрларының ең ірісі және ежелгі дәуір өнерінің көрнекті ескерткіші.

**КОЛУМБИЯ, Колумбия Республикасы** – Оңтүстік Американың солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан мемлекет. Жер аумағы – 1,14 млн. км<sup>2</sup>. Халқы – 46 млн-та жуық. Тұрғындарының 58%-ы метистер, 20%-ы европалықтар, 14%-ы мулаттар, негрлер, үндістер.



Асуфраль жанартауындағы көл



Галерас жанартауы

Ресми тілі – испан тілі. Тұрғындары христиан дінінің католик тармағын ұстанады. Астанасы – Богота.

Жер ерекшеліктеріне қарай Колумбия таулы батыс аймақ және жазық шығыс аймақ болып екіге бөлінеді. Елдің батысында жатқан Анд таулары Батыс, Орталық, Шығыс Кордильера тауларынан тұрады.

Колумбия – экономикасы орташа дамыған ел. Колумбия өлемдегі ең ірі есірткі сату орталықтарының бірі. Экспортқа мұнай мен мұнай өнімдері, кофе, алтын, көмір, банан, гүл, мақта, химия өнімдері, тоқыма өнімдері, қағаз шығарылады.



**КОЛУМБ Христофор** – европалықтарға Америка құрлығын ашқан атақты теңізші. 1451 ж. Италияның Генуя қаласында тоқымашының отбасында дүниеге келген. Жастайынан теніз саудасымен айналысқан Колумб Гвинеяға деңін сапар шегеді. Кейіннен Португалия короліне Еуропадан батысқа қарай жүзу арқылы Үндістанға жету жобасын ұсынады. Португалия королі жобаны қабылдамағаннан кейін Колумб Испанияға кетеді. 1492 ж. 3-тамызда кемемен Палос айлағынан шығып, батысқа жүзеді. Құзде экспедиция Орталық Америкадағы Сан-Сальвадор, Куба, Гаити аралдарын ашады. 1493–96 ж. екінші экспедициясында Ямайканы, Пуэрто-Риконы және Кіші Антиль аралдарын, 1498–1500 ж. үшінші экспедициясы кезінде Тринидад және Маргарита аралдарын тауып, Өңтүстік Америка құрлығын ашуды бастады. Бұл кезде Васко-да Гама Үндістанға Африканы айналып баратын жол ашып (1498), қисапсыз көп олжамен оралған еді. 1502–04 ж. Колумб төртінші рет экспедицияға шығып Гондурас, Никарагуа, Коста-Рика және Панама жағалауын бойлап жүзеді. Бірақ батысқа қарай өтетін жол таба алмай, кейін қайтуға мәжбүр болады. Колумб Ұлы географиялық жаңалықтарды ашуды бастап берді. Бірақ Колумб ашқан жаңа құрлыққа оны тұңғыш сипаттап жазған Америго Веспуччиң есімі берілді. 1506 ж. Испанияның Валядолид қаласында

қайтыс болды. 19-ғасырда Өңтүстік Америка мемлекеттерінің бірі Колумбия деп аталды.

**КОМБАЙН** – бір мезгілде бірнеше жұмысты атқара алатын жұмыс машиналарынан біріктірілген күрделі агрегат. Комбайн (ағылшынша combine – қосу, біріктіру дегенді білдіреді) астық, майлы дақылдар, сүрлем, бақша өнімдері, жеміс-жидек және тамыр түйнекті жемістер жинауға, кен қазуға, т.б. қолданылады. Қолданымына қарай ол кен комбайны, көмір комбайны, ас үй комбайны, ауыл шаруашылық комбайны, т.б. болып бөлінеді. Бұлардың ішіндегі ең көп тарағаны әрі ма-



«Дон» комбайны: 1-қалбагай; 2-дестелегіш бурандалы білік; 3-көлбеу камерасы; 4-бастыру аппараты; 5-сілкілеуіш тақта; 6-торлы тазартқыш; 7-тазарту желдеткіші; 8-астық тазартқыш бурандалы білік; 9-сырымбылығы 6 м<sup>3</sup> шанақ; 10-масақ айыргыш бурандалы білік; 11-қосымша бастырмалагыш қондырығы; 12-сабан сіліккіш; 13-шөмелеуіш

ңыздысы – ауыл шаруашылық комбайны. Ауыл шаруашылық комбайнының: күріш, жүгері, қызанақ, жеміс, т.б. жинайтын, сүрлем дайындастырылған түрлері бар. Комбайндар механизмдеріне байланысты өздігінен жүретін, тіркемелі және аспалы бол үш түрге бөлінеді. Өздігінен жүретін комбайнның жеке қозғалтқышы, трансмиссиясы, жүріс аппараты (дөңгелекті немесе шынжыртабанды), басқару механизмі болады. Осылардың әсерінен комбайнның барлық тетіктері қозғалысқа келтіріледі. Тракторға тіркелетін тіркемелі комбайн тетіктері орнатылған қозғалтқышпен немесе трактор күш білігінен алынатын қуатпен іске қосылады.

**КОМЕТА**, құйрықты жүлдөз – Құн жүйесінің кіші денесі; аспанда оқта-текте тұманданған нысан түрінде байқалып, жулдыздарға қатысты орын ауыстыратын, центрінде ядросы бар аспан денесі. Комета (грекше ко-



Хейль-Бопп кометасы



Макнот кометасы

metes – құйрықты жүлдіз, дәл мағынасы ұзыншашты), яғни ірі құйрықты жүлдіздың Құнғе қарама-қарсы жаққа шұбатылған бір не бірнеше жарқыраған құйрықтары болады. Құннен алыс жерде құйрықты жүлдіз – қаттыдене. Құнғе жақын келгенде Жерден телескоп арқылы, кейде көзben көруге болады. Құн жүйесіндегі құйрықты жүлдіздардың саны өрасан көп: кейбір мәліметтер бойынша олар жүздеген миллиардқа жетеді. Халықаралық келісім бойынша құйрықты жүлдіздар оны алғаш ашқан адамның атымен белгіленеді (мысалы, Эдмунд Галлей, Иоганн Энке – Оскар Баклунда, Девид Морхауза, т.б.).

**КОМПАС**, тұсбағдар – географиялық не магниттік меридианды бағдарлауға арналған құрал. Атқаратын қызметіне қарай магниттік, гирокомпактық, астрономиялық компастарға және радиокомпасқа бөлінеді. Магниттік компаста солтүстік – оңтүстік бағытында магниттік меридиан бойынша орналасатын магниттелген жебенің (стрелканың) қасиеті пайдада-



Компас

ланылады. Гирокомпактық компас – айналу осінің бағытын өзгертуейтін және оны белгілі бір жағдайда географиялық меридиан жазықтығында ұстап тұратын өрі өте жылдам айналатын гирокомпакт роторының қасиетіне негізделген. Астрономиялық компаста пеленгатор кейбір аспан шырағының (мысалы, Құн) орнын үздіксіз қадағалап отырады, соның нәтижесінде (тұрған орнының географиялық координаттары белгілі болса) меридианның бағыты анықталады.

**КОМПЬЮТЕР**, электрондық есептегуші машина – тапсырылған арнастың нұсқаулар жиынтығынан тұратын бағдарлама бойынша есептеу амалдарының күрделі тізбегін орындау арқылы электрондық турде акппарат қабылдауға, өңдеуге, сақтауға және беруге арналған машина. «Компьютер» (ағылшынша computer – есептеуіш; латынша computo – есептеймін) термині 20-ғасырдың 90-жылдары «ЭЕМ» терминін толық ығыстырып шығарды. ЭЕМ тек қана үлкен машиналарға – мейнфреймдер мен суперкомпьютерлерге (су-



Дербес компьютер

пер-ЭЕМ) қатысты қолданылады. Алғашында компьютер сандық есептеулер үшін құрастырылғанымен, оның ақпараттың басқа түрлерінде өндей алатындығы анықталды, өйткені іс жүзінде ақпараттың кез келген түрін сандық түрге келтіруге болады. Мұндай өндеуді іске асыру үшін компьютер ақпаратты сандық түрге және кері айналдыра алатын құрылғылар мен жабдықталады. Сондықтан компьютер көмегімен тек қана математикалық есептеулер жүргізіп қоймай, мәтін, сурет, фотосурет, бейне, дыбыс өндеуге, өндіріс пен көлікті басқаруға, байланыстың барлық түрін атқаруға болады, яғни компьютер қазіргі уақытта адам қолданатын ақпараттың барлық түрін өндей алатын өмбебап құралға айналып отыр.

**КОНВЕЙЕР**, транспорт – үздіксіз жұмыс істейтін көліктік қондырғы немесе машина. Сусымалы, кесек немесе дара жүктерді тасымалдауга арналған. Конвейер (ағылшынша conveyor; convey – тасымалдау дегенді білдіреді) ертеректе Үндістан мен Қытайда



Роботты конвейер



Таспалы конвейер

үздіксіз су көтеретін шынжырлы сорғылар, ал Месопотамия мен Мысырда көп шемішті және винтті су көтергіштер түрінде пайдаланылған. 16-ғасырдан бастап сусымалы (мысалы, үн өндірісінде) және дара заттарды жақын араға жеткізетін конвейерлер қолданылатын болды. Техниканың дамуына байланысты 19-ғасырдан бастап әр түрлі конвейерлер шығарыла бастады және бұларды жасау үшін машина жасаудың бөлек бір саласы пайда болды. Қозғау және жүк тасымалдау тетіктері бойынша конвейерлер бірнеше түрге топтастырылады. Қозғау тетігі бойынша конвейер таспалы, шынжырлы, канатты (арқанды) болып бөлінеді. Қозғау тетігі жоқ конвейерге гравитациялық конвейер, инерциялық конвейер, винттік конвейер жатады. Қозғау тетігі бар конвейер жүк тасымалдау тәсіліне сөйкес таспалы, пластинкалы, күреуішті, шемішті, т.б. болып ажыратылады.

**КОНГО**, Конго Демократиялық Республикасы – Орталық Африкада орналасқан мемлекет. Ол 1971–97 ж. Заир Республикасы болып аталды. Жер көлемі – 2345 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 75,5 млн. адам. 200-ден аса этникалық топтардың өкілдері тұрады, ішіндегі ең ірілері – банту, луба, лунда, монго, т.б. Ресми тілі – француз тілі. Тұрғындарының 40%-ы – христиан дінінің католик, 14%-ы протестант тармағын, қалғандарының көпшілігі жергілікті діндерді, азғана бөлігі ислам дінін ұстанады. Астанасы – Киншаса қаласы (4,5 млн.).

Жерінің көбі қырат, үстірт болып келеді. Орталық және батыс бөліктерін Конго (Заир) қазан шұңқыры, шығысын биік таулар алып жатыр. Ең биігі – Рувензори тауы (5109 м).

Конго – тау-кен және түсті металлургия өнеркөсібі дамыған, аграрлы ел. Конго дүние-



Рувензори таулары

жүзілік рынке кобальттың 70%-ын, техникалық алмаздың 30%-ын береді. Экономикада, әсіресе, тау-кен және түсті металлургия саласында шет ел капиталының (Бельгия, АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Канада, ОАР компаниялары) үлесі үлкен. Ауыл шаруашылығында халықтың 76%-ы жұмыс істегенімен, ел өзін-өзі азық-түлікпен толық қамтамасыз ете алмайды.

**КОНСТИТУЦИЯ, АТАЗАЦ** – мемлекеттің Негізгі Заңы, елдегі барлық басқа заңдарға қатысты жоғары заңды күшке ие заң немесе заңдар тобы. Конституция осы заманғы мемлекеттіліктің маңызды белгісі, мемлекеттің бастапқы саяси және құқықтық құжаты болып табылады.

Болжалды қолданылу мерзіміне қарай Конституция тұрақты және уақытша Конституцияларға бөлінеді. Уақытша Конституциялар елдің түпкілікті конституциялық құрылымын өзірлеу қажет болатын өтпелі кезеңде қабылданады. Кейде уақытша Конституция көптеген жылдар бойына қолданыста болады. Керісінше, тұрақты Конституцияның қолданылу уақыты өте қысқа болуы мүмкін.

Қазіргі әлемдік тәжірибеде жаңа Конституция қабылдаудың түрлі тәсілдері қолданылады. Атап айтқанда, Конституцияны парламент, құрылтай жиналышы, референдум қабылдайды немесе аралас тәсілдермен қабылданады.

1995 ж. 30 тамызда өткізілген бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы – конституция-

лық заңдардың қағидаларын тұжырымдап, бір арнаға келтірген Ата Заң, яғни мемлекетіміздің Негізгі Заңы болып табылады. Ол кіріспеден және 9 бөлімнен (98 баптан) тұрады.

**КОНФУЦИЙ, КУНЦЫ**, Құңц - фұнцы – Ежелгі Қытай ойшылы, Қытайдың мемлекеттік діні – конфуцийшілдіктің негізін салушы. Ол біздің заманымыздан бұрынғы 551 ж. Лу патшалығындағы Цзоуда (қазіргі Қытайдың Шандунь провинциясындағы Цюйфу қаласы) кедейленген ақсүйектің отбасында дүниеге келіп, шамамен 479 ж. сонда дүние салған. Конфуций өмірінің көп болігін Лу патшалығында өткізген. Жас шағында шенеунік қызметін атқарған ол 22 жасынан бастап бала оқыта бастады. Конфуций ілімі ол қайтыс болғаннан кейін біздің заманымыздан бұрынғы 136 ж. мемлекеттік идеологияга айналды. 1503 ж. ресми түрде әулиелер қатарына қосылды. Зерттеушілер Конфуцийдің жеке басына тиісті депtek «Көктем мен Күздін, Лу мемлекетінің тарихы кітabyна» түсіндірмелерін атайды. «Ұлы ілім» мен «Аралық туралы ілім» атты туындылар да Конфуцийдің өзінікі емес, ол тек мұның екеуін де қайта әңгімелеп берген деп саналады. Ол адамның ақыл-ойына, адамгершілік кескін-келбетіне көп көңіл бөлді. Конфуцийдің «битеуші – битеуші, ал бағынышты – бағынышты, әке – әке, ал ұл – ұл болу керек», – деген атақты сөзі кеңінен мәлім. Конфуций қоғамдағы әр нәрсені өз орнына қою қажеттігін, әркімнің міндеттін қатаң да дәл анықтау (мемлекет – үлкен отбасы) керектігін айтты. Ол ел билеушілерін халықты заңдар мен жазалаулар негізінде емес, ізгілік жасаушылар жәрдемімен, биік адамгершілік, имандылық қасиеттер танытатын тәртіпті үлгі ету жолымен басқаруға үндеді. Халықты салық салумен қинамай, әдет құқығы негізінде басқаруды қош көрді. Ең бастысы – басқарушы шынайы принципі әрқашан қатаң ұстануы тиіс. «Халықтың сүйіспеншілігіне қол жеткіз, – деген ол – сонда сен билікке жетесің, егер халықтың сүйіспеншілігін жоғалтар болсаң, он-



Қазақстан Республикасының Конституциясы

## КОПЕРНИК

да билікті де жоғалтып аласың». Конфуций нашар мінез бен келеңсіз әдettі өзгертудің ең жақсы құралы ретінде музықага (юе) зор мән берді. Мұлтіксіз, жетілген адам (цзюнь-цызы) түжырымдамасын жасады. Мұндай адам шыққан тегіне емес, алған тәрбиесіне байланысты өзін-өзі жетілдіру нәтижесінде қалыптасады. Конфуций адамдар арасындағы (отбасында, қоғамда, мемлекетте) мұлтіксіз қарым-қатынас заңын мынадай қанатты сөзбен түжырымданған: «Өзіңе тілемейтініңді басқаға жасама». Конфуцийдің ізбасарлары оның ілімін басшылыққа алып, дамытып отырды. Конфуций мен оның ізбасарларының ілімінде бейнеленген идеялар осы күнге дейін Қытай саяси мәдениетінің аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

**КОПЕРНИК Николай** – дүниенің гелиоцентрлік жүйесін жасаушы поляк астрономы. 1473 ж. ақпанның 19-күні Польшадағы Торуньде өмірге келіп, 1543 ж. 24 мамырда қайтыс болды. Krakow университетінде оқып, 24 жасында каноник (діни лауазым) болып сайланды. Коперник Италияда, кейін өз елінде жүргізген ұзақ зерттеулері мен бақылаулары негізінде 1500 жыл бойы ғылымда үстемдік етіп келген Элем жөніндегі Птолемей іліміне (геоцентрлік жүйе) сын көзімен қарап, оған қарсы пайымдаулар мен қорытындыларға келді. Птолемей жүйесі бойынша Элем кіндігі ретінде қозғалмайтын Жер қабылданса, Коперник жүйесінде Элем кіндігі ретінде Құн алынады. Коперниктің бұл еңбегі ғылымдағы үлкен тоқкеріс болды. Коперник бұл жаңалықтарын өзінің «Аспан сфераларының айналуы» атты кітабында баяндайды. Бұл діншілдердің аспан, Жер жайлары қате қағидаларына қатты



Николай Коперник

соққы болып тиді. Сондықтан да 1616 ж. инквизиция үкімі бойынша Коперниктің кітабы «қара тізімге» алдынып, оны пайдалануға қатаң тыйым салынды. Бұл тыйым тек 1822 ж. ғана күшін жойды.

**КОРЕЯ, Корея Республикасы** – Шығыс Азиядағы Корея түбөгінде орналасқан мемлекет. Жер көлемі – 98,5 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 49 млн. адам. Ресми тілі – корей тілі. Ел атауы корейше Чосон, яғни таң самалының елі деген ұғымды білдіреді. Тұрғындары, негізінен, корейлер. Олардың көшілілігі будда дінін, кейбір бөліктегі конфуцийшілдік пен христиан дінін үстанады. Астанасы – Сеул қаласы.

Корея – таулы ел. Солтүстік жағында Көрей таулары (Кымгансан, Хамчен, Пуджоллен, Кјама, т.б. таулары мен үстірттер) жатыр. Тек батыс жағалаулары ойпатты, жазық келеді.

20-ғасырдың 60-жылдарынан бастап Корея экономикалық жағынан жедел дамыды. 1996 ж. дамыған елдер деңгейіне жетін, «Азия жолбағысына» айналды. Экспортқа электр тауарлары, киім-кешек, аяқ киім, кеме, химия өнім-



Сеул қаласы



Чеджу аралдары

дерін шығарса, мұнай мен мұнай өнімдері, астық және тамақ өнімдері, химия өнімдеріне қажетті шикізаттар басқа мемлекеттерден өкелінеді.

**КОСМОНАВТИКА**, ғарышқа үшін – ғарыш кеңістігіне үшу; Жерден басқарылып үшатын әр түрлі ғарыштық аппараттарды пайдаланып, ғарыштық кеңістікті игеруді қамтамасыз ететін ғылым мен техника салаларының жиынтығы. Оған үшу теориясы, траекторияны есептеу, т.б. ғылыми-техникалық мәселелер – ракета тасығыштарды, ракеталық қозғалтқыштарды, т.б. құрастыру; медициналық-биологиялық мәселелер; ғарыштық кеңістікті игерудің халықаралық құқықтық мәселелерін реттеу жатады. Ғарыштық дәуір 1957 жылдың 4 қазанында, бұрынғы КСРО-да дүние жүзінде алғаш рет Жердің жасанды серігінің үшірілуымен байланысты басталды. Екінші маңызды ғарыш дәуірі – 1961 ж. 12 сәуірде адам баласының (Юрий Гагарин) тұңғыш рет ғарышқа үшүсі; ал космонавтиканың үшінші тарихи оқиғасы – 1969 ж. шілде айының 16–24-і күндері аралығында адамның Айға сапары (Нил Армстронг, Эдвин Олдрин, Майкл Коллинз) болды. Қазір ракета тасығыштар мен ғарыштық аппараттар бірсыптыра елдерде (КСРО-да 1957 жылдан, АҚШ-та 1958 жылдан, Францияда 1965 жылдан, Жапония мен Қытайда 1970 жылдан, Ұлыбританияда 1971 жылдан, Үндістанда 1980 жылдан) жасалып, пайдала-



Ғарыштагы үшу аппараты

нылып келеді. Космонавтика үйтқушы күштің әсерін ескере отырып, ғарыштық үшу аппараттарының тиімді траекториясын есептеуді талап етті. Ғарыштық аппаратты орбитада шығару оған бірінші ғарыштық жылдамдықтан (шамасы 7,91 км/с) артық жылдамдыққа, ал Ай, Марс не Шолпанға үшатын ғарыштық аппараттардың жылдамдығын екінші ғарыштық жылдамдыққа (11,19 км/с) жеткізгенде ғана мүмкіндік туады. Орбитада шығарылған ғарыштық аппарат ракетадан бөлінеді де, аспан механикасының инерция заңдылығы бойынша өзінің үшүйн одан әрі жалғастырады. Ғарышқа шығарылған аппараттар ғарыш кеңістігінің қатаң шартына сай үзақ уақыт өздігінен үшуга қабілетті болуы тиіс. Бұл үшін олардың борты бірнеше жүйелермен: температуралы тұрақты үстайтын жүйе, энергия қоры, Құн сәулесін энергияға айналдыратын батареялар немесе ядролық энергия, Жермен тұрақты байланыс, Жерден басқару жүйелерімен жабдықталады.



Ғарыш кеңістігінде

**ҚӨБЕЛЕКТЕР** – қабыршаққанаттылар отрядының екінші атауы. Қабыршаққанаттылар отрядының негізгі тұқымдастары: ақ көбелек, мұр көбелек, тұн көбелектері, қан көбелек, көгілдір көбелектер, көдімгі күйе көбелектері,



Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген кейбір көбелек түрлері: 1-поликсена көбелегі; 2-тизо сары көбелегі; 3-алқазыл зегрис; 4-алау түсті микрозегрис; 5-каллимак көбелегі; 6-далалық қара көбелек

т.б. Қөгілдір көбелектер қанатының үстіңгі жағы қөгілдір (тұқымдастың аталуы өсідан), кейде кек, жасыл, сарғыш-қызыл, ал астыңғы жағы көкшулан түсті, онда ұсақ көзше дақтары болады. Қанаттарын жайғанда ұзындығы 20–40 мм-ге жетеді. 1000-та жуық түрі белгілі. Жұлдызқұрттары өсімдіктер арасында тіршілік етеді. Қазақстанда 9 түрі ұлттық «Қызыл кітапқа» енгізілген. Қәдімгі күйе көбелектерінің қанаттары ұзын және жінішке (осы бөлігінде жалпақ шашақша түктөрі болады) келеді. Қанатын жайғанда ұзындығы 0,9–1,2 см болады. Бұл тұқымдастың өкілдері жүннен, теріден жасалған бұйымдарға зиян келтіреді және азық-түлік қорын бұлдіреді. Негізгі түрлері: ішек көбелегі, жиһаз көбелегі, қамбар көбелегі.

**ҚӨКЕК** – көкектөрізділер отрядының бір тобы. Қазақстанның барлық облыстарында кездесетін қәдімті көкек және Оңтүстік Алтайдаған мекендейтін меніреу көкек бар. Дене тұрқы 25–40 см. Қауырсыны айқын түсті емес, аяқтары 4 бармақты (екі-екіден қарама-қарсы біткен), ағаш басында жүргүре бейім. Қөкектер тіршілігін, негізінен, ағаш, бұта басында өткізеді. Олардың Қазақстанда кездесетін түрлері ұя салмайды (басқа құстардың ұясын пайдаланады), балапан баспайды. Қөкек балапанының арқасына өте сезімтал бұртік пайда болады. Осы бұртікке басқа зат жанасса-ақ балапан оны лақтырып тастауға бейімделе қалаады. Қөкектер, негізінен, зиянкес түкті жұлдызқұрттармен қоректенеді. Сондай-ақ олар орманның зиянды жәндіктерін жеп пайда да келтіреді. Қөкектер – жыл құсы. Олар жылды



Көкек

жақтан сөүір айында ұшып келеді. Бұл айда қар кетіп, күн жылынып, көкек шақыра бастайды. Қазақтың дәстүрлі құнтізбесіндегі сөүір айының көкек деп те аталуы осыған байланысты.

**ҚӨКШЕТАУ** – Қазақстанның солтүстігінде орналасқан тарихи-географиялық аймақ. Қазіргі Ақмола өблісінің солтүстігі мен оған шектесіп жатқан Солтүстік Қазақстан облысының кейбір аудандарын қамтиды. Орталық бөлігінде Қекшетау қыраты орналасқан. Осында шығыстан батысқа қарай Қекше, Жақсы Жалғызтау, Жаман Жалғызтау, Имантау, Жыланды, Сандықтау, Үлкентүкті, Бұқпа, Кошқарбай, Зеренді таулары, Айыртау, Сырымбет секілді таулар мен Шортанды, Бұркітті асуы, Үлкен Шабақты, Кіші Шабақты, Бурабай, Айнакөл, Айдабол, Зеренді, Қопа, Атансор, Майлышор, Мамай, Саумалқөл, Шалқар, Үлкен Қосқөл, Кіші Қосқөл, Жолдыбай, Қалмаққөл, Шағалалытеніз, Сілетітеніз, Теке, Үлкен Қараой, Кіші Қараой, Қалибек, т.б. көлдер орналасқан. Бурабай көлінің ортасында Жұмбақтас тұр. Бұл аймақта Оқжетпес, «Жеке батыр», Кенесары үңгірі, т.б. тарихи орындар бар. Қыраттың батыс жағынан Есіл өзені ағып етеді. Қөптеген ұсақ өзендер көктемде қатты тасығанымен, жазда сұзы азайып, көпнілігінің арналары кеуіп қалады.

**Қекшетау** – Сарыарқаның солтүстігінде, Қекшетау қыратының солтүстік-шығыс бөлігінде оқшау орналасқан, жақпартасты, орманды-көлді тау. Ең биік жері – Қекше шоқысы (947 м). Ақылбай кезеңі Қекшетауды екіге бөледі: солтүстігінде Қекше, Бура, Жеке батыр, оңтүстігінде Айыртөбе, Шортан шоқылары бар. Қылшықты өзені осы таудан бастау



Үлкен Шабақты көлі



Көкшетау қаласы

алады. Тау беткейлерінде қарағай, қайың, терең, әр түрлі бұта, тау етегіндегі аңғарлардың шалғындық топырағында бидайық, арпабас, бұтақты бидайық, айрауық аралас әр түрлі шөптер өседі.

**Көкшетау** – 1999 жылдан Ақмола облысының әкімшілік орталығы; қала. Астана қаласынан 300 км жерде, Қопа көлінің оңтүстік жағалауындағы көрікті жерде орналасқан. Тұрғыны 137 мың адам. Көкшетау облысы құрылғып, оның орталығы Көкшетау қаласы болды. 1999 жылдың 8 сәуірінен бастап Көкшетау қаласы Ақмола облысының әкімшілік орталығы болды. Қалада тамақ және жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, металл өндеу, химия өндірісі, металл емес бұйымдар өндіру, картон мен қағаз өндіру кәсіпорындары, жылу, электр энергиясын, газ және су тарату мекемелері бар.

**Көкшетау үлттық табиғи саябағы** – Көкшетау қаласынан 60 км жерде орналасқан қорықтық аймақ. 1996 ж. Ақмола облысының Айыртау, Зеренді аудандары аумағында құрылған. Құрамына Шалқар, Зеренді көлдері, Айыртау шоқысы кіреді. Жерінің аум. 586,8 мың гектар, оның 97,7 мың гектары орман-

ды алқап, 166 мың гектары – жайылым, 7 мың гектары шабындық, 289 мың гектары – жыртылған, 25 мың гектарын сулы-батпақты жерлер алып жатыр. Саябақта 200-ге жуық археологиялық ескерткіштер, қола дөүрінен қалған қорғандар мен көне заманғы елді мекен орындары бар. Сырымбет тауының маңында 19-ғасырда тұрғызылған ағаш үй сақталған. Онда ұлы ғалым Шоқан Уөлихановқа тарихи-мемориалдық кешен ұйымдастырылған. Саябақтың осімдіктер әлемі мен жануарлар дүниесі алуан түрлі. Жануарлардан: бұлан, елік, борсық, түлкі, орман сусары, қасқыр, орқоян, актийн, құр мекендейді. Оларды аулауга тыйым салынған. Мұнда биотехникалық жұмыстар жүргізіледі: жабайы аңдарға арнап пішен, ағаш жапырақтары мен бұтақтары дайындалады, тұз себілген алаңдар жасалады. Саябақ жерінде туризм жақсы дамыған.

**КӨЛ** – құрлықтағы ойыстарды (ойпандарды) толтыратын, су алмасуы баяу жүретін, теңізben тікелей байланысы жоқ табиғи су қоймасы. Көл ойыстарының қалыптасуына қарай: бөгелген, ойысты және аралас болып жіктеледі. Бөгелген көл өзен аңгарын тау көшкіндері, сырғымалары, мұздықтар және т.б. базып қалған жағдайда пайда болады. Бөгелген көлге бөгендер мен әуіттер де жатады. Ойысты көлдің мореналық, тектоникалық, жанартаулық, әолдық және карстық деп аталатын түрлері бар. Көлдер ағынды көл (ағатын өзендері бар) және түйік көл болып ажыратылады. Жер шарындағы көлдердің жалпы ауданы 2,1 млн. км<sup>2</sup> (құрлық ауданының шамамен 1,4%-ы). Ондағы жинақталған судың көлемі 176 мың км<sup>3</sup>, оның 52%-ы тұщы су, 48%-ы азы су. Көлде эндемик түрлер, кейде реликт



Көкшетау үлттық табиғи саябағы



Алматы облысындағы Көлсай көлі

түрлер тіршілік етеді. Жер шарының ең ірі көлі – Каспий теңізі, ең терең көлі – Байкал. Қазақстанда Каспий мен Аралды қоспағанда, 48262 көл бар, олардың жалпы ауданы 45032 км<sup>2</sup>.

**КӨМІР** – өсімдік қалдықтарынан түзілген жанғыш, қатты шөгінді кен жынысы. Көмір құрамында әр түрлі мөлшерде минералдық қоспалар (50%-дан аспайды) бар, ол басқа шөгінді кен жыныстарының арасында қабаттар түрінде кездеседі. Көмір үш генетикалық топқа бөлінеді: гумолиттер, сапропелиттер, сапрогумолиттер. Олардың біріншісі – тек жогары сатыдағы өсімдік қалдықтарынан, екіншісі – негізінен, төменгі сатыдағы өсімдік қалдықтарынан, ал сапрогумолиттер аралас өсімдік қалдықтарынан тұрады. Химиялық құрамының, физикалық және технологиялық қасиеттерінің өзгешеліктеріне қарай көмір мынадай негізгі табиғи түрлерге ажыратылады: қоңыр көмір, таскөмір, антрацит. Көмірдің қасиеттері оның петрографиялық құрамына, көмірлену дәрежесіне және минералдық микророкурауштардың мөлшеріне байланысты болады. Көмір – бағалы металлургиялық және химиялық өнеркәсіп шикізаты, отын ретінде



Көмір



Қоңыр көмір

кеңінен пайдаланылады; бітімі қабатты, түйіршікті, құрылымы біртекті және жолақты; түсі қоңырдан сұр қараға дейін, күнгірттен металл түске дейін жылтырайды. Көмір көп таралған пайдалы қазба. Қазақстанда аса ірі көмір кендері Қарағанды, Екібастұз көмір алаптарында орналасқан.


**КӨМІР ҚЫШҚЫЛ ГАЗЫ**, көмір қышқыл газында СО<sub>2</sub> – түссіз, аздап қышқылтым дәмі бар газ; меншікті салмағы 0,0019 г/см<sup>3</sup>, балқу t = 56,6°C, қайнау t = 78,5°C. Газ күйінде суда және кейбір органикалық еріткіштерде ериді. Сүйық көмір қышқыл газы қатты суығанда (қатты СО<sub>2</sub>) қарсияқты массаға «құрғақ мұзға» айналады. Сүмен өрекеттескенде көмір қышқылы түзіледі. Көмір қышқыл газын 1754 ж. ағылшын ғалымы Джозеф Блэк зерттеп, магний карбонатының ыдырауы кезінде бөлінетін газ екендігін айтқан, ал 1789 ж. француз ғалымы Антуан Лавуазье оның құрамын анықтаған. Көмір қышқыл газы қызуға төзімді. Тек 2000°C-тан астам температурада ғана көмірtek оксиді мен оттек түзе ыдырайды. Көмір қышқыл газының фотосинтез процесінде маңызы зор, ол – организмде зат алмасу нәтижесінде түзілетін басты өнімдердің бірі. Лабораторияда көмір қышқыл газын Кипп аппаратында мәрмәрға тұз қышқылымен (HCl) әсер ету арқылы, ал өнеркәсіпте әктасты не борды ыдырату арқылы алады: CaCO<sub>3</sub> CaO+CO<sub>2</sub>. Бұдан шыққан көмір қышқыл газын арнайы әдістермен тазартады. Көмір қышқыл газы, негізінен, тамақ (қант, сыра, т.б.) өнеркәсібінде құрғақ мұз, тағамдарды консервілеу үшін, өрт сөндіруде, газдандырылған су, емдік көмірқышқыл ванна дайындауда, химия өнеркәсібінде сода өндіруде қолданылады.

**КӨМІРТЕК, С** – элементтердің периодтық жүйесінің IV-тобындағы химиялық элемент, атомдық нөмірі 6, атомдық массасы 12,011. Табигатта тұрақты 2 изотопы бар: <sup>12</sup>C және <sup>13</sup>C. Атмосфераның жоғары қабатында ғарыш сәулелерінің әсерінен радиоактивті <sup>14</sup>C изотопы түзіледі. Жер қыртысындағы көміртектің жалпы мөлшері 0,1%, ал атмосферада (CO<sub>2</sub> түрінде) – массасы бойынша 0,012%. Көміртек көмір, күйе түрінде өте ерте заманнан белгілі және әр түрлі металды тотықсыздандырып



Графит

балқыту үшін пайдаланылған. Ол барлық тірі өрганизмдердің – есімдік, жануардың тінінде болады және олардың ыдырауы нәтижесінде пайда болған көмір, мұнай, газ, т.б. органикалық заттарда, көптеген минералдар (кальцит  $\text{CaCO}_3$ , магнезит  $\text{MgCO}_3$ , т.б.) құрамында болады. Көміртек ауада, суда көмір қышқыл газ түрінде, табиғи суларда еріген күйінде кездеседі. Көміртектің 4 кристалдық модификациялары белгілі: алмас, графит, жасанды жолмен алынған фуллерен және карбин. Көміртекті катализатор қатысында қыздырғанда сутекпен өрекеттесін метан, металдар мен карбидтер түзеді. Қыздырғанда балқымай  $3500^{\circ}\text{C}$  температура шамасында буланып ұша бастайды. Ол еріткіштерде ерімейді, бірақ балқыған металдарда (темір, никель, платинада) ериді. Оны салқыннатқанда графит түрінде көміртек бөлініп шығады, сондықтан оны металлургияда металл алу үшін қолданады. Аморфты көміртек газ және сұйық заттарды қоспасынан тазартуда, бояу жасауда, противогаздарда, жасанды алмас алуда, алмас – қатты материалдардың бетін өңдеуде, шыны кесуде, жер бұрғылауда, ал графит – қарындаш жасауда, т.б. қолданылады.



Көміртек атомдарының графит торында орналасуы

**ҚӨПБҮРЫШ ПЕН ҚӨПЖАҚ** – жазықтықтағы кез келген түйік сынық сызық. Сынық сызықтың әрбір бөлігі қөпбүрыштың қабыргасы, ал олардың үштари қөпбүрыштың төбелері деп аталады. Егер сынық сызық қарапайым болса, онда қөпбүрыш қарапайым қөпбүрыш деп, ал күрделі болса, жұлдыз тәрізді қөпбүрыш деп аталады. Кез келген  $p$  қабыргалы өзара қыылышпайтын қөпбүрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы ( $n=2$ )  $180^{\circ}$ -қа тең. Әрбір қарапайым қөпбүрыштың кем деңгендегі бір бұрышы жазық бұрыштан кіші болады. Бір қабырганың үштари болмайтын екі төбені қосатын кесіндіні қөпбүрыштың диагоналы дейді. Егер қөпбүрыштың барлық қабыргалары мен ішкі бұрыштары өзара тең болса, онда оны дұрыс қөпбүрыш деп атайды. Дұрыс қөпбүрыш әрқашанда дөңес болады. Тек үшбүрыштың ғана қабыргаларының тәндігінен бұрыштарының тәндігі шығады. Жалпы жағдайда олай болмайды. Қабыргалары тең, бірақ бұрыштары әр түрлі  $p$  бұрышты қөпбүрыш ( $n>3$ ) және бұрыштары тең, бірақ қабыргалары әр түрлі  $p$  бұрышты қөпбүрыш болуы мүмкін. Дұрыс қөпбүрыштың барлық төбелері арқылы өтетін сырттай шенбер сизуга болады.

**Қөпжақ**, уш өлшемді кеңістікте – бірнеше (шектеулі) жазық қөпбүрыштан құрылған геометриялық бет. Қөпжақ құрамындағы қөпбүрыштың әрбір қабыргасы оған іргелес екінші қөпбүрыштың да қабыргасы болып саналады. Ал әрбір қөпбүрыштан іргелес қөпбүрыштар арқылы кез келген қөпбүрышқа өтүге болады. Жазық қөпбүрыштарды қөпжақтың жақтары деп, екі қөпбүрыштың ортақ қабыргасын қөпжақтың қырлары деп, ал қөпбүрыштардың төбелерін қөпжақтың төбелері деп атайды. Егер қөпбүрыштың барлық төбесі кез келген жағы арқылы жүргізілген жазықтықтың бір жағында орналасса, онда оны дөңес қөпжақ деп атайды. Барлық жақтары тең және дұрыс, барлық төбелеріндегі көп жақты бұрыштары тең және дұрыс болатын қөпжақ дұрыс қөпжақ деп аталады. Бар болғаны 5 дұрыс қөпжақ бар. Олар – куб, тетраэдр, октаэдр, икосаэдр, додекаэдр (бұлар Платон денелері деп аталады).



Көпжақтың түрлері: 1-куб, 2-тетраэдр, 3-октаэдр, 4-иксоаэдр, 5-додекаэдр

**КӨТЕРГІШ КРАН** – жүкті көтеру жөне жылжыту (тасымалдау) процесін циклмен атқаратын жүк көтергіш машина. Көтергіш кран көпір, ферма, мұнара, платформа, діңгек, же бе не таған тәрізді металл құралымдардан; шығыр, тельфер, шток, рычаг сияқты көтергіш механизмнен; ілгек, траверса (көлденең тірек), қысқыш не шеміш секілді жүк қармағын жабдықтардан тұрады. Құралымдық ерекшеліктеріне сай көтергіш кран бұлардан басқа қосымша қондырылармен және механизмдермен жабдықталады. Бумен жұмыс істейтін алғашқы жүк көтергіш кран Ұлыбританияда 1830 ж., гидравликалық жүк көтергіш кран да осы елде 1847 ж. жасалды. Порттарда

жүк тиесінде жөне ірі су техникалық құрылыштарында құрылымдарын тасымалдау жұмыстары порталды көтергіш кран мен жүзеге асырылады. Бұл кран портал деп аталатын биік тірекке орнатылады да, рельс үстімен жылжиды. Суда жүзіп көтеру-тасымалдау жұмыстарын атқаратын, арнаулы кемеге (понтонға) орнатылған кран жүзбе кран деп аталады. Ирі құрылыштарда, ашық тау-кен жұмыстарында және ағаш дайындау жұмыстарында кабельдік кран пайдаланылады. Ол қозғалмайтын немесе жылжымалы болып жасалған екі тірек мұнарадан тұрады. Мұнаралар арасына болат арқан тартылған. Онымен жүк арбашасы қозғалады.



Шынжыртабанды көтергіш кран



Порттағы көтергіш кран

**КӨШПЕЛІЛІК** – көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық даму жүйесі, шаруашылық-мәдени типі. Біздің заманымыздан бұрынғы екі мыңнан жылдықта еуразиялық және афразиялық арилдік аймақта қалыптасты. Көшпелілік тайпалық одақтар құрылған кезден-ақ өнім өндіру шаруашылығы ретінде орнығып, эволюциялық жолмен дами бастады. Көшпелілер мал жаудың тәсілдерін жетілдіре отырып, игерілмей жатқан жерлерді пайдаға асыруға қолайлышағдай туғызды. Әрдайым көшіп-қонуга дайын отырган дала көшпелілері үшін мал қүзету, аң, балық аулау, егін егу тұрмыстың дағдылы машығына айналды. Көшпелілік отырықшылар мәдениетімен тікелей өзара байланысты болды, өйткені олар Шығыс пен Батыс елдері арасында делдалдық рөл атқарды. Еуропалық қоғамда зат иелену мен азаматтық қатынастар шешуші қызмет атқарса, көшпелілерде туысқандық, рулық байланыстар аса құнды болып есептелінді. «Ата қоныс» ұғымы көшпелілер үшін қасиетті болды. Қоршаган



Көш

орта киелі таулардан, өзендер мен колдерден, аруақтар жатқан молалардан, т.б. тұрды. Көшпелілер уақыт пен кеңістікті игерे отырып, климат ерекшеліктерін ұтымды қолданады. Мысалы, Қазақстанда ерте заманнан бері Арқаның теріскейіндегі орманды-далалы алқапты, оңтүстік-шығыстағы таулы өңірді – жайлалау, ал оңтүстік және орталық аймақты қыстау ретінде пайдаланды. «Құрғақ даланы, – дейді ағылшын тарихшысы, социолог Арнольд Джозеф Тойнби – тек бақташы ғана менгере алады, бірақ сол далада тіршілік етін, табыстарға жету үшін ол өзінің шеберлігін тынбай жетілдіре беруге міндетті, ол ерекше адамгершілік және парасаттылық қасиеттерді қалыптастырады». Көшпелі өмір, төрт түлік мал, жер-ана барлығы жинала келе көшпелілердің материалдық иғілігін, дүниетанымын қалыптастырып, төл мәдениетін жасады. Көшпелі өмір тіршілігіне сай қара құшке мығым, қыншылыққа төзімді, құбылмалы табигат жағдайына тез икемделгіш, ат үстіндегі алыс сапарларды қайыспай көтеретін дала перзенттері, жан-жақты жетілген адамдар қалыптасты. Дала көшпелілерінің ақынжанды болуы, ой-қияльшың жүйрік болып келетіні көшпелі тірпіліктің арқасы еді.

**КРИСТАЛДАР** – атомдары мен молекулалары кристалдық тор түзетін қатты денелер. Кристалдар (грекше krystallos, оның алғашқы мағынасы мұз дегенді білдіреді) қатты денелердің тепе-тендік күйі болып табылады. Белгілі бір термодинамикалық (қысым, температура) жағдайда кристалдық күйде болатын химиялық заттың нақты, тек өзіне тән кристалды атомдық құрылымы болады. Бұл құрылым атомдардың орналасуына байланыс-



Лазурит кристалы


ты кристалдардың сыртқы симметриясын және олардың анизотропиялық қасиеттерін бейнелейді. Табигатта және техникада кездесетін қатты материалдардың көпшілігі – поликристалдар. Олар ретсіз орналасқан ұсақ кристалдардан (кристалиттер) құралады. Бұған көптеген минералдар, техникалық металдар мен қорытпалар жатады. Кристалдардың жеке ірі түрі монокристалл деп аталады. Табигатта салмағы жүздеген килограмға жететін кварц, дағла шпаты, флюорит кристалдарымен қатар мелшері өте ұсақ алмас кристалы да кездеседі. Кристалдар электроникада, оның ішінде, кванттық электроникада ерекше орын алады. Аса қатты кристалдар (алмас, т.б.) материалдарды өндеуде және бүрғылау ісінде пайдаланылады. Лағыл, сапфир, т.б. кристалдар сағат және басқа да дәл өлшеуіш аспаптардың негізгі элементі болып есептеледі. Зергерлік істе қымбат асыл тастар (табиги және синтетикалық) пайдаланылады. Қазіргі кезде синтетикалық кристалдар кеңінен қолданылуда.




Табиги кристалдар

**КУБА, Куба Республикасы** – Америкадағы, Вест-Индиядағы мемлекет. Оңтүстік және Солтүстік Америка құрлықтары аралығында Куба, Хувентуд (Пинос) және олардың жанындағы Улкен Антиль аралдар тобында орналасқан. Аралдардың көпшілігінде халық қоныстанбаған, ұзын саны 1600-ге жуық. Құрлықтағы жер аумағы – 110,86 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 11,0 млн. адам. Этникалық құрамы жағынан 65%-ы Испаниядан шыққандардың үрпақтары, қалғандары – негрлер, метистер, мулаттар. Ресми тілі – испан тілі, діні – католик. Астанасы – Гавана қаласы (2,3 млн.).

Куба жерінің үштен бір белгі таулы қырат, қалған белгі жазық. Елдің Орталық және ба-



Гавана қаласы



Парсы шығанагының жагалауы



Виньялес аңгары



Шұраттагы түйелер

тыс әңірлерінде Кордильера-де-Гуаниганико, Гавана – Матансас, Бехукаль – Мадруга, Санта-Клара, Гуамуая қыраттары, шығысында Сьерра-де-Кубитас, Сьерра-де-Нахаса қыраттары, оңтүстік-шығысын Сьерра-Маэстра тауы (ең биік жері 1974 м) алып жатыр.

АҚШ тарапынан болып отырган эмбарго саясаты салдарынан Куба экономикасы қазіргі таңда дағдарысты жағдайды басынан кешіріп отыр. Экспортқа қант, минералды шикізаттар, темекі, цитрусты жемістер мен балық өнімдері шыгарылады. Жанар май, машина, құрал-саймандар, азық-түлік, сусындар сырттан өкелінеді. Ауыл шаруашылығына жарамды жерлер ел аумағының 34,2%-ын құрайды.

**КУВЕЙТ, К**увейт мемлекеті – Батыс Азияда, Арабия түбегінің солтүстік-шығысы мен Парсы шығанагының 9-аралында (Бубиян, Кару, Файлак, т.б.) орналасқан мемлекет. Жер аумағы – 17,8 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 2,7 млн. адам. Оның 40%-ы кувейттік арабтар, 40%-ы кувейттік емес арабтар, 5%-ы үнділер мен пәкстандықтар, 4%-ы парсылар, т.б. Рес-

ми тілі – араб тілі. Діні – исламның суннит (70) және шиит (30) тармақтары. Астанасы – Өл-Кувейт.

Кувейт жері үстіртті және ойпатты келеді. Жері сұр топырақты. Өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесі жұтаң. Өзен, көлдері жоқ. Мұнай және газ қоры жөнінен дүние жүзінде алдыңғы орындардың бірінде.

Экономиканың 93%-дан астамын мұнай және мұнай өнімдері құрайды. Оған қоса химия өндірісі, газ, өнеркәсіп тауарларын шығару жақсы жолға қойылған. Жерінің 1%-ы ғана ауыл шаруашылығына жарамды.

**ҚҰЛТЕГІН** – түркі мемлекетінің көрнекті әскери қолбасшысы. Ол 684–731 ж. өмір сүрген. Құтлұғ қағанның кенже баласы Құлтегін 712–713 ж. ағасы Білге қаған және Тонық-көкпен бірге түріктердің әскерін бастап келіп, араб қолбасшысы Кутейба ибн Мұслиммен соғысты. Жеңіліс тауып, кері шегінгенде Құлтегін үлкен жасақпен кейін қалып, негізгі құшті қорғап қалды. 714 ж. Білге қаған мен Құлтегін бірлесіп қарлұқтар мен олардың одақ-



Қолбасшы Күлтегін

тастарына соққы берді. 715 ж. Күлтегін азаларды Қаракөл өзені төңірегінде ойсырата жеңді. 716 ж. бұлік шығарушылардың шабуылынан Қапаған қаза табады. Күлтегін билікке ағасы Білге қағанды отырғызыды. Күлтегін қағандықтың сол қол шады және бас қолбасшысы болып тағайындалды. Олар дана Тонықөкті ел басқару ісіне шақырды. Күлтегін өзін қаблелетті қолбасшы ретінде танытты. 718 ж. қас жауы табғаштар шабуылын тоқтатады, шамамен 721–722 ж. Қытайға, 722–723 ж. татабыға жорықтар жасап, іргелес мемлекеттерге мойындасты.



Астанадагы Еуразия университетінің залына қойылған «Күлтегін» ескерткішінің көшірмесі

723–733 жылдар аралығында мемлекет ешбір елмен соғыспай, халық бейбіт өмір сүрді. Оның құрметіне жазылған Күлтегін жазуы тек түркі халықтарының ғана емес, бүкіл адамзаттың бага жетпес мұрасы болып табылады.

**Күлтегін жазуы** – ежелгі түркі жазба ескерткіші. Моңголиядағы Қарабаласаған қаласының қираган орнынан 40 км жерге, Орхон өзені бойындағы Эрдени Цзу монастырының (8-ғасыр) жанына орнатылған. Ескерткіштің биіктігі 3,15 м, ені 1,34 м, қалындығы 0,41 м. «Күлтегін» жырының үлкен жазуы көлемі жағынан 428 өлең жолынан (құлпытастағы руналық жазу бойынша есептегендеге 53 қатар) тұрады. Бұл жыр дербес алты хикаядан, яғни алты оқиғадан құралған. Жырда Күлтегін түркі елінің «төрт бұрышындағы» барлық жауды жеңіп, елде тыныштық, бейбіт өмір орнатады. Ақын Күлтегіннің ерлігі туралы: «Бастыны – еңкейтті, Тізеліні – бұқтірді», – дейді. Жыр соңында Күлтегін батыр қайтыс болғанда бүкіл түркі халқы қатты қайғырып, аза тұтқаны, оны жоқтап, жерлеу салтанатына әлемнің төрт бұрышынан көптеген атақты адамдар – елшілер, батырлар, бектер, тас қашайтын інеберлер, т.б. келгені айтылады. «Күлтегін» жыры – елдің ішкі бірлігін жыр еткен, идеялық мазмұны терең, көркемдік дәрежесі биік поэзиялық туынды. 2001 ж. 18 мамырда Астанадагы Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне Күлтегін жазба ескерткішінің көшірмесі қойылды.

**ҚҮМІС**, Ag – элементтердің периодтық жүйесінің I тобындағы химиялық элемент, атомдық нөмірі 47, атомдық массасы 107,88. Табиғатта тұрақты екі изотопы бар:  $^{107}\text{Ag}$  және  $^{109}\text{Ag}$ . Құміс өте ерте заманнан бастап адам түрмисында пайдаланылып келеді. Мысалы, Мысыр фараоны – Менес заманында (біздің заманымыздан бұрынғы 3600 ж.) құміс алтыннан 2,5 есе қымбат болған. Одан құміс теңгелер, зергерлік бүйімдар жасалған. Құміс 16-ғасырдан 19-ғасырдың аяғына дейін Еуропа елдерінің ақша айналымында (құміс монометалл не биметалл) болған. 19-ғасырдың аяғында елдердің көшпілігі алтынға (алтын монометаллы) ауысты. Құміс валютасы Қытайда, Иранда, Ауғанстанда 20-ғасырдың 30-жылдарына дейін сақталды. Құміс жұмсақ, созылғыш (1 г құмістен ұзындығы 1800 м сым тартуга болады), ақ түсті металл, тығыздығы 10,5




Табиги күміс

г/см<sup>3</sup>, балқу  $t = 961,9^{\circ}\text{C}$ . Электр тогын, жылуды жақсы өткізеді. Күмістің белсенділігі нашар, коррозияға төзімді, бірақ күкірт, галогендермен тез әрекеттеседі. Қыздырылған концентрлі азот және күкірт қышқылдарында ериді. Күміс қорғасын-мырынты, мыс, алтын-күмісті кеңтастардан алынады. Оның басқа металдармен қорытпасы зергерлік бүйымдар жасауда, медицинада күміс препараттары (күйдіретін, микробтарды жоятын, т.б.), кино және фотоөнеркәсібінде, химия, электртехникалық және электрондық өнеркәсіптерінде, т.б. қолданылады.  $\text{Ag}^+$  иондары суды жақсы тазартады. Қазақстанда күміс Бозшакөл, Қоңырат, Ақтогай, Айдарлы, Бақыршық, т.б. кен орындарында кездеседі.

**КҮН** – Күн жүйесінің орталық денесі, Жерге ең жақын жұлдыз. Күн – спектрлік класы G2V, абсолют жұлдыздық шамасы +4,83 болатын сары ергежейлі жұлдыз. Ол біздің Галактика центрінен 9–10 кР қашықтықта орналасқан. Жақын жұлдыздармен салыстырған-

да Күн  $1,97 \cdot 10^4$  м/с жылдамдықпен Геркулес шоқжұлдызы бағытында қозғалады; Галактика центрін 230 млн. жылда бір рет айналып шығады. Бүкіл күн жүйесі массасының 99,866%-ы Күнде жинақталған. Жерден Күнге дейінгі орташа қашықтық  $1,496 \cdot 10^{11}$  м. Күн – қызыған газды шар. Күннен Жер орбитасы бірде алысталап, бірде жақындауына байланысты Күннің көрінерлік радиусы жыл бойы өзгеріп отырады. Күнде өте кең тараған элемент – сутек. Оның атомдарының санынан гелий атомдарының саны 7–8 есе аз, ал қалған өзге элементтердің саны сутек атомдары санынан 1000 есе аз. Күн құрамында басқа элементтерге қарағанда оттек, көміртек, азот, магний, кремний, темір басымырақ. Күннің тікелей бақылауға келетін сыртқы қабаттары, оның атмосферасын құрады. Күннің сөулесі (сөүле шығаруы) түгелдей дерлік Күн атмосферасының төменгі бөлігінен шығады, оны фотосфера деп атайды. Фотосфераның қалыңдығы 100–300 км. Фотосфераның үстінде, Күннің көрінетін жиегінен 14 мың км-ге созылып жатқан хромосфера қабаты орналасқан. Хромосферадан жоғары, Күн атмосферасының ең сиретілген бөлігі күн тәжі орналасқан. Оның биіктігі бірнеше Күн радиусына тең. Фотосфера да құралар мен жалын шудаларын бақылауға болады. Күн дақтары, көбінесе, қара қоңыр түсті ядролар мен оларды қоршаған шала көлеңкелерден тұрады. Олардың диаметрі 200 мың км-ге дейін жетеді. Дақтардың температурасы 4500 С-қа жуық, яғни өздерін қоршаған фотосфераның температурасынан төмен.

**Күн жүйесі** – Күннен, оны айнала қозғалатын 9 үлкен планетадан (Меркурий, Шолпан, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун және Плутон), планета серіктерінен, мыңда-



Күннің ішкі құрылышы



Күн жүйесі

ған кіші планеталардан (астероидтардан), шамамен 10<sup>11</sup> кометадан және толып жатқан метеорлық денелерден құралған ғарыштық денелер жүйесі. Құннен ең алыс орналасқан планетаға дейінгі орташа қашықтық шамамен 40 а.б. немесе 6 млрд. км-ге тең. Құн – Құн жүйесіндегі орталық дene болып саналады, оның массасы Құн жүйесіндегі барлық денелердің жиынтық массасынан 750 есе артық. Сондықтан Құн жүйесінің массалар центрі Құн қойнауында орналасқан. Барлық 9 үлкен планета Құнді айнала, дөнгелек дерлік орбита бойымен, бір бағытта қозгалады. Олардың орбиталарының бір-біріне қатысты көлбеулігі өте аз. Планеталардың Құннен қашықтығы белгілі бір заңдылыққа бағынған, яғни көршілес орбиталардың ара қашықтығы Құннен алыстаған сайын арта түседі. Планеталар қозгалысының физикалық қасиеттеріне байланысты Құн жүйесінің үйлесімді екі топқа бөлінуі ғарыштық денелердің кездейсоқ жиынтық емес екендігін көрсетеді. Барлық кіші планеталар да үлкен планеталар қозгалған бағытта Құнді айнала қозгалады, бірақ олардың орбиталары едөуір созылышыңы және эклиптика жазықтығына көлбеу орналасады. Кометалардың көпшілігі параболаға жақын өте созылышыңы орбита бойымен қозгалады. Құн жүйесінің орталық денесі Құн – жұлдыз, яғни қызыған газды шар. Ол өзінің қойнауынан үздіксіз энергия бөліп шығарады. Құн бетінің күшті сөule таратуына қарамастан, ол өзінің жоғары температурасын сақтап қалады. Құн жүйесінің қалған денелері – салқын денелер. Олардың бетінің температурасы Құн сөuleсінің қыздыруына байланысты анықталады. Планеталар массасына, химиялық құрамына, айналу жылдамдығына, серіктерінің санына қарай екі топқа бөлінеді. Құн жүйесінің төрт ішкегі планетасы (Жер тобындағы планеталар – Меркурий, Шолпан, Жер, Марс) аса үлкен емес, олар тығыз тасты заттар мен металдардан құралған. Алып планеталар – Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун және Плутон әлдеқайда көлемдерек, олар негізінен женіл заттардан (сүтек, гелий, метан, т.б.) құралған, сондықтан олардың орташа тығыздығы қойнауындағы зор қысымға қарамай аз болады.

**ҚУНЖІТ** – құнжіт тұқымдасына жататын бір жылдық не көп жылдық өсімдік туысы. Негізінен Оңтүстік Африкада, Мадагаскар, Со-



Үнді кунжіті

котра аралдарында, Оңтүстік-Шығыс Азия, Жаңа Гвинея және Солтүсік Австралияның тропиктік, субтропиктік белдемдерінде өсетін 35-ке жуық түрі бар. Екпе түрі – Үнді кунжіті. Биіктігі 1–2 м, сабағы тік, бұтақты, 4–8 қырлы, тамыры 1 м терендейкке жайылады. Жарық, жылу сүйгіш өсімдік. 18–20°C-тан жоғары температурада жақсы көктейді. Құнжіт май алу үшін өсіріледі. Дәнінде 45–59% май болады. Оны тағам, кондитер өндірісі, медицина, техника салалары пайдаланады. Құнжіттің әр гектарынан 1,2–1,5 ц дән алынады.

**ҚҮНТІЗБЕ**, қалендарь – уақыт мезгілін есептеудің аспан денелерінің ауық-ауық қайталану ерекшелігіне негізделген жүйесі, анықтамалық басылым. Ежелгі Римде әрбір айдың 1-күні қаленды деп аталған. Аздық-көпті мәдениетке қол жеткен халықтардың бөрінде де құнтізбе болған, өйткені онсыз шаруашылықты ұйымдастыру мүмкін болмады. Ерте замандағы халықтар қардың кетуі, өзендердің тасуы, т.б. құбылыстарға негізделген табиғи құнтізбелерді пайдаланған. Бірақ дәлдігі нашар, құбылмалы ауа райына тәуелді табиғи құнтізбелер халық қажетін қанағаттандыра алмады. Ақыры, адамзат уақыт есебін дүркін-дүркін дәйекті түрде қайталанып тұратын аспан құбылыстарына негізделген құнтізбелер бойынша жүргізетін дөрежеге жетті. Мұндай құнтізбелер алғаш Ежелгі Шығыс елдерінде шықты. Аспан денелерінің қозгалыс-



Азтек күнтізбесі

тарына негізделген күнтізбелерді 3 топқа бөлуге болады: күн күнтізбесі, ай күнтізбесі және аралас күнтізбелер.

**Күн күнтізбесі** Мысырда шыққан. Мысырлықтар жыл ұзактығын 365 тәулікке теңестіріп, оны әрқайсысы 30 күндік 12 айға бөлген, артық қалатын 5 күнді ешбір айға қоспай, құдайға құлшылық ететін күндер деп есептеген. Ол Еуропалық күнтізбелерге арқау болды. Біздің заманымыздан бұрынғы 45 ж. Рим императоры Юлий Цезарь, астроном Созигенің жобасы бойынша жаңа күнтізбе жариялады. Бұл күнтізбе Юлий күнтізбесі немесе ескі санат деп аталды. Юлий күнтізбесіндегі жылдың тропиктік жылдан 11 мин 14 с артықшы-



Тақташаларга жазылған орта гасырлық күнтізбе

лығы бар. Бұдан 128 жылда 1 күн, 384 жылда 3 күн жиналады. Осыны тұрақтандыру үшін Рим папасы Григорий XIII 1582 ж. уақыт есебін 10 күнге ілтері жылжытып, 5 қазанды 15 қазан деп есептеу және әрбір 400 жылда 3 кібісе жылды жай жыл есебінде алу туралы жарлық шығарды. Уақыт есебінің бұл жүйесі Григорий күнтізбесі немесе жаңа санат деп аталады. Осы күні көптеген елдерде Григорий күнтізбесі қолданылады.

Алғашқы ай күнтізбесі ежелгі Вавилонда шықты. Онда әрбір 8 жылдың бесеуінің ұзактығы 354 күннен, ал қалған үшеуінікі 384 күннен есептелді. Сонда жылдың орташа ұзактығы  $(354.5+384.3):8=365,25$  күнге тең болады. Араб күнтізбесі де Ай қозғалысына негізделген. Араб жылы 12 айдан құралады. Әрбір 30 жылда 11 жыл 355 күннен, 19 жыл 354 күннен саналады. Накты жылдан 11 күні кем болғандықтан, араб жылның басы жылжып отырады. 622 ж. арабша 1-жыл. Ол Мұхаммед пайғамбардың Меккеден Мединеге көшіп барған жылы. Жылдардың бұл жүйесі ай һижрасы деп аталады. Араб күнтізбесі араб елдерінде, Азия мен Африканың мұсылман дінін тұтатын көптеген елдерінде ресми қолданылады. Еврейлер ертеде Вавилон күнтізбесін қолданған, кейін біздің заманымыздан бұрынғы 4-ғасырда аралас күнтізбеле көшті. Еврейше жыл есебі біздің заманымыздан бұрынғы 3761 жылдан басталады. Яғни сол жылы «дунение жарапған». Бұл күнтізбе Израиль мемлекетінде қолданылады. Ежелгі түркілер, негізінен, күн күнтізбесін пайдаланған. Кейін ол қазақ, өзбек, түрікмен, татар, әзербайжан, т.б. халықтардың күнтізбелеріне негіз болды. Қазақтар мүшел есебі мен тоғыс есебін де қолданған. Қазақстанда 1918 жылдан бері Григорий күнтізбесі қолданылып келеді.

**КҮРЕС** – спорт түрі. Қазақстанда күрестің қазақша күрес, грек-рим күресі, еркін күрес, дзю-до және самбо сияқты жекпе-жек түрлері кең дамыған.

**Қазақша күрес** – ұлттық спорт түрі. Оның тәсілдері сан алуан. Жекпе-жек барысында бір қолмен белдіктен немесе қурте жағасынан, жеңінен ұстап шалу, үйіріп, сүріндіре, жүлкү, тізеден қағу, іліп немесе қеудеден асыра лақтыру, т.б. көптеген тәсілдер қолданылды. 1928 жылды қазақша күрестің бірыңғай ережесі қабылданып, ол 1938 ж. республикалық



Қазақша күрес

спорттық жарыстың бағдарламасына енгізілді. Қазақша күрес балуандары халықаралық аренада тұнғыш рет 1952 ж. Ашғабат қаласында сынға түсті. Қазақша күрестің салмақ дәрежелері де, ережесі де жиі өзгерістерге үшінрады. Кей жылдары үш, төрт, бес, сегіз, он салмақ дәрежелері бойынша жарыстар өтіп жүрді. 1998 жылдан еліміздің балуандары үш салмақ дәрежесі бойынша күш сыннасады. 60 кг-та дейінгі балуандар – кіші балуан, 74 кг-та дейінгілер – орта балуан, 74 кг-нан жоғарылар – бас балуан деп аталады.

**Грек-рим күресі,** классикалық күрес – қол және тұтас дене қозғалысына негізделген тәсілдерді пайдаланатын спорттық күрес түрі. Бұл күресте қарсыласын белден төмен ұстауға, аяқтан шалуға, т.б. болмайды. Грек-рим күресінің мақсаты – қарсыласының жауырынын жерге тигізу немесе күрес тәсілдерін шебер қолдана отырып, үпай санымен жену. Грек-рим күресі 1896 жылғы 1-Олимпиялық ойындардың бағдарламасына енді. 1904 жылдан дүниежүзілік чемпионаттар өткізілін келеді.



Еркін күрес

**Еркін күрес.** Мұнда қарсыластарға әр түрлі техникалық тәсілдерді (қарсыласын лақтыру, аударып түсіру, қапсыра ұстау, белден төмен ұстау, т.б.) кеңінен қолдануға мүмкіндік беріледі. Еркін күрес 19-ғасырдың аяғында Англияда пайда болған. 1904 жылдан олимпиялық ойындар бағдарламасына енген. 1951 жылдан дүниежүзілік, 1928 жылдан Еуропа чемпионаттары өткізіледі. Қазақстанда еркін күрес жарыстары 1955 жылдан өткізіліп келеді.

**Дзю-до** (жапонша дзю – жұмсақ, до – жол). 19-ғасырдың аяғында Жапонияда джиу-джишу күресі негізінде пайда болған. 1956 жылдан дүниежүзілік чемпионаттар өткізіледі, Олимпиада ойындарына 1964 жылдан енген. Дзюдошылар арнайы кілем (татами) үстінде күреседі. Киімдері – кимоно, белбеу және шалбар. Күрес ережесі бойынша қылқындыруға, қолды бұрауға болады. Жаңадан қатысып жүргендер беліне әк белбеу, ал жоғары разрядшылар қара белбеу орап шығады.

**Самбо** (орыстың «самозащита без оружия» – қарусыз қорғану деген сөзінің қысқартылған



Грек-рим күресі




Дзю-до



Самбо

түрі). Күрестің бұл түрін қазақ, грузин, татар, әзербайжан, т.б. халықтардың ұлттық күрестерінің айла-тәсілдері негізінде белгілі маман Аркадий Харлампиев (1938) құрған. Спорттық және өскери түрі бар. Өскери самбоның қорғаныс және арнайы деген екі түрі бар. Самбо күресінде балуандар арнайы белдікті шапан киеді, күрес кезінде белдіктен, жеңнен, шапанның кез келген жерінен, сондай-ақ қол мен аяқтан ұстап, әдіс қолдануға болады. Самбода әдіс қолданушы балуан тік тұрып, қарсыласының жауырының кілемге тигізсе немесе буындарды ауырту әдісін қолданғанда, қарсыласы жеңілгендік белгісін берсе ғана таза жеңіс деп есептеледі.

**КІРПІ** – сүтқоректілер класы жәндік қоректілер отрядының бір тұқымдасы. Қазақстанда 3 түрі мекендейді: кәдімгі кірпі, құлақты кірпі және қара кірпі. Арқасын, бүйірлерін тікенек (ине) басқан. Тұрқы 13–27 см, сал-



Кірпі

мағы 700–800 г. Орманда, бұта арасында, баубақшада, тіпті елді мекендерде тіршілік етеді. Жемін, әдетте іңірде және түнде аулайды. Жәндіктермен, көлбақамен, жыланмен (ұлысымен де) қоректеніп, орман шаруашылығына пайда келтіреді. Қараша айында үйқыға кетеді де, көктемде күн жылынысымен оянады. Жыныстық жағынан 2 жасында жетіледі. 35–42 күнде жылына 1 рет көктемде 3–4-тен бала лайды. Орта есеппен 6 жыл тіршілік етеді. Мал пироплазмозы ауруын таратады.

**КІТАП** – мерзімсіз баспасөз басылымы; көркем-әдеби, қоғамдық-саяси, ғылыми-практикалық мазмұндағы туынды. Кітаптың алғашқы түрлері ежелгі Шығыс елдерінде, Грекияда, Римде қыш текшелеріне, тақта тастарға сына жазумен жазылды. Біздің заманымыздан бұрынғы 25-ғасырда Мысырда қыш текшелердің орнына қамыс (папирус) қолданылды. Біздің заманымыздан бұрынғы 7-ғасырда қамысқа кітап жазу ісі Грекия мен Римде кең өріс алды. Осыған байланысты кітапты қөшіріп жазуга машиқтанған қөшірушілер мен қолжазбаны көркемдеуші суретшілер пайда болды. Біздің заманымыздан бұрынғы 2-ғасырда қамыстың орнына тері жарғақ қолданыла бастады. Ежелгі Рим мәдениеті мен ғылымы өкілдерінің туындылары жарғақ кітаптарға жазылып таралды. 105 ж. қытай шебері Цай Лунь қағазды ойладап тауып, 13-ғасырда қағаз жасау өнері Шығыстан Батысқа тарай бастады. Осыған орай, Еуропада қолжазба кітап қауырт өркендең, түрліше өрілтер, бас тақырыптар (айдарлар) қолданыла бастады. Кітап мұқабалары алтын, күміс, т.б. металмен өрнектелді.



Абай өлеңдері басылған кітаптар

15-ғасырдың ортасында неміс өнертапқышы Иоганн Гутенбергтің баспа қалыбын ойлап табуына байланысты, жылжымалы құйма қарплен құйылатын баспа кітап пайда болды. Осы заманғы кітап – мұқабаға дәптерлер түрінде өзара тіркестіріліп бекітілген кітап блогі үлгісінде жасалады.

**КІТАПХАНА** – мәдени-ағартушылық мекеме. Кітапхана баспасөз шығармаларын жинау, сақтау, насиҳаттаумен, оқырмандарға баспасөз шығармаларын берумен, мәдени-ағарту және ғылыми-көвшілік жұмыстарын үйымдастырумен шұғылданады. Кітапхана атқаратын міндептіне, кітап қорының құрамына және жұмыс өдісіне қарай екіге бөлінеді: а) көвшілік; ә) ғылыми және арнаулы. Көвшілік кітапхана – оқырманға қоғамдық-саиси, көспіткік, жалпы білім беретін басылымдарды ұсынады. Ғылыми және арнаулы кітапханалар ғылым салалары мен белгілі бір үйымдарға (мекемелер, оқу орындары, т.б.) қызмет етеді. Кітапханалар жазба ескерткіштердің қоғамдық қоймасы ретінде ерте заманда пайда болған. Біздің заманымыздан бұрынғы 7-ғасырдың ортасында Ассирия патшасы Ашурбанипалдың сарайында қыш тақталарға жазылған жазбалар жинағы сақталған. Көне кітапханалардың ішінде Александрія кітапханасы өлемге әйгілі. 9–11-ғасырларда Бұхара, Самарқанд, Отырар, Ургеніш, Мерв қалалары ғылыми және әдеби кітап қорларымен аты шықты. Ұлы ғұлама әл-Фарабидің туған қаласы Отырарда Александріядан кейінгі әлемдегі екінші ең ірі кітапхана болған деп есептеледі.



Кітапхананың оқу залында



**ҚАБАНБАЙ Қожа-құлұлы, Қаракерей Қабанбай, Дарабоз – батыр, талантты қолбасшы. Азан шақырып қойылған есімі – Ерасыл. Ол 1692 ж. қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданындағы Барлық тауында өмірге келіп, 1770 ж. сонда дүние салған. Қабанбай Найман ішіндегі Қаракерей руының Байжігіт тармағынан. Жеті жасында әкесі Қожақұл, он алты жасында ағасы Есенбай жонғарлар қолынан қаза табады.**

Он алты жасар бала жау арасына жасырын барып, ағасын өлтірген жонғар батырын өлтіріп, кек алған. Осыдан кейін Зайсандағы Керей ішіне кетіп, жездесі Бердәүлеттің қолында болды. Осында жүріп жылқыға шапқан жабайы қабандарды жайратып, «Қабан батыр» атанды. 1717 ж. Аяғөз шайқасына, 1723 ж. Түркістан қорғанысына, 1726 ж. Бұланты шайқасына, 1730 ж. Анырақай-Алакөл шайқасына, кейіннен Шыңғыстау, Ертіс бойындағы шайқастарға қатысып, Абылай ханның бас батырларының біріне айналды. 1741 ж. Шыңғыстаудағы Шаған шайқасында ақбоз атпен топ жарып, жауга шапқаны үшін Дарабоз атанды. 1751 ж. ол Сыр бойы, Шымкент, Сайрам, Ташкент қалаларын жонғарлардан тазартып, Төле бидің билікке келуіне көмектесті. Жонғарияға айдалып бара жатқан бірнеше мың қарақалпақты құтқарып қалады. 1752–54 ж. Қабанбай басқарған қазақ әскері алдымен Іле, Балқаш, Қаратал өңірлерін жаудан тазартуга қатысты. Осыдан кейін Қарақол мен Нарынды, Үржар мен Қатынсуды, Алакөл мен





Қабанбай батыр. Суретші Н. Қарымсақов

Барлықты азат етіп, терістік бағыттағы Бөгембай әскеріне қосылды. 1758 ж. қыркүйекте Барлықтан Үрімжі қаласына 300 жылқы айдаپ барып, қазақ-қытай саудасын бастап берді. 500 адамдық қолмен келген қырғыз батыры Қарабекке ауырып жатқанына қарамастан қарсы шығып, жекпе-жекте Қарабекті өлтірген. Сол сәтте өзі де ат үстінен құлап туғып, қазага үшірайды. Алматы облысындағы бұрынғы Андреев ауылына, Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданындағы Жарбұлақ ауылына, Алматы, Семей, Өскемен, Талдықорған қалаларындағы бір-бір көшеге, сондай-ақ Аякөз қаласында орналасқан танк дивизиясына есімі берілген. Үшарал қаласында батырға ескерткіш, Астана іргесінде ескерткіш-монумент орнатылған.


**ҚАБЫЛАН** – сүтқоректілер класы, мысық түқымдасына жататын аң. Африка, Орта Азия және Үндістанда таралған. Қазақстанда 18-ғасырдың аяғы – 19-ғасырдың басында Кас-



Қабылан

пий мен Арал теңіздерінің аралығындағы шөлді аймақта тіршілік еткен. 20-ғасырдың 50-жылдары сирек болса да, Үстірт пен Маңғыстау түбегінде кездесіп қалып жүрді. Қабыланның дene бітімі ұзынша, тұрқы 120–150 см, құйрығының ұзындығы 60–75 см. Қалың, қысқа, сарғылт түсті түгінің үстінде қара дақтар болады. Қабылан тропиктік және субтропиктік аймақтардағы ормандарда, тау беткейлерінде, жазық далалар мен саваннада, өзен бойындағы тоғайларда тіршілік етеді. Ағаш басына, жартастарға тез өрмелеп шығады. Қабылан тұяқты андарды (газель, арқар, т.б.) қуып жүріп (жылдамдығы 110 км/сағ-қа дейін жетеді) аулайды. Желтоқсан – қаңтар айларында ұйығып, 90–95 күннен кейін 2–4 күшік табады. Қабыландар қолға тез үйренетін жыртқыш, сондықтан хайуанндар саябағында ұстауға бейім аң. Теріси бағалы, кезінде өте көп ауланған. Қазір қабыландар жылдан-жылға санының азаюына байланысты қорғауға алынып, Халықаралық табиғат қорғау одағы мен Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

**ҚАҒАЗ** – өсімдік талшықтарын белгілі бір тәсілмен өндіре және бір-бірімен үйістыра байланыстыру арқылы жұқа парап түрінде жасалатын материал. Италиянша bambagia, яғни мақта деген ұғымды білдіреді; кейін осыдан барып қағаз сөзі өмірге келді. Қағаз өндіру үшін әр түрлі ағаштар мен бір жылдық өсімдіктер целлюлозасы және ағаш массасы (ұатылған ағашқа су араластырылған талшықты қойыртпақ) жұмысалады. Қағаз тұңғыш рет 2-ғасырда Қытайда жасалды, Еуропада 11–12-ғасырларда пайда болды. Оған негізгі материал ретінде зығыр, мақта, кендір пайдаланылды. Қағаз өндіру кітап басу мүмкіндігі ашылғаннан кейін қауырт дамыды. 17–18-ғасырлар аралығында Голландияда ұнтақтауыш жаңа аппараттың – роллдың жасалуы және француздық Ни-



Қағаз өндірісі

қолас Луи Робер ұсынған (1799) механикалық өдіспен үздіксіз қағаз құю әдісі шыққаннан бастап, машиналық ондіріс пайда болды. Шикізат есебінде ағаш, целлюлоза талшықтары қолданылды. Қағаздың 600-ден астам түрі бар. Қағаз 11 топқа бөлінеді: баспалық қағаз (баспа-ханалық, офсеттік, иллюстрациялық, картографиялық, т.б.) – тегістігімен, түсінің ақтығымен ерекшеленеді, баспа бояуы жақсы жүйелады. Тұсқағаздар мен газеттік қағаздар да осы топқа кіреді. Жазбалық қағаз (жазуга, конверттік, карточкалық, т.б. поштага арналған қағаздар) – бетінің жылтырлығымен, жақсы желімделгіштігімен және сия сормайтындығымен ерекшеленеді. Сініргіш қағаз (сүзгілік, сорғыштық, т.б.) фибра, жарғақ, санитарлық-гигиеналық бұйымдар, т.б. өндіру үшін қолданылады. Бұлар кеуектеу келеді де, сүйкіты жақсы сіңіреді.

### ҚАЖЫМУҚАН, Мұқан Мұрайтпасұлы

Мұқан Мұрайтпасұлы – французша және еркін күрестерден көптеген халықаралық чемпионаттардың бірнеше дүркін жеңімпазы; әлемдік спорт аренасына шығып, шет елдердегі жарыстарда атақдаңқа бөлөнген тұңғыш қазақ. Қажымұқан 1883 ж. (бұрынғы деректерде 1871 ж. деп жазылып келді) Ақмола облысының Қараөткел ауылында өмірге келген. Оның палуандық жолы 1901 ж. басталады. Омбы қаласында жаңадан ашылған циркте орыстың тұңғыш көсіби палуандарының бірі Иван Злобинмен белдеседі. Қазақ баласының ерен күшін көрген ол Мұқанға Петербургтегі күрес мектебіне туусуғе кеңес береді. Сөйтіп, Мұқан палуандар арасында «Ваня ағай» деген атпен әйгілі болған Иван Лебедевтің күрес мектебіне 1903 ж. оқуға түсіп, екі жыл оқиды. Мұқан алғашқы ірі табысқа 1908 ж. жетті. Германияның Кельн қаласында өткен жарыстағы шешуші белдесуде немістің атақты палуаны Генрих Веберді жеңіп, бірінші рет әлем чемпионы болды. 1909 ж. Рига қаласында дүние жүзінің атақты палуандары қатысқан үлкен жарыста бас бәйгені жеңіп алды. Ал 1910 ж. Варшавада



Қажымұқанның Оңтүстік Қазақстан облысы Темірлан ауылындағы ескерткіші

сының еғде тартқанына қарамай ел аралап, күш өнерін көрсетіп, жиналған жұз мың сом қаржыға ұшақ жасатып, оған Амангелді Имановтың есімін бергізіп, майданға жіберді. Қажымұқан өзінің спорттық жолында 48 алтын, күміс, қола медаль алған. Ол алып күш иесі еді; бойы 186 см, салмағы 130 кг болған. Қажымұқан 1948 ж. 12-тамызда Оңтүстік Қазақстан облысындағы Темірлан ауылында дүние салды. Астана және Шымкент қалаларындағы орталық стадионға ұлы палуанның есімі берілген. Алматы, Астана, Семей, Шымкент қалаларында Қажымұқан атындағы көшелер бар.

**ҚАЗ** – үйрек тұқымдасына жататын құс. Қаздың жабайы түрлерінің салмағы 2–6 кг, дene түркы 60–100 см. Құрлықты не тайыз суды мекендейді. Суда жақсы жүзеді, сұңғиді. Балапан басатын кезде жұбымен жүреді, үясын құрлыққа (шөптен, қынадан, мамықтан) салады. Өр үяда 5–8 жұмыртқа болады, оны



Сүр қаз

мекиені басады. Асыранды қаз жабайы сүр қаздан тараған. Асыранды қаздың түсі, ірлігі әр түрлі, мамығы көп болады, бұл оны сұықтан сақтайды. Балапан қаз 265–350 күндігінде жұмыртқалай бастайды. Тұқымына, күтін бағуына, ауа райына қарай 4–8 ай жұмыртқа салады. Қазды 5–6, кейде 8 жыл қолда ұстауға болады. 3–4 мекиенге 1 кежек қосады.

**ҚАЗАҚСТАН, Қазақстан Республикасы** – Еуразия құрлығындағы мемлекет. Жер аумағы 2724,9 мың км<sup>2</sup>. Халқы 17,0 млн. адам. Әкімшілік орталығы – Астана қаласы. 14 облыстың және республикалық маңызы бар



Астана қаласы

2 қаладан тұрады. Одан басқа 85 қала, 160 аудан, 176 кент, 7719 ауылдық елді мекендер бар. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Ұлттық валютасы – теңге, 1993 ж. 15 қарашада енгізілген. 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституция бойынша Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Республиканың ең жоғары өкілді органды – Парламент. Ол тұрақты жұмыс істейтін 2 палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады.

Қазақстан Республикасының аумағы Еділ өзені алабынан шығысында Алтай тауы шыңдарына дейін, Батыс Сібір жазығынан (Солтүстік Қазақстан жазығы) оңтүстігінде Тянь-Шань тауына дейін созылып жатыр. Аумағының 10%-ы биік таулы өнірлер, қалған бөлігі ойпат, жазық, үстірт, қырат жерлер. Қазақстанның ең биік жері – Хантәңірі шыңы (6995 м). Ол Тянь-Шань тау жүйесінде орналасқан. Каспий тенізінің шығыс жағалауында елдің ең төмен жері Қарақия (Қаракие) ойысы теніз деңгейінен 132 м төмен орналасқан.

Қазақстан кен байлықтарының қоры мен әр алуандығы жағынан жер шарындағы ең бай аймақтардың бірі саналады. Қазақстанда 200-



Алматы қаласы



Түйіксу шатқалы

дей мұнай жөне газ орындары анықталған. Оның негізгі бөлігі (80%-ы) Каспий маңында шоғырланған. Республикада 200-ге жуық көмір кен орындары барланған. Ең ірі көмірлі алаптар Орталық Қазақстанда орналасқан. Қазақстанда қара металл кентастарының бір мыңнан аса орны табылған.

Қазақстандағы ең суы мол өзен – Ертіс. Онда көптеген су электр стансалары орналасқан. Ертіс–Қарағанды каналы арқылы Орталық Қазақстанға су жіберіледі. Екінші өзен – Сырдария, негізінен, егін суаруға пайдаланылғандықтан, кей жылдары Аралға жетпей қалады. Балқаш көлі атырабындағы ең ірі өзен – Іле. Ал Батыс Қазақстанды, негізінен, Жайық өзені суландырады. Бұлардан басқа ірі өзендерге Есіл, Тобыл, Елек, Шу, Талас, Торғай, Үргыз, Нұра, Ойыл, Жем, т.б. жатады. Қазақстан аумағында көлдер біркелкі таралмаған. Каспий жөне Арал теңіздері, Балқаш, Алакөл, Теңіз, Марқакөл, т.б. ірі көлдер тектоникалық қазаншұңқырларда қалыптасқан.

Қазақстанда өсімдіктердің 15 мындей түрі бар. Бұған қоса сүтқоректілердің 180, құстардың 500, бауырымен жорғалаушылардың




Ақ селеулі дала

52, қос мекенділердің 12, балықтың 104 түрі мекендейді. Жан-жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау үшін мемлекеттік қорықтар ұйымдастырылған.

1991 ж. 8 желтоқсанда Минскіде КСРО тарап, 16 желтоқсанда Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда экономиканы реформалаудың бірнеше тәсілі қолданылды: 1) социалистік экономикадан нарықтық экономикаға өту; 2) дағдарысқа қарсы бағдарлама; 3) макроэкономикалық тұрақтандыру; 4) дүниежүзілік экономикалық дағдарыс-




Баянауыл



Іле Алатауының баурайы


## ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛК-АУМАҚТЫҚ БОЛІНІСІ



# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ КАРТАСЫ

217

ҚАЗАҚСТАН



ТЕРЕНДІК ЖӘНЕ БИЛКІТКІШ ШКАЛАСЫ, МЕТРМЕН



МАСШТАБЫ 1 : 12 500 000





«Ақтөбемнайгаз» кәсіпорны

ты еңсеру; 5) экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету.

Қазақстанда ірі өнеркәсіп орталықтары, оның ішінде отын-энергетикалық, металлургия, химия, машина жасау, құрылымы өнеркәсібі жұмыс істейді. Республика кәсіпорындары шойын, кокс, болат, қорғасын, мыс, мырыш, титан, магний, қарашірік, синтетикалық каучук, шайыр, пласт-масса, химиялық талшықтар, автомобиль шиналарын, минералдық тыңайтқыштар, цемент, металл жонғыш станоктар, үсталық-сығымдағыш жабдықтар, қактау стандартын, күш трансформаторларын, рентген аппараттарын, ауыл шаруашылық машиналарын, тракторлар, экскаваторлар, т.б. өндіреді. Әлемдік экономика ауқымында Қазақстан – тауар рыногіне мұнай, ғаз, қара, тұсті, сирек кездесетін металдар, уран өнімін шыгарушы ел. Қазақстан Еуразия құрлығының ортасында орналасқандықтан транзиттік тасымал саласында айтарлықтай орын алады. Республиканың жер бетіндегі көлік магистралінің ұзындығы 106 мың км. Оның ішінде 13,5 мың км – темір жол, 87,4 мың км – автомобиль жолы, 4 мың км – өзен жолдары.

**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ** – қазақ халқының тұңғыш мемлекеттік құрылымы (шамамен 1456–1847). Астаналары әр түрлі кезеңдерде Сарайшық, Сығанақ, Түркістан, Созақ, т.б. қалалар болды. 15-ғасырдың 50–60-жылдарында Орталық және Оңтүстік Қазақстанның мекендеген ру-тайпалардың (Мұхаммед Хайдар Дулаттың дерегінде 200 мыңдай адам) Батыс Жетісуға қоныс аударуы қазақ хандығының құрылуына тікелей үйтқы болды. Оларды Ақ Орданың билеушісі Орыс ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей сұлтандар бастап келді. Олар Моголстан ханы Есенбұғамен одак құрды. Қазақ хандығының ешкімге төуелсіз билік құра бастаған

кезеңін Мұхаммед Хайдар Дулат 1465–66 жылдар деп жазды. 15-ғасырдың аяғы мен 16-ғасырдың басында Бұрындық хан және Қасым хан қазақ ру-тайпалары мекендеген Сарысу, Сырдария, Арал маңы, Қаратай етегінің едөуір бөлігіне үстемдік орнатты. Қасым хан тұсында Қазақ хандығының саяси, экономикалық жағдайы нығая түсті. Хандықтың шекарасы батыста Жайыққа дейін жетті, оңтүстікте хандыққа Сырдария бойындағы бірсыныра қалалар қосылды. Солтүстікте Ұлытау, оңтүстікшығыста Қасым ханға қараған халық 1 млн. адамға жетті. Сөйтіп, 15-ғасырдың аяғында Қазақстан аумағының басым бөлігінде өмір сүретін этникалық топтардың тұңғыш рет бір мемлекетке бірігуі басталды. 16-ғасырдың 2-ширеғінде болған тақ таласы кезінде Қасымның мұрагері Мамаін хан қаза тапты (1523). Өкімет

## XV — XVIII ғасырлардағы


### Қазақ хандары




#### Қазақ хандығы

1456 жылы

Жәнібек сұлтан, Керей сұлтан іргесін қалады  
(Шу, Қозыбасы)



## XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ хандары



XVIII ғасыр

билігі Қасым ханның немере інісі Тайир (Тахыр) ханның қолына көшті (1523–33), бірақ ол өзара тартысты баса алмады. Шайбани әулетіне қарсы соғыстар сәтсіз аяқталып, Тайирдің Ноғай Ордасымен қарым-қатынасы шиеленісті. Халық бұқарасы соғыс ауыртпалығына, ханның қатыгездігіне төзе алмай басқа жаққа жаппай көше бастады. Тайир ханның ықпалы Жетісуда ғана сақталды. Мұнда ол қырғыздармен одақ құрып, мөгол ханы Сұлтан Сайдтың Жетісуда өз билігін қайта құрмак әрекетіне тойтарыс берді. 1531–32 ж. Тайир хан қырғыздар арасында өліп, орнына інісі Бүйдаш таққа отырды. Ол қырғыздармен жақ-

сы қарым-қатынаста болды және билігі тек Жетісуда ғана жүрді. 16–17-ғасырларда жазылған деректер бойынша Бүйдаштан басқа да үсақ хандар болған. Олардың ішінде аттары мәлімдері Ахмет хан мен Тоғым хан. 1537–38 ж. Шағат деген жерде болған соғыста Тоғым хан 37 қазақ сұлтанымен бірге қаза тапты. Бұл кезең қазақ халқы үшін қасірет жылдары болды. 16-ғасырдың 2-жартысында Ақназар (Хақназар) хан мен Тәуекел хан түсында қазақтар қайта күшейді. Ақназар Жайықтың сол жағалауын қосып алғып, ногай ұлыстарының бір бөлігіне билік жүргізді. Оның түсында Жетісү мен Тянь-Шаньды басып алуды көзделген мөгол ханы Абд-ар Рашид пен ойраттарға (қалмақтарға) тойтарыс берілді. 1580 жылдан кейінгі деректерде Ақназар туралы ештеңе айттылмайды, оның орнына немере інісі Шығай қазақ ханы деп аталады. Ол өзбек ханы Абдолламен одақтасып, Ташкент билеушісі Баба сұлтанмен соғысты. 1582 ж. (кейірінде 1586) Шығай хан өліп, орнына баласы Тәуекел хан болды. Осы жылы ол Баба сұлтанды өлтіріп, Абдолла-дан сыйға уәляйт алды. Бірақ бұл одақ тез бұзылып, Тәуекел Сыр бойындағы қалалар үшін күрес бастады. 1598 ж. Тәуекел Орта Азияға жаңа жорық жасады. Бұл кезде Бұхарада тақ таласы басталып, Абдолла қазаға үшірап, билік баласы Абд әл-Момынның қолына көшкен еді. Алайда, ол бүлікшіл әмірлердің қолынан қазаға үшірады. Аз уақыт ішінде Тәуекел Түркістанды, Ташкентті, Фергананы, Ахсиді, Әндіжанды, Самарқандты алды. Бірақ Бұхараны қоршау кезінде қатты жаараланып, Ташкентке шегінді. Тәуекел хан мен оның інісі Есім сұлтанның Мауераннахра жасаған жорығының нәтижесінде Түркістан,

Ташкент, Ферғана қазақ хандығының құрамына қосылды. Шайбани әuletі жойылып, онына билікке басқа әulet (Аштархан әuletі) келді. Бұл қазақ хандығының экономикалық жағынан күшеюіне және Орта Азиядағы мемлекет шекарасының тұрақтануына аса қүшті ықпал етті. Тәуекел хан қаза тапқаннан кейін билік Есім ханның (1598–1628(45) қолына қөшті, Ташкентте Ақназардың немере інісі Тұрсын Мұхаммед өзін хан жариялады. Билемеушілер (Есім хан мен Тұрсын Мұхаммед) арасындағы араздық салдары соғысқа ұласып, 1628 ж. Тұрсын хан мерт болды. Тұрсын ханмен бірге оны қолдаған қатаған тайпасы да қырылды. Есім хан қайтыс болған соң билікке баласы Жәңгір хан (Салқам Жәңгір) келді. 1643–47 ж. қазақ-жоңгар соғысы басталды. Екі жақ арасындағы негізгі шайқас Орбұлақ түбінде болды. Онда Самарқанд билеушісі Жалаңтөс баһадүрдің көмегімен Жәңгір хан 50 мың әскери бар Батыр қоңтайшыны талқандады. 1680 ж. хандық билік Жәңгірдің ұлы Тәуекеге қошті. Ол көреген саясаткер, ақылды дипломат, құдыретті хан болды. «Жеті жарғы» деген атпен тұңғыш рет құқық нормаларының жинағы құрастырылып, онда билер кеңесі шешуші рөл атқарды. Орта Азия елдерімен берік одак құрылып, Сырдарияның бойында Тәуеке ханның билігі толық орнады. Тәуеке Ресей мемлекетіне 1686–93 ж. бес елшілік жіберді. Екі ел арасында сауда байланыстары нығайды. Оның есесіне қазақ-жоңгар қатынастары қатты шиеленісті. 1715 (1718) ж. Тәуеке хан қайтыс болып, орнына інісі Қайып хан отырды. Бірақ ол да 1718 жылдың аяғында қайтыс болып, орнына Тәуkenің ұлы Болат таққа отырды. 1723 ж. жоңгарлар 70 мың әскермен қазақ жеріне басып кірді. Бұқіл оңтүстік өнірден айырылған қазақтар Бұхараға, Жем мен Жайыққа, Арқаға босып кетті. Бұл оқиға қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен қалды. Босқан елді Орта Азия хандықтары, Еділ қалмақтары мен башқұрттар да қырғынға ұшыратты. 1726 ж. Ордабасыда өткен құрылтайда қазақ батырлары мен билері бас қосып, елді басқыншылардан азат ету мәселесін талқылады. Мемлекеттің біріккен қолын басқару бас қолбасшы болып сайланған Әблілқайыр ханға жүктелді. Әблілқайыр ханның басшылығымен 1728 ж. Әуланты шайқасында, 1730 ж. Аңырақай шайқасында жоңгарларға соққы берілді. Бірақ Әблілқайыр хан, Сөмеке хан, Жолбарыс

хан иеліктері дербес басқарылды. Сыртқы саяси жағдайдың күрделілігі қазақтарды одан аман шығудың жолын іздеуге мәжбүр етті. Кіші жүз билеушілері Әблілқайыр ханының басшылығымен 1726 және 1730 ж. 2 рет Ресейге елшілік аттандырып, патшайымнан өздерін бодандыққа алып, қорғауын өтінді. 1731 ж. 18 акпанда император әйел Анна Иоановна Кіші жүзді Ресей бодандығына алатындығы жөнінде грамотаға қол қойып, тиісті келісімшарт жасатып алып келуге Сыртқы істер алқасының тілмашы Алексей Тевкелев бастаған елшілікті жіберді. 1731 ж. 10 қазанда Кіші жүз билеушілері Ресейге ант берді. Қалыптасқан жағдайға байланысты Орта және Ұлы жүз билеушілері де Әблілқайыр хан арқылы орыс патшасына өтініш білдіре бастады. Бірақ жағдай күйінде қалып, 18-ғасырдың 40-жылдары жоңгар шапқыншылығы күшіне түсті. Осы кезде Абылай сұлтан өзінің үйимдастырушылық қабілетімен ерекше көзге түсті. Ол қазақ руларын өз төңірегіне біріктіре бастады. 50-жылдары жоңгар хандығы жоғылды. Қазақстанға Цин (Қытай) үкіметі тарапынан тікелей қауіп төнді. Ресей Ертіс өзені бойындағы қамалдарын күшейтіп, 1756 ж. қазақтардың Жайық өзенінен өтуіне тыйым салды. Осындағы жағдайда үш Жүздің билері мен батырлары жиылып, Абылайды хан көтерді. Бірақ 1781 ж. Абылай қайтыс болғаннан кейін орнына хан болған Үәли тек Орта жүзге ғана билік жүргізді. Ол Ресей бодандығын толық мойындағы. Бірақ, Қытай және Орталық Азия мемлекетімен тығыз байланыс орнатты. Сырым Датұлы бастаған көтерілістен кейін Кіші жүзде хандық билік әлсіреп кетті. Осыны пайдаланған Ресей өкіметі 1821 ж. Арынгазы, 1824 ж. Шергазы хандарды орнынан түсірді. 1824 ж. «Орынбор қырғыздары (қазақтары)» жөніндегі Жарғы бойынша хандық билік Ресейдің әкімшілік жүйесімен алмастырылды. 1815 ж. Орта жүзде Бекей екінші хан больш тағайындалды. Ал 1817 ж. Бекей хан, 1819 ж. Үәли хан қайтыс болғаннан кейін Ресей ешкімді хан етіп бекітпеді. 1822 ж. «Сібір қазақтары (қырғыздары) жөніндегі» Жарғыға сәйкес Орта жүз бен Ұлы жүздің Ресейге қараған бөлігі «Сібір қазақтары» деп аталағып, хандық билік жоғылды. Бірақ хандықтың жоғылуын жергілікті халық қабылдамады. Сондықтан отаршылдыққа қарсы жиі-жиі бас көтерулер болды. Әсіресе, 1837–47 ж. Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс бүкіл қазақ халқын қамтыды. Көтерілісшілер ара-

сында Кіші, Орта, Ұлы жүз өкілдері болды. Олар 1841 ж. Кенесарыны үш жұздің ханы етін сайлады. Кенесары бір жағынан солтустікшығыс пен батыстағы Ресей бекіністеріне шабуыл жасаса, екінші жағынан оңтустіктеге Қоқан хандығымен де соғысты. Бірақ күш тең болмады да, 1847 ж. Кенесары қырғыз жерінде қазаға ұшырады. Кенесары өлімінен кейін, 4 ғасырдай өмір сүрген қазақ хандығы біржолата жойылды. Бірақ 1801 ж. Нұралы ханның баласы Бекей Ресеймен бейбіт келіссөздер жүргізу арқылы Еділ мен Жайық арасында жатқан ата қоныстарын қайтарып алды да, ол жерде Бекей Ордасы құрылды. 1823–46 ж. Бекей Ордасының ханы болған Жәңгір біраз реформалар жүргізді (мектеп-медреселер ашу, отырықшылықты насиҳаттау, т.б.). Бірақ Жәңгір ханның жүргізген саясаты Ресей тарарапынан қолдау таппады. Жәңгір хан мен оның мұрагерлері белгісіз жағдайда қазаға ұшыраннан кейін Бекей Ордасында да хандық билік жойылды.

**ҚАЗБА ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР** – жер қабаттарында сақталған ежелгі заман жануарлары мен өсімдіктерінің қалдықтары. Қазақстанда қазба жануарлар мен қазба өсімдіктерінің қалдықтары 300-ден астам орыннан табылған. Қазбадан табылған омыртқалы жануарлардың 600-ден астам түріне ғылыми сипаттама берілген. Қазақстанның оңтүстігінен (Кіші Қаратрудан) табылған гастроподтар, брахиоподалар, т.б. кембрий кезеңінің басында, Оңтүстік және Орталық Қазақстанда трилобиттер, брахиоподтар, гастроподтар, коноdontтар, археоциаттар (алғашқы маржан түзушілер) тіршілік еткен. Силур және девон кезеңдерінде брахиоподтар, маржандар мен граптолиттер дамыған. Тас көмір, пермь кезеңдерінің шөгінділерінде қосmekенділердің, кейбір бауырымен жорғалаушылардың сүйектері, Қаратуда жотасы төңірегінен юра жәндіктерінің сирек кездесетін жиынтығы табылған. Қазак-

стан жеріндегі су айдындарында көдімгі балықтардың арғы тегі, юра кезеңінде Қаратуда шеміршекті балықтар тіршілік еткен, ал сүйекті балықтар, негізінен, триаста пайда болған. Қазба өсімдіктер ежелгі геологиялық заманда болған климат пен ландшафт өзгерістерінің күесі, жер бетіндегі өсімдіктер эволюциясының айқын сипаты. Олар жер қойнауында қашан, қандай шөгінділер пайда болғанын, олардың қалай, қандай жағдайда қалыптасқанын білуге мүмкіндік береді.

**ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ, Қазыбек Келдібек-ұлы – қазақ халқының 17–18-ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Орта жүз арғын тайпасының қарәкесек руына кіретін болатқожа атасынан шыққан ол 1667 ж.**

Сыр бойында дуниеге келген. Ел аузындағы әңгіме, ақыздар мен биден жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, рәміздерін, ата жолы заңдарын мейлінше мол менгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын айқын аңғартады. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің Бас би еткен. Би Әз Тәуkenің тұсында хан кеңесінің белді мүшеслерінің бірі болса, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңдерде де мемлекет басқару ісіне жиі араласып, ішкі-сыртқы саясатта ақыл-кеңестер беріп отырған.

Ел «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» нәубетіне ұшырап, қатты күйзеліске түскен кезеңде Қазыбек би өзге де билермен бірге Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың, Барак, Батыр, Абылай сұлтандардың арасын жарастыруға күш салды, оларды өзара ынтымақта шақырды. Орыс патшасымен достық қарым-қатынас орнатуды жақтады. Абылай сұлтан тұтқынға түсіп қалғанда Қазыбек би Абылайды құтқару үшін қолдан келген барлық дипломаттық айла-әрекеттерін жасаған. Би 1762 ж. Абылай сұлтанға Қытай боғыханынан іргені аулақ салуға кеңес берген.



Қазба өсімдіктер (девон кезеңі): 1, 4, 5, 7, 10-плаун тәрізділер; 2, 3, 9-ежелгі ашиқтүңкымдылар; 6, 8-қырыққұлақтар



Би 18-ғасырдың 40-жылдарының басында Сыр бойынан Арқаға қарай көшіп, Ұлытау, Қарқаралы өңірін қоюс қылыш, Семізбұғы тауының беткейлерін жайлаған. Қазыбек би 1764 ж. Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында 97 жасында дүниеден өткен. Денесін баласы Бекболат Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне апарып жерлеп, басына құлпытас орнатқан. Қарағанды облысында бір ауданға, Алматы, Шымкент қалаларында көшелерге би есімі берілген, ел ордасы – Астанада ескерткіш орнатылған. Қазыбек бидің әдеби мұрасы әр жылдарда баспадан жарық көрген шешендік сөздер жинақтарына енгізілген.



**ҚАЙСЕНОВ Қасым** – Ұлы Отан соғысы кеңеңінде есімі елге таңылған қазақ батыры, партизан отрядтары басшыларының бірі, жазушы, Халық Қаһарманы (1995). Әскери шені – полковник. 1918 ж. 23 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Улан ауданы Асу-бұлақ ауылында туған. Әскемен саяси-ағарту техникумын бітіріп, Павлодар оқу бөлімінде қызмет істеген (1938). 1939–40 ж. Мәскеудегі әскери диверсиялық-барлау мектебінде оқыған. 2-дүние жүзілік соғыс басталған кезде Украина орманына десант болып түсken. Ол басқарған партизандар отряды фашистік Германия әскерлеріне қарсы ерлікпен шайқасып, Украинаны, Белорусьті, Карпат елдерін азат етуге қатысты. Соғыстан соң бейбіт еңбекке араласып, Қазақстан Жазушылар одағында, баспа орындарында жауапты қызметтер атқарды. Партизандық өмір жолын, қарулас жолдастарының қаһармандығын бейнелейтін «Жас партизандар» (1954), «Ажал аузында» (1959), «Жау тылында бала» (1961), «Жау тылында» (1973), «Партизан соқпақтары» (1978), т.б. прозалық шығармалар жазды. Оның шығармалары әлемнің көптеген халықтарының тіліне аударылған. Арқалық қаласының құрметті азаматы. 2006 ж. 30 желтоқсанда Алматы қаласында қайтыс болды.



Қайық: 1-ескекті қайық, 2- моторлы қайық

**ҚАЙЫҚ** – ескекпен, желкенмен немесе қозғалтқыш күшімен қозғалысқа келтірілетін суда жүзуғе арналған шағын қатынас құралы. Қайық адамзат баласына ерте заманнан белгілі. Голландиядағы Пессе (Дренте аймағы) деген елді мекеннен археологиялық жұмыстар барысында ұзындығы 3 м орта тас (мезолит) дәүіріне жататын моноксил қайық табылған. Неолит және қөла дәүірлерінде үлкен теңіздер мен мұхит жағалауларын мекендейген халықтар күнделікті тұрмыста су жануарларының терілерімен қапталған ағаш немесе сүйек қаңқалы қайықтарды пайдаланған. Қазіргі кезде қайық көбіне спорттық және көсіптік мақсаттарға пайдаланылады. Әскери кемелердің кейбір түрлерінің атауында қайық сөзі кездеседі. Мысалы, сұңгуір қайық, канонерлік қайық, ұшатын қайық – гидроушақ.

**ҚАЛАЙЫ**, Sn – элементтердің периодтық жүйесінің IV-тобындағы химиялық элемент, атомдық нөмірі 50, атомдық массасы 118,69. Қалайы күміс түсті ақ, жұмсақ, илгіш металл. Балқу  $t = 231,91^\circ\text{C}$ , қайнау  $t = 2240^\circ\text{C}$ . Табиғатта массалық сандары 112, 114–120, 122, 124 болатын 10 түрақты изотопы бар. Жасанды жолмен көптеген радиоактивті изотопы алынған. Жер қыртысындағы салмақ мөлшері  $8 \cdot 10^{-3}\%$ . Қалайы қоршаған орта температурасына байланысты үш түрлі кристалдық модификация-



Қалайы минералы

да (түр өзгешелігінде) кездеседі. Кәдімгі ақ түсті қалайы 14°C-тан төменгі температурада сұр қалайыға айналып, ұнтақ күйге көшеді. Мұны «қалайының оба ауруы» деп атайды. Қалайы біздің заманымыздан 6000 ж. бұрын белгілі болған, өте ерте кезден-ақ әсемдік бұйымдар жасауда пайдаланылған. Ол қалыпты жағдайда химиялық әсерге тәзімді келеді, дымқыл ауада, суда өзгермейді, оның сыртында түзілген жаңа берік қабат қалайыны одан әрі тотығудан қорғайды. Қалайы табигатта, негізінен, қосылыс күйінде кездеседі. Маңызды өндірістік минералдары: касситерит, станин. Қалайының мыспен құймасы – қола өнеркәсібі мен техникада және әсемдік заттар жасауда кеңінен қолданылады. Қалайы жалатқан темір тотықпайды.

**«ҚАМБАР БАТЫР»** – қазақ халқының қарнамдық жыры. Жырдың 19 нұсқасы белгілі. Қазақ даласының әр түрлі аймақтарынан жазылып алынған жырдың өзіндік ерекшеліктері бар. «Қамбар батыр» жырының басты тақырыбы – жер мен ел намысын қорғау. Оқиға Әзімбайдың байлығы мен сұлу қызы – Назымды суреттеуден, 18 жасқа толған Назымның жар ізденген назынан басталады. Назымның ағалары – Қораз, Дораз, Қарымсақ, Қабыршақ – дара мінез иелері. Бұл кезде Қамбар да ер жетіп, елін асырап отырған батыр тұлғасында көрінеді. Эпостағы этникалық мәліметтер оның оқиға суреттегетін кезеңнен кейіндеу туғанын аңғартады. Жырда қазақ халқының тарихи жауы – қалмақ, кейінгі этникалық бірлестік – ногайлы атауларымен бірге қазақ этнонимі де жиі кездеседі. Қамбардың шыққан тегіне қатысты – уақ, «Ногайлының Қамбары», Назымның әкесі Әзімбайға келгенде – «12 баулы өзбек» тіркестері қолданылған. Жыр сюжетінің алғаш аңыз түрінде туып, бері келе әпостық үлгіге ауысқаны аңғарылады.

**ҚАН** – организме химиялық заттарды тасымалдау арқылы клетка және клеткааралық кеңістіктерде өтетін биохимиялық процестерді біртұтас жүйеге біркітіріп тұратын сұйық тін. Адам организмі мен жануарларда қан тамырлары бойымен айналатын қанның қалыпты көлемі дene массасының 6–8%-ын немесе 1/13–1/14 бөлігін құрайды. Орта есеппен ер адамда 5,2 л, әйелде – 3,9 л қан болады. Қанның не-



Қан тапсыру

гізгі қызметінің бірі – газ тасымалдау; трофикалық тасымалдау – глюкоза, аминқышқылдары, тұздар, су, т.б. қоректік заттарды асқорыту органдарынан тіндерге; экскреторлы тасымалдау – организмдегі қажетсіз заттарды (несеп зәрін, несеп қышқылын, креатин, т.б.) зәр шығару органдарына тасымалдайды. Қан – қан түйіршіктерінен (эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер) және клеткааралық сұйық зат – плазмадан тұрады. Қан плазмасы көмірсуының негізіне – глюкоза жатады. Ал қан липидтерінің құрамы – нейтральды майлар, бос май қышқылдары мен олардың ыдырағаннан кейінгі өнімдері холестериннен, стероидты гормондардан тұрады. Бір клеткалы және төменгі сатыдағы омыртқасыздарда (губка, ішекқұыстылар) оттек денеге диффузия жолымен өтеді. Жануарлар эволюциясының белгілі бір сатысында тыныс алу пигменттерінің (гемоглобин, гемеритрин, гемоцианин) пайда болуына байланысты қандағы оттек мөлшері артып, оны тіндерге апаруы жақсарады. Ең коп тараған қызыл пигмент – гемоглобин.

**ҚАНҚА** – адам мен жануарлар денесіне тірек және оны сыртқы зақымнан қорғайтын қатты тіндерден құралған сүйек жиынтығы. Қанқа организмде тірек, қымыл және қорғаныш қызметтерін атқарады; минералдық заттар алмасуына қатынасып, кальций, фосфор, т.б. тұздардың жиналатын қоры болып табылады. Сондай-ақ организмдегі қан түзілуі процесі де осында өтеді. Қанның тірек қызметі: бұлшық еттер, шандырлар, ішкі органдар сүйектерге бекітіледі. Қанқа сүйектері үзын және қысқа рычагтар қызметін атқарып, бұлшық ет-



Балық қаңқасы

тердің жиырылуы нәтижесінде қозғалысқа келеді. Қаңқа органдарды сыртқы өсерлерден қорғайды. Мысалы, бас сүйек қуысы – миды, омыртқа бағанасы өзегі – жұлдызы, кеудеторы – жүректі, өкпені, ірі тамырларды қорғайды, ал жамбас астауы – несеп және жыныс мүшелеріне қорғаныш болады. Қаңқа 200-ден аса сүйектерден тұрады. Құрылымы мен химиялық құрамы күрделі болатын қаңқа және оны түзетін сүйектер аса беріктілігімен ерекшеленеді. Жануарларда сыртқы және ішкі қаңқа болады. Сыртқы қаңқа, әдетте омыртқасыз жануарларға, ал ішкі қаңқа омыртқалы жануарларға тән. Омыртқалы жануарлардың кейбір түрінде сыртқы қаңқа болады. Мысалы, тасбақаларда, қолтырауында – сыртқы сүйек қалқаншалары, балықта – қабыршағы. Ішкі қаңқа дәнекер тінді (бас сүйексіз омыртқалыларда), шеміршекті (төменгі сатыдағы балықтарда) және сүйекті қаңқаға жануарларға судан құрлыққа шығып, өз денесін жер үстінде көтеріп, берік ұстаяға мүмкіндік береді.

**ҚАРАГАЙ** – қарағай тұқымдасына жататын мәңгі жасыл, қылқан жапырақты ағаш кейде бұта. Қазақстанда екі түрі: көдімгі қарағай



Қарағай

және самырсын қарағайы бар. Бұл ағаштардың биіктігі 35 м-дей, діні мықты, бұтақ шоғыры дөңгелек болып келеді. Қабығы үгілмелі, қызыл-қоңыр түсті, бұтағында жарықтары болады. Қарағай ағашы 300–500 жылдай өсіп тұрады. Қарағайдан жоғары сапалы ағаш сүрегін, қарамай, шайыр алуға болады. Қарағай – дәрілік ағаш, одан терпентин майы, скипидар, сірке суы; жас қылқанынан С витамиін (концентрат), эфир майы алынады. Сондай-ақ құм тоқтатуда, елді мекенді көгалдандыруда маңызы зор. Қазақстанда ботаникалық бақтарда қарағайдың: сары қарағай, тау қарағайы, Веймутов қарағайы түрлері қолдан өсіріледі.

**ҚАРАҒАНДЫ** – қала, Қарағанды облысының өкімшілік орталығы; Қазақстандағы көмір кені өндірілетін байырғы өнеркәсіп, өндіріс орталығы. Петропавл–Шу темір жол стансасы, өуе, автомобиль қатынасының маңызды торабы. Алып жатқан жерінің аумағы ( $577 \text{ km}^2$ ) жағынан республикадағы ең үлкен, халқының саны бойынша (480 мың адам) төртінші (Алматы, Астана, Шымкенттен кейін) қала. Қаланың іргесі Қарағанды көмір алабының орталығындағы шахтерлер тұратын кенттердің негізінде қаланды. Тұрғындарының тез өсуіне байланысты 1934 ж. қалаға, 1936 ж. облыс орталығына айналды.

Сарыарқаның ұсақ шоқылы, сәл белесті жазығының орта тұсында, жазда тартылып қалатын Бұқпа өзенінің екі жағалауында орналасқан. Қаланы сумен Нұра өзені, Ертіс–Қарағанды каналы, жер асты сулары қамтамасыз етеді. Қараған көп өсетіндікten қала «Қарағанды» деп аталған. Бұл жерден 1833 ж. Аппақ Байжанов тас көмір тапқан. Игілік Өтепов деген бай



Қарағандыдағы сауда үйі

Қарағанды өнірін Никон Ушаковқа 250 сомга сатқан. Орыстың кен кәсіпкерлері Ушаков пен Александр Рязанов 1856 жылдан бастап Қарағандыдан көмір өндіре бастайды. 1899 ж. Рязановтың мұрагері кен орнын француз концессионеріне сатты; ал 1907 ж. кен орны ағылшын концессионерлерінің қолына көшті. Қазан төңкөрісінен кейін Қарағанды шахталары мемлекет меншігіне айналды. 1920–30 ж. жүргізілген барлау жұмыстары мұнда көмір қорының мол екенін анықтады. 1929 ж. «Қазаққұрылысқөмір» тресі құрылды. Алғашқы бес жылдықта Қарағандыда ірі көмір өндіру орталығы пайда болды. Шахталарды кен қазатын құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті. Қарағанды көмірін Оралға, Батыс Сібірге, Орта Азияға жеткізу үшін темір жолдар салынды. 2-дүниежүзілік соғыс жылдары Қарағанды көмір алабы қорғаныс өнеркәсіпперін, темір жол көлігін көмірмен үздіксіз қамтамасыз етін отырды. Кеңес өкіметі тұсында Қарағандыда өнеркәсіп саласы кеңінен дамыды. Жаңа бас жоба бойынша қаланы кешенді салу 1960 ж. басталды.

Өнеркәсібінің басты саласы – тас көмір өндіру. Бұлардан басқа тау-кен, т.б. шикізат өнімдерін өндіретін, қаланы электр, газ, сумен қамтамасыз ететін кәсіпорындар жұмыс істейді.

**ҚАРАҚАЛ**, қаракөл елтірісі – туғаннан кейін 2–3 күн ішінде сойылған қозы терісі. Елтірі қойдың қаракөл, соколов, решетилов



Қаракөл елтірісі

сияқты арнайы тұқымдарының қозыларынан ғана алынады. Ең сапалы және көп өндірілетіні – қаракөл елтірісі. Енесінен буаздығының 135–140-күндері, мерзімінен бұрын, шала туған қозының елтірісі қаракүлше, жылбықсы деп аталауды және жоғары бағаланады. Елтірінің шелі жұқа әрі берік. Осыған байланысты елтіріден тігілген киім жеңіл болады, ұзақ киіледі. Сапасы мен құндылығы түсіне, түгінің бүйралығына, мөлшеріне байланысты. Түсі, көбінесе қара (мөлдір қарадан солғын қараға дейін), көк (ашық көктен қара көкке дейін), кейде сұр, қоңыр, қызығылт, ақ болады. Елтірінің толқын бүйралысы жоғары бағаланады. Елтірі бүйра гүлінің жалпақтығына қарай ұсақ, орташа, ірі бүйра гүлді болып бөлінеді. Елтіріден бөрік, ішік, т.б. тігіледі, жаға жасалады.

**ҚАРАҚАТ** – тасжарғандар тұқымдастына жаттын бұта. Қазақстанда Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарында өсірілетін 11 түрі бар. Биіктігі 60 см-ден 2 м-ге дейін жетеді. Бұтағы тікенекті, жапырағы жалпақ, 3–5 қалақшасы болады. Гүлі ұсақ, екі үйлі, көбінесе қос жынысты кейде дара жынысты. Маусым–шілде айларында гүлдеп, шілде–тамызда жемісі піседі. Жемісі – жидек. Жеміс шоғында 2–18 түйір жеміс болады. Жеміс құрамында 12–20% құрғақ зат, 78–83% су, 5–10% қант, 2–4% түрлі қышқылдар, витаминдер (В<sub>1</sub>, С, Р), сондай-ақ пектин, илік заттар, минералды тұздар бар. Қара қарақатты халық медицинасында кеңінен қолданады. Жидегі тәбет ашады, тер шығаратын және несеп жүргізетін қасиеті бар. Жидегі организмде витамин жетіспеген жағдайда, қан азайғанда және жүдеген кезде пайдалы. Қызыл және жабайы қарақат тек жемісін жинау үшін емес, будандастыру арқылы жаңа сорттар шығару үшін де пайдаланылады. Жидек ретінде қара, қызыл және ақ қарақат көп өсіріледі.



Қызыл және қара қарақат

**ҚАРАҚОРЫМ** – Орталық Азиядағы тау жүйесі. Жер шарындағы аса биік тау жүйелерінің бірі. Ұзындығы 800 км, орташа биіктігі 5500 м-дей. Ең биік жері – Чогори шыңы (8611 м), ол биіктігі жағынан Джомолунгма шыңынан кейін екінші орында. Қарақорым тауында Қытай мен Үндістан шекаралары түйіскен. Солтүстігінде Памир және Куньлуң, оңтүстігінде Гималай және Гандисышань тау жүйелерінің аralығында орналасқан. Гималайға қараганда құрғактау болса да, мұзданудың аумағы (16,3 мың км<sup>2</sup>) үлкен. Ең ірі мұздығы – Сиачен (ұзындығы 75 км, ауданы 1180 км<sup>2</sup>). Одан басқа Хиспар (ұзындығы 62 км), Биафо (59 км), Акташ (56 км), Балторо (52 км, ауданы 1227 км<sup>2</sup>) мұздықтары бар. Еріген қар мен мұздың сулары Инд және Тарим өзендерінің алабын құрайды. Тауаралық қазаншұңқырларда түйік көлдер мен сор жерлер кездеседі. Тау алқаптарында ладакхтар, балти, хунза, брокпа, т.б. тибет халықтары тұрады. Олар жеміс-жидек жинаумен, тау аңғарларындағы жазық өңірлерде бидай, бұршақ егумен шұғылданады. Жұзім, алма, өрік, қараөрік өсіреді. Өзен, көлдердің жағалауарында қой, ешкі, қодас және пөни жайылады. Тау жүйесінің басым бөлігі әлі толық зерттелмеген.

**Қарақорым** – Шыңғыс хан мемлекетінің астанасы (1220–64). Орталық Монголиядағы Орхон өзені аңғарында орналасқан. Жаудан қорғану үшін қаланың екі жақтауы қара қорым таспен қоршалғандықтан осылай аталған. Бұл өңірді ертеде ғұндар, кейіннен түркілер мекендеген. Одан беріректе керейлердің астанасы болды. Шыңғыс хан 1220 ж. Қарақорымды астанаға айналдырды. Қаладағы әсем сарайлар мен қорғаныс қамалдары Үгедей хан тұсында салынды. Астана ретінде Қарақорымға Еуропа мен Азияның түпкір-түпкірінен елшілер мен саудагерлер, саяхатшылар ағылып

келіп жатты. Мысалы, 1246 ж. маусым-шілде айларында өткен, Қүйік (Гуюк) ханды ұлы хан сайлау құрылтайына Рим, Франция, Орыс, Қытай, Бағдад, Хорезм, Дешті-Қыпшақ елдерінен торт мыңдан аса өкіл келген. 1264 ж. Құбылай астананы Ханбалыққа (Пекин) көшіргеннен кейін Қарақорымның саяси мәні әлсірей бастады. Юань (Монгол) әулеті биліктен кеткен соң 1380 ж. қытай әскерлері қаланы жермен-жексен етті. Тек, 1532 ж. бұрынғы Қарақорымның орнына буддалық гибадатхана тұрғызылды. Сөйтіп, 13–14 ғасырларда әлемдегі көрікті қалалардың бірі болған қала жер қойында қалып қойды.

**ҚАРАҚҰМ**, Тұрікмен Қарақұмы (турікменше – Гарагум) – Орталық Азияда, Тұрікмен мемлекетінің 80%-дай аумағын алып жатқан құмды алқап, шөл. Солтүстік және солтүстік-шығысы Сарықамыс ойысы, Әмудария аңғары, оңтүстік-шығысы Қарабел және Бадхыз қыраттары, оңтүстігі Копетдаг етегі, батысы Батыс Узбеймен шектелген. Ауданы 350 мың км<sup>2</sup>. Қарақұм солтүстік Үнгуз, Орталық және Оңтүстік-шығыс Қарақұмдарға бөлінеді. Жер беті төбелі жазық. Негізінен, осы жерлер арқылы өткен ежелгі Әмудария, оңтүстігінде Мурғаб және Теджен өзендерімен келген құм шөгінділерінен түзілген. Шөлде тақыр жерлер мен сортанды қазаншұңқырлар, құм төбелер және қырқалар жиі кездеседі. Оңтүстік-шығыс және Орталық Қарақұмдардағы құмды қырқалардың биіктігі 3–30 м. Құмды алқаптың солтүстік-шығысымен Әмудария өзені ағып өтеді. Оңтүстік және оңтүстік-батысындағы Мурғаб және Теджен өзендері құмға сіңіп кетеді. Эфемерлі өсімдіктер, өлеңшөп, ақ және қара сексеуіл, қараған, астрагал, қылشا өседі. Қарақұм аумағында Түркменнің негізгі кен



Қарақорым



Қарақұм

байлықтары (газ, мұнай, күкірт) жатыр. Шөлді аумақтың орталық бөлігінен Түрікменбашы (Қарақұм) каналы (ұзындығы 450 км) ағып өтеді.

**Қарақұм** – Балқаш және Сасықкөл көлдері аралығындағы құм. Алматы облысының Алакөл ауданы жерінде, теңіз деңгейінен 350–450 м биіктікте орналасқан. Ұзындығы 120 км, ені 30 км, ауданы 1600 км<sup>2</sup>. Оңтүстігінде Арқарлы тауы және Сарықұм мен Тасқарақұм құмды алқабы орналасқан. Қарақұмның басым бөлігі қырқалы, төбелі (биіктігі 5–30 м, әсіреке солтүстік-батыс жағында) келеді; бұта аралас жусан, ерекшөп, т.б. сораң шөптермен бекіген. Айнала етегі тақыр, тақырлы сорандарға ұласады. Тұщы گрунт сулы құм қабаты жер бетіне жақын жатыр. Қарақұм – қысқы мал жайылымы.

**Қарақұм** – Каспий теңізінің солтүстік-шығысында орналасқан құмды алқап. Теңіз жағасынан 10–20 км жерде. Оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 150–160 км-ге созылған. Құм Атырау облысының Жылжай және Маңғыстау облысының Бейнеу аудандары жерін қамтиды. Батысы теңіз деңгейінен 19 м, шығысы 9 м төмен жатыр. Қарақұмда теріскен аралас ақ жусан, ерекшөп, изен, т.б. сораң шөптер өсken. Минералдылығы әр түрлі, گрунт сулары 2–6 м терендікте жатыр. Қарақұм оңтүстік мұнай кен орындары бар.

**Қарақұм** – Іле өзенінің оң жағалауындағы құмды алқап. Қытаймен шекаралас орналасқан. Алматы облысы, Панфилов ауданы жерінде. Абсолюттік биіктігі 540–880 м. Оңтүстікten солтүстікке 50 км-ге созылып жатыр. Ені 34 км-ге жетеді. Қарақұмның батысында Бурақожыр (Борохудзир), шығысында Қорғас өзендері, солтүстігінде Тоқсанбай жотасы, оңтүстігінде Іле өзені аңғары жатыр. Құм Үсек (Өсек), Бурақожыр, Қорғас және Іле өзендері алып келген шөгінді тау жыныстарынан пайда болған. Төбелі, қырқалы құмдардың биіктігі 20–25 м-ге жетеді. Мұнда ақ сексеуіл, жұзғін, жыңғыл, етегінде тораңғы өседі. Шағын көлдер кездеседі.

**ҚАРАТАУ** – Еуразияның түркі тілдес халықтар қоныстанған аймақтарындағы биіктігі орташа және алса тау жоталары. Алатаумен салыстырғанда Қарататуда жаз айларында қар жымылғысы болмайды, сондықтан осылай аталағы. Қарататудан шағын өзендер ғана бастау



Қарататудагы Мыңшүңқыр жотасы

алып, тау алды жазықтарында құмға сіңіп кетеді. Мұндағы таулардың беткейлері тасты, қорымды келеді. Қарататуда атауы Орталық Азияда, Оңтүстік Оралда, т.б. түркі тілдес елдер аумағында (Түркия, Иран, Шыңжаң автоно-миялық ауданы, Кавказ, Қырым, т.б.) жиі кездеседі. Қазақстанда Қарататуда жотасы деген атау (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстары аумағында), Қарататуда таулары (Маңғыстауда), Кетпен (Ұзынқора) жотасында да кездеседі. Қарататуда атауы – қазақтың тарихымен, ұлттық болмысымен біte қайнасып кеткен Ономастикалық нысан, халқымыздың баспанасы, қарашаңырағы іспеттес рәмізге ие. 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» тауқыметін суреттейтін, өз кезінде нағыз ұлттық гимнге айналған «Елімай» жырындағы «Қарататудың басынан көш келеді...» деп өспеттелетін мәртебелі тау осы. «Басында Нұх пайғамбардың кемесі қалған» Қазығұрт тауы да – Қарататудың бір сілемі.

**Қарататуда** – Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік-батысындағы тау жотасы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстары



Қарататуда баурайында

аумағында орналасқан. Қаратау–Сырдария және Шу–Талас озен алаптарының су айрығы. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 420 км-ге созылған. Ең биік жері – Бессау тауы (2175 м). Жота қатарласа созылған Кіші Қаратау және Үлкен Қаратау жоталарынан тұрады. Қаратаудың оңтүстік-батысын Сырдария, солтүстік-шығысын Шу және Талас өзендерінің алаптары алып жатыр. Беткейлерінің топырағы қоңыр, қызығылт қоңыр. Тауаралық аңғарлар мен шатқалдарында бетеге, боз, көде, өзен аңғарларында тоғай өседі. Қазақстанның басқа жерінде кездеспейтін, каучук ретінде қолдануға болатын тау сағызы Қаратау қойнауында мол өседі. Қаратау өңірінде жер асты суларының мол қоры бар. Қойнауында Қазақстанның ірі полиметалл (Аңысай, Мырғалымсай, Байжансай, т.б.), фосфорит (Ақсай, Жаңатас) кендері шоғырланған.

**Қаратау** – Маңғыстау түбегіндегі аласа тау жоталары. Батыстан шығысқа қарай 110 км-ге созылып жатыр. Батыс Қаратау және Шығыс Қаратау жотасында орналасқан Бесшоқы тауы (552 м). Устіртті келген тау беткейлері сай, жыра, шатқалдармен тілімденген. Пермь кезеңінің метаморфтық құмтас, әктас және конгломераттарынан түзілген. Беткейінде жусан, қараған, етегінде тасбұйырғын өседі. Аңғары – жайылым. Тау баурайларында бұлактар бар.

**Қаратау** – қала (1963 жылдан), Жамбыл облысы Талас ауданының орталығы, темір жол стансасы. Облыстың оңтүстік белгінде, Тараз қаласынан солтүстік-батысқа қарай 82 км жерде орналасқан. Тұрғыны 27,4 мың адам. Іргесі 1946 ж. Шолақтау кенті болып қаланған. Қала өмірі Қаратау фосфоритті алабымен тығыз байланысты. Қаратау кеніші алғашқы өнімін 1946 ж. бере бастады. 1963 ж. флотациялық әдіспен байыту фабрикасы іске қосылды, Қаратау кен-химия комбинаты салынды. Қалада химия, құрылым материалдары, тұрмыс қажетін өтеу комбинаттары, «Мәрмәртас» кен орны, т.б. көсінорындар жұмыс істейді. Қаратау қаласының іргесінде ежелгі Тамды елді мекенінің орны (Тамдықент немесе Пергант) сақталған.

**ҚАРҚАРАЛЫ** – қала, Қарағанды облысындағы Қарқаралы ауданының әкімшілік орталығы. Орманды-тоғайлы, жақпартасты келген көрікті Қарқаралы тауларының шығыс етегі



Қарқаралы

гінде, Қарқаралы өзенінің жағасында орналасқан. Тұрғыны 8,7 мың адам. Іргесі 1824 ж. Ресей империясының әскери бекінісі ретінде қаланған. 1868 ж. уездік қалаға айналды. 1928–30 және 1934–36 ж. Қарқаралы округінің орталығы болды. 1930–34 ж. және 1936 жылдан Қарқаралы ауданының орталығы. 19-ғасырдың екінші жартысында Ресейден Қытайға баратын керуен жолының торабы ретінде маңызды сауда орнына айналды. Қарасор көлінің жағасында 1848 жылдан 1930 жылға дейін Қоянды жөрмеңкесі өтіп тұрды. Қала 19-ғасырдың 60-жылдары Қарқаралы дуанының орталығы болып тұрған кезінде бала Абайдың әкесі Құнанбаймен ілесіп, осы қалаға барғаны туралы М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында айтылады. Қалада тоң май айыратын, сыра қайнататын, тері илейтін және кірпіш зауыттары жұмыс істеді, орыс-қазақ мектептері болды. Кеңес әкіметі жылдарында Қарағайлы қорғасын-барит кен-байыту комбинатының салынуына және қала айналасында көптеген демалыс орындарының пайды болуына байланысты жедел өсті. Қазіргі қалада көптеген ұсақ кәсіпорындар, тұрмыс қажетін өтеу комбинаты, автокөлік мекемелері, астық қабылдау пункті, баспахана, т.б. жұмыс істейді.

**ҚАРЛЫҒАШ** – торғайтәрізділер отряды, әнші торғайлар тобының тұқымдасы. Арктика мен Антарктидадан басқа аймактарда кеңінен таралған. 20 туысқа бірігетін 79 түрі бар. Қазақстанда 5 түрі (жар қарлығашы, құз қарлығашы, қосренді қарлығаш, секпілтөс қарлығаш, кент қарлығашы) кездеседі. Қарлығаштың тұмсығы қысқа, тұмсығының түбі кең, езулерінің арасы алшақ. Қанаттары жіңішке әрі ұзын. Дене бітімі ерекше сымбатты. Саусақтары қысқа әрі әлсіз, жерде жүруі ебедейсіз.



Үядагы қарлығаш

Қарлығаштың қауырсыны тығыз, жотасы қара түсті жылтыр. Сыртқы түрінен еркегі мен ұрғашысының айырмашылығы байқалмайды. Дене түркі 9–23 см, салмағы 10–60 грамм. Қарлығаш өте жақсы ұшады, тіршілігінің көп уақытын ауада ұшып жүрін өткізеді. Су үстінен ұшып бара жатып-ақ су іше береді. Ұшып жүріп қорегін ұстал жейді. Дауысы аса қатты емес. Қарлығаш ұясын саз балшықтан сілекейімен араластырып бекем етін жартас құystарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне, кейде ағаш басына да салады. Ұясы жарты ай немесе түбі кең, аузы тар құмыра пілпінді. Ұясының түбіне қауырсыннан, т.б. заттардан жұмсақ төсөніш жасайды. Ашық үядагы жұмыртқа қара теңбліді шұбар, жабық үядагы жұмыртқа ақ түсті болады. Жылына бір кейде екі рет 3–7 жұмыртқа салып, балапан басып шығарады. Қорегі, негізінен, ұсақ жәндіктер.

**ҚАРШЫҒА** – қаршыға тұқымдастына жаттын жыртқыш құс. Арктика мен Антарктидан басқа жерлердің бөрінде кездеседі. Қа-



Қаршыға

закстанда, көбінесе орман, қалың бұта, ағаш өскен тау бектерін мекендейді. Дене түркі 28–114 см, салмағы 800–1500 грамм. Тұмсығы қара, саусақтары салалы. Қоразы мен мекиенің түсі ұқсас. Ұясын ағашқа, жартасқа, шыңға, жерге салады. Жылына 3–4 жұмыртқа басады. Қарығаның ұя салып, өніп өскен жеріне қарай оның түр-түсі де алуан түрлі. Қазақ аңшыларының бүркіттен кейінгі аңға ең көп салып, қолға ұстайтын құсы қаршыға болған. Оны бүркіт сияқты баптап, баулиды. Жақсы бап қөрген қаршыға қаз, үйрек, дуадақ, ұлар, аққу, қырғауыл, саңырау құр сияқты құстарға түседі. Сондай-ақ қоян, ақ тиін, алақоржындарды да іледі. Аңға салатын құс болғандықтан қаршыға көп ауланған. Сондықтан олардың саны жылдан жылға азайып келеді.

**ҚАСҚЫР** – қасқыр тұқымдастына жаттын жыртқыш. Дене түркі асыранды иттей. Асыранды иттің арғы жабайы тегі – қасқыр деп есептелінеді. Қасқыр Еуропада, Азияның көп аймақтарында кеңінен таралған, 18–19-ғасырларда көп ауланудың салдарынан Еуропаның біраз елінде, Жапонияда, Канаданың онтүстік аймақтарында, АҚШ пен Мексикада, т.б. елдерде олардың саны мұлдем азайған. Әрбір қасқыр күніне орташа есеппен 4 кг-дай ет жейді. Дене мөлшері 105–160 см, ұлпілдек жүнді құйрығының ұзындығы 29–50 см. Жылына екі рет түлейді. Буаздық мерзімі 62–75 күн, қаншығы 3–13, көбінесе 4–6 күшік табады. Қасқыр қорегін, көбіне түнде аулай-



Касқыр

ды. Қорегін іздең 70–85 км-ге дейін баралы. Қасқырдың терісінен ішік (жылы тон) тігеді, оның өтін емге пайдаланады. Тырнағын бесікке ырым етіп іліп қояды. Қасқыр топтанып, тіршілік етеді. Қасқырды қазақ халқы ежелден қайраттылықтың, шыдамдылықтың белгісі ретінде санаған. Туркі халықтары өздерін ер баланы асырап баққан қаншық қасқырдан тарағанбыз деп есептеп, «Көкбөрі» атауын ататек баламасына айналдырган.



**ҚАСТЕЕВ Әбілхан** – кескіндемеші-график, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. Қазақ КСР-інің халық суретшісі (1944), Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1942). 1904 ж. 1 қаңтарда Алматы облысы Жаркент ауданы Шеткін ауылында дүниеге келген. 1929–36 ж. Алматы және Мәскеу қалаларындағы көркемсурет студиясында оқыды. 1954–56 ж. Қазақ КСР Суретшілер одағы басқармасының төрағасы. Оның алғашқы көрмеге (1931) қойылған туындылары «Тігін үстінде», «Мектепте», «Автопортрет», «Көгілдір көйлекті қыз», «Қарындасымның портреті», т.б. Суретшінің «Фани Мұратбаев», «Абай Құнанбаев», «Жамбыл Жабаев», «Амангелді Иманов», «Шоқан Уәлиханов», «Кенен Әзірбаев» сияқты портреттік туындылары – жоғары таным-талғамның үлгісі. Суретші халқымыздың тұрмыс-тіршілігін дәл бейнелеп,



Ә.Қастеев. «Тұрксіб»

ұлттық дүниетаным аясында тың композициялық шешім таба білді. Оның «Киіз үйдің ішкі көрінісі», «Қыз Жібек», «Қыз ұзату», «Қос құрбы», «Келін түсіру», т.б. шыгармалары ұлттық мәдени қазынамызға айналды. 1973 ж. 2 қарашада Алматы қаласында қайтыс болды. Шымкент қаласындағы өнер училищесі (1971), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер мұражайы (1983) Қастеев атымен аталады.

**ҚАТОНҚАРАҒАЙ ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ САЯБАҒЫ**, Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарагай ауданының аумағында. 2001 ж. үйімдестірылған. Солтүстігінде Қызылқарагай және Қатынтау қыраттарына ұласа отырып, Ресеймен шектеседі. Шығысында Үкек даласымен (Ресей, Алтай Республикасы) және Қытаймен, оңтүстігінде Темірқаба өзенін бойлай Марқакөл қорығымен шектеседі. Ауданы 643 мың гектар, оның 215 мың гектары орманды алқап, ағаштарының қоры – 24 мың м<sup>3</sup>, қорықтық аймақ жері 151 мың гектар. Саябақтың пайдаланылатын аумағы – 492 мың гектар. Қатонқарагай ұлттық саябағы жануарлар мен өсімдіктердің түріне бай. Мұнда сүтқоректілердің 66 түрі, оның ішінде марал, бұлан, таутеке, аю, сілеусін, құну, т.б. бар. Құстардың 250-ден астам түрі кездеседі. Сирек кездесетін, қорғауга алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген ұлар, қаралегелек, т.б. құстар бар. Саябақ жерінде самырсын, балқарагай, қарағай, шырша, қайың, мойыл, терек өседі.

Рахман қайнары, Рахман көлі, Арасан – Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарагай ауданындағы шипалы жылы су көзі. Оңтүстік



Қатонқарагай ұлттық табиги саябағы



Рахман көлі

Алтайдың кішкене тектоникалық ойпатында, Арасан көлі жағасында, теңіз деңгейінен 1750 м биіктікте айналасын биік тау, орман қоршаған ете көрікті жерде орналасқан. Су граниттегі терең тектоникалық жарықтан шығады, температурасы 35–42 С. Қайнардың шипалық қасиеті ертеден белгілі. 1925–36 ж. бұл жерде курорт болған. 1960 жылдан қайта жұмыс істей бастады. Рахман қайнарының шипалық қасиеті оның құрамындағы көмір қышқылының, радонның молдығында. Суы тұшы, минералдылығы 200 мг/л, құрамында гидрокарбонаттар, натрий, кальций, т.б. элементтер бар.

**ҚОБЫЗ**, қылқобыз – көптеген түркі халықтарында кездесетін қос ішекті музикалық аспап. Аспап жыңғыл, үйеңкі секілді мықты ағаштардан ойып жасалған. Құрылымы қауыз тәрізді. Басы, екі құлағы, иілген мойны, төменгі жағында терімен қапталған шанағы, аттың қылынан жасалған қос ішегі, тиегі және ысқышы болады. Дыбыс ішек пен ысқыштың үйкелісінен шығады. Ол Орталық Азияны мекендерген түркі тектес тайпаларға ортақ. Оған ұқсас аспаптарды Кавказ, Сібір халықтарынан да кездестіруге болады. Қобыз – көнениң көзі. Ертеде бақсылар ойнаған. Олардың қобыз аспабында орындайтын арнайы сарыны, мақамы болған. Қобыз (қазақ), қобуз (қарақалпақ), комус (тува), кубыз (татар), қияқ (қыргыз), гиджак (түрікмен, өзбек, үйғыр), кемәнші (тәжік) болып аталады. Нарқобыз – жорыққа шыққанда қолданылған аспап. Жауға шабар кезде нарқобыз сарыны естілғен. Ол батырларға күш-жігер беріп, рухтандырып отырған. Ол туралы деректер «Қорқыт ата кітабында» сакталған. Месқобыз, жезқобыз,



Кылқобыз

желқобыз – аспаптың түр-түсіне қатысты атаулар. Шаңқобыз – жер жүзі халықтарының басым көпшілігінде кездесетін аспап. Қазақ халқына ең жақыны – қылқобыз. Ол туралы деректер әл-Фараби, Ибн Сина, Жәми, Дәруіш Әли еңбектерінде кездеседі. Ерте дәуірде барлық жырлар қобыздың сүйемелімен айтылған. Шоқан Үәлихановтың көрсетуінше, қобызben жыр айтқан ең соңғы жырау – Жанақ. Қобыз сарындарын бізге жеткізген Ықылас Дүкенұлы, Дәүлет Мықтыбаев, Нышан Шәменұлы, Қалқа Жапсарбаев, т.б. Бертін келе қобыз сарыны шертпе күй дәстүрінің тууына елеулі ықпал етті.

**ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР, Қаралыпшақ** Қобыланды – батыр, тарихи тұлға. Шамамен 15-ғасырда өмір сүрген. Тарихи деректер бойынша, көшпелі өзбек мемлекетінің негізін қалаушы Әбілхайыр ханының бас батыры болған. Қазақ шежіресінде Қобыланды Қарақыпшақтан тарайтын Тоқтарбайдан туады. Қобыландыдан Беркімбай, Беркімбайдан бес таңбалы Қыпشاқ үрпақтары өрбиді. Шежіре деректері бойынша ол руаралық қақтығыстардың бірінде Арғын тайпасының билеушісі Қотан бидің ұлы Дағырқожа батырды (Ақжол) өлтірген. Қазақ ауыз әдебиетінде осы оқиға жөнінде Қотан бидің «Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» деген жоқтауы сақталып қалған. Қазақ халқы арасында Қобыландының қызылбастар мен қалмақтарға



Ақтөбе облысы Қобда ауданындағы Қобыланды батыр зираты

қарсы соғыстарын баяндайтын «Қобыланды батыр» эпосы кең тараған.



**ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ**, Әзірет Сұлтан – түркістандық ғұлама, әулие. Арғы тегі қожалар әuletінен. Өкесі – Исфиджабта даңққа бөленген әулие, Әзірет Әлінің үрпағы Шейх Ибраһим. Анасы – Мұса шейхтың қызы Айша (Қарашаш ана).

Мұса шейх те Исфиджабта әулиелігімен танылған. Қожа Ахмет Иасауи шамамен 1093 ж. (кейбір деректерде 1103, 1041 ж.) Сайрамда (Исфиджаб) өмірге келіп, 1166 ж. Түркістанда (Иасы) қайтыс болған. Кейбір деректерде Ибраһим атты ұлы мен Гауһар Хошназ (Жауһар Шахназ) атты қызының болғандығы айтылады. Иасаудың үрпағы негізінен осы қызынан тарайды. 11-ғасырда Исфиджабта исламдық фикір (құқық) мектебі ханафи мазhabының ондаған өкілдері өмір сүрді. Иасауи ілімі осы саяси-әлеуметтік ортада қалыптасты. Оның ұстазы – Арыстан баб болды. Кашифи «Рашахат-ул айн-ил ха-



«Диуани хикмет» кітабының 1993 жылғы басылымы

йат» атты еңбегінде Қожа Ахметтің Арыстан бабтың шәкірті болғандығы, одан занияр және батин ілімдерінің сыры мен мәнін үйренгендігі туралы мәлімет береді. Иасаудың «Диуани хикметінде» де Арыстан баб жіңі ауызға алынады. Иасауи іліміндегі парасат үғымы адамның адамгершілік ахлақи мәртебесіне және «инсані камил» дәрежесіне жету мәселесін қарастырады. Оның дүниетанымдық тұжырымдамасын шариат пен мағрифат құраса, тәжірибелік негізін тариқат белгілейді. Қожа Ахмет дүниетанымының мәні – «адамның өзін-өзі тануы» арқылы «Хақты тануы». Иасауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адам «кемелдікке» жетуі үшін қажетті білімді игеруі керек. Бұл білімнің қайнары – хикмет. Хикметтерде адам жаратылысы – Жаратқан иенің ұлылығын көрсететін, көркемдігі жағынан ең жоғарғы кейіпте жаратылған болмыс екендігі айқын көрсетілген. Иасауи ілімі барша түркі халықтары мәдениетіне үлкен өзгеріс енгізді. Жергілікті халықтың салт-санасы мен сенім-нанымына, әдет-ғұрпына қайшы келмейтін діни мектептің негізін қалаған Қожа Ахмет сопылық ағымның түркілік дәстүріне даңғыл жол салды. Ол «ислам дінін тек араб тілі арқылы ғана тану-

га болады» деген түсінікті теріске шығарып, сопылық әдебиет ұстанымдарын көне түркі әдеби тілінде сөйледті. Қасиетті кітаптың арабша мағынасын толықтай түсіндіру, шариаттың қыр-сырын, дін қағидаларын қалың қауымға өз тілдерінде тереңнен таныту мақсатында хикметтерін жергілікті халыққа жақын айшықты поэзия тілімен жазды. Түркі тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Оның жазба әдебиет үлгісіндегі шығармалары түркі топырағында ертеден қалыптасқан суырып-салмалық дәстүрдегі әдебиетке жаңа серпін, тың мазмұн алып келүмен қатар, оны түр жағынан көркейтін, кемелдендіре тусты. Иасауише хикмет жазу түркі-мұсылман әлемінде дәстүрге айналды. Кіші Азияда Қажы Бекташ, Жұніс Әмре, Сұлеймен Бақырғани хикметтерінен Иасауи сарыны байқалды. Ол сарын Асан Қайғыдан Абайға, сондай-ақ күні бүгінге дейінгі қазак ақындары шығармаларында көрініс тапқан.

**Қожа Ахмет Иасауи кесенесі** – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Түркістан қаласында орналасқан. 1396–99 ж. Әмір Темірдің бүйрығымен Қожа Ахмет Иасауи қабірінің басына түрғызылған. Ені – 46,5 м, ұзындығы – 65 м. Қүйдірілген шаршы кірпіштен өрілген. Кесене жобасының ерекшелігі – онда Орталық Азия сәулет өнерінде бұрын-соңды ұшыраспаған шатыр жабу тәсілдері қолданылған. Кесенеде аса үлкен портал (ені – 50 м-ге жуық, порталдың арканын ұзындығы – 18,2 м), бірнеше күмбез, 35 бөлме бар, биіктігі – 37,5 м, сыртқы қабырғалардың қалындығы – 1,8–2 м. Кесененің үш қабырғасының үстіңгі жағымен өтетін эпиграфтық фризде Құран Қерім сүрелеп-



Қожа Ахмет Иасауи кесенесі

рі мен аяттары жазылған. Кесенеде және оның тоңірегінде қазақ халықының атақты адамдары (Жолбарыс хан, Есім хан, Абылай хан, Қаздауысты Қазыбек би, Жәнібек батыр, т.б.) жерленген. 19-ғасырдың алғашқы ширегінде Қоқан билеушілері кесенеге жөндеу жұмыстарын жүргізіп, оның төңірегіне қамал-бекіністер салуды қолға алды. 1864 ж. Туркістан қаласын жаулап алған Ресей отаршылары кесененің 11 тұсына зақым келтірген. 1978 ж. қыркүйекте Қожа Ахмет Иасауи республикалық мұражайы ашылып, 1989 ж. 28 тамызда «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» үйімдастырылды. Түркія елімен арадағы келісім бойынша жүргізілген гимаратты қалпына келтіру жұмыстары 2000 ж. аяқталды. 2003 ж. Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 27-сессиясында кесене дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді.


**ҚОЖАНАСЫР** – түркі халықтары арасына кең тараған күлдіргі өңгімелердің кейіпкері. Әңгімелерде ол бірде қу, бірде аңқау, бірде өткір тілді қалжыңбас бейнесінде сипаттала-



Бұхара қаласындағы Қожанасыр ескерткіші

ды. Бұл әңгімелер бүкіл Орталық және Алдыңғы Азия, Арабия, Балқан елдері, Еділ бойы, Кавказ халықтары фольклорында Молла Насреддин, Қожа Насреддин, Насреддин әпендей деген аттармен кең тараған.

**ҚОЗҒАЛТҚЫШ**, мотор – қандай да бір энергия түрін механикалық жұмысқа түрлендіретін күш-қуат машинасы. Қозғалтқыш латынша motor, яғни қозғалысқа келтіретін деген үғымды білдіреді, ол осыдан қозғалтқыш (мотор) деп аталып кетті. Энергия ме-




### Ядролық жылу қозгалтқышы

Ханикалық жұмысқа қозгалтқыштың түріне қарай қайталамалы-ілгерілемелі қозгалыстағы піспек (поршень), айналмалы қозгалыстағы ротор немесе реактивті қозгалыс тудыратын аппарат арқылы түрленеді. Оны жердегі, судағы, аспандағы, гарыштағы көлік құралын қозгалысқа келтіру, өндірістің әр саласындағы жұмыс машинасын, тұрмыс техникасын, т.б. іске қосу үшін қолданады. Қозгалтқыш бірінші реттік (бастауыш) және екінші реттік (қостауыш) қозгалтқыш болып белінеді. Бірінші реттік қозгалтқыш (бу, газ, жел қозгалтқыштары) табиги энергетикалық ресурстарды (отын, су, жел энергиясын, ядролық энергияны) механикалық энергияға тікелей түрлендіреді. Оған жылу қозгалтқышы, бу қозгалтқышы, газ қозгалтқышы, жел қозгалтқышы, гидравликалық қозгалтқыш, т.б. жатады. Олардың ішінде отын немесе атом энергиясын механикалық жұмысқа айналдыратын жылу қозгалтқышы ең басты топты құрайды. Ал екінші реттік қозгалтқыш бірінші реттік қозгалтқыштың көмегімен алынған энергияны түрлендіреді. Олардың қатарына электрлік қозгалт-



### Гидравликалық қозгалтқыш


қыштар, пневматикалық (сығылған ауанын қысымын пайдаланатын), т.б. қозгалтқыштар жатады. 18-ғасырдың орта шенінен өндірістің машиналы технологияға көше бастауына байланысты, жергілікті қуат көзі – суға, желге, т.б. төуелді бола бермейтін қозгалтқыш жасау қажеттігі туды. Осы кезде отын энергиясымен қазанда бу өндіріп, онымен жұмыс істейтін бірінші жылу қозгалтқышы – бу машинасы жасалды. 19-ғасырдың екінші жартысында жылу қозгалтқышының бу турбинасы және іштен жанатын қозгалтқыш атты жаңа екі типі өмірге келді. Бұғінгі күні көлік құралы түгелдей дерлік іштен жанатын қозгалтқышпен жарақталады. 20-ғасырдың алғашқы жартысында жылу қозгалтқышының жаңа түрлөрі – газ турбиналық қозгалтқыш, реактивті қозгалтқыш, ядролық қозгалтқыш жасалды. Қазіргі таңда авиация қозгалтқышының көпшілігін газ турбиналық қозгалтқыш құрайды. Ол сонымен бірге локомотивте (газ турбиналық тасығыш), автомобильде қолданылады.



Іштен жану қозгалтқышы

**ҚОЗГАЛЫС** – екі нүктенің ара қашықтығы сақталатын евклидтік кеңістікті геометриялық түрлендіру. Кеңістіктегі бағдарын сақтаусақтамауына байланысты қозгалыс меншікті (1-текті қозгалыс) немесе меншіксіз (2-текті қозгалыс) деп аталады. Жазықтықта меншікті қозгалыс тік бұрышты координаттар жүйесінде ( $x$ ,  $y$ ) мынадай формулалар арқылы берілуі мүмкін:

$$\begin{aligned}x' &= x \cos \varphi - y \sin \varphi + a, \\y' &= x \sin \varphi + y \cos \varphi + b,\end{aligned}$$



Шеңбер бойымен қозгалыс

мұндағы  $a$  мен  $b$  параметрлері жазықтықтың ( $a, b$ ) векторына параллель көшірілуін, ал параметрі жазықтықтың координаттар бас нүктесінен айналуын сипаттайды. Жазықтықтағы меншікіз қозгалыс тік бұрышты координаттарда ( $x, y$ ) мынадай формулалар арқылы берілуі мүмкін:

$$\begin{aligned}x' &= x \cos \phi - y \sin \phi + a, \\y' &= x \sin \phi - y \cos \phi + b.\end{aligned}$$

Кеңістікте қозгалыстың аналитикалық түрі, оның меншікті немесе меншікіз болуына байланысты, анықтауышы 1-ге немесе -1-ге тең матрицасы ортогональды сызықтық түрлендірулер арқылы беріледі.

**Қозгалыс мөлшері, импульс – механикалық қозгалыс өлшеуіші.** Материалдық нүктенің қозгалыс мөлшері оның массасы ( $m$ ) мен жылдамдығының ( $v$ ) көбейтіндісіне тең:  $m \cdot v$ . Ол – нүктенің жылдамдығымен бағыттас векторлық шама. Нүктенің қозгалыс мөлшері тек күш әсері жоқ кезде ғана тұрақты болады.  $F$  күш әсерінен нүктенің қозгалыс мөлшері жалпы жағдайда шамасы бойынша да, бағыты бойынша да өзгереді; бұл өзгерістің сипаты механиканың негізгі тендеуі болып  $\frac{d(mv)}{dt} = F$

өрнегімен анықталады. Релятивистік механикада қарастырылатын жарық жылдамдығына ( $c$ ) жуық жылдамдықпен қозгалатын еркін бөлшектің қозгалыс мөлшері (импульсі) мына формула бойынша өрнектеледі:  $p = m / \sqrt{1 - \beta^2}$ , мұндағы  $\beta = v/c$ . Егер  $v << c$  болса, онда бұл формула мынадай қарапайым түрде жазылады:  $p = m \cdot v$ . Элементар бөлшектердің қозгалыс мөлшері кванттық механикада қарастырылады.



Қозы Көрпеш – Баян сұлу мазары

**«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ»** – қазақ халқының лиро-эпостық жыры. 13–14-ғасырлардан бастап жырланып, қазақ арасына кең тараған. Жыр Сарыбай мен Карабайдың аң аулай жүрін құда болып, Қозы мен Баяндың күні бұрын атастыруынан басталады. Әрі қарай қос ғашық Қозы мен Баян, қара күш иесі Қодар, дүниеқоңыз Карабай арасындағы шиеленіскең оқиғалар негізінде зұлымдық пен махабbat күресі баяндалып, Қозы мен Баянның қайғылы қазасымен аяқталады. Жырдың негізгі идеясы – адаптация – махаббатты дәріптеу. Бас кейіпкер Қозы Көрпеш кіршікіз таза махаббат иесі, батыр, адамгершілігі мол жігіт ретінде суреттеледі. Қозы сияқты Баян да адаптация, әкжарқын, өзінің сүйгеніне қосылуды арман еткен, ақылына көркі сай жан ретінде бейнеленген. Жырда айттыс, тұрмыс-салт жырлары: естірту, жоқтау, қоштасу, т.б. кеңінен қолданылады. Сыбанбай, Бекбау, Жанақ, Шеже, т.б. ақындар әр кезде дастан оқиғасын өздерінше жырлаған. Жалпы 20-ға жуық нұсқасы бар. Ең көп тарағаны – Жанақ нұсқасы. Дастанның басқа да түркі халықтарында тараған нұсқалары бар. Мысалы, башқұрттарда ол «Қозы Курпәс мәнән Маян сұлу», бараба татарларында «Қозы Көрпеш», алтайлықтарда «Қозы Эркеш» деп аталады. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының негізінде «Махаббат дастаны» кинофильмі түсірілді (1954), драмалық шығарма жазылды (1940).

**ҚОЙ** – құысмұйізділер тұқымдасына жататын, күйіс қайыратын аша түяқты мал. Қой неолит дәуірінде қолға үйретіле бастаған жабайы қойлардан (арқар және муфлон) шыққан. Дүние жүзінің 170-тен аса елінде 650-дей



Сарыарқа қойы

қой тұқымдары мен тұқымдық топтары бар. Қойдың дене ұзындығы 60–110 см, шоқтығының биіктігі 55–100 см. 12–15 жыл тіршілік етеді. 5–7 айлығында жетіледі, 15–18 айында ғана күйекке жіберіледі. Қөпшілігі жалқы, кейде егіз туады. Қозылар бір жарым айлығында отармен бірге бағылады, 3–4 айлығында енесінен айрып, ерек және үргашы қозыны жеке отарға бөледі. Қойды жасына қарай қозы, марқа қозы, тоқты, ісек, т.б. деп атайды; төлдеген қойлар – саулық, бір жыл төлдемеген қойлар – қысыр, біrnеше жыл төлдемегендегін – ту қой деп атайды. Қошқарлар мен саулықтардың орташа тірідей салмағы 70–140 кг; 50–70 кг тартады. Олардан тиісінше 10–15; 4–8 кг (биязы жұнділерінен) 7–10; 3–6 кг (биязылау жұнділерінен) жүн қырқылады. Қазақстанның қой шаруашылықтарында өсірілеттің қой тұқымдары: қазактың етті-биязылау жұнді қойы, қазактың онтүстік мериносы, қазактың арқар-мериносы, қазактың ұяң жұнді құйрықты қойы, қазактың биязылау ұзын жұнді қойы, қазактың биязы жұнді қойы, қазактың қылышық жұнді құйрықты қойы, ақжайық қойы, ақсенғір қойы, алтай қойы, еділбай қойы, дегерес қойы, сараджа қойы.

**ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ** – Орталық Азиядағы мемлекет. Орталығы – Қоқан қаласы болды. Негізін салушы Шахрук-би шамамен 1710 ж. Бұхара әмірлігінен тәуелсіз шағын иелік құрды. Немересі Ирдан-би көрші елдермен қиянкескі соғыстар жүргізіп, Өндіжан, Наманган, Маргелан аймақтарын қосып алды. 1758 ж. Бұхара оны тәуелсіз мемлекет ретінде мойындағы. Әлім (1800–10), Омар (1810–22), Мұхаммед-Әли (Мадали, Мәделі; 1822–42) хандар

тұсында мемлекет аумағы барынша кеңейді. 1807–09 ж. Орта Азиядағы аса ірі стратегиялық орталық Ташкент бағындырылды. 1813–14 ж. Сайрам мен Түркістан бағындырылды. 19 ғасырдың алғашқы жартысында қоқандықтар қазіргі Қыргызстан мен Оңтүстік Қазақстанның көпшілік аумағын бағындырыды. Басып алған жерлерінде олар Ақмешіт, Жөлек, Жанақорған, Шымқорған, Күмісқорған, Өулиеата, Меркі, Пішпек, т.б. бекіністер тұрғызыды. 1821 ж. қазақтар Түркістаннан Өулиеатаға дейінгі аралықта көтеріліс жасап, Шымкент пен Сайрамды басып алды. Бірақ әр ру өз бетінше әрекет жасағандықтан, көтерілісшілер табысқа жете алмады. Хандықтың ресми тілі – ортаазиялық парсы тілі. Халқының негізгі бөлігін өзбектер құрады. Сондай-ақ, оның аумағында тәжіктер, қазақтар мен қыргыздар да мекен етті. Жердің едәуір бөлігі мемлекет меншігінде болды, оны хан өз қалауынша пайдаланды. Бұл жерлерде еңбек еткен шаруалар, жерді жалға алушылар ретінде салық төледі. Жердің бір бөлігін хан өзіне ерекше қызмет көрсеткен адамдарға сыйға тартты. Мәделі хан билігінің соына қарай күшіе түскен бұліктер мен халық көтерілістері Бұхара әмірі Насрулланың Ташкент пен Ходжентті басып алуына жағдай жасады. Қоқанға Бұхарадан әкім тағайындалды. Алайда қоқандықтар шақырып алған Әлім ханның немересінің – Шир-Әли хан (Шерәлі; 1842–45) Ташкент пен Ходжентті қайтарып алды. Шир-Әлидің мұрагерлері тұсында хандық қатты әлсіреді. Салықтардың өсуі халықтың жаппай көтерілістерге шығуына алып келді; хандықтың әлсіреуіне, сондай-ақ өзара бақталастық және көрші халықтармен саяси күрес те әсер етті.

1837–47 ж. Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс кезінде Ресей мен Қоқан хандығы қазактарға қарсы одак құрды. Бірақ 1853–56 ж. болған Қырым соғысынан кейін Орталық Азияға ағылшындардың еніп кетуінен қорыққан Ресей Жетісуға орнығып алды. 19-ғасырдың 60-жылдары Ресей әскерлерінің Орта Азияға шабуылы басталды. 1865 ж. 17 мамырда орыс әскерлері Ташкентті, 24 мамырда Ходжентті алды. Осындағы аса ауқымды жерлерінен айрырылу Қоқан хандарын салықты тағы да өсіруге мәжбүр етті. Мұның өзі халықтың наразылығын күштейтті. Бұл наразылық 1874–76 ж. көтеріліске ұласты. Қоқан ханы көтерілісті басу үшін Ресейден әскери көмек сұрауга мәжбүр болды. 1876 ж. 19 ақпанда Ресей әкіме-

тінің жарлығымен хандық жойылып, халқы Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына енді.

**ҚОҚИҚАЗ** – қырлы тәсті құстар тобының отряды. Қоқиқаз дүние жүзіндегі бойы ең білік және аяқтары мен мойны ұзын құстар. Дене бітімі жұмыр, түркі iрі өрі жабайы қаздарға ұқсас, сондықтан қоқиқазды халық арасында қызылқаз деп те атайды. Қораздары мекиендерінен ірілеу. Бойының биіктігі 91–120 см-дей. Қораздарының салмағы 4,5 кг, ал мекиендерінікі – 3 кг-дай. Қанаттарының ұзындығы 35–49 см. Ересек қоқиқаздардың қауырсындарының түсі ақ, қызғылт, ұштары қара, ұзындығы 11–16 см. Қоқиқаз топтанып тіршілік етеді. Тұмсығы орта тұсынан бірден төмен қарап иіледі де қоқиып тұратындықтан «қоқиқаз» деп аталған. Негізінен тропиктік және субтропиктік аймақтарда тіршілік етеді. 4 тұқымдаста бірігетін 3 туысы, 6 түрі бар. Орталық және Оңтүстік Америкада, Африкада, Еуразияда көптеп кездеседі. Қоқиқаздың кей түрлері (кіші, анд, джеймс қоқиқаздары) қоныс ауыстырмай бір орында тіршілік етеді. Қазақстанда Теңіз, Шалқартеніз көлдері мен Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында, Асаубалық, Қоқай, Есей, Қорғалжын, Сұлтангелді, Ұлкен және Кіші Қаракөл, т.б. су айданында қызғылт қоқиқаз кездеседі. Жұптарын жазбай таяз су жағалауына сазбалшық-



Қоқиқаздар

тан, құмнан және су өсімдіктерінің қалдықтарын араластырып ұя салады. Ұясына бір, кейде екі жұмыртқа салып, оны қоразы мен мекиені кезектесіп басады. 30–32 күннен кейін балапандары үядан ұшады. Балапандары тез өседі, жақсы жүзіп, сұнғи де алады. Қоқиқаздар – жыл құсы. Қазақстанға наурыз-сөуір айларында ұшып келіп, қазан-қарашада Иран, Ауғанстан, Пәкстан аумағына қоныс аударады. Олардың тіршілігі үшін сұы таяз өрі тұзды су айданында өте қолайлыш. Саны жылдан жылға азайып барады. Қазақстанда қоқиқазды қорғау мақсатында Қорғалжын қорығы үйімдастырылған. Қоқиқазды атуға мүлде тыйым салынған. Халықаралық табиғат қорғау одағының және Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

**ҚОЛА ДӘУІРІ** – адамзат қоғамындағы тарихи-мәдени кезең. Ол қоланың еңбек құралдары мен қару-жарақ жасауға арналған негізгі материалға айналуымен сипатталады. Бұл кезде неолит дәуірінің мәдениеті дамып, металл игеріле бастады. Оның хронологиялық шегі біздің заманымыздан бұрынғы 4-мыңжылдықтың аяғы мен біздің заманымыздан бұрынғы 1-мыңжылдықтың басын қамтиды. Ежелгі қо-



Қола дәуірінің құралдары

ла құралдары Иран, Түркия мен Месопотамиядан табылған. Кейінірек олар Мысырға (біздің заманымыздан бұрынғы 4-мыңжылдықтың аяғы), Үндістанға (біздің заманымыздан бұрынғы 3-мыңжылдық соны), Қытайға (біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың ортасы) және Еуропаға, Қазақстанға (біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдық) тарады. Америкада металлургия орталығы Перу мен Боливия жерінде болды. Қола дөуірінде Азияда бұрын қалыптасқан қала мәдениеті (Месопотамия, Эlam, Мысыр, Сирия) одан өрі дами түсті және жаңа мәдениеттер (Үндістанда – Хараппа, Қытайда – Инь) қалыптасты. Мұндай жағдай Еуропада да байқалды. Бұл дәуірде кен қорына бай Қавказдың маңызы зор болды. Ол Еуразиядағы ең ірі металлургия орталықтарының біріне айналды.

Қазақ жерін сол тұста мекендереген тайпалардың осы кезеңдегі мәдениеттері ғылыми зерттеулерде алғаш ашылған жерлердің атымен – Андрон мәдениеті, Бегазы-Дәндібай мәдениеті деп аталады. Бұл кезеңде әлеуметтік және әскери-саяси құрылымдарда рулық-тайпалық бөлімшелер пайда болды. Материалдық игліктерді өндіруде ерлер рөлі күшнейді. Тұыстық әке жағынан есептеле бастады. Оның соңғы кезеңінде ру ыдырап, одан жеке отбасы шаруашылықтары бөлініп шықты, айырбас кең өріс алды. Тайпалар арасында ата-бабаға сыйыну, о дүниеге сену кеңінен тарады. Құрбандық күнге, отқа, айға, жұлдыздарға арнап шалынды. Қазақ жерінде ертедегі көшпелілердің мәдениеті қалыптаса бастады.

**ҚОЛӨНЕР**, қолданбалы өнер – дәстүрлі тұтыну және сәндік бүйімдарын жасайтын ұсақ өндіріс. Қолөнершілер, негізінен, табиғи шикізаттарды пайдаланып, қарапайым еңбек құралдарының көмегімен тұрмысқа қажетті мұліктер, қару-жарак, құрал-саймандар жасайды. Әрбір қолөнер туындысы – өз заманының материалдық мәдениетінің үлгісі және халық талғамының, діни сенімінің, салт-дәстүрінің нақты көрінісі. Қазақстанда көшпелі шаруашылықтың қажетіне сай қолөнершілер шылбыр, нокта, бұршақ, жүген, құрық, бұғалық, тұсау, өре, шідер, кісен, қада, ер-тұрмандар жасаумен шұғылданды. Олар құмнан, тастан, саздан құмыра, көзе, ыдыс-аяқ; мүйізден, сүйектен, мал мен аң терісінен, ағаштан әшекейленген нақышты дүние-мұлік, домбы-




З.Юлдаев. Устел. Агаш



С.Көкенов. «Қобыз» композициясы.  
Мүйіз, сүйек, мас, металл

ра, қобыз, сыбызы, шаңқобыз сияқты музыка аспаптарын; темірден, мыстан қылыш, найза, қанжар, айбалта, күрзі секілді құрал, қару жасады.

**ҚОЛТЫРАУЫН**, крокодил – бауырымен жорғалаушылардың архозаврлар класы тармағының отряды. Дене пішіні кесірткелерге үқсас. Қолтырауынның үш түқымдасқа (аллигаторлар, гавиалдар және нағыз қолтырауындар) жіктелетін 23 түрі мен түр тармақтары бар. Олар Африкада, Оңтүстік-Шығыс Азияда, Солтүстік Австралияда және Жаңа Гвинея аралдарының өзен сағалары мен теңіз жағалауына жақын жерлерде, көпшілігі тропиктік және субтропиктік ендіктердегі тұщы су айдында-



Қолтырауындар: 1-Ніл қолтырауыны, 2-Миссисипи аллигаторы, 3-кайман, 4-қытай аллигаторы, 5-гавиал қолтырауыны

рында (өзен, көл) тіршілік етеді. Тәуліктің көп мезгілін суда өткізеді. Денесінің ұзындығы 2–7 м. Басы жалпақ, түмсығы ұзынша. Көру және есту органдары жақсы жетілген. Аналықтары 20–100-дей жұмыртқасын су жағалаудағы құмға немесе шіріген жапырақтары мол батпақты жерлерге көмеді. Кейбір түрлерінің (Миссисипи аллигаторының) жұмыртқасынан 63 күнде, ал Ніл қолтырауының жұмыртқасынан 3–4 айда үрпақтары шығады. 50–85 жылдай тіршілік етеді. Балықтармен, судағы омыртқасыз жануарлармен, кейде құстармен, сүтқоректілермен қоректенеді. Қолтырауының ең ірісі – Индонезияда, Австралияда және Жаңа Гвинея аралдарында таралған жалды қолтырауын. Олардың ересектерінің денесінің орташа ұзындығы 4,2–4,8 м, ал салмағы 408–520 кг. Қолтырауының барлық түрі Халықаралық табигат қорғау одағының «Қызыл кітабына» енгізілген. Қазіргі кезде біраз елдерде (АҚШ, Куба, Жапония, Мьянма, Кения, т.б.) қолтырауындар арнайы фермаларда қолдан өсіріледі. Ертеде Мысырда қолтырауындарды киелі санап, оған табынған әрі арнайы мумиялап, перғауынның мүрдесімен бірге жерлеп, пирамидаларда сақтаған.

ҚОНАЕВ Дінмұхамед Ахметұлы – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, галым. Алматы қаласында 1912 жылдың 12 қаңтарында туған. 1936 ж. Мәскеудегі Түсті металдар және алтын институтын бітірген. 1936–42 ж. Балқаш, Алтай, Лениногор кен орында-

рында басшылық қызмет атқарды. 1942–52 ж. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Кеңесі, кейіннен Қазақ ССР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары болды. 1952 ж. сөүірде Қазақ ССР Фылым академиясының президенті болып сайланды. 1955–60 және 1962–64 ж. Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің Төрағасы. 1960–62 ж. және 1964–86 ж. Қазақстан КП ОК-нің 1-хатшысы болды.

Қонаев өмірінің 45 жылға жуығын ел басқару ісіне арнады, ширек ғасырға жуық Қазақстанның бірінші басшысы қызметін атқарды. Ол республиканы басқарған жылдары Қазақстанда жаңа өнеркәсіпті аудандар қалыптасып, елде жаңа қалалар мен ірі елді мекендер пайда болды. Титан, магний, синтетикалық каучук өндіріле бастады. Машина жасау, химия салалары тез дамыды. Алайда Қазақстан экономикасы, жалпы алғанда, Одақ үшін шикізат базасы бағытында дамыды, мұнда көп жағдай-



Алматы қаласындағы Д.Қонаев ескерткіші


да өнім шығаруға қол жетпеді. Бұкіл Қеңес Одағына тән экономиканың милитарлануы Қазақстанда да орын алды.

Ол республика аумағының тұтастығын сақтап қалуда табандылық көрсетті. Кезінде Өзбекстанға берілген Оңтүстік Қазақстанның мақта өсіруші аудандарын қайтарып алды, Қазақстанда неміс автономиясын құру, Маңғыстауды Түрікменстанға беру жөніндегі Орталықтың ұсыныс-жоспарларына қарсы шықты. Алматыны қазіргі заманғы көрікті қалаға айналдыруға көп күш жұмсады.

Қонаев 1993 ж. 22 тамызда Алматы қаласында қайтыс болды.

Қазақстан Фылым академиясының Тау-кен және түсті metallurgия институтына, Алматы қаласындағы университетке, еліміздің бірқатар мектептері мен көшелеріне Қонаев есімі берілді. 1992 ж. Алматыда «Халықаралық Қонаев қоры» құрылышп, 2002 ж. мұражай-үйі ашылды.

**ҚОҢЫЗДАР**, қатты қанаттылар – жәндіктер класының ең ірі отряды. Қазба қалдықтары пермь кезеңінің шөгінділерінен табылған. Қоңыздар жер шарында, өсіресе, тропиктік аймақтарда кең тараған. Бұлар Антарктидада, Арктиканың мұзды белдемі мен биік



Қоңыз түрлері

тау шындарында ғана кездеспейді. Қазақстанда 20 мыңдан аса түрлері кездеседі. Денелерінің ұзындығы 0,3 мм-ден 155 мм-ге дейін. Екі жұп қанаттарының бір жұбы мүйізденіп, қанат жүйкелері жойылып, қатты әлитра деп аталатын үстіңгі қатты қанатқа айналған. Ол, негізінен, қорғаныш қызметін атқарады. Қанаттының екінші жұбы жарғақты, біріншісінен ұзындау, тыныштық қалыпта ұзындан және көлденеңінен бүктеліп үстіңгі қанаттарының астына жиналышп орналасады. Ұшар алдында үстіңгі қанаттары көтеріледі де, астынан екінші жұп жарғақты қанаттары жазылып шығады. Қөшшілігі жылына бір рет, кейде 2–3 үрпақ береді. Қоңыздар өте алуан түрлі және барлық жерде кездеседі. Олардың арасында жыртқыштары, өсімдік қоректілері, сапрофагтары, некрофагтары және құрлықта, топырақта, суда тіршілік ететін түрлері бар. Қөшшілігі ауыл және орман шаруашылықтарының зиянкестері, сонымен қатар қоңыздар шіріген заттарды (сапрофагтар), зиянды жәндіктерді (жыртқыштар) жеп көп пайда келтіреді, табиғаттағы зат алмасуда маңызды орын алады.

**ҚОПАРҒЫШ ЗАТТАР** – сыртқы импульс (сөққы, жылу, т.б.) әсерінен газ тәрізді өнімдер мен жылу шығаратын химиялық реакцияларды өздігінен таратуға қабілетті дербес химиялық қосылыстар не қоспалар. Сыртқы әсердің сипатына қарай қопарғыш заттар химиялық өзгеріске өздігінен оталу (жарық ету) температурасынан тәмен температурамен қызығынан, жандырғанда, толқындық соққы әсер еткенде өтеді. Алғашқы қопарғыш заттар – қара (тұтінді) мылтық дәрісі. Ол 13-ғасырда



Қопарғыш заряд

көлемдегі заттың кез келген нүктесіндегі химиялық озгерістен туындаған жылу лезде қопарғыш заттан тысқары шығып ұлгермейтіндіктен, температура артады да, процесс үдең жылулық қозғалыс пайда болады.

**ҚОРҒАЛЖЫН** – Нұра алабындағы көл. Ақмола облысының Қорғалжын ауданы жерінде. Теніз деңгейінен 307,5 м биіктікте орналасқан. Ауданы 330 км<sup>2</sup>, ұзындығы 33 км, ені 21 км, орташа тереңдігі 1,6 м, ең терең жері 3 м, сұнының мөлшері 0,5 км<sup>3</sup>-ге жуық. Су жиналатын алабы 55 мың км<sup>2</sup>. Алабының көпшілік жері егістік, қалған жері жайылым. Нұра өзені көктемгі қар, жауын-шашын сұймен толығады. Суының минералдылығы 0,7–3,5 г/л. Балық (тұқы, мөңке, алабұға, шортан, аққайран, т.б.) көп. Жағалауында ақку, бірқазан, барылдауық үйрек, балшықшы, т.б. құстар, қамыс арасында жабайы шошқа кездеседі. Қорғалжын және Теніз көлдерінде Қорғалжын қорығы үйымдастырылған.

**Қорғалжын қорығы** – Ақмола облысы Қорғалжын ауданында орналасқан мемлекеттік қорық. 1958 ж. үйымдастырылған. Оған Теніз – Қорғалжын көлдер жүйесінің біразы енеді. Жер аумағы 258,9 мың гектар. Қорықта жоғары сатыдағы өсімдіктердің 331 түрі (жусан, көкпек, боз селеу, қызығылт тобылғы, бидайық, бозшөп, т.б.) өседі. Әсіресе, суда өсетін өсімдіктердің 22 түрі мұндағы көлдерге ерекше әсемдік береді. Қорық жан-жануарлар дүниесіне бай. Мұнда сүтқоректілердің 37 түрі, құстардың 294, бауырымен жорғалаушылардың 3, қосмекенділердің 2, балықтардың 10-нан астам түрлері тіршілік етеді. Сондай-ақ дала суыры, қоян, күзен, борсық, ақбокен, т.б.

жасалынды. Қолданылуына қарай қопарғыш заттар қоздыратын, жаратын және лақтыратын болып үшке бөлінеді. Қоздыратын қопарғыш заттар соққы, үшқын не электрлік ток әсерінен өте тез ыдырайды және басқа заттардың қопарылысын бастау үшін пайдаланылады. Олар: қорғасын азиді, күркіреуік синап, тетразен, т.б. Жаратын қопарғыш заттар қоздыратын қопарғыш заттар детонациясының әсерінен қопарылады және қопарылу жылдамдығы қоздыратын заттардан төмен болады. Мұндай қопарғыш заттар құрылышта (жол, туннель салу, бөгет жасау, т.б.), кен өндіру, т.б. жұмыстарында, ал әскери мақсаттарда оқ-дәрілерін (снаряд, мина, граната, т.б.) жасау үшін пайдаланылады. Жаратын қопарғыш заттарға нитроқосылыстар, нитраттар, перхлораттар және сүйік оттек негізінде дайындалған қоспалар жатады. Лақтыратын қопарғыш заттар баяу ыдырайды, олар қоздыратын қопарғыш заттардың детонациясы әсерінен қопарылады және оқ, снаряд, ракеталарға жылдамдық беру үшін пайдаланылады.

Қопарылыс – белгілі бір шектелген аумақта өте мол энергия бөліп шығаратын процесс. Қопарғыш заттар қопарылыс әсерінен лезде бір күйден екінші күйге ауысып, аса қызыған жоғары қысымдағы газға айналады, әрі бастапқы көлемін мындаған есе ұлғайтып, айналасындағы заттарға кенеттен әсер етеді, қиратады немесе оларды қозғалысқа келтіреді. Қопарғыштың ең жиі қолданылатын түрі – химиялық қопарғыш заттар қозғалысы. Қопарғыш заттар сыртқы әсерлер (мысалы, оттың, механикалық соққының, детонацияның, т.б.) нәтижесінде тез арада химиялық өзгеріске түсіп, молекулалардың арасындағы байланыс энергиясы жылу түрінде бөлінеді. Белгілі бір



Қопару жұмыстары



Қорықтагы қызығылт қоқиқаздар

мекендейді. Қорғалжынға қасқалдақ, үйрек, аққу, қаз, т.б. құстар ұя салады. Қорықтан ақ құтан, қызыл жемсаулы қарашақаз, тұрпан, қара дегелек, бірқазан сияқты саны жылдан жылға азайып бара жатқан құстарды кездес-тіруге болады. Қорықта дүние жүзінде өте си-рек кездесетін, тек Теніз көлінде ұя салып, жұмыртқа басатын – қызығылт қоқиқаз бар. Қорықтағы фауна мен флора толық есепке алынған. Көп жылдан бері «Табиғат шежіресі» күнделігі жазылады. Қазір қорықта экологиялық туризм саласы дамып келеді.



Қорғасын

**ҚОРҒАСЫН**, Pb – элементтердің периодтық жүйесінің IV-тобындағы химиялық элемент, атомдық нөмірі 82, атомдық массасы 207,2. Табиғатта тұрақты 4 изотопы (массалық сандары 204, 206–208) бар. Қорғасын өте ерте заманнан белгілі, одан жасалған тиын ақша, мездальондар ертедегі Египет қазбаларынан көп табылған. Түсі сұр, оңай балқитын өте жұмсақ және ауыр металл, тығыздығы 11,34 г/см<sup>3</sup>, балқу t 237,4°C, қайнау t 1745°C. Жер қыртысындағы массасы бойынша мөлшері 1,6·10<sup>-3</sup>%. Тотығу дәрежелері +2, +4 болатын қосылыстар түзеді. Ауада тотығып, сұр түсі қоюланады. Азот және құмырсқа қышқылында жақсы ериді. Қорғасынның негізгі минералдары: галенит (қорғасын жылтыры) PbS, англезит PbSO<sub>4</sub>, церуссит PbCO<sub>3</sub>, пироморфит Pb<sub>5</sub>(PO<sub>4</sub>)<sub>3</sub>Cl. Қорғасын ең тұрақты элементтердің бірі. Қалындығы 15–20 см қорғасын қабаты кез келген радиоактивті сәуледен қорғай алады. Радиоактивті препараттар, әдетте қорғасыннан жасалған сейфтерде сақталады. Сондай-ақ, қорғасын аккумулятор электродтарын дайындау-

да; электролизді ванналар мен химиялық аппаратураларды футтерлеуде; сымдар мен кабельдерді қаптауда; типографиялық және антифрикционный балқыманың құраушыларында; ядролық техникада және рентгеннің иондану сәулесінен қорғауда; жартылай өткізгішті материалдарды құраушыларда қолданылады.

**ҚОРҚЫТ АТА** – түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы. Зерттеулердің көшілігі Қорқыт Сырдария бойында 10-ғасырдың басында дүниеге келген деп есептейді. Рашид әд-Дин «Жамиғат-Таяарих» атты тарихи шежіресінде оны қайы тайпасынан шыққан десе, Әбілғазыда тегінің баят екендігі, оғыздарда елбегі болып, 95 жасқа келіп қайтыс болғандығы айтылады. Сыр жағасына жақын жерде зираты болғанын Әбубекір Диваев, т.б. ғалымдар өз еңбектерінде атап өтеді. Қорқыттың тарихи тұлға екенін растайтын жазба ескерткіш – «Қорқыт Ата кітабы» («Китаби дәдәм Қорқуд»). Кітаптың басында оның нақыл сөздері келтіріледі: «өмір барда өлім бар, өзгеру бар, өлмес өмір жоқ, сынбас темір жоқ, бәрі де өледі, озгереді, ұмыт болады, тек мәңгі-бақи өлмейтін, ұмытылмайтын нәрсе – адамның өмірінде істеген иғлікті ісінің нәтижесі». Азызда Қорқыт өзінің жүйрік желмаясына мініп, халқы бақытты өмір сүретін жерүйікты іздеуші, ғұмыр бойы өлімге қарсы құресуші жан ретінде суреттеледі. Бірақ қайда барса да, алдынан көр қазып жатқан адамдарды жолықтырады. «Кімнің көрі?»



Қорғасын өндірісі





Қызылорда облысындағы Корқыт Ата мазары



Ақсу-Жабагылы қорығы

деген сауалына «Корқыттың көрі» деген жауап естиді. «Қайда барсан да Корқыттың көрі» деген сөз осыдан қалған. Ақыр аяғында жер кіндігін тапсаң, тірі қаласың деген аян естін, туған жері – Сыр өңіріне оралады. Содан мәңгі өмір тек өнерде деген ойға келіп, қобыз аспабын ойлап шығарады. Тағы бір аңыз бойынша, өзен ортасына кілем жайып, үстінде отырып қобыз тартқанда, күй күшімен суға батпайды екен. Қобыз тартқан жылдары өлім болмаған, тек бақытты тіршілік болған дейді. Бірақ шаршап, үйықтап кеткен сәтінде судан кішкентай қайрақ жылан шығып, оны шағып өлтіріпті дейді. Корқыт туралы аңыздардың идеясы – адамзат үшін әрбір тіршілік сәтінің құнды екенін ескерту, қайталанбас уақытты қадірлеуге шақыру, сол арқылы өмірді мәңгілік ету.

**ҚОРЫҚ** – аумағындағы барлық табиғи кешен толығымен мемлекет қорғаудында болатын жер не су кеңістігі; типтік, сирек кездесетін және бірегей табиғи кешендерді бүкіл құраушыларының жиынтығымен қоса, сол қалпында сақтауға арналған, арнайы қорғау режимі бекітілген ерекше қорғалатын табиғи аумақ. Қорықтың негізгі міндеті – қорғауға алынған табиғат кешенін, сондай-ақ осы аумаққа тән организмдердің гендік қорын сақтау және қалпына келтіру, табиғи құбыльстыардың даму заңдылықтарын ғылыми түргыдан көнінен зерттеу. Қорық аумағын шаруашылық мақсат үшін пайдалануға болмайды. Қорық –

қорғалатын аумақ қана емес, сонымен қатар табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік ғылыми мекеме болып табылады. Мұнда жабайы хайуанаттарға санақ жүргізу әдістері, оларға әсер ететін факторлар анықталып, саны си-реп бара жатқан жануарлар мен қоры азайып кеткен өсімдік түрлерін қалпына келтіру мәсесі терең зерттеледі. Қорықтағы табиғи ресурстарды сақтаудың жолдары белгіленеді. Қазақстанда Ақсу-Жабагылы, Алматы, Барсакелмес, Қорғалжын, Марқакөл, Наурызым, Үстірт, Алакөл, Батыс Алтай қорықтары бар.

**Қорықша** – жануарлардың, өсімдіктердің жеке түрлері, су, орман, жер нысандары қорғалатын және табиғи ресурстары шектеулі түрде пайдаланылатын аумақ. Ол мемлекеттік табиғи қорық қорының бір немесе бірнеше нысандарын сақтауға және толықтыруға арналады. Қорықша жерінде шаруашылық жұмыстары шектеулі түрде жүргізіледі. Қорықшаның қорықтан айырмашылығы онда бүкіл табиғат кешені емес, оның тек белгілі бір бөлігі ғана қорғалады.

**ҚОСМЕКЕНДІЛЕР** – хордалылар типі, омыртқалылар тип тармағының бір класы. Қосмекенділердің 2 класс тармағы: доғаомыртқалылар, жұқаомыртқалылар, 3 отряды (құйрықсыз қосмекенділер, құйрықты қосмекенділер және аяқсыз қосмекенділер), 25–30 тұқымдасына бірігетін 4 мыңнан астам түрі белгілі. Тропиктік, субтропиктік және қоңыржай аймақтарда таралған. Көшпілік түрлері сырттай үрықтанады, ал дернәсілдері суда тіршілік етеді. Дернәсілдерінің анатомиялық құрылыштары (жүргегінің екі камералы болуы, желбезектерімен тыныс алуы, т.б.) балықтарға ұксас. Бұлардың жерде жүруге бейімделген буыны шар



Қосмекенділер: 1-тритон (а-аталығы, ә-аналығы), 2-көлбақа, 3-бақбақыл бақа, 4-шөлбақа, 5-шұбар бақа, 6-тенбіл саламандра, 7-протей

тәрізді, бірнеше бөлімдерден тұратын, 5 саусақты жұп аяқтары болады. Балықтардан айырмашылығы тері бездері ірі, көп клеткалы болады. Ересек қосмекенділер, негізінен, жәндіктермен, ал дернәсілдері су өсімдіктерімен де қоректенеді. Қазақстанда қосмекенділердің 12 түрі кездеседі, оның 3 түрі (жетісу аяқтыбалығы, даната құрбақасы, қызылаяқ бақа) Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

**ҚОСТАНАЙ** – қала, Қостанай облысының әкімшілік орталығы. Қостанай жазығының орталық бөлігінде, Тобыл өзенінің жағасында орналасқан. Тұрғыны 219,3 мың адам. Оның іргесін 1897 ж. Ресей патшасының жарлығына байланысты қазақтың жергілікті руларынан тартып алынған «Қостанай» атты қоныста, Еділ бойы мен Орынбор губерниясынан көшіп келген орыс шаруалары қалаған. Алғашқыда «Николаевка» деп аталды. 1893 ж. уездік аумақтық-әкімшілік бөлінісіне сәйкес оған Қостанай атауы берілді де, Қостанай уезінің орталығына айналды. 1912–13 ж. Оңтүстік Сібір темір жолы магистралінің Челябі–Троицк–Қостанай тармағы салынды. Қалада женіл және тамақ әнеркәсіптері, бу және дизель отыннымен жұмыс жасайтын диірмендер, қасапханалар, тері зауыттары, т.б. пайда болды. 1917–19 ж. Қостанайда Кеңес әкіметі орнатылды, 1920 ж. сол кездеңі Ақтөбе облысындағы өзімен ат-



«Қостанай» кинотеатры

тас округтің, 1925 ж. губернияның, 1936 ж. жаңадан құрылған Қостанай облысының орталығына айналды. Бүгінгі таңда мұнда жеңіл әнеркәсіпті құрайтын комвол-шұға комбинаты, тігін және аяқ киім фабрикалары, тамақ әнеркәсібін құрайтын ет, сүт, ұн-жарма және наан комбинаттары, қызыл және силикатты кірпіш зауыттары, автомобиль және ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу зауыттары, т.б. кәсіпорындар жұмыс істейді. Қалада Ахмет Байтұрсынов атындағы мемлекеттік педагогикалық университет, т.б. жоғарғы және орта оқу орындары, көсіптік мектептер, медициналық мекемелер, мәдениет ошақтары халыққа қызмет көрсетеді.

**ҚОШҚАРБАЕВ Рақымжан** – Берлиндегі Рейхstagқа жеңіс туын тіккен қазақ азаматы, Халық Қаһарманы (1999). 1924 ж. 19 қазанда Ақмола облысы Ақмола ауданында дүниеге келген. 1942 ж. әскерге алынып, 1944 ж. Фрунзедегі (Бішкек) жаяу әскер училішесін бітірген. 1944 ж. қазан айынан бастап 1-Белорусь майданындағы 150-Идрицк атқыштар дивизиясы құрамында взвод басқарып, Польша және Германия жерлеріндегі ұрыстарға қатынасты. Лейтенант Қошқарбаев Берлин операциясы кезінде асқан ерлік көрсетті. 30-сөүірде ол жауынгер Григорий Булатов екеуі Кеңес әскерлері арасынан Рейхstagқа алдымен жетіп, жеңіс туын тікті. 1988 ж. 10 тамызда Алматы қаласында қайтыс болды.





Ақ және сүр қоян

**ҚОЯН** – сүт қоректіледің бір тұқымдасы, 8 туысқа бөлінетін 50 түрі бар. Бұлардың ішінде тез жүгіруге, ін қазуға, жүзуге, ағашқа өрмелеге бейімделген түрлері кездеседі. Салмағы 0,1–4,5 кг, дене түркы 12–75 см, Мадагаскар аралы, Оңтүстік Американың оңтүстік аймағы, Антарктидадан басқа барлық жерде таралған. Шөп, ағаш қабығын, бүршігін, бұтағын жейді. Жылына 4 рет 2–8 (кейде 15) көжек туады. Тұрақты іні болмайды, көжегі жундес, бірден жүріп кететіндей жетіліп тулады, бірнеше күннен кейін өзі қоректенеді. Үй қояны ғана ін қазады, топ-топ болып тіршілік етеді. Көжегі көзі ашылмай, өте дәрменсіз, қызылشاқа болып туылады. Қәсіптік маңызы бар, әуестік үшін де ауланады. Қоянның кейбір түрлері жайылымға, жеміс бағына, жас орманта үлкен зақым келтіреді. Кейбіреулері індеп таратады. Қазақстанда кездесетін 3 түрі (ақ қоян, құм қоян, оп қоян) бар.

**ҚҰЫРШАҚ ТЕАТРЫ** – құыршақтар арқылы ойын көрсететін театрдың бір түрі. Құыршақты актер қимылға келтіріп, оның сөзін көбінесе өзі, кейде көркемсөз оқушы айтып тұрады. Құыршақ түріне, оны қимылға келтіру тәсіліне, сахнасына қарай құыршақ театры бірнеше топқа жіктеледі: киілмелі (қолға киіп



Құыршақ театрының қойылымы

ойнайтын), сылдырмақты (жіп немесе сым арқылы қозғалтатын), суретке түсірілген қуыршақтармен (қағаздағы қуыршақ кескінін экранға түсіретін) ойын көрсететін театрлар, т.б.

Қуыршақ театры жайындағы алғашқы директор Аристотель, Геродот, Ксенофонт, Апулей еңбектерінде кездеседі. 11-ғасырда «Діни жазба» тақырыбына ойын көрсететін қуыршақ театрының ерекше түрі пайда болды. Театр ойындағы басты бейне Марияның атымен марионетка қуыршағы дүниеге келді. Шіркеу мен бай-манаптарды келеке еткен халық қуыршақ театры діни театрмен қатар туды. Оларды, көбіне құдалап отырды. Халық қуыршақ театры жайындағы тұңғыш жазба мұра Италияда сақталған. 19-ғасырда француз қуыршақ театры өркен жайды. Қазіргі кезде қуыршақ театры Еуропа мен Америка елдерінде кең да-мыған. Қуыршақ ойыны Ежелгі Шығыс елдерінде (Үндістан, Индонезия, Қытай, Жапония, Иран, Түркия) өркендеді. Бұл елдердегі қуыршақ театрының репертуары мифтік сюжеттер мен батырлық эпостарға, сықақ әңгімелерге құрылды.

Қазақ жеріндегі қуыршақ театры ұлттық ойындардан бастау алған. Ертеден келе жатқан «Ортеке» ойыны осының айқын дәлелі. Ағаштан жонылып жасалған киік немесе ат мүсіншесін сылдырмақтап жіп тағып, домбыра тартқанда жіптің бір үшін ішекті шертер саусаққа іліп билететін болған. Тартылған күй ырғағына қарай «Ортеке» ойын көрсеткен. 1935 ж. Алматы қаласында қазақтың қуыршақ театры үйымдастырылды. 1938 ж. театрға республикалық қуыршақ театры дәрежесі берілді.


**ҚУЫСМУЙІЗДІЛЕР** – сүтқоректілер класы жүптүяқтылар отрядының күйіс қайыратындар тобының бір тұқымдасы. Табиғатта кең тараган, Австралия мен Антарктидада ғана кездеспейді. Мекендейтін жерлері – шөл-шөлейтті дала аймақтары мен тау өңірлері. Кейбіреуі үй жануарлары ретінде қолға да үйретілген. 43 туысы, 125-тей түрі бар. Қазақстанда 5 туысқа жататын 5 түрі (қарақүйрық, ақбөкен, таутеке, арқар және үстірт арқары) мекендейді. Дене түркінің мөлшерлері әр түрлі, ең кішілері 45–80 см (дикдиктер), ірілері 180–325 см-ге дейін (жабайы сиырлар – күдірлер) кездеседі. Текелерінде (кейбір түрлерінің ешкілерінде де) мандай сүйегінің жалғасы болып табылатын, тармақталмаған іші қуыс жүп мүйіздері бо-



Құысмұйізділдер: 1-құдірқодас, 2-горал, 3-серна, 4-такин, 5-қар ешкісі, 6-оронго, 7-ақ бөкен

лады. Мүйіз қашшығы өмір бойына өзгермейді. Оның пішіні, тері жамылғысының түсі әр ал-уан. Негізгі қорегі – шөптесін өсімдіктер. Қөпшілік түрі топтанып жүреді, ал кейбіреулері үйір (антилопалар) құрады. Құысмұйізділердің шаруашылық үшін маңызы зор. Олардан бағалы шикізаттар (дөрі-дөрмек, шипалық ет, мүйіз, тері) алғынады. Кейбіреулері (ақбөкен, таутеке) кәсіптік, аңшылық жолмен аулана-ды. Құысмұйізділердің саны жылдан жылға азаюда, кейбір түрлері тек ұлттық саябақтардаған сақталып қалған. Халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабына» 26 түрі, 21 түр тармағы, ал Қазақстанның «Қызыл кітабына» 7 түрі енгізілген.

**ҚҰБЫЛА** – намаз оқу, азан шақыру кезінде мұсылмандардың Меккедегі Қағбаны бағыт етуі. Бастапқы кезде құбыла Иерусалимдегі әл-Ақса мешіті болды. Кейіннен Алладан түскен аят бойынша құбыла Мекке қаласындағы Қағбага қаратылды. Құбыланың Меккедегі Қағбага қаратылуы ислам тарихындағы үлкен бетбұрыстардың бірі болып, мұсылмандардың басқа дін өкілдерінен басты ерекшелігі ретінде көрінді. Мұсылмандар қажыға барғанда ихрам шартын орындау кезінде және қажылық рәсімнің бірі – шайтанға тас ату барысында жүз-



Мешіт ішіндегі михраб

дерін Қағбага қаратады. Сонымен қатар ислам қағидасы бойынша жерленген мәйіттің басы құбылаға қаратылуы тиіс. Мұсылмандар салтында малдың басын құбылаға қаратып бауыздайды. Көрнекті ислам ғұламасы ибн Араби Құранға сүйене отырып, «Намаз оқыған кезде құбылаға жүзінді бергеніңмен, Тәңірінің ол жақтаған емес, барша өлемде бола алатынын естен шығармау керек» дейді. Мешіттердің Меккеге қараған қабырғасында құбыла бағытын көрсету үшін жасалған құыс (Михраб) бөлады.

**ҚҰДЫҚ** – гидротехникалық құрылыш. Елді мекенді ауыз сумен қамтамасыз ету және жер суландыру үшін пайдаланылады. Археологиялық зерттеулерге қарағанда құдық қола дәуі-



Тастан қаланған құдық

рінде қазыла бастаған. Мысалы, Солтүстік Қазақстандағы Шағалалы қонысынан қазылған құдықтар анықталған. Дәстүрлі қазақ қоғамында табиғи су көздері жоқ шөл және шөлейт өңірлерде құдық көптең қазылды. Сонымен қатар құдық мұнай, т.б. сұйықтарды өндіру, жер бетінен атмосфералық және беткей суларды аластау (топырақты кептіру) және жер асты суларының режимін зерттеу мақсатымен де қазылады. Қолданылуына қарай құдықтар грунт, артезиан, кәріздеу және бақылау болып 4 түрге бөлінеді. Құдықтар қазылу әдістеріне қарай шахталы (шегенді) және құбырлы деп аталады. Шахталы құдықтар терендігі 30–40 м, ал диаметрі 0,8–1,5 м болатын дөңгелек не шаршы пішінді шахта түрінде қазылады. Кейбір шахталы құдықтардың терендігі 100 м-ге (Маңғыстау облысында), кейде 300 м-ге жетеді.


**ҚҰЙЫН**, ат мосфера дағы құйын – диаметрі ондаған м-ден (су айдынында) жүзденген, мындаған км-ге дейін (құрлышта) жететін қандай да бір ось бойынша жүретін ауаның айналмалы қозғалысы; ауаның Жер бетінен топырақты, қарды немесе суды дөңгелете көтеріп, екпінді қозғалуы. Ол көтерілген кезде жылжып бара жатқан биік бағанаға үқсайды. Құйын 10–20 м/с жылдамдықпен жылжиды. Ондағы дөңгелене ескен жедің жылдамдығы 50–100 м/с-қа жетеді. Құйын қатты қызғандықтан жоғары қарай тез көтерілген ыстық ауаның өз жолындағы салқын қабатпен (көбіне жаңбырлы будақ бұлтпен) кездескен жерінде құралған төмен қысымды аймақтан басталады. Бірнеше құйын қосылыш аса күшті дауылға айналатын кездер болады. Шағын құйын



Құйын

йындар Қазақстанның шөлейтті құмды өңірлерінде жиірек байқалады. Құйының мысалына тромб, торнадо, циклон, қара дауыл, т.б. жатады.

**ҚҰЛАҚ** – адам мен жануарлардың есту органды. Анатомиялық құрылымына қарай құлақ сыртқы, ортаңғы және ішкі бөлімдерден тұрады. Сыртқы құлаққа құлақ қалқаны мен сыртқы есту жолы жатады. Сыртқы есту жолы іірім жасай орналасқан шеміршекті және сүйекті бөліктеге бөлінеді. Оның шеміршекті бөлігінде май бездері мен сарғыш түсті секрет – құлық көп бөлінеді. Ал сыртқы есту жолындағы түктөр қорғаныш қызметін атқарады: шаң, тозанды, ұсақ жәндіктерді, микробтарды тұтып қалады. Құлақ қалқаны дыбыс тербелістерін қабылдаپ, оны дабыл жарғағына жібереді. Ортаңғы құлақ бір-бірімен жалғасып жатқан дабыл қуысы, есту түтікшесі мен емізік тәрізді өсіндіден тұрады. Есту түтікшесі тамақтың, мұрын-жұтқыншақ бөлігін дабыл қуысымен байланыстырып тұрады, сондықтан тұмау кезінде инфекция мұрын-жұтқыншақтан сол түтікше арқылы ортаңғы құлаққа түседі. Ал дабыл қуысы сыртқы есту жолы мен құлақтың ішкі бөлігі лабиринттің (шытырманың) арасында орналасқан. Есту жүйесінің шеті орналасқан ұлудан дыбысты қабылдайтын жүйке клеткалары бар есту жүйесі шығады. Дыбыс өткізгіш аппаратына құлақтың сыртқы, ортаңғы, ішкі бөліктері мен перилимфа, эндодолимфа, геликотрема жатса, дыбыс қабылдағыш аппаратына кортий мүшесінің сезімтал клеткалары, ұлудың сүйекті бөлігіндегі спиральді түйін, есту жүйесінің өткізгіш жолдары мен ядролары, ми қыртысының самай бөлігіндегі оң және сол жақтағы (ми орталығы) орталықтары жатады.



Құлақтың құрылымы

**ҚҰЛАН** – ортағасырлық қала. Жамбыл облысындағы Құлан ауылы маңында. Қаланы зерттеу іci 19-ғасырдың соңында Василий Бартольдтың жетекшілік етуімен басталды. Алғашқы археологиялық қазба жұмыстары 1936 ж. (жетекшісі Александр Бернштам) жүргізілді. Қазба жұмыстарының нәтижесінде алғашқы қоныстардың 1-ғасырда пайда болғаны анықталды. 1963–65 ж. Кемел Ақышевтің басшылығымен қаланың айналасындағы төбешікке қазба жұмыстары жүргізілді. 7-ғасырда жазылған Қытайдың Таң әулетінің тарихында қала Цзюи – Лан деп аталған. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қалаларды сипаттаған араб географы әл-Мақдиси: «Құлан – бекініс қала, онда мешіт бар» деп жазған. 840 ж. араб әскерлері Құланға дейін жеткен. Қаланың топографиясынан шахристан, ішкі қамал және шығыс жағынан бекініссіз рабат іздері байқалады. Құлан ортағасырларда Ұлы Жібек жолындағы ірі мәдени-сауда орталығы болған.

**ҚҰЛАН** – тактүяқтылар отрядына жататын жабайы жылқы. Сыртынан қарағанда құланның есекке де (басы үлкен, құлағы ұзын, құйрығы қысқа, кекілі жоқ, жалы тік), жылқыға да (жүріс-тұрысы ширақ, дene бітімі сымбатты, сирақтары ұзын) ұқсайтын ерекшелігі бар. Дене тұрқы 210–240 см, шоқтығының биіктігі 112–126 см, салмағы 190–260 кг аралығында. Түсі сарғыштау, жотасында қара қошқыл жолағы болады, құйрығының ұшы қара, бауыры мен сирақтары ақшыл келеді. Мамыр–маусым айларында жалқы құлыш тудады. Алдыңғы, Орталық Азияның шолді-шөлейтті аймақтарында таралған. 20-ғасырдың алғашқы жартысына дейін құлан Қазақстаның жазық даласында үйір-үйірімен топтанып

жүрген. Құланды есепсіз аулау – оның қазақ жерінде жойылып кету қаупіне әкеліп соқтырыды. Республикада құланды жерсіндіру жұмысы 1953 ж. басталды. Осы жылы Барсакелмес аралына Түркменстаннан 8 құлан әкелінді. 1982 жылдан бастап оны «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағына, Андасай қорықшасына және Маңғыстау облысы аумағына жерсіндіре бастады. Құланның саны дуние жүзінде жылдан жылға азауына байланысты қорғауға алынып, Халықаралық табиғат қорғау одағының және Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

**ҚҰМЫРСҚА** – жарғаққанаттылар отрядының бір тұқымдасы. Құмырсқа Жер шарында кеңінен таралған, тек Қызыл Солтүстікте және Антарктидада ғана кездеспейді. Құмырсқаның 10 мындағы түрі бар. Олардың көпшілік түрлері тропиктік аймақтарда кездеседі. Денесі бас, көкірек және құрсақтан тұрады. Басы үлкен, жақтары жақсы жетілген, ауыз аппараты кеміргіш. Көкірек бөлімі жінішке, онда үш жұп аяқтары жақсы жетілген. Қөпшілік түрлерінің құрсақ бөлімінде шаншары мен улы бездері жақсы дамыған, улы бездерінен бөлінетін сұйықтық – құмырсқа қышқылы деп аталады. Құмырсқалар, көбіне топтанып (10 – 100 мың дарасы бірігіп), арнайы илеу жасап, тіршілік етеді. Әрбір илеуде аталық, аналық, «жұмысшы» және «жауынгер» құмырсқалар болады. Әрбір илеудегі құмырсқа топтарының бір-бірімен қарым-қатынасы, негізінен, өздерінен болетін ерекше химиялық заттар – феромондар арқылы реттеледі. Олардың ііс, дәм сезуі өте жақсы жетілген. Құмырсқалар илеуін қураган өсімдік сабактары мен жапырақтарының қалдықтарынан жасайды. Құмырсқалардың адам денсаулығына пайдасын көп халықтар ерте кездерден-ақ білген. Аяғы ауыратындар кей жағдайларда құмырсқа илеуіне аяғын салып құмырсқаға шақтырған. Құмырс-



Өрістегі құланндар



Құмырсқа түрлері



қа денесінде 70-тен астам микроэлемент, 20-дан астам амин қышқылы, витаминдер бар. Қазіргі кезде Қытайда құмырсқадан аса бағалы азықтық, дәрілік қасиеті бар препараттар дайындалады. Құмырсқаларға жүргізілген зерттеулер нәтижесінде олардың жүқпалы аурулармен ауырмайтындығы анықталған. Құмырсқадан алынатын дәрілер буын ауруларын, қант диабетін емдеуде, қан қысымын реттеуде қолданылады. Оңтүстік Азия елдері, Мексика тұрғындары құмырсқаны тағам ретінде де пайдаланады.

**ҚҰНДЫЗ** – жыртқыштар отряды, сусар тұқымдасына жататын, терісі бағалы аң. Қазақстанның орманды, таулы аймақтарында көдімгі құндыз және Орта Азия құндызы кездеседі. Дене түркі 65–70, құйрығы 41–44 см, салмағы 5–8 кг. Құндыздың арқасы мен құйрығының түсі жылтыраған қара қоңыр. Бауыры ақшыл, төсі сарғыш қоңыр келеді. Саусақтарының арасы жұзу жарғақтарымен комкерілген. Қазақстанның оңтүстік-шығысында таралған. Іле өзеніне құятын Шілік, Үсек, Құндызды сияқты тау өзендерінің сағаларын және Көксу, Қара, Тентек өзендерінің жоғарғы жағалауларын мекендейді. Көбіне шабақтармен, балықтармен қоректенеді. Сондай-ақ құстарды, қоян, су тышқаны мен ұсақ кеміргіштерді ұстап жейді. Құндыз, көбіне өзеннің тік жағасынан ін қазып, сонда паналайды. Інінің аузы су астында болады. Жатағын қыста қатпайтын, балығы бар ағын су бойына салады. Жылына бір рет түлейді. Аналығы 2–4 құнай табады. Көп аулауына байланысты саны күрт азайып кеткен. Осы кезде тек көдімгі құндызды ғана аулауга

руқсат етіледі. Орта Азия құндызы өте сирек кездесетіп аң болғандықтан Қазақстанның «Қызыл кітabyна» енгізілген. Бұл аң Кирсанов қорықшасында арнайы қорғалып, өсіріледі.

**ҚУРАН, Құран Қәрім**, Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) аян арқылы түскен Алланың сөзі, мұсылмандардың қасиетті кітaby, адамзатты ізгілікке бастайтын Алла рахымы. Құранның өзге де есімдері мен сипаттары бар: 1) әл-Китаб. Бұл сөз Құранда екі жұз отыз мәрте кездеседі, «Міне осы Кітапта құдік жоқ, бұл тақуалар үшін тұра жол көрсетуші» (Бақара 2/2). 2) әл-Фурқан. «Ақиқат пен жалғанды айыруши» мағынасындағы бұл сөз алты рет кездеседі. «Құллі әлемге ескертуші болу үшін құлына Фурқанды түсірген Алла тағала ең ұлық» (Фурқан 25/1). 3. Нур, Мубин. «Расында сендерге Алладан нұр және «Мубин» ашық кітап келді» (Мәида 5/15). Қадір сұресінде айттылғандай, алғашқы аян (уахи) 610 ж. рамазан айының Қадір туні Мекке тауының Хира үңгірінде Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) ұлалақ сұресінің («Жаратқан Раббыңың атымен оқы!») бес аятынан бастап түсті. Ең ұзақ аят – Бақара сұресінің 282-аяты. Ең қысқа аяттар – Ясин, 36/1; Рахман, 55/1, 64; Мұддессір 74/21; Фәжр 89/1; Дұха 93/1; Асыр 103/1. Құранда 77 934 сөз, 6666 аят, 114 сүре бар. Ең қысқа сүре – үш аяttan тұратын Қәүсар сұресі. Ал ең ұзағы – 286 аяttan тұратын Бақара сұресі. Құран Алла құзырынан Жебірейл періште арқылы, Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) жиырма үш жыл бойы түскен. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) умми (оку-жазу білмейтін) кісі болған еді. Ол Алладан аян келгенде уахи хатшыла-



Құндыз



Құран Қәрім

рына суре мен аяттарды түсken жерде жаздырып отырған. Зәйд ибн Сәбит бұл жайлы: «Алла Елшісі (с.ғ.с.) Алла тағаланың аяндарын – уахиды маған жаздыратын. Егер бір жерде қателік яки нұқсандақ болса, дереу түзеттіретін. Ақырында мен жаңа келген уахиды адамдарға жеткізетін едім», – дейді. Уахи хатшыларының саны шамамен қырыққа жетеді. Олардың атақтылары: Әбу Бәкр, Омар, Оспан (Ғұсман) ибн Аффан, Әли ибн Әбу Тәліп, Абдуллаh ибн Сад, Зәйд ибн Сәбит, Зубәйр ибн Аууам, Убәй ибн Кағб, т.б.

Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) өмірінің ақырына дейін уахи келуі ықтимал болғандықтан, оның көзі тірісінде Құранды бір кітап етіп жинақтау мүмкін емес еді. Ол өмірден өткеннен кейін ғана уахи тоқталғаны айқындалып, алғашқы халифа Әбу Бәкр кезінде Құран бір кітап етіп жинақталды. Құран жинауда түпнұсқалар Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) нұсқауымен жазылғандығын екі қуәгер дәлелдеуі керек, аяттар «mansúktalسا» (үкімі жойылған болса) жазылмауы тиіс деген негізгі талаптар қойылды. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) өмірден өткен соң дайындалған бұл жинақ «мұсхаф» деп аталды. Осы кітап алдымен Әбу Бәкрде, ол қайтыс болғаннан кейін Омарда, одан кейін

оның қызы Хафсаның қолында сақталған. Оспан кезеңінде ислам діні Арабиядан тыс өлкелерге қанат жайды. Сол жақтарға арнайы мұғалімдер жіберіліп, олар өздері үйренген Құран қирағаттарын исламды жаңадан қабылданған елдерге оқыта бастады. Осы кезеңде туындаған қындықтарды жою мақсатында Омардың қызы Хафсаның қолындағы түпнұсқаны көбейту үшін, Оспан уақытша сұрап алды. Осы істі атқаруға хижраның жиырма бесінші жылы құрайыштықтар (меккелік) мен әнсарлықтардан (медиnelіk) он екі кіслік топ құрып, Зәйд ибн Сәбитті басшылыққа тағайындалды. Тері, құрма ағашы, сүйек, жапырақ, т.б өр түрлі нәрселерде жазылған Құран сөздерін қағазға жазып, бір кітап еткен Зәйдтің ісі бір жылға созылған. Оған хазіреті Омар, Әли, Оспан, Ибн Кағб көмектесті. Жазылған жаңа «Имам Мұсхаф» кітабы мешітте оқылып, мұсылмандардың бәрі бір ауыздан мақұлдады. Бұл «Имам Мұсхаф» төрт данаға көбейтілді. Біреуі Мединеде қалдырылып, қалған үшеуі Шам, Қуфа, Басраға жіберілді.

Құран мағынасы сол заманнан бастап-ақ өзге тілдерге аударыла бастады. Қазіргі уақытта Құран мағынасы жүзден астам тілге тәржімаланған. Түркі тіліндегі бүтінгі күнге жеткен аударманың ең көнесі 14-ғасырда жазылған.

Қазақ халқының рухани бастауларында болған ғұламалар Құранның мөнін ашуға, хикметін сезуге үмтүлған. Абай «Адамды сүй, Алланың хикметін сез», «Құран рас, Алланың сөзі – дүр ол, Тәуиліне жетерлік ғылымың шақ», – дегенде Құранның әрбір сезін терең сезініп түсінуге үндейді. Құран – адамзатты қараңғылықтан нұрға бастайтын Алланың раҳметі – мейірім көзі (hұd, 17 аят), адамға бақылық бақыт жолын көрсететін Алланың сөзі (Исра, 9). Құранда Құдайдың адамды «халифа» мақамында жаратқандығы айтылады. Бұл тұстағы Құдайдың халифасы (орынбасары) ұғымы – адамның әлемдегі орны мен маңызын анықтайтын діни-тәнімдіқ категория, ең құрметті атақ болып саналады. Адамның мұндай жоғары атаққа лайық болуының сыры Алланың оны жаратудағы мақсатының ерекшелігінде жатыр. Құрандағы мәлімет бойынша, рух әлемінде Алла мен адамның арасында «жаратушы-жаратылушы» сипаттарын білдіретік «Мисақ» (яғни, ант, келісімсөз) жүзеге асырылған. Адам бұл антты Алланың жердегі өкілі ретінде Жаратушысын ұмытпай, адамдық орны мен қызметін атқарып, алған аманатты (Азхаб, 172) сақтай-



«Құран нұры». Суретші Б.Алтынбекұлы. 2004 ж.

мын деп берген болатын. Бұл жердегі «аманат» ұғымы иман мен жауапкершілікті сезінуді, Құдай алдындағы парызыға және адамдардың құқықтарына құрмет көрсетіп, ар-намысын сақтауды білдіреді. Адам осы міндеттін орында, қабілетін орнымен қолданып, дамыта алғандаға «халифа» деген атқа лайық болады. Құранда адамның табиғаты мен мінезіне байланысты анықтамалар өте көп. Адам ең жоғарғы мақамда жаратылғанымен, оның нәспінің зынданына түсіп, «ең төменгі дәрежеге дейін құлдырайтын» (Тин, 4–5) моральдық азғындауға да бейім екендігі ескертіледі. Адамның «өлсіз, қан төгуші, жоюшы, залым, қиянатшыл, ашкөз, арамтамақ, сараң, надан» екендігі сыйналып (Ниса, 28; Бақара, 30; Нәйл, 4; Азхаб, 72; Ибраһим, 11–27, 100), Алла адамды осылардан қашуға, жиіркенуге үндейді. Жаратушының адамға қояр талабы – оның көркем құлықты, жақсылыққа жаршы, жамандыққа жаны қас, Құдайдың еркін жүзеге асыратын құл болуы. Құдайдың шынайы құлы болу үшін адам, ең алдымен, өз болмысымен тұтастыққа жетіп, содан кейін өзін қоршаған әлеммен үйлесімділік құруы туіс. Осы үндестікті қамтамасыз ету үшін Құдай Құран арқылы адамға құндылықтар жүйесін ұсынады. Адамның жақсылықпен, парасатпен, ізгілікті іспен, сөзбен және оймен қарулануы оның иманының қуатына тікелей қатысты. Өйткені, Құранда имандылық адамгершіліктің тұтқасы, негізгі көзі ретінде түсіндірілген. Имандылықтан туатын құндылықтарды әділеттілік, турашылдық, ар-ұят, намыс, сабыр, төзімділік, жомарттық, шыншылдық, мейірімділік, ата-анаға құрмет, отансүйгіштік, қанағатшылдық, тазалық, махабbat, адамды сую, жүректілік деп тізіп, жалпы парасат (фазилат) құндылықтарына, ал имансыздықтан туындаған зұлымдық, жалғандық, екіжүзділік, опасыздық, менмендік, қорқақтық сияқты жаман қылыштарды масқаралық (разилат) сипатына жатқызып, ғұлардан аулақ болуды ескертеді. Құран адамның бағынышты болуы қыын екендігін, оны тек табиғи жолмен, ерікті сұхбат арқылы тәрбиелеуді, дінге шақыруда да ешқандай зорлық немесе қысым жасауға болмайтындығын ескертеді. Құранда адамның өмір сүру ортасы мен тіршілігінің мәні, әлемдегі орны мен мақсаты туралы оның болмысын нақтылайтын тиянақты жауаптар айтылған. Бұл жауаптардың барлығы адам санасына, рухы мен ақылына бағышталған.



Құрбақа

**ҚҰРБАҚА** – құйрықсыздар отрядының бір тұқымдасы. Жер шарында кең тараған (тек Антарктида кездеспейді). 21 туысы, 300-дей түрі белгілі. Ғұлардың көзінің арт жағында құлақ маңы безі жақсы дамыған, үстіңгі жақ сүйегінде тіс болмайды. Артқы аяғындағы саусақтарының ұшы жартылай жарғақпен байланысқан. Қазақстанда құрбақаның 3 түрі: көдімгі құрбақа, жасыл құрбақа және даната құрбақасы кездеседі. Құрбақалар денесі кеппеу үшін күндіз орман төсөнішінің астына, тышқандар мен көртшішқанның індерінде, құлаған ағаш пен олардың тамырының астына жасырылып, қорегін түнде аулайды. Жаңбырлы күндері күндіз де белсенді тіршілік етеді. Өрмекші, құмырсқа, жұлдызқұрт, шырышты ұлу, шұбалшаңмен, т.б. қоректенеді. Індерде, тұрғын үй астында, қоймаларда қыркүйектің аяғы мен қазаннан бастап қысқы үйқыға кетеді. Наурыздың аяғы – мамырдың басында қысқы үйқыдан оянғаннан кейін ақпайтын немесе ағыны баяу су қоймасына уылдырығын шаша бастайды. Құрбақалар зиянды жәндіктермен қоректеніп, ауыл шаруашылығына пайда келтіреді.

**ҚҰРМАНҒАЗЫ Сағырбайұлы** – күйші-композитор, дүлдүл домбырашы. Құрманғазы 1823 ж. Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданындағы Жиделі ауылында өмірге келген. Жас көзінен Байжұма, Баламайсан, Есжан, Шеркеш, т.б. күйшілерден тәлім алған. Оның шығармалары арқылы қазақтың күй өнері жаңаңғейде дамып, шындала түсті. Қүйші-ком-





Атыраудағы Құрмангазы ескерткіші



Құрылыш алаңы

қосуға байланысты жабдықтарды монтаждаумен шұғылданады. Құрылышқа үйлер мен ғимараттарды жөндеуге байланысты жұмыстар да жатады. Құрылыштың дамуы тұрақты жұмыс істейтін мердігерлік құрылыш үйымдарының құрылудымен және құрылыш өнеркәсібінің есүімен қоса қабат жүргізілді. Құрылыштың бір ерекшелігі сол, мұнда құрылыш-монтаж үйимдары өнеркәсіп орындары сияқты өнімді қорға немесе қоймаға арнап шығармайды. Өндіріс үстінде құрылыштың өнімі қозғалмайтындей етіліп белгілі бір орынға бекітіледі, тек еңбек құрал-жабдықтары (машиналар мен механизмдер), еңбек заттары (материалдар мен құралымдар) бір орыннан екінші орынға ауысып отырады. Құрылыш елдің мәдениетін және экономиканың барлық саласын дамытуға мүмкіндік береді.

**Құрылыш материалдары** – үйлерді, ғимараттарды салу мен жөндеуде пайдаланылатын табиғи және жасанды материалдар мен бүйымдар. Негізгі құрылыш материалдарының түрлері: табиғи тау жыныстарынан жасалған құрылыш материалдары (дара тастар, қырышық тастар, т.б.); органикалық (битум, қарамай, синтетикалық шайыр, т.б.) және бейорганикалық (цемент, әктас, гипс, т.б.) байланыстырыш материалдар; жасанды құрылыш материалдары және құрастырмалы құралымдар мен бүйымдар (құрылыштық керамика, бетон, темір-бетон, асбест-цемент, темір, шыны және силикаттан жасалған бүйымдар); ағаш материалдары және олардан жасалған бүйымдар (есік және терезе блоктары, ағаш талшықты және ағаш үгінділерінен жасалған тақталар, т.б.); металдан жасалған бүйымдар (көтергіш және қоршау құралымдары, құбырлар, рельстер, т.б.); синтетикалық шайырлар мен пластмассалар (линолеум, пенопласт, т.б.).

ҚҰРЫЛЫС – материалдық өндіріс саласы; негізінен әр түрлі үйлер мен ғимараттарды салумен, салынып жатқан нысандарды іске

ҚҰРЫЛЫС – материалдық өндіріс саласы; негізінен әр түрлі үйлер мен ғимараттарды салумен, салынып жатқан нысандарды іске

**ҚҰСТАР** – омыртқалы жануарлар тип тармағының бір класы. Құстардың эволюциялық даму сатысы 4 кезеңге бөлінеді: алғашқы құстар – археоптерикс; тісті құстар; қырсыз жалпақ тәстілер – түйекұстар, киви, пингвиндер; қырлы тәсті құстар. Құстар 2 класс тармағына: бір ғана отряды бар кесіртеккүйрықтылар (жойылып кеткен) және 34 отрядқа бірігетін 9 мыңдай түрі (оның 28 отряды осы кезде де кездеседі) желпуішкүйрықтылар немесе нағыз құстар деп бөлінеді. Құстар Арктикан Антартика жағалауларына дейінгі барлық табиғи белдемдерде таралған. Қазақстанда құстардың 18 өтряндқа жататын 489 түрі бар. Оларды мекен ететін орындарына қарай орман, ашық дала, батпақты-шалшықты және су құстары деп бөледі. Алғашқы құстардың дене түркі 1,8 м-ге дейін жеткен, тістері жақсы жетілген, ұша алмаған. Тіссіз, жақсы ұшатын ихтиористер қазіргі құстарға өте жақын болған. Құстардың басқа омыртқалы жануарлардан айырмашылығы – олардың ауада ұша алатындығы. Атап айтқанда, алдыңғы аяғы қанатқа айналған, төс, сан және мойын бұлшық еттері жақсы жетілген, сүйектері жұқа, көбінің іші ауаға толы қуыс болғандықтан және бір-бірімен жіксіз тұтасатындықтан, қаңқасы жеңіл әрі берік. Құстардың өкпесінде қан оттегімен екі рет (дем алған кезде және дем шығарған кезде де) тотығады. Оны қосарлы ты-

ныс алу деп атайды. Бұл тек құстарға ғана тән қасиет. Құстардың жүйке жүйесі жақсы да-мыған, миы үлкен, ми сыңарлары, көру орталығы, мишиғы жақсы жетілген. Құстардың сезім органдарының дамуы әр түрлі. Тез ұшатын үкі, жапалақ, басқа да жыртқыш құстардың көзі жақсы жетілген. Иіс сезу көп құстарда жетілмеген, ал дыбыс есту қабілеттілігі жақсы дамыған. Құстардың көру және есту органдарының жақсы дамуы, олардың алыс және жақын кеңістіктерді игеруіне, мезгілімен қоныс аударып, түрішілік және тұра паралық қатынас жасауына әсер етін, құс тіршілігінде маңызды рөл атқарады. Құстар 1-ден 20–25-ке дейін жұмыртқа салады. Оны 12 күннен 80 күнге дейін басады. Құстар есімдіктерді тозандандырып, олардың тұқымдарын таратады, зиянды жәндіктер мен кемірушілерді құртып, олардың табиғаттағы санын реттеуге қатысады. Кейір түрлері бау-бақшаға, егістікке зиянын тигізіп, әр түрлі жұқпалы, паразиттік аурулардың қоздырғыштарын таратады. 1868 ж. Вена қаласында (Австрия) алғаш рет құстарды қорғау туралы ресми шешім қабылданған. 1922 ж. Құстарды қорғаудың Халықаралық кеңесі құрылды. Халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабына» құстардың 209 түрі мен 83 түр тармағы, ал Қазақстанның «Қызыл кітабына» 56 түрі енгізілген.



Құстардың түрлері: 1-сағысагақ шүрілдек, 2-қарабауыр бұлдырық, 3-қызылтүмсық шәүқарға, 4-жекдуадақ, 5-тотықұс, 6-бірқазан, 7-қыргауыл, 8-жирен төс көкшымшық, 9-қаратөс бұлбұл

**ҚҮТ** – қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы ежелгі түркілерден келе жатқан қасиетті ұғым. Мысалы, Құлтегін жазба ескерткішінде «Тәңірі жарылқауымен құтты қаған болдым» деген сөйлем кездеседі. Көне түркілік діни-мифологиялық дүниетаным аясында пайда болған құт ұғымы кейін мұсылмандық-сопылық ілімдердің ықпалымен табиғиннепсілік деңгеймен шектелмей, өркениеттік өлшемдерге көтөрілді. Құттың түп-төркіні Алладан келетін киелі нұр; қуат көзі, құллі ізгілік, береке Алладан, ал оны тарататын пайғамбарлар мен әулиелер, тақуалар деген түсінік қалыптасты. Әулиелердің батасы, шын ықы-

ласымен сыйлаған заттары арқылы (шапаны, асатаяғы, ыдысы, т.б.) адамдарға құт-береке дариды, ол пайғамбардан халифаларға, халифалардан сопы-пірлерге көшіп, ұдайы жалғасып отырады деген сопылық дүниетаным етек алды. Жұсіп Баласағұнның «Құдадғу Біліг» («Құтты Білік») поэмасы (11-ғасыр) түркілік құт ұғымының мұсылмандық-сопылық ілімдер өсерімен өзгеріске ұшырағанының дәлелі. Мұнда құт иманмен, ақыл-іліммен тығыз байланыста қаралды. Құт ұғымына қарама-қарсы түсініктер: апат, сор, жұт, аштық, жоқшылық, құлдық, т.б.



**ҚЫДЫРҒАЛИ (Қадыргали)** Жалайыри, Қыдырғали Қосымұлы Жалайыри – ғұламағалым, белгілі би. Ол шамамен 1555–1607 ж. өмір сүрген. Жалайыр тайпасынан шыққан. Араб, парсы тілдерін, ғылымын терең меңгерген Қыдырғали жас кезінен хан ордасын-

да бозбала, бекзадалардың ақылғой-тәрбиеші болды. Ондан сұltан жау қолынан қаза тапқан соң сұltанның 13 жасар ұлы Ораз-Мұхаммедті ертіп, ауыл-аймағымен Сібір ханы Қөшімнің қол астына көшіп барады. Өзінің «Жылнамалар жинағында»: «Менің аталарамы Ораз-Мұхаммед сұltанның аталарына қызмет етті. Өзім Ораз-Мұхамедтің атасы Ондан сұltанға қызмет еттім, одан соң Ораз-Мұхамедтің қасында болдым» деп жазды.

Кейіннен Қөшім ханға қарсы шығып, Ораз-Мұхамедпен бірге Сібір билеушісі Сейтекпен жақындасты. Сібір воеводасы Данила Чулков 1588 ж. Ораз-Мұхамед және Сейтек үшешін тұтқынға түсіреді де, үй-іші, жақын-туystарымен бірге «аманат» ретінде ұстайды. Қыдырғали Жалайыри 1598 жылға дейін Мәскеуде, патша сарайында тұрды. 1600 ж. орыс патшасы Борис Годунов Ораз-Мұхамедті Қасым хандығының ханы етіп қойғанда оның 4 уәзірінің бірі болып тағайындалды. Ол Қасым хандығында жүріп 1600 ж. өзінің «Жамиғат-тауарих» («Жылнамалар жинағы») атты шежіре кітабын бастап, оны 1602 ж. аяқтады. Шешірінің көлемі 157 бет, қытай қағазына аса ұқын-

тылдықпен жазылған. Ғалым шығармасын өзі түстас шығыс ғұламаларының дәстүрі бойынша, орыс патшасы Борис Годуновқа арнаған.

**ҚЫЗГАЛДАҚ** – лалагүлдер тұқымдастына жататын көп жылдық шөптесін пиязшықты өсімдік. Қазақстанның далалық аймақтарында жиі кездеседі, 32 түрі бар, оның 11 түрі – Қазақстанның эндемигі болып саналады. Бұлардың биіктігі 3–50 см. Сабағы жұмыр, тік өседі. Тамырымен жалғасқан буынында пиязшығы болады. Гүл қоршауы ақ, қызыл не сары. Жемісі – қауашақ. Қызғалдақтың пиязшығын күзде гүлі түскеннен кейін жинап алып, оны



Қызғалдақ

құрғақ, салқын жерде сақтап, көктемде егеді. Қызғалдақ әсемдік және гүлінен хош иісті зат алу үшін өсіріледі. Қызғалдақтың өте сирек кездесетін 13 түрі (Альберт қызғалдағы, Борщов қызғалдағы, Грейг қызғалдағы, Кауфман қызғалдағы, Шренк қызғалдағы, т.б.) қорғауга алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.


**ҚЫЗ ЖІБЕК** – лиро-эпостық жыр. Шамамен 17-ғасырда жазылған. Бірнеше нұсқалары болғанымен олардың арасында айырмашылық аз. Жыр мазмұнында Базарбай байдың Төлеген атты ұлы өзіне жар іздел, 210 сұлудың арасынан Сырлыбай ханның Жібек атты қызын ұнатқандығы айттылады. Уш ай Сырлыбай ханның елінде болған Төлеген өз еліне бармақ болып сапарға шығады. Бірақ Жібекті қызғанып, жол тосқан Бекежан қапыда Төлегенді өлтірін, қазасын Жібекке өзі келіп ес-

тіртеді. Сол үшін Бекежан өлім жазасына кесіледі. Жырдың 2-бөлімінде хабарсыз кеткен Төлегенді іздел шыққан інісі Сансызбай қалмақ ханы Коренді өлтіріп, Жағалбайлы елін жаудан азат еткендігі айтылады.

**ҚЫЗЫЛ КІТАП**, халықаралық табиғат қорғау одағының (ХТҚО) «Қызыл кітабы» – халықаралық дөрежедегі құжат. Қызыл кітапқа (Red Data Book) сирек кездесетін, жылдан-жылға азайып не



Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген барыс



Халықаралық «Қызыл кітап»

жойылып бара жатқан, сондықтан да айрықша қорғауды қажет ететін жануарлар мен өсімдіктердің түрлері тіркеледі. Жануарларды халықаралық дәрежеде қорғау мәселесі 20-ғасырдың бас кезінде қолға алынды. 1948 ж. ЮНЕСКО-ның жанынан Халықаралық табиғат қорғау одағы үйымдастырылып, оның қызыл кітабы 1966 ж. тұңғыш рет екі том болып шықты.

«Қазақстанның Қызыл кітабы» – Қазақстан Республикасы аумағында жойылып кету қаупі төнген және сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктердің сипаттамасы берілген арнайы басылым. 1978 жылдан шығарыла бастады.

**ҚЫЗЫЛҚҰМ** – Өмүдария мен Сырдария ара-лығындағы құмды алқап. Солтүстік-батысы Арал теңізіне, оңтүстік-шығысы Зеравшан аңгары мен Нұратауға ұласады. Ауданы 300 мың км<sup>2</sup>, биіктігі 53–300 м. Қызылқұмның орта бөлігінде палеозой кезеңінде пайда болған қалдық бүйраратты төбелер (Бұқантау, Тамдытау,



Қызылқұм

Күлжықтау) кездеседі, олардың ең биік жері 992 м. Эфемер аралас жусан, сексеуіл, жұзғін, бүйірғын, Сырдария атырауының төңірегінде тоғай өседі. Қызылқұмның оңтүстік-батыс бөлігінде گрунт суының үлкен алабы орналасқан. Мәрмәр, графит, тас көмір, алтын, оңтүстік-батысында ірі газ кен орны бар. Қоқтемде Қызылқұмда көптеген шағын өзендер пайда болады. Төңірегі жыл бойы мал жайылымы ретінде пайдаланылады.

**ҚЫЗЫЛОРДА** – қала, Қызылорда облысының әкімшілік, экономикалық және мәдени орталығы (1938 жылдан). Сырдария өзенінің



Каланың орталық алаңы

оң жағалауында орналасқан. Тұрғыны 309,4 мың адам. Қала негізі Қамысқала атты елді мекенде 1817 ж. салынған Қоқан хандығының Ақмешіт бекінісі ретінде қаланды. 1853 жылдың тамызынан басқыншы, генерал Василий Перовскийдің атымен бекініс Перовск порты деп аталды. 1867 ж. Перовскіге қала мәртебесі беріліп, уезд орталығына айналды. 1901–06 ж. Орынбор–Ташкент темір жол бекеті салынған тұста қала халқы тез қарқынмен өсті. 1917 ж. 30 қазанда (12 қараша) Қеңес өкіметі Қазақстанда бірінші болып Перовскіде орнады. 1922 ж. қаланың Ақмешіт аты қайта руылды. Бірақ 1925 жылдың сәуірінде Қызылорда деп қайта өзгертиліп, Қазақ АКСР-нің астанасы мәртебесі (1929 жылға дейін) берілді. Қалада 1926 ж. Қазақ драма театры (қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік



Корқыт ата кешені

академиялық театры) ашылды. Денсаулық сақтау, білім беру орындары көбейді. 1938 ж. облыс орталығына айналды. 2-дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары аяқ-киім фабрикасы, ет, астық өнімдері комбинаттары, сүт зауыты, целлюлоза-картон зауыты, тоқылмайтын маталар фабрикасы іске қосылды. Көптеген оқу орындары мен мәдениет ошақтары ашылды. Қалада әр түрлі саладағы көсіпорындар жумыс істейді. Кейінгі жылдары қаланың архитектуралық келбеті жаңарып, тарихи орындар қайта жаңғыртылды. Жаңа әуежай, аквапарк, Сарқырама каналы, жағажай салынды.

**ҚЫЛЫШ** – қарудың бір түрі. Қылыш ат үстінде ұрыс жүргізу үшін жеңіл әрі кесіп түсер қару ретінде қолданылған. Қөшпелі халықтарда 8-ғасырдан бастап семсерлер бір жүзді, қайқы етіп жасалып, қолданысқа енді. 10-ғасырда түркілер арқылы Батыс Еуропага тарады. Кейіннен бұл қару жетілдіріліп, атты



Қылыш пен сабы

әскердің басты қаруы ретінде 20-ғасырға дейін қолданылды. Қазақтар қылышты бес қарудың біріне жатқызады. Қазақ қылыштары: алдаспан, наркескен, зұлпықар, жатаған қылыш, қайқы қылыш, т.б. болып болінеді. Олардың ұзындығы 90–95 см, ені 3–3,5 см. Атты әскер құрамаларының жойылуына байланысты (20-ғасыр), қылыш қазір тек кейбір әскери қызметкерлердің салтанатты рәсімдерде ұтайтын қаруы ретінде ғана қолданылады.

**ҚЫМЫЗ** – бие сүтінен өзірленетін шипалы сусын. Дәстүрлі қазақ қоғамында қымыз үлттық қадірлі сусын ретінде бағаланды, со-

лық қасиетіне ерекше мән беріліп, көптеген аурулар қымызбен емделеді.



Қымыз

нымен қатар күнделікті тұрмыста сусын ретінде кеңінен пайдаланылады. Фасырлар бойы жинақталған ұлттық тәжірибе бойынша дәмділігі мен қуат-күші, қасиеті мен сапасы, сақтау уақыты мен биенің жасына қарай қымыз тұр-тұрге бөлініп, оны дайындаудың әдіс-төсілдері, салт-дәстүрлери, ырымдары мен кәде жолдары қалыптасты. Мысалы, жаңа сауылған сүт саумал делінсе, саумалды күбіге, меске немесе сабаға құйып, арнайы ашытқы қосып, бір-екі күн ашытқаннан кейінгі қымыз – уыз қымыз деп аталды. Оны ашытуға қазы, жал майы, тары, бидай, құрт, айран, қатық, ашыған көже, рауғаш, т.б. ашытқы ретінде пайдаланылды. Ұлттық дәстүр бойынша, алғашқы ашыған қымыздан әуелі ауыл ақсақалдары ауыз тиіп, батасын беруі тиіс, бұл дәстүр «қымызмұрындық» немесе «қымызжора» деп аталған. Халықтық медицинада қымыздың шипа-



Қымыз құятын ыдыстар (тостаган, ожсау, тегене)


**ҚЫПШАҚ ХАНДЫФЫ** – шамамен 11–13-ғасырларда қазіргі қазақ жерінде өмір сүрген мемлекеттік бірлестік. Қимақ (кимек) қagan-дығы ыдырағаннан кейін өскери-саяси билік қыпшақ ақсүйектерінің қолына қошті. Олар 11-ғасырдың 2-ширеғінен бастап Арал мен Қаспий өңірлерін жайлаған оғыз тайпаларын ығыстырды. «Оғыздар даласының» (Мафадат әл-ғұз) орнына Дешті Қыпшақ атауы орнықты. 11-ғасырдың ортасынан бастап қыпшақтар Еділден өтіп, батысқа қарай жылжиды. Кейіннен олар Византия империясы мен Болгария жеріне әлсін-әлсін шабуыл жасап, 1071–80 ж. Дунай өзеніне келіп жетті. Кейір рулаты басқа тұркі тайпаларымен бірлесе отырып, Кіші Азияға тарай бастады. 11–12-ғасырларда Алтай мен Ертістен бастап Карпат пен Дунайға дейін созылған даланы мекендеген халықтардың бәрі қыпшақтар деп аталды. 12-ғасырдың ортасынан олар Сырдария бойындағы қалалар үшін Хорезммен соғысты. Қыпшақ ақсүйектерінің бір бөлігі Хорезм шаһына қызмет етті, сондықтан 13-ғасырдың басында хорезмдіктер Сыр бойына толық иелік етіп, Торғай, Ырғыз, Есіл, Нұра өзендерін жайлаған қыпшақтарға жорық жасай бастады. Шыңғыс



Қыпшақ жауынгерлері. 10–13-ғасырлар

хан шапқыншылығы қарсаңында қыпшақтар ыдырау алдында тұрды. Таққа тек бөрілі руынан шыққандар мұрагерлік жолмен сайланды. Олар ежелгі түркі дәстүрі бойынша 2-қанатқа бөлінді. Кейіннен Шыңғыс хан әскерлері ретінде Дешті Қыпшаққа Орталық Азиядан келіп сіңген түркі-моңғол тайпалары (керей, меркіт, найман, уақ, жалайыр, қоңырат, т.б.) мен Жошы хан үрпақтары жергілікті қыпшақтармен араласып, біртұтас халыққа айналды. Сондықтан көп ұзамай Алтын Орда халықтары «Қыпшақ ұлысы», «Қыпшақ тілдес халықтар» деген жалпылама атаумен аталаип кетті. 13-ғасырдың аяғында Алтын Орданың құрамындағы қыпшақ тайпаларының этникалық негізінде құрылған автономиялық бірлестік – Ақ Орда күшіне бастады. 14-ғасырдың аяқ кезінен бастап Ақ Орданы мекен-деген қыпшақ тайпалары «өзбек» деген жалпылама атаумен аталды. 15-ғасырдың орта түсінан бастап «өзбек» терминін «қазак» атауы ығыстырып шыгарды.

**ҚЫРГЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ, Қ ы ր ғ ы з и я, Қ ы ր ғ ы з с т а н** – Орта Азияда орналасқан мемлекет. Жер аумағы – 198,5 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 5,2 млн. адам. Қыргыздар (60,6%), орыстар (15,3%), өзбектер (14,3%), україндар, татарлар, қазақтар, үйғырлар, немістер, төжік-



Карабалта шатқалы



Қыргызстанның астанасы – Бішкек қаласы

тер, дүнгендер, т.б. ұлт өкілдері тұрады. Астанасы – Бішкек қаласы.


Тянь-Шань және Памир-Алай таулары ара-лығында орналасқан. Жерінің 75%-дан астамын тау жоталары алып жатыр. Ең биік жері – Қонғур шыңы (7439 метр). Тұтынуға қажетті өнеркәсіп тауарларының (мұнай, газ өнімдері, машиналар мен электр тауарлары, дәрі-дәрмек, құрылым материалдары, азық-түлік) 70–100%-ы шет елден өкелінеді. Экспортқа алтын, сыйнап, ағаш және ауыл шаруашылық өнімдерін шығарады.

**ҚЫСЫМ** – бір деңе екінші деңе бетіне (мысалы, ғимарат іргетасының грунтқа, сұйықтықтың ыдыс қабырғасына, қозғалтқыш цилиндріндегі газдың піспекке, т.б.) әсер еткенде пайда болатын қалыпты күштің (деңе бетіне перпендикуляр) қарқындылығын сипаттайтын физикалық шама. Егер деңеге әсер ететін күш оның бетіне біркелкі таралса, онда қысым ( $p$ ) былай өрнектеледі:  $p = F/S$ . Мұндағы  $S$  – деңе бетінің күш түсетін бөлігінің ауданы,  $F$  – сол бөлікке перпендикуляр түсірілген күштердің қосындысы. Күш біркелкі таралған жағдайда қысым деңе бетінің барлық нүктесінде бірдей болады, ал күш біркелкі таралмаса, онда қысым бір нүктеден екінші нүктеге өткен сайын өзгеріп отырады. Тұтас, ұздіксіз орта үшін сол ортаниң әрбір нүктесінің қысымы туралы ұғым енгізіледі. Бұл ұғым сұйық пен газ механикасында маңызды рөл атқарады. Тыныштықтағы сұйықтықтың кез келген нүктесінің барлық бағытындағы қысымы бірдей болады. Бұл жағдай қозғалыстағы идеал (үй-келіссіз қозғалатын) сұйық пен газ үшін де орындалады. Қысым физикалық, химиялық, механикалық, биологиялық, т.б. құбылыстар-

да елеулі рөл атқарады; манометр, барометр, вакуумметр тәрізді құрылғылардың және әр түрлі қысым датчиктерінің көмегімен өлшемді. Қысымның Бірліктердің халықаралық жүйесіндегі өлшем біrlігі – Паскаль (Па). 1 Па = Н/м<sup>2</sup>. Бірліктердің МКГСС жүйесінде кгс/см<sup>2</sup>, сондай-ақ жүйеден тыс өлшем біrlіктері: атмосфералық (физикалық атмосфера), мм сынап бағанасы, мм су бағанасы.

**ҚЫТАЙ, Қытай Халық Республикасы – Шығыс және Орталық Азияда орналасқан мемлекет.** Жерінің аумағы 9,6 млн. км<sup>2</sup>. Халқы 1 млрд. 350 млн. адам. Тұрғындарының 91%-ы – қытайлар (хань, ханзу). Бұдан басқа 50-ден астам ұлттар мен ұлыстар тұрады. Ирілері: чжуан, үйғыр, моңгол, тибет, хуэй, корей, т.б. Қытайдың батысында 1,5–2 млн. шамасында қазақтар тұрады. Қытайлардың негізгі діндері – конфуцийшілдік, даосизм, буддизм, бұған қоса Қытайдағы өзге этностар арасында ислам діні, христиан дінінің протестант, католик тармақтары кең тараған. Ресми тілі – қытай тілі. Астанасы – Пекин, ірі қалалары: Шанхай, Тяньцзинь, т.б. Ел 23 провинциядан, 5 автономиялық ауданнан және орталыққа тікелей бағынатын 4 қаладан (Пекин, Шанхай, Тяньцзинь, Чунцин) тұрады.

Жер бедере жағынан 3 үлкен аймаққа бөлінеді. 1) Оңтүстік-батысында Тибет таулы қы-



Улы Қытай қорғаны

раты орналасқан. Ол Джантанг жазығын, Орталық Тибет таулы үстіртін, Ішкі (Гандисы-шань, Тангла, т.б.) және Шеткі (Куньлунь, Син-Тибет, Гималай, Қарақорым) тау жүйелерін қамтиды. Гималай мен Қарақорым Қытай шекарасынан асып кетеді. 2) Орталық Азия жазықтары мен таулы үстірті Қашғар мен Жоңғар жазықтарын қамтиды. Оларды Шығыс Тянь-Шань таулары бөліп жатыр. 3) Шығыс Қытайдың ойпатты жазықтары. Оларға: Саньцзян, Солтүстік Ханкай ойпаттары, Сунлео, Улы Қытай жазықтары жатады. Соңғы 20–25 жылда ел экономикасы жоғары қарқынмен дамыды. 1997 ж. 1 шілдеде ҚХР-та бұрын Ұлыбритания отары болып келген Сянган (Гонконг) аралы қайтарылды. Сянганның қосылуы ел экономикасының дамуын жеделдедті. Бұл аудан дүние жүзіндегі аса ірі сауда және қаржы орталығы болып табылады. Онда әлемдегі аса ірі 100 банктің 85-інің бөлімдері орналасқан.

**Тайвань – Шығыс Қытай тенізіндегі арал.** Аумағы 35961 км<sup>2</sup>, халқы – 22 млн. адам. Әкімшілік орталығы – Тайбэй (2,7 млн-нан астам). Халқының 97%-ы қытайлықтар. 1949 ж. ҚКП-дан жеңілген Чан-Кайши өкіметі Тайвань аралына көшті. 1950 ж. өзара келісім арқылы аралға АҚШ-тың 7-флоты кіргізіліп, одақтастық шарт жасалды. Жалпы Тайваньды әлемнің көшілік елдері (соның ішінде Қазақстан) жеке мемлекет емес, Қытайдың бір бөлшегі деп есептейді. Тайвань жеке мемлекет ретінде АҚШ-тың әскери көмегі арқасында ғана өмір сүріп отыр. Олардың одағын Жапония қолдайды. Тайвань соғыстан кейін өте жоғары қарқынмен дамып, Азиядағы аса дамыған елдердің қатарына кірді.



Шанхай қаласы



**ЛАОС**, Лаос Халықтық - Демократиялық Республикасы – Оңтүстік-Шығыс Азиядағы мемлекет. Үндіқытай түбенің орталық бөлігінде орналасқан. Жер аумағы – 236,8 мың км<sup>2</sup>. Астанасы – Вьентъян қаласы. Экімшілік жағынан 16 кхуэнге бөлінеді. Халқы 6,5 млн. адам. Этникалық құрамында лао-лум (68%), лао-тенг (22%), т.б. халықтар бар. Мемлекеттік тілі – лаос тілі. Халқының басым көшілігі будда дінін ұстанады (85%).

Жері, негізінен, таулы келеді. Солтүстік бөлігін Траннинь таулы қыраты алып жатыр.



Вьентъян қаласы



Кхан өзені

Ең биік жері – Биа тауы (2820 м). Шығысында Чыонгшон, оңтүстігінде Боловен таулары, батысында Корат үстірттері бар. Басты өзені – Меконг.

Лаос халқы, негізінен, ауыл шаруашылығымен айналысады. Басты дақылы – күріш. Экспортқа ағаш, тоқыма бұйымдарын, кофе, гипс, қалайы шығарады. Сырттан азық-түлік, ауыр машина жасау онімдерін, өнеркәсіптік отын алады.

**ЛАТВИЯ**, Латвия Республикасы – Еуропаның солтүстік-шығысында, Балтық теңізі жағалауындағы мемлекет. Жер аумағы – 64,5 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 2,2 млн. адам. Астанасы – Рига қаласы. Тұрғындарының 57%-ы латыштар, 30,4%-ы орыстар, 4,2%-ы беларусытер, 2,7%-ы украиндар, 2,7%-ы поляктар, т.б. 81 ұлттың өкілдері тұрады. Мемлекеттік тілі – латыш тілі. Халқы христиан дінінің протестант, католик, православие тармақтарын ұстанады.

Латвия жері Шығыс Еуропа жазығында, Балтық теңізіне құядын Даугава (Батыс Двина) өзені алабында орналасқан. Елдің баты-



Рига қаласы



Юрмаладағы жағажай



Леонардо да Винчи. «Мона Лиза»

сырларын ашудың басты кілті деп білді; гидравликамен шұғылданды. Анатомиялық зерттеулерінде адам денесін жарып көрудің нәтижелерін қорыта отырып, осы заманғы ғылыми иллюстрацияның негізін қалады. Мүшелерді жай түгендеуден олардың атқаратын міндеттерін зерттеуге көшіп, өл организмді «табиги механиканың» үлгісі деп қаралды. Бұл-шық еттердің антагонизмі туралы жаңа тұжырымдар айтып, әмбриология және салыстырмалы анатомия мәселелеріне ерекше назар аударды. Ол ботаниканы дербес биологиялық пән ретінде тұңғыш қарастыруны болды. 1519 ж. Францияда Амбуазада қайтыс болды.

**ЛИВАН, Л и в а н Р е с п у б л и к а с ы** – Батыс Азиядағы, Жерорта теңізінің шығыс жағалауындағы мемлекет. Жері 10,4 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 3,6 млн. адам. Негізгі халқы – арабтар (93%), қалғаны армяндар (6%), түріктер, күрдтер. Негізгі діндері – ислам (75%) және христиан (25%). Ресми тілі – араб тілі.

Елдің көшілік бөлігін Ливан қыраты алып жатыр. Ливан мен Антиливан қыраттарының арасында ені 8–14 шақырым болатын Бекаа жазығы орналасқан. Суармалылық маңызы бар негізгі өзені – әл-Литани.

Ливан – өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы нашар дамыған ел болса да, қаржы-банк,



Бейрут қаласы

тұрмыстық қызмет салалары біршама жақсы жөлға қойылған. Бейрут – Таяу Шығыстағы ең ірі банк орталықтарының бірі. Ауыл шаруашылығы өнімдері үлттық табыстың 30%-ын құрайды. Сыртқа көкөніс пен жемістер, темекі, мата, әнекей бүйімдарын шығарады.

**ЛИВИЯ, Л и в и я А р а б С о ц и а л и с т і к Х а л ы қ т ы қ Ж а м а н и я с ы – Солтүстік Африкадағы мемлекет. Жер аумағы 1,76 млн. км<sup>2</sup>. Халқы 5,6 млн. адам. Негізгі халқы – арабтар мен берберлер (97%), сонымен қатар гректер, түріктер, италиялықтар, үнділер, т.б. да мекендейді. Астанасы – Триполи қаласы. Діні – исламның суннит бағыты. Мемлекеттік тілі – араб тілі. Ирі қалалары мен порттары: Тобрук, Триполи, Бенгази, Марса аль-Бурейка.**

Ливияның жер бедері, негізінен, үстіртті келген құмды тасты жазық. Шығысында Ливия шелі жатыр.

Ливия экономикасының негізін мұнай өнеркәсібі құрайды. Мұнай өндірудің көлемі жөнінде 1980-жылдарда 100 міндердін алғанда 2000-жылдарда 1000 міндерден асқан.



Триполи қаласы



Ливия шөлі

нен Ливия Африкада 6-орынды иеленеді. Ауыл шаруашылығы төменгі дәрежеде дамыған. Дәнді дақылдар, құрма ағаштары өсіріледі. Мұнай және мұнай өнімдерін экспорттап, азық-түлік пен өнеркәсіп тауарларын шеттен әкеледі.



Клайпеда жағалауы

шаруашылығы, балық аулау басым дамыған. Экспортының негізін мұнай өнімдері, машина, құрал-жабдықтар, тамақ, тоқыма өнімдері құрайды.

**ЛИТВА, Л и т в а Р е с п у б л и к а с ы –** Балтық теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауында орналасқан мемлекет. Жер аумағы 65,2 мың км<sup>2</sup>. Халқы 2,9 млн. адам. Астанасы – Вильнюс қаласы. Ресми тілі – литван тілі. Халқының 80%-дан астамын литвандар, 9,4%-ын орыстар, 7%-ын поляктар құрайды. Тұрғындарының көпшілігі католиктер (90%), қалғандары православтар.

Литва климаты теңіздік климаттан континенттік климатқа қарай өзгереді. Жер қойнауы шымтезек, гипс, янтарь, ыстық және минералды суларға бай. Аралас ормандар елдің ширек бөлігін алып жатыр. Ең ірі өзені – Нямунас (Неман), 3000-ға жуық көлдері бар.

Литва индустриялды-аграрлы ел. Шаруашылығының жетекші салалары – машина жасау, металл, ағаш өңдеу, химия, тамақ, тоқыма өнеркәсіптері. Ауыл шаруашылығында мал

**ЛИХТЕНШТЕЙН, Л и х т е н ш т е й н** княздығы – Орталық Еуропадағы мемлекет. Жер аумағы 157 км<sup>2</sup>. Халқы 36,5 мың адам, тұрғындары, негізінен, австриялықтар мен герман-швейцариялықтардың ұрпақтары. Мемлекеттік тілі – неміс тілі. Діні – католик.

Аумағының 3/4 бөлігін Альпі тауының сілемдері (біектігі 2 мың м-ден астам), батысын Рейн өзенінің аңғары алып жатыр. Жерінің ¼-іне жуығы орман (емен, шырша, шамшат, субальпілік және альпілік шалғын).

Лихтенштейн – индустриялы дамыған ел. Экономикасы швейцар капиталы мен экспорттына тоуелді. Жетекші өндіріс салалары: машина жасау (электртехникалық өнімдер, өндіріс құралдары, өлшеуіш құралдар, компьютерлер) мен металл өңдеу, химия, тоқыма, керамика, фармацевтика, ауыл шаруашылығы (еттісүтті мал шаруашылығы, бал арасы), туризм, пошта маркаларын шығару жақсы дамыған.



Вильнюс қаласы



Вадуц қаласы

## ЛОКОМОТИВ

**ЛОКОМОТИВ** – рельсті жолдармен пойызды немесе жеке вагондарды қозғалтуға арналған машина. Локомотив латынның loco moveo – орынан қозғалтамын деген сөзінен шыққан. Оның жылулық және электрлік түрлері бар. Орнатылған күш қондырғыларына (қозғалтқыш түріне) сәйкес жылулық локомотивтерге паровоз (бу машинасы орнатылған), бу турбовозы (бу турбинасы орнатылған), тепловоз, мотовоз (іштен жанатын қозғалтқыш орнатылған), газ турбовозы (газ турбинасы орнатылған), ал электрлік локомотивтерге контактілік (түйіспелік) және аккумуляторлы электровоздар (электр қозғалтқыштары орнатылған) жатады. Осы аталған локомотивтердің қозғалтқыштары будың, жанар майдың, газ бен электр тогының энергияларын оны қозғалысқа келтіретін механикалық энергияларға түрлендіреді. Алғашқы локомотивтер (паровоздар) Ұлыбританияда 19-ғасырдың басында (1803, 1814), ал Ресейде 1834 ж. жасалды. Магистральды жүк паровоздарының соңғы түрінің қуаты 1800 кВт, жылдамдығы 80 км/сағ болса, жолаушылар паровоздарының қуаты 1900 кВт, жылдамдығы 125 км/сағ-қа дейін жетті. 20-ға-



Электровоз

сырдың басында паровоздар қуатты әрі пайдалы өсер коэффициенті жоғары тепловоздармен, электровоздармен алмастырыла бастады. Қазіргі қос секциялы жүк тепловозының қуаты 2200 кВт, жылдамдығы 100 км/сағ, ал жолаушылар тепловозының жылдамдығы 160 км/сағ-қа дейін жетін, пайдалы өсер коэффициенті 20–21% (29–32%-та дейін жетеді). 1895 ж. АҚШ-та алғашқы тұрақты ток электровозы жасалды.



Паровоз



Тепловоз

**ЛОМОНОСОВ Михаил Васильевич** – жаратылыштану ғылымының, орыс әдеби тілінің негізін салушы, әнциклопедиялық білімді ғұлама ғалым, ақын, суретші, тарихшы. Петербург Фылым Академиясының академигі (1745). 1711 ж. 8-қарашада Ресейдің Архангельск облысында дүниеге келген. 1731 ж. Мәскеудегі славян-грек-латын академиясына оқуға түсіп, 1735 ж. ең үздік оқушылардың бірі ретінде Петербург университетіне қабылданды. 1736–41 ж. Германияда белгілі физик және философ Х.Вольфтан, металлург И.Генкельден дәріс алды. Ресей Фылым Академиясының жанынан түңғыш химиялық лаборатория ашты (1748), оның бастамасы бойынша Мәскеу университетінің негізі қаланды (1755). Ломоносовтың химия мен физика саласындағы ғылыми зерттеулері заттардың атомдық-молекулалық құрылышына негізделді. Материя мен қозғалыстың сақталу принципін ғылыми түрғыдан түз-





рымдап, физикалық химияның негізін қалады; бірқатар оптикалық приборлар (тұнде бақылайтын түтік) жасады; Шолпан планетасында атмосфераның бар екендігін дәлелдеді; Жердің құрылышына сипаттама берді. 1763 ж. «Металлургия және кен ісінің бірінші негізі» деп аталатын нұсқау кітап жазды. Ломоносов орыс тарихымен 1749 жылдан бастап шұғылданып, нәтижесінде «Ресей халқынан бастап, Ярославтың қайтыс болуына дейінгі ежелгі орыс тарихы» деген еңбегін жариялады (1766). Фалым орыс өдебиетінің жан-жақты өркендеуіне мол үлес қосты. Орыс тілі грамматикасының негізін қалады. 1765 ж. 4-сәуір күні қайтыс болып, Петербургте жерленді. Ленинград облысындағы қала, Жана Жердегі тау жотасы, Солтүстік мұзды мұхиттағы су асты жотасы, Батыс Шпицберген аралығындағы қырат, Мәскеу мемлекеттік университеті ғалым есімімен аталады.

**ЛЮКСЕМБУРГ, Люксембург Ұлы ғерцогтығы** – Батыс Еуропадағы мемлекет. Жер аумағы 2,58 мың км<sup>2</sup>. Халқы 502,2 мың адам. Астанасы – Люксембург қаласы. Әкімшілік жағынан 3 округке болінеді. Ресми тілдері – француз, неміс тілдері. Халқының көпшілігі христиан-католиктер.

Люксембургтың солтүстігінде Ардени және Рейн тақта тасты тауларының сілемдері орналасқан, онтүстігі қыратты жазық болып келеді. Климаты қоңыржай, теңіздік.

Люксембург – өнеркәсібі дамыған ел. Электроника өндірісі, химия өнеркәсібі, цемент, тоқыма кәсіпорындары бар. Экспортқа химия, металлургия өнімдерін, тағамдар мен киім-кешек шығарады, сырттан астық, металл, мұнай, көмір, т.б. әкелінеді. Туризм дамыған. Ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, жүзім шаруашылығы, шарап жасау, өсімдік шаруашылығы жақсы дамыған.



Люксембург қаласы

### МАГЕЛЛАН Фернан,

Магеллан – Португалияның теңіз саяхатшысы. Бірінші болып теңіз жолымен Жер шарын айналып шыққан. 1480–1521 ж. аралығында өмір сүрді. 1519–21 ж. Молукк аралдарына аппаратын батыс жолдарын іздеу үшін Африканың батысымен жүзіп отырып, Атлант мұхиты арқылы Оңтүстік Американың шығыс жағалауына жетеді. 1520 ж. құрлық пен Отты Жер топаралы арасындағы бұғаз (қазіргі Магеллан бұғазы) арқылы Оңтүстік Американы айналып өтті.



Магеллан жүзген кеме

Тынық мұхит арқылы батысқа қарай жүзіп, Азиядағы Филиппин аралдарына жетті. Магеллан 1521 ж. Мактан аралында жергілікті тайпалармен қақтығыс кезінде қаза болады. Қалған экспедиция мүшелері «Виктория» кемесімен Үнді мұхиты арқылы жүзіп Африканы айналып Испанияға оралады. Магеллан алғаш рет Жердің шар тәрізді екендігін, Дуниежүзілік мұхиттың біртұтастығын дәлелдеді.


**МАГМА** – Жердің терең қойнауларында пайда болатын силикат құрамды балқыған масса. Оның басты құрамдас бөліктері:  $\text{SiO}_2$ , Al, Fe, Mg, Mn, Ca, Na, K, O, S, Cl, F, B, т.б. элементтер. Түрлі геологиялық дәуірлерде қалыптасқан гранит және базальт құрамды магмалық тау жыныстары негізді (базальттық) және қышқыл (граниттік) түрлерге бөлінеді. Базальттық магма темір, магний, кальцийге бай келеді. Ондағы кремний оксиді ( $\text{SiO}_2$ ) мөлшері 40–55%. Граниттік магмада  $\text{SiO}_2$  мөлшері 65–78%-ға дейін жетеді өрі мұнда сілтілік элементтер мол. Магма Жер қабаттарындағы әр түрлі эндогендік процестерден, физика-химиялық тепе-тендіктер бұзылғанда заттардың балқып, сүйиққа айналуынан пайда болады. Магма пайда болған жерінен жоғары көтеріліп, сұнынып, қатайып, тау жыныстарына айналғанда күрделі эволюциялық өзгерістерге үшірайды. Магмадан алдымен акцессор минералдар – магнетит, апатит, монцанит, ильменит, циркон, т.б., ал екінші – басты кезеңінде табигатта ең көп кездесетін пироксен, амфибол, слюда, дала шпаты, т.б. минералдар бөлінеді. Магма балқымасының жоғарғы бөлігінің құрамы гранитке, тәменгі бөлігі базальтқа жақындейды. Табиғи жағдайларда магманың жаралуы мен

жіктелуі әлі толық анықталмаған құбылыс. Магма газдарынан метасоматоз процесі жүріп, скарндық кен орындар түзіледі. Оларда кездесетін заттар: темір (мысалы, Қостанай темір кен орындары), түсті металдар мен алтын, т.б. Қазақстандағы түсті металдар мен алтын кен орындарының басым көшпілігі осы түрге жатады. Жер бетіндегі және оған жақын маңдағы жанартау газдарынан құқырт, бор, синап, т.б. кен орындары түзіледі. Магмалық тау жыныстары магма немесе жанартаулық атқылаулардан кейінгі Жер бетіне төгілген лаваның сұнынуынан және кристалдануынан (түйіршікtenуінен) пайда болады. Құрамындағы сілтілік металдар мөлшеріне қарай магмалық тау жыныстары қалыпты және сілтілі (граниттер, нефелинді сиениттер, фонолиттер) топтарға бөлінеді. Магмалық тау жыныстары құрылыш, абразивті, жылу оқшаулағыш материалдар ретінде қолданылады.

**МАГНЕТИЗМ** – 1) электр токтарының, токтар мен магниттік моменті бар денелердің (магниттердің) және магниттердің арапарындағы өзара өсерлесудің ерекше түрі; 2) физиканың осы өзара өсерлесуді және осындай қасиеттер білінетін заттарды (магнетиктерді) зерттейтін бөлімі. Қеңістікпен бөлінген денелердің арасында магниттік өзара өсерлесуді қамтамасыз ететін, оны бір денеден екіншісіне жеткізетін – магнит өрісі. Ол электр өрісімен қатар, материя қозғалысының электромагниттік формасы білінуінің бірі болып табылады. Электр өрісінің көздері электр зарядтары болып табылса, ал магнит өрісі үшін ондай көздер табигатта өзірше анықталмаған. Магнит өрісінің көзі – қозғалыстағы электрлік заряд, яғни электр тогы. Табигатта магнит өрісінің сан алуан түрі кездеседі. Техникада магниттік дефектоско-



Магма ағыны




Тұрақты магниттер

пия мен бақылаудың магниттік өдістері кең қолданылыс тапты. Магниттік материалдар генератор, трансформатор, реле, сондай-ақ магниттік қүшеткіштердің, магниттік жады (есте сақтау) элементтерінің магниттік сымдарын (өткізгіштерін), компас тілдерін, т.б. магниттік жазу таспаларын жасауда қолданылады.

**Магнит** (грекше *magnetis*, *Magnetis lithos* – Магнесия тасы; Магнесия – Кіші Азиядағы көне қала) – магнит өрісін туғызыатын дене. Магнит өрісіне ендірілгеннен дененің магниттік қасиетке ие болатын кесегі жасанды магнит деп аталады. Ал алдын-ала магниттелген ферромагнитті не феримагнитті материалдан жасалған белгілі бір пішіні (таға тәрізді, ұзынша жолақ түрінде, т.б.) бар магнит тұрақты магнит деп аталады. Ол электроникада, радиотехникада және автоматикада тұрақты магнит өрісінің автономды көзі ретінде кеңінен қолданылады. Магнит – Fe, Co, Ni, Al, гексогональді ферриттер, т.б. негізделгі қорытпалардан жасалады. Асқын өткізгіш материалдан жасалған орамасы бар соленоидты немесе электромагнитті асқын өткізгішті магнит деп атайды. Оны заттардың магниттік-электрлік және оптикалық қасиеттерін, плазманы, атомдық ядроларды және элементар бөлшектерді зерттеуге арналған тәжірибелерде қолданады.

**Магниттік меридиан** – геомагнит орісінің күш сызығының Жер бетіндегі проекциясы. Барлық магниттік меридиан құрделі қисық сзықтар түрінде Жердің оңтүстік және солтүстік магниттік полюсіне жиналады. Бақылаушы (құрал) орны арқылы өтетін және геомагнит өрісінің осы нүктедегі кернеулік векторы болатын вертикаль жазықтықты магниттік меридиан жазықтығы деп атайды. Магниттік меридиан мен географиялық меридиан жазықтықтары аралығындағы бұрыш, яғни дәл осы мандағы жер беті нүктесі магниттік бұрылу деп аталады. Жердің магниттік меридианымен қатар геомагниттік меридиан үғымы да жиі қолданылады. Ол жер бетінің қарастырылатын нүктесі арқылы өтетін жазықтық пен солтүстік және оңтүстік геомагнит полюстерін қосатын түзу сзықтың жер бетіндегі қылышу сзығы болып табылады.



Антананариву қаласы

қы 22,6 млн. адам, негізгі тұрғындары малагасийліктер (98%). Ресми тілдері – малагасий және француз тілдері. Арап тұрғындарының жартысына жуығы жергілікті діни сенімдерді үстанады (45%), қалғандары христиандар (40%) мен мұсылмандар (15%). Астанасы – Антананариву қаласы.

Мадагаскар аралының шығыс және батыс жағалаулары аласа, жайпақ келеді; шығыс жағалаулары құм тәбешіктер, батыс жағалауы – маржан рифтері. Солтүстік-батысы мен қыыр солтүстігіндегі жағалауы биік жартасты, қатты тілімделген.

Мадагаскар – ауыл шаруашылығы дамыған ел. Құріш, картоп, жүгері, қант қамысы, темекі, т.б. есіріледі. Балық аулау мен мал шаруашылығы да жақсы дамыған. Ауыр өнеркәсібі мешеу қалған. Өндірістік салалар ауыл шаруашылық өнімдерін өндеуге маманданған. Сыртқа кофе, қант, балық өнімдері, түсті металдар шығарылады.



Теніз жағалауы

**МАДАГАСКАР**, Мадагаскар Республикасы – Үнді мұхитындағы Мадагаскар мен оған жақын ұсақ аралдарда орналасқан мемлекет. Жер аумағы 596 мың км<sup>2</sup>. Хал-

архипелагы мен Филиппинде тараған. 200-ге жуық түрі белгілі. Олардың 62 түрі мен тармағы қорғауға алынып, Халықаралық табиғат қорғау қоғамының «Қызыл кітабына» енгізілген. Қазақстанда хайуанндар саябағында ұсталады.



**МАЙРА УӘЛИҚЫЗЫ ШАМСУТДИНОВА** – халық әншісі, композитор. 1896 ж. 6 мамырда Кереку (қазіргі Павлодар) қаласында дүниеге келген. Майра жасынан гармон тартып, ән салған. Кереку, Баянауыл, Семей аймағындағы жәрменке, той-думандарда өнер көрсетіп, есімі

елге жайылған. Оның репертуарында «Ахау, Семей», «Гаунар тас», «Ертіс», «Сәулем-ай», «Мақпал», т.б. халық әндері болды. Александр Затаевич Майраның орындаудында «Мақпал», «Көкмайса», «Қарағым-ау», «Қаракөз», «Баянауыл», «Телқоныр», «Даланың әні», «Құрбымжай», «Алқарағай көк», «Хұсни құрдас», «Смет» әндерін жазып алғып, нотаға түсірген. Ол өз орындаудында жаздырған «Майра», «Қызыл гүл», «Өкшесі етігімнің айнала жез», «Бақша» әндерінің авторы. Әншілік өнерді көсіби дәрежеде менгерін, өзіндік нақышпен сырнайға қосылып айтқан. Қазақ әндерімен қатар татар, орыс әндерін де нақышына келтіре орындаған. 1927 ж. 1 мамырда Керекуде қайтыс болды. Майраның әндерін композиторлар Евгений Брусиловский «Қызы Жібек» операсында, Александр Зильбер «Қайта туған Қазақстан» симфониясында, Бақытжан Байқадамов «Майра» хор капелласында пайдаланды. Әбділда Тәжібаев «Майра» атты пьеса, поэма жазды. Майраның әндері Ахмет Жұбановтың, Мақсұтбек Майшекиннің, т.б. назарына ілгіп, жазбаға түсіп өндөлген. Бұғынде оның 20-ға тарта әндері белгілі болып отыр. «Майра және өнер» атты жинақ шықты. Майра Уәлиқызы атындағы әншілер байқауы өткізілін тұрады.

лада дүниеге келді. Өкесі Македония патшасы II Филипп оны жастайынан әскери іске баулыған. Оған қоса грек философы Аристотель тәлім-тәрбие берді. Македонскийдің басшылығымен грек-македон әскери (30 мың жаяу, 5 мың атты әскер және жеңіл қаруланған отряд) біздің заманымыздан бұрынғы 334 ж. көктемде Кіші Азияға басып кіріп, парсылармен соғысты. Парсылар жеңіліп, 220 жылдай билік құрган ахемен өuletі біржола талқандалды. Мысырдың абыздары жаңа билеушіні Амон құдайдың баласы және Мысыр перғауыны деп жариялады. Оған Бабыл, Сузы, Терсополь, Экбатан қалалары да бағынды. Біздің заманымыздан бұрынғы 330 ж. Иранның таулы аймағын жаулап алғып, Орталық Азияға ішкөрілеп ене бастады. Маракандты (Самарқанд) өзіне бағындырып, Сырдарияға бет алды. Бірақ Сырдариядан өтпек болған кезінде сақ жауынгерінің жебесінен жарапанады. Үш жыл бойғы кескілескен соғыстардан кейін ол Орталық Азияның кейір тайпалары мен халықтарын уақытша бағындырды. Біздің заманымыздан бұрынғы 327 ж. көктемде Үндістанға жасаған жорығында Пор әскерімен (200 соғыс пілі болған) кездесіп, оны зорға жеңеді. Ганг алабына әскери жорығын одан әрі жалғастырмақ болғанымен, соғыстан әбден қажыған жауынгерлер қарсылық білдіреді. Сөйтіп, біздің заманымыздан бұрынғы 326 ж. қолбасшы кейін қайтуға бұйрық береді. Еліне оралған соң арабтарға қарсы соғысқа дайындық кезінде, біздің заманымыздан бұрынғы 323 ж. 13 маусымда Бабылда (Вавилон) жұмбақ жағдайда қайтыс болды. Ол өлгеннен кейін ұланбайтақ империясы ыдырап кетті. Оның жеке тұлғасы жөнінде түрлі аңыз әңгімелер сақталған. Шығыс әдебиетінде Ескендір атымен танылған. Македонский жөнінде Абай «Ескендір» поэмасын жазды.



**МАҚТА**, қоза – құлқайыр тұқымдасына жататын көп жылдық бағалы талшықты дақыл. Мақтаның 35 түрі бар, оның 5 түрі қолдан өсірілетін бір жылдық шөптесін өсімдік-

**МАКЕДОНСКИЙ** Александр, Ұлы Александар – ұлы қолбасшы, мемлекет қайраткері. Біздің заманымыздан бұрынғы 356 ж. Пел-



Мақта

тердің бір туысы. Негізінен, тропиктік және субтропиктік аймақтарда өсіріледі. Қазақстанда 1928 ж. алғаш рет мақта өсірумен айналысадын қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысында Мақтаарал ауданы құрылды. Мақтаның биіктігі 1–1,5 м, 1–2 негізгі бұтақтан 10–15 жанама бұтақтар тараиды. Гүлі жеке, ірі, сары не ақ түсті, сабагы 90–130 см-ге жетеді, жапыраты жүрек пішінді. Жемісі 3–5 ұялы қауашақ, ішінде талшық, ортасында 20–40 мақта тұқымы болады. Мақта жарықты, жылуды, ылғалды көп қажет етеді. Суармалы жерлерде жоғары өнім береді. 1 тонна шитті мақтадан 330–360 кг талшық, 100–110 кг тағамдық, техникалық май, 30–40 кг қысқа талшық, 550–580 кг тұқым алынады. Тұқымының құрамында 20–25% май болады. 1 тонна мақта тұқымынан 170 кг мақта майы, 400–420 кг күнжара, 300 кг қауыз, мақта мамығы, олифа, глицерин, т.б. құнды өнім алынады. Мақта – тоқыма өнеркәсібіндегі негізгі шикізат. Мақтаның ұзын талшықтарынан түрлі маталар – бәтес, сөтен, маркизат тоқылса, қысқа талшықтарынан целлюлоза, пластмасса, фотопленка, дәрілік мақта, жанғыш пілте, жасанды жібек жіп, т.б. алынады. Мақта майы тамак, консерві, парфюмерия өнеркәсістерінде, ал тұқым қалдығынан этил, метил спирттерін, лак, қағаз, органикалық қышқылдар, целлюлоза, т.б. алуға болады. Сабагы отын ретінде пайдаланылса, күнжарасынан мал азығы алынады. Қазақстанда, негізінен, Оңтүстік Қазақстан облысында өсіріледі. Негізгі зиянкестері: өрмекші кенесі, мақта және күздік қоңыр көбелектердің жұлдызқұрттары, шегіртке.



Куала-Лумпур қаласы

**МАЛАЙЗИЯ** – Оңтүстік-Шығыс Азиядағы федералды мемлекет. Батыс бөлігі Малакка түбегінің оңтүстігінде, шығыс бөлігі Калимантан аралының солтүстігі мен солтүстік-батысында орналасқан. Жалпы жер аумағы 332,8 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 29,6 млн. адам. Астанасы – Куала Лумпур қаласы. Әкімшілік жағынан 13 штаттан және 2 федералды аумақтан тұрады. Ресми тілі – малайя тілі. Негізгі діні – ислам, сонымен бірге буддизм, христиан діндерін үстенады.

Малайзия экваторлық белдеуде орналасқан. Батыс аумағын солтүстіктен оңтүстікке қарай таулы белдеу кесіп өтсе, шығысын жағалаулық жазықтық алып жатыр. Ирі өзендері – Раянг, Бором, Кинабатонлон.

Малайзия – Тынық мұхит аймағындағы қарқынды дамып келе жатқан мемлекет. Экономикасы мұнай, каучук, қалайы, ағаш өнімдерін экспорттауға негізделген. Негізгі ауыл шаруашылық дақылдары – күріш, какао, бұрыш. 1995 жылдан бастап, экспорттық тауарлар қатарына – автокөлік бөлшектері, радиоэлектроника, тоқыма-тігін тауарлары және цемент, станоктар, т.б. қосылды. 1990 жылдан



Пенанг аралындағы жағажай

Малайзия әлемдік демалыс және туризм орталығына айнала бастады.

**МАҢҒЫСТАУ** – Маңғыстау түбөгіндегі аласа таулар тізбегі. Каспий теңізі жағалауынан солтүстік-солтүстік-батысқа, шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай тізбектеліп жатқан үш жотадан тұрады. Ең ірі – орта тұсындағы Қаратая жотасы (ұзындығы 130 км, биіктігі 350–450 м), ең биік жері – Бесшоқы тауы (556 м). Қаратая көлденең жатқан бірнеше ойпаңдар арқылы Шығыс Қаратая, Батыс Қаратая және Қараташыққа бөлінеді. Қаратая жоталары пермь мен триастың қатпарланған құмтас, тактатас, әктас және конгломерат жыныстарынан түзілген. Төбесі тегіс немесе сәл белесті келеді. Аласа таулы қырқаларды юра мен бордың құмды-сазды жыныстары жапқан ойысты жерлер қоршап жатыр. Екі жағынан Солтүстік және Оңтүстік Ақтау жоталары өтеді. Солтүстік Ақтау басқаларына қарағанда көбірек тілімделген және биіктеу (322 м). Маңғыстау тауларында мұнай, тас көмір, фосфорит, марганец, мыс және темір кен орында-

ры барланған. Терең жыралардың түбінен шығып жатқан шағын бұлақтар (Аманбұлақ, Тұщыбек, Шоң, Өнды, Дойдан, Ағашты, т.б.) кездеседі. Беткейлердің етегінде тасбұйырғын, Солтүстік және Оңтүстік Ақтау жоталарында жусан басым өсетін шөлді өңір жатыр. Жыл бойы мал жайылады.

**Маңғыстау** – Каспий теңізінің солтүстік-шығысында орналасқан түбек. Солтүстік-батыснда Түпқараған түбөгінен оңтүстік-шығысында Үстіртке дейін, солтүстігінде Каспий ойпатынан оңтүстігінде Қарабұғаз шығанағына дейін 390 км-ге созылып жатыр. Енді жері 160 км-ге жетеді. 20-ғасырдың 30-жылдары Каспий теңізі деңгейінің төмендеуіне байланысты Өлі Қолтық, Қайдак шығанақтары тартылып, түбек Каспий ойпатымен тұтасып кетті. Маңғыстау таулары биік үстірттен және аласа таулардан тұрады. Таулы бөлігі пермь мен триастың әктас және конгломерат қабаттары кезектесіп отыратын құмтас пен тақтатастардан түзілген. Ең биік жері – Бесшоқы тауы (556 м). Түбектің көп жерін Маңғыстау үстірті алып жатыр. Климаты өте құрғақ. Жер асты суы тұзды әрі теренде. Солтүстік Ақтау



Маңғыстау таулары



Маңғыстаудағы Бейнеубай құдығы



Маңғыстау түбегі

артезиан алабында ғана жер асты сұнының мол қоры бар. Сүр, қоңыр және сортанды сұр топырақ басым. Қөшілік бөлігі жусанды-сортанды шөл. Жер қойнауы мұнай мен газ қорына аса бай. Одан басқа марганец, фосфорит, қара көмір, қабыршақтас, т.б. кен орындары барланған. Мал жайылымына кеңінен пайдаланылады. Аласа таулар мен шағын құм алараптары қысқы жайылымға қолайлыш.

**Маңғыстау құдықтары**, Маңғыстау облысы (Үстіртте) және Қарақалпақ Автономиялы Республикасы мен Түркменстан шекарасына дейінгі жерлерде (Арал мен Каспий аралығында) байырғы қыстактар мен керуен жолдарының бойына орналасқан. Маңғыстау мен Үстірт құдықтарының дені таспен өріліп, ауыз жағы шегенделген. Әрқайсының ара қашықтығы 40–45 км-ден аспайды. Әр құдықтың өз атауы бар. Маңғыстау, Үстірт құдықтары басқа өнірлердегі құдықтарға қарағанда берік әрі терең. Маңғыстау құдықтары құдық қазу, құдықшылық өнердің ғасырлар бойы сақталып келе жатқандығын айғақтайды. Олар шыңырау терендігімен ерекшеленеді. Мысалы, бұл жердегі терең құдықтар: Ұзын шыңырауы (терендігі 61,9 м; суға дейінгі терендігі 56,4 м), Тоғынаш шыңырауы (терендігі 52,3 м; суға дейінгі терендігі 50,1 м), Жұзадым шыңырауы (терендігі 61 м), т.б. Мұндай құдықтардың қуандала мен жартылай шөлелейт жерлердің табиғи-климаттық жағдайында, көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығында маңызы зор болды.



**МАРҒҰЛАН Әлкей Хақанұлы** – ғалым, үлттық археология мектебінің негізін қалаушы, шығыстанушы, әдебиеттанушы, өнертанушы, филология ғылымдарының докторы (1945), Қазақстан Фылым Академиясының академигі (1958), Қазақ КСР-інің еңбек сінірген ғылым қайраткері (1961), Қазақстан Фылым Академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығының (1967), Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының (1982) лауреаты. 1904 ж. 11 мамырда Павлодар облысы Баянауылауданында дүниеге

келген. Бастапқы білімді ауыл мектебінен алды. Павлодар қаласындағы мұғалімдер курсын бітіріп, туған ауылында мұғалім болып істеді. 1921–25 ж. Семей педагогикалық техникумында оқи жүріп, «Тан» журналы мен «Қазақ тілі» газетінің редакцияларында қызмет атқарды. Осы жылдары ол Мұхтар Әуезовпен, Мағжан Жұмабаевпен танысты. 1925–29 ж. Ленинградтағы (қазіргі Санкт-Петербург) Шығыстану институтында оқыды. 1930–31 ж. Терминологиялық комиссияның ғылыми хатшысы, 1931–35 ж. Ленинградта аспирант, әрі Шығыстану институтының оқытушысы, 1936–38 ж. Мәскеудегі материалдық мәдениет тарихы институтының ғылыми қызметкері болды. 1939–41 ж. КСРО ғылым Академиясының Қазақ бөлімшесі Тарих институтының аға ғылыми қызметкері болды. 1941 ж. КСРО ғылым Академиясы Қазақ бөлімшесінің тарих бөлімін басқарды. 1946–53 ж. Археология, палеолит бөлімінің меңгерушісі, аға ғылыми қызметкер, 1958–76 ж. этнография бөлімін басқарды. Осы жылдары ол Сырдария, Шу, Талас өзендері бойында және Отырар, Сауран, Сығанақ қалаларының орнына қазба жұмыстарын жүргізіп, соның негізінде «Көне қазақ жерінің қалалары мен құрылымын өнерінің тарихы» деп аталағын монографиясын жариялады (1950). 1976–84 ж. Қазақстан Фылым Академиясы этнография бөлімінің аға ғылыми қызметкері болды. Ол өзіне дейінгі Қазақстанды зерттеуші орыс ғалымдарының қазақ даласы тек көшпелілер мекені болды деген тұжырымдарының шындыққа сай келмейтіндігін дәлелдеді. 1985 ж. 12 қаңтарда Алматыда қайтыс болды. 1991 ж. Ә.Марғұлан атындағы Археология институты құрылды. Бірнеше көшелер, мектептер Ә.Марғұлан есімімен аталағы. Павлодар қаласында мұсіні орнатылған, сондай-ақ мұражай ашылған.



Ә.Марғұлан студенттер арасында. 1974 ж.

теңіз өнімдерін, темекі, тоқыма бүйымдарын шығарады. Туризм жақсы дамыған. Ел аумағында Касабланка, Мохаммедия, Танглер, т.б. ірі теңіз порттары орналасқан.

**МАРС, қызыл жұлдыз** – Күн жүйесінің Күннен бастап санағандағы 4-ғаламшары; Жер тобындағы планеталар қатарына жатады. Орташа диаметрі 6800 км, массасы  $6,423 \cdot 10^{23}$  кг, орташа тығыздығы  $3,97$  г/см<sup>3</sup>, бетіндегі ауырлық күшінің үдеуі  $3,76$  м/с<sup>2</sup>. Марс Күнді әллипстік орбита бойымен 24,2 км/с жылдамдықпен айналады, Күннен орташа қашықтығы 228 млн. км (перигелийінде 206 млн. км, афелийінде 249 млн. км). Марс, Күн және Жердің өзара бірдей қашықтықта орналасуы орташа есеппен 780 тәуліктे қайталанады. Бұл Марстың «қарсы тұрыс» периодының қайталануы.



Марс



Марстың беткі қабаты



Марс бетіндегі америкалық «Спирит» аппараты

дының қайталануы. Марстың қарсы тұрысы Марс орбитасының перигелийі маңында болған кезде ол Жерге ен жақын болатын 56 млн. км қашықтыққа келеді. Осы кезде Марс 24–25 бұрышпен көрінеді, ал ондағы 60–100 км-лік заттар телескоппен қарағанда байқалады. Осындаі кезді «ұлы қарсы тұрыс» деп атайды. Бұл 15–17 жылда тамыз айында (кейде шілде не қыркүйекте) қайталанады. Марс бетіндегі тұрақты жарық және қоңыр дақтар Марстың өз осінен айналуын бақылауға мүмкіндік береді. Марстың осыткі айналу периоды (жұлдыздық күн тәулігі) 24 сағ 37 мин 22,7 с. Марстағы жыл мезгілдерінің ауысы және климаттық белдеуге (полюстік, қоңыржай, тропиктік) бөлінуі Жерге үқсас. Бірақ Марстағы әрбір жыл мезгілі Жердегіден гөрі 1,9 есе ұзақ болады.

**Марс серіктегі.** Марстың Фобос және Деймос деген екі серігі экваторлық жазықтықта планетаға жақын – 9,37 және 23,25 мың км қашықтықта қозғалады, периодтары 7 сағ 40 мин және 30 сағ 21 мин. Бұлар планетаны оның оз осінен айналуынан гөрі тезірек айналады. Фобостың ұзындығы 26 км, ені 21 км. Деймостың көлдененеңі 13 км.

**МАССА** – материяның инерциялық және гравитациялық қасиетін анықтайтын физикалық шама. Латынның massa – үйінді, кесек деген сөзінен алғынған. «Масса» ұғымын механикаға Исаак Ньютон енгізген. Ньютоның классикалық механикасындағы масса дene импульсінің (қозғалыс мөлшерінің) анықтамасына енеді. Дене импульсі ( $p$ ) дененің қозғалу жылдамдығына ( $v$ ) пропорционал болады:

$$p=m, (1)$$

мұндағы пропорционалдық коэффициент  $m$  – берілген дене үшін тұрақты шама, оның массасы. Массаның эквиваленттік анықтамасы Ньютон классикалық механикасының қозғалыс теңдеуінен шығады:

$$f=ma \quad (2)$$

Бұл жерде масса денеге өсер ететін күш ( $f$ ) пен осы күштің салдарынан болатын дененің үдеуі ( $a$ ) арасындағы пропорционалдық коэффициент (1) және (2) қатынастарынан анықталатын масса инерциалдық немесе инерттік масса деп аталады. Ол дененің динамикалық қасиетін сипаттайтын өрі деңе инерциясының өлшеуіші болып есептеледі. Ньютоның гравитациялық теориясында масса тартылыс өрісінің көзі ретінде алынады. Әрбір деңе өзінің массасына пропорционал болатын тартылыс өрісін туғызады. Осы өріс салдарынан пайда болатын денелер арасындағы тартылыс күші Ньютон ашқан бүкіл әлемдік тартылыс заңы бойынша анықталады.

Салыстырмалық теориясы бойынша бөлшектің массасы ( $m$ ) оның энергиясымен ( $E$ ) мына қатыс арқылы байланысады:

$$E = mc^2 = \frac{m_0 v}{\sqrt{1 - v^2/c^2}}$$

Сонымен масса энергиямен әрқашанда байланыста болады. Сондықтан релятивистік механикада классикалық физикадағы екі заң – массаның сақталу заңы мен энергияның сақталу заңы – бөлек-бөлек емес, толық энергияның сақталу заңы деп аталатын бір заңға біркірілген. Масса бірлігіне бірліктердің СГС жүйесінде – грамм (г), ал бірліктердің халықаралық жүйесінде (СИ) – килограмм (кг).



Килограмның эталондық үлгісі

алынады. Атомдар мен молекулалар массасы, әдетте массаның атомдық бірлігімен өлшенеді. Элементар бөлшектердің массасын не электрон массасы ( $m_e$ ) бірлігімен не белшектің тыныштық энергиясын көрсете отырып, энергетикалық бірлікпен өлшейді. Электрон массасы ( $m_e$ ) 0,511 МэВ, протон массасы – 1836,1  $m_e$  немесе 938,2 МэВ, т.б. құрайды. Массаның табиғатын ашу – қазіргі физиканың шешілмеген маңызды міндеттерінің бірі. Элементар бөлшектердің массасы олардың өздері байланысқан өрістер (электромагниттік, ядролық, т.б.) арқылы анықталады деп қабылданған. Алайда массаның сандық теориясы әлі жасалған жоқ.

**Масса тұрақтылық заңы**, масса сақталу заңы – реакцияға қатысқан заттардың (реагенттердің) массаларының қосындысы реакция нәтижесінде түзілген заттардың (өнімдердің) массаларының қосындысына тең. 1774–89 ж. француз химигі Антуан Лавуазье, өзі жасаған күрделі тәжірибелерге сүйене отырып, тұжырымдаған. Мысалы, 32 г оттек пен 4 г сутек қосылғанда 36 г су түзіледі;  $2H_2 + O_2 = 2H_2O$ . Мұндағы реакцияға түскен реагенттердің жалпы массасы (36 г) реакция нәтижесінде түзілген өнімнің массасына (36 г) тең.

**МАУЕРАННАХР**, Мәуереннахр (арабша «өзеннің аргы жағы») – Әмудария мен Сырдария өзендерінің аралығындағы жерлер. Бұл атау 7–8-ғасырлардағы арабтардың Орталық Азияға жорықтарынан кейін пайда болды. Араб қолбасшысы Құтайдың ибн Мұслим 710–712 ж. Бұхара мен Самарқандты, 714 ж. Шаш (Ташкент) пен Фарабты (Отырар) алдып, ислам дінін, араб тілін енгізді. 9–10-ғасырларда Мауереннахр ирандық Самани әулеті (892–999) құрған мемлекет құрамында болды. 10-ғасырдың аяғынан бастап Қарахандар қолына тұпкілікті көшіп, кейін мұнда Батыс Қарахан қaganаты құрылды. 12-ғасырда Хорезм шаһтарына бағынып, 13-ғасырда Шыңғыс хан империясының, 14-ғасырдың 70-жылдарынан бастап Әмір Темір мемлекетінің құрамында болды. 16-ғасырда Мұхаммед Шайбанидің Орта Азияға жорығынан кейін көшпелі өзбек мемлекетінің қол астына өтті. 16-ғасырдың аяғында қазақ ханы Тәуекел Өндіжанды, Ташкент пен Фергананы басып алдып, Мауереннахрдың солтустік бөлігін Қазақ хандығының құрамына қости. 17-ғасырдың 2-жартысынан бастап

мұнда Бұхара, Хиуа, Қоқан сияқты Орталық Азия хандықтары құрылды. Мауереннахрдың Самарқанд, Бұхара, Ходжент сияқты қалалары Орталық Азиядағы ірі сауда және мәдениет орталықтары болды. Мауереннахрдан ғылым мен мәдениетке үлкен үлес қосқан Өбу Әли ибн Сина, Бұхари, Рудаки, Үлықбек, т.б. шықты.



**МАХАМБЕТ Өтеміс-ұлы** – ақын, күйші, Исадай Тайманұлы бастаған көтерілістің (1836–38) басшыларының бірі, рухани көсемі әрі жалынды жыршысы. 1803 ж. қазіргі Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданында дүниеге келген. Бала кезінен мұсылманша, орысша оқыған. Әкесі Өтеміс елге ықпалды би болған. 1824–28 ж. Орынбор қаласында Жәңгір ханың ұлы Зұлқарнайының қасында болды. 1829 ж. Ішкі Ордаға Жайықтан жасырын өтті деген айыппен үсталып, Калмыков бекетіндегі абақтыға 2 жылдай қамалды. 1831 ж. түрмеден қашып шықты, бірақ артынша-ақ ақталды. 1834 ж. Исадай батырмен бірікті. Бұл оқығалар оның «Софыс» жырында бейнеленіп, «Жабығу», «Ереуіл атқа ер салмай» туындыларында женілістің күйі шертілді. 1838 ж. 12 шілдеде Ақбұлақ бойындағы

шашақта Исадай қазаға үшырап, Махамбет Хиуа жақта 2 жылдай жасақ жинауға әрекет жасайды. Бұл ниетінен нәтиже шықпаған соң Бекей ордасына жасырын өтіп, ел ішін паналады. Кіші жүздің батыс белгінің әкімі Баймұхамед Айшуақов та Махамбетті қудалауын қоймай, ақынның басына 1000 сом тігіп, оны үстау үшін арнайы адамдардан құралған қарулы жасақ жіберді. Махамбет хорунжий Төрежан Тұрымұлының қолынан 1846 ж. 20 қазанда қаза тапты. Қазіргі Атырау облысы Махамбет ауданы Қараой ауылында жерленген. Өл жыраулық поэзияның көркемдік әлемін байытып, шығармаларында үлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға шақырды. «Мұнар күн» жырында ол ел басына түскен ауыртпалықты ашына айтты. «Ереуіл атқа ер салмай», «Ұлы арман», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Атадан тұған ардақты ер» жырларында ақын алдағы құндеріне үмітпен, зор сеніммен қарады. «Біртіндеп садақ асынбай», «Арғымақ, сені сақтадым», «Арғымақтың баласы», «Азамат ердің баласы», «Қара нар көрек біздің бұл іске», «Еменнің түбі – сарыбал», «Жалған дүние», «Ерікедей ер болса», т.б. шығармаларында үлт-азаттық қозғалыс рухы, ел тағдыры мен арман-мұддесі терең әрі шынайы суретtelген. Ақын өлеңдерінің басты қаһарманы – Исадай батыр. «Исадай деген ағам бар», «Исадай сөзі», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым», «Софыс», т.б. өлеңдерінде Исадай батырдың көркем тұлғасы, адамгершілік, қайсарлық, тапқырлық қасиеттері жан-жақты сипатталды. Махамбеттің лирикалық өлеңдері, көбіне толғау, жыр, терме үлгісінде жазылды. Исадайға арнаған өлеңдерінде жоқтау сарыны басым. Өл шебер күйі де болған, оның 11 күй «Шашақты наиза, шалқар күй» деген атпен жарық көрді (1982). Ақынның 200 жылдық мәрітойы аталаған өтіп (2003), 4 томдық жинағы жарық көрді.



Атырау қаласындағы Махамбет ескерткіші

**МАХМУТ ҚАШҚАРИ**, Махмұд ибн әл-Күсайын ибн Мұхаммед – түркі ғалымы. 1029–1039 ж. шамасында Ыстықкөл маңындағы Барысқан қаласында дүниеге келген. Олген жылы белгісіз. Қарахан әулетінен шыққан, Қашқарда білім алғып, Бұхара мен Бағдадта оқуын жалғастырды. «Диуани лұғат ат-турк» («Түрік сөздігі») еңбегінің авторы. Түркі халықтарын түгелге жуық аралаған, ол түркі тілдерінің мәртебесін көтерін араб тілінен

МАХМУТ ҚАШҚАРИ, Махмұд ибн әл-Күсайын ибн Мұхаммед – түркі ғалымы. 1029–1039 ж. шамасында Ыстықкөл маңындағы Барысқан қаласында дүниеге келген. Олген жылы белгісіз. Қарахан әулетінен шыққан, Қашқарда білім алғып, Бұхара мен Бағдадта оқуын жалғастырды. «Диуани лұғат ат-турк» («Түрік сөздігі») еңбегінің авторы. Түркі халықтарын түгелге жуық аралаған, ол түркі тілдерінің мәртебесін көтерін араб тілінен



Махмұт Қашқарі картасы

еш кем түспейтіндігін дәлелдеуді мақсат тұтты. 3 томнан, 8 кітаптан тұратын еңбекте 6800 түркі сөзі ғылыми жүйеге түсірілген. Ол түркітану тарихында тұңғыш рет диалектолия ғылымының негізін салды. Сөздерге түсінік беруде 242 бәйіт пен 262 мақал-мәтелді пайдаланды. Сөздікте 29 тайпаның этноним, топонимдерін, туыстық атаулары мен киім-кешек, тағам аттарын, салт-дәстүр ерекшеліктерін атап көрсетеді, ұсақ руладың таңбаларына дейін сипаттайды. Оның дөңгелек картасы ең ежелгі түркі картасы ретінде белгілі. Мұнда ол түркі халықтарының таралған аймақтарын көрсетеді. Кітапты 1072–78 ж. Бағдад қаласында жазған.

**МАШИНА** – механикалық қозғалысқа туспіп, энергия, материал және мөлдөмнелік ақпарат түрлендіруге арналған құрылғы. Машиналың негізгі міндеті – еңбекті женілдету және оның жұмыс өнімділігі мен сапасын арттыру үшін адамның ондірістік қызметін ішінара немесе тоғыншылдауды. Атқаратын қызметіне қарай: энергетикалық, жұмыстық және ақпараттық машиналар болып ажыратылады. Энергетикалық машиналар кез келген энергия түрін механикалық энергияға түрлендіреді. Оларды машина-қозғалтқыштар деп те атайды. Бұларға электр қозғалтқыштары және электр генераторлары, іштен жанатын қозғалтқыш, турбиналар, піспекті (поршеньді) және бу машиналары, т.б. жатады. Жұмыстық машиналар заттың (материалдың, т.б.) пішінін, қасиетін,



Ауыр машина жасау зауытында

күйін, орналасу қалпын өзгертуге арналған. Оны технологиялық машина (металл кесу станоктары, тоқыма станоктары, құрылымдар, т.б.), көлік машиналары (автомобиль, ұшак, т.б.) және тасымалдау машиналары (конвейер, элеватор, көтергіш кран, т.б.) деп ажыратады. Ақпараттық машиналарға есептеуіш машиналар мен құрылғылар, механикалық интеграторлар, т.б. жатады. Адамның тікелей өсер етуінсіз жұмыс істейтін машина түрі машина-автоматтар немесе автоматтар өндірісте кеңінен қолданыс тапты. Белгілі бір технологиялық процесті орындаудың әрі өзара тізбектей жалғасқан машина-автоматтар автоматтық желі құрайды.

**МӘДЕНИ ӨСІМДІКТЕР** – өсімдік түрлері. Мәдени өсімдіктердің пайда болуы адамзат мәдениетінің қалыптасуымен тығыз байланысты. Қытай мен Жапониядан күріш, қонақтары, қытай капустасы, бүршақ түрлері, құрма, апельсин, мандарин, шай, т.б. өсімдік түрлері; Индонезия мен Үндіқытайдан нан ағашы, манго, лимон, банан, қант пальмасы, эвкалипт, темекі, мақта; Австралиядан қант қамысы, қияр, кенеп, кокос пальмасы, күріштің 2 түрі, қара бұрыш; Орталық Үндістаннан қара бидайдың 2 түрі, бүршақтың 5 түрі, зығыр, мақсары, қарбызы, сәбіз, алма, алмұрт, өрік, шие, бадан, жеміс ағашы; Орта Азиядан бидай, қара бидай, арпа, сұлы, бүршақ, жоңышқа, қант қызылшасы, алма, жұзім, анар; Алдыңғы Азиядан зәйтүн, лавр, жеміс ағашы, т.б.; Африкадан мақтаның 4 түрі, қарбызы, кофе; Америкадан жүгері, картоп, қызанак, асқабақтың бірнеше түрі, какао, арахис, топинамбур, т.б. мәдени өсімдіктер таралған. Адамзат үшін мәдени өсімдіктердің маңызы зор. Бау-бақшадағы, егін алқабындағы өсіп түрган



Мәдени өсімдіктер

өсімдіктер азық-тұлғатің, дәрі-дәрмектің, малазығының негізгі көзі болып табылады. Қазақстанда мәдени өсімдіктердің түрі көп және олар әр түрлі. Олар – бидай, сұлы, жүгері, күріш, тары, арпа, түйебүршақ, соя, асбүршақ, жержаңдақ, жасымық, картоп, күнбағыс, мақта, қызылша, қарбыз, таңқурай, жұзім, т.б. Мәдени өсімдіктердің жаңа сорттарын шығарумен селекционер ғалымдар айналысады.



**МӘДИ Бәпиұлы** (1880, қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы – 1.2.1924, Қарқаралы қаласы) – халық ақыны, әнші-композитор. Қаздауысты Қазыбек бидің үрпағы. Ақан сері, Біржан сал, Балуан Шолак, Үкілі Үбірай сияқты саңлақтармен кездесіп, өнеге алған.

Жала жабылып, абақтыға түскен. Тұрмеде елін, жерін сағынып, әділетсіз заманға налыған Мәди «Қарakesек» әнін шығарады. Бұдан басқа Мәдидің «Үшқара», «Шіркін-ай», «Мәди» атты әндері де жан сезімін, көңіл күйлөрін бейнелейтін шабытты шығармалар. Бұл әндердің біразы кейінгі қазақ операларында («Қарakesек» – «Ер Тарғында», «Шіркін-ай» мен «Мәди» – «Қыз Жібекте») пайдаланылды. Мәди 1916 ж. азаттық жолындағы халық көтерілісіне үн қосты. Патшаның жергілікті әкімдерінің озырылдығын өшкөрелейтін жырлар толгады.

**МӘМЕТОВА Мәншүк** (Мәнсия) Женсікәліқызы (Жанғалиқызы) – қазақтың қанаарман қызы, Қенес Одағының батыры (1944). 1922 ж. бұрынғы Бөкей ордасында дүниеге келді. Бала кезінде алғашқы қазақ зиялыштарының бірі Ахмет Мәметовтің отбасында тәрбие-ленген. Алматы медицина институтында оқып жүріп, Қенес армиясы қатарына өз өтініші бойынша 1942 ж. алынған. Алғашында бригада штабында қызмет етті, кейіннен пулеметшілер бөлімшесінің командирі болды. 1943 ж. Псков облысындағы Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста ерлікпен қаза тапты. Батырдың туған жерінде мемориалдық мұражай, Орда мен Оралда мұражай ашылды. Невельде, Оралда, Алматыда оған ескерткіш орнатылып, Сайқын ауылындағы орта мектепке, Орал қаласындағы 30-мектепке есімі берілген. 1984 жылдан Оралда Мәншүк Мәметованы еске түсіруге арналған спорттық жарыс өткізіліп тұрады. Андрон Михалков-Кончаловскийдің сценарийі бойынша режиссер Мәжит Бегалин «Мәншүк туралы ән» атты көркем фильм түсірген.



Орал қаласындағы М.Мәметовага орнатылған ескерткіш



Теңіз жағалауы

**МЕКСИКА, Мексика Құрама Штаттары** – Солтүстік Американың оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан мемлекет. Батысы мен оңтүстігі Тынық мұхиттың, шығысы Атлант мұхиттың жағалауларын алғып жатыр. Жері 1958,2 мың км<sup>2</sup>. Халқы 116,2 млн. адам. Үлттық құрамы: метистер (испандар мен ұндістердің некесінен тарағандар) (78%), ұндістер (15%) және европалықтардан (7%) тұрады. Астанасы – Мехико қаласы. Ресми тілі – испан тілі. Халқының басым бөлігі – христиан-католиктер.

Мексиканың көпшілік бөлігін Мексика таулы қыраты алғып жатыр. Солтүстік-батысында таулы Калифорния түбегі, оңтүстігінде – Чьяпас және Оңтүстік Съерра-Мадре тау тізбектері, оңтүстік-шығысында ойпатты Юкатан түбегі орналасқан.

Мексика – Латын Америкасындағы экономикасы дамыған елдердің бірі. Өнеркәсібінің маңызды салалары мұнай өндеу, мұнай химиясы мен тұсті металлургия. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін кәсінорындар да жақсы дамыған. Мексика – мырыш, қорғасын,




Попокатепетль жанартауы

күкірт, сынап өндіру жөнінен дүниежүзінде алдыңғы ондыққа енеді. Басты ауыл шаруашылығы дақылдары: жүгері, бидай, күріш, мақта, қант құрағы, кофе, агава, көкөніс, цитрус жемістері, т.б. Етті-сүтті ірі қара, қой өсіру қалыптасқан. Экспорттының негізін мұнай мен мұнай өнімдері, шикізаттар, тұсті металдар, күміс, электр, ауыл шаруашылық тауарлары, мақта, кофе және балық құрайды.

**МЕКТЕП** – жас үрпаққа білім, тәрбие беретін мекеме; білім беру жүйесінің негізгі буыны. Басты нысаны – сабак оқыту. Оны мұғалім атқарады. Мектептің түрлері: 1) білім беру сипатына қарай: жалпы білім беретін және кәсіптік; 2) берілетін білім көлеміне қарай: бастауыш, орта, жоғары; 3) балаларды жынысина қарай бөліп оқытатын мектептер; 4) дінге қатысына қарай: дұниетанымдық, конфессиялық (діни); 5) ұйымдастырылу-қаржыландырылуына қарай: мемлекеттік, қоғамдық және жеке меншік (ақылы) болып сараланады.

**МЕНДЕЛЕЕВ Дмитрий Иванович** – орыс химигі. Петербург Фылым Академиясының корреспондент мүшесі (1876). 1834 ж. 27 қаңтарда Ресейдің Тобольск қаласында дүниеге келген. Санкт-Петербург Бас педагогикалық институтын бітірген (1855). Фылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыты жалпы химия, химиялық технология, физика, экономика, ауыл шаруашылығы, метрология, т.б. салаларға арналған. Ол изомерия құбылысын зерттеп (1854–56), сүйкіткіштің тығыздығын анықтайтын құрал – ареометр құрастырды (1859).

«Органикалық химия» деген алғаш орыс тілінде оқулық шығарды (1861). Сүйкітардың қайнауының абсолют температурасын (1860), гидраттық теорияны (1865–87), жаратылыстың негізгі заңдарының бірі – периодтық заңды ашты (1869). Сонымен қатар молекуланың массасын табудың Клапейрон – Менделеев теңдеулерін шығарды. Мұнайдың ауыр металдар карбидтерінен түзілу гипотезасын (1877),



көмірді жер астында газға айналдыру идеясын (1880) ұсынды. Менделеев 1907 ж. 20 қаңтарда Санкт-Петербургте қайтыс болды. Менделеевтің құрметіне жасанды жолмен алынған радиоактивті химиялық элемент менделевий аталды.

**МЕТАЛЛ** – электр тогы мен жылуды жақсы өткізетін, пластикалық қасиеті жоғары, жылтыр заттар. Мұндай қасиеттердің болуы металдардың ішкі құрылымымен байланысты. Табиғатта көп кездесетін металдар қатарына Al (8,8%), Fe (4,65%), Ca (3,6%), Na (2,64%), K (2,5%), Mg (2,1%), Ti (0,57%) жатады. Металдардың (сынаптан басқа) кристалдық тор көздерінде металл атомдары орналасқан. Олар бір-бірімен металдық байланыспен байланысады. Металдардың иондану энергиясы аз болғандықтан, олардың валенттілік электрондары оңай бөлініп, бүкіл кристалдың бойында еркін қозғала алады. Сондықтан олардың жиынтығын электрон газы деп те атайды. Металдардың қаттылығы, температураға тәзімділігі күнделікті тәжірибеде шешуші рөл атқарады. Егер шыны хроммен кесілсе, ал цезийді адам тырнағымен-ақ кесе алады. Кейбір металдар жұмсақ (күміс, алтын, т.б.) болғандықтан таза металдардың орнына олардың бір-бірімен құймалары қолданылады. Ең алғаш алынған құймалардың бірі – қола. Темір мен оның құймалары (шойын, болат) – қара металдар, ал қалғандары түсті металдар; алтын, күміс, платина химиялық реактивтерге тәзімділігіне байланысты асыл металдар; сумен өрекеттесіп, сілті түзетін металдарды сілтілік (Li, Na, K, Rb, Cs), ал жер қыртысының негізін құрайтындарын сілтілік жер металдар; массалық үлесі 0,01%-дан аспайтындарын сирек металдар



Металл өнімдері



Металл орамы

деп атайды. Өнеркәсіпте металдарды, негізінен, пиromеталлургия, гидрометаллургия және электрметаллургия өдістерімен алады. Металдар электр сымдарын, тұрмысқа қажет бүйімдер (қазан, балға, т.б.) жасауда, т.б. кеңінен қолданылады.

**Металл ақша** – алтын, күміс немесе биметалл стандарттары кезеңінде асыл металдардан (алтын, күмістен) жасалған ақша белгілері. Олардың атаулы құны мен нақты құны сай келеді. Металл ақша Қазынаны құрайды әрі ақша функциясын атқарады. Қазіргі кезде мәнетті (шақаны), яғни қағаз ақша белгілерінен өзгеше түрде металдан шекілген ақша белгілерін металл ақша деп атайды. Әдетте ұсақ мәнет түрінде болады. Сонымен бірге коллекциялық (нумизматикалық) мәнеттер, соның ішінде асыл металдардан шекілген мәнеттер де шығарылады, мұндай мәнеттердің атаулы құнына сәйкес заңды төлемдік күші болады, бірақ олар рынке тұнисатында құны бойынша сатылады. Асыл металдан шекілген мәнеттер, көбінесе қазына ретінде жиналады, бұл орай-



Металл ақша

да олардың бағасы тайтұяқ алтынның (құйма алтын) бағасына бағдарланады. Мәнет арнаулы көсіпорында – мәнет сарайында шекіледі. Мәнетті айналысқа шығару туралы шешім елдегі ақша айналысын реттеу шеңберінде қабылданады.

**МЕТРО** – қаладағы жолаушыларды тасымалдайтын көліктің түрі. Метро, метрополитен (французша *metropolitain* – астаналық, грекше *metropolis* – бас қала, астана деген мағынаны білдіреді) жолы жер астында (туннельдерде), жер бетінде (қала кошелерінен оқшауланған), не жерден көтеріңкі (эстакада үстінде) салынады. Жерден көтеріңкі орналастырылатын метро өзен, темір жол, автожол, т.б. бөгеттердің үстінен өтеді. Метроның жер асты жолымен жүретін түрі көп тараған. Оның көлікке, жаяу жүргіншілерге кедергісі жоқ, әрі қаланың қалыптасқан архитектуралық көрінісіне және жер асты коммуникацияларына нұқсан келтірмейді. Метро, негізінен, үлкен қалаларда (млн-нан астам халқы бар) салынады. Ең алғашқы метро (ұзындығы 3,6 км) 1863 ж. Лондонда (Англияда) салынды. 1890 жылдан бастап метро терең туннельдерге салындып, онда электрлік көлік ретінде пайдаланылатын болды. 1868 ж. Нью-Йоркте (АҚШ-та) жерден көтеріңкі салынған алғашқы метро іске қосылды. Еуропадағы алғашқы метролар Будапешт (1896), Вена (1898) және Парижде (1900) салынды. 1-дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары Мадрид пен Барселона (Испания), Афина (Греция), Токио (Жапония), Осло (Норвегия), Стокгольм (Швеция), т.б. қалаларда метролар жұмыс істей бастады. Метро салуда екі түрлі әдіс (жабық және ашық турде) қолданылады. Ашық әдіспен метро салғанда




Метро стансасының безендірілуі

жер қыртысының беткі қабаты аршылып, туннельдік құралымдар қазаншұңқырдан басталып салынады. Туннельдерді жабық әдіс бойынша қазу тау-кен ісінде пайдаланылатын әдістер негізінде жүргізіледі. Метро құралымдары құрастырмалы темір-бетоннан, металл элементтерден, сондай-ақ тұтас бетон мен темір-бетоннан жасалады. Метро стансасының құрамына вестибюль, жүргіншілер бір бағыттан екінші бағытқа ауысып мінетін пункт, т.б. құрылыштар кіреді; жүргіншілерді жер астына түсіретін және жоғары шығаратын эскалаторлармен жабдықталады. Метро стансаларының орташа ара қашықтығы 400 м-ден 2000 м ара-лығында. Қазақстанда метро салу жұмысы, халқының саны млн-нан асатын Алматы қаласындаған қолға алынып, алғашқы 7 станса 2011 ж. іске қосылды.

**МЕХАНИКА** – материалық денелердің механикалық қозғалысы және сол қозғалыс кезінде денелер арасында болатын өзара өсерлер туралы ғылым. Механика грекше *mechanike* (*techne*) – машина және машина жасау өнері деген мағынаны білдіреді. Денелердің немесе олардың бөлшектерінің уақыттың отуіне байланысты кеңістіктегі орындарының өзгеруі механикалық қозғалыс деп аталады. Табиғатта мұндай қозғалысқа аспан әлеміндегі денелердің қозғалысы, Жер қыртысының тербелуі, мұхит-теңіздер мен ауадағы ағындар тербелісі; техникада – ұшу аппараттарының, көлік құралдарының, әр алуан механизм бөліктегінде қозғалысы, ғимараттар деформациясы, сүйиқтықтар мен газдардың қозғалыстары, т.б. жатады. Механикада материалдық денелердің қозғалысын зерттегендеге олардың негізгі қасиеттерін сипаттайтын аб-



Алматы метросында




Беріліс қорабының механикасы

тракты ұғымдар пайдаланылады: 1) материялық нүкте – массасы бар, геометриялық өлшемдері ескерілмейтін дене; 2) абсолют қатты дене – кез келген екі нүктесінің ара қашықтығы барлық жағдайда тұрақты дене; 3) өзгермелі тұтас орта – қатты денелердің, сүйиқтықтар мен газдардың қозғалысын зерттегендеге олардың молекулалық құрылымын ескермеуге болатын жағдайда қолданылатын ұғым. Сонымен қатар тұтас ортаны қарастырғанда: идеал серпімді дене, пластикалық дене, идеал сүйиқ, тұтқыр сүйиқ, идеал газ сияқты абстракты ұғымдар қолданылады. Осыған байланысты механика: материалдық нүкте механикасы, материалдық нүктелер жүйесінің механикасы, абсолют қатты денелер механикасы және тұтас орта механикасы болып бөлінеді. Бұл бөлімдердің әрқайсысы (шығарылатын есептердің сипаттына қарай): кинематика, статика және динамика бөлімдеріне ажыратылады. Денелердің механикалық қозғалысын сипаттайтын заңдар мен принциптер жалпы және теориялық механиканың негізі болып саналады. Механика физиканың көптеген бөлімдерімен тығыз байланысқан. Оның көптеген ұғымдары мен тәсілдері оптикада, статистикалық физикада, кванттық механикада, электродинамикада, салыстырмалы теорияда, т.б. пайдаланылады. Механика астрономияның көптеген бөлімдерінде, соның ішінде аспан механикасында ерекше орын алады. Механика қазіргі заманғы техниканың көптеген салаларының ғылыми негізі болып саналады.

**МИ** – адамдар мен жануарлардың жүйке жүйесінің орталық бөлімі. Ол организмнің сыртқы ортамен ара-қатынасын қамтамасыз

етіп, органдардың қызметтерін реттеп, үйлестіріп, басқарады. Ми бассүйек ішінде орналасқан, сыртынан қараганда оның үш ірі бөліктегі: үлкен ми сыңарлары, мишиқ және ми сабауы (бағанасы) бар. Жалпы, ми бес бөліктен: алдыңғы, аралық, ортаңғы, артқы (мишиқ, көпір) және сопақша мидан тұрады. Алдыңғы ми мен мишиқтан басқа жоғарыда аталған бөліктер ми сабауын (бағанасын) түзеді. Жүйке жүйесінде негізгі кезеңнен өтті: I-кезең – торлы жүйке жүйесі (ішекқуыстыларда); II-кезең – түйінді жүйке жүйесі (омыртқасыздарда); III-кезең – тұтікті жүйке жүйесі (хордалыларда), ал омыртқалыларда ми пайда болды. Жүйке жүйесінің одан әрі дамып, мида пайда болуы сенсорлық (иіс, жарық сезу) жүйенің жетілуіне байланысты. Мидағы филогенездік I-кезеңінде үш: артқы, ортаңғы және алдыңғы ми көпіршіктері пайда болады. Одан кейінгі эволюциялық даму барысында (II-кезең) ми екіге: сопақша ми мен мишиққа бөлінеді. Организмнің қоршаған ортамен зат алмасуының өзгеруінен сопақша ми мен артқы мида тыныс алу, қан айналым, ас қорыту, т.б. орталықтары пайда болады. II-кезеңде көру рецепторының әсерінен ортаңғы ми күштірек дамыды (тіпті балықтарда да). III-кезеңде, жануарлардың сұлы ортадан құрлыққа шығуына байланысты алдыңғы ми дами бастайды. Одан әрі алдыңғы мидағы көлемі үлгайып, аралық және соңғы ми (ми қыртысы) дамыды. Жануарлардың судан



Адам миының құрылымы

құрлыққа тіршілік етуге бейімделуі арқылы алғаш рет ми қыртысының жеке шоғырлары жорғалаушыларда байқалады. Жүйке жүйесінің одан әрі қарай эволюциялық дамуы барысында ми қыртысы барған сайын барлық төмен жатқан орталықтардың қызметтерін өзіне бағындырып, ми қызметі біртіндеп ми қыртысына ауысты. Адамда мидың одан әрі дамуы – оның шығу тегіне байланысты заңдылықтарға бағынады. Адам миының салмағы 1100 г-нан 2 кг-ға дейінгі аралықта ауытқып отырады, көлемі – 1456 см<sup>3</sup>, аумағы 1622 см<sup>2</sup>. Адамның ақылдылығы мидың салмағы мен көлеміне байланысты емес. Мысалы, дарындылығы деңгейлес екі жазушы – Иван Сергеевич Тургеневтің миының салмағы – 2012 г., ал Анатоль Франстың миының салмағы – 1017 г.



**МИКЕЛАНДЖЕЛО**  
Буонарроти (толық аты-жөні – Микеланьо ди Лодовико ди Лионардо ди Буонаррото Симони) – итальян мұсіншісі, кескіндемеші, сөүлетші әрі ақын. 1475 ж. 6 наурызда қазіргі Капреле-Микеланджело, Тосканада ақсүйек отбасында туған. Кескіндемеші Гирландайо мен мұсінші Бертољдо ди Джованниден (1488–90) дәріс алды. Жас кезіндегі шығармаларынан-ақ («Баспалдақ қасындағы Мадонна», «Кентаврлар шайқасы» атты бедерлі мәрмәр, 1490–92 ж. шамасы) оның шығармашылығының өзіндік басты белгілері айқын аңғарылды. Римде ол «Вакх» мұсінін (1496–97, Флоренция, Ұлттық мұражай) жасап, көне заман ескерткіштерімен өуестенеді. 1501 ж. Флоренцияға оралып, Медичи озыбырлығының бұғауын бұзған республика азаматтарының ерлігін бейнелейтін шығармалар жасауға кірісті. Ол сомдаған орасан зор Да-вид мұсіні (1501–04, Флоренция, Көркемсурет академиясының галереясы) құдіретті күш, ерлік, жігер туралы паш етеді. 1505 ж. Юлий II Папа Римге шақырып, оған құлпытас жасауды тапсырады. Құлпытасқа арнап ол бірнеше мұсіндер жасады: «Моисей» (1516, Рим, Сан-Пьетро ин Винколи шіркеуі), «Жетеріліске шыққан құл» және «Хал үстіндегі құл» (еке-

уі де 1513–16, Париж, Лувр). Мұсінші тасты жан-жағынан бірдей қашамай, белгілі бір жерлерін ғана өндеді. Әрбір фигуralар мен жеке көріністер мөлдір айқындығымен ерекшеленеді, сондай-ақ көлемі жағынан көл-көсір бұл жазбалардың біртұтас сөн-салтанаттылығы анық байқалады. 1534 ж. ол Римге біржола көшіп келін, «Аяусыз жаза» атты орасан зор фреска (1536–41) жасайды. Омірінің соңғы 30 жылында мұсін мен кескіндемеден бірте-бірте алшақтап, негізінен, сөүлет өнерімен және поэзиямен айналысады. 1523–34 ж. ол Флоренцияда сөүлетші ретінде Лауренциана кітапханасының ғимаратын түркізді. 1546 жылдан бастап өмірінің соңына дейін негізгі еңбегі Римдегі әулие Петр соборы мен Капитолий ансамблін салу болды (екеуі де автор қайтыс болғаннан кейін аяқталды). Оның лирикасы терең ойлы, асқақ трагизмге толы. Мадригал мен сонет жанрында жырлады. 1564 ж. 18 акпанда Римде қайтыс болды. Өлеңдері алғаш 1623 ж. басылды.

**МИКЛУХО-МАКЛАЙ** Николай Николаевич – орыс саяхатшысы, антрополог және этнограф. 1846 ж. 5 шілдеде Ресейдің қазіргі Новгород облысы Борович ауданында дүниеге келген. 1863 ж. Петербург, Гейдельберг (1864), Лейпциг (1865) және Йен (1866–68) университеттерінде жаратылыстану мен медицинадан дәріс алды. 1866–67 ж. Канар аралдарына және Мароккоға саяхат жасады. 1867 ж. Қызыл теңіз жағалауында теңіз фаунасын зерттеді. Миклухо-Маклай зоологиялық бақылаулармен қатар жер бедері, ауа райы, жергілікті халықтың өдет-ғүрпі, мәдениеті және діні жайында мәліметтер жинады. Оңтүстік-шығыс Азия, Австралия және Тынық мұхит аралдарында антропологиялық және этнографиялық зерттеулер жүргізді. 1871–72, 1876–77, 1883 ж. Жаңа Гвинея аралының солтүстік-шығыс жағасында 2,5 жыл папуастардың арасында тұрды. 1873–80 ж. Малакканың ішкі аудандарына, Филиппинге, Индонезияға, Микронезияға саяхат жасады. 1878–82 және 1884–86 ж. Австра-



## МИКРОБ

лияда тұрып, Сидней маңында биологиялық стансаның негізін қалады. Миклухо-Маклай антропология мен этнография ғылымында үлкен із қалдырды. Ғылымда тұңғыш меланезия антропологиялық типін сипаттап жазды, адамзат нәсілдерінің түр жағынан біртұтастығын және бір-бірімен туыстас екендігін, «төмөнгі» және «жоғарғы» нәсілге бөлудің ғылыми негізіз екендігін дәлелдеді. 1888 ж. Санкт-Петербургте қайтыс болды. Есімі Ресей Ғылым Академиясының Этнография институтына бөрліген, Жаңа Гвинеяның солтустік-шығысындағы жағалау «Миклухо-Маклай жағалауы» деп аталады.

**МИКРОБ**, микроорганизмдер – тек қана микроскоппен көруге болатын өте ұсақ тірі организмдер. Бұларды алғаш рет 17-ғасырда голланд ғалымы Антони Ван Левенгук ашқан. Кейде микробтарға вирустарды да жатқызады. Мөлшері жағынан микроб тым ұсақ болғандықтан, оларды табиги субстраттардан оқшаулап алуда (таза дақыл күйінде), өсіруде және зерттеуде ерекше тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Микробы зерттейтін ғылым саласы – микробиология. Микробтардың басым көпшілігі бір клеткалы организмдер. Олар, көбінесе қарапайым бөліну арқылы тез қебейеді. Физиологиялық және биохимиялық қасиеттері жағынан микробтар әр түрлі. Олардың кейбіреулері басқа организмдер өніп-өсе алмайтын ортада тіршілік етуге бейімделген. Мысалы, 70–105°С ыстықта, жоғары деңгейдегі радиацияда және концентрациясы өте күшті қышқылды ( $\text{pH} < 1,0$ ) немесе сілтілі ( $\text{pH} < 9,0$ ) орталарда,  $\text{NaCl}$ -дың жоғары концентрациясында



Микробтар

(25–30%), оттек жоқ жерде (анаэробты жағдайда) тіршілік ете алатын микробтар бар. Олар өте төмен температурада да, құрғақшылық ортада да көбейе алады. Табиғатта микробтар – топырақта, суда, ауада кең таралған, биосфера дағы зат айналымына белсене қатысады. Фотосинтез процесі кезінде түрлі қосылыстардың минералдануына жағдай туғызып, атмосфера дағы  $\text{CO}_2$  қорының болуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ топырақ пен ауаға бірқатар биогендік элементтерді қайтарады. Тау жыныстары мен топырақ түзілу процесін ыдыратып, кейбір пайдалы қазбалардың (мысалы, сульфидтер мен күкірт) түзілуіне әсер етеді. Микробтардың практикалық маңызы зор. Олардың көпшілігі өнеркөсіптің әр түрлі саласында (малазықтық белокты түзу, шарап жасау, нан пісіру, сүт қышқылы тағамдарын өндіру кезіндеңі антибиотиктер, витамиnder, амин қышқылдары, кейбір ферменттер, т.б.), ауыл шаруашылығында (сүрлем даярлауда, өсімдіктерді биологиялық жолмен қорғауда) кеңінен қолданылады. Сондай-ақ микробтар лас суларды тазартуда, жанатын газ – метанды түзуде пайдаланылады.

**МИКРОСКОП** – жай көзге көрінбейтін нысандардың (немесе олардың құрылымдық беліліктерінің) көп есе үлкейтілген кескінін беретін өптикалық прибор. Микроскоп (грекше mikros – ұсақ, майда және skopeo – көремін деген мағынаны білдіреді) бактериялар, орга-



Микроскоп

никалық клеткалар, майда кристалдар, қорытпалардың құрылымы, т.б. өлшемдері көздің көру мүмкіндігінен төмен нысандарды зерттеуге арналған. Линзаның немесе екі линзадан тұратын жүйенің заттардың үлкейтілген кескінін беретін қасиеттері 16-ғасырдың өзінде белгілі болған. Микроскопты алғаш рет гылыми-зерттеу жұмыстарына қолданғандар – жануарлар тіні мен өсімдік үлпаларының клеткалық құрылышын анықтаған (1665) ағылшын ғалымы Роберт Гук және микроскоптың жәрдемімен микроорганизмдерді ашқан (1673–77) голланд ғалымы Антони Ван Левенгук болды.

**МИНЕРАЛ** (ескі латынша *minera* – кентас кесегі) – химиялық құрамы және физикалық қасиеттері бір тексті табиғи дене. Өл жер бетіндегі немесе жердің (ғарыш денелерінің) қойнауындағы физика-химиялық процестерге байланысты пайда болып, тау жыныстарын, кентастар мен метеориттерді, т.б. құрайды. Минерал, негізінен, қатты денелер. Олар кристалды (пирит, галенит), аморфты (опал, лимонит) және метамикты (сырты кристалл тәрізді, ішкі құрылышы аморфты, шыныға ұқсас) болып жіктеледі. Әр минерал өзіне тән құрамды, кристалды құрылымы бар табиғи қосынды. Табигатта зерттелген минерал түрлері 2,5 мыңға жуық. Минерал қурауга Менделеев кестесіндегі инерпті газдар мен ураннан кейінгі элементтердің бәрі қатысады. Олардың кейбіреуі минерал қурауда басты орын алады, ал құрылымы мен қасиеттері басты элементтерге ұқсастары (Pd, Ge, In, Cd, Ga, Tl, Se, I, Br, Re, Rb) минералдардың құрамында

изоморфтық қоспалар түрінде кездеседі. Изоморфтық қоспалар минералдардың химиялық қасиеттерін өзгертеді. Табигатта силикаттар (минералдың жалпы санының 25%-ы), сульфидтер (13%), фосфаттар мен ванадаттар (18%), тотықтар мен гидрототықтар (12%), түрлі табиғи химиялық қосылыстардың (32%) минералдары бар. Химиялық құрамы жағынан минералдар таза элементтер және курделі қосылыстар болып бөлінеді. Минералдар морфологиясы оның ішкі құрылышына, пайда болу, қалыптасу жағдайларына қарай анықталады. Мысалы, Тарбағатай пегматиттерінен табылған кварц кристалының ұзындығы 6 м, салмағы 72 тонна, қырларының ені 1 м-ге жетті. Табигаттағы минералдар сырт пішініне қарай көбіне дендриттер, оолиттер, сферолиттер, секрециялар, конкрециялар, дән, топырақ сияқты массалар, сталактиттер, сталагмиттер түрінде кездеседі. Минералдар магмалық балқымалярда, ерітінділерде, газдарда түзіледі. Табиғи реакцияларда түзілетін минерал өзін қоршаған ортамен, ортаның фазалық күйімен және физика-химиялық параметрлерімен тығыз байланысты. Сонымен қатар, минералдар экзогендік, эндогендік, метаморфогендік процестер кезінде пайда болады. Минералдардың өндірісте қолданылуы олардың түрлі бағалы қасиеттеріне негізделген. Өте қатты минералдар (алмас, корунд, гранат, т.б.) абразивтер ретінде, пьезоэлектрлік қасиеті барлары радиоэлектроникада қолданылады; қатты әдемі түстілерінен зергерлік бұйымдар жасалады.

**МОГОЛСТАН** – 14-ғасырдың орта түсінан 16-ғасырдың бас кезінде дейін Жетісу мен Шығыс Түркістан жерінде өмір сүрген мемлекет. Шағатай әулеті билеген ұлыс ыдырағаннан кейін 1346(47) ж. Дулат тайпасының әмірі Болатшы бастаған билеушілер тобы Тоғлұқ Темірді хан етіп сайдады. Мұхаммед Хайдар Дұлати Моголстанның шекарасын былай деп көрсетті: «Шығыс шеті қалмақтар жерімен шектесіп, Барыскөл, Емел, Ертісті қамтиды. Солтүстікте оның жеріне Кокше теңіз (Балқаш), Бұм және Қаратал кірді. Батыста Түркістанмен және Ташкентпен, оңтүстікте Ферганада уәлаятымен, Қашгармен, Ақсу, Чальшапен және Түрфанмен шектеседі». Халқының құрамына жалпы могол атанған дулат (доғлат), қаңлы (беншік), керейіт (керей), арганут, барын, арлат, барлас, т.б. түркі және түркіленген моңғол



Минералдар

тайпалары кірді. Бұлардың басым көпшілігі кейіннен қазақ халқының, қалған бөлігі қырғыз, үйгыр халықтарының құрамына қосылды. Шагатай әулеті билеген мемлекеттердегі ұзаққа созылған тартыс 14-ғасырдың ортасына таман Жетісұдың тұрақты егіншілік пен қала мәдениетін күйретті жіберді. Баласағұн, Алмалық, Алматы (Алмату), Тараз, Ілебалық (Иланбалық), Қойлық, Екіөгіз және басқа көптеген ежелгі қалалар жойылып кетті. Моголстанның алғашқы хандары Тоғлұқ Темір мен Ілияс Қожа Мауереннахрды өздеріне бағындыруға әрекет етті. 1370–90 ж. Қызыр Қожа хан (1389–99), Қамар ад-Дин әмір, Еңке төре, т.б. Әмір Темірдің жаулап алушылық жорықтарына қарсы тұрды. 15-ғасырдың 1-жартысында елдің ішкі жағдайы қыындал, өзара қырқысу соғыстары күшіне тусты. Елдің шығыс жағынан ойраттардың шабуылдары жиілеп, Уәйіс хан (1418–28) олармен бірнеше рет шайқасты. Уәйіс хан қайтыс болған соң өзара қырқысу одан сайын күшейіп, Жұніс пен Есенбұға сұлтандарды жақтаған екі топ пайда болды. Бұл күрес Есенбұғаның пайдасына шешілді. Оның тусында Жәнібек пен Керей сұлтандар бастаған қазақтардың бір бөлігі Дешті Қыпшақтан Жетісуга қоныс аударды. Жұніс хан (1462–87) мемлекеттің жағдайын біршама нығайтты, бірақ 1472 ж. Жетісуда ойраттардан женіліп, Сырдарияға қашты. Онда Жұніс хан Сайрам мен Ташкентті басып алды. Оның баласы Ахмет хан 1474 ж. Қырғызстанда тәуелсіз иелік құрды. Махмұд хан (1487–1508) Жетісуге мен Түркістанда қазақ хандарымен соғысты. Жұніс ханың немересі Сұлтан Саид хан 1514 ж. Шығыс Түркістанда жаңа Могол мемлекетін құрды. Моголстан мемлекетінің Жетісуге жеріндегі өлсіреуі жаңадан құрылған Қазақ хандығының күшеюіне жағдай жасады. 15-ғасырдың 60-жылдарынан бастап Жетісүді мекендейген түркі тайпалары Қазақ хандығының құрамына кірді.

**МОЙЫНҚУМ** – Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстары жеріндегі құмды алқап. Солтүстігі мен шығысында Шу өзені аңғарымен, оңтүстігінде Қаратаяу, Қырғыз Алатауы жоталарының бектерімен шектеседі. Ауданы 37,5 мың  $\text{km}^2$ . Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай 500 км-ге созылып жатыр. Орталық бөлігінде биіктігі 50–70 м құмды қырқалар қалыптасқан. Ойыстарда жер асты сулары



Мойынқұм құмы

тым жақын. Оңтүстік-шығысында және батысында жер асты сулары тереніректе (35–50 м) кездеседі. Климаты өте қуаң континенттік. Қантардың орташа температурасы батысында – 11°C, шығысында – 2–7°C, шілдеде 26–25°C. Ауаның ең төменгі температурасы – 40–44°C. Жауын-шашынның жылдық мөлшері 150–330 мм. Қардың қалындығы 10–15 см-ден аспайды. Сексеуіл, жусан, жұзғін, ерекешөп, теріскен, т.б. өседі. Ақбөкен, қаракүйрық, қоян, кірпі, қосаяқ, сарышұнақ, т.б. мекендейді. Үмбет мемлекеттік аңшылық шаруашылығы және Андасай (Андысай) қорықшасы үйімдастырылған.

**Мойынқұм** – Балқаш көлінің оңтүстігіндегі құмды алқап. Іле өзенінен Қаратал өзеніне дейін 60–70 км-ге созылып жатыр, ені 35 км-ге жетеді. Солтүстігі Сарыесікатырау құмына, шығысы Жетіжол, батысы Жуанқұмға ұласады. Солтүстік және солтүстік-батыс бөлігіндегі қырқа құмдардың биіктігі 20–30 м. Оңтүстік бөлігі Шеңгелді және Сарыбулақ құргақ арналарымен тілімделген. Ерекешөп, жусан, т.б. өсімдіктер өседі. Солтүстігінде жер асты сулары 100 м терендікте кездеседі. Құзғі, көктемгі мал жайылымы.

**Мойынқұм** – Бетпақдаланың солтүстігінде жатқан құм. Сарысу өзенінің сол жағалауында. Батыстан шығысқа қарай 100 км-ге созылып жатыр, ені 25 км-ге жетеді. Ауданы 1670  $\text{km}^2$ . Солтүстік-шығыс бөлігіндегі төбешікті қырқа құмдардың биіктігі 5–10 м, кей жерлерінде ол 15–20 м. Мойынқұмда теріскен аралас ерекешөп, жұзғін, қоянсүйек, құмсағыз, қаңбак, құмаршық өседі. Тұщы жер асты сулары құм алабының шет жағында 1–2 м терендікте кездеседі. Мойынқұм – қыскы мал жайылымы.



**МОЛДАҒҰЛОВА** Әлия (шын есімі Ілия) Нұрмұхамедқызы – қаһарман қазақ қызы, Кеңес Одағының Батыры (4.6.1944). 1924 ж. 20 сәуірде Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылында дүниеге келді. Ата-анасы қайтыс болғаннан кейін нағашысы Әубекір Молдағұловтың

қолында тәрбиеленіп, Санкт-Петербургтегі 9-орта мектепте оқыды. 1942 ж. өз еркімен Қызыл Армия қатарына алынып, мергендер мектебін үздік бітірген. 1943 жылдың тамызынан 2-Прибалтика майданында 26-атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысып, асқан мергендігімен көзге түсті. 1944 ж. 15 маусымда Псков облысы Новосокольники темір жол станасы маңында болған ұрыста қаһармандықпен қаза тапты. Ресейдің Санкт-Петербург жөне Мәскеу қалаларындағы және Қазақстандағы көптеген мектептер, көшелер Молдағұлова есімімен аталады. Алматы, Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе қалаларында және туған ауылында оған ескерткіш орнатылып, Ақтөбеде мемориалдық мұражайы ашылған. Қаһарман қыздың өмірі мен ерлігі жайлы ақындар Я.Хелемский «Әлияның жүрегі» (1944), Саги Жиенбаев «Әлия» дастандарын, жазушылар Ж.Жұмақанов «Әлия Молдағұлқызы» (1959), Ә.Нұрмаханова «Шығыс шынары» (1973) повестерін жазды. Ариналы фильм түсіріліп, балет қойылған. Сейдолла Бәйтөрековтің «Әлия» әнін орындаған әнші Роза Рымбаева халық-

аралық байқауда лауреат атанды (1977). Астанада Әлия Молдағұлованың жаңа ескерткіші ашылды (2008).

**МОЛДОВА**, Молдова Республикасы – Оңтүстік-Шығыс Еуропада орналасқан мемлекет. Жер колемі 33,7 мың км<sup>2</sup>. Халқы 3,6 млн. адам. Астанасы – Кишинев қаласы. Ресми тілі – молдован тілі. Негізгі халқын молдовандар құрайды (70%). Сонымен бірге, украйндар, орыстар, гагауздар, еврейлер, болгарлар, т.б. тұрады. Негізгі ұстанатын діні – христиан дінінің православие тармағы.

Шығыс Еуропа жазығының Днестр мен Прут өзендері аралығында орналасқан. Жері жоталы, жазықты келеді. Орталығын Кодра қыраты алып жатыр. Ең биік нүктесі – Баланешты тауы (429 м). Ирі өзендері – Днестр (Молдова жеріндегі ұзындығы – 657 км), Прут (Молдова жеріндегі ұзындығы – 695).

Елдің отын-шикізат базасы жоқ, пайдалы қазбаларды сырттан тасиды. Өнеркәсіптегі жетекші сала – тамақ өндірісі (жалпы өнеркәсіптегі үлесі – 50%). Шарап, жеміс, көкөніс



Кишинев қаласы



Ә.Молдагуловага қойылған ескерткіш. Ақтөбе қаласы




Днестр өзені

## МОЛЕКУЛА

қалбырлау, эфир майын өндіру дамыған. Машина жасау (автотіркемелер, ауыл шаруашылығы машиналарын жинақтау және т.б.), химия және женіл өнеркәсіп салалары жұмыс істейді. Сыртқы саудада тамақ өнімдері мен шарап шығару басым.

**МОЛЕКУЛА** (латынша *moles* – масса) – жай немесе күрделі заттың негізгі химиялық қасиеттерін сақтайтын және өздігінен өмір сүретін ең кіші бөлшек. Молекула ұғымы ғылымға 1860 ж. енгізілген. Молекуланы тәжірибе жүзінде 1906 ж. француз ғалымы Жан Перрен броундық қозғалысты зерттеу кезінде дөлелдеген. Молекула құрамында бір (инертті газдар), еki ( $H_2$ ,  $O_2$ ,  $N_2$ ,  $CO$ , т.б.), үш ( $O_3$ ,  $N_2O$ ), сондай-ақ жұздеген, мындаған, тіпті одан да көп атомдар (полимер, белок, т.б.) болады. Молекулалары бір атомнан тұратын заттар үшін (мысалы, инертті газдар) молекула ұғымы мен атом ұғымы сәйкес келеді. Молекула құрамы брутто-формула ( $H_2O$ ,  $CH_4$ ,  $HNO_3$ ) арқылы көрсетіледі. Молекула энергиясы ондаған және жұздеген  $\text{kJ}/\text{моль}$ мен есептелетін квантталған құраушылардан – электрон қозғалысының энергиясынан, атом ядроларының тербелмелі қозғалысының, сондай-ақ бүтіндей молекуланың қеңістікте ілгерілемелі және айналмалы қозғалысының энергияларынан құралады. Қандай да бір электрондық күйдегі молекуланың орнықтылығы ядролардың тербелмелі қозғалысының потенциалдық энергиясы минимумының болуына байланысты анықталады. Молекула – электрбейтарап жүйе. Егер молекулада он және теріс зарядтардың «ауырлық центрі» сәйкес келмесе, онда молекула полюсті және олардың меншікті электрлік дипольдік моменті болады. Молекула сыртқы электр өрісінде дипольдік моментке ие болу қасиетімен сипатталады. Молекулалардың



Су молекуласы

басым көпшілігі диамагнитті, яғни тұрақты магниттік моменті болмайды; олардың магниттік алғырылығы теріс. Парамагнитті молекула тұрақты магниттік моментінің болуымен сипатталады. Парамагниттік қасиет молекуланың құрамында жұпталмаған электрондардың болуымен байланысты; олардың магниттік алғырылығы оң болады.

**МОЛЛЮСКАЛАР**, жұмсақ деңеліл – омыртқасыз жануарлардың бір типі. Қазба қалдықтары кембрийге дейінгі тау жыныстарынан табылған. Моллюскалар мұхитта, теңізде, құрлықта, аздаған түрі тұщы суда таралған. Бұлардың 2 тип тармағына: бүйіржүйкелілер және бақалшақтыларға жататын 130 мыңдан астам түрі бар. Қазақстанда 36 түкімдасы, 69 туысы және 300-ге жуық түрі кездеседі. Денесі сегменттерге бөлінбеген, бас, тұлға және аяқ бөлімдері бар. Басында аузы, көпшілік түрінде қармалағыштары, көзінің бір бөлігі болады (кейде көздері жартылай немесе толықтай редукцияға ұшыраған). Қосжактаулы моллюскалардың тіршілік ету ерекшелігіне байланысты бас бөлімі жойылған. Тұлға бөлімі қапшық тәрізді болып, арқасына қарай өседі, оны ішкі қапшық деп атайды. Онда ішкі мүшелері орналасады. Денесінің сырты кутикула қабатымен қапталған, ал оның сыртын тек моллюскаларға тән мантия (тері қатпаршагы) жауып тұрады. Мантияның сыртқы қабатынан бақалшақ түзіледі. Моллюскалар балық, құс, сұтқоректілердің қорегі болып саналады. Кейбір моллюскалар адам мен мал гельминтоздарын тудыратын паразиттер, ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестері.



Моллюскалар



**МОМЫШҰЛЫ Бауыржан** – әскери қайраткер, ержүрек қолбасшы, жазушы, Кеңес Одағының Батыры (12.12.1990), Қазақстандың Халық Қаһарманы (1995). 1910 ж. 24 желтоқсанда Жамбыл облысы Жуалы ауданы Қөлбастау қонысында малшы отбасында дүниеге келген.

1932 ж. әскер қатарына алынып, мергендік өнерін игерді. Ауылдан оралған соң, қаржы мекемелерінде жұмыс істеді. 1936 ж. қайтадан армияға шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болды. 1941 ж. Ұлы Отан соғысы басталысымен генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316-атқыштар (8-гвардиялық) дивизиясы құрамында майданға аттанды. Батальон, полк командирі болды. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарды. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құраммен аман-есен дивизиясына қосылды. Қырғын ұрыстарда 9 рет асқан ерлік үлгісін көрсетті. Оның жауын-

герлік іс-қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнайы тарау болып әскери жарғыға енуі, тактикада «ошакты» және «икемді қорғаныс» ұғымдарының қалыптасуы осындай тәжірибелерінің жиынтығы болып табылады. Жау шептеріне ішкөрлелі еніп ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алғаш қолданушылардың және оны дамытушылардың бірі болды. Әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырды. Оның атақ, даңқы, батырлығы Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» («Арпалыс») атты кітабында суреттелген. 1950 ж. Кеңес Армиясы Бас штабының Мәскеудегі арнаулы Жоғары әскери академиясын бітіріп, Калинин қаласындағы әскери академияда дәріс оқумен бірге шығармашылық жұмыспен де шұғылданды. 1956 ж. демалысқа шығып, өмірінің соңына дейін шығармашылық қызметпен айналысты. Ол шығармаларын қазақ, орыс тілінде жазып, қазақ әдебиетіндегі әскери проза жанрының негізін қалады. Жазушының өзекті тақырыбы – Ұлы Отан соғысы кезіндегі жауынгерлердің тұлғасын жан-жақты суреттеп, сомдауға арналған. Жазушы қаламынан «Офицер жазбалары» (1962), «Артымызда Москва» («Москва үшін шайқас») (1963), «Генерал Панфилов» (1965), «Куба әсерлери» (1969), «Жонарқа» кітаптары, екі томдық шығармалар жинағы (1969), «Үшқан үя» (1974), «Соғыс психологиясы», «Қанмен жазылған кітап» (1990, 1991), т.б. туындылар туған. 1982 ж. 10 маусымда Алматы қаласында қайтыс болды. Шығармалары шет ел тілдеріне аударылды. «Москва үшін шайқас» кітабы негізінде коркем фильм түсірілген. Қазақстанда ауылдарға, көшелерге, республикалық әскери балалар мектебіне, т.б. есімі берілген.



Тараз қаласындағы Б.Момышұлы ескерткіші

**МОНАКО**, Монако княздығы – Оңтүстік Еуропада, Жерорта теңізінің жағалауында орналасқан шағын мемлекет. Жер аумағы 1950 км<sup>2</sup>. Халқы 36 мың адам. Этникалық құрамының 47%-ын француздар, 16%-ын италиялықтар, 16%-ын монаколықтар (байырғы тұрғындары), т.б. құрайды. Монако 4 шағын қала-округтерден: Монако-Виль (астана), Ля Кондамин, Монте-Карло мен Фонтвьелльден құралады. Ресми тілі – француз тілі. Халқының 96%-ы христиан-католиктер. Климаты – жерортатеніздік, субтропиктік.



Монако қаласы



Жағажайда

Монако – Еуропадағы туризмнің негізгі орталықтарының бірі. Елде халықаралық деңгейде танымал курорттар орналасқан. Мемлекеттік кірістің негізгі көздері – шетелдік туристерге қызмет көрсете мен ойын-сауық үйлері. Тамақ, женіл өнеркәсіп орындары бар. Сыртқа дәл өлшегіш аспаптар, дәрі-дәрмектер шығарады.

**МОНУМЕНТТИК ӨНЕР**, пластикалық өнердің шығармаларын нақты архитектуралық орта үшін кеңістік-идеялық жағынан толықтыру мақсатымен жасалады. Бірнеше түрі бар: ескерткіштер (көшеде, алаңда қойылатын), монументтер (ірі тарихи оқиғаларға байланысты қойылатын), мұсінді-архитектуралық ансамбльдер, т.б. Бұл өнерге өте қатты, төзімді материалдар: гранит, қола, мрамор, т.б. қолданылады. Қазіргі кездегі монументтік өнерге дәстүрлі өнермен қатар, оның жаңа түрлері мен жанрларын (портреттік ескерткіштер, вит-



Семейдегі ядролық қару құрбандарына орнатылған монумент

раждар, граффито, тұс кілем, қабырға өрнектері, т.б.) дамыту, сонымен қатар бейнелеу пластикасын архитектуралық тектоникаға үйлестіру тән.

**МОҢГОЛИЯ**, Монголия Республикасы – Азияның орта тұсында орналасқан мемлекет. Жер аумағы 1565 мың км<sup>2</sup>. Халқы 2,8 млн. адам. Этникалық құрамына халхамонголдар (90%), қазактар (4%), қытайлар (2%), орыстар (2%), тывалықтар кіреді. Халқының негізгі бөлігі будда дінін, 4%-ы ислам дінін ұстанады. Астанасы – Улан-Батор қаласы. Әкімшілік жағынан 18 аймақ пей 3 муниципалитетке (Улан-Батор, Дархан, Эрденет) бөлінеді. Елдің батысында халқы, негізінен, қазақтардан тұратын Баян Өлгий аймағы орналасқан.

Монголияның батысы мен оңтүстік-батысында Монгол Алтайы (ең биік нүктесі – 4374 м), Гоби Алтайы мен Хангай таулары, елдің орталық бөлігінде Хэнтэй таулы қыраты орналасқан. Оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында Гоби шөлі созылып жатыр. Негізгі өзендері –



Улан-Батор қаласы



Толбо көлі

Селенга, Керулен, Қобда. Ең үлкен көлдері – Убсу-нур, Хубсугул.

Монголия экономикасының басты саласы – мал шаруашылығы. Монголия дүние жүзінде мал санын жан басына шаққандағы көрсеткіш жөнінен ең алдыңғы орындардың бірін иемденеді. Өнеркәсіпте кен өндірісі жетекші сала болып есептеледі. Кен өнеркәсібінің өнімдері, тері мен теріден жасалған бұйымдар шетке шыгарылады.

**МУЗЕЙ**, мұраҗай (грекше *museion* – мұза сарайы) – тарихи-ғылыми дерек ретінде ге ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме. Музей заттық жөне рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми түрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насиҳаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өске-лен үрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қа-

лыптасуына ықпал етеді. Музей алғашында бағалы бұйымдар мен заттар, мәдени жәдігерлерді сақтайтын қазыналық қор ретінде қалыптасты. Музейлердің қалыптасуына көне замандардағы коллекциялар негіз болды. Коллекциялау ісімен Аристотель, Рим патшасы Юлий Цезар, т.б. айналысты. Еуропада тарихи музейлер 16–18-ғасырларда пайда болды. Музейдің қалыптасуы үлттық сана-сезімді оятуға, мәдени-саяси идеяларды (ой-сезімді) на-сихаттауға көмектесті. 1820 ж. Германияда өнер музейлері құрылды. 1811 ж. Ресейде – Феодосияда, 1825 ж. Одессада, 1828 ж. Керчте археологиялық бағыттағы және өскери-тарихи музейлер құрылды. 19-ғасырда этнографиялық музейлер құрылды. Музей негізгі бағыты түрғысынан бірнеше топқа бөлінеді: тарихи, көркемөнер, жаратылыштану, техникалық, кешенді, мемориалдық музейлер. Музей ісінің негізгі бағыттары – музейлік мұраларды (жәдігерлерді) жинау, есепке алу, сақтау, қорларды жүйелеу, қайта қалпына келтіру (реставрация), консервациялау, т.б. Музей жұмыстарын үйімдастыру түрлеріне: көрмелер, экспозициялар үйімдастыру, тақырыптық дәрістер, ғылыми-практикалық қоғамаралар өткізу, музейлік басылымдар шығару, т.б. жатады. Музейлердің қор жинақтау жұмысында да-лалық экспедициялар, ғылыми институттар жұмыстарының нәтижелері кеңінен қолданыла-ды. Қазақстанда музейлер тарихы 1830 жылдан басталады. Орынборда жергілікті халықтың тарихы мен этнографиясын сипаттайтын мұралар негізінде 1831 ж. Неплюев өскери училішесі жанынан губерниялық музей ашылды. Қазақстанда 1913 ж. – 3, 1927 ж. – 6, 1937 ж. – 19, 1939 ж. – 25, 1970 ж. – 29 музейлер болса, қазіргі таңда музейлер саны 154-ке жетті. Олардың ішінде Өбілхан Қастеев атындағы



Алматыдағы Орталық мемлекеттік музей



Астана қаласындағы Президенттік мәдени орталық

республикалық өнер музейі (1935), «Мұхтар Әуезов үйі» ғылыми орталық музейі (1962), ҚР ҰFA Археология музейі (1973), Кітап музейі (1978), Ықылас атындағы Республикалық халық саз аспаптар музейі (1980), Үлттық валюта музейі (1993), Мемлекеттік алтын және асыл металдар музейі (1994), Президенттік мәдени орталық (2000), т.б. бар. Мемориалдық музейлер де Қазақстанның тарихи-мәдени, рухани өмірінде маңызды рөл атқаруда. Олардың ірілері: Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, Абай-Шәкерім кешені, Дінмұхамед Қонаевтың, Қаныш Сәтбаевтың, Жамбыл Жабаевтың, Сәбит Мұқанов пен Фабит Мұсіреповтің, Газиза және Ахмет Жұбановтардың, Шоқан Уәлихановтың (Алтын Емел), т.б. мемориалдық музейлері.

**МУЗЫКА** (грекше *muslike*, тұра мағынасында «музалар өнері») – негізінен, тондардан (белгілі биіктікте дыбыстардан) тұратын, адамға өзінің үйлесімді түрде үйимдасқан мазмұнды дыбыстық жүйесімен өсер ететін, өмір шындығын дыбыстық көркем образдар арқылы бейнелейтін өнердің бір түрі. Өзінің эмоциялық өсері арқылы ол адамзат тарихында қоғамдық-идеялық, мәдени-тәрбиелік және эстетикалық рөл атқарады.

Адамның музикалық іс-әрекетінің негізгі 3 түрі бар. Олар – шығармашылық (музыка шығарушылық), орындау және қабылдау. Яғни автор музиканы тудырса, орындаушы қайта жаңғыртады, ал тындаушы оны есту арқылы қабылдайды. Музикалық – шығармашылық түрлері; 1) Мазмұны жағынан: лирикалық, эпикалық, драмалық, қаһармандық, трагедиялық, т.б.; яғни байсалды және жеңіл; 2) Орындаушылық жағынан: вокальдық және аспаптық; яғни, жеке адам орындайтын, ансамбль-

дік, оркестрлік, аралас музыка; 3) Өнердің басқа түрлері және сөз қосылу жағынан: театр музыкасы, би музыкасы, бағдарламалы аспаптық, мелодрама (музыка фонында көркемсөз оқу) және сөзбен айтылатын вокалдық.

Барлық үлттар мен елдер, оның ішінде бұрын музикалық мәдениеті болмағандары да өзінің халық музикасын жан-жақты дамытуда. Сонымен қатар, олар дүниежүзілік көсіби өнерден үлгі ала отырып, опера, симфония, балет, оратория жанрларын игерді. Осыған орай қазіргі кезде көптеген дәстүрлі музикалық жанрлар жаңа мазмұнға ие болды. Опера, балет, симфония классикалық монументті формасын сақтай отырып, жаңа заман талаптарының өсерімен іштей қайта құрылды.

### МУЛЬТИПЛИКАЦИЯЛЫҚ КИНО, мульти-

фильм – суреттердің (жазық нысандар), қуыршақтардың (көлемді нысандар) қозғалысы фазаларын жеке кадрларға түсіріп, ретімен көрсетуден туатын кино өнерінің бір түрі. Мультипликациялық кино ісінің белгілі 3 тәсілі бар: суреттер (графикалық мультипликация); қуыршақтар (көлемді мультипликация); жалпақ жүқта қуыршақтар (жазық пішінге салып қию) пайдаланылады. Алғаш суретке жанбітірген бельгиялық физик Ж.Плато (1832 ж.). Ал 1877 ж. француз суретшісі өрі инженері Э.Рейно траксиноскоп арқылы суреттің қымызын ұзартты. Онда музика және өнмен сүйемелденген түрлі-түсті бейнелі бірнеше комедиялық лента 15–20 минутқа созылды. Америкалық С.Блэстон мен У.Маккей, француз Э.Коль, т.б. мультипликациялық киноның көшбасшысы болып саналады (1906–08). Олар суреттерді кадрлеп түсірудің жаңа жолдарын пайдаланып, мәнерлі жандандырудың құпияларын ашты. Мультипликациялық киноның



«Отырада сазы» үлт-аспаптар оркестри



Ә.Қайдаров. «Ақсақ қылан» фильмінен көрініс



Ж.Дәнен, F.Кыстай. «Айдаһар аралы» фильмінен көрініс

негізін салушылардың бірі – американлық режиссер Уолт Дисней (1901–66). Оның қарамағында бірнеше елдің талантты суретшілері қызмет атқарып, ширек ғасыр бойы техникалық жетістік биігінен көрінді. Бірнеше серияны қурайтын қойылымдардағы қымыл мен сөздің дәлдігі, музыка, шудың қозғалыспен қатар естілуі үйлесім тапты. 20-ғасырда КСРО-ның «Союзмультифильм» (1936 ж. құрылған) студиясынан жарық көрген фильмдер, мультипликациялық кино ісін дамытты. Қазақ мультипликация өнерінің тұсау кесер мультфильмі Әмен Қайдаров тұсірген «Қарлығаштың құйрығы неғе айыр?», «Ақсақ құлан», «Құйыршық», «Қожанасыр – құрылышы» атты фильмдер қазақ мультипликациясының жетістіктері болды.

**МҰГАЛЖАР** – Орал тауларының оңтүстік жалғасы, Ақтөбе облысы аумағындағы таулы алқап. Солтүстіктен оңтүстікке қарай 400 км-ге созылып жатыр. Ені 200 км-дей. Орташа биіктігі 300 м, ең биік жері – Үлкен Boқтыбай



Мұгалжар таулары

тауы (657 м). Солтүстігінде жіңішке бұйрат түрінде басталып, әрі қарай бір-біріне жарыса орналасқан екі қатар тізбекке бөлінеді. Олардың арасын беті сәл белесті ойыс бөледі (ені 15–20 км). Жоталар кей жерлерде бір-бірімен төбелер жүйесі арқылы жалғасады. Жоталар кембрийге дейінгі және палеозойлық кварцит, кристалдық тақтатас, гнейс, гранит, т.б. жыныстардан құралған. Батысы меридиан бағытында созылатын жеке қырқалар тізбегін түзеді. Оңтүстік бөлігі биік және қатты тілімденген. Шығыс Мұғалжар тауы аласа, төбесі тегіс шоқылар тізбегі түрінде. Солтүстік бөлігі айқын тау сипатында, оңтүстікке қарай бірте-бірте аласара береді де маңайындағы жазықтан аз-ақ көтеріліп тұратын аласа төбеле айналып кетеді. Солтүстікке қарай Ор өзені ағып шығады.

**МҰЗДЫҚ**, мұзарт – Жер бетіндегі мұздардың табиғи жиынтығы. Мұздықтар қатты атмосфералық жауын-шашынның жыл бойы түскен жалпы мөлшерінің, оның еріген және ауаға буланған үлесінен артық болған жерінде, әдетте тау беткейлерінің қар жиегінен жогары жатқан бөлігінде пайда болады. Ағын мұздық (тау мұздығы) және еруші жайылма мұздық (мұздық қалқандары және жамылғылары, қайрандық мұздықтар) болып бөлінеді. Жер шарындағы бүкіл мұздықтардың көлемі 30 млн. км<sup>3</sup>-дей; олар ауданы 16,3 млн. км<sup>2</sup>-дей (құрлықтың 10,9%-ы) жерді алып жатыр. Мұздықтардың негізгі таралған аймақтары Антарктида, Гренландия, Арктикалық аралдар мен биік таулы өңірлер. Мұздың салмақ күшінің әсер етуіне байланысты мұздық тау беткейлері мен аңгарлары арқылы төмен қарай



Кук тауы

сырғып, жылжып отырады. Ол өзінің маңындағы жерлердің климатына әсерін тигізеді және өзендерді сумен толықтыруда маңызы зор. Тау мұздығы Австралиядан басқа барлық құрлықтарда кездеседі. Ең ұзын тау мұздығы Памирде (Федченко мұздығы – 71,2 км). Қазақстанның таулы өніріндегі мұздықтардың жалпы ауданы – 2000 км<sup>2</sup> шамасында.

**МҰЗТАУ**, айсберг – мұздықтардан бөлінген ірі шойтасты мұздар. Мұзтаулар (ағылшынша iceberg, голландша ijsberg; ice, ijs – мұз, berg – тау деген мағынаны білдіреді) мұздық шетінің сынып (судың гидростатикалық қысымының, лықсудың, ағыстың, желдің әсерінен) суға түсінен пайда болады. Олар мұхиттар мен теңіздерде қалқып жүреді немесе теңіздің таяз жері – қайырда шөгіп жатады. Мұзтаулар, әсіресе Солтүстік жарты шардағы – Гренландия, Канаданың Арктикалық топаралдары жағаларында, Оңтүстікте – Антарктида жағасында жиі кездеседі. Мұз бен судың тығыздығына байланысты мұзтаулар көлемінің 83–90%-ы судың астында болады, қалған бөлігі су бетінде орта есеппен 70 м (Арктикада) – 100 м-ге (Антарктикада) дейін көтеріліп тұрады, ал ұзындығы бірнеше ондаған км-ге жетеді. Гренландия мұзтаулары Шығыс Гренландия және Лабрадор ағыстары арқылы 40–50° солтүстік ендікке дейін, ал кейбір жағдайларда Бермуд, Азор аралдарына дейін жүзін бараңды; Антарктида мұзтаулары 45–60° оңтүстік ендікке дейін жетеді. 1894 ж. мұзтаулардың 26° оңтүстік ендіктегі тропиктік белдеуден де байқалғаны тіркелген. Мұзтауларға көптеген кемелер соқтығысып, апатқа үшыраған (мысалы, 1912 ж. «Титаник», 1959 ж. «Хедтофт»).



Мұзтау

**МҰҚАНОВ Сәбит**

Мұқанұлы – Қазақстанның халық жазушысы, Үлттық Фылым академиясының академигі (1954), қоғам қайраткері. 1900 ж. 22 сәуірде қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Сәбит Мұқанов атындағы ауылда дүниеге келген. Ата-анасынан жастай жетім қалып, ағасы Мұстафының қолында тәрбиеленеді. Ауыл молдасынан білім алып, 10 жасынан еңбекке араласты. Омбыдағы мұғалімдер курсында (1919), Орынбор рабфагінде (1926), Санкт-Петербург университетінде (1928), Мәскеудегі Қызыл профессура институтында оқыған (1935). 1919–51 ж. мұғалім, кеңес қызметкері, «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің бөлім менгерушісі, Қазақстан мемлекеттік баспасының бас редакторы, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы (1936–37, 1943–51), т.б. қызметтер атқарды. Оның қаламынан туған 80 мың жолға жуық өлеңдер мен 20-дай поэма, 10 шақты повесть, романдары, көптеген әңгіме, очерк, пьесалары, бірнеше монография, зерттеу еңбектері бар. Алғашқы өлеңі мен мақалалары 1922 жылдан жариялана бастады. Тұңғыш кітапшасы 1924 ж. шықты. 20 жасынан поэмалар жаза бастады. «Сұлушаш» поэмасы өлеңмен жазылған роман (1928). Прозада роман мен мемуарлық әдебиеттің дамуына үлкен үлес қосты. 1928 ж. жазылған «Адасқандардан» («Мөлдір махаббат») бастап, «Те-



С.Мұқанов жұмыс үстінде. 1972 ж.

міртас», «Есіл», «Жұмбақ жалау» («Ботағез»), «Менің мектептерім» (1941), «Өмір мектебі» (1953), «Балуан Шолақ» (1942), «Аққан жұлдызы», т.б. романдарында халық тағдыры мен замана қыспағындағы жанталасқан әрекет, ерлік күресі мен психологиялық іірімдер терең бейнеленеді. Драматургия саласында да жемісті еңбек етті. «Шоқан Уәлиханов» (1953), «Қашқар қызы» (1958), «Сәкен Сейфуллин» (1964), т.б. драмалық шығармалары бар. Оның шығармалары 46 тілге аударылған. 1973 ж. 18 сәуірде Алматыда дүниеден өтті. Есімі Алматының көшесіне, тұған ауылына, облыстық драма театрына берілген. Алматыда ескерткіш мусіні бар. Жазушының тұрған үйі мемориалдық мұражайға айналдырылған.

**МУНАЙ** (түрікше neft – мұнай) – Жердің шөгінді қабатында таралған, жанғыш майлы сүйекшілік; экономика үшін маңызы зор, пайдалы қазынды. Мұнай 1,2–2,0 км-ден астам тереңдікте газ тәрізді көмірсүтектермен бірге түзіледі. Тұсі ашық-қонырдан қою қонырға, қараға дейін өзгереді, тығыздығы 0,65–1,05 г/см<sup>3</sup>. 28°C-тан жоғары температурада қайнайды, тұтану температурасы 35–120°C, органикалық еріткіштерде ериді, суда ерімейді. Мұнай – көмірсүтектердің күрделі қоспасы. Әр түрлі кен орындарындағы мұнайдың көмірсүтектік құрамы түрліше өзгеріп отырады. Негізгі қоспалары (4–5%): нафтен қышқылдары, асфальтты-шайырлы заттар, меркаптандар, моно- және дисульфидтер, тиофендер және тиофандар, күкіртсүтек, пиридин және пиперидин гомологтары, т.б. Құрамындағы күкіртке байланысты мұнай аз күкіртті (0,5%-ға дейін), күкіртті (0,5–2%) және жоғары күкіртті (2%-дан жо-



Мұнай үңғымасы

гары) болып белінеді. Мұнайдада 20-дан астам әр түрлі элемент (V, Ni, Ca, Mg, Fe, Al, Si, Na, т.б.) кездеседі. Мұнайдың негізгі пайда болу көзі – құрамындағы сутектің мөлшері жоғары болатын планктон, сапропельді органикалық зат және өсімдік қалдықтарынан түзілетін гумусты зат. Мұнай тұзуші жыныстар – саз балшықтар. Жер шарында ауданы бірнеше мың км<sup>2</sup>-ден бірнеше млн. км<sup>2</sup>-ді құрайтын 600-ге жуық мұнай алабы бар. Олардың жалпы ауданы 80 млн. км<sup>2</sup>-ге жуық, оның 50 млн. км<sup>2</sup>-і – құрлықта, 30 млн. км<sup>2</sup>-і – қайранда. 160 алабта өнеркәсіптік игерілетін мұнай бар екендігі анықталған. Мұнайды өндіру біздің заманымыздан бұрынғы 7-ғасырдан белгілі. Қазіргі заманғы мұнай өндіру процесі үңғымалармен жер қойнауынан мұнайды шығару, оларды жинау және тасымалдаудан тұрады. Қазақ жерінде алғашқы мұнай фонтаны 1899 ж. Қарашұнгілде атқылаған (Атырау облысында). Мұнайды өңдеу арнайы зауыттарда жүзеге асырылады; ол тұzsыздандырудан, сузыздандырудан тұрады. Одан кейін женіл мұнай тұрақтандырылады, яғни мұнай химиясы өнеркәсібі үшін бағалы шикізат болып табылатын көмірсүтектердің (пропан-бутан және пентан) фракциялары айдалады. Тұрақтандырудан кейін айдау арқылы бензин, реактивті отын, керосин, дизель отыны, мазут алынады. Мұнай құрамына кіретін көмірсүтектерді қайта өңдеу арқылы синтетикалық каучуктер мен талшықтар, пластмасса, поліэтилен, жуғыш үнтақтар, пластификаторлар, бояулар, т.б. заттарды бөліп алуға мүмкіндік туады.



«Қара алтын»



**МҰСАБАЕВ Талғат Амангелдіұлы** – Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының үшқыштарышкери. 1951 ж. 7 қаңтар күні Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылында дүниеге келген. Рига азаматтық авиация инженерлері институтын (1974) және

Ақтөбе жоғары үшқыштар училищесін (1993) бітірді. Алматы облысындағы азаматтық авиация өве қатынастарының Боралдай авиа отрядында инженер; 1986 ж. азаматтық авиацияның оқу жаттығу дайындығын бітіріп, АН-2 ұшағында 2-пилот, командирі болды. 1990 ж. Юрий Гагарин атындағы ғарышкерлер дайындау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісті. 16-негізгі бағдарлама бойынша 1994 ж. 1 маусымнан 4 қарашаға дейін (ұзақтығы 127 тәулік) «Союз-ТМ» ғарыш кемесінде борт инженері ретінде ғарышта болды; екі рет ашық ғарыш кеңістігіне ініктетті. 25-негізгі экспедиция бағдарламасы бойынша 1998 ж. 29-қаңтар мен 25 тамыз аралығында «Союз-ТМ-27» және «Мир» ғарыш кемелерінің кемесінде командирі ретінде ғарышта болды. Ұшу кеңінде 5 рет ашық ғарыш кеңістігіне шықты. Мұсабаев 2001 ж. 28 сәуір мен 6 маусым аралығында «Союз-ТМ-32» ғарыш кемесімен Халықаралық ғарыштық стансасына барған бірінші экспедицияның экипаж командирі болды. Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы және Ресей Федерациясының Батыры.



**МҰСТАФА ШОҚАЙ** – алаш қозғалысы қайраткері, Түркістан өлкесі халықтарының азаттық күресі жетекшілерінің бірі, публицист. Сыр өңірі қазақтары арасында жоғары беделге ие Шоқайдың отбасында 1889 ж. 25 желтоқсанда дүниеге келген. 1910 ж. Санкт-Петербург университетіне түсіп, оны

1917 ж. аяқтады. Студент шағынан қоғамдық саяси өмірге белсene араласты. 1917 ж. ақпан революциясын зор қуанышпен қарсы алғып, қалыптасқан саяси ахуал Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарының бостандыққа жетуіне мүмкіндіктер туғызады деп санады. 1917 ж. 16–21 сәуір аралығында Таңкентте өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының 1-съезіне қатысып, оның төралқасына мүше болып сайланды. «Бірлік туы» газетінің негізін қалаушы, әрі оның алғашқы редакторы болды. Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесіне төрағалық етті. Қоқанды большевиктер жауап алғып, Түркістан (Қоқан) автономиясын құлатуына байланысты 1919 ж. Маңғыстау арқылы Бакуғе, одан Тбилисиге өтіп, «Вольный горец», «Борьба» деген газеттерде жұмыс істеп, «На рубеже» деп аталатын журналға редактор болды. 1921 ж. ақпана Тбилиси Кеңес өкіметінің қолына өткен соң зайыбы Мария Горина-Шоқаймен бірге Түркіяда біраз аялдал, соңынан Францияға келді. Парижде орыс эмигранттарының «Дни», «Последние новости» газеттерінде қызмет жасады. 1927 ж. Зәки Уәлиди Тоғанмен бірге Парижде «Иені Түркестан» («Жаңа Түркістан»), 1929–39 ж. «Яш Түркестан» («Жас Түркістан») газеттерін шығарды. Оның атсалысуымен жарық көрген басылымдарда тек Түркістан өлкесі ғана емес, Әзербайжан, Солтүстік Кавказ, Еділ-Жайық бойы, Қырым халықтары жөнінде де қоғамдық-саяси мәні бар материалдар басылып тұрды. Ол Ташкентте құпия түрде құрылыш (1921), кейіннірек Еуропада өз жұмысын жалғастырған «Түркестан милли бирлигі» («Түркістан ұлттық бірлігі») үйімінен басқарды. Осындай жан-жақты саяси, зерттеушілік, журналистік, баспагерлік қызметі ар-



«Мұстафа Шоқай» фильмінен көрініс

қылыш шет елде түркістандық саяси эмиграцияның көсемі рөлін атқарды. 1940 ж. Париже неміс өскері кірген соң, тұтқынға алышып, бірнеше ай концлагерьде отырып шығады. Тұрмеден босатылған оны неміс-фашистері түркістандық соғыс тұтқындарынан құрылуға тиіс Түркістан легионын ұйымдастыруға тартпақ болады. Бірақ сүзек ауруына шалдыққан М.Шоқай Берлиндегі «Виктория» ауруханасында 1941 ж. 27 желтоқсанда көз жұмады. Сондағы мұсылмандар зиратына жерленген. Мұстафа Шоқай Түркістанда орнаған кеңестік биліктің отаршылдық сипатын алғаш сезген және онымен құресуге бүкіл ғұмырын арнаған қайраткер болды. Режиссер Сатыбалды Нарымбетов «Мұстафа Шоқай» атты көркем фильм түсірді.



**МҰСТАФИН** Габиден – Қазақстанның халық жазушысы (1984), Қазақстан Фылым Академиясының корреспондент мүшесі (1958), Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (1978), қоғам қайраткері. 1902 ж. 29 қарашада қазіргі Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Жауыр тауын


ның етегінде дүниеге келген. Ауыл молда-сынан ескіше сауат ашып, Спасскідегі орыс-қазақ мектебінде оқиды (1916). 1925–64 ж. Қызылорда өлкелік сотының іс-қағазын тіркеуші, Қарағанды шахтасында темір жонушы (токарь), «Қарағанды пролетариаты» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газетінің жаупапты хатшысы, «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналының қызметкері, редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы (1953–57, 1961–64) қызметтерін атқарды. Алғашқы әңгімесі «Сәрсен мен Боқаш» (1927) «Жыл құсы» альманағында жарияланса, тұнғыш жинағы «Ер Шойын» деген атпен шықты (1929). 1940 ж. Қарағанды шахтерлерінің өмірінен жазылған «Өмір не өлім» атты алғашқы романы жарияланды. Соғыс жылдарында және кейінгі уақытта ол кең көлемді прозада қалам тартып, «Шығанақ» (1945), «Милионер» (1948) повестерін, «Қарағанды» (1952), «Дауылдан кейін» (1957), «Көз көрген»



F.Мүсірепов, F.Мұстафин, С.Мұқанов

(1963) романдарын жазды. Шығармалары 20-ғасырдың басындағы дүрбелең оқигалар мен қоғамдағы жаңалықты, ел басынан әткерген ауырпашылықты кеңінен суреттеуімен құнды. Әдеби-сын мақалаларында елдің, ұлттың жағын қозғап, әдебиеттің бүгіні мен ертеңі, дамуы турасындағы тың ой-тұжырымдарын жазды. 1984 ж. 20 қаңтарда Алматы қаласында қайтыс болды.

**МУХАММЕД ПАЙГАМБАР**, Мұхаммед бин Абдолла бин Абд Муталиб бин Хашим – соңғы пайғамбар, ислам дінінің негізін салған Алланың елшісі. Ол Меккеде Қурайыш тайпасы, Бану Хашим руының араб отбасында 570 ж. дүниеге келген. Өмірге келуінен екі ай бұрын сапарда жүрген әкесі Абдолла жолай науқастанып, дүниеден өтеді. Үш жасына дейін сүт анасы Халиманың (Зиябытың қызы) тәрбиесінде болады. 6 жасында анасымен бірге нағашыларына барып, әкесінің басына зиярат жасайды. Осы сапарында анасы Әмина (Абд-Манаф қызы) дүниеден өтіп, атасы Абд-әл-Мұтәлиб тәрбиесіне алады. Пайғамбардың 8 жасында атасы да дүние салып, немере ағасы Әбуталибтің қолында ержетеді. Ағасы саудамен шұғылданатын, Мұхаммед (с.ғ.с.) 13 жасынан сауда ісіне араласып, меккелік дәулетті әйел Хадиша бинт Хуайлідтің сауда керуендерін басқарды. Мұхаммед деген атының өзі «мақтаулы» мағынасын білдірсе, кішкентайынан әдептілігімен, әділлілігімен көркем мінездің үлгісі болған пайғамбарды «Әмин» (адал, сенімді) деп атады. Пайғамбардың «Мұхаммед» атынан басқа көркем де қасиетті Ахмет, Махмұт, Мұстафа деген есімдері болған. Мінезі мен әділдігіне қызыққан Хадиша 25



Мединедеги Мұхаммед пайғамбар мешіті

жасар Мұхаммедке (с.ғ.с.) сөз салып, екеуі үйленеді. Хадишадан 2 ұлы – Қасым, Абдолла және 4 қызы – Зейнеп, Рұқия, Үммүгүлсім, Фатима туады. Екі ұлы жастай шетінеп кеткен, ал қыздары тұрмыс құрып, олардан үрімбұтақ тарайды.

Мұхаммедтің бойынан балалық шағынан бастап-ақ пайғамбарлық нышандары білінген. Бірде ол қозы бағып жүрген кезінде ақ киімді адамдар бейнесіндегі періштерел келіп қеудесін ашып, оның жүргінен ұйыған қара қанды алып, жүрегі мен көкірегін алтын табақтағы кіршікіз қармен тазалап, жуганы баяндалады.

40 жасқа келгенде өзінің жан дүниесіндегі ерекше құбылысты сезе бастайды. Ол оңашаланды ұнатып, Мекке қаласынан 3 шақырым жоғары Хира тауының бір ұнгірінде рамазан айын ғибадатпен өткізетін болды. Құлағына ғайыптан дыбыс келін: «Сен Алланың елшісің!» деген ишара сезіледі. Оған бұрынғы пайғамбарлар арқылы сүйіншілengen соңғы пайғамбарлық нәсіп болды. 610 ж. рамазан айында Жөбірейіл періште арқылы алғашқы уахи келді. «Оқы!» деген өмірге мойынсұнып, «Фалак» сүресінің алғашқы 5 аятын оқиды. Алғашқы әсері жайлы жұбайы Хадишамен ой бөліседі. Хадиша бірінші болып, оның пайғамбарлығын мойындал, сабырға шақырып, көңілші деңеу болады. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) Меккеде 13 жыл арабтарды исламға шақырды. Шынайы діннің таралуына тың серпіліс беретін мекен болашақ пайғамбар қаласы – Медине (ескіше Иасриб) еді.

Мединеде Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) ислам дінін уағыздаушыдан мұсылмандарды біріктірген қауымның рухани басшысына айналды. Оның басты тірегі Меккеден өзімен бірге келген мұсылмандар – мұхаджірлер мен

медиңелік мұсылмандар – ансарлар болды. Алла елшісі қоныстанғаннан кейін Мединені Ислам нұры сәулелендіре түсті. Жергілікті тұрғындар момындар қатарына топ-тобымен қосылды. Мединеде Пайғамбарға (Бақара/183–158) рамазан айында ораза ұстау парыз етілді. Алғашқы айт намазы оқылып, рамазан және құрбан айт мерекелері бекітілді. Пітір садақасы үәжіп болып, зекет парыз етілді.

630 ж. Мекке алынған соң екінші күні Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) Мекке қаласын қасиетті мекен деп жариялады, қан төгіске тыйым салды, адамдардың өзара қарым-қатынасы жайлы, отбасын құрудағы некеге байланысты қағидалар мен тыйымдарды жария қылды. 632 ж. Алла елшісі қажылық сапарын атқарды. Арафат тауында Алланың атымен сөз бастап қоштасу құтпасын оқиды. Адамдарды татулыққа, бауырмалдыққа, бір-бірінің ар-нағысына, мал-жанына құрметпен, қиянатсыз ақ пейілмен қараута, әйелдердің құқығын қорғауға үндейді. Өсімқорлыққа, қан дауына тыйым салады. Қасиетті кітап Құран Көрімнің мән-маңызын, адамның ұлтына, нәсіліне, жынысына қарамастан Құдайдың алдындағы теңдігін, тек тақуалығымен, ар-иманымен құрметке ие болатынын айтады. 633 ж. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) қатты сырқаттанады, сахабаларына өзінің бұл дүниеден өтер уақыты жақындағанын және соңғы өситеттерін айтады. Пайғамбар дүниеден өткен соң отбасы, сахабалары аза тұтты, Медине қаласында жаназасын оқып, өмірден озған жеріне арулап қойды.

**МУХАММЕД  
ХАЙДАР ДУЛАТ,**  
Мұхаммед Хайдар Дулати – белгілі тарихшы, әдебиетші, «Тарих-и Рашиди», «Жаһаннаме» дастандарының авторы.  
1499 ж. Ташкентте дүниеге келген. Жетісудағы Дулат тайпасы өмірлерінің үрпағы. Әкесі Мұхаммед Хусайн Моғолстанның батыс бөлігін билеген Сұлтан Махмұд ханының жақын адамдарының бірі болды. Сұлтан Махмұд хан мен Мұхаммед Шайбани ханының соғыстары кезінде (1508) әкесі қаза тауып, туыстары оны



Кабулдағы Бабырға жіберді. Ол Бабырдың Матуленнахр жорығына қатысты. 1512 жылдан Сұлтан Сайд ханның Қашқардағы сарайында тұрып, әскери және сарай қызметін атқарды. Хан мұрагері – Әбу ар-Рашид сұлтанды тәрбиеледі. 1533 ж. хан тағына отырған Әбу ар-Рашид дулат тайпасының басшыларынан қауіптенін, оларды қатты құғынға үшыратты. Мұхаммед Хайдар Дулат Үндістанға қашып, Ұлы Моголдар сарайында әскербасы болды. Қашмирді жауап алғып, оны Ұлы моголдар атынан биледі. 1551 ж. жергілікті халықтың көтерілісі кезінде қаза тапты. Бабырдың айтуы бойынша, ол жан-жақты білімді адам болған, саяси оқиғалар мен қайраткерлерді, сондай-ақ Дешті Қыпшақ пен Орта Азия, Моголстанның тарихын, әсіресе дулат тайпасының тарихын жақсы білді. 1541–46 ж. Қашмирде парсы тілінде «Тарих-и Рашидиді» жазып, онда дулаттардың өткен өмірі жайлы үрпақтан-үрпаққа жеткен әңгімелер, мөгол хандары сарайында сақталған ресми құжаттар, оқиға куәгерлерінің айтуы және өз байқаңдары негізінде баяндады. Автор өзінен бұрынғы белгілі ғалымдар – Жуайнидін, Жамал Қаршидін, Рашид әд-Диннің, Хамдолла Казвинидін, Шараф әд-Дин Өли Йаздидін, Абд ар-Раззак Самарқандидін, т.б. тарихи шығармаларын пайдаланды. Мұның бәрі шығарманы деректері анық, тарихи түпнұсқа деп атауға мүмкіндік береді. «Тарихи-и Рашидиде» қазақ хандығы құрылғанға дейінгі және одан кейінгі Жетісу мен Шығыс Дешті Қыпшақтағы оқиғалар, Моголстанның құлауы, соғыстар, сыртқы жауға қарсы қазақтардың қырғыздармен және өзбектермен достық одағының қалыптасуы, т.б. жайлы көптеген мағлуматтар беріледі. Шығарма түрік тіліне аударылып, Орта Азияда, Үндістан мен Иранда бірнеше рет қолмен көшірілді. 1999 ж. Мұхаммед Хайдар Дулаттың 500 жылдық тойы түркі халықтарының ортақ мақтанышы ретінде халықаралық дәрежеде Ташкентте аталағы өтілді. Таразда ес-көрткіш қойылып, Тараз мемлекеттік университетіне есімі берілді.

**МҰХИТ ПЕН ТЕҢІЗ**, Дүниежүзілік мұхит – Жер шарының басым бөлігін (70,8%-ын) алып жатқан, құрлықты материктер мен аралдарға бөліп тұрушы су қабаты. Аумағы 361,26 млн. км<sup>2</sup>, көлемі 1340,74 млн. км<sup>3</sup>, орташа тереңдігі 3711 м, ең терең жері



Солтүстік мұзды мұхиттагы кеме

11022 м (Тынық мұхиттағы Мариана шұңғы-масы). Дүниежүзілік мұхит құрлықтар арқылы 4 бөлікке бөлінеді: Тынық (50%), Атлант (25%), Үнді (21%) және Солтүстік Мұзды мұхит (4%). Мұхит Солтүстік жарты шардың 61%-ын, Оңтүстік жарты шардың 81%-ына жуығын алып жатыр. Гидрологиялық режимде Дүниежүзілік мұхит жеке мұхиттарға, теніздерге, шығанақтарға, қойнаулар мен бұғаздарға ажыратылады; сыртқы шекарасы құр-



Үнді мұхитының жағалауы



Мұхит түбі



Беринг теңізінің шағалалары

лықтың жағалық сзықтарымен айқын кескінделіп, ішкі шекарасы теңіздермен және оның бөліктерімен бөлінеді.

Теңіз – мұхит айдынан құрлықпен немесе су асты жоталарымен бөлінген және одан гидрологиялық, метеорологиялық, климаттық режимдерімен ерекшеленетін дүниежүзілік мұхит бөлігі. Теңіздің ашық мұхиттан шеткери орналасуы оның климатына әсер етіп, су алмасуын баяулатады. Теңіз құрлықпен неғұрлым түйіктала түссе, онда оның су режимінде мұхиттан айырмашылығы соғұрлым арта түседі. Теңіз деп шартты түрде мұхиттың ашық бөліктері де аталады; мысалы, Атлант мұхитының Саргасс теңізі және Үнді мұхитының Арабия теңізі. Кейбір көлдер – Каспий, Аral, Өлі теңіз – теңіз, ал кейбір теңіздер шығанақ (Мексика, Гудзон, Парсы) болып саналады. Геологиялық түрғыдан теңіз палеоген-неоген және антропогенде қалыптасып біткен. Негұрлым терең теңіздер Жер қыртысының аумақты жарылымдарының орнында (мысалы, Жерорта теңізі) пайда болады. Дүниежүзілік мұхит сүйнің құрлықтың жағалық бөлігін басуынан құрлықтың қайраңда шағын теңіздер қалыптасады. Теңіздің құрлықтан қашық не жақын жатуы климатының континентті-



Қара теңіз

лігінің артуына немесе кемуіне және температурасының маусымдық ауытқуына әсер етеді. Теңіз сүйнің тұздылығы түщі судың кірісі (өзен ағыны, жауын-шашын, мұздың еруі) мен шығысының (булану, мұз қалыптасу) арасындағы айырмашылыққа байланысты ауытқып отырады. Балтық теңізінің ашық бөлігінің тұздылығы – 6,0–8,0‰ болса, Қызыл теңізде бұл көрсеткіш 41,5‰-ге дейін көтеріледі. Мұз қабаты негізінен полюстік және қоныржай ендік теңіздерінде ғана қалыптасады. Теңіздің органикалық дүниесі мұхиттың ашық бөлігіндегі органикалық дүниеге қарағанда бай және көбіне өзіндік түрлер (эндемиктер) басым тараған.

### МУСИРЕПОВ Фабит

**Махмұтұлы – Қазақстанның халық жазушысы** (1984), Қазақстан Фылым Академиясының академигі (1958), Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (1970), Социалистік Еңбек Ері (1974). 1902 ж. 22 наурызда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Фабит Мұсірепов атындағы ауылда дүниеге келді. Ауыл молдасынан оқып, Қостанай уезінің Обаған болысындағы орыс мектебін бітірген (1918). Орынбордағы жұмысшы факультетінде (1926), Омбы ауыл шаруашылық институтында оқыған (1927). 1938–55 ж. бір-ыңғай шығармашылық жұмыспен айналысқан. «Ара» журналының бас редакторы (1956–57), Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 1-хатшысы (1956–61, 1964–66), КСРО Жазушылар одағы басқармасының хатшысы (1959–85) қызметтерін атқарды. Мұсірепов әңгіме жанрының өркендеуіне үлкен үлес қости. Алғашқы әңгімелерінде-ақ суреткерлік шеберлігімен танылды, әр кезеңде жазылған ана тақырыбындағы туындыларында қазақ өйелінің жиынтық образын жасады. Алғашқы романы – «Қазақ солдаты» (1945). «Оянған өлкө» (1953) тарихи романында қазақ жеріне өндіріс орындарының орнай бастауы кезеңіндегі (19 ғ.) халық өмірі шынайы сипатталған. «Оянған өлкенің» заңды жалғасы болып табылатын «Жат қолында» (1984) романы халық тұрмысын тарихи түрғыдан терең бей-






F.Мұсіреповтің жұмыс үстелі

нелеуімен құнды. Қаламгердің көп ізденіс, үлкен дайындықпен келген образы – Ұлпан бейнесі («Ұлпан» романы, 1974). «Қыз Жібек» (1934), «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» (1939), «Ақан сері – Ақтоқты» (1941) пьесалары лиро-эпостық жырлар негізінде туындаған. Сценарийін Бейімбет Майлин екеуі жазған «Амангелді» фильмі (1938) қазақ кино өнерінің алғашқы баспалдағы саналса, «Қыз Жібек» фильмі (1970) алтын қордан орын алған туынды. 1985 ж. 31 желтоқсанда Алматы қаласында қайтыс болды. 100 жылдық мерейтойы қарсанында (2002) Мұсіреповтің есімі Алматыдағы Жастар мен балалар театрына, Солтүстік Қазақстан облысындағы ауданға берілді. Жастар мен балалар театрының алдына қаламгердің ескерткіш мүсіні орнатылды.

**МУШЕЛ**, мүшел жас – қазақ халқының адам жасын есептеу үлгісі. Дәстүрлі қазақ қоғамында баланың 13 жасқа толуы алғашқы мүшелі делінеді, одан кейінгі мүшел жасы әр 12 жыл қайталанған сайын есептелін отырады. Ол 25-ке толғанда екі мүшел, 37-ге толғанда үш мүшел, 49-та келгенде төрт мүшел, 61-ге келгенде бес мүшел деп есептеледі. Халықтың адам өмірін кезеңдерге бөлуіне байланысты қалыптасқан шартты түрдегі боліністері мен мүшел санау үрдістері қоғам мүшесінің әлеуметтену жағдайын, яки қоғамдағы орны мен мәртебесін белгілеуді білдірді. Бірақ бір мүшел

жастағы ерекшеліктен келесі мүшел жасқа өтуді әлеуметтік құбылыс деп тануға негіз жоқ. Өйткені ол адамның биологиялық қасиеттерінде тән құбылыс болғандықтан, әр мүшел ішінде адамның өзіне тән қасиеттері мен болмысы қалыптасады. Мүшелден мүшелге өту арасындағы жаста адамға қауін-қатер жуық болады деп есептеліп, тән мен жанның өзгеріске үшірайтын тоқырау кезі, белесі деп саналды.

**МЫС**, Cu – элементтердің периодтық жүйесінің I-тобындағы химиялық элемент, атомдық нөмірі 29, атомдық массасы 63,546. Таблицатта тұрақты екі изотопы бар:  $^{63}\text{Cu}$  және  $^{65}\text{Cu}$ . Негізгі минералдары: халькопирит, халькоzin, ковеллин, малахит, азурит. Пластикалық қызыл түсті металл, тығыздығы 8,94 г/см<sup>3</sup>, балқу  $t = 1084,5^\circ\text{C}$ , қайнау  $t = 2540^\circ\text{C}$ . Құрғақ ауадағы бөлме температурасында тотықпайды. Қыздырғанда ауада  $\text{CuO}$  және  $\text{Cu}_2\text{O}$ -ға дейін тотығады, галогендермен, S, Se,  $\text{HNO}_3$ ,  $\text{H}_2\text{SO}_4$ -пен әрекеттеседі. Аммиак, цианидтермен, т.б. кешенді қосылыстар түзеді. Сульфид концентратын балқытып, одан түзілген мыс штейнін қара мысқа дейін тотықтырып, оны жалынмен не электролиттік әдіспен тазарту арқылы; гидрометаллургиялық әдіс – құрамында мысы бар минералдарды құқірт қышқылымен (немесе  $\text{NH}_3$  ерітіндісімен) өндеп, одан әрі электролиздеу арқылы алады. Мыс кабельдердің, электр қондырылары мен жылу алмастырыштардың ток өткізгіш бөлігін жасау үшін пайдаланылады, қорытпалардың (латунь, қола, мыс-никель, т.б.) құраушысы ретінде қолданылады.



Мыс кентасы

Қазақстанда мыс көндерінің ірі кен орындарына Жезқазған, Қоңырат, Ақтогай, Жаманайбат, т.б. жатады.

**МЫСЫР, Е ж е л г і Е г и п е т** – Африканың солтүстік-шығысында Ніл өзені бойында құрылған ертедегі мемлекет. Біздің заманымыздан бұрынғы 4-мыңжылдық шамасында Ніл өзені бойына жиналған тайпалар (протосемит, бербер, кушит, т.б.) өзара араласып, Мысыр халқы қалыптасты. Халық санының күрт өсуі аң және балық аулау арқылы тамак табуды қындарлып, мал шаруашылығы мен егіншілік келін шықты. Алғашқы мемлекеттік бірлестіктер пайда болды. Олардың арасынан екі мемлекет іріктеліп шығып, елдің оңтүстігінде жоғарғы Мысыр, ал солтүстігінде – төменгі Мысыр патшалықтары құрылды. Біздің заманымыздан бұрынғы 3-мыңжылдық шамасында жоғарғы Мысыр билеушісі Менес (Мена) төменгі Мысырды басып алғып, елді біріктірді. Ежелгі Мысыр мемлекеті бірнеше кезеңдерді бастан кешірді.

Алғашқы патшалықтардың тұсында перғауын сарайларында арнайы мектептер ашылып, болашақ шенеуніктер даярланды. Мектептерде 5–16 жас аралығындағы ер балалар оқып, 12 жастан бастап өр түрлі мекемелерде көшірмеші, хатшылық жұмыстарды атқарды. Сауатты жазу мен есепке басты назар аударылып, қосымша гимнастикалық жаттығулар, суда жүзу, өзін-өзі дұрыс ұстасу үйретілді. Діни



Гизадагы пирамидалар (біздің заманымыздан бұрынғы З-мыңжылдық)

мектептерде астрономия мен медицина оқытылды. Ақсүйектердің балаларына өскери білім берілді. Математика ғылымы алгебра мен геометрияға бөлінді. Қарапайым алгебра есептері шешіліп, пирамидалар геометриялық жолмен салынды. Мысырabyздары жұлдыздарды зерттеу арқылы жылды 3 маусымға (сұлыжанаңбырлы, егінді, құрғақ), 12 айға бөлді. Өр айда 30 күннен болды. Ал қалған 5 күнді жылға қости. Уақытты есептеу үшін құм және су сағаттары қолданылды. Елді мекендердің алғашқы карталары мен қалалардың жоспары жасалынды. Анатомия мен хирургия да жақсы дамып, өлген адамдардың денесі бальзамдалды, хирургиялық аспаптар пайда болды. Бұған қоса адам емдеуде магия, сиқырлау, кері дуалап оқу әдістері кеңінен қолданылды. Денені мумиялау, дәрі-дәрмек, түрлі түсті бояулар жасау арқылы химия ғылымы да дами бастады. Мысыр тенізшілері перғауындардың бүйріғы бойынша алыс елдерге саяхат жасап, Африканы айналып шығып журді. Грек-рим мәдениеті келгенге дейін Мысырда нақты тарихи оқиғалар тек жартастағы жазулар мен аныз-әңгімелер арқылы ғана сақталып отырған. Мысыр мәдениеті ежелгі дәүірде антикалық мәдениеттің, кейіннен Еуропа және мұсылман мәдениеттерінің бастауы болды. Гректер Мысырды данышпандар елі деп атап, оларды өздерінің үстаздары санады.



Тутмос III перғауын Амон құдайга құрбандақ әкеліп түр (біздің заманымыздан бұрынғы 1400 ж.). Каир. Египет музейі.

**МЬЯНМА, М ь я н м а О д ағ ы** – Оңтүстік-Шығыс Азияда, Үндіқытай түбегінде орналасқан мемлекет. Жерінің аумағы 678,5 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 55,1 млн. адам. Астанасы – Янгон қаласы (3,5 млн.).

Мьянма 7 ұлттық облыс пен 7 әкімшілік облыстар құралады. Халқының көпшілігін (70%) бирмалықтар құрайды, қалған этникалық топтардың арасында саны жағынан ірілері: шан,



Янгон қаласы

карен, чин, мон, т.б. Ресми тілі – бирма тілі, ағылшын, қытай және жергілікті тілдер (карен, мон) де қолданылады. Дінге сенушілердің 85%-ы будда дінін ұстанады, қалғандары: христиандар, индуистер, мұсылмандар.

Мьянма аумағының көпшілік бөлігін таулар мен үстірттер алғып жатыр. Батысында Ракхайн мен Пакхайн таулы қыраттары, шығысында Билауктонг қыраты орналасқан. Мьянмада бүкіл Оңтүстік-Шығыс Азияның ең биік жері – Кхакаборази (5881 м) шыңы орналасқан. Елдің орталық пен оңтүстік бөлігі кең жазық. Осы жазық арқылы Мьянманың басты Иравади өзені ағып өтеді. Мьянма – ауыл шаруашылығы басым дамыған ел. Өнеркәсіптің негұрлым маңызды салалары: тау-кен, мұнай өндіру, орман шаруашылығы, ауыл шаруашылығы, балық аулау мен ағаш дайындауды қоса есептегендеге ұлттық жалпы өнімнің 40%-ын береді. Ауыл шаруашылығының негізгі саласы – күріш өсіру.



Таунг Калат монастыры



**НАЗАРБАЕВ Нұрсұлтан Әбішұлы** – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы. Экономика ғылымының докторы (1992), Қазақстан Үлттық Фылым Академиясының академигі (1993). 1940 ж. 6 шілдеде Алматы облысы Қарасай ауданы Шамалған ауылында туған. 1958 ж. Днепродзержинск қаласындағы (Украина) техникалық училищені, 1967 ж. Қарағанды металлургия комбинаты жаңындағы жоғары техникалық оқу орнын бітірген.

Теміртаудағы «Қазметаллургқұрылыш» тресінің жұмысшысы, Қарағанды металлургия зауытында (Қарметкомбинат) шойын қуюшы, домна пешінің көрікшісі, диспетчер, газ айдаушы болды. 1969–79 ж. Теміртау, Қарағанды қалаларында партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды. 1979–84 ж. Қазақстан КП ОК хатшысы, 1984–89 ж. Қазақстан Министрлер Кеңесінің төрағасы, 1989–91 ж. Қазақстан КП ОК-нің 1-хатшысы өрі Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің төрағасы (1990 ж. ақпан–сәуір) болды. 1990 ж. 25 наурызда КСРО-да президенттік басқару институты енгізілуіне орай 1990 ж. 24 сәуірде Қазақ КСР-інің Президенті болып сайланды. Сонымен бірге Қазақстан КП ОК-нің 1-хатшысы қызметін қоса атқарды. 1991 ж. 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңға қол қойып, жаңа тәуелсіз мемлекеттің егемендігін жариялады. 1991 ж. 1 желтоқсанда өткен бүкілхалықтық президенттік сайлауда республика азаматтарының 98,78% дауысына ие болып,





Алматы қаласының түргындарымен

женіске жетті. 1995 ж. 29 сәуірде өткізілген бүкілхалықтық референдум нәтижесінде президенттік өкілеттілігі 2000 жылға дейін ұзартылды. 1999 ж. 10 қаңтарда өткен сайлаудың нәтижесінде ол 79,78%, 2005 ж. 4 желтоқсанда өткен сайлауда 91%-дан астам, 2011 ж. 3 сәуірде өткен кезектен тыс сайлауда 95%-дан астам дауыс алғып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды.

Төуелсіздіктің бастапқы кезеңінде қысқа мерзім ішінде үлттық қауіпсіздік құрылымы, қарулы күштер, мемлекеттік басқару жүйесі секілді жаңа Қазақстан мемлекеттілігінің неғіздері қаланды. Егемен Қазақстанның алғашқы күндерінен бастап мемлекет басшысының алдында елде нарықтық экономиканы қалыптастыру, демократия, саяси тұрақтылық, үлтаралық және дінаралық келісімді нығайтуға бағытталған кең көлемді шараларды іске асыру міндеттері тұрды. 1997 ж. 20 қазанда Назарбаев Ақмоланы Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялаутуралы жарлыққа қол қойды. Жүргізілген реформалардың нәтижесінде 1993–2012 ж. аралығында Қазақстан экономикасына 171,2 млрд. АҚШ доллары көлемінде тікелей шетел инвестициясы тартылды. Қазақстан кірісі



Әсем қала – Астана

жағынан орта деңгейдегі елдердің тобына қосылды, елде сыртқы қолайсыз факторларға тәуелді болмау үшін Үлттық қор құрылды. Елдің ішкі саясатында Қазақстан қоғамын демократияландыру мәселесіне ерекше мән берілді. Назарбаев ғылымның дамуына, білім беру жүйесін реформалауды іске асыруға үлкен еңбек етті. Ол Қазақстан халықтары ассамблеясының жетекшісі (1995) және Дүние жүзі қазақтары қауымдастырының тәрағасы (1992). Сыртқы саясатта елде азаматтық келісім ахуалын орнықтырып, Еуразия кеңістігінде, күллі әлемде бейбітшілік пен татулықты сақтауға, саяси, экономикалық, мәдени ынтымақтастық аясын кеңейтуге көп үлес қосып келеді.

**НАЗАРБАЕВА Сары Алпысқызы** – қоғам қайраткері. 1941 ж. 12 ақпанды Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Қызылжар ауылында туылған. Қарағанды металлургия комбинаты жаңындағы жоғары техникалық оқу орнын бітірген (1960). Осы комбинатта, «Қарағандықөмір» өндірістік бірлестігінде жұмыс істеді. 1992 ж. елдегі ана мен балаларды әлеуметтік қорғау, балалар үйлерін қамкорлыққа алу, тұрмысы төмен, жетім балаларға жәрдемдесу мақсатында «Бебек» бала-



Теміртаудагы балалар үйінде

лар қайырымдылық қорының негізін қалады. Қазақстанда алғашқы болып жетім балаларды қорғайтын заң (Отбасылық ұлгідегі балалар ауылдары және жасөспірімдер үйлері туралы) шығару бастамасын көтерді. Осыған орай Сара Алпысқызының тікелей қатысуымен жетім балаларға арналған балалар ауылдары салынды. Онда тәрбиеленген тұлектер тұргын үймен, білім алу мүмкіндігімен немесе жұмысспен қамтамасыз етіледі. Әсіреке Арап мен Семей ядролық полигоны сияқты экологиялық апatty аймағының балаларына ерекше көңіл белінеді. С.А.Назарбаевага қайырымдылық қызметі үшін 1999 ж. «СӨС-Киндердорф» халықарапаралық қорының алтын медалі берілді. Ол білім беру жүйесіне «Әзіндітану» сабағын енгізді (2004). «Юнити» халықарапаралық сыйлығымен марапатталған (1996).

**НАЙЗАҒАЙ** – бұлттар не бұлт пен жер арасында болатын ұзындығы бірнеше км, диаметрі ондаған см және ұзақтығы секундтың ондаған үлесіндей болатын алып электрлік ұшқынды разряд. Табиғатта найзағайдың сызықтық түрі жиі кездеседі. Найзағай пайда болу үшін бұлттың шағын көлемінде ұшқындық разрядтың басталуына жеткілікті (кернеулігі ~1 Мв/м) электр заряды түзіліп, ал оның қалған едәуір белігінде басталған разрядты әрі қарай демейтіндей, орташа кернеулігі 0,1–0,2 Мв/м электр өрісі болуы керек. Бұлт пен жер арасында пайда болатын найзағай бірнеше кезеңнен тұрады. Алғашқы кезеңде күшті иондалу құбылысы, содан кейін электрондар тасқыны (жерге қарай бағытталған) және одан әрі электр разрядының тармақтары – стримерлер пайда болады.



Найзағай

Стримерлер біріге келе өткізгіштігі өте жоғары термоиондалған жарық арнаға – найзағайдың сатылыш лидеріне алмасады. Лидер ұзындығы ~10.100 м, жылдамдығы ~5.10<sup>7</sup> м/с, бір-біріне өту уақыты бірнеше мкс кідіріспен жеке сатылар түрінде (~2.10<sup>5</sup> м/с жылдамдықпен) жер бетіне жақындаиды. Ақырғы кезеңде ұзындығы 1–10 км, диаметрі бірнеше см болатын лидер арнасының бойымен кері бағытта найзағайдың басты разряды (жылдамдығы ~10<sup>8</sup> м/с) жүреді. Мұндағы ток күші 10.10<sup>5</sup> А-ге, температура 25000°C-қа жетеді. Мұндай найзағайды созылма найзагай деп атайды. Бұлт пен бұлт арасында болатын найзағай тек лидерлік кезеңді қамтиды (ұзындығы ~1–150 км). Найзагайдың ерекше түрі – шар тәрізді найзагай. Ол көбіне сзызықтық найзагайдан кейін іле-шала пайда болады да бірнеше секундқа ғана созылады.

**НАМАЗ** – исламның иманнан кейінгі екінші парызы; тәкпір, ниетпен басталып, сәлеммен аяқталатын, белгілі бір сөздер мен дene қимылдарын қамтитын гибадат. Намаз – қиям (тік тұру), қирағат (құраннан сүре оқу), рукуғ (еңкею), сөждө (жерге маңдай қою), қарда (отырыс) арқылы орындалатын құлшылық. Исламда намаз Құран Қәрім, Сұннет, Ижма арқылы бекітілген. Ол туралы Құран Қәрімде тоқсаннан аса аят бар.

Намаз оқудың шарттары: «Ақыл-есі дұрыс болу, ер бала 12 жастан жоғары, қыз бала 9 жастан жоғары болуы міндетті. Намаздың 12 парызы бар: алтауы сыртында, алтауы ішінде. Сыртындағы алтауы: 1) Fұсылы, дәреті болуы; 2) киімі, денесі, намаз оқытын орны та-за болуы; 3) әуреті жабық болуы (ер адам-



Жума намазга жиналған жамагат

ның әурет жері кіндік пен тізенің ортасы, ал әйел баласының беті, екі қолы білезігіне дейін және тобығынан жоғарғы жерлері әурет болып есептеледі); 4) жүзін құбылаға қаратуы; 5) әр намаздың уақыты енуі; 6) ниет етуі. Ішіндегі алтауы: 1) алғашқы тәкбір айтту; 2) қиям, тік тұру; 3) қирагат, Құран аяттарынан оқу; 4) рукуғ, еңкею; 5) сәжде, жерге маңдай қою; 6) қағдан ахир, соңғы отырыс. Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың айтуы бойынша: намаз діннің тірегі, кім намазды орында маса, дінін бұзғаны. Діни рәсім бойынша таң, бесін, намаздыгер, намазшам, құптан, үтір үәжіб намаз оқылады. Намаз әсерлі болуы үшін Құдайды көріп тұрғандай құлшылық жасалуы керек. Егер оған сенімі жетпесе онда ол мейі қөріп тұр дегендег сезімде болуы керек деген түсінік бар. Намаз оқып жатқан адамның алдынан өту әдепсіздік болып саналады. Жамағатпен мешіттерде намаз өтелген кезде бір кісі алдында, қалғандары оның артында оған үйіп оқиды. Жамағатпен оқылған намаздың сауабы жеке оқыған намаздың сауабынан жиырма жеті есе артық. Тауарих намазы – рамазан айында құптан намазы мен үтір намазының арасында оқылады. Айт намаздарын – қасиетті мейрам Фітір айт мен Құрбан айт күндерінде жұртшылықпен бірге өтейді. Жұма намазы апта сайын жұма күндері көпшілік қауыммен мешітте өтеді.



**НАПОЛЕОН** Бонапарт, Наполеон I – Францияның мемлекет қайраткері, қолбасшы, император (1804–14 ж. және 1815 ж.). 1769 ж. 15 тамызда Корсика аралында ақсүйектер отбасында дүниеге келді. 1785 жылға дейін Бриен және Париж әскери мектептерінде оқыған. Франциядағы

1789–94 ж. революция кезінде Тулонды азат еткені үшін 24 жасар Наполеон капитандықтан бригадалық генерал дәрежесіне дейін көтерілді. 1796 ж. Италияға жорық жасаған армияның бас қолбасшылығына тағайындалды. Осы және кейінгі Египетке жасаған жорықтары кезінде өзін аса көрнекті қолбасшы ретінде көрсетті. 1799 ж. 9 қарашада (18 брю-

мерде) биліктегі дағдарысты пайдаланып, мемлекеттік төңкөріс жасады. Ол елде алғашында консулдық, одан кейін империя (1804 ж. 18 мамыр) түріндегі әскери диктатура орнатты. Өнеркәсіп пен сауданы дамытты, француз банкін құрды. Жүргізген соғыстары басқыншылық, тонаушылық сипатта болғанымен, Еуропадағы феодалдық-абсолюттік құрылымдарға сокқы берді. 1812 ж. маусымда Ресейге қарсы соғыс ашып, женіліске үшірады. 1814 ж. наурызда Францияға қарсы коалиция әскерлерінің Парижге кіруі Наполеонды тақтан бас тартуға мәжбүр етті. Ол Эльба аралына айдалды. Бірақ 1815 ж. наурызда француз тағын қайтадан басып алды. Ватерлоо түбінде одақтастар әскерінен женіліске үшіраған соң (1815 ж. 22 маусым), өмірінің соңғы жылдарын Әулие Елена аралында ағылшындардың тұтқыны ретінде өткізді. Наполеон Бонапарт 1821 ж. 5 мамырда қайтыс болды. Сүйегі 1840 ж. Парижге әкелініп, Мүгедектер үйіне қойылды.

**НАУРЫЗ** – ежелгі мейрам. Наурыз мереңесін тойлау дәстүрі Еуразия халықтарының тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Олар бұл күндерде әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды; жаңа өнген жеті дәнге қарап болашақты болжайды, ескі киімдерін тастайды, ескірген шыны аяқты сындырады. Дәстүрлі қазақ қоғамында әрқашан қасиетті, киелі Ұлыс күні жыл басы саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киғен. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады; әйелдер құшақтасып, бір-біrine игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурыз көже ішуге шакырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып



Наурыздың бас тагамы – Наурыз көже



Наурыз мерекесіне тігілген киіз үйлер

пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді. Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дөм таттырып, табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген. Алтыбақан басында өн айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспак, күрес, қыз куу, алтыбақан, тең көтеру, т.б.) ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады.

Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңдерінде (1920–25) шығыс халықтары бұл мерекені атап өткенімен, 1926 ж. ол «діни мейрам», «ескілік сарқыншағы» деп танылып тоқталды, бірақ Қазақстанның көпшілік аумақтарында жасырын түрде сақталып қалды. 1988 жылдан наурыз жалпыхалықтық мейрам ретінде қайта тойланған бастады. 2011 жылдан Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі 21, 22 және 23 наурызды тойланады. Бұл үш күн реңми мереке күндеріне жатады.

**НАУРЫЗБАЙ БАТЫР,** Н а у р ы з б а й Құтпан бетұлы (1706, Алматы облысы Жамбыл ауданы – 1781, сонда, Дегерес ауылының маңы) – жонғарларға қарсы күрескен батыр. Ұлы жұз шапырашты тайпасының төлеміс руынан. Ел ішінде Шапырашты Наурызбай деген атпен белгілі. Наурызбай 1729 ж. Ақырақай шайқасында шапырашты руының қолын басқарды. Наурызбай жонғардың Шамалған мен Қаскелең батырларын жекпе-

жекте өлтірген. 1748–53 ж. ол Шығыс Қазақстанды, Жетісуды азат ету соғыстарына қатысқан. Жонғарлар қуылғаннан кейін Наурызбай жаудан азат етілген аймақтарға қазақ руларын орналастыру ісінде ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсіп, ел басқарған. Бұқар, Жамбыл, т.б. ақын-жыраулар оны жырға қосқан. Наурызбайдың Оңтағар, Жақсылық, Шөшке деген ұлдарынан тараған ұрпақтары бүгінде Алматы облысының Жамбыл, Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ аудандарында тұрады. Алматы қаласындағы бір көшеге Наурызбай есімі берілген.

**НАУРЫЗЫМ ҚОРЫФЫ** – Қостанай облысының Наурызым және Әулиекөл аудандарында орналасқан мемлекеттік қорық. 1931 ж. үйимдастырылған (320 мың га), 1966 ж. ауданы ықшамдалып (87,7 мың га), қайта құрылды. Оған Терсек (көлемі 4,7 мың га), Сыпсың (көлемі 7 мың га) және Наурызым (көлемі 37,2 мың га) орман алқаптары мен Жаркөл, Ақсұат, Сарымойын көлдері енеді. Олар-



Наурызым қорығы

дың үлесіне бетегелі-жусанды 5 мың га тың жазық дала кіреді. Топырағы құмайтты. Мұнда жоғары сатыдағы өсімдіктердің 700-ге жуық түрі (қарағай, қайың, көктөрек, тобылғы, тал, мойыл, қырыққұлақ, т.б.) өседі. Қорықта ор қоян, елік, борсық, түлкі, суыр, т.б. мекендейді. Аққу, безгелдек, дудақ, ақ сұңқар, тарғақ сияқты саны жылдан жылға азайып бара жатқан құстарды кездестіруге болады. Бұл аймақта су көздерінің мол болуы көктемде жыл құстарының ұшып келуіне, ұя басуына мүмкіндік береді.

**НЕПАЛ,** Н е п а л корольдігі – Оңтүстік Азиядағы Гималай тауының орталық бөлігіне орналасқан мемлекет. Жер аумағы 140,8



Катмандудагы гибадатхана

мың км<sup>2</sup>. Халқы 30,5 млн. Негізгі тұрғындары – непалдықтар. Ресми тілі – непали. Халқының 86%-ы индуизм, қалғандары будда, ислам діндерін ұстанады. Астанасы – Катманду қаласы. Әкімшілік жағынан 14 аймаққа бөлінеді.

Непал жері таулы келеді. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай екі қатар тау жотасы созылып жатыр, аралықтарында үлкен ангарлар мен қазаншұңқырлар бар. Непалдың солтүстік және шығыс шекараларында әлемдегі ең биік шындар Джомолунгма (Эверест, 8848 м) және Канченджанга (8585 м) тұр. Өзендерінің (Ганг алабы) ағыны қатты, су құламалары коп. Ирі өзендері: Карнали, Гандак, Коси, Багхмати.

Непал – аграрлы ел. Негізгі ауыл шаруашылық дақылдары – күріш, бидай, жүгері, картоп, шай, темекі, мақта. Мал шаруашылығы елдің солтүстік бөлігінде басым дамыған. Өнеркәсібінде ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өндеу басты орын алады. Туризм мен альпинизм дамыған. Экспортқа кілемдер, қарақұмық, қағаз-мақта бұйымдары, майлы дақылдар мен тері шикізаттарын шығарады.

**НИГЕР, Нигер Республикасы –** Батыс Африкадағы мемлекет. Жер аумағы – 1267 мың км<sup>2</sup>. Халқы 16,9 млн. Астанасы – Ниамей қаласы. Әкімшілік жағынан 7 департаментке, 33 округке бөлінеді. Ресми тілі – француз тілі. Халқының 80%-ы мұсылман-сұнниттер, 1%-ы христиандар, қалғандары жергілікті наым-сенімдерді ұстанады.

Нигер аумағының көшілік бөлігін Сахара шөлі орталық бөлігін Аир үстірті оңтүстік-шығысын Чад көлі қазаншұңқырының

солтүстік-батыс бөлігі, оңтүстік-батысын Нигер өзенінің орта ағысы бойындағы ангарлар алып жатыр. Ирі өзендері – Нигер, Комадугу – Йөбе. Чад көлінің едәуір бөлігі Нигерге қарайды.

Халықтың 90%-ы ауыл шаруашылығында жұмыс істейді. Жерінің 12%-ы егістік және көп жылдық дақылдар егуге жарамады. Елде қазба байлықтар (урал кентасы, қалаиы, гипс, ас тұзы, сода) қоры көп. Экспортқа уран кентасы, арахис, ет өнімдері, жеміс-жидектер шығарылады.

**НИГЕРИЯ, Нигерия Федеративтік Республикасы –** Батыс Африкада, Нигер өзенінің төменгі ағысында орналасқан мемлекет. Жер аумағы 923,8 мың км<sup>2</sup>. Халқы 152,0 млн. Ресми тілі – ағылшын тілі. Халқының 50%-ы мұсылмандар, 40%-ы христиандар, қалған бөлігі жергілікті діни наым-сенімдерді ұстанады. Астанасы – Абуджа.

Нигерияның көшілік бөлігін жазықтар мен тау үстірттері (ең биік нүктесі – Фогель шыңы – 2042 м) алып жатыр. Нигерия – аграрлы ел, сонымен қатар мұнай өндірісі жоғары дамыған (мұнай экспорттайтын ең ірі



Нигерияның астанасы – Абуджа қаласы



Тенере шөлі

10 мемлекеттің құрамында). Түсті металдар, электр қуатын өндіру, тамақ, тігін өнеркәсіп орындары бар. Сыртқа шаруашылық дақылдары: какао, майлы пальма, арахис, мақта, каучукті өсімдіктер, қант құрағы.

**НИДЕРЛАНД**, Нидерланд корольдігі (бейресми атауы – Голландия) – Батыс Еуропадағы мемлекет. Солтүстік теңіздің жағалауында орналасқан. Жер аумағы 41,5 мың км<sup>2</sup>. Халқы 16,8 млн. адам. Тұрғындарының 96%-ы голландықтар. Ресми тілі – нидерланд (голланд) тілі. Халқының 50%-ға жуығы – католиктер, 40%-ға жуығы – протестанттар. Астанасы – Амстердам қаласы (үкімет резиденциясы Гаага қаласында орналасқан). Өкімшілік жағынан он екі провинцияға бөлінеді.

Нидерланд аумағының көшілік бөлігін ойпатты жазықтар (40%) алып жатыр. Оңтүстік-батысында Арденн сілемдері орналасқан (ең биік нүктесі – Ваалсберг тауы – 321 м).

Нидерланд – экспортқа бейімделген жоғары өнімді ауыл шаруашылығы бар, дамыған өнеркәсіпті ел. Экономикасында сыртқа капитал шығару, сыртқы сауда, теңіз транспорты маңызды орын алады. Мұнай, табиғи газ (жылына 90 млрд. м<sup>3</sup> шамасында) өндіріледі. Өнеркәсінтиң жетекші салалары: мұнай өндеу (органикалық химия өнімдерін өндіру), мұнай-химия, машина жасау, кеме және үшақ, газ және химия өнеркәсібіне қажетті құралжабдықтар, дәрі-дәрмектер жасау, металургия мен металл өндеу, электротехника, дәмдік тағамдар шығару. Алмас пен қымбат бағалы тастарды өндеу салалары жақсы дамыған. Ауыл шаруашылығында етті-сүтті ірі



Амстердам порты

қара өсіру басым. Нидерланд – дүние жүзіндегі сүт пен сүт өнімдерін сыртқа ең көп шығаратын мемлекеттердің бірі. Жылышайда көкөніс пен жеміс-жидек, гүлдер мен гүл түйнектерін (жылына екі миллиардан астам қызығалдақ түйнектерін шет елдерге сатады), саңырауқұлактар өсіру жақсы дамыған.

**НОБЕЛЬ СЫЙЛЫГЫ** – халықаралық сыйлық. Тағайындаушысы – швед инженер-химигі, өнертапқыш Альфред Бернхард Нобель (1833–96). Нобельдің өсietіне орай, өзі қайтыс болғаннан кейінгі артында қалған қарожаты бойынша Нобель қоры құрылды (бастапқыда 33,3 млн. швед кронасына тең болды). Бұл қаражат акциялар, облигациялар мен несиеге таратылып, түскен пайда теңдей 5-ке белініп, физика, химия, медицина, әдебиет және бейбітшілікті нығайту салаларындағы еңбектер үшін тапсырылды. 1968 ж. Швеция Мемлекеттік банкі өзінің 300 жылдығына байланысты Нобельдің құрметіне экономикалық ғылымдар саласындағы табыстар үшін де жыл сыйынғы сыйлық тағайындалады. Нобель сыйлығы Нобельдің суреті бейнеленген алтын медальдан, арнайы диплом мен қаржыдан құралады. Сыйлықтарды тағайындау жонінде шешімдер озгерілмейді. Бейбітшілік сыйлығынан басқа барлық сыйлықтар жеке адамдарға тек бір рет қана тапсырылады. Ерекше жағдай ретінде М.Складовская-Кюриге (1903, 1911), Л.Полингке (1954, 1962), Дж. Бардинге (1956, 1972) екі рет Нобель сыйлығы тапсырылды. Ережеге сай, қайтыс болғандарға Нобель сыйлығы тағайындалмайды. Нобель сыйлығы Стокгольм мен Ослода Нобель қайтыс болған күн – 10 желтоқсанда салтанатты түрде тапсырылады. Қалыптасқан дәстүр бойынша швед королі Стокгольмде Нобель сыйлығының лауреаттарына алтын медаль тапсырады, нор-



Нобель сыйлығының медалі

вег королі Ослодағы салтанатқа қатысады. Нобель сыйлығы 1901 жылдан бастап тапсырылып келеді. 110 жылдың ішінде (1901–2011) Нобель сыйлығымен 41 елдің 600-ден астам ғалымы мен қоғам қайраткері мара-патталды. Олардың 39-ы – әйел. Бейбітшілікті сақтау мен қорғау ісіндегі сіңірген еңбегі үшін 15 халықаралық үйым Нобель сыйлығына ие болды.

**НОГАЙ ОРДАСЫ**, Маңғыт ұлысы – Алтын Орда ыдырап, Ақ Орда әлсірегеннен кейін Батыс Қазақстан жеріне іргелес аймақта пайда болған мемлекеттік бірлестік. Негізгі аумағы Еділ мен Жайық аралығы болғанымен, шығыста Жайықтың сол жағасына, солтүстік-шығыста Батыс Сібір ойпатына дейін, солтүстік-батыста Қазанға дейін, оңтүстік-батыста Аралға, кейде Маңғыстау мен Хорезмге дейінгі алқапты қамтыды. Алғашында «Маңғыт Ордасы» аталған. «Ногай» атауы алғаш орыс жылнамаларында (1479), кейін шығыс деректерінде (1500) пайда болды. Жазба деректерге қарағанда Едіге 15 жыл (1396–1411) Алтын Ордадағы билікті түгелдей өз қолына ұстаған тұста иелігіндегі ногай ұлысы даралана бастады. Кастилия елшісі Р.Г.Клавихоның жазбасында Едіге 200 мыңнан астам жасақ ұстап, Алтын Орданы өзі қойған хандар арқылы басқарғаны айтылады. Ногай ордасының даралануы 13 ғасырдың 2-жартысында басталып, Нұр әд-Диннің (1426–40) тұсында аяқталды. Орталығы Сарайшық болды. Бас билік маңғыт әмірлерінің, яғни Едіге ұрпағының қолында болып, билік атадан балаға көшіп отырды. 15 ғасырдың орта шенінде ногайлар Сырдарияның орта ағысындағы қалаларды басып алғып, Дешті Қыпшақтың саяси өмірінде Уақас би, Мұса мырза, Жаңбыршы, т.б. басты рөл атқарды. Құрамына енген тайпалар (маңғыт, алшын, жалайыр, қаңлы, керей, қыпшак, найман, аргын, тама, т.б.) кейіннен қазақ халқының этникалық құрамын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Шоқан Ұәлиханов ногайлар мен Қазақ хандығы халқының туыстығы туралы «бауырлас орда» деп атаған. 16 ғасырдың 2-жартысында Қазан мен Астрахан хандықтарын Ресей жаулап алғаннан кейін ногай билеушілері бірнеше ұлыстарға бөлінін, Солтүстік Кавказда Кіші Ногай ордасы, Жем, Ойыл жағалауларында Алты ұлыс ордасы құ-

рылды. Исмаил мырзаның қарамағындағы тайпалар Үлкен Ногай ордасын құрып, 1557 ж. Орыс мемлекетіне бағынды. Еділ қалмақтарының шабуылынан кейін 1634 ж. ногайлар Еділдің оң жағалауына көшіп, Кіші Ногай ордасымен бірікті де, Қырым хандығына тәуелді болды. Үйдірағаннан кейін қазақ жерінде қалған ел Қазақ хандығы құрамына енді. Қазақ, қарақалпақ, өзбек, татар, башқұрт, т.б. түркі халықтарының ұлт болып қалыптасуында Ногай ордасына кірген тайпалардың үлесі өте мол. Олардан аса үлкен мәдени мұра қалды.

**НОРВЕГИЯ**, Норвегия корольдігі – Солтүстік Еуропадағы мемлекет. Скандинавия түбегінің солтүстік-батыс белігінде, Солтүстік Мұзды мұхиттағы Шпицберген топаралы мен Аюлы (Медвежий) аралында, Атлант мұхитының солтүстігіндегі Ян-Майен аралында орналасқан Жер аумағы 387 мың  $\text{km}^2$  (аралдар 62 мың  $\text{km}^2$ -ден астам). Халқы – 5,05 млн., 96%-ы норвегтер. Ресми тілі – норвег тілі. Діни сенімі бойынша халқының 88%-ы лютерандар. Астанасы – Осло қаласы. Әкімшілік-аумақтық жағынан 19 фюлькеге (провинцияға) бөлінеді.

Норвегияның көп белігін Скандинавия таулары алғып жатыр (ең биік нүктесі – Гальхепигген тауы, 2469 м). Солтүстік және Норвег теңізінің жағалаулары фьордтармен тілімделген. Ирі өзендері – Гломма, Логен, т.б. Жерінің 27%-ын ормандар (негізінен қылқан жапыракты, жапырақты) алғып жатыр. Солтүстігі мен биік жерлерінде таулы тундра мен орманды тундра басым.



Норвегия – фьордтар корольдігі



Норвегияның су жолдары

Норвегия – экономикасы жоғары дамыған өнеркөсіпті ел. Мұнай мен газ өндіру, темір және титан кентастарын, молибден, мыс, мырыш өндіру жақсы дамыған. Электр қуатының жан басына шаққандағы мөлшері бойынша Норвегия дүние жүзіндегі алғашқы орындардың бірін иемденеді. Электрометаллургия (аллюминий, никель, магний, темір қорытпаларын өндіру), орман шаруашылығы (ағаш, қағаз, картон, целлюлозаны көп мөлшерде өндіріп, шетке шығарушы мемлекет) жоғары дәрежеде дамыған. Машина, кеме, теніздік мұнай бұрғылау қондырғыларын, балық өнеркөсібіне керекті құрал-саймандар жасау салалары бар. Тенізде жұзу мен балық аулау (балық өнімдерін экспортқа шығаруда дүние жүзіндегі жетекші орындардың бірін иеленеді) маңызды рөл атқарады. Ауыл шаруашылығында етті-сүтті ірі қара мен қой өсіру басым.

**НУРА** – Қарағанды және Ақмола облыстары жерімен ағатын өзен. Ұзындығы 978 км, су жиналатын алабы 60,8 мың км<sup>2</sup>. Нұра Қарқаралы тауының батыс сілемдеріндегі бұлақтардан басталып, Теніз көліне құяды. Ұзындығы 10 км-ден астам 200-дей саласы бар. Ірілері: Шерубайнұра Ақбастау, Алтынсу, Байғожа, Есен, Ұзынбулақ, Құланөтпес, Матақ, Аңысу, Үлкен Құлынды, Қекпекті. Жайылмасы кең (кейде 15 км-ге дейін жетеді). Негізінен қар және жер асты суымен тоғығады. Суға тапшы Орталық Қазақстан жағдайында Нұраның шаруашылық маңызы өте зор. Өзен бойында Самарқан және Шерубайнұра бөгендері салынып, Самарқан және Нұ-



Нұра өзені

ра су құбырлары іске қосылған. Сағасында Қорғалжын мемлекеттік қорығы орналасқан.

**Самарқан бөгөні, Теміртау бөгөні, Нұра бөгөні – Нұра өзені аңғарында, Қарағанды облысы Осакаров ауданы жерінде.** 1941 ж. іске қосылған. Шарасының ауданы 84 км<sup>2</sup>, ұзындығы 20 км, ені 7 км, орташа тереңдігі 3,25 м (ең терең жері 17 м), суының мөлшері 260 млн. м<sup>3</sup>. Бөгеннің су жиналатын алабы 11500 км<sup>2</sup>. Шарасы қалың құмды-малтасты шөгінділерден, саз және саздақтан түзілген. Бөгөнге Ертіс-Қарағанды каналының суы Нұра өзені арқылы оқтын-оқтын жиберіледі. Бөген деңгейінің жылдық өзгерісі 2 м шамасында. Суының минералдығы 0,7–1 г/л. Бөгөн суын Қарағанды, Теміртау қалаларының өндірістік кәсіпорындары пайдаланады.

**НУРПЕЙСОВА Диана, Диана Кенжеқызы Нурпейис келіні (1861, Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы – 31.1.1955, Алматы) –** домбырашы, күйші, композитор, Қазақстанның халық артисі (1944), қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері. Диана домбыра тартуды 8–9 жасында үйренеді. Оның Құрманғазымен кездесуі (1870) болашақ өнер жөліндегі шешуші рөл атқарған. Құрманғазы Дианың дарынына тәнті болып, одан үлкен

ұміт күтеді, ақыл-кеңес беріп, күй үйретеді, оны өзіне шәкірт тұтады. Дина ұстазының күйлерін үйреніп қана қоймай, оның күйшілік-орындаушылық өнеріндегі ерекшеліктерін, стилін, дәстүрін жалғастырыды. Өзі өсіп-өнген ортадағы күйшілік өнерді толық менгеру, Құрманғазының «мектебінен» өту Динаның домбырашылық өнерін шындаі түсті. Ол өз жанынан күй шығара бастайды. Динаның тырнақалды «Бұлбұл», «Байжұма», «Көгентүп» атты күйлерінде халықтың күйшілік дәстүрі айқын сезіледі. Динаның шығармашылығының кемелденіп, күйшілік-орындаушылық өнерінің толысусы кеңестік дәуірмен тұспа-тұс келді. 1939 ж. Мәскеуде өткен Халық музикалық аспаптарын орындаушылардың бүкілодақтық байқауында 1-орын алды. «Тойбастары», өсем, нәзік сазды «Бұлбұлы» мен «Әсемқоңыры» – әуезді үн-бояуымен, терең тебіреністі мазмұнымен қазақ халқының жаңа бағыттағы күйлерінің негізін салған үздік туындылар. Күйші замана шындығын, кезеңдік оқиғаларды өз шығармаларында асқақ шабытпен, тебіреністі сезіммен күйге қости («Женіс», «Ана аманаты», «Сегізінші март», «Салыншы», «Еңбек ері», т.б.). Құрманғазының, Дәулеткереидің, Түркештің дәстүрін дамыта келін, Дина қазақтың өз кезеңіндегі күйшілік өнерін жаңа бір белеске көтерді.



**НЬЮТОН** Исаак (4.1. 1643, Грантем маңындағы Вульсторп – 31.3.1727, Кенсингтон) – ағылшының ұлы физигі және математигі. Ол – дифференциалдық және интегралдық есептеулердің, механика мен астрономияның теориялық негізін қалаған, бүкіл әлемдік тарсылыс заңын ашқан, айналы телескопты жасаған. Ньютон Кембридж университетінің бөлімшесі Тринити колледжін 1664 ж. бітіріп, 1665 ж. бакалавр дәрежесін алды. 1669 ж. осы университеттің профессорлық және физика-математика кафедрасының менгерушісі болды. 1672 ж. 1 қаңтарда Лондон Корольдік қоғамының мүшесі болып сайланды (1703 жылдан өмірінің соңына дейін президенті болды).

Іргелі еңбектері – «Табигат философиясының математикалық негіздері» (1687) және «Оптика» (1704). Физикада Ньютон қызған денелердің сұнын заңын, ақ жарықтың монохромат сөүлелерге жіктелуін, сфералық мәлдірденелердің түйіскен нұктесінің айналасында интерференциялық сақиналардың пайда болатынын, т.б. ашты. Ол – термометрді ойлап шығарған алғашқы ғалымдардың бірі. Өзі жасаған екі айналы телескоп арқылы (1668) аспан құбылыстарын тікелей бақылады. Аспан денелерінің қозғалыс теориясын жасап, аспан механикасының негізін салды. Ньютонның ғылыми шығармаларының жинағы 5 том болып 1779–85 ж. Лондонда латын тілінде базылған.

**Ньютон (Н, Н)** – бірліктердің халықаралық жүйесіндегі (СИ) күштің өлшем бірлігі. Ағылшын ғалымы Ньютонның құрметіне аталған. 1Н – массасы 1 кг денеге 1 м/с<sup>2</sup> үдеу беретін және үдеумен бағыттас күш. 1Н=1 кг·м/с<sup>2</sup>; 1Н=10<sup>5</sup> дин=0,102 кгк.

**Ньютонның механика заңдары** – Ньютон тұжырымдаған (1687) классикалық механиканың негізгі үш заңы. Бірінші заң: «Егер денеге сырттан күш әсер етпесе, онда ол тыныштық күйін немесе бірқалыпты тұзу сызықты қозғалыстағы күйін сақтайды». Екінші заң: «Дененің қозғалыс мөлшерінің өзгеруі түсірілген күшке пропорционал және ол күшпен бағыттас болады». Үшінші заң: «Әрбір әсерге оған тен, бірақ кері бағытталған қарсы әсер болады, басқаша айтқанда, екі дene бірбіrine шама жағынан тен, бағыты жағынан қарама-қарсы күштермен әсер етеді». Ньютонның механика заңдары Галилей, Гюйгенс, Ньютон т.б. ғалымдардың бақылаулары мен зерттеулерінің нәтижелерін қорытындалу ақылы тұжырымдалды. Қазіргі көзқарас және терминология бойынша бірінші және екінші заңдардағы денені материалдық нұкте деп, қозғалысты инерциалдық санақ жүйесіне қатысты қозғалыс деп түсіндіреді. Классикалық механикада екінші заңын математикалық түрі:  $\frac{d(mv)}{dt} = F$  немесе  $m\omega = F$ , мұндағы  $m$  – нүктенің массасы,  $v$  – оның жылдамдығы,  $\omega$  – үдеу,  $t$  – уақыт,  $F$  – әсер етуші күш. Ньютонның механика заңдары микроэлем нысандары (атом, молекула, элементар бөлшектер) үшін және жарық жылдамдығына жуық жылдамдықпен қозғалған денелерге қолдануға келмейді.



**ОҒЫЗ МЕМЛЕКЕТІ.** Оғыз мемлекеттік бірлестігі, 9–11 ғасырларда Қазақстан жерінде құрылған. Негізгі аумағы Сырдарияның орта ағысынан Еділдің томенгі бойына дейінгі аралықты қамтыды. Оңтүстікте Хорезммен, Мауераннахмен және Хорасанмен шектесті. Батыс Түрік және Түркеш қағандықтары құлағаннан кейінгі тайпалар арасындағы өзара курсес пен Қарлук қағандығының құрылуына байланысты Батыс Жетісу жерін мекендеген оғыз тайпалары 8 ғасырда бұл өнірден көше бастады. 9 ғасырдың бас кезінде оғыздар қимақтармен және қарлуктармен одақталып, қанғар-печенег бірлестігін талқандап, Сырдарияның орта және төменгі ағысы алқабы мен Аral өнірін қаратып алды. 9 ғасырдың сонында Аral өнірінің солтүстік жағындағы саяси үстемдікті қолына алған оғыз көсемдері хазарлармен одақ құрып, печенегтерге қайта соққы беріп, Еділ мен Жайық өзендерінің аралығын иеленді. 10 ғасырда Оғыз мемлекетінің астанасы болған Жаңақент қаласы (Янгикент немесе Жана Гузия) Еуропа мен Азияны жалғастыратын маңызды керуен жолы торабына орналасты. Оғыз мемлекетінің жоғары билеушісі «жабғу» (ябгу) деп аталды. Олардың «күл-еркіндер» деген кеңесшілері болды. Жабғу ресми түрде сайланып қойылғанымен, билік атадан балаға мұраға қалып отырды. Дегенмен, басқарудың әскери-демократиялық түрі сақталғандықтан, жабғудың билігі тайпа көсемдері кеңесімен шектелді. Мемлекетте тұрақты алым-салық жүйесі болды. Оғыз мемлекеті Еуразияның саяси, әскери тарихында маңызды рөл атқарды. 965 ж. Оғыз жабғу мен Киев князі Святославтың арасында хазарларға қарсы әскери одақ жасалып, нәтижесінде Хазар қағандығы талқандалды. Хазар қағандығының құлауы Оғыз мемлеке-

тінің саяси қуатының өсуіне себепші болды. 10 ғасырдың аяғында оғыз жабғулары Киев князьдерімен біріге отырып, Еділ бұлғарларын күйрете женді. Бірақ 11 ғасырдың басында Оғыз мемлекетінде ішкі саяси-әлеуметтік қайшылықтар туып, әлсірет бастады. Бұл жағдайды Жент маңына 10 ғасырдың орта кезінде келін қоныстанған салжүқтар пайдаланды. Салжүқтар Жент қаласын басып алғанымен, ұзақ уақыт ұстап тұра алмай, кетуге мәжбүр болды. Көп ұзамай оғыздар қайта күшейіп, 1041 ж. Хорезмді басып алады. Алайда 2 жылдан кейін оғыз жабғуларының соңғысы Шаһмөлік салжүқтардың қолына туспіп өлтіріледі. Салжүқтарға қарсы ұзақ жылдар жүргізілген соғыстар мен қақтығыстар Оғыз мемлекетін іштей әлсіретіп, ол қыпшақ тайпаларының соққысынан біржолата құлады. Оғыздардың бір бөлігі Шығыс Еуропаға, Кіші Азияға кетті, енді біразы Мауераннахдағы Қарахан өулетінің және Хорасандығы салжүқ билеушілерінің қоластына кошті. Қалғандары 11 ғасырдың ортасында Дешті Қыпшақтың түркі тілдес тайпаларына біртебірте сіңісіп кетті. Оғыздар көшпелі мал шаруашылығымен айналысты, Сырдария алқабындағы қалаларда дәнді дақыл егіп, баубақша өсірді. Олардың көпшілігі отқа табынушылар болды. Сонымен бірге оғыздар арасында бірте-бірте ислам діні тарай бастады. Сырдария алқабындағы, Аral теңізі, Каспий теңізінің солтүстігіндегі жерлерді мекендеген оғыз тайпалары қазақтардың этникалық тарихында елеулі рол атқарды. Тарихи азыздарда олар қазақ, түркмен, өзбек, қарақалпақ халықтары аталарының бірі саналады.

**ОЛИМПИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР** – төрт жылда бір рет өткізілетін халықаралық кешенді спорттық жарыс. Алғашқы ойындар біздің заманымыздан бұрынғы 776 жылдан Олимпия қаласында өткізілді. Кейін, біздің заманымыздың 394 ж. Византия императоры Федосий I-нің бүйрығы бойынша тоқтатылды. Бұл ойындарда әскери дайындық, денешынықтыру өнерін көрсету байқаулары, дәстүрге айналған ақындар мен шешендер айтысы, әр түрлі өнер көрмелері үйымдастырылған. Олимпиялық ойындар кезінде соғыстар тоқтатылып, «қасиетті тыныштық» орнайтын дәстүр қалыптасқан. Осы кезде бір айдан үш айға дейін бүкіл Эллада жерінде




Лондон олимпиадасының (2012 ж.) жеңімпаздары Президенттеп бірге

қару жұмсауга, тіпті ойынды тамашалаушыларға қару-жарапен келуге тыйым салынған. Ол кезде Олимпиялық ойындар бес күн өткізілген, бағдарламасына жүгіру, күрес, ат жарысы, қоссайыс, бессайыс сияқты спорт түрлері кірген. Жеңімпаздарға зәйтүн ағашының жапырағынан өрілген алқа кигізіліп, құрмет көрсетілген. 19 ғасырдың орта кезінде Грекияда Олимпиялық ойындардың қайта жандандыру мақсатында біраз өрекеттер жасалды. Қоғам қайраткері Пьер де Кубертэннің Олимпиялық ойындарды өткізу жөніндегі ұсынысын арнайы шақырылған халықаралық конгресс қабыл алды. Сойтіп, қазіргі заманғы 1-Олимпиялық ойындар 1896 ж. сөуір айының 6–15 аралығында Афиныда өтіп, оған 13 елден 311 спортшы қатысты. Жарыс бағдарламасына күрес, гимнастика, жеңіл және ауыр атлетика, жүзу, нысана көздеу, теннис, семсерлесу сияқты спорт түрлері енді. Бірінші қысқы Олимпиялық ойындар 1924 ж. 25 қаңтар мен 4 ақпан аралығында Францияның Шамони қаласында спорттың бес түрінен өтті. Бұл ойындарға 16 елден 293 спортшы қатысты. Олимпиялық ойында қазақ жастары арасынан түнғыш медаль алған Фұсман Қосанов эстафеташылар жарысында күміс жүлдені иемденді (1960, Рим). Түнғыш чемпион атанғандар баскетболшы Әлжан Жармұхамедов, грек-рим күресінен Жаксылық Ушкемпіров, Шәміл Серіковтер 22-Олимпиялық ойында алтыннан алқа тағынды. Ал қысқы ойындардан түнғыш олимпия чемпионы шаңғышы Иван Гаранин 12-Олимпиялық ойыннан екі бірдей қола медальмен оралды (1976, Инсбрук). Қазақстан Республикасы өз алдына жеке ел ретінде 1994 жылды өткен қысқы және 1996 жылды өткен жазғы Олимпиялық ойындарынан бастап өнер

көрсетіп келеді. 2012 ж. Лондонда өткен Олимпиялық ойындарда Қазақстан командасы 7 алтын, 1 күміс, 5 қола медальге ие болды.

**ОМАН**, Оман султандығы – Арабия түбегінің шығысында орналасқан мемлекет. Жер аумағы 312 мың км<sup>2</sup> (шекаралары шөлдер арқылы өтетіндіктен нақты белгіленбейген). Халқы 2,4 млн., 90%-ын арабтар, қалған бөлігін үнділер, парсылар, белуджалар, т.б. құрайды. Ресми тілі – араб тілі. Астанасы – Маскат қаласы. Экімшілік тұрғыдан 8 ауданға бөлінеді.

Оманның көпшілік бөлігі таулы болып келді. Оман шығанағының жағалауында Хаджар таулары (ең биік нүктесі – 3353 м) орналасқан. Климаты тропиктік, ыстық әрі құрғақ. Жер қойнауы мұнай қорына бай.



Маскат қаласы

Оман – мұнай-газ өнеркәсібі дамыған ел. Қолөнер кәсібі (қару-жарап жасау, тери илеу, мата тоқу) бар. Негізгі ауыл шаруашылығы дақылдары – құрма және темекі. Сондай-ақ тропиктік жемістер (банан, манго, папайя), пияз бен картоп, жүгері, бидай, қара бидай, африка тарысы – дурра өсіріледі. Қөшпелі мал шаруашылығы сақталған (қой, ешкі, ірі қара мал, түйе). Құс шаруашылығы мен балық аулау да (ауланған балықтың 80%-ы экспортқа шығарылады) жақсы дамыған. Оманда темір жол жоқ. Сыртқа мұнай, түсті металдар, балық, ұн, жеміс-жидектер мен көкөніс шығарады.

**ОНДАТР** (*Ondatra zibethicus*) – кеміргіштер отрядына жататын терісі бағалы аң. Дене түркі 35 см-дей, құйрығының ұзындығы



Ондатр

28 см-дей, салмағы 1,5 кг-дай. Құрлықта да, суда да тіршілік етеді. Мойны қысқа, артқы аяқтарында жұзу жарғақтары бар. Құйрығы ұзын, жүзген кезде денесін бағыттап отырады. Тұғі қалың да тығыз, қою қоңыр кейде қара түсті. Шыққан жері – Солтүстік Америка. Қазақстанға 1935 ж. әкелініп, Сырдария және Іле өзендерінің бойына (570-тей дарабасы) жіберілді. Қазір республиканың барлық өзен-көлдерінде 350 мындаған ондатр кездеседі. Бұлар өзен жағасы биік болса, бұраңдата ін қазады, алса, батпақты келсе, үйшік салады. Қорек талғамайды, негізінен су өсімдіктерімен қоректенеді. Жылына 2–3 рет көбейіп, 25–30-ға дейін үрпақ бере алады. Олар туляремия және паратиф ауруын таратушылар. Терісі үшін ауланады.

**ОҢТҮСТІК АМЕРИКА** – батыс жарты шардың оңтүстігіндегі құрлық. Жерінің аумағы (аралдарымен қоса есептегендеге) 18,28 млн. км<sup>2</sup>. Халқы 390 млн. адам. Солтүстіктен он-



Галапагос аралы

түстікке қарай 7150 км-ге, батыстан шығысқа қарай 5150 км-ге созылған. Құрлықтың солтүстігін Кариб теңізі, батысын Тынық мұхит, шығысын Атлант мұхиты, оңтүстігін Магеллан, Дрейк бұғаздарының суы шайын жатыр. Солтүстік-батысында жіңішке Панама мойнағы арқылы Орталық және Солтүстік Америкамен жалғасады. Ең биік жері – Аконкагуа (6960 м). Ең ұзын өзен жүйесі – Амазона (Мараньон саласымен қоса есептегендеге – 6437 м). Дүние жүзіндегі теңіз деңгейінен ең биік орналасқан көл – Титикака (биіктігі 3812 м), ең биік су құламасы – Анхель (1054 м) және ең биік жанартау – Льюльяйльяко осында орналасқан. Оңтүстік Америка құрамына Отты Жер, Фолкленд, Галапагос аралдары, Чили топаралы, т.б. ұсақ аралдар кіреді.

Жер бетіндегі құрлықтың 12%-ын құрайтын Оңтүстік Америка аумағына дүние жүзіндегі өзендер ағынының 27%-ы тиесілі.

Оңтүстік Американың саяси картасы 12 егеменді мемлекет пен Франция иелігіндегі Гвиана мемлекеті және Ұлыбритания мен Аргентина иелігіндегі даулы аумақтар болып есептелетін Фолкленд (Мальвин) аралдарынан тұрады. Халықтың орташа тығыздығы 1 км<sup>2</sup>-ге 100 адамнан артық. Урбандалу дәрежесі өте жоғары, құрлықта 3 ірі агломерация: Сан-Паулу, Рио-де-Жанейро, Буэнос-Айрес түзілген. Оңтүстік Америка Орталық Америка және Вест-Индия елдерімен бірге тілдік-тариҳи ерекшеліктеріне байланысты Латын Америкасы деп аталады.



Әлемдегі ең биік Анхель су құламасы



Претория қаласы

**ОҢТҮСТІК АФРИКА РЕСПУБЛИКАСЫ (OAP)** – Оңтүстік Африкада орналасқан мемлекет. Жер аумағы 1221 мың км<sup>2</sup>. Халқы 48,6 млн. Олардың ішінде зулулар – 39%, сутолар – 28%, косалар – 12%, шангаан-тсонгалар – 6,6%, тсваналар – 6,6%; қалғандары – европалықтар 5 млн., ұнділер 1 млн-нан астам, метистер 3,5 млн. Астанасы – Претория қаласы. Әкімшілік жағынан 9 провинцияға бөлінеді. Ресми тілі – ағылшын және африкаанс тілдері. Халқының 77%-ы христиандар, 20%-ы жергілікті наым-сенімдерді, қалғандары индуизм, ислам діндерін ұстанады.

OAP Оңтүстік Африка таулы ұстіртінің оңтүстік шетін ала орналасқан. Шығысын Айданаар таулары (біектігі 3482 м), оңтүстік жағалауын бойлай Кап таулары алтып жатыр. Пайдалы қазындылары – алтын, уран, қалайы, марганец, хромит, хризотил-асбест, мыс. Климаты ыстық және ылғалды тропиктік, оңтүстік-шығысы субтропиктік. Басты өзендері – Оранж (Вааль саласымен) және Лимпопо.

OAP дамыған индустримальы-аграрлы ел. Алтын, платина, хром, марганец, сурьма, алмас, уран өндіруден дүние жүзінде алғашқы орындарда. Машина жасау, химия, мұнай айыру, мұнай-химия, тамақ өнеркәсіп салалары дамыған. Металл, металл өндіре өнімдері, алтын, қымбат бағалы тастар, өнеркәсіп өнімдері, т.б. сыртқа шығарылады.

**ОПЕРА** – музикалық-драмалық театр жанры. Опера вокалдық және аспаптық музика, драматургия, хореография (балет) және бейнелеу өнері түрлерін біртұтас театр әрекетіне біріктіреді. Алғашында «музикалық драма» аталған опера жеке жанр ретінде Италияда 16–17 ғасырларда қалыптасты. Тарихи




Е.Брусловскийдің «Ер Тарғын» операсы. Абай атындағы Қазақтың академиялық опера және балет театры

даму барысында: жеке айтылатын ән (ария, ариозо, монолог, баллада, каватина), ансамбль (дуэт, терцет, квартет, трио, квинтет), хор, би, оркестрлік нөмірлер ( увертиюра, антракт) опералық музика түрлерін құрады. Оның эпикалық-қаһармандық, тарихи-қаһармандық, тарихи-романтикалық, тарихи-тұрмыстық, лирикалық-тұрмыстық, драмалық, комедиялық, сатиралық түрлері опера сипатын арттыра тусаді. Ал операның комикалық жанры жаңа түр қалыптастырыды: Англияда – балладалық опера, Италияда – опера-буффа, Францияда – опера-комик, Германия мен Австрияда – зингшпиль. Қазақстанда опера жанры 20 ғасырдың 30-жылдары туындалады. Алғашқы опералық туындылар қазақтың халық музикасына, оның ән-куй байлығына негізделіп жазылған музикалық пьеса және драма түрінде болды. Қазақтың тұңғыш операсы Е.Г.Брусловскийдің «Қызы Жібегі» (1934) саналады. Сондай-ақ А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» (1944), М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» (1946), Е.Рахмадиевтің «Қамар сұлу» (1963), С.Мұхамеджановтың «Айсұлу» (1964), F.Жұбановның «Еңлік-Кебек» (1975) опералары терең мазмұндылығы және көркемдігі жөнінен класикалық туындылар қатарына жатады.

**Оперетта** (итал. operetta – шағын опера) – музикалық театр жанры. Опереттада вокалдық және аспаптық музика, би, балет және эстрадалық өнердің элементтері үштасырылады. Сюжеті операға қарағанда жеңіл, көбінесе көңілді оқиғаға құрылады. Оперетта түрлері: пародиялық, пародиялық-сатирикалық, лирикалық-романтикалық, қаһармандық-романтикалық, т.б. Сондай-ақ оперетта тарихында: париждік, веналық (19 ғасыр),

неовеналық (20 ғасыр) оперетталар деген түсінік бар. 19 ғасырдың ортасына дейін шағын опера оперетта деп аталып келді. Оперетта жанр ретінде 1850 ж. Францияда қалыптасты. Классикалық опереттаның негізін салушы Ж.Оффенбах жанрдың идеялық-коркемдік диапазонын кенейтті. Кейін 1860–80 ж. Австрияда, Англияда және Америкада дами бастайды. Оперетта алғашында пародиялық жанр негізінде дамып, кейін өлеуметтік-сатириалық бағытта өріс алды. 20 ғ-дың 20-жылдары АҚШ-та оперетта жанрының жана түрі – мюзикл пайда болды. Оның тарихы Дж.Гершвин, И.Берлин, Р.Роджерстің шығармаларынан басталады.

**ОПТИКА** – физиканың сәуле (жарық) шығару табиғатын, жарықтың таралуын және оның затпен әсерлесу құбылыстарын зерттейтін бөлімі. Жарық электромагниттік толқын болғандықтан оптика электромагниттік өріс жөніндегі жалпы ілімнің (электрдинамиканың) бір бөлігі болып табылады. Оптикалық сәулелер толқын ұзындығы ( $\lambda$ ) бойынша 1 нмден 1 мм-ге, бір жағынан рентген, ал екінші жағынан радиосәуленің микротолқындық диапазонына дейінгі аралықты қамтиды. Оптика қалыптасқан дәстүр бойынша геометриялық, физикалық және физиологиялық оптика болып жіктеледі. Оптикалық құбылыстарды бақылау және талдау қазіргі заманың негізгі физикалық теориялары кванттық механика мен салыстырмалық теориясының пайда болуына себеп болды.



Лазер қондырығысы

Лазер, оптикалық кванттық генератор – оптикалық резонаторда орналасқан активті ортандың еріксіз жарық шығаруы немесе еріксіз шашырауы есебінен когерентті электромагниттік толқындар өндіретін қондырығы. «Лазер» сөзі – ағылшының «Light Amplification by Stimulated Emission of Radiation» деген сөздерінің бас әріптерінен құралған, ол «жарықты еріксіз сәуле шығару арқылы күшету» деген мағынаны білдіреді. Алғашқы рубиндік лазер 1960 ж. АҚШ-та жасалды. Лазердің жасалуы физика мен техникағы кванттық электроника деп аталатын жаңа бағыттың дамуына себепші болды.

**ОРАЗА, а с - с а у м** – тәуліктің күндізгі уақытында ауыз бекіту, исламның негізгі бес парызының үшіншісі. Ораза ұстаған адам таң атқаннан күн батқанға дейін ниетін бекітіп, ішіп-жеуден, басқа да оразаны бұзатын нәрселерден аулақ болады. Мұсылмандарға рамазан айында ораза ұстау – парыз. «Рамазан – адамдарға тұра жол нұсқаушы, ақ пен қараны айыруши, бекем тұтынатын дәлел ретінде Құран түсіріле бастаған ай. Рамазан айы туғанын көрген адам ораза ұстасын. Кімде-кім ауру болып, әйтпесе сапарда жүрсе, онда басқа күндерде өтесін. Алла сендерге женілдік болуын қалайды, ауырлық түсіргісі келмейді» (Бақара/187) – деген аяттарда парыз оразаның мәні, негізгі сипаттары, уақыты, қазасын өтеу жайлы айтылады. Ораза шартты ғибадат болғандықтан оны парыз ретінде кімнің орындауға міндеттілігі немесе кімдердің босатылатыны, қабыл болуболмауының шарттары, бұзылатын немесе бұзылмайтын жағдайлары шариатта бекітілген. Ораза адамның рухани өсуіне, тақуалық-қа жетіп, Құдайға жақындей түсіне ықпал ететін ғибадат екендігі жайлы көптеген хадистер бар. Ораза – адам нәпсісін тыйып, рухани өсуфе, оз бойындағы жаман әдеттерден арылып, көркем мінезін тәрбиелеп қалыптастыруға мүмкіндік беретін ғибадат. Қазақ дәстүрлі қоғамында ораза ғибадатын өтеуге байланысты ислам әдебімен орайлас, халықтың түрмис-салтына етene болып қалыптасқан игілікті дәстүрлер бар. Хадистерде ораза кезінде мұсылманның өзін-өзі тәрбиелеп, мінез-құлқын қалыптастыруының негізгі шарттары белгіленген. Аузы берік адамның бос сөзден, орынсыз әрекеттерден бойын

аулақ салып, жаман істерден тыйылуы, ғибадатын арттырып, бос уақытын дін іліміне терендең, зікір, салауат айтумен өткізуі абзал.

**ОРАЛ, О р а л т а у ы** – Еуразиядағы орташа биікті тау жүйесі. Оның шығыс етегі бойымен екі дүние бөлігін – Еуропа мен Азияны бөлестін шартты шекара өтеді. Орал тауы солтустікten оңтүстікке қарай 2000 км-ге созылған. Ені 40–150 км. Ең биік жері – Народная тауы (1895 м). Жер бедері мен басқа да табиғи ерекшеліктеріне қарай: Полюстік Орал, Полюс маңы Оралы, Солтүстік Орал, Орта Орал және Оңтүстік Орал болып бөлінеді. Қазақстанда Орал тауының оңтүстік жалғасы – Мұғалжар тауы орналасқан. Орал тауының батыс беткейінде карсты (оқпа) тау жыныстары дамыған; үңгірлер көп (Күнгүр, Кап, Сунган, т.б.). Шығыс беткейіне қалдық жартастар тән. Қойнауы кен байлықтарына бай (мыс, темір, хром, никель кентастары, көмір, мұнай, табиғи газ, калий тұзы, асбест); Оралдың жарқырауық тастары дүние жүзіне белгілі. Өзендері Солтүстік Мұзды мұхиты (Печора, Тобыл, т.б.) мен Каспий теңізі (Кама, Жайық, т.б.) алаптарына жатады. Шығыс беткейінде көлдер көп (Таятүй, Арғазы, т.б.). Орал тауының көпшілік бөлігін қылқан жапырақты орман алып жатыр, оңтүстігі – орманды дала, дала. Тау шыңында мұкті-қынбалы тундра және тасты шашылымдар тараған.

**Орал, Ж а и ы қ, Т е к е** – қала (1775 жылдан), Батыс Қазақстан облысының орталығы (1932 жылдан), ірі темір жол стансасы, Жайық бойындағы өзен порты, өве жолдарының торабы. Қала Жайық өзенінің жағасын-



Орал таулары



Орал қаласының орталығы

да, Шағанның Жайыққа құяр түсында орналасқан. Тұрғыны 272 мың адам.

17 ғасырдың 1-ширеғінде Ноғай хандығымен шекарада шағын әскери бекініс-тірек реңінде Жайық қалашығы салынды. Ол 1613 ж. қазіргі Орал қаласының орнына көшірілді. 18 ғасырдың бас кезінде Жайық қалашығында 3 мыңға жуық үй болды. Жайық қалашығы II Екатеринаның 1775 ж. 15 қаңтардағы жарлығымен «Орал қаласы», ал оның тұрғындары «Орал казактары» болып аталды. Орал қаласының негұрлым ежелгі бөлігі Михайло-Архангельск ғибадатханасының оңтүстігіне орналасты. Ғибадатхана – Орал қаласының тарихи ескерткіші (1741–51 ж. салынған). Қала бірнеше рет (1739, 1751, 1821, 1879) өртке ұшырады. Сырым Датұлы бастаған (1783–97) халық көтерілісі, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары Орал қаласы мен Жайық өңіріне ерекше із қалдырыды. 1846 ж. қалаға айрықша құқықтар беріліп, үлкен қалалар санатына қосылды. 1869 ж. Орал облысы құрылып, қала облыс орталығына айналды. 1920 ж. Орал губерниялық қалаға айналды. Кеңес өкіметі жылдарында Оралдың экономикасы жедел қарқынмен дамып, республикадағы ірі өнеркәсіп орталықтарының біріне айналды. 1925 ж. Жайық өзені мен Орал–Атырау арасында тұрақты кеме қатынасы және 1923 ж. Орал–Елек темір жолының ашылуы қаланың экономикалық жағдайын жақсартты. 1950–90 ж. Орал қаласында машина жасау және металл өндіру, құрылым материалдарын өндіру, жеңіл және тамақ өндірістері, т.б. 200-ден астам нысан салынды, көлік жүйелері дамыды. Бұгінгі Орал қаласы – Қазақстандағы ірі мәде-

ни-экономикалық орталықтардың бірі. Қаладағы ірі кәсіпорындар: «Зенит» зауыты, «Омега», «Металлист», механикалық зауыты, арматура зауыты, полипласт зауыты т.б. Қала – Жайық бойындағы ірі өзен айлағы. 18 гасырда салынған сөүлет ескерткіштері сақталған. Бұл қалада әр кездері орыстың белгілі ақын-жазушылары А.С.Пушкин, В.А.Жуковский, В.И.Даль болған, сондай-ақ, көрнекті қазақ қаламгерлері С.Сейфуллин, Х.Есенжанов, Т.Жароков, Қ.Аманжолов, т.б. өмірінің біраз кезеңдерін өткізген.

**ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ** – қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысындағы алғашқы бетбұрысты оқиға. Бұл соғыс 1643 жылдың жазында қазақ қолын басқарған Жәңгір сұltан мен жоңғар қолын басқарған Батыр қонтайшы арасында өтті. Тобылда қызмет еткен, Ресейдің Жоңғарияға барған елшілері Г.Ильин мен К.Кучелев 1644 жылғы хабарламасында: «Біз барғанда қонтайшы ұлысында болған жок. 50 мың әскермен Қазақ ордасының Жәңгір сұltанымен, Жалаңтөспен және Алатау қырғыздарымен соғысуға кеткен екен», – деп бұл шайқас туралы алғаш деректер берген.


Есім ханың ұлы Жәңгір шығыстан төнген жойқын қатерді көзімен көріп, қазақ рұларын біріктіруге, басқыншыларға бірлесе тойтарыс беруге ұмтылды. Бұхара өміршісі, алшын (Кіші жұз) батыры Жалаңтөс баһа-



«Орбулақ шайқасы». Суретші Л.Бобров

дүрге хабарласып, көмек сұрады. Бірақ халха билеушісі Алтын ханың ұлы Омбы – Ерденемен, хошот билеушілері Үшүрті (Сесенхан) қонтайшымен және Шокур, Солжан тайпаларымен одақ құрған Батыр қонтайшы Жәңгірдің қазақтарды біріктіру жоспарын жүзеге асырмау мақсатында 50 мың қолмен жедел жорыққа шықты. Жолшыбай жоңғар шеріктері Алай және Тоқмақ қырғыздарының аумағын, бірсыптыра қазақ ауылдарын шапқыншылыққа ұшыратып, 10 мың адамды тұтқындаған турагы хан ордасы – Түркістанға хабар жетті. Жәңгір шүғыл әрі батыл шешім қабылдап, қазақ жеріне ішкерилеген жоңғарлардың жолын кесу үшін білтегілі мылтықпен қаруланған 600 сарbazben қарсы аттанды. Әлемдік соғыс өнерінің жылна масына енуге лайық Орбулақ шайқасында Жәңгір мылтықпен қаруланған 300 адамды тау ішіндегі тар өзекке ор қазып бекінуге, ал екінші жартысын жоңғарлар тар өзектегі орга жеткенше таудың арғы бетіне жасырына түруға бүйірады. Оның ойлағаны айнымай келіп, Батыр қонтайшы қаймықпай, қорғанған ор-бекініске шабуыл жасайды, сол сәтте Жәңгір жауға ту сыртынан лап қойып, білтелі мылтықтарынан оқ жаудырады. Осы кезде Самарқандтан алшын Жалаңтөс баһадүр 20 мың қолмен көмекке келеді. Қүйрей жеңілген жоңғарлар 10 мыңдан аса адамынан айырылып, кері шегінеді.

**ОРГАНИКАЛЫҚ ҚОСЫЛЫСТАР** – қурамында негізгі элемент ретінде әрдайым көміртек атомы болатын химиялық қосылыштар (көміртек оксидтері, көмір қышқылы және оның тұздарынан басқалары). Адам ертеден табиғи бояу, қамыс қантын, әр түрлі майларды, т.б. пайдалана білген. Көміртек атомының өзара және көптеген өзге элементтердің



Амин қышқылының молекуласы

атомдарымен химиялық байланысқа түсінен орай органикалық қосылыштардың саны 5 млн-нан асты. Оларға органикалық химия зерттейтін изомерия құбылысы және әр түрлі күрделі өзгерулер тән. Табиғи органикалық қосылыштарға жататын нуклеин қышқылдары, белоктар, липидтер, гормондар, витамиnder, т.б. жануарлар мен өсімдіктер тіршілігінде және құрылышында маңызды орын алады. Құрылымына қарай органикалық қосылыштар: ашық тізбекті (алифатикалық), түйік тізбекті (алициклді, ароматты), гетероцикльді болып негізгі үш топқа бөлінеді.

**Органикалық синтез** – органикалық химияның органикалық қосылыштардың түзілу жолдары мен әдістерін лаборатория және өндіріс көлемінде зерттейтін бөлімі. Органикалық синтездің дамуы органикалық заттардың құрылым теориясы мен органикалық қосылыштардың химиялық қасиеттері туралы мағлұматтар жинақталғаннан кейін (19 ғасырдың 2-жартысы) басталды. Сол уақыттан бастап органикалық синтез жаңа органикалық қосылыштар алушың көзі ретінде органикалық химияның дамуында түпкілікті орын алғып, зерттелетін нысандардың қатарын кеңейте түсті. Органикалық синтездің өзіндік мақсаты, тактикасы, стратегиясы және күрделі молекуланы дизайндау жолдары бар. Қаралайым молекулалардан күрделі молекула құрастыру сатылап жүреді, яғни барлық органикалық синтезді бірнеше, кейде өте көп кезеңдерге бөледі. Органикалық синтез нәтижесінде хлорофиллдің,  $B_{12}$  витаминінің, биополимерлердің, т.б. құрамы мен түзілу әдістері белгілі болды.

**ОРДЕНДЕР МЕН МЕДАЛЬДАР** – 1) Рим папасы бекітетін (6 ғасырдан) ерекше жарғы бойынша қызмет еткен монахтық, дінирыцарлық бірлестіктер; кейбір құпия үйімдардың атауы, мысалы, масон ордені. Дінирыцарлық ордендер Батыс Еуропада 12 ғасырдан құрыла бастады. Палестинада крест жорығы кезінде (Иоанниттер, Тамплиерлер, Неміс ордендері), Испания мен Португалияда арабтармен құрес кезінде (Калатрава, Алькантар ордендері) пайда болды. 13–14 ғасырларда Батыс Еуропада Ордендер саны күрт көбейді. Кейбіреулері 10 мыңдаған рыцары, орасан зор жері бар қуатты үйымға айналды (мысалы, Ливон, Тевтон ордендері). Олар

бастапқыда христиан дінін тарату, қасиетті жерлерді қорғау және үлт-азаттық мақсатта құрылған Рим папасына бағынышты діни-әскери үйім болып саналып, оның мүшелері монах анын қабылдады. Мүшелері бір түсті әрі бірдей нысанда крест тігілген айрықша киім киді. Олар бара-бара жер кеңейту, баю жолына ауды. Кейінірек ордендер мемлекет басшыларының билігіне көшіп, 14–16 ғасырларда ақсүйектерді ынталандыру қызметін атқарған сарай ордендері құрылды. Мұндай ордендердің де ерекше көркем киімі және айрыым белгісі болды. Сол айрыым белгілері келе-кеle мемлекеттік сыйлық сипатын алды. 2) Мемлекет және қоғам алдындағы айрықша азаматтық және әскери қызметі үшін берілетін құрмет белгісі.

**Медаль** – қайсыбір даңқты оқиганың, көрнекті қайраткердің, жердің құрметіне шығарылатын екі жақты (кейде бір жақты) бейнеленген металл белгі. Өдетте медаль дәңгелек, тік бұрышты, кейде көп бұрышты, со пақша немесе басқа нішінде шығарылады. Медальдар Ежелгі Римде мәлім болды, бірақ медаль соғу өнері 14–15 ғасырларда Италияда, Византияда кеңінен тарала бастады. Ресейде 18 ғасырдан бастап империяның жорықтарына, соғыстарына, басқа да айтулы оқиғаларға арналған түрлі медальдар шығарылып тұрды.

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары** – мемлекеттік марапаттау белгілері, құрметті атақтар. ҚР-ның азаматтары мемлекеттік, қоғамдық жемісті қызметі, еңбектегі үздік жетістіктері мен жауынгерлік ерліктері үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталады. Сондай-ақ, мемлекеттік наградаларды республикаға сіңірген еңбегі үшін шет ел азаматтарының да алуы мүмкін. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» ҚР Президентінің заңдық күші бар Жарлығына (23.01.1996) сәйкес мемлекеттік наградалармен ҚР Президенті марапаттайды. Ең жоғары наградалар: «Алтын Қыран» ордени мен Халық Қаһарманы атағы. Осы Жарлықтың 3-тарауында мемлекеттік, қоғамдық қызметтің сан алуан саласында айрықша еңбектерімен танылған азаматтарды ҚР-ның «Отан», «Даңқ» (2 дәрежелі), «Айбын» (3 дәрежелі), «Парасат», «Достық» (2 дәрежелі), «Құрмет» ордендерімен марапаттау белгіленген. Сондай-ақ, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік



Қазақстан Республикасының ордендері мен медальдары

ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медальдары, «Қазақстанның халық ақыны», «Қазақстанның халық әртісі», «Қазақстанның халық жазушысы», «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы», «Қазақстанның еңбек сіңірген артисі», «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткери», «Қазақстанның еңбек сіңірген қызыметкери» деген құрметті атақтар бекітілген. 1999 ж. 26 шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР-ның арнаулы заңына сәйкес «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышынан» басқа құрметті атақтардың орнына «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы белгіленді. Бұл құрметті атақ көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлеріне, ғылым, мәдениет, өнер, өндіріс және әлеуметтік сала өкілдеріне республикаға сіңірген зор еңбегі үшін беріледі. «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгілерімен көп бала тауып, тәрбиелеп өсірген аналар марапатталады. Осы аталған арнаулы заңына сәйкес мемлекеттік жаңа нағрада – «Барыс» орденімен (үш дәрежелі) марапаттау туралы бап енгізілді. Бұл орденмен ҚР-ның мемлекеттігі мен егемендігін нығайтуға, бейбітшілікті, қоғамның топтасуы мен Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік, өндірістік, ғылыми, әлеуметтік, мәдени және қоғамдық қызыметке, халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, үлттық мәдениеттерді, мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынастарды орнатуға ерекше еңбек сіңірген адамдар марапатталады. I дәреже орденнің жоғары дәрежесі болып саналады. III дәреже, II дәреже және I дәреже ретімен марапатталады. Айрықша реттерде ерекше көзге түскені үшін мемлекет басшысының шешімімен, реттілік еске-рілмей марапаттау мүмкіндігі де көзделген.

**ОРМАН** – жер бетіндегі табиғи қорлардың, оның ішінде өсімдіктер жамылғысының басты бір тині. Орманда ағаш, бұта, шөптесін өсімдіктер, мүк, қына, т.б. өседі. Орман қорлары бүкіл биосферадағы тіршілік үшін, оның ішінде адамзат қоғами үшін аса маңызды. Тиімді пайдаланған жағдайда өз-өзінен қайта қалпына келіп тұратын таусылмайтын табиғи қор. Орман ағаштарынан үйлер, тұрмысқа қажетті заттар, қағаз, т.б. алынады;




Іле Алатаудағы шырша орманы

ормандағы ағаштардың арасында жидектер мен саңырауқұлақтар өсіп, өнім береді. Орманды аймақтарды панарап, қоректерін содан табатын жан-жануарлар мен жәндіктер көп.

Орман топырақтың құрылышына, су алмасуына, онда органикалық және минералдық заттардың жиналуына әсер етеді. Орман топырағында ылғал жеткілікті, сондықтан оның құрамында шірінді көп. Орманды жердің топырағы қышқыл, мұндай топырақта өсімдік тамыры терең бойлап, минерал заттарды мол алады, суды көп буландырып, ондағы жануарлар мен өсімдіктерге қолайлы микроклимат жасайды. Орман ағаштары, оның ішінде мәңгі жасыл, қылқан жапырақты ағаштар өз жапырақтары арқылы өздері өсken қоршаған ортаға зиянды ауру қоздырғыш бактерияларды өлтіретін, хош істі заттар (фитонцид) шығарады. Сондықтан да, қылқан жапырақты орманды аймақтарда көпшілік демалып, тынығатын курорт-санаторийлер орналастырылады.

Қазіргі кезде дүние жүзінде орман аумағы 3 млрд. га-дан астам, яғни дүние жүзінің 27–28%-н орман алып жатыр. Өкінішке орай, адамзат қоғамы өз тарихында бүкіл орманың 2/3 бөлігін жойған, бұрын жер бетінің



Аralas орман

75%-н алып жатқан ормандардың көлемі көп кеміген.

Аумағының кеңдігіне қарамастан Қазақстанда орманды жерлер коп емес. Оның басты себебі – жеріміздің негізгі бөлігі құрғақ, жартылай шөл, шөлді аймақтарда орналасқан, ал орман ағаштары негізінен ылғал мол түсетін алқаптарда өседі. Республика аумағындағы орман және бұталар алып жатқан көлем 21,6 млн. га, бұл Қазақстан жерінің 4,2%-ы ғана. Орман ағаштары республикада Солтүстік Қазақстанның орманды-дала белдемінде жөне дала белдемінің қосымша ылғал алатын ойпанды жерлерінде өссе, оңтүстік пен оңтүстік-шығыстағы Қалба жотасы, Алтай-Сауыр, Солтүстік Тянь-Шань және Батыс Тянь-Шань тауларының ылғал мол түсетін орташа биік белдеулерінде өседі. Қазақстанның солтүстігіндегі шоқ-шоқ болып өсетін қайынды орманды оңтүстікке қарай далалы алаптардағы біршама жерлерде өсken қарағайлы ормандар ауыстырады. Алтай-Сауыр тауларының теңіз деңгейінен 500–2500 м биіктік аралығында қылқан жапырақты – қарағай, майқарағай, шырша, балқарағай, самырсын сияқты бағалы ағаштар өседі. Ал Солтүстік Тянь-Шань таулы алабының төменгі белдеуінде (600–1700 м) көбіне түрлі бұталар мен жалпақ жапырақты ағаштар өседі. Олардың басым бөлігін алма, өрік, жаңғақ, қарақат тәрізді жеміс-жидекті ағаштар құрайды. Биіктігі 1500–3000 м белдеулерде негізінен қылқан жапырақты ағаштар өседі. Олардың негізгісі – жасы 300 жылға дейін, биікт. 40–50 м-ге, ал жуандығы 2 м-ге жететін Тянь-Шань шыршасы. Батыс Тянь-Шань алабында – Талас Алатауы, Қаратай мен Өгем жоталарында негізінен жерге төселіп өсетін қылқан жапырақты арша ағашы, ал бұталардан – басқа жерлерде кездеспейтін алша, пісте, долана, таудың ортаңғы және төменгі белдеулерінде алма, грек жаңғағы, алмұрт, үйеңкі, өрік ағаштары өседі.

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯ** – Азияның ішкі аумағында орналасқан табигат аймағы. Оның батысы мен солтүстік-батысында ТМД елдері (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Туркменстан), солтүстігінде Монголия, Қытайдың солтүстік-батыс бөлігі орналасқан. Оңтүстік-батысы мен оңтүстігін Ауғанстан, Пәкстан, Үндістанның солтүстік бөлік-



Орталық Азиядагы шөл ландшафты

тері, орталық мен шығысын Қытай алып жатыр. Аумағы 6 млн. км<sup>2</sup>. Жер бедері әр түрлі биіктіктерінде жазықтар мен оларды қоршай орналасқан биік тау жоталарынан тұрады. Геоморфологиялық ерекшелігіне қарай Орталық Азия батыстан шығысқа қарай созыла орналасқан З орографиялық белдеуден тұрады. Солтүстік таулы белдеу құрамына Сарыарқа, Монгол Алтайы, Хангай, Хәнтәй тау жоталары, тау аралығында орналасқан Жонғар жазығы, Үрынқай, Ебінүр, т.б. ірі көлдердің қазаншұңқырлары кіреді. Орта белдеуге Тянь-Шань тауы және биіктігі 1000–2000 м болатын көтерінкі жазықтарда жатқан Гоби, Алашань, Бейшань және Тарим ойысындағы Такла-Макан шөлдері кіреді. Биік Орталық Азия құрамына орташа биіктігі 4000–5000 м-ге жететін Памир, Қуньлунь, Гиндукуш, Қарақорым, Тибет, Гандисышан тауларынан тұратын биік тау жүйелері жатады.

Орталық Азия, геосаясатта – Кеңестер Одағының ыдырауы нәтижесінде бұрынғы Орта Азия республикалары мен Қазақстан аумағында пайда болған геосаяси кеңістік. Геоаймақ ресми турде 1993 ж. 4 қаң-




Гоби Алтайы

тарда Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркменстан Республикалары президенттерінің Ташкент қаласында өткен саяси, экономикалық ынтымақтастықты нығайту мәселелері жөніндегі басқосуында бекітілді. Орталық Азия болып аталуы – жер аумағының Еуразия құрлығының өрталығында орналасуына және бұл елдердің тарихы, діні мен тілі, салт-дәстүрлері мен әдеттүрпесі, мәдениеті мен шаруашылығындағы жақындықтар, ұқсастықтардың көп болуына байланысты. Орталық Азия аймағының аумағы 4 млн. км<sup>2</sup>-ден асады, халқының жалпы саны 60 млн. адамды құрайды. Аймақ елдерінің сыртқы сауда және экономикалық қатынастарында ежелгі Ұлы Жібек жолының қайта жаңғыруы өз көрінісін беруде, әрі Ресей, Қытай және ТМД-ның басқа да елдерімен дәстүрлі байланыстарын жалғастыруды. Орталық Азия аумағында Қытай, АҚШ, Үндістан, Бат. Еуропа және мұсылман елдерінің осы аймақтағы геостратегиялық мүдделері түйісken. Орталық Азияның саяси-әлеуметтік өміріндегі өзіне тән ерекше қасиет – ол ислам әлемінің бір бөлігі саналады және христиан, буддизм, индуизм, т.б. өркениеттердің тоғысуымен де ерекшеленеді. Аймақ шығыс пен батыс елдерін жалғастыратын біріктіруші «көпір» қызметін атқарады.

**ОРЫНБОР (1938–57 ж. Чкалов) –** Ресей Федерациясындағы қала, облыс орталығы. 1735 ж. бекініс қамал ретінде қаланып, аты Ор өзенінің атына байланысты қойылған. Халқы 571 мың адам. Қалада машина жасау, химия, мұнай химиясы, тамақ жасау, т.б. өнеркөсіп түрлері жақсы дамыған. 4 жо-

ғары оқу орны, өлкетану және бейнелеу өнері мұражайлары бар. Қала Жайық өзенінің оң жағалауына орналасқан. Қазіргі Орынбор қаласының іргесі 1743 ж. Берді қамалының орнына қаланды. Осы жерде ірі сауда алаңы ашылып, керуен сарай салынды. Сауда алаңының Орынборға және қазақ даласына қараған екі үлкен қақпасы бөлды. Орынбор 1868 жылдан Ресейдің Қазақстан және Орталық Азиямен арадағы ірі сауда орталығы болды. 1920 ж. 4 қазанда Орынборда Қазақ өлкесі Кеңестерінің құрылтай съезі өтіп, Қазақ АКСР-і құрылды. Орынбор 1920–1925 ж. Қазақ АКСР-інің астанасы болды.

Орынбор–Ташкент темір жолы, 1901–05 ж. салынып, пайдалануға берілген. Жалпы ұзындығы 2090 км, оның ішінде қазақ жері арқылы өтетін бөлігі 1660 км. Орынбор–Ташкент темір жолын салу ісі Николай II патшаның 1901 жылдың 21 сәуірдегі бүйрұғы негізінде қолға алынды. Патша үкіметінің Орынбор–Ташкент темір жолын салудағы басты мақсаты Орталық Азия үшін Англиямен арадағы бәсекелестікте жеңіп шығу, өлкедегі арзан шикізат қорын Ресейге тасу, Түркістан олкесіне тұра шығу болды. Құрылым Орынбор жағынан 10 мамырда, ал Ташкент жағынан 9 қарашада басталды. Бұған 70 млн. сом қаржы жұмсалды, 40–50 мың жергілікті тұрғындар жұмыс істеді. 1904 ж. 1 қаңтарда бүкіл Орынбор–Ташкент темір жолы бойынша поездардың уақытша жүрісі ашылды. Солтүстік бөлігі толық аяқталып, 1905 ж. 25 шілдеде, онтүстік бөлігі 1906 ж. 1 сәуірде пайдалануға берілді. Бес ірі станса – Ақтөбе, Шалқар, Қазалы, Перовск (Қызылорда), Түркістан Қазақстанның Ресеймен және Орталық Азиямен байланыс торабына айналды.



Орынбор қаласы




Орынбор темір жол вокзалы

Жол басқармасы Орынбор қаласында болды. Орынбор – Ташкент темір жолы – қазіргі кезде Қазақстанның оңтүстік және батыс аудандарын Орталық Азия республикаларымен, Ресеймен, Кавказ және Шығыс Еуропа елдерімен байланыстыратын негізгі темір жолы желісі.

**ОСМАН СУЛТАНДЫҒЫ**, Осман империясы, Оттоман империясы – Түркияны сұлтандар билеген тұстағы мемлекет (1299–1922). Осман сұлтандығы тарихта ең ұзақ өмір сүрген империялардың бірі саналады. 1219–21 жылдардағы Орталық Азиядан батысқа қарай шабуыл жасаған түркі тайпалары ішінде қайы тайпасының көсемі Ертогрұл Кіші Азияда өз билігіндегі аумақты Византия жерлерін жаулап алу есебінен кеңейте түседі. 1281 ж. Ертогрұл өлгеннен кейін, оның баласы Осман I сұлтан билігіндегі әмірлікті өз есімімен атап, Осман әулетінің негізін салды. Осман сұлтандығы 14 ғасырдың 20-жылдарында Османның баласы Орханның тузында қалыптаса бастады. Ол 1326 ж. Кіші Азияның солтүстік батысындағы аса ірі Бурса қаласын басып алғып, астана етті. Орхан сұлтан көп ұзамай Никомедияны, Ниқеяны, Вифинияны, Мизияны, Ионияны жаулап алды. Сөйтіп 14 ғасырда Еуропага жақыннады. 1389 ж. Баязид I әскери Балқан түбегіндегі елдерді бағындырды. 1453 ж. Мехмед II Фатих сұлтан кезінде Константинополь қаласының аты өзгеріліп (Стамбул), Осман сұлтандығының астанасына айналды. Константинопольді жаулап алу Осман сұлтандарының мәртебесін көтеріп, империялық құрылымға жол ашты. Арада 25 жыл өткеннен кейін бүкіл Балқан түбегінен Дунайға дейін Осман сұлтандығына қарады. Молдавия мен Валахияға өз ықпалын жүргізді. 1514–15 ж. Армения мен Күрдістан, солтүстік Месопотамия, Сирия, Палестина, Египет, Хиджаз, 1519 ж. Алжирдің бір бөлігі империя құрамына қосылды. Хиджаз аймағындағы Мекке мен Мәдине қаласына ие болғаннан кейін Селим I барлық мұсылман қауымының дін басшысына айналды. 1521 Белград қаласы алынды, 1526 ж. біріккен Чехия-Венгрия жасақтары талқандалды. 1553 ж. Грузияның батыс бөлігін, 1574 ж. Кипр мен Тунис, кейін Алжир мен Триполи Осман сұлтандығы құ-

рамына күшпен кіргіzlді. Сондай-ақ 1669 ж. Критті, Подoliaны, 1672 ж. Украинаның бір бөлігін басып алды. Осман сұлтандығы 16–17 ғасырларда гүлдену дәуірін бастан кешірді. Осман сұлтандығының қуатының артуы Сүлеймен I Кануни сұлтанның атымен байланысты болды. Осман сұлтандығының жеңістері Еуропа мен Кіші Азияда жаңа өзгерістерді әкелді. Түркі тайпалары жергілікті отырықшы халықпен араласып, византиялық өркениетті тәртіпке бой ұрды. Осы ұрдісте Бурса, Эдирне, Стамбул сияқты негізгі әкімшілік мәдени, сауда және кәсіптік орталықтар негізгі рөл атқарды. Осман сұлтандығы билеушілері рухани бірліктің негізі ретінде исламға ерекше назар аударды. Оңтүстік шығыс Еуропа халықтарын исламданыру ісін жүзеге асырды. Халық саны өсті, сыртқы және ішкі сауда жанданды. Мәдениеттің әр саласында, әдебиетте, сөүлет және бейнелеу өнерінде өрлеу байқалды. Сүлеймен I мен оның мұрагерлерінің дәуірі Осман сұлтандығының мәдениетінде европалық және шығыстық дәстүрлердің үйлесім табуымен ерекшеленді. 17–19 ғасырларда Осман сұлтандығы сыртқы және ішкі саяси дағдарысқа ұшырады. 1684 ж. сыртқы жаулары Австрия, Польша, Венеция бірігіп, түріктерге қарсы «Қасиетті



Түріктердің Константинопольді алуы

лига» одағын құрды. Ішкі алауыздықтар мен Балқан түбегіндегі халықтардың азаттық үшін болған көтерілістері, ұзақта созылған орыстүрік, италия-түрік соғыстары Осман сұлтандығы біржолата әлсіретті. 19 ғасырдың соңында Осман сұлтандығы Еуропадағы иеліктерінен түгелдей айырылды. 19 ғасырдың ақыры мен 20 ғасырдың басында Осман сұлтандығы Англия, Франция, т.б. ұлы державалардың жартылай отарына айналды. 1-дүниежүзілік соғыста Осман сұлтандығы Германия жағында болып, жеңіліске ұшырады. 1918 ж. 30 қазанда жасалған Мондрос уақытша бітіміне сұлтан үкіметі қол қоюға мәжбүр болды. Бұл іс жүзінде Осман сұлтандығының ақыры еді. Одақтастар әскері басып алған Стамбул және елдің басқа да аймақтары Антанта державаларының қолында болды. Анатолияның ерікті аймақтарында қуатты ұлт-азаттық қозғалысы өрістеп, көп ұзаммай Мұстафа Кемал Ататурк орнатқан ұлттық үкімет құрылды.

**ОТТЕК, О, O<sub>2</sub>** – элементтердің периодтық жүйесінің VI тобындағы химиялық элемент, атомдық номері 8, атомдық массасы 15,9994. Табигатта ең көп таралған элемент, үш изотопы (<sup>16</sup>O, <sup>17</sup>O, <sup>18</sup>O) бар. Оттек элементі екі атомнан құралған O<sub>2</sub> жай затын түзеді. Оны 1774 ж. ағылшын фалымы Дж.Пристли (1733–1804) ашқан. O<sub>2</sub> – түссіз, иіссіз газ, суда аз ериді, тұтқырлығы өте аз, магнитке тартылады (сүйиқ оттек). Қосылыстарында екі валентті. Химиялық белсенділігі өте жоғары. Оттек жеңіл инертті газдардан басқа барлық элементтермен өрекеттесіп, химиялық қосылыстар – тотықтар түзеді. Ауыр инертті газдар мен асыл металдардың оттекті қосылыстары жанама жолмен алынады; құрделі және жай заттардың көпшілігімен экзотермиялық реакцияға түседі. Атмосферада найзағай ойнағанда (2000 °С-та) N<sub>2</sub>+O<sub>2</sub>=2NO реакциясы өтеді. Жер қыртысындағы салмақ мөлшері 47,4%, 1364 түрлі минералдар (силикаттар, карбонаттар, сульфаттар, т.б.) түзеді, атмосфера құрамында үлесі 20,95%. ДНҚ-ның құрамына енеді. Адам организмінің 70%-ы оттек. Өнеркәсіпте оттекті аудан алады. Оттек өнеркәсіпте технологиялық процестердің және медицинада тыныс алудың қарқындылығын арттыру үшін, металдарды кесуде немесе біріктіруде қолданылады. Оттек химия өнер-

кәсібінде азот, күкірт қышқылдарын, метанол, т.б. заттар алуда жұмсалады.

**ОТЫРАР, Тұрабанд, Тұрап, Тарбанд, Фараб –** ортағасырлық қала орны. Оңтүстік Қазақстан облысы Отыrap ауд-ның Темір темір жол стансасынан солтустік-батысқа қарай 7 км жерде орналасқан. Отыrap 8 ғасырдың басынан Тарбанд (Трабан) деген атаумен белгілі. Бұл атау Құлтегіп жөне Білге қаған құрметіне арналған көне түркі жазбаларда кездеседі. 8 ғасырдағы араб географы Якут «Тарбанд, Тұрап, Тұрапбанд пен Отыrap – бір қала» деп жазады. Араб тарихшысы Табаридің Отыrap патшасын әл-Мамун халифтың жауларының бірі деп атағанына қарағанда, Отыrap 9 ғасырдың өзінде-ақ ірі қала болған. 10 ғасыр жазбаларында Кедер деген орталық қаласы бар Фараб аймағы аталауды. Ал Фараб Кедерден көне қала екені әл-Мақдисидің (10 ғасырдың аяғы) еңбегінде жазылған. Оның айтуынша, бас қала аймақ есімімен Фараб аталған. 10 ғасырдан кейін Кедер тарихи және географиялық жазбаларда аталмайды, оның орнына астана да, аймақ та Фараб делинген. Отыrap 5–15 ғасырларда Арас бойындағы көшпелі тайпалармен сауда жасайтын Иран мен Орталық Азиядан Сібірге, Монголияға және Қытайға қатынайтын сауда жолындағы маңызды қала болды. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, қалада сол кезде әлемдегі аса ірі кітапхана және көптеген мешіт-медреселер болған. 1218 ж. Хорезмшаш Мұхаммедтің Отырапдағы билеушісі Қайырханның әмірімен Шыңғыс хан көруенінің саудагерлері өлтіріледі. Бұл Шыңғыс ханының Орталық Азияға шапқыншылық



Ежелгі Отыrap қаласының орны



жасауына сылтау болды. Тарихи әдебиеттерде бұл қырғын «Отырар апаты» деген атпен белгілі. 1219 ж. күзде монғол әскерлері Отырарта жетті. Монғол шапқыншылығы салдарынан Отырар қиратылып, қала тұрғындары қырғынға ұшырады. Бірақ 1219 жылғы апattan кейін Отырар қайта жанданды. 1255 ж. армян саяхатшысы Отырарды Сырдария бойындағы ірі қалалар қатарында атайды. Отырар дүниежүзілік саудада бұрынғыныша делдалдық рөл атқарды. Қала туралы 1320 ж. Флоренция көпесі Пеголоттидің Азов теңізінен Қызыр Шығысқа дейінгі сауда жолы туралы жазбаларында да баса айтылған. 14 ғасырда Ақ Орда хандары мұнда медреселер, ханакалар, мешіттер, кеңселер салдырды. 14 ғасырдың аяғында Отырар Әмір Темір мемлекетінің құрамына кірді. Әмір Темір мұнда бірнеше рет болып, Шығыс жорығына дайындығы қызған кезде (1405) осында қайтыс болды. Әмір Темір мирас-қорлары мен Шайбани әулетінің қазақ хандарымен құресі барысында Отырар тағдыры тағы да сынға түсті. 16 ғасырдың 2-жартысынан бастап қала қазақтардың билігіне біржолата көшіп, шамамен 18 ғасырдың басына дейін болған.



Отырар орнының құс үшар білктікten көрінісі

**ОЗБЕКСТАН**, Озбекстан Республикасы – Орталық Азияда орналасқан мемлекет. Жер аумағы – 442,4 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 30,0 млн. Негізгі халқы – өзбектер (75,8%), онан басқа орыстар (6%), тәжіктер (4,8%), қазақтар (4,1%), татарлар (2,4%), қарақалпактар (2,1%), т.б. ұлт өкілдері тұрады. Мемлекеттік тілі – өзбек тілі. Тұрғындары негізінен ислам дінін ұстанады. Астанасы – Ташкент қаласы. Әкімш. жағынан бір автономиялық республикаға және 12 облысқа бөлінеді.

Озбекстан өнірі жер бедері жөнінен солтүстік-батыс жазық және оңтүстік-шығыс таулы бөліктерге бөлінеді. Жазық жағын Қызылқұм шөлі, Устірт, Тұран ойпаты, Әмудария атырауы алып жатыр. Таулы елке Шатқал, Құрама, Ферғана, Алай, Зеравшан, Түркістан, т.б. жоталардан құралады, бұлардың аралықтарында Ферғана, Зеравшан, Шыршық-Ангрек, Қашқадария, Сурхандария, т.б. аңғарлар орналасқан. Жер қойнауы пайдалы қазындыларға бай. Қаратау-Нарын белдеуінен сирек металл, темір кен тасы, полиметалл, қорғасын-мырыш, Белтау-Құрамадан мыс (Қалмақыр, Сарычек кендері), Түркістан-Алайдан графит-никель-кобальт (Тасқазған)



Ташкент қаласы

кен орындары ашылған. Өзбекстан аумағы Өрталық Азиядағы ірі мұнайлыштық газды аймақ саналады.

**ӨЗЕН** – жер бетіндегі табиғи арнамен тұрақты немесе жыл маусымдарының көпшілік уақыттарында ағатын су ағыны. Өзеннің негізгі бөліктері – бастауы (басталар жері) және атырауы (көлге, теңізге құяр жері). Ирі өзендердің жоғарғы, орта және төменгі ағысы болады. Тікелей көлдерге, теңіздерге құятын немесе құмдар мен батпақтарға сінетін өзендер – негізгі және өларға келіп қосылатын өзендер алғашқының салалары деп аталауды. Негізгі өзен өзінің салаларымен бірігіп өзен жүйесін құрайды. Өзен жүйесі мен су жиналатын алаптан өзен алабы құралады. Екі өзен алабы суайырық арқылы ажыратылады. Өзендер негізінен жер бедерінің созындықы




Бұқтырма өзені



Әмудария өзені

ойыс жерлері – өзен аңғары бойымен (негұрлым төменірек бөлігі – арна, тасқын суларғана жететін жері – жайылма) ағады. Өзендер қар суы, жаңбыр, мұздық және жер асты суларының есебінен толығып отырады. Жергілікті жер бедеріне байланысты тау өзені және жазық-дала өзені болып белінеді. Өзен төрненің жиілігі және ағысының бағыты табиғат жағдайларына байланысты. Экваторлық белдеуде және қоңыржай белдеудің таулы аудандарында суы мол өзен торы жиі орналасқан. Шөлді аймақтарда қар суы мен қатты нөсер әсерінен уақытша өзендер пайда болады. Дүние жүзіндегі ірі өзендер: Амазона, Ніл, Миссисипи, Янғызы, т.б. Қазақстан жерінде 85 мыңдан астам өзен мен жылға бар. Оның 8 мыңға жуығының ұзындығы 10 км-ден, 155-і 100 км-ден, 4-нің (Ертіс, Сырдария, Жайық, Есіл) ұзындығы 1000 км-ден асады. Барлық өзендердің су қоры 110 млрд. м<sup>3</sup>, олардың ағын мөлш. 3460 м<sup>3</sup>/с. Ирі СЭС-тер Ертіс (Бұқтырма, Өскемен), Іле (Қапшагай), Сырдария (Шардара) өзендері бойында салынған. Республикадағы ірі өзендерде жолаушы, жүк тасымалданады.



Түрген өзеніндегі сарқырама

**ӨЛЕҢ** – шағын көлемді поэзиялық шығарма. Ырғалы мен үйқасы қалыпқа түскен, шумағы мен бунағы белгілі тәртіпке бағынған нақысты сөздер тізбегі. Өлеңнің түрлері мен жанрлары әр алуан: ода, элегия, баллада, сонет, т.б. Кең мағынасында өлең қысқа көлемді поэзиялық туындылардың жалпы атауы болса, тар мағынада музикалық өнер мен сез өнеріне ортақ туынды, яғни ән өлеңі. Қазақ аудың әдебиетіндегі халық өлеңдері еңбек-кәсіпке орай (аңшылық, төрт түлік, наурыз өлеңдері), ескілікті наным-сенімге байланысты (бақсы сарыны, арбау), әдет-ғұрып негізіндегі (салт, үйлену, мұң-шер өлеңдері), қара өлең, тарихи өлең, айтыс өлеңдері болып бөлінді. Өлең сөздердің болмысы, жаратылысы аса күрделі, оған ишара, меңзеу, салыстыру, жұмбақтау, астарлау, бейнелеу, тендеу, үқсату, т.б. тән. Өлең лирика жанрында кең тарады, тақырыбы жағынан саяси, көңіл күйі, табиғат, махаббат және философиялық түрлерге жіктеледі.

**ӨНЕР** – көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы. Өнер өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында алмай, өзгертін, түрлендірін, көркем образдарды типтендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс. Өнердің мақсаты – дүниені, адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық түрғыдан игеру. Көркем шығарманың бел ортасында нақты бір тарихи жағдайда алынған жеке адам тағдыры, адамдардың қоғамдық қатынастары мен қызметтері түрады. Олар суреткер қиялды арқылы өндөліп, көркем образдар түрінде беріледі. Шығарманың суреттеу тәсілі, құрылымдық келбеті, көркем бейне жасаудың материалдық арқауы өнер түрлерінің ерекшеліктерін айқындаиды. Осылан сай өнердің: көркем әдебиет, музика, мұсін, кескіндеме, театр, кино, би, сөүлет өнері, т.б. түрлері бар. Өнер жайлар: «табиғатқа еліктеу», «Құдайды тану», «шындықты бейнелеу», «сезім тілі», т.б. анықтамалар беріледі. Өнер жеке тұлғаның жанжақты дамып жетілуіне, оның эмоционалды күйіне, интеллектуалды өсуіне ықпал етіп, адамзаттың қордаланған санғасырлық мәдени тәжірибесінен, даналығынан сузындауға

мүмкіндік береді. Өнер туындысы адам сезіміне қозғау салумен бірге, баяндалған оқиғаны басынан өткізгендей тебіреніске, кейіпкердің қуанышына сүйінген, қайғысына күйінген толғанысқа әкеледі, эстетикалық ләззэтқа бөлейді.

**ӨРІК** – раушангүлділер тұқымдасына жаттын жеміс ағаштарының туысы, жеміс дақылы.

Өрік – жарық, жылу сүйгіш дақыл, жеңіл ауа, ылғал өткізгіш топырақтарда жақсы өседі, ал сазды, тұзды жерлер өрік өсіруге жарам ыз келеді. Құрғақшылыққа төзімді. Тікпеп көшеттері отырғызылған бақтар 3–4 жылдан кейін өнім бере бастайды, 40–50 және одан да көп жыл өмір сүреді. Әр түбінен 15–20 (7 жылдық ағаш), 60–100 кг (15–20 жылдық ағаш) жеміс алынады. Жемісі шілде айында піседі, салм. 20–70 г. Жемісінің құрамында 4–20% қант, алма және лимон, т.б. қышқылдары, 10%-дай каротин, 0,4–1,3% пектин заттары, ал тұқымында 29–58% май болады. Жемісінің өзін, кептірілген және өңделген күйінде (шырын, тосап) пайдаланады.

Қазақстанда Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында бір түрі – кәдімгі өрік өсіріледі. Ағаштары өте биік, 8–15 м аралығында. Жапырақтары жалпақ, жогары жағы үшкірлеу, тісті болып келеді. Жеміс бұршіктері бір гүл береді, олар ақ немесе қызылғылт түсті, жапырақтарынан бұрын ашылады. Жемісі етті, тұкті, ал сүйегі жылтыры.



Өріктің жемісі



Өскемен қаласы

**ӨСКЕМЕН** – Шығыс Қазақстан облысының әкімш. орталығы (1939 жылдан), қала, темір жол станасы, өзен айлағы; Қазақстандағы ірі өлеу және автомобиль жолдарының торабы. Қала Улбі өзенінің Ертіске құяр саяғасында орналасқан. Қала әкімдігіне 7 елді мекен қарайды. Тұрғыны 309,0 мың адам. Иргесі 1720 ж. әскери қамал ретінде қаланды. 1879 ж. Семей облысына қарасты өзімен аттас уездің орталығына айналды, қала мәртебесін алды. 1926 жылдың қаладағы тұрғындар саны 13,9 мың болды. Қазір қалада дүние жүзіне танымал аса ірі «Қазмырыш» пен «Өскемен титан-магний» комбинаттары орналасқан. Өскеменде үш мемлекеттік (Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық үн-ті, т.б.), үш жекеменшік жоғары оқу орындары, колледждер жұмыс істейді.

лік түрінде байқалатын бұл белгілер (ерекше даму циклы, органдардың қалыптасу жолдары, бір жерде бекініп тіршілік етуі) оларды тірі организмдердің басқа әлем өкілдерінен онай ажыратуға мүмкіндік береді. Бірақ құрылымдық дәрежесі төмен (бір клеткалы өсімдіктер мен жануарлар) организмдердің бір-бірінен айтарлықтай айырмашылығы болмайды. Өсімдіктер қорегін қоршаған ортадан газ түрінде (фотосинтез) және ерітінді күйінде (су мен еріген минералды тұздар) сініреді. Көптеген өсімдіктердің денесі әр түрлі қызмет атқаратын органдарға бөлшектенген. Жоғары сатыдағы өсімдіктер денесінің бөлшектенуі мен дифференциялануы көптеген арнайы құрылымдардың пайда болуына алыш келеді. Мысалы, эпифит өсімдіктердің жер асты тамыры болмайды. Олар тропиктік және субтропиктік ағаштар бұтағының үстінде өсіп, ылғалды ауа жүтады. Ал шөл өсімдіктері ылғал жетпесе солып қалады. Бірақ жаңбыр жауса болды, оларда фотосинтез процесі жүре бастайды. Кейбір өсімдіктердің сабағында құыс болады. Онда өсімдіктердің басқа жәндіктерден қорғайтын құмырсқалар тіршілік етеді. Өсімдіктердің қатысуымен топырақ, шымтезек, тасқөмір түзіледі. Қоршаған ортаға бөлінетін зиянды газдарды, шаң-тозадарды, ауыр металдарды сініріп, ауаны тазартады. Өсімдіктердің адам өмірінде де алатын орны ерекше. Олардан тамак, киім, отын, дәрі, құрылыш материалдары алынады. Бірақ соңғы кезде адамның іс-әрекетінен, яғни,



**ӨСІМДІКТЕР** – фотосинтез процесінің жүзеге асусы нәтижесінде автотрофты қоректенетін, клеткасы тығыз қабықты (әдетте целлюлозадан тұратын) организмдер. Өсімдіктер клеткасына жиналатын қоректік затты крахмал деп атайды. Өсімдіктер арасында сирек кездесетін гетеротрофты қоректену – эволюциялық даму барысында екінші қайтала пайда болған белгі. Өсімдіктердің көпши-

өсімдік жамылғысын орынсыз, тиімді пайдаланбауынан өсімдіктердің көптеген түрі жойылып барады. Қазақстанда өсетін 6 мындан астам өсімдіктердің 405 түрі (сирек кездесетін, жойылу қаупі бар) қорғауга алындып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

қорғауға алынып, Халықаралық табигат қорғау одағының «Қызыл кітabyна» енгізілген.



**ПАВЛИН**, тауыс – тауықтәрізділер отрядының қырғауылдар туқымдасына жататын құс. 2 түрі бар: кәдімгі павлин (*Pavo cristatus*) және көкқанатты павлин (*Pavo muticus*). Бұлар Үндістан түбегі мен Шри-Ланка, Суматра аралдарында қалың бұталар арасын мекендейді. Қоразының дене түркі 110–125 см, салм. 5 кг-дай болады. Әдемі құйрық үсті қауырсынының (жергілікті халық оны құйрық деп атайды) ұзындығы 120–130 см. Мекиендері реңсіз, сұр түсті. Қебіне жерде жүреді, жақсы жүгіреді, қауіп төнгенде ағаш басына шығып кетеді. Жәндіктер мен олардың дернәсілдерін, құрттар, моллюскалармен қоректенеді. Күйге келген қоразы неше түрге боялған «көздері» бар әдемі құйрық үсті қауырсындарын желпуіш тәрізді жазып жіберіп, тік ұстай алады. Ұясын жерді шұңқырлап, оған қырғақ шөп пен жапырақ төсеп жасайды. Ондағы 4–7 қызғылт дақтары бар сұр түсті жұмыртқасын мекиені 30–35 күндей шайқайды. Балапандары тез жетіледі, бір айдан соң өз бетінше ұша алады. Павлиnderдің саны жылдан жылға азаюда, сондықтан



Павлин

**ПАВЛОДАР** – Қазақстанның солтустік-шығысындағы қала (1861 жылдан), өзімен аттас облыс орталығы (1938 жылдан), ірі темір жол станасы, өзен айлағы және әуе порты. Тұрғыны 331,2 мың адам. Қала Ертіс өзенінің оң жағасында, орналасқан. Іргесі 17 гасырдың аяғында Ертіс өзені маңындағы көлдерден тұз өндіруге байланысты қаланған. 1720 ж. оның негізінде Коряков әскери бекінісі (форпост), 1838 ж. Ямышов қамалынан әскери бөлімнің көшірілуіне байланысты, Коряков станицасы салынды. 1861 ж. форпост Павлодар деп аталды да, облыстар құрылуына сәйкес Семей облысына қарасты Павлодар уездің орталығына айналды. 1932 жылға дейін округтік қала, 1932–38 ж. Шығыс Қазақстан облысындағы аудан орталығы болды. Қаланың ірі өнеркәсіп орталығына айналуына 1938 ж. өзімен аттас облыстың құрылуы және 1953 ж. Оңтүстік Сібір темір жолы магистралінің салынуы үлкен әсер етті.

Қалада машина жасау және металл өндеу, түсті metallургия, мұнай өндеу, химия өнеркәсібі, энергетика, құрылым материалдары салалары дамыған. Павлодар – республикадағы темір жол, өзен, автомобиль және әуе жолдары түйіскен ірі жол тораптарының бірі. Ертіс өзені арқылы Семей мен Омбы (Ресей), Өскемен және басқа қалалар арасындағы жүк және жолаушылар тасымалы жүзеге асырылады.

Павлодарда мемлекеттік 2 жоғарғы оқу орны: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті және Павлодар университеті жұмыс істейді.



Павлодар қаласындағы айлақ

**ПАЙФАМБАР** (парс. «пайғам» – хабар және «бар» – алып барушы) – қауымға Алла ақиқатын жеткізіп, Құдайдың барлығы мен бірлігін мойындауға шақырушы адам. Бүкіл жаратылыс ішінде ақылымен ерекшеленетін адам баласына Алла дүниедегі тіршілік пен мәңгілік өмірдің сырларын ашу үшін пайғамбарлар мен арнайы кітаптарын және сүйікті құлдарын жіберді. Имандағы жеті пайрыздың бірі – «Алла тағаланың жіберген пайғамбарларына сену». Ислам теологиясында бұл мәселе нубуат (пайғамбарлық) деп аталағып, зерттеледі. Пайғамбарлық екі түрлі боллады: нәби және расул. Нәби – періште арқылы уаһи (арнайы хабар) түсірілген немесе жүргегіне илham арқылы білдірілген яки аянтүс арқылы хабар алып отырган Құдай тағала тараپынан таңдалған ерекше пенделер. Ал расул – пайғамбарлық хабарын қабылдан, Жәбіреіл періште арқылы арнайы кітап туғырлана, Алла тағаланың үкімдерін халыққа жеткізуші ретінде жіберілген, кемелдікке жеткен адам. Сондықтан расулдың бәрін нәби деуге болғанымен, әрбір нәбиді расул деуге болмайды. Пайғамбарлық құдай тағаланың арнайы таңдауымен болатындығы жайлы Құран Қәрімде айтылады (Жұма сұресі, 2, 4-аяттар.). Пайғамбарлардың сипаттары мен ерекшеліктері мыналар: пайғамбарлардың бәрі ер кіслерден болған. Олар күнәдан пәк, бірақ қателіктері болған. Олар ең сенімді адамдар, Алла тағаланың бүйрықтарын қос-пай-кемітпей жұртқа жеткізін отырган, Алла тағаланың үкімін адамдарға жеткізетін кезде жанқиярлық ерлікпен, аса шыншыл әрі турашылдығымен ерекшеленген. Кез келген адам үрпақтары біле бермейтін құпия нәрселерді уаһидің сөүлесімен білін, жұртқа үйреткен, адамдарға Алла тағаланың аяттарын оқыған, кітап пен хикметті үйреткен. Игіліктің бұл дүниеде адамдардан емес, ақыретте, әлемдерді жаратып тәрбиелеуші болған Алла тағаладан алынатындығын корсеткен жандар. Пайғамбарлар – адамдардың сұрауына байланысты, өздерінің пайғамбарлығын дәлелдеу және Алла тағаланың құдіретін көрсету үшін арнайы мұғжиза (әдеттен тыс жағдайлар) көрсеткен құлдар.

Алғашқы пайғамбар Адам ата (ғ.с.) тұралы ең соңғы пайғамбардың сахабаларының бірі болған Әбу Зәр әл-Қифари былай дейді, мен пайғамбардан: «Я расуллалан! Ең алғашқы пайғамбар кім болған?» деп сұрадым.

Пайғамбарымыз: «Әзіреті Адам» деп жауап қайырды. «Ол кісі де пайғамбар болған ба?» деп сұрадым. Ол «әрине ол толық пайғамбар болған» деді. Тағы да мен «Расуллалан! Пайғамбарлардың саны қанша болған?» деп сұрадым. Ол кісі «жұз жиырма төрт мың» деп жауап қайырды. «Я расуллалан! Олардың нешеуі расул?» деп сұрадым. Ол кісі: «үш жұз он бес кіслік бір жамағаты» деді (Иbn Сад, Табакат 1-т., 32-б.). Кейбір деректерде «үш жұз он үш» деп көлтірілген.

Ал соңғы пайғамбар – Мұхаммед пайғамбар (ғ.с.) расул әрі нәби. Бұл туралы Құран Қәрімде: «...Алланың елпісі және пайғамбарлардың соңы. Алла әр нәрсені толық білуші» делінген (Аһзаб; 40). Құран Қәрімде жиырма сегіз пайғамбардың аты кездеседі. Олардың арасындағы ең ұлықтары, құрметтілері: Нұқ пайғамбар, Ибраһим, Мұса пайғамбар, Иса, Мұхаммед пайғамбар (ғ.с.) (Табари тәпсірі; 26-т., 37-б.). Алла тағала тараپынан пайғамбарларға жұз төрт кітап туғырлана. Төртеуі ұлық кітап, олар: Таурат, Інжіл, Зәбур, Құран Қәрім.

**ПАЛЕСТИНА**, Палестина мемлекеті, Батыс Азияда орналасқан. Жер аумағы 6,2 мың км<sup>2</sup>. Халқы 3,4 млн. Тұрғындары арабтар мен еврей қоныстанушылары. Ресми тілі – араб тілі. Әкімшілік орталығы – Ромула қаласы. Діні – сұнниттік ислам мен иудаизм.

Палестина жерлері Жерорта теңізінің шығыс жағалауын алып жатыр. Жері таулы, үстіртті. Климаты ыстық, жерортатеңіздік. Жазы құрғақ, қысы жылы, жаңбырлы. Онтүстігін кесіп өтетін Иордан өзені Өлі теңізге құяды. Табигаты өте жұтаң. Кішірек ағаштар мен бұталар ғана өседі.



Иордан өзенінің Палестина жерімен ағатын түсі

Палестина экономикасының дамуына Израиль әскерінің елдегі басқыншылық өрекеттері көрі өсер етуде. Палестина тұрғындары күнкөріс үшін Израильге, Парсы шығанағы елдеріне жұмыс істейді. 1990 ж. Парсы бұғазындағы дағдарыстан кейін көшілігінің елге қайтуына тұра келді.

**ПАЛЬМА** – дара жарнақты өсімдіктердің бір тұқымдасы. Негізінен тропиктік ормандарда, теңіз жағалауларында, саванналарда, шөлейтті жерлердегі оазистерде, биік тау базында (3000 м-ден биіктікте) тараған. Пальмалардың 250 туысы, 3400-дей түрлері белгілі. Биіктігі 60 метрдей, діңінің диам. 1 метрге дейін (юбек), көбіне бұтақтанбаған, жапырағы топтанып, жоғары жағында орналасқан. Пальманың көптеген тұрғынің жемісі тамаққа (саго пальмасы, кокос пальмасы, құрма пальмасы, т.б.) қолданылады. Тұқымынан май, сағыз алынады, күнжарасы малға беріледі, жапырақ бүрі тамаққа пайдаланылады. Көптеген елдерде пальманың жеміс шырынынан шарап ашытады, қант, діңінен крахмалды саго жармасы алынады. Қабығынан арқан есіледі, талшығынан бас киім, жін, себет тоқылады, жапырағынан қағаз, өсімдік балауызы алынады. Қазақстанда пальманы әсемдік үшін қолдан өсіреді. Алматыдағы



Кокос пальмасы

Бас ботаника бағында құрма пальмасы, вашинктония, ливистона, трахикарпус, хамеропс, т.б. түрлері өседі.

### ПАСТЕР Луи (27.

12.1822, Доль, Юра – 28.9.1895, Вильнев-л’ Этан, Париж маңы) – француз микро-биологы және химигі, микробиология мен иммунологияның негізін салушы. Микробиология ғылыми-зерттеу институтының (кейін Пастер институты) алғашқы директоры



(1888). 1857 ж. ашу процесін зерттеп, бұл процесті қоздыратын әр түрлі өзіндік микроорганизмдері болатынын анықтады. Ол пастерлеу – зиянды микроорганизмдерден заарсыздандыру мақсатында белгілі бір мерзім ішінде (15–30 мин) 60–70°C температураға дейін қыздыру әдісін ұсынды. Пастер шарап жасау, сыра қайнату, т.б. тамақ өнеркәсібі салаларының ғылыми негіздерін қалады. 1870 ж. жібек құртының ауруын зерттеп, ауруды қоздырушы бацилдің екі түрін тапты. Адамдар мен жануарлардағы жұқпалы ауруларды (куйдіргі, толғақ сандырағы, құтыру, тырысқақ, қызамық) ерекше микроорганизмдер қоздыратынын дәлелдеді. Соның негізінде осы аурулардан алдын ала сақтану үшін вакцина тауып, егу әдісін ұсынды. 1880 ж. құтыруға қарсы, 1881 ж. күйдіргіге қарсы вакцинаны тапты. Құтыруға қарсы вакцина аурудан сақтандыру мақсатында бірінші рет 1885 ж. егілді.



Құрма пальмасы



Исламабадтағы Файсал мешіті

**ПӘКСТАН**, Пәкстан Ислам Республикасы – Оңтүстік Азиядағы мемлекет. Жер аумағы – 803,9 мың км<sup>2</sup>. Халқы 176,7 млн. Жергілікті тұрғындары пенджабтықтар, пуштундар, синдхилер, белуджилер. Ресми тілі – урду тілі. Мемл. діні – ислам (сүнниттер). Астанасы – Исламабад қаласы. Әкімшілік жағынан 4 провинцияға бөлінеді.

Пәкстан аумағының шығысы мен оңтүстік-шығысында Инд өзенінің аллювийлі аласа жазығы, солтүстігінде Гиндукуш және Гималай тау жүйелері (ең биік жері 7690 м), батысында, солтүстік-батысында иран таулы қыратының жоталары орналасқан. Аумағының көпшілік бөлігінің климаты тропиктік, солтүстік-батысы – субтропиктік, құрғақ континенттік.

Пәкстан – аграрлы ел. Ауыл шаруашылығының негізгі дақылдары – мақта, күріш, астық, қант қурағы, жеміс-жидек. Табиғи жағдайы жылына 2 – 3 рет өнім жинауға мүмкіндік береді. Тоқыма және тамақ женіл өнеркәсібі дамыған. Бұған қоса металлургия, газ, мұнай өндеу, цемент шығару өндірістері жақсы жолға қойылған. Экспортқа мақта-мата, жіп, күріш, былғары, балық, кілем шығылады.



Балторо шығыңы



Петр I

**ПЕТР I, Ұлы Петр** (9.6. 1672, Мәскеу – 8.2.1725, Петербург) – мемлекет қайраткері, орыс патшасы (1682–1725), Ресей императоры (1721), қолбасшы, реформатор. Романовтар әулетінен шыққан. Бала кезінде үй тәрбиесінде білім алды. 1682 ж. ресми түрде таққа отырды. Бірақ 1689 жылға дейін оның атынан апайы София билік құрды. София билік құрған жылдары (1682–89) Преображенск полкында әскери қызметте болды. София биліктен тайдырылғаннан кейін 1689–96 ж. агасы Иван Алексеевичпен бірге, ол қайтыс болған соң жеке дара билік құрды. Петр I елшілік құрамында шет елге кетіп, 1697–98 ж. Кенигсбергте зенбірек жасауды үйренді, Амстердам верфтерінде балташы болып істеді, Англияда кеме жасаудың оқуын бітірді. Оның бүйрығы бойынша шет елден кітап, құрал-сайман, қару-жаарақ сатып алынды, шеберлер мен ғалымдар шақырылды, дворян балалары шет елге оқуға жіберілді. Петр I Ресейдің әскери қуаты мен халықаралық беделін арттыруға тырысты. Тұрақты орыс армиясы мен әскери-теніз флотын құрып, әскери мектептің негізін қалады, әскери өнеркәсіпті дамытуға ерекше көңіл бөлді. 1695–96 ж. Ресей түркітермен соғыс нәтижесінде Азов бекінісін алып, Азов теңізіне шықты. 1700 ж. Түркиямен бейбіт келісімге келіп, Еуропадағы ең қуатты держава – Швециямен соғысқа кірісті. 1700–21 ж. Солтүстік соғыс нәтижесінде Ресей жеңіп, Еуропадағы қуатты державалар қатарына қосылды. 21 жылға созылған Солтүстік сөғиста жеңіске жеткен ол император атанып, Ресей империяға айналды. 1721 ж. Ништадт бейбіт келісім бо-

йынша Ресей Карелияға, Рига мен Нарва қалаларына иелік етіп, Балтық теңізіне шықты. 1722–23 ж. Парсы жорығы нәтижесінде Ресей Дербент және Баку қалаларымен бірге Каспий теңізінің Батыс жағалауына иелік етті. Петр I басыбайлылық құқықты, помешиктердің қоғамдағы жоғарғы орнын сақтай отырып, Ресейдің дамыған Батыс Еуропа елдерінен артта қалуын жоюға бағытталған реформалар жүргізді. Петр I Қазақстанды Азияға шығатын «кілт пен қақпа» деп таныды. Петр I-нің тікелей жарлығымен салынған әскери-инженерлік құрылыштар – Ямышевск, Омбы, Железинск, Семей, Өскемен, Коряков, т.б. әскери-қорғаныстық пункттер Жоғарғы Ертіс шебін құрап, қазақтарды жоңгар шапқыншылығынан қорғауда белгілі дәрежеде рөл атқарса, сонымен қатар қазақ жерін отарлауға алғышарт жасады.

**ПЕТРОПАВЛ, Қызылжар – қала (1825 жылдан), Солтүстік Қазақстан облысының орталығы (1936 жылдан), автомобиль, әуе, өзен және темір жолдарының ірі торабы. Батыс Сібір ойпатының өңтүстік-батысында, Есіл өзенінің оң жағасындағы «Қызылжар» деп аталатын ежелгі қазақ қонысының орнында орналасқан. Тұрғыны 203,8 мың адам. Қаланың іргесі 1752 ж. қаланып, христиан дініндегі әулие апостолдар Петр мен Павелдьың құрметіне аталған. Алғашында әскери форпост, кейіннен Сібір татарларының (туркілердің) қаласы атанып, Ресейдің Солтүстік және Орталық Қазақстанды отарлау кезіндегі негізгі тірек пунктіне айналды. 1838 ж. Есіл округінің, 1868 ж. Ақмола облысының құрамына еніп, уездік қалаға айналды. Ка-**

ланың одан өрі дамуына Транссібір темір жолының салынуы үлкен әсер етті. Осы жылдары Ресейден жер аударылған шаруалар келіп қоныстана бастады. Олардың басым бөлігі қалаға көшіп келіп, жұмыс күшін қөбейтті. Қалада қолөнер мен майда кәсіпкерлік дамыды. Қазіргі кезде Петропавл қаласы – Қазақстандағы ірі өнеркәсіп орталықтарының бірі.

**ПИНГВИНДЕР** – құстардың бір отряды. Пингвиндер құстардың басқа топтарынан ерте кезде бөлінген, шығу тегі жағынан дауылпаздарға жақын. Қазіргі кезде пингвиндердің 6 туысқа жататын 15–17 түрі белгілі, дene тұрқының ұзындығы 40 см-ден (галапогос пингвині) 120 см-ге (император пингвині) дейін, салмағы 3 кг-нан 45 кг-ға дейін жетеді. Қауырсындары қысқа, тығыз, арқасы қара, қара қоңыр, бауыры ақ түсті, кейбір түрінің басы сары теңбілді немесе айдарлы болады. Төс бұлшық еттері жақсы жетілген, қанаты ескекке айналған, қабыршақ тәрізді қауырсынмен қапталған. Жақсы жүзеді, сұнгиді, жарғакты саусақтары мен қысқа қүйрығы руль қызметін атқарады. Пингвиндер жағалауға, мұз үстіне секіріп шығып, құрлықта көбіне екі жағына теңселе адымдаپ, баяу қозғалады, қар үстінде бауырымен сырғанайды. Пингвиндердің тери астындағы дәнекер үлпадан тұратын май қабаттары жақсы жетілген, ол денесіндегі жылуды реттеп отырады. Пингвиндер құрлықта түлейді, бұл кезде олар қоректенбейді. Ұя салып, жұмыртқалау кезінде бірнеше мындаған дарабастары бірігіп үлкен топ құрады. Ұяларын жағалаулардағы жазық, тасты жерлерге, үңгірлерге,



Петропавл қаласы




Пингвиндер

ағаш тамырларының қуыстарына салады. Ұядада 1–2 (кейде 3) жұмыртқа болады. Император пингвинінің еркегі жұмыртқаны аягының үстіне ұстап, бауырындағы тері қатпаратымен жабады, 65 күндей шайқайды. Пингвиндер шаянтәрізділермен, басаяқты ұллармен, балықтармен қоректенеді. Галапоғос пингвині қорғауға алынып, Халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабына» енгізілген.

**ПИРАМИДА** – жақтарының бірі көпбұрыш (пирамида табаны) (кейде үшбұрыш болуы да мүмкін), ал қалған жақтары (бүйір жақтары) төбесі (пирамида төбесі) ортақ болып келетін үшбұрыштардан тұратын көпжақ. Бүйір жақтарының санына қарай пирамида үшбұрышты, төртбұрышты, т.б. болып бөлінеді.

Пирамида, архитектурада – пирамида үлгісіндегі алып құрылыш. Пирамида тұрғызу негізінен көне заманда етек алды. Оны ежелгі Мысыр перғауындарының қабіріне ескерткіш белгі (Гизадағы Хеопс пирамидасы, т.б.) ретінде тұрғызатын болған. Кейбір пирамидалар ғибадатхана, қазына қоймасы рөлін атқарып келді. Пирамидаға ұқсас құрылыштар (ғибадатхана тұғыры, космологиялық құрылыштар) Орталық және Оңтүстік Америка жерінде (біздің заманымыздың 1-мыңжылдығы) де кездеседі. Ежелгі Рим мен Жаңа Еуропа енерінде пирамида үлгісі мемориалды құрылыштар тұрғызу ісінде қолданылды.

Хеопс пирамидасы – дүние жүзіндегі аса ірі пирамidalардың бірі. Бұл пирамиданы перғауын Хеопс (Хуфу) көзі тірісінде өзіне арнап біздің заманымыздан бұрынғы 3-мыңжылдықтың 1-жартысында Гиза қаласы маңындағы Ливия шөлінде салғызған. X. п-ның табаны төрт бұрышты болып басталады да, жоғары қарай басқыш тәрізді көтеріліп, көп сатылы құрылыш түрінде тұрғызылған. Құрылышта 120 мың адам 30 жыл бойы жү-



Пирамиданың түрлері



Хеопс пирамидасы

мыс істеген. Пирамиданың биіктігі 137 м (алғашқы биіктігі 146,6 м болған), әрбір қабырғасының ұзындығы 230,38 м. Алып құрылышқа пайдаланған тас «асуаннан» (арабша «әс-суан», яғни «қатты тас» деген ұғымды білдіреді) 2,5 т текше тас түрінде дайындалған. Хеопс пирамидасына осындай текше тастың 2 млн. 2300-і жұмсалған. 1953 ж. араб ғалымдары осы пирамида маңынан 17 м терендікте, мұлде бекітіліп тасталған үлкен зал тапты. Залдан қару-жарак, асыл бүйімдер және ұзындығы 35 м желкенді қайық шықты. Ежелгі мысырлықтар тұрғызылған пирамидалардың ішіндегі ең үлкені болып табылатын Хеопс пирамидасы адам еңбегінің тажайып туындысы саналады.

**ПИ САНЫ**,  $\pi$  – шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасын көрсететін және математикада белгілі бір иррационал санды белгілеу үшін қолданылатын грек әрпі. Бұл белгілеуді алғаш рет 1706 ж. ағылшын математигі У.Джонс (1675–1749) пайдаланғанымен, жаппай қолданысқа 1736 ж. Л.Эйлердің (1707–83) еңбегінен кейін ғана ене бастады. Кез келген иррационал сандар сияқты Пи саны да шектеусіз периодты емес ондық бөлшек түрінде жазылады:  $\pi = 3,141\ 592\ 653\ 589\ 793\ 238\ 462\ 643 \dots$

Ерте замандардан бастап донғелек пен шеңберге қатысты практикалық есептеулер рационал сандардың көмегімен  $\pi$ -дің жуық мәнін іздеудің қажеттілігін туғызды. Ежелгі Египетте (біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықта) дөңгелек ауданын есептеу кезінде  $\pi$ -дің шамамен 3-ке тең мәні қолданылған. Қазіргі компьютерлер көмегімен пи санының үтірден кейінгі миллиондаған ондық таңбасын есептеуге болады.




**ПИФАГОР**, Самоғын Пифагор (біздей заманымыздан бұрынғы 570 ж.ш. – 500 ж.ш.) – ежелгі грек ойшылы, математик, діни және саяси қайраткер, пифагоршылдықтың негізін салушы. Балалық шағын Самос аралында өткізіп, кейіннен шығыс елдеріне (Мысыр, Вавилон, Персия, т.б.) көп саяхат жасады.

Осы елдерде жүріп, Пифагор шығыс елдерінің математикасымен танысып, өзінің барлық саналы ғұмырын математикағының арнаған. Атақты Пифагор теоремасын Мысыр мен Вавилонда жүріп үйреніп, дәлелдемесін өзі тапқан. Кейін Италиядағы Кротон қаласына келіп, ізбасарларын жинап, өзінің әйгілі ғылыми мектебін ашқан. Пифагор бүкіл әлемді сандарға сыйғызуға тырысып (ол сандарды тек натурал сандар деп түсінген) әлем құпиясы сандардың заңдылықтарына байланысты деп сенген. «Математика» сөзін алғаш осы пифагорлықтар пайдаланды. Олардың математикасы төрт бөлімнен тұрған: арифметика (сандар туралы оқу), геометрия (фигуралар туралы оқу), музика (гармония туралы оқу) және астрономия (әлемдік таным). Пифагор Жер шар тәріздес және Жер Құнді айналады деген болжам айтты. Пифагор математикалық дәлелдеуді геометрияға жүйелі түрде енгізді, түзу сызықты фигуралардың планиметриясын құрды, ұқсастық ілімін жасады, өзінің есімімен аталған теореманы дәлелдеді, дұрыс көпбұрыштар мен көпжақтар салу жолдарын тапты.

**Пифагор сандары** – натурал сандар үштігі, бұл сандар үшбұрыш қабырғаларының ұзындығына пропорционал (немесе тең) болса, онда үшбұрыш тікбұрышты болып табылады. Бұл үшін Пифагордың көрі теоремасы бойынша ол сандардың  $x^2 + y^2 = z^2$  түріндегі диофант теңдеуін қанағаттандыруы жеткілікті (мысалы,  $x=3$ ,  $y=4$ ,  $z=5$ ). Өзара жай Пифагор сандарының кез-келген үштігі мына формулалар арқылы анықталады:  $x=m^2-n^2$ ,  $y=2mn$ ,  $z=m^2+n^2$ , мұндағы  $m$  және  $n$  – бүтін сандар ( $m > n > 0$ ).

**Пифагор теоремасы** – тік бұрышты үшбұрыштың қабырғаларының арасындағы байланысты тұжырымдайтын геометрия теоремасы. Пифагор теоремасы Пифагорға дейін де



$$a^2 + b^2 = c^2$$

Пифагор теоремасының сүлбасы


белгілі болған, бірақ оны жалпы түрде дәлелдеген Пифагор. Пифагор теоремасы қысқаша былай тұжырымдалады: тік бұрышты үшбұрыштың гипотенузасының квадраты оның катеттерінің квадраттарының қосындысына тең. Пифагор теоремасына көрі теорема егер үшбұрыштың бір қабырғасы ұзындығының квадраты қалған екі қабырғасы ұзындықтарының квадратына тең болса, онда ол үшбұрыш тік бұрышты болады.

**ПЛАНЕТА**, ғаламшар (ежелгі лат. *planeta*, грек. *aster planetes* – кезбез жұлдыздар) – өздігінен жарық шығармайтын, жүлдәзді айнала қозғалатын, орталық жарық көзімен салыстырғандағы массасы шағын аспан денесі. Құн жүйесінде 9 үлкен планета, 43 планета серіктері, бірнеше ондаған мың кіші планеталар (астероидтар) белгілі. Үлкен планеталардың пішіні сфера тәрізді, соған жақынырақ болады. Құн жүйесіндегі планеталар Құн жарығын шағылдырғандықтан көрінеді. Кейбір жақын жүлдәздердің айналасындағы планета осы жүйенің масса центрінің түзу сызықты қозғалыс траектория маңайында тербелуін бақылау арқылы анықталады. Қазіргі космогон. теория бойынша планеталық жүйелер Галактикада кеңінен тарапан құбылыс болып табылады.

**Планетарий** – 1) жүлдәзді аспан, Құн, Ай және планеталардың кескінін жарты сфералық күмбез түріндегі экранға түсіріп көрсетуге арналған аппарат. Оптикалық планетарийдің көмегі арқылы жүлдәзді аспан айналасы, Құннің, Айдың және планеталардың қозғалысы, тұтылуы, т.б. астрономиялық құ-

былыстар экранда бейнеленеді. Алғашқы оптикалық планетарийді неміс инженері В.Баттерсфельд құрастырған (1924).

**ПЛАНКТОН** – теңіздің, су айдындарының әр түрлі терендігінде мекендейтін және суда қалқып тіршілік ететін, су ағынына төтеп бере алмайтын организмдер жиынтығы. Планктонды фито-, бактериологиялық және зоопланктон деп бөледі. Тұщы су планктоны – көл планктоны (лимнопланктон) және өзен планктоны (потамопланктон) деп ажыратылады. Тұщы су зоопланктонында ескекаяқты және бұтақмұртты шаяндар мен коловраткалар көп болады. Теңіз зоопланктонында негізінен шаянтәрізділер, қарапайымдар, ішекқұыстылар, моллюскалар, т.б. омыртқасыздар басым келеді. Фитопланктон фотосинтез процесі жақсы жүретін судың жоғарғы қабатын, негізінде 50–100 м терендікті мекендейді. Ал бактериологиялық және зоопланктондар судың барлық қабатында кездеседі. Теңіз фитопланктоны диатомдық балдырлардан, талшықтылардан; ал тұщы суда диатомдық, көкжасыл, жасыл балдырлардың кейбір түрлерінен тұрады. Судағы планктон молшері олармен қоректенетін жануарлар, су ағысы, жыл мерзімі, т.б. көптеген жағдайларға байланысты бірнеше км-ден бірнеше м-ге дейін өзгерін отырады. Планктон шектен тыс көбейіп кетсе, су көк түске боялады, кейде улы заттар да түзіледі. Кейбір планктонды организмдер су айдындарының ластануының көрсеткіші болып есептеледі.



Планктон

**ПЛАСТМАССА**, пластикалық материалдар – құрамында бүйімдардың дауындау кезінде созылғыштық немесе жоғары иілгіштік, пайдалану барысында шыны тәріздес немесе кристалдық қалпын сақтайтын полимер бар материалдар. Пластмассалар шыны тәрізді немесе кристалды, диэлектрикіт қасиеті жоғары, атмосфера әсеріне турақты, механикалық жағынан берік болады. Пластмассалардың кез келгенінің (шайыр мен қармай негізінде пластмассалардың қоспағанда) тұп негізін полимерлер құрайды. Мысалы, фенол-формальдегидті пластмассалар, поливинилхлоридті пластмассалар, т.б. аталуы да пластмассаларға байланысты алынған. Полимерлерден басқа пластмассалардың құрамына пластификаторлар, толықтырғыштар, стабилизаторлар, бояғыш заттар енеді. Пластмассалар 4 топқа бөлінеді: 1) полимерлену өнімдері пластмассалары (полиэтилен, полистирол, т.б.) негізіндегі пластмассалар; 2) поликонденсациялану (полиамидтер, полиэфиры, т.б.) негізіндегі пластмассалар; 3) химиялық модификацияланған табиғи полимерлер негізіндегі пластмассалар (протеин, целлюлоза, галалит); 4) табиғи және мұнай асфальттары мен шайыр негізіндегі пластмассалар. Пластмассалар электртехника, машина жасау, құрылымыс өнеркәсіптерінде, ауыл



Пластмассадан жасалған бүйімдар

шаруашылығында, медицинада кеңінен қолданылады. Пластмасса өндіру зауыттары Қазақстанда Маңғыстау, Атырау облыстарында бар.

**ПЛАТИНА**, Pt – элементтердің периодтық жүйесінің VIII тобындағы химиялық элемент, атомдық номері 78, атомдық массасы 195,09; асыл металдар тобына жатады. Табиғатта орнықты 6 изотопы: екі радиоактивті  $^{190}\text{Pt}$ ,  $^{192}\text{Pt}$ , және төрт тұрақты  $^{194}\text{Pt}$ ,  $^{195}\text{Pt}$ ,  $^{196}\text{Pt}$ ,  $^{198}\text{Pt}$ , бар. Таза күйінде алғаш рет 1803 ж. ағылшын ғалымы У.Х. Волластон (1766–1828) алған. Платинаның жер қыртысындағы салмақ мөлшері  $5 \cdot 10^{-7}\%$ . Табиғатта саф платина мен оның маңызды қосылыстары: поликсен, ферроплатина, сперрилит ( $\text{PtAs}$ ), куперит ( $\text{PtS}$ ), бреггит ( $\text{Pt,Pd,Ni)S}$  кездеседі. Платина күмістей ақ түсті металл, тығызд.  $21,45\text{ г}/\text{см}^3$  (25°C-та), балқу  $t = 1872^\circ\text{C}$ , жұмсақ, жайылғыш, созылғыш. Totығу дәрежелері +2, +4, кейде +1, +3, +5, +6. Ауада тұрақты, химиялық инертті, бөлме температурасында патша сүйығы және броммен әрекеттеседі. Платинаны алу үшін алдымен кентасты құмнан тазартып, патша сүйығында ерітеді. Ерітіндін  $\text{NH}_4\text{Cl}$ -мен  $(\text{NH}_4)_2[\text{PtCl}_6]$ -ға тұндырып, осы тұзды таза сутек ағынында алдымен 600°C температурада totықсыздандырады. Платина электродтар, термометр, коррозияға тұрақты ыдыстар, химиялық аппараттар жасауда, катализатор ретінде, тұздарды химиялық талдауда қолданылады. Iрі көндөрі Оралда, Сібірде, Оңтүстік Америкада, Оңтүстік Африкада бар.



Платина минералы

**ПОЛИМЕР** – макромолекулалар қайталана топтасатын, молекулалық массасы 5000-нан жоғары болатын химиялық қосылыстар. Полимер terminiң ғылымға 1833 ж. швед ғалымы Я.Берцелиус (1779–1848) енгізген. Полимер табиғи (белоктар, нуклеин қышқылдары, табиғи шайырлар, т.б.) және синтетикалық (полиэтилен, фенол-фармальдегидті шайыр, т.б.), құрылышына қарай түзу сзықты, тармақталған, торлы болып бөлінеді. Негізгі тізбектің түріне қарай: гомотізбекті (тізбекте бірдей атомдардың болуы), карботізбекті (тізбекте тек көміртек атомдарының болуы), гетеротізбекті (тізбекте көміртек, оттек, азот, кремний, фосфор атомдарының, т.б. болуы) деп бөлінеді. Полимердің өзіне тән физикалық-химиялық және механикалық қасиеттері (берік талшық және жұқа пленка түзу, деформацияға төзімділік, еру алдында ісіну, ерітінділеріндегі жоғары тұтқырлық) болады. Табиғи полимер биосинтез нәтижесінде түзіледі, синтетикалық полимерді полимерлену және поликонденсация әдістерімен алады. Полимерлі материалдардың негізгі түрлері – пластмасса, резина, талшық, сыр, бояу, желім, ион алмастырыш шайырлар, т.б.

**ПОЛЬША**, Польша Республикасы – Орталық Еуропадағы мемлекет. Жер аумағы – 312,7 мың  $\text{km}^2$ . Халқы 38,7 млн. Халқының басым бөлігі поляктар (98%), қалғандары немістер (1,3%), беларусьтар (0,6%), україндар (0,5%), т.б. Ресми тілі – поляк тілі. Халқының көпшілігі христиан дінінің католик, солтүстік аудандары протестант тармақтарын ұстанады. Астанасы – Варшава қаласы. Әкімшілік жағынан 16 провинцияға (воеводаларға) бөлінген.



Гданск қаласы



Мазуръ озені

Польша жерінің 90%-ынан астамы жазық, таулы алқаптары оңтүстік жағында ғана кездеседі. Балтық теңізімен жалғасатын бөлігі жатық, құмды. Польшаның оңтүстік-батыс шетінде Судет тау массиві, оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында Карпат тауының сілемдері (ең биік жері 2499 м) орналасқан.

Польша индустриялы-аграрлық ел. Экономикасының жетекші салалары – машина, кеме жасау, металл өндеу, химия, тамақ, тоқыма өнеркәсіптері. Елдің ауыл шаруашылығы негізінен қара бидай, астық, сұлы, жемісжидек және етті-сүтті ірі қара мал мен шошқа өсіруге бағдарланған. Экспортқа машина, химия, металл, тамақ, тоқыма өнімдері мен мыс, тас көмір шығарады. 1936–39 ж. және 2-дүниежүзілік соғыс жылдарында да поляктар Қазақстанға депортацияланды.

**ПОРТРЕТ** (франц. *portrait, portraite* – бейнелеу) – бейнелеу өнерінің жанры. Портрет бейнелеу өнерінің барлық түрімен [сұнғат (живопись), мүсін, графика, мозаика, т.б.] жазыла береді. Портреттің негізгі міндеті – адамның сыртқы үқастығын айнатпай берумен қатар, ішкі жан дүниесін, мінез-құлқын ашып көрсетіп, дәуірлік-тариҳи ұлттық тұлғасын шынайылықпен бейнелеу. Портрет кейіпкерге қарап отырып салынады, кейде көмекші материалдарға (көркем, ауыз әдебиеті, түрлі тарихи деректерге, т.б.), естеліктерге сүйене отырып та ойдан туындайды. Портрет жасалу ерекшелігіне қарай қондырғылы (сұнғат-кескіндеме, бюст, графика, монумент-



«К.Байсеитованың портреті». Суретші Е.А.Федорова. 1958 ж.

ті, мозайка, т.б.), салтанатты, миниатюралы, т.б. болып бөлінеді. Портретте жеке немесе төптама адамдар бейнеленеді. Портрет ежелгі Мысыр, Қосөзен, Грек, Рим өнері дәүіринен белгілі. Орта ғасырларда портрет өнері Қытайда, Жапонияда дамып, Орталық Азия, Әзербайжан, Ауганстан (Бекзад Камал әд-Дин), Иран (Реза Аббаси) елдерінде миниатюралық портрет қанат жайды. Еуропада портрет өнерін қайта өрлеу дәуірі суретшілері (Б. ди Джотто, Мазаччо, С.Боттичелли, Леонардо да Винчи, С.Рафаэль, Тициан, т.б.) дамытты (15–16 ғасырлар). Портреттің нағызы гүлденген кезеңі – Х.Рембрант, Х. ван Рейн, Ф.Хальс, А. ван Дейк және Д.Веласкес, т.б. өмір сүрген дәуір (17 ғасыр). Ресейде портрет 18 ғасырда (Ф.Рокотов, Д.Левицкий, В.Боровиковский, т.б.) өркендей, одан әрі оны И.Репин, В.Серов, М.Сарьян, мүсіншілер В.Мухина, Е.Вучетич, т.б. жалғастырды. Қазақ тарихында мүсіндік портреттің дені ежелгі түркі қағандығы (5–8 ғасырлар) мен қыпшак заманы (8–13 ғасырлар) кезеңіндегі балбалдар мен тас мүсіндер. Қазақтың тұңғыш суретшісі Ш.Үәлиханов портрет ағымында көп еңбек етті («Сұлтан Мамырхан Рустемов», «Тезек төре», қарындаш, 1856 ж., «Алатау қырғызы» түрлі-түсті қарындаш, 1856 ж.). 20 ғасырдың басынан қазақ суретшілері Ә.Қастеев, Қ.Телжанов, Н.Нұрмұхамедов, А.М.Черкасский, Г.Исмаилова, А.Қалымбаева, М.Кенбаев, Х.Наурызбаев, Ү.Әжиев, т.б. портрет жанрын ұлттық үрдісте дамыта білді.

**ПОРТУГАЛИЯ, П о р т у г а л и я** Рес-  
п ү б л и к а с ы – Еуропаның оңтүстік-батыс  
қыыр шетінде, Атлант мұхиты жағалауында  
орналасқан мемлекет. Пиреней түбегінің ба-  
тыс бөлігін және Азор, Мадейра аралдарын  
алып жатыр. Жер аум. 92,1 мың км<sup>2</sup>. Халқы  
10,5 млн. Халқының 99%-ы португалдар, қал-  
ғанын испандықтар мен бразилиялықтар құ-  
райды. Ресми тілі – португал тілі. Халқы ка-  
толик дінін ұстанады. Астанасы – Лиссабон  
қаласы. Әкімш.-аумақтық жағынан 18 округ  
және 2 автономиялық облыстар тұрады.

Португалиның Атлант мұхиты жағалауы  
негізінен ойпатты, құмды, аз тілімделген. Ел-  
дің солтүстік бөлігінде Мессста таулы қыраты  
(ең биік жері – 1991 м, Серра-да-Эштрела),  
Тежу өзенінің оңтүстігіне қарай Португалия  
ойпатты, оңтүстік шетінде Серра-да-Алгарви  
аласа таулы өлке (биікт. 902 м-ге дейін) жа-  
тыр. Климаты субтропиктік, жерортатеңіздік.  
Ірі өзендері – Дору (Дуэро), Тежу, Гвадиана.

Португалия индустримальды-аграрлы ел. Ел-  
де металл өндеу, химия, мұнай өндеу, тігін,



Лиссабон қаласы




Мадейра аралы

балық консервілеу, шарап жасау өндістері  
жақсы дамыған. Халқының 20%-ы ауыл ша-  
руашылығында жұмыс істейді. Басты ауыл ша-  
руашылығы өнімдері – астық өнімдері (бид-  
ай, күнбағыс), картоп, жүзім, зәйтүн жемі-  
сі, ет және сүт өнімдері алынатын мал ша-  
руашылығы дамуда. Елге туризм едөуір та-  
быс әкеледі. Экспортқа тігін және тоқыма  
өнеркәсібі өнімдерін, шарап тығынын (әлем-  
де алдыңғы орында), ағаш өнімдерін, шарап,  
аяқ киім, қағаз, балық және балық өнімде-  
рін, электр жабдықтарын шығарады.

**ПРЕЗИДЕНТ РЕЗИДЕНЦИЯСЫ, Қ а з а қ-**  
стап Республикасы Президентінің  
р е з и д е н ц и я с ы, А қ о р д а – Астана  
қаласында Есілдің сол жағалауында тұрғы-  
зылған ғимарат. Жалпы аум. 36720 м<sup>2</sup>. Ақ-  
орданың ресми тұсаукесері 2004 ж. 24 жел-  
тоқсан күні өтті. Ғимарат қазіргі заманғы құ-  
рылыстың ең таңдаулы әдістерін қолдана оты-  
рып, монолит құйматастан салынған. Шатыр-  
сұмбісін қоса есептегендегі ғимараттың биіктігі  
80 м. Қасбеттің қаптамасы қалыңдығы  
20–40 см италиялық мәрмәрден жасалған.  
Ғимарат жер бетіндегі 5 және жер астындағы  
2 қабаттан тұрады, жер бетіндегі 1-қабаттың  
бііктігі 10 м, қалған қабаттардың бііктігі 5 м. Жертеле қабаттарында техникалық  
қызмет, ас үй, асхана және гараж орналас-  
қан. 1-қабатта жалпы ауданы 1800 м<sup>2</sup>-ты құ-  
райтын, еденіне гранит төсөлген салтанатты  
хол орналасқан. 2-қабатта қызметтік орын-  
жайлар орналасқан. 3-қабатта киіз үйге үқса-  
тып жасалған, мәрмәр және гранит таспен  
өндөлген Шығыс залы; сыйлықтар мен сенім



Ақорда



Алматыдағы Президент резиденциясы

грамоталарын тапсыру залы; екі жакты кездесулерге арналған «Алтын зал»; камин залы; қызметтік орынжайлар мен мәжіліс залдары орналасқан. 4-қабатта қызметтік орынжайлар мен мәжіліс залдары; кітапхана; кіші Шығыс залы орналасқан. Барлық залдар ерекше мәнермен әрленген, люстралар мен жиһаз бар. Едендерге түрлі сортты мәрмәр, гранит тастары және көркем паркет төсөлген.

Алматыдағы Президент резиденциясы Республика алаңының оңтүстік-шығыс жағын ала орналасқан. 1995 ж. тұрғызылған. Президент резиденциясының бас кіре берісіндегі салтанатты холл – бас вестибюль, Алтын зал, Сенім грамоталары залы, ресми делегацияларды қабылдайтын Күміс залы, Президенттік мәжіліс залы, Камин залы мен қосалқы орынжайдан тұрады. Темір-бетонды қаңқадан тұратын ғимараттың 3 жөне 4-қабатының арқалықтары металдан жасалса, бұрыш пилондары сырғымалы монолитті керамзит-бетонмен бекемделіп шегенделген. Ғимарат қабырғасының жоғарғы сыртқы бетін ашық түсті жылтыр мәрмәр, төменгі жағын гранитпен көмкерген. Терезелеріне қолданған бұктемелі шыны айна айналасындағы қоршаған айшықты өсем ортамен жарасым тауып, ғимараттың ғажайып көркін аша тұседі.

**ПУШКИН Александр Сергеевич** [26.5.(6.6.)1799, Мәскеу – 29.1.(10.2.)1837, Петербург] – Ресей ақыны, классикалық орыс әдебиетінің негізін қалаушы. Ол дворян отбасында туылып, балалық шағын Мәскеуде өт-



«А.С.Пушкин». Суретші О.А.Кипренский.  
1827 ж. Третьяков галереясы

кізген. 12 жасынан лицейде оқып (1811–17), ақындық шеберлігін шындағы түсті. Лицейді аяқтаған соң Петербургке қоныс аударып, әдеби-қоғамдық өмірге белсene араласты. Осы жылдары «Еркіндік», «Чаадаевқа» (1818), «Деревня» (1819) секілді өлеңдерін, «Руслан мен Людмила» (1817–20) атты тұңғыш поэмасын жазды. 1820 ж. «еркін өлеңдері» үшін құғын көріп, Екатеринослав, Кишинев өлкелеріне жер аударылды. Оңтүстікте жүргенде жазылған «Кавказ тұтқыны» (1820–21) атты поэма-сында ақын 19 ғасыр жастарының бейнесін сомдады. Пушкин «Ағайынды қарақышлар» (1821–22), «Бақшасарай фонтаны» (1823), «Сығандар» (1823–24) туындыларында романтизмнің төңкөрісшіл, еркіндік идеясына тоғызы жаңа типін жасады. Кишинев, Одессадан кейін патшалық Ресей Пушкинді әдеби-мәдени ортадан алыс жатқан Михайловское селосына жер аударды (1824–26). Бұл тұста қаламгер өлеңмен жазылған «Евгений Онегин» романы мен «Граф Нулин», т.б. көптеген өлеңдер мен сын мақалаларын (1824), «Борис Годунов» (1825) тарихи трагедиясын жазды. Орыс халқының тұрмыс-тіршілігіне, халықтық соз қорына дендей енген Пушкин шығармашылығы енді көркемдік-реалистік арнаға бет бүрдьы. Бұл «Евгений Онегин» романындағы өмір шындығы мен жеке образдарды типтендіру тәсілінен айқын байқалды. Романда халық өмірі шынайы суреттелін, двоրяндар мен шаруалар қарым-қатынасы сипатталды. Халықтың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, адамдардың әр алуан мінез-құлқын

терең бейнелеген бұл шығарма «орыс өмірінің әңгамалықтары» (Белинский) атанды. Пушкин шығармашылығының бір қыры – тарихи таным, «Борис Годунов» туындысы арқылы ол әрі ақын, әрі тарихшы ретінде танылды. 1837 ж. жұбайына араша түсіп Дантесты дуэльге шақырған Пушкин ауыр жарақат алғып, арада 2 күн өткенде қайтыс болады. Пушкин Орынбор, Орал қалаларында болған кезінде (1833) қазақтың лиро-эпостық жыры «Қозы Қөрпеш–Баян сұлуды» жаздырып алғып, осы тақырыпта шығарма жазуды жоспарлады. Құран сүрелерін өлеңмен жырлады («Құранға еліктеу»). Қазақ даласында Пушкин мұрасына алғаш айрықша көңіл аударып, қазақ халқына танытқандар қатарында Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, т.б. болды. Абай «Евгений Онегин» шығармасының үзінділерін қазақ тіліне аударды (1889), «Татьянаның хаты» Абай әнімен қазақ өңіріне кең тарады.

**ПІЛ** – ет тұмсықтылар отрядына жататын сұтқоректі жануар. Экваторлық Африкада жоғары миоцен – төменгі плиоцен дәуірінен бастап белгілі, кейіннен Еуразияға және Солтүстік Америкаға тараған. Плейстоценнің аяғында олардың таралу аймағы күрт азайды. Қазір тек Африкада және Оңтүстік Азияда сақталып қалған. Пілдер – осы құнгі тіршілік ететін сұтқоректілердің ішіндегі ең ірі-

сі. Дене тұрқы етті тұмсығының ұшынан құйрығының ұшына дейін 7 м-дей, шоқтығының биіктігі 3–4,5 м, салмағы 5 т (сирек жағдайда 7,5). Пілдің ұстіңгі ернімен біргіп біткен ұзын ет тұмсығының ұзындығы 2 м-ге жетеді. Ет тұмсығы иіс сезу, тыныс алу, сезім және қорегін ұстau қызметін атқарады. Терісі қалың (қалыңдығы 40 см-дей), жұн болмайды, аяғы бес саусақты, мойны қысқа. Үрт тістері егелуіне қарай тіршілігінде 6 рет алмасады. Өте күшті жетілген екінші ұстіңгі күрек тістері – сойдақ тістер (бивень) деп аталағы, ол үнемі өседі. Оның ұзындығы 2,5 м, ал бір тістің салмағы 72 кг-дай болады. Пілдер 80 жылдай тіршілік етеді, 10–20 жасында жыныстық жағынан жетіледі. Буаздық мерзімі 22–24 ай, жалқы табады, оның салмағы 100 кг-дай болады. Көбіне балалары аналықтарымен (мауырлар) жүреді де, аталақтары жеке не топтанып тіршілік етеді. Өсімдікпен қоректенеді, суды ет тұмсығымен сорып алғып, аузына құяды. Пілдердің 2 туысы (олардың бір-бірден түрі) бар. Африка пілі (*Loxodonta africana*) – құлағының ені 1 м-ден асады, сондықтан кейде оларды жалпаққулақ піл деп те атайды. Үнді пілі (*Elephas maximus*) – Оңтүстік-Шығыс Азияның орманды алқаптарында кездеседі. Қолға жақсы үйретіледі, күш-көлік ретінде пайдаланылады. Сойдақ тістері тек аталақтарында болады. Еті тамаққа, терісі, сүйегі (өсіреле сойдақ тісі) өшекей бүйімдарын жасауға қолданылады.



Африка пілі



Үнді пілі жүмысқа пайдаланылады



**РАДИО – 1)** алыс қашықтыққа радиотолқындар арқылы ақпарат жеткізу әдісі. «Радио» термині біртіндеп «сымсыз телеграф» терминін ығыстырып, 20 ғасырдың 10-жылдарынан бастап қолданысқа енді. Алғашқыда телеграф сигналдарын тарату үшін өшпелі тербеліс тудыратын ұшқынды радиотаратқыштар пайдаланылды. Электрондық приборлардың шығуы радионың түбекейлі дамуына жол ашып, радионы әр түрлі хабар тарату құралына айналдырды. Радиодан радиолокация, радионавигация, теледидар, т.б. салалар белініп шықты; 2) радиотолқын арқылы ақпарат таратуға байланысты оның негізінде жатқан физикалық құбылыстарды зерттеумен айналысадын ғылым мен техника саласы; 3) бұқаралық ақпарат тарату құралдарының бірі.

**Радиотолқындар** – толқын ұзындығы ( $\lambda$ )  $5 \cdot 10^{-5}$  м-ден  $10^{10}$  м-ге дейінгі диапазонды қамтитын электромагниттік толқындар. Радиотол-

қындар радиохабар тарату, радиотелефондың байланыс, теледидар, радиолокация, радиометеорология, радионавигация, т.б. салаларда кеңінен қолданылады. Радиотолқындарды жүлдіздар, галактикалар, метагалактика, планеталар, наизағай, ионосфералық плазмадагы тербелістер, кез келген қызған дене шығарады. Сондықтан олар шығаратын радиотолқындар арқылы ғарыш нысандарының, құбылыстардың, кез келген денелердің қасиеттері туралы маңызды деректер алуға болады. 19 ғасырдың соңында радиотолқындар алғаш рет сымсыз байланыс орнату үшін қолданыла бастады. Ол кездегі қолданылған радиотолқындардың толқын ұзындығы  $\sim 10^2 - 2 \cdot 10^4$  см болған. Радиотехниканың дамуы қолданылатын радиотолқындар диапазонын да біртіндеп кеңейте түсті. Қазіргі кезде халықаралық регламент бойынша радиотолқындар толқын ұзындығына байланысты аса ұзын ( $> 10$  км), ұзын ( $1 \text{ км} < < 10$  км), орта ( $100 \text{ м} < < 1000$  м), қысқа ( $10 \text{ м} < < 100$  м), ультрақысқа ( $1 \text{ мм} < < 10 \text{ м}$ ) толқын диапазондарына бөлінеді. Ультрақысқа толқын диапазоны метрлік, дециметрлік, сантиметрлік, миллиметрлік және субмиллиметрлік ( $0,05 \text{ мм} < < 1 \text{ мм}$ ) толқындар болып ажыратылады. Әр диапазондағы радиотолқындардың өндірілуінің, әр түрлі ортада таралуының ерекшеліктері бар. Осыған орай әр диапазондағы радиотолқындар радиобайланыста, ғылыми зерттеуде, техникада, т.б. салаларда әр түрлі мақсаттар үшін қолданылады.

**Радиотаратқыш** – радиожиілік диапазонында модуляцияланған электрлік тербеліс тудырып, таратуға арналған құрылғы (немесе құрылғылар жиынтығы). Радиотаратқыш радиотолқындар арқылы ақпарат тасымалдаушы байланыс жүйесінің маңызды бөлігі. Кез келген радиотаратқышта тұрақты немесе айнымалы ток көздерінің энергиясы жоғары жиілікті электр тербеліске түрлендіріледі де, хабар таратушы сигналдың ерекшеліктеріне сәйкес өзгеріледі, яғни модуляцияланады. Қарапайым (бір каскадты) радиотаратқыштың құрамында тұрақты немесе айнымалы ток энергиясын жоғары жиілікті, яғни радиожиілік диапазонындағы электр тербеліске түрлендіруші генератор, электр тербелістің басты параметрлерін (амплитудасын, жиілігін және фазасын) сигналға сәйкес өзгеретін модулятор, құрылғы жүйелерін қорек-тендіру көздері және кеңістікке радиотолқын



Радиоқабылдағыш

таратушы антенна болады. Радиотаратқыштар бір-бірінен пайдаланатын толқын диапазоны (ұзын, орта, қысқа, ультрақысқа толқындар), антеннаға берілетін тербеліс қуаты, жұмыс ерекшелігі (телеграфтық, телефондық, т.б.), модуляция тәсілі (амплитудалы, жиіліктік, фазалық, т.б.), генераторының түрі (шалаөткізгішті, магнетронды клистронды, т.б.), пайдалану мақсаты (байланыстық, радиохабар таратушы, локациялық, теледидарлық, т.б.) бойынша ажыратылады. Радиотаратқыштың тұрақты және жылжымалы түрлері де болады.

**Радиоқабылдағыш** – радиосигналдарды қабылдауға арналған құрылғы. Пайдалану мақсатына қарай радиоқабылдағыш радиохабарлық, байланыстық, радиолокациялық, т.б. болып бөлінеді. Радиоқабылдағыш антеннаға әсер ететін радиотолқындар ішінен қажетті толқын жиілігін ірікте алып, ол тербелісті күшейту, демодуляциялау (детекторлау), түрлендіру арқылы ақпараттың қабылдануын мүмкін етеді. Радиоқабылдағыш негізінен антеннадан, белгілі жиіліктері немесе жиіліктер диапозонындағы тербелістерді іріктейтін резонанстық тізбектерден, электр тербелісінің күшеткішінен, детектордан және түрлендіргіштен (мысалы, дыбыс зорайтқыш, кинескоп, т.б.) құралады.

**РАДИОАКТИВТІЛІК** – тұрақсыз атом ядроларының өздігінен бөлшектер мен гамма-кванттар бөліп шығара отырып, басқа атом ядроларына түрленуі. Радиоактивтіліктің 4 түрі белгілі: альфа-ыдырау, бета-ыдырау, атом ядроларының өздігінен (спонтанды) бөлінуі, протондық радиоактивтілік Альфа-ыдырау кезінде ядродан 2 протон мен 2 нейтроннан тұратын гелий атомының ядросы ұшып шыгады.



Радиоактивтілік белгісі

Мысалы, бета-ыдырау кезінде атом ядросы электронды не позитронды жұту не ұшырып шығару арқылы құрамындағы протонды нейтронға немесе керісінше, нейтронды протонға түрлендірін басқа атом ядросына айналады. Радиоактивтіліктің үпінші түрінде ауыр атом ядролары өздегінен екі (кейде 3 не 4) ядроға бөлініп, периодтық жүйенің ортасындағы екі элемент ядролары түзіледі. Протондық радиоактивтілікте нейтроны аз атом ядролары бір не екі протон ұшырып шығару арқылы басқа атом ядросына түрленеді. Радиоактивтілік табиғи және жасанды болып бөлінеді. Табиғи радиоактивтілікке табиғатта кездесетін изотоптардың радиоактивтілік қасиеті, жасанды радиоактивтілікке ядролық реакцияларда пайда болған изотоптардың радиоактивтілік қасиеті жатады. Бірліктердің халықаралық жүйесі (СИ) бойынша радиоактивтіліктің өлшем бірлігі беккөрель (Бк).

**Радиоактивті элементтер** – барлық изотоптары радиоактивті болатын химиялық элементтер. Оларға технекий, прометий, полоний және элементтердің периодтық жүйесінде бұлардан кейін орналасқан барлық элементтер жатады. Радиоактивті элементтер және сәулелерін бөліп, өздігінен ыдырайды. Ядроның ыдырауы тұрақтылық дәрежесімен сипатталып, оның сан көрсеткіші  $T_{1/2}$ -мен (жартылай ыдырау периоды) белгіленеді. Мысалы,  $^{238}\text{U}$  ( $T_{1/2}=4,51 \cdot 10^9$  жыл),  $^{232}\text{Th}$  ( $T_{1/2}=1,41 \cdot 10^{10}$  жыл), т.б., ал торий біртіндеп 13 изотоп түзін, ақырында қорғасын  $^{208}\text{Pb}$  изотопына айналады. Корғасын – барлық радиоактивті ыдыраудың соңғы өнімі. Жер қыртысында кездесетін тау жыныстарының, минералдардың және археологиялық қазбалардың жасын анықтау радиоактивті ыдырау құбылысына негізделген. Кейбір радиоактивті элементтердің ядросы өте тұрақсыз, секундтың  $3 \cdot 10^{-7}$  бөлігінде жартысы ыдырайды. Табиғатта жартылай ыдырау периоды өте ұзақ болатын тұрақты изотоптар сақталады. Онда кездесетін актиний, радий, франций, радон, астат, полоний, нептуний, плутоний, т.б. радиоактивті қатарлардың ыдырау өнімдері болғандықтан екінші реттік радиоактивті элементтер деп аталады. Радиоактивті элементтер ғылым мен техникада кеңінен қолданылады. Мысалы, сәулелерін шығаратын изотоптар металдар мен қорытпалардың ақауын табуға, кен барлау ісінде, қатерлі ісік ауруларын емдеуде және сәулелі изотоптар атом батарея-

ларында электр энергиясын алуда, таңбаланған изотоптар организмде маңызды қосылыстардың түзілу және жиналу жолдарын зерттеуде қолданылады.

**РАЙЫМБЕК ТҮКЕҰЛЫ** (1705, қазіргі Алматы облысы – 1785, Алматы) – батыр, қолбасшы. Ұлы жұз албан тайпасынан. Атасы – 18 ғасырдың 1-жартысында жоңгарларға қарсы күресте аты шыққан Хангелді батыр Райымбек 17 жасында жоңгар басқыншыларына қарсы күресте ерлік көрсетін, батыр атанады. Қалмақтың Бадам, Қорын, Ағанас, Секер, т.б. хан, ноян, батырларын жекпе-жекте жеңіп, Қаратай өңірі мен Жетісуды жаудан азат етуге басшылық жасағандардың бірі болған. Торайғыр және Сөгеті таулары аралығындағы «Ойрантөбе» деген жерде еткен шайқаста ерекше көзге түсті. 1733 ж. Бөлек батырмен бірге жоңгарға елші болып барған. Райымбектің ерекше еңбегін оның есімі албан тайпасының ұранына айналғанынан да білуге болады. Көзі тірісінде «көрінкел», «әулие» атанған. Ол Алматы алқабында Шілік, Жалаңаш өңірінде тоған қаздырып, су шығартып, егін ектірген. Алматы обл-нда Райымбек есімімен аталатын жер-су аттары көп кездеседі. Торайғыр тауындағы Айырлы асуының маңында «Райымбек бастауы» бар. Алматы облысының Нарынқол, Кеген ауданда-



«Райымбек батыр». Суретші Т. Есбергенов.

ры бірігіп, қазірде Райымбек атымен аталауды, онда батырға ескерткіш орнатылған. Батырдың бейіті Алматы қаласындағы оның есімімен аталатын үлкен даңғылдың бойында. Бейітінің басына кесене – күмбез түрғызылған.

**РАКЕТА** – өз массасын біртіндеп бөліп шығару нәтижесінде пайда болатын реактивті күш өсерінен қозғалатын ұшу аппараты. «Ракета» термині Еуропада 15–16 ғасырларда пайда болды. Жалпы жағдайда ракетаның құрамына бір не бірнеше Ракеталық қозғалтқыш, бастапқы энергия көзі, жұмыстық дene және пайдалы жүк тораптары енеді. Ракетаның ұшуын қамтамасыз ететін тарту күші қоршаған орта өсеріне тәуелді болмағандықтан, ол гарышқа ұшуға арналған бірден-бір аппарат болып табылады. Гарыштық ұшу аппараттарын ұшыруға арналған ракеталық қозғалтқыштардың тарту күші 10 МН-ға, ал реактивтік ағынның шапшып ұшығу жылд. 3000–4500 м/с-қа дейін жетеді. Ракетаны өскері істе, гарыштық аппараттарды ұшыруда пайдаланады. Ракетаның басқарылмалы жә-



Ракетаның ұшу сәті

не басқарылмай үшатын түрлері бар. Басқарылмалы ракеталар қозғалысы оның қозғалыс сипаттын өзгертуді қамтамасыз ететін арналы кешен арқылы басқарылады. Басқарылмалы ракетаға баллистикалық ракеталар мысал бола алады. Баллистикалық ракета өзінің қозғалыс траекториясының басым бөлігінде инерция бойынша баллистикалық траекториямен қозғалады. Оның қозғалыс траекториясына өзгеріс енгізу қажет болғанда ғана ракета қозғалтқышы іске қосылады. Жасалу ерекшеліктеріне орай ракета бір сатылы және құрама (көп сатылы) ракета түрлеріне бөлінеді. Ракета құрылышы пайдалы жүк орналасқан бөлігі – тұмсықтан, басқару жүйелері орналасқан аспаптың бөліктен, отын және қозғалтқыш орналасқан бөліктерден тұрады.

**Ракета қозғалтқышы** – өз жұмысы үшін қозғалмалы аппараттың қорындағы заттар мен энергия көзін пайдаланатын реактивтік қозғалтқыш. Бұл қозғалтқыштың ая-реактивті қозғалтқыштан ерекшелігі оның жұмысына қоршаған ортандың (ауаның, судың) өсері жоқ. Қолданылатын энергия түріне қарай ракета қозғалтқышы химиялық, ядролық, лазерлік, пневматикалық, әл. қозғалтқыштарға ажыратылады. Қазіргі кезде химиялық отындармен жұмыс істейтін ракета қозғалтқышы пайдаланылады. Ракета қозғалтқышының бөріне ортақ мынадай бөліктер: жану камерасы және реактивті сопло болады. Жану камерасында химиялық реакция нәтижесінде отын қызған газға айналады да реактивті соплодан жоғары жылдамдықты реактивті ағын түрінде сыртқа шығады. Жанатын отынның агрегаттық күйіне байланысты химиялық ракета қозғалтқышы сұйық отынмен, қатты отынмен, аралас отынмен, т.б. отындармен жұмыс істейтін қозғалтқыштар бөлінеді.

**РЕАКТИВТІК ҚОЗҒАЛТҚЫШ** – жұмыстық дененің бастапқы энергиясын сол дененің реактивтік ағынының кинетикалық энергиясына түрлендіру арқылы тарту қүшін тудыратын құрылғы. Қозғалтқыш соплосынан жұмыстық дененің сыртқа қарай ағып шығуы нәтижесінде жұмыстық дene ағынының тербелісі түрінде реактивті қүш пайда болады. Реактивтік ағынының кинетикалық энергиясына түрленетін энергия химиялық, ядролық, электр., т.б. болуы мүмкін. Қазіргі кез-



Реактивті қозғалтқыш

де реактивтік қозғалтқыштарда алғашқы энергия көзі ретінде көбінесе химиялық энергия пайдаланылады. Реактивтік қозғалтқыштың негізгі бөлігі – жану камерасы. Оның бір жағында жанған жұмыс денесі үдемелі жылдамдықпен (реактивтік ағын түрінде) ұшып шығатын сопло болады.

**РЕЗИНА**, вулканизаттар – каучукты вулкандау нәтижесінде алынатын өнімдер. Резина алынатын қоспаның құрамында каучуктан өзге вулкандауды реттейтін заттар – толықтырғыш, жұмсартқыш, бояғыш, тұрақтандырғыш, т.б. болады. Оның сапасы каучуктың құрамы мен құрылышына байланысты. Каучуктың резинаға айналу процесін вулкандаушы зат (күкірт, органикалық пероксидтер, диаминдер, т.б.), үдеткіш, белсендіргіш реттеп отырады. Вулкандау кезінде үзілген қанықпаған химиялық байланыстардың орнына күкірт атомдары орналасып, каучуктың сыйықты макромолекулалары кеңістік құрылымды полимерге айналады. Бұдан каучуктың серпімділігі артады. Күкірт-



Резинатехникалық өнімдер

тің мөлшері 32%-дан асқанда қатты резина – эбонит түзіледі. Каучуктың беріктілігін, мықтылығын, созылғыштығын, т.б. қасиеттерін арттыру мақсатында күшейткіш толықтырғыштар (куйе, мырыш өксиді, кремний қышқылы) және бейтарап толықтырғыштар (бор, саз) қосылады. Соңғысы каучуктың механикалық қасиеттерін өзгертуші резина қоспасын өндөуді жеңілдетеді. Қоспа құрамын реттеу және өндөу технологияларын жетілдіру арқылы сыртқы орта өсеріне турақты, қасиеті әр түрлі резина алынады. Оларға жұмсақ, жартылай жұмсақ, қатты, ыстыққа (120–200°C-тан жоғары), суыққа (-50°C-тан төмен), буға, отқа, жарыққа, радиоактивті сәулелерге төзімді резиналар жатады. Өнеркәсіпте өндірілетін резинаның басым көпшілігі көлік дөңгелектерін, электр кабелдерінің сыртын, тұтіктер, аяқ киім, медицинада жүрек клапандарын, т.б. дайындауда қолданылады.



**РЕНТГЕН Вильгельм Конрад** (27.3.1845, Германия, Леннеп, Дюссельдорф маңы – 10.2.1923, Мюнхен) – неміс физигі. 1865–68 ж. Швейцариядағы Цюрих университетінде докторлық дәреже алды. Хоэнхаймдегі (1875 жылдан) Жоғары ауыл шаруашылығы мектебінің, Страсбург (1876 жылдан), Гиссен (1879 жылдан), Вюрцбург (1888 жылдан; ал 1894 жылдан оның ректоры) және 1900–20 ж. Мюнхен университеттерінің профессоры болды. Рентген – экспериментті физиканың әр түрлі салалары бойынша іргелі жұмыстар жазған. Ол кристалдардың пъезоэлектрлік және пироэлектрлік қасиеттерін, магнетизмді зерттеді. Кристалдардағы электрлік және оптикалық құбылыстардың арасындағы байланысты ашты. 1895 ж. Рентген «Х-сәуле» деп аталатын сәулені ашты және рентген тұтігін (рентген сәулесінің көзі ретінде пайдаланатын электр вакуумдық аспап) құрастырды. Рентген сәулесі атом құрылышын және зат құрылымын зерттеуде маңызды рөл атқарды. Өзімен аттас сәулені ашқаны үшін Ренттегенге физиктердің арасынан бірінші рет Нобель сыйлығы берілді (1901).

Рентген – рентгендік және гамма-сөулелердің экспозициялық дозасының жүйеден тыс өлшем бірлігі. Ол сол сөулелердің ауаны иондау өсері бойынша анықталады. Бірліктің аты В.К.Рентгеннің құрметіне қойылған. Ол қысқаша Р (орысша), не R (халықаралық) таңбасы арқылы белгіленеді. Бірліктердің халықаралық жүйесінде экспозициялық дозасың бірлігі ретінде 1 Кл/кг алынады.  $1\text{P} = 2,57976 \cdot 10^{-4} \text{ Кл/кг}$ .

**Рентгенограмма** – рентген сәулесінің заттен өсерлесу құбылысы негізінде нысанның жарық сезгіш материалдарға (фототаспа, фотопластина) түсіріліп алынған кескіні. Нысанды рентген сәулелерімен жарықтандыру кезінде рентген сәулелерінің жұтылуы, шағылуы не олардың дифракциясы байқалады. Нысанның «көлеңке» түріндегі кескінін беретін рентгенограмма, зерттеліп отырған нысанның түрлі бөліктерінде рентген сәулелерінің бірдей жұтылмауынан болады (абсорбциялық рентгенограмма). Мұндай рентгенограмма биологиялық нысандарды зерттеу үшін (әсіресе медицинада), материалдар мен құрылымдардағы әр түрлі ақауларды табу үшін, анирганикалық материалдар құрамының біртекті еместігін анықтау үшін қолданылады. Дифракциялық рентгенограмма кристалдық үлгілер арқылы өткен рентген сәулелерінің дифракциялық шашырауы нәтижесінде алынады. Оны зерттеу мақсаттарында рентген құрылымдық талдау жүргізу үшін пайдаланады. Рентгенограмманы алу үшін әр түрлі жарық сезгіш материалдар мен рентген камералары қолданылады.

**Рентген сәулесі** – гамма- және ультракүлгін сәулелер арасындағы диапазонды қамтитын электромагниттік толқындар. Толқын ұзын-



Жылжымалы рентген аппараты

дығы 2 ангстремнен кіші рентген сәулесі шартты түрде қатаң, 2 ангстремнен үлкен рентген сәулесі жұмсақ рентген сәулесі деп аталады. Рентген сәулесін 1895 ж. неміс физигі В.К.Рентген ашқан. Ол 1895–97 ж. рентген сәулесінің қасиеттерін зерттей отырып, алғашқы рентген түтігін жасады. Рентген сәулесінің түрлі материалдар мен адам деңесінің жұмсақ үлпаларынан өтіп кететіні байқалған соң, оны медицинада кеңінен қолдана бастады. Рентген сәулесінің затпен әсерлесуі кезінде рентген сәулесі жұтылады, шашырайды немесе фотоэффект құбылысы байқалады.



**РЕПИН Илья Ефимович** (5.8.1844, Украина, Харьков облысы – 29.9.1930, Ресей, Ленинград облысы Репино деревнясы) – Ресей суретшісі, үлттық реалистік кескіндеме өнерінің аса көрнекті өкілдерінің бірі. Петербург Көркемсурет академиясының толық мүшесі (1893).

Петербургтің Суретшілерді ынталандыру сурет мектебінде, Петербургтегі Көркемсурет академиясында (1864–71), Италия мен Францияда оқыды. 1878 жылдан Көшпелі көркемсурет көрмесі серіктестігінің мүшесі. Шәкірттік шағында И.Н.Крамскойның, В.В.Стасовтың, т.б. шығармашылығы ықпалында болды. 1860 жыл-



И.Е.Репин. «Иван Грозный және оның ұлы Иван». 1885, Третьяков галереясы

дан портрет және жанрлық картиналар салумен шұғылданды. Ол – «Иван Грозный мен оның ұлы Иван» (1885, Мәскеудегі Третьяков галереясы), «Запорождықтар түрік сұлтанына хат жазып жатыр» (1878–91, Санкт-Петербургтегі Орыс мұражайы) атты үздік тарихи кескіндемелік шығармалардың авторы.

**РЕСЕЙ, Россия Федерациясы** (Ресей Федерациясы) – Шығыс Еуропа мен Азияның солтүстігінде орналасқан мемлекет. Жер аумағы 17,1 млн. км<sup>2</sup>. Халқы 143,5 млн. 100-ден астам үлттар тұрады. Олардың ішінде орыстар 115,9 млн. (79,8%), татарлар 5,6 млн. (3,8%), украиндар 3 млн. (2%), башқұрттар 1,7 млн. (1,15%), чуваштар 1,6 млн. (1,1%), шешендер 1,4 млн. (1,02%), армяндар 1,1 млн. (0,78%), мордвалар 843 мың (0,58%), белорустар 808 мың (0,56%), қазақтар 654 мың (0,45%), т.б. халықтар тұрады. Ресми тілі – орыс тілі. Негізінен кең тараған діндер – христиан дінінің православие тармағы және ислам. Астанасы – Москва ірі қалалары: Санкт-Петербург, Новосибирск, Нижний Новгород, Екатеринбург, Самара, Омбы, Қазан, Челябинск, Дондағы Ростов, Уфа (1,02 млн.), Волгоград, Пермь. Федерациялық құрылымдағы Ресейде 89 субъекті, оның ішінде: 21 республика – 49 облыс, федералды мәртебеге ие 2 қала – Москва, Санкт-Петербург, 1 автономиялық облыс, автономиялық облысы; 10 автономиялық округ бар.

Ресей аумағы солтүстікten оңтүстікке 2,5–4 мың км-ге, батыстан шығысқа қарай 9 мың км-ге созылған. Аумағының 70%-ға жуығы жазық. Батысында аласа (биікт. 250–400 м) қыратты (Валдай, Орта Орыс, Еділ бойы) және ойпатты (Ока-Дон, Каспий маңы,



Мәскеу қаласының орталығы



*Шығыс Еуропа жазығы*

т.б.) Шығыс Еуропа (Орыс) жазығы, орталық бөлігінде Орал таулары (ең биік жері 1895 м), оның шығысында Батыс Сібір жазықтары бар. Енисей мен Лена өзендерінің аралығындағы Орта Сібір үстірті өзінің шығыс жағында Орталық Якут жазығына жалғасады.

Ресей – индустріалды-аграрлы ел. Елде минералды шикізаттың барлық түрі: мұнай, газ, көмір, темір рудасы, фосфориттер, алмаз, т.б. өндіріледі. Электр энергиясы жылу, атом және су электр стансаларынан алынады. Ауыр, жеңіл өнеркәсіп және құрылым машиналарын, приборлар, станоктар, трактор жасайтын зауыттар Москва, Санкт-Петербург және Еділ-Орал мен Батыс Сібір өңірлерінде орналасқан. Химия мен мұнай химиясы өнеркәсібі жақсы дамыған. Орман шаруашылығы мен өнеркәсібі жоғары дамыған. Ауыл шаруашылығы алқабы 206,2 млн. га. Оның 60,4%-ы егістік, қалғанын шабындық пен жайылымдар құрайды. Астық негізінен Еділ бойы, Солтүстік Кавказ, Батыс Сібір, Орал және Орталық қара топырақты аудандарда өсіріледі. Суармалы жер көлемі – 5,7 млн. га. Пайдаланудағы темір жол ұзындығы 86 мың км, автомобиль жолы 760 мың км, магистралды құбыр желісі 220 мың км. Ирі теңіз порттары – Санкт-Петербург, Владивосток, Новороссийск, Мурманск, Калининград.

**РОБОТ** – антропоморфтық (адам тәрізді) әрекеттер, құмылдар жасайтын машина. Робот адамның (жануарлардың) қызметтері мен қимыл-әрекеттерін ішінәра немесе толық атқара алады. Алғашқы роботтар ойын-сауық мақсаттарында пайдаланылды. Қазіргі кезде түрмистағы көптеген қызметтерді атқара-



*Адам тәрізді робот*

тын, қадағалайтын, мүгедектер мен сәбілерге көмекші, көңілін аулайтын, т.б. роботтар жасалынды, интеллектуалдық роботтар да пайда бола бастады. Робот техниканың дамуы барысында адамдарды бір сарынды ауыр жұмыстардан, жоғары радиациялы, жоғары немесе төмен температура жағдайларындағы және адам қатынауы қын жерлердегі (су астында, ғарышта) жұмыстардан босататын автоматтық құрылғылар мен механизмдер түрінде жасалып, олар үнемі жетілдіріле тусуде. Мұндай құрылғылар мен механизмдер өнеркәсіптік роботтар деп аталады. Өнеркәсіптік роботтар – өндіріс процесінде адамның қозғалу және басқару сияқты іс-әрекеттерін (өндіріс заттарының орнын ауыстыру т.б.) және технологиялық құралдардың (айла-тетіктердің) қызметтерін орындайтын автоматтық машина. Адамның қатысуынсыз бір немесе бірнеше технологиялық операцияны, әнделетін бүйімды тиесі мен түсіруді қоса алғанда автоматты түрде орындайтын технологиялық өндеуші машиналардың, өндірістік машиналардың, тасымалдау және көмекші жабдықтардың жиынтығын роботтехникалық кешен деп атайды. Робот-техникалық кешеннің, әдетте, компьютерлік бағдарламалық басқару жүйесі болады. табылады.

**РУ, ТАЙПА** – алғашқы қауымның экономикалық, әлеуметтік негізгі үясы; арғы тегі бір әкеден немесе бір шешеден тараған туыстар тобы. Ру алғашқы адамдар тобынан бас-

талаң, кейінгі рулық құрылышқа ауысты. Рулық үйымның кейінгі құрамынғана зерттеуге мүмкіндік болғандықтан, рудың даму тарихын зерттеу мәселесінде ғалымдар арасында әр түрлі қозқарастар бар. Қөптеген Ресей ғалымдары рулық қауым екі кезеңді – матриархат (аналық ру) пен патриархатты (аталық ру) бастаң өткөрді деп тұжырымдайды. Матриархат кезінде адамдардың өндірістік қатынастары қандас туыстардың қатынастарына сай келді. Бұл рулық қауымның алғашқы сатысы болды. Өндіргіш күштердің дамуы нәтижесінде рулық қауым екінші саты – патриархатқа көшті. Халықтардың көпшілігінде бұл жағдай көшпелі мал шаруашылығының, ағаш соқамен жер жыртудың, металл өндеудің дамуына байланысты еді. Бұл кезеңде руда некелік пен діни әдет-ғұрыптың ықпалы басымырақ болды. Қатар қоныстанған әр түрлі рулық патриархалдық отбасы көршілес қауымға бірікті. Сөйтіп, әлеуметтік бөлініс басталып, жеке меншік дамыды да, біртінде рулық қатынастар ыдырап, таптық қатынастар қалыптаса бастады. Таптық қоғам кезінде де рулық қауымның әр түрлі әдет-ғұрпы сақталды. Бұл жағдай, әсіресе тау халықтары мен көшпелі халықтарға тән.

Орталық Азия көшпелі халықтарында, соның ішінде қазақтарда ру күні бүгінге дейін сақталған. рудың өз алдына таңбасы және ұраны болған. Қазіргі кезде Азияның, Африканың, Мұхиттық аралдардың қөптеген халықтарында руға бөліну әлі де сақталып келеді.

**Тайпа** – этникалық қауымның, қоғамдық бірліктің бір түрі. Тайпа дамыған рулық қоғамда пайда болып, нақты рулардың бірлі-

гі ретінде қалыптасқан. Тайпаның негізгі белгілері – ортақ қалыптасқан тіл, жеке атауы және нақты өмір сүру аймағының болуы. Тайпа өз құрамындағы әр рудың билеушілерінен құралған кеңес арқылы немесе әскери жағынан күшті, саны жағынан көп рудың билеушісі арқылы басқарылған. Соғыс, бейбітшілік, т.б. мәселелерді шешу үшін арнайы халық жиналышы өткізілген. Тайпалар уақыт өте келе өзара іштей бөлініп, рулардың қауымдағы орны өзгеріп отырды. Тайпа билеушісіне арнайы адам сайлау жүзеге асырылып, ол билік мұраға қалдырыла бастады. Тайпааралық соғыста билік тайпа билеушісінде болып, одан кейінгі билікті әскери көсем тұрды. Тайпа билігіне көбінесе әскери басшылар келіп, саяси, әскери және азаматтық билікті бір қолға шоғырландырыды. Үлкен, қуатты тайпалар басқа тайпаларды жаулап ала бастады. Соның нәтижесінде ортақ мұддені қорғау үшін тайпалар одағы құрылды.

Қазақстан тарихында жекелеген тайпалардың алған орны орасан зор. Қазақ жерін мекендеген тайпалар біздің заманымыздан бұрынғы кезеңнен бері белгілі бола бастады. Ежелгі қытай деректерінде канцю (қаңлы), хунну, усуң (үйсін), т.б. тайпалар мен тайпалық одақтар жайлы деректер көпtek кездеседі. Орта ғасырларда Орталық Азияны мекендеген жекелеген тайпалар тұтас бір мемлекеттің құрылуына да әсер етіп отырды. Мысалы, дулат тайпасы билеушілерінің Моголстан мемлекетіне өсері, т.б. Қазақ халқының этникалық негізін қалыптастыруда үйсін, қаңлы, найман, керей, арғын, алшын, т.б. тайпалар үлкен рөл атқарған. Қазіргі кезде қазақ халқын құраған тайпалар өз құрамын аса өзгерте қойған жоқ және негізінен, бұдан 150–200 жыл бұрын қоныстанған жерлерінде шоғырланған.

**РУМЫНИЯ**, Румыния Республикасы – Еуропаның оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан мемлекет. Жер аумағы 237,5 мың км<sup>2</sup>, астанасы – Бухарест қаласы. Халқы 19 млн. Оның 89%-ы румындар, 7%-ы венгрлер, қалғаны немістер, сығандар, україндар, сербтер, орыстар, еврейлер, түріктер, хорваттар, словактар. Ресми тілі – румын тілі.

Румыния жері негізінен Төменгі Дунай алабын алып жатыр. Қара теңіздің румыниялық жағалауы 245 км-ге жетеді. Румыния



Жайлауга көшу



Констанца – Румыниядагы ең үлкен айлак

аумағы орташа биік таулы (800 м-ден жоғары), төбелі-белесті немесе қыратты (200–800 м), ойпатты келеді. Жері – Шығыс Карпат, Оңтүстік Карпат және Батыс Румын таулерымен бөлінеді. Оңтүстік және Шығыс Карпат аралығында Трансильвания үстірті орналасқан.

Румыния аграрлы-индустриялық орташа дамыған ел. Еуропаның көптеген елдеріне қарағанда қазба байлықтары мол. Мұнай мен табиғи газ (Еуропада алдыңғы орында), тас көмір, боксит, темір кен тасы, мыс, т.б. өндіріледі. Қара металлургия (болат, прокат, құбырлар) және түсті металлургия (алюминий, қорғасын, мырыш, мыс) дамыған. Химия, цемент, шыны, ағаш өндіреу (Еуропада 2-орын) және тоқыма өндірісі дамыған. Ауыл шаруашылығы елді азық-түлікпен толық қамтамасыз етеді. Жоғары дамыған жүзім шаруашылығы бар. Мал шаруашылығы салаларынан қой және етті сиыр өсіру басым.



**РЫСҚҰЛБЕКОВ Қайрат Ноғайбайұлы** (13.3.1966, Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Бірлік ауылы – 21.5.1988, Семей қаласы) – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің құрбаны, «Халық Қаһарманы» (1996). 1986 ж. Алматыдағы Сәулет-құрылым институтына (қазіргі Қазақ бас Сәулет-құрылым академиясы) оқуға түсті. Осы жылы 16–18 желтоқсанда болған қазақ жастарының отаршылдық және өміршілдік жүйе-

ге қарсы көтерілісіне белсене қатысты. Көтеріліс қатігездікпен жаншылғаннан кейін 1987 жылдың қаңтарында тұтқындалды. 1987 ж. 16 маусымда өлім жазасына кесілді. Кейіннен Рысқұлбековке берілген жаза 20 жылға бас бостандығынан айырумен ауыстырылды. Бірақ, оның өміріне Семей түрмесінде құпия жағдайда қастандық жасалды. Рысқұлбеков Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1992 ж. 21 ақпандагы шешімімен толықтай ақталды. Алматы қаласындағы бір көшеге Рысқұлбеков есімі берілген. Тараз қаласында Рысқұлбеков есімімен аталатын демалыс бағы бар. Оның орталық алаңында ескерткіші орнатылған.

### РЫСҚҰЛОВ ТұраДар

[14(26).12.1894, Верный уезінің Шығыс Талғар болысы (қазіргі Алматы облысы) – 10.2.1938, Мәскеу] – қазақ халқының көрнекті мемлекет қайраткері. Қәшпелі кедей шаруаның отбасында туған. 1910–14 ж. Бішкектегі ауыл шаруашылығы мектебінде оқыды. 1916 ж. Т.Рысқұлов Ташкенттегі мұғалімдер институтына түсінімен, оны аяқтап ұлгірмеді: Қазақстан мен Орта Азияда ұлт-азаттық көтеріліс басталды. Әулиеатадағы осы көтеріліске белсене қатысқан Рысқұловты патша үкіметі сол жылы тұтқынға алды.



1917 жылдың басында Рысқұлов Қазақ жастары одағын үйімдастырды. 1917–1918 ж. Әулиеата уездік Совдепі аткомының төрағасы болды. 1918 ж. Туркістан Республикасы деңсаулық сақтау халқомы, 1918–20 ж. Туркістан Республикасы ОАҚ төрағасының орынбасары, РК(б)П Мұсылман бюросының төрағасы, Туркістан Республикасы ОАҚ-нің төрағасы болды. 1920–21 ж. Ұлт істері халық комиссариатының Өзөрбайжан республикасы бойынша үекілі, 1921–22 ж. РСФСР Ұлт істері комиссариатының қызметкері, алқа мүшесі және халқомының 2-орынбасары, 1922–24 ж. Туркістан Республикасы халқомсовының төрағасы болып істеді. 1924–26 ж. Коминтерн АҚ Орта Шығыс бөлімі менгерушісінің орынба-



сары, Коминтернің Монголиядағы уәкілі, 1926 ж. БК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті баспасөз бөлімінің меңгерушісі және өлкелік «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің жауапты редакторы, 1926–37 ж. РСФСР халқомсовы төрағасының орынбасары болды. Т.Рысқұлов қоғамдық-саяси қызметпен қатар теориялық мәселелермен де шұғылданды. Ол 10-нан астам кітаптың, 100-ден астам мақалалардың авторы. Т.Рысқұлов өзінің Түркістандағы саяси қызметінде Түркі Коммунистік партиясын және Түркі республикасын құруды талап еткен жергілікті қызметкерлердің тобын басқарды. Осы көзқарастары үшін большевиктер партиясы басшылары тарапынан сынға алғынып, кейін 1937 ж. сталиндік саяси құғын-сүргіннің құрбанына айналды, Мәскеу түрмесінде қайтыс болды. Т.Рысқұлов КСРО Әскери коллегиясы Жоғарғы Сотының шешімімен 1956 ж. 8 желтоқсанда ақталды. Қазіргі кезде Жамбыл облысының бір ауданына Т.Рысқұлов есімі берілген. Тараз қаласында Тұrap Рысқұлов атындағы демалыс бағы бар, оның орталық алаңына ескерткіші орнатылған. Алматы қаласындағы Басқару академиясына, бір көшеге Т.Рысқұлов есімі берілді.



Тараз қаласындағы Тұrap Рысқұлов ескерткіші

**САБА** – өзендердің, ағын сулардың сұзынайып, ең төменгі межеге жететін кезеңі. Негізінен жерасты, ыза сулармен толығады. Қазақстан аумағында, қоңыржай және биік ендіктерде қысқы (қыстың басынан көктемгі су тасуга дейін) және жазғы (көктемгі су тасудың соңынан күзгі жауын-шашындар немесе мұз қатқанға дейін) Саба кезеңдеріне бөлінеді. Ұзақтығына қарай қысқа (10–30 күн аралығында) және ұзакқа созылатын (30 күннен астам) болып ажыратылады.

Саба – қымыз құюға арналған ыдыс. Жыл-қы терісінен жасалады. Сабаны жасау үшін иленген теріні талдың қабығымен бөяды. Содан соң қажетті сыйымдылық мөлшерінде (шамамен 100 л), түбін кең, аузын тарлау етіп шуда жіппен тігеді. Жоғары көтерін байлау үшін саба аузына жіп тағады. Осы-



Қымыз бен шұбат сақтаиттың саба

лайша саба дайын болғаннан кейін ішін жуып шайып, айран құйып бірнеше күн қояды. Мұны шикі дәмін алу дейді. Бұдан кейін кепріп, созып, дымқылдаپ пештің ысын қырып алып жағады. Мұны құрамдау дейді. Оны қайтадан майлап алып, арша тобылғы немесе қайың қабығының тұтініне ұстап ыстайды. Ысталған тері әрі берік, әрі оған құртқұмырсқа түспейді. Ыстың дәмі мен исі қымызға шауып, оның сапасын жақсарта түседі. Сабаның көлемі әр түрлі болады. Астына қою үшін ағаштан сөкі жасалып, оны саба аяқ немесе саба орындық деп атайды. Қазақта «бес биенің сабасындай» деген сөзді орнықты әйелдер мен келісті бәйбішелерге мадақ сөз ретінде айтқан. Бірнеше жұз літрлік сабаны «тай жұзген» деп дәріптейді. Бұрынғы кезде асқа, салтанатқа сабамен қымыз аппаратын болған. Бұл үлкен құрметтің, мырзалақтың, байлықтың белгісі саналған.

**САБЫН** – жоғары май қышқылдарының тұздары. Тарихта сабын туралы мәліметтер ерте кезден белгілі. Мысалы, римдіктердің сабын қайнатқаны туралы дәрігер Галеннің шығармаларында жазылған; Әбу Әли ибн Сина өз қолжазбаларында шығыс елдерінде сабын қолданылғаны және Византияда сабын жасалғандығы туралы мәлімет берген. Ал скифтердің жуғыш заттар қолданғандығы туралы Геродот жазған. Сабынды көп мөлшерде өндіру 19 ғасырда сода алу әдісі ашылған соң өркендей бастады. Сабын – кристалл қатты заттар, ыстық суда, органикалық еріткіштерде жақсы ериді. Судағы ерітінділерінің беттік актив заттар ретінде жуғыш қасиеті бар, себебі сабын әлсіз қышқыл және күшті негіздің тұзы болғандықтан гидролизге үшірайды. Қарапайым сабын – карбон қышқылдарының тұздары. Оларды глицерин мен әр түрлі май қышқылдарының эфирлері болып саналатын табиғи майлардан (өсімдік, жануар, балық майлары) алады. Қазақтар жануар майын алабұта, балаты қурайы, сексеуіл шырпысы немесе басқа өсімдік күлімен (сақар) араластырып, қайнату арқылы қолдан сабын жасаған. Өнеркәсіптік жолмен сабын алу үшін көптеген шикізаттар (өсімдік майы, жануар майы, КОН, сода, NaOH, сақар, канифоль, нафтен, т.б.) қолданылады. Майдың гидролизінен алынған ерітінді қатайғанда, глицерині бар сабын түзіледі. Оған ас тұзын

қосқанда қатты сабын алынады. Құрамында май қышқылдарының тұзы мен органикалық және бейорганикалық қосымша заттар болатын кір сабын, қатты сабын, хош иісті заттардан тұратын иіс сабын, медицинада қолданылатын арнайы сабын тәрізді тұрлери бар.

**САВАННА** – тропиктік ормандар мен шөлдер аралығындағы биом түрі. Саваннада субэкваторлық, тропиктік және субтропиктік өсімдіктер тиінің ксерофитті шөптесіндері, жеке немесе шоқ ағаштары (акация, эвкалипт, т.б.) мен бұталары кезектесіп орналасқан. Өсімдіктері ұзаққа созылатын құрғақшылыққа бейім келеді. Шөптесін өсімдіктерінің жапырағы қатыл, тікенекті. Олардың ішінде биікт. 3–5 м-ге дейін жететін астық тұқымдастары да бар. Ағаштары ала-



Серенгети үлттық паркіндегі саванналар

са, діндерінің қабығы қалың, жоғарғы бөлігі шатыр тәріздес. Құрғақ маусымда кейбір ағаштар діңіне (баобаб, бөтелке ағашы, т.б.) су қоры жиналады. Саванна тропиктік егіншілікке қолайлы; мақта, жер жаңғағы, жугері, темекі, күріш егіледі. Жануарлардан піл, мүйізтүмсық, керік, зебр, антилопалар; құстардан түйекұс мекендейді. Саванна Африка аумағының 40%-ын қамтиды. Оңтүстік Америкада (кампос, лъянос), Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс Азияда, Солтүстік-шығыс Австралияда да таралған.

**CAFAT** – 1) уақытты көрсетуге немесе есептеуге арналған аспап. Оның жұмысы үшін тұрақты периодты процестер (Жердің айналуы, маятник, атом тербелісі, т.б.) пайдала-



Еден сағаттарының түрлері

нылады. Периодты процестерге байланысты сағат күн сағаты, су сағат, құм сағат, шпиндельді сағат, маятникті сағат, кварц сағаты және атом сағаты болып, ал жасалу түріне қарай қол сағаты, қалта сағаты, үстел сағаты, қабырға сағаты, еденге қойылатын сағат, мұнара сағаты, сондай-ақ, көлікте және арнаулы мақсат үшін (шахматтық, сигналдық, кестелік, т.б.) пайдаланылатын сағаттарға бөлінеді. Сағатқа қойылатын негізгі талап – оның дәлдігі. 2) 3600 секундқа, 60 минутке не 1/24 тәулікке тең уақыт бірлігі.

**САҒЫМ, мираж** (франц. mirage – шағылысу, сағым) – көкжиекте нысанның (ғимараттың, талдың, т.б.) бір немесе бірнеше жалған бейнесі байқалатын оптикалық құбылыш. Сағым заттың астыңғы жағында (төменгі сағым), үстіңгі жағында (жоғарғы сағым) немесе бүйір жағында (бүйірлік сағым) орналасуы мүмкін. Ауа температурасының, тығыздығының әркелкі болуына байланысты жарықтың атмосферадағы сыну көрсеткіші біртіндеп өзгереді. Осы өзгеріске сай атмосфера арқылы өткен жарық сөулесі де біртіндеп қисаяды. Сағым нәтижесінде пайда болған көкжиектегі жорамал кескіндер кейде шөлдаладағы адамға су сияқты елестер береді.

**САДАҚ** – жебе атуға арналған қол қаруы. Садақты тас дәүірінен 20 ғасырға дейін дүние жүзінің барлық халықтары пайдаланған. Ерте кезде аң аулауда, кейін соғыс ісінде қолданылған. Қарапайым садақты тобылғы, үйенекі, т.б. ағаш шыбықтарынан дөгаша иіп,



Садақтың түрлері

екі ұшын қайыспен керіп жасайды. Құрделі садақтың сыртқы бетіне сінір тартылып, ішкі жағы мүйізben қапталады, кейде ортасы мен екі шетіне сүйек бастырма қағылады. Құрделі садақты ежелгі Шығыста, оның ішінде сақтар, кейінірек ғұндар мен Орталық Азия халықтары көп қолданған. Қазақ садағы көшпелілер садағының жетілдірілген жалғасы болып саналады. Ауыз әдебиетінде садақтардың қолданылған материалдарына қарай «қайың садақ», «қарағай садақ», «үйенекі садақ» деген атаулары кездеседі.

**САДАҚА** – ислам діні бойынша қайырымдышың мақсатында мұқтаж адамдарға берілетін ақшалай немесе заттай көмек. Садақа беруші қайырымдылық көрсетумен қатар, күнәсін жуу, қапыда келер көлденең кесапат, қындықтардың алдын алып, сақтану мақсатын да көздеуі мүмкін. Садақаны мүмкіндігі бар адамдар береді. Садақа ақша, киім-кешек, көмек көрсету, тұрғын жай беру, қарызын немесе міндеттемесін кешу түрінде болады. Садақаның парызы етілген түрі – дәулетті адамдар беретін «Зекет» және ораза айында бүкіл мұсылмандар беретін «Пітір» садақалары.

Зекет – мұсылмандардың бес парызының бірі, яки мұсылмандықтың төртінші шарты,

қоғамдағы кедейлерге берілетін міндетті садақа. Шаригат бойынша, кәмелетке толған ауқатты мұсылмандар ғана жылына бір рет малының, дүние-мұлкінің, дәuletінің қырықтан бір бөлігін зекет ретінде беруге міндетті. Зекет берілсе, бай адам мал-мұлкінің кірінен, кедейлер алдындағы борышынан тазарады. Құран Қәрімде айтылғандай, зекет сегіз түрлі кісілерге: кедейлерге, міскіндерге (қолында түгі жоқ тақыр кедейлерге, жетім-жесірлерге), зекет жинаушыларға, жаңа мұсылмандарға, құлды азат етуге, борыштыларға (қарызын төлеуге шамасы келмейтіндерге), мұсөпірлерге (үйіне жете алмай, жолда қалғандарға) таратылуға тиіс. Зекет беруші зекетті берген уақытта зекет үшін беретіндігін ниет етуі, яғни ішінен ойлауы шарт. Ал зекет алушының зекет екендігін білуі шарт емес. Зекетті бергеннен кейін міндесу немесе ренжітіп, кемсітіп беру, сондай-ақ, мақтан үшін беру зекеттің қайыр-сауабын зая кетіреді.

Пітір – ислам дініндегі жан амандығына шукірлік ретінде берілетін садақа. Пітірді рамазан айында, айт намазына дейін мұқтаж адамдарға береді. Пітір 2 кг бидай мөлшерінде ақшалай немесе заттай белгіленеді.

**САЗ** – негізінен сазды минералдардан (каолинит, монтмориллонит, т.б.) тұратын, пластикалық қасиеті бар шөгінді тау жыныстары. Су тиғен саздың қысым әсерінен белгілі пішін қабылдалап, кепкенде соны сақтап қалуы пластикалық деп аталады. Саз шөгінділер ішінде ең көп тараганы (53%). Ол жұмысқа, суда жібіп иленеді, күйдіргенде беरік тастай болады. Құрамы күрделі, басты минералдары: каолинит, монтмориллонит, гидрослюдадар, сапонит. Саздар минералдық құрамы бойынша каолинитті, гидрослюдады, монтмориллонитті, полимиктілі болып ажыратылады. Каолинитті саз немесе каолин құрамында өзінен басқа гидрослюдада, галлуазит, кварц, т.б. минералдар кездеседі. Сазды кірпіш, фарфор, фаянс, т.б. жасауда және қағаз, резина өндірісінде толтырғыш ретінде қолданады. Қазақстанның Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды өңірлерінде кен орындары бар. Гидрослюдады сазда каолинит, монтмориллонит, карбонаттар, сульфидтер, т.б. кездеседі. Адсорбциялығы жоғары, пластикалығы төмен, суда 9 есеге дейін өседі.

Оларды құбыр, қышқылға төзімді бүйім, цемент өндірісінде қолданады. Монтмориллонитті сазда  $\text{Al}_2\text{O}_3$  – 20%-дан аспайды және  $\text{CaO}$ ,  $\text{Fe}_2\text{O}_3$ ,  $\text{MgO}$ ,  $\text{SiO}_2$  болады. Оның бентонит, флоридина деген түрлері бар. Оларды қалып, сабын жасауда және бұрғылау ертінділерін даярлауда, мұнай өнімдерін, шырындарды, т.б. тазартуда пайдаланады. Саздың бұл түрлерінің кен орындары Оңтүстік, Солтүстік, Шығыс Қазақстанда орналасқан.

**САҚТАР** – ерте темір дәуірінде Қазақстан, Таулы Алтай, Орта Азия, Солтүстік Үндістан, Ауганстан өлкелерін мекендереген тайпаларға байланысты ежелгі дәуірден жеткен жазба деректер арқылы танымал жалпылама атаяу. Жазба деректерде кездесетін «сақтар» және олардың түрлі тайпаларының атаулына байланысты мәліметтер қысқа, үстірт айтылғандығымен ерекшеленеді, толық, негұрлым көлемді сипаттамалар жоқ. Парсы жазбалары тұрақты тұрде «сақ» атауын қолданса, грек деректері бұл тайпаларды «Азия скифтері» деп атайды. Сақтар Қара теңіз бен Днепр бойындағы «скифтердің», Төменгі Еділдегі «савроматтардың», Кир мен Дарий I уақытындағы парсылардың, Геродот, Александар Македонский уақытындағы гректердің замандастары болған. Олар парсылармен тығыз байланыс жасап, біздің заманымыздан бұрынғы 6–5 ғасырларда парсылардың Ахемен өулеті билеген мемлекеті құрамына кірген. Қөптеген ғалымдар Жетісуды, Қазақстанның оңтүстік өлкелерін, Солтүстік Қыр-



Сақ жауынгері

тызстан мен Шаш (Ташкент) өндірін тигра-хауда сақтары мекендерген, сондай-ақ олардың қатарына Алтай тайпалары да кірген деп есептейді. Ежелгі грек деректеріне сүйене отырып, басқа да сақ тайпаларының мекендерген орындары жайлы болжамдар жасалуда. Мысалы, аргиппей, исседон сақтары Қазақстанның солтүстік-батысы, солтүстік және орталығындағы өлкелерді, ал аrimaspy сақтары шығыстағы өлкелерді мекендерген деп пайымдалады. Көне дәуірдің жазба деректерінде сақ тайпалары негізінен мал шаруашылығын өркендеткен, жақсы қаруланған, ержүрек дала тұрғындары ретінде суреттеді. Олардың киізben жабылған үйлері, мыңғырған малы, соғысқа тым бейімділігі, өсіреле атты өскерлерінің тенденсіз шеберлігі айттылады. Сақтар жайлы түсініктер археологиялық зерттеулер деректерімен толыға түсті. Бұғінгі күнде сақтардың түрлі ескерткіштері ашылып, олардың заттық мәдениетіне, жерлеу ғұрпына, өнеріне байланысты деректер ғылымға енген.

**САЛЫСТЫРМАЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ** – физикалық процесстердің кеңістіктік-уақыттық қасиеттерін зерттейтін теория. Кеңістік пен уақыттың қасиеттері ондағы гравитациялық өрістің қасиеттеріне тығыз байланысты. Заттар арасында тартылыс өрісі бар кеңістік пен уақыттың қасиеттерін зерттейтін теория жалпы салыстырмалық теориясы деп аталады. Денелер арасындағы тартылыс өрісі есепке алынбаған жағдайдағы кеңістік пен уақыттың қасиеттері дербес салыстырмалық теориясында қарастырылады. Дербес салыстырмалық теория – жалпы салыстырмалық теорияның жеке бір түрі. А.Эйнштейн дербес салыстырмалық теориясын 1905 ж. жасап, ал жалпы салыстырмалық теориясын 1916 ж. тұжырымдап берді. Салыстырмалық теориясындағы релятивистік (лат. *relatio* – салыстырмалы) құбылыстар денениң қозғалыс жылдамдығы жарықтың вакуумдағы жылдамдығына жақындаған кезде байқала бастайды. Мұндай жылдамдықтағы дene энергиясының ( $E$ ) оның жылдамдығына тәуелділігі релятивистік формула бойынша сипатталады:

$$E = \frac{mc^2}{\sqrt{1 - v^2/c^2}} \quad (1)$$

Бұл формуладағы  $m$  салыстырмалық теориясында денениң тыныштық массасы деп аталауды. (1) формуладан денениң  $v$  жылдамдығы  $c$ -ға ұмтылғанда дene энергиясының шамасы шексіздікке ұмтылатындығы көрінеді. Сондықтан егер денениң тыныштық массасы нөлге тең болмаса дene жылдамдығы ( $v$ ) жарық жылдамдығынан ( $c$ ) ылғи да кем болады. Ал тыныштық массасы нөлге тең бөлшектер (жарық кванты – фотондар және нейтрино) өрқашан жарық жылдамдығымен қозғалады.

Энергияның релятивистік формуласынан денениң баяу жылдамдықпен ( $v < c$ ) қозғалысы кезіндегі энергия шамасы мынаған тең екендігін байқауға болады:

$$E = mc^2 + \frac{mv^2}{2} \quad (2)$$

Мұның оң жағындағы екінші мүше – дениң кинетикалық энергиясы да, ал бірінші мүше тыныштықтағы денеде белгілі бір энергия қорының ( $E_0 = mc^2$ ) болатындығын көрсетеді. Бұл энергия тыныштық энергиясы деп аталады. Ядролық реакцияларда және элементар бөлшектердің түрлену процестерінде тыныштық энергиясының көп белгі жаңадан пайда болатын бөлшектердің кинетикалық энергиясына айналады. Салыстырмалық теориясының дұрыстығы көптеген фактілермен расталды. Релятивистік жылдамдық кезіндегі құбылыстарды қарастыратын қазіргі физикалық теориялардың бәрі осы Эйнштейн теориясына негізделген.

**САН** – математиканың негізгі ұғымдарының бірі. Қарапайым түрде алғашқы қоғамдарда-ақ пайда болған, кейін бірте-бірте қолданыс аясы кеңейіп өрі жалпыланды. Кейір заттарды санауға байланысты бүтін оң (натуран) сандар ұғымы, кейіннен сандардың натурал қатарының (1, 2, 3, 4, ...) шексіздігі туралы идея пайда болды. Сан ұғымының алғашқы кеңеюі – натурал сандарға бөлшек сандардың қосылуы болды. Ол ұзындықты өлшеу, ауданды табу, сондай-ақ, атаулы шамалардың үлесін беліп шығару қажеттілігіне байланысты қолданысқа енгізілді. Теріс сандар арифметикалық есептерді шешудің жалпы тәсілдерін беретін алгебраның ғылым ретінде дамуына байланысты шықты. Бүтін, бөлшек (оң және теріс) және нөл сандары рационал сан деп аталды. Айнымалы шама-

лардың шексіз өзгеруін зерттеу үшін сан ұғымы кеңейтіліп, нақты сандар жиынтығы пайдада болды. Шамалардың қатынасын (мысалы, квадрат диагоналның оның қабырғасына қатынасы) дәл өрнектеу қажеттігі иррационал сандар ұғымын енгізуге себепші болды. 16 ғасырда квадрат және куб теңдеулерді шешушеге байланысты жорымал сандар ұғымы енгізілді. Сан ұғымы дамуының соңғы кезеңі комплекс сандардың енгізілуі болды. Бұл идея 16 ғасырда 3- және 4-дәрежелі алгебралық теңдеулердің шешімін табуға байланысты пайдалана болған.

**САҢЫРАУҚҰЛАҚТАР** – төменгі сатыдағы өсімдіктер тобы. Табиғатта кең тараған, пішіні алуан түрлі, 100 мыңға жуық түрі белгілі. Қазақстанда 4,5 мыңдан астам түрі анықталған, олардың 11 түрі қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Саңырауқұлақтар миксомицеттер және нағыз саңырауқұлақтар (Muscota) деп екі бөлімге болінеді. Саңырауқұлақтардың барлығына тән белгі, олардың вегетативтік денелері мицелийден (жіңішке, тарамдалған гифтерден, яғни жіппшелерден) тұрады. Осы жіппшелері арқылы қоректік заттарды осмостық жолмен субстраттан сорып алады. Саңырауқұлақтардың түріне қарай мицелийлері, споралары бірнеше тәуліктен ондаған жылдарға дейін тіршілігін жоймайды. Саңырауқұлақтар өздері мекендейтін және қоректенетін субстраттарына байланысты сапротрофты саңырауқұлақтар (органикалық қалдықтармен қо-



Улы саңырауқұлақтар: 1-солғын поганка; 2-қызыл мухомор; 3-сары денелі қозықүйрық; 4-сайран саңырауқұлагы; 5-жалған жауын саңырауқұлагы

ректенеді) және паразитті саңырауқұлақтар (есімдіктер мен жануарлардың органдарында, үлпаларында, клеткаларында тіршілік етеді) деп бөлінеді. Саңырауқұлақтардың табиғатта маңызы зор. Олар өлі органикалық заттарды ыдыратып, табиғатқа минералдық заттарды қайтару арқылы топырақтың құнарлылығын арттырады. Саңырауқұлақтардың көптеген түрлерінен микробиологиялық өндірісте витамиnder, антибиотиктер, ферменттер, органикалық қышқылдар, кетондар, полициклі спирттер алынады. Ашытқы саңырауқұлақтар нан пісіруде, сыра ашытуда, т.б. пайдаланылады. Көпшілік түрі жеуге жарамды, мысалы, қозықүйрық, вешенка, т.б. түрлері қолдан да өсірледі. Арапарында улы түрлері (сүрғылт поганка, пантерлі мухомор, т.б.) де көп кездеседі. Табиғи жағдайда өсетін саңырауқұлақтарды тергенде сақ болған жөн. Зиянды саңырауқұлақтар адамдарда, жануарларда, өсімдіктерде түрлі аурулар тудырады. Саңырауқұлақтарды микологияғының зерттейді.

**САРАЙШЫҚ**, Сарайшық – ортағасырлық қала өрні. Атырау қаласынан солтүстікке қарай 50 км жерде, Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан. Бұл қалашықтың мәдени қабаттарын Жайықтың суы үздіксіз жуып-шайып, қазір шағын бөлігі ғана сақталған. 20 ғасыр ішінде ұзындығы 1,1 км, ені 300 м қаланың аумағы суға шайылып кеткен. Зерттеулер барысында алғашқы түрғын үй құрылыштары, монша қалдығы, қала көшелері, терең құдықтар және ұста шеберханаларының орындары айқындалды. Ыдыс-



Жайық өзені бойындағы Сарайшық орны



Сарайшық орнындағы археологиялық жұмыстар

тардан жергілікті көзешілер жасаған қышқымыралар, құтылар, құмғандар, қазандар, қытай фарфоры көптеп табылды. Табылған тыныдардың ең көнесі Өзбек хандікі, ал кейінгілері Тоқтамыс хан теңгесі (1395–96). Сарайшық Еуропа елдері мен Еділ бойындағы Алтын Орда астаналарынан (Сарай-Бату және Сарай-Берке) Хорезм шаһарларына, Иранға, Үндістанға және Қытайға баратын құрлық аралық керуен жолының бойында жатты. «Бағдадтың көпіріндегі қайықтан жасалған көпірі бар» бекініссіз Сарайшық керуен саудасынан келетін түсім, әскери олжа, жергілікті халық төлейтін салық және аса мол арзан еңбек күшінің есебінен тез өсті. Сарайшық Орда ішілік және халықаралық оқиғалардың қайнаған ортасында (Жошы ұлысының тақ үшін әулеттік таласы, жаңа этностардың құрылуы, т.б.) болуымен қатар, бұл қала Алтын Орда хандарының қасиетті зиратханасына айналды. Мұнда Мөңке Темір, Тоқта, Жәнібек, Бердібек, Қасым, т.б. хандар жерленген. Қала шамамен 11–16 ғасырларда өмір сүрген.



Сарыарқа шоқылары

Қарағанды, Ақмола облыстарын толығынан, Шығыс Қазақстан облысының басым бөлігін, Павлодар, Қостанай облыстарының біраз жерін қамтиды. Жазықтардың үстінде шашырап тараған аласа оқшау таулар, сансыз көп төбелер, қырқалар мен шоқылардан тұрады. Жер беті жанжағынан қоршаған ойпаңдарға бірте-бірте аласарып барып, ұласып кетеді. Балқаш көлінің жартасты солтүстік жағасына жарқабақтанып, тік түседі.

Жер бетінің ерекшеліктеріне қарай Сарыарқа батыс және шығыс бөліктерге бөлінеді. Батыс бөлігі біршама аласа және азырақ тілімделген (орташа биіктіктері 300–350 м). Бұл бөлігінде биік жазықтар және кең аумақты ойпаңдар мен қазаншұңқырлар басым, қалдық тау массивтері мен шоқылар аз таралған. Орта түсын кең аумақты Теңіз – Қорғалжың қазаншұңқыры алып жатыр. Майдайындағы жазықтармен қоса Сарыарқаның батыс бөлігін солтүстік және онтүстік аудандарға бөледі. Солтүстік ауданды аласа таулы, ұсақ шоқылы Көкшетау қыраты қамтиды (Көкше тауы, 947 м). Онтүстік ауданның



Баянаула таулары

жер беті көбінесе, тәбелі биік жазық болып келеді. Батыс бөлігінде биік жазықтар мен қырраттардың ортасында солтүстіктен оңтүстікке қарай неғұрлым ірі тау массиві – Ұлытау (1134 м) созылып жатыр. Сарыарқаның солтүстігі, солтүстік-шығысы оңтүстікке қарай ағатын өзендердің суайрығын құрайтын орта тұсы тұтасып жатқан таулы қырраттан және көптеген оқшау тау массивтерінен тұрады. Ірілері: Қызыларай [Сарыарқаның ең биік тауы (1565 м) орналасқан], Қарқаралы (1377 м), Кент (1361 м), қыыр шығысында Шыңғыстау массиві (Қособа тауы, 1305 м) оқшау көтеріліп тұр. Осылармен қатар, айтарлықтай тау массивтерінің қатарына әр жерде шашырап тараған Баянаула (1026 м), Қоянды (922 м), Желтау (909 м), Ерейментау (892 м), Нияз (830), т.б. таулар жатады. Осы орталық тау түйінін жан-жағынан кең жайылған биік жазықтар қоршайды. Олардың үстінде ұсақ шоқылар түзетін қырқалар мен тәбелер көтеріліп тұрады. Биік жазықтар солтүстіктегі Сілеті, Өлеңті, Шідерті және Аңысу өзендерінің алабына кіреді, оңтүстігінде Солтүстік Балқаш маңын, батыста Ұлытау мен Тенізі ойпатына іргелес аудандарды қамтиды.

Ең ірі өзені – Есіл. Оның сусы өнеркәсіп орындарын, елді мекендерді сумен жабдықтауға жұмсалады. Орталық Қазақстанның елді мекендері мен өндіріс орындарын сумен жабдықтау және жер суаруға пайдалану үшін Ертіс – Қарағанды каналы жүргізілген. Ең ірі көлі – Қорғалжың ойысындағы Теңіз көлінің сусы кермек. Қекшетау қыратында сусы тұщы, тектоникалық көлдер тараптап (Бурабай, Шортанды, Үлкен Шабақты, Кіші Шабақты).

Сарыарқада табигат қорғау мақсатында Баянаула, Қекшетау, Қарқаралы ұлттық табиғи саябақтары, Қорғалжын қорығы және бірнеше қорықшалар үйімдастырылған.

Сарыарқа – отын-энергетика, қара және тұсті металлургияны дамытуға қажетті минералдық шикізат өнімдеріне бай өлке.

Дала белдемі түгелдей дерлік егіншілікке игерілген. Тың жерлерді игергеннен кейін аса қуатты астық өндірісі қалышасты. Шөлейт және шөл белдемдерінің аса кең алқаптары мал жайылымы ретінде пайдаланылады.

**САРЫСУ** – Орталық Қазақстандағы өзен. Қарағанды, Қызылорда облыстары жерімен агады. Сарыарқадағы Бұғылы тауының ете-

гінен басталатын Жақсы Сарысу, Байназар мен Жақсы Тағылы таулары маңынан басталатын Жаман Сарысу өзендері қосылысынан пайда болатын Сарысу Сыр өңіріндегі Телікөлге құяды. Ұзындығы 800 км. Су жиналатын алабы 81,6–99,1 мың км<sup>2</sup>. Қуаң жылдары Телікөл-Аңықөл ойысына жетпей құмта сіцин кетеді. Салалары: Жаман Сарысу, Жақсы Сарысу, Атасу, Талдысай, Кеңгір, Құрманақа, Талдыманақа, Құмдыеспе, Қаракенгір.

**САУД АРАБИЯСЫ**, Сауд Арабиясы корольдігі (Әл-Мамляқа әл-Арабия әс-Саудия) – Арабия түбегінде орналасқан мемлекет. Жер аумағы 2,240 млн. км<sup>2</sup>. Халқы 28,8 млн. Астанасы – Әр-Рияд қаласы. Әкімшілік жағынан 13 округке бөлінеді. Халқының көшілігі арабтар. Ресми тілі – араб тілі, діні – ислам, құнтізбесі – ай нижрасы.

Сауд Арабиясының Қызыл теңіз, Парсы шығанағындағы жағалауы жайпак, құмдауыт келеді. Жерінің 1 млн. км<sup>2</sup>-не жуығы шөлдала (Нефуд, Дехна, Руб-әл-Хали). Батысында Хижаз және Асир (білкт. 2500–3000) таулары бар. Дүние жүзіндегі ең ірі мұнайлы-газды өнімдердің бірі – Парсы шығанағының мұнайлы-газды алабы Сауд Арабиясының оңтүстік-шығыс жағында орналасқан.

Сауд Арабиясы – дүние жүзіндегі ірі мұнай өндіруші және өңдеуші елдердің бірі. Дүние жүзіндегі мұнай қорының төрттен бірі Сауд Арабиясы жер қойнауында шоғырланған. Шикі мұнай қоры 261,7 млрд. баррел немесе 35 млрд. т., табиғи газы шамамен 6,339 трл. м<sup>3</sup>. Мұнай елге экспорттан түсетін пайданың 90%-ын қурайды. Елде женіл өнеркәсіп және



Әр-Рияд қаласы



Әлем мұсылмандарының Меккеде қажылықтарын өтегі

металлургия, мұнай мен газ өндіреу, химия, тыңайтыштар, құрылым материалдарын шығару дамыған. Мекке қаласында қажылыққа жыл сайын 5 млн. адам келе алатындей жағдай жасалған.

**САХАРА** – дүние жүзіндегі ең ірі шөл. Атлант мұхитынан Қызыл теңізге дейін (5700 км), Атлас тауынан Жерорта теңізіне дейінгі (2000 км) аралықты қамтиды. Аумағы 7 млн. км<sup>2</sup>. Сахара түгелдей Африка платформасында жатыр. Жер бедерінің 80%-ы – үстіртті жазықтар. Олардың іргесін кристалдық және жанартаулық тау жыныстары құрайды. Орталық бөлігін Ахаггар (Taxhat тауы, 3003 м) және Тибести (Сахараның ең биік жері – Эми-Куси жанартауы, биікт. 3415 м) таулы қыраттары, солтүстік және шығыс бөлігін түйік ойыстар: Файюм, Каттара (-133 м) алғып жатыр. Сахарада тасты және қырышықты (ха-

мада), малтатасты (рег), құмды (әрг), сазды (серир) шөлдер тараған. Мұнай мен табиғи газдың ірі кен орындары, темір, алтын, мыс, уран кентастары бар. Климаты тропиктік шөлдік. Орташа айлық температурасы қантарда -10°C, (тіркелген ең төменгі температура -18°C); шілдеде 35°C, (ең жоғарғы температура 57,8°C). Сахарада Ніл, Нигер өзендерінен басқа ағысы тұрақты өзендер жоқтың қасы. Жер асты суының мол қоры бар. Ойпаң жерлерінде шұраттар кездеседі. Өсімдік жамылғысы өте сирек. Халықтың басым көпшілігі Ніл өзенінің аңғары мен атырауына, солтүстік, батыс, оңтүстік аудандарға және жеке шұраттарға шоғырланған; кейбір тайпалары мал шаруашылығымен айналысып, көшпелі өмір сүреді. Негізгі ауыл шаруашылығы дақылы – құрма пальмасы, сонымен бірге жеміс ағаштары, көкөніс, дәнді дақылдар өсіріледі. Сахара аумағында Алжир, Марокко, Тунис, Ливия, Египет, Батыс Сахара, Мавритания, Мали, Нигер, Чад, Судан мемлекеттері толығымен немесе ішінәра орналасқан.

**САЯТШЫЛЫҚ** – дәстүрлі қазақ өнері. Саятшылық туралы «қысқа күнде қырықты алу», «қанжығасын майлау», «үйірімен үш тоғыз» тәрізді аңшылық пен құсбегілікке қатысты сөздер халық арасында сақталған. Аң аулап, саят құру мол қызыққа кенелдіретін қазақ халқының көшпелі өмірі кезеңіндегі ең сүйікті ісі болған. Саятшылық қазіргі күні кәсіпқой спорт түріне айналып отыр. Саятшылық жыл маусымдарының кезеңіне тәуелді болғандықтан, әр маусымдық кезеңге сәй-



Сахара – әлемдегі ең үлкен шөл



Аң аулауга шыққан бүркітшілер

кес саятшылық түрлері де өзгеріп тұрады. Көктем айларында аңға аңшы иттер жүгірту, жыртқыш құстардың балапанын алу, оларды қолға үйрету, бабына келтіру, «қайыру» мен жаз бен күзде өзен мен көлдегі су құстарына саятшылық жасау, қыс айларында салбурын, қансонар, т.б. саятшылық түрлері бар. Саятшылық спорт түрі ретінде адамның дұрыс тынығуымен қатар қайталанбас көріністерге толы тамаша сөттерді сыйлайды. Бұрынғы аңшы, саятшылар табиғат құндылықтарына ерекше сүйіспеншілікпен қараған. Өзіне қажетінен артық аң ауламаған. Буаз аңды, киелі құстарлы (аққу, байғыз) атпаған.

**СӘЛЕМДЕСУ** – амандық білісудегі әдел жолы. Сәлемдесу әдебі ғасырлар бойы қалыптасқан. Мысалы, үлкен адам мен жасы кіші адамның сәлемдесуі, аттылы мен жаяудың сәлемдесуі, ер мен әйелдің сәлемдесуі, т.б. 1) Сәлем беру. Алыс жолдан келген жолаушы немесе сол елдің адамы ауыл ақсақалдарына, белгілі адамдарға өдейі ізден келіп сәлем берген. Кейде «алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді» деп жөн билетін үлкендердің өзі барып сәлемдесетін де жол бар. Егер сәлем ер адамға қатысты болса «сәлем берді» деп айтылады; 2) Келіндердің сәлем етуі. Сыйлы ата, ене, қайнагаларына кездескенде, көріп қалғанда келіні оларға иіліп сәлем қылады. Үлкен кісілерден табақ қайтқанда да келін сәлем етуі керек. Ондайда біреу «келіндерің ііліп сәлем салып жатыр» деп хабарлайды. Үлкендер оған риза болып батасын береді. Келіннің сәлем етуі әдепті-



«Қазақтардың сәлем беруі». Джон Кэстл. 1736 ж.

лік пен сыйлаудың белгісі ретінде қабылданады. Сәлем әйел адамға қатысты болса оны «сәлем етті» дейді; 3) Құрдас қатарлас ер кісілердің сәлемдесуі. Бір-бірін көре қалғанда қол беріп, ал көптен көріспеген достар құшақтасып, төс қағыстырып сәлемдеседі. Жасы үлкен адаммен сәлемдескенде жасы кішілер жағы аттан, көліктен түсіп барып және әрқашан қос қолын беріп сәлемдеседі.

### СӘТБАЕВ Қаныш

Имантайұлы (12.4.

1899, қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданы Сәтбаев ауылы – 31.1.1964, Мәскеу, Алматыда жерленген) – аса көрнекті қазақ ғалымы, мемлекет жөніне қоғам қайраткері, геология-минералогия ғылымының докторы (1942), профессор (1950). Қазақстан Фылым Академиясын үйімдастыруши әрі тұңғыш президенті (1946), КСРО және Қазақстан Фылым Академияларының академигі (1946). Семейдегі мұғалімдер семинариясын (1918), Томск технология институтын (1926) бітірген. 1918–19 ж. Семейдегі 2 жылдық педагогикалық курс мұғалімі, 1920–21 ж. Павлодар облысы Баянауыл ауданында халық соты, 1926–29 ж.

«Атбасар тұсті металл» тресі геология бөлімінің жетекшісі, 1929–41 ж. Қарсақбай комбинатының геологиялық барлау бөлімінің бастығы, бас геологи, 1941–64 ж. Қазақстан FA-ның (1946 жылға дейін КСРО FA-ның Қазақ филиалы) Геологиялық ғылымдар институтының директоры, КСРО FA Қазақ филиалы президиумы төрағасының орынбасары, төрағасы (1941–46), Қазақстан FA-ның президенті (1946–52 және 1955–64) болды. Сәтбаев – кен геологиясы саласындағы көрнекті ғалым, әлемдік металлогения ғылымын дамытушылардың белгілі екілі, қазақстандық металлогения мектебінің негізін салушы. Негізгі ғылыми еңбектері Қазақстанның кен орындарын және минералдық қорларын зерттеуге арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның металлогендік болжам картасын жасауда көп еңбек сіздірді.

Қаныш Сәтбаев халық шаруашылығының



түйінді мәселелеріне, ғылыми зерттеулердің теориялық терең және тиімді болуына, ғылым табыстарын өндірісте қолдануға ерекше қөніл бөлді. Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды каналын салу, Маңғыстаудың, Мұғалжардың, Торғайдың табиги байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамыздың ірі минералдық шикізат қорларын – Кенді Алтайды, Қаратай фосфоритін, Қостанай мен Жезқазған–Ұлытау өңіріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты.

Сәтбаев – қазақ өнері мен әдебиетіне, мәдениетіне өмір бойы ерекше назар аударып, дамуына елеулі үлес қосқан адам. Ол студент кезінде, 1923 ж. 13 желтоқсанда «Қазақ тілі» газетінде жарияланған «Обаған» атты мақаласында қазақтың ұмытылған ежелгі өні «Обағанның» шығу тарихы жайында аса құнды пікір айттып, талдау жасады. 1927 ж. Мәскеуде шығарған «Ер Едіге» атты кітабында Сәтбаев жырдың текстін бұрынғы басылымындағы қазақ оқырманына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайын-

дады. 1931 ж. басылған А.В.Затаевичтің «500 қазақ өндөрі мен күйлери» жинағына Сәтбаев қазақ халқының музикалық мұрасының інжумаржаны болып есептелетін 25 өнді өзі орындалап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізді.

Сәтбаевтың құрметіне Қарағанды облысындағы қала, Геологиялық ғылымдар институты, Қазақ ұлттық техникалық университеті, Жетісүй Алатауындағы мұздық және шың, Қарататуда табылған минерал, гарыштағы кіші планета аталған. Республикамыздың көптеген қалалары мен ауылдарындағы қошелерге, мектептерге Сәтбаев есімі берілген. Ескерткіштегі Баянауылда, Жезқазғанда, Алматыда қойылған.

### СЕЙФУЛЛИН Сәкен (Сәдуақас) (15.10.

1894, қазіргі Қарағанды облысы Ағадыр ауданы Қарашлік қыстағы – 25.2.1938) – жазушы, қоғам қайраткері, Нілдідегі орысқазақ (1905–08), Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде (1908–10), қалалық училищеде (1910–13)



оқыған. 1913–16 ж. Омбыдағы мұғалімдер семинариясының шәкірті. Онда қазақ жастарының «Бірлік» атты ұйымының жұмысына қатысып, патша өкіметінің қысымына қарсы құрес жүргізуге, қазақ халқы арасына оқу-білім тарату ісіне араласады. 1914 ж. Қазанда «Өткен күндер» атты тұңғыш өлеңдер жинағын бастырды. Омбы семинариясынан кейін Ақмолаға қайта оралып, 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісіне тілекtes бол өлеңдер жазды. Сілеті–Бұғылы ауылында мектеп ашып, мұғалімдік қызмет атқарады. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін қалаға ауысады. «Асыра тез аттандық», «Кел, жігіттер» атты өлеңдер жазып, халықты құреске үндейді. «Жас қазақ» үйымын құрып, «Тіршілік» атты газет шығаруға қатысады. 1920 ж. 4 қазанда Орынборда Қазақстан Кеңестерінің 1-Құрылтай съезі ашылып, онда ҚазАКСР-інің құрылғаны жарияланды. Осы съезде Сейфуллин Қазақстан ОАК-нің президиум мүшесі болып сайланған. «Еңбекші қазақ» газетінің, «Қызыл Қазақстан» журналының редакторы, оқу комиссарының



Алматы қаласындағы Қ.Сәтбаев ескерткіші



Астана қаласындағы С.Сейфуллин ескерткіші

орынбасары қызметтерін атқарған. Қазақстан Кеңестерінің З-съезінде (1922) Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып тағайындалған. Бұдан кейінгі ҚАЗАКСР-і Оқу комиссариаты жанындағы ғылым орталығының төрағасы, Қазақстан пролетариат жазушылары ассоциациясының (ҚазАПП) басшысы, «Әдебиет майданы» журналының редакторы қызметтерін атқарды. Қызылордадағы халық агарту, Ташкенттегі және Алматыдағы Қазақтың педагогикалық институттарында, Коммунистік журналистика институтында сабак береді. С.Сейфуллин белсенді шығармашылық жұмыспен шұғылданған. 1922 ж. Орынборда «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағын, «Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлар» пьесаларын бастырды. «Домбыра» (1924), «Экспресс» (1926), «Тұрмыс толқынында» (1928), «Көкшетау» (1929) өлең-поэмалар жинақтарын, «Тар жол, тайғақ кешу» атты тарихи мемуарлық романын, «Жер қазғандар» повесін (екеуі де 1927) жарыққа шығарады. Оларда қазақ ауылшының әлеуметтік өзгерістерді суреттеді. «Альбатрос» (1932), «Қызыл ат» (1934), «Социалистан» (1935) атты кітаптарын жариялады. «Тар жол, тайғақ кешу» мен «Қызыл сұңқарлар» пьесасын өндеп қайта бастырды. Сәкен Сейфуллин – қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан ақын. Сейфуллин есімімен көптеген ауыл, елді мекендер, театр, мектеп, кітапхана, көшелер аталады. Астана қаласында Сейфуллин мұражайы жұмыс істейді.

**СЕЛ** – таулы аудандарда мұздықтардың, қардың мөлшерден артық еруінен, нөсерлі жауын-шашындардан, жер сілкінуден, тау өзендерінің арнасынан асып тасуынан пайда

болатын табиғаттың жойқын құбылышы. Сел жолындағы борпылдақ шогінділерді шайып, қатты тау жыныстарын бұзып, ағаштарды түбірімен қопарып, салмағы ондаған тонналық үйтастарды ағызып өкетеді. Сел Қазақстаның Іле Алатауы, Жетісу Алатауы, Сауыр, Тарбағатай, Алтай тауларындағы Улкен Алматы, Кіші Алматы, Қаскелең, Есік, Талғар, Текелі, Сарқант, т.б. өзендердің алаптарында жі болып тұрады. 1887 ж. жер сілкіну әсерінен Алматы қаласында көл 440 млн. м<sup>3</sup> болатын ірі тастарды ағызып өкелген күшті, лайлы сел болды. 1928 ж. қатты нөсер жауын салдарынан Іле Алатауының терістік беткеінде 20-дан астам сел болып етті. Нөсер жауындардан соң 1921 ж., 1941 ж. Кіші Алматы, 1950 ж. Улкен Алматы, 1959 ж. Текелі өзендерінде жойқын селдер болды. 1963 ж. шілде айында бірнеше тәулікке созылған ыстық аптаптың әсерінен мұздық пен қардың мол еруінен Жарсай мұздығындағы көл сұы ернеуінен асып, жарты сағат шамасында Есік көліне шамамен 6 млн. м<sup>3</sup> лай мен тасты ағызып өкелді. Сел қаупі күшті өзендерге бөгеттер салу, каналдар қазу, ағаштар отырғызу және алдын-ала болжау, халықта хабарлау жұмыстарын үйімдастыру сел апатының зардабын кемітетін шаралар. Алматы қаласын Сел апатынан қорғау үшін 1966 ж. Медеу шатқалында дүние жүзінде алғаш рет тауды бағыттап қопару әдісімен Медеу бөгеті салынды. Ауданы 40 мың км<sup>2</sup> жерге селге қарсы ғылыми-зерттеу, жобалау жұмыстары кешені жүргізілді. Селдің алдын алу мақсатында Қазақстанда «Қазселденқорғау» мекемесі құрылып, сел мониторингі үйімдастырылған.

**СЕМЕЙ** – Шығыс Қазақстан облысындағы қала, темір жол стансасы, әуе және автомобиЛЬ жолдарының ірі торабы. Облыс орталық – Өскемен қаласынан батысқа қарай 378 км жерде, Ертіс өзенінің бойында орналасқан. Тұрғыны 332 мың адам. 1939–97 ж. Семей облысының орталығы болды.

Семей қаласының орнында орналасқан Жеті шатыр (Доржынkit) сарайлары патша үкіметінің реңми құжаттарында «Тас мешіт» деген атпен 16 ғасырдың басынан белгілі. Сол уақытта Ертіс бойын қоныстанған құба қалмақтарының азыздарына қарағанда, бұл сарайларды Асма тархан Доржи деген кісі



Семейдегі Абай атындағы драма театры

тұрғызған, сондықтан қаланың аты Доржыкит немесе «Доржынkit» болып аталған. Жеті шатыр сарайлары мен үйлерінің бәрін кірпіштен, кей жерлерде тас араластырып салған, іргетасын тастан қалаған. Үйлердің жобасы әр түрлі: тік бұрышты, шаршы, кейде шеңбер тәрізді.

Семей өскери бекінісінің іргесі 1718 ж. қаланды. 1782 жылдан уездік қала болды. Бекіністің ішінде шіркеу, комендант үйі, казарма, т.б. өскери мекемелер болған, төңірегі ор қазылып қоршалған, оның сыртында ағаштан қылған жатаған үйлер, 9 мешіт болған.

Кеңес өкіметі жылдарында Семей Қазақстанның маңызды ірі өкімшілік, экономикалық және мәдени орталықтарының біріне айналды. Қалада тамақ, жеңіл, машина жөндеу, металл өндеу және құрылым материалдары кәсіпорындары салынды.

Қалада Шәкерім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Педагогикалық университет, Мемлекеттік медицина академиясы бар.

Қаланың рухани қазына ошақтарына Абай атындағы мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық мұражай-қорығы, Ф.Дос-



Ертіс өзеніне салынған көпір

тоевский атындағы әдеби-мемориалдық мұражай, тарихи-өлкетану музейі, т.б. жатады. Ертіс өзені арқылы аспалы көпір қаланың жаңа ауданы – Жаңасемейді қаланың негізгі бөлігімен байланыстырады.

**СЕМСЕР** – қарудың бір түрі. Қоңе заманда көшпелі халықтар екі жүзді, түзу семсерлер қолданған. Скиф, сақ, сарматтардың семсерлері алғашқыда қысқа (70 см) болып, оны «ақинақ» деп атаған. Кейін ұзын семсерлер қолданысқа енді. 8 ғасырдан бастап бір жүзді, қайқы семсерлер жасалынды. Қазақтың батырлық ертегілерінде батырлардың қаруы ретінде бүктемелі семсер де айтылады. Бүктемелі семсер өте иілгіш, бүктеп, жасырып алып жүруге ыңғайлыш, болаты мықты, жа-



Ақинақ

зылғанда өз қалпына қайта келетін болған. Шығыс халықтарында бас киімге тығып немесе белге орап жасырып алып жүретін солқылдақ иілгіш семсерлер болған, оны қазақтар да қолданған. Семсерді қынап деп аталағын арнаулы қабына салып, белге тағады. Қынабы ағаштан жасалып, сыртынан түрлі материалмен қаптайды. Семсер атты өскердің басты қаруы ретінде 18–19 ғасырларға дейін қолданыста болды.

**СЕНЕГАЛ**, Сенегал Республикасы – Батыс Африкада орналасқан мемлекет. Жер аумағы – 196,7 мың км<sup>2</sup>. Халқы 12,8 млн. Ресми тілі – француз тілі. Сондай-ақ жергілікті тілдер де қолданылады. Тұрғындарының 90%-ы мұсылмандар, қалғаны христиан-католиктер мен жергілікті наым-сенімдерді ұстанатындар. Тұрғындарының этникалық құрамы айтартылған курделі. Елде манде тілінде сөйлейтін халықтар (велоф, пулар дио-




Дакар қаласы



Сингапур қаласы



Мұхит жағалауы



Сентоза курортты аралы

ла, серер, малинке, сонинке, тукулер), сонымен қатар арабтар мен француздар тұрады.

Сенегал жазық өндірге орналасқан ел. Жерінің негізгі бөлігін Сенегал ойпаты алып жатыр. Тропиктік және жартылай субэкваторлық белдеуде. Елдің оңтүстігінде – тик, бамбук, зәйтүн пальмасы, қызыл ағаш өсетін нұрман бар.

Сенегал – аграрлық ел. Жер жаңғағы, тары, маниок, күріш, батат, майлы пальма, банан, жүгері өсіріледі. Жер жаңғағын экспортқа шығаруда Сенегал дүние жүзінде З-орынға ие. Балық аулау көсібі ұлттық экономиканың жетекші салаларының бірі. Онеркесібінің басты салалары тамақ, химия және тауцен, фосфорит өндірісі. Дакар қаласында Батыс Африкадағы ең ірі халықаралық аэропорт бар.

**СИНГАПУР, Сингапур Республикасы – Оңтүстік-Шығыс Азиядағы Сингапур аралы мен Малакка түбегінің оңтүстік жағасындағы шагын аралдарда өрнеласқан мемлекет.** Жер аумағы 646 км<sup>2</sup>. Халқы

5,2 млн. адам (2001). Сингапур халқы көрші мемлекеттерден келгендерден қалыптасқан. Тұрғындарының 76%-ы қытайлар, 15%-ы малайялықтар, қалғандары бангладештер, европалықтар. Ресми тілдері ағылшын, малайя, қытай, тамил тілдері. Діндері – буддизм, ислам, христиан, конфуцишілдік. Астанасы – Сингапур қаласы.

Сингапур – Оңтүстік-Шығыс Азиядағы экономикасы ең дамыған ел. Ол аймақтағы ірі халықаралық сауда және маңызды транспорт пен коммуникация торабының орталығы. Ел экономикасында дүние жүзінде ірі жүктасымалын іске асыратын теңіз порты маңызды рөл атқарады.

**СИРЕК МЕТАЛДАР** – табиғатта аз, шашыранды өрі өндірілуі қын металдар тобы. Физикалық-химиялық қасиеттерінің, өндіру технологиясының үқсастығына, т.б. ерекшеліктеріне қарай сирек металдар жеңіл, баяу балқытын, шашыранды, жерде сирек кездесетін және радиоактивті түрлерге бөлінеді. Жеңіл сирек металдарға литий, рубидий, це-

зий және бериллий жатады. Бұлардың тығыздығы 0,54–1,87 г/см<sup>3</sup> аралығында, химиялық активтілігі жоғары. Сипаттамалары мен өндіру тәсілдері бойынша жеңіл түсті металдарға үқсас. Баяу балқитын сирек металдарға кейбір ауыспалы металдар (титан, цирконий, гафний, т.б.) жатады. Бұлардың балқу т жоғары (мысалы, титан 1670°C-та, вольфрам 3410°C-та балқиды). Шашыранды сирек металдар (галий, индий, таллий, германий, селен, теллур, рений) көбінесе басқа элементтер минералдарының құрамындағы қоспалар ретінде кездеседі. Жерде сирек кездесетін сирек металдар (скандий, натрий, лантан және лантаноидтар) химиялық қасиеттерінің үқастығымен сипатталады. Радиактивті сирек металдарға франций, радий, актиний, торий, уран, плутоний және басқа да трансурандық элементтер мен полоний, технеций жатады.

**СИРИЯ, Сирия Араб Республикасы –** Батыс Азиядағы мемлекет. Жер аумағы 185,2 мың км<sup>2</sup>, астанасы – Дамаск қаласы. Халқы 20,2 млн. Негізінен сириялық арабтар, олардан басқа курдтер, армяндар, түркмендер, шеркестер, сығандар тұрады. Ресми тілі – араб тілі. Тұрғындарының 90%-ы мұсылмандар, қалғандары христиандар.

Сирия аумағының көпшілік бөлігі үстіртті. Елдің батыс бөлігі қос тау тізбегінен тұрады, бұларды Сирия опырығы (Әл-Габ ойысы) бөліп жатыр. Батыс тізбегі Ансария жотасынан, шығыс тізбек Аз-Завия тауларынан, Антиливанның шығыс беткейлерінен және бұның оңтүстік жалғасы Аш-Шейх (Хермон) жотасынан (біркт. 2814 м) қалыптасқан. Оңтүстік-батысын Ад-Друз (біркт. 1803 м)

вулкандық массиві, оңтүстік-шығысын Сирия шөлі, солтүстік-шығысын Жазире үстірті алып жатыр. Басты өзендері Евфрат (Сирия шегіндегі ұзындығы 675 км), Әл-Аси, Тигр. Ірі көлі – Хоме.

Сирия аграрлы-индустриалды ел. Экономиканың басты саласы – ауыл шаруашылығы. Дәнді дақылдардан бидай, арпа, сұлы, жүгері, т.б. егіледі. Мақта, қант қызылшасы, темекі, жеміс-жидек, жұзім өсіру, балық шаруашылығы, жеңіл өнеркәсібі дамыған. Боллат прокаттау, мұнай айыру, трактор құрастыру, т.б. өнеркәсіп салалары жұмыс істейді. Сыртқа мұнай және мұнай өнімдерін, мақта, тоқыма бұйымдарын, ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарады.

**СИЫР, ірі қара, мұйізді ірі қара** – сұт қоректілер класына жататын аша тұяқты, қуыс мұйізді, күйіс қайыратын жанауар. Оның жабайы және қолға үйретілген түрлері бар. Қолға үйретілген сиыр жабайы турдан тараған, ол біздің дәуірімізге дейін мындаған жылдар бойы Еуропа, Азия, Африкаға кең тараған. Сиырдың дene бітімі олардың өнімділік бағытына (сұт, ет) байланысты болады.

Сиырдың жынысы мен жасына байланысты жас төлін – бұзау, алты айға толғанға дейінгі төлін (еркек, ұрғашысын) – баспақ, бір жастағы төлін (еркек, ұрғашысын) – тайынша, бір жастағы ұрғашысын – қашар, бір жас пен екі жас аралығындағы ұрғашысын – құнажын, екі жас пен үш жас аралығындағысын (еркек, ұрғашысын) – дөнежін, еркегін – бұқа, піштірілген еркегін – өгіз деп атайды.

Сиырлар 5 жасқа дейін есіп жетіледі, кейбір кеш жетілетін тұқымдары 6–7 жасында



Дамаск қаласы



Казақтың ақбас сиыры

өсуін тоқтатады. Үргашысы 20–35 жыл, бұкасы 15–20 жыл тіршілік етеді.

Сиырды ет және сүт алу мақсатында өсіреді. Бұлардың өнімі тұқымының ерекшелігіне, азықтандыру және күтіп бағу дәрежесіне байланысты. Сүтті сиыр тұқымының орташа өнімі жылына 3500–400 кг, сүтінің майл. 3,6–4%. Бір сауын маусымында 20000 кг сүт беретін (голланд тұқымы) сиырлар бар.

Сиырдың етті тұқымдарының ет өнімділігі жоғары, сүт бағытындағы сиырларға қарағанда тез семіреді және шығымы жоғары сапалы ет береді.

Қазақстанда сүтті тұқымнан симменталь сиыры, алатау сиыры, әулиеата сиыры, қырдың қызыл сиыры, латыштың қызыл-қоңыр сиыры, т.б.; етті тұқымнан қазақтың ақбас сиыры, әулиекөл сиыры, герефорд, қалмақ сиыры, т.б. өсіріледі.

**СКИФТЕР, С к и ф т е р п а т ш а л ы ғ ы** – Қара теңіздің солтүстік жағалауын мекендерген ежелгі тайпалар бірлестігі. Олар сарматтар мен сактарға туыстас еді. Біздің заманымыздан бұрынғы 5 ғасырда скифтер қоғамында алғашқы қауымдық құрылымы ыдырап, егіншілік пен мал шаруашылығы дами түсті. Геродоттың мөлімдеуінше Днепрдің батысында егінші скифтер, ал шығысында малшы скифтер қоныстанды. Сонымен қатар олар Азов теңізі маңында «патшалық» скифтер болғанын, олардың көшпелі түрмис кешетіндігін, доңғалақты киіз үйлерде тұратын-

дығын мәлімдейді. Ежелгі грек авторларының жазбаларына қарағанда, скифтер арасында құл иеленушілік орын алған. Құлдар негізінен көршілес елдерге жасалған жорықтар кезінде қолға түскен тұтқындардан тұрған. Скифтердің тайпалық бірлестігін құруда Атей патшаның белсенділік танытқаны жайлыш деректік мәліметтер сақталған. Оның билігі тұсында скифтер Доннан Төменгі Дунайға дейінгі аралықты мекендейді. Біздің заманымыздан бұрынғы 3 ғасырдың сонында скифтер патшалығының астанасы Неа-поль қаласы болды. Төменгі Днепрдегі Колин қалашығы оның екінші орталық болды. Скифтер киммериялықтармен соғысты, Кіші Азияға жорықтар жасады. Сирияны, Палестинаны жаулап алдып, Алдыңғы Азияға үстемдік жүргізді. Фракия тайпаларына, А.Македонскийге қарсы соғысты.

Б.з. 1 ғасырының 2-жартысында Фарзой мен Инисмей патшалардың тұсында скифтер күшейіп, Боспор патшалығына қарсы бірнеше рет соғыс ашты. Қырымдағы скифтер 3 ғасырдың 2-жартысына дейін өмір сүрді. 3 ғасырда скифтер өз билігінен біржолата айырылды. Халықтардың ұлы қоныс аударуы кезінде олар басқа тайпаларға сіңіспіп, жеке этникалық ерекшеліктерін жойды. Дегенмен олар тарихта өшпес із қалдырды. Олардың экономика, соғыс ісі саласындағы табыстары кейін Ресейдің онтүстігін мекендерген халықтардың тарихы мен мәдениетіне елеулі ықпалын тигізді.

**СЛАВЯНДАР** – тайпалар тобы, қазіргі Солтүстік-Шығыс, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа халықтарының арғы тегі. Славяндардың шығыстағы көршісі скифтер, сарматтар, онтүстікте фракийлер мен иллийлер, батыста кельттер болды. Славяндар біздің заманымыздан бұрынғы 3–2-мыңжылдықтарда Қара теңіздің солтүстік жағалауы, Карпат етегіндегі Орталық, Солтүстік-Шығыс Еуропаны мекен етті. Сол заманнан бастап олар осы өңірлердегі барлық этникалық топтардың қалыптасуына ықпал етті. Біздің заманымыздың 2–4 ғасырларында герман тайпаларының (готтар, гепидтер) онтүстікке қоныс аударуына байланысты славяндар жері тұтастығынан айырылып, 5 ғасырдың ақырына қарай анттар, склавиндер болып екі топқа бөлінді. 7–8 ғасырларда Балқанға өт-



Скиф жауынгерлері



кен славяндар бірлестігіндегі драгувиттер, сағудаттар, верзиттер, северлер, т.б. тайпалар Балқан түбегіне қоныс аударды. Славяндар орналасуына қарай батыс (поляк, чех, словак, т.б. халықтардың арғы аталары), шығыс (орыс, украин, белорус), онтүстік (болгар, серб, словен, т.б.) болып 3 топқа бөлінді. Олар көрші халықтармен (германдар, балтық халықтары, түркілер, фин-угор тайпалары, т.б.) тұтас этникалық, экономикалық, мәдени байланыстар орнатты.

**СЛОВАКИЯ, Словак Республикасы – Орталық Еуропадағы мемлекет.** Жер аумағы 49 мың км<sup>2</sup>. Халқы 5,4 млн., негізінен словактар (85,7%), сонымен қатар венгрлер, чехтар және украиндар тұрады. Астанасы – Братислава қаласы. Ресми тілі – словак тілі.

Көшілік жерін биектігі орташа Батыс Карпат сілемдері алып жатыр. Онтүстік-батысы (Дунай бойы ойпаты) және онтүстік-

шығысы (Тиса бойы ойпаты) жазық ойпатты келеді.

Словакия – индустріалды-аграрлы ел. Машина жасау, қара және тұсті металлургия, ағаш өндіреу, целлюлоза-қағаз өнеркәсіптері, мұнай және табиғи газ айыру негізінде химия өнеркәсібі дамыған. Ирі алюминий, азот тыңайтқышы зауыттары жұмыс істейді. Ауыл шаруашылығында астық дақылдары басым дамыған. Майлар дақылдар, қант қызылшасы, темекі егіледі, жеміс және жұзім өсіріледі. Елдің онтүстігінде шошқа, құс, таулы өнірде қой және етті мал шаруашылығы дамыған. Сыртқа өнеркәсіп тауарларын, машиналар, көлік құрал-жабдықтарын, азық-тұлік, мұнай өнімдерін, темір кентасын, химикаттар шығарады.

**СОДА** – көмір қышқыл натрий тұздарының техникалық атауы. Сода ежелгі заманнан белгілі. Мысалы, Египетте көл суынан алынған соданы шыны қайнатуда және жуынуға пайдаланған. 18 ғасырға дейін натрий және калий карбонаттарын сілті деп келген, тек француз ғалымы А.Дюамель дю Монсо екеуін ажыратып, сода (Salsola Soda өсімдігінің күлінен алынуына байланысты) және сақар (поташ) деп атаған (1736). Табиғатта сода трона, сода, термонатрит минералдары түрінде кездеседі. Сода минералдары Қазақстанда Құлышин, Мельников, Петухов кен орындарында табылған. Сода қолданылу аясына байланысты кальцинирленген ( $\text{Na}_2\text{CO}_3$  – шыны, сабын, қағаз, бояғыш заттар алуда қолданылады), ас ( $\text{NaHCO}_3$  – тамақ өнеркәсібінде, сусындарға қосуда, медицинада), кристалдық ( $\text{Na}_2\text{CO}_3 \cdot n\text{H}_2\text{O}$ ), каустикалық ( $\text{NaOH}$  – техника мен түрмиста күйдіргіш натр деп аталады) болып болінеді. Соданы алудың негізгі көзі 19 ғасырға дейін теңіз балдырларының күлі мен жағалаулық өсімдіктер болды. Натрий карбонатын өндірістік жолмен алуды 1789 ж. француз ғалымы Н.Леблан (1742–1806) ұсынған. 1791 ж. Францияда оның әдісі бойынша сода өндіру басталды. Бұл әдісте натрий сульфаты майдаланған әктас және көмір қоспасымен бірге пеште күйдіріледі:  $\text{Na}_2\text{SO}_4 + 2\text{C} + \text{CaCO}_3 = \text{Na}_2\text{CO}_3 + \text{CaS} + 2\text{CO}_2$ . Бұл әдістің көптеген кемшілігі болды, сондықтан қазіргі уақытта бельгиялық ғалым Э.Сольве (1838–1922) әдісі кеңінен қолданылады.



Братислава қаласы



Татра тауы



Ажал аңгарындағы өздігінен сырғитын тастар



Колорадо каньоны

**СОЛТУСТИК АМЕРИКА** – батыс жарты шардағы құрлық. Жер аумағы 20,36 млн. км<sup>2</sup> (аралдарымен қоса есептегендеге 24,25 млн. км<sup>2</sup>). Тұрғыны 529 млн. адам. Солтүстік Мұзды мұхит (құрлыққа тереңдеп еніп жатқан Гудзон шығанағымен), Атлант (Мексика шығанағымен) және Тынық мұхитпен (Калифорния шығанағы) қоршалған. Ірі аралдары: солтүстігінде Гренландия, Канаданың Арктикалық топаралы, батыс жағалауында Алектут, Александр топаралдары, Ванкувер, Королева Шарлотта; шығысында Вест-Индия, Ньюфаундленд, т.б. аралдар бар. Ірі тұбектері: Бутия, Мелвилл (солтүстігінде), Лабрадор, Флорида (шығысында), Юкатан (оңтүстігінде), Аляска, Калифорния (батысында).

Құрлықтың беткі құрылышы әр түрлі: батысын Кордильера тау жүйесі, шығысын кең алқапты жазықтар мен орташа биіктіктері таулар алып жатыр. Батыс бөлігінің орташа биіктігі 1700 м, шығысында 200–300 м, құрлық бойынша 720 м. Солтүстік Американың

ең биік жері – Мак-Кинли шыны (6193 м), теніз деңгейінен ең төмен орналасқан жері – Ажал аңгары (−85 м). Солтүстік және солтүстік-шығысында Лаврентий қыраты (300–600 м), оңтүстікке қарай Орталық жазық (200–500 м) орналасқан. Батысындағы Ұлы жазық (500–1500 м) солтүстігіндегі Макензи ойпатына жалғасады. Орталық жазық шығысында Аппалач тауларына тіреледі. Кордильера тау жүйесі солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созыла орналасқан бірнеше дода тәрізді тау жоталарынан тұрады.

Солтүстік Америка жер беті ағын суларына бай. Мұнда дүние жүзіндегі ең ұзын өзен жүйесі (Миссисипи және Миссури) мен тұщы судың көп шоғырланған аймағы (Ұлы көлдер) орналасқан.

Солтүстік Американың қазіргі саяси картасында 23 егеменді ел бар. Құрлықтың негізгі бөлігін АҚШ пен Канада алып жатыр. Орталық Америка бөлігінде Мексика және Куба орналасқан. Сонымен қатар құрлықта АҚШ-



Нью-Йорк қаласы



Тахо көлі

тың иелігіндегі Виргин аралдары, Пуэрто-Рико; Ұлыбритания иелігіндегі Ангилья, Британдық Виргин, Бермуд, Кайман, Монтсеррат, Теркс және Кайкос аралдары; Франция иелігіндегі Гваделупа, Мартиника, Сен-Пьер және Микелон; Дания иелігіндегі Гренландия аралы; Нидерланд иелігіндегі Аруба, Нидерландық Антиль аралдары бар.

**СОПЫЛЫҚ**, Тасаууф (араб. – тазалық) – исламның қайнарынан бастау алатын рухани құндылық, ислам дінінің дүниетанымдық, ахлақтық-этикалық, әзотерикалық қырлары көрініс беретін, адамның өзін-өзі тануы мен рухани адамгершілкітін кемелденуіне мүмкіндік беретін ілім. Сопылықтың анықтамасын атақты суфилер Сарий ас-Сақати (865 ж.ш.) «Сопылық – көркем ахлақ (мораль)»; Абу Хафс ан-Найсабури (883 ж.ш.) «Сопылық – толығымен әдеп (этика)»; Абу әл Хусайн ан-Нури (907 ж. ш.) «Сопылық – нәпсінің құмарлықтары мен талаптарын тәрк ету» ретінде көрсеткен. Сопылар сопылық философиясының негізі тікелей Құран мен Мұхаммед пайғамбардың (ғ.с.) сұннеті деп таниды. Ал кейбір батыстық зерттеушілер сопылықтың исламға яһуди, христиан және буддизмнен, өсіреле, индуизм мен зороастризм дінінен енген деп дәлелдеуге тырысады. Қорыта айтқанда сопылық – ислам дінінің ішкі мәні, мазмұны, оның негізгі мақсаты – адамдық ар, рухани кемелдік.

Абай, Шәкерім және қазақтың жыраулық поэзиясында сопылық сарынның басым екені белгілі. Мысалы, жыраулық поэзияның көрнекті өкілі Дулат ақынның: «Құнәм – жойқын, тәубам – аз, Тіршілікten не таптым? Дүние – жемтік, мен – тәбет, Соны бақпай, не бақтым?» – дейтін өлең жолдары бар. Расында, сопылық – Тәңір алдында тізе бүгіп, қатесін ұғып, тәубага келін, Абайша айтқанда «ынталы жүрек, шын көңілмен» егіліп, Жаратқанға жалбарынып, Құдайға құлшылық қылу. Міне, сол үшін сопылық жолды ұстану жеңіл емес. Сондықтан болса керек, Қердері Әбубекір: «Сопылық деген ауыр жол, Ұстап жүрсе – тәуір жол. Сопылықты іздесең, Оқыған көп ғалым бол» – дейді. Мұнда ақын бағамыз сопылық жолға түсу үшін захир ілімін, Құран хадисті және шарифат негіздерін жетік менгерген ғалым болу керек екенін ерекше ескертеді. Кемел адам, Абайша айт-

қанда «толық адам – өзінің қасиетіне, қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам. Ол – кісілікке жат қызықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан дүниесі ағарып, рухани қасиетке ие болған адам».

**СОФОКЛ** (біздің заманымыздан бұрынғы 496–406 ж. ш.) – ежелгі грек ғұламасы, драматург. Біздің заманымыздан бұрынғы 440–439 ж. өскери қолбасшы болған. Ол мемлекет істеріне де араласып, эллиндер мәдениетінің дамуына үлес қосқан. Ертеден жеткен мәліметтер бойынша 120-дан астам драма жазған, 30 мәрте трагик ақындардың айтысына қатысып, 24 рет бас бейгіні иемденген. Бізге 7 драмасы толығымен, 90-нан астамы үзінді қойылымдар түрінде жеткен. Ерте жазылған драмасы «Аякс» саналады. Софокл шыгармалары Грекиядағы құл иеленушілік құрылымның дамып, гүлденген кезеңін, қоғамдақ-саяси оқиғаларға толы өзгерістерді, ел демократиясының жай-күйін бейнеледі. Әлем әдебиетінде Софокл ірі тұлғалар сомдап, образдар галереясын жасаған ежелгі грек трагедиясының аса көрнекті өкілі ретінде бағаланады.



Софокл. Қөне мүсін

## СПЕКТАКЛЬ

СӨЗ – зат пен құбылыштың атын, түртүсін, сапалық белгісін, амалын, қымыл-әрекеттің таңбалаушы негізгі мағыналық-құрылымдық бірлік. Болмыстың тілдік атауы ретінде дыбыс пен мағына тұстастығынан тұрады. Сөздің құраушы бірлік – дыбыс, ал мағына – сөздің ішкі мәні, мазмұны. Дыбыстық құрылым сөздің ішкі мәніне, ұғымға бағынышты болады. Сөз – тілдік категория, ұғым – логикалық категория. Ішкі мағыналық құрылымы мен қызметіне қарай сөздер атау және көмекші сөздер болып бөлінеді. Атау сөздер зат пен құбылышты, болмысты оның ерекше белгілері арқылы таңбалайды; көмекші сөздерде мұндай атауыштық қабілет жоқ, олар қызметтік-грамматикалық мәнге ие.

**СПЕКТАКЛЬ** – театр өнерінің туындысы. Осы заманғы театрда спектакль режиссер-қоюшының басшылығы арқылы театр ұжымы күшімен (актерлер, суретші, композитор, т.б.) жүзеге асырылады. Спектакльді өзірлең, қою процесі ең әуелі қалың көрермендер қатыныштың рухани талабы мен эстетикалық талғамына және театр ұжымының шығармашылық мүмкіншілігі мен үстанған мақсаттың орай пьесаны таңдау жұмысынан басталады. Осыдан кейін пьесаны сахнаға қоюшы-режиссердің актерлермен жұмыс істейі, болашақ сахналық туындыға қажетті декорациялық жасау-жиһаздар мен музикалық шығармамен әмоциялық жағынан байытып, көркемдеу ісімен айналысатын театр суретшісі, композитор, балетмейстер, дирижер, т.б. шығармашылық қызметкерлермен тығыз байланыста жұмыс істей процесі де



«Абылай хан» спектаклі. Абылай рөлінде – Т.Жаманқұлов

қатар жүргізіліп отырады. Спектакль алғашқы сәттен-ақ театр сахнасына қоюға таңдалып алынған пьеса мазмұнын айқындастыны идеялық түпкі ой-мақсатқа негізделеді. Сахналық туындылар жанрына қарай драмалық және музикалық спектакльдерге бөлінеді.

**СТРАТОСФЕРА** – атмосфераның тропосфера мен мезосфера аралығындағы қабаты. Төменгі шекарасы полюстердің үстінде 8 км-ден экватордың үстінде 17 км-ге дейін, жоғарғы шекарасы 50 км-ден астам биіктіктен өтеді. Стратосфера атмосфера массасының 20%-ы шоғырланған, негізінен тропосфера да таралған газдардан тұрады, бірақ су буы азда, озон ( $O_3$ ) көп. Тропосферадан тропопауза, мезосферадан стратопауза өтпелі қабаттары арқылы болінеді. Озон қабаты 25–35 км биіктік аралығында шоғырланған, ол жарық спектрінің қысқа толқынды ультракүлгін сөулелерін сіңіріп, жердегі тіршілікті зиянды әсерлерден қорғайды. Стратосфераның жоғарғы шекарасында желдің жылдамдығы 80–100 м/с-қа жетеді. Стратосфераның төменгі қабатында жіңішке өңірді қамтитын, ауаның қатты ағыны – құйылма ағыс пайда болады. Тропосферадан өткен аздаған мөлшердегі су буынан құбылма бұлттар пайда болады. Олар мұз кристалдары мен салқындаған су тамшыларынан тұрады. Ауа өте сирек болғандықтан бұл қабатта тек қана көгілдір күн сөулелері шашырайды. Аспанның көгілдір болып көрінетіні сондықтан.

**СУ, сутек оксиді,  $H_2O$**  – қалыпты жағдайда сутек пен оттек 1:8 көлемдік қатынаста болатын тұрақты қарапайым химиялық қосылыс. Табигатта ең көп таралған, бүкіл гидросфера судан тұрады, судың тіршілік үшін маңызы өте зор. Аристотель өз ең-бектерінде (біздің заманымыздан бұрынғы 4 ғасыр) суды төрт заттың (от, ауа, топырақ, су) біріне жатқызыса, ғалымдар 18 ғасырдың аяғына дейін суды жеке элемент ретінде қарастырды. Суды алғаш ағылшын ғалымы Г.Кавендиш (1731–1810) зерттеді (1781–82), ал француз ғалымы А.Лавуазье (1743–1794) сутек жанғанда су түзілетінін дәлелдеп, сандық құрамын анықтады (1785). Құрамында  $^2H$  (дейтерий) бар су – ауыр су ( $D_2O$ ) деп аталады. Ауыр судың физикалық қасиеттері

өзгешелеу болады. Су 0°C-та қатып, 100°C-та қайнайды. 20°C-тагы тығыздығы 0,99823 г/см<sup>3</sup>, 0°C-тагы тығыздығы 0,9168 г/см<sup>3</sup> (мұзда). Мұз жеңіл болғандықтан суда қалқып өзендер мен көлдердің түбіндегі тіршілік сақталады. Су қалыпты температурада көптеген заттармен өрекеттеседі. Атмосферада су бу, тұман, бұлт, тамшы және қар кристалдары түрінде кездеседі. Су оттек, сутек, азот қышқылын, спирт, альдегидтер, сілтілер, т.б. аса маңызды химиялық өнімдерді өндіруде қолданылатын химиялық реагент.


Су ресурстары – пайдалануға жарамды өзен, көл, теңіз, мұхит, жасанды су айданады, жер асты сулары, топырақтағы ылғал, тау және полюстік өңірдің мұздықтары, атмосферадағы су булары, т.б. су қорлары. Дүние жүзіндегі су ресурстарының жалпы қоры шамамен 1390 млн. км<sup>3</sup>-ге тең, оның 1340 млн. км<sup>3</sup>-і – Дүниежүзілік мұхит суы. 3%-ы (35,8 млн. км<sup>3</sup>) – тұщы су, оның пайдалануға жарамдысы 0,3% шамасында. Суды әр түрлі мақсатта тұтыну жыл сайын жоғары қарқынмен өсуде – көптеген елдерде су ресурстарының жетіспеушілігі байқалуда. Су сапасының нашарлауы көлемінің азайғанынан өлдекайда қауінті (мысалы, 1 м<sup>3</sup> тазаланбаған ақаба су 40–50 м<sup>3</sup> табиги өзен суын ластап, жарамсыз етеді). Қазақстан су ресурстарының көп жылдық орташа мөлшері 100,5 км<sup>3</sup>. Оның шамамен 44–45%-ы көршілес елдерден келсе, 55–56%-ы республика аумағында қалыптасады.

**Табигаттагы су айналымы** – Күн радиациясы мен ауырлық күшінің әсерінен жер қабығы, атмосфера және гидросфера арасында үздіксіз жүретін ылғал алмасу процесі. Мұхит, теңіз, көл, өзен бетінен, мұздықтан, қар мен мұздан, топырақ пен өсімдіктен жы-


лына 518,6 мың км<sup>3</sup> су буланады. Буланған су ауа ағындары арқылы жоғары көтеріліп, қоюланып, конденсацияланып, атмосфералық жауын-шашын түрінде жер бетіне және мұхитқа түседі; оның біразы құрлықтан өзендер арқылы мұхиттарға ағып барады, бірағы топыраққа сіңін, жер асты суларын толықтырады. Бұл процесс үлкен су айналымы деп аталады. Дүниежүзілік мұхиттан буланған судың көпшілігі қайтадан мұхитқа жауады, мұны кіші су айналымы деп атайды. Дүние жүзіне бір жылда жауатын жауын-шашын қабатының орташа биіктігі 1000 мм немесе 511 мың км<sup>3</sup> су. Оның 21%-ы (108 мың км<sup>3</sup>) құрлыққа, 79%-ы (403 мың км<sup>3</sup>) мұхитқа түседі. Жергілікті немесе құрлық ішіндегі су айналымы болады, ол негізінен атмосфералық жауын-шашының түсі, жер беті және топырақ ішіндегі ағындардың сукоймаларға ағыу, булану, су буының тасымалдануы, шықтану, қайтадан түсін арқылы жүреді.

**СУДАН, Судан Республикасы** – Африканың солтүстік-шығысында орналасқан мемлекет. Жер аумағы 1,8 млн. км<sup>2</sup>. Халқы 34,8 млн. адам. Халқының жартысына жуығын арабтар, қалғандарын нубийлер, бежалар, динкалар, нуэрлер, шиллуктер, т.б. халықтар құрайды. Ресми тілі – араб тілі. Тұрғындарының 70%-ы мұсылмандар, 10%-ы христиандар, өзгелері жергілікті діни наименінімдерді ұстанады. Астанасы – Хартум қаласы.

Жері негізінен үстіртті (300–1000 м). Орталық бөлігі тегіс жазықты болып, батыс батысындағы Кордофан және Дарфур таулы үстірттеріне қарай біртіндең биіктейді. Елдің



Нубия шолі




Табигаттагы су айналымы

шығыс бөлігін – Эфиопия, ал оңтүстік жағын Орталық Африка таулы қыратының сілемдері алып жатыр. Ең биік жері – Киньети шыңы (3187 м).

Судан – аграрлы ел. Ауыл шаруашылығының негізгі саласы – егіншілік. Қант құрағы, құрма пальмасы, маис, т.б. өсіріледі. Негізгі азық-тұліктік дақылдары – қонақ жүгері, тары, бидай. Мал шаруашылығы көшпелі және жартылай көшпелі сипатта дамыған. Негізінен ірі қара, түйе, қой мен ешкі өсіріледі. Елде мұнайдың аса ірі қоры барланған. Сыртқа – мұнай, құнжіт, мақта, жер жаңғағы (арахис), гуммиарабик, мал, мал өнімдері, алтын шығарылады.

**СУҚҰЛАМА**, сарқырама – судың өзен арнасын көлденең кесіп өтетін тік жартасты көртпештен құлап, тік ағуы. Тым қатты және борпылдақ жыныс қабаттары кезектесе қалыптасқан өңірлермен өтетін өзендер бойында пайда болады. Жиегі үнемі шайылу салдарынан сарқырама өзен ағысын бойлай жоғары шегіне береді. Су бірнеше көртпештен каскад құрып құлауы мүмкін. Дүние жүзіндегі ірі сарқырамалар: Оңтүстік Амери-



Алтайдағы Көккөл суқұламасы

қадағы Анхель (біектігі 1054 м), Африкадағы Тугела (біектігі 933 м) және Виктория (біектігі 120 м). Қазақстанда Алтай, Іле Алатауы, Жетісу Алатауы тауларының өзендерінде кездеседі.

**СУННА**, сұнна шылдық (араб. – жол, іс-әрекет жолы) – Мұхаммед пайғамбардың (ғ.с.) үлгі-әнегесі мен осиетіне сай мұсылман дініндегі адам орындаитын амалдар. Құранда сұнна сөзі Алла жолы немесе адамның әдет еткен әрекеттері мағыналарында қолданылады. Сұнна мен парыз арасында дөрежелік айырмашылыққа сай парыз – әрбір адамның орындауга міндетті амалы болса, сұнна Алла жолына берілген адамның әрекеті мағынасына келеді. Сұнна орындалса сауабы зор, бірақ барлық адамдардың орындауы міндетті емес. Сұнна мен хадис арасындағы айырмабойынша хадис айтылған сөзді білдірсе, сұнна әрекетті білдіреді.

**СҮРЕТ** – белгілі бір жазықтыққа қолмен түсірген бейне, графика жанрының бір түрі. Сурет контурлы, штрихты сыйықтармен, әр



Ә.Қастеев. «Киіз үйдің ішкі көрінісі». 1934 ж.

түрлі бояулар арқылы жазықтыққа (көбіне се қағазға) қарындашпен, қаламұшпен, қылқаламмен, көмірмен, бормен, т.б. салынады. Көркем суреттің қолданбалы сурет, эскиз, этюд, көшірме, т.б. түрлері бар. Кең мағынасында алғанда сурет – қоршаган ортасың әр түрлі техникалық құралдармен және тәсілдермен бейнеленген шындық көрінісі.

**СУТЕК, Н** – элементтердің периодтық жүйесінің VII тобындағы химиялық элемент, атомдық номері 1, атомдық массасы 1,00797. Сутекті алғаш Г.Кавендиш зерттеп, оны «жан-

«ыш ауа» деп атаған (1766). А.Лавуазье сутектің қасиеттерін зерттеп, химиялық элементтер тізіміне қости (1787). «Сутек» терминін орыс химигі М.Ф.Соловьев ұсынды (өз тілінде, 1824). Табиғатта тұрақты екі изотопы  $^1\text{H}$  (протий) және  $^3\text{H}$  (тритий) кездеседі, жасанды жолмен радиоактивті изотопы  $^3\text{H}$  (тритий) мен ете тұрақсыз  $^4\text{H}$  алынған. Сутек – өлемде көп тараған элемент. Асыл (инертті) газдар мен асыл металдардан басқа элементтердің көпшілігімен химиялық қосылыстар түзеді. Құшті тотықсыздандырығыш болғандықтан  $\text{F}_2$ -мен (қарандыда –  $252^\circ\text{C}$ -та),  $\text{Cl}_2$ -мен (жарықта),  $\text{O}_2$ -мен ( $550^\circ\text{C}$ -тан жоғары) әрекеттесіп тікелей қосылыстар ( $\text{HF}$ ,  $\text{HCl}$ ,  $\text{H}_2\text{O}$ ) түзеді. Өнеркәсіпте сутекті метанды конверциялау ( $\text{CH}_4 + \text{H}_2\text{O} = \text{H}_2 + \text{CO}$ ) немесе суды электролиздеу ( $2\text{H}_2\text{O} = 2\text{H}_2 + \text{O}_2$ ) арқылы алады. Мұнай және химия өнеркәсібінде қосымша өнім ретінде сутек бөлінеді. Сутек аммиак, тұз қышқылы, жасанды сүйық отын алуда, майларды гидрогенизациялауда, металдарды сутек-оттек жалынында кесуде, мұнай фракцияларын гидротазалау мен гидрокрекингінде, т.б. қолданылады. Атом энергетикасында изотоптары маңызды орын алады. Сутекті экологиялық таза отын ретінде қолданудың болашағы зор ( $2\text{H}_2 + \text{O}_2 = 2\text{H}_2\text{O}$ ).

**СУ ЭЛЕКТР СТАНСАСЫ (СЭС)**, гидроэлектр стансасы (ГЭС), су ағыны энергиясын түрлендіру нәтижесінде электр энергиясын өндіреді. СЭС қажетті су ағыны шоғырлығын және су арынын қамтамасыз ететін су техникалық құрылыстардан, арынмен (тегеуінмен) қозгалатын су энергиясын электр

энергиясына түрлендіретін электр техникалық жабдықтардан тұрады. Негізгі энергетикалық жабдықтар СЭС-тің ғимаратында: машина залында – гидроагрегаттар, көмекші жабдықтар, автоматтық реттеу жөне басқару құрылғылары; орталық басқару пультінде – оператор-диспетчерлік пульт немесе СЭС-тің автооператоры орналастырылады. Жоғарылатында трансформаторлар әдетте СЭС ғимаратының бойлық қабыргасы жанында, ашық ауада, жоғары кернеулі тарату құрылғысы – арнайы ашық алаңдарда орналасады. Су арыны (арын – жоғары орналасқан су айдыны мен төменгі ағыстағы су деңгейлерінің айырымы) шамасы бойынша СЭС жоғары арынды ( $60$  м-ден артық), орташа арынды ( $60$ -тан  $25$  м-ге дейін) және төмен арынды ( $20$  м-ге дейін) деп ажыратылады. СЭС-тің мынадай негізгі сұлбалары болады: бөгеттік (бөгет есебінен өзен деңгейі жасанды түрде жоғарылатылатын) және бұрма (деривациялық – суды өзен арнасынан Дуние жүзіндегі ең қуатты СЭС қатарына Братск, Саян-Шушенск (Ресей), Ататүрік (Түркия), Садд-әл-Али (Африка), Гранд-Кули (АҚШ), Илья-Солтейра (Бразилия), т.б. жатқызуға болады. Қазақстандағы ең ірі СЭС-тер қатарына қуаты  $702$  МВт болатын Шұлбі су электр стансасы (Ертіс өзенінде),  $675$  МВт – Бұқтырма су электр стансасы (Ертіс өзенінде),  $480$  МВт – Қапшагай су электр стансасы (Іле өзенінде),  $331$  МВт – Өскемен су электр стансасы (Ертіс өзенінде),  $100$  МВт – Шардара су электр стансасы (Сырдария өзенінде) жатады.

**СУЭЦ КАНАЛЫ** – Жерорта теңізі мен Қызыл теңіздің деңгейлеріндең аралығынан жалғастыратын халықаралық манзызы бар жасанды су жолы. Ұзындығы  $161$  км, ені  $120$  м-ден (Суэц – Исмаилия порттары аралиғында)  $318$  м-ге (Исмаилия – Порт-Саид аралиғында) дейін, терендігі фарватерінде  $18$  м-ге жетеді.  $1859$ – $69$  ж. салынып ( $1967$ – $76$  ж. Египет-Израиль қақтығысына байланысты жабылды),  $1980$ – $82$  ж. қайта жөндеу жұмыстары журғізілді. Төменгі Египеттің су жолдары жүйелерімен (Исмаилия каналы – Каир-Ніл;  $145$  км) байланысқан; ауыл шаруашылығы жерлерін суландыру желісі (Аббасия,  $38$  км) тартылған. Канал арқылы жылдан  $80$  млн. т жүк (негізінен мұнай мен мұнай өнімдері, қара және түсті металл кентастары) тасымалданады. Суэц каналы Азия мен Аф-



Бұқтырма су электр стансасы



Суэц каналы

рика арасындағы географиялық шартты шекара болып саналады.

**СҰЛЫ** – астық тұқымдасына жататын бір (екпе түрлері) және көп жылдық шөптесін өсімдік, дәнді дақыл. Еуразия мен Солтүстік Африкада 25-ке тарта түрі тараған. Ең көп тараған түрі – екпе сұлы (*A. sativa*). Сұлның биіктігі 60–100 см, گүлшоғыры – масак. Тұқымы – дәнек, 1–2°C-та 8–10 күнде көктеп шығады, өскіні 7–8°C-тық қысқа мерзімді суыққа шыдайды. 3–4 жапырақты сатысын-



Сұлы

да (көктегеннен кейін 7–9 күн) түптенеді. Вегетациялық кезеңі 80–110 күн, ылғал сүйгіш. Өздігінен тозаңданады. Шымды құлгін, өрманның сұр топырағында, қара топырақта жақсы өседі. Сұлы – азық-тұліктік, жақсы мал азықтық дақыл. Құрамында белок (9–15%), майлы заттар (4–6%) және крахмал (40–56%), витаминдер, т.б. бар. Диеталық және балалар тағамы, дәнегінен жарма, үн жасалады. Сұлы – жылқының сүйсініп жетін жемі. Сұлы республиканың барлық облыстарында өсіріледі, дегенмен оның негізгі егіс көлемі Солтүстік Қазақстан облыстарында шоғырланған.

**СҮҢҚАР** – сүңқартәрізділер отрядына жататын құс тұқымдасы. Дене тұрқы 15–66 см. Жер шарында кең тараған (тек Антарктикадаған кездеспейді), 5 туысы, 60-тан астам түрі бар, оның 35 түрі сүңқар туысына (*Falco*) жатады. Қазақстанда сүңқар туысының 10 түрі (ақ сүңқар, бидайық, ителгі, бөктөргі, лашын, тұрымтай, жағалтай, лаггар, дала күйкентай) және көдімгі күйкентай) бар. Денесі өте ықшамды, кеудесі жұмыр, қанаттары мен құйрық қауырсындары артқа қарай сүзіле бітіп садақтың жебесіне үқсан тұрады. Ұясын жерге, жартас бетіне, ағаш басына салады, көбінесе ескі ұяны пайдаланады. Сөуір-мамыр айларында әрбір ұята 2–6 жұмыртқа салып, көбіне мекиендери 25–30 күн басып, маусым-шілдеде балапан шығарады. Сүңқарлар ұсақ құстар, кемірушілер, өлек-сөлөрмен қоректенеді. Сүңқарлар басқа қыран құстардай қорегін бүріп (іліп) ұстаудың ор-



Сүңқарлар: 1-акbastы қыран; 2-каракара; 3-секретарь; 4-бürkít; 5-ақиықты субürkít

нына, көбінese қорегін артқы саусағымен (тегеурінімен) теуіп түсіреді. Республикада 4 түрі (ақ сұңқар, бидайық, ителгі, лашын) қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (1996).



**СҮЙІНБАЙ Аронұлы** (1815, Алматы обл. Жамбыл ауд. Қарақастек а. – 1898, сонда) – айттыс ақыны. Жасынан жыраулығымен елге танылған. Жамбыл ақын «Менің пірім – Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай» деп оны үстаз тұтқан. Тарихи деректерде Қоқан

хандығы шапқыншылығының әсерінен жанжаққа бытырай көшіп, қын-қыстау кезеңде (1840–60) іргесі ыдыраған қазақ руларының басын біріктіруде Сүйінбай мен Сарыбай бідің ықпалы зор болғандығы айтылады. Осы тұста ақын халықты қоқандықтарға қарсы тұрып, тәуелсіздік үшін құресуге шақырды. «Өтеген батыр», «Саурық батыр», «Сұраншы батыр», «Жабай батыр», «Қарасай батыр» сияқты толғаулар шығарды. Аумалы-төкпелі қоғамда өмір сүргендіктен, Сүйінбай сал-серіліктен гөрі қоғамдық-әлеуметтік істерге белсene араласқан. Олеңдерінде Қоқан билеушілері мен жергілікті әділетсіз сұлтан, төрелерден, бай-богыстардан жасқанбай, турасын айттып отырған. Әсіресе, ақын Тезек төремен, қырғыз ақыны Қатағанмен айттыстарында, сондай-ақ «Датқаларға», «Үмбетәліге», «Төрт биге», «Момын малын зұлымға алып беріп», т.б. өлеңдерінде қиянатшылдықты, озбырлықты аяусыз сынға алған. Оның шешендік нақылдары, болыс-бilerге арналған сықақ өлеңдері («Мақсұтқа», «Қасымға», «Болыстарға баға», т.б.) сақталған. Қазақ халқы әділет үшін құресте қорғаушысы, жақтасы болған ақының ақынның өлең, толғау, айттыстарын күні бүгінге дейін сақтап, «Сүйінбай осылай деңен» деп әрдайым зерделерінде тұтқан. Сүйінбайдың айттыстары мен өлең-толғауларын жинау, жариялау ісі 20 ғ-дың бас кезінде қолға алына бастады. 1929 ж. алғаш рет «Жаңа әдебиет» журналында (№6) ақынның «Апирмау, мынау жатқан Сарыбай ма?» депен өлеңі басыл-

ды. С.Сейфуллин құрастырған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» атты жинаққа (1931) «Шапырашты Сүйінбай ақынның қартайған шағында айтқаны» деген өлеңі енген. 1935 ж. I.Жансүгіров пен Ф.Фабитованың құрастыруымен ақынның бір топ шығармасы «Сүйінбай ақын» деген атпен тұңғыш рет жеке жинақ болып жарық көрді. Сүйінбайдың Малыбай, Жетібай, Әзіrbай атты үлдары, Бағжан, Қойжан деген қыздары болған. Ақынның сүйегі Қарақыстақ өзенінің шығыс жағындағы биік жотаға қойылған, қабіріне кесене тұрғызылған. Алматы облыстық филармониясы, сондай-ақ Алматы қаласындағы үлкен даңғыл, тұған ауылы, ондағы мектеп, көшелер Сүйінбай есімімен аталады. Тұған жерінде Сүйінбайдың мемориалдық мұражайы жұмыс істейді.

**СҮҢГУІР ҚАЙЫҚ** – су асты жағдайында үзақ уақытқа дейін іс-қимыл жасау қабілеттіліктерімен қамтамасыз етілген, негізгі тактикалық қасиеті жасырыну болып табылатын үұрыс кемесі. Iрі державалардың флоттарында сұңгуір қайық маңызды орын алады. Олар су үсті кемелерін, су асты қайықтарын, қарсыластың аумағындағы жер үсті нысандарын жоюға, сонымен қатар әр түрлі арнайы міндеттерді (барлау, диверсанттық топтарды түсіру, т.б.) орындауға арналған. Қазіргі заманғы сұңгуір қайық атқаратын міндеттіне қарай баллистикалық және қанатты ракеталармен, торпедолармен және миналармен қарулады, гидроакустикалық, радиолокациялық, т.б. радиоэлектронды аппараттармен жарактандырылады. Баллистикалық ракеталар, әдетте жер үсті нысандарын, ал қанатты ра-



«Омск» сұңгуір қайығы



«Садко» туристік сұңгуір қайығы

кеталар, торпедолар мен миналар теңіздегі қарсыластарды жоюға қолданылады. Сұңгуір қайық негізгі қару-жарагына қарай атомдық және дизельді болып болінеді. Сұңгуір қайықты жасау 17 ғасырда басталды. Алғашқы сұңгуір қайықты Лондонда Голландия ғалымы К. ван Дреббель (1620) жасап шығарды. Алғаш 1861–65 ж. АҚШ-тағы азамат соғысы кезінде қолданылды. 1-дүниежүзілік соғыстың басында соғысуши елдерде 50 м тереңдікте, 5700–7200 км қашықтыққа жүзе алатын сұңгуір қайықтар барлау жүргізуге, базаны қорғауга пайдаланылды. 1950 жылдардан бастап АҚШ пен КСРО-да, кейіннен Ұлыбритания мен Францияда атомды энергетикалық қондырғылы сұңгуір қайық жасау қолға алынды.


**СҮТ** – адам мен сүтқоректі жануарлардың сүт безінде лактация кезеңінде түзілетін сүйиқ зат. Сүт – бағалы тағамдық өнім. Ана босанғаннан, мал төлдегеннен кейін алғашқы күндері сүт уыз түрінде шығады. Ана сүтінің уызы сәбиді әр түрлі аурулардан қорғайтын затқа (антиденелерге) бай. 7–10 күн өткен соң сүттің әдеттегі құрамы қалыптаса-



Жаңа сауылған сүт

ды. Ана сүтінің құрамы сәбиге қажетті қоректік заттар, гормондар (әсіресе, қалқанша бездің гормоны), ферменттер, белоктар, көмірсулар мен витаминдерге бай болғандықтан сәбидің организмі оны жақсы сініреді. Сондай-ақ сүт құрамындағы минералды тұздардың (кальций мен фосфор) сәбидің қаңқа суйегінің қалыптасуына өсері зор. Сондықтан баланың дұрыс дамып, өсуі үшін жас сәбиді ана сүтімен емізудің маңызы өте зор. Мал сүті – құнды тағамдық зат, одан әр түрлі сүт тағамдары, май, балмұздақ, т.б. жасалады. Адамның күнделікті тағамдық рационында сиыр сүті көп пайдаланылады. Сиыр сүтінің құрамында су (87,5%), сүт қанты (4,7%), май (3,9%), белоктар (3,3%), минералды заттар (0,7%), витаминдер мен ферменттер бар. Мал сүтінің құрамындағы белоктар: альбумин – жас организмнің өсуі; глобулин – иммунитеттің қалыптасуы үшін аса қажет.

**СҮТҚОРЕКТІЛЕР** – ең жоғары сатыдағы омыртқалы жануарлар класы. Сүтқоректілер Жер бетінде бұдан 200 млн. жыл бұрын пайда болған. Сүтқоректілердің арғы тегі пермде тіршілік еткен аңтісті қарапайым ұсақ бауырымен жорғалаушылар (*Theriodontia*). Алғашқы сүтқоректілердің қалдықтары жоғарғы триас жыныстарынан табылған. Олар бор кезеңінің аяқ шенінде жойылып кеткен. Көпбұдыртістілер (*Multituberculata*) мен біртесіктілер осы кезде тіршілік еткен. Юра кезеңінде пантотерийлер пайда болып, бұлардан нағыз аңдар (*Theria*) шыққан, олар қалталылар мен ұрықжолдасты жануарлардың негізі болды. Сүтқоректілердің дене мөлшері әр түрлі: ең кіші аң – ергежейлі жертесердің дене тұрқы 3,5 см, салм. 1,5 г болса, ал ең ірі жануар – көк киттің ұзындығы 33 м-ге, салм. 120 т-ға дейін жетеді. Сүтқоректілердің деңесі жұнді терімен жабылған. Кейір түрледінде терідегі жұн инеге, қабыршаққа немесе қылтанаққа айналған. Терілерінен әр түрлі түк (жұн, шаш, мұрт, мамық, қыл) өседі. Сүтқоректілерде май, тері бездері, әсіресе, сүт бездері жақсы жетілген. Тері бездері зат алмасуды және дене температурасын реттейді, сондай-ақ осы бездерден шығатын арнаійы иіс – тіршілігіне қауіп төнгенде қорғануда не үйірге түскенде бір-бірін табуда үлкен рөл атқарады. Соған орай иіс сезімі жақсы жетілген.



### Сүтқоректілдердің негізгі тобы

Сүтқоректілер Жер шарында кең тараған. Сүтқоректілере гоминидтер де жатады. Қазіргі кезде сүтқоректілер класы 2 класс тармағынан: құрамында жұмыртқа салушылар отряды бар алғашқы андар класс тармағынан және құрамында қалталы жануарлар мен ұрықжолдастылар инфракласы бар нағыз андар класс тармағынан тұрады. Сүтқоректілдердің 4,5 мыңдан астам түрі белгілі. Жылы қандылығы, үрпағына қамқорлық жасауы, жоғарғы жүйке жүйесінің болуы сүтқоректілере жер шарының Солтүстік полюсінен бастап, Антарктида жағалауларына дейінгі барлық жерді мекендеуге мүмкіндік берді. Қазақстанда сүтқоректілдердің 8 отряды (жәндік жегіштер, қолқанаттылар, кеміргіштер, қоянтарізділдер, жыртқыштар, жұптұяқтылар, тақтұяқтылар және ескекаяқтылар), 31 түкимдасы және 180-нен астам түрі кездеседі. Олар-

дың 40-тан астам түрі қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына», ал соның ішінде жұпартышқан, қызыл қасқыр, қабылан, қарақал, барыс, құлан, Мензбир сұрыры Халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабына» енгізілген.

**СЫБЫЗФЫ** – қазақтың үрлемелі көне музика аспабы. Қурайдан, ағаштан, кейде жезден де жасалады. Ұзындығы 600–650 мм немесе 700–800 мм болады; 3–4 ойықты. Дыбыс қатары диатоникалық, көл. 2 1/2 октава. Сыбызғы ойықтарынан демді жай немесе күшті шығару арқылы түрлі дыбыс өуендері туады. Сыбызғы негізінен бақташылар арасында кең тараған. Сыбызғы тектес аспаптар басқа халықтарда да (абхаз, адигей, өзбек, тәжік, татар, башқұрт, т.б.) бар. Бұл аспап алғаш 1934 ж. қазіргі Қазақтың мемле-



Сыбызғының түрлері

кеттік академиялық халық аспаптары оркестрінде пайдаланылды. Қазір оның жетілдірілген түрі фольклорлық-этнограф. ансамбльдер мен оркестрлерде («Сазғен», «Шертер», «Отыраар сазы», т.б.) қолданылады.

**СЫРДАРИЯ** – Орталық Азиядағы ірі өзендердің бірі. Бастауын Орталық Тянь-Шань сілемдерінен алады. Нарын мен Қарадария өз-дерінің қосылған жерінен бастап Сырда-



Сырдария

рия деп аталаңды, Арап теңізіне құяды. Жалпы ұзындығы 2219 км (Нарын өзенінің бастауынан 3026 км), су жинаитын алабы 462 мың км<sup>2</sup>. Орта және төменгі ағысы Қазақстан жерінде; республикадағы ұзындығы 1400 км, су жиналатын алабы 240 мың км<sup>2</sup>. Өзен бастауын тау деңгейінен жоғары 3300–4400 м биіктікте жатқан таулы өңірден алаңды. Алабында өзен суын толықтырушы, жалпы ауданы 2208 км<sup>2</sup> болатын 1713 мұздық бар. Қазақстан жеріндегі (Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары) алабы негізінен құмды келеді. Қызылқұмның солтүстігімен, Арап Қарақұмының онтүстігімен ағады. Сырдарияның 130-ға жуық саласы бар; Қазақстандағы ірілері – Келес, Құркелес, Арыс, т.б. Сырдария бойы ежелгі заманнан бері халықтығыз қоныстанған, суармалы егіншілік кеңінен дамыған мәдениет ошақтарының бірі болып саналады. Қоңа грек жазбаларында Сырдария өзені «Яксарт» деп аталаған. Ал өл-Бируни кезеңіне дейін «Хасарт» делінсе, Орта Азияға арабтардың келуімен (7 ғасыр) «Сейхун» деп аталаған. Сыр бойын алғаш зерттеген орыс саяхатшылары Д.Гладышев және И.Муравиннің (1741) жазба есептерінде Сырдария деп жазылған.

**СЫРНАЙ** – қазақтың ұрлемелі муз. аспаптарына байланысты қолданылатын жалпы атау. Сырнай өзінің жасалған затына қарай (саз сырнай, қамыс сырнай, мүйіз сырнай, т.б.), құрылышына байланысты (қос сырнай. – екі түтікті сырнай.) бөлінеді. 19 ғасырдың ортасынан қазақ арасына гармоника (гармонь немесе қағаз сырнай деп те атаған) тарай бастады. Ел арасында сырнайдың




Сырнай түрлери

көптеген түрлерінен гармонь ғана қалғандықтан, оны қағаз сырнай демей сырнай деп атап кеткен. Қазір ансамбльдер мен оркестрлерде (Қазақтың мемлекеттік академ. халық аспаптар оркестрі, «Отырар сазы» оркестрі, т.б.) саз сырнай (5–6 ойықты) қолданылып жүр.

**СЫРЫМ ДАТҰЛЫ,** Сырлыбай, Шынтемір (1723, қазіргі Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Сарыой ауылы – 1802, Хиуа қаласы) – Кіші жүздегі 1783–97 жылдардағы ұлтазаттық қозғалыстың жетекшісі, батыр, би, шешен. Кіші жүздің 12 ата байұлына жаттын байбақты руынан. Сырым Датұлының атасы Шолан байбақты руының белгілі батыры болған. Патша әкімшілгінің озбырлығына, хан сұлтандардың дәрменсіз халіне ашынған Сырым Датұлы рубасыларының қалауымен қару алып, қалыптасқан саяси жүйеге қарсы шықты. Пугачев бастаған шаруалар соғысна қатысты. Орал казак-орысы Ф.Куричын 1774 ж. Пугачев әскерінің құрамындағы қазақ жасағын Сырым Датұлы бастағанын мәлімдейді. Е.Пугачев өлтірлгеннен кейін Сырым Датұлы патша үкіметінің жазалаушы отрядына қарсы қүресін жалғастыра берді. 1782 ж. 27 желтоқсанда патша үкіметі қазақтардың мал жаюына рұқсат еткен аудандарын енді тек жалға беру туралы жарлық шығарды.





Бұл өз кезегінде үлт-азаттық қозғалыстың қайта өрістеуіне алып келді. 1783–97 жылдары Кіші жүздегі бұл қозғалыстың жетекшісі Сырым Датұлы Хиуа хандығы иелігіне өтіп кетті. Сонда дұшпандарының қолынан қаза тапты. Оған у беріліп өлтірілгені жайлы мәліметтер бар. Батыс Қазақстан облысында Сырым Датұлы атындағы аудан бар.

**СІБІР** – Солтүстік Азияның басым бөлігін қамтитын табиғи аймақ. Батыста Орал тауларынан шығыста Тынық мұхит жағалауына дейін 7 мың км-ге, солтүстікте Солтүстік Мұзды мұхит жаға-әлауынан оңтүстікте Орталық Азияға дейін 3500 км-ге созылған. Аумағы 10 млн. км<sup>2</sup>-ге жуық. Сібір Солтүстік жарты шардың жоғарғы және орта ендіктерінде, қоңыржай және субарктикалық климат белдеулеріндегі Ресей жерінде орналасқан. Табигат жағдайлары өр түрлі Батыс Сібір жазығы және Шығыс Сібір (Орта Сібір таулы үстірті, Оңтүстік Сібір таулары және Сібірдің солтүстік-шығысындағы тау жоталары) аймақтарына бөлінеді. Сібірдің көншілік бөлігінің климаты қатаң Сібір арқылы дүние жүзіндегі ірі өзендер (Об, Ертіс, Енисей, Лена) оңтүстіктен солтүстікке қарай ағады. Ағынның 80–90%-ы жылдың жылы маусымына тұра келеді. Өзендері 5–8 айға дейін қатып жатады, мұздың қалындығы 1,5–2 м-ге дейін жетеді. Өзендерінде қуатты су электр стансалары салынған. Ирі көлдері – Байкал, Таймыр, Алтынкөл. Солтүстіктен оңтүстікке қарай арктикалық шөл, тундра, орманы тундра, орман белдемі (тайга), Батыс Сібірдің оңтүстігінде – орманды дала мен дала белдемдері таралған. Негізгі орынды тайга алады.



Шанага жегілген солтүстік бұғылары

**ТАБИФАТ** – бар тіршілік, бүкіл әлемнің сансыз көп формаларын қамтитын өр алуандығымен, үйлесімділігімен, көркемдігімен ерекшеленетін жаратылыс дүниесі; адамның өмірлік және танымдық-эстетикалық ғибраттану ортасы. Табигат кең мағынасында универсум, материя, ғаламмен үштас түсінік, сонымен қатар адамзат қоғамының өмір сүру ортасы деген мағынаны да білдіреді. Қазақ халқының салт-дәстүрі, ауыз әдебиеті, мақалмәтелдері, тыйымдар мен ырымдары ежелден қалыптасқан үлттық дүниетанымның табигатты киелі дүние, қастерлі жаратылыс әлемі деп санайтындығын көрсетеді. Кейінгі гасырлардағы қауырт технологиялық дамумен үласа келген адамның табигаттан алшақтануы және табигатқа тұтынушылық көзқараспен ғана қарап, бейберекет пайдалану орны толmas зардаптарға соқтыратыны белгілі болды. 20 ғасырда табигатқа көзқарас өзгеріп, табигат, адам, қоғам араларындағы қарым-қатынастың аса күрделі де жауапты екендігі айқындалып, табигатты қорғау, аялау, сондай-ақ зерделі, парасатты қарым-қатынас қалыптастыру сияқты гуманистік идеялар пайда болды.



Қысқы табигат – алғашқы қар

Табиғат апаттары – қатерлі табиғат құбылыстары. Табиғат апаттарына жерсілкіну, жанартау атқылауы, цунами, сел, тасқын, тайфун, құйын, алапат дауыл, қар көшкіні, құргақшылық, т.б. жатады. Табиғаттағы апatty құбылыстар шығу тегіне қарай әндогенді (ішкі) және әкзогенді (сыртқы) болып бөлінеді. Әндогенді құбылыстар (жерсілкіну, жанартау атқылауы) жер қыртысы тұрақсыз аудандардағы өзгерістерден пайда болады. 19 ғасырдың соны мен 21 ғасырдың бас кезіндегі аралықта алапат жерсілкінүлер Алматыда (1887), Сан-Францискода (1906), Токиода (1923), Ашгабадта (1948), Чилиде (1960), Ташкентте (1960), Мексикада 1985), Арменияда (1988), Сахалин аралында (1995), Түркияда (2000, 2004), т.б. жерлерде тіркелді. Дүние жүзінде болған ең күшті жанартау атқылаулары Везувийде (1631), Фудзиямада (1707), Krakatau да (1883) орын алды. Су асты жерсілкінүлері мен мұхит жанартауларының әсерінен өте ірі толқындар – цunami (биіктігі 20–30 м-ге



Жапониядагы цunami. 2011 ж.



Құйын

дейін жетеді) пайда болады. Цунамиден әсіреле Тынық мұхиты сейсмикалық белдеуі жағалауындағы елдер, Американың батыс жағалауы, Оңтүстік, Оңтүстік-шығыс Азияда тұратын халықтар зардал шегуде. 2004 ж. жетекшісан айында Зонд аралдары жағалауында болған цунамидің жойқын күшті толқындары өз жолындағы аралдар мен құрлықтағы елді мекендерді шайып әкетті. Табиғаттағы апат құбылыстарының алдын алу үшін тұрғын үйлер, т.б. ғимараттарды апатқа төтеп беретіндей етіп салудың және елді мекендерді орналастыруда табиғат ерекшелігін ескерудің маңызы зор.

**ТАЗША БАЛА** – қазақтың тұрмыс-салт ертегілері мен өтірік өлеңдерінің кейінкері. Бұған ұқсас нұсқалар өзбек, татар, қарақалпак, түрікмен, хақас, бурят, монгол халықтарының ауыз әдебиетінде де кездеседі. Тазша бала туралы өңгімелердің пайда болуы таптық қоғамның дамуымен байланысты айқындалады. Оның кедей малшы атынан және бала қалпында көріну халықтың үстем тапқа қарсы күш-жігері мен ақыл-байлышының өзық болуын аңсаған арман-тілегінен туындаған, ол – халық даналығының типтік бейнесі. Қазақ ауыз әдебиетінде тазша бала туралы «Қу тазша», «Ақылды тазша», «Айлалы



«Тазша бала». Құыршақ

тазша», «Тазшаның қырық ауыз өтірігі», «Хан қызы мен Тазша», т.б. ертегілер бар. Онда Тазша бала халық арасынан шыққан ақылды, алғыр, айлалы, тапқыр, өжет жігіт ретінде суреттеледі. Өзінің ақыл-парасаты, тапқырлығы арқасында талай қының-қыстау жағдайдан, ауыр хәлден аман-есен құтылады, түрлі сынақтан мұдірмей өтіп, жеңіп шығады. Өзі кедей бола тұра хан маңайындағы жендеттермен айқасқа түсіп, оларды халық алдында күлкі, мазақ етеді. Әділетсіздікке, зұлымдыққа қарсы тұрып, күншілдік, қызғаншақтық, сарапдық сияқты мінездерді аяусыз өжуалайды.



Тайланд дәстүрлі архитектурасы

**ТАЗЫ** – аңшы иттердің бір түкімі. Жұнітықыр, сирақты, сүйек бітімі нәзік. Түсі ақ, қара, сары, көк болады. Негізінен қоян, тулкі, қасқыр, т.б. аңдарды аулауға салады. Да-ла тазысының шоқтығы мен бөксе жағының биіктігі бірдей, өте шапшаң, ұшқыр, сүйегі



Тазы ит

жеңіл, нәзік келеді, сондықтан оны ши тазысы деп атайды. Таулы жердің тазысының кеуде жағынан бөксе жағы биіктеу, аяғы сіңірлі, мықты, мойны ұзын өрі жуандай, өте ашулы келеді. Кейде тайсалмай қасқырға да ту-седі. Тазыны күшік күнінен баулиды, ұсақ аңға салып ауыздандырады.

**ТАИЛАНД**, Таиланд корольдігі – Оңтүстік Шығыс Азиядағы Үндіқытай және Малакка түбектерінде орналасқан мемлекет. 1949 жылға дейін Сиам деп аталған. Жер аумағы 514 мың км<sup>2</sup>. Халқы 67,5 млн. Үлттық құрамының 75%-ы тай (тай) халықтары (сиам, лао, шан, т.б.), 14%-ы қытайлар, 3,5%-ы ма-

лайлар, 7,5%-ы халықтар (мон, кхмер, карен, т.б.) құрайды. Астанасы – Бангкок қаласы (6,5 млн. адам). Әкімшілік жағынан 76 провинцияға бөлінеді. Ресми тілі – тай тілі. Халқының басым көшілігі пүтқа табынады (95%). Сонымен қатар елде мұсылмандар (4%), христиандар және индуистар бар.

Ел аумағының көп бөлігі жазық. Солтүстігі мен батысын Қхунтхан, Танентаунджи, т.б. таулар алып жатыр. Елдің ең биік же-рі – Иптаон тауы (2576 м). Жерінің  $\frac{1}{4}$  бөлігін елдің солтүстік-шығысындағы Корат құмдауытты үстірті (100–200 м), орталық бөлігін Менам ойпаты, оңтүстігіндегі Малакка түбегінің еңсіз бөлігін жоталы жазықтар алып жатыр. Ірі өзендері – Меконг, Менам (Менам – Чао – Прая), т.б. Ең үлкен көлі – Тхалелуанг. Бірнеше ірі бөгендері (Кхауләэм, Чиаулак) бар. Жер аумағының  $\frac{1}{3}$  бөлігін орман алып жатыр.

Ел экономикасындағы өнеркәсіптің үлесі – 44%, ауыл шаруашылығы үлесі – 9%.



Пхи-пхи аралы – туристердің демалатын орны

Халқының жартысына жуығы ауыл шаруашылығымен айналысады. Елде күріш, каучук, жүгері, қант құрағы, джут, мақта, темекі, шай өсіріледі. Мал шаруашылығын дамытуға көп көңіл бөлінуде, құс және балық шаруашылығы өркендеген. Гүл өсіру, көкөніс, жеміс-жидек, теңіз өнімдерін өндіре дамуда. Таиланд қалайы және вольфрам өндіруден дүние жүзінде алдыңғы орында, қорғасын, мырыш, сүрме, флюорит, газ, мұнай өндіріледі. Елде зергерлік, автоқұрастыру, мұнай химиясы, тамақ өнеркәсібі салалары даму үстінде. Туризм дамыған. Экспортқа – электрондық және электртехникалық тауарлар, қалайы, каучук, пластикалық және зергерлік бүйімдар, ағаш, балық және теңіз жәндіктері өнімдерін, күріш, қант шығарады.

**ТАЙГА** – солтүстік жарты шардың қоңыржай белдеуіндегі қылқан жапырақты орман. Еуразия мен Солтүстік Американың орасан зор алқаптарын қамтиды. Еуропаның солтүстік-батысында солтүстік полюс шеңберінен асып, Скандинавия тауларына дейін көтеріліп, оңтүстігінде  $58^{\circ}$  с.е-ке дейін түседі. Сібірдің континенттік климатына байланысты солтүстігінде  $72^{\circ}$  с.е. және оған керісінше Азияның шығыс жағалауында мұхиттық климат жағдайында оңтүстік-шығысқа (Жапон аралдарында  $42^{\circ}$  с.е. дейін) өтеді. Солтүстік Америкада Аляска тауларының шығыс беткейінен Лабрадор жағалауына дейін жетеді. Тайга тауларда биіктік ландшафты белдеуді құрайды. Солтүстік Еуропаның, Сібір мен Қызыл Шығыстың, Жапон аралдарының, Солтүстік Американың Тынық мұхит жағалауының тау-



Тайга орманы



Тундрада арбага жегілген иттер

ларында таралған. Тайга солтүстікте орманды тундра белдемі, оңтүстікте аралас орман мен орманды дала белдемдерінің аралығын алып жатыр. Белдемнің жазы салқын, қысы аязды, ұзақ. Тайгада орасан зор ағаш байлығы шоғырланғандықтан орман шаруашылығы, мал шаруашылығы, соның ішінде бұғы шаруашылығы дамыған; бағалы аң терісі көп дайындалады. Оңтүстігінде дәнді дақылдар, зығыр және картоп өсіріледі. Батыс Сібір тайгасында мұнай мен газдың ірі кен орындары бар.

**Тундра** – солтүстігінде арктикалық шөлмен, оңтүстігінде орманмен шектесетін арктикалық облыстарға тән белдемдік ландшафт типі. Вегетациялық кезең қысқа болуына байланысты көп жылдық өсімдіктер: мүкті-қыналы және бұталы өсімдіктер негізгі орын алады. Жылу жеткіліксіз, ылғал мол болғандықтан өсімдіктер ауаның жер бетіне таяу қабатындағы жылуды пайдалану үшін төсөліп немесе жастық тәріздес үйліштеп өседі. Белдемдігіне байланысты: субарктикалық және арктикалық тундра.; түр құрамына байланысты: мүкті, қыналы, бұталы, төмпешікті (шымдар төмпешіктер құрайтын жерлерде) және полигоналды тундра болып ажыратылады. Тундра негізінен Солтүстік жарты шардың арктикалық және субарктикалық белдеудерінде таралған.

**ТАЙФУН** – Тынық мұхиттың Оңтүстік-шығыс Азияга жақын белігінде пайда болып, сұрапыл дауыл түрінде өрекет ететін тропиктік циклонның аты. Тайфун көбінесе жаз бен күзде Филиппин және Маршалл аралдарының аралығында түзіліп, сағатына



Тайфун дауылы

10–20 км (тәулігіне 350–500 км) жылдамдықпен солтүстік, солтүстік-батысқа жылжиды. Құрлыққа жеткеннен кейін солтүстік, солтүстік-шығыс бағытқа ауысып, сағатына 30–50 км (кейде 100 км-ге дейін) жылдамдықпен Жапон аралдарына барады. Тайфун жолында тропиктен тыс циклонға айналады. Одан әрі Амур-Сахалин аймағы мен Курилларалдарына, кейде Камчатка түбегіне дейін өтеді. Жыл сайын 20–25 (кейде 45-ке дейін) тайфун пайда болады. Әрекет ететін уақытың үзақтығы бірнеше тәуліктен бірнеше аптаға дейін созылады. Тайфун өткенде нөсер жаңбыр жауады (кейде тәуліктік мөлш. 1000 мм-ге жетеді). Тайфунды алдын ала болжадың маңызы зор. Халықаралық келісім бойынша арнаулы метеорологиялық ғарыш станциялары тайфунды суретке түсіріп, оның түзілуйін және ауысу бағытын хабарлап отырады. Бұл ашық мухиттағы кемелердің бағытын өзгертуге, жағалаудағы халықты алдын ала сақтандыруға мүмкіндік береді. Дүние жүзі метеорологтарының келісімі бойынша жаңа түзілген әрбір тайфун әйел атымен аталады.


**ТАЛАС** – Қыргызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен. Ұзындығы 661 км, су жиналатын алабы 52700 км<sup>2</sup>. Қазақстандық бөлігінің ұзындығы 453 км. Қыргыз Алатауы мен Талас Алатауы мұздықтарынан шығатын Қарашол және Ушқоша өзендері қосылған жерден басталып, Мойынқұмдағы Айдын көліне жетпей құмға сіңіп, тартылып қалады. Жоғарғы бөлігіндегі аңғары тар шатқалды, ені 1–2 км, жазыққа шыққан томенгі бөлігінде 25–30 км-ге дейін жетеді. Көп жылдық мұз, жауын-



Талас өзені

шашын суымен толығады. Маусым–тамыз айларында тасиды. Тараз қаласының тұсынан өткен соң бірнеше тармақтарға (Шалқы, Қөдемді, Таасарық, т.б.) бөлінеді. Суы көктемде, күзде тұщы, сәл кермек, ауыз суға жарамды. Жылдық орташа су ағымы Тараз қаласы тұсында секундына 27,4 м<sup>3</sup>. Таластың бойында бірнеше бөгендер және Талас–Аса каналы салынған. Суы егін суаруға пайдаланылады.

**ТАЛДЫҚОРҒАН** – қала (1944), Алматы облысының орталығы (2000 жылдан). Қаратал өзені бойында орналасқан, аумағы 82,3 мың га. Тұрғыны 143 мың адам. 1869 ж. Талдықорған қыстауының орнына Гавриловка станицасы бой көтерді. 1922 ж. Қапал уезінің орталығы болып, қайтадан Талдықорған аталды. 1932–44 ж. аудан орталығы, 1944–59 және 1968–97 ж. Талдықорған облысының орталығы болды. 1997 ж. облыс таратылдып, Алматы обл-на қосылды. 2000 ж. 14 сә



Талдықорған қаласы

Уірде облыс орталығы – Алматыдан Талдықорған қаласына көшірілді. I.Жансүгіров атындағы Талдықорған мемлекеттік университеті бар.

**ТАРАЗ** – Қазақстанның оңтүстігіндегі қала, Жамбыл облысының әкімшілік орталығы (1939 жылдан). Тұрғыны 380,1 мың адам. Талас өзенінің сол жағалауында орналасқан. Орталық Азиядағы ең ежелгі қалалардың бірі. Қытай деректерінде Тараздың негізін біздің заманымыздан бұрынғы 1 ғасырда ғұн билеушісі Чжичи қалаганы жайлыштылады. 6 ғасырда Түрік қағандығына, 7 ғасырдан Батыс Түрік қағандығына қарады. 568 ж. бұл қалада Византия елшісі Земарх болған. 630 ж. Тараз арқылы өткен будда монахы Сюань Цзянь оны сол кезде Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда орталығы ретінде сипаттайды. 751 ж. Таразға іргелес жерде әйгілі Талас шайқасы өтті. Бұдан кейін Тараз қарлуктардың, 10 ғасырда Қарахан мемлекетінің, 1041 жылдан Батыс Қарахан қағанатының иелігіне қарады. Махмұт Қашқари сол тұста Тараз тұрғындарының түркі және соғды тілдерінде сөйлегендігін айтады. 10 ғасырдағы араб гео-

графы әл-Макдиси Тараздың ірі бекіністі қала болғаны, оның төрт қақпасы бар екендігін және қала ортасында мешіттер мен сауда орындарының болғандығын, қала тұрғындарының тығыз орналасқандығы жайлыштырады. 1936 ж. қаланың аты Әулиеатадан Мирзоян, 1938 ж. Жамбыл қаласы болып өзгерділді. 1997 ж. қалаға өзінің тарихи Тараз атауы қайтарылды. Қалада М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз педагогикалық университеті, т.б. жоғары оқу орындары бар. 2002 ж. Тараздың 2000 жылдық мерейтойы аталаған.

**ТАРБАҒАТАЙ**, Барқыт бел – Зайсан мен Алакөлдің аралығындағы тау жотасы. Шығыс Қазақстан облысы мен Қытай жерінде орналасқан. Батыстында Сарыарқаға тіреледі. Батыстан шығысқа қарай 300 км-ге созылған, ені 30–50 км. Темір жол Жақсы Арғанаты және Жаман Арғанаты болып тарамдалып, Қытай жерінде Сауыр мен Сайқын жоталарына қосылады. Дөл осы жерде бір аңғары Үйдене, екіншісі – Шағаноба, үшінші аңғары – Қандысу өз-не ұласатын тауаралық қазаншүңқырда Шілікті жазығы орналасқан.



Ежелгі Тараз



Тарбагатай жотасы



Тараз қаласының орталығы

Қазақстанға жотаның Қабарасу асуынан батысқа қарай жатқан үлкен бөлігі кіреді. Орташа биіктігі 2000 м, ең биік жері Таставу – 2991 м.

**ТАРТЫЛЫС** – әлемдегі кез келген екі денненің (бөлшектің) арасында болатын өзара әсер. Бұл құбылыстың сырын 1687 ж. ағылшын фалымы И.Ньютон ашып: кез келген екі дene массаларының көбейтіндісіне ( $m_1 \cdot m_2$ ) тұра, ара қашықтығының квадратына ( $r^2$ ) кері



*Галапагос аралын мекендейтін әлемдегі ең ірі галапагос тасбақасы*

бақалар барлық құрлықтарда (тек Антарктидада кездеспейді), негізінен тропиктік және субтропиктік аймақтарда таралған, әр түкимдастың өзінің таралу орталықтары мен көбірек кездесетін жерлері бар. Суық және құрғақшылық кезде қысқы, кейде жаздық үйқыға кетеді. Тасбақалардың денесі сүйекті-мұйізді не сүйекті-терілі сауытпен қапталған. Арқа сауытын карапакс, ал бауыр сауытын пластрон деп атайды. Сауытының ұзындығы 12 см-ден 2 м-ге дейін жетеді. Табиғи жағдайда 150 жылдай тіршілік етеді. Тасбақалардың Қазақстанда 2 түкимдасы: тұщы су тасбақалары және құрлық тасбақалары, олардың бір-бірден түрлері бар. Екінші түкимдастың жалғыз түрі – тасбақа (*Agrionemys horsfieldii*) республиканың оңтүстігінде таралған. Түсі сарғыш қызығылтым кейде жасылдау келеді.

**ТАУ ЖЫНЫСТАРЫ** – геологиялық процесс нәтижесінде пайда болып, Жер қыртысында жеке геологиялық денелер қурайтын табиғи минералды агрегаттар. Тау жыныстарының құрамы оны түзуші минералдардың %-дық мөлшерімен анықталады. Тау жыныстары жаратылысына қарай магмалық, шөгінді және метаморфтық болып бөлінеді. Магмалық, метаморфтық тау жыныстары жер қыртысы көлемінің 90%-ын, шөгінді тау жыныстары жер беті ауданының 75%-ын құрайды. Мағмалық тау жыныстары табиғи балқымалардың қатаюынан пайда болады. Оларды магматиттер деп атайды. Магманың қатаюы жердің әртүрлі терендігінде жүзеге асады.

Метаморфтық тау жыныстары жер қыртысының қатқабаттарында магмалық және

пропорционал күшпен ( $F$ ) тартылады деп тұжырым жасады. Бұл заң бүкіл әлемдік тартылыс заңы деп аталады. Ньютонның тартылыс теориясы мен классикалық механикасы жаратылыстану ғылымының аса үлкен жетістіктерінің бірі болып саналады. Олар аспан әлеміндегі денелердің қозғалысын үлкен дәлдікпен сипаттауға мүмкіндік туғызыды. Олардың көмегімен бұрын белгісіз ғаламшарлар мен аспан денелері (мысалы, Нептун ғаламшары, Сириустың серігі, т.б.) ашылды. Жердің тартылыс өрісін зерттеу нәтижесінде оның массасының көлемі бойынша таралуы (гравиметр. барлау арқылы) айқындалады. Ньютон теориясы бойынша тартылыс кез келген ара қашықтыққа шексіз жылдамдықпен, уақытқа тәуелсіз, лезде тарайды (алыстан әсер ету теориясы бойынша). Бұл тұжырым 1905 ж. А.Эйнштейн ашқан арнаулы салыстырмалы теорияға (АСТ) қайшы келеді. АСТ бойынша кез келген әсер вакуумдағы жарық жылдамдығынан ( $c \approx 3 \cdot 10^8$  м/с) артық жылдамдықпен тарай алмайды. Сондықтанда 1915–16 ж. АСТ-ның ізгеалаотырып, Эйнштейн Ньютонның тартылыс теориясына қосымша толықтырулар енгізіп, жалпылама салыстырмалы теориясын (ЖСТ) ұсынды. Жердің тартылыс өрісі әсерінен барлық денелер Жерге бірдей үдеумен (еркін түсү үдеуімен) құлайды. Мұны тәжірибе арқылы итальян ғалымы Г.Галилей дәлелдеді (17 ғасыр). Кейіннен осы құбылысты теориялық жолмен зерттей келе Эйнштейн гравитациялық (ауырлық) масса ( $m_r$ ) мен инерциялық массаның ( $m_i$ ) өзара тең екендігін ( $m_r = m_i$ ) дәлелдеді. Бұл принцип Эйнштейннің эквиваленттік принципі деп аталады. Эйнштейннің тартылыс теориясы бойынша тартылыс өрісін тудырушы массалар кеңістік-уақытты қисайтады, соның әсерінен осы өрістегі денелер геодезиялық қисық сзығың бойымен қозғалады. Эйнштейн теориясының екінші бір маңызды қыры: кеңістік-уақыттың қисауының дene массасымен ғана емес оның энергиясының барлық түрлерімен анықталатындығында. Бұдан АСТ-дағы масса ( $m$ ) мен энергияны ( $E$ ) байланыстыратын  $E=mc^2$  өрнегі қорытылады.

**ТАСБАҚА** – бауырымен жорғалаушылар отрядының бірі. Триас кезеңін белгілі, котилозаврлардан шыққан деген пікір бар. Тас-

шөгінді тау жыныстарының жылу, қысым, т.б. белсенді құраушылардың әсерінен қатты күйінде қайта кристалданынан түзіледі. Олар ката克拉здық, жапсар-термалдық, аймақтық және метасоматоздық болып бөлінеді. Метаморфтық тау жыныстары қабаттар, сақина тәрізді денелер, көбінесе белгілі бір пішіні жоқ денелер құрайды.

Шөгінді тау жыныстары бұрын болған тау жыныстарының жер бетінде су, оттек, көмір-қышқыл газы, қышқылдар, мұздықтар, қар, органикалық дүниенің, температуралық құбылуы, т.б. әсерлер нәтижесінде пайда болған мору өнімдері. Ол өнімдердің түріне қарай шөгінді тау жыныстары сынықты (кесекті, құмды, туфтар, туффиттер), сазды (саздар мен саңтастар) және химиялық-биохимиялық (алюминийлі, темірлі, марганецті, кремнийлі, фосфатты, карбонатты, тұзды, жанғыш тау жыныстары) кластарын құрайды.

**ТАУЛАР** – жер бетінің жазықтардан оқшау көтеріліп жатқан қатпарлы және қатпарлы-жақпарлы құрылымды бөлігі. Ұзындығы жүздеген, мындаған км-ге дейін созылады. Негізінен түзу сзықты (Үлкен Кавказ, Пиреней) немесе доға тәрізді (Альпі, Карпат) көтерілімдер болып келеді. Таулар алып жатқан көлеміне, құрылымына, жасына қарай: тау жотасы, тау жүйесі, тау массиві, таулы қырат, таулы үстірт, тау сілемі болып бөлінеді. Аralықтарындағы алса көтерілімдер, оларды бөлін тұратын ойпауыттардың (тауаралық ойпандар, тау аңғарлары, т.б.) бір-бірімен үйлесуінен тілімделеді. Таулар жерсілкінүлер мен жанартау атқылауынан жиі көтеріліп, әдетте тектоникалық аймақтарда қа-

лыптасады. Пайда болуына қарай тектоникалық таулар – қатпарлы немесе қатпарлы-жақпарлы құрылымды, бірнеше км-ге көтерілуімен және жер бедерінің қарқынды қалыптасуы мен терең тілімделуімен ерекшелінеді; эрозиялық таулар – неотектоникалық көтерілімдерге ұшыраған, өзен аңғарларымен және уақытша ағын сулармен тілімделген, жер бетінің үстірт тәріздес көтеріңкі бөлігі; жанартаулық таулар – жас таулы аймақ немесе көне платформалық құрылым үстіндегі жанартаулық конус, жоғары көтерілген лавалық жабынды таулар болып бөлінеді. Дүние жүзіндегі ең биік тау – Гималайдағы Джомолунгма (Эверест) (8848 м), Қазақстандағы ең биік тау – Хантәңірі (6995 м).

**ТАУЫҚ** – тауықтәрізділер отрядына жататын құс, ауыл шаруашылық құстарының неғұрлым кең тараған түрі. Еті мен жұмыртқасын, қауырсыны мен мамығын алу үшін өсіріледі. Саңғырығы тыңайтқыш ретінде қолданылады. Олардың барлық тұқымдарының аргы тегі – ұдан 5 мың жыл бұрын Үндістанда қолға үйретілген жабайы банків тауығы. Төбесінде теріден тұратын айдары, құлақ сырғалықтары, қоразының аяғында сырғалығы мен сүйір тепкісі болады. Қаңқасы дала құстарымен салыстырғанда ауырлау. Қанаттары қысқа, ұша алмайтындықтан оларды өте сирек пайдаланады. Жұмыртқа салатын, балаңдарын басып шығаратын қолайлы жерді өздері таңдап алады.

Өнімділік бағытына қарай ет, ет-жұмыртқа, жұмыртқа бағытындағы тауық деп бөлінеді, сонымен қатар өндірістік мәні жоқ көркемдік және жауынгер тауықтар да өсіріледі.



Хан Тәңірі шыны



Тауық балапандарымен



рамжан», «Боз айтыр», «Ерке атан», «Ноғай-қазақ», «Керкиік», «Қашқан қалмақ», «Қара жорға», «Балбырауын», «Жетім қызы», «Сал қоңыр», «Көш жанаған», «Сары қамыс», «Шәйір қалды», т.б. күйлері ел арасына кең тараған. Тәттім-

бет күйлері өмірді терең түсінген, ойшыл, қиялшыл жанның сыры мен сезімін аңғартады. Тәттімбет күйлеріндегі лирикалық сарындар, өуен толқындары қазақтың кен даласы мен оның сұлу табиғатын суреттейді. Композитор «Сары жайлау» күйін Майдасары жайлауына қоныстанған кезінде, күз мезгілінде шығарған. Мұнда табиғаттың өсем суреті, жазсайрандағы рахатты шақтар бейнеленеді. Ал «Былқылдақ» күйінде – мың бұралған өзен ағысы, бұлактың қоңыраулы сыңғыры, тоғайдағы құстың өсем үні сұлу табиғаттың тынысымен ұласып жатыр. Тәттімбет шығармаларының ең биік шыңы – «Көкей кесті» күйі. Бұл күйді сазгер өмірінің соңғы жылдарында шығарған. Мұнда халық шежіресінің ұлылығы мен ұлагатты ақыл-ойдың парасаты толғанады. Композитор лирикасының тағы бір қырын ашатын «Сылқылдақ» күйін Тәттімбет өзімен күй салысына түсіп, өнер көрсеткен домбырашы қызыға арнап орындаған. «Сылқылдақ» күйінің музикалық тіліндегі күміс қоңырау үні, әдемі өуені тыңдаушыға ерекше өсер қалдырады. Қазақ композиторларының камералық-аспаптық, симфониялық және опералық туындыларында Тәттімбеттің көптеген күйлері пайдаланылды. Мысалы, Е.Г.Брусиловскийдің «Қызы Жібек» операсында «Былқылдақ», «Қос басар»; «Жамбыл» фильмінде «Сары жайлау» күйлері орындалады. Күйшінің туған жерінде Егіндібұлақ халық аспаптар оркестрі, Қарағанды қаласындағы музикалық колледж Тәттімбеттің есімімен аталады. Қазақ ұлттық консерваториясында 1971 жылдан шертпе күй класы жұмыс істейді.



Душанбе қаласы

**ТӘЖІКСТАН**, Тәжікстан Республикасы – Орталық Азиядағы мемлекет. Оңтүстігінде Ауганстанмен, солтүстік мен батысында Өзбекстанмен, солтүстігінде Қыргызстанмен, шығысында Қытаймен шектеседі. Жер аумағы – 143,1 мың км<sup>2</sup>. Халқы – 7,9 млн. Халқының 62%-ын тәжіктер, 23%-ын өзбектер, құрайды. Астанасы – Душанбе қаласы. Ресми тілі – тәжік тілі. Тәжікстан құрамына Таулы Бадахшан автономиялы облысы (жер аумағы – 63,7 мың км<sup>2</sup>; халқы – 167 мың; әкімшілік орталығы – Хорог қаласы) кіреді.

Жерінің 93%-ы Тянь-Шань, Гиссар – Алай және Памир тау жүйелеріне жататын таулардан тұрады. Жартысынан астамы теңізденгейінен 3 мың м біркітікте орналасқан.

Тәжікстан экспортының 55%-ын алюминий құрайды. Тәжікстан тау-кен өндірісінің негізгі өнімдері – қорғасын-мырыш, сүрме-сынап, вольфрам-молибден, висмут кендері, алтын және флюорит.

**ТӘТТИМБЕТ ҚАЗАНГАПҰЛЫ** (1815, қазіргі Қарағанды облысы Егіндібұлақ ауданы – 1862, сонда) – күйші-композитор, домбырашы, шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін қалаушылардың бірі, халық күй өнерінің классигі. Тәттімбеттің 40-тан астам күйлері белгілі. Оның «Қосбасар», «Сары жайлау», «Сарыөзен», «Терісқақпай», «Сылқылдақ», «Былқылдақ», «Бестөре», «Азamat», «Алшағыр», «Азына», «Көкей кесті», «Боз торғай», «Қо-

**ТЕЛЕДИДАР** – телехабар бағдарламаларындағы бейне мен дыбыстық сүйемелдеудің радио сигналдарын күшешту мен түрлендіруге арналған теле радиоқабылдағыш. Теледи-



Соңғы үлгідегі теледидар

дар түрлі түсті, ақ-қара кескінді, стационарлы және тасымалды болып ажыратылады. Теледидардың негізгі ерекшелігі бейне мен сүйемелдеуші дыбыс радиосигналдарын бір уақытта күшету және түрлендіру. Теледидар әдетте супергетеродинді сұлба бойынша құрастырылады. Оның нұсқалары сүйемелдеуші дыбыс сигналдарын күшету және бөлу әдістері бойынша бөлінеді. 20 ғасырдың соңында ертеден қолданылып келген кинескопты теледидарлардың орнын сұйық кристалды, плазмалы теледидарлар басты. Сұйық кристалды теледидарлар кескін айқындылығының, сапасының жоғарылығы бойынша қолданыстағы теледидарлардың ең озық түрі болып саналады.

**ТЕЛЕСКОП**, с ы ң а р д у р б і – аспан шырақтарын электр-магниттік сөуле арқылы бақылауға арналған астрономиялық құрал.



Телескоп

Телескоп гамма-телескоп, рентген, ультракулгін, оптикалық, инфрақызыл және радиотелескоп; оптикалық сұлбасы бойынша айналы (рефлектор), линзалы (рефрактор) және айналы-линзалы телескоп болып бөлінеді. Телескоптардың көмегімен фотографиялық, теледидарлық, электронды-оптикалық, т.б. сөуле қабылдағыштарды пайдалану арқылы фотографиялық, спектрлік, т.б. бақылаулар жүргізіледі. Телескоптың (оптикалық рефрактордың) көмегімен алғашқы астрономиялық бақылауды Г.Галилей жүргізді.

**ТЕЛЕФОН** – микрофоннан шыққан әлектр тербелістерін дыбыс тербелістеріне түрлендіруге арналған электракустикалық аспап. Телефонда әлектр тербелістерін дыбыс тербелістеріне, дыбыс тербелістерін әлектр тербелістеріне түрлендіру микрофон көмегімен атқарайлады. Телескоп әлектрмагниттік, әлектрдинамикалық және пьезоэлектрлік болып бөлінеді. Қазіргі кезде электронды есте сақтау құрылғысымен жабдықталған телефон аппараттары, үялы телефондар қолданылады.



XX ғасырдағы телефондар



Телефон түрлері

Телефон байланысы – сым арқылы немесе радиосигналдар көмегімен дыбысты ақпараттарды қашықтыққа жеткізуді жүзеге асыратын электрлік байланыс түрі. Телефон байланысы кез келген қашықтықтағы абоненттердің тікелей сөйлеуін қамтамасыз етеді. Телефон байланысы 1876 ж. американлық өнертапқыш А.Белл (1847–1922) ойлап тапқан телефон аппараты мен алғашқы телефон стансасының пайда болуынан (1878, АҚШ) басталды. 20 ғасырдың 80-жылдарының басынан талшықты оптикалық байланыс кабелінің негізінде байланыс жүйелері кең дамыды, абоненттердің радиотелефон арқылы байланысуын қамтамасыз ететін қабылдаттара тарташтардың (ұялы желілер) ұжымдық желісі пайда болды. Өте алыс қашықтықтағы байланыс үшін Жердің жасанды серіктепі (ЖЖС) қолданылады.

**ТЕМІР** – элементтердің периодтық жүйесінің VIII тобындағы химиялық элемент, атомдық номері 26, атомдық массасы 55,847. Табиғатта 4 тұрақты және 5 радиоактивті изотопы бар. Б.з.-дан 1000 жыл бұрын белгілі болған элемент. Темір табиғатта алюминийден кейін көп таралған металл. Жер қыртысындағы салмақ үлесі 4,65%. 300-ге жуық минералдарының ішінде ең негізгілері: гематит (70%-та дейін темір бар), магнетит (72,4%-та дейін темір бар), гетит, т.б. темір кейде саф күйінде де кездеседі. Темір жылтыр, күміс түсті ақ, иілгіш металл. Соғуға, таптап жаюға, иіп сузуға бейім, онай өндөледі. Балқу  $t = 1536^{\circ}\text{C}$ , қайнау  $t = 2750^{\circ}\text{C}$ , тығызд. 7,874 г/см<sup>3</sup>. Темір – тірі организмдердегі биохимиялық процестер үшін маңызы зор элемент. Мысалы, есімдіктерде темірсіз фотосинтез процесіне қажетті хлорофилл тузілмейді; тыныс алу процесіне тікелей қатысатын темір гемоглобин ақуызының, цитохром, каталаза, пероксидаза ферменттерінің қурамына кіреді. Шамамен салмағы 70 кг адамның 4,2 г-ы темір болады.

**ТЕМІР ЖОЛ ҚӨЛІГІ** – көлік кешенінің жетекші саласы, жүктер мен жолаушыларды алыс қашықтыққа тасымалдайтын басты қатынас құралы. Темір жол қөлігі локомотивтер мен вагондардан тұратын, арнайы рельс жол арқылы тасымалдауга арналған көлік

түрі болып табылады. Темір жол қөлігінде тасымал құны басқа көлік түрлерімен салыстырғанда біршама төмен, қатынауы тұрақты. Қазақстанның ішкі құрлықтық орналасуы жағдайында темір жол қөлігі елдің көлік кешенінің құрамында аса маңызды рөл атқарады. Темір жол қөлігі 19 ғасырда ірі өнеркәсіп орындарының ашылуына, өсіреле, кен қазып, металл өндөудің дамуына байланысты пайда болды. Дүние жүзінде тұңғыш темір жол қөлігі 1825 Англияда Дж.Стефенсон салдырыған ұзындығы 21 км «Стоктон – Дарлингтон» желісінде қатынады. Бұдан кейін темір жол қөлігі 19 ғасырдың 30-жылдары Австрияда, Германияда, Бельгияда және Францияда пайда болды. 1830 ж. АҚШ-та, 1837 ж. Ресейде темір жол желілері ашылды. 1850–70 ж. Азияда, Африкада, Оңтүстік Америкада, Австралияда салына бастады. Темір жол құрылышы аз уақыт ішінде жедел қарқынмен дамып, 20 ғасырдың басында темір жол торабының әлемдегі жалпы ұзындығы 1 млн. км-ден асyp түсті. Қазақстан аумағында алғашқы темір жол қөлігі 1891–96 жылдары салынған Транссібір (3138 км), 1901–06 ж. салынған Орынбор–Ташкент темір жол (2090 км) желілері қазақ даласымен өтті. Орта Азия мен Қазақстанның Ресеймен жалғастырыған ұзындығы 1444 км Түркістан–Сібір (Түркістан–Сібір) темір жолы 1927–30 жылдары салынды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Алтынсарин–Хромтау, Курчатов–Ақсу темір жолдары тартылды. Қазақстанда қазіргі таңда темір жол желісінің жалпы ұзындығы 15 мың км-ден асады.



Темір жол қөлігі



Теннис

**ТЕННИС** – доппен тор үстінде қалақпен қақпақылдайтын спорт ойыны. Ұз. 23,77 м, ені 8,23 м арнайы алаңда (кортта) салм. 56,7–58,74 гр., диам. 6,35–6,67 см. Теннис ойыны жекелей және жұптық болып екіге бөлінеді. Тенниске ұқсас ойын 13–14 ғ-ларда Италия, Франция, Англияда болған. Ол кезде доңты қолмен қақпақылдаган, 15 ғ-да қалақ қолданылды. Ағылшын У.Уинг菲尔д 1874 ж. ойын ережесін ойлап шығарды. Қазіргі Теннис қырышық құм, пластика, асфальт, тақтай төсөлген не көкмайсалы алаңда өткізіледі. Теннистен халықаралық федерациясы (ИЛТФ) 1912 ж. Париже құрылды. Теннис 1896 жылдан олимпиялық ойындар бағдарламасына енді. Теннистен ресми әлем чемпионаты өткізілмейді.

**ТЕҢГЕ** – 1) Орталық Азия мен Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттерде және соған шектес аумақта күмістен шекілген мәнет. Тарихшылардың археологиялық, нумизматикалық зерттеулерге сүйене отырып айтақтауынша, Қазақстан аумағында теңге тарихы ежелгі замандардан бастау алады. Ежелгі түркілер Ұлы Жібек жолының бойында 6–8 ғасырларда билеуші тайпалардың таңбасы шекілген, ру рәмізі бейнеленген теңге құя бастаған. 7–8 ғасырларда Сырдарияның орталық алабы мен Отырар атырабындағы және Жетісуда тұрған жергілікті билеушілер өз мәнеттерін шығарып тұрған. 9–10 ғасырларда Фараб (Отырар), Испиджаб (Сайрам), т.б. қалаларда мәнет сарайлары жұмыс істеген. Қарахан мемлекетінің дәуірлеген тусында (10–13 ғасырлардың басы) Баласағұн, Орда, Тараз, Барысхан, Испиджаб, Фараб, Бұдықкенте мәнет сарайлары теңге шығар-



Қазақстан Республикасының төл теңгесі

ған. 1271–72 ж. монголдардың Шағатай ұлысына билеуші етін қойған әкімі Масұдбек бүкіл Орталық Азияда еркін айналатын күміс мәнетті енгізді. 14 ғасырдың аяғында Қазақстан аумағында Әмір Темірдің мәнеті айналыста болды. 15 ғасырдың басында Отырар мен оның айналасында күміс мәнеттер пайдаланылды. 18 ғасырдың ортасынан Қазақстанда Қоқанның, Ташкент хандарының ақша белгілері және орыс мәнеттері пайда бола бастайды. Ал 19 ғасырда барлық сауда алысберістері тек қана орыс ақшасымен жүргізілді. 2) Қазақстан Республикасының ақша өлшемі, ұлттық валютасы. Бір теңге 100 тынға тең. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» 1993 ж. 13 қарашадағы Жарлығымен есы жылдың 15 қарашасында айналысқа шығарылып, ел аумағындағы бірден-бір заңды төлем құралына айналды. Теңгені ҚР Ұлттық банкі 1, 2, 5, 10, 50, 100 теңгелік мәнет, 200, 500, 1000, 2000, 5000, 10000 теңгелік банкнот (қағаз ақша) түрінде шығарады.

**ТЕҢДЕУ** – берілген екі функцияның мәндері озара тең болатындей аргументтің мәндерін анықтау (іздеу) жөніндегі есептің аналитикалық түрде жазылуы. Функциялар төуелді болатын аргументтерді белгісіздер, ал функциялардың мәндерін өзара теңестіретін осы белгісіздердің мәндерін теңдеудің шешімдері (түбірлері) деп атайды. Белгісіздердің мұндағы мәндері берілген теңдеуді қанаттандыратын шешімдер болып табылады.

Мысалы, бір белгісізі бар  $3x-6=0$  теңдеуінің шешімі  $x=2$ ; ал екі белгісізі бар  $x^2+y^2=25$  теңдеуінің шешімдері  $x=3$ ,  $y=4$  болады. Берілген теңдеудің шешімдерінің жиынтығы белгісіздердің мүмкін мәндерінен тұратын  $M$  облысынан тәуелді болады.  $f(x)$ -тің түріне байланысты теңдеулер тригонометриялық, логарифмдік, көрсеткіштік, т.б. теңдеулер болып ажыратылады. Сонымен қатар дифференциалдық және интегралдық теңдеулер де қарастырылады. Теңдеу жүйесінің ішіндегі ең қарапайымы сзықтық теңдеулер жүйесі болып табылады. Теңдеулерді шешкен кезде оның шешімінің бар болуы, жалғыздығы және оның кейбір берілген шарттардан тәуелсіздігі қарастырылады.

**ТЕРІ** – дененің адам мен жануарлар организмін сыртқы әсерлерден қорғайтын жалпы жабыны. Тері жабынының көлемі адамның бойына, салмағына және жасына байланысты, орт. есеппен  $1,5-2 \text{ м}^2$ . Қалынд.  $0,5-4 \text{ мм}$ . Сыр терісінің қалынд.  $2,7-4,6 \text{ мм}$ , жылқыда  $1-5 \text{ мм}$ , шошқада  $1,5-3 \text{ мм}$ , қойда  $0,7-3,09 \text{ мм}$ . Малдан алынған теріде  $50-70\%$ -ға дейін су,  $2-10\%$  май (қойда көбірек),  $20-30\%$  белок, бірқатар полисахаридтер мен минералдық заттар бар. Тері эпидермис, меншікті тері (дерма) және теріастылық (шел) қабаттарынан тұрады. Эпидермис – эктодермадан дамитын, көп қабатты терінің сыртқы қабаты. Ол 5 қабаттан тұрады. Тері организмдегі су, тұз, газ, көмірсу, май, белок және зат алмасуға қатысады. Терінің үстінен ұсақ үшбұрышты, ромб, дөңгелек пішінді өрнектерді, әсіресе, адамның қолы мен алақанынан көруге болады. Өр адамның өзіне тән терілік сурет өрнектерін зерттеудің нәтижесінде кейбір тұқым қуалайтын ауруларды анықтайды. Терінің ең негізгі атқаратын қызметі – дененің салқынданап не қызып кетуінен сактау, өйткені денедегі жиналған жылудың  $80\%$ -ы тері арқылы сыртқа шығады.

**ТИТАН** – элементтердің периодтық жүйесінің IV тобындағы химиялық элемент, атомдық номері 22, атомдық массасы 47,88. Тағында массалық саны 46-50 болатын 5 тұ-



Титаннан жасалған білік

рақты және жасанды жолмен алынған 5 радиоактивті изотоптары бар. Бос күйінде кездеспейді, тек оксидтер түрінде болады. Титан кең тараған элемент, жер қыртысындағы салмақ мөлш. 0,57%. Құрамында титаны бар 70-тен астам минералдардың ішіндегі ең маңыздылары: рутил (оның түрөзгерістері анатаз бен буркит), ильменит, титаномагнетит, первовскит, лопарит, титанит (сфен), лейкоксен. Түсі күмістей ақ, созылғыш және берік;  $500-550^\circ\text{C}$ -қа дейінгі температурада металл бетінде оксид қабаты пайда болатындықтан ауада, теңіз суында, ылғал хлорда, хлоридтер мен азот қышқылы ерітінділерінде, күкірт қышқылы мен сілтілердің сүйітілған ерітінділерінде коррозияға тұрақты. Титанды өндірісте кентас концентраттарын хлорлап, алынған  $\text{TiCl}_4$ -ті магниймен (кейде натриймен) тотықсыздандырып, титан кірмесін (губка) алады. Оны вакуумдық догалы пештерде балқытып, кесек металл алынады. Титан авиация, зымыран, кеме, автомобиль жасауда қолданылатын беріктігі жоғары титан құймаларын дайындауға және радиоэлектроникада, тамақ, шарап, қағаз, бояу өнеркәсіптеріне қажетті аспаптар мен қондырғылар жасауда кеңінен қолданылады.

**ТОБЫЛ** – Ертіс алабындағы өзен. Қазақстанның Қостанай облысы және Ресейдің Қорған, Түмен облыстары жерімен агады. Жалпы ұзындығы 1591 км, Қазақстан жеріндегі ұзындығы 800 км, су жиналатын алабы 395 мың  $\text{km}^2$ , қазақстандық алабы 130 мың  $\text{km}^2$ . Тобыл Оңтүстік Оралдың шығыс сілемдерінің бірі – Қараадырдан басталып, Ертіске құяды. Басты салалары – Шортанды, Сынта-



Тобыл өзені

сты, Өйет, Үй, Обаган (көпшілігі сол жағынан құяды). Өзен алабында Жақсы Алакөл, Жаман Алакөл, Құлықөл, Тентексор, Томарлықөл, Теңіз, т.б. көлдер бар. Алабы тың және тыңайған жерлерді игерудің нәтижесінде республикадағы сан-салалы ауыл шаруашылығы дамыған басты астықты өңірге айналды. Тобыл сүйн тиімді пайдалану үшін Жотары Тобыл бөгені, Қаратомар бөгені, Амангелді, Желқуар, Қызылжар бөгендегі салынған. Өзен бойында Жітіқара, Лисаковск, Рудный және Қостанай қалалары орналасқан.

**ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ** – қазақ халқының ұлттық ойыны. Бұл ойын қыргыз, қарақалпақ, тува, алтай халықтары арасында да кең таралған. Тоғызқұмалақ ойнау үшін арнайы тақта жасалады. Тақтада 18 үя (кіші отау), 2 қазан (ұлкен отау) болады. 162 құмалақ әр ойыншыға 81-ден, әр үяды 9-дан. Алғашқы



Тогызқұмалақ жарысы

жүрісті кім бастайтыны жеребе арқылы шешіледі. Жүріс кезегі тиген ойыншы өзінің кез келген отауына бір құмалақ қана қалдырып, қалғанын қолына алыш, солдан онға қарай жүреді. Құмалақты өз «қазанына» көп жинаған ойыншы үтады. Тоғызқұмалақтан 1948–60 жылдар аралығында аймақтық Қазақстан чемпионаты, 1960 жылдан республикалық командалық біріншілік және аудандық, облыстық біріншіліктер өткізіліп келеді. 1992 ж. тоғызқұмалақтан республикалық федерация құрылды. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Алтай халықтары арасында халықаралық турнирлер үйимдастырылып тұрады.

**ТОЙ** – әдет-ғұрып дәстүрі. Дүние жүзінің барлық халықтарында тойдың өз атауы бар. Қазақ халқының мәдени өмірінде той ежелгі заманнан ұлкен орын алады. Солтүстік Үндістан тұрғындары тойды тамаша дейді. Әсіресе, адамның дүниеге келуі, үй болуы, не түрлі қуанышты кезеңдерін атап өтетін дәстүр той аталып келеді. Мысалы, қыз үзату, үйлену, шілдехана, наурыз, ұрын бару тойлары. Бұл тойдың бүгінде мұлдем дерлік ұмыт болған түрі – ұрын тойы. Қүйеудің алғаш рет ресми түрде қалындықты көру мақсатымен қайын жұртына баруын «ұрын бару», қайын жұрты оның бұл сапарын «ұрын келу» деп атаған. Осыған байланысты үйимдастырылған той-думанды – ұрын той деп атайды. Қыз үзату, үйлену, сұндет тойларында ат шаптыру (бәйге), күрес, сайыс, көкпар, жамбы ату, қыз қуу, қыз ойнақ, қыз кәде, айгөлек, қора құлақ, ақсүйек, монданақ, ұшты-ұшты, т.б. көптеген ұлттық ойындар өткізіледі. Тойдың жақсы дәстүрі бүгін де сақталған. Мысалы, үйлену тойында жар-жар, беташар айтылып, түрлі ұлттық ойындар үйимдастырылады.

**ТОЛҚЫН** – 1) әртүрлі тербелістердің уақыт бойынша белгілі бір ортадағы таралу процесі. Толқындар пайда болу табиғатына қарай бірнеше түрге бөлінеді: серпімді толқындар (дыбыс және сейсмикалық толқындар), тұтқыр сүйік бетіндегі көлденең толқындар, микробөлшектердің де-Бройль толқындары, гравитациялық, электр-магниттік т.б. толқындар. Толқындық процестер әртүрлі физикалық құбылыстарда кездеседі. Сондықтан оларды зерттеудің ғылым мен техни-

ка үшін маңызы зор. Толқындар үйітқу және таралу бағыттарының өзара бағдарларына қарай бір-бірінен ерекшеленеді. Мысалы, дыбыс толқындарында зат бөлшектері толқынның таралу бағыты бойымен тербеледі, бұл – құма толқын; музикалық аспаптардың ішегі бойымен толқын таралғанда ішектің нүктелері толқынның таралу бағытына перпендикуляр бағытта тербеледі, бұл – көлденең толқын. интерференция, дифракция және поляризация құбылыстары пайда болады. Сондай-ақ екі орта шекарасында шағылу және сыйну құбылыстары байқалады.

2) теңіздер мен мұхиттардағы сулы ортандың тербелмелі қозғалысы; Ай мен Құннің тартылыс күштерінен, желдің өсерінен, атмосфералық қысымның ауытқуларынан, су асты жер сілкіністері мен су асты жанартау атқылауладынан немесе кеме қозғалыстарынан пайда болады. Су қабаттары бойынша беткі және ішкі толқындар; толқындардың теңіз тереңдігіне қатысы бойынша – қысқа және ұзын толқындар; пішіні мен мөлшері бойынша – тұзу (екі өлшемді) және қисық (уш өлшемді); толқындарды туғызған күштерге қатысы байқалуының уақыты бойынша – ерікті және еріксіз, ұдемелі және тұрақты толқындар болып бөлінеді. Толқындарға биіктігі, ұзындығы, жылдамдығы, орташа және ең көп құламалылығы, жалы, толқын шебі және т.б. бойынша сипаттама беріледі.

**ТОЛСТОЙ Лев Николаевич** (9.9.1828, қазіргі Тула облысы Шекин ауданы Ясная Поляна деревнясы – 20.11.1910, Липецк облысы) – орыс жазушысы. 1844–49 ж. Қазан университетінің әуелі шығыстану, кейін заң факультеттегіnde оқыған. 1851–53 ж. Кавказ соғысына қатысып, 1856 жылға дейін сонда өскери қызмет атқарды. Осы жылдары ол шығармашылықпен белсенді түрде айналысқан. 1852–55 ж. «Современник» журналында жазушының балалық шағы мен отбасылық өмірі жайлы жазылған «Балалық», «Ересектік», «Севастополь әңгімелері» атты автобиография-



сына қатысып, 1856 жылға дейін сонда өскери қызмет атқарды. Осы жылдары ол шығармашылықпен белсенді түрде айналысқан. 1852–55 ж. «Современник» журналында жазушының балалық шағы мен отбасылық өмірі жайлы жазылған «Балалық», «Ересектік», «Севастополь әңгімелері» атты автобиография-

лық трилогиясы басылған. Кавказ соғысында қөргендері мен онан алған өсерін ол «Казактар» (1953) туындысында шынайы бейнелеген. 1856 жылдың күзінде өскери қызметінен босап, Германия, Франция, Швейцария елдерін арадады. Осы жылдары «Помещиктің таңғы тірлігі» (1956) әңгімесін, «Альберт» (1857–58) повесін, «Отбасы бақыты» (1858–59) романын жазды. 1859 ж. Ясная Полянада қарапайым шаруалардың балаларына арнап мектеп ашты, сонымен қатар сол маңайдағы жиырма шақты мектептің ашылуына көмектесті. 1862 ж. «Ясная Поляна» атты педагогикалық журнал шығара бастады. Ауылдағы жер-су иесі туралы «Помещиктің таң азаны» повесін, «Орыс помещигінің таңғы тірлігі» романын жариялады. Ол 60-жылдары Орынборға, Самара даласына барып, жергілікті халықтардың (башқұрттар, татарлар, қазақтар, т.б.) тұрмысымен танысты, сонда қымызбен емделді. 1863–69 ж. Ясная Полянада «Соғыс және бейбітшілік» роман-әпопеясын жазды. «Қажы Мұрат» (1896–1904) повесінде орыс патшасы Николай I мен Кавказ билеушісі Шемілдің арасындағы соғыстан қарапайым елдің жапа шеккені сөз болады. 20 ғасырдың басында «Жалған қағаз» (1902–04), «Балдан кейін» (1903) повестер мен әңгімелер жинағы жарияланды. Толстой публицистика жанрында да біршама мақалалар жариялаған, 1908 ж. жарық қөрген «Үндемей қала алмаймын!» атты мақаласында 1905 жылғы көтеріліске қатысқандарды аяусыз, қатаң жазалаған патша үкіміне наразылығын білдірді. Толстой еңбектері Абай мен Шәкерім шығармашылығына әсер еткен. Шәкерім Толстойдың «Ассирия патшасы Асархадон», «Уш сауал», т.б. шығармаларын қазақ тіліне еркін аударған. Қазақ тілінде Толстойдың «Анна Каренина» (1953), «Арылу» (1955), «Соғыс және бейбітшілік» (1963), т.б. шығармалары жарық қөрген.

**ТОНЫҚӨК** (646–731) – Екінші Шығыс Түрік қағандығының көрнекті мемлекет қайраткері, қолбасшы, ойшил. 682 ж. Тан патшалығына қарсы құреске қатысып, Білге Құтылық (Елтеріс) қағанға қолдау көрсетті. Қағандықты сыртқы жаулардан қорғау мақсатында жасалған өскери жорықтарға қолбасшылық жасап, тамаша жеңістерге жеткен. Ол түркі өскеріндегі ең жоғары Аға Тархан,

яғни «түркі әскерінің саяси жетекшісі» дөрежесіне ие болған. Білге қаған мен Қапаған қағанның көреген кеңесшісі ретінде танылды. Оның құрметіне Тоныкек жазба ескерткіші қойылған.

Тоныкек жазба ескерткіші – Екінші Шығыс Түрік қағандығының саяси, қоғамдық және әлеуметтік өмірін ежелгі түркі поэзиясы стилінде зор шеберлікпен бейнелеп көрсеткен, идеялық мазмұны мен көркемдік дөрежесі биік әдеби жәдігерлік. Жырдың мәтіні көне түркі жазуымен бедерлеп жазылған бұл құлпытасты 19 ғасырда Солтүстік Монголиядағы Саленга өзені бойынан Д.А.Клеменц тапқан. Тоныкек жазба ескерткіші 313 өлең жолынан тұрады. Жырдағы жалпы оқиғалар желісін зерттеушілер онъюн төрт циклға, яғни он төрт хикаяға бөлін қарастырады. Бірінші циклда түркілердің табғаштарға (қытайларға) бағынышты болу тарихы, екіншіде – түркілердің бас қосып бірігуі, үшіншіде – сол біріккен халықты басқаратын қаған сайлаудың қын болғандығы, қаған сайлаудағы Тоныкектің зор рөл атқарғаны, төртіншіде – Елтерісті қаған етіп жариялағаны, ел ішіндегі тыныштыққа сырттан қатер төне бастағаны, бесіншіде – оғыздардан тыңшы келіп, олар түркі елін шаппақ болып жатқаны, алтыншыда – табғаштармен болған қанды шайқастың қыындығы және осы қыындықты жеңудегі Тоныкектің рөлі, жетіншіде – оғыздармен болған соғыс туралы; сегізінші циклден бастап, он үшінші циклға де-

йін түркілердің түрлі тайпалармен жүргізген қиян-кеңі соғыстары жыр етіп баяндалады. Он төртінші цикл бүкіл жырдың қорытындысы сияқты. Мұнда түркілердің өз елі, жері үшін жүргізген соғыстарын атап айттып, соның бәрінде түркілердің женіске жеткенін, сол женістер өзінен-өзі келмегені, оған Тоныкек өзінің ақыл-кеңесімен, істерімен қыруар үлес қосқаны шеберлікпен суреттеледі. Бұл жырда түркі елінің сан қырлы өмірінде Тоныкектің тарихи рөл атқарғаны ерекше айтылады.


**ТОҢАЗЫТҚЫШ** – температурасы қоршаған ортаның температурасынан төмен болатын, жоғарғы температурада микроорганизмдер өсерінен жылдам бұзылатын азық-тұлік өнімдері мен тағамдарды сақтауға арналған құрылғы немесе арнаулы камералар. Тоңазытқыштар тұрмыстық және өнеркәсіптік болып ажыратылады. Тұрмыстық тоңа-



Екі камералы тоңазытқыш

зытқыш өртүрлі азық-тұлікті және үйде дайындалған тағамдарды бұзылуудан сақтауға арналған; бір немесе бірнеше камерадан тұрады. Камералардағы температура өнімдерді мұздатуға (мұздату камерасы) және тоңазытуға (тоңазыту камерасы) арналған.

**ТОПЫРАҚ** – литосфераның жоғарғы қабаттарына су, ауа мен тірі организмдердің өсерінен қайта құрылу нәтижесінде қалыптасқан табиги түзілім. Биогеоценоздың қураушысы болып табылады. Құнарлылық қасиеті




Тоныкек жазба ескерткіштері

биомассаны қалпына келтіруге, яғни ауыл шаруашылығы дақылдарынан мол өнім жинауға мүмкіндік береді. Топырақ өзінің құнарлылығы арқасында әлемдегі бүкіл тіршілікті, соның ішінде адамзат қоғамын тұрақты асыраушы «ана» рөлін атқарады.

Топырақтың физикалық қасиеттері су, ауа өткізгіштігі, су сақтағыштығы, құрамы мен құрылым ерекшелігіне байланысты. Топырақтың негізгі болігін бастапқы Топырақ түзуші аналық жыныстан бастау алатын минералды құрамы анықтаса (85–99%), біршама бөлігін топырақ түзілу процесінде, негізінен осында өсken өсімдіктер қалдықтары (шіріген тамыр, түскен жапырақ, т.б.) ыдыраған кезде синтезделіп түзілетін органикалық (қарашірінді) заттар құрайды (1–15%). Жануарлар дүние сі (негізінен омыртқасыздар) тіршілігінің әрекетінен органикалық заттардың ыдырауы жылдамдайды. Адамның шаруашылық әрекеті (орманды кесу, шоп егу, жер жырту, мелиорация, органикалық, минералды тыңцайтқыштар қолдану) топырақ түзуші кейір факторларға (мысалы, өсімдікке) әсер етіп, топырақ түзілу процесінің бағытын тез өзгертеді.

## ТОРАЙФЫРОВ

**Сұлтанмахмұт** (1893–1920) – 20 ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы, аса көрнекті ақын. 1893 ж. 28 қазанды Көкшетау облысының Қызылту ауданында туған. Екі жасында шешеден же тім қалған Сұлтанмахмұттың балалық шағы Баянауылда өтеді. Алты жасында хат таңыған Сұлтанмахмұт 1908 ж. Баянауылда Әбдірахман молданың медресесінде екі-үш жыл, 1911 ж. жаңаша оқыған Нұргали деген мұғалімнен бір қыс оқиды. Пән негіздерін үйренип, білімге деген ынталаны артқан Сұлтанмахмұт одан әрі оқуын жалғастыру арманына жетте алмайды. Троицк, Семей, Томск сияқты ірі қалаларға барып оқуын жалғастыруды ниеттепе де, қамқоршысы мен қаржының жоктығынан, тұрмыстың қыншылығынан ол максаты орындалмайды. Бірақ Сұлтанмахмұт өз бетімен ізденіп көп оқыды, ғылымның әралуан



Топырақ түрлері

саласынан хабардар болды, сөйтін заманының оқымысты жастарының біріне айналды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров жасында жабысқан дерт кеселінен 27 жасында қайтыс болды. Аз жасағанына қарамай, ол қазақ поэзиясы мен прозасын жаңа сатыға көтеріп кетті. Реалист-ақын 20 ғасыр әдебиетінде жаңа жанрлар тұғызды, роман жанрының, реалистік поэмалың қалыптасуына әсер етті. Оның адам өмірінің мән-мағынасы жайлы «Адасқан өмір» поэмасы, 20 ғасыр басындағы қазақтың іріпшіріген билеуші табының өскен, тәрбие алған ортасы, ескілікке қарсы үн көтерген «Қамар сұлу» шығармасы, жастарды асқақ қиял, зор талапқа бастайтын лирикасы – оны қазақ әдебиетіндегі демократтық әдебиеттің ірі өкілі етті.

«Шекірт ойы» өлеңінде: «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып күн болам. Қараңғылықтың кегіне, Күн болмағанда кім болам», – деп жырлаған ақынның шын мәнінде де, бүгінде қазақ аспанындағы рухани сәуле шашып тұратын ең жарық жүлдіздың бірі болып мәңгілікке қалғанына ешкімнің де таласы жоқ.

**ТОРГАЙ** – Шалқар алабындағы өзен. Қостанай және Ақтөбе облыстары жерімен ағады. Ұзындығы 825 км. Су жиналатын алабы 157 мың км<sup>2</sup>. Қостанай облысындағы Жалдама және Қараторғай өзендері қосылған жерден басталып, Ақтөбе облысындағы Каракөл көліне 8 км жетпей, тартылып қалады. Аңғары өзен басынан Торғай ауылына дейін кең, ені 40–60 км, жиегі жайпақ, жайылмасы тегіс, одан ені 10–60 м бірнеше өзектер тарал, терендігі 2–6 м қарасулар пайда болады.



Торғай өзенінің Құмкешу кенті жанынан ағып отетін түсі

Арнасының ені 45–100 м. Торғай ауылынан төмен сағасына дейін өзен аңғары бірте-бірте тартылып (ені 5–10 км), Тосын құмы өңірінде аңғары, жайылмасы 0,5–1,5 км, арнасы 40 м-ге дейін тарылады. Ирі салалары: Ырғыз, Сарыторғай, Қайынды, Өлкейек, Қараторғай, Жалдама. Жауын-шашиң, бұлак, ыза суынан толысады.

**ТОРГАЙ ҮСТІРТІ** – батысында Оңтүстік Орал мен Мұғалжар тауымен, шығысында Сарыарқамен шектесетін жазық аймақ. Солтүстігінде Тобыл маңы аккумуляттік жазығынан оңтүстігінде Шалқартеңіз көлі ағысына дейін 600 км-ге созылады. Ені батыстан шығысқа қарай 300 км. Үстірт негізінен Қостанай облысының аумағында, аздаған бөлігі Ақмола жөне Қарағанды облыстары жеріне кіреді. Геологиялық құрылымы жөнінен эпигерциндік Тұран тақтасына жатады. Қатпарлы іргетастың бетін жапқан мезо-кайнозой шөгінді жыныстары қабатының қалындығы ондаған м-ден оңтүстік-шығыста 200 м-ге дейін барады. Солтүстік бөлігі аз тілімделген, көбінесе жазыққа ұласып кетеді.

**ТОРГАЙ** – торғайтәрізділер отрядына жататын құстар түсі. Жер шарына кең тараған 18 түрі кездеседі, Қазақстанда 6 түрі бар. Африка, Еуропа мен Азияда кең таралған, кейбір түрлері жерсіндіру мақсатымен Америка, Австралия мен Жаңа Зеландияға апаратылған. Қоразы мен мекиенінің сыртқы туңсі әртүрлі: қораздарының тамақ асты қара түсті болады. Қөпшілігі отырықшы, кейбіреулері жыл құстары. Ұзындығы 12–15 см. Ағаш құстарын, індерді, үй-жайларды мекендейді немесе ағаштарға шар тәріздес үялар салады. Балапандарын бастапқы уақытта жәндіктермен, кейіннен өсімдік тұқымдарымен қоректендіреді. Еуразия аймағында кең тараған түрлері: үй торғайы (*P. domesticus*); үндістандық торғай (*P. indicus*) және далалық торғай (*P. montanus*). Орта Азия мен Кав-



1-үй торғайы, 2-дала торғайы

каз сыртында ағаштарда үлкен топ құрып өмір сүретін испандық немесе қара кеуделі торғай (*P. hispaniolensis*) басым. Шөл даланы мекендейтін сексеуіл торғайы (*P. ammodendri*); шөл торғайы (*P. simlex*) мен Сахалин, Оңтүстік Куриль аралдарында кездесетін жи-рен торғай (*P. rutilans*) адамдар мекендерінен тыс жерлерде тіршілік етеді. Үндістандық және испандық торғай – дәнді дақылдардың зиянкестері.

**ТОТЫ** – құстардың бір отряды. Қазба қалдықтары миоценнен белгілі. Дүние жүзіндегі барлық тропиктік және субтропиктік аймақтарда таралған. Отрядтың бір тұқымдасына жататын 6 тұқым тармағы (несторлар, жапалақтәрізді тотылар, лорилер, тоқылдақтәрізді тотылар, какадулар және нағыз тотылар), 69 тузысы, 317 түрі бар. Көпшілік тұрларі жазықтарды мекендейді, кейбіреулері биік тауларға (теңіз деңгейінен 3600 м биіктікке) дейін көтеріледі. Дене түркы 9,5 см – 1 м. Қауырсындары ашық қанық (жасыл, оның қызыл және көк түстермен үйлесімі, кейде қара немесе сұр) түсті болады. Мойны қысқа, басы үлкен, тұмсығы мықты, қатты жемісті жара алады. Үстіңгі имек тұмсығының түбінде балсірісі мен танауы орналасқан. Жіліншігі қысқа өрі мықты, аяғының 1, 4-саусақтары артқа қараған. Жылдам ұшады, араларында ұшпайтын тұрларі да бар. Тоты негізінен орман құстары, топтанып тіршілік етеді. Тоты қолға тез үйренеді, сондықтан оларды көп жағдайда экзотикалық құс ретінде үйде, торда ұстайды. Қолда өсіргенде 50, кейде 80 жылдай өмір сүреді. Адамға қауіпті пситтакоз ауруын таратуы мүмкін. 27 түрі Халықаралық табигат қорғау одағының «Қызыл кітабына» енгізілген.



**ТОЛЕБАЕВ Мұқан** (13.3.1913, қазіргі Алматы облысы Сарқант ауданы Төлебаев ауылы – 2.4.1960, Алматы) – композитор, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1945), КСРО-ның халық артисі (1959). 1933 ж. Алматы пед. училищесінде, 1936 ж. Мәскеу мемлекеттік консерваториясының жанындағы қазақ студиясында оқыды. 1941–46 ж. проф. Е.Г.Брусиловскийден композиция бойынша дәріс алды. 1951 ж. Мәскеу мемлекеттік консерваториясының композиция класын (педагогтары Н.Я.Мяковский мен В.Г.Фере) бітірген. Қазақтың мемлекеттік академ. халық аспаптары оркестрінің дирижері (1942–44), Қазақстан Композиторлар одағының төрағасы (1953–55 және 1959–60) болуымен қатар 1953 жылдан Алматы мемлекеттік консерваториясында пед. қызметпен айналысты. Төлебаев музыканың алуан жанрында еңбек етіп, фортеңяно мен скрипка үшін пьесалар, симф. оркестр мен хорға арнап қурделі шығармалар жазды. Төлебаев шығармашылығының шарықтау шыңы, қазақ музыкасындағы аса елеулі туындылардың бірі – «Біржан–Сара» операсы (1946). Мұнда жеке адам тағдыры, бас бостандығы үшін құрескен Біржан мен Сара сынды өнер өкілдерінің шығармашылығы мен трагедиялық тағдыры терең тебіреніспен баяндалады. Төлебаев Қазақстанның алғашқы өнүралы авторларының (Брусиловский және Л.А.Хамидимен бірге, 1945) бірі болды. Сондай-ақ драмалық спектакльдер мен кинофильмдерге де музыка жазды; жеке дауыс пен фортеңяноға арнап қазақтың көптеген халық әндерін өндеді.

**ТӨЛЕ БИ**, Төле Әлібекұлы (1663, қазіргі Жамбыл облысы Шу өңірі, Жайсаң жайлауы – 1756, қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Төле би ауданы Қазығұрт өңірі) – қазақ халқының бірлігін нығайтуға зор үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Ұлы жүздегі дулат тайпасының жаныс руынан. Әкесі Әлібек момындығы үшін ағайындары арасында «қарашоғыр» атанғанымен,



Тотықұс тұрлары





өзіндік беделі бар би болған. Бала күннен жас Төле әкесіне еріп жүріп ел көреді, жұрт таниды, қазақ халқының ақындық-шешендік өнерінен тәлім алады. Он бес жасынан ел билігіне араласып, ақыл-парасаттылығы, әділ шешімі, шешендік өнерімен көзге туследі. Төле би Қаздасты Қазыбек, Әйтеке билермен бірге Төукені хан етін сайлауға, үш жүздің ұлыстарын бір орталықта бағындыруға, сөйтіп, бірегей қазақ хандығын нығайтуға, жонғар шапқышылығына қарсы бауырлас қазақ, қарақалпақ және өзбек халықтарының жауынгерлік одагын құруға бағытталған шараларды жүзеге асыруға қатынасты. Төле би Қазыбек бимен және Әйтеке бимен бірлесе отырып, қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы болып табылатын Жеті жарғының қабылдануына ат салысты. Ордабасы жиыны кезінде Төле би басшылық жасап, жонғар басқыншылығына қарсы бүкілхалықтық тойтаратыс беруге үйтқы болды. Шашырап кеткен қазақтардың басын қосып, Ресей мен Қытай секілді екі алпауыт мемлекет арасында оңтайлы саясатты жүргізген Абылай ханды өкіл бала етіп тәрбиелеп, азамат қатарына қосуда Төле бидің қызметі орасан. 1742 ж. Абылай тұтқылдан шабуыл жасаған жонғарлардың қолына түсіп қалғанда оны тұтқыннан босатуда Төле би белсенділік танытты. Тарихи жырларда қазақ билеушілерінің атынан Әбілқайыр хан мен Төле бидің Орынбор әкімшілігінен Абылайды тұтқыннан босатуға өтініш жасағандығы айтылады. Қазақтың үш жүзінен Төле би бастаған 90 адам елші барып, келіссөз жүргізін, 1743 ж. 5 қыркүйекте Абылайды тұтқыннан шығарып алады.

Ел аузында Төле би туралы көптеген тарихи аңыздар сақталған. Оның атымен байланысты толып жатқан нақыл, мәтел сөздер, билік кесімдер халық арасында кең тараған. Төле би Шымкент, Түркістан және Ташкент қалаларында көшілік пайдаланатын ғимараттар салу ісіне белсене араласқан. Төле би халық арасында «Қарлығаш өулие», «Қарлығаш би» деген атпен де танымал. Төле би Ташкенттегі Шайқантөүір зиратына жерленген. Қабірі Бабырдың нағашы атасы Жұніс

хан мазарының қасында. Төле би қабіріне кесене салынған. Оңтүстік Қазақстан облысында бір ауданға, Жамбыл облысындағы Шу ауданы орталығына Төле би есімі берілген. Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облысында және Астана қаласында Төле биге ескерткіш қойылған. Алматыда, Шымкентте және бірқатар елді мекендерде Төле би есімімен аталағын көшелер бар.

## ТӨЛЕГЕНОВА Бибігүл Ахметқызы

(16.12.1929 ж. т., қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы) – әнші (лирикалық-колоратуралық сопрано), Қазақ КСР-інің (1958) және КСРО-ның (1967) халық артисі, Социалистік Еңбек Ері (1991). 1954 ж. Алматы мемлекеттік консерваториясын (Н.Н.Самышинаның ән класы бойынша) бітірген. Ән айтуды көркемөнерпаздар үйірмесінен бастады. Алғаш Төлегенованың әншілік талантын танып, оның өнер жолына түсіне бағыт сілтеген әрі тұңғыш дәріс берген орыс жазушысы Г.И.Серебрякова (сол кезде Семей қаласында тұрган) болды. Төлегенованың шебер орындаушылық өнерінің, әсем де сазды даусының қайнар бұлағы ең алдымен қазақтың халық әндеріне саяды. Әншінің алуан тақырыпты репертуарында қазақтың халық әндері («Гаяхар тас», «Жиырма бес»), Қазақстан композиторларының шығармалары (Л.Хамиди, «Бұлбұл»; Е.Брусловский, «Қос қарлығаш»; М.Төлебаев, «Еске алу»; С.Мұхамеджанов, «Қектем вальсі»; Н.Тілендиев, «Кел, еркем, Алатауыма») сондай-ақ П.И.Чайковский мен С.В.Рахманиновтың романстары, Н.А.Римский-Корсаковтың операларынан ариялар және Батыс Еуропа композиторларының (Г.Доницетти, Э.Григ, Ф.Шуберт) вокалдық шығармалары бар. Төлегенова өзінің концепттік-өрындаушылық өнерін шеберліктің жоғары сатысына көтеріп, классикалық дәрежеге жеткізді; опера өнеріне де елеулі үлес қосты. Ол «Дала қызы», «Біздің сүйікті дәрігер», «Бұл Шұғылада болған еді», «Тақиялы періште» фильмдерінде өз замандастарының тұлғасын жасады.



**ТРАКТОР** – тіркемелі, аспалы не өздігінен қозғалмайтын (стационар) құралдармен бір агрегатқа біріктіріліп, ауыл шаруашылығы, жол құрылышы, жер қазу, көліктік, т.б. жұмыстарды атқаруға арналған өздігінен қозғалатын машина. Ауыл шаруашылығында жалпы мақсаттағы тракторлардан басқа жер жыртатын, бау-бақшалық, батпақта, тауда жүргүге арналған, т.б. мамандандырылған тракторлар қолданылады. Қозғалтқышының түріне қарай трактор доңғалақты не шынжыр табанды болады. Шынжыр табанды тракторлардың негізгі артықшылықтары – жоғарғы тарту күші, жер қыртысымен жақсы ұстасуы және кез келген жермен жүруі, кемшіліктері – ауыр салмағы мен бастапқы қуны, шынжыр табанды қозғалтушының төменгі шыдамдылышы.



T10M маркалы трактор

Бу машинасы орнатылған алғашқы доңғалақты трактор 1830 ж. Франция мен Ұлыбританияда жасалды. Қазақстандағы алғашқы тракторлар 1968 жылдан Павлодар трактор зауытында шығарыла бастады. Ауыл шаруашылығы тракторы жер жырту, өндөу, тұқым себу, егін жинау, т.б. жұмыстарды атқарады. Қуатты ауыл шаруашылығы тракторлары тың және тыңайған жерлерді игеру үшін пайдаланылады. Өнеркәсіптік тракторлар ауыл шаруашылығы тракторларына қарағанда ірі әрі қуатты етіп жасалады. Ол өртүрлі аспалы (бульдоzer күрегі, қар тазалағыш, экскаватор шөміші, т.б.) және тіркемелі (скрепер, грейдер, т.б.) машиналармен бір агрегатқа біріктіріліп, жер қазу, жол құрылышы, мелиоративтік, т.б. жұмыстарды орындаиды.

**ТРАМВАЙ, ТРОЛЛЕЙБУС** – қалалық көлік түрі. Ол түйіспелі (контактілі) сым арқылы келетін электр энергиясынан қуат алып, рельс жолымен қозғалады. 30 км/сағ жылдамдықпен қозғалатын дүние жүзіндегі бірінші трамвай 1881 ж. Германияда іске қосылды. Қазақстанда трамвай алғаш 1937 ж. Алматы қаласында жүре бастады. Трамвай энергияны рельстен 3–4 м биіктікте ілінген түйіскен сым арқылы алады. Ол 500–600 В тұрақты ток кернеуімен қоректенеді. Вагондарда қуаты 30–70 кВт болатын электрқозғалтқышты тартқыш орналастырылған. Трамвайдың ең үлкен жылд. 65–70 км/сағ құрайды.

Троллейбус – рельссіз жолмен қозғалатын қалалық, электрлік көлік. Троллейбус 19 ғасырдың 80-жылдарынан бастап Германияда пайдаланыла бастады (1882). Қазақстанда троллейбус алғаш рет 1944 ж. Алматы қаласында жүре бастады. Троллейбустың негізгі электрлік жабдықтарына тұрақты токтың күштік тарту қозғалтқышы, компрессор жетегі (қосалқы электр қозғалтқышы), желдеткіш пен



Трамвай көлігі



Троллейбус

генератор, жарық және сигналдық аппарату-  
ралар, ал механикалық бөліктегін трансмис-  
сия, жүрістік бөлік, басқару тетігі жатады.  
Рельстік жолды қажет етпейтіндігі, басқару-  
ға икемді болуы троллейбустың трамвайдан  
артықшылығы болса, арзан электр энергия-  
сын пайдалануы, зиянды газдың жоқтығы,  
т.б. оның автобустан артықшылығы болып  
саналады.

**ТРОПИКТЕР** – Жер шарының экваторы-  
нан солтүстікке және оңтүстікке қарай  $23^{\circ}27'$   
қашықтықта орналасқан жер бетіндегі екі  
жорымал параллель шеңбер. Экватордың сол-  
түстігіндегі тропиктер Солтүстік немесе Шаян  
тропигі, ал оңтүстігіндегі тропиктер Оңтүстік  
немесе Тауешкі тропигі деп аталады. Жазғықун  
тоқырауы кезінде (21–22 маусымда) Күн көзі  
өзінің көрінерлік жолының ең шеткі солтүстік  
нүктесінен етеді, сол күні тұс мезгілінде  
Солтүстік тропиктің бойындағы жерлерде  
Күн көзі дәл тәбеле шығады. Бұл кезде  
Жер шарының солтүстік жартысындағы ең  
ұзақ күн, ал оңтүстік жартысында ең ұзақ тұн  
болады. Қысқы күн тоқырауы кезінде (21–  
22 желтоқсанда) Оңтүстік тропиктің бойын-  
дағы жерлерде тұс мезгілінде Күн көзі тас  
тәбеде тұрады. Бұл кезде Жер шарының  
солтүстік жартысында ең қысқа күн, оңтүстік  
жартысында ең ұзақ күн болады. Тропиктер  
аралығындағы елдерде Күн көзі жылына 2  
рет дәл тәбеле көтеріледі.

**ТУНИС, Тунис Республикасы** –  
Солтүстік Африкадағы, Жерорта теңізінің  
жағалауында орналасқан мемлекет. Аумағы



Тунис қаласы



Тунистегі демалыс жағажайы

163,6 мың км<sup>2</sup>. Халқы 10,8 млн. Астанасы –  
Тунис қаласы. Әкімшілік-аумақтық жағы-  
нан 20 вилайетке бөлінеді. Халқының 98%-  
ын арабтар мен берберлер, қалған бөлігін еу-  
ропалықтар (негізінен француздар мен ита-  
лиялықтар) құрайды. Ресми тілі – араб тілі.  
Дінге сенушілердің 98%-ы – сұннит бағытын-  
дағы мұсылмандар.

Аумағының 1/3 бөлігіне жуығын Атлас та-  
улары (ең биік жері – 1544 м) мен тауаралық  
үстірт (Солтүстік және Биік Тель) алып жа-  
тыр, қалған бөлігінде қыраттар мен ойпат-  
ты жазықтар басым. Фосфорит, мұнай, темір  
кентастарының кен орындары бар.

Тунис – Африкадағы салыстырмалы түр-  
де дамыған тау-кен өнеркәсібі бар аграрлы-  
ел. Тунис экономикасының негізін мұнай,  
фосфорит өндірісі мен туризм құрайды. Ел  
аумағының 32%-ы ауыл шаруашылығына  
қолайлы. Ауыл шаруашылығының негізгі са-  
ласы – егіншілік. Бидай, қара бидай, зәйтүн  
ағашы, құрма, цитрустық жемістер, жүзім  
өсіріледі. Экспортқа тоқыма, тері, фосфорит,  
зәйтүн майын, шарап, ерте пісептің көкөніс,  
мұнай мен мұнай мұнай өнімдерін шыгарады.

**ТУННЕЛЬ, тоңнель** – инженерлік ком-  
муникацияларды төсеу үшін арнайы жүргі-  
зілген тесіп өтпе қазба. Туннель атқаратын  
қызметіне қарай темір жол, автомобиль,  
жаяу жүргіншілер жолы, гидротехникалық,  
коммуналдық (кабель тартатын, коллектор-  
лық, жылу және газбен қамтамасыз ететін,  
т.б.), тау-кен өнеркәсіптік (тау жыныстары  
мен пайдалы қазылымдарды тасымалдау, жел-  
дету, су ағызы үшін) және арнайы (қорғаныс  
жасау, ғылыми-зерттеулер жүргізу үшін) бо-

лып бөлінеді. Оның жер астында орналасқан және су астынан өтетін (каналдың, көлдің, жайма сулар мен өзендердің астынан өтетін туннельдер) түрлері болады. Тау туннелі асуды немесе жеке төбелерді тесіп өтеді, көбіне темір жол салу үшін жүргізіледі.

**ТУРБИНА** – айнымалы қозғалысқа түсетін жұмыстық тетігі (роторы) бар әрі жұмыстық дененің (бу, газ, су) кинетикалық энергиясын механикалық жұмысқа ұздіксіз түрлендіріп отыратын қозғалтқыш. Турбиналар әсер ету принципі бойынша активті турбиналар және реактивті турбиналар, құрылымына байланысты – бір сатылды және көп сатылды болып бөлінеді. Стационар бу және газ турбинасы турбогенератордың, центрден тепкіш компрессор мен аяу үрлөгіштің, қоректендіру, май және отын сорғысының жетегі ретінде пайдала-




Ас тұзын өндіру

талл атомдары не OH топтарына ауысқан қосылыстар; қалыпты жағдайда иондық құрылымдағы кристалл заттар. Тұздар ерте заманнан белгілі. 1812 ж. Я.Берцелиус тұздардың электрхимиялық теориясын құрды. Электролиттік диссоциациялану теориясы шыққаннан кейін, тұздардың суда ерігенде металл атомдары катиондарын және қышқыл қалдығы аниондарын түзетін курделі заттар екені анықталды. Мысалы,  $\text{NaNO}_3\text{Na}^{+1}\text{+NO}_3^{-1}$ . Тұздар орта, қышқыл, негіздік, қос және кешенді болып бөлінеді.

Тұздар суда ерігенде иондарға ыдырап, ерітінділері электр тогын өткізеді. Гидролиз тұрғысынан тұздар 4 топқа (күшті негіз бер күшті қышқылдан, күшті қышқыл мен әлсіз негізден, әлсіз негіз бер күшті қышқылдан, әлсіз негіз бер әлсіз қышқылдан түзілген) жіктеледі. Күшті қышқыл мен күшті негізден түзілген тұздардан  $[\text{KCl}, \text{NaCl}, \text{Ca}(\text{NO}_3)_2]$  басқасы гидролизденеді. Тұздар қышқылдармен, сілтілермен және өзара ион алмасу реакцияларына түседі, металдармен әрекеттеседі. Тұздарды алуудың 10-нан аса жолы бар. Тұздар табигатта кең таралған. Тұздар қатты (ас тұзы) және еріген күйінде көл, теңіз, мұхит сұларында, өсімдіктер мен жануарлар организмінде кездеседі. Тамақ өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында, медицинада, металлургия, шыны, т.б. өнеркәсіп салаларында, тұрмыста кеңінен қолданылады.

**ТУРАН** – Түркістан өлкесінің көне атауы. Ежелгі дәуірден жеткен мәліметтер бұл өңірде тур деп аталатын көшпелі тайпа мекен еткенін көрсетеді. «Авестада», Фердоусидің «Шаннамасында» Иран мен Тұран елінің өзара қарым-қатынасы жайлы көптеген мәліметтер бар. Тұранда түркі халықтардың арғы



Бу турбинасының сұлбасы

нылады. Көліктік бу және газ турбинасы кеме қозғалтқышы ретінде қолданылады. Сондай-ақ газ турбинасын авиациялық қозғалтқыш ретінде, кейде локомотив пен арнаулы автомобилдерде автомобилдерде де пайдаланады. Гидравликалық турбина СЭС-терде электр тогының генераторы қызметін атқарады. Турбина қазіргі кезде дүниежүзілік энергетикадан піспекті (поршеньді) бу машиналарын іс жүзінде ығыстырып шыгарды.

**ТҰЗДАР** – химиялық қосылыстар класы; қышқыл молекулаларындағы сутек атомдарының орны толықтай немесе жартылай ме-



Қызылқұм өңірі

тегінен сыр шерттін «Алып Ер Тоңға» атты дастан дүниеге келген. 6 ғасырдан бастап Тұран сөзі – тұріктер мекендейтін жер, елдің атауы.

**Тұран ойпаты, Тұран жазығы** – Орталық Азиядағы кең жазық аумақ. Қазақстанға қарасты солтүстік және орталық бөліктері шөл, шөлейт және дала белдемдерін алып жатыр. Батысында Каспий т-мен, шығысында Сарыарқаның батыс бөлігімен, солтүстігінде Торғай үстірті, өңтүстік-шығысында Тянь-Шань сілемдерімен, оңтүстігінде Қызылқұм шөлімен шектеседі. Бұл аралықта Қазақстанның барлық шөлдері жатыр. Ойпattyң басым бөлігі Тұран тақтасына сәйкес келеді. Аумағының басым бөлігінің абс. биіктіктері 300 м-ден аспайды және жас платформалық жазық саналады. Палеозойлық негізі (тұғыры) 1–6 км терендікте, көлбену жатысындағы мезо-кайнозой қабаттарының кейбір тұстары (Маңғыстау, Үстірт, Қызылқұм) жер бетіне шығып жатыр. Тақтаның төменгі қабаты құрылышынан көршілес Орал, Тянь-Шань және Сарыарқаға үқсастық байқалады. Ойпattyң



Тұран жазығы

жер бедерінде ойыстар көп кездеседі. Қазақстанның құрлық болігіндегі ең терең Қарақия ойысы (-132 м) осында. Жазық өңірлерінің (Каспий ойпаты, Арал Қарақұмы, Мойынқұм, т.б.) жер бетін шөгінді жыныстар жапқан.

**Тұран тақтасы, Тұран плитасы** – Қазақстанның батыс өңірінен орталық бөлігіне дейін және Орталық Азияны қамтып жатқан ірі тектоникалық құрылым. Тұран плитасына Қазақстан жерінде Тұран ойпаты, Үстірт, Маңғыстау және Бозаңы тубектері, Арал маңы, Оңтүстік Торғай өңірі және Орталық Азияның (Өзбекстан мен Түркіменстанның кей аймақтары және Ауганстанның солтүстік) біраз құрылымдары кіреді. Батысы Каспий теңізімен, шығысы Сарыарқа және Тянь-Шань қатпарлы өлкелерімен, оңтүстік Торғай ойысы арқылы Батыс Сібір плитасымен шектесетін 2 млн. км<sup>2</sup> аймақты алып жатыр. Тұран плитасы табанының құрылышы өте күрделі, көлденең қимасы үш түрлі құрылымдық қабаттан тұрады: қатпарлы іргетас, аралық қабат және платформалық тыс. Қатпарлы іргетас немесе кристалдық іргетас қабаты қарқынды қатпарланған және алуан түрлі интруз. массивтерді кіріктіретін кембрийге дейінгі және палеозойлық жарылымдардан құралған. Қатпарлы іргетас жарагымдары әртүрлі құрамдағы шөгінді-жанартаутекті тау жыныстарынан құралып, қалынды 8 км-ге жетеді. Иргетас жарагымдарының беткі жазықтығының терендігі әртүрлі, тек Қаратату мен Бұрқантау, Тамдытау, Құлжықтау, Сұлтан-уиз-Даг жоталары және Маңғыстау мен Туарқыр белдерінде ғана жер бетіне шыққан. Тұран тақтасының негізгі пайдалы қазбаларына мұнай мен газ кен орындары жатады. Қаратату жоталарының кембрийлік түзілімдерінде ванадий және фосфорит ірі кен орындары бар.

**ТҮТҮЛУ** – жердегі бақылаушыға Құн, Ай, планета, планета серіктері, жұлдыз төлек көрінбейтін не шала көрінетін кезеңді білдіре-тін астрономиялық құбылыс. Тұтылу бір аспан денесінің екінші денені тасалауы немесе өзі жарық шығармайтын аспан денесі көлеңкесінің сөндай екінші бір денеге түсіуі салдарын болады. Мысалы, Құннің тұтылуы оны Ай тасалағанда, Айдың тұтылуы оған Жердің көлеңкесі түскенде, планета серіктерінің тұтылуы олар планета көлеңкесіне енгенде, ал



Күннің тұтылуы


қөсжүлдyz жүйесіндегі тұтылу олардың бір-бірін тасалаған кезінде болады. Фарыш кемелерінің көмегімен Жердің Күн мен ғарыш кемесі арасына орналасуына байланысты пайды болатын Күннің тұтылуын байқауға мүмкіндік туды. Ай кеңістікке Күн мен Айдың сыртқы жанамасы арқылы түзілетін конустық көлеңке түсіреді, оның төбесі Ай орттан 368–380 мың км қашықтықта болады. Сондықтан конустық көлеңкө Айдан 363–406 км қашықтықтағы Жерге дейін жетеді. Ай көлеңкесінің Жерге түсетін диам. 270 км. Бұл – Күн толық тұтылатын ең үлкен аймақ. Осы аймақта Ай Күнді түгелдей тасалайды. Конус төбесінің арғы жағындағы аймақта бақыланған Айдың бұрыштық диаметрі Күн диаметрінен кіші болады да Ай Күн дискісінің ортасын тасалап, оның шетінен жарық сақина қалады. Мұны Күннің сақина тәрізді тұтылуы дейді. Айдың орбита бойымен қозғалуы және Жердің өз осінен айналуы салдарынан Ай көлеңкесі Жер бетімен батыстан шығысқа қарай шамамен 1 км/с жылдамдықпен жылжып отырады.

**ТҮЙЕ** – сірітабандылар отрядының бір тузы; күйіс қайыратын, жұп тұяқты, шөл және шөллейтті жерлерге жақсы бейімделген үй жануары. Түйенің екі түрі бар: дара өркешті – дромедар, қос өркешті – бактриан. Дара өркешті түйе ыстық аймақтар – Солтүстік Африка, Кіші Азия, Үндістан, Түрікменстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Әзербайжан Республикаларында кең таралған. Қос өркешті түйе қысы қатал, ауа райы шұғыл континентті оңірлерге жақсы бейімделген. Монголияда, Батыс Қытайда, Ресейдің Қалмақ Республикасында, Волгоград, Саратов облыстарында көптеп кездеседі. Қазақстанда да қазақ бактрияны тұқымы өсіріледі.

Қазақстанда өсірілетін қос өркешті қазақ түйесі тұқымының ересек үлектерінің салм. 700–900 кг-ға жетеді, жылына 10–12 кг жүн берсе, інгендерінде бұл көрсеткіштер 550–650 кг және 5–6 кг-ға сәйкес келеді. Шоқтығына дейінгі биіктігі 170–180 см. Боталары жайылымда тез жетіледі, тәулігіне 800–1100 г салмақ қосып, 2,5 жаста 350–450 кг-ға жетеді. Әр жұз інгеннен 40–45 бота алынады. 30–40 жылға дейін өмір суреті, жоғары өнімділік-бейімделушілік қасиеттері 4–25 жас аралығына сәйкес келеді. Жұмысқа 3 жасынан бастап 20–25 жылға дейін пайдалануға жарамды. 10–12 км/сағ жылдамдықта жорға жүріспен тәулігіне 100 км жүрін өте алады.



Қос өркешті түйе



Бір өркешті түйе

Түйенің сүті, еті, жұні пайдаланылады. Сүтінен емдік қасиеті бар шұбат, май, сыр, дағындалса, еті тағамға қолданылады, ал жұннің 85%-ы таза, өте бағалы түбіт.

**ТҮЙЕҚҰС** – қырсыз тәсті құстар тобы түйеқұстарізділер отрядының жалғыз өкілі. Бұл осы күнгі тіршілік ететін құстардың ішіндегі ең ірісі. Биіктігі 2,7 м, салмағы 130 кг-нан асады. Африканың саванна және шөлейтті аймақтарында тарапланған, жақсы жүгіреді (қауіп төнгенде 70 км жылдамдықпен 4–5 м жерді бір-ақ аттайды). Қауырсындары денесін біркелкі жауып жатады, оның желпуіштерінде ілмекшелері болмайдындықтан, жеке-жеке шашақталып тұрады. Қораздарының қанат қауырсындарының ұшы мен құйрық қауырсыны ақ, қалған жері қара, мекиендерінде – қоңыр сұр түсті болады. Басы мен мойнын мамық жапқан. Түйеқұстың аяқтары ұзын әрі өте мықты. Сирақтары мен жіліншіктерінде қауырсын болмайды. Сүйек ішіндегі аяқтары мен жіліншіктерінде қауырсын нашар жетілген, құйрық (шонданай) безі болмайды, ішегі ұзын, етті қарыны қалың. Жер бетіндегі екі саусағы бар бірден бір құс.

Қазіргі кезде түйеқұстарды көптеген елдерде арнайы фермаларда өсіреді. Қазақстанда алғаш рет Қостанай облысында қолдан өсіріле бастады. Қазір мұндай арнайы фермалар Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарында бар. Түйеқұстың еті, жұмыртқасы және қауырсындары қымбат бағаланады.



Түйеқұс



Тұлқи

**ТҰЛҚИ** – жыртқыштар отрядының ит тұқымдасына жататын аң. Қазақстанның барлық өңірінде кездеседі. Түсі жирен, сұрғылт сары. Құлағының сырты қара не қара қоңыр, құйрығы ұзын (ұзындығы 60 см-дей), қысқа сирақты. Жұні тығыз әрі жұмсақ. Рені жыл маусымына қарай өзгеріп отырады (түлейді): жоны мен бүйірі қебінесе сарғыш жирен, бауыры мен құйрығының ұшы ақшыл тартады. Тұрқы 70–77 см, салм. 6,5–6,8 кг. Селдір орманды ашық жерлерді, өзен-көл жағалауларын, аңыз, тау баурайларын мекендейді. Құндіз інінде жатып, түнге қарай қорегін іздейді. Өдette ұсақ жәндіктермен, қебінесе тышқандармен қоректенеді, қорегінің құрамында 300-ден астам жәндік пен ондаған өсімдік түрлері болады. Теріци бағалы аң, өсіреле, қарабурыл Тұлқінің терісі жоғары бағаланады. Кеміргіштерді жеп, ауыл шаруашылығына пайда келтіреді. Құс шаруашылығына зиян келтіреді, құтыру ауруының вирусын таратады.

**ТУРКИЯ, Түркія Республикасы** – Батыс Азияда және ішінәра Оңтүстік-Шығыс Еуропа жерінде орналасқан мемлекет. Аумағының 97%-ы Кіші Азия (Анадолы) түбегін, 3%-ға жуығы Еуропа ендігін немесе оңтүстік-шығыс Балқан түбегін (Шығыс Франция) қамтиды. Солтүстікшығысында ТМД елдерімен, шығысында Иранмен, оңтүстік-батысында Иракпен, Сириямен, солтүстік-батысында Болгария және Грекиямен шектеседі. Жер аумағы 780,6 мың км<sup>2</sup>, халқы 80,7 млн. адам. Астанасы – Анкара қаласы. Негізгі халқы түріктер. Одан басқа курдтер, арабтар, гректер, кавказ халықтары, т.б. тұрады. Сондай-ақ 2-дүниежүзілік соғыс жылдарында

тұтқында болып, кейіннен Батыс Еуропада қалып қойған, 1940–50 ж. Шығыс Түркістанда Қытай коммунистеріне қарсы құресіл, Үндістан мен Пәкстан арқылы келген және 1970–80 ж. Ауғанстандағы соғыстан бас сауғалаған қазақтар мен олардың үрпақтары тұрады (10–15 мың адам). Жергілікті халық негізінен ислам дінінің сұннит тармағын ұстанады.

Түркия – Кіші Азия мен Армян қыраттары шегінде жатқан таулы ел. Солтүстік және оңтүстік жағалаулары аз тілімделген. Батыс жағалауы шығанақты келеді. Жері батыстан шығысқа қарай 160 км-ге, солтүстіктен оңтүстікке 500–600 км-ге, ал теңізben шектесетін жағалауы 7 мың км-ге созылған. Жері негізінен таулы-ұстіртті. Солтүстігін Понтий таулары (Качкар тауы, биіктігі 3937 м), оңтүстігін Тавр тау жүйелері (Демирказық тауы, биіктігі 3726 м), шығысын Солтүстік Тавр жоталары, ішкі бөлігін Анадолы ұстірті алып жатыр.



Мармарис қаласындағы жағажай



Хачкар шыны

Түркия – аграрлы-индустриялы ел. Түркия азық-түлік өнімдерін өндіруде дербестікке жеткен өлемдегі санаулы елдердің бірі. Егіншілік – ауыл шаруашылығының жетекші саласы. Ел аумағының 33%-ын егістік алып жатыр. Оның 80%-ына дәнді дақылдар өсіріледі. Егістік алқаптың 15%-ына техникалық дақылдар (мақта, темекі, қант қызылшасы, күнжіт, зығыр) егіледі. 4,2%-ын бақ пен жүзім баулары алып жатыр. Мал шаруашылығы да жақсы дамыған. Түркия ангор ешкісінің түбітін өлемдік рынокқа шығаратын жетекші ел. Ауыл шаруашылығының ежелгі саласы – жібек тұтын өсіру сақталған.

**ТҮРКІСТАН** – тарихи-географиялық ұфым. Ол ұзақ уақыт бойы Орта және Орталық Азияның негізінен түркі халықтары мекендереген аймақтарды анықтау үшін қолданылды. Түркістан өлкесінің атауы ғасырлар бойы түркі тайпалары мен халықтарының көшпелі өмір кешуіне ғана емес, көбіне саяси жағдайларға байланысты өзгеріп отырды. 6–8 ғасырлардағы армян және парсы деректері мен Табари еңбектерінде Түркістан Өмудариядан солтүстікке, Каспий теңізі мен Оралдан, Алтай мен Қытайға дейінгі аралықты алып жатқандығы айтылады. Ал 9–10 ғасырлардағы араб географтарының еңбектерінде Түркістан деп Мауераннахдың солтүстік және шығыс жақтары немесе Сырдариядан арғы жерлер аталауды баяндалады. 10–14 ғасырларда әртүрлі түркі тайпалары мен халықтары мекендереген жерлер бірыңғай тарихи географиялық және мемлекеттік-әкімш. атауларға ие болды. Олар: Дешті Қыпшақ, Моголстан, Өзбекстан (Шығыс Дешті Қыпшақ), т.б. 14–16 ғасырлар деректерінде Түркістан аймағына Мауераннах мен Дешті Қыпшақтың аралығын-



Қожа Ахмет Иасауи архитектуралық кешені

дағы Сырдарияның орта сағасы жататындығы айтылады. Рузбекан Аркукты – Самарқанден Бұхарадан Дешті Қыпшаққа қарай шығатын жолдың бойындағы «Түркістанның алғашқы қамалы», ал Сығанақты – солтүстіктең «Түркістанның шеткі қаласы» деп пайымдайды. Демек, 14–16 ғасырларда Түркістанға Оңтүстік Қазақстан қалалары: Отыrap, Сауран, Сығанақ, Иасы, Сайрам, Аркук, Узгент, т.б. қалалардың жерлері қараған. Түркістан (жері 3 млн. км<sup>2</sup>-ден астам) Оралдан Алтайға, Каспийден Қытайға дейін, оңтүстікте Иран мен Ауғанстаннан Томск мен Тобылға дейінгі аралықты алып жатты. Ол Батыс және Шығыс бөліктерге бөлінген. Батыс бөлікке Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік, Шығыс бөлікке – Қытайдың Шыңжаң провинциясы және Ауғанстанның солтүстік аумағы қаралды. 1865 ж. Батыс Түркістан жерінде Түркістан облысы, 1867 ж. құрамында Жетісу (1882 жылға дейін) және Сырдария облыстары бар Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды. 1886 ж. генерал-губернаторлық ресми түрде Түркістан олкесі аталып, 1898 жылдан оның құрамына Закаспий, Самарқанд, Жетісу, Сырдария және Ферғана облыстары қарады. Батыс Түркістанның аумағында патшалы Ресейдің вассалдары – Хиуа хандығы мен Бұхар хандығы болды. Қазан төңкерісінен кейін Батыс Түркістан аумағында Түркістан Автономиялық Қеңестік Социалистік Республикасы (1918), Бұхар Халық Қеңес Республикасы мен Хорезм Халықтық Қеңес Республикасы (1920) құрылды. 1924–25 ж. Орталық Азия қеңестік республикаларының ұлттық-мемлекеттік жағынан межеленіп бөлінуі нәтижесінде Қазақстан, Өзбекстан, Түркімен-

стан, Тәжікстан, Қырғызия, Қарақалпақстан құрылды. Ал Шығыс Түркістан Қытай Халық Республикасының құрамында қалды.

**Түркістан**, И а с ы – Қазақстан Республикасындағы тарихи қала, Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық әкімдік аумағының орталығы. Сырдарияның оң жағалауында, Қаратау жотасының етегінде орналасқан. Халқының саны 90,3 мың адам. Қаланың іргетасы б.з. 1-мыңжылдықтың орта шенінде қаланған. Түркістанның ежелгі аты – Иасы. Түркістан Есім ханнан бастап Қазақ хандығының орталығы болды. Сол кезден Иасы қаласы Түркістан деп атала бастады. 18 ғасырда жоңғар шапқыншылығы қаланы құлдыратып жіберді. 1819–64 ж. Түркістан Қоқан хандығының қол астына қарады. 1864 ж. 11 маусымда Түркістанды Ресей әскерлері жаулап алды. 1872 жылдан уездік қала, 1928 жылдан Түркістан ауданының әкімшілік орталығы. Қалада жөндеу-механикалық, мақта тазалау, жем, кірпіш зауыттары, темір-бетон бүйімдарын шығаратын, тұрмыс қажетін өтейтін комбинаттар, т.б. кәсіпорындар жұмыс істейді. 1991 ж. «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» ашылды. 1991 ж. Қожа Ахмет Иасауи атында. Халықаралық қазақ-түрік университетінің негізі қаланды. ЮНЕСКО шешімімен Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде аталып өтілді (2000).

**ТҮРІКМЕНСТАН**, Т ү р і к м е н с т а н Республикасы – Орталық Азияда орналасқан мемлекет. Жер аумағы 448,1 мың км<sup>2</sup>. Халқы 5,2 млн. Негізгі халқы – түркімендер (77%), онан басқа өзбектер (9%), орыстар (7%), қазақтар (3%), т.б. ұлт өкілдері тұрады. Ресми тілі – түркімен тілі. Түрғындары негізінен



Түркістандагы тайқазан



Ашгабат қаласы



Копетдаг тауының сілемдері

ислам дінін үстанады. Астанасы – Ашғабат қаласы.

Орталық Азиядағы жер бедері ең жазық республика. Жерінің 4/5-і Тұран ойпатында (Қарақұм) орналасқан. Оңтүстік бөлігін Копетдаг тауының сілемдері мен тәбешіктері, оңтүстік-шығысын Паропамыз тау етегі (Бадхызың берінде Қарабел шыңы) алып жатыр.

Түркменстан – индустримальы-аграрлы ел. Газ өндіру жөнінен өлемде 4-орынды иеленеді. Өндірілген газдың 70–80%-ы экспортқа шыгарылады.

**ТЫРНА** – тырнатөрізділер отрядының бір туысы. Жер шарында кең тараған (тек Оңтүстік Америка мен Антарктидада ғана кездеспейді). Батпақты, шалғынды және далалы жерлерді мекендейді. Дене тұрқы 79–152 см, салм. 2–5 кг. Басы қауырсынды не жалаңаш, кейбір түрінің қауырсыны әдемі болады. Тұмсығы тік, цилиндр тәрізді. Аяғы төрт саусақ-



Тырна

ты, артқы саусағы басқаларынан биік, жүргенде жерге тимейді. Сирағы ұзын, жіліншігі қауырсынданбаған. Ұшып келіп-кету мезгілінде топтанады. «Сына» түзеп ұшып, дегелектер тәрізді, мойны мен аяғын созып жібереді, бірақ олардан айырмашылығы – ағашқа қонбайды. Қанаттарын жай қағып, ұзақ қалықтап ұшады. Тырнаның 14 түрі белгілі. Қазақстанда шәлді-шәлейтті аймақтарда, ірі өзендердің бойында, батпақты-сұлы жерлерде тіршілік ететін 5 түрі бар: ақбас тырна, ақ тырна, қара тырна, қызылсирақ тырна және сұр тырна (*G. grus*). Оның денесінің ұзындығы 52–66 см, салм. 4–7 кг. Түсі ақшыл сұр, қанатында, басы мен мойнында қара қауырсындары болады. Желкесінде тықыр қызыл дағы бар. Жыл құсы. Сөуір-мамыр айларында ұшып келіп, республиканың солтүстігінде, кейде оңтүстікшығысында ұялайды. Ұясын шөп арасына, кейде таяз су бетіне салады, оған 2 (сирек 3) шұбар жұмыртқа салып, оларды негізінен мекиені 1 айға жуық басады.

**ТЫШҚАН** – кеміргіштер отрядының бір тұқымдасы. Жер шарына кең тараған. 100–120 туысы, 480-дей түрі белгілі; кейбір түрі – синантропты организмдер қатарына жатады, араларында космополиттері де (егеуқұйрықтар) кездеседі. Қазақстанның барлық аймақында кездесетін 5 туысы, 9 түрі (орман тышқаны, азиялық орман тышқаны, дала тышқаны, үй тышқаны, ергежайлі тышқан, қара егеуқұйрық, түркістан егеуқұйрығы, сұр егеуқұйрық, тақта тісті егеуқұйрық) бар. Дене тұрқы 65 мм-ден (егежайлі тышқан) 274 мм-ге дейін (сұр егеуқұйрық), салм. тиісінше 20 және 800 г. Үй тышқаны мен қара егеуқұйрық тұрғын үйлерді мекендейді, кәдімгі індерді қоныстанады. Ауыл шаруашылығы



Тышқан

мен орман шаруашылығына, қоймаларға үлкен зиян келтіреді. 20-дан астам жұқпалы аурулардың (лептоспироз, туляремия, оба, т.б.) қоздырғышын таратады. Көптеген түрі генетикалық-популяциялық және этологиялық зерттеулердің нысаны және лабораториялық жануарлар (егеуқұйрық, т.б.) болып саналады.

**ТИҚШАҚ** – көтеру күшін бір не бірнеше ауа винті тудыратын, тік көтеріліп, тік қона алатын ауадан ауыр ұшу аппараты. Алғашқы кезде бұл аппараттар «автожир», «геликоптер» деп аталған. Тікұшақтың бірден тік көтерілу, тік қону, бір орында қалықтап тұру, вертикаль осыпен кез келген бағытқа бұрылыш ұшу мүмкіндігі бар. Көтергіш винттің реактивті моментін теңестіру төсіліне қарай тікұшақ сынар винтті (көтергіш реактивтік жетегі бар), қос винтті (ортақ осыті тікұшақ, бұрамалары көлденең орналасқан) және көп



Тікұшақ

винтті болып бөлінеді. Кез келген тікұшақтың сұлбасы ұшақ планерінен (фюзеляж, шасси, басқару органдары, электр, радио және навигациялық жабдықтар, т.б.), көтергіш күш тудыратын винттер жүйесінен, қозғалтқыш қондырғысынан, жетектен (трансмиссия) тұрады. Сынар винтті механикалық жетекті тікұшакта бұлардан басқа құйрық винті жөне оны басқаратын жүйе болады. Тікұшақтардың жылд. 350 км/сағ-қа, жүк көтергіштігі 40 т-ға, ұшу алыстығы 2000 км-ге дейін жетеді.

**ТЯНЬ-ШАНЬ**, Тәңіртау – Азияның орталық бөлігіндегі аса ірі тау жүйесі. Тянь-Шаньның орталық бөлігі Қыргызстанға, солтүстік және батыс жоталары Қазақстанға, оңтүстік-батыс шеті Өзбекстан мен Тәжікстанға, шығыс бөлігі Қытайға қарайды. Батыстан

шығысқа қарай 2500 км-ге созылып жатыр, ені 400 км. Тянь-Шань. солтүстігінде Борохоро жотасы арқылы Жетісу Алатауымен, оңтүстігінде Алай жотасы арқылы Памир тау жүйесімен түйіседі. Солтүстік шекарасы ретінде батыста Іле аңғары, Мойынқұм, шығыста Жоңғар жазығы алынаады. Оңтүстік шекарасы шығыста Тарим қазаншұңқырына сәйкес келеді. Ең биік жері – Жеңіс шыңы (7439 м.). Тянь-Шань ендік жоталар мен оларды бір-бірінен бөліп жатқан тауаралық ірі қазаншұңқырлардан тұрады. Орографиялық құрылышы жөнінен Солтүстік, Орталық, Батыс, Шығыс және Оңтүстік бөліктерге бөлінеді. Солтүстік Тянь-Шань Кетпен, Құнгей Алатау, Іле Алатауы, Қырғыз Алатауы мен Шу-Іле тауларынан тұрады. Солтүстік Тянь-Шань жоталары 4,5 мың м-ден биік: Теріскей Алатауы (5218 м), Іле Алатауы (4973 м), Қырғыз Алатауы (4875 м). Кейбір жоталар тауаралық қазаншұңқырларда доға тәріздес иіліп орналасқан. Батыс Тянь-Шаньға Ферғана, Талас Алатауы мен одан таралатын Өгем, Піскем, Шатқал жоталары және Қаратау жатады. Батыс Тянь-Шань жоталары бірте-бірте солтүстік-батысқа қарай 4,5 мың м-ден 2,5–2 мың м-ге дейін аласарады. Ферғана аңғары Батыс және Оңтүстік Тянь-Шаньды бір-бірінен бөледі. Орталық (Ішкі) Тянь-Шаньға солтүстіктің Үістықкөл қазаншұңқырынан оңтүстік-батыста Ферғана қазаншұңқырына, оңтүстік-шығыста Көкшаал-Тоо жотасына дейінгі аралық кіреді. Бұл бүкіл тау жүйесінің ең биік бөлігі. Әсіресе, оның шығыс бөлігі барынша биік (Жеңіс шыңы – 7439 м, Хан Тәңірі – 6995 м). Орталық Тянь-Шаньға сырт деп аталағын беті белесті, 3000–4000 м биіктікте жатқан, жан-жағы биік жоталармен қоршалған тау қыраттары тән. Оңтүстік Тянь-Шань Алай, Түркістан, Зерафшан және Гиссар жоталарынан тұрады.



Тянь-Шань тауы



## УӘЛИХАНОВ Шоқан

(Мұхамедханағия) Шыңғысұлы [қараша, 1835, бұрынғы Құнтимес, Аманқарағай округінің орталығы (қазіргі Қостанай облысы) – 10.4.1865, Алтыннемел, Алматы облысы] – қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы, шығыстанушы, тарихшы, этнограф,

фольклортанушы, суретші. Омбы кадет корпусын бітірген (1853). Петербург университетінің тарих-филология факультетінде лекция тыңдаған. Арғы аталары – Абылай, Үәли хандар. Әжесі Айғанымның тәрбиесін көрген. Құсмұрындағы мұсылман мектебінде бастауыш білім алды. Шоқан осы мектепте оқып жүріп өлең, жыр, аңыз әңгімелерді оқуға және хатқа түсіруге машықтанды. Халық мұрасын жинауды қолына алған әкесіне көмектесе жүріп, «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу», «Едіге» жырларының нұсқаларын хатқа түсірді. Шоқан жасынан араб, шағатай тілдерін, кейінірек Орталық Азиядағы түркі тілдерін меңгерді. 1847 ж. қыркүйекте әкесі Омбыға алып келіп, Омбы кадет корпусына оқуға орналастырды. Ол алғырылығы арқасында орыс тілін аз уақыт ішінде тез меңгеріп, барлық пәннен өз әріп-тестерінен алда болды. Ш.Уәлихановтың рухани өсуіне кадет корпусының мұғалімдері, білімді орыс офицерлері елеулі ықпал жасаған.

Кадет корпусын 1853 жылы он жеті жасында бітірген Шоқан Батыс Сібір генерал губернаторының кеңесінде қызметке қалдырылады. Бір жылдан кейін Батыс Сібір мен Қазақстанның солтүстік шығыс аудандарын басқаратын генерал губернатор Гасфортың

адьютанты болып тағайындалады. Осы қызметті атқара жүріп, ол Орта Азия халықтарының тарихын, этнографиясы мен географиясын зерттеуге белсене араласады.

1855 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторымен бірге Семей, Аягөз, Қапал арқылы Алматыға дейін келіп қайтады. Осы сапарында қазақ, қырғыз, ауыз әдебиетінің үлгілерін, тарихы мен этнографиясының материалдарын жинай жүреді. Бұл материалдар негізінде кейін ол «Тәңірі (құдай)», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбектер жазады. Сол сапардан кейін оның әскери лауазымы бір сатыға жоғарылап, поручик шенін алады.

1856 жылы полковник М.М.Хоментовский басқарған әскери-ғылыми Үстықкөл экспедициясына қатысып, қырғыз елін жете зерттейді. Қырғыздар мен Ұлы жуз қазақтарының тарихы, этнографиясы жайлы мәліметтер жинаиды, ауыз әдебиетінің нұсқаларын жазып алады. Әлем ғалымдары арасында тұңғыш рет «Манас» эпосының бір бөлігі – «Қөкетай ханның ертегісі» жырын жазып алады. Бұдан кейін Құлжа қаласында болып, оның қорытындысында Шығыс Туркістанның өткені мен бүгіні туралы зерттеулер жазады. Осы сапарларда жинаған материалдарды ол «Жонгария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қазақтың халық поэзиясының түрлери туралы», «Үстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы» атты еңбектерін жазуға пайдаланады. Тарих, география саласында да жетін, жиырма-



Ф.М.Достоевский мен Ш.Уәлихановтың ескерткіші. Семей қаласы

дан жаңа асқан жас Шоқанды Орыс География қоғамының толық мүшесі етіп сайлайды.

1858-1859 жылдардағы Шоқанның Қашқарияға сапары ғалымдық, ағартушылық саласындағы еңбегінің жаңа белеске көтерілуіне жол ашты. Қашқария ол кезде Ресей тарапынан зерттелмеген өлкे болатын. Саудагер ретінде Қашқарға құпия барған Шоқан, өлкенің экономикалық саяси құрылымын зерттеп, оның тарихы мен этнографиясынан көптеген материалдар жинаиды. Қашқар сапарынан «Алтышаңардың, яғни Қытайдың Нанлу уәләятының шығыстағы алты қаласының жайы» атты еңбегі дүниеге келді.

Қашқар сапарынан кейін Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің арнайы шақыруымен Петербургте келіп, сонда бір жылдай тұрып ғылыми жұмыстармен айналысады. Алайда туберкулез ауруы мендегендіктен Петербургтен елге, Сырымбетке оралады. 1864 жылы наурыз айында Шоқан полковник Черняевтің шақыруымен Өулиеата жорығына қосылады. Бірақ ол, полковник Черняевтің Өулиеатаны (қазіргі Таразды) алу кезінде шәһар халқына жасаған жауыздығын көріп, наразылық танытып, кейін қайтады. Верный (қазіргі Алматы) қаласына келін, одан өрі Тезек төренің ауылында (Күреңбел жайлауы, Алтынемел асуының күнгейі) тұрақтап қалады. Сонда Тезектің немере қарындасы Айсарыға үйленеді. Сөйтіп жүргенде ескі өкпе ауруы қайта қозып, Шоқан 1865 жылдың сөүірінде қайтыс болады. Оның сүйегі Алтынемел тауының баурайындағы Көшентоган деген жерге қойылады.

Алматыда, Қекшетауда, Семейде, Алтынелде Ш.Үәлихановтың мұсіндік ескерткіштері орнатылған. Тарих және әтнология институтына, Қекшетау мемлекеттік университетіне, Алматыдағы бір көше мен мектепке, Ақмола облысының бір ауданына Ш.Үәлиханов есімі берілген. Сүйегі жатқан Алтынемелде (Алматы облысы) мемориалды кешен орнатылған. Фылым саласындағы жетістіктері үшін ғалымдарға Ш.Үәлиханов атындағы сыйлық белгіленген.

**УКРАИНА, У краина Рес публикасы – Шығыс Еуропада орналасқан мемлекет. Жер аумағы 603,7 мың км<sup>2</sup>. Халқы 45,5 млн. Елде украиндар (73%), орыстар (22%), поляктар (1%), қырым татарлары, т.б. халық-**



Ел астанасы Киев қаласы

тар тұрады. Ресми тілі – украин тілі. Христиан дінінің православие және католик тармағы кең тараған. Астанасы – Киев, ірі қалалары – Харьков, Одесса, Днепропетровск, Донецк, Львов, Мариуполь.

Украина жері негізінен Шығыс Еуропа жазығының оңтүстік-батыс шетін алып жатыр. Оңтүстік жағында Қырым таулары, оңтүстік-батыс бөлігінде Украина Карпаты орналасқан.

Ірі су артериясы – Днепр өзені (Припять, Десна, Сула, Псел, Ворскла, т.б. салаларымен) республика жерін солтүстіктен оңтүстікке қарай кесіп өтеді.

Украина – индустриялы-аграрлы ел. Ауыр өнеркәсіп, тамак, жеңіл өнеркәсіп, көлік салалары, көп салалы ауыл шаруашылығы дамыған. Тас көмір (Донецк, Львов-Волынь бассейндері), қоңыр (Днепр бассейні) көмір, мұнай және табиғи газ, темір кентасы өндіріледі. Қара металлургия – шойын, болат, прокат қорытады. Алюминий, титан, магний, мырыш, сынап алатын түсті metallurgия көсіпорындары бар. Машина жасау өнеркәсібінде ауыр, транспорттық, ауыл шаруашылығы, ста-



Карпат тауындағы серуен

нок жасау және электртехникалық салалары басым дамыған.

**УЛЬТРАДЫБЫС** – тербеліс жиілігі жоғары болатын серпімді толқын. Жиілігі  $10^9$ – $10^{13}$  Гц аралығында болатын ультрадыбыс гипердыбыс деп аталады. Ультрадыбыстың жиілік аймағын: төменгі ( $10^4$ – $10^5$  Гц), орташа ( $10^5$ – $10^7$  Гц) және жоғары жиіліктегі ( $10^7$ – $10^9$  Гц) үш диапозонға бөліп қарастырады. Бұл диапазондардың әрқайсысы өздерінің генерациялық ерекшеліктерімен, әдістері, таралуы және қолданылуымен сипатталады. Адам құлағы ультрадыбыстың қабылдамайды. Кейбір жануарлар (жарқанаттар, балықтар, жәндіктер, т.б.) ультрадыбыстың өздері шығаруға әрі қабылдай алуға қабілетті. Ультрадыбыстың тербелістер жел, су құламасы, жағаға соққан теңіз толқындарының шуылышында, моторлар, станоктар мен ракеталық қозғалтқыштардың жұмысы кезінде пайда болады.

Жоғары қарқынды ультрадыбыс (негізінен төменгі жиіліктегі диапазон) техникада қолданылады, мұнда ультрадыбыстың көмегімен алюминий бүйімдарды дәнекерлеуді, жіңішке өткізгіштерді металл пленкаларға және шалаөткізгіштерге тікелей пісіріп қосуды, полимерлік пленкалар мен синтетикалық маталарды біріктіруді жүзеге асыруға болады.

Медициналық тәжірибеде әртүрлі диапазондық жиіліктегі ультрадыбыс терапиялық және хирургиялық емдеу мен диагноз қоюда қолданылады. Ультрадыбыстың көмегімен ішкі органдар мен олардың бөліктері, ісіктер,



Ультрадыбыстық медициналық аппарат

қан үюнының, бөгде денелердің, тастардың, т.б. өлшемдерін негұрлым дәл анықтайды. Ультрадыбыстық зерттеулер кең таралып, медицинаның хирургия, офтальмология, акушерлік іс пен гинекология, онкология, спорттық және ғарыштық медицина тәрізді салаларында да қолданыс тапты.

**УРАН** – элементтердің периодтық жүйесінің III тобындағы радиоактивті химиялық элемент, атомдық номері 92, атомдық масасы 238,03; *актиноидтар* тобына жатады. Табиғатта 3 радиоактивті изотопы бар. Уранды алғаш 1789 ж. неміс химигі М. Клапорт (1743–1817)  $\text{UO}_2$  (қос totық) түрінде, ал металдық уранды 1841 ж. француз химигі Э.Пелиго (1811–90) алған. Уран сұр түсті, жұмсақ, оңай өндөлетін металл. Оның үш аллотропиялық түр өзгерісі бар. Уранның балқу  $t = 1134^\circ\text{C}$ , қайнау  $t = 4200^\circ\text{C}$ , тығыздығы  $19,04 \text{ г}/\text{см}^3$  (-U). Уран химиялық активті, көптеген металдармен әрекеттесіп қорытпалар, интерметалдықосылыстар түзеді. Ауа, бөлме температурасында баяу тотығады температура  $150^\circ\text{C}$ -тан жоғарылағанда тотығуы тездейді. Урандың құрамында 0,05–0,5% ураны бар уран кентастарынан алады. Ол үшін  $\text{U}_3\text{O}_8$ -ді (химиялық концентрат)  $\text{HNO}_3$ -те ерітіп, аффинаждап, нәтижесінде алынған ерітінділерді уранның ядролық таза оксидтеріне айналдырады. Оксидтерді сутекпен  $\text{UO}_2$ -ге дейін тотықсыздандырып, фторсүтекпен өндейді. Алынған  $\text{UF}_4$ -ті металдық кальций немесе магниймен тотықсыздандырады. Кесек түріндегі уранды вакуум пештерінде тазартады. Уран атом энергиясын өндіруде, атом электр стансаларында, металлургияда, т.б. көптеген техникалық салаларда қолданылады.



Уран минералы



оны қорғаушыдан алып кетуі тиіс. Берікті ұстаған қорғаушы келесі ойыншыны бөрікпен ұрып дәл тигізсе, ол «ұрушыдан» қашушыға айналады.

**Тобық жасыру.** Сақтыққа, үқыптылыққа баулитын ойын. Бұған екі адам қатысады. Ертеректе мұны қайнысы мен жеңгесі, балдызы мен жездесі, құрбы қыздар мен жігіттер ойнаған. Шарты: екі ойыншының өзара келісімі бойынша тобықты біреуі жасырады да, екіншісі қай уақытта және қандай (немесе кез келген) жағдайда сұрайтынына уәделеседі. Белгілі мерзімде тобықты сұрағанда, жасыруши өз бойынан (қалтасынан, саусақтарының арасынан) алып берсе ұтқаны, ал тауып бермесе ұтылғаны. Келісім бойынша ұтқан адам бәске тігілген затын алады.

**Тұтқын алу.** Ойыншылар тен екі топқа бөлінеді. 1-топтың ойыншылары тізбекке тұрып, бір-бірлеп: ал-алай, бұл-алай, сол-алай деп әндептіп, 2-топ жасаған «қолқөпірдің» астынан өте бастайды. Ал «көпір» жасаушы жақ олардың әрқайсысына бір-бірден тас немесе бас киім ұстараты да, атын айтқызады. Бұлардың есіміне өздері шырқаған әндегі «ай» қосылады. Мысалы, Нұрқан-ай, Алтын-ай, Күміс-ай. Егер есімін қосылып айта алса, көпірден өтеді, айта алмаса оның көзін таңып «тұтқынға» алып, өз тобына қосады. Осылай қолға түскен «тұтқындар» топ ортасында өнер көрсетеді. Ойын шарты бойынша әр ойынши ең аз дегендегі бір реттен ортаға шақырылады.

**Түйілген орамал.** Ойын жүргізуі «бір, екі, үш» деп дауыстағанда, ойыншылар жанжакқа бытырап кетеді. Оның біреуінің қолында түйілген орамал болады. Ойын жүргі-



Кекпар



Кыз қуу

зуші соны қуалайды. Ал ойыншылар орамалды бір-біріне лақтырып, құғыншының қолына тигізбеуге тырысады. Орамалмен ұсталған ойынши көпшіліктің үйгариуымен ортаға шығып, өнер көрсетеді.

**Түйе-түйе.** Ойыншылар екі топқа бөлінеді. 1-топтың адамдары – адамдары – бірі інгенде, қалғандары боталар. 2-топтың ойыншылары ойын жүргізуісінің әмірімен жан-жакқа бытырайды да, інгеннің боталарын бір-бірлеп ұрлайды. Барлық ботадан айрылған інген боздал, қайғылы, зарлы да мұнды өн шырқайды, сөйтіп, «қарақшы» топқа тап болады. Осы кезде ойыншылардың барлығы бір жерге жиналады. Ботасын ұрлаған «қарақшылар» қалай қарсы алғандығына қарай інген оларға жаза қолданады. Бұдан кейін інген мен боталардың орнына өзге адамдар шығады да, ойын жалғаса береді.

**ҰЛЫБРИТАНИЯ, Британия, Ұлыбритания** мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі – Еуропаның солтүстік-батысында, Британ аралдарында (ені – Ұлыбритания), Ирландия аралының солтүстік-шығыс бөлігі мен ұсақ аралдарда орналасқан мемлекет. Құрлықтан Ла-Манш (Ағылшын каналы) және Па-де-Кале (Дувр) бұғаздары арқылы бөлінген. Аумағы 244, 11 мың км<sup>2</sup>. Халқы 62,7 млн., астанасы – Лондон. Халқының 80%-ына жуығы ағылшындар, 15%-ы шотландтықтар, уэльстіктер (валлиялықтар) мен ирландтықтар, 5%-ға жуығын Британ Достастығы елдерінен келген иммигранттар құрайды. Ағылшындар англикан мемлекеттік шіркеуді нанымдарын ұстанса,

шотландтықтардың басым бөлігі – пресвитериандар, ирландтықтар, негізінен католиктер, қалғандары ислам, т.б. діндерді ұстанады. Ұлыбританияда халықтың 89,4%-ы қалаларда тұрады. Iрі қалалары: Ұлкен Лондон, Бирмингем, Лидс, Глазго, Шеффилд, Брадфорд, Ливерпуль, Эдинбург, Манчестер, Бристоль. Ұлыбритания 4 әкімшілік-саяси бөліктен (тарихи ұлттық облыстардан) тұрады. Мән аралы мен Норманд аралдары дербес әкімшілік аймақтарға жатады. Бұған қоса Ұлыбританияның иеліктері: Еуропада – Гибралтар, Америкада – Ангилья, Бермуд аралдары, Британдық Виргин аралдары, Кайман аралдары, Монтсеррат, Теркс пен Кайкос, Фолкленд (Мальвин) аралдары, Африкада – Әулие Елена аралы, Океанияда – Питкәрн аралы бар.

Ұлыбританияны Атлант мұхитының Солтүстік және Ирланд теңіздері, Ла-Манш, Па-де-Кале, Солтүстік және Қасиетті Георг бұғаздары қоршап жатыр. Ұлыбритания су ресурстарына бай. Ең ірілері – алаптары бір-бірімен шектесетін Северн (310 км) мен Темза (334 км) өзендері. Темза өзенінің Ұлыбритания экономикасындағы маңызы зор. Оның алабында бүкіл ел халқының 1/5 бөлігі тұрады. Өзендердің көпшілігі бір-бірімен каналдар арқылы жалғастырылған. Солтүстік-батыс Шотландия мен Уэльстің қысқа, бірақ мол сулы өзендері электр қуатын өндіруге пайдаланылады.

Ұлыбритания – жоғары дамыған өнеркәсіпті ел. Өндеуші өнеркәсінің жетекші саласы – машина жасау. Қөліктік машина жасаудың (женіл, жүк автомобиль, автобустар) орталықтары – Бирмингем, Конвентри, Ұлкен Лондон, Лутон. Ұлыбританияның табиғи



Ел астанасы Лондон қаласы



Карнуолл түбегі

жағдайлары егіншіліктен гөрі мал шаруашылығының дамуы үшін неғұрлым қолайлы. Сүтті, етті-сүтті ірі қара, шошқа, етті қой, құс өсіру дамыған.

**ҰЛЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АШЫЛУЛАР**, Ұлы географиялық жаңалықтар – 15 ғасырдың соңы мен 17 ғасырдың ортасы ара-лығында европалық саяхатшылардың жаңа жерлерді, құрлықтар мен аралдарды, мұхиттар мен теңіздерді, аса маңызды теңіз жолдарын ашу кезеңі. Бұл кезең тарихқа Ұлы географиялық ашылудар заманы деген атпен енді. Жаңа жерлердің көптеп ашылуы Еуропадан Оңтүстік және Шығыс Азия елдеріне теңіз жолдарын іздеумен тікелей байланысты болды. Мұндай ізденістің басты себептері: 15 ғасырдың ортасына қарай европа елдерінде өнеркөсіп пен сауданың мықтап өркендеуі, Еуропаны Шығыс Азиямен байланыстыратын құрлық жолын және кеме қатынасы өркендереген Жерорта теңізінің шығыс жағалауын түріктердің басып алуды, ашық мұхитқа шығып, алысқа жүзе алатын берік кемелердің жасалуы, ғылым мен техниканың жаңдануы бұған қолайлы жағдай туғызды. Ұлы географиялық ашуларды сол кезде күшті дамыған елдер – Португалия мен Испания бастады. 1488 ж. Б.Диаш Африканың оңтүстік шетіндегі Қайырлы Үміт мүйісіне жетті. Португальдардың бұл саяхаттары Ұлы географиялық ашылудардың бастамасы болды. Олармен бәсекелес испандықтар Шығыс Азияға апаратын теңіз жолын батыстан іздеуге тиіс болды. Орта ғасырларда ежелгі дүние ғалымдарының Жерді шар тәріздес деген ұмытылған пікірі қайта жаңдана бастаған еді. X.Колумбтың осы пікірге негізделін



Желкенді кемелер

ұйымдастырылған экспедициясы 1492 ж. Американы ашты. Оның 4 саяхатының (1492–1504) нәтижесінде Орталық Америкадағы Багам, Улкен Антиль және Кіші Антиль аралдары, Оңтүстік Американың солтүстік жағалауы ашылды. 1497–99 ж. португал теңізшісі Гама (Васко-да-Гама) Африканы оңтүстігінен айналып өтіп, Үндістанға апаратын теңіз жолын ашты. 1497 ж. ағылшын теңізшісі Джон Каботт Үндістан мен Қытайға Солтүстік теңіз жолын іздеу кезінде Нью-Фаундленд аралдарына және Лабрадорға жүзіп барып, Солтүстік Американы ашуды бастады. X.Колумбтан кейін испан және португал теңіз саяхатшылары Оңтүстік Американың бүкіл солтүстік және шығыс жағалауларын 25° оңтүстік ендікке дейін барлады. А.Веспуччи Америка құрлығының жағалауларына бірнеше рет жүзіп барып, оны жаңа дүние ретінде сипаттап жазды. Магеллан және оның серіктепі Атлант мұхитынан жол тауып, Тынық мұхитқа өтті, оナン әрі дүние жүзін айналып шықты (1519–1522). 16 ғасырдың ортасында Ұлы географиялық ашулар заманының бірінші кезеңі аяқталды.

16 ғасырдың 2-жартысынан 17 ғасырдың 2-жартысына дейін созылған екінші кезеңнің басында Шығыс Азия елдеріне Еуразияның және Солтүстік Американың солтүстік жағалауын айналып жүретін теңіз жолын (Солтүстік-шығыс және Солтүстік-батыс жолдарын) іздеуге байланысты географиялық ашулар жасалды. Еуропадан Үндістан мен Қытайға баратын Оңтүстік теңіз жолдары Испания мен Португалияның қолында қалғандықтан жаңадан өркендереп келе жатқан Англия мен Голландия теңіз жолын басқа жақтан, солтүстіктен іздеуге мәжбүр болды. Солтүстік-батыс жолды іздеу барысында Американың арктикалық бөлігінің аралдардан тұратыны анықталды. Ағылшындар мен голландттар Баренц және Кара теңіздерінде жүзіп Ямал түбегіне дейін жетті. 16 ғасырдың соңы мен 17 ғасырдың 1-жартысында орыстар көптеген географиялық жаңалықтарға қол жеткізді. Орыс казактары бас-аяғы 50 жылдай уақытта Оралдан (1584) Тынық мұхитқа дейін (1639) жетті. 1639 ж. И.Москвитиннің отряды Охота теңізінің жағалауына шықты. 1644–45 ж. В.Поярков Амурды бойлап, оның сағасына дейін барды. Көп үзамай-ақ Е.Хабаров 1647–51 ж. Амур өлкесіне бірнеше жорық жасады. 1648 ж. С.Дежнев пен Ф.Попов

Азияның солтүстікшығыс жағалауын бойлай жүзін, Азияны Америкадан бөлетін бұғазды ашты. Осы ашылуармен бір уақытта француздар (С.Шамплен, Э.Брюле, т.б.) Солтүстік Американың ішкі бөлігіне өтіп, Аппалачтың солтүстігін, Ұлы көлдерді ашты. 1641–43 ж. А.Тасман Австралияны айнала жүзіп, Жаңа Зеландияны және бірнеше топаралдарды ашты.

Ұлы географиялық ашулар нәтижесінде адамдардың Жер туралы түсінігі түбекейлі өзгерді. Картага «Ескі Дүниеге» қосымша жаңа дүние бөліктепі – Америка мен Австралия, Жер шарындағы ең үлкен – Тынық мұхит, көптеген аралдар, теңіздер мен бұғаздар енді. Жердің шар тәрізді екендігі түпкілікті дәлелденді. Жер бетінде ежелгі ғалымдар ойлағандай құрлық емес, судың басым екендігі анықталып, біртұтас дүниежүзілік мұхит ұғымы қалыптасты. Ұлы географиялық ашулар түрлі ғылым салаларын дамытуға негіз салумен бірге әлем елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал жасады. Жаңа ашылған жерлердегі елдерді жаулап алу әлемдік отарлау үрдісіне бастама берді.

**ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ** – Еуразия құрлығындағы сауда, керуен жолдарының жалпы атауы. Ол біздің заманымыздан бұрынғы 2 ғасырдан б.з. 16 ғасырға дейін Орталық Азия арқылы Қытайды Алдыңғы Азиямен байланыстыруды. Қытайлық саяхатшы Чжан Цяньның «Батысқа» саяхаты нәтижесінде біздің заманымыздан бұрынғы 2 ғасырда ашылды. Еуропа әдебиетінде алғаш рет 1877 ж. К.Рихтгофеннің «Қытай» атты еңбегінде бұл сауда жолы Ұлы Жібек жолы деп аталған болатын, сол уақыттан бері тарихи әдебиеттерде осы атау қалыптасып кетті. Сюннулармен (ғұндар) соғысқа өзірленіп жатқан Хань императоры У-ди біздің заманымыздан бұрынғы 138 ж. Чжан Цянь деген елшісін сюннулармен жауласуышы даюәчжи (массажет) тайпасын іздеуге аттандырды. Ол тайпа сюннулардан жеңіліп, Ганьсудан әрі батыс жаққа қоныс аударды. Жол-жөнекей Чжан Цянь сюннулардың тұтынына түсіп, одан 10 жылдан соң қашып шығып, өзінің сапарын Орталық Азия жерінде жалғастырады. Ол саяхат барысында Даванъда (Ферғана), Канцюеде (Өмудария мен Сырдарияның үштасар жері) болып, бір жылдай Дася (Бактрия) жерінде тұрған. Жергілікті саудагерлерден Чжан Цянь

Шенінду (Үндістан) және батыстағы алыс елдер жайлары, соның ішінде Аньси (Парфия), Ферғана мен Орта Азияның басқа да елдері туралы және бұл аталған елдердің Қытайды «Жібек елі» деп білетінін, саудагерлер бұл елдерге Қытайдан жібек маталар әкеліп сатынын білді. Әлемге әйгілі Ұлы Жібек жолының аты осыдан келіп шықкан. Уақыт өткен сайын Ұлы Жібек жолының тармақтары әртүрлі климаттық жағдайларға және саяси өзгерістерге байланысты жаңарып отырды. Ұлы Жібек жолының пайда болған алғашқы кезеңінде Шығыс Түркістан арқылы Оңтүстік және Солтүстік дейтін екі үлкен тармағы болған. Ұлы Жібек жолының ең ұзын тармақтарының бірі Орта Азия мен Қазақстан жері арқылы Мерв пен Хорезм алқаптарынан Сарыарқаны кесіп өтіп, Памир мен Тянь-Шаньды, Алтай мен Қаратаудың асуларынан өтіп, Мургаб, Өмудария, Сырдария және Шубоймен өрі қарай бет алған. 5–6 ғасырларда жаңа тармақ пайда болып, сауда керуені Хами арқылы Ыстықкөлді жағалай Талас арқылы Өмудария мен Жайыққа жеткен. Бұл жолдан басқа Шығыс Түркістан мен Жетісү арасындағы керуен жолы Ақсудан шығып, Бедел асуы арқылы Ыстықкөлге дейін жеткен қысқа жол ашылды. Сондай-ақ Түрфан аумағынан Алмалыққа келетін керуен жолы да болған. Осы жолдар арқылы Қытайдың Орталық Азиямен сауда байланысы нығайып, одан әрі осы мемлекеттердің Еуропамен және Таяу Шығыспен қарым-қатынасы күшейді. Ұлы Жібек жолы біртұтас сауда жүйесіне айналып, соның әсерінен оның бойында қалалар салынды, қолөнер өндірісі дамыды. Айырбас сауданың орына тауар-ақша қатынасы пайда болып, Өрталық Азия елдері төл ақша монеталарын шығарды. Ғасырлар бойы Ұлы Жібек жолы арқылы сау-



Ұлы Жібек жолындағы керуен-сарай

дагерлер, миссионерлер саяхат жасап, осы са-парлар нәтижесінде түрлі байланыстар орна-ды. Ұлы Жібек жолы Орталық Азия жерінде 14 ғасырдың аяғына дейін өмір сүрді. Бұл аймақтағы Ұлы Жібек жолына 14 ғасырдың аяқ кезінен бастап Ақсақ Темірдің құрған им-периясы бақылау орнатты. Осы кезеңде қа-лалар күйреп, мәдениет дағдарысқа ұшыра-ды. Осы уақыттан бастап бұл жердегі саяси дағдарыстар, соғыстар қалалардың күйреуі-не, мәдениеттің құлдырауына әкелді де құр-лықтағы сауда жолының маңызы біртіндеп жойыла бастады. 15 ғасырда Қытай мен Еу-ропа арасындағы теңіз жолының ашылуы Ұлы Жібек жолының маңызын жойды. Қазіргі кезде Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту әреке-ті халықаралық деңгейде қолға алына баста-ды. Оның бір мысалы ретінде, көп бөлігі Қазақстан аумағы арқылы өтетін Батыс Еуропа-Батыс Қытай автомобиль жолын атауға болады.



**ҰЛЫҚБЕК** (лақап аты), шын есімі Мұхаммед Тарагай (22. 3.1394, Султания қаласы, қазіргі Иран – 27.10.1449, Самарқанд қаласы) – Темір мемлекетінің билеушісі, түркі халықтарынан шыққан ұлы астроном әрі матема-тик, Темір Темірдің немересі. Ұлықбек Ор-талық Азия халықтарының ғылымы мен мәдениетін бүкіл дүние жүзіне танытуда зор еңбек сінірді. Оның балалық шағы Мауераннахрда, атасы Темір Темір әскери жорықтар жүргізген кезеңге тура келді. Темір Темір Ұлықбекті өзімен бірге жорықтарға алып жү-ріп, тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді. Ұлықбек-ті білімді де тәжірибелі ғалымдар тәрбиелеп, әртүрлі ғылым негіздерімен таныстыруды. Ұлықбек араб және парсы тілдерін жақсы меңгерді, көп уақытын атасының бай кітап-ханасында өткізді. Темір қайтыс болғаннан (1405) кейін оның әулеті арасында билік үшін құрес басталып, саяси тұрақсыздық күшейді. Бұл күрестің нәтижесінде 1409 ж. Хорасан мен Мауераннахрда екі мемлекеттік бірлестік пайда болды. Орталық Герат қаласы болған Хорасанға Шахрух, орталық Самарқанд

болған Мауераннахрға 15 жасар Ұлықбек билік жүргізе бастады. Ұлықбек атасы Темір Темір сияқты басқыншылық соғыстар жүргізген жоқ. Оның әскери жорықтары орталық өкімет билігін әлсіретуге тырысқандарға қарсы бағытталды. Ұлықбекке үлкен ұлы Абдуллатиф, кейіннен кенже ұлы Абдулазиз саты-қындық жасады. 1449 ж. күзде Абдуллатиф басқалармен бірігіп, Ұлықбекке қарсы жорық-қа аттанды. Абдуллатифтің дінбасылармен ке-лісіп, уәделесуі бойынша Ұлықбек Самарқанд тубіндегі қыстақта зұлымдықпен өлтіріліп, Самарқандқа жерленді.

Ұлықбек – әйгілі астрониялық мектеп үйим-дастырып, өз заманындағы теңдесі жоқ обсер-ваторияның негізін салды. Ұлықбек обсервато-риясының ең басты еңбегі – «Зидж-и-Жиди Гургани» («Ұлықбек Зиджі»). Бұл ғалымдардың Ұлықбектің басшылығымен жүргізген ұжымдық еңбегі. Ол төрт бөлімнен тұрады: құнтізбелер туралы, уақыт өлшеу жөнінде, ғаламшарлардың қозғалысы, астрономиялық басқа да мәліметтер. Астрономиялық мұндай маңызды деректермен бірге 1018 жүлдыздың орны көрсетілген каталог жасалды. Ұлық-бектің астрономиялық еңбектері 18 ғасырдан бастап Еуропа ғалымдарына кеңінен мәлім болды. Ұлықбек пен оның шәкірттері жасаған жүлдыздар каталогы 1665 ж. Оксфордта ба-сылып шықты. Ұлықбек түркі тілінде Шың-ғыс хан мен оның мұрагерлері билеген мемле-кеттердегі 13 ғасыр мен 14 ғасырдың 1-жар-тысындағы саяси жағдайлар жөнінде тари-хи еңбек жазған. Әдебиетпен, музыкамен шұ-ғылданып, өлеңдер жазды. Араб және пар-сы тіліндегі көптеген шығармаларды шағатай (ескі түркі) тіліне аударды. Ұлықбектің кі-тапханасында ғылымның әртүрлі салаларына арналған 15 мыңнан аса кітап болды.




Ұлықбек медресесі

Ұлықбек медресесі – Самарқанд қаласындағы Регистан ансамблі құрамына кіретін сөүләт өнері ескерткіші (1417–20). Ұлықбек медресесі ғимараты шаршы жоспарда ( $81 \times 56$  м) тұрғызылған. Оның өсем аркалы (биіктігі 16,5 м) қасбеті еңселі порталмен көмкеріліп, Регистан алаңына қарапан. Ішкі ауланы екі қабат һижра (шәкірттер тұратын бөлмесі) үйлері жиектей орналасты. Һижралар саны – 56 (қазір тек астынғы қабаты ғана сақталған). Аула ортасында ашық галереялы айуаны бар. Медресеге кіре беріс бұрышта күмбезді 2 дәрісхана, төріне таман күмбезді қысқы мешіт орналасқан. Дәрісхана төбесін көмкерген 4 күмбез бен һижра үйлерінің үстіңгі қабаты, медресенің төрт бұрышындағы алып мұнараның біреуі сақталмаған. Ұлықбек медресесі құрылышының әрбір бөлшегі бір-бірімен өзара жарасымды үйлесім тауып, оған жасалған өсем нақыш (мәрмәр жолақ, алуан тұрлі жұлдыздар, геометриялық өрнек, т.б.) медресе ғимаратына салтанатты сипат береді. 20 ғасырда қирап бітуге айналған Ұлықбек медресесі ғимаратын

қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуі нәтижесінде халық иглігіне айналды. Ұлықбек медресесі кезінде Орталық Азиядағы ең ірі оқу орны болған. Онда теологиямен қатар астрономия, философия, математика ғылымдарынан дәріс оқылды.


Ұлықбек обсерваториясы, Ұлықбек ресітханасы, 15 ғасырдың 30-жылдары Самарқандта Ұлықбек салдырған. Ұлықбек обсерваториясы өзіне дейінгі Батыс және Шығыс елдері обсерваторияларының дәстүрлері негізінде салынған. Оның биіктігі төбесіне дейін есептегенде 30–35 м, диаметрі 46 м-ден асатын, дөңгелек пішінді үш қабат үй болғандығы археологиялық зерттеулер нәтижесінде анықталған. Мұнда телескоп ойлап табылғанға дейінгі негізгі аспап-құралдар – радиусы 40,2 м мәрмәрдан жасалған секстант, Күн және астрономиялық сағаттар, әртүрлі бұрыш өлшегіш дәлдігі жоғары құралдар болған. Аспаптың градустарға бөлінген төменгі бөлігі ғана сақталған. Аспап ені 2 м, терендігі 11 м шамасындағы орга орнатылып, негізгі бөлігі жер бетіне шығып тұрған. Бұлардың көмегімен бұрын мүмкін болмаған көптеген астрономиялық бақылаулар (экватордың эклиптикаға көлбесінде, прецессияның, жыл ұзақтығының дәл мәндерін табу, т.б.) жүргізілген.

**ҰЛЫ ҚЫТАЙ ҚОРҒАНЫ** (қытайша Ваньли чанчэн – он мың шақырымдық қамал) – Қытайдағы ежелгі қорғаныс құрылышы. Ұлы Қытай қорғанының құрылышы Қытай тарихындағы Чуньцю («Көктем және күз» біздің заманымыздан бұрынғы 770–476 ж.) және Чжанъго («Жауласқан патшалықтар» біздің заманымыздан бұрынғы 475–221 ж.) заманында салына бастаған. Ол кезде Хуанхэ алқабында жеті шағын патшалық жеке-дара өмір сүрді. Олар өздерінің солтустігіндегі ғұн және дунху сияқты көшпелі тайпалардан қорғану үшін өз шекараларына қорғаныс қамалдарын тұрғыза бастады. Біздің заманымыздан бұрынғы 221 ж. тұңғыш император Цинь Шихуанди өзге алты патшалықтың басын біріктіріп, біртұтас Қытай империясын құрды. Ол әр патшалық тұрғызған үзік-үзік қорғаныс қамалдарын бір-біріне жалғастырып салдырды. Оның ұзындығы 5000 км-ге жетті. Хань империясы заманында қорған-қамалдар шығыста Ляодун түбегінен батыста Линъятоға (қазіргі Ганьсу провинциясының жерінде)



Ұлықбек обсерваториясының сақталған бөлігі

дайін жеткізілді. Қорғаныс қамалдарының бұзылып, бұлған жерлерін Қытайды билеген әрбір патшалық жөндеп, қалпына келтіріп отырды. Әсіреле Мин әuletі солтүстігіндегі көршілері – шұршіттер (маньчжур) мен моңғолдардан қорғану үшін сол заманың ең озық техникасын пайдалана отырып, биік тау жоталары мен шатқалдарына және шөл далада дайін қорғаныс қамалдары мен бекіністерін салдырып, қорғанды ұзарта түсті. Шығыста Бохай теңізінің жағасындағы Шанъхай-гуань бекінісінен батыста Ганьсу провинциясындағы Цзяюйгуань бекінісіне дайін созылып жатқан қорғаның жалпы ұзындығы 10000 км-ге жетті. Ұлы Қытай қорғанының бүгінгі күнге дайін бұлғанбей жеткен 5000 кмден астам бөлігі сол Мин дәуірінде жөнделіп, жаңадан тұргызылған. Мұның негізгі бөліктерінің орташа биіктігі 7–8 м, табанының ені 6,5 м, үстіңгі жағының ені 5,8 м. Қорғаның үстінде әр 100 м сайын 2–3 қабаттан тұратын қарауыл мұнарасы салынған. Онда гарнизон сарбаздары тұрган, әрі қару-жарап, оқ-дәрі сақталған. Екі жарым мың жылдан астам тарихы бар Қытай қорғаны адамзаттың сәулет өнері тарихындағы ғажайып кереметтердің бірі. Ол Қытай тарихында белгілі дәрежеде әскери қорғаныстың және Ұлы Жібек жолындағы сауда-саттық байланысында қауінсіздік рөлін атқарды. Алайда солтүстіктеңі қошпелі жауынгер халықтарға ол ешқандай тосқауыл бола алған жоқ. Ғұндар, түріктер, қидандар, моңғолдар мен шұршіттер (маньчжурлер) қорғаннан өтіп, Қытайды бірнеше рет жауап алды. Олар Қытай жерінде Вэй (табғаш), Ляо (қидан), Юань (моңгол), Цинь (маньчжур) империяларын құрып, Қытайды қоپтеген ғасыр биледі. 1961 ж. ҚХР




Ұлы Қытай қорғаны

үкіметі қорғаның қоңырауын қайта қалпына келтіріп, мемлекет қорғауына алды, ал 1987 ж. ол адамзаттың мәдени құндылығы ретінде ЮНЕСКО-ның бүкіл әлемдік мәдениет және табигат ескерткіштері тізіміне кіргізілді.

**ҰЛЫТАУ** – Сарыарқаның батысында, Қарағанды және Қостанай облыстары аумағында орналасқан ұсақ шоқылы аласа таулар жүйесі. Оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 360 км-ге созылған. Жер бедері сатылы болып келеді. Орташа абс. биіктігі 400–600 м, орталық қырқалы бөлігінде аласа таулар 800–1000 м-ге көтерілген. Ең биік жері Ұлытау (1131 м) мен Едіге (1063 м) таулары ортасында орналасқан.

Ұлытаудан батысында – Қараторғай, Сарыторғай, Үлкен Жыланшық, Дұлығалы Жыланшық, Қарғалы, Байқоңыр, Қурайлы, ал шығысында – Каракенгір, Жезді, Жыланды, Күмода өзендері бастау алады.

Ұлытау – ежелгі тарихи өлкө. Ұлытауды адамдар ерте кезден бастап мекендеген. Ұлытаудың аты ежелгі грек тарихшысы Геродот, ортағасырлық саяхатшы Плано Карпини, т.б. батыс, шығыс тарихшылардың еңбектерінде, орыс, қытай саяхатшыларының жазбаларында аталады. Мұнда тас дәуірінің ескерткіштері молынан кездеседі. Қаракенгір өзені жағасындағы Дүзен кесенесіне жақын орналасқан тас дәуірінен қалған шеберхана Қазақстандағы ең ірі ескерткіш болып саналады. Тас ғасырының Жетіқоңыр ескерткіші, қола дәуірінің ескерткіштері – елді мекендер, мазарлар мен бегазы-дәндібай мәдениеті кесенелері, ежелгі патша өuletтері жерлен-



Ұлытау етегі



ген Айбас дарасы, Үйтас-Айдос, Ақоба, Талдысай обалары зерттеушілер назарында болса, Қорғасын обалары мен Терісаққан жағасындағы Қараоба 2,5 мың жылды қамтиды. Ұлытауда Мұртты обалар көп сақталған. Ежелгі ғұн, түркі, оғыз-қыпшақтар мәдениетінің ізі осы жерде ұшырасады. Балбал сомтастар ернегінің қатары кей жерлерде 250 м-ге жетеді. Ұлытауда бұдан 3 мың жыл бұрын жергілікті тайпалар мыс, қалайы, күміс, алтын өндеген. Аң аулау бейнелері, ежелгі адамдардың дүниетанымын танытатын суреттер Теректі әулие, Зыңғыртас, Арғанаты таулары жартастарында, Байқоңыр, Тамды, Жанғабыл, Жетіқызы өзендерінің бойында бар. Ұлытау арқылы Ұлы Жібек жолының «Сарысу» немесе «мыс жол» аталған негізгі тармақтарының бірі өткен. Аңыз бойынша алаш жұртының негізін қалаушы алғашқы билеушісі болған Алаша хан күмбезі Кеңгір өзенінің бойында тұр. Бұл өлке орта ғасырларда Дешті Қыпшақ аталған. Оның аумағы кейіннен қыпшақтардың, қимақтардың, оғыздардың ірі рулық бірлестіктері арасында бөліске тускен. 13 ғасырдың 1-жартысында Ақ Орда билеушілері Орыс хан, т.б. Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы хан Ұлытауды тұрақты қоныс өткен. Шыңғыс Еуропаны тізе бүктірген Бату өзені жорығын осы жерден бастаған. Ұлытау жеріндегі Шыңғыс хан ұрпақтарымен байланысты сөүлет ескерткіштеріне – Жошы хан, Болған ана күмбездері, Құтлық Темір, Келінтам мазарлары жатады. Ұлытау жерінде Алтын Орда билеушілері Едіге мен Тоқтамыс та болған. Әмір Темір де осы өлкеде болып, Алтыншоқы тауында тасқа қашап белгі қалдырған. Қасым хан 1510 ж. Ұлытауда Шайбаниге соққы берді. Әйгілі Тәуке ханды үш жұз өкілдері Ұлытауда хан сайлаған. Абылай ханның ордасы да Ұлытауда болған. Кетбұғы, Барак, Қөшім, Әбліқайыр, Ақжол, Қазыбек, Төле, Әйтеке билер, Бөгенбей, Қабанбай, т.б. тарихи тұлғалардың әмірлері Ұлытаумен тікелей байланысты. Сондықтан да Ұлытау – қасиетті жер, қазақ бірлігінің бастауы атальып келген. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарында өлкенің онтүстік-шығысындағы шатқалда қазақ руларының біріккен күші алғаш рет жоңғарларға тойтарыс берді. Содан бері осы жер Қалмаққырылған деп аталады. Ұлытау жері патшалық-отаршылдық саясатқа қарсы Қенесары Қасымұлы бастаған үлт-азаттық көтерілістің орталығы болды.

**ҮЙКЕЛІС** – 1) сыртқы үйкеліс – бір-бірімен тиисетін екі қатты дененің салыстырмалы қозғалысы кезінде сол денелердің жанасу нүктесінде пайда болатын механикалық кедергі. Қарастырылып отырған дененің салыстырмалы қозғалысына қарсы бағытталған кедергі күші үйкеліс күші деп аталады. Сыртқы үйкеліс – денелердің электрленуі, бұлінуі және жылу бөлінуі арқылы өтетін процесс. Қозғалған денелердің арасында пайда болатын үйкеліс кинематикалық үйкеліс деп аталады. Бір дененің екінші деңе бетімен қозғалу сипатына қарай кинематикалық үйкеліс сырғанау және домалау үйкелісі болып бөлінеді. Беті майланбаған денелердің арасындағы үйкеліс құрғақ үйкеліс деп, ал беті майланған денелердің арасындағы үйкеліс сұйықтық үйкеліс деп аталады. Қунделікті әмірде, техникада үйкелістің пайдалы немесе зиянды әсерімен санасуға тұра келеді. Пайдалы болған жағдайда оны ұлғайтуға, ал зиянды болса мейлінше кемітуге ұмтылады. Әртүрлі машиналар мен механизмдерде атқарылатын жұмыстың біраз бөлігі үйкеліс күшін жеңуге жұмсалады. Үйкелісті азайту майлау және сырғанау үйкелісін домалау үйкелісімен алмастыру арқылы жүзеге асырылады. Үйкеліс күшінің табиғаты осы кезге дейін толық зерттелмеген. 2) ішкі үйкеліс – қатты, сұйық және газ тәрізді денелер формасының бұзылуы кезінде өтетін процестер мен механикалық энергияның пайдасыз шығынына (яғни денелердің ішкі энергиясына түрленуіне) себепші болатын процестер. Сұйықтар мен газдардағы ішкі үйкеліс тұтқырлық деп аталады.

**ҮЙРЕК**, үй үйректері – қазтәрізділер отряды, үйректер тұқымдасына жататын құстар. Шамамен біздің заманымыздан 1000 жыл



Үй үйрегі

бұрын Еуразия, Солтүстік Африка, Солтүстік Америкада жабайы барылдауық үйректі қолға үйрету арқылы шығарылған. Үйректердің ең көп тараған түрлері: пекин үйрегі, мәскеудің ақ үйрегі, мускусты үйрек, үндінің жүйрік үйрегі, т.б. Пекин үйрегінің басы үлкен, жалпақ, мандайы шығыңқы, тұмсығы қызығылт-сары, сәл имектеу, арқасы кең, шоқтығына қарай биіктеу, тұлғасы кең әрі ұзын, сирағы қысқа әрі жуан, қауырсыны ақ, дениесінің түсі сарғылт болып келеді. Оның мекиенінің салмағы 3,0 кг, аталығы 3,5 кг, 9 апталық балапанының салмағы 2,5 кг тартауды. Жасы 6–8 айға жеткенде жұмыртқалай бастап, 7–8 айдың ішінде 80–120 жұмыртқа табады. Балапан шығымы 75%.

**ҮЙСІН МЕМЛЕКЕТІ**, Үй сін Ордасы, біздің заманымыздан бұрынғы 2 ғасыр – б.з. 6 ғасырларда Қазақстан жерінде өмір сүрген. Жетісу, Іле аймақтарында және Үстіккөл өнірінде орналасқан. Шекаралары батысында Шу, Талас өзендеріне, шығысында Тянь-Шань-ның шығыс атырауларына, солтүстігінде Балқаш көліне, оңтүстігінде Үстіккөлге дейінгі аумақты алып жатты. Үйсіндердің арғы тегі біздің заманымыздан бұрынғы 1-мыңжылдықтағы Қытай жазбаларында «Кунь уй», «Кунь ронг» («Құн бұратаналары», «Құн жабайылары») деп аталып, олардың Тәңір (Тянь-Шань) тауының батысында көшпелі тіршілік еткені айттылады. Біздің заманымыздан бұрынғы 4 ғасырдағы жазбаларда «Үйсін әuletі жабайылары» («Усунь ронг») деп аталса, біз-

дің заманымыздан бұрынғы 2 ғасырға тән де-ректерде «усунь» деп жазылған. Қазіргі тарих ғылымында үйсіндерді түркі тілдес этникалық топ, монгол тілдес халық болған деген көзқарас басым. Жалпы үйсін (усунь) сөзі – «үйису», «топтасу», ынтымақтасу» деген мағынаны білдіреді. Үйсіндер біздің заманымыздан бұрынғы 2 ғасырда Ғұн империясы құрамындағы шағын ел ретінде Шығыс Тянь-Шань өнірін мекендеген. Кейіннен батысқа қарай қоныс аударып, Іле өзені бойы, Жетісу өлкесіндегі тайпаларды оңтүстік-батысқа қарай ығыстырыды. Осылайша тәуелсіз Үйсін мемлекеті пайда болды. Мемлекеттің астанасы Қызыл аңғарда орналасқан – Чигу (Шығу) қаласы болды. Патшасы қытай деректері бойынша «гуньмо» – «Құнби» деп аталған. Үйсін мемлекетінде ел басқарудың 9 дәрежелі жүйесі қалыптасты, билікке мұрагерлік тәртіп орнатылды. Әлеуметтік қарым-қатынастар заңдар арқылы реттелді, күшті, үйымдақан өскери болды. Тұтін саны 120 мыңға, халқы 630 мыңға дейін жетті. Әскерлерінің жалпы саны 189 мың болып, қытайлар үшін «Батыс өлкедегі ең күшті мемлекет» саналды. Халқының негізгі шаруашылығы – мал өсіру. Әсіресе, жылқы мен қой шаруашылығы жақсы дамыды, үйсін байларында орта есеппен 4–5 мыңнан жылқы болған. Біздің заманымыздан бұрынғы 30-жылдары күнби жайылымдық жерлер мен қоғамдық тәртіпті заңмен қорғау тәртібін енгізді. Бастапқыда Үйсін мемлекеті ғұндармен қалыпты қарым-қатынаста болды. Бірақ Хань патшалығының ғұндарды жеңіп, батысқа бет алу өрекеті үйсіндерді қытайлармен тығыз байланыс орнатуға мәжбүр етті. Қытайлар ғұндарды түбегейлі жойып жіберу мақсатында батыста жатқан елдерден одактастар іздеуге кірісті. Қытайлар біздің заманымыздан бұрынғы 119 ж. Ү. м-не Чжан Цянь бастаған елшілік жіберді. Үйсін күнбі Хань патшалығының өзара қуда болып, ғұндарға қарсы бірігіп соғысу жеңіндегі ұсынысын қабылдамады. Алайда бас елшігіне бірнеше жылқы тарту етін, оған өз елшілерін қосып, Қытай елін барлап келуге жіберді. Бірақ осы оқиғаны пайдаланған ғұндар Үйсін мемлекетіне қысым көрсете бастады. Ғұндардан қаймықтан үйсіндер біздің заманымыздан бұрынғы 108 ж. Хань патшалығына 1000 жылқы қалың мал беріп, Си-Гюань (Шижун) ханшаны алып, қытайлармен ресми саяси-дипломатиялық байланыс орнатты.



Өз кезегінде ғұндар да үйсіндермен құдаласып, құнбиге бір қызын берді. Біздің заманымыздан бұрынғы 71 ж. қытайлар ғұндарға қарсы 150 мыңдық әскермен шабуыл жасағанда, үйсіндер оларға 50 мыңдық әскермен қолдау көрсетті. Нәтижесінде Ғұн империясы да, Үйсін мемлекеті де өлсіреді. Осы таластартыстың салдарынан Үйсін мемлекеті барынша әлсіреп, Орталық Азиядағы өзінің саяси ықпалынан айрыла бастады. Дегенмен, көп ұзамай Хань патшалығы мен Орталық Азия арасындағы байланыс мұлдем нашарлап кетті. Үйсіндер мен қытайлардың Вэй, Цзинь (Жин) патшалықтары арасындағы қарым-қатынастар 3–5 ғасырларда елшіліктер алмасумен ғана шектелді. 5 ғасырда жужандар мен аварлардың Орталық Азия елдеріне жасаған шапқыншылығы Үйсін мемлекетін түбекейлі ыдыратты. Олар 6 ғасырдың орта шенінде жаңадан құрылған Түрік қағандығына бағынды.

**ҮКІ** – жапалақ тәрізділердің бір туысы. Жер шарында Австралия мен Антарктидан басқа барлық құрлықтарды мекендейтін 12 түрі белгілі. Қазақстанның далалық, шөл, шөлейтті аймақтарында, жазық пен таулы алқаптың адам аяғы жетпеген жерлерінде тіршілік ететін 1 түрі – кәдімгі Y. (Bubo bubo) бар. Денесінің ұзындығы 46–72 см, салм. 2300 гай. Қанаты сарғыш түсті, қара қоңыр қауырсындар араласқан. Бірден көзге түсетін белгілері – құлақ қауырсындары шоқтана орналасқан, бас пішіні дөңгелек. Бір жерді тұрақты мекендейді. Наурыз–сәуір айларында, үяларын жерге, жартастардың қуысына, ағаш

басындағы басқа ірі құстардың бос үяларына салады. Ұядагы 2–5 жұмыртқаны мекиені 1 айдай басады. Жұмыртқа басып жатқан мекиеніне қоразы жем тасиды, балапандарын екеуlep асырайды. Балапандары үяда 3 айдай болады, содан кейін өз бетінше тіршілік етеді.

Үкіні халқымыз қасиетті, айбатты және киелі құс деп есептейді. Оның қауырсының ұлттық киімдерге, домбыраға тағады. Ертеде үкіні құрметті кісілерге тарту етіп, оның орнына басқа тұліктерді алу рәсімі болған. Халқымыздың ауыз әдебиетінде үкігө байланысты даналық ұғымдар, ақыз-өңгімелер, теңеулер, жұмбақтар жиі кездеседі.

**ҮНДІСТАН**, Үндістан Республикасы – Оңтүстік Азиядағы мемлекет. Гималай тауларынан оңтүстікке қарай Оңтүстік, Оңтүстік-Батыс Азия елдерін Еуропа және Африкамен байланыстыратын маңызды теңіз және әуе жолдарының торабында жатыр. Аумағы 3,3 млн. км<sup>2</sup> (Лаккадив, Андаман және Никобар аралдарын қоса есептегендеге). Астанасы – Дели (Нью-Дели) қаласы. Халқы 1 млрд. 221 млн., оның 72%-ы шығу тегі жағынан үндіарийлер, 25%-ы дравидтер (негізінен оңтүстікте тұрады), 3%-ы – монгол тектестер. Халқының  $\frac{9}{10}$  белгін ірі ұлттар: хиндустандықтар (31%-дай), бихарлықтар, бенгалдықтар, телугулар, маратхилер, тамильдер, гуджараттар, малаялилер, каннаралар, ориялар, пенджабдықтар, раджастандар, ассамдықтар, кашмирліктер, т.б. құрайды. Діни қурамы: индуизм дініне табынатындар – 80,3%, мұсылмандар – 11%, христиан дініндегілер –




Үкі



Дели қаласындағы Лакшими-Нарайан храмы





Нангарпарбат тауы

4%-дай, сикхтар – 2,8%, т.б. Ресми тілдері – хинди және ағылшын, сондай-ақ штаттарда 18 тіл ресми болып есептеледі. Халық Инд-Ганг ойпатындағы аудандар мен теңіз жағалауларында тығыз, солтүстіктері таулы және шолді аудандарда сирек қоныстанған. Халқы негізінен ауылды жерлерді мекендейді. Сондықтан табиғиөсіміжогары Қалатұрғындары халықтың 28%-ын құрайды. Ірі қалалары: Калькутта, Бомбей (Мумбаи), Дели, Ченнаи (Мадрас), Бангалор, Ахмадабад, Хайдара-бад, Пуна, Канпур, Нагпур, Джайпур, Лакхнау.

Үндістан негізінен Үндістан түбегін, Гималай мен Қарақорымның бір бөлігін, Инд-Ганг жазығының шығыс бөлігін, Бенгал шығанағы мен Арабия теңізіндегі бірнеше аралдар тобын қамтиды. Ел аумағының  $\frac{3}{4}$  бөлігі – жазықтар мен үстірттер. Үндістанды түгел дерлік Декан таулы үстірті алып жатыр. Теңіз жағалаулары негізінен аласа, құмдауыт, аз тілімденген. Кеме тоқтайтын қолайлы орындар аз, сондықтан көптеген ірі порттар өзендер жағасына (Калькутта) орналасқан немесе жасанды жолмен салынған (Мадрас). Ірі өзендері: Ганг, Инд, Брахмапутра, Годавари, Кришна, Нарбада, Маханади, Кавери. Олардың көшілігінің егіншілік үшін маңызы зор.

Үндістан – аграрлы-өнеркәсіпті ел. Негізгі табиғи ресурстары: тас көмір, темір, мыс, хром кентастары, боксит, алтын, марганец, мырыш, қорғасын, мұнай, табиғи газ, алмас. Ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің 60% егіншілік үшін жыртылады. Құріш, бидай, тары, майлы дақылдар, кофе, шай, қант құрагы, мақта өсіріледі. Ірі қара мал, ешкі, қой, шошқа, түйе, құс өсіру дамыған. Сыртқа шай (дүние жүзінде бірінші орын алады), кофе, балық, темір мен болат, тері, тігін бұйымда-

рын, киімкешек, асыл тастар, қолмен тоқылған кілемдер, күрделі техника, химия өнеркәсібі өнімдерін шығарады.

**ҮСТИРТ** – батыста Маңғыстау түбегі мен Қарабұғазкөл шығанағы, шығыста Арал теңізімен Әмудария атырауы аралығын алып жатқан дөңесті аймақ. Оңтүстік-батыстан солтүстік-шығыс бағытта 550–600 км-ге созылған, ені 300–400 км. Ауданы 200 мың км<sup>2</sup>. Үстірттің орташа биіктігі 150–200 м, оңтүстік-батысындағы ең биік жері 341 м (Мұзбел жоны). Тұран ойпатында орналасқан, геологиялық құрылымы ұқсас. Үстірттің солтүстік бөлігі мен шығыс бойлықтың 56°-қа дейінгі батыс бөлігі Қазақстан аумағына кіреді (Маңғыстау облысы), қалғаны Өзбекстан жерінде.

Үстірт төңірегіндегі жазықтан тік жарлы кемер бойынша көтерілген және үсті жалпақ, жазық дөң күйінде. Үстірт жазығында аласа жондар және оларды бір-бірінен бөліп жатқан ойыс, ойпаттар кездеседі. Үстірттің орталық бөлігінде Қарабауыр жоны бар. Ең ойыс жерлерін сор басқан, мысалы, солтүстігіндегі Қаратүлей, Жауынқұдық, Асмантай-Матай, Қосбұлақ ойыстарында, оңтүстігіндеғі Ассеке-Аудан ойысында сор басқан ойпаттар көп. Орталық, шығыс, оңтүстігінде әк-тас, гипстің суда еруінен пайда болған ұзындығы 5–25, тереңдігі 1–2 м үңгірлер (Балауық үңгірі), қазаншұңқырлар кездеседі. Үстіртте өзен, тұщы көл тіпті жоқ, бірақ ауыз суға, жер суландыруға жарамды жер асты суының мол қоры анықталды. Үстірт көктемде, жазда, күзде мал жайылымы, қойнауында мұнай мен газдың мол қоры анықталған.



Үстірт. Маңғыстау бөлігі



Фарфордан жасалған ыдыс-аяқ

**ФАЙЛ** – компьютердің сыртқы жадында – магниттік дискілерде, таспаларда белгілі бір атаумен аталып, өңдеу, тасымалдау кезінде бір тұтас күйде қаастырылатын екілік сандар түрінде жазылған ақпарат тізбегі. Файл компьютердегі мәліметтерді сақтаудың негізгі бірлігі болып табылады. Біртекті мәліметтер жиынын сақтау үшін бөлінген сыртқы жадының атаулы аймағы да файл деп те аталады, себебі файлдар дискілерде сақталып, қажет болған жағдайда ғана компьютердің жедел жадына жүктеледі. Мәтіндік құжатты, бағдарлама мәтінін, мәліметтер жинағының жүктелетін модулін, графикалық ақпаратты, т.б. да файл деп атайды. Әрбір файлдың сипаттамасы немесе қасиеттері ретінде оның аты, ішіндегі мәліметтерге байланысты типі, көлемі (байтпен берілген), жазылған немесе түзетілген мерзімі, уақыты және қорғалу қасиеті болады. Сыртқы құрылғыларда мындалған файлдар сақталады. Оларды іздең табуды жеңілдету үшін ортақ қасиеттеріне қарай топтастырып, өзіндік аты бар бумаларда немесе каталогтарда сақтайды. Файл аттары кез келген әріптермен белгіленеді, ал олардың типтері ағылшын тілінің қысқартылған сөздерінен тұрады, мысалы, сурет.tif, мәтін3.txt, хаттар.doc, т.б.

**ФАРФОР** – су мен газды откізбейтін тығыз ақ түсті керамикалық материал. Фарфор өндіру ісі 6–7 ғасырларда Қытайда пайда болған. Еуропада 16 ғасырдан құрамында каолині жоқ жұмсақ фарфор өндірілді. Фарфордың су сіңіру шамасы 0,5%-дан аспайды. Негізгі құраушылары:  $\text{SiO}_2$  (74,8–75,2%),  $\text{Al}_2\text{O}_3$  (19,3–21,1%),  $\text{K}_2\text{O}$  (2,7–4,4%). Шыны тәрізді және кристалды (муллит, кварц немесе корунд) құйлери бар. Фарфор саз, коалин, кварц және

дала шпаты қоспасын жоғары температурада ( $1280^\circ\text{C}$ – $1450^\circ\text{C}$ ) күйдіру арқылы алынады. Оның екі түрін ажыратады: қатты (50%-ға жуық шыны тәрізді күйден) және жұмсақ (50%-дан жоғары). Соңғысы құрамындағы  $\text{Na}$ ,  $\text{K}$ ,  $\text{Ca}$ ,  $\text{Mg}$  оксидтері мөлшерінің көптігімен, өте тәмен механикалық, терм. және электр оқшаулағыштық қасиеттерімен ерекшеленеді. Фарфордың механикалық беріктілік, температураға қышқылдарға тәзімділік, электр оқшаулағыштық, т.б. қасиеттері жоғары. Соңдықтан ол тоттануға тәзімді химиялық қондырығыларды, жоғары сапалы ыдыстарды, көркем, сәндік, электртех., радиотех. және санитарлық-тех. бүйімдарды жасау үшін пайдаланылады.

**ФАУНА** – белгілі бір аумақта мекендейтін не Жер тарихының белгілі бір кезеңінде тіршілік еткен барлық жануарлар түрлерінің жиынтығы. Сондай-ақ фауна үгымы кейде жануарлардың жеке жүйелік топтарының (тип, класс, отряд, т.б.) жиынтығын да білдіреді (мысалы, ихтиофауна, орнитофауна,



Алтайдагы маралдар

т.б.). Әрбір аумақтың фаунасы әртүрлі фауналық жануарлар кешенінен құралады.

Қазақстанның қазіргі фаунасы төрттік кезеңде қалыптасқан әртүрлі фауна кешендерінен (тайга, орман, дала, шөлейт, шөл, палеотропиктік, т.б.) құралады, жергілікті түрлермен қатар шеттен келген түрлер де көп. Республика фаунасы балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар, сұтқоректілердің түрлеріне бай. Республика жерінен көптеген қазба жануарлар табылды. Әр аймақтың өзіне тән фаунасы бар. Орманды далада: қоян, бұлан, елік, құр, кекілік, т.б.; далада: суыр, дала шақылдағы, саршұнақ, дуадақ, безгелдек, қараторғай, т.б.; шөл мен шөлейтте: ақ бөкен, қарақұйрық, қосаяқ, құмтышқан, жылан, улы өрмекші, қаракүрт, т.б.; тауда: арқар, таутеке, марал, құну, қоңыр аю, барыс, ұлар, жылқышы, т.б. мекендейді. Табиғи факторлар мен адам әрекеті салдарынан республика фаунасы да елеулі өзгерістерге ұшырады. Тек төрттік кезеңдің өзіндеға на Қазақстан жерінде түйекұс, орман пілі, Мосбах жылқысы, жабайы есек, Мерке мүйізтұмсығы, алып түйе, байырғы елік, жалпақ мандайлы бұлан, Шетензаки бизоны, Хозар мамонты, тарпан, мамонт, семсер тісті жолбарыс, жүндес мүйізтұмсық, тур (жабайы сиыр), үңгір аюы, үңгір арыстаны, т.б. жойылып кетті. Сирек кездесетін, саны өте аз жануарлар қорғауға алынған.

Қазіргі кезде Жер бетінде жануарлардың 1,5 млн-нан астам түрі белгілі, жыл сайын 10 мыңға жуық жануарлар түрі анықталады.

**ФИЛИППИН, Филиппин Республикасы – Оңтүстік-шығыс Азиядағы мемлекет.** Ел аумағы 7107 аралдан (ірілері – Лусон, Минданао, Самар, Негрос, Палаван, Панай, Миндоро, Лейте, Себу, Бохоль, Масбате) тұрады. Оның 800-ге жуығында адамдар тұрады. Жер аумағы 300 мың км<sup>2</sup>. Халқы 105,7 млн. адам, 100-ге жуық ұлттар мен ұлыстардан құралған. Ең ірілері – висайялықтар, тагальдар, локналар, илоктар және 1 млн-нан астам қытайлықтар. Халықтың 90%-ы христиан дінін (оның католик бағытын), 7%-ы ислам дінін, 3%-ы буддизмді, қалғандары жергілікті наным-сенімдерді ұстанады. Ресми тілдері пилипино (филиппин) және ағылшын тілдері. Ел 77 провинцияға бөлінеді. Астанасы – Манила қаласы.



Филиппин аралдары – туристердің демалатын орны

Филиппин аралдарының жағалаулары қатты тілімденген. Архипелаг солтүстікten оңтүстікке қарай 1800 км, батыстан шығысқа қарай 1100 км-ге созылып жатыр. Елдің шығыс және солтүстік-шығысын Тынық мұхиттың Филиппин теңізі, батыс және солтүстік-батысын Оңтүстік Қытай теңізі, оңтүстігін Сулавеси теңізішайып жатыр.

Филиппин – жылдам дамып келе жатқан аграрлы-индустриялы ел. Ауыл шаруашылығындағы басты саласы – егіншілік, дақылы – күріш (егістік алқаптың 90%-ынан астамы). Негізінен жылына 2 рет өнім жиналады. Қант қамысы, жүгері, темекі, көп жылдық кокос пальмасы, ананас плантациялары бар. Мал шаруашылығы – ауыл шаруашылығының қосалқы саласы. Мүйізді ірі қара (оның ішінде буйвол), шошқа, ешкі, құс (үйрек-тауық) өсірледі. Балық аулау жақсы дамыған. Ағаш дайындау, тамақ, химия, мұнай өндеу, металлургия, машина жасау, ауыр өнеркәсіп орын-



Манила қаласы



Хельсинки қаласы

дары, экспорттың тұтыну тауарларын шығаратын, металл өндіу зауыттары, автомобиль құрастыру, фосфат, азот тыңайтқыштары, резинатехникалық (шина), металлургиялық кәсіпорындар бар. Туризм дамыған. Сыртқа қант, кокос пальмасы өнімдерін, ағаш және тақтай, мыс концентраттарын, түсті және қара қара металдар кентастарын, электроника, киім, машина және көлік құрал-жабдықтарын шығарады.

**ФИНЛЯНДИЯ, Финляндия** Республикасы – Солтүстік Еуропадағы Скандинавия түбегінің шығысында орналасқан мемлекет. Оңтүстік-батысын Балтық теңізінің Ботния, оңтүстігін Финн шығанақтары шаядь. Жер аумағы 338 мың км<sup>2</sup>. Халқы 5,4 млн. адам. Тұрғындарының 93%-ы финдер, 6%-ы норвегтер, қалғандары цыгандар, саамдар, орыстар. Ресми тілі – финн және швед тілде-

рі. Діни сенімі бойынша халқының көпшілігі (90%) лютерандар, 1%-ы православтар, қалғандары басқа діндерді ұстанады. Астанасы – Хельсинки қаласы.

Финляндия жері қоңыржай белдеудің солтүстік жағына орналасқан. Теңіз жағалауының ұзындығы 4500 км. Жағасы негізінен биіктігі орташа жарлы келеді, қатты тілімденген, аралдар көп кездеседі.

Финляндия – жоғары дамыған индустриялы-аграрлы ел. Финляндияның негізгі салалары елдің орман қорына негізделе қалыптасқан. Финляндия – дүние жүзіндегі ағаш өнімдерін экспортқа шығарушы басты елдердің бірі. Экономикасының негізгі салалары: машина жасау, кеме жасау, негізінен мұзжарғыштар (әлемде 1-орын), теңіз буксирлері, паромдар, целлюлоза-қағаз, ағаш өңдеу, қара және түсті металлургия, химия, тоқыма, тігін, тамақ, тау-кен, мұнай өңдеу, отын-энергетика, электроника, т.б. Ауыл шаруашылығында етті-сүтті ірі қара мен қой өсіру басым. Сонымен қатар шошқа, құс, бұғы өсіріледі. Финляндия – ұсақ және орташа фермерлер елі. Егіншілік мал шаруашылығына қосалқы сала ретінде қалыптасқан. Бидай, қара бидай, арпа, сұлы, картоп, мал азық дақылдары, шөп егіледі. Елдің солтүстік бөлігінде бұғы шаруашылығы дамыған. Орман шаруашылығы – экономиканың ежелгі саласы. Туризм дамыған. Сыртқа ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі өнімдерін, кеме (мұзжарғыштар, теңіз буксирлері), целлюлоза – қағаз өнеркәсібі жабдықтарын, электр техникалық бүйімдарын, қара және түсті металдар, машина мен жабдықтар, химия, жеңіл және тамақ өнеркәсіпптері өнімдерін, спорт шаңғыларын шығарады.

**ФОТОГРАФИЯ** – жарық сезгіш қабатта (ЖСҚ) нәрсенің кескінін алуға немесе физикалық, химиялық, т.б. процестер кезінде түскен сөүлені тіркеуге арналған тәсілдердің жиынтығы. Фотография процесі төмендегідей кезеңдерден тұрады: ЖСҚ-тың кескінін не сигнал өсеріне сәйкес жарықталынуы; түскен жарық өсерінен ЖСҚ-да химиялық не физикалық өзгерістің пайда болуы; өзгерістердің күшіне түсі; алынған кескінді (не сигналды) ұзақ уақыт сақтауға мүмкіндік беретін өзгерістердің тұрақтануы; алынған кескінді тексеру, санау, өлшеу, т.б. Фотография кине-



Кылқан жапырақты орман




Соңғы үлгідегі сандық фотоаппараттар

матография мен түрлі түсті фотографияның пайда болуына жол ашты. Мұның өзі фотографияның адам өміріндегі рөлі мен мәнін арттырыды. Ақпарат пен құжат дайындауда, кино өнерінде, полиграфияда және ғылым мен техниканың көптеген саласында фотография негізгі құрал ретінде пайдаланылады.

**Фотографиялық аппарат**, ф о т о а п п а р а т , ф о т о к а м е р а – нәрсенің оптикалық кескінін фотопленканың немесе электрондық матрицаның жарық сезгіш қабатына түсіруге арналған оптикалық-механикалық құрылғы. Оның әуесқойлық, кәсіби және арнаулы түрлері бар. Әуесқойлық және кәсіби фотографиялық аппаратпен адам, портрет, табиғат көріністері мен спорт жарыстары суретке түсіріледі. Фотографиялық аппараттың арнаулы түрі фототех. жұмыстарда, аэрофототүсіруде, микрофотографияда, т.б. қолданылады. Фотографиялық аппарат жарық өткізбейтін камера, фокустау тетігі бар линзалы не айналылар линзалы суретке түсіргіш объектив, кескін іздеуіш, фотографиялық жапқы, кассета және фотопленканы кері орау механизмінен құрайлады. Жарық өткізбейтін камера фотографиялық аппараттың қалған бөліктерін тұтастырып біріктірін қорап түрінде болады. Суретке түсіргіш объектив фотоматериалдың жарық сезгіш қабатына нәрсенің оптикалық нақты кескінін түсіреді. Кейбір фотографиялық аппараттар алмалы-салмалы объективтермен (фокус аралығы айнымалы болып келетін) жабдықталады. Соңғы жылдары сандық технологияның қарқынды дамуына байланысты фотоэмulsionиялық жарық сезгіш қабат электрондық матрицамен толығымен ығыстырылды.

**ФРАНЦИЯ** (Franse), Франция Республикасы (République Française) – Батыс Еуропада орналасқан мемлекет. Солтүстігінде Па-де-Кале, Ла-Манш бұғаздарымен, батысын-



Ницца порты қаласы

да Атлант мұхитындағы Бискай шығанағымен, оңтүстігінде Жерорта теңізімен (Лион шығанағы мен Лигурия теңізі) қоршалып жатыр. Шығысында Бельгия, Люксембург, Германия, Швейцария, Италия, Монакомен, оңтүстігінде Испания және Андоррамен шектеседі. Аумағы 551600 км<sup>2</sup> (Корсика мен жағалауға жақын ұсақ аралдарды қоса есептегендеге). Халқы 65,4 млн., оның 94%-ына жуығы француздар, қалғанын португалдар, алжирліктер, италиялықтар, марокколықтар, испандар, түріктер мен армяндар, т.б. құрайды. Дінге сенушілердің 76%-дан астамы – католиктер, қалғандары протестанттар, мұсылмандар, православие дініндегілер. Ресми тілі – француз тілі. Астанасы – Париж қаласы.

Францияның көпшілік бөлігі жалпақ жапырақты ормандар аймағында орналасқан. Қыры оңтүстігін жерортатеңіздік субтропиктер алып жатыр. Жағалаулары негізінен аласа, аккумулятивті немесе лагуналы, құрлыққа енің-



Бискай бұғазы

кіреп жатқан шығанақтары бар. Ирі өзендері – Луара, Рона, Сена, Гаронна. Елдің солтүстік пен батыс аудандарындағы өзендер кең жазықтармен ағады, жаңбыр суымен толығады, жыл бойы суы мол болып, бетіне мұз қатпайды. Өзендерінде кеме қатынасы бар, бір-бірімен каналдар арқылы жалғастырылған.

Франция – жоғары дамыған индустримальы-аграрлы ел. Француз өнеркәсібінің жетекші салаларына автомоб. жасау, химия мен мұнай химиясы, ұшақ жасау (аэробустар мен әскери ұшақтар), электроника, металлургия, темір жол техникасын шығару жатады. Парфюмерия – косметикалық сала мен жоғары талғамды сәнді киімдер шығаруда Франция дүние жүзінде бірінші орынды иеленеді. Кеме және станок жасау, ауыл шаруашылығы машиналары өндірісі де жақсы дамыған. Химия өнеркәсібі минералды тыңдайтыштар, синтетикалық каучук пен пластмасса, парфюмерия, дәрі-дәрмектер жасауға маманданған. Ирі мұнай, химиялық кәсіпорындары көп. Франция – Еуропадағы астық, сары май, ірі қара етін, ірімшікті ең көп мөлшерде өндіретін ел. Экспортның негізін өнеркәсіптік құрал-жабдықтар, тұрмыстық бұйымдар, ауыл шаруашылығы өнімдері, химиялық тауарлар мен шикізаттар, тігін бұйымдары, киім-кешек, аяқ киім, парфюмерия мен косметика, автомобильдер құрайды.

**ФУНКЦИЯ** – айнымалы шамалар арасындағы тәуелділікті өрнектейтін математикалық ұғым. Егер мүмкін мәндер жиынтығынан алынған  $x$ -тің әрбір мәніне айнымалы  $y$ -тің белгілі бір мәні сәйкес келсе, онда  $y$  айнымалы шамасы  $x$  айнымалы шамасының функциясы деп аталады. Мұндай тәуелділік  $y=f(x)$  түрінде жазылады. Мұндағы  $x$ -ті тәуелсіз айнымалы (кейде аргумент) деп, ал оның өзгеру облысы (жиныны)  $y$ -тің анықталу облысы деп аталады.  $x$ -тің өзгеруіне байланысты айнымалы  $y$ -тің қабылдайтын мәндерінің жиыннын  $y$  функциясының өзгеру облысы деп атайды. Функцияның жоғарыда берілген анықтамасында назар аударатын екі жағдай бар: бірінші – аргумент  $x$ -тің өзгеру облысын көрсету, екінші –  $x$  пен  $y$  мәндерінің арасындағы сәйкестік ережені немесе заңды тағайындау. Егер  $x$ -тің бір мәніне  $y$ -тің бір ғана мәні сәйкес келсе, онда  $y$ -ті  $x$ -тің бір мәнінде функциясы деп, ал егер  $x$ -тің бір мәніне  $y$

тің бірнеше мәні сәйкес келсе, онда  $y$ -ті  $x$ -тің көп мәнді функциясы деп атайды. Айнымалы шамалар ( $x$  пен  $y$ ) мәндерінің арасындағы сәйкестік ережені немесе заңды функциялық тәуелділік дейді. Функция көбінесе аналитикалық тәсіл немесе формула арқылы, кейде графикалық және таблицалық (дәл не жуық формулалармен есептелген) тәсілдерімен де беріледі. Математиканың одан әрі дамуы нәтижесінде функция табигаты кез келген айнымалы математикалық объектілер арасындағы сәйкестік ретінде жалпыланды. Математиканың басқа ұғымдары тәрізді функция ұғымы да бірден қалыптасқан жоқ. Ол дамудың ұзақ жолынан өтті. «Функция» термині алғаш рет 1692 ж. Г.Лейбництің еңбектерінде кездесті. Функцияның қазіргі ұғымға жақын алғашқы анықтамасын И.Бернулли (1718) берген, ал бұл ұғымды Д.Бернулли, Л.Эйлер, Ж.Фурье, П.Дирихле, Н.И. Лобачевский, т.б. одан әрі дамытты.

Функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері – математикалық анализ ұғымы. Егер белгілі бір жиындағы берілген функцияның бір нүктедегі мәні оның сол жиындағы басқа нүктелеріндегі мәндерінен үлкен (кіші) болса, онда функцияның осы мәні (қарастырылып отырылған жиында) оның ең үлкен (ең кіші) мәні деп аталады. Қарастырылып отырылған жиын сегмент болып әрі сол сегментте функция үздіксіз болса, онда бұл функция өзінің ең үлкен және ең кіші мәнін (осы сегментте) міндетті түрде қабылдайды. Мұндай жағдайда функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері сегменттің шеткі нүктелерінде немесе экстремум нүктелерінде болады. Сондықтан функцияның ең үлкен (ең кіші) мәнін табу үшін сегменттің ішкі нүктелеріндегі барлық максимум  $f$  (минимум) мәндерін тауып, оларды сегменттің шеткі нүктелеріндегі мәндерімен салыстырады. Егер үздіксіз функция интервалда (яғни шеткі нүктелері кірмейтін кесіндіде) қарастырылса, онда оның осы интервалдағы мәндерінің ішінде ең үлкені және ең кішісі болмауы да мүмкін. Мұндай қасиет көп айнымалылы функцияларға да тән.

**ФУТБОЛ** – командалық спорттық доп ойыны. Ойын ұзындығы 100–110 м, ені 64–75 м алаңда өткізіледі. Биіктігі 2 м 44 см, аралығы 7 м 32 см қақпасы бар. Қақпаның сыртына тор керіледі. Футбол добының салм. 396–

453 г, шеңбері 68–71 см. Ойынға әрқайсында 11 ойыншыдан екі команда қатысады. Олар қақпашы, қорғаушылар, жартылай қорғаушылар, шабуылшылар болып бөлінеді. Ойын 15 мин үзілісі бар, 45 мин-тан екі кезеңде өтеді. Өз айып алаңында қақпашыдан басқа ойыншы допты қолымен ұстауға болмайды. Футболдың алғаш 1863 ж. Англияда арнаулы ережесі бекітіліп, түңғыш қауымдастық құрылды. Сондықтан Англия аталмыш спорт түрінде отаны болып есептеледі. Бірақ футболға ұқсас аяқ доп ойнының түрлері ежелгі Мысыр, Қытай, Грекия, Римде, ал онан кейінрек Франция мен Италияда дамыған. Кейіннен бұл спорт түрі біраз өзгерістерге ұшырап, футбол деген атаумен бізге жетті. 19 ғасырдың соңына қарай футбол Еуропа мен Латын Америкасы елдеріне кеңінен тарай бастады. 1904 ж. халықаралық футбөл федерациясы (ФИФА), 1954 ж. Еуропалық футбол қауымдастықтары одағы (УЕФА) құрылды. 1900 жылдан олимпиялық ойындар бағдарламасына енген. 1930 жылдан төрт жылда бір рет әлем чемпионаты және 1958 жылдан Еуропа кубогы жарыстары өткізіліп тұрады. Қазақстанға футбол 1909–10 ж. келді. Әуелі Орал, Атырау, Ақтөбе, Павлодар, Семей, Петропавл қ-лары жастарының ермегіне айналған өнер, бара-бара бүқаралық сипат алды. Қолда бар деректер бойынша алғаш команда құру 1911 ж. басталған. Семейде М.Сайдашев, А.Кәрімов, Ю.Нығматулин, т.б. жергілікті қазақ және татар жастарынан тұратын «Жарыс» командасын құрып, коптеген өнерпаздар мен спортшылардың елге танылуына себепкер болды. Сол команданың құрамында ұлы жазушы, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов жартылай қорғаушы болып ойнаған.



Футбол ойыны



**ХАДИС** – Мұхаммед пайғамбардың сөзі мен істеріне негізделген мұсылман қауымының әр алуан діни-құқықтық мәселелерін қамтитын ғибрат сөздер, аныз әңгімелер. Истің мән-жайын баяндайтын бөлімін матн десе, сол матнды баяндап жеткізуші адамды иснад деп атайды. Хадис баламасы – асар және хабар. Хадис жинағы сунна деп аталған, Құраннан кейінгі құқықтық құжат. Қауым өмірінің діни, құқықтық, этикалық салаларын қамтитын хадиспен қатар Мұхаммед (ғ.с.) өмірнамасын жазуға негіз болған «тарихи» хадис те бар. Құдси хадис – Алланың сөзі деп танылып, хақиқат жайлы рухани мәндер кейінгі ойшыл өулиелердің рухани ізденісіне негіз болған. Мұсылман ілімінде иснадтарды салыстыра отырып, хадистың тазалығын тексеріп отыратын арнайы пән бар. Хадистерді тексерудің қағидалары мен ілімін зерттеп сын елеғінен өткізетін мамандарды мұхаддистер деп атайды. Хадис орта ғасырларда мұсылман мәдениетінің ең негізгі білім көзіне айналды. Хадис ғылыми еңбектердің бірден-бір дәйектемесі, сондай-ақ мақал-мәтел, нақыл сөздер ретінде де кеңінен пайдаланылады.

**ХАЙУАННАТТАР БАҒЫ**, зоопарк – жабайы жануарларды қолда (торда, қоршауда) немесе жартылай қолда (табиги мекендеу ортасына жақын көлемде қоршалған аумақ) ұстайтын ғылыми-ағарту мекемесі. Оның басты міндеті – жануарлар әлемінің түрлерін қалың көпшілікке көрсету, жаратылыстану білімін насхаттау және жабайы фаунаны қорға идеяларын тарату, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарлар генофондысын сақтау. Алғаш хайуанаттар бағы б.з. 1500 ж. бұрын Мысырда, 1000 ж. бұрын Қытайда («Білім бағы» деген атпен) ұйымдасты-



Алматы зообагындағы қолтырауын

рылған. Еуропада 18–19 ғасырларда ашылды (Венада 1752 ж., Мадридте 1774 ж., Берлинде 1844 ж., Париже 1858 ж., Мәскеуде 1864 ж., т.б.). Қазір дүние жүзінде 850-ден астам, ТМД елдерінде 33, Қазақстанда 3 хайуанаттар бағы бар. Алматы зообағы 1937 ж. құрылған.

**ХАЛАЛ ЖӘНЕ ХАРАМ** – 1) рұқсат етілген әрекет, пайдалануға тыйым салынбаған тағам, зат. Рұқсат етілген әрекеттердің белгілі бір шегін мандуб, мубах сияқты категориялармен бірге анықтайтын халал мәселесін фикх ілімінде таратып баяндайды. Мәселен, соыылған мал етінің халал болуының шарты бойынша қасапшының дәреті болуы, баяуыздағанда «Бісмиллахи Аллаһуакбар» дұғасының айтылуы, бездерінің сылынуы, т.б. көрек; 2) Некелесуге тыйым салынбаған ер немесе әйел адам; 3) Қажылық парызын атқарып қайтқан, шашын қырғызып, құнделікті киімін киіп, әдеттегі тіршілігін атқаруға даяр адамның күйі.

**Харам** – 1) тыйым салынған іс-әрекет, пайдалануға рұқсат етілмейтін зат. Харамның өзіндік ішкі үш категориясы бар: а) батыл әрекет – тазарды деп қабылдауға болмайтын, қатаң тыйым салынған, заң мен дін қағидаларын мұлдем бұрмалау, отанға, келісімшартқа опасыздық, зорлық-зомбылық, біреуге қиянат жасау сияқты әрекеттердің бәрі жатады; ә) фасид – белгілі бір теріс әрекет жасалғынмен, оны жөндеген жағдайда арамдықтан тазарады деп қабылдауға болатын іс-әрекет; б) сахих – сыртқы қалпында кемістігі, бұзықтығы жоқ, мазмұн жағынан бұзақылық, жалғандық әрекет. Мәселе жайлы туындаған таласты, әрекеттің қай категорияға жататынын қади анықтайды; 2) Некелесуге тыйым

салынатын жағдайлар. Мәселен, қандас туыстардың некелесуі харам болып саналады; 3) Пайдалануға тыйым салынған тағам, ішімдік; 4) Құмар ойындарға салынған тыйым; 5) Қажылық парызын өтеуге барған адамға рұқсат етілмейтін әрекеттер. Мәселен, қажылық сапарға шыққан адамға қару асынуға, күнделікті киіммен жүруге, дау-жанжалға аласуға, кек алумен айналысуға, яғни парызыды өтеу жолындағы ак ниетті бұзуға тыйым салынады.

**ХАЛИФАТ** – халифалар басқарған ортағасырлық араб мемлекеттері. Мұсылман теократиясына негізделді. Халифаттың түпкі неғізі 7 ғасырда Батыс Арабияда Мұхаммед пайғамбар (ғ.с.) құрған мұсылман қауымы – умма болды. Арабтардың жаулап алулары нәтижесінде халифат Арабия түбегін, Иран, Иракты, Орталық Азия мен Кавказдың көшшілік бөлігін, Сирия, Палестина, Египет, Солтүстік Африка, Пиреней түбегінің басым бөлігін, Синдті қамтыған орасан зор мемлекетке айналды. Омейя әулеті (661–750) мен Аббас әулеті (750–1258) кезінде халифат құл иеленушілік және патриархалдық тәртіптер сақталған, феод. қатынастар басым дамыған мемлекет болды. 7–10 ғасырларда халифатта дүниежүзілік мәдениеттің дамуында маңызы зор болған жарқын да сан алуан мәдениет қалыптасты. 9 ғасырда құрамына кірген мемлекеттердің экономикалық дамуының әркелкілігі, аймақтар арасындағы шаруашылық байланыстардың әлсіздігі, жер-жердегі халифатқа қарсы көтерілістер, билеушілердің өзара так таласы мемлекеттің ыдырауын және іс жүзінде дербес ұлттардың құрылуын тез-



Араб жауынгерлері

депті. 10 ғасырдың 1-жартысынан бастап Фатима әулетінің (909–1171), Испанияда Омейялар (929–1031) мен Аббастардың халифаттары өмір сүрді. Фатима әулеті халифтері өз қолдарына діни, зайырлы биліктерді қатар шоғырландырды. Аббас әулеті халифтери 945 ж. Бағдадты Буилер жаулап алғаннан кейін зайырлық биліктен айрылды. 1055 ж. Бағдадтағы Буилер билігін салжұқтар алмастырды. Салжұқтардың біртұтас мемлекеті ыдырағаннан кейін (1118) Аббас әулеті Тигр мен Евфрат алабында жаңа халифат құрды. 1258 ж. Бағдадты монғолдар басып алғаннан кейін халифат мемлекет ретінде өмір сұруін тоқтатты. Алайда Египетті 1517 ж. түріктер жаулап алғанға дейін Аббас әулеті халифтері Каирде тұрып, өздерінің діни беделімен жергілікті сұлтандарды және басқа да мұсылман елдерінің билеушілеріне ықпал етті, оларға қаржы жағынан көмектесті. Кейін түрік сұлтандары өздерін халифтер деп атайды. Олар мұны Египетті жаулап алғаннан кейін Аббас әулетінің соңғы өкілінен мұраға алғандықтарымен түсіндірді. Түрік халифатын 1924 ж. наурызда республикалық Турция жойды.

**ХАН** – лауазым; түркі-монғол халықтарында мемлекет басқарған билік иесі. Зерттеушілер хан сөзі семантикалық-тілдік реңкі өзгерген көне түркілердің «қаған» терминінен қалыптасқан деп есептейді. Жазба дерек көздері Орталық Азия халықтары хан терминін Түрік қағандығы ыдырағаннан кейінгі кезеңнен қолдана бастағандығын растайды. Мысалы, Иран мен Ауғанстан көшпелі халықтары тайпа көсемдерін хан деп атады. Сефеви әулеті тұсындағы Иранда хан аймақ билеушісі, ал салжұқтар мен хорезмшахтар кезінде княздік лауазым мағынасын берген. Осман сұлтандығында хан сұлтан лауазымы болды. Қазақ жерінде Қарахан мемлекетінің билеушілері хан атанды. Кейін қышиақ, найман, керей, т.б. ұлыстық мемлекеттерді хандар басқарды. Кез келген адам хан сайланана алмайтын. Кезінде Шыңғыс хан (1189, 1206 ж. сайланған) ел тізгінін ұсташа үшін әкесі Есукей баһадұр монғолдардың соңғы қағандарының бірі Хутул (Құтұл) қағанының туысы деген азыз тараттырды. Нәтижесінде көшіліктің қолдауымен хан сайланды. Көрші елдерге жойқын шабуылдар жасап, әлемдік империя құрды да, хандық билікті өз үрпақтарына га-

на мұра етіп қалдырды. 13–14 ғасырлардағы ұлыстарды, Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін ыдыраған монғол империясының орнына келген көптеген мемлекеттерді оның үрпақтары басқарып, хан болды. Қазақ жерін Ресей империясы отарлағаннан кейін, құқықтық-әкімш. реформалар жүргізіп, саяси құрылымды өзгертуі. 1822–24 жылғы реформадан соң ханың билік жүйесі күйреді. Дегенмен, хандық қазақ халқының негізгі билік жүйесі болғандықтан патшалық ұқіметтің отаршылдық саясатына, кеңестік озырылышқа қарсы ұлт-азаттық қурестер туындағанда, көтерілісшілердің ең алдымен хан сайланап, сардарбек тағайындалған отыруы 20 ғасырдың 30-жылдарына дейін сақталды.

**Хан көтеру**, хан сайлау – хандықты басқаратын адамды хан сайлау рәсімі. Түркі-монғол халықтарындағы ұлысты билеушіні таққа өтірғызу, яғни хан көтеру ерте орта ғасырдан бастау алады. Хан көтеру рәсімі Плано Карпини, Рашид әд-Дин, Жуайни, И.Шильбергер, т.б. ортағасырлық авторлардың еңбектерінде жан-жақты баяндалған.

Хан көтеру дәстүрі қазақ халқында 20 ғасырдың бас кезіне дейін сақталған. А.И.Левшин қазақтардағы хан көтеруді өз еңбегінде былай дейді: «Таққа үміткер сұлтандар мен ақсүйектердің көшілігінің келісімін алған соң, хандықтағы ең беделді сұлтандар мен билер оны жұқа ақ киізге өтірғызған, киіз шетінен ұстап үш рет көтеріп, бірнеше рет «Хан! Хан! Хан!» деп айқайлаған». Ақ киіз дала шебіне тиер-тиместе көшілік оны аспанға қайта-қайта көтеріп түсірген. Содан ке-



«Хан көтеру». Суретші Т.Асықов

йін жиналған жұртшылық хан отырған тақ есебіндегі киізді «хан талапай» жасап осы тарихи оқиғаға қатысуының күесі әрі тәбәрік ретінде бөліп-бөліп алған. Кейін той басталып, ол бірнеше күнге жалғасқан.

**ХИУА ХАНДЫҒЫ – 1512–1920** жылдар аралығында Өрталық Азияда өмір сүрген мемлекет. Өзбек ханы Елбарыстың басшылығымен, Шайбани әулетінен бөліну негізінде құрылды. Астанасы бастапқы кезде Вазир мен Үргеніш қалалары болды. 16 ғасырдың 70-жылдары астана Хиуа қаласына көшірілді. Елбарыс хан билік еткен 1512–16 ж. Хиуа хандығы ұлыстарға бөлініп, оларды ханның туыстары басқарды. Алғашқы кезде құрамына Хорезм, көшпелі түрікмендердің Маңғыстаудағы Дихистан мен Үзбей бойындағы аумақтары мен Хорасанның солтустік бөлігі енди. 1537, 1593, 1595 жылдары Бұхар хандығы Хиуа хандығына жойқын жорықтар жасап, қысқа мерзімге болса да өзіне бағындырыды. 17 ғасырдың бас кезінде билік еткен Араб Мұхаммед ханның тұсында Хиуа хандығы қүшейіп, сыртқы жауларына, қалмақтардың шапқыншылығына тойтарыс берді. 1740 ж. хандықты Иран билеушісі Надир шах Афшар басып алды. Бірақ ол қайтыс болғаннан кейін хандық қайтадан өз тәуелсіздігін алды. Хиуа хандығындағы өзара тартыс бұдан кейін қайта жалғасты. Өзара билікке таласқан Хиуа шонжарлары билікке кейде қазақ сұлтандарын да шақырды. Бұл күресте қонырат тайпасының билеушісі Ишан Мұхаммедәлі жеңіп шығып, жаңа Хиуа – Қонырат әулетінің неғізі қаланды (1763). 19 ғасырдың бас кезінде Хиуа хандығы Арал маңы мен Үстіртті мекен-

деген Кіші жұз қазақтарына шабуыл жасауды үдettі. Орталық Азия үшін күресте Ұлыбританиямен бәсекелескен Ресей өкіметі 1839–40 ж. В.А.Перовскийдің басшылығымен Хиуа хандығына қарсы әскери шабуыл үйімдастырды. Кіші жұзді билеген кейір қазақ билеушілерінің көмегіне қарамастан Ресей империясының бұл әрекеті сәтсіз аяқталды. Бірақ Орталық Азияға біржолата орнығуды көзделген Ресей отаршылары Хиуа хандығына үнемі әскери және экономикалық қысым жасап отырды. Ақыры 1873 ж. К.П.Кауфман бастаған Ресей әскерлері Хиуаны басып алды. 1873 ж. келісім бойынша Хиуа хандығы Әмударияның оң жағалауындағы жерлерден бас тартты, егемендігінен айрылып, Ресей протекторатына айналды. Хиуа хандығының түрғын халқы – өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қазақтар суармалы егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысты. Экспортқа мақта, кептірілген жеміс, мал терісі мен жүн шығарылды. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін көп үзамай кеңес өкіметінің қысымымен 1920 ж. 2 ақпанда Хиуа хандығы құлап, оның орнына Хорезм Халық Кеңес Республикасы құрылды. 1924–25 ж. кеңес өкіметі орталық Азия республикаларының шекараларын межелеген кезде көпшілік бөлігі Өзбекстанның құрамына, қалған бөлігі Түркменстанның құрамына енгізілді.

**ХОККЕЙ** – қақпалар орнатылған арнайы алаңда таяқпен, доп не шайбамен ойналатын командалық спорт түрі. Ойын жазда көгалда доппен, қыста шайба және доппен мұз үстінде өтеді.

**Допты хоккей** – командалық спорт ойының бір түрі. Ол ауданы 90–110x50–70 м мұз айдынында өткізіледі. Әр команда 11 ойыншы болады. Ойын 45 минуттық екі таймнан тұрады. Қақпасының биіктігі 210 см, ені 360 см. Ойын ұзындығы 120 см имек таяқшамен ойналады. 20 ғасырдың 50-жылдарына дейін 2 түрі болған: батыс-европалық хоккей – бенди және «Орыс хоккейі». 20 ғасырда допты хоккей КСРО, Швеция, Финляндия, Норвегия елдерінде қарқынды дамыды. Халықаралық федерациясы 1955 ж. құрылып, бірыңғай ережелері қабылданды. 1957 ж. 1-рет дүниежүзілік чемпионат өткізілді.

**Көгалдағы хоккей** – кәдімгі футбол алаңында, көк майсада өтетін спортық ойын.



Хиудагы Ата дарбаза қақпасы

Мұнда командалар өздеріне доп өткізіп алмай, қарсыластарына көп енгізуіді мақсат етеді.

Көгалдағы хоккей мұз үстінде ойналатын допты хоккейге көп ұқсас. Мұнда да команда 11 адамнан тұрады. Алаңының ұзындығы – 91 м, ені – 50–55 м. қақпасының биіктігі 2,14 м, ені 3,66 м. Добының диам. 71–74 мм, салм. 156–163 г. Добы каучук жентегінен жасалып, аққа боялады немесе ақ былгарымен қапталады. Доп үратын таяқшаның оң жағы жұмыр, сол жағы тегіс келеді, басы имек болады. Көгалдағы хоккей 19 ғасырда Англияда қолға алынған. Бірақ бұған ұқсастау ойын бұдан да бұрын Ежелгі Грекияда, Ежелгі Римде, Парсы елінде белгілі болған. Англияда 1876 ж. Көгалдағы хоккейден алғашқы жарыс өтті. Көгалдағы хоккей 20 ғасырда Үндістан, Пәкстан, Сингапур, Шри-Ланка, ОАРда және Еуропаның бірсыптыра елінде дамыды. Халықаралық көгалдағы хоккей федерациясы 1924 ж. Париже құрылды. Оған бірден 25 ел мүше болды. 1908 жылдан көгалдағы хоккей олимпия бағдарламасына енді. 1971 жылдан дүниежүзілік чемпионат, 1970 жылдан Еуропа чемпионаты ерлер мен әйелдер арасында өткізіледі.

**Шайбалы хоккей** – шайбамен мұз үстінде ойналатын командалық спорт ойыны. Шайбалы хоккейдің отаны – Канада. Канаданың табиғат жағдайы қазіргі хоккейдің дамуына үлкен әсер етті. Шайбалы хоккей командасы 17–20 адамнан құралады, бірақ бір мезгілде әр команدادан 6 адам ойнайды, ойыншы ауыстыруға шектеу жоқ. Шайбалы хоккей ойналатын мұз айдынының ұзындығы 51–61 м, ені 24–30 м, айнала шетінің биіктігі 1,10–1,22 м етіп қоршалған алаң. Алаңының дәл ортасынан қызыл сыйық (ені 30 см), әр қақпадан 18 м қашықтықтан көк сыйық тар-



Қақпа алдындағы шешуші сәт

тылады. Қызыл сыйық алаңды екіге, көк сыйық үшке бөледі. Көк сыйықпен бөлінген алаңының екі шеткісін қорғаныс алаңы, ортаңғысын орталық алаң дейді. Қақпа сыйығының дәл ортасына ені 183 см, биіктігі 122 см қақпа қойылады. Ойын 20 минуттық үш кезеңде өтеді.

**ХОРЕЗМ** – Өмударияның төменгі ағысында орналасқан тарихи өлкө. Хорезм жөніндегі алғашқы деректер Дарий I-нің Бехистун сына жазуы мен Авестада кездеседі. 712 ж. Хорезмді арабтар жаулап алды. Араб қолбасшысы Кутейба өкіметке өз адамдарын қойды. Алайда Қиятта 10 ғасырға дейін Африг әулетінің өкілдері билікті өз қолдарында үстап тұрды. Мамун ибн Мұхаммед кезінде Солтүстік Хорезмнің астанасы – Ургеніштің маңызы арта түсті. Мамун ибн Мұхаммед 995 ж. бүкіл Хорезмді бір орт-қа біріктірді. Ол және оның мұрагері Мамун II ибн Мамунның кезінде Ургеніште Бируни мен Әбу Әли ибн Сина (Авиценна) сияқты атақты ғалымдар жұмыс істеді. Хорезмнің қайта гүлдену кезеңі басталды. 1017 ж. Хорезмді Махмұд Фазнауи сұлтан, 1043 ж. салжүқтар жаулап алды. 11 ғасырдың сонында Ургеніштегі билік басына жаңа әулет келді. 1220 ж. Шыңғыс хан әскерінің жойқын шабуылынан хорезмшаттар мемлекеті ыдырап, Жошы ұлысы Алтын Орданың құрамына енді. 14 ғасырдың 2-жартысында Хорезм гүлденудің жаңа кезеңін басынан өткөрін, оның астанасы Ургеніш жана құрылыстарымен ұлкейе түсті. Бұл кезеңде хорезмдіктер тілінің түркілену процесі аяқталды. 1388 ж. Әмір Темір Ургенішті талқандап, өзіне бүкіл Хорезмді бағындырды. Жұз жылдай уақыт бойы Хорезмді иемдену



Хорезмдегі Приар Уәли мазары

үшін Әмір Темір үрпақтары мен Алтын Орда хандарының арасында күрес жүрді. 1505 ж. Хорезм Мұхаммед Шейбани ханның билігіне түсті. 1512 ж. билікті Жошы ханнан тарайтын өзбек ақсүйектерінің әулеті өз қолына алды. 1924–25 ж. Орталық Азия республикаларын межелуе кезінде Хорезмнің көшілік бөлігі Озбекстанға, қалған бөлігі Түркменстанға берілді.

**ХРИСТИАН ДІНІ** – ислам және буддизммен бірге дүние жүзіне кең тараған діни конфессиялардың бірі. Христиандардың жартысынан көбі католицизм ағымында, қалғандары православ шіркеуі және протестант шіркеуіне бөлінеді. Христиан діні б.з. 1 ғасырында Рим империясы билігіндегі Палестина да дуниеге келді. Оның қалыптасуына сол заманда әмір сүрген Филон Александрийдің діни танымдық көзқарастары ықпал етті. Христиан дінінде Иисус Христос мессияға теңеліп, құдайға баланды. Христиан дінінде қалыптасуына Сенеканың ілімі де өсер етті. Христиан діні әдебиеті негізгі төрт жанрдан ғұрады: 1) Інжілдер (Матфей, Марк, Лука, Ионн); 2) апостолдардың арнаулы хаттары; 3) Христос шәкірттерінің істері туралы жазбалар; 4) ақыр заман туралы өсиет. Б. з-дың бас кезінде Рим империясының басқа бөліктеріндегідей Палестинада да әлеуметтік, қоғамдық қайшылықтар шиеленісіп тұрды. Сонымен қатар 1 ғасыр империяның жаңа саяси формасы қалыптасуының кезеңі болды. Христиан діні доктринасы 4–6 ғасырларда қалыптасты. 5 ғасырдың ортасында ортодоксалдық христиан дінімен келіспейтін Армян, Копт, Малабар, Эфиоп, Иаковит, Абиссин шіркеулері жіктелді. Орта ғасырлардан бастап Рим шіркеуі христиандарды өзіне бағындыруға тырысты. Бұған шығыстағы Византия қарсы болды. Нәтижесінде 9–11 ғасырларда христиан діні «Батыс шіркеуі» (католиктер) және «Шығыс шіркеуі» (православтар) болып екіге бөлінді. 16 ғасырда католик шіркеуінен протестант шіркеуі бөлініп шықты. Сөйтіп, заму барысында христиан діні негізгі үш гармаққа (православие, католик, протестантизм) бөлінді және олардың әрқайсысының әз ішінде әртүрлі ағымдар мен бағыттар пайда болды. Бұдан басқа несториандық, монофизиттік сияқты шағын тармақтар да кездешеді. Бұл ағымдар доктриналардың әртүрлі туңдіріліп, киелі кітапқа, діни ғұрыптарға әр алуан көзқарастары негізінде қалыптасқан.



**ЦЕЛЛЮЛОЗА, полиглюкопираноза,  $(C_6H_{10}O_5)_n$**  – өсімдіктер клеткаларының қабығын түзетін үлкен молекулалы қемірсү (полисахарид). Целлюлоза өсімдік тіндеріне механикалық беріктік, серпімділік қасиет бедрі. Ол өсімдіктерде қарапайым қемірсулардан күрделі биохимиялық синтез нәтижесінде түзіледі. Целлюлоза макромолекуласының қарапайым бунақтары  $C_6H_{10}O_5$  – глюкоза анигириді (глюкопираноза) болып саналады. Целлюлоза негізінен кейбір өсімдіктер талшықтарының құрамында болады, мысалы, мақта талшығында (97–98%), ағашта (40–50%), тінді дақыл талшықтарында (зығырда және талшықты көп жылдық өсімдік – қытай қалақайында 80–90%), бір жылдық өсімдік сабақтарында (қамыс, жүгері, астық тұқымдастарда 30–40%), т.б. көп. Целлюлозаның молекулалық массасы қай өсімдікten алынғана на байланысты бірнеше миллиондаған қеміртектік бірлікке дейін барады. Целлюлоза суда, сілті ерітіндісінде ерімейді, суда ісінеді, сілтілік металдар гидрототығының ерітінділерінде және кейбір тұздар мен қышқылдар ерітінділерінде күштірек ісінеді. Ағашты ауа қатыстырмай қыздырғанда целлюлоза термиялық жолмен ыдырап, органикалық ұшқыш заттар және су, қемір түзеді. Түзілген органикалық өнімдерде метил спирті, сірке қышқылы, ацетон болады. Табигатта таза күйінде целлюлоза кездеспейді. Целлюлозаны гидролиздеу және одан түзілген глюкозаны ашыту арқылы этил спирті алынады. Оның химиялық өндеу жолымен алынған эфирлері жасанды талшық, жұқа пленка, сыр, пластмасса, мылтық дәрісін өндіруде қолданылады.

**ЦЕМЕНТ** – гидравликалық байланыстырылыш материалдар тобы; негізгі құрылымыс ма-



Цемент өндірісі

териалдарының бірі; органикалық емес материалдың майда ұнтағы. Цемент сумен арасқанда қатаятын қасиеті бар (яғни қамыр тәрізді пластикалық күйден қатты күйге ауысатын) кальций силикаты мен кальций алюминатынан құралады. Цементтің кейбір түрі ауада қатаяды. Ал, енді бір түрлері тек тұздардың, қышқылдардың судағы ерітіндісімен араластыргандағандаған байланыстырыштық қасиетке ие болады. Оның портландцемент, қожды және пуццолан цемент деп аталатын түрлері бар. Цементтің көп тараған түрінің бірі – портландцемент. Ол негізінен жоғары негізді кальций силикатынан тұрады. Цементтің сапасы маркамен сипатталады. Оның 200, 300, 400, 500 және 600 деген маркалары бар. Сонымен бірге цементтің тез бірігі мен қатаюы, майдалығы, т.б. белгілі бір стандартқа сәйкес болуы шарт. Цемент құрылышта біртұтас және құрама бетон мен темір-бетон дауындауда пайдаланылады.

**ЦИРК** – сахналық өнердің бір түрі. Цирк өнері асқан ептілік пен құштілікке негізделген пантомималық ойын-сауықтар мен клоунның құлқілі өзіл-әжуаларын (клоунада, акробатика, гимнастика, шабандоздық және жонглерлік өнер, эквилибристика, муз. экспен-трика, иллюзионизм, т.б.) қамтиды. Цирк өнерінің алғаш пайда болуы ертеден келе жатқан тұрмыс-салт жораларымен және ойын-сауықтарымен тығыз байланысты. Шығыста, соның ішінде Қытайда ертедегі қолөнершілер ескен арқанының үзілмес беріктігін өзгелерге сендіру мақсатымен екі тіреудің үшар басынан керіліп байланған сол арқаның үстімен



Қазақ циркінің артисттері



Астанадагы цирк ғимараты

өздері әрлі-берлі жүріп көрсеткен. Әдетте цирк ойын-сауықтарын қоюға әрі тамашалауға арнайы салынған ғимаратты да цирк деп атайды.

Қазақстандағы цирк өнерінің элементтері ертеден келе жатқан ұлттық ойын-сауықтар (көкпар, жамбы ату, күрес, тенге ілу, т.б.) мен тұрмыс-салт жораларына (бақсылық, сиқыршылық, көзбайлаушылық, т.б.) саяды. 20ғасырдың 20-жылдары негізінен әуесқойлар циркі кең өріс алды. Палуандар Қажымұқан мен Балуан Шолақ, сонымен бірге Зәрубай Құлсейітов пен Шашубай Қошқарбаев, т.б. халық өнерпаздары қызығылықты нөмірлерімен ерекше көзге түсті. 1965 ж. Алматы қаласында эстрада және цирк өнері студиясы ашылып, жұмыс істей бастады. 1970 ж. Алматы қаласында тұңғыш көсіби Қазақ циркі, ал 1983 ж. Қарағанды циркі құрылды. Бұдан басқа көптеген жергілікті әуесқойлар және халық цирктері қалың көрермендерге мәдени қызмет көрсетеді.

**ЦИТРУСТЫ ДАҚЫЛДАР** – шырынды же місті мәңгі жасыл өсімдіктер. Цитрусты дақылдардың дүние жүзінде (Орталық және

қолданыла бастады. Әзірше белгілі ежелгі түркі жазбаларында цифрлар кездеспейді, оларда сандар сөзбен толық жазылған.



Цитрусты дақылдар

Солтүстік Америка, Африка, Шығыс Азия, Батыс Грузия, т.б.) 28-ден астам түрі бар. Оларға: апельсин, грейпфрут, мандарин, лимон, бергамот, цитрон, шеддок, бигардия, лайм, т.б. жатады. Жемісі – көп ұялы жидек. Жеміс жұмсағы шырын қапшықтарынан тұрады. Жұмсағының ішінде тұқымдар орналасқан. Цитрусты дақылдардың жемістерінде лимон қышқылы, қант, Р, В, С витаминдері (60 мг%-дан астам), каротин бар. Цитрусты дақылдар жас және өндөлген (шырын, варенье, цукат) түрінде, кулинария ісінде көп қолданылады. Олардың қабығы, гүлі және жапырақтарынан парфюмерия ісі мен тамақ өнеркәсібіне қажетті эфир майын алады.

**ЦИФР** – сандарды белгілеуде қолданылатын шартты таңба. Арабтар цифр деп әуелде нөлдіғана атаған. Қазір одан басқа сандардың таңбаларын да цифр дейді. Әр халықтың сандарды белгілейтін таңбалары түрліше болған. Бізге мәлім болған цифрдың ең көнелері Вавилон (біздің заманымыздан бұрынғы 2000 ж. – біздің заманымыздан бұрынғы) мен Мысырда (біздің заманымыздан бұрынғы 3000 ж. – біздің заманымыздан бұрынғы 800 ж.) шыққан. Вавилонда 1, 10, 100 сандарыныңғана сына тәрізді арнаулы таңбалары болған, басқа сандар соларды қажетінше қайталау арқылы жазылған. Қазіргі цифрлардың алғашқы нұсқалары Үндістанда шыққан (біздің заманымыздан бұрынғы 5 ғасыр). Олар араб тіліндегі кітаптар арқылы Батыс Еуропаға таралған, сондықтан араб цифрлары деп аталып кеткен. Бұл цифрлар Батыс Еуропада 15 ғасырда, Қазақстанда 19 ғасырда

ЦУННАМИ – мұхит түбіндегі жер сілкінуден пайда болатын сұрапыл толқын. Биектігі ашық мұхиттің 1 м-ден аспайды; құрлықтағы тар шығанақтарда 50 м-ге дейін барады. Толқынының таралу жылд. 400–800 км/сағ-қа дейін. Мысалы, адамзат тарихындағы цунамимен байланысты ең ірі апат – 2005 ж. Оңтүстік-Шығыс Азияда болды. Индонезия жағасындағы жер сілкіну күші 8,9 баллға жеттіп, соның нәтижесінде биектігі 10 м-ден астам цunami тарады. Таудай су толқындары жолындағы елді мекендерді шайып әкетті. 20 ғасырдың 40–50-жылдарында АҚШ-та, Жапонияда және КСРО-да халықты алдын ала сақтандыратын цunami қызметі құрылды. Болжам цunami толқынының жер сілкіну эпицентрінен таралу жылдамдығын есепке алуға негізделген.



Цunami




Цunami тасқыны



**ЧЕХИЯ**, Чех Республикасы – Орталық Еуропадағы мемлекет. Аумағы 78864 км<sup>2</sup>. Халқы 10,5 млн., оның 81%-ы чехтар (богемиялықтар), 13%-ы моравиялықтар, 3%-ы словактар, қалғандары ңығандар, поляктар, немістер, венгрлер, т.б. Дінге сенушілердің басым бөлігін католиктер құрайды. Ресми тілі – чех тілі. Астанасы – Прага қаласы.

Чех жерлері тарихи жағынан үш облысқа: Чехия, Моравия мен Силезияға (астаналары тиісінше – Прага, Брно, Острава қалалары) бөлінеді. Елдің орталық бөлігі жазық болып келеді, шекараларын бойлай тау массивтері орналасқан. Ең ірі өзендері: негізгі саласы Влтава болатын Эльба (357 км) мен Морава (329 км).

Чехия – өнеркәсінті ел. Өнеркәсібінің жетекші салалары отын-әнергетикалық, машина жасау (әнергетикалық және басқа өндірістік құрал-жабдықтар, станоктар, әлектртех. бүйімдар, автомобилдер шығару), химия (пластмасса, синтет. каучук, тыңайтқыштар), жеңіл (тігін, трикотаж, тері-аяқ киім) және тамақ (қант, сыра қайнату, ет, кондитерлік) өнеркәсіптері. Ауыл шаруашылығы үшін ел



Прага қаласы

аумағының 43%-ы пайдаланылады. Шалғындар мен жайылымдар жердің 11%-ын, ормандар 33%-ын алғып жатыр. Етті-сүтті мал өсіру, шошқа мен құс өсіру дамыған. Қант қызылшасы, бидай, картоп, құлмақ, көкөністер мен жеміс-жидектер өсіріледі. Сыртқа машиналар мен құрал-жабдықтар, химикалтар, жеңіл және шыны-керамикалық өнеркәсіп өнімдерін, азық-тұлік шығарады.

**ЧИЛИ**, Чили Республикасы – Оңтүстік Американың оңтүстік-батысындағы мемлекет. Аумағы 756,9 мың км<sup>2</sup>. Халқы 17,2 млн.-нан астам, оның 92%-ы – чилиліктер, 6%-ын үндістер, қалған бөлігін немістер, испандықтар, аргентиналықтар, арабтар, еврейлер, т.б. құрайды.

Чили аумағы солтүстіктен оңтүстікке қарай тар жолақ (ені 15–355 км) болып, Тынық мұхитты жағалай 4300-дей км-ге созылып жатыр. Көпшілік бөлігін Анд қырраттары (биіктігі 6880 м-ге дейін жетеді – Охос Дель Саладо шыңы) алғып жатыр, олардың арасында көлденең жазық орналасқан жері таулы болғандықтан жанартаулар көп, жер жиі сілкінеді.

Чили – индустрияллы-аграрлы ел. Селитра өндіруден дүние жүзінде 1-орын, мыс өндіруден 2-орын, молибден өндіруден 3-орын алады. Соңдай-ақ темір кентасы мен мұнай өндіріледі. Машина жасау, автомобиль, ұшақтар, тұрмыстық бұйымдар, теңіз кемелерін жасау, ауыл шаруашылығы машиналарын шығару, жеңіл, тамақ өнеркәсібі дамыған. Экспортқа мыс, жемістер, ағаш өндеу өнеркәсібінің өнімдерін, балық, көкөніс, азық-тұлік өнімдерін, сусындар шығарады.



Сантьяго қаласы



Шалаөткізгіштер

**ШАҒАЛА** – татреңтәрізділөр отряды, шағала тұқымдасына жататын құс туысы. Қазақстанның кез келген су алабында кездесетін 9 түрі бар. Шағалалар жақсы ұшып, жұзеді, бірақ суға сұнғи алмайды. Қанаттары ұзын, аяқтары қысқа, аяқ саусақтарының арасы жарғақты. Шоғыр құрып тіршілік ететін түрлері де бар. Ұясын жерге, шың басына, судағы жартасқа шөптен жасайды. Ирі жәндіктемен, моллюскалармен, тышқан тәрізді кемірушілдермен, балықтармен қоректенеді. Шағала-



Шағалалар

лардың ішіндегі ең ірілері – дуанбас, қарабас өгіз шағала. Ең майдасы – кіші шағала (*L. minutus*), оның денесінің ұзындығы 290–300 мм, құйрығы 85–95 мм, тұмсығы 21–25 мм, салм. 120–150 г, түсі сұр қоңыр. Тұр тармағын құрмайды, жыл құсы.

**ШАЛАӨТКІЗГІШТЕР** – электр өткізгіштігі ( $\sigma$ ) бойынша металдар мен диэлектриктердің арасынан орын алатын заттар; бөлме температурасында (300 К) шалаөткізгіштік қасиеттері анық байқалатын заттар тобы. Шалаөткізгіштерге Менделеевтің периодтық жүйесінің IV тобындағы графит (G), кремний (Si), германий (Ge), сурьма (Sb), қалайы (Sn); V тобындағы фосфор (P), күшілә (As); VI тобындағы селен (Se), теллур (Te) элементтері, сондай-ақ кейбір тотықтар, көптеген қорытпалар, органикалық қосылыштар жатады. Шалаөткізгіштердің металдардан ерекшелігі – олар-

дың менишкіті кедергілері ( $\rho$ ) мен электр өткізгіштігі ( $\sigma$ ) температура жоғарылағанда күрт өзгереді:  $\rho$  – кемиді,  $\sigma$  – артады; ал металдарда олар керісінше өзгереді ( $\rho$  артады,  $\sigma$  кемиді). Аса төмен температурада таза шалаөткізгіштердің менишкіті кедергілері өте жоғары, ал электр өткізгіштігі тым аз болғандықтан олар диэлектриктерге үқсайды. Төмен температурада олардың атомдарының валенттік электрондары коваленттік байланыста болып, заряд тасымалдаушылар болмайды. Температура жоғарылағанда шалаөткізгіштерде теріс зарядталған бос электрондар мен оң зарядтың рөлін атқаратын жылжымалы «кемтіктер» (электрондары жоқ бос орындар) пайда болып, олардың электр өткізгіштіктері артады. Шалаөткізгіштерге әртүрлі қоспалар енгізілгенде олардың электр өткізгіштігі күрт өседі. Оларда электр тогын негізгі және қоспа зат атомдарынан босаған валенттік электрондар мен «кемтіктер» құрайды. Төкты тасымалдаушыларға кристалл құрылымының әртүрлі ақаулары: кристалл торларындағы вакансиялар (бос орындар), түйінаралық бөгде атомдар, т.б. жатады. Қоспалар мен ақаулар донорлар және акцепторлар болып ажыратылады.

**«ШАҢДЫ ЖОРЫҚ»** – қазақ-қалмақ соғысындағы соңғы шайқастардың бірі. Қазақ өскерлерінің Еділден Жоңғарияға үдерे көшкен Еділ қалмақтарын өкшелей құған жорығы халық арасында осылай аталған. Қытайдағы Цинь империясы Жоңғар хандығын талқандап, халқын қырып-жойғаннан кейін Еділ қалмақтарына ата-бабаларының жері қаңырап, иесіз қалды деген лақап тарады. Осылан байланысты халықтың көшбасшылары Убашы хан және Церен тайшылар тайпаластарын атамекендері Жоңғарияға қайтару үшін ұлы көш жасауға үгіт жүргізді. Шапқыншылықтардан қажыған, Ресей өкіметінің қысымына шыдамаған қалмақ халқы 1771 ж. қаңтарда көшуді бастады. Наурыз айынан бастап

жаздың ортасына дейін төрт айдай уақыт бойы қалмақтар қазақ жасақтарын қындықпен тойтарып, аялдамастан ілгері жылжыды. Маусымның аяғына қарай олар Сарыарқаны толығымен Балқашқа дейін қиялай кесіп өтіп, Мойынты өзені жағасында аялдады. Осы жерде оларды Абылай хан бастаған қазақтардың біріккен әскери қоршауға алды. Қазақ жауынгерлерінің жалпы саны елу мың болды, жекелеген жасақтарды Нұралы хан, Әділ сұлтан, Орыс сұлтан басқарды. Өлім қатерін сезген қалмақ басшылары Абылай ханға бодандыққа қабылдауды ұсынып, елші жіберді. Қалмақ елпілерінің ұсыныстарын талқылау үшін Абылай әскери кеңес шақырады. Абылай олардың ұсынысын қабыл алып, шығыстан төнген қытайлардың қаупіне қарсы қалқан ретінде пайдалануды көздеді. Қазақ жасақтары жауды күндіз-түні өкшелей қуып, әскери күшін біртіндеп жоя берді. Қалмақтар Балқаштың тұшы сулы батыс жағынан айналып, Іле өзенінің бойымен жоғары әрлеп Жоңғарияға өтуді жоспарлады. Алайда қазақтар оларды суға жеткізбей, шөл даламен босуға мәжбүр етті. Шөл мен сансыз шайқастардан қалжыраған қалмақтар қырылып, тірі қалғандары тұтқынға тұсумен болды. Тек ең табанды, жақсы қаруланған аз гана тобы Қастек, Қаскелен, Қеген және Нарынқол арқылы зор қындықпен Жоңғарияға жетті. Жайықтан Жоңғарияға дейінгі аралықты алты айда азаппен өтіп, тірі жеткен 10–15 мыңдай қалмақтар Қытайға барып, құлдық қамытын киді. Цин әкімшілігі оларды жекелеген ұсақ ауылдарға бөлшектеп, өзінің боданы деп жариялады. Қалмақтардың Еділден Жоңғарияға үдерес көшуі Еділ-Жайық бойында үлкен дүрбелең туғызды. Көп ұзамай бұл маңда Е.Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі басталды. Жайықтан өте алмай Ресейде кідірген 50–60 мың адам аман қалды.

**ШАҢЫРАҚ** – киіз үй сүйегінің негізгі бөлігі, төбесі. Ол самырсын, қайың немесе талдан жасалынады. Оны үйдің шанағына қарай ықшамдаپ, шеңбер түрінде иіп, ішкі жағын жүқартады. Кемінде 2 (кейде 3–4) доға төрізді иінді қималастырып шеңбер пішініне келген түрін шаңырақ тоғаны деп атайды. Тоғанды айналдыра «қаламтемір» аталатын төрт қырлы істікпен уық қаламшалары шаншылатын тесіктер, яғни «шаңырақ



Киіз үйдің шаңырағы

көзін» шығарады. Шаңырактың құрсау шеңберін дәл ортадан түйісетіндей өтіп 8 (кейде 6) дана доға пішінді шыбық қашалып қадалады. Орта тұсында, төбесінде айқасып келген кергісі «құлдіреуіш» деп аталағын шаңырактың бөлігі жабылған киізді көтеріп тұрады. Қазақ шеберлері шаңырақ шеңберін қырлап, иректете сырлаған, ішкі жағын сүйекпен, күміс білезіктермен әшекейлекен. Шаңырактың екі бүйірінен екі желбау байлаған. Қөшпелі түркі, монғол тайпаларында шаңыраққа белгі соғылып, ол уақыт мерзімін ажырататын сағат долбары есебінде пайдаланылған. Дәстүрлі қазақ қоғамында шаңырақ қасиетті де, қастерлі бүйім ретінде қарастырылған. Жастар үйленіп, отау құрған кезде қазақтар «шаңырақ көтеру» рәсімін өткізген. Оны отау көтеру немесе үй көтеру деп те атайдерді. Шаңырақ көтерісуге барлық тұғантұстар көмектескен. Шаңыраққа ақтық шуберек байлаған, оны қара шаңырақ бақанымен көтерген. Бақанмен шаңырақты көтеру әрі ұстап тұру сыйлы адамға немесе жігіттің жақын жездесіне тапсырылған. Оған өз міндетін атқарған соң жігіт әкесі ат немесе шапан тарту еткен. Шаңырақ көтерілін, отау дайын болған соң, ішіне от жаққан, ал сыйлы әйелдер отау босағасын майлау құрметін атқарған.

**ШАРИФАТ**, а ш-ш и р ғ а, а т-т а ш р и ғ – мұсылмандардың иманын айқындалап, адамгершілік мұраттары мен діни ұжданын қалыптастыратын, сондай-ақ олардың мінез-құлқын реттеуеші нақтылы өлшемдер бастауы болып табылатын, Құран Қәрім және сунна арқылы пысықталған нұсқаулар жиынтығы. Исламдық дәстүр шаригат ұғымын Құранда дінге

сенушілерді адамгершілік кемелдікке, пәннілік рахатқа жеткізіп, жұмаққа алып баратаң, Алла сыйып берген төте жол деп біледі. Бұл ұғымның жалпылама мағынасы, сондай-ақ оның сөздік түбірі де Құранда бір нәрсени міндепті түрде орындауды заңдастыру, нұсқау мағынасында кездеседі.

**ШАРЫН** – өзен, Ілеңің сол саласы. Алматы облысының Райымбек және Үйғыр аудандары жерімен ағады. Жоғарғы ағысында Шалкеде, орталық ағысында Кеген деп аталағы. Ұзындығы 427 км, су жиналатын ала-бы 7720 км<sup>2</sup>. Бастаулары Теріскей және Күнгей Алатауларындағы мұздықтарда және Кетпен (Ұзынқара) жотасының оңтүстік беткейлерінде жатыр. Ірі салалары: Темірлік, Кеген, Қарқара, Орта Мерке, Шет Мерке. Қоқтемгі-жазғы кезеңде тасып, күз бен қыста сабасына түседі. Өзен алабында суармалы егіншілік кең дамыған. Жайылмасы шабындық ретінде пайдаланылады.



Шарын өзені



Шарын каньоны

**Шарын каньоны** – Алматы облысындағы Шарын өзенінің төменгі ағысындағы жартасты табиғи өңір; палеоген дәуірінен келе жатқан бірден-бір табиғат ескерткіші. Каньон оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай Шарын өзенінің бойымен 154 км-ге созылған. Жартастарының биіктігі 150–300 м-ге дейін жетеді. Негізгі Шарын каньонының тамаша көрінісін Көртогай, Сарытоғай қоныстарының аралығындағы 30 км-дей бөлігі құрайды. Шарын өзені аңғарында реликтілі Шаған тоғайы сақталған. Шатқал түбімен ағатын өзенде сирек кездесетін «жалаңаш осман» балығы бар. Ландшафтысының әркелкілігі флора мен фаунаның әртүрлі болуын қалыптастырган. Өсімдіктер мен жануарлардың 34 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енген, сүтқоректілердің 60 түрі, үя салатын құстардың 300 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 20 түрі кездеседі. Негізгі Шарын каньонына бірнеше басқа каньондар жанасады. Мысалы, өзенінің он жақ сағасындағы Темірлік каньоны. Жергілікті жердің бірегей ландшафттары «Қорғандар аңғарына» немесе «Жалмауыздар шатқалына» апарады. Шарын каньонында 2004 ж. Шарын ұлттық саябағы құрылған. Жер бедерінің мұндай ерекше пішінді дуние жүзінде АҚШ-тағы Колорадо штатында (Ұлкен каньон) ғана бар. Шарын каньоны өзіндік табиғи көркем ландшафты-палеонтолог. туризм нысаны.

**Шарын шаған тоғайы**, неоген кезеңінен сақталып қалған. Тоғай Алматы обл-ндағы Іле өзенінің сол жақ саласы Шарын өзенінің ортаңғы ағысында, Сарытоғай елді мекеніне жақын жерде орналасқан. Мұнда өте сирек кездесетін, реликті ағаштың 3 түрі: Іле жидесі, Іле бөріқарақаты және Соғды шағаны өседі. Соғды шағаны (*Fraxinus səgdiana*) – зәйтүн тұқымдасының шаған туысына жататын, өте ылғал сүйгіш ағаш. Биіктігі 25 м-дей, жапырақтары жалпақ, ұзындығы 20 см-дей. Бұл ағаштар өзен арнасына жақын өседі, 5014 га жерді алып жатыр. Соғды шағаны Қазақстаннан басқа тек АҚШ-тың Невада штатындағы «Гранд» шатқалында өсетін, жойылып бара жатқан, қорғауды қажет ететін түр.

**ШАХМАТ** – ақыл-ой және халық шығармасы негізінде пайда болған спорт ойыны. Шахмат тақтасы ақ және қара түске боялған көлемі бірдей 64 шаршыға бөлінеді. Ойын 5



Шахматтан әлем чемпионы 11 жасар Жансая Әбдімәлік

ғасырда Үндістанда пайда болып, алғашында чатуранга деп аталған. 8–9 ғасырларда шахмат туралы алғашқы еңбектер жазылды. 8–9 ғасырлардан арабтар жаулап алған Испания арқылы Еуропага тарай бастады. 16 ғасырда Испанияның, Италияның, Франция мен Англияның шахматшылары өз зерттеулерімен шахматты өрі қарай дамытты. 19 ғасырдың аяғында В.Стейниц позициялық мектептің негізін салды. Қазақстанда алғашқы шахмат жарысы 1933 ж. 1-республикалық спартакиаданың бағдарламасы бойынша өткізілді. 1934 жылдан республикалық чемпионаттар өткізіліп келеді.

**ШАХТА** – жер астынан пайдалы кен қазу жұмыстарын жүзеге асыратын тау-кен кесіпорны. Ол жер астындағы кен қазбасынан және жер үстіндегі құрылыштардан (копер, шахта үсті үйі, қойма, өкімшілік-тұрмыс ғимараты, т.б.) құралады. Қазып алынатын кеннің мөлшеріне қарай орташа шахтаның жылдық өнімд. 2–3 млн. т-ға, ал ірі шахталардың жылдық өнімд. 8–10 млн т-ға дейін жетеді. Шахтада бірнеше мыңға дейін жұмысшылар мен инженерлер жұмыс істейді. Сирек металдар мен алтын өндірісіндегі шахталардың қуаты шағын (жылдық өнімд. 150–200 мың т) болады. Шахтаның тереңдігі кеннің орналасу қалпына (жатысына) және оның құндылығына байланысты. Қазіргі шахталардың орташа тереңдігі 1000 м-дей, ең терең шахта Африка мен Үндістанда (3,5–3,8 км).

ШӘКЕРІМ Құдайбердіұлы (24.7.1858, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Қарауыл ауылы – 2.10.1931, сонда) – қазақ ақыны, ойшыл, композитор, аудармашы. Әкесінен жастай жетім қалып, немере ағасы Абай Құнанбаевтың қолында тәрбиеленді. Бұл жағдай Шәкәрімнің дүниеге көзқарасының қалыптасуына, ақындық шеберлігінің шындауына зор әсер етті. Ол жастайынан орыс, араб, парсы, түрік тілдерін жетік мемгеріп, Батыс, Шығыс әдебиеттерін терең білді. Жеті жасынан өлең жазып, өмірінің соңына дейін ағартушылық бағыт ұстанды.

Ақын нақты өмір суреттерін, туған табиғаттың өсемдігін тебірене жырлады, 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басындағы қазақ өміріндегі оқиғаларға, құбылыстарға қызу үн қости. «Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық» (1877) өлеңінде талапты жастарды ұлы Абайдан ұлғі-өнеге алуға, содан үйренуге шақырса, «Жастық туралы», «Көрілік туралы» (1879) өлеңдері Абай үлгісінде жазылып, адам өмірінің мән-мағынасы туралы толғанады. «Өмір», «Сәнқойлар», «Ызақорлар», «Құмарлық», «Қалжынбас», «Тойымсыз нәпсі» сияқты өлеңжырларында боямалы ажарды, жасанды мінез берін жағымсыз қылышты сынға алады. Фашықтық сезім таза, пәк жүректен маздайтынын айта келіп («Анық асық өулие», «Шынысырым»), адамгершілік ақ жолға, өнер-білімге үндейді («Жастарға», 1880). «Арман», «Насихат» (1881) атты өлеңдерінде әртүрлі таппен топ өкілдерінің ниет мақсаттарын шеней келе, қоғамда өлі моральдық өлшемнің дұрыс қойылмағанын сөз етеді.

Ақын кеңестік тоталитарлық жүйенің құрбаны болды. Көтеріліске шыққан халық пен жергілікті билік өкілдерін татуластыруға, сөйтіп, қан төгісті болдырмайға тырысқан ол жазалаушылар атқан оққа ұшып, денесі айдаладағы құдыққа тасталды. Ол «халық жауы» ретінде айыпталып, шығармаларын оқуға тыйым салынды. Тек 1988 ж. ғана ақын есімі толық ақталды. Семей қаласында ақынға орталық көше аты берілген, Семей мемлекеттік университеті Шәкәрім атында.



**ШВЕЙЦАРИЯ**, Швейцария Конфедерациясы – Орталық Еуропадағы мемлекет. Аумағы 41,3 мың км<sup>2</sup>. Солтүстігінде Германиямен, батысында Франциямен, оңтүстігінде Италиямен, шығысында Австрия және Лихтенштейнмен шектеседі. Халқы 7,9 млн., оның 65%-ы – немістер, 18%-ы – француздар, 10%-ы – италиялықтар, 1%-ы – реторомандықтар, т.б. Дінге сенушілердің 50%-ы католиктер, 48%-ы протестанттар. Астанасы – Берн қаласы. Негізгі қалалары: Цюрих, Женева, Лозанна, Люцерн, Санкт-Галлен, Винтертур, Базель. Әкімшілік-аумақтық жағынан 20 кантон мен 6 жартылай кантонға бөлінеді.

Швейцария – таулы ел, көпшілік бөлігі Альпі аумағында орналасқан (ел аумағының 60%-ын құрайды). Оңтүстігінде Пеннин Альпісі (ең биік жері – Дюфур шыңы – 4634 м), Лепонтин, Ретийя Альпісі мен Бернин масиві орналасқан. Негізгі өзендері: Рейн (Швейцариядағы бөлігі – 375 км), Ааре (маңызды салалары – Ройс пен Лиммат), Рона, Инн, Точино өзендері Альпі тауларынан басталып, ері-

ген қар және жауын-шашын суларымен толығады. Өзендерінде су құламалары көп. Көптеген өзендерінде СЭС каскадтары салынған.

Швейцария – жоғары дамыған өнеркәсібі мен өнімді ауыл шаруашылығы бар мемлекет. Швейцария дүние жүзіндегі ең ірі қаржы орталықтарының бірі саналады. Швейцария банкілерінің сейфтерінде дүние жүзіндегі ең дамыған елдердің барлық құнды қағаздарының жартысы жатыр. Өнеркәсібі жоғары сапалы, қымбат және ғылым жетістіктерін қажет ететін өнімдер шығаруға маманданған. Жетекші салалары – машина жасау мен металл өңдеу, химия, тамақ өнеркәсіптері. Машина жасауда ұсталық-престеу жабдықтарын, дәлдігі жоғары металл өңдеу станоктарын, дәл өлшеу аспаптарын (курделі медициналық аппараттар, дәл таразылар, оптикалық аспаптар, т.б.), сағаттар (дүниежүзілік өндірістің жартысынан көбі, өнімнің 95%-ы экспортталады) шығару негұрлым жоғары дамыған. Ауыл шаруашылығы – жоғары өнімді, онда ел аумағының 11%-ы пайдаланылады. Жетекші сала – мал өсіру, оның ішінде сүтті ірі қара (симменталь және швиц түқымдары) мал өсіріледі. Сыртқа машина жасау мен металл өңдеу өнімдерін, сағаттар, дәрідәрмек және химия өнеркәсібі өнімдерін, азықтүлік, жоғары дәлдіктегі аспаптар, тоқыма тауарларын, киім-кешек шығарады.

**ШВЕЦИЯ**, Швеция Корольдігі – Солтүстік Еуропадағы Скандинавия түбегінің шығысы мен оңтүстігін алып жатқан мемлекет. Солтүстік-батысында Норвегиямен, солтүстік-шығысында Финляндиямен шектеседі. Оңтүстік-шығысын Балтық теңізі, ал оңтүстік-батысын Эресунн бұғазы (Швецияны Да-



Түнн көлінің жағалауы



Женева көлі



Стокгольм қаласы



Веттерн көлі

ниядан бөліп тұр) мен Каттегат, Скагеррак бұғаздарының сularы шайып жатыр. Швецияның иелігіне сондай-ақ Балтық теңізіндегі Готланд пен Эланд аралдары мен бірнеше ұсақ аралдар да кіреді. Аумағы 449,96 мың км<sup>2</sup>. Халық саны 9,1 млн. Швецияның үлттық құрамы негізінен біртекті. Халқының 91%-ын шведтер құрайды. Сонымен бірге финндер (3%), саамдар, норвегтер, даттар (6%) тұрады. Ресми тілі – швед тілі. Дінге сенушілердің көпшілігі – лютеран шіркеуінің өкілдері (94%), католиктер (1,5%), мұсылмандар мен иудей дініндегілер де бар. Астанасы – Стокгольм қаласы. Ирі қалалары: Стокгольм, Гетеборг, Кальмар, Упсала, Мальме, Хельсингборг (қала халқының улесі 83%).

Швеция Еуропаның Атлант мұхиты бойы аймағында, қоңыржай белдеудің солтүстік бөлігінде орналасқан. Жағалаулары негізінен онша биік емес, жартасты болып келеді. Швецияда қысқа, қар, жаңбыр сularымен толығатын өзендер көп (ең ірілері Доль-Эльвен, Турне-Эльв, Клар-Эльвен, т.б.). Өзендерінің көпшілігі шығысқа қарай ағып, Ботния шығанағы мен Балтық теңізіне құяды. Олар электр қуатын өндіруге кеңінен пайдаланылады (53%).

Швеция – жоғары дамыған өнеркәсіпті ел. Экспортқа бағытталған өнеркәсібі әртүрлі құрылымдарын, жиназ, құрастырылатын үйлер шығарады. Металлургия (сапалы және арнаулы болаттар шығару), машина жасау, ағаш өңдеу, целлюлоза-қағаз өнеркәсібі, химиялық, тағам (негізінен сұт және ет өнімдерін шығару) өнеркәсібі негұрлым жоғары дамыған. Ауыл шаруашылығының жетекші саласы – етті-сүтті ірі қара мал өсіру. Швеция – экспортқа орман шаруашылығының барлық түрлерін шығарады. Ел аумағының 68%-ын ормандар алғып жатыр. Елде банк жүйесі мен туризм жақсы дамыған.

### ШЕВЧЕНКО Тарас

Григорьевич (9.3.1814,

Черкассы облысы Звенигород ауданы – 10.

3.1861, Петербург) –

украин ақыны, суретші.

Петербург суретшілер академиясын бітірген (1838–45).

Кирилл-Мефодий қоғамына қатысқа-

ны үшін он жылға (1847–57) айдалып,

Қазақстанға жер аударылған.

«Кобзарь» (1840, толық нұсқасы – 1860) өлеңдер жинағы, «Казематта» (1847), «Патшалар» (1848) циклдары, «Катерина» (1838), «Тарас тұні» (1838), «Гайдамактар» (1841), «Тұс» (1844), «Кавказ» (1845), «Марина» (1848), «Жексүрын» (1857), «Мария» (1859) поэмаларының, «Музыкант» (1854–55), «Суретші» атты автобиографиялық повестердің, реалистік бағыттағы көптеген суреттердің авторы. Маңғыстауға жер аударылған жылдары (1847–57) Шевченко 20-ға жуық

повесть, 100-ден астам өлең, 500-ге тарта сурет салды. Оның осы кезеңде жазылған «Тұс», «Тәңірінің қолында еді балта» өлеңдерінде, «Егіз», «Варнак», «Бақытсызы» повестеріне жергілікті қазақтардың өмір салты арқау етілді. 1848 ж. А.И.Бутаков экспедициясына қатысып (1,5 жыл), осы сапарында 350-ден астам сурет салды. Олардың ішінде «Достанның молосы», «Ырғыз қала», «Райым бекінігі», «От-



«Киіз үйде». Суретші Т.Шевченко

басындағы қазақтар», «Атты қа-зак», т.б. суреттері бар. 1850 ж. Новопетровск (қазіргі Форт-Шевченко) бекінісіне жер аударылды. Новопетровскіде «Наймичка», «Капитанша», «Музыкант», «Бақытсыз», «Егіз», «Суретші» повестерін жазды. Шевченконың «Адасқан ұл туралы притча» сериялы суреттері осы бекіністе жасалған. Қазақ тақырыбына арнап «Шерқала», «Бақташи», «Қамыс», «Киіз үйде», «Байғұстар», «Келі түйген қазақ өйелі», «Қазақ қызы Катя», т.б. суреттерін салды. Шевченко есімін есте қалдыру мақсатында бұрынғы Новопетровск бекінісі 1939 жылдан Форт-Шевченко атала бастады. Алматы қаласының бір көшесіне Шевченко атауы беріліп, ескерткіші қойылған.

**ШЕГІРТКЕ**, қысқа мұрттылар отряд тармағына жататын жәндіктер. Олар тікқанаттыларға жатады. Жер шарында кең тараған, 20 мыңға жуық түрі бар. Қазақстанда 700-ден астам түрі белгілі. Қанаттарының алдыңғы жұбы қатқылдау, тері тәрізді, дene үстін бойлай тік орналасқан. Артқы қанаттары нәзіктеу, жарғақ болып келеді, кейде олар жетілмейді. Артқы аяқтары ұзын, секіруге бейімделген, сондықтан оларды секіргіш жәндіктер деп те атайды. Мұртшалары денесінің жартысынан қысқа, жіп тәрізді. Ең маңызды тұқымдасы – нағыз шегірткелер (Acrididae). Оның ұз. 2–9 см. Ұргашыларында 4 жармалы қысқа жұмыртқасалғышы болады, сонымен жерді шұңқырлап тесіп, көбіктенген сұйық зат бөледі. Оған жабысқан топырақ түйіршіктері қатайып, күбірше пайда болады. Жұмыртқаларын сол күбіршеге салады. Нағыз шегірткелер – а.ш. дақылдарының зиянкестері. Өте қауіпті түрлері: азия шегірткесі, атбасар шегірткесі, тұран шегірткесі, т.б. Кейбір түрлері өте сирек кездесетіндіктен Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.



Шегіртке түрлері

**ШЕЖИРЕ** – тарих ғылымының халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тармағы. Ру, тайпалардың тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, қалыптасқан ресми шежіре барлық халықтарда кездеседі. Ресей, Германия, Англия, Франция және көптеген шығыс елдерінде шежіренің көп томдық жинақтары шыққан. Башқұрт, өзбек, түрікмен, қырғыз, Сібір халықтарында шежіре дерек көздері ретінде молынан кездеседі. Шежірені шежіреші қарттар ауызша таратып отырған. Сондықтан оны кейбір ғалымдар далалық ауызша тарихнама (ДАТ) деп те әспеттейді. Алынған жинақтар шежіре деректері орта ғасырлардан бастау алатындығын, тіпті жекелеген нұсқалары Адам атадан басталатындығын айқыннады. Кейбір шежіре нұсқалары ортағасырлық деректемелермен де үштасып жатты. Рашид әд-Дин, Ұлықбек, Әбілгазы, Бейбарыс, ибн Халдун, т.б. көптеген ортағасырлық авторлардың еңбектерінде белгілі бір тұлғалардың, ру-тайпалардың, халықтардың шығу тегі таратылып, бірнеше ұрпақтар алмастығы өрбітілін отырды. Түркі, соның ішінде қазақ ойшылдары топтаған шежірелердің ең бағалылары – Мұхаммед Хайдар Дулат пен Қыдырғали Жалайыридың еңбектері болып саналады. Сондай-ақ «Көшен-Қарауыл шежіресі» (18 ғасыр), «Жәнгір хан шежіресі» (1835), Уәлиханов жазып алған «Ұлы жұз шежіресі», А.Ниязовтың «Ұш жұздің шежіресі», А.Жантөриннің шежіресі, Потанин жазып алған Мұса Шорманұлы шежіресі, Ө.Бөжейұлының «Қазақ жұртының шежіресі», «Насабнама» сынды шығармалардың да құндылығы жоғары. Шежірені топтаудағы дерегі мол еңбектер қатарына Ш.Құдайбердіұлы, Мәшнүр Жусіп Қөпейұлы, Н.Наушабаев, Торғай би жинаған «Ұш жұздің шежіресі» (Гродеков жазбасында), Диханбай батырдың «Ұлы жұз шежіресі» (Аристов жазбасында) сынды жұмыстар жатады. Қазақ шежіресінде тайпа, ру, аталардың таралуымен қатар, оларға байланысты тарихи оқигалар, елдің қоныс аударуы, бір ел мен екінші елдің қарым-қатынасы, ол елдерден шыққан шешендер, батырлар жайлы әңгімелер қоса жазылады.

**Шежіреші** – халықтың өткен тарихын, тұрмыс-тіршілігін ауызша таратып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші. Шежірешілер көптеген халықтарда болған, кейбірі өз дерегін жазып та қалдырған. Ұақыт өте мұндай деректемелерді келесі шежірешілер буыны толықты-

рып отырды. Қазақтар түркі тектес 200-ден астам рудан құралып, әр рудың өз шежірешісі болған. Олар жұз, тайпа, ру, ата тарихын терең талдаумен қатар әрбір рудың белді тұлғаларының ел үшін жасаған ерлік істерін жастанды патриоттық тұрғыдан тәрбиелеу мақсатында жиын-тойларда, мерекелерде үнемі айтып отырган. Дәстүрлі қазақ қоғамында әрбір азамат шежіреші ретінде ілім-білім алуға міндettі болды. Кемінде жеті атасын таратып бермегендерді қазақ қоғамы «жеті атасын білмеген – жетімдіктің белгісі» секілді нақыл сөздермен қағытып, ал білгендерді «жеті атасын білген ер – жеті жүрттың қамын жер» сынды мадақ сөздермен мақтаған. Шежірешілер тек жұз, тайпа, рудың ғана емес, ел мен жердің де тарихын жетік білді. Олар үнемі ізденіс үстінде болды, шежіре мәліметтерін толықтырып, тың материалдар (соңғы ақпараттарды) қосып отырды. Кейбір шежірешілер руаралық қақтығыстарда даудамайларды әділ шешу үшін де билерге өз мағлұматтарын беріп, этн. аумақ бірлігін нығайтуға ат салысқан.

**ШЕК** – математиканың негізгі үғымдарының бірі. Егер алдын ала берілген кез келген  $\varepsilon > 0$  саны үшін  $x$  айнымалы шамасының белгілі бір мөнінен бастап келесі барлық мәндері  $|x - a| < \varepsilon$  теңсіздігін қанағаттандыrsa, онда а саны  $x$  айнымалы шамасының шегі (ол  $\lim_{x \rightarrow a}$  немесе  $x \rightarrow a$  деп белгіленеді) деп аталады. Егер кез келген  $\varepsilon > 0$  аз саны үшін  $\delta > 0$  саны табылып,  $x$  айнымалы шамасының  $|x - x_0| < \delta$  теңсіздігін қанағаттандыратын барлық мәндері үшін  $|f(x) - A| < \varepsilon$  теңсіздігі орындалса, онда А тұрақты саны  $f(x)$  функциясының  $x = x_0$  нүктесіндегі шегі делінеді. Шектердің қазіргі теориясы 19 ғасырдың басында қалыптаса бастады. Шек үғымы алғаш рет О. Коши еңбектерінде қолданылды. Тізбек пен функция шектерінің теориясы Б. Больцано мен К. Вейерштрассың еңбектері негізінде қалыптасты.

**ШЕКАРА**, мемлекеттік шекара – белгілі бір елдің құрлықтағы немесе судағы аумағының шегін көрсететін меже. Меже іші-



Сарбаздар мемлекеттік шекара күзетінде

не енетін өуе кеңістігі мен жер қойнауы және су түбі сол мемлекеттің аумағы болып табылады. Қөршілес мемлекеттердің шекара межелері өзара келісімдер мен шарттарда белгіленеді. Мемлекеттер арасында шекараны белгілеу делимитация деп аталады. Жер бетінің құрамына қарай (тау жоталарымен, өзен арналарымен, т.б.) жүргізілген шекара сыйығы орографиялық деп, ал жер бетіндегі екі белгі арасында тікелей тартылған шекара сыйығы геом. деп аталады. Өдette шекараны делимитациялау туралы шарттар шекара жөніндегі арнаулы келісімдерде, бітім шарттарында, мемлекеттік аумақтың белгілі бір бөлшегін екінші бір мемлекетке беру туралы, т.б. келісімдерде белгіленіп, шекара сыйығын сол белгіленген жерлер бойынша нақтылы жүргізу демаркациялау деп аталады. Ресми түрде белгіленген және бекітілген сыйығын мемлекеттердің бір жақты бұзыу немесе қайта қарауы халықаралық құқыққа қайшы келеді. Мемлекеттік шекараны бойлай шекаралық белгілер орнатылады. Мемлекеттік шекараны күзетін шекаралық өскер (шекарадағы күзеттер, шекаралық қарауылдар) жүзеге асырады. ҚР Мемлекеттік шекарасынан керекті құжаттарсыз және тиісті рұқсатсыз өту немесе инкаралық белгілерді заңсыз алу, жылжыту не жою қылмыстық жауапкершілікке тартылады. ҚР төуелсіздік алғалы қөршілес мемлекеттердің барлығымен Мемлекеттік шекараны делимитациялау туралы меморандумға қол қойды.

**ШЕКСПИР** Уильям (23.4.1564, Стратфордон-Эйвон – 23.4.1616, сонда) – ағылшын драматургі, акын. Стратфорд грамматикалық мектебінде оқып (1671–78), латын және ежелгі



грек тілдерін үйренип. 1585–1612 ж. Лондонда тұрды. 1590 ж. Лондонның «Глобус» театрының актері болды әрі сол жылы драматургтік қызметін бастады. Шекспир пьесалармен қатар көптеген сонеттер, «Венера мен Адонис» (1593), «Лукреций» (1594), т.б. поэмаларын жазды. Оның 1590–1600 ж. аралығындағы пьесалары оптимистік сарында болып келеді. Комедияларында адамдардың бақытқа үмтүлү жолындағы кездесетін қындықтармен күресі суреттеледі («Қателіктер комедиясы», қойылуы 1594, басылуы 1623; «Асауга тұсау», қойылуы және басылуы 1594, т.б.). Шекспирдің саяси көзқарасы пьеса-хроникаларында байқалады, олардың негізгі идеясы – мемлекеттік, елдік бірлік. Шекспир пьесаларында дүние жүзінде алғаш рет драматургия саяси күресті мифтік емес, реалистік әдіспен бейнеледі. Ол шығармаларында қоғам өкілдерінің барша тобын қамтыды. Бұл кезеңде Шекспир өз дәүіріндегі ағартушы-гуманистердің ықпалында болды. Шекспир шығармашылығының 2-кезеңі (1601–08) Англия өміріндегі қоғамдық саяси өзгерістермен тұспа-тұс келді. Елдегі әлеуметтік шиеленіс Шекспир шығармаларында трагедиялық сарынның молаюына себепкер болды. Бұл жылдары ол әлеуметтік-философиялық бірқатар пьесалар жазды: «Гамлет» (1602), «Отелло» (1604), «Король Лир» (1606), «Макбет» (1606), «Антоний мен Клеопатра» (1607), «Афиналық Тимон» (1608), «Кориолан» (1608), т.б. Бұл жылдардағы Шекспир шығармаларының желісі – қоғамның жаңаруын көрсету, қоғамдағы келеңсіздіктерді өжуаға айналдыру. 20 ғасырдың бас кезінен бастап Шекспир пьесалары орысша нұсқасынан қазақ тіліне аударылып, республиканың көптеген театрларында қойылып келеді. «Отелло», «Асауга тұсау», т.б. туындылары М.Әуезовтің аударуымен күні бүгінге дейін сақнадан түскен емес. Пьесалары мен сонеттері бірнеше рет қазақ тілінде жарық көрген.

**ШЕРУБАЙНҰРА** – Қарағанды облысының Шет, Абай, Бұқар жырау аудандары аумағындағы өзен. Ұзындығы 281 км, су жинала-




Шерубайнұра өзенінің аңгары

тын алабы 15600 км<sup>2</sup>. Сарыарқаның орталық белгіндегі Қызылтас тауларының батысындағы бұлақтардан басталып, Ынтымақ бөгөнінен 4 км жоғарыда Нұра өз-не құяды. Аңгары кең, арнасы жарлы. Өзен алабында жер бетіне шығып жатқан ежелгі тау жыныстары кездеседі. Бойында Қотыр Қызылтау, Қотыртас, Бұғылы қыратты шоқылары бар. Жауын-шашын, жер асты сұымен толығады. Шерубайнұраға 12 сала құяды. Негізгі салалары: Қарамыс, Талды, Тұматай, Қызылқой, Топар, Соқыр. Қоғамдық орташа су өтімі Шерубайнұра ауылы тұсында 5,04 м<sup>3</sup>/с. Өзен сусы Жартас, Краснополянское, Шерубайнұра бөгендерімен реттелген.

**Шерубайнұра бөгөні, Топар бөгөні,** Қарағанды облысының Абай ауданы аумағында, Топар кентінен 2 км оңтүстік-батыста. Шерубайнұра өзенінің Нұра өз-не құятын сағасынан 47 км жоғарыда орналасқан. Бөгөн ұзындығы 890 м, биіктігі 15 м бөгетпен бөгу арқылы түркізылған. Құрылышы 1951 ж. басталып, 1960 ж. пайдалануға берілген. Бөгөн Шерубайнұра өзенінің сусын көп жылдық режимде реттеуге арналған.

**ШОЛПАН** – Күн жүйесінің Күннен арақашықтығы бойынша екінші планетасы. Жердің Күн жақтағы жақын көршісі. Оның Күннен орташа арақашықтығы 108 млн. км (0,723 а. б.). Сидерлік айналу периоды 224 тәулік 16 сағ 49 мин 8 с. Жерден қараған бақылаушыға шолпанның Күннен бұрыштық қашықтығы 48°-тан аспайды. Сондықтан ол Күн батқаннан кейін (кешкі жұлдыз) не Күн шығардың алдында (таңтеренгі жұлдыз) ғана аз уақыт көрініп тұрады. Шолпан – аспандағы ең жарық шырак (Күн мен Айдан кейінгі). Жалтырауының максимумы 4,4-жүлдіздық шамаға дейін жетеді. Шолпанның фазаларын



Шолпан планетасының беті

(1610 ж. Г.Галилей ашқан) көру қабілеті ерекше жақсы адамдар жай көзбен де байқай алады. Төменгі тоғысұрынде шолпанның бұрыштық диаметрі 64"-қа жетеді. Жер бетінде жүргізілген радиолокациялық бақылаулардың нәтижесі бойынша шолпанның орташа радиусі 6050 км, массасы 1/408522 Күн массасындағы не 0,9528 Жер массасындағы. «Венера» (КСРО) және «Маринер» (АҚШ) автоматтық планетааралық стансаларында жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде шолпан планетасы атмосферасының құрамы 97,3% көмір қышқыл газынан, 2%-дан кем азоттан, 0,1%-дан кем оттектен және 1%-дан кем су буынан тұратындығы анықталды.

**ШӨЛ** – ландшафтың ауа температурасы құбылмалы, жауын-шашын оте аз түсетін климат жағдайында қалыптасатын түрі. Шөлде түсетін жауын-шашын мөлшерінен булану шамасы 7–30 есе артық болады. Құрлықтың ішкі бөлігінде орналасу жағдайына қарай құрлықтық (Гоби, Такла-Макан, т.б.) және құрлықтардың жағалауларында орналасқан жағалаулық (Атакама, Намиб, т.б.) шөлдерге бөлінеді. Географиялық орнына қарай тропиктік, субтропиктік, қоңыржай белдеу және Арктика мен Антарктида (арктикалық шөл немесе мұз шөлі) шөлдері болып бөлінеді; тауларда шөл (суық биқтаулық шөл) биқтік ландшафт белдеуін құрайды. Негізінен шөлдердегі бұлтсыз ашық күндер саны 197–295 шамасында. Жазы ыстық. Жылдық жауын-шашын мөлш. 175–200 мм; Такла-Макан шөліндегі орташа мөлш. 9 мм шамасында. Судың булануы, жерге сіну шығыны көп болғандықтан, шөлден өтетін кейбір өзендер сағасына жетпей тартылып қалады. Топырақ



Шөл дала

қабатындағы ылғалдың тапшы болуына байланысты шөлдің өсімдік жамылғысы негізінен кедей, тек қуаңшылыққа бейімделген өсімдіктер өседі. Шөптесін өсімдіктен эфемерлер және эфемероидтар көп тараған. Субтропиктік және тропиктік, құрлықтың ішкі бөліктеріндегі шөлдерде, өсіреле Африка, Арабия шөлдерінде суккуленттер, ксерофиттік бұталар және көпжылдық шөптер өседі. Солтүстік Америка және Австралияның субтропиктік шөлдеріндегі өсімдік жамылғысы басқа шөлдерге қарағанда түрлерге бай келеді. Дүние жүзіндегі ең ірі шөл – Сахара. Қазақстан мен Орталық Азиядағы ірі шөлді аймақтар: Мырзашөл, Қарақұм, Қызылқұм, Бетпақдала. Шөл ландшафтысы Жер шарының 19%-нда, Қазақстан жерінің 44%-нда қалыптасқан.

**Шөлейт** – аридтік климат жағдайында қалыптасатын ландшафт түрі. Даға және шөлге тән өсімдік түрлері аралас кездеседі. Солтүстік және Оңтүстік жарты шардың қоңыржай, субтропиктік және тропиктік белдеулерінде тарапған. Шығыс жарты шардың қоңыржай белдеуінің шөлейті – Каспий ойпатының батысынан Ордостың (Қытай) қыыр



Шөлейт

шығысқына дейінгі 10 мың км-ге созылған; субтропиктік және тропиктік белдеулердегі шөлейт – Сахарада, Оңтүстік және Оңтүстік-батыс Африкада, Арабия түбегінде, Кіші Азия мен Иран таулы қыратында, Үнді алабында, Австралияның ішкі бөлігінде кездеседі. Батыс жарты шардың қоңыржай белдеуінің шөлейті – Сенгір таулардан шығысқа қарай 1300 км-ден астам алқапты қамтиды; субтропиктік және тропиктік белдеулердегі шөлейт – Колорадо үстіртінде, Улкен алапта, Мексика таулы қыратында, Анд тауларынан шығысқа қарай жатқан бөлігінде қалыптасқан. Шөлейтте климат өте қуаң, булану жауын-шашын мөлшерінен өлдекайда артық болады. Жер беті сусы мардымсыз. Ағын сусы шағын өзен мен жылғалардан тұрады.

**ШУ** – Қыргызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен. Ұзындығы 1186 км (Қазақстан аумағында 800 км), су жиналатын алабы 148000 км<sup>2</sup> (Қазақстан аумағында 62500 км<sup>2</sup>). Теріскей Алатау мен Қыргыз Алатауынан бастау алатын Жуанарық және Қошқар өзендерінің қосылған жерінен бастап Шу аталады. Ірілі-ұсақты 80 саласы бар, ірілері: (Қазақстанда): Қорағаты, Мерке, Қарабалта, Ақсу, т.б. Теріскей Алатау мен Қыргыз жотасын кесіп өте бере Шу Жогарғы Ортотоқой және Төменгі Ортотоқой шатқалдарын қалыптастырған. Соңғысының түсында Ортотоқой бөгені салынған. Төменде Шу Ыстықкөл қазаншұңқырына шығады. Шу мен Ыстықкөлдің суайрығы айқын емес. 20 ғасырдың 50-жылдарында Шу сүйнің бір бөлігі су тасу кезінде Көтемалды тармағы арқылы Ыстықкөлге құйылған. Қазіргі кезде көлмен байланысы жоқ. Қазаншұңқырдан шыға бере тағы



Шудың жогарғы ағысы

да бірнеше тар шатқалдар арқылы өтетін аңғары Boom шатқалынан кейін біртіндеп кеңейеді, сағалық аңғары айқын байқалмайды. Қорағаты өзенінен кейінгі саласыз аумағында Шу Мойынқұм құмды алқабына шығады. Одан әрі бірнеше тармақтарға бөлініп, тартыла бастайды. Сусы мол кезеңдерде Қаратрудың солтүстік сілемдері етегі мен Бетпақдаланың аралығындағы Ашысу ойысының көлдеріне жетеді. Арнасының ені орта ағысында 50–100 м, томенгі ағысында 40–60 м. Ертеде сусы Сырдарияға құйған.

**ШҰРАТ**, оазис – 1) шөл және шөлейтті өнірлердегі ағаш аралас шөптесін өсімдік өскен кегалды алқап. Бұл жерлердің өз айналасына қарағанда салыстырмалы ылғалдылығы мол. Шұрат жер асты сусы жақын жатқан немесе тасыған өзен сулары жайылған жерде байқалады. Сол сияқты қолдан жасалған бөгендер, канал арқылы суландырылған жерлерде де шұраттар болады. Алып жатқан ауданы бірнеше га-дан мындаған км<sup>2</sup>-ге жетеді; халықтың шоғырланған (мысалы, Африкадағы Ніл өзенінің аңғары, Орталық Азиядағы Ферғана аңғары) және суармалы жерлердегі өнімді егін шаруашылығының орталық болып табылады. Африка мен Оңтүстік-Батыс Азия шөлдеріндегі шұраттарда құрма пальмасы, Орталық Азия Шұратында мақта, жұзім, т.б. дақылдар өседі. Қазақстанда аридтік климаттық белдеулердегі өзен аңғарлары мен құмды алқаптарда кездеседі. Мысалы, Шу-Талас аңғарлары 2) Антарктиданың мұздан бос шеткі болігі (мысалы, Бангера шұраты).

**ШЫМКЕНТ** – Қазақстанның оңтүстігіндеғі ежелгі қалалардың бірі, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік орталығы (1932). Тұрғыны 668 адам. Жерінің аумағы 300 км<sup>2</sup> (облыс жерінің 0,3%-ын құрайды). Шымкент облыстың шығысында, Өгем жотасының тау алды жазығымен ағатын Бадам мен Сайрам өзендерінің аралығында, теңіз деңгейінен 506 м биіктікте орналасқан. Шымкент – Қазақстандағы тұрғындарының саны, экономикасы және мәдени маңызы жағынан Алматы, Астана қалаларынан кейінгі республиканың үшінші қаласы. «Шымкент» (түркіше «шым» – алқап, қойнау және иранша «кент» –



«Шымкент» қонақ үйі

елді мекен) – «жасыл қала» деген мағынаны білдіреді. 12 ғасырда Еуропадан Ресей, Сібір, Орта Азия, Жетісү мен Қытайға баратын маңызды сауда-керуен (Ұлы Жібек жолы) жолдарының тоғысындағы қыстак болған. Шымкент туралы алғашқы жазба деректер Ақсақ Темірдің 1365–66 ж. әскери жорықтары туралы жазылған парсы тарихшысы Шараф аддин Әли Йездидің (1415) «Зафар наме» («Женістер кітабы») кітабында жазылған. Шымкент Коқан хандығының, монғолдар мен жоңғарлардың шапқыншылығына жиі ұшырап отырды. 1864 ж. патшалық Ресейдің қарамағына өтті. Қала 1914–21 ж. Черняев (1914 ж. Ресейге қосылуының 50 жылдығына орыс генералы Черняевтің есімі берілген) аталды. Шымкент қаласының экономикасы тез қарқынмен өсіп, ірі өнеркәсіп орталығына айналуына Түркістан–Сібір темір жол магистралі, Қаратауда шоғырланған қорғасын-мырыш (полиметалл) кендерінің игерілуі, облыстағы мақта егісінің үлғаюы әсер етті. Шымкент әуе, темір жолы, автомоб. жолдарының тоғысындағы ірі жол тораптарының бірі. Қала арқылы Бұхара–Шымкент–Алматы ғаз құбыры өтеді. Павлодар–Шымкент мұнай құбыры тартылған.

**ШЫНЫ**, әйнек – металл емес шикізатты балқытып сұту нәтижесінде алынатын, химиялық әсерге төзімді, аморфты қатты материал. Ол механикалық қасиеті жағынан морт келетін қатты затқа ұқсас, ал агрегаттық күйі сүйкіткіп пен кристалдың аралығында жатады. Шынының табиғи (вулкан атқылауынан түзілетін перлит, обсидиан) және жасанды түрлері бар. Қолданылуына қарай шыны: құры-

лыстық шыны (терезелік шыны, шыны блоктар, т.б.), техникалық шыны (кварц шыны, жарық-тех. шыны, шыны талшық, т.б.), сорттық шыны, т.б. болып ажыратылады. Сонымен бірге шынының иондауыш сөуледен қорғайтын шыны, жарық өткізгіштігі өзгеріп отыратын фотохромдық шыны, ерігіш шыны деп аталатын түрлері де бар. 75%  $\text{SiO}_2$ , 24%  $\text{Na}_2\text{O}$  және басқа құраушылардан тұратын ерігіш шыны сумен қосылғанда сүйкі шыны түзеді. Сүйкі шыны силикат бояу, кеңсе же лімі, т.б. дайындау үшін пайдаланылады. Шынының физикалық-химиялық қасиеті оның құраушыларына тәуелді. Шыныга тән қасиет – оның мөлдірлігі (терезелік шынының мөлдірлігі 83–90%, оптикалық шынынің 99,95%). Шынының беріктігін арттыру үшін ол әртүрлі өндөуден (физикалық, химиялық, термиялық) өткізіледі. Шыны жасау ісі біздің заманымыздан бұрынғы 4-мыңжылдықта Ежелгі Мысырда, Азияда басталған. Алғашқы шыны мөлдір болмаған, оларды әшекей тастар (малахит, т.б.) орнына пайдаланған. Түссіз мөлдір шыны дайындау және үрлеу өдісі арқылы шыныдан әртүрлі бүйімдар жасау ісінің шешілуі – шыны өндірісінде түбекейлі бетбұрыс жасады. Шыны жасау ісі саласындағы тұңғыш ғылыми еңбекке 1612 ж. Флоренцияда жарық көрген монах Антонио Неридің зерттеулері жатады. 1615 ж. Англияда шыны балқыту пештерінде көмір пайдаланыла бастады. Мұның өзі шыны балқыту пешінің температурасын арттыруға мүмкіндік берді. 17 ғасырдың басында Францияда мыс пештерде айналы шынылар алына бастады. 19 ғасырдың соңына дейін шыны жасау ісінде қол енбегі басым болып келді. 20 ғасырдың 2-жартысынан бастап шыны өндірісі механикаландырылды және автоматтандырылды.



Шыны өндірісі

**ШЫҢҒЫС ХАН**, Тәмуджин, Темүчин – (1155/62 ж. ш., Онон өзені бойындағы Дәлгуун Болдог шатқалы – 18(25).8. 1227, қазіргі ҚХР, Ганьсу өлкесіндегі Ся елді мекені) – Шыңғыс хан империясының (1206 жылдан) негізін салушы ұлы хан, қолбасшы, саясаткер. Шыңғыс хан – Азия мен Шығыс Еуропаға жауап алушылық жорықтар үйимдестарында. Оның арғы тегін шығыстық мұсылман және түркі шежірешілері Оғыздың қият руынан, ал Қытай мен моңгол тарихшылары Ди-Шивэй тегінен таратады. Шыңғыс хан жас кезінен-ақ саяси істерге белсene арасаса бастады. 1179 ж. керейттер ханы Тоғорыл хан, жажирдай тайпасының басшысы Жамұқамен бірігіп, меркіттерге қарсы жорық касап, женіске жетті. 1189 ж. дүйім моңгол «хамаг моңгол») халқының ақсүйектері basқосып, Темучинді «Шыңғыс (Чингис) ханан» деп жариялады. Ежелгі түркі-моңгол ұғымында бұл «хандардың хананы» («тenghis-dai-tay xahan») деген мағынаны береді. Шыңғыс ханның таңба-мөріндегі «Көкте тәңір, жер бенінде ханан біреу, әлем билеушісінің таңба-мөрі» деген жазу бекер жазылмаған. Ол 1189–1206 ж. Шығыс Моңголиядан бастап Алтай шауына дейінгі өзара қырқысқан көшпелі түркі-моңгол тайпаларын бағындырып, бір ортаққа біріктірген соң, 1206 ж. Онон өзені юйында Ұлы Құрылтай шақырды. Бұл Құрылтайда Барша жұрт ежелгі түркі дәстүрі болынша Шыңғыс ханды ақ киізге салып, «хан сөтерді». Ол Орталық Азияда бұрыннырақта ылік жүргізген Түрік қағандығы мен басса да көшпелілер мемлекеттерінің озық жақарын сараптай отырып, өз заманындағы алғынғы қатарлы мемлекет үлгісін жасады. Бір орталыққа бағынған күшті мемлекет құр-

ғаннан кейін Шыңғыс хан өз шабуылын ең қауіпті жауы Цзин (Алтын) елін жауап алудан бастады. 1211–16 ж. Солтүстік Қытай, 1219–24 ж. Орталық Азия мен Иран жауап алышында. Шыңғыс хан Сары теңізден Каспий, Кавказға дейінгі, Байкалдағы Си Ся мемлекетінен Туркістандағы шөлді аймақтарға дейінгі жерлерді жауап алды. Немерелері бұл жерлер аумағын батысында Адрия теңізіне, шығысында Лядун тубегіне дейін жеткізіп, орасан зор империя құрды. Бұл империя 1260–70 жылдарға дейін өмір сүрді. Осынау жойын жорықтың бас стратегі, қолбасшысы Шыңғыс ханның өзі болды. Шыңғыс хан Таңғұт мемлекетіне қарсы жорықта жүріп дүниеден өтті. Ұлдары оны өз аманаты бойынша туған жерінде жерледі. Шыңғыс хан қатыгездігі бола тұра шынайы ерлікті, пәктікті, адалдықты сыйлады. Ол өзінің барлық іс-әрекетінде білімдіні пір тұтып, ақылына жүргініп отырған. Өзінің әр қадамына қырағылықпен қарап, досын жаудан, жауын досынан ажыратта білген. Эрине ол өзі жүргізген толып жатқан соғыстарда мындаған адамдардың қанын төгіп, жүздеген қалаларды жойып жіберді. Дегенмен, бұл жорықтар Батысқа Шығыстың, Шығысқа Батыстың бетін ашты. Шыңғыс хан көшпелі тайпалар құрган ежелгі түркі мемлекеттер үрдісін жаңғыртып, оны келе жатқан жаңа заманға жалғап берді. Батыстары Шыңғыс хан құрган ордаларда іс түркі тілінде жүргізілді. Ол түркі тектілерді жақын тұтып, солардың күшімен әлемнің жартысын жауап алды. Сондықтан да көшпелілер немесе түркі-моңгол дүниесі үшін де Шыңғыс ханнның алатын орны ерекше болмақ.

**Шыңғыс хан империясы** – Шыңғыс хан құрған мемлекет. 1189–1206 ж. аралығында



Шыңғыс ханнның Монголиядагы алтын ескерткіші



«1223 жылғы Қалқадагы шайқас»

болған қиян-кескі соғыстардан кейін Шыңғыс хан Алтайдан Қытай қорғанына дейінгі аймақта біртұтас мемлекет құрды және ол өз мемлекетін әрі қарай кеңейте бастады. 1207 ж. ол Сібірдегі орман жұртын бағындырығаннан кейін, 1207 – 09 ж. Таңғұт (Си Ся) мемлекетіне үш дүркін шабуыл жасап, жаулап алды. Шыңғыс Түркістандағы үйғырлар мен қарлуктар Шыңғыс ханға қарсылықсыз бағынды. 1211 ж. өзінің ежелгі ата жауы Алтын (Цзин) еліне қарсы аттанып, бес жылдың ішінде бұл елдің басты бекіністерін басып алып, мол олжага батты. Алайда бұл жорық соңына дейін жеткізілмеді. Жалайыр Мұқылай ноян бастаған 60 мыңдық әскерді Қытайға қалдырып, Шыңғыс ханның өзі 1216 ж. Қарақорымға қайтып оралды. Қөп ұзамай батысқа қарай жорықтар үйымдастырылды. Жебе ноян бастаған әскер найман ханы Құшлікті өлтірін, Іле, Жетісу аймағын билеп тұрған Қарақытайлар мемлекетін бағындырыды. Сөйтіп, Шыңғыс иеліктері Хорезмшах мемлекетіне таяп келді. Хорезм, Дешті Қыпшақ жерлері Шыңғыс ханның стратегиялық нысанасына әлдеқашпан-ақ іліккен еді. 1218 ж. Отыра尔да монгол саудагерлерінің өлтірілуі Шыңғыс ханның Орталық Азияға қарсы жоспарланған жорығын жылдамдата тусты. 1219 ж. 140 (кейбір деректерде 200) мыңдық әскердің Орталық Азияны жаулап алу жорығы басталды. Бұл жорық бес жылға созылып, Сырдария, Әмудария бойы, Мауераннахр өлкесі, Дешті Қыпшақ монголдардың билігіне өтті. Шыңғыс хан басып алынған жерлерді өз ұлдарына: қыпشاқ даласын Жошыға, Іле, Жетісу, Мауераннахр өлкелерін Шағатайға, Шыңғыс Түркістан, Алтайды Үгедейге бөлін берді. Батысқа қарайғы жерлерді басып алуады Жошыға тапсырып, өзі 1225 ж. Қарақорымға қайтып оралды. 1226 ж. таңғұттарға қарсы соңғы жорығын жасады. Шыңғыс хан империясы Лядун тұбегінен Кавказға, Байкалдан Түрпанға дейінгі алып кеңістікті алып жатты. Шыңғыс хан өлерінде балаларына Корея тұбегіне дейінгі өлкені жаулап алу мен батысқа қарайғы шабуылдарды жалғастыра беруді өсiet етті. Әкесінен кейін «ұлы хан» тағына отырган Үгедей Алтын елін біржолата жаулап алды. Мөңке Қытайға қарсы жорыққа аттанды, Төленің тағы бір ұлы Хулагу Иранды бағындырыды. 1235 ж. Бату бастаған қол батысқа қарай жорық жасап, Шыңғыс Еуропаның көшпілік бөлігі мен Русь-

тің шығысын жаулап алды. Нәтижесінде 1245–46 ж. Жошы-Қыпшақ (Алтын Орда) державасының негізі қаланды. Бұл держава шығысынан батысына дейінгі аралығы шамамен 6160 км, солтүстігінен оңтүстігіне дейінгі аралығы 4400 км алып өлкені қамтыды. Қытайға қарсы аяқталмай қалған жорықты Құбылай одан әрі жалғастырды. Бұл жорық 30 жылға (1260–90) созылды. Нәтижесінде бүкіл Қытай мен Оңтүстік-Шыңғыс Азияның көптеген елдері Монгол империясы билігіне өтіп, Құбылай Қытайда Юань өулетінің негізін қалады. Ол империя астанасын Қарақорымнан Кайпинге (Пекин) көшірді. 1271 ж. жаңа астана салғызып, оны «Хан қаласы» (Ханбалық) деп атады. Бірақ көшпелілердің ат жалында жүріп құшпен жаулап алынған, даму дәрежесі әртүрлі елдер мен халықтарды бір орталықтан басқару оңай емес еді. Монголдар жаулап алған елдерінде өздерінің ұлыстық әскери-бюрократиялық билік жүйесін орн attы. Осыған байланысты ұлыс билеушілері өздерін орталықтан дербес, жеке билік иесі ретінде сезіну үшін жергілікті ақсүйектермен жақындасып, солардың салт-дәстүрлерін қабылдады. Бұл өз кезегінде империяның ыдырауын тездettі. Дегенмен, Шыңғыс хан империясы арқылы Батыс пен Шыңғыс арасындағы қарым-қатынастар дамып, Ұлы Жібек жолы қайта жандана бастады. Сонда да жаулап алынған әрбір халық, әрбір аймак мұдделерін бір орталықтан реттеп отыру мүмкін болмады. Империя астанасы Кайпинге көшірілгенен кейін онда бір-бірімен тереңесі тең үш орталық: Юань, Жошы-Қыпшақ және Ирандағы ильхандар мемлекеттері пайдада болды. Юань билігі 108 жылға, ильхандар билігі 120 жылға созылса, Жошы-Қыпшақ державасы 240 жылға жуық өмір сүрді. Кейіннен бұл державалардың орнында көптеген ұлттық мемлекеттер өсіп шықты. Солардың бірі Алтын Орда, Ақ Орданың тікелей мұрагері – Қазақ хандығы болып табылады.

**Шыңғыс хан өулеті** – Шыңғыс ханның үрім-бұтағы, Шыңғыс хан империясының құрамында болған Орталық Азия мен Иран, Алтын Орда, Юань Қытайы, т.б. мемлекеттердегі монгол билеушілері. Шыңғыс хан империясы тарағаннан кейін бұл мемлекеттер дербес өмір сүрді, дегенмен Шыңғыс хан өулеті билікті өз қолдарында сақтап қалды. Шыңғыс хан көзінің тірісінде өзіне бағынған жерлерді бөйбішесі Бөртеден тұған 4 ұлына

бөліп берді. Шыңғыс ханның төртінші ұлы Төлеге 1227 ж. әкесінің қара шаңырағы – Монголия жері иелікке тиді. Бірақ Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін оның орнына отырған Үгедейдің үрпактары ұлы тақты өздерінде сақтап қалу үшін Төле тұқымымен кескілескен ұрыстар жүргізді. Осыған байланысты көп ұзамай Шыңғыс хан әулеті арасында өзара өскери қақтығыстар жиілеп кетті. Тақтан мұрагерлер өздерінің қол астындағы ұлыстарға сүйенди. Соған байланысты империя біртебірте құлдырай бастады. Орталықтан бөлініп шыққан ұлыстар жеке мемлекеттерге айналып, оларды Шыңғыс хан әулетінен шыққан билеушілер басқарды. Тіпті бұл әулетті биліктен ығыстырып, тақты өзқолдарына алған билеушілердің өздері (Әмір Темір, т.б.) Шыңғыс хан әулетіне туыс екендіктерін (куйеу, жиен, т.б.) баса көрсетіп отырды.

**ШЫҢҒЫСТАУ** – Сарыарқаның шығыс бөлігіндегі тау жотасы. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созылған. Шығыс Қазақстан облысының Абай, Аяғөз аудандары аумағында. Шыңғыстау солтүстік-шығыста Алтайдан Шар өзені аңғарымен бөлінеді, оңтүстік-шығыста Тарбағатайға ұласады. Шығысында тауаралық Зайсан қазаншүңқыры, оңтүстігінде Солтүстік Балқаш төбелері жатыр. Ең биік жері – Ақшатаудағы Қособатаяуы (1305 м). Шыңғыстаудың солтүстік беткейінен Шаған және Ащысу, оңтүстігінен Бақанас, Дағанделі, Құрбақанас, Кекесала, т.б. өзендер бастау алады.

**ШЫҢЖАҢ-ҮЙФЫР АВТОНОМИЯЛЫ РАЙОНЫ, Шыңжаң, Синьцзян – Қытайдың солтүстік-батысында орналасқан аймақ. Қазақстанмен, Қыргызстанмен, Тәжікстанмен, Үндістанмен, Ауғанстанмен, Ресеймен, Монголиямен шектеседі. Аумағы 1 млн. 600 мың км<sup>2</sup>. Халқы 21,8 млн., оның іншінде үйгырлар 8,5 млн., қытайлар 8 млн., қазақтар 1,3 млн., қалғандарын дүнгендер, қырғыздар, монголдар, сиболар, солондар, т.б. халықтар құрайды. Халқы негізінен Қашқарияның шұраттары мен Жоңгария өзендерінің жазықтарында орналасқан. Шыңжаң-Үйғыр автономиялы районның құрамына 5 автономиялық округ, 6 округ, округтік және провинциялық бағыныстағы 4 қала, 74 уезд бер**



Куньлуң қыраты

6 автономиялық уезд бар. Район орталығы – Үрімжі қаласы.

Жерінің көп болігін солтүстігінде Жоңгар жазығы мен оңтүстігінде Қашқар жазығы (Тарим ойпаты) алып жатыр. Қашқар жазығының орталық бөлігінде Такла-Макан құмды шөлі орналасқан. Ертіс пен Ілден басқа Шыңжаң-Үйғыр автономиялы районы аймағынан сыртқа ағып шығатын өзендер жоқ. Озендер әдете көлдерге келін құяды немесе құмдарға сіңіп, жоғалады. Өлкеде үлкенді-кішілі 570-тен аса өзен бар, өз аумағы бойынша ағып өтетін ең ұзын өзен – Тарим (2179 км).

18 ғасырдың 50-жылдары маньчжурлық Цинь әулеті Шығыс Түркістан мен Жоңгария аумағын жаулап алып, аймақты Синьцзян (қытайша «жаңа шеп» немесе «жаңа шекара») деп атады. Қазіргі Шыңжаңды 19 ғасырдың 2-жартысына дейін қытайлар «Сиой» («Xi yu» – «Батыс өңір», «Батыс өлке») деп атап келді. 18–19 ғасырларда Шыңжаңды мекендейген халықтардың қытай-маньчжур езгісіне қарсы көтерілістері жиі болып тұрды. Осы көтерілістердің нәтижесінде Якуб-бек басқарған үйғырлар мемлекеті мен Дүнген ханды-



Үрімжі қаласы

ғы, Тараншы сұлтандығы құрылды. 19 ғасырдың 2-жартысынан Шыңжаңға Ресей, Ұлыбритания сияқты мемлекеттер көз аларта бастады. Олар өлкеге әртүрлі экспедициялар үйымдастырып, өзара бәсекеге түсті. Сондай экспедицияның бірі – Ш.Уәлихановтың Қаштарияға саяхаты болды. 19 ғасырдың аяғына қарай Қытай өкіметі Орталық Азияға әбден орнығып алған Ресейдің көмегімен Шыңжаңдағы мұсылман халықтарының көтерілісін басып тастанды. Көтерілістер басып-жанышылған соң өлкө Цинь империясының провинциясы – Синьцзянға айналдырылды. 1955 ж. Синьцзян провинциясы – Шыңжаң-Үйғыр автономиялы районы болып қайта құрылды.

20 ғасырдың 80-жылдарынан бастап Қытай Халық Республикасында жүргізілген экономикалық реформалар Шыңжаң-Үйғыр автономиялы районын да қамтып, олке нарықтық қатынастарға көшті. Соның нәтижесінде мұнай-газ, көлік, металлургия, көмір, энергетика, химия өнеркәсібі құрылып, тері өндіреу, тағам өнімдері мен тоқыма бүйімдарын шығаратын кәсіпорындар соңғы технологиялармен жабдықталды, халықтың тұрмысы жақсарды. Жол, көлік және байланыс инфрақұрылымдары заман талабына сай құрылған. Үрімжі қаласынан мемлекет ішіне және шет елдерге темір, өуе және тас жолдар арқылы қатынас орнатылған.

**ШЫРША** – қарағай тұқымдасына жататын қылқан жапырақты, мәңгі жасыл ағаш. Дұ-



Шырша

ние жүзінде Еуразия мен Солтүстік Американың қоңыржай аймақтарында өсетін 45 (кейбір деректерде 35-тен 50-ге дейін) түрі бар. Қазақстанда Солтүстік және Батыс Тянь-Шаньда, Тарбағатайда, Жетісу (Жонғар) Алатауында, Алтайда таза шырша орманы ретінде өсетін 2 түрі: сібір шыршасы және Шренк шыршасы бар. Сібір шыршасы (*P. obovata*) – қос үйлі ағаш, биіктігі 30 м-ге дейін, бөрік басы өте сүйір, діңі түзу, бұтақ шоғыры қалың, жайқала өседі. Қоленкे сүйгіш ағаш, 300–500 жыл жасайды. Шыршаның қабығында 8–15% илік заттар, қылқанының құрамында С витамині, аскорбин қышқылы, эфир майы, жемісінде 25–29%-дай сүйиқ май болады. Сүргегі жеңіл және жұмсақ, оны құрылышта, целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде, муз. аспаптар жасауға пайдаланады; шайыр, қара май, скрипидар, канифоль, сүрек сірке қышқылы алынады.

**ШЫРШАЛЫ ОРМАН**, шыршалы төғай – шырша өсетін мәңгі жасыл қылқан жапырақты орман алқабы. Шыршалы орманда биіктігі 40–45 м, диаметрі 1,5–2 м-дей болатын шыршалар кездеседі. Шыршалы орманылғалы мол, қоңыр салқын белдеуде өседі. Терістік белдеулерде орман түзуші негізгі ағаш – шырша. Жер шарында шыршаның 40-қа жуық, ал ТМД елдерінде 8 түрі белгілі. Шыршалы ормандар Жонғар мен Іле Алатаулыарында, Талас шатқалында, Фергана жоталарында және Тянь-Шань тауларының (Тянь-Шань шыршасы) биіктігі орташа белдеулерінде тұтас тараған. Қазақстанның таулы беткейлерінде шыршалы орман көбінесе аз көлемде және жеке күйінде өссе, біраз жерлерде көктерек, қайың, орік, Тянь-Шань талымен, т.б. аралас кездеседі.



Шыршалы орман



**ЫБЫРАЙ** Алтынсарин (2.11.1841, қазіргі Қостанай облысы Қостанай ауданы – 30.7.1889, Қостанай) – ағартушы, педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Ыбырайдың өз әкесі (Алтынсары) ерте қайтыс болғандықтан, ол атасы Балғожа бидің тәрбиесінде өскен. Балғожа би немересін 1850 ж.


Орынбор шекара комиссиясының осы қалада қазақ балалары үшін ашқан жетіжылдық мектебіне оқуға береді. Жасынан зерек Ыбырай бұл мектептің оқу жүйесі шеңберінде қалмай, дүние жүзі әдебиеті мен орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын өздігінен оқып, нәр алды. Мектепті бітіргеннен кейін, 1857–59 ж. аралығында Ыбырай атасы Балғожа бидің хатшысы болды. Кейін Орынбор облысы басқармасына кіші тілмаштық қызыметіне ауысады. 1860 ж. Алтынсаринге облыстық басқарма Орынбор бекінісінде (Торғайда) қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуды тапсырады, сонымен бірге оны осы мектепке орыс тілінің мұғалімі етіп белгілейді. Ол ауыл-ауылды аралап, халыққа көсіптік білімнің маңызы мен мақсатын түсіндірді. Алтынсаринның талабы мен қадамын халық қуаттады. Халықтан жиналған қаржатқа мектеп үйін салуды қолға алды. Мектеп 1864 ж. 8 қаңтарда ашылды.

Алтынсарин дүние жүзі педагогика клас-сиктерінің гуманистік идеяларын басшылық-ка алғып, оларды қазақ даласында оқу-ағарту тәжірибесіне енгізген тұңғыш педагог болды.

1860–79 ж. арасында Ыбырай мұғалімдік, ағартушылық қызыметімен қатар арагідік басқа да қызыметтер атқарды: 1868–74 ж. Орынбор генерал-губернаторының арнайы тапсыруы бойынша торт рет Торғайдың уездік судьясы, 1876–79 ж. – Торғай уездік бастығының аға жәрдемшісі болды. Инспекторлық қызыметке кіріскең кезден бастап Алтынсарин зайырлық мектептер ашуды қолға алды. Ең алдымен, ол облыс, уез орталықтарында училищелер ашуға шешім қабылдады. Содан кейін Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездеріне бір-бірден екі кластық орыс-қазақ мектептерін ашты. Алтынсаринның ұсынысы бойынша 1888 ж. 10 сәуірде Орскіде бастауыш мектептер үшін қазақ жастарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылды.

Алтынсарин – қазақ жастарын, ең алдымен, оқу, өнер-білім, техниканы игеруге шақырады («Оқысаныз, балалар, Шамнан шырақ жағылар. Тілегенің алдыңнан, Іздемей-ақ табылар»). Автор оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына мән берді. Бұған инемен құдық қазғандай ыжданаттылық, талап пен сабырлылық қажет екенін ескертеуді. Ал оқымаған надандарды ақын азғана сөзбен сынап, олардың ақ, қараны айырмайтын көрсөкүр екенін айтады («Оқымаған жүреді, Қараңғыны қармалап. Надандықтың белгісі – Ел ақылға жарымас»). Оқу, білімнің пайдасы қандай, ол неге керек деген мәселе-ге келгенде, оның өмір үшін, болашақ үшін қажет екенін талдап көрсетеді («Ата-енең қартайса, Тіреу болар бұл оқу. Қартайғанда мал тайса, Сүйеу болар бұл оқу»). Жастарды өнер-білім, техниканы игеруге үндеу ақынның «Онер-білім бар жүрттар» деген өлеңінде өз жалғасын тапқан. Ол өнер-білімі жетілген елдердің артықшылығы қандай, олар сол өнерімен нені игеріп отыр, ертеңгі өмірдің талап-тілектері не секілді күрделі мәселе-лерді жастар алдына колденең тарту арқылы оларға ой тастап, өнер-білімді батыл игеру-ге шақырады («Адамды құстай ұшырды, Мал істейтін жұмысты, От пен суға түсірді. Отын-сыз тамақ пісірді, Сусыздан сусын ішірді»).

Арқалық қаласында Алтынсарин мұражайы жұмыс істейді. Тобыл бойындағы Ыбырай қыстауы жанында, Алтынсаринға күмбезді мазар орнатылды. Қазақстанда Алтынсарин атында аудан, ауылдар, жоғары оқу орындары, шың, көшелер т.б. бар.



**ИЛЕ** – Балқаш көлі алабындағы өзен. Қазақстанның Алматы облысы және ҚХР-дың Шыңжаң-Үйғыр автономиялық районы аумағында, Орталық Тянь-Шань тауларынан (Төңіртаудан) бастау алатын Текес пен Құнес өзендерінің қосылуынан пайда болып, Балқаш көліне құяды. Ұзындығы 1001 км (Текес саласымен 1439 км), Қазақстан аумағында 815 км. Су жиналатын алабы 140000 км<sup>2</sup>, Қазақстан аумағында 77400 км<sup>2</sup>. Жоғарғы бөлігі таулық сипатта. Оң саласы Қаш өзені құйғаннан кейін аңгары кеңейеді. Қапшағай қаласына дейін Иле жағасы аласа, кең аңғармен ағады, жайылмаларының кей жерлері батпақтанады. Қапшағай шатқалы тұсында өзен арнасы бөгеліп, Қапшағай бөгені салынған. Төменіректе Құрті өзені құйғаннан кейін аңгары едәуір кеңейіп, Сарыесікатырау және Тауқұм аралығымен ағады. Ирі салалары: Тұрген, Талғар, Қаскелен, Құрті, Шілік, Шарын, Үсек (Өсек), Қорғас. Балқаш ауданда өзеннен Шетбақанас, Ортабақанас, Нарынбақанас атты ежелгі құрғақ арналары тарамданады. Сағасынан 340 км жерде Иле салаланып, үлкен атырау құрайды. Оның ұзындығы 130 км, енді жері 100 км-ге дейін, ауданы 9000 км<sup>2</sup>. Иле өзені мұздық, жауын-шашын, жер асты суларымен толығады. Су ресурстарының шамамен 30%-ы Қазақстан, 70%-ы



Иле өзені

Қытай аумағында қалыптасады. Көп жылдық орташа ағымы Қайырған бекетінде (шекара тұсында) жылына 12,35 км<sup>3</sup>, Балқашқа құтыны 11,85 км<sup>3</sup>. Суының минералдылығы 286 мг/л-ден 877 мг/л-ге дейін (шекара маңында) өзгереді, атырау басында (Ушжарма ауылы) – 320–345 мг/л. Иленің және оның салаларының суы негізінен суармалы егіншілікке (3,7–4,5 км<sup>3</sup>/жыл), өнеркәсінтік-коммуналдық қажеттіліктерге (200–500 млн. м<sup>3</sup>/жыл), гидроэнергетикаға пайдаланылады.

**ИЛЕ АЛАТАУЫ** – Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстігіндегі жота. Қазақстан мен Қырығызстан шекарасында. Оңтүстікке қарай доға тәрізденіп иілген жота ендік бойымен созылған. Ұзындығы 350 км, ені 30–40 км. Қаскелен мен Тұрген өзендерінің аралығындағы орталық бөлігі биік. Бірқатар шыңдары 4500 м-ден асады. Ең биік Талғар шыңы – 4973 м. Шіллік және Кемін өзендерінің бастауында Иле Алатауы Құнгей Алатауына жақындала, Шіллік-Кемін тау түйінін құрайды. Орталық биік бөлігінен батыс және шығысқа қарай жота біртінде аласарады. Жотаның шығыс бөлігі ұзына бойғы аңғарлармен бір-біріне жарыса созылып кететін Бақай, Сарытау, Сөгеті, Бұғыты, Торайғыр тау тізбектеріне бөлшектелінеді. Батыста Қастек, Кіндіктас аласа тауларына өтеді. Плейстоценде бірнеше қайтара мұз басуға ұшыраған. Климат жағдайлары биіктік белдеміне сәйкес. Жылдық жауыншашын тау алды өңірінде 500–600 мм-ден биік, таулы белдеуде 800–900 мм дейін. Иле Алатауында жалпы ауданы 478 км<sup>2</sup> болатын 381 мұздық бар. Ең ірі – Корженевский мұздығының ұзындығы 4,7 км. Озендері Иле мен Шудың алабына жатады. Олардың суға молығуында мұздық пен қар суы негізгі орын алады. Солтүстік бектерінде – Алматы қаласы орналасқан.




Иле Алатауы



**ЭДИСОН Томас Альва** (1.2.1847, АҚШ, Огайо штаты, Майлан қаласы – 18.10.1931, АҚШ, Уэст-Орандж қаласы) – американ электртехнігі, өнертапқыш әрі кәсіпкер. 12 жасынан бастап газет тасушы, содан кейін телеграфист болып жұмыс істеді. 1868 жылдан біржо-ла өнертабыстық кәсіппен шұғылданды. 1869–76 ж. автоматтық дауыс тіркегішті (санауышты), телеграф арқылы хабар беруге арналған приборды, электр қаламын, т.б. құрастырып, жазу машинкасын кемелдендірді. 1877 ж. ол фонографты ойлап тапты. Сонымен бірге А.Г.Белл телефоны мен қыздыру шамын одан әрі жетілдірді (1879). Эдисон винттік оймасы бар патрон мен цокольды, балқымалы сақтандырғышты, бұрылмалы айырғыны, электр санауышты, т.б. құралдарды жасау арқылы электрлік жарықтандыру жүйесін одан әрі дамытты. Тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз етудің орталықтандырылған жүйесін құру мәселесіне елеулі үлес қости. 1882 ж. дүние жүзінде тұңғыш рет электр стансасын жасап, іске қости. Ол кино техникасы, ғемір жол, тау-кен ісі, құрылым, химия, т.б. ғылым мен техника салалары бойынша да көп-теген жаңалықтар ашты. 1883 ж. термоиондайтық әмиссия құбылысын алғаш рет байқады.

**ЭЙНШТЕЙН Альберт** (14.3.1879, Германия, Ульм қаласы – 18.4.1955, АҚШ, Нью-Джерси штаты, Принстон) – физик-теоретик, қазіргі физиканың негізін салушылардың бірі. 14 жа-

сынан Швейцарияда тұрған. Цюрихтегі политехникумды бітіргеннен кейін (1900) орта мектепте сабак берді, кейін патент бюросында эксперт (1902–09) болып қызмет атқарды. 1909–11 ж. Цюрих университетінде, 1911–12 ж. Прагадағы Неміс университетінде, 1912–13 ж. Цюрихтегі политехникумда профессор болды. Пруссия FA-на сайланғаннан кейін (1913) Берлинге көшіп келді (1914). Мұнда ол 1933 жылға дейін тұрды. 1933 жылдан өмірінің ақырына дейін Принстондағы (АҚШ) Іргелі зерттеулер институтының профессоры болып жұмыс істеді. Эйнштейннің ғылымдағы басты еңбегі – салыстырмалық теориясы. Бұл теорияның жасалуы нәтижесінде кеңістіктің, уақыттың және тартылыштың жаңа қасиеттері ашылды, олардың бір-бірімен байланыста болатындығы дәлелденді. Салыстырмалық теориясы жарық жылдамдығына жуық жылдамдықпен қозғалатын нысандар (негізінен элементар бөлшектер, гарыштық сәулелер, т.б.) мен құшті тартылымы өрісінде өтетін процестерді зерттеу үшін қолданылатын теор. негіз болды. Эйнштейн жарықтың кванттық теориясы, кездейсоқ процестер теориясы, магнетизм, т.б. салалар бойынша да ақызды жаңалықтар ашып, зерттеулер жүргізді. Эйнштейннің салыстырмалық теориясының тұжырымдарын сол кезде кейбір ғалымдар мойындағанымен, қазіргі кезде ол – жалпы жүртшылық мойындаған ілімғе айналды. Эйнштейн – көптеген ғылым академиялары мен ғылыми қоғамдардың мүшесі. Нобель сыйлығының иегері (1921).



111321,4 м. Экватор – күн мен түннің тәңелу нүктесі орналасқан сызық. Күн жылына екі рет (көктемгі және күзгі күн мен түннің тәңелуінде) экватордың дәл үстінде болады. 2) Галактикалық экватор – Галактиканың орта (немесе бас) жазықтығының аспан сферасымен қиылышатын үлкен дөңгелегі. Галактикалық экватордың аспан экваторымен жарайтын көлбеулік бұрышы 62°-қа тең болады.

**ЭКСКАВАТОР** – жер қазу, қазынды кен өндіру, керексіз бос жыныстарды үю, қоймалардағы сусымалы және кесек жүктөрді көлікке тиеу, т.б. жұмыстарға арналған машина. Грунт (не тау жынысын) қазу процесі экскаватордың жұмыстық тетігімен (яғни шөмішімен) атқарылады. Жұмыстық тетігін алмастыру арқылы кейбір экскаваторды көтер-



Роторлы экскаватор



Шынжыр табанды экскаватор

гіш кран, тиеуіш, таптауыш, т.б. механизм ретінде пайдалануға болады. Экскаватор жұмыстық, жүрістік және күштік беліктен, металл құралымнан (жалпы массасының 40%-ы), басқару жүйесінен құралады. Экскаватор жұмыстық тетігіне қарай бір және көп шөмішті экскаватор, ал жүрістік механизмі бойынша шынжыр табанды, адымдағыш рельсті, пневматикалық доңғалақты, шынжыр табанды рельсті экскаватор болып ажыратылады. Экскаватор электр қозғалтқышпен, дизельмен және дизель-электрлік мотормен қозғалысқа келтіріледі.

**ЭКУАДОР**, Эквадор Республикасы – Оңтүстік Американың солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан мемлекет. Аты испанның экватор деген сөзінен шыққан. Экуадор солтүстігінде Колумбиямен, оңтүстік мен шығысында Перумен, батысында Тынық мұхит саларымен шектеседі. Аумағы 283,6 мың км<sup>2</sup>. Құрамына Тынық мұхиттағы Галапагос аралдары да енеді. Астанасы – Кито қаласы. Әкімшілік-аумақтық жағынан 22 провинцияға бөлінеді. Халқы 15,4 млн. Тұрғындарының этн. құрамын: метистер (55%), үндістер (25%), испандар (10%), негрлер (10%), т.б. құрайды. Ресми тілі – испан, үндіс тілдері (кечуа, хиваро, т.б.). Дінге сенушілердің көпшілігі католиктер. Үлкен қалалары – Гуаякиль, Кито, Куэнка, Мачала, Санто-Доминго, Портовьехо.

Экуадор негізінен экваторлық ендікте орналасқан. Орталық бөлігін таулы облыс – Сьерра алып жатыр. Онда солтүстікten оңтүстікке қарай бір-біріне қатарласа үш таулы тізбек (Кордильералар) созыла орналас-



Кито қаласы



Чимборасо жанартауы

кан. Тауаралық ойыстардың ені кей жерлерде 60 км-ден асады.

Эквадор аграрлық-өнеркәсіпті ел. Өнеркәсібінің негізін мұнай құрайды (бүкіл экспорттының 40%-ы). Мұнай негізінен Напо провинциясы мен Санта-Әлена түбегінен өндіріледі. Өңдеуші өнеркәсібінің негізі мұнай өндеу, тағам (оның ішінде қант, балық-консерві, май), тоқыма, былғары, аяққиім, тігін кәсіпорындарынан құралады. Химия, целлюлоза-қағаз, цемент кәсіпорындары жұмыс істейді. Ауыл шаруашылығында өсімдік өсіру саласы басым (бүкіл өнім құнының 80%-на жуығы). Негізгі экспорттық дақылдары – банан (жылына шамамен 3,5 млн. т. жиналады. Эквадор – дүние жүзіндегі бананды өндіруші мен оны экспортқа шыгаратын жетекші елдердің бірі (плантациялары Эсмаральдас өзенінде аңғары мен Гуаяс ойпатында орналасқан).

**ЭЛЕКТР** – барлық электромагниттік құбылыстың, яғни электр зарядының болуына және олардың қозғалысы мен өзара өсеріне неғізделген құбылыстардың жиынтығы, «электр» терминінің мазмұны физика мен техниканың даму процесінде өзгеріп, толығып отырады.

Қарапайым электрлік және магниттік құбылыстар ерте заманда-ақ белгілі болғанымен «электр» туралы ілім 17 ғасырға дейін дами алған жоқ. 18 ғасырда ол ілім жүйеге түспеген фактілер мен бір-біріне қайши жорамалдар жиынтығынан тұрады. «Электр» жөніндегі алғашқы деректер кейбір денелер (мысалы, янтарь) үйкеліс нәтижесінде «электрленеді», яғни ондай денелер жеңіл денелерді өзіне тартады деген тұжырым түрінде болды (ғылымға «электр» терминін 1600 ж.

У.Гильберт енгізген). 18 ғасырдың басында денелердің электрленуі сол денені қоршаған «электрлік атмосфера» өсерінен болады деп қарастырылды. Алайда 18 ғасырдың ортасынан бастап денелердің ішінде электрлік «флюидтар» (сұйықтар) болады деген болжамдар қалыптаса бастады. 18 ғасырдың аяғында Г.Кавендиш (1773) және Ш.Кулон (1785) үқыпты жүргізілген өлшеулерге сүйене отырып электрстатиканың негізгі заңын тұжырымдап берді. Электр зарядының арасындағы тартылышы не тебіліс күші кулондық немесе электрстатикалық күш деп аталады.

Электр жөніндегі ілім тарихындағы жаңа кезең – Л.Гальвани (1791) мен А.Вольтаның (1794) химиялық және контактілік электр көздерін ашуы болды. Осыдан кейін электр тогын зерттеу күшті қарқынмен жүргізіле бастады: әуелі токтың физиологиялық өсері, кейін оның химиялық және жылулық өсерлері зерттелді. 1802 ж. В.Петров электр догасын (1808–09 ж. мұны Г.Дэви де байқаған) ашты және оны жарықтандыру іci мен балқыту пештерінде пайдалануға болатынын дәлелдеді. Дж.Джоуль (1841) және Э.Х.Ленц (1842) бір-біріне тәуелсіз түрде өткізгішпен ток жүргендеге бөлініп шығатын жылуудың мөлшері жөніндегі заңды тұжырымдарды (Джоуль-Ленц заңы).

1820 ж. Х.Эрстед электр тогы мен тұрақты магнит арасында байланыс болатындығын, ал А.Ампер тогы бар екі өткізгіштің өзара өсерлесетіндігін ашты.

19 ғасырдың 2-ширеғінде электр техникаға кеңінен ене бастады. 19 ғасырдың 20 жылдары алғашқы электромагнит, 30 жылдары телеграфтаудың жетілген сұлбалары, гальванопластика, алғашқы электр сұлбалары мен



Электр тарату желісі

генераторы, 40 жылдары алғашқы электрлік жарықтандыру приборлары, т.б. пайда болды. Электрдың күнделікті тіршілікте қолданылуы одан әрі кеңейді. Физиканың жетістіктеріне байланысты электртехниканың күрт дамуы да электр ілімінің дамуына елеулі әсер етті.

19 гасырдың 30 және 40-жылдары М.Фарадей электрдің барлық түрінің бірдей екенін дәлелдеді. Олардың әртүрлі болуы, біріншіден – электр мөлшерінің, екіншіден – кернеудің (потенциалдың) әртүрлі болуына байланысты. Фарадей ашқан электрмагниттік индукция құбылысының зор маңызы болды. Бұл құбылыс электртехниканың іргетасы болып есептеледі. Ал Ленц индукциялық токтың байтын анықтайтын ережені ұсынды. 1833–34 ж. Фарадей электролиз заңдарын ашты. Сөйтіп электрхимияның негізі қалана бастады.

19 гасырдың 2-жартысынан бастап Фарадей идеялары Дж.Максвеллдің және Г.Герцтің еңбектерінде одан әрі дамытылып, қорытындыланды. Максвелл электр және магнит өрістерінің бір-біріне ауыса алатындығын түжірымдады: уақыт бойынша магнит өрісінің өзгеруі электр өрісін, ал уақыт бойынша электр өрісінің өзгеруі магнит өрісін туғызады.

Максвеллдің теориясына сүйене отырып Герц электрмагниттік толқынның бар екендігін тәжірибе жүзінде дәлелдеді. Сөйтіп электрмагниттік өріс концепциясы электр туралы ілімде берік дәлелденді. Герц тәжірибесінің нәтижесі электрмагниттік толқындарды байланыс мақсаты үшін пайдалануға әкелді. Мұндай міндетті А.С.Попов орынады. Ол 1895 ж. радионы ойлап тапты.

19 гасырдың соңында электр туралы ілімнің дамуында жаңа кезең басталды. Оның мазмұны Г.Лоренц негізін қалаған классикалық электрондық теорияның шығуымен байланысты болды. Алайда бұл теорияның да шеше алмаған көптеген мәселелері 20 гасырдың басында пайда болған маңызды физикалық теорияларда шешіле бастады.

**Электр заряды – бөлшектер мен денелердің сыртқы электрмагниттік өріспен өзара әсерін, сондай-ақ олардың электрмагниттік өрістерінің өзара байланысын анықтайтын негізгі сипаттамалардың бірі.** Электр заряды 2 түрге ажыратылады және ол шартты түрде оң заряд және теріс заряд деп аталады. Аттас зарядтар бірін-бірі тебеді, ал әр аттас зарядтар бірін-бірі тартады. Дененің электр заряды оның құрамына енетін барлық бөлшектің электр зарядының алгебр. қосындысына тең.

Электр өрісі – электрмагниттік өрістің дербес бір түрі. Ол электр зарядының айналасында немесе бір уақыт ішіндегі магнит өрісінің өзгерісі нәтижесінде пайда болады. Электр өрісінің магнит өрісінен өзгешелігі – ол қозгалатын да, қозгалмайтын да электр зарядтарына әсер етеді. Электр өрісінің бар екендігін оның қозгалмайтын зарядқа әсер ететін күші бойынша байқауға болады. Электр өрісінің кернеулігі – электр өрісінің сандың сипаттамасы болып табылады.

**Электр генераторы – әртүрлі энергияны (механикалық, химиялық, жылулық, жарық)** электр энергиясына түрлендіруге арналған құрылғы. Халық шаруашылығында пайдаланылатын электр энергиясының басым көшпілігі механикалық энергияны түрлендіру жолымен алынады. Химиялық энергия электр энергиясына гальвани элементі, жылу энергиясы – термобатарея мен магниттік гидродинамикалық генератор, ал жарық энергиясы – фотоэлемент арқылы түрленеді.

**Электр тогы – электр зарядтарының (зарядталған бөлшектер не дене) бағытталған қозғалысы.** Электр тогының бағытына шартты түрде оң зарядты тасушылардың орын аудыстыру бағыты алынады. Оның тұрақты ток және айнымалы ток деп аталатын екі түрі бар. Электр тогы магнит өрісінің көзі болып есептеледі.

**Электр станасы – электр энергиясын өндіруге арналған құрал-жабдықтар мен қондырылыштардың, сондай-ақ осы мақсат үшін салынған құрылыштар мен гимараттардың жиынтығы.** Ол энергия көзіне сәйкес су электр станасы, жылу электр станасы, атом электр станасы, жел электр станасы, гелиоэнергетикалық станса және магнитогидродинамикалық генератор болып ажыратылады.



Атамырт электр станасы


**Электр қозғалтқышы** – электр энергиясын механикалық энергияға түрлендіруге арналған машина. Өның тұрақты және айналымалы токқа арналған түрлері бар. Айналыс жиілігін тиімді өрі бір қалыпты етіп реттей алатындағы тұрақты токқа арналған электр қозғалтқышының артықшылығы болып есептеледі. Айналымалы токтың электр қозғалтқышына синхронды электр қозғалтқышы (айналыс жиілігі қо-ректенетін ток жиілігіне байланысты болатын электр қозғалтқышы), асинхронды электр қозғалтқышы (жүктеме шамасы артқанда айналыс жиілігі кемітін электр қозғалтқышы) және коллекторлы электр қозғалтқышы жатады. Тәжірибеде асинхронды электр қозғалтқышы кең тараған. Мұндай қозғалтқыштың құрылышы қарапайым, жұмысы сенімді болып келеді.

**ЭЛЕКТРОЛИЗ** – еріген немесе балқыган электролитке батырылған электродтарда электр тогы әсерінен жүретін химиялық реакция. Электролиттер арқылы өткен электр тогы химиялық энергияға айналады. Электролиз электролитпен толтырылған ыдысқа екі электрод орналастырып, оларды тұрақты ток көзінің полюстеріне жалғастыру нәтижесінде өтеді. Электролиз аппараттарын электролизерлер, электролиттік ванналар деп атайды. Электролизерлер корпусы болат, керамика, пластмасса, шыныдан жасалады. Коррозия мен жоғары температурадан сақтау үшін корпустың ішкі беті гуммирланады, пластмасса, отқа тәзімді кірпіш немесе коррозияға берік материалмен қапталады. Катодтар дайындау үшін болат, түсті металдар (сынап, қорғасын,


платина, т.б.), металдар қорытпасы, көмір немесе графит қолданылады. Анодтар еритін және ерімейтін болады. Еритін анодтар жоғарыда аталған түсті металдан, көміртекті болаттан, кейбір қорытпалардан, ерімейтін анодтар платина, графит немесе көмір, никель және қорғасын, марганец қос totығы, магнетиттен жасалады. Ерімейтін анод электролиз кезінде бүлінбейді. Электр өрісінің әсерінен электролиттердегі зарядталған бөлшектердің – иондардың ретсіз қозғалысы белгілі бір бағытқа келеді: катиондар катодта, аниондар анодта зарядсызданды, яғни катиондар катодтан жетіспейтін электрондарын қосып алып тотықсызданды, аниондар анодқа артық электрондарын беріп тотығады. Өндірістерде электролиз арқылы көптеген металдар, сілтілер, хлор, сутек, оттек, ауыр су, көптеген органикалық заттар, т.б. алынады. Электролиз техникада бедерлі заттардың көшірмесін металл бетіне түсіру, металл жалату, металдарды электролиттік тазалау, т.б. қолданылады.

**ЭЛЕКТРОН** – бірлік теріс электр заряды бар орнықты элементар бөлшек. электронды 1897 ж. Дж. Томсон ашты. Ал оның зарядын американ ғалымы Р.Милликен 1911 ж. тікелей дәл өлшеген. Электрон барлық атомдар мен молекулалардың құрамына енеді және заттардың құрылышы мен қасиеттерінде маңызды рөл атқарады. Анықталмағандық қатысна сәйкес біртекті емес магнит өрісінде гі еркін электронның ауытқуы бойынша оның меншікті магниттік моментін ( $\mu_e$ ) тікелей өлшеу мүмкін еместігін Н.Бор дәлелдеген. Элементар бөлшектерді жіктелімдеу бойынша электрон лептондар класына жатқызылады.

**ЭЛЕМЕНТАР БӨЛШЕКТЕР** – заттың ең үсақ және ішкі құрылымы ең қарапайым деп есептелетін бөлшектері. Элементар бөлшектердің қасиеттері мен құрылымын зерттеу – қазіргі физиканың негізгі мәселелерінің бірі. Қазіргі кезде антибөлшектерді қосқанда 200-ге жуық элементар бөлшек белгілі болып отыр. Солардың ішінен атомдар құрамына кіретін электрон, протон және нейтрон ғана. Протон мен нейтрондардан атом ядроны, ал электрондардан атомның электрондық қабықтары түзіледі. Қалған элементар бөлшек-



Электролиз сұлбасы



Улкен адрондық коллайдер

тер әдетте секундтың өте аз үлесіндей уақыт қана өмір сүреді. Элементар бөлшектер зат атомдарымен әсерлесуі нәтижесінде электрондар мен протондарға түрленеді. Электрон, по-зитрон, протон, антипротон, нейтрино, антинейтрино және фотоннан басқа бөлшектердің барлығы өздігінен ыдырайды. Элементар бөлшектердің пайда болу мезеті мен ыдырау мезетінің арасындағы уақыт (тұрақсыз элементар бөлшектердің өмір суру уақыты деп аталатын) әдетте секундтың миллиондық және миллиардтық үлесіндей болады.

Элементар бөлшектердің мөлшері өте кішкентай (мысалы, протонның мөлшері шамамен  $10^{-13}$  см) болғандықтан, оларды ешқандай оптикалық прибордың көмегімен көруге болмайды. Физиктер элементар бөлшектер жөніндегі деректерді элементар бөлшектердің зат арқылы өтуі кезінде пайда болған құбылыстарды зерттеу нәтижесінде алады. Мұндай құбылыстарға қозғалған бөлшектердің фотожемульсиядағы не арнаулы прибордағы (мысалы, Вильсон камерасы, Көпіршікті камера, т.б.) іздері, элементар бөлшектердің Черенков – Вавилов сәуле шығаруы, элементар бөлшектер өткен кезде арнаулы санауыштарда пайда болатын разрядтар жатады.

Элементар бөлшектердің фотоннан басқасы лептондар, мезондар және бариондар деп аталатын үш топқа бөлінеді. Әр топтың өздеріне тән кванттық сандары болады. Элементар бөлшектер гравитациялық өзара әсерден басқа – құшті, электромагниттік және әлсіз өзара әсерге қатысады. Әрбір элементар бөлшектің антибөлшегі бар. Бөлшек пен антибөлшек жұбының қарапайым мысалына электрон мен позитрон жатады. Элементар бөлшектерді зерттеу үшін 2006 ж. Еуропада Улкен адрондық коллайдер деп аталатын алып

зерттеу кешені іске қосылды. Оның үдегі-шілінің ұзындығы 27 км.

**ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ ПЕРИОДТЫҚ ЖҮЙЕСІ,** химиялық элементтердің жіктелімі – Д.И.Менделеев ашқан периодтық заңының кестелік (графиктік) бейнесі. Элементтердің периодтық жүйесін Д.И.Менделеев жасаған (1869–71). Менделеев элементтерді периодтық жүйеге орналастырғанда олардың атомдық салмақтарының өсуіне, сонымен қатар олардың химиялық қасиеттерінің өзгеруіндегі периодтық заңдылыққа сүйенді. Ол кестедегі кейбір элементтерді (Co – Ni, Te – I) атом. салмақтарының өсу бағытына сай емес, химиялық үқсастығына қарай орналастырыды, бірнеше элементтердің сол кезде қабылданған атом салмақтарын 1,5–2 есе өзгертті (In, Cl, U, т.б.). Алғашқы кестеде Менделеев өлі ашылмаған бірнеше элементтер бар екенін болжап, оларға кестеде тиісті орын қалдырып, кейбір қасиеттерін күні бұрын айтты берді. Сондай болжанған «экоалюминий» (1875 ж. француз химиғі П.Лекок де Буабордан ашқан қазіргі галлий Ga), «экабор» (швед ғалымы Л.Нильсон 1879 ж. ашқан скандий Sc) және «экасилиций» (1886 ж. неміс ғалымы К.Винклир ашқан германий Ge) элементтері кейін ашылды. Сонымен қатар Менделеев марганецке (қазіргі технеций Tc және рений Re), теллурге (полоний Po), йодқа (астат At), цезийге (франций Fr), барийге (радий Ra), танталға (протактиний Pa) үқсас элементтердің бар екенін айтқан. Күні бұрын болжанған қасиеттер мен анықталған қасиеттердің дәл келуі Менделеевтің периодтық заңын дүние жүзі ғалымдарына танытты. Радиоактивтік ыдыраудың (1806), рентген сәулелерінің (1895) ашылуы, неміс физигі М.Планктің сәуле шығарудың кванттық теориясын (1900), ағылшын физигі Э.Резерфордтың атомның планетарлық моделін (1911) жасауы, Н.Бордың атомның құрылымы теориясын ұсынуы (1913) атомның күрделі табиғаты мен периодтық жүйе құрылымының физикалық мәнін түсіндірді. Ағылшын физигі Г.Мозли еңбектерінің нәтижесінде Менделеев ұсынған әр элементтің рет нөмерінің оның ядро зарядымен тең болуы, сондай-ақ атомдары электрондар санының анықталуы, олардың орналасуындағы периодтық заңының түз

ПЕРИОД-ТАРЫ	ЭЛЕМЕНТТЕР ТОПТАРЫ							
	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII
1	H						H 1,0079 СУТЕК	He 4,00260 ГЕЛИЙ
2	Li 6,941 ЛИТИЙ	Be 9,01218 БЕРИЛЛИЙ	B 10,81 БОР	C 12,011 КӨМІРТЕК	N 14,0067 АЗОТ	O 15,9994 ОТТЕК	F 18,9984 ФТОР	Ne 20,179 НЕОН
3	Na 22,9898 НАТРИЙ	Mg 24,305 МАГНИЙ	Al 26,9815 АЛЮМИНИЙ	Si 28,0855 КРЕМНИЙ	P 30,9738 ФОСФОР	S 32,06 КҮКІРТ	Cl 35,453 ХЛОР	Ar 39,948 АРГОН
4	K 39,0938 КАЛИЙ	Ca 40,08 КАЛЬЦИЙ	Sc 44,9559 СКАНДИЙ	Ti 47,88 ТИТАН	V 50,9415 ВАНАДИЙ	Cr 51,996 ХРОМ	Mn 54,938 МАРГАНЕЦ	Fe 55,847 ТЕМІР
5	Cu 63,546 МЫС	Zn 65,38 МЫРЫШ	Ga 69,72 ГАЛЛИЙ	Ge 72,59 ГЕРМАНИЙ	As 74,9216 КУШӘН	Se 78,96 СЕЛЕН	Br 79,904 ВРОМ	Kr 83,80 КРИПТОН
6	Rb 85,4678 РУБИДИЙ	Sr 87,62 СТРОНЦИЙ	Y 88,9059 ИТТРИЙ	Zr 91,22 ЦИРКОНИЙ	Nb 92,9064 НИОБИЙ	Mo 95,94 МОЛИБДЕН	Tc (98) ТЕХНЕЦІЙ	Ru 101,07 РУТЕНИЙ
7	Ag 107,868 КҮМІС	Cd 112,41 КАДМИЙ	In 114,82 ИНДИЙ	Sn 118,69 ҚАЛАЙЫ	Sb 121,75 СУРМЕ	Te 127,80 ТЕЛЛУР	I 126,904 ЙОД	Rh 102,905 РОДИЙ
8	Cs 132,905 ЦЕЗИЙ	Ba 137,33 БАРИЙ	La* 138,905 ЛАНТАН	Hf 178,49 ГАФНИЙ	Ta 180,9479 ТАНТАЛ	W 183,85 ВОЛЬФРАМ	Re 186,207 РЕНИЙ	Xe 131,29 КСЕНОН
9	Au 196,967 АЛТЫН	Hg 200,59 СЫНАП	Tl 204,383 ТАЛЛИЙ	Pb 207,2 КОРФАСЫН	Bi 208,980 ВИСМУТ	Po (209) ПОЛОНИЙ	At (210) АСТАТ	Os 190,2 ОСМІЙ
10	Fr (223) ФРАНЦИЙ	Ra 226,025 РАДИЙ	Ac** 227,028 АКТИНИЙ	Rf (261) РЕЗЕРФОРДИЙ	Db (262) ДУБНИЙ	Sg (266) СИБОРГИЙ	Bh (264) БОРИЙ	Hs (269) ГАССИЙ
11	Fr (223) ФРАНЦИЙ	Ra 226,025 РАДИЙ	Ac** 227,028 АКТИНИЙ	Rf (261) РЕЗЕРФОРДИЙ	Db (262) ДУБНИЙ	Sg (266) СИБОРГИЙ	Bh (264) БОРИЙ	Hs (269) ГАССИЙ
12	Fr (223) ФРАНЦИЙ	Ra 226,025 РАДИЙ	Ac** 227,028 АКТИНИЙ	Rf (261) РЕЗЕРФОРДИЙ	Db (262) ДУБНИЙ	Sg (266) СИБОРГИЙ	Bh (264) БОРИЙ	Hs (269) ГАССИЙ

## \*ЛАНТАНОИДТАР

58 Ce 140,12 ЦЕРИЙ	59 Pr 140,908 ПРАЗЕОДИМ	60 Nd 144,24 НЕОДИМ	61 Pm (145) ПРОМЕТИЙ	62 Sm 150,36 САМАРИЙ	63 Eu 151,96 ЕВРОПИЙ	64 Gd 157,25 ГАДОЛИНИЙ	65 Tb 158,925 ТЕРВИЙ	66 Dy 162,50 ДИСПРОЗИЙ	67 Ho 164,930 ГОЛЬМИЙ	68 Er 167,26 ЭРБИЙ	69 Tm 168,934 ТУЛИЙ	70 Yb 173,04 ИТТЕРБИЙ	71 Lu 174,967 ЛЮТЕЦИЙ
--------------------------	-------------------------------	---------------------------	----------------------------	----------------------------	----------------------------	------------------------------	----------------------------	------------------------------	-----------------------------	--------------------------	---------------------------	-----------------------------	-----------------------------

## \*\* АКТИНОИДТАР

90 Th 232,038 ТОРИЙ	91 Pa 231,036 ПРОТАКТИНИЙ	92 U 238,029 УРАН	93 Np 237,048 НЕПТУНИЙ	94 Pu (244) ПЛУТОНИЙ	95 Am (243) АМЕРИЦИЙ	96 Cm (247) КЮРИЙ	97 Bk (247) БЕРКЛИЙ	98 Cf (251) КАЛИФОРНИЙ	99 Es (252) ЗИНШТЕЙНИЙ	100 Fm (257) ФЕРМИЙ	101 Md (260) МЕНДЕЛЕВИЙ	102(No) (259) НОБЕЛИЙ	103 Lr (262) ЛОУРЕНСИЙ
---------------------------	---------------------------------	-------------------------	------------------------------	----------------------------	----------------------------	-------------------------	---------------------------	------------------------------	------------------------------	---------------------------	-------------------------------	-----------------------------	------------------------------

s-элементтер

p-элементтер

d-элементтер

f-элементтер

Таңба  
Атомдық  
масса

Li 6,941 ЛИТИЙ
----------------------

Реттік  
нөмірі  
Атауы

стай ішкі сырын ашты. Бор теориясын әрі қарай неміс физигі А.Зоммерфельдтің дамытуы, кейін швейцариялық физик В.Паули принципінен шығуы электрондық әр қабықта орналасу заңдылығын анықтады. Қазіргі элементтердің периодтық жүйесі 110 химиялық элементті қамтиды, олардан трансуран элементтері ( $Z = 93\text{--}110$ ) және кейбір элементтер ( $Z = 43$  (Tc), 61 (Pm), 85 (At), 87 (Fr) жасанды жолмен алынған. Менделеев периодтық жүйені жасағаннан бері оны кеңістіктеге не месе жазықтықта орналастырудың графикалық әртүрлі нұсқалары ұсынылғанмен, Менделеевтің ықшамды қысқа және ұзын периодтық кесте түріндегі нұсқасы көбірек қолданылады. Элементтердің периодтық жүйесін құрастырудағы негізгі принцип – барлық элементтердегі периодтар мен топтарға бөліп орналастыру. Әр топ өз кезегіндегі негізгі (а) және қосымша (б) топшаларға бөлінеді. Топшалардағы элементтер өзара химиялық қасиеттері жағынан өте үқсас. Период деп сілті-

лік металдан басталып инертті газбен аяқталатын элементтер тобын айтады. Әр периодта 2, 8, 18, 32 элемент болады.

**ЭНЕРГИЯ** – материя қозғалысының әртүрлі формасының жалпы өлшеуіші. Материя қозғалысының әртүрлі формалары бір-біріне айналып (түрленіп) отырады. 19 ғасырдың орта шенінде осы қозғалыстың барлық формалары бір-біріне белгілі бір сандық мөлшерде ғана айтылатындығы анықталды; осы жағдай «Энергия» үғымын енгізуге, яғни қозғалыстың әртүрлі физикалық формаларын бір-бынғай олшеуішпен өлшеуге мүмкіндік берді. «Энергия» үғымы сақталу заңына бағынады. Энергия туралы түсінік мәңгілік қозғалтқыш жасаудың мүмкін еместігін дәлелдеуге байланысты пайда болды. Жұмыстың қоршаган ортадағы немесе жүйедегі белгілі бір өзгерістің (отынның жануы, судың құлауы, т.б.) нәтижесінде ғана орындалатындығы анық-

талды; дененің бір күйден басқа бір күйге ауысуы кезіндегі белгілі бір жұмыс істеу қабілеті оның энергиясы деп аталды. Қозғалыстың әртүрлі формасына сәйкес энергияның да бірнеше түрі бар (мысалы, механикалық энергия, химиялық энергия, электромагниттік энергия, гравитациялық энергия, ядролық энергия, т.б.) Физиканың даму процесінде энергия ұфымы нақтыланып өрі жалпыланып отырды. Энергия туралы ілімнің дамуындағы маңызды бір кезең үздіксіз ортадағы энергия қозғалысы мен «энергия ағыны» туралы ұғымның енгізілуі болды. Энергия ағыны деп энергия тығыздығы мен берілген ортадағы орын ауыстыру жылдамдығының көбейтіндісіне тең векторды айтады. Кванттық физиканың дамуы энергияның квантталатындығы жайлы, яғни кейбір жағдайда жүйенің энергиясы тек дискретті (ұздікті) мәндерді ғана қабылдайды деген фактін дәлелдеуге мүмкіндік берді. Мұндай жағдай мысалы, сөзле шығару энергиясына, микробөлшектердің тербеліс және айналу энергиясына қатысты айтлады. Салыстырмалық теориясында энергия ( $E$ ) мен масса ( $m$ ) арасындағы байланыстың ( $E=mc^2$ , мұндағы  $c$  – вакуумдегі жарық жылдамдығы) ашылуы физика үшін зор маңызды болды. Бұл қатыс өмбебаб қатыс болып есептеледі. Сондықтан ол тіпті өте кішкентай микробөлшектің өзінде де әрқашан қозғалыстың белгілі бір түрі болатындығын көрсетеді. Мұндай қозғалыстың өлшеуіші  $mc^2$  өрнегі болады. Әсіресе бұл қатыстың ядролық энергетиканың дамуына байланысты іс жүзіндегі маңызы арта түсті. Энергия бірліктердің халықаралық жүйесінде (СИ) джоульмен, бірліктердің СГС жүйесінде әргпен өлшенеді. Ал ядролық және атомдық физикада энергияның өлшеу бірлігі ретінде электронвольт алынады.

**Энергия квантты** – күйі өзгерген микрожүйенің шығаратын не жұтатын энергиясының ең аз мөлшері. Мысалы, атомның стационар күйлеріне энергияның дискретті мәндерінің белгілі бір қатары (тізбегі) сәйкес келеді. Сондықтан бір стационар күйге ауысқан кезде атом бір энергия кванттың шығарады не жұтады. Шықкан не жұтылған энергия кванттының мәні атомның осы екі күйдегі энергиясы мәндерінің айырмасына тең.

Энергияның сақталу заңы, энергияның сақталу және айналу заңы – табигаттағы кез келген материалдық түйік жүйеде өтетін бар-

лық процестер кезінде сол жүйе энергиясының сақталатынын тұжырымдайтын жалпы заң. Энергия бұл жағдайда тек бір түрден екінші бір түрге айналады (егер материалың жүйенің қоршаган ортамен әсерлесуін ескермеуге болса, онда ол жүйені түйік жүйе деп қарастыруға болады); егер материалың жүйесінде сақтапқы әсердің нәтижесінде бір (бастапқы) күйдегі екінші (соңғы) бір күйге ауысса, онда оның энергиясының артуы (не кемуі) жүйемен әсерлесетін денелер мен өріс энергиясының кемуіне (не артуна) тең болады. Бұл жағдайда жүйе энергиясының өзгеруіне жүйе күйінің біреуіне (бастапқы не соңғы) ғана тәуелді болады да, оның ауысу жолына (тәсіліне) тәуелді болмайды. Басқаша айтқанда, энергия – жүйе күйінің бір мәнді функциясы. Термодинамикада энергияның сақталу заңы термодинамиканың бірінші бастамасы деп аталады. Физикалық (не химиялық) құбылыстардың кез келген түрлерінде энергияның сақталу заңы сол құбылысқа тән формада ғана тұжырымдалады. Өйткені энергия берілген процесті сипаттайтын параметрлерге тәуелді. Энергияның сақталу және айналу заңын 19 ғасырдың 40-жылдары Дж.Джоуль және неміс ғалымдары Р.Майер, Г.Гельмгольц бір-біріне байланыссыз ашты.

**ЭНЦИКЛОПЕДИЯ**, анықтамалық бағытта шығарылатын ғылыми басылым. Термин реңінде бірнеше рет тарихи өзгерістерге ұшырады. Антикалық қоғамда «Энциклопедия» атауы жеті еркін өнерді (грамматика, риторика, диалектика немесе логика, геометрия, арифметика, музика және астрономия) белгілеп, көрсету үшін қолданылған. 16 ғасырда Батыс Еуропада бұл термин «әр алуан маз-



Энциклопедиялық басылымдар


мұнды жинақ» дегенге жақын жаңа үғымда қолданыла бастады. 18 ғасырда энциклопедияны білімді топтастыру деген түсінік орын алды. Келе-келе бұл терминнің маңызы бір-бірте үлгая түсіп, қазіргі кең таралған мағынаға ие болды: оны барлық ғылым саласынан анық мағлұмат беретін және іс жүзінде қолданылатын (әмбебап энциклопедия) немесе қайсы бір жеке ғылым саласындағы салалық энциклопедия) ғылыми басылым деп ет атайды. Энциклопедия құрылымы жүйелі түрде жасалады, атап айтқанда, ғылым салалы бойынша ірікеп алынған материалдар алғавит тәртібімен орналастырылады. Энциклопедия сипатты еңбектер ең алғаш қытай казбаларында (біздің заманымыздан бұрынды 12–10 ғасырлар) пайда болған. Біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың 2-жартысында Ежелгі Египетте сөздік жасалғаны белгілі. Ежелгі Грекияда Демокрит пен Пристотель еңбектері энциклопедиялық сипатта жазылды. Ежелгі Римде шыққан алашқы энциклопедияның бірі – Марк Теренцийдің «Ғылымдар» деген шығармасы. Орта асырларда – Әбу Наср әл-Фарабидің араб тілінде жазылған «Ғылымдар тізбегі», Ибн Сианаңың «Донишнома» («Білім кітабы») энциклопедиялық трактаты жарық көрді. Энциклопедия шығару ісінің жүйелі түрде дамуы – 18 ғасырдың аса көрнекті философы Д.Дидро шығарған француз энциклопедиясының іқпалы зор болды. 1768–71 ж. шотланд басаханашысы У.Смелли З томдық «Британия энциклопедиясын» шығарды. 19–20 ғасырда Еуропа елдерінің бәрінде дерлік энциклопедия жасалды. 19 ғасырда «Жаңа Америка энциклопедиясы» шығарылып, оны дайындауда көптеген ғалымдар тартылды. 2-дүниежүлілік соғыстан кейін Батыс Еуропада көп томдық энциклопедиялар шығару күрт дамыды. Қазіргі кезде британ, америка энциклопедиялары жаңа материалдармен үнемі жаңартылып отырады. Германияда Брокгауз баспасы 2 томдық энциклопедияның 16 басылымының шығарды. Францияда 21 томдық «Француз энциклопедиясы» жүйелі түрде басылыш келеді. Тұңғыш «Қазақ совет энциклопедиясы» (12 т., 1968–78) Қазақстан ғылымындағы үллен белес болды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, 1998–2007 ж. аралығында тарихи жаңа сипаттағы 10 томдық «Қазақстан» літтературалық энциклопедиясы шықты.



Эрмитаждың ішкі көрінісі

**ЭРМИТАЖ** – Ресейдегі және дүние жүзіндегі ең ірі көркемсүрет және тарихи-мәдени мұражай. Санкт-Петербург қаласында 1764 ж. Екатерина II-нің (көптеген көркем шығармаларды сатып алған) жеке қоры негізінде үйімдастырылған. 1852 ж. Эрмитажды көпшіліктің көруіне рұқсат берілді. 20 ғасырдың 20–30-жылдары мұражай қайта жинақталып, экспонат саны арта түсті. Эрмитажда алғашқы қауымдық құрылымы көзіндегі және ежелгі шығыс (Ежелгі Мысыр мен Урарту өнерінің туындылары), көне, орта ғасыр өнері (Орталық Азия, Иран, Қытай мен Үндістанның өнер шығармалары) ескерткіштері молынан жинақталған. Эрмитажды ежелгі скиф және Солтүстік Қара теңізі жағалауынан табылған көне ескерткіштер аса құнды бағаланады. Коллекция қатарында Батыс Еуропа өнері туындыларынан Рафаэль, Леонардо да Винчи, Микеланджело, Джорджоне, Тициан, Веласкес шығармалары, Рембрандт пен Рубенстің ең үздік полотнолары, 17–18 ғасырлардағы француз және 18 ғасырдағы ағылшын кескіндемелері, т.б. бар. Мұнда нумизматикалық коллекциялар, сән және қолданбалы өнер туындылары, суреттер (40 мыңға тарта парал) мен гравюралардың (500 мыңға жуық парал) бай қоры жинақталған. Эрмитажда 2 млн. 400 мың шамасында зат сақталған. Мұражай ғылыми және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізеді. Реставрация шеберханасы, лекция залдары, рентген бөлмесі, кітапхана, фототека, т.б. жұмыс істейді.

**ЭСТОНИЯ, Эстония Республикасы –** Шығыс Еуропаның солтүстік-батысында орналасқан мемлекет. Балтық теңізінің Финн



Ел астанасы – Таллин қаласы

және Рига шығанақтарының сұларымен қоршалып жатыр. Эстонияның құрамына 1500-ден астам (оның ішінде Моонзунд топаралы да бар) арал кіреді. Аумағы 45,1 мың км<sup>2</sup>, халқы 1,286 млн., оның 63,9%-ы эстондар, 29%-ы орыстар, 2,7%-ы украиндар, 1,6% беларусьтар, 1%-ы финндер, т.б. Дінге сенушілердің басым бөлігін лютеран дініндегілер құрайды, православие дініндегілер де бар. Халқының 70%-ы қалаларда тұрады, ірі қалалары: Таллин, Тарту, Нарва, Кохтла-Ярве, Пярну. Астанасы – Таллин қаласы. Ресми тілі – эстон. Әкімшілік-аумақтық жағынан 15 уезден (ма-



Мухы аралындағы демалыс орны

кондтан) және орталық бағыныстағы 6 қала-дан құралады.

Эстония аумағы Шығыс Еуропа жазығының солтүстік-батыс бөлігіне орналасқан. Эстония жағалаулары әсіресе батысында және солтүстік-батысында қатты тілімденген.

Эстония – өнеркәсіпті-ауыл шаруашылықты ел. Өнеркәсібінің жетекші салаларын тақтатастар өндіру мен өндеу, жеңіл (негізінен тоқыма) және тағам, ағаш өндеу, машина жасау мен металл өндеу кәсіпорындары құрайды. Құрылым материалдары, целлюлоза және қағаз шығаратын кәсіпорындар жұмыс істейді. Тағам өнеркәсібінің негізгі салалары – ет-сүт және балық өнімдерін, кондитерлік бүйімдарды өндіру. Ауыл шаруашылығы етті-сүтті ірі қара мал мен етті шошқалар өсіруге маманданған. Сыртқа азық-тұлік, мал шаруашылығы өнімдерін, тоқыма, ағаш, металл, минералдық шикізат, ауыр машина жасау өнімдерін шығарады.

**ЭФИОПИЯ**, Эфиопия Федеративтік Демократиялық Республикасы – Солтүстік Шығыс Африкада орналасқан мемлекет. Өз атауын ежелгі грек сөзінен (Айтопия, айтопи – «жүздерін күн күйдірген») алған. Қөп уақыт ел Абиссиния деп аталды. Солтүстігінде Эритреямен, батысында Суданмен, оңтүстігінде Кениямен, шығысында Джибути және Сомалимен шектеседі. Аумағы 1,13 млн. км<sup>2</sup>. Халқы – 94 млн. Тұрғындарының 3/4 бөлігін амхарлар мен оромолар (галлалар), қалған бөлігін тигра-



Аддис-Абеба қаласы

лер, гураге, аргоббалар, данакиль, хаари, т.б. құрайды. Эфиопияда сондай-ақ гректер мен армяндар, арабтар, үндістандықтар, пәкстандықтар, т.б. халықтар тұрады. Халқының 50%-ына жуығы – мұсылмандар, 45%-ы – христиандар, қалғандары жергілікті діни нағымды ұстанушылар. Астанасы – Аддис-Абеба қаласы.

Эфиопия – Африка құрлығындағы неғұрттым бійк таулы ел. Аумағының жартысынан астамы абл. биіктігі 1500 м-ден асатын жерлерде орналасқан (Эфиоп таулы қыраты, ең биік жері – 4623 м). Эфиоп қыраты шығында бірден үзіліп, Афар ойысымен биіктігі 2100–2400 м болатын биік жартастар туғынде шектеседі. Қыраттың батыс беткейлері шығыс жағындағыдан аласалау (теңіз деңгейінен 1200–1500 м биіктікте). Елдің ең үлкен көлі – Тана ( $3150 \text{ km}^2$ ) тектоникалық қашашұңқырда пайда болған. Эфиопияның сол-шығыс және оңтүстік бөлігіне бұтасты шөлдер, шөлейттер мен шөлденген саваннашар тән. Елдің оңтүстік-батыс бөлігінде жаңырылы тропиктік ормандар сақталған.

Эфиопия – экономикасы нашар дамыған л. Егіншілік – ауыл шаруашылығының неізгі саласы. Экспортының 85–90%-ын ауыл шаруашылығы өнімдері құрайды. Олардың шіндері ең маңыздысы – кофе. Ол Харәре, Сэфа, Сидамо аудандарындағы плантациялардан және елдің батысы мен оңтүстігіндегі жаяйы өсken ағаштардан (өнімнің 70%-ы) жиіләді. Алтын, платина, ас және калий тұзары, темір кентасы, цементтік шикізат пен үрүліс тасы өндіріледі.



Сөгілдір Ніл өзені



**ЯДРО** – жануарлар мен өсімдіктер клеткаларының ең маңызды құрам бөлігі. Ядро тұқым қуалаушылық (генетикалық) ақпараттың сақталуы және осыған байланысты клетка цитоплазмасындағы белоктар мен ферменттердің түзілуін қамтамасыз етеді. Ядроны алғаш рет тауықтың жұмыртқа клеткасынан байқаған 1825 ж. чех ғалымы Я.Пуркине (1787–1869) болды. Ядроны өсімдіктер клеткасынан ағылшын ботанигі Р.Броун (1831–33), ал жануарлар клеткасынан Т.Шванн (1838–39) анықтады. Ядро кариолеммадан (ядро қабықшасы), хромосомалардан, ядрошықтан және кариоплазмадан (ядро сөлі, шырыны) құралады. Ядроның біркелкі қоймалжың сүйік бөлігі кариоплазма деп аталауды. Оның құрамына су, белок, көмірсулар, нуклеопротеидтер, витамиnder, ферменттер, минералды тұздар иондары кіреді. Кариоплазма митоз кезінде цитоплазмамен қосылып кетеді. Ол ядроның құрам бөліктерін байланыстырып тұрады.

**Атом ядроны** – атомның оң зарядталған орталық бөлігі, онда атомның барлық масасы дерлік шоғырланған. Протондар мен нейтрондардан (нуклондар) тұрады. Протондар саны атом ядроның электрлік зарядын және элементтердің периодтық жүйесіндегі атомның реттік номерін белгілейді. Нейтрондар саны массалық сан мен протондар санының айырмасына тең. Атом ядроның көлемі ядродағы нуклондар санына сәйкес өзгереді. Ауыр атомдар ядроларының көлденең өлшемі  $10^{-12}$  см-ге жетеді. Ядролық заттың тығыздығы  $10^{14}$  г/см<sup>3</sup> шамасында.

**ЯДРОЛЫҚ ҚАРУ** – жаппай қырып-жою қаруы. Ядролық қарудың өзінен, оны жеткізетін құралдардан (зымыран, торпедо, ұшақ,

артиллериялық атыс), сондай-ақ қарудың нысанасаға дәл тиүін қамтамасыз ететін өртүрлі басқару құралдарынан тұрады. Ол – ядролық және термоядролық болып болінеді. Ядролық қару жаппай қырып-жоу құралы ретінде қысқа мерзім ішінде әкімшілік орталықтарды, өнеркәсіп және әскери нысандарды, өскерлер тобын, флот күштерін талқандау, қоршаған ортаны радиоактивтік ластандыру, жаппай бұлдіру, суға батыру, т.б. мақсаттар үшін қолданылады. Ядролық қару адамдарға күшті моральдық және психологиялық әсер етеді. Оның қуаттылығы тротилдік эквивалентпен бағаланады. Қазіргі заманғы бұл қарудың қуаты ондаған тротилден бірнеше ондаған млн. тротилге дейін жетеді. Арнайы әдебиеттерде ядролық қарудың қуаты килотоннамен (кт) және мегатоннамен (мт) де көрсетіледі. Бұл қаруды қарулы күштердің барлық түрлері қолдана алады. Ядролық қару қуаттылығы бойынша стратегиялық, оперативті-тактикалық және тактикалық болып бөлінеді. Ядролық қару жарылған кезде: екпінді толқын, жарықтық сәулелену, өтпелі радиация, радиоактивті зақымдану мен электромагниттік импульс сияқты зақымданушы факторлар пайда болады. Екпінді толқын өз жолында кездескен барлық нысандарға әсер етеді.

Ядролық қарудың жасалуы 20 ғасырдағы ядролық физиканың дамуымен байланысты болды. 20 ғасырдың 40-жылдарының бас кезінде АҚШ ғалымдарының тобы ядролық жарылысты жүзеге асырудың физикалық қагидаларын дайындағы. Бірінші жарылыс Алагомордодады сынақ полигонында 1945 жылғы 16 шілдеде жасалды. 1945 ж. тамызда әр

қайсысының қуаты 20 кт болатын 2 атом бомбасы Жапонияның Хиросима (8 тамыз) мен Нагасаки (9 тамыз) қаласына тасталып, үлкен адам шығынына ұшыратты (Хиросимада 140 мыңдай, Нагасакида 75 мыңға жуық адам). 1949 ж. тамызда КСРО-да Семей полигонында бірінші атом бомбасын сынау өткізілді. 1952 ж. 1 қарашада АҚШ-та қуаты 3 мт термоядролық қондырғы жарылды. Авиациялық бомба түріндегі термоядролық қару АҚШ-та 1954 ж. жасалды. КСРО-да термоядролық бомба 1953 жылдың 12 тамызында бірінші рет сынақтан өткізілді. АҚШ пен КСРО-дан басқа ядролық қару 1952 ж. 30 қазанда Ұлыбританияда, 1960 ж. 13 ақпанда Францияда, 1964 жылдың 16 қазанында Қытайда пайда болды. Кейіннен ядролық қаруға Үндістан мен Пәкстан да ие болды. Қазіргі кезде кем дегенде 30 ел ғылыми-техникалық жағынан ядролық қару шығаруға дайын. Ядролық қаруды межеге жеткізу үшін өртүрлі алып ұшақтар жасалып, олар тұрақты әскери дайындыққа келтірілді. Ядролық қару бүкіл адамзат үшін орасан қауіп болып есептеледі. Сондықтан, атом қуатын әскери мақсаттарға қолдануға байланысты қауін халықтардың ядролық қаруға тыйым салу жолындағы қуатты қозғалысын тудырды.

КСРО-дағы ядролық қаруды сынаудың барлық түрлері негізінен Семей полигонында өтті. Ол Қазақстанның солтүстік-шығыс және орталық аудандарына орасан зор экологиялық апат өкелді.

Термоядролық қару – термоядролық зарядты ракетаның немесе авиациялық бомбандың жойғыш белілігі. Термоядролық қару термоядролық зарядтан, 239-плутоний (немесе 235-уран) зарядынан, 238-урандық қабықша-




Ядролық бомба



Ядролық сынақ

дан, жарғыш құрылғыдан және ракета (бомба) корпусынан тұрады. Термоядролық қару жарылысы миллиондаған градуспен өлшенетін өте жоғары температурада өтетін жеңіл элементтер ядроларының қосылыс (синтез) реакциясына негізделген. Термоядролық қарудың құрама бөлігі болып табылатын плутоний немесе уран зарядының (атом бомбасының) жарылысы термоядролық реакцияның басталуына қажет өте жоғары температура көзі болып келеді. Осы зарядтың жарылысынан кейін аса жоғары температура (10 млн. градустан жоғары) пайда болады, соның әсерінен термоядролық реакция температуралы 30–40 млн. градусқа көтере отырып, жарылыс сипатына ие болады. Синтездің ядролық реакциясы кезінде 238-уран қабықшасы ядроларының бөлінуін тудыратын өте жоғары жылдамдықты нейтрондардың көп мөлшері бөлініп шығады. Мұндай оқ-дәрілердің қуаты тасығыш-ұшақтың жүк көтергіштігімен немесе ракетаның оқтұмсық бөлігінің салмағымен шектеледі.

**ЯДРОЛЫҚ РЕАКТОР**, атомдық реактор – атом ядросы бөлінуінің басқарылатын тізбекті реакциясын жүзеге асыратын құрылғы. Оның негізгі бөліктеріне: ядролық отын (мысалы, уран не плутоний), баяулатқыш, шағылдырығыш, сүйкыш), бақылау және өлшеу приборлары жатады. Ядролық реактор атом ядроларының бөлінуіне себепші бола-



Ядролық реактор сұлбасы

тын нейтрондардың энергет. спектріне қарай: шапшаң (нейтрондардың энергиясы 100 кэВ-тан жоғары), жылулық не баяу (нейтрондардың энергиясы 0,025 эВ) және аралық (нейтрондардың энергиясы 1 эВ-тан бірнеше кэВ-қа дейін) нейтрондар реакторы болып, ал баяулатқыштағы ядролық отынның таралу сипатына сәйкес гомогенді және гетерогенді ядролық реакторлар болып ажыратылады. Ядролық реактор кейде пайдаланылатын баяулатқышына (мысалы, графит, бериллий, ауыр су, т.б.) не сүйкышына (мысалы, сүйкік металл, т.б.) қарай да бөлінеді. Өзін-өзі қуаттайтын тізбекті реакция уран-графитті ядролық реакторда Э.Фермидің басшылығымен 1942 ж. 2 желтоқсанда АҚШ-та алынды. Еуропадағы мұндай ең алғашқы ядролық реактор 1946 ж. КСРО-да И.В.Курчатовтың басшылығымен жасалды.

## ПӘНДІК-ЕСІМДІК ҚӨРСЕТКІШ

A

АБАЙ 5  
АБЫЛАЙ ХАН 7  
АБЫРАЛЫ 8  
АВИАЦИЯ 9  
АВСТРАЛИЯ 9  
АВСТРИЯ 10  
АВТОБУС 10  
АВТОМАТ ҚАРУ 11  
АВТОМОБИЛЬ 11  
АГРОНОМИЯ 12  
АҒАШ 13  
АДАМ 13  
АДАМ АТА 14  
АЗИЯ 14  
АЗОТ 15  
АЙ 16  
АЙДАҢАР 17  
АЙМАНОВ 17  
«АЙМАН-ШОЛПАН» 18  
АЙМАУЫТОВ 18  
АЙША БИБІ КЕСЕНЕСІ 18  
АКВАРИУМ 19  
АККУМУЛЯТОР 19  
АКРОБАТИКА 20  
АКРОПОЛЬ 21  
АКТЕРЛІК ӨНЕР 21  
АКУЛА 22  
АҚАҢ СЕРІ 22  
АҚ БӨКЕН 23  
АҚ ҚАЙЫҢ 23  
АҚҚУ 23  
АҚМОЛА 24  
АҚ ОРДА 24  
АҚПАРАТ 25  
АҚСУ-ЖАБАҒЫЛЫ ҚОРЫФЫ 25  
АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАҚӨЛ  
СҮЛАМА 25  
АҚТАМБЕРДІ САРЫҰЛЫ 26  
АҚТАУ 26  
АҚТӨБЕ 27  
АҚША 27  
АЛАҚӨЛ 28  
АЛАТАУ 28  
АЛАШ 29  
АЛАШОРДА 30  
АЛБАНИЯ 30  
АЛДАРКӨСЕ 31  
АЛЖИР 31  
АЛЛА 31  
АЛМА 32  
АЛМАС 32  
АЛМАТЫ 33  
«АЛПАМЫС БАТЫР» 34  
АЛТАЙ 34  
АЛТЫБАҚАН 35

АЛТЫН 35  
АЛТЫН АДАМ 36  
АЛТЫНEMEL 36  
АЛТЫН ОРДА 37  
АЛЬПІ 38  
АЛЮМИНИЙ 38  
АМАЗОНА 39  
АМАНГЕЛДІ 39  
АМАНЖОЛОВ 40  
АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ (АҚШ) 40  
АНГОЛА 41  
АНД 42  
АНТАРКТИДА 42  
АНТЕННА 43  
АНТРОПОЛОГИЯ 44  
АН 44  
АҢЫРАҚАЙ ШАЙҚАСЫ 45  
АРА БАЛЫ 45  
АРАБ ӨРКЕНИЕТІ 46  
АРАЛ ТЕҢІЗІ 46  
АРАСАН 47  
АРБА 47  
АРГЕНТИНА 48  
АРИЙЛЕР 49  
АРИСТОТЕЛЬ 49  
АРИФМЕТИКА 50  
АРКТИКА 50  
АРҚАР 50  
АРМЕНИЯ 51  
АРТЕЗИАН СУЫ 51  
АРТИЛЛЕРИЯ 52  
АРХЕОЛОГИЯ 52  
АРХИМЕД 53  
АРХИТЕКТУРА 53  
АРЫСТАН 53  
АРЫСТАН БАВ 54  
АСАН ҚАЙФЫ 54  
АССИРИЯ 54  
АСТАНА 55  
АСТРАХАН ХАНДЫФЫ 56  
АСТРОНОМИЯ 57  
АСЫҚ ОЙЫНЫ 58  
АСЫЛ МЕТАЛДА 58  
АСЫЛ ТАСТАР 59  
АТАСУ 59  
АТАТҮРІК 60  
АТБАСАР МӘДЕНИЕТІ 60  
АТЖАЛМАН 61  
АТЛАНТИДА 61  
АТМОСФЕРА 62  
АТОМ 62  
АТТИЛА 63  
АТЫРАУ 63  
АУҒАНСТАН 64  
АУКЦИОН 64  
АУЫЗ СУ 64  
АУЫР АТЛЕТИКА 64

АФРАСИАБ 65  
АФРИКА 65  
АЭРОПОРТ 66  
АЮ 66

## Ә

ӘБУ ӘЛИ ИБН СИНА 67  
ӘБУ НАСР ӘЛ-ФАРАБИ 67  
ӘБУ РАЙХАН ӘЛ-БИРУНИ 68  
ӘБІЛҚАЙЫР 68  
ӘЗЕРБАЙЖАН 69  
ӘЙТЕКЕ БИ 70  
«ӘЛЕМНІЦ ЖЕТІ КЕРЕМЕТИ» 70  
ӘЛІПБИ 71  
ӘЛІШЕР НАУАИ 72  
ӘМУДАРИЯ 72  
ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ 73  
ӘМІР ТЕМІР 73  
ӘНУРАН 74  
ӘУБӘКІРОВ 74  
ӘУЕЗОВ 74  
ӘУЛИЕ 75

## Б

БАБЫР 76  
БАГЛАНОВА 76  
БАЙҚОНЫР 77  
БАЙСЕЙТОВА 77  
БАЙТҰРСЫНОВ 77  
БАЙЫРҒЫ ҚАЗАҚ ӨЛШЕМДЕРІ 78  
БАКТЕРИЯ 79  
БАКТРИЯ 80  
БАЛДЫРЛАР 81  
БАЛЕТ 81  
БАЛҚАШ 82  
БАЛҚЫТЫП БІРІКТІРУ 82  
БАЛУАН ШОЛАҚ 83  
БАЛЫҚ 83  
БАНГЛАДЕШ 84  
БАНК 85  
БАРСАКЕЛМЕС 85  
БАРЫС 85  
БАСКЕТБОЛ 86  
БАТЫРЛЫҚ 86  
БАЯНАУЫЛ 87  
БӘЙДІБЕК БИ 87  
«БӘЙТЕРЕК» 88  
БЕГЕМОТ 88  
БЕЛАРУСЬ 88  
БЕЛОК 89  
БЕЛЬГИЯ 90  
БЕС ҚАРУ 90  
БЕТОН 91  
БЕТПАҚДАЛА 91  
БИГЕЛДИНОВ 91  
БИДАЙ 92  
БОКС 92  
БОЛГАРИЯ 93

БОР 93  
БӘГЕМБАЙ БАТЫР 94  
БӘДЕНЕ 94  
БӘКЕЙ ОРДАСЫ 95  
БӘКЕЙХАНОВ 95  
БРАЗИЛИЯ 96  
БРУНО 97  
БУДДА 97  
БҮЛДОЗЕР 97  
БУРАБАЙ 98  
БҮФЫ 98  
БҮҚАР ЖЫРАУ 98  
БҮЛАҚ 99  
БҮЛБҮЛ 99  
БҮРКІТ 100  
БІЛГЕ ҚАҒАН 100  
БІРЖАН САЛ 100  
БІРҚАЗАН 101  
БІРЛІКТЕР ЖҮЙЕСІ 101  
БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІГІ (БАӘ) 102  
БІРІККЕН ҮЛТТАР ҮЙЫМЫ (БҮҮ) 103

## В

ВАВИЛОН 103  
ВАТИКАН 104  
ВЕЛОСИПЕД 104  
ВЕНГРИЯ 104  
ВЕНЕСУЭЛА 105  
ВЕСПУЧЧИ 105  
ВИЗАНТИЯ 106  
ВИРУС 107  
ВИТАМИН 108  
ВОЛЕЙБОЛ 108  
ВОЛЬФРАМ 108  
ВЬЕТНАМ 108

## Г

ГАЗ 109  
ГАЗЕТ 110  
ГАЛАКТИКА 110  
ГАЛИЛЕЙ 111  
ГЕЙЗЕР 111  
ГЕН 111  
ГЕРБ 112  
ГЕРБАРИЙ 113  
ГЕРМАНИЙ 113  
ГЕРМАНИЯ 113  
ГЕРОДОТ 114  
ГИМНАСТИКА 115  
ГИППОКРАТ 115  
ГИПС 115  
ГИРОСКОП 115  
ГОБИ 116  
ГОЛЬФ 116  
ГОРИЛЛА 117  
ГРАФИКА 117  
ГРАФИТ 117  
ГРЕКИЯ 118

ГРУЗИЯ 118

ГҮЛ 119

## F

ФАЛАМ 119

ФАРЫШ КЕМЕСІ 120

ФАРЫШКЕР 120

ФУНДАР 120

ФЫЛЫМ 121

## Д

ДАНИЯ 122

ДАСТАН 123

ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕР 123

ДЕГЕЛЕК 123

ДЕЛЬФИН 123

ДЕНДРАРИЙ 124

ДЕШТІ ҚЫПШАҚ 124

ДИЗАЙН 125

ДИЗЕЛЬ 125

ДИНОЗАВР 126

ДИПЛОМАТИЯ 126

ДИРМЕН 127

ДОЙБЫ 127

ДОМАЛАҚ АНА 127

ДОМБЫРА 128

ДОМНА ПЕШІ 129

ДОНЫЗ 129

ДОСТОЕВСКИЙ 130

ДУЛАТОВ 130

ДҮНИЕ БӨЛІКТЕРІ 130

ДЫБЫС 131

## E

ЕГИПЕТ 131

ЕГУ 132

ЕДІЛ 132

ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ 133

ЕМЕН 133

«ЕҢЛІК-КЕБЕК» 134

«ЕР ТӨСТІК» 134

ЕР-ТҮРМАН 134

ERTIC 135

ЕСЕК 135

ЕСІЛ 136

ЕУРАЗИЯ 136

ЕУРОПА 137

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ (ЕО) 137

ЕШКІ 138

## Ж

ЖАЗУ 138

ЖАЙЛАУ 139

ЖАЙЫҚ 139

ЖАЛАҢТӨС 140

ЖАМБЫЛ 140

ЖАНАРТАУ 141

ЖАНСУГІРОВ 142

ЖАҢУАРЛАР 143

ЖАҢА ЗЕЛАНДИЯ 144

ЖАПОНІЯ 144

ЖАПЫРАҚ 145

ЖАРҚАНАТ 146

ЖАРЫҚ 146

ЖАУЫН-ШАШЫН 147

ЖӘНДІКТЕР 148

ЖӘНІБЕК ХАН 148

ЖЕЗҚАЗҒАН 149

ЖЕЛ 149

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА 149

ЖЕР 150

ЖЕР АСТЫ СУЫ 151

ЖЕРСІЛКІНУ 152

ЖЕТИ ЖАРҒЫ 153

ЖЕТИСҮ 153

ЖИРАФ 154

ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН 154

ЖОЛБАРЫС 154

ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ 155

ЖОНҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ 155

ЖУРНАЛ 156

ЖУСАН 157

ЖҰЛДЫЗ 157

ЖҰМАБАЕВ 158

ЖҮТ 159

ЖҮГЕРІ 159

ЖҰЗ 160

ЖҮЙКЕ 160

ЖҮРЕК 161

ЖУСІП БАЛАСАҒҮН 161

ЖЫЛАН 162

ЖЫЛҚЫ 163

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ 164

ЖЫЛ САНАУ 164

ЖЫРАУ 165

ЖЫРТҚЫШТАР 165

ЖІБЕК 165

ЖЮЛЬ 166

## З

ЗАЙСАН 166

ЗАРАТУШТРА 167

ЗӘМЗӘМ 167

ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕР 168

ЗУБР 168

## И

ИЗРАИЛЬ 169

ИНДОНЕЗИЯ 169

ИНЕЛІК 170

ИНЕРЦИЯ 170

ИНСТИНКТ 171

ИНТЕГРАЛ 171  
ИНТЕГРАЛДЫҚ СҮЛБА 172  
ИНТЕРНЕТ 172  
ИРАК 173  
ИРАН 174  
ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ 174  
ИСЛАМ 175  
ИСЛАНДИЯ 176  
ИСПАНИЯ 176  
ИТАЛИЯ 177

## К

КАКТУС 177  
КАНАДА 178  
КАРТА 178  
КАРТОП 178  
КАСПИЙ ТЕҢІЗІ 179  
КАУЧУК 180  
КЕКІЛІК 180  
КЕМЕ 180  
КЕМПІРҚОСАҚ 181  
КЕМІРГІШТЕР 181  
КЕНГУРУ 182  
КЕНЕСАРЫ 182  
КЕНИЯ 183  
КЕНТАУ 184  
КЕНИШ 184  
КЕНІСТІК ПЕН ҰАҚЫТ 184  
КЕПЛЕР 185  
КЕПТЕР 185  
КЕРЕЙ 186  
КЕСІРТКЕ 186  
КИНО 186  
КІТ 188  
КІІЗ ҮЙ 188  
КІІК 189  
КЛЕТКА 190  
КЛИМАТ 190  
КОЛИЗЕЙ 191  
КОЛУМБИЯ 191  
КОЛУМБ 192  
КОМБАЙН 192  
КОМЕТА 192  
КОМПАС 193  
КОМПЬЮТЕР 193  
КОНВЕЙЕР 194  
КОНГО 194  
КОНСТИТУЦИЯ 195  
КОНФУЦИЙ 195  
КОПЕРНИК 196  
КОРЕЯ 196  
КОСМОНАВТИКА 197  
КОБЕЛЕКТЕР 197  
КОКЕК 198  
КОКШЕТАУ 198  
КОЛ 199  
КОМІР 200  
КОМІР ҚЫШҚЫЛ ГАЗЫ 200  
КОМІРТЕК 200

КӨПБҮРЫШ ПЕН КӨПЖАҚ 201  
КӨТЕРГІШ КРАН 202  
КӨШПЕЛІЛІК 202  
КРИСТАЛДАР 203  
КУБА 203  
КУВЕЙТ 204  
КҮЛТЕГІН 204  
КҮМІС 205  
КҮН 206  
КҮНЖІТ 207  
КҮНТІЗБЕ 207  
КҮРЕС 208  
КІРПІ 210  
КІТАП 210  
КІТАПХАНА 211

## Қ

ҚАБАНБАЙ 211  
ҚАБЫЛАН 212  
ҚАҒАЗ 212  
ҚАЖЫМУҚАН 213  
ҚАЗ 214  
ҚАЗАҚСТАН 214  
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ 218  
ҚАЗБА ЖАҢУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР 221  
ҚАЗ Дауысты ҚАЗЫБЕК БИ 221  
ҚАЙСЕНОВ 222  
ҚАЙЫҚ 222  
ҚАЛАЙЫ 222  
«ҚАМБАР БАТЫР» 223  
ҚАН 223  
ҚАНҚА 223  
ҚАРАҒАЙ 224  
ҚАРАҒАНДЫ 224  
ҚАРАҚӨЛ 225  
ҚАРАҚАТ 225  
ҚАРАҚОРЫМ 226  
ҚАРАҚҰМ 226  
ҚАРАТАУ 227  
ҚАРҚАРАЛЫ 228  
ҚАРЛЫҒАШ 228  
ҚАРШЫҒА 229  
ҚАСҚЫР 229  
ҚАСТЕЕВ 230  
ҚАТОНҚАРАҒАЙ ҮЛТТЫҚ ТАБИҒИ  
САЯБАҒЫ 230  
ҚОБЫЗ 231  
ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР 231  
ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ 232  
ҚОЖАНАСЫР 233  
ҚОЗҒАЛТҚЫШ 233  
ҚОЗҒАЛЫС 234  
«ҚОЗЫ ҚӨРПЕШ – БАЯН СҮЛУ» 235  
ҚОЙ 235  
ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ 236  
ҚОҚИҚАЗ 237  
ҚОЛА ДӘҮІРІ 237  
ҚОЛӨНЕР 238  
ҚОЛТЫРАУЫН 238

ҚОНАЕВ 239  
ҚОНДЫЗДАР 240  
ҚОПАРҒЫШ ЗАТТАР 240  
ҚОРҒАЛЖЫН 241  
ҚОРҒАСЫН 242  
ҚОРҚЫТ АТА 242  
ҚОРЫҚ 243  
ҚОСМЕКЕНДІЛЕР 243  
ҚОСТАНАЙ 244  
ҚОШҚАРБАЕВ 244  
ҚОЯН 245  
ҚҰЫРШАҚ ТЕАТРЫ 245  
ҚҰЫСМУЙІЗДІЛЕР 245  
ҚҰБЫЛА 246  
ҚҰДЫҚ 246  
ҚҰЙЫН 247  
ҚҰЛАҚ 247  
ҚҰЛАН 248  
ҚҰЛАН 248  
ҚҰМЫРСҚА 248  
ҚҰНДЫЗ 249  
ҚҰРАН 249  
ҚҰРВАҚА 251  
ҚҰРМАНҒАЗЫ 251  
ҚҰРЫЛЫС 252  
ҚҰСТАР 253  
ҚҰТ 253  
ҚЫДЫРҒАЛИ 254  
ҚЫЗФАЛДАҚ 254  
«ҚЫЗ ЖІВЕК» 254  
ҚЫЗЫЛ КІТАП 255  
ҚЫЗЫЛҚҮМ 255  
ҚЫЗЫЛОРДА 255  
ҚЫЛЫШ 256  
ҚЫМЫЗ 256  
ҚЫПШАҚ ХАНДЫҒЫ 257  
ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ 258  
ҚЫСЫМ 258  
ҚЫТАЙ 259

## Л

ЛАОС 260  
ЛАТВИЯ 260  
ЛАТЫН АМЕРИКАСЫ 261  
ЛЕОНАРДО Да ВИНЧИ 261  
ЛИВАН 262  
ЛИВИЯ 262  
ЛИТВА 263  
ЛИХТЕНШТЕЙН 263  
ЛОКОМОТИВ 264  
ЛОМОНОСОВ 264  
ЛЮКСЕМБУРГ 265

## М

МАГЕЛЛАН 265  
МАГМА 266  
МАГНЕТИЗМ 266

МАДАГАСКАР 267  
МАЙЛИН 268  
МАЙМЫЛ 268  
МАЙРА 269  
МАКЕДОНСКИЙ 269  
МАҚТА 269  
МАЛАЙЗИЯ 270  
МАҢҒЫСТАУ 271  
МАРҒУЛАН 272  
МАРҚАҚӨЛ 273  
МАРОККО 273  
МАРС 274  
МАССА 274  
МАУЕРАННАХР 275  
МАХАМБЕТ 276  
МАХМУТ ҚАШҚАРИ 276  
МАШИНА 277  
МӘДЕНИ ӨСІМДІКТЕР 277  
МӘДИ 278  
МӘМЕТОВА 278  
МЕКСИКА 279  
МЕКТЕП 279  
МЕНДЕЛЕЕВ 279  
МЕТАЛЛ 280  
МЕТРО 281  
МЕХАНИКА 281  
МИ 282  
МИКЕЛАНДЖЕЛО 283  
МИКЛУХО-МАКЛАЙ 283  
МИКРОБ 284  
МИКРОСКОП 284  
МИНЕРАЛ 285  
МОГОЛСТАН 285  
МОЙЫНҚҮМ 286  
МОЛДАҒУЛОВА 287  
МОЛДОВА 287  
МОЛЕКУЛА 288  
МОЛЛЮСКАЛАР 288  
МОМЫШУЛЫ 289  
МОНАКО 289  
МОНУМЕНТТИК ОНЕР 290  
МОҢГОЛИЯ 290  
МУЗЕЙ 291  
МУЗЫКА 292  
МУЛЬТИПЛИКАЦИЯЛЫҚ КИНО 292  
МУҒАЛЖАР 293  
МҰЗДЫҚ 293  
МҰЗТАУ 294  
МҰҚАНОВ 294  
МҰНАЙ 295  
МҰСАБАЕВ 296  
МҰСТАФА 296  
МҰСТАФИН 297  
МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР 297  
МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТ 298  
МҰХИТ ПЕН ТЕҢІЗ, 299  
МҰСІРЕПОВ 300  
МҰШЕЛ 301  
МЫС 301  
МЫСЫР 302  
МЬЯНМА 302

**Н**

НАЗАРБАЕВ 303  
 НАЗАРБАЕВА 304  
 НАЙЗАФАЙ 305  
 НАМАЗ 305  
 НАПОЛЕОН 306  
 НАУРЫЗ 306  
 НАУРЫЗБАЙ БАТЫР 307  
 НАУРЫЗЫМ ҚОРЫҒЫ 307  
 НЕПАЛ 307  
 НИГЕР 308  
 НИГЕРИЯ 308  
 НИДЕРЛАНД 309  
 НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫ 309  
 НОҒАЙ ОРДАСЫ 310  
 НОРВЕГИЯ 310  
 НУРА 311  
 НҮРПЕЙІСОВА 311  
 НЬЮТОН 312

**О**

ОҒЫЗ МЕМЛЕКЕТІ 313  
 ОЛИМПИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР 313  
 ОМАН 314  
 ОНДАТР 314  
 ОҢТҮСТИК АМЕРИКА 315  
 ОҢТҮСТИК АФРИКА РЕСПУБЛИКАСЫ (OAP) 316  
 ОПЕРА 316  
 ОПТИКА 317  
 ОРАЗА 317  
 ОРАЛ 318  
 ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ 319  
 ОРГАНИКАЛЫҚ ҚОСЫЛЫСТАР 319  
 ОРДЕНДЕР МЕН МЕДАЛЬДАР 320  
 ОРМАН 322  
 ОРТАЛЫҚ АЗИЯ 323  
 ОРЫНБОР 324  
 ОСМАН СҮЛТАНДЫҒЫ 325  
 ОТТЕК 326  
 ОТЫРАР 326

**Ә**

ӘЗБЕКСТАН 327  
 ӘЗЕН 328  
 ӘЛЕҢ 329  
 ӘНЕР 329  
 ӘРИК 329  
 ӘСКЕМЕҢ 330  
 ӘСІМДІКТЕР 330

**П**

ПАВЛИН 331  
 ПАВЛОДАР 331  
 ПАЙФАМБАР 332  
 ПАЛЕСТИНА 332

ПАЛЬМА 333  
 ПАСТЕР 333  
 ПӘКСТАН 334  
 ПЕТР I 334  
 ПЕТРОПАВЛ 335  
 ПИНГВИНДЕР 335  
 ПИРАМИДА 336  
 ПИСАНЫ 336  
 ПИФАГОР 337  
 ПЛАНЕТА 337  
 ПЛАНКТОН 338  
 ПЛАСТМАССА 338  
 ПЛАТИНА 339  
 ПОЛИМЕР 339  
 ПОЛЬША 339  
 ПОРТРЕТ 340  
 ПОРТУГАЛИЯ 341  
 ПРЕЗИДЕНТ РЕЗИДЕНЦИЯСЫ 341  
 ПУШКИН 342  
 ПІЛ 343

**Р**

РАДИО 344  
 РАДИОАКТИВТІЛІК 345  
 РАЙЫМБЕК 346  
 РАКЕТА 346  
 РЕАКТИВТІК ҚОЗФАЛТҚЫШ 347  
 РЕЗИНА 347  
 РЕНТГЕН 348  
 РЕПИН 349  
 РЕСЕЙ 349  
 РОБОТ 350  
 РУ, ТАЙПА 350  
 РУМЫНИЯ 351  
 РЫСҚҰЛБЕКОВ 352  
 РЫСҚҰЛОВ 352

**С**

САБА 353  
 САБЫН 354  
 САВАННА 354  
 САҒАТ 354  
 САҒЫМ 355  
 САДАҚ 355  
 САДАҚА 355  
 САЗ 356  
 САҚТАР 356  
 САЛЫСТЫРМАЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ 357  
 САН 357  
 САҢЫРАУҚҰЛАҚТАР 358  
 САРАЙШЫҚ 358  
 САРЫАРҚА 359  
 САРЫСУ 360  
 САУД АРАБИЯСЫ 360  
 САХАРА 361  
 САЯТШЫЛЫҚ 361  
 СӘЛЕМДЕСУ 362

СӘТБАЕВ 362  
СЕЙФУЛЛИН 363  
СЕЛ 364  
СЕМЕЙ 364  
СЕМСЕР 365  
СЕНЕГАЛ 365  
СИНГАПУР 366  
СИРЕК МЕТАЛДАР 366  
СИРИЯ 367  
СИЫР 367  
СКИФТЕР 368  
СЛАВЯНДАР 368  
СЛОВАКИЯ 369  
СОДА 369  
СОЛТУСТИК АМЕРИКА 370  
СОПЫЛЫҚ 371  
СОФОКЛ 371  
СПЕКТАКЛЬ 372  
СТРАТОСФЕРА 372  
СҮ 372  
СУДАН 373  
СҮКҮЛАМА 374  
СУННА 374  
СҮРЕТ 374  
СҮТЕК 374  
СҮ ЭЛЕКТР СТАНСАСЫ 375  
СҮЭЦ КАНАЛЫ 375  
СҰЛЫ 376  
СҮҢҚАР 376  
СҮЙІНБАЙ 377  
СҮНГҮІР ҚАЙЫҚ 377  
СҮТ 378  
СҮТКОРЕКТІЛЕР 378  
СЫБЫЗФЫ 379  
СЫРДАРИЯ 379  
СЫРНАЙ 380  
СЫРЫМ ДАТҰЛЫ 380  
СІБІР 381

## Т

ТАБИФАТ 381  
ТАЗША БАЛА 382  
ТАЗЫ 383  
ТАИЛАНД 383  
ТАЙГА 384  
ТАЙФУН 384  
ТАЛАС 385  
ТАЛДЫҚОРҒАН 385  
ТАРАЗ 386  
ТАРБАҒАТАЙ 386  
ТАРТЫЛЫС 386  
ТАСБАҚА 387  
ТАУ ЖЫНЫСТАРЫ 387  
ТАУЛАР 388  
ТАУЫҚ 388  
ТӘЖІКСТАН 389  
ТӘТТІМБЕТ 389  
ТЕЛЕДИДАР 389  
ТЕЛЕСКОП 390

ТЕЛЕФОН 390  
ТЕМІР 391  
ТЕМІР ЖОЛ КОЛІГІ 391  
ТЕННИС 392  
ТЕҢДЕУ 392  
ТЕРІ 393  
ТИТАН 393  
ТОБЫЛ 393  
ТОҒЫЗҚУМАЛАҚ 394  
ТОЙ 394  
ТОЛҚЫН 394  
ТОЛСТОЙ 395  
ТОНЫКОҚ 395  
ТОҢАЗЫТҚЫШ 396  
ТОПЫРАҚ 396  
ТОРАЙФЫРОВ 397  
ТОРҒАЙ 398  
ТОРҒАЙ 398  
ТОТЫ 399  
ТӨЛЕБАЕВ 399  
ТӨЛЕ БИ 399  
ТӨЛЕГЕНОВА 400  
ТРАКТОР 401  
ТРАМВАЙ, ТРОЛЛЕЙБУС 401  
ТРОПИКТЕР 402  
ТУНИС 402  
ТУННЕЛЬ 402  
ТУРБИНА 403  
ТҮЗДАР 403  
ТУРАН 403  
ТҮТҮЛУ 404  
ТҮЙЕ 405  
ТҮЙЕҚҮС 406  
ТҮЛКІ 406  
ТҮРКИЯ 406  
ТҮРКІСТАН 407  
ТҮРІКМЕНСТАН 408  
ТЫРНА 409  
ТЫШҚАН 409  
ТИҚУШАҚ 410  
ТЯНЬ-ШАНЬ 410

## У

УӘЛИХАНОВ 411  
УКРАИНА 412  
УЛЫГРАДЫВЫС 413  
УРАН 413

## Ү

ҮЛТТЫҚ ОЙЫНДАР 414  
ҮЛЫБРИТАНИЯ 415  
ҮЛЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АШЫЛУЛАР 416  
ҮЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ 417  
ҮЛЫҚБЕК 418  
ҮЛЫ ҚЫТАЙ ҚОРҒАНЫ 419  
ҮЛЫТАУ 420

Y	ШАХМАТ 441 ШАХТА 442 ШЭКЭРІМ 442 ШВЕЙЦАРИЯ 443 ШВЕЦИЯ 443 ШЕВЧЕНКО 444 ШЕГІРТКЕ 445 ШЕЖІРЕ 445 ШЕК 446 ШЕКАРА 446 ШЕКСПИР 446 ШЕРУБАЙНУРА 447 ШОЛПАН 447 ШӨЛ 448 ШУ 449 ШУРАТ 449 ШЫМКЕНТ 449 ШЫНЫ 450 ШЫҢҒЫС ХАН 451 ШЫҢҒЫСТАУ 453 ШЫҢЖАЦ-ҮЙФЫР АВТОНОМИЯЛЫ РАЙОНЫ 453 ШЫРША 454
Ф	
ФАЙЛ 425 ФАРФОР 425 ФАУНА 425 ФИЛИППИН 426 ФИНЛЯНДИЯ 427 ФОТОГРАФИЯ 427 ФРАНЦИЯ 428 ФУНКЦИЯ 429 ФУТБОЛ 429	
X	
ХАДИС 430 ХАЙУАННАТТАР БАФЫ 430 ХАЛАЛ ЖӘНЕ ХАРАМ 431 ХАЛИФАТ 431 ХАН 432 ХИУА ХАНДЫҒЫ 433 ХОККЕЙ 433 ХОРЕЗМ 434 ХРИСТИАН ДІНІ 435	Ы
	ЫБЫРАЙ 455
Z	
ЦЕЛЛЮЛОЗА 435 ЦЕМЕНТ 435 ЦИРК 436 ЦИТРУСТЫ ДАҚЫЛДАР 436 ЦИФР 437 ЦУНАМИ 437	I
	ИЛЕ 456 ИЛЕ АЛАТАУЫ 456
Ч	
ЧЕХИЯ 438 ЧИЛИ 438	Э
	ЭДИСОН 457 ЭЙНШТЕЙН 457 ЭКВАТОР 457 ЭКСКАВАТОР 458 ЭКУАДОР 458 ЭЛЕКТР 459 ЭЛЕКТРОЛИЗ 461 ЭЛЕКТРОН 461 ЭЛЕМЕНТАР БӨЛШЕКТЕР 461 ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ ПЕРИОДТЫҚ ЖҮЙЕСІ 462 ЭНЕРГИЯ 463 ЭНЦИКЛОПЕДИЯ 464 ЭРМИТАЖ 465 ЭСТОНИЯ 465 ЭФИОПИЯ 466
Ш	
ШАФАЛА 439 ШАЛААТКІЗГІШТЕР 439 «ШАҢДЫ ЖОРЫҚ» 439 ШАҢЫРАҚ 440 ШАРИФАТ 440 ШАРЫН 441	Я
	ЯДРО 467 ЯДРОЛЫҚ ҚАРУ 467 ЯДРОЛЫҚ РЕАКТОР 469

**«БАЛАЛАРФА БАЗАРЛЫҚ»**  
көркемсуретті әнциклопедиясын  
дайындауда пайдаланылған басылымдар:

«Айбын» әнциклопедиясы, Алматы, 2011;  
«Атамекен» әнциклопедиясы, Алматы, 2011;  
«Батыс Қазақстан облысы» әнциклопедиясы, Алматы 2002;  
«Великие святыни ислама», Москва, 2005;  
«Елтүтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары». Астана, 2001;  
«Ертістің Павлодар өңірі», Алматы, 2013;  
«Көркемсуретті Қазақстан тарихы», 1–4 том, Алматы, 2004–2005;  
«Қазақстан ғылымы», 1–2 том, Алматы, 2010–2011;  
«Қазақстан Қызыл кітабы», Алматы, 1981 – 1996;  
«Қазақстан табиғаты», 1–5 том, Алматы, 2009–2013;  
«Қазақстан» Үлттық әнциклопедиясы, 1 –10 том, Алматы, 1998 – 2007;  
«Қазақтың әдеп-ғұрып, салт дәстүрлері», Алматы, 2002;  
«Қазақтың мемлекеттік Абай атындағы академиялық опера және балет театры», Алматы, 2002;  
«Қазақтың мемлекеттік Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театры», Алматы, 2002;  
«Қаныш Сәтбаев», 2011  
«Қызылжар елі – Жемчужина Севера», Алматы, 2007;  
«Маңғыстау» әнциклопедиясы, Алматы, 2008.  
«Математика өлемі» әнциклопедиялық анықтамалығы, Алматы, 2011;  
«Новый иллюстрированный энциклопедический словарь», Москва, 2001;  
«Оңтүстік Қазақстан облысы» әнциклопедиясы, Алматы, 2005;  
«Сарыарқа маржаны», Алматы, 2003;  
«Сыр елі. Қызылорда облысы» әнциклопедиясы, Алматы, 2005;  
«Тараз. Жамбыл облысы» әнциклопедиясы, Алматы, 2003;  
«Хроника человечества», Москва, 1996;  
The world book encyclopedia of science, Volume 1. Astronomy, World Book, Inc, 1997;  
The world book encyclopedia of science, Volume 2. Physics, World Book, Inc, 1997.

**«БАЛАЛАРФА БАЗАРЛЫҚ»**  
Көркемсуретті әнциклопедия

Құрастырушы авторы  
**Бақыт ЖҰМАТАЕВ**

Көркемдеуші редакторы  
**Саят АҚЫЛОВ**

Беттеген  
**Гүлхан АЛМАСБЕКОВА**

Терген  
**Ерасыл РЫСМЕНДИЕВ**

УДК 92

ББК 031

Б 22

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және ақпарат министрлігі

Ақпарат және мұрағат комитеті

«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»

бағдарламасы бойынша шығарылды

Б 22 **БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ**. Көркемсуретті энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. – 480 б.

ISBN 978-601-7472-00-9

«Балаларға базарлық» көркемсуретті энциклопедиясына орта мектеп оқушыларының білімін арттыруға, зеректілігін шындауға, дуниетанымын байытуға бағытталған әлемдік және отандық ең маңызды ұғымдар, терминдер және тұлғалар енін отыр. Мұнда ғарыш, табиғат құбылыстары, жануарлар әлемі, тарихи оқиғалар, ұлы қайраткерлер, әйгілі шайқастар, шет мемлекеттер жайлы алуан түрлі қызықты ақпарат табуға болады. Мақалалар әліпби тәртібімен тізіліп, том соында пәндік-есімдік көрсеткіш берілген. Энциклопедия түрлі-түсті иллюстрациялармен коркем безендірілген.

УДК 92

ББК 031

ISBN 978-601-7472-00-9

© «Қазақ энциклопедиясы», 2013

Басып шығаруға 23.09.2013 ж. қол қойылды.  
Пішімі 60×90  $\frac{1}{8}$ . Офсеттік баспа. Шартты б.т. 60,0.  
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 8442.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және акпарат  
министрлігінің «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС.  
050035, Алматы қаласы, 8-ықшамаудан, 19<sup>а</sup> үй.

ISBN 978-601-7472-00-9

A standard linear barcode representing the ISBN number 978-601-7472-00-9. The barcode is composed of vertical black lines of varying widths on a white background.

9 786017 472009

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан  
Республикасы «Полиграфкомбинат» ЖШС-нде  
басылды. 050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев  
көшесі, 41.

